



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н.ГУМИЛЕВ атындағы ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



## РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ЖӘНЕ ТІЛ БІЛІМІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор  
М.С.Серғалиевтің 80 жылдығына арналған халықаралық  
ғылыми-теориялық конференция материалдары

## МОДЕРНИЗАЦИЯ ОБЩЕСТВЕННОГО СОЗНАНИЯ И ВОПРОСЫ ЯЗЫКОЗНАНИЯ

Материалы международной научно-теоретической конференции  
посвященной 80-летию академика НАН РК,  
доктора филологических наук, профессора М.С.Серғалиева

## SPIRITUAL MODERNIZATION AND ISSUES OF LINGUISTICS

Proceedings of the International Scientific-Theoretical  
Conference dedicated to the 80th anniversary of academican of NAS of RK,  
doctor of philological sciences, professor M.S.Sergaliev

Астана/Astana

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

## **РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ЖӘНЕ ТІЛ БІЛІМІ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор  
М.С.Серғалиевтің 80 жылдығына арналған халықаралық  
ғылыми-теориялық конференция материалдары

*2018 жылдың 16 наурызы*

Астана, 2018

**УДК 80/81(063)**

**ББК 81.2-923**

**Р 87**

**Редакциялық кеңес:**

Е.Б.Сыдықов, Д.Қамзабекұлы, А.Б.Бейсенбай, Ж.А.Жақыпов,

Л.Ә.Еспекова, Қ.Қ.Сарекенова

**Р 87**

**Рухани жаңғыру және тіл білімі мәселелері:** ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор М.С.Серғалиевтің 80 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары (2018 жылдың 16 наурызы, Астана, Қазақстан). – Астана: Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ баспасы, 2018. – 426 бет.

**ISBN 978-9965-31-981-5**

Жинаққа ҚР білім беру ісінің үздігі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, белгілі тілтанушы, әдебиеттанушы, сыншы, публицист, ҚР Жазушылар одағының, ҚР Журналистер одағының мүшесі, қоғам қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Қазақстан ғылымы мен техникасына аса көрнекті үлес қосқаны үшін берілетін мемлекеттік стипендияның иегері, еліміздегі бірнеше жоғары оқу орындарының құрметті профессоры Мырзатай Серғалиұлы Серғалиевтің 80 жылдығына арналған «Рухани жаңғыру және тіл білімінің мәселелері» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары енген.

Конференция шеңберінде «Ғалым тұлғасы», «Дәстүрлі тіл білімінің жетістіктері», «XXI ғасырдағы тіл білімінің жаңа парадигмалары», «Дәстүрлі әдебиеттанудың жетістіктері және XXI ғасырдағы әдебиеттанудың жаңа парадигмалары», «Рухани жаңғыру» және «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының орындалуына филология ғылымының қызметі» және «Лингводидактика мәселелері» секциялары жұмыс жасады.

Жинақ филолог ғалымдарға, жоғары оқу орындарының оқытушылары мен докторанттарына, сондай-ақ филология факультеттерінің магистранттары мен студенттеріне арналады.

ISBN 978-9965-31-981-5

ББК 81.2-923

Р 87

© Қазақ тіл білімі кафедрасы, 2018  
© Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2018

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н.ГУМИЛЕВА

**МОДЕРНИЗАЦИЯ ОБЩЕСТВЕННОГО СОЗНАНИЯ И  
ВОПРОСЫ ЯЗЫКОЗНАНИЯ**

Материалы международной научно-теоретической конференции,  
посвященной 80-летию академика НАН РК, доктора филологических  
наук, профессора М.С.Сергалиева

*16 марта 2018 года*

Астана, 2018

**УДК 80/81(063)**

**ББК 81.2-923**

**Р 87**

**Редакционный совет:**

Е.Б.Сыдыков, Д.Камзабекулы, А.Б.Бейсенбай, Ж.А.Жакупов,  
Л.А.Еспекова, К.К.Сарекенова

**Р87**

**Модернизация общественного сознания и вопросы языкознания:** материалы международной научно-теоретической конференции, посвященной 80-летию академика НАН РК, доктора филологических наук, профессора М.С.Сергалиева (16 марта 2018 года, Астана, Казахстан). – Астана: издательство ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, 2018. – 426 стр.

**ISBN 978-9965-31-981-5**

В сборнике представлены материалы Международной научно-теоретической конференции «Духовная модернизация и вопросы языкознания», посвященной 80-летию Сергалиева Мырзатая Сергалиевича, академика НАН РК, доктора филологических наук, профессора, отличника образования РК, Заслуженного деятеля Казахстана, известного языковеда, литературоведа, критика, публициста, члена Союза писателей РК, Союза журналистов РК, общественного деятеля, обладателя стипендии в области науки и техники Казахстана.

В рамках конференции работали секции: «Личность ученого», «Достижения традиционного языкознания», «Новые парадигмы языкознания XXI века», «Достижения традиционного литературоведения и новые парадигмы литературоведения XXI века», «Роль науки филологии в реализации государственной программы «Духовная модернизация» и «Цифровой Казахстан», «Проблемы лингводидактики».

Адресовано всем филологам, преподавателям и докторантам высших учебных заведений, а также магистрантам и студентам филологических факультетов.

ББК 81.2-923

Р 87

ISBN 978-9965-31-981-5

© Кафедра казахского языкознания, 2018

© ЕНУ имени Л.Н.Гумилева, 2018

MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN  
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY

**SPIRITUAL MODERNIZATION AND ISSUES  
OF LINGUISTICS**

Proceedings of the International scientific and theoretical conference dedicated  
to the 80th anniversary of academician of NAS of RK, doctor of philological  
sciences, professor M.S.Sergaliev

*16 march 2018*

Astana, 2018

**UDC 80/81(063)**

**LBC 81.2-923**

**P 87**

**Editorial Council:**

E.B. Sydykov, D. Kamzabekuly, A.B.Beisenbai, Zh.A.Zhakupov,  
L.A.Yespekova, K.K.Sarekenova

**P87**

**Spiritual modernization and issues of linguistics:** Proceedings of the International Scientific-Theoretical Conference, dedicated to the 80th anniversary of academician of NAS of RK, doctor of philological sciences, professor M.S.Sergaliev (March 16, 2018, Astana, Kazakhstan). – Astana: L.N. Gumilyov ENU Publishing Office, 2018. – 426 p.

**ISBN 978-9965-31-981-5**

The collection contains Proceedings of the International Scientific-Theoretical Conference "Spiritual modernization and issues of linguistics", dedicated to the 80th anniversary of academician of NAS of RK, doctor of philological sciences, professor M.S.Sergaliev, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, an honored worker of Kazakhstan, a well-known linguist, literary critic, publicist, a member of the Writers' Union of Kazakhstan and Union of Journalists of Kazakhstan, a public figure and a holder of scholarship in science and technology in Kazakhstan.

The conference featured the following working sections: «Personality of the scientist», «Achievements of traditional linguistics», «New paradigms of linguistics in the XXI century», «Achievements of traditional literary studies and new paradigms of literary studies in the XXI century», «The role of science of philology in the implementation of the state program of «Spiritual modernization» and «Digital Kazakhstan», «The problems of linguodidactics».

It is addressed to all philologists, teachers and doctoral students of higher educational institutions, as well as undergraduates and students of philological faculties.

ISBN 978-9965-31-981-5

LBC 81.2-923

P 87

© Department of Kazakh Linguistics, 2018

© L.N. Gumilyov ENU, 2018

**«ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ – ЗИЯЛЫЛАР МОЙНЫНДАҒЫ ІС»**  
(ҚР ҰҒА академигі Серғалиев Мырзатай Серғалиұлымен сұхбат)

*Дихан Қамзабекұлы,  
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ проректоры,  
ҚР ҰҒА академигі*

**Аңдату**

*Біз – білік-білімімізді Алматы тәрбиелеген ұрпақтың өкіліміз. Алатау баурайындағы қаланың, өзіміз оқыған Абай атындағы ҚазПИ-дің ерекшелігін, мән-маңызын, тағдырымыздағы тарихи орнын айтып тауысу мүмкін емес. Бүгінде туғанына 80 жыл толған академик Мырзатай Серғалиев туралы түсінік-танымым осы қалада қалыптасты. Бірер ғылыми жиында, Жазушылар одағының шараларында көрдім. Бірақ жақын таныстым деп айта алмаймын. Әр адам – өзіндік бір әлем. Мырзекеңнің таңғалдырған қасиеті – тілшілердің (тіл мамандарының) арасынан суырылып шығып, әдебиеттануға атсалысқаны еді... Былай қарағанда, сөйлеу мәдениеті – тек тілдің ғана нысанасы емес. Екінші ойымда қалғаны – «Құдай бергенге құлай береді» деген қазақы нақылдың М.Серғалиев өміріндегі орны. 1995 жылы Мырзекең «жұрт ойламаған жерден» (өз сөзі) ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі болып сайланды. Сөз жоқ, елеулі еңбегі бар ғалым және ол атаққа өзі талап қылды. Нәтижесі – көз алдымызда. Сол сайлау кезінде қатты сыйлайтын әріптес ағаларымның жанкүйері болғандығымнан, «Мырзекеңнің бастан кешкендерін» өте жақсы білемін және бұл ойымды ағамның алдында талай рет пысықтап алғаным да бар...*

*Әлбетте, бәріміз де – пендеміз. Сондықтан мен бұл жерде М.Серғалиевтің тылсым сырын емес, адамшылығын айтуға оқталып тұрмын.*

*Біріншіден, ол кісінің бойында, ойында ғылыми кепиет есіп тұратын.*

*Екіншіден, жасандылықтан ада болатын.*

*Үшіншіден, ұстаздарына және Елбасына деген адалдығына қайран қалатынмын.*

*Ол кісі Еуразия университетіне 1999 жылы ауысып келді. Ол кезде ректор А.Құсайынов болатын. Әріптес кафедраның меңгерушісі ретінде Мырзекеңмен жап-жақсы тіл табысып кеттім. Алматы зиялыларында ұшырасатын юмор, тауып сөйлеу, таптаурын «комплекске» бағынбау, айтатын жерде айтып жіберу, бастықшылыққа жаны қастық – М.Серғалиевтің көп қырының бірі еді. Айтқандайын, осы орайда ғалымның «Өнеге» атты кітабында тамаша ойлар бар...*

*Бірге президенттікке үміткерлерден емтихан да алдық. Н.Ә.Назарбаевқа қандай сұрақ қойғаны, басқа да сәттері көз алдымда...*

*Әріптес ретінде бір-біріміздің үйімізде қонақта да болдық. Зәуреш апайдың зиялы мәдениеті мен салиқалы дастарханын көрдік.*

*Әлі күнге жадымда жаңғыратыны – Мырзекеңнің өз жүрегі (орналасуы) туралы әңгімесі мен тілші корифейлердің бастан кешкені жөніндегі әпсаналары. Содан кейін диссертациясын 2-3 мәрте қорғағаны хақында кіжінемей-ақ айтқаны...*

*Жүрек дегеннен шығады, бір жылы бұл ағамыз өте қатты ауырды. Құдайдың құдыреті, сол қиындықты да артқа тастап, қайта еңбекке араласты. Бір қызығы, осы науқастан кейін, сірә, бұрыннан құтылғысы келіп жүрген «гадеттеріне» қош айтты. Сол жолғы ерік-жігері көп ер азаматты таңғалдырды.*

*Жетпіс жылдығының қарсаңында ол кісіден: «Осы сізден сұхбат алғым келіп тұр. Ғалымның ғалымнан алған интервьюі болсын» дедім. Мырзекең қуана келісті. Содан арамызда біраз шығармашылық үдеріс жүрді. Жасырмаймын, академик-тілшіге профессор-әдебиетшінің көзімен, сөзімен қарадым... Сұхбат «Астана хабары» газетінің (қазіргі «Астана ақшамы») 2008 жылы 15 наурыздағы санында жарық көрді. Үйге апайдың өзі телефон соғып, ризашылығын білдіріп, сөзін: «Енді трубканы ағаңа беремін» деп аяқтады. Мырзекең өзіне тән үнімен ағалық алғысын айтты...*



*Арада 3 жылдан кейін академик бақиға көшті. 73 жасында!..*

*Алла-ай десеңізші, әне бір жылы университетіміздің бастауында тұрған экс-ректор, сойы татар азаматы (қазақша таза сөйлейтін) Ахметриза Чекаев қайтып, сүйегі Астархан тас жолы бойындағы мұсылман бейітіне қойылатын болды. Жалпы ол зират «жабылды» саналатын. Содан жерлеп біткен соң, тура қапталдас бейітке көзім түсіп кеткені... Марқұм Мырзекеңнің сүйегі дамылдап жатқан қабірстан екен... Дұға оқып, бетімді сипадым. Тіршілігінде ғылыми кеңесте, өзге де басқосуда ақсақал ретінде қатар отырушы еді. Енді қасиетті қара жер де қатар бұйырыпты...*

*Біз академик М.Серғалиевтен алған сұхбатымызды «Ой алаңы» атты жинағымызға (2016) енгізген едік. Бұл жолы оны тілші-шәкірттері тағы да таныссын деген ниетпен ұсындық.*

\* \* \*

**- Мырзеке, қазақ тіл білімінің және тіл бойынша отандық зерттеулердің қазіргі жағдайын қалай бағалайсыз?**

- Тіл бойынша отандық зерттеулерді сөз ету құшаққа сыймайтынды құшақтауға тырысушылық болар және ол мәселелер соншалықты көп те. Сондықтан бұл ретте шолу жасаудың өзі де негізгі әңгімемізден ауытқытып жіберетін сияқты.

Қазақ тіл біліміне қатысты айтуға болады және ол негізгі міндетіме жатады. Отандық тіл білімі – бүгінгі таңда әлемдік лингвистикалық түркологияның алдыңғы қатарынан берік орын алатын ғылым деп батыл байлам жасауыма негіз бар. Олай деуіме себеп: ең алдымен, қазақ тілінің теориясымен де, практикалық жағымен де алыс, жақын шет елдердегілер айналыса бастады. Бір қызығы және қуаныштысы сол - жат жұрттағы қандастарымыздың атамекенге көш түзегендеріне қарамастан, Қытайдың, Түркияның, Монғолияның, Кореяның, Үндінің, Жапонияның жергілікті ұлт өкілдері осы мақсатта өздері үшін де, біздер үшін де пайдалы іс атқаруда. Мұның өзі қазақ елінің саяси картадан көрнекті орын алып, экономикалық даму жолына түсіп, біраз елдерді кейін қалдырып, алыптармен бәсекелес болғанының да арқасы шығар деп ойлаймын. Екіншіден, қазақ тілінің жоғары білікті мамандары сан жағынан да, сапа жағынан да өсу үстінде. Оның дәлелі ретінде ұлттық тіл білімінің негізгі салалары (ярустары) бойынша да, қолданбалы (прикладтық) салалары бойынша да жоғары оқу орындарына арналған тұрақты оқулықтардың пайдаланылып жүргенін келтірудің қисыны бар. Үлкенді-кішілі монографиялардан, жүздеген баяндамалар мен мақалалардан бұрын оқулықтарды ауызға алуым тегін емес. Шындығында, ғылымның қай саласынан оқулық жазылса да, оқулық авторлары ондай іске зерттеу еңбектері белгілі бір жүйеге түскеннен кейін кіріседі. Қазақ тіл білімі туралы да соны айтуға болады. Соңғы он шақты жылға дейін диалектологияның, тіл мәдениетінің, шешендік өнердің, тіл статистикасының, сөзжасамның, көркем әдебиет тілін оқытудың оқулықтары мен оқу құралдарының болмай келгені рас. Стилистика мен салыстырмалы грамматика оқулықтарының кезекті басылымдарының жарыққа шығу жағы да кешеуілдеп қалып еді. Бұл күнде, құдайға шүкір, бұл олқылықтардың орны толықтырылып келеді. Әлбетте, келесі басылымдарының сапасын арттыра беру мәселесі күн тәртібінен түспес деп ойлаймыз. Жоғары оқу орындарының студенттері үшін жазылған құралдарда ғылымның соңғы жетістіктері мүмкіндігінше мол қамтылатындығы баршағамәлім. Үшіншіден, жылма-жыл қорғалып жатқан диссертациялардың авторлары маңызды жайларды көтеріп отырады. Қазіргі қазақ тілінің тың жатқан морфонологиялық проблемаларын ғылыми тұрғыдан талдап, көлемді монография негізінде докторлық дәреже алған А.Айғабыловтың, фонетиканы бұған дейінгі көзқарастан мүлдем басқа ұстаныммен айрықша тұжырымдар жасаған С.Мырзабектен (марқұм Сапархан аты-жөннің осы нұсқасын қалап еді) мен А.Жүнісбектің, сондай-ақ қазақ тілін математикалық әдіспен зерттеудің өзекті мәселелерін ұсынған А.Жұбановтың, қазақ фразеологиясының өзекті мәселелерін шешуде батылдық танытқан

Р.Авакованың, тіліміздегі когнитивтік құбылыстарға ғылыми жұртшылықтың назарын аударып, соны ізденістерімен көзге түскен Э.Оразалиеваның докторлық ізденістері кез келген елдегі әріптестеріміздің толық санасып, пайдалануына тұрарлық еңбектер болып табылады.

Қалай дегенде де қазіргі қазақ лингвистикасының биікке көтерілгеніне күмән болмаса керек. Қазіргі қазақ тілі мамандарының көшбасшылары санатындағы академиктер Ә.Қайдардың, Р.Сыздықтың, Ш.Сарыбаевтың тілшілерге ғана емес, жалпы мәдени қауымға белгілі зерттеулерін тізбелеп атауды артық деп отырмын. Сөйтіп, кезінде А.Байтұрсынұлы негізін қалаған, одан кейін Қ.Жұбанов ілгері дамытқан, одан беріде І.Кеңесбаев, М.Балақаев, Ғ.Мұсабаев сияқты алыптар бастаған оқымыстылар одаққа, шетелге танытқан қазақ тілі туралы ғылым сара жолға түсіп, сенімді бағытпен алға басып келеді. Бұған қарап, қазақ тілін зерттеушілердің мақалалары мен баяндамаларында, монография мен оқулықтарында ешбір мін жоқ деп әділетсіз қорытынды жасауға әсте де болмайды. Ондай жетіспейтін тұстар лексикографиялық еңбектерде, әдеби тілге арналған ізденістерде, терминология саласында, салыстырмалы грамматика бойынша зерттеулерде ұшырасып қалады.

**- Ана тіліміздің практикалық аясы және тіл қолданудың табылмай жатқан тиімді тетіктері туралы жиі айтамыз. Осы тарапта қандай ойыңыз бар?**

- Қазақ тілінің практикалық аясы тіптен де шектелуге тиіс емес. Оны халықаралық қатынастардан бастап екеуара сөйлесіп немесе жазбаша хабарласып, түсінісуге дейін қолданылатын тіл деп білемін. Әзірге табылмайтын тетіктерді іздегеннен гөрі, бар тетіктер мен мүмкіндіктерді толық және сарқа жұмсағанымыз жөн болар.

Ана тіліміздің қолданылу аясын тарылтатын да, солай деп насихат тарататын да қазақтарымыздың өздері екеніне қынжылмасқа бола ма? Мәдени қауымға белгілі болса да, мына жайды қайталап айтпасқа лаж жоқ. Өткен ғасырдың 50-жылдары М.Әуезовтің аяғынан шалып, тырнақ астынан кір іздеу үшін Мәскеудегі Орталық партия комитетіндегі шенеуеніктер «Қазақ тілінде 200 ғана сөз бар көрінеді, сонда жазушы эпопеяны қалай жазған?» деген күдік таратты ғой. Сол өсектің авторы қазақ екенін Г.Бельгер бір мақаласында ашық және ашына айтады. Ана бір жылы республика Парламенті депутаттары арасына мемлекеттік тілдің қолдану қажеттігі туралы сауалнама таратылғанда, көпшілігі (оның ішінде қандастарымыз да аз емес) қарсы дауыс беріп, мыңдаған сайлаушыларын жерге қаратпады ма? Сонда әлгіндей кінәдан өз басын алып қашу мақсатында «мен қазақ тілін білемін, басқаларда жұмысым жоқ» деген эгоист депутаттар да болды. Бұл «жау маған тиіскен жоқ, өзгелерді ата берсін» дегенмен шамалас пікірдей әсер береді. Ол аз десеніз, қазақ ауылында туып-өсіп, қазақ мектебін бітірген (тіпті еліміздегі орыс селосында немесе қалада-ақ өссінші делік), экономика ғылымының докторы, профессор, студенттерге білім, тәрбие беріп, қоғамдық жұмысқа белсене араласып жүрген азамат мемлекеттік тіліміздің өрісі тар, ғылым тілі бола алмайды деген шала сауатты ойын қазақ, орыс тілдеріндегі газет беттерінде жариялап, байбалам салғанда, ешбір шімірікпеді. Кеңестік кезге дейін қазақ тілін зерттеген еуропалық шығыстанушылар (В.В.Радлов, П.М.Мелиоранский т.б.) түркі тілдерінің ішіндегі бай тіл - қазақ тілі дегенді баса атап көрсеткен болса, кеңестік кезде жоғары білім алып, жоғары ғылыми дәрежеге қол жеткізген ғалымымыз өз ана тілінің мол мүмкіндігінің алдында көзін жұмып, орыстарға да, немістерге де қарсы ой білдіреді. Оның себебін тоталитарлық дәуірдегі жасқаншақтық пен жағымпаздықтың санадан әлі берік орын алып келе жатқандығымен түсіндіруге болады. Қазақ тілінің арқасында нан тауып, қазақ тілінің арқасында лауазым, атақ-дәреже алған бұл қандасымыздың мақсаты белгілі. Ол - өз тілін «менсінбей», орыс тіліне табынушылық.

Орыс тілінің жақсылығын да, кемшілігін де ұғынатын дәрежеге жеттік. Бір тілді екінші тілге қарсы қою да мәдениеттілікке жатпас еді, бірақ тарихи дерекпен санасқан жөн. 1747 жылға дейін Ресейдегі, демек, өз отанындағы орыс тілінің халі қазіргі қазақ тілінің халінен әлдеқайда мүшкіл болатын. Орыс тілінен ЖОО-ға алғаш құрал жазған

М.В.Ломоносовқа кедергі жасап, қарсылық білдіргендер көп болғаны мәлім, яғни сол кездегі орта орыс тілінде дәріс оқуды қабылдамаған-ды, өйткені сабақ грек, неміс, француз, ағылшын тілдерінде жүргізілді. Кейін орыс тілін игерушілердің санының көбеюіне, ғалымдардың өсіп, қалыптасуына байланысты елдегі ортақ тілдің де мерейі артты. Сөйтіп, орыс тілі де сәбилік, балалық дәуірді бастан кешті. Арамыздағы орыс тілді азаматтардың біразы бұдан бейхабар немесе орыс тілін ерте дүниеден бері келе жатқан тілдей асыра бағалайды. Орыс тілінің екі жарым ғасырдан бері даму жолына түскеніне, демек, қысқа ғана тарихына халық әсте де кінәлі емес. Сонда талай ғасыр жәбір көрген халқымызға, тілімізге айып тағудың, тіпті бүтін бір елдің тілін сыйламаудың қаншалықты қажеті болды? Сондықтан қазақ тілін де дамытуға, тиімді жақтарын іске қосуға атсалысу зиялы қауымның қасиетті міндеті болса керек.

Зымыран уақыт өтіп бара жатыр. Ал ана тілін игеруге міндеттілер самарқаулау, кейбіреулерінің саналы түрде бұл мәселеге қарсы екені де көзге ұрып тұрады. Орыс тілді өз қандастарыңның бұл әрекетінің мүлдем қисынсыз екенін біле тұра, табиғатында қазақ тілін білмейтін басқа ұлт адамдарының сырт айналуы әбден мүмкін.

**- Мемлекеттік тілге қатысты қағидаттарда, заңнамаларда әлдебір түсінбеушілік немесе сәйкессіздік бар ма?..**

- Түсініспеушілік деуге келе қоймас. Оны қайсыбір азаматтардың өз пайдасына қарай бұрмалаушылығы десе болар еді. Дәлел үшін нақты мысал келтірейік. Қазақстан Республикасы Конституциясының 7-бабының 2-тармағында: «Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады» делінген. Тіл туралы заңның 8-бабында да осы мазмұндас ой бар. Көп адамның біраздан бері бұл бапқа қатысты дау айтып жүргені баршаға белгілі. Мұндай жағдайда қазақ тілінің орыс тілінің көлеңкесінде қалып қояры, қазірдің өзінде орыс тілінің басымдық көрсетіп жүргені рас. Бұлай болуы, яғни мемлекеттік органдарда мемлекеттік тіл мен орыс тілінің қатар жүруі, шешімін табар мәселенің бір жағы делік.

Екінші жағынан келгенде, орыс тілділер қазақ тілін білгісі келмеуге сылтау етіп мемлекеттік орган мен кез-келген мекемені, ұжымды шатастырады. Мәселен, Конституцияда халықаралық конференциялар мен симпозиумдарда, дипломатиялық келісімдер жасау барысында, республикалық шара болып жатқанда шет елден келген бірнеше адамнан тұратын комиссия қатысқан жағдайда қазақ тілімен бірге орыс тілінің де қолданылатыны айтылған. Демек, еліміздің мемлекеттік тілін білуге міндетті емес жат жұрттан келген заңды немесе жеке тұлғалардың жағдайын ескеруден туған бап деп білу керек. Ал біздегі орыс тілділерге келсек, қоғамдық көлікте болсын, тамақтану орындарында болсын, дүкендер мен саябақтарда болсын, әйтеуір, көпшілік жиналған жерлерде орыс тілі қолданылуы тиіс деп қабылдағаны былай тұрсын, соны талап етіп дау шығарып жатады.

Сол сияқты, Тіл туралы заңның 9-бабында да осындай жай байқалады. Мұнда іс қағаздарының мемлекеттік тілде әзірленуі керек екендігін айтады да, қажет болған жағдайда орыс тілінде қамтамасыз етілетіндігін еске салады. Сол қажеттіліктің түрлері аталмайды. Орыс тілді отандастарымыз қажеттілікке мән беріп жатқан жоқ. Сондықтан іс қағазын орыс тілінде толтырады.

Осы заңның 10-бабы бойынша «статистикалық-есеп, қаржы және техникалық құжаттама жүргізу мемлекеттік тілде және орыс тілінде қамтамасыз етілетіндігі» баса айтылған. Бір денеге бірдей екі көйлек немесе екі костюм кию, сол сияқты, бір жағаға екі галстук байлау күлкілі болғанда, мынаған неге күлмеске? Аталған киімдердің бір денеге сыймайтыны тәрізді, бір құжаттың екі мәтіні де сыйыспайды ғой. Мұндайда сыймай, қоқыс жәшігіне тасталатыны – қазақ тіліндегі мәтін екені, қанша намыстансақ та, ақиқат. Ендеше, заңдардағы осындай жайларды әлі де болса ой елегінен өткізудің еш артықшылығы жоқ.

- Тіл де адам секілді: өзгереді, толысады, тіпті тоқырайды да... Осы құбылысты қалай түсіндіресіз? Біреулер XIX ғасырдың ұғымымен, сөзімен сөйлеуді дұрыс көріп жатады...

- Әлбетте, солай. Солай дегенде, тілдің дамуы да, тіпті жоғалып кетуі де мүмкін дегенді айтқым келіп еді. Бірақ ана тілін сақтап, қолдан келсе, байытып, жетілдіру сол тілде сөйлейтін, жазатын адамдарға байланысты екенін сауатты жандардың бәрі білуге тиіс.

Статистикалық зерттеулерге назар аударсақ, қай тілдің де ауызекі сөйлеу тілінде қолданылуы жазба тілден әлдеқайда белсенді екеніне көз жеткізу қиын емес. Ендеше, сөйлеу тілінің қоғам өмірінде болсын, отбасында болсын, қызметі өте зор. Бұдан сөйлеу тілімізді мәдениеттендіре түсуге көп көңіл бөлу қажеттігі туындайды. Ал бүгінгі сөйлеу тіліміздің ала-құлалығы алаңдатпай қоймайды. Мәселен, ана тілімізде баламасы немесе түпнұсқалық ұғым бола тұра, орыс тіліндегі сөздерді орынсыз қолдану қисынды бола бермейді. Қайта, бүгінге дейін аударуды қиынсынып, тек орыс тіліндегі нұсқасы пайдаланылатын сөздердің қазақ тілінде баламасы табылып, көпшіліктің қажетіне жарайтын сөздердің көбейіп келе жатқанына қуануымыз керек. Осының өзі тілді байытудың, демек, құрметтеудің бір түрі болып табылады. **Мәтін** (текст), **кіреберіс** (подъезд), **салым** (вклад), **салымшы** (вкладчик), **дәмхана** (кафе), **балқыма** (сплав), **түйіндеме** (визитка - қызметі туралы қысқа мәлімет), **аударым** (перевод - пошта қызметінде қолданылатын сөз), **сәлемдеме** (посылка), **жазылым** (подписка - газет-журналдарға жазылу) сияқты сөздер күнделікті қарым-қатынаста жиі жұмсалып жүр.

Сөздердің қолданысында уақыт өзгерісіне қарай жаңа сөздердің немесе жаңа тұлғалардың пайда болып отыруы да заңдылыққа жатады. Бұл заңдылық халықтың қабылдау дағдысына байланысты. XIX ғасырда немесе одан әріде зиялы қауымның **сөздіктің** орнына **тілмаш** деген сөзді қолданғаны белгілі. Біздің дәуірде **тілмаш сөзі** аудармашы мағынасында (оның өзі де сиректеу) қолданылады. Сол сияқты, өткен ғасырларда тұйық етістіктің *-мақ/-мек, -пақ/пек, -бақ/-бек* тұлғалары (абайламақ, жетектемек, орындатпақ, ежірейтпек, нұрланбақ, ниеттенбек т.с.с.) өнімді пайдаланылса, олар бұл күнде *-у, -ю* тұлғалы сөздермен алмасты.

**Пеш** (печь), **самауыр, самаурын** (самовар), **бәтеңке** (ботинки), **пұт** (пуд), **үстел** (стол), **кереует** (кровать) тәрізді сөздердің талай ғасырдан бері осылайша айтылып, жазылып жүргені мәлім. Оларды орыс тіліндегідей етіп қолдануға ешкім мәжбүрлемейді де, өйткені тілімізге соншалықты сіңісті болып кетті. Бұларды қазан төңкерісінен бұрын қабылданған сөздер делік. Ал кеңестік кезде тілімізге енген сөздер орыс тіліндегі заңдылық бойынша жазылатын еді, соны кейбір әріптестеріміз **самауырдың** айтылу тәртібімен сөйлеуді ұсынады. Қайсыбір қаламгерлер **журнал** дегенді менсінбей, **жорнал** деп жазуға уағыздайды; **чиновник** дегеннен гөрі **шенеунік** дегенді ұнатады; **артист** дегеннен шошиды да, **әртіс** десе қуанады; **минут, секунд** деуден **минөт, секөнт** дегенге жаны жақын тұрады.

Студент кездегі бір жай еске түседі. Екінші курста ғылыми дәрежесі бар бір оқытушымыз есімдіктердің септелуі жайында айтып келе жатты да, барыс септігіндегі **маған, саған, оған** сөздеріне тоқталды. Ойының мазмұны былайша өріледі: «Осы септікте (барыс септігінде) сөздердің осылайша келуі маған күдікті көріне береді. Барлық дерлік түркі тілдерінде **менге, сенге, олға** болып келеді де, біздің тілімізде неге әлгіндей болмақ?». Осыны айтты да, аудиторияға ұзақ қарап тұрды. Ойымызда аздаған болса да пікір болды, бірақ шәкірттік сыпайылықты сақтап, үн шығармадық. Одан соң доцент «жиырмасыншы» деген сөзге «тиісті». Тағы да ойын жасырмады: «Бүгіннен бастап **жиырмыншы ғасыр, жиырмыншы ақпан** деп айтып, жазуларыңды қалар едім». Тағы да үнсізбіз. Кейін әлгі «ескертпелерді» түземек түгіл, дәліздегі, көшедегі, жатақханадағы өзара күбір-сыбырымызбен оның өзге материалдарды жақсы ұғындырып, жақсы дәріс оқығанына қарамастан, өзімізше іштей қарсылық білдірдік. Сондағы дәлеліміз: халықтың ана тілінде сөйлейтіндерінің түгелі дерлік **маған, саған, оған** дейді, **жиырмасыншы** дейді. Сонда алты

миллион қазақтың ұғымындағы сөз тұлғаларын қалайша өзгерттіреміз? Демек, халықтың ұғымында берік орын алып, қалыптасқан сөздердің айтылып, жазылуына жеке адамдардың жарлығы жүрмейді. Егер бұл мәселеге қатысты көп болып талқылағаннан кейін қабылданған директивалық құжатты түсіндіру мәселесі болып жатса, оның жайы басқа.

**- «Қазақ тілі біртұтас, оның диалектісі жоқ» дейді М.Әуезовтің шәкірттері. Тілші ағайын диалект бар деп, оны оқу бағдарламасына да енгізеді. Осы мәселені концептуалды түрде қараудың, қазақ тілі тұтастығы феноменін зерттеудің уақыты келген жоқ па?**

- Осындай қызықтар ғылымда болып жатады екен. Әдебиетшілер кей жағдайда шығарманың бейнелегіш-көркемдегіш құралдары туралы пікір айтқысы келген тілші ғалымдарға қытай қорғанын қоюға тырысады. Енді бірде осылайша «нұсқау» бергісі келіп тұрады.

Сұраққа тікелей қатысты әңгімеге көшер болсақ, әуезовшілдердің түсінігінде екі жаңсақтық бар. Біріншісін дәлелдеу үшін ұлы жазушының өзін сөйлетейік: «Сыр бойының диханшылық кәсібіне байланысты тіл өзгешеліктерін, сөздік байлықтарын өздерінің шығармаларына молынан кіргізбей, өзге жер қазағына түсініксіз болады деп тартынатын Асқар, Әбділда, Қалмақан сияқты жазушылардың тәжірибесін кемшілік деп бағалау керек» (Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. 19-том. Алматы: Жазушы, 1985. – 266-бет). Дәл сол бетте Қазақстанның батыс аймағы мен солтүстік, шығыс аймақтарындағы жазушыларына да өздері туған жерлерінде ғана қолданылып, былайғы көпшілікке таныла бермейтін сөздерді кірістірмегені үшін кінә артады. Сөйтіп, сөз асылын бағалай білетін Мұқаң шәкірттерінің қате түсінетіндігіндей диалект жоқ демейді. Керісінше, тілдің байлығын көрсететін жергілікті тіл ерекшеліктерінің молдығына назар аударады. Бұл – бір. М.Әуезов диалектизмдердің көркем шығармада қолданылу мәселесін көтереді. Ал диалектілер тіліміздің көп саласында орнымен жұмсалып, тілді жетілдіре беруге, қабілеті мен қисындылығын жетілдіруге қызмет етуге тиіс.

Екінші жаңсақтық біріншіден туындап жатыр. Егер диалект деген ұғым, оның нақтылы дерегі, зерттеу нысаны болмаса, оқу жоспарына қалай кіргізуге болар еді? Шындыққа жүгінер болсақ, бүгінгі таңда қазақ тіл білімінің қондырмалы саласы ретінде диалектология ғылыми курс ретінде ЖОО-ларда өтіледі, оның бағдарламасы мен бірнеше рет басылым көрген оқулығы бар. 1969 жылы «Ғылым» баспасынан алғашқы «Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі» жарық көрді. Кейінгі кезде бұл сөздіктің көптомдық академиялық нұсқасы шығып жатыр. Қазақ лингвистикасының аса ірі тұлғасы С.Аманжолов негізін салған отандық диалектология мәселесімен бірнеше ғылым докторы, ондаған ғылым кандидаты жүйелі айналысып келеді. Ілгеріде аталған ұжымдық еңбектерден басқа қаншама зерттеулер жазылды. Мұның бәрі тіл білімінің бұл саласының пайдалы болғандығынан деп білу керек.

**- Тіліміздің мәртебесін көтереміз деп жатқан уақытта сапасыз оқулықтар көбейді. Тілге қатысты! Тілді енді үйреніп жатқан орыстілді ірі шенеунік қазақша оқулық «жазады», тілші-ғалым әліпті таяқ деп білмейтін туысы немесе жұбайы үшін оқу құралын әзірлейді... т.б. Осы үрдісті қалай түсіндіресіз?**

- Мұндай әрекеттер мен ниеттер кімнің де болса басын шайқатары белгілі. Ана бір жылдары Ы.Алтынсарин атындағы Қазақ білім академиясының қызметкерлері мектепке арналған оқулықтарға пікір сұрайтын еді. Қазір ондай байланыс жоқ. Себебін сұрамадық, мүмкін, көңілшек рецензенттер табылды ма екен. Сондай-ақ қазір қаржылық жағдайы келетіннің бәрі кітап шығарумен әуестеніп кетті. Сапа сүмірейіп қалды...

Ал оқулықтың мазмұнына байланысты өрескел қателер кездесетінін баспасөз беттерінен оқып, жағамды ұстағаным бар. Мәселен, Байқоңыр мектептеріндегі оқушылар

«туған елің - Ресей, астанаң - Мәскеу» деген оқулықтарды оқиды. Ал мұны қадағаламай жатқан – біздің министрлігіміз. Байқоңырдың әкімшілік жағынан Қазақстан жерінде екенін соқыр адам да біледі. Сонда бұл қай мазақ? Кейбір оқулықтарда шәкірттердің жас ерекшеліктері ескерілмей, әдеби тіл норма сақталмай жазылатыны орынды сыналғып жатады. Мұндай кемшіліктер үшін авторды да, рецензентті де, тіпті басуға рұқсат берген мекемені де бірдей жазалау керек. Жастарға, мемлекеттік тілге жаны ашымайтындарды оқулық жазу мен пікір білдіру сияқты абыройлы іске қатынастырмау қажет.

**- Жасырып не керек, кеңес тұсындағы қазақ тіл білімі – белгілі дәрежеде орыс тіл білімінің көшірмесі болды ғой... Бар нәрсеге азат оймен қарап жатқан қазіргі кезеңде бұрынғы ағаттықтарымызды түзеуге бола ма?**

- Тоталитарлық кезді еске алсақ, намысты қолдан бергісі келгендердің ойлары денені түршіктіретін жайлар да болды ғой. Студент кезімізде дәріс оқыған қазақ тілінің маманы деп есептелетін ғылыми дәрежелі бір апайымыз: «Адамға қойылатын «кім?» сұрағын жандылардың барлығына (одушевленным) қойсақ қайтеді?» деп ұсыныс айтқаны бар. Олай дейтін себебі, бақа-шаянға да, құрт-құмырысқаға да «кім?» деп сұрақ қоятын орыс тілінің заңдылығына сәйкестендірмек қой. Әлбетте, біреу күлер, біреу күлмес, қалай болғанда да әр тілдің өз заңдылығы бар емес пе? Орыс тілінде род категориясы болуына байланысты әйел **мұғалім –мұғалима, азамат-азаматша, жұмысшы – жұмысшы әйел, колхозшы-колхозшы әйел** дегендерді айтып та, жазып та жүрдік. Соның зардабынан бүгін **төраға - төрайым** дейтін болдық. Сонда әйел төрағаның орынбасары ер адам болса, қалай атаймыз?.. Бұл үрдіс тілді байыту жолына әсте де жатпайды. Сөз түсінетіндер бұған ертеде-ақ сын айтқанмен, жөндеуге еш мүмкіндік болмағаны тағы белгілі. Оны айтамыз ғой, егемендік алған алғашқы жылдардың өзінде екі қазақ ана тілінде әңгімелесіп тұрса, көрші орыс тілді оның екеуін де кінәлап, орыс тілінде сөйлеуін талап ететін. 1965 жылы Алматыдағы «Ғылым» баспасынан «Прогрессивное влияние русского языка на казахский» деген кітап шықты. Оның іші орыс тіліне табындырушы мақалаларға толы болатын. Әлдекімнің ұсынысымен «Учитель Казахстана» газетінде менің рецензиям басылды. Тақырыбын айғайлатпай-ақ қойып едім, редакция «Великий среди равных» деп жариялапты. Сол «великий» орыс тілі еді. ТМД басшыларының тәуелсіздік алғаннан кейінгі Алматыда қабылданған тұңғыш Декларациясында «халықтардың үлкен-кішісі, аға-інісі болмайды, бәрі тең» дегеннен кейін көзіміздің ашылғаны белгілі.

Бұдан соң, әрине, ағаттықтарды жоюға жол салынған сияқты. Солай болып та жатыр ғой. Екінші сұраққа жауап беру барысында сөз болған С.Мырзабектен мен Ә.Жүнісбектің фонетикалық зерттеулері кеңестік кездің өзінде қазақ дыбыстарын халық тілінің өзіндік ерекшеліктерін ескеруден туған, сонысымен елеулі табыс санатындағы ғылыми жұмыстар болып табылады. Олардың жаңалығы оған дейін айтылатындай, «орыс тілінде мынша дыбыс бар, соларға мынадай қазақтың тіліне тән «специфические» дыбыстарды қосамыз» деуден мүлдем аулақ. Олай болатыны неше дыбыс болса да, олар – қазақ тілінің дыбыстары. Олардың бұл зерттеулері А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы еңбектерімен үндес келді де, саланы жаңа идеяларымен байыта түсті. Демек, кейінгі зерттеулердің шынайылығы, халықтық сипаты, соған байланысты бағасы мен салмағы артты.

**- Сіз бір кезде кирилл қарпін өзгертпеу жағында болдыңыз. Қазір бұл ойдан қайтқан сынайлысыз...**

- Сұрағынның бірінші бөлігі дұрыс. Сондықтан екінші бөлікті де теріске шығарамын-ау деймін (күлкі).

Ойымды мысалдан бастайын. 1995 жылы қазіргі ҚР БҒМ министрі Ж.Түймебаев Қазақстанның Түркиядағы елшілігінде қызметте болатын. Қазақ тілінің жанашыры болып жүрген осы Жансейіт Қансейітұлы бір күні ғылыми мақалалар жинағын дайындап, бастыру

жөнінде Түркия жағымен келісіп отырғанын айтып, бізге ұсыныс жасады. Уәделескен уақытта материалдар әзірленді және сол жылы Анкара қаласында жарық көрді. Кітап «Түрік диалектологиясы мен әдебиеті мәселелері» деп аталыпты. Диалектологиядан мақала берген ешкім болмап еді. Сөйтсек, түрік ағайындар түркі тілдерінің бәрін де түрік тілінің диалектісі деуді дағдыға айналдырған екен. Бұл, әрине, бізді ренжітті. Сондықтан мынадай іштей тұжырымға келдім: «Егер қазақ тілінің таңбалануын латын әліпбиіне ауыстыратын болсақ, онда түрік жағы қазақтар өз ана тілін түрік тілінің диалектісі екенін мойындады деп санайды». Менің патриоттық сезімім бұған қарама-қарсы болатынын жасыра алмаймын. Басқа тілге табынатын не күн туды? Екі жарым ғасырдан астам орыс тілінің қорлығына шыдап бағып едік, енді ағайын халық та біздің тілімізді жұтпақ па?!

Бұлай деп отырғанымның екінші себебі бар. 2006 жылғы қыркүйектің 18-20-сында Анталия қаласында өткен Түркі тілдес мемлекеттер мен қауымдастықтардың достық, бауырластық және ынтымақтастық құрылтайында Түркияның Премьер-министрі Реджеп Ердоған түркі халықтарының ортақ тілі туралы мәселе көтерді (Абдрахманов С. Туыстық тірегі – түсінісу //Егемен Қазақстан, 19.09.2006; Тоқабаев К. Түркі жұртының әлемі //Астана хабары, 23.09.2006). Оған дейін де бұл ой әр жерде білдірілген екен. Түркі халықтарының ортақ әліпбиі туралы да ара-тұра сөз болып қалатын түрі бар. Осының бәрі латын әліпбиінің біз үшін қолайлы емес екенін көрсетеді.

Бұған қатысты сұрақ 1998 жылы Президент сайлауы алдында Президенттікке үміткер болған Елбасымызға қойылған. Ол кісінің жауабын өте дұрыс деп қабылдадық. Тұңғыш Президентіміз бұл мәселені жалғыз шешпейтінін, халық пікірімен санасатынын білдірген. 2005 жылғы Лингвистикалық комиссияның осындай емтихан алу кезінде Елбасымызға бұл сұрақ тағы қойылды. Нұрсұлтан Әбішұлы бұл жолы да 1998 жылғы пікірінен айнымайтындығын айтты. Сондықтан қайсыбіреулердің ел басшысына сілтеме жасап, асығыстық білдіретінін түсінбеймін.

Менің жеке пікірімді білгің келсе, мынаны айтқым келеді. «Ана халық көшіп жатыр екен, мына халық көшіп жатыр екен» деп, елді дүрліктірудің еш қажеті жоқ. Латын әліпбиіне көшкендердің өкініштерінің де аз еместігін естіп жатырмыз. **Жеріміз түркі халықтарының Атамекені болғандықтан, сол халықтардың ағасы болғандықтан, көне түркі жазуын жаңарту орынды деп білемін.** Ағайындардың біздің экономикамызға ғана емес, тарихымыз бен мәдениетімізге қарап бой түзегенін қалар едім. Басқа тілді жұтып алуды немесе ортақ тіл жасауды қазақтардың ойына да алмайтыны әлемге белгілі болу керек. Мың жыл бұрын өлген ана тілін тірілткен еврей халқының тамаша бастамасын көріп отырған жоқпыз ба?!

**- Мықты тілшілер де мүйіздеседі. Мәселе ғылыми пікір жөнінде болып тұр. Айталық, біраз тілші емле, орфографиядағы орыстық қалыпқа (станция, поезд, вагон, велосипед т.б.) үзілді-кесілді қарсы. Сіздің көзқарасыңыз?**

- Бір қарағанда, мұны мүйіздесу демесе де болар еді. Бұл, әрі кеткенде, пікір алшақтығы мен ала-құлалығы. Біздің түсінігімізде орфография математика ережелері сияқты, тиісті заңдылыққа бағынуы керек. Ал ондай заңдылық көп болып талқылағаннан кейін қабылданылуға тиіс те, оны бұзу тіл заңдылығын бұзу болып есептелсе керек. Мынадай жағдайда ондаған жылдар бойғы тартыс созыла беретін түрі бар. Сондықтан басшылыққа алатын тұрақты ереже болмағандықтан, орфографиялық сөздіктердің де мән-маңызы кете бастады. Әсіресе, мектеп шәкірттеріне обал болды! Өйткені қай сөздің қалай жазылатынын біле бермейді. Кейінгі жылдары «Ана тілі» газеті негізгі етістік пен көмекші етістікті бірге жазатын болды (мысалы: жүріпкележатыр). Бұл қандай қисынға негізделген? Нақтылы жауап берер ешкім жоқ. Мектеп мұғалімдері балаларға қалай түсіндірмек? Олардың да бұл мәселеден арқа сүйер құралы не әдістемелік еңбегі болмай тұр. Әр газет емес, бір газеттің өзінде бірде **станция, поезд**, енді бірде **станса, пойыз** деп жазады. Сөйтіп, сауатын енді ашып жүргендер де, қазақ тілінің теориясынан дәріс оқушылар да осы жайдан

тұрақты шешімге келе алмай жүр. Қиындықтан шығудың басты жолы – Президенттің Жарлығымен немесе Үкіметтің Қаулысымен орфографиялық ережені бекітіп, мүмкіндігінше тезірек жарыққа шығару.

**- Тіл білімінің ақсақалысыз. Тәжірибенің аса мол. Жалпы, өз салаңызды дамыта, өркендете түсудің қандай тиімді жолын нұсқар едіңіз?**

- «Ақсақал» дегенде, ақылға аздап болса да ақыл қосылған адамға айтылатынын сезіп, ішім жылиды. Алайда жасарып бара жатпағанымызды біліп, ойланып та қаламын.

Қалай бағалауды басқалардың ар-ожданына салып, айтарым: жарты ғасырдай өмірімді ана тіліме арнағаныма өзімді бақытты санаймын. Халқымның Абай «өнер алды» деп санаған қасиетті де киелі тілі туралы әңгіме таусылмаса керек. Ең алдымен, қандастарымыздың бәрінің де, қайда жүрсе де, ана тілін еркін игеруін қалар едім. Өзге тілде сөйлеушілердің де біздің тілді біліп, қазақша жазылған кез келген шығармаларды оқитын дәрежеге жетуін армандаймын. Солай болғандықтан, екіншіден, мамандығына қарамастан, барша халық өкілінің тіл мәселелеріне қатысты ортаға ой тастауын қалаймын. Сонда тілдің теориясын дамытып, өркендетуге кең жол ашылады. Ол үшін қандастарымыздың ұлттық намысы, отандастарымыздың шынайы сыйластығы керек. Цицерон: «Дүниеде достықтан артық, достықтан жарасымды ештеңе жоқ. Егер өмірден достықты аластатса, ол күннің жарық сәулесі құртқанмен бірдей» деген екен.

**- Сіз синтаксиспен бірге тіл мәдениеті саласын біршама зерттедіңіз. Бүгінгі практикалық тіл мәдениетіне көңіліңіз тола ма?**

- Сөйлеу мен жазудағы тіл жарасымын қарастырып жүргенім рас. Ғылым ретінде тіл мәдениеті туралы әлемдік тіл білімінде кереғар пікірлер бар. Ондай пікір қайшылықтары тіл мәдениетінің тарихына да, негізгі нысандарына да қатысты болып келеді. Тіл мәдениеті туралы ғылым стилистикадан кейін пайда болды дегендерді қолдаймын.

Оны қарапайым салыстырумен де түсіндіруге болатын сияқты. Адамзаттың сәбилік, балалық шағында адамдар ұят болмас үшін және суыққа ұрынбас үшін киінді. Ал қазір адамдардың талғам-талабы әлдеқайда өсіп, сәнді киінуге тырысады. Дәл осы сияқты, адамдар алғашында, әйтеуір, түсінісу үшін тіл арқылы қарым-қатынас жасады. Бүгінгі таңда түсінісуге қоса, тартымды сөйлеуді мақсат етеді.

Шешендік өнерді әдебиетшілер - өздеріне, психологтар – өздеріне, педагогтар да өздеріне тартады. Шын мәнісінде шешендік өнер – тіл мәдениетінің жоғарғы түрі. Сондықтан шешендік өнер тіл мәдениетінің басты нысаны болып табылады. Керек десеңіз, «шешендік өнердің мәдениеті» деген де ұғым бар. Демек, қызына сөйлеу барысында, психологияға әсер етер айтыс үстінде сөйлеушінің мәдени нормадан ауытқып кетуі де ғажап емес.

Қазіргі біздің тіл – мәдениеті жетілу үстіндегі тіл. Орыс тілшілерінің қазірде де «олай сөйлемеу керек, былай сөйлеу керек» дегендеріне қарағанда, тіл мәдениеті – эволюциялық жолмен дамитын сала. Әрине, қазақ тілі мәдениетінің теориялық жағы әлі көп зерттеуді қажетсінеді. Мәдениеттің бұл саласының практикалық жағына да көңіл тола қоймайды. Көңіл толғандай болу үшін тек тіл мамандары ғана емес, жалпы зиялы қауым болып бұл істі қолға алу керек. Жауапкершілікті жоғары қоюы қажет.

**- Бірер жыл бұрын Мемлекет басшылығы кеудеңізге «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» белгісін қадады. Астана зиялысы, қайраткері қандай болу керек деп есептейсіз?**

- Бұл Мемлекет басшысының Жарлығымен алған бірінші атағым ғой. Ұзақ жылғы еңбегімнің бағаланғанына риза болдым. Бұл ретте тілеуқор Еуразия ұлттық университеті



басшылығына да, Астана қаласының әкімдігіне де алғысымды білдіремін. Мұндай марапат үлкен міндет те жүктейтіні белгілі. Денсаулық болса, алдағы уақытта да ғылым жолында, білім беру саласында ана тілімнің мәртебесін көтере түсу мақсатында қолдан келген мүмкіндікті аямаймын.

Астана сияқты жыл сайын емес, күн сайын өсіп, сұлуланып келе жатқан қалада тұру - бақыт. Сол бақыттың баянды болуы үшін де жан аямай еңбектенеміз.

Елорда зиялысы мен қайраткері ел намысының және Жаратқан бұйыртқан қызметінің жауапкершілігін терең сезінуі қажет. Бергі ХХ ғасырдың тарихына көз салыңыз: Орынборды да, Қызылорданы да, Алматыны да шынайы астана еткен зиялылар болатын. Осы тарихи миссия жүрегіміздің төрінде мықтап орын алуы тиіс.

*«Астана хабары» газеті, 15.03.2008*

**ЖАЛПЫ МӘЖІЛІС**  
**ПЛЕНАРНОЕ ЗАСЕДАНИЕ**  
**PLENARY SESSION**

---

**АЛҒЫ СӨЗ**

*Сыдықов Е.Б.,  
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университетінің ректоры*

Бұл халықаралық ғылыми конференцияға **«Рухани жаңғыру және тіл білімі мәселелері»** деген тақырыпты айдар етіп отырмыз. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2018 жылы 10 қаңтардағы халыққа «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында «Рухани жаңғыру» ісіне айрықша мән бергені белгілі. Еліміздің «Рухани жаңғыру» үдерісін жүргізетін Орталық сараптама кеңесі біздің Университетімізде жұмыс істейді. Сондықтан бұл конференцияның қамтыр мәселелері осы Кеңестің жұмысының мақсат-міндеттерімен қабысады деп санауға болады.

Рухани жаңғыру ұлттың тілімен тығыз байланысты екені дәлелдеуді қажет етпейді. Рухани жаңғыру ісі, бүгінгі күні арамызда болса, 80 жасқа келмек ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Мырзатай Серғалиұлы Серғалиевтің ғұмырлық қарекетіне өте орайласады деп санаймыз. Себебі ол – саналы ғұмырын қазақ тілін рухани өзек етуге арналған қайраткер ғалым. Қазақ тіл білімі кафедрасының осы ғалымның есімін нышан етіп жыл сайын «Серғалиев сабақтары» деген атаумен ғылыми, әдістемелік, практикалық бағыттағы іс-шаралар өткізуі – құптарлық іс.

Академик М.С. Серғалиев гуманитарлық бағыттағы ғылымдардан хабары мол, осы тұрғыдағы өзіндік пайымдаулары бар әмбебап ғалым еді. Нақтырақ айтқанда, ол мәдениетіміз бен идеологиямызды дамытуға елеулі үлес қосып кетті. Елбасы биылғы Жолдауында: «Ұлттың әлеуетін арттыру үшін **мәдениетіміз бен идеологиямызды** одан ары дамытуымыз керек. **«Рухани жаңғырудың»** мән-маңызы да нақ осында. Өзінің тарихын, тілін, мәдениетін білетін, сондай-ақ заманына лайық шет тілдерін меңгерген озық әрі жаһандық көзқарасы бар қазақстандық біздің қоғамымыздың идеалына айналуға тиіс». Осы жолда филолог ғалымдар қарқынды еңбек етуге тиіс. Академик Мырзатай Серғалиұлының ғұмыры, дүниетанымы мен қарекеті, ғылыми еңбектері де осы жолға арналған еді. Оның қостілділікті меңгерген тілдік тұлға ретінде жазған қазақ тілін оқыту, тіл мәдениеті, көркем әдебиет жөніндегі еңбектері рухани жаңғыру жолына қызмет ете береді. Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында: «Біз «Жаныңда жүр жақсы адам» деген сөздің байыбына бара бермейміз. Шын мәнінде, Тәуелсіздік

дәуірінде өзінің еңбегімен, білімімен, өнерімен озып шыққан қаншама замандастарымыз бар. Олардың жүріп өткен жолдары – кез келген статистикадан артық көрсеткіш. ... Ел-жұрт ұлтымыздың алтын қорына енетін тұлғаларды білуге тиіс», – деп санады. Елдің дамуындағы аға буынның көрегендіктері мен өмірлік тәжірибелері кейінгі буынның ақиқат жолдан адаспай алға басуына септігіне тигізетінін де Елбасы жиі ескертіп отырады. Мұндай аға буынның (оның көрнекті өкілдерінің біразы біздің университетте еңбек еткен, әлі де еңбек етіп білім-ғылыммен жас ұрпақты сусындатып жүр) ортасында өзі жоқ болса да, сөзі (ойы, тұжырымдары, пікірлері) жүрген академик Мырзатай Серғалиұлының есімін де қоюға болады.

Академик М.С.Серғалиевтің қаламынан тіл мен тіл өнеріне арналған 670-ке тарта еңбек жарыққа шыққан екен. Бұл деген – бір ғылыми мекеменің белгілі бір ұзақ мерзімде атқарар-атқармасы екіталай болатын еңбек көлемі!

Көктей шолғанда байқағанымыз – ғалымның еңбектері, негізінен, грамматика, стилистика, көркем тіл, көркем әдебиет мәселелері, БАҚ тілі, тіл мәдениеті, сөздіктерге, білім беру, тәрбие т.б. мәселелерге арналған екен. Бұл – аса үлкен ауқым. Ғалымның әмбебап қарымын білдіретін көрсеткіш. Ғалымның ой тұжырымдарына сүйене отырып, қазіргі тіл саясатының ғылыми тірегін бекітуге болады деп санаймыз. Рухани жаңғыру жолындағы тілтану бағытын іске асыру үшін біз Мырзатай Серғалиұлы сияқты кең құлашты, терең еңбектерін ескеріп отыруға тиіс боламыз. Ғалымның өзі де осыған орай былай деп жазыпты: «Жаңа өмір мүддесіне қызмет ететін қазақ тілінің жеңіспаздық туын көтеріп, әдеби тілді шыңдай түсуіміз керек. Сол үшін әдеби тілге биік талғам талабы қойылады. Олар өзінен-өзі бола бермейді, ол жайында сол құралды жұмсаушы қауымның барынша ұқыпты әрі жанашырлық негіздегі іс-әрекеті болуға тиіс. Өз өміріне өзі қожалық ететін адам өз тілінің өміріне де ықпалын тигізіп, оны дамыта түсудің қамқоршысы бола алды.

Аспан әлемін шарлап, Айға, Шолпанға аттанған, өмір тізгінін өз қолымызға алған заманда қол қусырып қарап отырмай, тілді саналы түрде жетілдіру, ширақ ету әрекеті болу керек-ақ». Ғалымның бұл айтқаны Елбасының «Қазақ тілі туралы айтқанда, істі алдымен өзімізден бастауымыз керектігі ұмытып қалады. Ұлттық мүддеге қызмет ету үшін әркім өзгені емес, алдымен өзін қамшылауы тиіс. ... Тілге деген көзқарас, шындап келгенде, елге деген көзқарас екені даусыз. Сондықтан оған бейжай қарамайық. Қазақ тілі жаппай қолданыс тіліне айналып, шын мәніндегі мемлекеттік тіл мәртебесіне көтерілгенде, біз елімізді **ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТІ** деп атайтын боламыз» деген сөзімен үндесіп тұр. Сондықтан да осы мүдде жолында еңбек еткен Ұлт академигі Мырзатай Серғалиұлына жасаған құрметіміз Елге деген құрметпен, Президентіміз биылғы Жолдауында нұсқап отырған адами капиталды дамытумен сабақтас деуіміз керек.

Қонақтарға хош келдіңіздер деймін. Конференцияға қатысушылардың жұмысына табыстар тілеймін.

## АКАДЕМИК М. СЕРҒАЛИҰЛЫ ТУРАЛЫ СӨЗ

*Қасқабасов С.А.,  
ҚР ҰҒА академигі,  
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
Астана, Қазақстан,  
kaskabasov\_sa@enu.kz*

ҚР білім беру ісінің үздігі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, белгілі тілтанушы, әдебиеттанушы, сыншы, публицист, ҚР Жазушылар одағының, ҚР Журналистер одағының мүшесі, қоғам қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі (академик болғанда да, тілтанудан орталық, солтүстік Қазақстан, Арқадағы жалғыз академик), Қазақстан ғылымы мен техникасына аса көрнекті үлес қосқаны үшін берілетін мемлекеттік стипендияның иегері, еліміздегі бірнеше жоғары оқу орындарының құрметті профессоры Мырзатай Серғалиұлы Серғалиевтің ғылым мен білімге өлшеусіз еңбек сіңірді. Қаламы мен ойы жүйрік санаткердің 50 жылдай жазған үлкенді-кішілі 600-ден астам еңбегі, оның ішінде 10 монографиясы, 6 оқулығы көтерген жүктің салмағы ауыр. Серғалиевтің өзі бір мектеп, бір институт болды.

Мырзатай Серғалиұлымен ғылымда да, өмірде де қанаттас болдық. Адал ғалым еді. Сонда көз түскен ерекшелігі тілтану мен әдебиеттануға телдігі еді. Осы сонылығы үшін оны көркем сөз өкілдері де бағалайды. Кезінде көркем әдебиеттің Т. Әлімқұлов, С. Әшімбаев секілді дарындары оның пікірлерімен санасқан тұстарын көрдім. Ғалым әдебиет үдерісіне белсене қатысды десек, артық айтқандық емес. Теледидардан әдебиет бойынша авторлық бағдарлама жүргізгенін де білеміз. Әдебиеттануда көркем шығармадағы кейіпкер тілі дейтін мәселені М. Серғалиев көтерді. Совет кезеңінде сыншы Серғалиевтің пікірлерінде совет сыншыларының лектік пікірінен өзгеше бір үрдіс болды: ол – көркем шығарманы идеология құралы деп емес, А. Байтұрсынұлы жолымен сөз өнері деп тану. Сынға қатысты 4 кітабынан («Кең өріс», «Сөз сарасы», «Ой өрнегі», «Көркем әдебиет тілі») тілдің рухани-эстетикалық қызметі жөнінде тамаша айғақтар табылады. «Уақыт және қаламгер» (1975, 1978, 1982), «Сөзстан» (1980, 1982) ұжымдық жинақтарда қазіргі әдеби үдерістің елеулі мәселелеріне қатысты ой түйеді, белгілі қаламгерлердің шығармашылық портреттері, тақырып, кейіпкерлерді бейнелеу жайлы түйсік-түсініктерін білдіреді.

Әдебиетке сөз өнері тұрғысынан қарау Мырзағаңның көркем шығармашылығының да арқауы болды. Прозаның шағын жанрларында жазған туындыларында сөзді ұтымды жұмсауынан, детальді ойнатуынан да осы тұрғыны көреміз. Шығармашыл адам қашан да өзгенің өнегесін өз бойына сіңіріп, дамытып өз өнегесін ұсынады. Асылы, ұлағат дегеннің өзі осы болар. М. Серғалиұлының біртуар азаматтардың бейнесін бірер деталь арқылы ғана бейнелеп беретін, көркем тілмен жазылған «Өнеге» атты эсселер жинағын оқыған адам осындай ойға тоқтайтыны сөзсіз.

Көркем шығармашылықтың және қос тілдің иесі ретінде ол – аудармаға да қалам қарымын жұмсай білді. В. Лацис, В. Кожевников, Я. Камал т.б. көрнекті жазушылардың шығармаларын қазақша сөйлетті. Тіпті, «Біржан-Сара», «Рихард Зорге» операларының орыс тіліндегі либреттосын қазақ тіліне аударғанын біреу білсе, білмейді.

Ұлттық тіл, ұлттық тәрбие, ұлттық идеология, ұлттық мәдениет пен руханият сияқты мәселелер оны әрқашан толғантып отырды. Осыған орай, еңбектерін түгендемей, білгенімізді жай ғана санамалап көрейікші:

- ширек ғасырдан бері екі ұлттық университеттің кафедрасын басқарды;
- ҚазМУ-да 10 жылдай факультет басқарды;

- екі ұлттық университеттерде құрылған диссертациялық кеңестерді 20 жылдай басқарды;
- «Қазақстан мектебі» журналының, «Ана тілі» газетінің т.б. басылымдардың алқа мүшесі болды;
- «Қазақ тілі» қоғамына ат салысты;
- ҚР Лингвистикалық комиссиясының мүшесі ретінде ҚР Президенттігіне үміткерлердің мемлекеттік тілді меңгеру дәрежесін анықтады (1998, 2005 жылдары);
- ҚР Үкіметі жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясының, Астанадағы ономастикалық комиссияның мүшесі болды;
- әдеби-мәдени үдерістерге қатысты: жиындарда баяндама жасады, пікірлер айтты;
- энциклопедияларды түзуге белсенді араласты;
- Академиялық грамматика (2002) және басқадай ірі ғылыми еңбектердің авторларының қатарында болды, сарагерлік көмек көрсетті.
- көсемсөзінің өзі қомақты екі томға жүк болатын сияқты.

Халыққа қажетті игілікті істердің бірі – сөздік түзу. Білген адамға сөздік деген сөздердің тізбесі емес, ұлттық қазына. Осы қазынаға М. Серғалиевтің қосқаны қомақты. Оның «Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігі» (1996), «Орысша-қазақша сөздігі» (1993, 1995, 2001), «Орысша-қазақша, қазақша-орысша» сөздіктерінің (2004) тіларалық түйткілдерді тарқатуға жәрдемі тиері сөзсіз.

Ендігі жерде оның есімін есте қалдыру мәселесін ойластырған жөн.

## БАШКОРТТАРЗЫҢ ЯЗҒЫ – ЙӘЙГЕ ЙОЛА БАЙРАМДАРЫ МИФОЛОГИЯҢЫ

*Хисамитдинова Ф.Г.,  
доктор филологических наук, профессор,  
Член-корреспондент Академии наук РБ,  
Институт истории, языка и литературы УНЦ РАН,  
Уфа, Башкортостан, Россия,  
[hisamitdinova@list.ru](mailto:hisamitdinova@list.ru)*

### **Резюме**

В статье описываются весенне-летние обрядовые праздники башкир. Исходя из особенностей суровой природы Урала делается вывод о том, что Навруз у башкир не мог проводиться в марте. Глубокий снег, многодневные бураны, бескормица, голод обусловили перенос новогоднего праздника Навруз на май. В мае башкиры проводили обрядовый праздник Каргатуй или Карга буткахы, посвященный умилостивлению духов предков, духов родной земли. Функции Каргатуй и Навруза в определенной степени совпадали. Поэтому, на наш взгляд, восточный Навруз и собственный обрядовый праздник башкир Каргатуй или Карга буткахы совпали и стали проводиться в мае.

### **Summary**

The article describes the spring and summer ceremonies of the Bashkirs. Based on the characteristics of the harsh nature of the Urals, it is concluded that Navruz could not be held in Bashkir in March. Deep snow, multi-day snowstorms, starvation, starvation caused the transfer of the New Year holiday Navruz to May. In May, the Bashkirs conducted a ritual festival Kargatui or Karga Butkah, dedicated to the propitiation of the spirits of the ancestors, the spirits of their native land. The functions of Kargatui and Navruz to a certain extent coincided. Therefore, in our opinion, the eastern Navruz and its own ritual celebration of the Bashkirs Kargatui or Karga Butka coincided and began to be held in May.

Көнъяк Уралда яз мизгеле кыштың сығып бөтмәгән осорона тура килә. Әле һәр ерзә кар ята, һыуык елдәр исә, көндөз бер ни тиклем ирәһә лә төндә шакарып тундыра. Апрель азактарында түбәләр, тау битләүзәре бер ни тиклем ирәһә лә, Көнъяк Уралда ер еүеш, һыуык була.

Кыш озон, ныуык булыуы сәбәпле малға әзерләгән бесән бөтә. Йәш үлән майһыз булмағас мал да, кеше лә яз ғәзәттә асыға. Бындай шарттарза, әлбиттә, ниндәйзер байрам үткәрәү өсөн халыктың кәйефе лә, хәле лә булмай. Шуғалыр за язғы-йәйге йола байрамдарын башкорттар ғәзәттә йәш үлән калкып, ер йылынып, һыйырзар һөт бирә башлағас, йәғни май айзарында үткәрә башлай һәм төрлө исемдәр менән июнь – июль айзарында дауам итә. Тик Башбайрам йәки Башка сакырыу тигән йола байрамын улар өй шартында ата-бабалар рухына бағышлап март – апрелдә үткәргән. Башка йола байрамдарын башкорттар ғәзәттә тәбиғәттә тау – йылға буйзарында тәүзә бөтә ырыу, һуңғарак ауыл менән йыйылышып үткәргән. Был байрамдарзың максаты, беренсенән, халыкка, мал – тыуарға, кош – кортса именлек, үсемлектәр донъяһына муллык теләү, икенсенән, Аллаға, тәңреләргә, тәбиғәт әйәләренә, олата-бабалар рухына мөрәжәғәт итеп, уларзан ярзам һорау, өсөнсөнән, төрлө юлдар, ысулдар менән яман заттарзы кыуыу, уларзың тәсиренән котолоу. Ошондай максаттар менән үткәрелгәс, әлбиттә, башкорттарзың бөтә язғы – йәйге йола байрамдары мифлаштырылған.

Башкорттарзың язғы – йәйге йола байрамдарына Башбайрам йәки Башка сакырыу, Кузғалак байрамы, Карғатуй йәки Карға буткаһы, Кәкүк сәйе, Науруз, Кымыз моронлатыу йәки Кымыз байрамы, Майға сакырыу йәки Нары май байрамы, Йәйге Нардуган һ.б. карай. Әйтеп китергә кәрәк, көньякта, йәғни Урта Азия, Кавказ, Төркиә тарафтарында язғы – йәйге йола байрамдары, ғәзәттә, март та үтһә, үрзә әйткәнәмсә, башкорттар йәшәгән тарафтарза Урал тәбиғәтенәң үзенсәлегенән сығып был байрамдар элек-әлектән йәй башында, йәй уртаһында үткәрелгән. Шуның өсөн Науруз байрамын бөгөнгө көндә март айында үткәрәү башкорттарза ул яңы күренеш. Уралда март ныуык, карлы булыу сәбәпле бөгөн башкорттар Науруз байрамын клубтарза, кайһы бер ерзәрзә мәсеттәрзә үткәрә.

Үрзә әйтеп киткәнсә, тәүге язғы – йәйге йола байрамы ул Башбайрам йәки Баш итә ашау, Башка сакырыу булған. Был байрамдың асылы көз һуйылған оло малдың (йылкы, һыйыр) башын бозмайынса бешереп затырыузы, күрше-күләнде сакырып бөтә олата-бабаларға аят укытыузан ғибәрәт. Башбайрам иң боронғо, ата-бабалар культы менән бәйлә байрам булырға тейеш. Ул мотлак иртә яз, йәғни март айында коштар килә башлағас үткәрелгән. Аят менән бергә, кешеләргә, малтыуарға, кош-кортка түл-үрсем теләнгән. Шулай итеп йола байрамының мәғәнәһе ата-бабаны искә алыу ғына түгел, улар ярзамында, уларзың фәтихәһы менән киләсәккә ырыуға кот – ырыс, мул тормош теләү менән бәйлә. Күк үлән калкып, ер бер ни тиклем йылынғас башкорттар Карғатуй йәки Карға буткаһы тигән йола байрамы үткәргән. Байрам ғәзәттә тәбиғәт косағында үткәрелгән. Ул өй беренсә йөрөп ярма, һөт, каймак, май һәм йомортка йыйыузан башланған.

*Карға әйтә: «Кар-кар,  
Туйым етте, бар, бар.  
Ярма, күкәй алып бар,  
Һөт-майыңды алып бар,*

*Бар, бар, бар!»* — тип һамаклаган ризык йыйыусылар. Йыйылған ярманан зур ырыу казанында бутка бешергәндәр. Аш табынынан һуң балаларға, өйгә, ихатаға, йорт малдарына һәм кош-кортка карата изге теләктәр әйтелгән; ергә һәм һыуға — шифалы ямғырзар, бәләкәй һәм зур ватанға именлек теләгәндәр. Бутка калдығын карғалар өсөн таш өстөнә һалғандар, ағас олондарын буйғандар. Бер юлы: «Ашағыз, туйынығыз, ергә ямғыр алып килегез!» — тип һамаклагандар. Шулай, карғалар өсөн байрам ойоштороп, байлык, муллык теләгәндәр. Был башкорттарзың карғаларға карата изге мөнәсәбәте, тотем кошо итеп караулары тураһында һөйләй. Икенсенән, бутка — ундырышлылык, түллелек, муллык символы икәнлегә билдәлә. Шуға *Карға буткаһы* йола байрамында карғаны тотем кошо буларак кабул итеп, уға табынып, изгеләштереп, шартлы рәүештә ашатып кына калмағандар, яз, йәғни яңы йыл башында тоттош йылды уңышлы итергә тырышкандар. Йола һәм уны озатыусы арбау, им-том, әпсен- төпсөндәр ярзамында мул уңыш, малдарзың үрсемләлеген, үзенә, балаларына, ырыуына һаулык һәм байлык тәьмин итергә теләгәндәр.

Йола байрамы өсөн өй беренсә йөрөп ризык, бүләктәр йыйғанда ла балалар муллык

һәм именлек булдырыуға йүнәлтелгән арбау һүззәре әйткән. Карағыз:

*Корттар ошон кейәнән,  
Колон тыуһын бейәнән.  
Игендәре бик уңһын,  
Күкәй кеүек тук булһын* (БХИ, 1995, 201).

Бутка бешергәндә бик кызыклы арбау әйтелә. Карағыз:

*Иләк менән иләп тор.  
Күнәк менән койоп тор,  
Иләк менән иләп тор.  
Күнәк менән койоп тор!* (БХИ, 1995 198)

Был арбауза иләк, күнәк һәм арбау ярзамында ямғыр сакырыла. Шулай итеп, ямғыр менән Карға буткаһы йола байрамы араһында бәйләнеш барлығы күренә. Күрәһең, карға ямғыр сакырыуза ла кулланыла. Байрамдың тағы бер арбауында башкорттардың карға менән бәйле мифологик караштарының иң боронго мотивтары сағылыш талкан. Карағыз:

*Лыбыр, лыбыр буткаһы,  
Етмеш йәшәр корткаһы.  
Буткаһының майы юк,  
Ашамага яйы юк.  
Ашамағыз бутканы,  
Тапамағыз бутканы,  
Бутка бешкән дан булып,  
Хурламағыз кортканы.  
Бутка — Хозай ризыгы,  
Бутка — Хозай азыгы.  
Шул бутканы хурлаһаң,  
Башыңа төшөр языгы!  
Ал , ризыкты ал,  
Бер бөртөккә — ун бөртөк.  
Ун бөртөккә — мең бөртөк.  
Ал ризыкты, ал!  
Бер тамсыга - ун тамсы.  
Ун тамсыга — мең тамсы.  
Ал ризыкты, ал!  
Ал, Тәңрем, ал!* (БХИ, 1995, 202).

Арбау тексына карағанда, Карға буткаһы йола байрамында бешерелгән бутка Тәңрегә, йәғни башкорттардың төп илаһына тәғәйенләнгән. Күрәһең, карға башкорттар тарафынан илаһи зат итеп кабул ителгән йә булмаһа, ул Тәңре менән кешеләр араһындағы аралашсы булған. Шуға башкорттар: «Ал, Тәңрем, ал!» — тип үтенә. Карғаларға бутка таратыу вақытында әйтелгән әпсен-төпсөн дә кызыклы. Карағыз:

*Кара карға ашаһын.  
Ала карға ашаһын.  
Ала карға ашамаһа.  
Кара карға ашаһын!  
Ашағыз, туйынығыз,  
Илгә именлек килтерегез!  
Бер бөртөккә — ун бөртөк,  
Ун бөртөккә — мең бөртөк!* (БХИ, 1995, 200-202).

Был әпсен-төпсөндә карға ғаиләһенә караған кара карға, карға ала башка персонаждар за күренә. Улар за ниндәйзер кимәлдә башкорттардың мифлаштырылған коштары булып тора.

Карға буткаһы байрамында үрзә әйтелгәнсә, мотлак, ярманан бутка бешерелә. Урта Азия халыктарының Науруз байрамында мотлак былау бешерәһен искә алһаҡ, шулай ук

бутканың игенселек, тарымсылык менән тығыз бәйле булыуын иҫәпкә алһак, башкорттарзың Карға буткаһы байрамы Науруз менән берләшкән тип фараз итергә кала. Йәғни башкорттар Урал шарттарында иртә яzza яңы йыл, йәғни Науруз үткәрә алмау сәбәпле олата-бабалар культы менән бәйле боронғо Карға туйға Науруз үзенсәлектәре килеп кушылған. Ә инде Наурыздың ут менән бәйле үзенсәлектәре яz үткәрелгән сығыр уты йәки сакматаш уты менән малды, тирмәләргә төтәсләп алыу йолаһында сағылыш тапқан. Билдәле булыуынса, яz, шулай ук берәй ауырыу таралһа, ауылдарза, йәйләүзәрзә сығыр уты, сакматаш уты менән тазарыныу, яман көстәрзә кыуыу йолаһы киң татарған булған. [Хисамитдинова, 2010, 256, 271-272]. Мәсәлән, Әбйәлил, Учалы, Бөрйән, Баймак, Хәйбулла башкорттары әле лә ыуак малды, бигерәк тә бызаузарзы яz көнә сығыр йәки сакматаштан кабызылған ике ут араһынан үткәрәләр [Автор матер-ры 1993,1994]. Был йола шулай ук уттың һаклау, тазартыу көсөнә ышаныу менән бәйле. Яz малды көтөүгә кыуыу алдынан төтәсләп алыу бөтә төрки халыктарына элек-электән хас балған.

Йәй башында башкорттар Кузгалак байрамы, Кымыз байрамы, Кәкүк сәйе, Май майы, Һары май байрамы үткәргән. Был байрамдар за муллык, йылдың имен килеүен теләп, тәбигәттә изгеләштереп, уға алкыштар әйтәп үткәрелгән. Йәйзең иң уртаһы йәйге кояш торошо моленә тура килгән *Йәйге нардуған* байрамы ойшторолған. Был көндәрзә һунар итеү, балык тотоу, урман кыркыу, бесән эзерләү тыйылған. Төрлө тыйыузар менән бәйле көндәрзә *аяу көндәр*, йәғни һаклау, курсалау көндәре тигәндәр. Әммә был мизгелдә дауа үләндәре һәм сәскәләр йыйыу рәхсәт ителгән. Был көндәрзә башкорттар, һыу яткылыктарына етмеш ете төрлө сәскә ташлап, йәйзең һәм йылдың матур килеүен программалағандар. 25 июндән 5 августка тиклем (*йәйге селлә*) яңы өйләнешкән йәштәр тәбигәткә сығыу йолаһын — *Сәхрәгә сығыу* — үтәгән. Был йола никахты нығытыуға, йәш парзың түллелеген тәмин итеүгә арналған. Ошо ук мизгелдә коро йылдарза ямғыр теләү (*Теләккә сығыу, Ямғыр теләге*) йолаһы башкарылған.

Йәй – йәйләүгә сығыу, бесән, алдағы көндәргә азык-түлек эзерләү мәле, шуға анык эшмәкәрлек менән бәйле ғөрөф-ғәзәт йола, тыйыузар күп үтәлгән. Мәсәлән, башкорттарза *Май майына сакырыу* һәм *Һары майға сакырыу* йолаһы булған. Май – кояш символы. Шуға был байрамдар, күрәһең, касандыр йәй хужаһы кояшқа бағышланғандыр. Әйткәндәй, йәйге май (*йәй майы, һары май*) тормошта булған барлык йолаларза тиерлек катнашыуын билдәләп үтергә кәрәк. Мәсәлән, яңы тыуған сабийзы тәүге тапкыр ашатканда ауызына май һәм бал каптыралар. Никахлашыусыларға *бата* укытқандан һуң май һәм бал тәкдим итәләр. Тотош алғанда, йәйзе мифлаштырыу башкорттарзың ата-бабаларына ла хас булған. Үл йолаларза, ғөрөф-ғәзәттәрзә, тыйыузарза, телдә һәм фольклорза сағылыш таба.

Боронғо башкорттар тураһындағы иң мәғлүмәтле һәм ышаныслы эзәбиәттең береһе булған Ибн-Фадлан язмаларында башкорттарзың йәй тәңреһе (Йәй хужаһы) булыуы тураһында мәғлүмәт бар. Был тәңренең башкорт диалекттарында *Йәй атаһы, Йәй хужаһы, Йәй әйәһе* тигән атамалар билдәле. Йәй тәңреһе менән бәйле ышаныузар башкорттарзың исламға тиклемгә дәүеренә барып тоташа. Исламдың килеп инеүе менән Йәй тәңреһе, башка тәңреләр кеүек, юғала, телдә һәм халык ижадында кайһы бер қалдыктары ғына тороп кала. Мәсәлән, телдә кулланылған *йәй башы, көлә-көлә йәй килә, йәйзең өйө киң, йәй нышты туйзыра* һ.б. һүзбәйләнештәр касандыр башкорттарзың йәйзе йәнле итеп, кеше кеүек қабул итеүе тураһында һөйләй. Билдәле булыуынса, боронғо төркизәр йәйзе һәм яzзы айырып карамаған. *Йәй* һәм *йаз* һүззәре бер үк тамырға барып тоташа.

Төрки телдәрәндә *й-з-д-т* өндәрәнең сиратлашып килеүен күззә тоһак, ысынлап та *йәй* һәм *йаз* һүззәрәнең тамырзаш икәнлеген күрәргә мөмкин. Шуға башкорт теләндәге *яz башы, яz килә, яz арттан бер тотам да қалмай, илай-илай яz була, яz киреләнһә, көззән яман* тигән һүзбәйләнештәр һәм сағыштырыузар башкорттарзың касандыр *йәйзе/яzзы* кешеләштереп қабул итеүе тураһында һөйләй.

Үрзә килтерелгәндәрзә иҫәпкә алһак, башкорттарзың яzғы-йәйге йолалары барыһы ла мифлаштырылған һәм, беренсенән, уларзың бик боронғо осорға барыу тоташыуын күрәп була, икенсенән, был йололарзың катмарлы, башкорттоң төрлө генетик катламдары менән бәйле булыуын күрәп була.



Әзәбиәт

БХИ, 1995 – Башкорт халык ижады. Өфө, 1995.

Хисамитдинова, 2010 – Хисамитдинова Ф.Г. Мифологический словарь башкирского языка. М., 2010.

Автор материалдары 1993-1994 йй.

Ковалевский А.П. Книга Ибн.Фадлана о его путешествии на Волгу в 921-922 гг. Харьков, 1956

## СӨЗ МӘДЕНИЕТІНЕ ЖАҢАША КӨЗҚАРАС

*Н. Уәли,*

*филология ғылымдарының докторы, профессор,  
А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты,  
Алматы, Қазақстан*

**Резюме.** Новый подход к культуре речи связан с поиском теоретических основ объективной оценкой коммуникативного качества речи. Исследование устоявшихся языковых норм по уровням, противоречий и появившихся новых тенденций является важной задачей отрасли речевой культуры.

Рассмотрение языковой нормы в связи с неязыковой, точнее, этической, нормой, является одной из главных задач исследования. Культура речи, подытоживая достижения грамматики, стилистики и др. отрасли языка, является теоретической и практической дисциплиной, целью которой является активное влияние на повседневное употребление языка в общественной жизни.

Культура речи отличается от нормативной стилистики тем, что она охватывает сферу и явления, не входящих еще в систему нормы литературного языка. Современное состояние культуры речи связано с уровнем развития ее в прошлом и появлением новых парадигм. Большое влияние этому оказало исследование культуры речи в нормативном аспекте. Исследователями такого аспекта являются видные казахские лингвисты как М. Балакаев, Р. Сыздык, М. Сергалиев. Они расширили ортологическую базу языковой нормы. Это служило предпосылкой новых теоретических парадигм.

**Summary.** A new approach to the culture of speech is closely connected with the search for theoretical bases by an objective evaluation of the communicative quality of speech. The study of established linguistic norms by levels, contradictions and emerging new trends is regarded as an important task of the branch of speech culture.

Consideration of the language norm in connection with a non-linguistic, more precisely, ethical, norm, is one of the main tasks of the study. Culture of speech, the achievements of grammar, style, and other branches of the language are regarded as a theoretical and practical discipline, the purpose of which is to influence actively on the everyday use of language in public life.

The culture of speech differs from normative stylistics in that it encompasses the sphere and phenomena that hasn't entered into the system of the norm of the literary language yet. The current state of the culture of speech is associated with the level of its development in the past and the emergence of new paradigms. A great influence on this was the study of the culture of speech in the normative aspect. Outstanding Kazakh linguists as M. Balakaev, R. Syzdyk, M. Sergaliev are regarded as the researchers of this aspect. The orthologic base of the language norm is expanded by them. This served as a prerequisite for new theoretical paradigms.

Елдің егемендігін, мемлекеттің тәуелсіздігін баянды етудің аса маңызды факторларының бірі - ұлттың тұтастығы мен бірлігі. Ал ұлттың ыдырамас тұтастығы, мызғымас бірлігі, түптеп келгенде, ұлт тілінің тұтастығы, оның әдебилігімен тығыз байланысты. Өйткені ұлтты ұйымдастыратын, оны өзге этностардан өзгешелігі мен айырмасын айқын аңғартатын негізгі белгісі де, бет-бедері де оның тілі, әсіресе ұлттық әдеби тілі. Әрине, этностардың бір-бірінен айырмасын көрсететін өзге де, айқын салт-дәстүр сияқты белгілер бар, бірақ олар тұрақты емес, айнымалы сипатта болып келеді.

Тіл - адамдар арасындағы қарым-қатынастың аса маңызды құралы ғана емес, ойлаудың, дүниетанымның, рухани мәдениетті жасаудың, ұлттың ұжымдық тәжірибесін жинақтаудың, сақтаудың құралы. Жас ұрпақты тәрбиелеуоларға білім мен ғылымды үйрету тіл арқылы жүзеге асады. Тіл, қысқасы, өмірдің ұлы қаруы.

Тілдің қарым-қатынас құралы болу қызметі оның *коммуникативтік функциясы*, ой мен дүниетанымды қалыптастыруы *конструктивтік функциясы*, рухани мәдениетті жасау қызметі *эстетикалық функциясы*, ұжымдық тәжірибе, ғылым-білімнің табыстарын жинақтауы *кумулятивтік функциясы* деп аталатыны белгілі.

Жалпы халық тілінің әдеби тіл, диалект, қарапайым сөйлеу тілі тәрізді формалары бар. Бірақ бұлардың да ұлтты ұйымдастыратын, басын біріктіре алатындай әлеуеттік қауқары ұлттық әдеби тілмен салыстырғанда кем түсіп жатады.

Тілдің *ұлтты бірегейлендіретін* қызметі соңғы жылдары жиі айтылып келеді. Тілдің этносты ұйыстыру қызметіне ерекше мән беріліп, оны мемлекеттіліктің негізі, тірегі ретінде танудың мәні айрықша, өйткені мұндай факторлар тілдің коммуникативтік, куммулятивтік, конструктивтік эстетикалық т.б. қызметінің ерекше жанданып, өрістей түсуіне жол ашады. Тіл қоғамдық өмірдегі сан-салалы қызметі арқылы қырнанып, ұштала береді.

Қарым-қатынасқа түскен сайын тілдің икемділігі артып, қызметі шыңдалып отырады. Бірақ тілдің мұндай қасиеті оның қызмет етуіне, жетілуі мен дамуына айырықша көңіл бөліп, мемлекет шынайы қамқорлыққа алып отырудың барысында ерекше жандана түседі. Тіл саясаты тілдің қоғамдық қызметінің дамуына оң әсер етуге тиіс. Ал кері әсер етсе, ондай саясат керітартпа саясат болып шығады.

Қазақ тілі қазақ халқының рухани мәдениетінің негізі, қазақ мемлекеттілігінің іргетасы, өйткені ол ұлтты қалыптастыруда, бірегейлендіруде, ұрпақ пен ұрпақты сабақтастыруда аса маңызды рөл атқарып келеді. Ұлт мәдениетін жинақтауды, сабақтастыруды қамтамасыз етіп қоймай, ұлттық мәдениеттің, заман талабына қарай қайта жаңғырып, қайта түлеп отыруына қызмет етті; ұлттың таным-түсінігін, ақыл-ой парасатын, нәзік сезім дүниесін объективтендіреді.

Халықтың ғасырлар бойы келе жатқан тіліне оның дәстүрлі нормаларына сүйене отырып, ұлы суреткерлер, мәдениет, ғылым, қоғам қайраткерлері қазақтың ұлттық әдеби нормаларының жетіліп, дамып, саралана түсуіне, оның бейнелілігі мен орамдылығының арта беруіне зор үлес қосты.

Мұндай қасиет пен мәртебелі қызметке қазақ тілі өзінің әдебилігінің, дәстүрлі тұрақты нормаларының арқасында қол жеткізді. Міне, осындай тілдің тұрақты сипаты мен сымбаты, әуезділігі мен икемділігі, байлығы мен оралымдылығы, өткірлігі мен шыншылдығын сақтау, дамыта беру қоғамдастықтың, әсіресе ұлттық тіл білімінің басты назарында болуға тиіс.

Әдеби тілдің ауызша және жазбаша түрін қатар дамытып, оның қоғам өміріндегі қызметінің өрістей түсуіне мүмкіндік жасау, түрлі ауытқулардан арылтып отыру, небір күрделі ойдың әр қилы нәзік иірімдерін тіл арқылы дәл, анық жеткізе білуге көпшілікті ұдайы тәрбиелей беру т.б. тіл мәдениетін көтеру деген ұғымды білдіреді. Сөз мәдениеті деген ғылыми-теориялық пән - осындай гуманистік, әлеуметтік жауапкершілікті өтеу мақсатында пайда болған тіл білімінің саласы.

Тіл мәдениеті мен сөз мәдениеті деген терминдер кейде тайталас ұғымда жұмсалады. Өзара мағыналас болғанмен, бұлардың бір-бірінен айырмасы да жоқ емес. Тіл мәдениеті дегеннің ұғымы кең. Ол көбіне-көп қарым-қатынас құралы болып табылатын тілді жетілдіре беруге, негізгі нормаларын (жүйесі мен құрылымдарын) қалыптастыра түсуге тікелей жәрдемі тиетін грамматикалар, сөздіктер, түрлі анықтама құралын жасау бағытында іс-әрекеттермен қатар сөз шеберлігі, сөйлеудегі әдептілік тәрізділерді де қамтиды. Әсіресе, соңғы ұғымдарға қатысты қарасақ, сөз мәдениеті дегеніміз қарым-қатынас құралын қалай игеріп, өмірде қалай пайдаланып жүрміз, оның әр қилы амал-тәсілдерін дұрыс, дәл, тиімді қолданып, мазмұнды, әсерлі етіп жұмсай алдық па дегенге саяды. Сонымен, сөз мәдениеті алдымен әдеби тілдің грамматикалық, лексикалық, стилистикалық, орфоэпиялық орфографиялық нормаларын меңгеру, сонымен бірге бейнелеуіш, көріктеуіш амал-тәсілдерді қарым-қатынас жасаудың мақсаты мен мазмұнына сай етіп қолдана білу дегенді білдіреді.

Сөз мәдениетінің ғылыми пән ретінде іргелес, салалас пәндерден өзінің төл ерекшелігі бар. Сөз мәдениеті, біріншіден, әдеби тілдің нормаларын саралайды, екіншіден әдеби тіл нормасын мәдени-танымдық жақтан байыптайды, үшіншіден, әдеби тілдің әуезділігі, сымбаты, өткірлігі, бейнелілігі, байлығы, икемділігі тәрізді сапа-қасиеттерін

дамытудың негіздерін айқындайды. Сондай-ақ сөз мәдениеті ұлттық әдеби тілдің тұрақты, дәстүрлі нормаларын бұзушылықтың алдын алады, ұлттық тіл болашағына қауіп төндіретін жайттарды айқындай отырып, оларға қарсы күреседі т.б.

Қазіргі кезде мемлекеттік тілдің қызмет аясын кеңейтуді жүзеге асыру мемлекеттің құзырындағы іске айналды. Мемлекеттік тіл мемлекеттің тұрақты, орнықты дамуының негізгі факторларының бірі екені анықталып отыр. Қазақ ұлтының халықаралық қоғамдастықтағы, тіпті өз еліндегі беделі мен абыройы қазақ тілінің ахуалына тікелей байланысты. Мұның өзі қазақ тілінің ахуалын жақсартып, мәртебесін көтеруді қажет етеді. Мұндай талаптың сөз мәдениетіне де тікелей қатысы бар. Өйткені мәдениеті жоғары тіл ғана ұлттық тіл, мемлекеттік тіл ретінде қызметін мінсіз атқара алады. Осымен байланысты сөз мәдениетін зерттеу өзекті сипат алып, келелі-келелі мәселелерді айқындауды, оларды ғылыми негізде шешуді күн тәртібіне қойып отыр.

Сөз мәдениеті пәнінің негізгі тірек таянышы - әдеби тіл нормасы. Осымен байланысты тілдік норманы кодификациялаудың теориялық негіздерін қарастыру, кодификациялаудың принциптерін белгілеу, дәстүрлі тілдік нормалардың заңдылықтарын ашу; нормадан ауытқудың түрлерін айқындап, себептерін көрсету; жаңа пайда болған құбылыстың тілдік жүйеге, тілдің даму үрдісіне сай түрлерін анықтап, оларды заңдастыру жөнінде ұсыныс беру; орфографиялық, орфоэпиялық, лексика-грамматикалық нормалардың жиі бұзылатын тұстарын айқындап, себептерін ашу; тілдік жүйеде қасаң тартқан элементтердің мөлшер шамасын анықтау; шеттілдік элементтердің, калькалық құрылымдардың орынды/орынсыз түрлерін айқындау; тілдік жүйе мен норма, узус және норма, олардың бір-бірімен арақатысын, дағды бойынша нормаға айналған қолданыстардың түр-түрін айқындау. Бұлар қазақ сөз мәдениетіндегі норма мәселесін тілдік-құрылымдық аспектіде қарастыру болып табылады.

Жоғарыда айтылғандар әдеби тілдің нормасына қатысты жалпылама жайттар. Мұндай жалпылама мәселелер, сөз жоқ, әдеби тілдің нормалылығын, оңтайлылығын, сымбатылығын, икемділігін, орамдылығын, тұрақтылығын, орнықтылығын көздейді. Яғни әдеби тілдің мәдени деңгейінің жоғары болу жағын қарастырады.

Сөз мәдениеті жалпылама мәселермен шектелмейді, атап айтқанда тілдік тұлғаның сөйлеген (жазған) сөзінің де мәдени деңгейін тексереді. Тілдік тұлға сөзінің мәдени деңгейі әдеби тілдің нормаларына қатысты біліммен шектелмейді. Тілдік тұлға қарым-қатынас барысында коммуникациялық ситуациямен байланысты қалайда бір функционалдық стильдің, оның жанрларының бірін негізге алады. Сондықтан сөйлеген, жазған сөздің мәдени деңгейі функционалдық стильдерге қатысты дағды мен білімнің жеткілікті болуына байланысты. Олай болса сөздің функционалдық типтеріне тән нормаларды айқындау, әрбір функционалдық стильдердің өзді-өзіне тән тілдік құралдары мен стильдік амал-тәсілдерін, стильдік нормадан ауытқудың түрлері мен себептерін, сөз бедерін, стильдік әсер (эффект) тудырудың амал-тәсілдерін көрсету және осылар арқылы тілдік тұлғаның мәтін түзудегі мәдени деңгейін айқындаудың айрықша мәні бар. Бұл сөз мәдениетін функционалдық аспекті болып саналады.

Сөз мәдениетіне жаңаша көзқарас сөздің коммуникативтік сапаларына объективті баға берудің теориялық негіздерін іздестіру; жақсы, бедерлі, дәл, қисынды т.б. деп бағаланатын сөздің ортақ белгілерін айқындау дегенмен байланысты.

Сөз мәдениеті үшін тек нормадан ауытқымау норманы сақтай білу аса маңызды болғанмен, жеткіліксіз. Сонымен бірге тілде қарым-қатынас қажетін өтейтін аса мол құралдардың қорын сөздің (дискурс, мәтіннің) коммуникативтік сапасы жоғары болу үшін қарым-қатынастың міндетіне, діндеміне, мақсатына анағұрлым сай, тиімді түрлерін таңдап, таразылау аса қажет.

Осындай мақсатқа жету үшін сөйлеген (жазған) сөздің тілдік құрылымын тілдік емес мәнділіктермен тығыз байланыста қарау; адресант/адресат факторлары; сөз құрылымындағы тілдік таңбалардың ақиқат дүниемен үйлесімділігін айқындау; мәтін түзушінің когнитивтік санасы мен мәтінді қабылдаушының когнитивтік санасындағы

ортақ білім қорының құрылымындағы таңбалардың тілдік емес жағдаяттарға сәйкес/сәйкес еместігін анықтау т.б. Сондай-ақ сөйлеушінің (жазарманның) тілдік таңбалар арқылы кодқа салынған ойын, сезімін, интенциясын мәтін қабылдаушының адекватты аша білу мәселесін айқындау т.б. сөз мәдениетінің коммуникативтік аспектісі болып табылады.

Сөйлеуші (жазушы) белгілі бір ойын, сезімін, көздеген мақсаты мен діттемін тілдік таңбалар арқылы кодқа салады. Мәселе, бір жағынан, сол таңбаларды тілдік, тілдік емес ситуацияға лайық талғай білуде, ең қажет деген таңбаларды таба білуде болса, екінші жағынан, тыңдаушының (оқырманның) тілдік таңбалар арқылы кодқа салынған ойды, мән-мағынаны, интенцияны дәл аша білуінде. Ол үшін тілдік таңбаның лексика-семантикалық мағыналарына қоса әртүрлі стильдік ерекшеліктерін (бейтарап, кітаби, сөйлеу тілі, эмоционалды, экспрессивті, бағалауыштық т.б.) жақсы ажырата білуі шарт. Әдеби тілдің функционалдық құрылымындағы элементтердің лексика-семантикалық, эмоционалдық, амал-тәсілдік ерекшеліктерін, стильдік нышан реңктерін жақсы игеру аса қажет. Өйткені сөз санасының мәдени деңгейі стильдік нышаны бар элементтерді орынды тиімді қолдана білумен де байланысты.

Тілдік нормаларды өзге де тілдік емес, атап айтқанда **этикалық нормалармен** байланысты қарау зерттеудің негізгі мақсаттарының бірі болып саналады. Әрбір қоғамда, тілдік ұжымда қарым-қатынастың қалыптасқан ереже тәртібі болады. Қоғам, тілдік ұжым мүшелерінің осыған сәйкес қарым-қатынасын реттеп отыратын әдеп нормалары болады. Тілдік қарым-қатынаста тілдік норма сақталғанмен, әдеп нормасы сақталмай бұзылып жатса, коммуникативтік қатынас сәтсіз болады. Сондай-ақ тілдік норма сақталмай, әдеп нормасы сақталғанмен, коммуникацияға қаяу түседі. Коммуникацияда, бір-біріне тәуелсіз болғанмен, екі норма да сақталуға тиіс. **Сәлем, сәлем бердік, сәлеметсіз бе, ассалаумағалейкүм** т.б. таңбалардың тілдік норма тұрғысынан бір-бірінен пәлендей айырмасы жоқ. Бұлардың қай-қайсы да тілдік нормаға қайшы келмейді. Айырма этикеттік нормада әлгіндей таңбалардың қолданылатын өз тәртібі, өз ережесі бар. Осы тұрғыдан алғанда, яғни белгілі бір тілдік таңба, тілдік жүйенің құрылымдық элементі бола тұра, екінші бір семантикалық жүйеге қызмет етуін қарастыру сөз мәдениетінің ерекше бір аспектісі.

Жоғарыда айтылған мақсаттарды мынадай м і н д е т т е р д і орындау арқылы жүзеге асыруға болады:

- сөз мәдениеті пәнінің зерттеу объектісін, қарастыратын мәселелерін дәлдеу, анықтау, нақтылау; сөз мәдениеті деген ұғымға кіретін негізгі аспектілерді көрсету; сөз мәдениетінің дербес пән ретінде, қазақ тіл білімінің теориялық саласы ретінде қалыптасуының алғышарттары мен деңгейін көрсету;

- әдеби тіл және оның нормалары жөнінде теориялық мәселелерге тоқталу; нормалардың түр-түрін көрсетіп, сипаттама жасау; тілдік норманы кодификациялаудың негіздерін айқындау;

- тілдік норманы тілдік жүйе және дағды (узус) құбылыстарымен байланысты қарау; олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау;

- сөздің функционалдық типтеріне және оларға тән нормаларға тоқталып, әрқайсының айырым белгілерін және функционалдық стильдердің жанрларына тән тұрақты тілдік- стильдік амал-тәсілдерді көрсету;

- сөздің коммуникативтік сапасын анықтауда тілдік емес құрылымдарға арнайы тоқтала отырып, тілдік және тілдік емес мінділіктерді өзара байланыста қарау, оларды коммуникативтік біртұтас құрылым ретінде тексеру; сөздің коммуникативтік сапалары жөнінде ұғымдарға тоқталып, оларға анықтама беру;

- сөздің ауызша формаларына тән ерекшеліктеріне, тілдік және оны жазба сөзден өзгешелендіріп тұратын тілдік емес мінділіктеріне тоқталу; шешендік сөз (шаршысөз) түрлеріне тоқталып, сөз бедерлеу құралдарына, әсер ету тәсілдеріне талдау жасау; пікірталастың тілдік, тілдік емес құралдарына талдау жасау;

- коммуникацияның аса маңызды құрылымдық компоненттерінің бірі ретінде

этикеттік таңбалардың қызметі мен өзіне тән нормаларын, қарым- қатынас мәдениетіне тигізетін әсерін көрсету.

Сөз мәдениетінің қазақ тіл білімінің бір саласы ретінде қалыптасып, дербес пән ретінде қарастырыла бастағанына тым ұзақ уақыт бола қойған жоқ. Оның пән ретінде зерттеу объектісі, іргелі ұғымдық аппараттары, қарастыратын өзекті мәселелері, зерттеу әдіс-тәсілдері бірте-бірте айқындалады.

Сөз мәдениеті лингвистикалық пән ретінде әдеби тіл нормасы, оны заңдастыру тілдік норманың түрлері мен типтері; нормадан ауытқудың түрлері; әдеби тілдің функционалдық тармақтары және оларға тән норма, сөз этикетінің сөз мәдениетіне қатысты тұстары; шаршы сөз мәдениеті немесе шешендік сөз мәдениеті; пікірталастағы сөз мәдениеті; іскери сөз мәдениеті т.б. мәселелерді қарастырады және оларға норма тұрғысынан (дұрыс - дұрыс емес), эстетикалық тұрғыдан (бедерлі - бедерсіз) т.б. коммуникативтік сапасына ғылыми негізде объективті баға беруді көздейді. Бұлар сөз мәдениеті пәнінің объектісі мен қарастыратын негізгі мәселелері.

Сөз мәдениетінің ғылыми пән ретінде атқаратын қызметі мен міндеттері бар. Ол ұлттық әдеби тілдің дәстүрлі нормаларының бұзылмауын, ұлттық әдеби тілдің функционалдық стильдік қызметінің жоғары деңгейге жетуін қоғамның, жеке адамның сөз мәдениетінің жоғары деңгейде болуын көздейді. Тілдегі алуан-түрлі жаңалықтарды тіркеп, олардың тілдік жүйеге сай түрлерін айқындауды, тілдің даму үрдісіндегі негізгі бағыттарды анықтау сөз мәдениеті пәнінің мақсаты мен міндеттеріне жатады.

Әрине, бұл айтылғандар белгілі бір ғылыми-теориялық негізде және зерттеудің сенімді деген әдіс-тәсілдері арқылы жүзеге асады.

Сөз мәдениетінің ғылыми пән ретінде табан тірейтін тұсы тілдік норма болғандықтан, тіл ғылымының әдеби тіл, функционалдық стилистика салаларымен тығыз байланысты. Осымен байланысты қазақ әдеби тілінің сипатына және оның функционалдық тармақтарына әсіресе сөз мәдениетіне қатысты деген тұстарына тоқталдық. Өйткені әдеби тілдің табиғатын, нормасының негіздерін бағдарлап алмай, нормадан ауытқуды, оны бағалауды сөз ету мүмкін емес екені түсінікті жайт. Қазіргі қазақ әдеби тілінің нормалары жазба тіл негізінде қалыптасты ма, әлде негізгі нормаларына ауызша тіл тірек болды ма? Яғни, оның құрылым жүйесіне байырғы түркілік кітаби тіл негіз болды ма? Егер әдеби тіл нормалары жазба негізді болса, жалпыхалықтық тілдің сөйлеу тілі нормасынан алшақтап та кетеді. Мұндайда сөйлеу тілі әдеби тілді байытудың көзі ретінде қарастырылады. Ал әдеби тілдің негізгі төсеніші ауызекі тіл болса, байырғы қазақ қоғамында қолданылған ескі кітаби тіл элементтері әдеби тілді байытудың көзі ретінде қарастырылуға тиіс.

Сөз мәдениеті ұғымы, біріншіден, сөзді дұрыс қолдану (сөз дұрыстығы), екіншіден, сөзді бедерлі жұмсау (сөз шеберлігі) деген екі сатыдан тұрады.

Сөз дұрыстығы қазіргі әдеби тілдің жұртшылық таныған, үлгі тұтқан нормасын ұстану дегенге саяды. Жарыспалы екі немесе бірнеше нұсқаның біреуі ғана дұрыс деп танылады: **барасыз-барасыңыз (емес), балалар-балдар (емес), арықтан аттады -арықты аттады (емес)** т.б.

Сөзді қазіргі әдеби тілдің нормасына сай дұрыс қолдану туралы білім (әсіресе грамматикалық, орфография салалары бойынша) негізінен мектепте беріледі.

Сөз шеберлігі тек нормаға тән дұрыстықты ғана көздемейді, сонымен қатар толып жатқан тілдік амал-тәсілдердің ішінен мағына, стильдік жағынан аса дәл, бедерлі, ұтымды түрін талғау деген саяды. Бұл жерде сөзге дұрыс, не бұрыс деген үзілді-кесілді баға берілмейді. Сөз “дәлірек”, “айқынырақ”, “әлдеқайда лайықты”, “орындырақ” деп бағаланады. Мысалы, көркем тіл кестесі үшін ауыл *ұйқыда дегеннен* гөрі *ауыл мызғып, қалғып тұр* деу әлдеқайда дәлірек.

**Сөз мәдениетінің пән ретіндегі өзіндік ерекшеліктері.** Сөз мәдениетінің ғылымының бағалаушылық сипаты болады. Осы бағалаушылық сипат мынадай оппозициялық жүйе құрайды. Атап айтқанда олар мыналар:

- тілдің барлық деңгейіндегі ортологиялық құрылымдық қабаттардағы оппозиция: *дұрыс – бұрыс; дәстүрде бар – дәстүрде жоқ;*
- сөз этикетіне қатысты құрылымдық қабаттардағы оппозиция: *әдепті – бейәдеп;*
- этикалық нормаға қатысты құрылымдық қабаттардағы оппозиция: *орынды – орынсыз;* (мысалы, біреуді көзінше мақтау (орынды), біреуді көзінше мақтау орынсыз);
- Лексикалық базаға қатысты құрылымдық қабаттардағы оппозиция: *сөз байлығы – сөз жұтаңдығы;*
- тіл тазалығына қатысты құрылымдық қабаттардағы оппозиция: *сөз тазалығы – сөз шұбарлығы;*
- экспрессивтілікке байланысты қабаттардағы оппозиция: *бедерлі – бедерсіз;*
- логикалық құрылымға қатысты оппозиция: *қисынды – қисынсыз;*
- танымдық құрылымға қатысты оппозиция: *тілі ауыр – тілі жеңіл;*
- сөздің функционалдық құрылымына қатысты оппозиция: *лайықты – лайықсыз*

т.б.

Сөз мәдениеті адамның жалпы мәдениеттілігінің, ойлау мәдениетінің жоғары болуын көздейді. Ана тілін ардақтау, тілді құрмет тұту - жалпы мәдениетке, оның ішінде сөз мәдениетіне қойылатын аса қажетті талаптардың бірі.

Қазақ тілі - біздің ана тіліміз, мақтанышымыз. Қазақ тілі - әлемдік тіл кеңістігінде ерекше орны бар, небір күрделі ойды, аса нәзік мағына реңктерді бере алатындай құрылымы мен жүйесі дамыған, сөз байлығы аса мол, ұлттық деңгейге көтерілген, гуманизм мен прогреске қызмет етіп келе жатқан кемел тіл; қазақтардың ұлттық тұтастығын қамтамасыз етіп келе жатқан тіл. Қазақ тілінде адамгершілік пен бауырмалдылықты, ізгілік пен әсемдікті уағыздайтын небір көркем сөз үлгілері жасалған. Абайдың ойшылдыққа толы ұлы мұрасы, М.Әуезов сомдаған көркем дүниелер ұлттық шеңберден шығып, әлемдік өркениетке үлес болып қосылды. Қазақ тілінің эстетикалық қуатының, әлеуметтік мүмкіндігінің аса зор екенін танытады. Олай болса, халықтың мәдени дәстүрі, сөз шеберлері мен көркем сөз зергерлерінің тіл айшықтарын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, сақтап келе жатқан қазына іспетті әдеби тіл - сөз мәдениетінің ең жоғарғы межесі.

Сөз мәдениеті туралы таным-білімнің қалыптасуы әдеби тілдің диалект, қарапайым сөйлеу тілінің ықпалына түсіп, аймақтық оқшаулануына, сондай-ақ қажетсіз кірме сөздердің, қасаң, сіреспе қолданыстардың тілде етек алып кетуіне тосқауыл болады.

Тілдің барлық деңгейіндегі объективті тілдік нормалардың тұрақталғандарын, қайшылықтарын, жаңа пайда болып келе жатқан үрдістерін (тенденцияларды) зерттеу сөз мәдениеті саласындағы маңызды міндеттердің бірі болып саналады. Тілдік амал-тәсілдердің қарым- қатынасы мақсатына сәйкестігі, осымен байланысты тілдік норманың варианттылығы тіл мәдениетіндегі ғылыми мәселелердің бірі болып табылады.

Сөз мәдениеті - тіл білімінің грамматика, стилистика және басқа да тармақтарының жетістіктерін қорыта отырып, тілдің қоғамдық өміріндегі күнделікті белсенді, шұғыл араласу мақсатын көздейтін теориялық және практикалық пән.

Сөз мәдениетінің нормативті стилистика ғылымынан айырмасы - әдеби тілдің канонына, әдеби тілдің нормалық жүйесіне ене қоймаған салалар мен құбылыстарды да қамтиды.

Сөз мәдениеті мәселелері туралы ғылыми түсінік нормалауға (нормаға сипаттама жасау мен оны реттеуге), тіл саясатына - тіл мамандарының, жазушылардың, педагогтардың, қоғам қайраткерлерінің, басқа да жұртшылық өкілдерінің әдеби тілдің қызметіне, эволюциялық дамуына байланысты жүргізетін іс-әрекеттеріне негіз болады.

**Тіл мәдениеті** мен **сөз мәдениеті** деген ұғымдардың мазмұнында ұқсастық болғанмен, бұл екі атаудың мағынасындағы айырмасы назар аудару аса қажет, Өйткені тіл ғылымының ұзақ жылғы даму деңгейі «тіл» («язык») мен «сөз» («речь») деп аталатын осы екі ұғымның аражігін ашып қолданудың жөн екенін айқын көрсетіп отыр. Олай болса, **сөз**

*мәдениеті* (культура речи) деп аталатын тіл ғылымының саласында да ажырата қарау тиімді болмақ.

Ф.Сосюрдің ілімі бойынша, тіл – морфема, сөз, сөз тіркесі, сөйлем тәрізді әртүрлі деңгейдегі таңбалардың бірізді жүйесі. Осылайша белгілі бір жүйені құрайтын таңбалар яғни тіл жеке тұлғаның ырқындағы нәрсе емес. Бұлай болу себебі семиотикалық таңбалардың әлеуметтік мәнділігімен, яғни таңбалардың конвенционалдық қасиетімен байланысты. Сондықтан тіл сөйлеушінің еркіне тәуелді емес. **Жұмысқа барамын** дегенді сөйлеуші шығыс септік түрімен ғана айта алады. **оны** басқаша айтуға тілдік таңбаның конвенционалдық қасиеті, яғни «әлеуметтік келісім» жібермейді.

Ал сөз (речь) тілдік тұлғаның сөз әрекеті, тілдік таңбалардың әртүрлі, әр қилы, сан алуан тәсіл-амалдары (комбинациялары) арқылы нені айтатыны, қалай айтатыны тілдік тұлғаның ықтиярында.

Тілдік таңбалар құралдар арқылы ой-сезімін қаншалықты дұрыс, дәл жеткізу автордың тілдік дағдысына, білімі мен біліктілігіне, тәлім- тәжірибесіне байланысты. Олай болса, сөз мәдениеті ұғымы жеке тұлғаның тіл қолданудағы дағды, білім, біліктілік тәрізді сапалардың жиынтығы дегенді білдіреді.

Сөйтіп, «тіл» (язык) мен «сөз»-дің парқын ажырату қажеттілігімен байланысты пәннің ғылыми-терминологиялық атауы **с ө з м ә д е н и е т і** деп алынды.

Сонымен, сөз мәдениеті дегеніміз – қазіргі әдеби тіл нормаларын, қоғамда, тілдік ұжымда қалыптасқан этикалық нормаларды сақтай отырып, тілдік амал тәсілдерді қарым-қатынастың жағдаятына лайық және коммуникативтік қатынастың міндеті мен мақсатына, діттеміне сай, етіп қолдану; “әдеби тілдің жазбаша, ауызша түрлеріне тән нормаларды (дыбыстау, сөз жұмсау, грамматикалық т.б.) игеру, сондай- ақ тілдік амал-тәсілдерді айтылмақ ойдың, сөздің мақсаты мен мазмұнына лайық дәл, бедерлі жұмсай білу” деген ұғымға саяды

Бұл тұжырымдардан сөз мәдениетінің нормативтік (тілдік-құрылымдық), этикалық, коммуникативтік-функционалдық аспектілерін байқаймыз.

Сөз мәдениеті атауының пән ретінде білдіретін ұғымы – сөздің нормативті сипатын, оның коммуникативтік сапасын тексеретін, тіл білімінің өзге де салаларымен байланысты, өзінің теориялық ұстанымы, ережелері, зерттеу объектісі мен әдіс-тәсілдері бар тіл ғылымының дербес бір саласы.

**Сөз соңында айтарымыз.** Сөз мәдениеті пәнінің қазіргі жай-күйі алдымен қазақ тіл білімінің өткендегісімен және бүгінгі даму деңгейімен, жалпы тілтанымдағы дәстүрлі парадигмалардың жаңа парадигмаларға ығысып орын беру үрдісімен де байланысты. Қазақ сөз мәдениеті пән ретінде нормативті аспектіде көбірек қарастырылды. Атап айтқанда, М.Балақаев, Р.Сыздық, М. Серғалиев сынды көрнекті ғалымдарымыздың зерттеулері тілдік норманың ортологиялық базасын кеңейте түсіп, теориялық жаңа парадигмалардың қалыптасуының алғышарттарына айналды. (**схемадан** қараңыз).

**Пайдаланылған әдебиет:** Балақаев М., Серғалиев М. Қазақ тілі мәдениеті (1995, 2004); Серғалиев М. Синтаксистік синонимдер. 1981; Серғалиев М. Синтаксис және стилистика, 1997; Серғалиев М. Ғ.Мүсірепов және тіл мәдениеті, 2003, Уәлиев Н. Сөз мәдениеті. – Алматы: Мектеп баспасы, 1984 ж.

## ФОЛЬКЛОРНАЯ ДИАЛЕКТОЛОГИЯ: ВОЗМОЖНОСТИ НОВОЙ НАУЧНОЙ ДИСЦИПЛИНЫ

*Праведников С.П.,  
доктор филологических наук, доцент,  
Курский государственный университет,  
Курск, Россия,  
[spprav618@mail.ru](mailto:spprav618@mail.ru)*

### **Резюме**

В статье говорится о становлении и развитии новой научной дисциплины – фольклорной диалектологии. На примерах из произведений русского героического эпоса показана эффективность некоторых методик, разработанных в рамках курской школы лингвофольклористики, при выявлении случаев территориальной дифференциации.

### **Summary**

The article talks about the formation and development of a new scientific discipline - folklore dialectology. The effectiveness of some techniques is shown on the examples from the works of the Russian heroic epic. These techniques were developed in the Kursk school of linguofolkloristik and help to identify cases of territorial differentiation.

Пространственная неоднородность традиционной народной культуры сегодня признается большинством специалистов и рассматривается как необходимое условие для дальнейшего духовного развития этноса.

В рамках лингвофольклористических исследований активно ведется разработка целого ряда проблем, связанных прежде всего со спецификой устно-поэтического слова (о проблематике современной лингвофольклористики см., напр.: [3; 6]). В этом ряду выделяется проблема территориальной дифференциации языка русского фольклора (см.: [5]).

В фольклоре регионально все, начиная с тематической избирательности и заканчивая формированием исполнительского репертуара, сюжетным составом и прикрепленностью сюжета к определенному месту.

Многочисленные наблюдения над устно-поэтическим текстом доказывают прямую зависимость лексико-семантического и стилистического своеобразия фольклорного произведения от места его бытования и фиксации.

На сегодняшний день лингвофольклористика и выделившаяся в ее рамках новая научная дисциплина – фольклорная диалектология – призваны решать целый ряд важных задач с целью доказательства существования фольклорных диалектов и выявления специфических черт фольклорной лексики в аспекте территориальной дифференцированности.

Среди этих проблем – теоретическое осмысление феномена территориального расслоения языка устного народного творчества с учетом дискуссионного характера различных определений природы языка фольклора; выявление места и роли фольклорной лексикографии для определения территориальных различий в языке русского фольклора и изучения народно-поэтической лексики в диалектной лексикографии; усовершенствование инструментария для выявления фактов фольклорной диалектологии с опорой на новые методики анализа устно-поэтического слова, разработанные курской школой лингвофольклористики; дальнейшее исследование территориальной дифференцированности языка фольклора с позиций его жанрового своеобразия; выявление эвристического потенциала фольклорной диалектологии как нового научного направления.

Решению этих проблем способствует создание авторитетной доказательной базы на основании утверждения или опровержения отдельных ключевых положений фольклорной диалектологии.

В ранг неоспоримого положения возводим идею двуслойности языка русского фольклора. Первый слой представляет собой единство опорных высокочастотных слов и



устойчивых сочетаний, второй – слова, расположенные на периферии устно-поэтического лексикона; связь между слоями осуществляется на уровне концептов.

Важно учитывать степень и характер дифференциации лексического ядра и периферии, ибо они различны. Критерием для вычленения периферийной лексики является факт наличия-отсутствия лексемы или ее частотный индекс, показателем территориального расхождения ядерной лексики будут особенности синтагматических связей.

Пространственная дифференциация затрагивает как внешнюю оболочку, так и внутреннее наполнение устно-поэтического слова: внешняя сторона характеризуется количественным изменением языковых единиц словника и качественными различиями лексического инвентаря, а внутренняя предполагает переосмысление и переоценку статуса как самих лексем, так и их связей и поэтических функций.

Следует принимать во внимание то, что различия в употреблении лексических средств могут носить как локальный, так и региональный характер. Локальное своеобразие служит основой для выделения фольклорных говоров и диалектов, региональная специфика способствует установлению фольклорных наречий. В основе же территориальной дифференциации находится актуализация языковой единицы, обусловленная фольклорной картиной мира, народно-поэтической традицией, идиолектом и уровнем исполнительского мастерства. Пространственную дифференциацию не всегда можно отделить от изменений темпорального характера или от расхождений, связанных с индивидуальными особенностями конкретного исполнителя. Временные отличия в произведениях фольклора минимальны в силу устойчивости устно-поэтического текста, аккумулирующего характера фольклорного слова и так или иначе поглощаются пространственным фактором. Критерием для разграничения идиолектного и диалектного являются количественные показатели: единичное использование любого языкового средства свидетельствует в пользу его идиолектности.

Уровень региональных особенностей и их отличительные свойства зависят от принадлежности фольклорного произведения к тому или иному жанру; территориальное различие усиливается внутрижанровым.

Выявлению региональной специфики фольклорной лексики во многом способствуют широкие эвристические возможности новых оригинальных методик, разработанных курской школой лингвофольклористики: сжатия конкорданса, аппликации, анализа формул квантитативного сопоставления, кластерного и доминантного анализа, а словарь языка фольклора полного типа позволяет учитывать территориальную дифференциацию языковых единиц и репрезентативно представлять в структуре концептограмм результаты поиска фольклорных диалектов.

Решение вопроса о территориальной дифференцированности языка фольклора требует от исследователя учёта огромного количества фольклорных текстов, что заставляет искать современные способы интенсификации технической работы. Информационные технологии открывают новые возможности в обработке и анализе текстов, в создании, распространении, поиске и учёте текстовой информации. Современная лингвофольклористика как часть филологии складывалась одновременно с актуализацией в лингвистике идеи корпусности. Главное достоинство корпуса – возможность выявлять тонкие и непрерывные процессы языковых изменений, происходящие в языке на протяжении нескольких веков.

На базе национальных корпусов складывается корпусная лингвистика, у которой большие эвристические возможности, поскольку у исследователей открывается доступ к большому объёму текстов, что позволяет избежать неправомερных обобщений о состоянии языка, которые возможны при работе с ограниченным и разрозненным эмпирическим материалом.

Возможность массовой – в том числе статистической – обработки текстов, недоступная прежде, позволяет обнаружить в структуре и развитии языка такие

закономерности, о существовании которых наука раньше или не подозревала, или лишь смутно догадывалась, но не могла строго обосновать.

С идеей корпусности органически связана идея лексикографизации филологической методологии. Работа с большим объемом текстового материала имеет смысл только в том случае, если в поле внимания исследователя находится каждая единица текста. Такую возможность может обеспечить исключительно лексикографическая форма представления знания. Приведем пример такого представления, взяв за основу три центра былинной традиции: Кулой, Мезень [2] и Печору [4]. Сравним, как «ведет себя» прилагательное заморский в эпических текстах, записанных в разных регионах Архангельской губернии в конце XIX – начале XX вв.

Будем использовать условные обозначения: S – связь с именами существительными, А – употребление в узком контексте с именами прилагательными; цифрами передается количество словоупотреблений.

Кулой (25)

S: бобер 2, булат 1, заводь 4, кость 4, напиток 2, сила 1, соболь 8, сталь 2, товар 1

A: литой 1, не простой 8, сибирский 2, тихий, вёшний 4, черный 1

Мезень (29)

S: гость 1, замок 4, король 5, напиток 1, подарок 4, товар 14

A: немалый 2

Печора (9)

S: зверь 1, товар 4, якорь 4

A: целый 1

Мы исходим из того положения, что все языковые различия, в основе которых лежит пространство, делятся на локальные и региональные. В.П. Аникин, опираясь на то, что русский фольклор представляет собой целостное явление, воспринимаемое как сложный комплекс реализаций общенациональных традиций, предлагает смотреть на общерусское и территориальное как на противоположности, но противоположности относительные, совместимые [1, с. 367].

Есть различия явные, которые обнаруживаются при сопоставлении диаметрально противоположных территорий (Север – Юг), причем особенности могут проявляться на разных уровнях. Это может быть наличие-отсутствие того или иного жанра (широкая распространенность былин на Русском Севере и практически полное отсутствие их в большинстве южных районов России); очаговость функционирования эпической поэзии, когда мощные центры песенного творчества севернорусских регионов соседствуют с так называемыми «малыми» очагами былинной традиции, сюжета или мотива.

Для территориального сопоставления с целью выявления специфики лексических средств, используемых в определенной местности, важно привлечение материала, ограниченного рамками одного сюжета. Этим достигается некоторая представительская однородность анализируемых языковых средств, устраняется вероятность ошибочного присвоения лексической единице статуса регионального маркера в случае, когда употребление ее в тексте обусловлено исключительно сюжетной необходимостью.

Мы можем видеть на примере слов, входящих в один кластер, что в функционировании фольклорной лексики, зафиксированной на различных, даже на сравнительно недалеко расположенных территориях, обнаруживаются различия не только на уровне связей между словами, что в большей степени прогнозируемо и более заметно, но и на уровне парадигматических отношений.

Территориальные различия просматриваются в различных жанрах. В произведениях героического эпоса, где наиболее заметно и последовательно проявляется действие канона, отмечены прежде всего синтагматические несоответствия, расхождения на уровне межсловных связей. Неукоснительное следование традиции формирует определенный набор поэтических средств, что не позволяет исполнителю выйти за рамки жанра. Все же определенные характерные детали обнаруживаются и здесь, и их можно классифицировать

как локальные или региональные особенности. Мы говорим о территориальных колебаниях даже применительно к текстам, объединенных определенным сюжетом, где наряду с прогнозируемыми многочисленными чертами сходства обнаруживаются расхождения как на инвентарном, так и на сочетаемостном уровнях.

Проблема отграничения жанровой специфики от территориальной заслуживает особого внимания. На сегодняшний момент можно констатировать, что фольклорное мировоззрение, отражаясь в зеркале жанра, находит вербальное выражение не без помощи фольклорных диалектов.

Надежным средством выявления локально-регионального своеобразия являются конкордансы, с помощью которых дается полная картина синтагматики каждого представленного в лексиконе слова, указываются пределы семантико-художественной валентности фольклорной лексики.

Представим конкорданс слова заморский в печорских былинах (в ломаных скобках приводится номер текста в сборнике).

Заморский (9) По синю-то морю да тут караб бежит, Баско-хорошо караб да изукрашенной, Кабы нос-де, корма да подзолочена; Место глаз-то его да было врезано, Как по челому камню да самоцветному; Место ресниц-то его было приклеено, Как по целому бобру да по осистому; Место бровей-то его было прибивано, Как по челой лисиче да бурнастой; Место ушей-то его было привязано, Как по целому волку да по рысучему; Место хвоста-то его было повышено, Как по целому зверю да по заморскому <4>; Уж со всякими товарами заморским <27>; Нагрузил ен три карабля черленья, Он со всякими товарами заморским <27>; Кабы сходенки ени ноньце повыбрали, Кабы якори заморьски все повызвели, Подымали тонки парусы полотнены <27>; Вы здымайте тогда якори заморския...<27>; Выздымали ени якори заморския <27>; Убирали тут сходеньки дубовыя, Якоря заморские и давали поворот назад <28>; Торговал-то товарами заморским <75>; Кабы выпродал товары он заморския, Как оттуль-то Садко стал поворот держать <75>

Иногда конкорданс предстает в виде единственного средства, с помощью которого можно определить значение слова. Главное, что сравнение конкордансов помогает выявлению территориальных различий на уровне сочетаемости слов в фольклорном тексте.

#### **Литература:**

1. Аникин В.П. Теория фольклора: курс лекций. М.: КДУ, 2004. 432 с.
2. Архангельские былины и исторические песни, собранные А.Д. Григорьевым в 1899–1901 гг. с напевами, записанными посредством фонографа. Т. II–III. Прага, СПб., 1939, 1910.
3. Жакупов Ж.А. Перспективы казахской лингвофольклористики // Лингвофольклористика, 2016. Вып. 24. С. 75–83.
4. Печорские былины. Записал Н. Ончуков. СПб.: Типо-литография Н. Соколова и В. Пастор, 1904.
5. Праведников С.П. Основы фольклорной диалектологии. Курск: Изд-во Курск. гос. ун-та, 2010. 231 с.
6. Хроленко А.Т. Лингвофольклористика: перспективы развития // Русская речь, 2017. №6. С. 25–30.

## **АКАДЕМИК М.СЕРҒАЛИҰЛЫНЫҢ АЗАМАТТЫҚ ЖӘНЕ ҒАЛЫМДЫҚ ТҮЛҒАСЫ**

*Смағұлова Г.Н.,  
филология ғылымдарының докторы, профессор,  
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
Алматы, Қазақстан,  
[smagulova.g@mail.ru](mailto:smagulova.g@mail.ru)*

Жылдыр жылжып, тарих беттерінде жасырынған сайын өткен күндер елесі мәні мен ақпараттық маңызына қарай қайта сәулеленіп, жадында қайта жаңғырады. Алайда мазмұны жадағай, жай елестермен көмкерілген дүниелер қанша тырыссаң да көз алдыға келмей,

керісінше біресе сөніп, біресе жанып тұрған шам сияқты. Кейде айырықша тұлғалар туралы ойлауың, еске алуың - әлдебір оқиғалармен астасып, бірден түрлі көріністер таспасы көз алдыңнан тізбектеліп өте береді...

Біз Ұстаз туралы еске алуымызды осындай ой толғанысымен өрбіттік. Өйткені ол Ұстаз. Қытайлардың тәмсілін еске алсақ, бір күн ұстаз болған адам - өмірлік әкең деген екен. М.Серғалиұлының 75 жылдық мерейтойында: «Бұл өмірде ұстаздан сабақ алмаған, ұстаз алдын көрмеген, ұстаз ұлағатын тыңдамаған адам жоқ және болмайды да. Өйткені тіршілік пен өмір заңдылығы адамдар үшін алдыңғы күндерге жетектейтін сарқылмас күш иесі етіп Ұстазды жаратқан. Жұмыр басты пенделердің ақылдылығы мен даналығына әрдайым игілік нұрын сеуіп, олардың өмірден өз орнын табуына, тіпті Адам атына лайық қасиеттермен жабдықтап, көмкеріп дегендей, үлкен өмір жолына бағыт пен бағдар сілтеп, санатқа іліктіретін де Ұстаз еңбегі» деп жазыппыз. Бертін келе өзіміздің де ұстаздық жолымызға шамшырақ сәулесін бағыттаған да академик М.Серғалиұлы екенін әрдайым айтып жүрміз.

Ал академик М.Серғалиұлының азаматтық және ғалымдық тұлғасы қандай деген ой кез келген мерей тойында айтылатыны түсінікті. «Тұлға» сөзінің мәні мен мағынасы қазіргі тілдік қолданыста тым өрісті екені белгілі. Бұл сөздің тура мағынасынан басқа (адамның пішіні, тұлғасы) ауыспалы мағынадағы «белгілі бір елдің танымал адамы, қоғамға еңбегі сіңген қайраткер, айтулы азамат» деген ұғымы бар. Сондай-ақ, тіл біліміндегі «тілдік тұлға» терминінің қолданысының да өзіндік түсінігі бар. Бұл терминнің де М.Серғалиұлына тікелей қатысы бар.

Тілдік тұлға туралы академик Ә.Қайдар: «Ұлттық ойлау ділі бар, ұлттық тіліміздің дамуына өз шығармашылығы арқылы үлес қосатын, әсерін тигізетін адамдар жатады. Тілдік тұлғаның қуаты – сөз. Ойы қоғамдық ісінен көрінеді. Ал психологиясы ұлт перзенті ретінде халқын сүюі сезімімен өлшенеді. Ұлттық таным, мен ұлтжандылық, туған тілін дәріптеу – тілдік тұлға бейнесінің басты қасиеттері» дейді. [Қайдар, 2009, 563 б.]. Дәл осы анықтама академик М.Серғалиұлының бүкіл азаматтық және ғалымдық тұлғасын айқындай түседі және «ұлт перзенті ретінде халқын сүюі», «Ұлттық таным, мен ұлтжандылық», «туған тілін дәріптеу» деген әрбір тұжырым толық сай келеді. Демек М.Серғалиұлының ғалымдық тұлғасы оның өмір бойы шұғылданған кәсібі – ғылымнан, яғни ғылыми еңбектерінен қалыптасқан. Ал ғылым тілінің қарым-қатынасының бүгінгі аталымы - ғылыми дискурс. М.Серғалиұлының ғылыми дискурсы оның ғалымдық тұлғасын сипаттайды.

Енді ойымызды сөз басында айтқан ғалымның азаматтық тұлғасына қарай сабақтасақ.

М.Серғалиұлының азаматтық тұлғасының қалыптасуы, әрине, талай асуларды бағындыру жолы өзі айтып отыратын қиындықпен ұштасып келген.

Қазір ағайдың замандастары және олардың өкшелерін басып келе жатқан біздер өткен шаққа көп қарайлаймыз, бүгінгі күнмен көбірек салыстырамыз. Ол кезде М.Серғалиұлы кім еді, қайда жүрді, не істеп, не тындырды деген сауалдар мына бүгінгі шәкірт-студент үшін википедиялық анықтамаға ұқсас дүние болуы мүмкін. Сондықтан да ұстаз ғалым М.Серғалиұлының ғылыми еңбектерінен бұрын бүгін көмескіленіп бара жатқан құндылықтар әлеміндегі адамгершілік, кісілік ұғымдарын ол қалай меңгерген, болмысы қандай еді деген ойды тарқатсақ артық болмас.

Ол кезде ... Ол кез өткен ғасырдың, ХХ ғасырдың алпысыншы-жетпісінші жылдарын еншілеген уақыт болатын. Академик Мырзатай Серғалиұлының азаматтық, ғалымдық тұлғасының қалыптасу кезеңдері сол кездегі С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің атақты КазГУ атанып гүрілдеп тұрған шағына орайласқан екен.

Бір айта кететін жайт, Ұстаз туралы біз (мен дегенім ғой) осы уақытқа дейін әртүрлі мерейтойға қатысты жазған, баспада жарияланған бірдекілі дүниемізде оның ғылыми шығармашылығын біршама талдадық. Мәселен, «Сөздің сыры мен сымбатын сарлаған» мақала 2008ж. ғалымның 70 жылдық мерейтойында басылған. Және «Ұстаздық ұлағат пен ғалымдық ғибрат» 2013 ж., 75 жылдығына орай, осы Еуразия ұлттық университеті өткізген «Қазақ тілі - рухани негізіміз» атты республикалық ғылыми-теориялық конференцияда

баяндалды. Оймыз қайталанады десек те, кейбір тұстарын қайыра еске алсақ, артықтық етпес. Өйткені таулар алыстаған сайын, сыры мен сымбатының жұмбағы көмескілене бермес үшін әрдайым сөз етіп отрғаны жөн.

Проф. Мырзатай Серғалиұлының ұстаздық жолы бәріміздің рухани үйіміз қара шаңырақ КазГУ-ден басталады... Бір ғажабы жылдар елесінде ілесіп жүрген түрлі оқиғалар тізбегі жаны жайсаң жақсы адамдардың іс-әрекетімен байланысты болса, онда еске алушының да бір серпіліп, жасап қалатыны бар. Ұстазы жақсының ұстанымы жақсы деп айтып жатады. М.Серғалиұлының ғылымдағы қалдырған ізінің өшпестігі мен өнегелілігі оның ұстазы Мәулен Балақаевтың есімімен байланысты. «Ұстаздың ұстасы Мәулен Балақаев есімі қазақ тіл білімінің беттерінде бүгінгі сөз қолданысымен айтсақ, алтын әріптермен жазулы. М.Балақаевтай ұлағатты адамдардың ғылым жолындағы іздерін басып, өз соқпағымен ізденіс шыңына шығып, тіл білімінің тұғырын биіктетуі, алдымен, ғалым М.Серғалиевтің ғылым үшін барлық күш-жігерін аямай бағыштауы дер едік» [2]. Бір таңқаларлығы кезінде М.Серғалиұлының замандастары өз ғылыми жетекшілері, ұстаздары туралы аса бір ілтипатпен жиі еске алып, тіпті маған күніне бір рет сияқты көрінетін, түрлі адами қылық, пенделік қызықтарын әңгімелеп, әлдебір ой тізгініне қарай тұздықтап, солардың сөз қолданыстары мен ой-пікірлерін айналасына, шәкірттеріне үлгі ретінде үнемі айтып отыратын. Біздер көбірек тыңдауға бейіл едік. Қазір ұстаздарымыз туралы біз неге жиі айтпаймыз, неге жиі дәріптемейміз деген ой келеді. Білгісі келгендер олардың ғылыми көзқарасын жазып қалдырған кітаптарынан-ақ оқып алады. Ал шын мәнінде кез келген ғалым ұстаздың ғылыми келбетінен бұрын алдымен азаматтық келбеті есте болады. Біліммен емес, мінезбен қызмет етуді еске алсақ, онда азаматтық пен қайраткерлік алдымен мінезге байланысты. Мінез психологиялық және рухани қасиеттердің жиынтығы болғанымен, адам болмысының асыл құндылығы екені аян. Қазақ сыншыл халық қой. Осы мінездің өзін түр-түрге бөлгенде біз қараған қазақ әдеби тілінің сөздігінде 90-ға жуық түрін мысалдармен дәйектеп келтіріпті. Осы мысалдардың ішінен бізге ең ұнағаны – М.Әуезовтан алынған - «үйлесімді мінез». Бұл сөзі мен ісі сай келетін адамның мінезі екен. Әлихан айтқан «Біліммен емес, мінезбен қызмет етудің» қағидаты осы болу керек.

Соншама жыл, тіпті өмір бойы жиналған, игерілген білімді жұмсауға да қабілет керек және айналасына ілтипатпен жекізе алатын адамгершілікке негізделген жетекші рухани қимыл керек. (Осы арада М.Мағауиннің аспирант туралы әңгімесі еске түседі). Әркімнің өз басындағы жинаған білімін ешкім тартып алмайды. Алайда өзі үшін білім жинаса да оның интеллектуалдық әлеуеті қара басының қамымен қатар, қоғамына қызмет етуі тиіс. Азаматтық ұстаным осыдан басталады. (Осы арада тындап отырған шәкірттерге ой бөлісу үшін айтылған мәселелер деп ұғайық, тілші ғалымдар өмірі болашақ жас филолог мамандарға өнегелі тәрбие таныта алуы да үлкен ғанибетті іс)

М.Серғалиұлы көл-көсір, ұзын-сонар атақтардан гөрі өзіме ең ұнайтыны «профессор» деген атақ деп айтып отыратын. Мұны қарапайымдылығы деп қабылдадық. «Проф. М.Серғалиевтың өмірі мен қызметінің негізгі кезеңдерінің бірі – қазақ филологиясы кафедрасының меңгерушісі (1990-1999) және тіл білімі мамандықтары бойынша кандидаттық, кейін докторлық (1989-1999) диссертация қорғататын мамандандырылған кеңес төрағасы болған жылдар. Сондай-ақ, ұлттық университеттің филология факультетінде декан болып басқарған кездері. Аталған жылдарды бөле жара көрсеткен себебіміз, ғалым ұстаздың іскерлік, азаматтық келбеті елге сіңірген еңбегімен осы уақытта танылды. Кафедра меңгерушісі ретінде екі сатылы білім беру жүйесін құруда бәсекеге қабілетті маман дайындауда қажет жаңа пәндердің ғылыми-әдістемелік негізін қалау, оқытушыларды жаңа оқыту процесіне баулу оңай шаруа емес-ті. Ол кафедра жастарына әріптес, сенімді серіктес, ретінде қарай білді. Сәл жетістіктерін жоғары бағалап, үлкен сенім артты. Мүлдем жаңа пәндерді оқу жоспарына енгізіп, жастардың қалайда меңгеріп кететіне іштей үміт артты. Жаңа пән иесінің болашақта қалыптасатын ғылыми және ұстаздық қабілеттерін бағалай білді. Өзінен қорғаған шәкірттері немесе жерлесі, туысы деген сияқты, «өзім, өзіме бола берсе екен» деген ұсақ пиғылдан мүлдем алыс жан еді». [2]

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде диссертациялық кеңес төрағасы кезі - М.Серғалиұлының ғылымға жанашырлық танытуының басты мысалы. Шет аймақтағы Петропавл, Өскемен, Семей, Көкшетау, Қостанай, Павлодар университеттеріндегі ғылымға талпынысы бар жас ғалымдар ілегі Астанадағы осы Евразия университетінде М.Серғалиев ашқан диссертациялық кеңесте ғылымға жолдама алды. Кейін М.Серғалиев осы Евразия университетінде осы мамандық бойынша диссертациялық кеңестің іргесін қалады.

«Әдетте филолог ғалымның ғылыми келбеті қоғамы мен ғылыми ортасына қажет ізденіске, зерттеуге мәжбүрлейтін толғақты проблемалардың ғылыми нәтижесін ұсынатын жазу қабілетінен көрінеді. Бұл ретте ұстазымыз М.Серғалиұлының жазу ерекшелігі шынайы ғылыми талантымен астасып жатады. Бұл кісі шын мәнінде өндіріп жазған, жағымды мағынадағы - жазғыш. Оған себеп, бір жағынан, әдебиеттану ғылымына да, екінші жағынан, тілтану ғылымына да зерттеу ықыласының ерекше болуы. Қарапайым түсінікпен қарасақ, «шын жүйрікке оң мен солының бірдей» болуы.

Біздіңше, ғалым М.Серғалиұлының қаламына іліккен дүниелерді сараптасақ, ол синтаксис маманы деп қана танылмай, тіл білімімен қоса, талант қырын жан-жақты жетілдіре берген азамат. Мәселен, ғалым туралы биобиблиографиялық көрсеткішке қарап, еңбектерін саралай талдай келе, төмендегідей топтауға болады: қазақ тілінің синтаксисі; қазақ тілінің стилистикасы; тіл мәдениеті; лексикография; аудармашы; әдеби сын еңбектері; публицистикалық мақалалары; әңгімелері. Мұнда ғылымдағы жүріп өткен жолынада оның лингвистикалық ғылыми зерттеу пардигмаларын бірнеше салаларға бөлінуі, сондай-ақ, ізденгіш табиғатына тән басқа да еңбектері назар аудартады. [2]

Қазақ тіл білімінің барлық жеткен жетістігі - алдымен өз ұлтының мақтанышы. Өз елінің туған топырағынан нәр алған ұлт тілі жанашырларының бірі әрі бірегейі М.Серғалиұлының зерттеу еңбектері - қазақ тілінің ғылыми өрісін кеңейтуге, отандық тіл ғылымының жан-жақты дамуына үлес қосқан іргелі ғылыми ізденістер. «Тілдік тұлғаның қуаты – сөз». Сөздің сыры мен сымбатын саралау арқылы туған тілінің жанашыры бола білді.

Тіл білімінің қазіргі антропоэектілік ұстанымында тілдік тұлға туралы ғылыми ой-пікірлер өзіндік зерттеу нысанын белгілі бір дәрежеге көтерді. Соның ішінде әлеуметтік-кәсіби тілдік тұлғаның қызметі жан-жақты саралана бастады. Себебі тілдік тұлға туралы сөз еткенде тұлғаның интеллектуалдық сипаты басты орында қарастырылады. М.Серғалиұлының интеллектуалдық білім қоры тек тіл білімі ғана емес, нағыз филолог еді.

«Әдетте филология деген ғылым саласын тіл мен әдебиет деген пәндер ғана қатар қонып, жайлайды. Әдебиетшілер көркем шығармаға қатысты, ал тілшілер тек тіл мәселелеріне қатысты ғылыми проблемаларын сөз етіп жүретін сияқты көрінгенімен, шығарманың көркемдік және тілдік ерекшеліктерін тілші қауымы жіті қадағалайды. Әдебиеттің жаны – тіл деген қағида тілші қауымын үнемі қалғымайтын сақшыдай дайындық мезетінде ұстап отырады»[3].

Академик Мырзатай Серғалиұлының негізгі қабілетін ұштаған және бірыңғай зерттеу үрдісін қалыптастыруға ықпал болған нәрсе - оның қазақ тілінің маманы екендігі. Өйткені тіл маманы ретінде жазып сызған дүниесі өзінше бір дүние. Соған қатысты айтылатын басты ойымызды саналы түрде ысыра тұрып, тағы да оның сыншылық қасиетінің бір саласын айтқымыз келеді. Өйткені келген лингвист ғалым тіпті ғалым филолог та сын жаза бермейді.

М.Серғалиұлы қазақ әдебиетінің алыптары Бейімбет Майлин, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсрепов, Ғабиден Мұстафин сынды және тағы басқа қаламгерлердің тіл шеберліктерін зерделеп, таланттардың сөз өнерлерін танытуға бар білімі мен біліктілігін аямай жұмсаған. Себебі «шығарма шырайы – тіл» деген өзінің қағидасы бойынша ғалымдық ғұмырының ең өнімді сәттері көркем шығарманың ғажайып тілін «ғашықтықпен» беріле талдаған еңбектеріне арналған. Мәселен, «Прозаик, ақын иә сыншы болсын – қай-қайсысы да жалпы халықтық тілді пайдаланатыны баршаға мәлім. Солай бола тұра, жеке таланттың тілі деген ұғымды қолданатынымыз да белгілі. Сол шарттылықтың өзінде шындық барын

тағы ескермеске болмайды, өйткені көпшілікке етене таныс сөздерді жаңа қырымен, соны бояуымен, өзгеше өңімен жұмсай білушілік – жазушы талантын танытатын құбылыс. Әр қаламгердің сөйлем құру даралығы да осыны дәлелдейді. Жазушының сөз қолдануындағы жаңалық алғашында жаттау көрінуі мүмкін, алайда өнердің қай саласындағы да әртүрлілік, әр алуандық сияқты, көркем шығармадағы сөздердің де орайы келгенде жаңаша түрімен, мазмұнымен қолданылмағы жөн». [«Сөз сарасы», 134 бет].

Көркем шығарма тілін талдау, тек қалыпқа салған немесе схемамен кестеге түсірілген жазбалар емес, ол көп асылдың ішінен қоспасыз алтын іздеу, терең судың түбінен інжу-маржанды сүңгіп алып шығу. Міне, мұның барлығы - біліміне біліктілігі, талантына тәжірибесі сай ғалымның жалықпай ізденген тіршілігі. Академиктің бүкіл шығармашылығы туған тілінің сыры мен сұлулығын сақтаумен, сүйсінумен өткен деуге болады.

Қазақ тілінің ғылыми дискурсының айтарлықтай дамуына өзіндік үлес қосқан академик М.Серғалиұлының зерттеу еңбектеріндегі ғылыми идеялар сарқылмас ой бұлағы іспеттес. М.Серғалиұлының ғалымдық тұлғасын, ғылыми дискурсын әлі да саралау, салмақтау, ізденіс бағасын беру болашақтың ісі.

Өткен ғасырдың жетпісінші жылдарынан бері шәкірттік жолдан басталған таныстық, күні бүгінге дейін ұстазға деген ыстық ілтипат, қадір-құрметпен астасып, міне, Евразия университетінің мінберіне алып келді...

Осыған дейін ойларымызды тағы бір қайталап айтсақ: Тілші ғалымдардың әр жылдардағы мерейтой күндері қазақ тіл білімінің де айтулы мерекесі ретінде аталып өтілуі заңды. Өйткені ғалым мәртебесін биіктететін өз зерттеу нысанының жетістігі мен өміршеңдігі. Ғалым тілшілердің ғылыми еңбектерінің нәтижелеріне зер салып, саралап, түрлі мерейтой жылдарында ғылыми шығармашылық жолдарын талдап, жұртшылыққа жариялап жүру - оларға деген шәкірттік құрметіміз. М.Серғалиұлының азаматтық әрі ғалымдық тұлғасы мен ұлтжандылық танымы бүгінгі және келер ұрпаққа ұмытылмай жететін үлгі, өнеге.

#### **Әдебиет:**

- 1 Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде. I том. – Алматы, 2009. – 780 б.
- 2 Смағұлова Г. Ұстаздық ұлағат пен ғалымдық ғибрат. // Тіл білімі. VIII кітап. – Астана: Евразия ұлттық университеті, 2013.
- 3 Смағұлова Г. Тіл білімінің тарландары. – Алматы: Қазақ университеті, 2009.
- 4 Серғалиев М. Сөз сарасы. (Сын мақалалар). Алматы: «Жазушы», 1989.

## **ҮНДҮҮЛӨРДҮН СӨЗДҮКТӨГҮ ФОНОСТАТИСТИКАСЫ ЖӨНҮНДӨ**

***Садыков Ташполот***

*филология илимдерінің докторы, профессор  
Бишкек гуманитардык университети,  
Бишкек, Кыргыз Республикасы,  
[tash\\_sadykov@mail.ru](mailto:tash_sadykov@mail.ru)*

***Шерова Атыргүл***

*оқу тууучу  
Баткен мамлекеттик университети, СГЭИ,  
Баткен, Кыргыз Республикасы,  
[sherovaatirgul1977@gmail.com](mailto:sherovaatirgul1977@gmail.com)*

#### **Резюме**

Мақала «Манас» эпосу Сағымбай жана Саякбайдын варианттары боюнча үндүү тыбыштардын сөздүк курамындагы статистикасын иликтөөгө арналат.

**Негизги сөздөр:** «Манас» эпосу, Сағымбай жана Саякбайдын варианттары, сөздүк курамы, үндүү тыбыштар, фоностатистика.

## О фоностатистике гласных в словаре

### Резюме

Статья посвящена анализу статистики гласных звуков, представленных в словарном составе эпоса «Манас» по вариантам Сагымбая и Саякбая.

**Ключевые слова:** эпос «Манас», варианты Сагымбая и Саякбая, словарный состав, гласные звуки, фоностатистика.

### About phonostatistics of vowels in the vocabulary

**Summary** The article is devoted to statistical analysis of vowel sounds, represented in the vocabulary of the epic "Manas" on the versions of Sagymbay and Sayakbay.

**Keywords:** epos "Manas", versions of Sagymbay and Sayakbay, vocabulary, vowels, phonostatistics of sounds.

«Манас» эпосунун сөздүк курамында колдонулган үндүүлөргө статистикалык илик жүргүзүү үчүн «Манас» эпосунун 1978-91-жылдары жарык көргөн Сагымбай менен Саякбайдын варианттарынын негизинде түзүлгөн «Кыргызча-түркчө чоң көрсөткүч сөздүгү» тандалып алынды. Баарыбызга маалым болгондой, бул сөздүк 2011-жылы Түркиянын Түрк тил куруму тарабынан жарыяланган [1]. Макалада эпостун сөздүк курамындагы үндүү тыбыштардын фоностатистикасын териштирүү максаты көздөлөт. Көрсөткүч сөздүктө катталган 20276 сөздүн курамында 46686 үндүү тыбыштардын бар экендиги компьютерде териштирүү аркылуу аныкталды. Ошол эле маалда эпос сөздүгүндө колдонулган үндүүлөрдүн жалпы статистикасы төмөнкү даректер аркылуу тастыкталат.

№	Үндүү тыбыш	Жыштыгы	Үлүшү	№	Үндүү тыбыш	Жыштыгы	Үлүшү
1	а	15601	33,42	9	уу	1122	2,40
2	ы	6078	13,02	10	оо	624	1,34
3	е	5031	10,78	11	аа	567	1,21
4	у	4126	8,84	12	үү	411	0,88
5	о	3934	8,43	13	өө	322	0,69
6	ө	3200	6,85	14	ээ	153	0,33
7	ү	2836	6,07		Бардыгы	46 686	100,0
8	и	2681	5,74				

Эпостун сөздүк корунда 115000 тыбыш колдонулуп, булардын ичинен үндүүлөрдүн жалпы жыштыгы 46686 тыбышты түзөт. Демек, үндүүлөрдүн үлүшү 40,60% болсо, үнсүздөрдүн үлүшү 59,40% болот экен. Мындан эпос сөздүгүндөгү тыбыштардын 5/3 бөлүгүн үнсүз тыбыштар түзсө, 5/2 бөлүгүн үндүү тыбыштар түзгөндүгүн ачык көрүүгө болот.

Эми ар бир үндүүнүн колдонуу жыштыгы менен үлүшүнө келсек, алар төмөнкү дарек аркылуу тастыкталат:

а	15601	33,42 %
ы	6078	13,02%
е	5031	10,78 %
у	4126	8,84 %
о	3934	8,43 %
ө	3200	6,85 %
ү	2836	6,07 %
и	2681	5,74 %
уу	1122	2,40 %
оо	624	1,34 %
аа	567	1,21 %



ҮҮ	411	0,88 %
өө	322	0,69 %
ээ	153	0,33 %
Бардыгы:	46 686	100%

Көрүнүп тургандай, эпостун сөздүк корунда колдонулган 8 кыска, 6 созулма үндүү тыбыштарды жыштыгына жана үлүшүнө карай беш топко бөлүп кароого болот:

- 1) эң жыш колдонулган топ (1-катар),
- 2) жыш колдонулган топ (2-3-катар),
- 3) орто жыш колдонулган топ (4-8-катар),
- 4) сейрек колдонулган топ (9-11-катар),
- 5) өтө сейрек колдонулган топ (12-14-катар).

Эң жыш колдонулган 1-топ курамына **а** тыбышы кирет. Анткени бул тыбыш эпос сөздүгүндө 15601 ирет катталып, сөздүктөгү үндүү тыбыштардын 33,42% үлүшүн түзөт экен. Ошол эле маалда эпостун сөздүк курамындагы ар жүз муундун отуз үчтөн ашыгы дал ушул **а** тыбышы аркылуу түзүлөрү анык.

Жыш колдонулган 2-топ курамына **ы, е** тыбыштарын камтыйт да, колдонуу жыштыгы жана үлүшү боюнча төмөнкүчө бөлүштүрүлөт: **ы** (6078 – 13,02%), **е** (5031 – 10,78%). Бул даректер үндүүлөрдүн ичинен **а** тыбышынан кийинки функционалдык жактан күчтүүлөрү **ы, е** үндүүлөрү экендигин ачык көрсөтөт. Топтун жалпы жыштыгы – 11 109, үлүшү – 23,80%. Демек, эпостун сөздүк курамында колдонулган ар бир 100 үндүүнүн жыйырма төрткө жакыны дал ушул тыбыштар аркылуу колдонулат экен.

Орто жыш колдонулган 3-топ курамына **у, о, ө, ү, и** тыбыштарын камтыйт да, колдонуу жыштыгы жана үлүшү боюнча төмөнкүчө бөлүштүрүлөт: **у** (4126 – 8,84%), **о** (3934 – 8,43%), **ө** (3200 – 6,85%), **ү** (2836 – 6,07%), **и** (2681 – 5,71%). Топтун жалпы жыштыгы – 16 777, үлүшү – 35,94%. Демек, эпостун сөздүк курамында колдонулган үндүүлөрдүн үчтөн бир бөлүгүнөн да ашыгы дал ушул топтогу тыбыштар аркылуу куралат экен.

Сейрек колдонулган 4-топ курамына **уу, оо, аас** созулма үндүүлөрүн камтып, колдонуу жыштыгы жана үлүшү боюнча төмөнкүчө бөлүштүрүлөт: **уу** (1122 – 2,40%), **оо** (624 – 1,34%), **аа** (567 – 1,21%). Топтун жалпы жыштыгы – 2 313, үлүшү – 4,95%. Демек, эпостун сөздүк курамындагы муундардын 5% га жакынын дал ушул топтогу созулма үндүүлөр курайт экен.

Өтө сейрек колдонулган 5-топ курамына **үү, өө, ээ** тыбыштарын камтып, булардын жалпы жыштыгы – 886, үлүшү – 1,90% болот. Демек мындан эпос сөздүгүндө колдонулган ар бир 100 үндүүнүн экөөсү гана дал ушул үндүүлөр аркылуу келерин көрүүгө болот.

Ошентип, жогорудагы даректерден төмөндөгүдөй жыйынтыкка келебиз: үндүү тыбыштардын жалпы колдонулушу жагынан эң күчтүүсү **а** тыбышы, күчтүүсү **ы, е** үндүүлөрү, орто күчтүүсү **у, о, ө, ү, и** үндүүлөрү болсо, алсызы созулма **уу, оо, аа** үндүүлөр жана эң алсызы созулма **үү, өө, ээ** үндүүлөрү болору аныкталат.

Ал эми эпостун сөздүк курамында колдонулган үндүү тыбыштардын сөздүн башында колдонулушун аныктап көрсөк, алардын сөздүн башында келүү статистикасы төмөнкүчө тастыкталат:

№	Үндүү тыбыш	Жыштыгы	Үлүшү	№	Үндүү тыбыш	Жыштыгы	Үлүшү
1	<b>а</b>	1697	37,45	9	<b>оо</b>	59	1,3
2	<b>е</b>	614	13,55	10	<b>ээ</b>	43	0,94
3	<b>о</b>	577	12,73	11	<b>уу</b>	34	0,75
4	<b>ө</b>	392	8,65	12	<b>өө</b>	16	0,35
5	<b>ү</b>	375	8,28	13	<b>аа</b>	14	0,30
6	<b>ы</b>	261	5,76	14	<b>үү</b>	колдонулбайт	
7	<b>ү</b>	228	5,0		<b>Бардыгы</b>	<b>4531</b>	<b>100,0</b>
8	<b>и</b>	221	4,87				

Көрүнүп тургандай, эпостун сөздүк курамында колдонулган үндүү тыбыштардын сөз башында келиши жагынан 4531 тыбышты түзөт экен. Тактап айтканда, бул факты эпостун сөздүк курамындагы 20270 сөздүн 4531 сөзү дал ушул үндүү тыбыштардан башталарын тастыктайт [МЭТС 2015: 234].

Ошол эле маалдасөз башындагы ар бир үндүүнүн колдонуу жыштыгы менен үлүшү төмөнкү даректер аркылуу тастыкталат:

а	1697	37,45%
е	614	13,55%
о	577	12,73%
ө	392	8,65%
у	375	8,28%
ы	261	5,76%
ү	228	5,0%
и	221	4,87%
оо	59	1,3%
ээ	43	0,94%
уу	34	0,75%
өө	16	0,35%
аа	14	0,30%
үү		колдонулбайт.
Бардыгы:	4531	100%

Сөз башында келген үндүүлөрдүн ичинен колдонуу жыштыгы жагынан 37,45% үлүшүнө ээлик кылып, өтө көп колдонулганы *а* тыбышы экендигин өйдөкү тизмеден көрүнүп турат. Андан кийинки колдонуу жыштыгы боюнча 2-орунду ээлеп, болжол менен 14,13% үлүштү ээлеген – *е, о* үндүүлөрү. Статистикалык жактан 3-орунду *ө*, үндүүлөрүнө ыйгарууга болот. Анткени булардын үлүшү 8,65% дан 8,28% га чейинки аралыкты камтыйт. Үндүүлөрдүн ичинен 4-орунда колдонулганы – *ы, ү, и* үндүүлөрү. Алар 5,76% дан 4,87% га чейинки үлүштү камтыйт. Ал эми 5-орун 1,3% дан 0,30% га чейинки аралыкка ээлик кылган созулма *оо, ээ, уу, өө, аа* тыбыштарына таандык. Демек, жогорудагы даректерден төмөндөгүдөй жыйынтыкка келебиз: үндүү тыбыштардын ичинде сөз башында келүү жагынан эң күчтүүсү *а* тыбышы, күчтүүсү *е, о* үндүүлөрү, орто күчтүүсү *ө*, үндүүлөрү болсо, алсызы *ы, ү, и* үндүүлөр жана эң алсызы созулма *оо, ээ, уу, өө, аа* үндүүлөрү болот да, сөз башында такыр учурабаган тыбыш катары үү тыбышы аныкталат.

Эми сөз башында колдонулган үндүүлөрдүн колдонуу үлүшү менен жыштыгын алардын ажыратуу белгилеринин деңгээлинде анализдеп көрөлү.

Тилибиздеги үндүүлөр системасынын өзөгүн түзгөн 8 кыска үндүү жана ага кошумча 6 созулма үндүү 4 ажыратуу белгиси боюнча бири-бирине карама-каршы коюлат: 1) созулма-кыскалык белгиси, 2) кең-кууштук белгиси, 3) ачык-эриндик белгиси, 4) жоон-ичкелик белгиси.

Бул жерде дал ушул 4 белги боюнча сөз башындагы үндүүлөрдүн 8 топко бөлүнүшүн жана ар топтун колдонулуу үлүшүн аныктоо максаты көздөлөт. Тактап айтканда, аталган өңүттөн 8 топтун кайсынысы сөз башында функционалдык жактан күчтүү жана кайсынысы алсыз экенин так аныктоого болот.

**Созулма-кыскалык белгиси.** Бул белги сапаттык эмес сандык мүнөзгө ээ. Үндүүлөрдүн курамын созулма жана кыска үндүүлөр деген эки топко бөлөт да, бул эки топ бири-биринен созулуп же кыска айтылышы жагынан гана айырмаланат [Садыков, Токтоналиев 2015: 75].

Созулма үндүүлөрдүн курамын *аа, уу, оо, өө, үү, ее (ээ)* үндүүлөрү түзөт. Булардын жалпы жыштыгы – 166, үлүшү –3, 66%. Ал эми алардын ар биринин колдонуу жыштыгы менен үлүшү минтип аныкталат:

оо	59	1,3 %
ээ	43	0,94%
уу	34	0,75%
өө	16	0,35%
аа	14	0,30%
үү	0	0%
Бардыгы:	166	3,66%

Мында 6 созулманын ичинен сөз башында эң күчтүүсү *оо*үндүүсү, күчтүүсү *ээ*, *уу*үндүүлөрү жана эң алсызы *өө*экендиги көрүнүп турат. Ал эми *үү*үндүүсү сөз башында такыр эле келбейт экен.

Кыскалар курамын *а, е, ы, у, и, о, ү, ө* үндүүлөрүн камтыйт. Алардын колдонуу жыштыгы менен үлүшү төмөнкүчө аныкталат:

а	1697	37,45%
э	614	13,55%
о	577	12,73%
ө	392	8,65%
у	375	8,28%
ы	261	5,76%
ү	228	5,0%
и	221	4,87%
Бардыгы:	4365	96,34%

Мында кыска үндүүлөр ичинен функционалдык жактан эң күчтүүсү, сөз башында эң жыш колдонулган тыбыш – *а*үндүүсү. Анткени бул тыбыш сөз башында 1697 ирет колдонулуп, үндүүлөрдүн сөз башында колдонулушунун 37,45% үлүшүн ээлейт.

Андан кийинки 2-орун *э, о* үндүүлөрүнө таандык. Бул тыбыштардын сөз башында колдонулушунун жалпы жыштыгы – 1191, үлүшү – 26,28%. Демек, сөз башында колдонулган үндүүлөрдүн төрттөн бир бөлүгүнөн ашыгын дал ушул үндүүлөр түзөт экен.

Статистикалык жактан 3-орунду *ө, у* тыбыштарына ыйгарууга болот. Анткени булардын үлүшү 8,65%дан 8,28% га чейинки аралыкты камтыйт. Демек, сөз башында колдонулган 100 үндүүнүн 17ге жакыны *ө, у* үндүүлөрүнөн болот экен.

Үндүүлөрдүн ичинен 4-орунда колдонулганы – *ы, ү, и* үндүүлөрү. Анткени булар сөз башында 710 ирет колдонулуп, сөз башында колдонулган жалпы үндүүлөрдүн 15,63% үлүшүн түзөт.

Көрүнүп тургандай, кыска үндүүлөрдүн сөз башындагы жалпы жыштыгы – 4365, үлүшү – 96,34%. Үндүүлөр ичинде 3,66% үлүш созулма үндүүлөргө тиешелүү болсо, калган 96,34% үлүш кыска үндүүлөргө таандык экендигин көрүүгө болот. Демек, мындан үндүү менен башталган 100 сөздүн 96 сы кыска үндүүгө туура келсе, 4 өө созулма үндүүгө туура келет деген бүтүм келип чыгат. Тактап айтканда, эпостун сөздүк курамындагы сөздөрдүн 96% үлүшү кыска үндүүлөр менен башталса, 4 пайызы созулма үндүүлөр менен башталат экен.

**Кең-кууштук белгиси.** Акустикалык жактан бул белги үндүүлөрдүн айтылышында ооз көңдөйүнөн абанын көп же аз чыгышына негизделсе, артикуляциялык жактан үндүүлөрдүн жаактын кең ачылып же кууш абалда айтылышына негизделет. Ошондуктан жаак кең ачылып айтылган үндүүлөр кең үндүүлөр деп, жаак кууш абалда айтылган үндүүлөр кууш үндүүлөр деп аталат [Садыков, Токтоналиев 2015: 75].

Кең *а, е, о, ө, аа, ее, оо, өө* үндүүлөрүнүн сөз башында колдонуу жыштыгы менен үлүшү төмөнкүчө аныкталат:

а	1697	37,45%
э	614	13,55%
о	577	12,73%
ө	392	8,65%
оо	59	1,3%
ээ	43	0,94%
өө	16	0,35%
аа	14	0,30%
Бардыгы:	3412	75,30%

Жогорудагы даректен сөз башында келген кең үндүүлөр арасында *а* тыбышы жалпы үлүштүнтөн жарымын ээлегендигин, тактап айтканда, сөз башындагы кең үндүүлөрдүн жалпы үлүшү 75,30% болсо, анын 37,45% үлүшү *а* тыбышына таандык экендигин көрүүгө болот. Сөз башында келген кең үндүүлөрдүн ичинен дээрлик экиден бир бөлүгү жалгыз гана *а* тыбышынын үлүшүнө туура келгендиги бул тыбыштын функционалдык жактан эң күчтүүлүгүн тастыктайт.

Сөз башында келген кең үндүүлөрдүн колдонуу жыштыгы боюнча 2-орунду 13,55% дан 12,73% га чейинки аралыкты камтыган *э, о* үндүүлөрү ээлейт. Алардын жалпы колдонуу жыштыгы – 1191.

Кең үндүүлөр ичинде колдонулушу жагынан 3-орунга *ө* үндүүсү татыктуу. Анткени бул тыбыш сөз башында 392 ирет колдонулуп, сөз башында келген үндүүлөрдүн 8,65% үлүшүн ээлейт. Сейрек колдонулган 4-топ курамына созулма *оо, ээ, өө, аа* тыбыштарын камтыйт да, колдонуу жыштыгы жана үлүшү боюнча төмөнкүчө бөлүштүрүлөт: *оо* (59 – 1,3%), *ээ* (43 – 0,94%), *өө* (16 – 0,35%), *аа* (14 – 0,30%). Бул даректер кең үндүүлөрдүн ичинен функционалдык жактан күчтүүсү *а* тыбышы жана алсыздары *оо, ээ, өө, аа* созулма үндүүлөрү экендигин тастыктайт.

Ошентип, сөз башында колдонулган кең үндүүлөрдүн жалпы жыштыгы – 3412, үлүшү – 75,30%. Демек, мындан эпостун сөздүк курамындагы сөздөрдүн башкы муунун түзүүгө катышкан үндүүлөрдүн ичинен төрттөн үч бөлүгү кең үндүүлөрдөн куралат деген бүтүм келип чыгат.

Артикуляциялык жактан үндүүлөрдүн жаактын кууш абалда айтылышына негизделген кууш үндүүлөрдүн курамын *ы, у, и, ү, уу, үү* тыбыштары түзөт да, алардын колдонуу жыштыгы менен үлүшү төмөнкүчө сыпатталат:

у	375	8,28%
ы	261	5,76%
ү	228	5,0%
и	221	4,87%
уу	34	0,75%
үү	0	0%
Бардыгы:	1119	24,70%

Жогорку даректер маалымдагандай кууш үндүүлөр ичинен 1-орун *у* тыбышына таандык. Анткени анын колдонуу жыштыгы – 375, үлүшү – 8,28% экен.

Жыш колдонулган 2-топ курамына *ы, ү, и* тыбыштарын камтыйт да, колдонуу жыштыгы жана үлүшү боюнча төмөнкүчө бөлүштүрүлөт: *ы* (261 – 5,76%), *ү* (228 – 5,0%), *и* (221 – 4,87%). Топтун жалпы жыштыгы – 710, үлүшү – 15,63%. Демек, эпос сөздүгүндөгү сөз башында колдонулган 100 үндүүнүн он алтыга жакыны дал ушул топтогу кууш үндүүлөр аркылуу куралат экен.

Сөз башында колдонулушу жагынан акыркы орунду 0,75% үлүштү камтыган *уу* үндүүсү ээлейт да, кууш үндүүлөр ичинен сөз башында такыр колдонулбаган үндүү катары *үү* кууш үндүүсү табылат.

Ошентип, кууш үндүүлөр сөз башында колдонулган жалпы үндүү тыбыштардын 24,70% үлүшүн түзөт да, кең үндүүлөрдөн айырмаланып 3 эсе аз колдонулат. Башкача айтканда, эпостун сөздүк курамындагы сөз башында келген ар бир 10 үндүүнүн 7 өө кең болсо, 3 өө кууш болот экен.

**Ачык-эриндик белгиси.** Бул белги артикуляциялык жактан үндүүлөр айтылганда эриндин катышып же катышпай тургандыгына негизделет да, эриндер катышып, чормоюңку абалда айтылган үндүүлөр эрин үндүүлөр деп, эриндер катышпай, ачык абалда айтылган үндүүлөр ачык үндүүлөр деп аталат [Садыков, Токтоналиев 2015: 75]. Эпос сөздүгүндө ачык жана эрин үндүүлөрдүн ээлеген ордун өз ара бөлүп карасак, эрин үндүүлөргө караганда ачык үндүүлөр эпостун басымдуу бөлүгүн ээлейт:

Ачык *а, е, ы, и, аа, ее* үндүүлөрүнүн колдонуу жыштыгы менен үлүшү төмөнкүчө сыпатталат:

а	1697	37,45 %
э	614	13,55 %
ы	261	5,76 %
и	221	4,87 %
ээ	43	0,94 %
аа	14	0,30 %
Бардыгы:	2 850	62,90 %

Жогоруда көрсөтүлгөндөй, сөз башында эң жыш колдонушу жагынан көч башында *а* тыбышы турат да, 1697 ирет сөз башында келип, сөз башында келген үндүүлөрдүн 37,45% үлүшүн түзөт. Демек, мындан эпос сөздүгүнүн сөз башында келген үндүүлөрдүн үчтөн бир бөлүгүнөн да ашыгы *а* кең үндүүсү аркылуу колдонулгандыгын көрүүгө болот.

Сөз башында келген ачык үндүүлөр ичинен 2-орунду ээлеп, колдонуу жыштыгы – 614, үлүшү – 13,55% болгон *э* үндүүсү эсептелет. Демек, сөз башында колдонулган үндүүлөрдүн ондон бир үлүшүнөн да бир аз ашыгы *э* үндүүсүнөн экен.

Сөз башында колдонулушу жагынан 3-орун колдонуу үлүшү 5,76% дан 4,87% га чейинки аралыкты камтыган *ы, и* үндүүлөрүнө таандык.

Өтө сейрек жыштыктагы (43 – 14) жана үлүштөгү (0,94 – 0,30%) топ курамына *ээ, аа* тыбыштарын камтып, төмөнкүчө мүнөздөлөт: жалпы жыштыгы – 57, үлүшү – 1,24%. Булардын ичинен *ээ* (43–0,94%), *аа* (14 – 0,30%). Кыскасы, бул топ эпостун сөздүк курамындагы сөз башында келген кең үндүүлөрдүн 1,24% үлүшү гана түзөт экен.

Ошентип, сөз башында келген ачык үндүүлөрдүн жалпы жыштыгы – 2850, үлүшү – 0,30% экен.

Эрин *о, оо, ө, өө, у, уу, ү, үү* үндүүлөрүн колдонуу жыштыгы менен үлүшү төмөнкүчө сыпатталат:

о	577	12,73%
ө	392	8,65%
у	375	8,28 %
ү	228	5,0 %
оо	59	1,3 %
уу	34	0,75 %
өө	16	0,35 %
үү	0	0 %
Бардыгы:	1 681	37,10 %

Жогорудагы маалыматтардан эрин үндүүлөр ичинен эң жыш колдонулганы *о* үндүү тыбышы экен. Анткени бул тыбыштын колдонуу жыштыгы – 577, үлүшү - 12,73%. Демек,

бул тыбыш эпос сөздүгүнүн сөз башында колдонулган эрин үндүүлөрдүн бештен бир үлүшүнө жакынын түзүп калат экен.

Сөз башында келген эрин үндүүлөр ичинде колдонулушу жагынан 2-орунду жалпы колдонуу жыштыгы – 767, үлүшү –16,93% ды камтыган *ө, у* тыбыштары ээлейт.

Сейрек колдонулган топ курамына 1,3% дан 0,35% га чейинки аралыкты камтыган *оо, уу, өө* созулма үндүүлөрү кирет. Бул топтун курамын түзгөн үндүү тыбыштар сөз башында болгону 109 ирет колдонулат экен да, үндүүлөрдүн жалпы колдонулушунун 2,4% үлүшүн ээлейт.

Ошентип, ачык үндүүлөр сөз башында колдонулган үндүүлөрдүн 62,90% үлүшүн ээлесе, эрин үндүүлөр 37,10% үлүшүн ээлеп, ачык үндүүлөр эрин үндүүлөргө караганда 2 эсеге жакын күчтүүлүк кылат экен. Бул дарек эпос сөздүгүндөгү сөз башында келген ар бир 10 үндүүнүн 6оо ачык айтылса, 4өө эриндешип айтылгандыгын тастыктайт.

**Жоон-ичкелик белгиси.** Бул белги акустикалык мүнөзгө ээ. Ошентсе да, артикуляциялык жактан үндүүлөрдүн айтылышында тилдин көлдөлөң абалы боюнча артка тартылышы же алга жүткүнүшү аркылуу так аныкталат. Тилдеги колдонулушу жактан түрк тилдеринин типологиялык өзгөчөлүгүн аныктаган жана айтылган сөздүн фонетикалык паспортун түзгөн үндөштүк кубулушун ишке ашырат да, төл сөздөрдүн баштан аяк же жоон, же ичке айтылышын шарттайт [Садыков, Токтоналиев 2015: 79].

Сөз башында келген үндүүлөрдүн жоон-ичкелик белгисине карай колдонуу жыштыгы менен үлүшүн аныктап анализдөө соңку изилдөөбүздүн максаты болмокчу.

Жоон *а, аа, у, уу, о, оо, ы* үндүүлөрдүн колдонуу жыштыгы менен үлүшү төмөнкүчө сыпатталат:

а	1697	37,45 %
о	577	12,73 %
у	375	8,28 %
ы	261	5,76 %
оо	59	1,3 %
уу	34	0,75 %
аа	14	0,30 %
Бардыгы:	3 017	66,6%

Жогорку маалыматтар көрсөткөндөй, мында жоон үндүүлөр ичинен функционалдык жактан эң күчтүүсү, сөз башында эң жыш колдонулган тыбыш - *а* үндүүсү. Анткени бул тыбыш сөз башында 1697 ирет колдонулуп, үндүүлөрдүн сөз башында колдонулушунун 37,45% үлүшүн ээлейт.

Андан кийинки 2-орун *о* үндүүсүнө таандык. Бул тыбыштын сөз башында колдонулушунун жалпы жыштыгы – 577, үлүшү – 12,73%. Демек, сөз башында колдонулган жоон үндүүлөрдүн бештен бир бөлүгүнөн ашыгын дал ушул үндүү түзөт экен.

Статистикалык жактан 3-орунду *у, ы* тыбыштарына ыйгарууга болот. Анткени булардын үлүшү 8,28% дан 5,76% га чейинки аралыкты камтыйт. Демек, сөз башында колдонулган 100 үндүүнүн 14тү *у, ы* жоон үндүүлөрүнөн болот экен.

Үндүүлөрдүн ичинен 4-орунда колдонулганы – *оо, уу, аа* үндүүлөрү. Анткени булар сөз башында 107 ирет колдонулуп, сөз башында колдонулган жалпы үндүүлөрдүн 2,35% үлүшүн түзөт.

Көрүнүп тургандай, жоон үндүүлөрдүн сөз башындагы жалпы жыштыгы – 3017, үлүшү – 66,6%.

Ичке *е, и, ү, ө, ее, үү, өө* үндүүлөрдүн колдонуу үлүшү жана жыштыгы төмөнкүчө аныкталат:

э	614	13,55%
ө	392	8,65%
ү	228	5,0%
и	221	4,87%
ээ	43	0,94%
өө	16	0,35%
үү	0	0%
Бардыгы:	1 514	33,4%

Жогорудагы даректен сөз башында келген ичке үндүүлөр ичиндеэ тыбышы жалпы 33,4% үлүштүн 13,55% үлүшүн ээлеп, 1- орунга ээлик кылат. Демек, сөз башында келген 100 ичке үндүүнүн 14кө жакыны э тыбышынан болот экен.

Сөз башында колдонулган ичке үндүүлөрдүн колдонуу жыштыгы боюнча 2-орунду 8,65% үлүшүн камтыган ө үндүүсү ээлейт. Бул үндүүнүн жалпы колдонуу жыштыгы – 392.

Ичке үндүүлөр ичинде колдонулушу жагынан 3-орунга ү, и үндүүлөрү татыктуу. Анткени бул тыбыштар сөз башында 449 ирет колдонулуп, сөз башында келген үндүүлөрдүн 9,87% үлүшүн ээлейт.

Сейрек колдонулган 4-топ курамына ээ, өө созулма үндүүлөрү кирет да, колдонуу жыштыгы жана үлүшү боюнча төмөнкүчө бөлүштүрүлөт: ээ (43 – 0,94%), өө (16 – 0,35%).

Бул даректер ичке үндүүлөрдүн ичинен функционалдык жактан күчтүүсү э тыбышы жана алсыздары ээ, өө созулма үндүүлөрү экендигин тастыктайт.

Ал эми ичке үндүүлөр ичинде сөз башында такыр колдонулбаган тыбыш катары үү созулма ичке үндүүсү табылат.

Ошентип, сөз башында колдонулган ичке үндүүлөрдүн жалпы жыштыгы – 1 514, үлүшү – 33,4%. Демек, эпостун сөздүк курамындагы сөздөрдүн биринчи муунун түзүүгө катышкан үндүүлөрдүн үчтөн бир үлүшү ичке үндүүлөрдөн куралгандыгын көрүүгө болот.

Өйдөкү даректер үндөштүк күүсүн ишке ашырууга негиз болгон жоон-ичкелик белгисинин жана бул белги аркылуу майданга келген жоон жана ичке үндүүлөрдүн ичинен функционалдык жагынан эң күчтүүсү жоон үндүүлөр болсо, алсызы ичке үндүүлөр болорун ачык тастыктайт. Тактап айтканда, эпос сөздүгүндөгү 100 сөздүн 66 жоон үндүү менен башталса, 34 тү ичке үндүү менен башталат экен.

Жыйынтыктап айтканда, эпос сөздүгүндө сөз башында келген үндүү тыбыштардын ичинен созулма-кыскалык белгиси боюнча кыска үндүүлөр, кең-кууштук белгиси боюнча кең үндүүлөр, ачык-эриндик белгиси боюнча ачык үндүүлөр, жоон-ичкелик белгиси боюнча жоон үндүүлөр функционалдык жактан эң күчтүү деп табылат.

#### **Пайдаланган булактар**

1. Sadikov T., Şarşembaev B. Manas destanı Kırgızca-Türkçe Büyük Dizin. Ankara: TDK, 2011, 1647 s.
2. Сагымбай Орозбак уулу. Манас. I китеп. Ф: Кыргызстан, 1978.
3. Сагымбай Орозбак уулу. Манас. II китеп. Ф: Кыргызстан, 1980.
4. Сагымбай Орозбак уулу. Манас. III китеп. Ф: Кыргызстан, 1981.
5. Сагымбай Орозбак уулу. Манас. IV китеп. Ф: Кыргызстан, 1982.
6. Саякбай Каралаев. Манас. I китеп. Ф: Кыргызстан, 1984.
7. Саякбай Каралаев. Манас. II китеп. Ф: Кыргызстан, 1986.
8. Саякбай Каралаев. Семетей. I китеп. Ф: Кыргызстан, 1987.
9. Саякбай Каралаев. Семетей. II китеп. Ф: Кыргызстан, 1989.
10. Саякбай Каралаев. Сейтек. Ф: Кыргызстан, 1991.
11. «Манас» эпосунун түшүндүрмө сөздүгү. Б: 2015.

## ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ГИБРИД СӨЗДЕР ЖӘНЕ ТІЛ ТАЗАЛЫҒЫ ПРОБЛЕМАСЫ (Академик М.Серғалиев көзқарасын дамыту)

*Момынова Б.Қ.,  
филология ғылымдарының докторы, профессор,  
А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты,  
Алматы, Қазақстан,  
[momynova\\_b@mail.ru](mailto:momynova_b@mail.ru)*

«Жаһандану ұғымының бізге дейін де қолданылғанын зерттеушілер талай рет айтқан болатын, қазір де айтып жүр. Қазақ тіліне ғаламдастыру деп аударылып, кейіннен осылайша - жаһандану ретінде тұрақталған сөздің мән-мағынасын қалың қауымның алғашында жылы қабылдағаны рас. Жаһандану арқылы ғана әлемдік деңгейде өзара түсіністікке қол жеткізілмек деген таза пиғыл қалыптаса бастап еді. Шынында да бізде жоқ тауарлар басқалардан табылып жатса, басқалар өздеріне қажетсінетін бұйымдар мен игіліктерді бізден алып, пайдаланып отырса, сөйтіп, алыс, жақын елдер болып, бір-бірімізді толықтырып, молықтыру басты мақсат саналғанда, оған кімнің күдік келтіруі мүмкін. Кәдімгі дипломатиялық келіссөздерде жиі айтылатын өзара тиімділік деген осы емес пе? Ендеше, экономикалық, мәдени, қорғаныс, тағы басқа мәселелерге байланысты тап осылай ойлансақ керек. Алайда кейінгі аз уақыттың ішіндегі өмір ағысына абайлап көз жүгіртсек, ойлағанымыздан өзгеше, көпшілік үшін тіптен де тиімсіз, сыңар жақтық, түптің түбінде тек алпауыттарға, олардың армандағандарынан артық пайдалы болып шешілетін, қазір де шешімін тауып жатқан жайлар белең беріп жүр. Қоғамның әрбір мүшесі түгелдей білуі парыз деп есептелетін тілге тікелей қатысы бар мәселелер мұны толық растайды.

Кейбіреулердің жаһандануға қазақ тілінің қаншалықты қатысы бар деп шүбалануы да ғажап емес. Жаһандануға қатысты алыстан ақырған арыстандай ағылшын тілінің қаупі болса, жақыннан жалаңдағандардан да көңілдегі күдікті жасыра алмаса керек. Мәжіліс депутаты, халқымыздың шынайы жанашыры А.Айталының: «Жаһандану – қазақтар үшін орыстану, сосын барып батыстану, америкаланау» деуінде үлкен мән бар» (Ұлтсызанған, пәрменсіз қазақ қаңтып күн көрер?//Жас алаш, 2004.13 қараша), - деген академик М.Серғалиев тіл тазылығы мәселесін өмір бойы қозғаған санаулы ғалымдардың бірі [1,59-б.]. Академик қазақ тіліне жаһанданудың әсері мол екенін, арта беретінін о баста аңғарған. Сондай әсер-ықпалдың бірі қазақ тіліндегі гибрид сөздердің көбеюінен байқалып отыр.

Тіл атаулы донор және қабылдаушы тілдерге бөлінеді. Донор тілдердің бәрі дерлік экспансиялық тілдер, яғни халықаралық мәртебесі зор тілдер. Ондай тілдердің қатарына Қазақстанда барлық қоғамдық сферада қызмет етіп отырған және қызмет аясы кеңі бастаған ағылшын және орыс тілдері де жатады. Бұл тілдердің тек қазақ елінде ғана емес, әлемдегі қолданыс аясы кең, өте жанды, белсенді, өзге тілдерге ықпалын еркін жүрізіп отырған тілдер, соған орай донор тілдер саналады. Ал олармен қатар өмір сүріп келе жатқан мемлекеттік тіл мәртебесін алған қазақ тілі, негізінен, қабылдаушы яки реципиент тіл. Ал тіл әлеуметтігі заңдылықтары бойынша реципиент-қабылдаушы тіл донор-тілдің ықпал-әсеріне тез ұшырайды. Қазіргі қазақ тілінің қабылдаушы тіл позициясында екені белгілі. Тілдің тілге ықпал-әсері, әсердің тілдегі көріністері әр түрлі және нәтижелері көрер көзге байқалып тұрады: солардың бірі – тілдегі гибрид сөздердің пайда болуы, олардың көбеюі, соңында тілде орнығуы. Қазақ тіл білімінде гибрид сөздерді бірде «қоспа», бірде «будан» деген баламамен атап жүр. Бұл екі атау да тілде әлі гибрид мағынасымен орнықпағандықтан, «гибрид» сөзінің өзін әзірше қалдыра тұрамыз. Бірақ «буданнан» гөрі «қоспа» сөзін қолайлы санайтынымыз рас.

Гибридтену – қазіргі интеграция, яғни жақындасу, араласу барысындағы тіл атаулының бәрінде де көрініс тауып отырған құбылыс. Құбылыс ретінде үнемі күшейіп келе жатқаны да күмән келтірмейді. Интеграциялану процесінен ешқандай тысқары қалмай келе



жатқан елдің тілі ретінде қазақ тілі де осы құбылыстың әсеріне шалдыққан. Оның бірнеше себептері бар:

а) ғылым мен техникалық жаңалықтардың өзге елдерде ашылуы, көп болуы;  
ә) тілдері донорлық дәрежеге жеткен елдерде қоғамдық-саяси өзгерістердің болуы және қоғамдық-саяси жаңалықтардың сол елдердің моделіне салынуы, үлгі ретінде қабылдануы;

б) сол елдердің экономикалық басымдығының болуы;

в) жазудың және жазудың негізгі қаруы саналатын әдеби тіл рөлінің артуы;

г) ең бастысы - жазудың көмегіне сүйенетін жазба коммуникацияның өз күшіне енуі.

Лингвистикалық еңбектерде «гибрид сөздер» деп, негізінен құрамындағы компоненттерінің санына қарамастан, бір мағынаны білдіретін және құрылымында төл сөздер мен кірме компоненттері бар сөздер айтылады. Зерттеушілердің пікіріне қарағанда, орыс тіліндегі гибридену латынша мен кирилшені тоғыстырып жазғанда анық байқалады екен. Мысалы, *SD-карта*, *USB-носитель*, т.б. Дәл осылайша жазу қазақ тілінде де кездеседі. Орыс тіліндегі гибрид сөздердің барына дәлел етіп синонимдік терминдердің көбеюін атаған Е. И. Голованов өз ойын мынадай мысалдармен дәлелдеп, көрсетеді:

«Символ-сөздер: е-майл, і-номер;

Модель- сөздер: Clipp егпрограммы, DOS-программы, USB-носитель, SD-карта, SQL-инъекции;

Номинативтік атаулардың кейбір типтерінің символдармен-сандармен тіркестіріп берілуі: MP4-плееры, 3D-ускоритель, ASCII-файлы». Орыс тілінің әсерімен бұл қолданыстардың кейбірі қазақ тілінде де орныққан: ASCII-файлдар, MP4-плеерлері т.б.

Гибрид сөздердің, гибрид-терминдердің басымдық танытатын бөлігі *анықтауыш композиттер*: ол анықтауыш композиттер зат есім құрылымды болып келеді және көбінесе екі я үш құрамды (компонентті) болады, мысалы: Астанада бүгін басталған сириялық **оппозиция өкілдерінің** келіссөздері **жабық есік форматында** өтетін болды, – деп хабарлайды [Tengrinews.kz](http://Tengrinews.kz) тілшісі **ҚР Сыртқы істер министрлігінің** баспасөз қызметіне сілтеме жасап (Ана тілі, 25-мамыр, 2015); Жиында **ұлттық валютаны инфляциялық таргеттеудің** себеп-салдарлары мен алдымызда тұрған келелі міндеттер кеңінен талқыланды (Ана тілі, 27-Тамыз, 2015). Өткен аптада еліміздің қаржы-несие саясатында елеулі жаңалықтар орын алды. **Ұлттық валютамыз** – теңге бағамы еркін белгілену тәртібіне көшті; Бұл туралы «Жаңа білім беру бағдарламалары, инновациялар және құзыреттілік тәсіл – мектеп табысының кілті» білім беру қызметкерлерінің **республикалық тамыз педагогикалық кеңесінде** сөз болды. Мектептерді жаңа оқулықтармен қамтамасыз ету мақсатында **өңірлік бюджеттен** шамамен 13 млрд теңге бөлінді; Мен жүргізіп келе жатқан **интеграциялық саясат** өте дұрыс (Ана тілі, 27-тамыз, 2015). **Халықаралық саламаттылық академиясының** (Международная Академия Трезвости (Украина)) мәліметтеріне қарағанда, жер шарының 3/2-сі саламатты – арақ-шарапсыз өмір сүреді (Ана тілі, 28.06.2016); Сонымен қатар қарбыз адам бойындағы холестериннің шығуына көмектеседі, яғни **атеросклероз ауруына** да шипалы. Подагра, артрит, **қант диабеті ауруларымен** ауыратындарға қарбыз жеуді ұсынады (Ана тілі, 12-қараша, 2015ж.); Ақынның негізгі тақырыбына орай қару-жарак, сауыт-сайман атауларын кеңінен қолдана отыра, өз тыңдармандарына жақын, түсінікті болу үшін халықтың тұрмыстық, әлеуметтік тәжірибесін, ұлттың психологиялық, философиялық ойын танытатын **этномәдени бірліктерді** көркемдік қажетіне қарай ұтымды пайдаланып отырған (Ана тілі, 24-қыркүйек, 2015); **Орташа статистикалық ресейлік**, жаңа айтып өткеніміздей, жылына 15 литр спирт тұтынады. Ресейде қазына қоржынынан **алкогольді ішімдікке** дуаланып қалғандарды емдеу үшін жылына 25 млрд. рубль (әрбір маскүнем үшін үкімет айына 7000 рубль шығын шегеді) қаржы жұмсалады (Ана тілі, 27-тамыз, 2015); Түркологияның қазіргі ахуалы **халықаралық конференцияда** сөз болды (25-Мамыр, 2011); Ол бұған дейін Ұлттық қордан қаржы елдің **көліктік инфрақұрылымын** дамытуға, сонымен бірге, жаңа жұмыс орындарын құруға бағытталған «Нұрлы жол» бағдарламасын жүзеге асыруға бөлінгеніне тоқталды (27-тамыз,

2015, Ана тілі); Ал 2010 жылдың мамыр айында Астана қаласында түркі халықтары арасындағы **мәдени-гуманитарлық байланысты** жолға қоюда маңызы баға жеткісіз алғашқы және бірегей ғылыми-зерттеу орталығы болып табылатын **Түркі академиясы** ашылды. Сондықтан конференция барысында **әлемдік түркологияның** қазіргі күйі және болашағы (тіл білімі, әдебиеттану мәселелері); түркі халықтарының қалыптасу және рухани-тарихи бірлігін нығайтудағы мемлекеттің рөлі (**геосаясат**, этнология, философия, мәдениеттану және тарих мәселелері) конференция жұмысының басты бағытына айналды. Бұл күні қонақтарға «Түркі халықтарының **этномәдени**, рухани әлемі», түркологиялық кітаптар көрмелері ұйымдастырылып, «Алтаистика және түркология» **халықаралық журналының** (қазақ, орыс, ағылшын, түрік тілдерінде) тұсауы кесілді. Сондай-ақ Түркі академиясының **www.turkacadem.kz ресми сайты** ашылды (25-Мамыр, 2011, Ана тілі) . Келтірілген мысалдардағы айшықталған сөздер гибрид сөздерге жатады. Құрамы, құрылымы бір-біріне ұқсамайды, әртүрлі. Оның ішінде екі, үш құрамды, префиксоидтармен келген гибридтер бар.

Композиттердің орындары кейде тұрақсыз болып келеді, яғни гибрид сөздердің композиттерінің (кірмесі бар, қабылдаушы тіл элементі бар) орындары ауысып келіп отырады. Ағылшын тілінен қабылданған лексикалық элементтер композиттер құрамында кейде алғашқы орында, кейде соңғы позицияларда ұшыраса береді. Реципиент тіл элементі де кейде алғашқы, кейде соңғы орындарда орналасып отыратыны орыс тіліндегі гибрид сөздерден байқалады сондықтан орыс тілінен көбінесе калькалау арқылы балама жасалатын қазақ тілінде де бұл модель кездеседі деуге негіз бар. Мысалы: Licht|sensor m – датчик света; Abtast|system n – система развёртки, Digital |speicher m – цифровое запоминающее устройство; цифровая память, блок цифровой памяти; Scheuer|test m – тест, на устойчивость к трению текстильного материала; Display – Fehler – Prufung f – визуальный контроль; Bediencomfort einer IR – удобство обслуживания промышленных роботов, где английский терминологический элемент IR является свёрткой от Industrial Robot — промышленный, робот. Мысалдардан көрініп тұрғандай гибрид сөздердің компоненттері анықтауыш композиттерден құралады әрі полиморфемді болып келеді, мұны неміс тіліндегі гибрид сөздерден байқауға болады. **Полиморфемді композиттер** үш немесе төрт сөзден құралады: Kohlen|wasser|stoff|matrix f – углеводородная матрица (қазақ тіліндегі **көмірсутекті газ** матрицасы деген сияқты). Бұлардың элементтері эндогенді және экзогенді деп аталады. Эндогенді және экзогенді элементтерден құралған мұндай термин-гибридтер қазақ тілінде де бар, мысалы: **республикалық тамыз педагогикалық кеңесі; макробедердің зоналылығы** (макрорельеф) т.б.

Гибрид сөздер қазақ тілінде терминқорда, лексикада бар, ал барды жоққа шығару мүмкін емес. Мұндай сөздерді қабылдау қажеттілікке байланысты болғанымен, кейде олар тілдегі түрлі аспектідегі қиындықтарды тудырады. Сондай қиындықтардың бірі аударумен байланысты туындайды, өйткені мұндай сөздерді аудару қиын, көп жағдайда бір немесе екі компоненті, кейде барлық компоненттері аударылмайды. Мысалы: **спиралды турбиналық камера; санитарлық-техникалық кабина** т.б. Осы сияқты терминдер техникалық, жаратылыстану салаларында өте көп. Екіншіден, олардың тілге кіру, енуі жылдам, сала жаңалығының пайда болуы, сол жаңалықтың елде қолданыс табуымен байланысты. Сондықтан мұндай сөздердің тілге еніп кеткенін, қолданыста барын аңғарғанша, оларды тіркеуге алу уақыты созылып кетеді. Ал кей жағдайларда еркін (бұл арада ғылыми-көпшілік стиліне сай) қолданысқа енгендіктен, баламасын іздеуге көңіл бөлінбейді. Осындай сөздердің баламасы болмаудың өзге де себептері бар: сала мамандарының балама іздеуге салғырттық танытуы (бұл салғырттық үштілділік жағдайында күшейе түседі); белгілі бір сала мамандары үшін ол терминнің мән-мағынасы аудармасыз да түсінікті болуы т.б. – жатады. Өзге тілдерде кең қолданыс тапқан гибрид сөздердің баламасыз қалуының, баламасыз қолданылуының тағы бір себебі белгілі бір саланың кеш зерттелуіне, өндіріске жаңа технологияның кеш енуіне, химия, биология, физика т.б. салалар бойынша

зерттеулердің мемлекет мүддесі үшін тартымды болу-болмауына, нақты бір ғылым саласындағы трендтерге сай болу-болмауына байланысты.

Гибрид сөздердің жасалу жолдары әр түрлі болатыны айтылды. Соның ішінде кейде бір ғана аббревиатура көмегімен ондаған терминдер жасауға болатын әлеуеті жоғары сөз тудыру тәсілі екені де белгілі болып отыр. Аббревиатура бірінші комозиттің басты позициясында орналасады. Осыған орай қалыптасқан модельдер:

«кірме аббревиатура + төлтілдік аффикс»: **PR-шылар**.

«кірме аббревиатура + төлтілдік негіз»: **VIP-түйіндеме, VIP-хабарландыру, IT-мамандар, PR-мамандар** т.б.

«кірме аббревиатура + кірме негіз» түрінде болады.

Осы соңғы модель аударуы қиын гибридтер қатарында, өйткені сөздіктерде сол күйінде беріліп жүр және қолданыста, күнделікті коммуникацияда да осы тұрпаттарын сақтайды: **веб-браузер, веб-дизайн, веб-интерфейс, веб-клиент, веб-сайт, веб-модель, ViP-деңгей** т.б.

Келесі бір модель ретінде:

**префиксоидтардың аудармасы + кірме негіз** түріндегі гибридті айтуға болады: **бейнегенератор; бейнедиск, бейнекарта, бейнечат, бейнетерминал** т.б.

Немесе екеуінің де аударылып берілуі кездеседі, бірақ ондайда қалыптасқан пікір-түсінік бойынша, бұл сөздерді гибридтер қатарынан шығарып тастауға тура келеді:

**бейнебақылау** (видеоконтроллер); **бейнедабыл** (видеосигнал).

Қазақ тілінде өзгеріссіз (формасы да (жазылуы деген дұрысырақ), мағынасы да сақталған) енген, сол күйінде қолданылып жүрген, аббревиатуралар арқылы қалыптасып кеткен гибрид сөздерге мына модельдерді жатқызуға болады:

**VIP** (ағылш. *Very Important Person*) – **VIP-кабина**, **PR** (ағылш. *public relations*) – **IP** (англ. *internet protocol*), т.б. **vip-апартаменттер, VIP-сервис, VIP-Тур** т.б. және **V.I.P** деп жазу да кездеседі.

Егер дүниежүзі тілдеріндегі терминдік қабаттың грек-латындық негізінің басымдығын ескерсек, гибрид сөздердің үш композитті болатыны, онда да **грек я латын – ағылшын - қабылдаушы тіл** элементтерінен құралатыны терминжасам жүйесінен байқалады. Мысалы: **Халықаралық саламаттылық академиясы** т.б. Бұл құрамның гибридтілігі айқын, осындай гибридтерді айтпағанның күннің өзінде, **грек-латын құрамды** терминдердің өзі дайын гибридтер түрінде қабылдаушы тілге енеді, мысалы: **геоморфологиялық арена, ландшафт ареалы** т.б. Мұндай атауларды гибрид деп тануға негіз болып тұрған белгі - төлтілдік қосымшалар, нақты айтқанда, төлтілдік сөз тудырушы жұрнақтар. Осындай кірме сөздер тілде өте көп, әсіресе жалпылама құбылыстардың атаулары, жинақтау мағынасындағы сөздер, классификация атаулары осындай болып келеді. Осыдан келіп мынадай сұрақ туындайды:

1. Төлтілдік аффикстерге бола осындай түбірі өзгермей енген, бірақ қабылдаушы тілдің қосымшалары жалғанатын сөздерді гибридтерге жатқызу дұрыс па? Әсіресе грамматикалық формаларды, яғни грамматикалық мағына тудыратын қосымшалармен келген сөздерді, атап айтқанда, септелген, жіктелген т.б., жатқыза аламыз ба?

2. Аффиксті кірме сөзге тіркеу тілге икемдеуге, тіл заңдылығына бағындыруға, кірме сөзді қабылдаушы тілдің заңдылығымен толық сындыруға жата ма? Аффикстерді кірме элементке қосуды сындыруға, кірме сөзді тіл заңдылығына бағындыруға жатқызып жүргеніміз рас. Бірақ бұл туралы әлі де ойлану қажет болып көрінеді.

3. Дегенмен, қазіргі гибридтену үрдісінде тілдегі көптеген терминдердің гибрид болу-болмауы құрамында тек қабылдаушы тілдің элементі болуы міндетті дегенмен байланысты емес сияқты. Себебі кірме сөздер (көбінесе екі композитті немесе қос сөз түріндегі) о баста тілге гибрид түрінде енген болса (мысалы, **премьер-министр**), мұндай сөздердің құрамында қабылдаушы тілдің элементі болмағандықтан (бұл арада қазақ тілінің), оларды гибрид сөзге жатқызбау дұрыс па, гибрид сөз ретінде есепке алмау қалай болады?

Дәл қазіргі біздің жағдайда (кірме сөздердің этимологиясы көбінесе ескерілмейтін жағдайда), мұндай сөздер өте көп және олардың бәрін гибридке жатқызбаудың жалғыз критерийі төлтілдік элементтің болмауынан деп санап, осы уәжге қанағаттану бар. Дегенмен гибрид сөздерді анықтаудың тағы бір жолы олардың тегін тануға барып тірелетінін мойындау керек. Яғни кірме сөздердің этимологиясын ашу қазақ тілінің иелері үшін де (осы арада орыс тіліндегі 50 томнан тұратын этимологиялық сөздікте гибрид сөздер де қамтылғанын және шет тілдік сөздер тіркеліп, түсінігі берілген «Иностранные слова» сөздігі барын еске салу артық болмайды) қажет әрі маңызды екенін ұғынатын кез келді. Ондай сөздіктер қазақ тіл білімінде мүлде жоқ емес, бар, соның бірі «Сөзқоржын» (Н.Уәли, Ғ.Әнес) деп аталады. Бірақ тым аз. Бұл сөздік тек араб тілінен енген сөздерді, оның ішінде тілге әбден сіңіп кеткен, өзіміздікі деп жүрген сөздердің кірме екенін танытатын шағын да болса, құнды еңбек. Қазақ тілінде шет тілінен енген сөздерді сындырып жазып, айтудың өзіндік үлгісі берілген С.Мырзабековтің сөздігі барын да, дәл осы арада, еске салып өту дұрыс. Аталған автордың еңбегінен кейбір сөздердің қазақ тіліне сындырылған вариантын алуға болады.

Қазіргі неологияда гибрид сөздердің ерекшеленіп тұруы сөздердің жеке тобы ретінде бөлектенуі сөз формаларының, графикаттардың, графодериваттардың, графоварианттардың, сөздердің (графикалық варианттар), графо-орфографиялық формалардың трансформациялануымен (өзге тілден сол күйінде енуімен) байланыстырылады. Орыс тіл білімінде мұндай сөздерді жаңа лексемалар ретінде бағалай отырып, әр түрлі атайды: *гибрид сөздер*, *кентавр-сөздер* (слова-кентавры), *креолданған сөздер* т.б.

Орыс тіліндегі сияқты қазақ тілінде де экстра және интралингвистикалық факторлар дүниеге келтірген, құрылымында шығу тегі жағынан төлтілдік және шеттілдік морфемалар үндесетін моно- және политубірлі лексикалық бірліктер көбеюде. Оның басты себебі, алдында айтып өткендей, орыс тілі арқылы сөз қабылдаумен, ағылшын тілінен тікелей сөз қабылдаумен, дүниенің интеграциялануымен байланысты.

#### **Әдебиет:**

1. Серғалиев М. Тілім менің – тінім менің. Мақалалар, баяндамалар. Құрастырушы Қ.Саркенова/М.Серғалиев – Алматы:Сардар, 2013. – 392 б. (59-б.).

## **К ВОПРОСУ О ФУНКЦИЯХ МЕЖДОМЕТИЙ (на материале хакасского языка)**

**Каксин А.Д.,**  
*доктор филологических наук, профессор,  
Институт гуманитарных исследований  
и саяно-алтайской тюркологии (ИГИСАТ)  
Хакасского государственного университета  
им. Н.Ф. Катанова,  
Абакан, Хакасия, Россия,*

**Аннотация.** В статье, на материале хакасского языка, рассматривается вопрос о функциях междометий в речевом дискурсе. Указывается, что значительная часть междометий современных языков относится к разряду лексики, претерпевающей функциональные сдвиги. Основные признаки этого процесса видятся в следующем: становясь элементами речи в условиях современной коммуникации, многие междометия приобретают новые смыслы, у значительной части – на первый план выходит текстовая функция: служить для связи фрагментов текста (в том числе – устного), быть способными функционировать в режиме «дальней перспективы». Делается вывод о том, что эти черты «современных междометий» во многом предопределены тем обстоятельством, что они все более широко используются в публицистике, в других типах современного дискурса.

**Ключевые слова:** особые классы слов, роль в тексте, междометия, современный дискурс, хакасский язык.

### **To the question of function of interjections (on material of the khakass language)**

**Summary.** In article, on material of the Khakass language, the question of text function of interjections is considered. It is specified that a considerable part of interjections of the modern languages belongs to the category of lexicon undergoing functional shifts. The main signs of this process seem in the following: becoming speech elements in the conditions of modern communication, many interjections gain new meanings, a considerable part – to the forefront has a text function: to serve for communication of fragments of the text (including – oral), to be capable to function in the mode of “distant prospect”. The conclusion that these lines of “modern interjections” are in many respects predetermined by that circumstance that all of them are more widely used in journalism, in new types of a discourse is drawn.

**Key words:** special classes of words, a role in the text, interjections, Khakass (language), Khanty (language).

Нет сомнений, что междометия в первую очередь задействованы в процессе формирования специфической языковой картины мира. Давно замечено, что отдельные фрагменты этой картины явно обусловлены когнитивным опытом данного этноса. Специфические междометия отражают важные стороны языка (или диалекта), имеют отношение к ментальности этноса, к особенностям его мировосприятия и, соответственно, к особенностям выражения этого видения мира в родном языке. Лингвисты приводят в пользу этого положения много аргументов, в том числе – родившихся в результате изучения особых классов слов – модальных слов, обращений, дискурсивных слов, междометий [1; 3; 6].

Если признать, что междометия начинают соотноситься с большими, чем высказывание (предложение), отрезками текста, их можно считать его компонентами. При этом текст понимается как совокупность предикативно организованных и функционально обусловленных суждений (высказываний). Таким образом, междометия определяются нами как системные единицы, участвующие в организации текста (они органически входят в «жизненное пространство» текста, каким бы он ни был по своей основной стилистической направленности) [2; 8-10].

Такие хакасские междометия, как *ЭЭДЕҢ*, *ЭЙ-А*, *ЭК*, сами по себе являются текстом; они сродни притчам (с той лишь разницей, что мы чувствуем тональность, в которой произносится междометие, знаем о совпадении сути действия и привлекаемого для его оценки междометия, и, значит, нам известна «развязка»). А другие признаки притчи характерны и для междометий:

«Аксиогенные ситуации, воплощенные в притчах, ... представляют собой повествования с неожиданной развязкой, для них типичен контраст между внешним проявлением действия и его сутью. ... Основные ценности, выражаемые в притчах, сводятся к смысложизненным ориентирам поведения, соблюдению этических норм... и выполнению утилитарных предписаний» [5, с. 234].

И вот несколько ярких примеров употребления искомым междометий в хакасском языке:

**ПОК** межд. ой! (выражает удивление); **пок, хайди полчазың?** ой, что же ты делаешь?; **пок, оол!** ой, парень! [7, с. 375].

**ЧЕ** межд. ну; разг. давай (выражает побуждение к действию); **че, паран** ну пойдём; **че одыр** ну садись; **че чоохта** ну (давай) рассказывай [7, с. 959].

**ЧЕЕ** межд. ну-у (выражает удивление); **че, мынзы ниме полчандыр!** ну-у, это что ещё такое! [7, с. 960].

**ЭК** межд., разг. эх (выражает досаду, сожаление); **эк, минің өскен чирім, таныс кізі халбады даа!** эх, мои родные места, знакомых лиц почти не осталось!; **эк, орайлат салдым эх,** [я] опоздал!; **эк, ноға чөрчезер пу харасхыда!** эх, что же вы в такой поздний час ходите! [7, с. 1053].

**ЭЭДЕҢ** межд. давай-давай! (возглас, которым взрослые подбадривают ребенка, делающего первые шаги); **ээдең-ээдең пала!** давай-давай, малыш!; **пала ээдең поларға чидібіскен** ребенок скоро начнет ходить [7, с. 1059].

Важно, чтобы эти пласты специфической лексики сохранялись в словарях и других лексикографических источниках: появившись в языке одними из первых, эти слова и сочетания отражают специфические основы мировидения, являются результатом познавательной деятельности именно данного человеческого сообщества, данного этноса, в них наиболее зримо, во всем разнообразии проступает деятельность этноса. Говоря иначе, такие единицы словаря первыми приходят на ум, если мы хотим выстроить ряд сегментов языковой картины мира, производных от национального менталитета.

О таких словах (по сути – о знаках концептов) впервые написал выдающийся философ, лингвист, общественный деятель Вильгельм фон Гумбольдт: «Язык начинается непосредственно и одновременно с первым актом рефлексии, когда человек из тьмы страстей, где объект поглощен субъектом, пробуждается к самосознанию – здесь и возникает слово, а также первое побуждение человека к тому, чтобы внезапно остановиться, осмотреться и определиться. ... В поисках языка человек хочет найти знак, с помощью которого он мог бы посредством фрагментов своей мысли представить целое как совокупность единств» [4, с. 301].

Как видно, В. фон Гумбольдт, придерживаясь постулата о естественно-биологическом пути возникновения языка, пишет о совпадении человеческого представления о некоей субстанции и словесного знака, связанного с этим представлением. И они, по мысли ученого, соединены непосредственной и безусловной связью.

«Итак, хотя чувство везде сопровождает даже самого образованного человека, он тщательно отличает свой экспрессивный крик от языка. Если он настолько взволнован, что не может и подумать отделить предмет от самого себя даже в представлении, у него вырывается природный звук; в противоположном случае он говорит и только повышает тон по мере роста своего аффекта» [4, с. 302].

Как известно, В. фон Гумбольдт не признавал искусственный, или сознательный, характер возникновения языка, потому он много внимания уделяет вопросу о звуковом потоке (речи): его наличие и уравнивает язык самого образованного человека и язык человека, живущего среди первозданной природы. По всей видимости, современные междометия – это реликты звуковых цепочек (больше похожих на выкрики), прослеживаемых с самых древних времен.

Далее, мы хотим привести примеры очень характерных для хакасской речи, в том числе – некоторых «устаревших», междометий. В тот период, когда носители языка вели традиционный образ жизни, эти слова были востребованы, а сейчас их чаще можно встретить в художественных произведениях, посвященных истории народа, и в трудах лингвистов, занимающихся изучением исчезающих языков. Приводятся они и в словарях:

**КӖСКЕР** *межд.* ой! (слово, произносимое женщинами при неожиданном испуге); *ср.* хосханах II [7, с. 208].

**ХОСХАНАХ II** *межд.* о (выражает удивление); *ср.* кӖскер; хосханах, хайдаң сыхтың? о, откуда ты?; хосханах, хайди полдың! о, что с тобой! [7, с. 853].

**ИИК (иик-а)** *межд.* ик (возглас одобрения сказителя во время исполнения им сказания) [7, с. 120].

**ХУРАЙ-ХУРАЙ** *уст. межд.* то же, что хури-хури; хурай-хурай, піске полбазын хурай-хурай, отведи от нас беду (чтобы не было нам ничего плохого) [7, с. 864].

Основной отличительной чертой этого фрагмента семантической системы хакасского языка является переход многих слов в разряд малоупотребительных в разговорной речи и, напротив, более широкое использование их в фольклоре и произведениях художественной литературы. В последнем случае они употребляются в исторических повествованиях, чтобы создать правильный фон, придать достоверность рассказам о прошлой жизни. Фольклорные произведения изобилуют устаревшими словами, связанными с представлениями о жизни духов, религией, магией, а также специфическими междометиями.

Вышеприведенные примеры позволяют сделать некоторые выводы о составе междометий и их роли в тексте. Набор междометий в тюркских языках, конечно, разный, что

основывается, главным образом, на генетике (на различиях в составе звуков речи и артикуляционной базе). Отчасти эту разницу можно объяснить и некоторыми специфическими условиями формирования языковой картины мира: отдельные фрагменты этой картины, действительно, могут быть обусловлены когнитивным опытом этноса. Специфические междометия отражают важные стороны языка (или диалекта), имеют отношение к ментальности этноса, к особенностям его мировосприятия и, соответственно, к особенностям выражения этого видения мира в родном языке. В целом заметно, что значительная часть междометий современных тюркских языков относится к разряду лексики, претерпевающей функциональные сдвиги. Становясь элементами речи в условиях современной коммуникации, многие междометия приобретают новые смыслы, у значительной части – на первый план выходит текстовая функция: служить для связи фрагментов текста (в том числе – устного), быть способными функционировать в режиме «дальней перспективы». Эти черты «современных междометий» во многом предопределены тем обстоятельством, что они все более широко используются в публицистике, в новых типах текстов.

#### **Литература:**

1. Араева Л.А., Евсеева И.В. Текстовое пространство многозначного производного слова. – Фундаментальные исследования. – 2014. – №11. – С. 537-541.
2. Ван Синсинь. Коммуникативно-прагматические функции междометий в китайском и русском языках // Научные ведомости Белгородского государственного университета. Серия: Гуманитарные науки. – 2014. – 20 (191). Выпуск 23. – С. 5-11.
3. Гасанова У.У., Гамидова Т.Г. Структурно-семантическая характеристика паремий даргинского языка. – Научное обозрение: гуманитарные исследования. – 2016. – №7. – С. 137-141.
4. Гумбольдт Вильгельм фон. Избранные труды по языкознанию: Пер. с нем. / Общ. ред. Г.В. Рамишвили; Послесловие А.В. Гулыги и В.А. Звегинцева. – М.: ОАО ИГ «Прогресс», 2000. – 400 с.
5. Карасик В.И. Аксиогенные ситуации в притчах // Язык в пространстве речевых культур: К 80-летию В.Е. Гольдина / Отв. ред. О.Ю. Крючкова, Л.П. Крысин. – Москва-Саратов: Амирит, 2015. – С. 223-235.
6. Курилова С.Н. Междометия и междометные слова юкагирского языка. – Новосибирск: Наука, 2012. – 235 с.
7. Хакасско-русский словарь / Коллектив авторов-составителей. – Новосибирск: Наука, 2006. – 1114 с.
8. Чу Шуся. Речевые жанры делового общения в свете проблемы коммуникативного дискомфорта. – Научное обозрение: гуманитарные исследования. – 2016. – №11. – С. 154-158.
9. Шаронов И.А. Междометия в речи, тексте и словаре / Российский государственный гуманитарный университет. – М., 2008. – 296 с.
10. Шуйская Ю.В., Кузнецов Н.А. Лингвистические особенности дискурса интернет-чатов. – Научное обозрение: гуманитарные исследования. – 2016. – №8. – С. 91-96.

## **ҚАЗІРГІ БАҚ ТІЛІНДЕГІ БУДАН АТАУЛАРДЫҢ ЖАСАЛУЫ МЕН ҚОЛДАНЫСЫ**

*Шерубай Құрманбайұлы,  
ҚР ҰҒА-ның корреспондент-мүшесі,  
филология ғылымдарының докторы, профессор,  
Астана, Қазақстан,  
[sheru\\_64@mail.ru](mailto:sheru_64@mail.ru)*

XX ғасырдың 30-90-жылдары аралағында тілімізге кірме сөздер мен терминдер көп мөлшерде енгенімен олар құрайтын терминбөлшектердің, толық мағыналы сөздердің бірін сол қалпында қалдырып, екіншісін ұлт тіліне аудару кең тарай қоймаған еді. Көбінесе, біріккен, кіріккен кірме терминдер мен жалпықолданыстағы атаулардың қосымшаларын өз тіліміздегі жұрнақтармен (жалғаулармен) алмастыру кеңірек тарады. Мысалы, *автоматизация, механизация, коллективизация, газификация, советский,*

*коммунистический, социалистический* тәрізді орыс тіліндегі сөздерді қазақ тіліне *автоматтандыру, механикаландыру, коллективтендіру, газдандыру, советтік, коммунистік, социалистік* түрінде икемдеп қабылдау немесе *-тік/-тық (-лық/-лік, -дық/-дік), -тандыру/-тендіру, -дандыру/-ландыру* нұсқасында бірнеше қосымшаны үстемелеп жалғау арқылы «қазақыландыру» нормаға айналды.

Сөзді құраушы бөліктердің бірі кірме сөз өзге бөліктері ұлт тілінің өз сөзінен немесе қосымшасынан тұратын атауларды «*будан сөздер*», «*будан терминдер*» (гибридный термин) деп атап жүрміз. Қазіргі тілімізде мұндай атаулар өте көп. Әсіресе, кейінгі тәуелсіздіктің ширек ғасырында осындай будан сөздердің саны күрт өсті. Кеңестік кезеңде мұндай будан сөздер қатары өте сирек болса, қазір олардың саны да артып, жасалу қарқыны да өсіп отыр. Мұндай үдерістің пайда болуының бір себебі ұлт тіліндегі термин шығармашылығының біршама жанданып, кірме сөздерді тілімізге мейлінше икемдеп алуға деген ұмтылыспен тығыз байланысты екенін де жоққа шығармаймыз. Дайын терминбөлшек ретінде жұмсалатын *авиа, авто, агро, анти, архео, био, гидро, нео, макро, микро, моно, мото, теле, транс, ультра, фото, экс* сияқты көне латын, грек сөздері арқылы сөз тудыру айрықша қарқын алды. Салалық терминдер жүйесін қалыптастыруда бұл терминбөлшектер кеңінен қолданылатын дәрежеге жетті. Мұны тіліміздің ашықтығы, сөз қабылдауға, терминалмасымға бейімділігі деп те, керісінше, өзге тілдердің ықпалы мен олардың сөзжасам үлгілерінің өміршеңдігі деп те түсіндіретіндер табыла жатар. XX ғасыр басынан бастап тілімізде мындаған қысқарған сөздердің пайда бола бастағаны сияқты, қазіргі кезеңде будан атаулардың күрт көбейіп бара жатқаны да көңіл аударарлық құбылыс. Тіпті бұл мәселеге әлеуметтік лингвистикалық, психолінгвистикалық тұрғыдан қарастырылса да артықтық етпейді. Тілдің пайда болуынан бастап, бүгінгі даму барысынан дейін адам миының қызметімен тығыз байланыста зерттеп, тілді түйсік деп танитын әлемдік ғылыми-көпшілік бестселлер жазған американдық психолінгвист ғалым С.Пинкер: «сөз – күрделі нәрсе» («слово – сложная штука») [1] – десе, орыс ғалымы Анна А. Зализняк: «...Одной из ключевых для русской языковой картины мира идей является представление о непредсказуемости мира: человек не может ни придумать будущее, ни повлечь на него» [2] – деп жазады. Мұны тілдегі әлемнің тілдік бейнесінен, ұлт тілдерінің сөздік қорындағы алдын ала болжап біле алмаған өзгерістерден де көруге болады. XVIII-XIX ғасырдағы қазақ тілінің тұтынушылары бір ғасырдан кейін оның сөздік қорында мындаған батыс тілдерінің кірме сөздері мен қысқарған сөздер деген сөздер түрі болады, ұрпағы соларды қолданады деп болжай алды ма? Тілдегі ғасырлар бойы, жүзжылдықтар ішіндегі өзгерістерді айтпағанда, кейінгі ширек ғасыр мерзімде жаңадан жасалған, тілімізге енген атаулардың өзі жүздеп саналады. Солардың арасындағы өзіміздікі мен өзгенікінің араласуынан, бірігуінен пайда болған будан атаулар деген атқа ие лексикалық бірліктердің өзі сөздердің бір түрін қалыптастыра бастады. Күн санап саны артып келе жатқан мұндай сөздерді назардан тыс қалдыруға болмайды. Ондай атаулардың елеулі бөлігі тек ғылым тілімен, терминжүйе шеңберімен шектеліп қалмай, ресми-іскери тілде, қазіргі БАҚ тілінде де қолданыла бастады. Оған бүгінгі мерзімді басылымдар мен радио-телеарналар тілінен, қазақтілді түрлі сайттар мен порталдардан жиналған мына төмендегі мысалдар дәлел бола алады: *авиаапат (авиакатастрофа), авиасоққы (авиаудар), автоалаяқ (автомощенник), автоәуесқой (автолюбитель), автобесік (автоколяска), автожорық (автопоход), авторкеруенші (автокараванищик), автомектеп (автошкола), автонесие (автокредит), автоорындық (автокресло), автошабандоз (автогонщик), агрокешен (агрокомплекс), агрооқу (агроучеба), антикеңестік (антисоветский), аудиоәңгіме (аудиоразговор), аэроұтқыр (аэромобильный), бейнеинженер (видеоинженер), бейнеролик (видеоролик), бейнетрафик (видеотрафик), бионан (биохлеб), блоктұғыр (блокплатформа), веложол (велодорожка), велокөпкүндік (веломногодневка), веложасақшы (велопатруль), велодружинник, велопатруль), веломаусым (велосезон), велосақшы (велопатруль), гаджеттану (гаджетология), газетбасы (главный редактор), гипербелсенділік (гиперактивность), долларсыздану//\_\_дедолларизациялау (дедолларизация), еуроаймақ (еврозона), еуродода (евроматч), еуроқалып (евростандарт),*



евроорталықтық (евроцентрический), жарықдиодты (светодиодный), жиһадшы (джихадист), интербикеш (интердевушка), интернетқолданыс (интернет-пользование), киберкеңістік (киберпространство), киберқалқан (киберцифит), киберқылмыс (киберпреступления, киберпреступность), киберсоғыс (кибервойна), киножұмыс (киноработа), киноорталық (киноцентр), киноөндіріс (киноиндустрия), киноөнім (кинопродукция), киносын (кинокритика), киносыншы (кинокритик), кофеқайнатқыш (кофеварка), күлкітерапия (смехотерапия), қысқаметражды (короткометражный), макробөлшек (макрочастица), медиакеңістік (медиапространство), медқобдиша (медаптечка), медсақтандыру (медстраховка), мегаөзгеріс (мегаизменения), мезобөлшек (мезоэлемент), метеобекет (метеостанция), микроітап (микрокнига), микроқаржы (микрофинансы), микротолқын (микроволны), моноұлт (мононация), мотошабандоз (мотогоцик), нанобөлшек (наночастица), радиокешен (радиокомплекс), сейсможаттығу (сейсмотренировка), теледуман (телешоу), телемаусым (телесезон), телетіліші (телекорреспондент), терможсаңғырту (термореставрация), телетұлға (телеличность), энерготасымалдағыш (энергоноситель), этнотоп (этногруппа) және т.б.

Келтірілген мысалдар мақала авторының 90-жылдардан бергі кезеңдегі бұқаралық ақпарат құралдары тілінен жинақталып, жұртшылыққа ұсынылған үш еңбегінен алынды[3].

Бұл атаулардың жасалуындағы негізгі ерекшеліктеріне қарай іштей жіктеуге болады. Бір сыңары шет тілінің сөзі екінші сыңары қазақ сөзі болып келетін мұндай атаулардың өзін іштей 3-4 түрге бөліп қарастырған жөн.

а). Бірінші сыңары латын, грек терминбөлшектерінің қатысуы арқылы туындаған терминдер мен сөздердің бірінші сыңарын сол қалпында қалдырып, екінші сыңарын қазақшаға аудару арқылы жасалған атаулар. Мысалы, *авиаапат, авиасоққы, автоалаяқ, автошабандоз, агрокешен, агрооқу, антикеңестік, аудиоәңгіме, аэроұтқыр, бионан, веложасақшы, веложол, велокөпкүндік, гипербелсенділік, интербикеш, интернетқолданыс, киберкеңістік, киберқалқан, киберқылмыс, киножұмыс, киноорталық, киноөндіріс, киноөнім, киносын, киносыншы, макробөлшек, мегаөзгеріс, медиакеңістік, медқобдиша, медсақтандыру, мезобөлшек, метеобекет, микроқаржы, микротолқын, моноұлт, мотошабандоз, нанобөлшек, радиокешен, сейсможаттығу, теледуман, телемаусым, телетұлға, терможсаңғырту, этнотоп* және т.б.

ә). Бірінші сыңары шет тілі сөзі (ағылшын, араб, неміс, итальян т.б.) екінші сыңары қазақ сөзінен тұратын атаулар. Мәселен, *гаджеттану, (ағылш. gadget – құрылғы, шағын құрал, ұсақ-түйек, кәкір-шүкір зат. Гаджет – адам өмірін жеңілдетуге арналған шағын құрылғы, құрал. Гаджеттер түрлі салаларда кеңінен қолданылады), блоктұғыр, газетбасы, еуроаймақ, еуродода, еуроқалып, евроорталықтық, кофеқайнатқыш, (кофе – араб. قهوة, )*.

б). Бірінші сыңары қазақ сөзі, екінші сыңары шет тілінен енген сөз болып келетін будан атаулар. Мысалы, *бейнеинженер, бейнеролик, бейнетрафик, жарықдиодты, күлкітерапия, қысқаметражды* және т.б.

в). Шет тілдерінен қабылданған кірме сөздерге қазақ тілінің қосымшаларын жалғау арқылы жасалған атаулар. Мысалы, *долларсыздану// дедолларизациялау, селфилету* және т.б. Бұл жаңа сөз тудырудың жаңа пайда болған жолы емес, тілімізде бұрыннан да бар тәсіл. Айталық, кеңестік кезеңде қолданысқа енген біз жоғарыда бірқатарын атап көрсеткен *демократияландыру, колхоздастыру, электрлендіру* сияқты сөздер соның дәлелі бола алады.

г). Қазақ сөзіне кірме жұрнақтарды жалғау арқылы жаңа атаулар мен қолданыстар жасау. Мысалы, *әсемят, елбасизм, дағдарысизм, қазият* және т.б.

Будан атаулардың көпшілігіне тән ерекшелік олардың қазақша сөзбен алмастырылған бөлігі орыс сөздері болып келеді. Латын, грек тілінен енген ғылым тілінде кеңінен қолданылатын терминбөлшектердің барлығы дерлік аударылмай сол қалпында алынған. Тұтас қазақшаланған «жеделхат» сөзінің құрамындағы «теле» терминбөлшегі мен «видео» орнына жұмсалып жүрген «бейне» сөзі қосылған (*бейнежазба, бейнетаспа, бейнекамера, бейнемагнитофон, бейнефильм, бейнекөрініс, бейнебаян*) тәрізді бір топ атаулар болмаса, ондай бөлшектер негізінен сол қалпында қалдырылған.

Әлеуметтік желіде тіліміздегі бұрыннан бар сөзді мақсатты түрде будан сөзге айналдырып қолданушылар да кездеседі. Мәселен, белгілі тележурналист Серік Абас-Шах фейсбуктегі парақшасында «Джеки Чанмен бірге бір жерде «роташарда» отырмыз.», Расул Жұмалы туралы «гостілді» құрметтейтін саясатолог» (02.07.2017) – деп жазды. «Ауызашар» сөзін белгілі мақсатпен әзілдеп болса да «роташар», «госязыкті» – «гостіл», «политологты» – «саясатолог» деп қолданылу фактісі, будан сөздердің әлеумет қабылдауына аса жат емес екенін аңғартады. Автор оны жұрт назарын аудару үшін мақсатты түрде қолданып отырғаны түсінікті. Біз бұл сөзді ол қазіргі кездегі тілді шұбарлап, бөтен сөзді араластырып сөйлейтіндердің әуеніне салып, мысқылдау мақсатында қолданған шығар деп жорамалдадық. Әрине, автордың көздеген мақсаты мен ойы өзіне ғана мәлім екені түсінікті. Қалай болғанда да, сөздердің мұндай будан түрінің жасалуы, әртүрлі мақсатта пайдалануының өзі сөзжасам тәжірибемізде, қолданыстағы сөздік қорымызда олардың туындауына негіз болып отырған үлгілердің бар екенінің көрінісі.

Жалпы қазіргі лексикалық қорымыздағы будан сөздер саны күрт өсті. Әртүрлі ғылым салаларындағы будан терминдер жүздеп саналады. Олардың көпшілігі кейінгі ширек ғасырда жасалған жаңа терминдер мен қолданыстар. Будан сөздер мен терминдерді ғылым тілінен ғана емес, БАҚ-тан да, ресми-іскери тілден де, көркем әдебиет тілінен де көптеп кездестіретін болдық. Бұл жерде біз БАҚ-та қолданылған жаңа будан сөздерге ғана қысқаша тоқталып отырмыз. Қазіргі тілімізде айрықша көрініс беріп отырған бұл құбылыстың сырына тереңірек үңіліп, мұндай үрдістің қарқын алуының лингвистикалық, экстралингвистикалық себептерін анықтау өте маңызды. Осыны ескере отырып, біз соңғы бірнеше жылдар бойы ғылым тілі мен БАҚ тілінен, оқулықтар мен оқу құралдарынан, заңдар мен ресми құжаттар мәтінінен жиналған тілдік деректерімізді талдап-таразылап, будан атаулар жөнінде кеңірек сөз болатын арнайы еңбек пен олардың сөздігін дайындап, оны жариялауды мақсат етіп отырмыз. Соған байланысты осы шағын мақалада негізінен қазіргі бұқаралық ақпарат құралдарында қолданылып жүрген бірқатар жаңа будан атаулар мен қолданыстар жөнінде қысқаша сөз қозғаумен ғана шектелмекпіз. «Әрбір мәдениетті халық өз тілінің сөздік қорында болып жатқан өзгерістерді бақылап отыруы қажет екені айдан анық» – деп, көрнекті лингвист-ғалым Л.В.Щерба өте орынды атап көрсеткеніндей, біз де терминқорымызда, сөздік қорымызда болып жатқан өзгерістерді жіті қадағалап, оларды үнемі зерттеп-зерделеп отыруға міндеттіміз.

**Әдебиет:**

1. Пинкер С. Язык как инстинкт. /общ.ред.В.Д.Мазо. – 2016. – 138-с.
  2. Зализняк Анна А. Русская семантика в типологической перспективе. – М, 2013. – Стр. 226.
  3. Құрманбайұлы Ш. Қазіргі қазақ тіліндегі жаңа атаулар мен қысқарған сөздер. – 2009. – 256 б.;
- Құрманбайұлы Ш. Жаңа атаулар мен жаңа қолданыстар (2008 – 2011). – Алматы, 2012 б. – 288 б.;
- Құрманбайұлы Ш. Жаңа атаулар мен жаңа қолданыстар (2012 – 2017). – Алматы, 2017. – 288 б.

## ART, POLITICS AND CIVILISATION

*Assoc. Prof. Dr. Vedi AŞKAROĞLU*  
*Ardahan University,*  
*Ardahan, Republic of Turkey*  
[vediaskaroglu@ardahan.edu.tr](mailto:vediaskaroglu@ardahan.edu.tr)

**Түйіндеме**

Тарихта әрдайым өнер адамдары өздерінің жеке сезім мен ой- пікірлерін айтып отырған. Бұл ой-пікір екі жақты ерекшелік пен қызметке ие: жеке және қоғамдық. Жеке пікір тікелей өнер адамының жан дүниесімен байланысты болып келсе, қоғамдық пікір қоғам, мәдениет, идеология, ой және дүниеге деген көзқараспен

байланысты. Мақалада өнер адамының тарихтағы орны мәселесі және идеологиялық ой мен өнер арасындағы қатынасты талдап, өнердің өркениетке әсері жайында сөз болады.

Throughout history, artists have tried to express their thoughts and feelings. That expressionism has a two dimensional character and function: individual and social. Individual expressionism is directly related to the inner world of the artist, whereas the social aspect is connected to society, culture, politics, ideas and perception of the world. In this article, our aim is to briefly discuss the importance of art in a historical perspective, and show the connection between political thought and art, with a view to how art can serve the increase of level of civilisation.

As an individual, the artist's life is also shaped by a social environment. For this reason, the artist, who is a social subject, is not only a member of the society in which he lives, but also the bearer of its values. An individual artist's work is the speech in the name of society because the traces of the cultural environment and social phenomena to which he belongs are the atoms that travel in that artist's emotional and imaginative universe. These atoms are sometimes presented at the level of consciousness, in the direction of the will and sometimes hidden under an artistic creation or an unconscious identity presented by words and symbols.

Not all people are artists. Only some people were involved in the history scene as artists, and few of them were able to produce works of art that could overcome their own ages. It is then necessary to define the features that distinguish the artist from other people. According to Sontag, the artist is an exemplary man of agony because he has experienced the deepest layers of suffering and discovered a professional method of glorifying his suffering. The artist suffers as a human and transforms his pain into art (Sontag, 1991). Kafka defines the artist in parallel with Sontag: "In fact, the poet is lower and weaker than the ordinary man in society. Therefore, he feels the burden of existence more heavily and closely than the others. The song he sings is just for himself. Art, for the artist, is only suffering; it provides relief for new aches. The artist is not great; he is just a colorful feathered bird in the cage of existence" (Janouch, 1966:14). Here, this bright feathered bird carries a contradiction in itself. It is a weak entity that is oppressed under the natural burden of sentimentality and intellectual depth in the face of the natural flow of society, but at the same time is a kind of magician who has the power to convert ordinary into extraordinary qualities. Even though he reflects his own individual thoughts through his work of art, he preserves his sociality and speaks for society, which draws the boundaries of fate and the world of emotion / thought in the historical process.

Throughout the history of civilization, art has been produced for different reasons. One of these reasons is the use of art in power relations, where it is a means of political propaganda. In this sense art is the source of political discourse, political beliefs and the consequences of them. The works of art themselves are part of a social environment in which political movements originate. Art has been used in primitive societies for religion and magic. Parallel to the development of civilization, the function of art changed in line with the transformation of society, as could be seen in Egypt, Rome and medieval kingdoms, Renaissance Italian city states and early monarchs of western Europe. The art that began with the Renaissance, extending to Baroque, Classicism and Romanticism was the pursuit of human-centered idealism as a reinterpretation of Antiquity. Before Renaissance, the task of medieval art was to explain the glory of religion. This world order presented, first and foremost, a symbolic order in which God speaks to man, where the artist did not have a mission to seek and express worldly truth. What was expected from him was to offer a message in accordance with religious teachings and to describe the world perfectly. As a result, throughout the Middle Ages, religion and worldly forces were inextricably intertwined, and, like human beings, art remained bound up with religion. The artist had no specific identity in the middle ages; he was just an observer obliged to portray the teachings of the Christian religion in a simple and schematic language.

The symbolic understanding of literary works had a multifaceted function in allegorical form: (1) easy understanding of religious teachings by the people; (2) the establishment and consolidation of a religion-based management system; (3) the empowerment of domination by

holding the interests of the clergymen class; (4) the increase of the literacy of people through the simple language used; (5) avoiding formation of an innovative language different from that used by the palace; (6) the development of abstract thinking of the people through reading; (7) and the formation of a general intellectual base in areas such as philosophy, history and science which would emerge later. By means of language, the artists not only acted as intermediaries for the consolidation of political structure at the time, but also laid the groundwork for later cultural, intellectual and social transformations. In short, the artists both functioned ideologically in the short term and built the future of the society they lived in.

With Renaissance, the emergence of new art protectors, mainly from the aristocratic circles, led to artists to act in the name and interests of these protectors. Although artists often satisfied their individual likes, they were mainly expected to serve those they were protected by. The artists began to come to the forefront, as intellectuals who directly advocated political discourse of their period. On the one hand, this led to the emergence of a new discourse and language specific to that world, and on the other hand, the artistic aesthetics and universal traditions were brought to the fore. In this respect, although it did not address all levels of society, literature undertook another important task as a move towards processing and development of philosophical creativity, reason and humanity. Since art no longer participated in the religious rituals of the Middle Ages, it has lost its religious informative status and begun to create both an aesthetic discourse and an institutional status. Aristocratic art not only transformed into aesthetic function but also witnessed the emergence of a separate social space. Now, its primary task was political; 'legitimization of absolutism.

Parallel to the increase of individual freedoms in social life, art gradually began to move away from the divine and descend into the earth. It used to praise the past gods or god kings, by serving the domination of certain social classes. Despite its functions to protect the interests of these groups in essence, art also pioneered the concept of the free and reasoning individual. Man was no longer perceived as a sinful creature thrown into the world to suffer for the original sin. Literary works, especially poetry and novels, were introduced into the inner world of a person who was perceived as a social entity. The writer and the poet were perceived as subjects with a sense of empathy and the ability to change the mind, community and environment; "Thanks to convergence with life, art returned from gods to people. Creation was now the will of the individual. Therefore, art had to be the representation of the emotions and character of the free individual. The classical aesthetics of the church and authority of the academy that imposed this aesthetic had to end, and the canon and norms which it inherited be destroyed" (Artun, 2003;21).

In the post Napoleonic period of the French Revolution in 1789, the official artistic understanding of the academy established by the state was identified as Neo-classicism. This point of view was based on the reinterpretation of philosophical and literary works produced in ancient Roman and Greek civilizations in line with the new positioning of human in the world. The concepts of agnosticism, skepticism and empiricism were introduced through literature and philosophy as an emphasis on the supremacy of thinking. Through art that provided a change of perception as regards people, nature, community, divinity, and life in general, the artist once again came to the forefront as the transformative power of the society in the political arena; "The French Academy of Fine Arts was the first modern institution to represent the control over the art of a nation-state. The Academy intended to create a universal, elite and civilized appreciation and knowledge, both of which were based on a newly evolving idea of the period: the state had to be instrumental in the civilization of uneducated, simple masses with its institutions" (Kreft, 2008:35).

In Europe, the direction of "Neoclassicism" gave rise to the rediscovery, evaluation, and production of similar works of art from the ancient Greek and Roman periods. It also paved the way for the evaluation and production of old philosophical, social and intellectual movements in the direction of new events. The level of civilization achieved by the ancient civilizations was profoundly interpreted by Europeans, and new artistic works were produced far from the effects of scholastic thought and religion, resulting in a completely new and more contemporary world perception.

Those who realized the French revolution adopted Classicism as the most appropriate artistic understanding of political thought. It was because Classicism had an understanding to serve the revolutionary spirit. According to Hauser, the factors that played an important role in this adoption were not the principles of sincerity inspired by "problems of taste and form, or the philosophy of the Middle Ages and the early Renaissance bourgeoisie, but the ideals of patriotism of the Revolution," (Hauser, 1984:133). It was necessary to have an unsurpassed artistic understanding that would best understand the ideology of the newly established republic and provide settlement of its values. The relationship between art and politics in this century was based on the nation-state model. Art was a means to educate the masses and form a national ideal through the creation of national consciousness. Poems were written in this direction with a new form, style and content, novels and plays created characters and plots for this purpose, and the values of the nation-state were introduced into people's minds through new ways.

With Romanticism, there were radical changes in the history of art. The individualism that started with the Renaissance only manifested itself in the nineteenth century, and the artist's domination of art was overtaken by the artist. The artist was now the poet who freely sang his own songs. Romanticism was not a matter of preference, nor was reality copied in its reflection. Romanticism was the way the artist felt. They sought romanticism outside, but it could only be found inside. Art went beyond being an illusion of the outside world. Romanticism could be thought of as a reflection of the artist's imagination or, in other words, the reality of imagination in the mirror metaphor (Şaylan, 2009:86). At the same time, Romanticism, besides being the first example of the liberation of art, also influenced the art understandings that would come after itself.

As we have seen, the functions of art and artists in the social process varied according to the dominant tendencies of the periods, the relation of man with nature and other people, the way of perceiving the world, and politics. More importantly, the liberation of the artist in the historical process and the becoming of an individual has brought about the autonomy of art and artist and turned out to be a political object, starting to see a new function that determines the political thoughts, the likes of people and their preferences.

#### References

- Artun, Ali. (2003). Modern Hayatın Ressamı: Charles Baudelaire. ("Baudelaire'de Sanatın Özerkleşmesi ve Modernizm". Çev.: Ali Berktaş). İstanbul: İletişim Yayınları.  
Hauser, Arnold. (1984). Sanatın Toplumsal Tarihi. (Çev.: Y. Gölönü). İstanbul: Remzi Kitabevi.  
Janouch, Gustav. (1966). Kafka ile Konuşmalar. (Çev.: A. Oflazoğlu). Ankara: Bilgi Yayınevi.  
Kreft, Lev. (2008). Sanat ve Siyaset: Sanatın Siyaseti ve Siyasetin Sanatı. İstanbul: İletişim Yayınları.  
Sontag, Susan. (1991). Sanatçı Örnek Çilekeş. İstanbul: Metis Yayınları.  
Şaylan, Gencay. (2009). Postmodernizm. Ankara: İmge Yayınları.

## ҚАЗАҚ СТИЛИСТИКАСЫНЫҢ САРДАРЫ

*Әлісжан С.Қ.,  
филология ғылымдарының докторы, профессор,  
Назарбаев Университеті,  
Астана, Қазақстан,  
[aliszhan-sarkyt@mail.ru](mailto:aliszhan-sarkyt@mail.ru)*

#### Резюме

Академик М.Серғалиев и вопросы казахской стилистики. В статье рассматриваются научные вклады академика М.Серғалиева по казахской стилистики.

Стилистика кез келген ғылым саласы тәрізді өз дамуында ілгерілеуді де, дағдарысты да бастан кешірді. Қазақ тіл білімінде стилистика өзге салаларға қарағанда кеш қолға

алынғаны мәлім [1, 155-169 бб.; 2, 3-б.]. Соған қарамастан, сөзді шебер қолданудың қырлары мен сырларын, кейбір заңдылықтарын, түрлі стильдік иіндегі мәтіндердің өзіндік ерекшеліктерін, жалпы қазақ сөзінің көркемдік қуатын саналы ғұмырында ғылыми тұрғыдан сөз етуден талмаған, стилистикаға деген зерттеушілік «адалдығын» өмірінің соңына дейін дәлелдеген зерттеушілеріміз баршылық. Сондай «стилистика патриоттарының» бірегейі – академик Мырзатай Серғалиев. Ғалымды қазақ стилистикасының алдыңғы шебіндегі сардары деп атауға толық негіз бар.

Академик М. Серғалиев стилистика мәселелеріне оннан аса зерттеу еңбектерін арнаған. Стилистиканың жалпы мәселелерімен қатар функционалды стилистика, көркем әдебиет тілі, тіл мәдениеті зерттеушінің назарынан тыс қалмаған. М. Серғалиевтің әр жылдары жарық көрген «Стилистика негіздері» (Астана, 2006), «Синтаксис және стилистика» (Алматы, 1997), «Көркем әдебиет тілі» (Алматы, 1995) т.б. еңбектері қазақ тілінің стилистикасына қосылған сүбелі зерттеулер ретінде бағаланады. Мұнымен қоса, акад. М. Серғалиевтің ұзақ жылдар бойы жоғары оқу орындарында «Стилистика» бойынша дәріс жүргізгенін әлі ұмыта қойған жоқпыз. Ғалым оқу үдерісінде осы пәннің өткізілу жай-күйіне, бағдарламасы мен өзекті мәселелеріне, тіпті курстың аталуына да қатысты әркез өз пікірін білдіріп отырған, сөйлеу мәдениетінің артық-кемшін тұстарына БАҚ арқылы белсенді араласқанын жақсы білеміз.

Акад. М. Серғалиевтің стилистика саласындағы шоқтығы биік бір еңбегі – «Стилистика негіздері» (Астана, 2006) атты оқулығы [3]. Кезінде бұл кітапты ғылыми-педагогикалық жұртшылықтың қуана қабылдағаны рас, өйткені жаңа мазмұндағы оқулыққа деген сұранысқа жалпы әлеумет зәру еді. Әдетте стилистика теориясы үш мәселеге негізделіп баяндалады: 1) қоғамдағы барлық сөйлеу (тілдік) тәжірибесін жүйелі сипаттайтын функционалдық стильдер теориясы; 2) сөз таңдау, автордың, белгілі бір жанрдың және функционалдық стильдің мақсатына сай жүзеге асатын; 3) нормадан ауытқу көріністері [4, 45-б.]. Осындай келелі мәселелер «Стилистика негіздерінде» жақсы сипатталады. Оқулық өзіне дейінгі жарияланған басылымдардан теориялық сонылығымен ерекшеленеді. Зерттеу стилистика үшін тың болып табылатын мәселелерді енгізуімен, функционалдық стильдердің жеке түрлерін жан-жақты сипаттауымен, нормадан ауытқушылықтарды нақты тілдік материалдарға сүйене отырып баяндауымен ерекше тұрады.

Оқулықтың бірінші бөлімі «Жалпы теориялық мәселелерге» арналған. Бөлімде қазақ стилистикасында бұрын-соңды қарастырылмаған немесе аз сөз болған біраз мәселелер қамтылады. Автордың лингвистикалық стилистика жайында айтқандарын солардың қатарынан танимыз және бұл құрғақ баяндалмайды, тілдік мысалдар негізінде өрістеп отырады. Оқулықта келтірілген алты мәтін [3, 6-12 бб.] теориялық мәселені нақты бекітуде қызмет атқарады. Ғылымның негізгі міндеттерінің бірі «белгісіздіктен белгіліге қарай жылжу» болса, осы орайда сол қағиданың іске асу көрінісі көрінеді. Болашақ мамандардың, автордың өзі айтқандай, «тіліміздің икемділігі мен байлығына деген сезімі мен сенімін арттыра түсу» осындай мәтіндерге талдау арқылы жүзеге асатыны жақсы ескерілген.

Тілдің стилистикалық мүмкіншілігін зерттеу, бір жағынан, әлеуметтік лингвистикалық мәні бар «тілдік өріс», «тілдік өре» тәрізді ұғымдармен байланысты. Тілдік өріс, тілдік өре дегеніміз – тілдің қолданыс мүмкіншілігі немесе тілдің қолданыстағы көрінісі. Тіл неғұрлым қолданған сайын оның өрісі кеңейіп, өресі артатыны сөзсіз. Бүгінгі қазақ қоғамындағы қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде арнасы кеңейіп, қоғамдық ортаның қайсысында болмасын қолданысқа енуі тілдік өрені арттыру үшін істеліп жатқан әлеуметтік мәні зор шаралар. Тілдің қолданыстағы жұмсалуды зерттеу әу баста стилистикадан бастау алды. М. Серғалиев тілдің ауызша және жазбаша қарым-қатынастағы қызметін ескере отырып, лингвистикалық стилистикаға мынадай анықтама ұсынған: «Лингвистикалық стилистика дегеніміз – қарым-қатынастың әр түрлі жағдайлары мен аяларына байланысты, мазмұн мен мақсатқа сәйкес құралған шығармадағы тілдік құралдардың мәнерлегіштік мүмкіндіктерін, стилистикалық бояулары мен мағыналарын, қолданылу заңдылықтарын, қолданыс тілінің құрылымын тілдік тұрғыдан зерттейтін сала» [3, 14-б.].

Қай сала болмасын, ең әуелі оның негізгі ұғымдары мен категорияларын саралап, талдап, түгендеп алу – маңызды жұмыстардың бірі. Бұл сол саланың ғылым ретіндегі сұлбасын, даму сипатын, заңдылықтарын танытады. Осы тұрғыдан келгенде, автордың лингвистикалық стилистиканың ғылыми табиғатына тікелей қатысты басты ұғымдарды арнайы қарастыруы құба-құп. Ғалым стиль, функционалдық стиль, функционалдық стильдің екі қыры (лингвистикалық фактор, экстралингвистикалық фактор), стилистикалық коннотация, стилистикалық құралдар тәрізді терминдердің мәнін талдайды. Автордың стиль ұғымына берген анықтамасы назар аудартады: 1) әдеби тілдің түрі, демек, сол тілде сөйлейтін баршаға түсінікті сөздер мен конструкциялар; 2) тілдік құралдардың қалай болса солай тіркескен тобы емес, шартты түрде тұйықталған тобы; 3) стиль – тарихи қалыптасатын категория, олай болатыны – тілдік құралдардың қоғамдық қызметтің бір саласында жұмсалып, тұрақталуы, бір күннің, бір айдың немесе бір жылдың жемісі емес, ол көптеген жылдарды басынан кешіріп, әбден қалыптасқан категория; 4) стиль қоғамдық қызметтің бір саласында жұмсалады [3, 26-б.].

Зерттеуші орыс тіл біліміндегі «речь» ұғымының баламасы ретінде «қолданыс тілі» деген атауды ұсынады. Қолданыс тілінің қандай формада (ауызша және жазбаша) жүзеге асатынына орай «сөйлеу қолданыс тілі» және «жазба қолданыс тілі» [3, 31-б.] деген ұғымдарды қолданады. Ескеретін бір жайт, қазақ тіл білімінде «речь» ұғымы әлі күнге тұрақталған бір атаумен білдіріле алмай келеді. Бұл термин мәнмәтінге қарай тіл, сөз, сөйлеу, қолданыс тілі делініп әртүрлі беріледі. Мұндай ала-құлалықты «Қазақ тілі стилистикасы» (Алматы, 1974) оқулығының авторлар ұжымы да, академик Р. Сыздық та сөз етеді. Р.Сыздық «речь»-тің баламасы ретінде «қолданыс», «тілдің қолданысы», «тіл», «сөз» сияқты атауларды пайдаланған [1, 117-б.]. Ал проф. Н. Уәли «сөз» ұғымына табан тірейді [5]. «Речь»-тің қазақша түрлі аталуы зерттеушінің тілді қай қырынан, қай жағынан қарастыруына байланысты, оны бір ғана сөзбен атау мүмкіндігінің аз болып келетіні сондықтан. Егер зерттеуші тілді құрылымдық жағынан, тілдік жүйе тұрғысынан қарастырса, «сөйлеу», «тіл» деп алатын болса, ал тілді функционалдық жақтан немесе стилистикалық тұрғыдан талдаған тұстарда «қолданыс тілі», «тілдің қолданыстағы көрінісі» деген сөздермен білдіріледі. Қазіргі тіл білімінде функционалдық бағыттың күшеюі оны «сөз» (Н. Уәли), «сөйлесім» (З. Ерназарова) тұрғысынан зерттеуге жол ашып отыр.

М. Серғалиевтің стилистика мәселелеріне қатысты тұжырымды бір пікірлерінің бір саласы – «экстралингвистикалық факторлар» ұғымына қатысты. Әдетте белгілі бір функционалдық стильді түзуші, қалыптастырушы, жеке стиль ретінде ұйымдасуына жағдай туғызушы факторлар болады және олар тілдік құралдардың сол стиль аясында жұмсалу, қолданылу ерекшеліктерін қалыптастырып ықпал етеді, функционалдық стильге тән өзіндік белгілерді құруға ат салысады. Жалпы тіл білімінде бұларды экстралингвистикалық факторлар деп атап, ұзақ жылдардан бері (XX ғ. 30-жылдарынан) зерттелуіне мән беріп келе жатыр. Мәселен, Батыс Еуропа лингвистері И. Петерсон, В. Шнейдер, Б. Гавранек, К. Гаузенблас, М. Елинек, орыс тіл білімінде В.П. Филин, В.М. Жирмунский, М.Н. Кожина, М.П. Котюрова т.б. ғалымдар өз еңбектерінде бұл мәселеге тоқталмай кетпеген. Қазақ тіл біліміндегі стилистикаға қатысты азын-аулақ еңбектер, негізінен, таза тілдік ерекшеліктерді көрсетуге құрылып, стильді құрайтын сыртқы лингвистикалық факторларды, олардың ішкі бірлігін, байланысын ашу өз алдына міндет етіп қойылмайды. Сонымен бірге соңғы кезде ғалымдарымыз экстралингвистикалық факторсыз функционалдық стильдің дербес стиль ретіндегі қалыптасуын толық сипаттау мүмкін еместігіне назар аудара бастады. Жаңа ғылыми парадигмалардың пайда болуына орай экстралингвистикалық фактор термині бүгінгі күні өзгеше мән алып, көп кешенді мәселеге айналып отыр. Бұл мәселе сөйлесімнің коммуникативті-прагматикалық, мәндік және құрылымдық ұйымдасуының өзара әрекетіне байланысты қаралып жүр. Тілді зерттеу мәтіннің түзілісін (байланыстылығы, тұтастығы) және типологиялық белгілерін (стиль, жанр, сөйлеу типі) ескере отырып, тілдің (мәтіннің) тууының (қалыптасуының) кезеңдерін – интенционалдық, дейктикалық, пресупозиционалдық, модальдік жақтарын және солардың өзара алмасу бағыттарын

қарастырады. Осындай мәтіннің түзілу (туу) барысын зерттеу бізге мынаны көрсетеді: бір ғана тілдік модель (құрылым) тілдік қызметті сипаттау үдерісінде жеткіліксіз, сондықтан тілге дейінгі жақтарды да қарастыру әрқашан өзекті. Тілдік және оған дейінгі қатынастардың қыр-сырын ашу қажет. Сөйтіп, тілден тыс құбылыстардың табиғатына тереңдей бару, сол арқылы белгілі бір қызмет аясындағы тілдің (мәтіннің) түзілу заңдылықтарын зерттеу қазіргі тіл білімінде өріс алып отырған бағыт.

М.Серғалиев «функционалдық стильдің толыққанды өз міндетін атқару үшін лингвистикалық факторлардан гөрі тілге қатыссыз фактор жетекші роль атқаратынын» дәл аңғарады. Автор экстралингвистикалық факторлардың қатарына қарым-қатынас аясын, қоғамдық қызметтің және қоғамдық сананың түрін жатқызады. Зерттеуші осылай нақтылай отырып, мынадай қорытындыға келеді: «функционалдық стиль экстралингвистикалық және лингвистикалық факторлардың бірігуінен жасалады» [3, 29-б.]. Оқулықта болашақ мамандар үшін қажет лингвистикалық стилистиканы түр-түрге ажыратудағы негізгі қағидалар, функционалдық стилистика мен тіл деңгейлері стилистикасының қарастыратын нысандары, олардың ауқымы, теориялық және практикалық стилистика, білдіретін мәні т.т. көптеген мәселелер қарастырылады.

Оқулықтағы тағы бір жаңалық «Тіл экологиясы және тілдің функционалдық-стильдік тармақтарының» сөз болуында дер едік. Тілдік ортаның қаншалықты белсенді немесе белсенді еместігіне байланысты кейінгі зерттеулерде «тіл экологиясы» дейтін ұғым қолданылып жүр. Осы орайда «Қазақ тілі – қазақ халқының мәдени жадын, тарихи жадын жинақтаушы, сақтаушы, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші, оларды қайта жаңғыртушы, ұрпақ пен ұрпақтың рухани дүниесін сабақтастырушы ретінде қазақтілділердің экологиялық рухани ортасы» [5, 20-б.] болып табылады. Академик М. Серғалиев осымен байланысты «тіл тармақтары» терминін пайдаланған. Тілдік құралдардың қолданылу шегіне қарай оны төрт топқа жіктейді: 1) мезгілдік мағынадағы тіл тармақтары; 2) кеңістік мағынадағы тіл тармақтары; 3) әлеуметтік мағынадағы тіл тармақтары; 4) функционалдық-стильдік мағынадағы тіл тармақтары [3, 16-б.]. Егер осыған дейінгі оқу-әдістемелік және ғылыми басылымдарда бұл ұғымдар туралы кең баяндаулардың болмағанын ескерсек, бұл еңбектің мәні, сөзсіз, арта түседі. Қазақ стилистикасында бес түрлі функционалдық стильдің қалыптасқаны нақты анықталғанымен, олардың зерттелу дәрежесі біркелкі емес. Кітаптың «Функционалдық стилистика» атты екінші бөлімінде осы стильдік жүйелерге жоғары мектептің талаптарына сай, жан-жақты сипаттама беріледі. Әр стиль түрінің жалпы сипаты, лингвистикалық және экстралингвистикалық белгілері, тілдік (фонетикалық, лексика-фразеологиялық, морфологиялық және синтаксистік) ерекшеліктері, шағын түрлері баяндалады. Ал «Тіл ярустарының стилистикасына», «Тілдің бейнелеу-мәнерлеу құралдарына» үшінші және төртінші бөлім арналған. Сөз жоқ, бұлар болашақ мамандардың қоғамдық өмірдің түрлі саласында пайдаланылатын тіліміздің стильдік тармақтары жөніндегі білімін кеңейте түседі.

Академик М.Серғалиұлының стилистикалық пайымдаулары жайында сөз қозғай отырып, қазіргі стилистикадағы кейбір жаңалықтар туралы айта кеткенді жөн көреміз. Соның бірі – «стиль» мен «дискурс» ұғымдарының арақатынасы. Өйткені бүгінгі таңда зерттеушілер стиль и дискурс терминдерін түрлі бағыттарда қолдануда. Бүгінге дейінгі «стиль» аталып, стилистика саласының ауқымындағы мәселелер ендігі уақытта «дискурс» терминімен алмастырылып, дискурсология саласына тиісті болып шықты. «Дискурс» термині «стиль» терминіне синоним ретінде қолданыла бастады, дискурс сөзін қолдану сәнге айналды десе болады, ғылыми айналымнан біртіндеп стиль ұғымын шығаруды көздейтін зерттеушілер де жоқ емес. Сондықтан стиль мен дискурс ұғымдарының ара жігін ажыратып, осы уақытқа дейін стилистикада қалыптасқан ғылыми дәстүрге орай нақтылай кеткен жөн.

Дискурс терминінің басымдық танытуы – қазіргі лингвистикадағы ғылыми парадигмалардың ауысуының нақты көрінісі, ол тілді зерттеудегі жүйелік талдаудан (тіл «жүйедегі жүйе» ретінде қарастырылады), коммуникативтік зерттеулерге ұласудың көрінісі болмақ. Академик М.Серғалиұлының еңбегіне талдау жасау барысында дәстүрлі



функционалды стилистикада әрбір функционалды стильдің экстралингвистикалық негіздері мен интралингвистикалық ерекшеліктері егжей-тегжейлі қарастырылғанына, әр стильге тән ерекшеліктер, стильдік нормалар анықталғанына көз жеткіздік.

Тілді зерттеудегі жаңа коммуникативтік тәсіл лингвистикалық бірліктерді сипаттаудың жаңа әдісін ұсынады. Стиль де, дискурс та стильжасаушы және дискурстүзуші мәтіндер негізінде көрініс табады. Егер функционалды стилистикада мәтін – тілдік сатылаудың жоғары қаттауы ретінде саналса, ал коммуникативтік тәсіл бойынша мәтін адресанттан адресатқа жөнелтілетін мақсатты қарым-қатынастың өнімі ретінде қарастырылады. Міне, осы аталған аспект стиль мен дискурсты ажыратудың теориялық негізін құрайды.

Нақтырақ айтқанда, стиль термині дискурсқа дейінгі дәстүрлі функционалды стилистиканың бірегей ұғымы ретінде қала береді. Бұл ұғым тілдің қарым-қатынас, хабар беру, ықпал ету қызметтеріне сәйкес функционалды стилистиканың ұғымы ретінде өмір сүруін жалғастырмақ. Стиль термині түрлі функционалды стильде жазылған мәтіндердегі тілдің синтезделу заңдылықтарын қарастыру үшін қолданылады. Ал табиғаты жағынан қаншама функционалды тән болса да, стильдің аясына ене алмайтын, оның әлеуеті көтермейтін тілге дейінгі мәселелердің кейбірі ендігі жерде дискурстың құрамында қарастырылмақ. Олар: адресант, оның мақсаты (интенциясы), прагматикалық міндеттері, сондай-ақ адресат, оның ниеті, ғылыми қарым-қатынасқа қатысушылар. Бұлайша қарастыру функционалдықыпен қоса коммуникативтілікті де өзіне қосады, зерттеу бағыты одан сайын кеңейе түседі.

Сөйтіп, тілдің қызметін дискурстық негізде қарастыру дегеніміз – тілдің мәнін қарым-қатынас аясында зерттеумен тығыз байланысты. Өйткені дискурс дегеніміздің өзі – белгілі бір саладағы қарым-қатынастың жүзеге асу тәсілдерін анықтайтын, мәтіндер жиынтығы ретінде жүзеге асатын, тілдік құрылымдардың өзіндік (стилистикалық) түрлері қатысатын, белгілі бір қарым-қатынас аясында қабылданған әлемді бейнелеудің ерекше тәсілдерін бойына сіңіретін коммуникативтік және тілдік белгілердің (параметрлердің) жиынтығы [6].

Академик М. Серғалиұлының стилистикалық еңбегі жайындағы сөзімізді қорыта келе, ғалымның ғылыми бастамалары, ойлары бүгінгі күнгі зерттеушілер тарапынан жалғасын тауып жатқанын атап өткіміз келеді. М. Серғалиұлының қаншама шәкірттері стилистика саласында еңбек етіп, ғылыми басылымдар жариялауда. Бүгінгі ғылыми орта аға буын ғалымдарымыздың дәстүрін жалғастырудағы жауапкершілікті нақты сезінеді дегіміз келеді.

**Әдебиет:**

1. Сыздық Р. Сөз құдіреті. – Алматы: Санат, 1997.
2. Әлкебаева Д.А. Қазақ тілінің прагмастилистикасы. – Алматы: Зият-Пресс, 2007.
3. Серғалиев М. Стилистика негіздері: Оқулық. – Астана: Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ, 2006.
4. Клушина Н.И. Современная стилистика: проблемы и перспективы // Актуальные проблемы стилистики. Ежегодный международный научный журнал, – М., 2015. – №1. – С. 44-47.
5. Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері. ДДА. – Алматы, 2007.
6. Букейханова Р.К. Субъективный аспект когнитивного механизма обработки дискурса // Актуальные проблемы лингвистики и методики преподавания иностранных языков. Ч.1. – Алматы, 2001. – С. 72-75.

# АКАДЕМИК М. СЕРҒАЛИҰЛЫНЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІ СИНТАКСИСІН ОҚЫТУ МЕН ЗЕРТТЕУДЕГІ ҮЛЕСІ

*Жақыпов Ж.А.,  
филология ғылымдарының докторы, профессор,  
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
Астана, Қазақстан,  
[zhan.zhak58@gmail.com](mailto:zhan.zhak58@gmail.com)*

## Резюме

Академик М.С. Серғалиев внес большой вклад в развитие казахской филологической науки. В этой статье оценивается вклад академика М.Серғалиева в изучение синтаксического строя казахского языка. В настоящее время в изучении и обучении членов предложения, сложного предложения, сложных синтаксических целых имеются проблемы, связанные различием этих синтаксических единиц. Решению этих проблем способствует «Синтаксические исследования» М.С. Серғалиева.

## Summary

Academician M.S. Sergaliev made a great contribution to the development of Kazakh philological science. This article assesses the contribution of Academician M.Sergaliyev to the study of the syntactic structure of the Kazakh language. At present, in the study and teaching of sentence members, complex sentences, complex syntactic integers, there are problems associated with the difference in the interpretation of these syntactic units. "Syntactic Studies" of M.S.Sergaliev is helps to solve these problems.

Академик Мырзатай Серғалиұлының филология ғылымының әр түрлі салаларына қосқан үлесі мол екені белгілі. Солардың ішінде ғалым үлкен үлес қосқан сала деп синтаксис саласын тануға болады. Қазақ тілі синтаксисінің ХХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХІ ғасырдың басында зерттелу жайын Мырзатай Серғалиұлының есімінсіз елестету қиын. Ол көп жыл бойы осы пәннен дәріс оқыды, синтаксистің келелі мәселелеріне арнап мақалалар жазды, монография мен оқулық жариялады. Соңғы шыққан «Қазақ грамматикасында» (2002) синтаксис бөліміндегі тарауларға автор, осы бөлімге бас сарашы болды [1].

М. Серғалиұлының синтаксис саласындағы еңбектері сөз тіркесінен бастап, жай және құрмалас сөйлемдерді қамтып, мәтінге дейін жетеді. Бұл еңбектердің қазақ тілі синтаксисін қазіргі зерттеу мен оқытуға ықпалын түсіндіру үшін синтаксистік деңгейлердің әрқайсындағы мәселелерді парықтап алайық.

Сөз тіркесінің нақтыланған сипаттарына сыңарларының: толық мағыналы болуы; бағыныңқы-басыңқы ыңғайда сабақтаса байланысатыны; жалғау тәсілі, қабысу, матасу, меңгеру пішіндері арқылы байланысатыны, анықтауыштық, толықтауыштық, пысықтауыштық қатынаста тұратыны жатады. Бұл белгілердің бәрі алдымен құрылымға негізделеді де, сонан соң барып сыңарлардың арасындағы мағынаға ойысады. Ол мағыналар қазіргі әдебиеттерде (оқулықтарда, зерттеулерде) шашыранды түрде беріледі. Типтеле айтылатыны анықтауыштық, пысықтауыштық, толықтауыштық қатынастар ғана [2; 3; 4]. Алайда сөз тіркесін дербес бірлік деп танысақ, сөйлем мүшелерінің атауымен шектелу сөз тіркесінің өзіндік дербестігіне күмән келтірмеді. Сондықтан сөз тіркесінің мағыналық аспектілерін басқаша түсіндіру тілдің табиғатын толығырақ әрі айқын түсіну үшін керек. Демек, сөз тіркесінің мағыналық сипаттарын анықтай түсу үшін функционалдық ыңғайда зерттеудің нәтижелерін айналымға қосу керек. Осы орайда М. Серғалиұлының сөз тіркестерінің синонимдігін зерттеуден алған нәтижелерінен өзіндік шешімдер табуға болады. Ғалым сөз тіркестерінің синонимдігін әрбір нақты сөз тіркесінің келесі бір сөз тіркесімен мағына жағынан жуықтығымен шектемейді, көптеген сөз тіркесінің бір мағыналық топқа ортақтаса топтасатынын белгілейді. Ғалым етістікті сөз тіркестеріндегі мағыналық топтардың мынадай түрлерін тілдік айғақтар арқылы көрсетіп береді:

1. нысандық қатынастағы сөз тіркестері;
2. әңгіме, сөз нысанын білдіретін сөз тіркестері;
3. құралдық қатынасты білдіретін сөз тіркестері;

4. бөліну, даралану ұғымын білдіретін сөз тіркестері;
5. бірлестікті, тұтастықты білдіретін сөз тіркестері;
6. қимылдың нысанға әсерін білдіретін сөз тіркестері;
7. пысықтауыштық қатынастағы сөз тіркестері [5: 76-171].

Осы жіктеудегі соңғы 7-шісінен басқасын тек сөз тіркесінің өз ішінде ғана анықталатын құбылыстар қатарына жатқызуға болады. Соңғы «пысықтауыштық қатынастағы сөз тіркестерін» ғалым жалпылай алғанмен, нақты мағыналық рендерді баяндау барысында бөлектей қарайды. Осы тұсты синтездей түсу – болашақтың ісі. Ал етістікті сөз тіркесін оқытуда бұлар міндетті түрде пайдаланылуы қажет деп есептейміз.

Есімді сөз тіркестерін ғалым мынадай мағыналық топтарға жіктейді:

1. арнау, меншіктік қатынастағы сөз тіркестері;
2. заттың қасиетін, белгісін білдіретін сөз тіркестері;
3. заттың неден жасалғанын білдіретін сөз тіркестері;
4. мекендік қатынастағы сөз тіркестері;
5. мезгілдік қатынастағы сөз тіркестері;
6. мақсаттық қатынастағы сөз тіркестері;
7. себеп-салдарлық қатынастағы сөз тіркестері;
8. салыстырмалық қатынастағы сөз тіркестері [5: 171-200].

Қазақ синтаксисіндегі зерттеулер мен оқулықтарда бұларды анықтауыштық не болмаса пысықтауыштық қатынастарға тоғыстырады, ал нақты мағыналар әр жағдайға орай кездейсоқ көрсетіледі десе де болады. Ал мына еңбекте, көріп отырғанымыздай, қатынас емес мағыналық топтар берілген. Анықтауыш, пысықтауыш дегендерді сөйлемге тән құбылыс деп санайтын болсақ, сөз тіркесіндегі мағыналық құбылыстарды қазіргі жоғары мектеп лингводидактикасында Серғалиевше топтап көрсету қажет деп есептейміз.

М. Серғалиев синтаксисіндегі бір ерекшелік – салалас сөз тіркестері. Бұл әлі оқыту жосығына енген жоқ. Қазақ тіліндегі паратаксисті зерттеген Б. Сағындықұлы сөз тіркесінің осындай түрін кейін арнайы зерттеді [6]. Бұл мәселе талқылануы тиіс, бір тоқтам, ортақ меже табуға тиіс мәселе болып саналады.

Академик М. Серғалиевтің синтаксистегі тағы бір үлесі жай сөйлем деңгейіне тиесілі. Жай сөйлемнің негізгі мәселелері тоқтамды шешім тапты деуге болады. Алайда, сөйлемнің күрделі мүшесін белгілеп талдауға келгенде іс жүзінде тығырыққа тіреліп қалатын тұстар бар. Бұл тығырық сөйлем мүшесіне берілетін анықтама мен нақты бір сөйлемдерде кездесетін тіркестердің жайының екі басқа болуымен байланысты. Нақтырақ айтқанда, сөйлем мүшесі болу үшін толық мағыналы болып, дербес бір сұраққа жауап беру талабы бар, ал сөйлем құрамындағы кейбір тіркестердің әр сыңары осындай талапқа сай келеді, бірақ, логикалық жағынан алғанда, тіркес тұтастай бір сұраққа ғана жауап беріп тұрады. Бұған бір баламалы шешімді М. Серғалиев синтаксисінен табамыз. Оқиық: «Логикалық категория тұрғысынан келіп сөйлем мүшелерінің қай-қайсын да анықтау керек болғанда, ұғымның мазмұны мен көлемі есте болғаны жөн. Сөйлем мүшелерінің қатынастарында ұғымдардың мазмұндарының сәйкес келуіне қоса, міндетті түрде сол мазмұндардың көлемдері тең болулары керек, олай болмағанда сөйлем мүшесінің табиғаты толық ашылмайды» [7: 359].

Тағы бір мәселе үйірлі мүше төңірегінде. Әдебиеттерде үйірлі мүшеге екі түрлі анықтама беріледі. Біріншісінде өз ішінде мүшелік жіктерге бөлінетін күрделі мүше ретінде анықталса, екіншісінде предикативтік ыңғайда құрылатыны туралы айтылады. Бірінші анықтама тұрлаулы мүшелердің бірін-бірі анықтап, толықтап, пысықтап тұратыны туралы қағидаға сәйкес болып шығады да, қайшылық тудырады. Бірақ бұл анықтама теріске шығарылмай келеді. Үйірлі бола алатын мүшелер бастауыш, анықтауыш және толықтауыш мүшелер ғана дейтін де пікірлер болған [8; 9]. Сонымен қатар құранды баяндауыштар мен сабақтас құрмаластың кей түрінің бағыныңқы сыңарын үйірлі мүше қатарына жатқызу да бар [10]. Ал академик М. Серғалиұлы осы сияқты пікірлерді саралай келе, «... үйірлілік үшін бастауыш-баяндауыштық қатынастың (шартты түрде алғанда) болуы міндетті; сөйлем мүшелерінің барлығы да үйірлі болуға бейім» деп табады [11: 369].

Құрмалас сөйлемдерді зерттеу мен оқытуда басын ашып алар жайт – пішіннен мағынаға қарай бағытталып зерттеу мен солайша түсіндіру. Бұл, ең алдымен, құрмаластардағы функционалдық мәселесін айқындайды, ал оқытуда уақыт үнемдеуге, ойды ықшамдап жеткізуге ықпал етеді. Осы орайда М. Серғалиұлының жіктемесін қолдануға әбден болады. Синонимияны талдағанда ғалым салалас пен сабақтастарды мағына жағынан мынадай он топқа бөледі:

1. шарт мәнді сөйлемдер;
2. қарсы мәнді сөйлемдер;
3. ыңғайлас мәнді сөйлемдер;
4. мезгіл мәнді сөйлемдер;
5. түсіндірме мәнді сөйлемдер;
6. себеп-салдар мәнді сөйлемдер;
7. салыстырма мәнді сөйлемдер;
8. амал мәнді сөйлемдер;
9. мақсат мәнді сөйлемдер;
10. нысанды білдіретін сөйлемдер [12].

Құрмалас сөйлемдерді кейін функционалдық тұрғыдан Т. Ермекова зерттеді. Т. Ермекованың еңбектерінде М. Серғалиев бағытының ізі айқын көрініп жатыр.

Сөйлемнен (жай я құрмалас) үлкен синтаксистік бірліктерді зерттеу қазақ тіл білімінде ХХ ғасырдың соңғы онжылдығында қолға алынды, ал оны оқыту ХХІ ғасырдың еншісіне тиді. Әрине, оның алғашқы бастаулары Т. Қордабаев, Р. Сыздықова, Б. Шалабаев еңбектерінен көрініс тапты. Алайда, осы мәселеге арнап алғаш оқу құралын Б. Мүсіреповамен бірігіп 1989 жылы М. Серғалиұлы жариялады [13]. Кейін осы оқу құралының мазмұны 2002 жылғы «Қазақ грамматикасынан» да орын алды.

Күрделі синтаксистік тұтастық мәселесін толық пайымдалып, бір тоқтамға түйінделген мәселе деуге болмайды. Тіпті, еуразия кеңістігінде мұның термині де орныққан жоқ, қазір сложное синтаксическое целое, сложное синтаксическое единство, сверхфразовое единство, абзац, текст сияқты терминдер жарыса қолданылып жүр. М. Серғалиұлы осылардың ішінен жиі қолданылатын «сложное синтаксическое целое» терминін таңдап, оның қазақша «күрделі синтаксистік тұтастық» деп аталғанын дұрыс көріпті. Біз «шумақ» терминін ұсынып едік [14].

М. Серғалиұлы ең алдымен бұл бірліктің негізгі қасиеттерін санамалап көрсетіп береді. Олар – күрделі синтаксистік тұтастықтағы ой, мағына бірлігі, күрделі синтаксистік тұтастықтың аяқталған ойды білдіретіндігі, күрделі синтаксистік тұтастықты құрап тұрған сөйлемдердің өзара байланысқан синтаксистік бірлігі, күрделі синтаксистік тұтастықтың интонациялық-ырғақтық бірлігі [15: 312-314].

Ғалым күрделі синтаксистік тұтастықтың құрамындағы дербес сөйлемдерді ұйыстырушылық, мағыналық қызметіне қарай үш тұрғыға жіктейді:

«а) күрделі синтаксистік тұтастықтың барлық мағынасын өзіне қысқаша түрде жинақтап тұрған *алғашқы сөйлем*;

ә) ойдың, теманың дамуын көрсететін *ортаңғы сөйлем*;

б) кішкене теманың, ойдың мағыналық және синтаксистік жағынан аяқталғанын білдіретін *қорытушы сөйлем*» [15: 316].

Күрделі синтаксистік тұтастықтың тілімізде бар екеніне күмән келтірушілік бар екенін айта кетейік. Ондай скепсиске себеп болып тұрған жайт – күрделі синтаксистік тұтастықтың шекараларын белгілеудің қиындығы. М. Серғалиұлының күрделі синтаксистік тұтастық құрамындағы сөйлемдерді осылайша тұрғылауы мұндай бірліктің шекараларын белгілеу жолындағы ізденіс деп бағалауға болады. Осындай күмәнді мәселелерді айналып өткісі келгендер бұл бірлікті абзацпен теңестіре қарайды. Бұл, әрине, мәселенің ғылыми шешімі деуге келе қоймайды. Өйткені күрделі синтаксистік тұтастық пен абзац әрқашан сәйкес болып келе бермейді, оны М. Серғалиұлының осы еңбегінде абзац пен күрделі синтаксистік тұтастықты салыстыруынан көруге болады [15: 338-340].

Осы еңбегінде параллель және тізбекті түрде байланысқан күрделі синтаксистік тұтастықтың түрлері тілдік айғақтарды талдау арқылы түсіндіріледі. Орыс тіл білімінде күрделі синтаксистік тұтастықтарды функционалдық типтерге бөліп қарау қалыптасқан. Қазақ тіл білімінде мұның алғашқы ізін салғандардың бірі – М. Серғалиұлы. Оның аталмыш еңбегінен күрделі синтаксистік тұтастықтың «хабарламалы, сипаттамалы, динамикалы» деген түрлеріне тоқталғанын көруге болады [15: 319-322, 335-338].

Міне, М. Серғалиұлының бұл пайымдаулары күрделі синтаксистік тұтастықты мұнан былай зерттеу мен оқытуда пайдаланылғаны жөн, пайдаланылып жүр де.

Бұл жолы көлем шектеуіне қарай мәселелерді көктей шолуға тиіс болдық. Академик М. Серғалиұлының қазақ тіліндегі синтаксистік құбылыстарды талдауы мен сипаттап анықтауы алда да үлгі бола беретініне сенім мол.

**Әдебиет:**

1. Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002.
2. Қазақ тілі грамматикасы. 2-кітап. Синтаксис. – Алматы: Ғылым, 1967.
3. Балақаев М. Қазіргі қазақ тілі: сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі. – Астана: Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ, 2006.
4. Әміров Р. Жай сөйлем синтаксисі. – Павлодар: С. Торайғыров ат. ПМУ, 2010.
5. Серғалиев М. Синтаксистік синонимдер. // Серғалиев М. Синтаксис мәселелері. Монография. – Астана: Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ, 2006.
6. Сағындықұлы Б. Тілдік бірліктің паратаксистік қызметі. – Алматы: «Қазақ тілі» баспасы, 2015.
7. Серғалиев М. Синтаксис мәселелері. Монография. – Астана: Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ, 2006. – Б. 353-362.
8. Қордабаев Т.Р. Қазақ тіліндегі үйірлі мүшелер. // Қазақ ССР ҒА Хабарлары. Филология мен өнертану сериясы. – 1954. – 1-2-шығуы, №135. – Б. 64.
9. Аманжолов С. Үйірлі мүшелер туралы // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 1959. - №1. – Б. 4.
10. Шәукенов Қ. Үйірлі мүшелер, оларды оқыту методикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 1991.
11. Серғалиев М. Синтаксис мәселелері. Монография. – Астана: Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ, 2006. – Б. 367-377.
12. Серғалиев М. Сөйлемдердің синонимдігі. // Серғалиев М. Синтаксис мәселелері. Монография. – Астана: Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ, 2006. – Б. 201-311.
13. Серғалиев М., Мүсірепова Б. Күрделі синтаксистік тұтастық. – Алматы: Қазақ университеті, 1989.
14. Жакупов Ж.А. Синтаксис строфы. – Омск, 2008.
15. Серғалиев М. Күрделі синтаксистік тұтастық // Серғалиев М. Синтаксис мәселелері. Монография. – Астана: Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ, 2006. – Б. 312-340.

**1-СЕКЦИЯ: «ҒАЛЫМ ТҰЛҒАСЫ»**  
**СЕКЦИЯ 1: «ЛИЧНОСТЬ УЧЕНОГО»**  
**SECTION 1: «PERSONALITY OF THE SCIENTIST»**

**ТІЛ МӘДЕНИЕТІНІҢ ТАМЫРШЫСЫ**

**Бекжан ӘБДУӘЛИҰЛЫ,**  
*филология ғылымдарының докторы, профессор,*  
*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,*  
*Астана, Қазақстан,*  
[bekzhan\\_a7@mail.ru](mailto:bekzhan_a7@mail.ru)

Тіл мәдениеті – сол тілді дүниеге әкелген халықтың мәдениеті. Дүниені тану, оған деген қарым-қатынас пен сол халық өкілдерінің өзара қатынасы тілі арқылы жүзеге асады әрі таңбаланады. Сондықтан, тіл сапасы неғұрлым бай, неғұрлым икемді болған сайын, оны тұтынушы халықтың мәдениеті де соғұрлым жоғары болып есептеледі. Алайда сол мәдениетті тілді халық шығармашылығының жемісі деп танығанымызбен, ақпараттық мүмкіндігін арттырып, көркемдік бояуын қанықтырып, үздіксіз дем беріп отыратын жекелеген көсемдер мен шешендер екені жасырын емес.

Тіл мәдениеті дамуының екі жағы бар: бірі – практикалық жағы, яғни қолданыстағы мәдени деңгейі, екіншісі – тіл мәдениеті деп аталатын теориялық ізденістер барысы. Тілдің табиғи болмысы мен сипатын сыни көзбен бағамдау, алдағы даму бағыттарын айқындап отыру соңғысының еншісіндегі іс. Екінші сөзбен айтсақ, басты мақсат – мін түзеу. Мін түзеу үшін сын түзеу керек, екеуі түзелсе, тіл де түзеледі.

Тілге деген сұраныс барда, тіл сапасының дамуына қатысты осы талаптар қай заманда да бола береді. Әуеліне көз жібесек, бұрынғылар «Аяғымнан сүріндірсең, сүріндір, жағымнан сүріндірме!» – деп тіл өнерін Жалғыз жаратушыдан сұрайтын асыл тілектерінің қатарына қосады екен. Бізге жеткен ойлы сөз орамдары, айтылмақ ойға шап-шақ қалыпқа құйылған фразеологизмдер мен мақал мәтелдер халық лабораториясында сынақтан өтіп, мінелген, күзелген, түзелген болатын. Абай өз заманында «сөз түзеу» ісіне баса мән берсе, одан кейінгі кезде Шәкәрім бастаған сол мектептің өкілдері оны ғылыми дәрежеге көтерді, қазір сыни ойлардың теориялық негізі қаланып, тіл ғылымның бір саласына айналып отыр. Тіл мәдениетін зерттеп, зерделеген ғалымдардың қатарында ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, көрнекті тіл маманы, әдебиет сыншысы және публицист Мырзатай Серғалиұлының есімі өзіндік орнымен ерекшеленеді. Тіл мәдениетінің қыры мен сырын саралап, артына қомақты еңбектер қалдырған тіл білімі өкілдерінің бірі әрі бірегейі болатын.

Ол тамаша ғалым еді. Өзі зерттеп отырғаны саланың ат байлар қазығы мен аяқ жетер өрісіне биіктен көз сала білді, неден басталып, қайда барып тұрақтайтынын да көрегендікпен болжай алды. Ғылыми ойларын тіл мәдениетінің «Көркем әдебиет тілі», «Стилистика негіздері», «Синтаксис мәселелері» дейтін негізгі үш тұғырына қондырып, осы аядан өрбітті. Көркем әдебиет тілі – халық тілінің өзі, яғни зерттеу нысаны. Көркем әдебиет материалын зерттеу арқылы ғылым туады, сондықтан бұл алдыға қойылған айқын мақсаттың алғашқысы.

Жазушы тілін зерттегенде, туған тілдің шын мәніндегі мәртебесін көрсете алатын М.Әуезов, Ғ.Мүсрепов, Ғ.Мұстафин, С.Шаймерденов, Т.Әлімқұлов, Қ.Найманбаев т.б. секілді қазақ әдебиеті классиктерінің шығармаларына тоқталды. М.Әуезов, Ғ.Мүсрепов, З.Шашкин секілді жазушылардың шығарма тілі, тіл мәдениеті туралы пікірлерін зерделеді, өйткені жазушылық тек табиғи дарынмен ғана өлшенбейді, қаламгерден асқан білімділікті де талап ететін еді. Осыған орай сыни талдаулардың тілдік ерекшеліктерін баса көрсетеді, сөз өнеріне қызығушыларға үлгі ретінде ұсынады.

Сын еңбектердің өзін оқу бар да, оны талдап, айтылмақ ойды қосымша таратып түсіндіру бар. М.Серғалиев жазушылардың тіл мәдениеті туралы еңбектеріне тоқталғанда осыны мақсат еткен секілді. Екіншіден, шығармашылық ізденіс барысында болатын жеке адамның басындағы жағдайлар да ғалымның ойында тұрған секілді. Мысалы, көркем шығарманы өмірге әкелетін адам шығарма жазғанда, түрлі толғаныстар мен ой қорытулардың күрделі сәттерін басынан кешіреді, сондықтан «күйзеліп тапқан көкіректегі көрікті ойды» қалыбын бұзбай оқырманға ұсынудың тиімді жолдары жазушыға көбірек белгілі. Тынбай жазып жүрген сөз шебері ғана сөз құраудың қыр-сырын біледі, сондықтан оның пікірі шындыққа біртабан жақын әрі әрбір деталі ескерілген, кең көлемді ойдан туады. Сыни тұрғыдан ойлай алатын жазушы өзіне де сын көзімен қарап, жазғандарын талғам сүзгісінен өтікізіп отырады. Әсіресе М.Әуезов, Ғ.Мүсрепов, З.Шашкиннің шығармашылығына талдау жасағанда осы жағдайлар ескерілген деген болжам жасаймыз. Ғалым сөз зергерлерінің сыни ойларын талдап түсіндіреді де, артынан шығармаларына талдаулар жасайды. Осы орайда Ғ.Мұстафиннің тіл туралы еңбектеріндегі мына жолдарға назар аударып көрелік: «Менің ешбір шығармама әлдеқалай туған емес, - дейді жазушы өткен жолын көз алдынан өткізе отырып. – Толғанудан, арманымнан туады» («Өмір белестері»). Қаламгер психологиясын алға тартқанмен, сөз таңдау мәселесіне мән беріп отырғанында дау болмаса керек. Ол пікірін нақтылай түседі: «Оқушыны қызықтыруға жазушылар қилы-қилы тәсіл қолданады. Тәсілдерді орындай білгенге шығарманың шырайын енгізетін шарттар көп. Солардың ішінде менің таңдағаным – ой мен тіл», – деп жазушы пікіріне тоқталады. М.Серғалиев ой мен тіл арасындағы күрделі байланыстың сырларына үңілгенде жазушының тіл туралы толғаныстарына кездейсоқ тоқталып отырған жоқ. Сапалы шығарманың дүниеге келуі үшін бұл жұптың болуы міндетті шарт. Әсіресе жеті рет өлшеп, пішілетін ой дәлдігі болғанда ғана көркем шығарма оқырман көкейінен шыға алмақ. Жазушы сыны мен жазушы тілін қатар қойып ұсынғанда ғалым нәзік элементтер мен терең иірімдерден тұратын қарапайым көзге байқала бермейтін, тек сезіну арқылы ғана білуге болатын сиқырлы құбылыстарды ескергенін шамалаймыз. Ілгеріде атап өткеніміздей бұл құбылысты өзгелерден гөрі жазушы терең аңғара алса керек.

М.Серғалиев өз зерттеулерінде тіл тазалығы, тіл дәлдігі, сөз таңдау мәселелеріне баса назар аударды. Бұл үшеуі тіл мәдениетінің негізгі шарттары. Тіл тазалығы – сөз арасын бөтен сөзбен былғамау. М.Әуезовтың тіл туралы еңбектеріне, соның ішінде Абай дәуіріндегі жаргондардың белең алуына, кірме сөздердің орынды-орынсыз қолданысына байланысты ойларына тоқталады. Бұл ыңғайда ғалымның зерттеулерінде Абайдың сөз өнеріне көзқарасын, тіл тазалығына қоятын талабына негізге ала отырып, тілінің «Жалпы халықтық тілге жақындығы, қуаты, сұлулығы және стильдік өңделуі жағынан Абайдың поэзиялық творчествосының тілі өткен ғасырдағы қазақ әдебиеті тілінің шыңы болып табылады», – дейтін Н.Сауранбетовтың пікіріне тоқталады [11 бет]. М.Әуезовтың Абай шығармаларының тілі туралы ойларының аясында жергілікті тіл ерекшеліктері туралы жалпы қазақ тіл біліміндегі даулы мәселеге өз пікірін қоса ұсынады. Қазақ тілінде диалекті жоқ дейтін М.Әуезовтың пікірін ескере отырып, Абай тілінде ондай кемшіліктердің жоқтығына назар аударады және тілдің заңдылықтары мен өзіндік жүйесіне сәйкес келмейтін кірме элементтерден тазарту туралы ойларына қосылады. «Мақсатым – тіл ұстартып, өнер шашпақ» дейтін өлең жолдарындағы Абайдың ақындық ұстанымы мен М.Әуезовтың оған деген көзқарасын қатар бере отырып, туған тілдің тазалығына Абайдың талғамымен, Мұхтардың білімімен қарауды ұсынады.

Стилистика тіл мәдениетінің негізгі саласы. Көпке танымал жазушының өзіндік стилі болады. Тілдің дамуы, жаңа сапаға көтерілуі осындай үздік үлгілерді қалыптастырушы қаламгерлердің ізашар, жолбасшы болуы арқылы жүзеге асады. Ілгеріде аталған жазушылардың тілін зерттеумен қатар М.Серғалиев стилистика бойынша монографиялық еңбек жазып, қазақ тіл біліміне қомақты олжа салды. Көркем әдебиет тілі тіл өндірісінің өзі болса, оған рух беріп, көркемдейтін де, айбарландыратын да стильдік ерекшеліктері. Осы монографиясында стилистиканың «жалпы теориялық мәселелеріне», «функционалдық стилистикаға», «тіл ярустарының стилистикасына» және «тілдің бейнелеу-мәнерлеу құралдарына» тоқталды. Стилистиканың негізгі бағыттарын жүйелей отырып, оларды өз ішінде лингвистикалық стилистика, әдебиеттану стилистикасы бойынша саралады. Стильдің түрлері бойынша зерттеулері терең ізденістердің жемісі. Өйткені ауызекі сөйлеу стилі, ғылыми стиль, публицистикалық стиль, көркем әдебиет стилі секілді өзара сабақтас салалардың әрқайсысына тән ерекшеліктерді айқындау туған тілдің табиғатын терең тану мен зерделілікті талап етеді. Стилистикалық талдауларында барлық материалдар жазушылар тілінен алынды. Қолданыстағы ерекшеліктері бойынша лексикалық, фразеологиялық, морфологиялық бірліктерді талдаулар арқылы тіл жүйесіндегі әрбір элементтің стилдік қызметін айқындап берді.

Тілдің құрылымы, сөз құрау үлгілері синтаксистік жүйесі арқылы көрінеді. Екі сөздің тіркесуінен бастап, күрделі синтаксистік тұтастыққа дейінгі аралықтағы тілдік құбылыстардың байланысу тәртібі мен өзіндік нормалары тілдің дамуымен бірге үздіксіз жетіліп отыратын құбылыс. Оны М.Серғалиевтің «Әдеби шығармалардың тілі поэтикалық лексика, поэтикалық синтаксис болғандықтан, мұндай жағдайда дәстүрлі, нормативтік грамматикадағы ережелерді қайталай беру немесе көпшілікке таныс ережелерді алға тарта беру нысанаға дөп тие бермейтіні рас», – деген сөзінен де байқаймыз. Сондықтан оның жүйесін тауып, синтаксистік қағидаларын белгілеу де белгілі дәрежеде қиындық тудыратыны анық. Синтаксис жүйесіндегі күрделі құбылыстардың түйінін жазып, қазақ тіл білімінің ілгерілеуіне өзіндік үлес қосқан ғалымның бұл саладағы еңбектерін арнайы зерттеу нысанына айналдыру, яғни қазақ ғылымтану ілімінің негізін қалыптастыру кейінгі буын өкілдерінің алдында тұрған келелі міндет болып табылады.

Тілдің құрылымы мен салалары, яғни мәдени дәрежесі қаншылықты шырқау биігіне көтерілгенмен, жазушы тілі өзінің түпнұсқасынан алыстап кетпеуі тиіс. Айтылмақ ойдың оқырманына көркем сипатта, өзімдік болып жетуі үшін жазушы тілі халықтың өзі қалыптастырған үлгіден алыстап кетпеуі тиіс. М.Серғалиев еңбектерінде ескерілген жайттардың бірі осы еді. Алайда мәселеге екі жағынан қарай білді: «..кей жазушыларымыз тілді қарапайым, түсінікті етіп жазамыз деген ниетпен қансыз, сөлсіз қарабайыр сөздерді тоғытып жіберетін кездері бар» екенін айтып сынады да, екінші жағынан: «Қарапайым жазу – ең бірінші, алдыңғы мақсаты және парызы, бұл – жазу үшін ең қиын жол. Өйткені тіл ксетесі қаншалық қарапайым болса, соншалық табиғи болуы шарт», - дейтін М.Әуезовтың пікірін ұсынды. Қарапайым мен қарабайырлықтың айырмасын аңғара білуді ұсынды. Өзі осы қағиданы өмірлік принципке айналдырды. Саналы ғұмырын осы саланың гүлденуіне арнады, мәдениет қайнарларын бойына да сіңірді. Теориялық ізденістері ғылыми еңбектерінде ғана қалып қоймай, барша адами болмысына да дарығанын айта кеткенді жөн көріп отырмыз, себебі ол ғалымдығына қоса адамгершілігі зор азамат болатын. Университеттің табалдырығын аттай бере шешілетін бас киіміннен бастап, алдынан жолыққан әріптестердің әрқайсысының көңілінен шығатын әзіл немесе хал, жөн сұрасуына дейін білім мен біліктілік көрініп тұратын...

Біртуар ғалымдығына қоса ол тамаша ұстаз еді. Сонау 1990 жылдың қыркүйек айынан 2011 жылдың тамызына дейінгі өмірі негізінен көз алдымызда өтті. Сол жылдарда көңілге түйгеніміз – ғылым дейтін кез келгеннің уысына түспейтін қасиетті құндылық тынымсыз ізденіспен қатар биік парасат бар жерге ғана тұрақтайды екен. Әріптес іні бола жүріп көз алдымызда қалған бейнесі мен көңілге ұялаған ұлағатты істеріне қайта бір көз жібергенде адами болмысының бейнесі ғалым, ұстаз, әдіскер деп аталатын үш ұғымның аясында



топтасады екен. Ғылыми ойларын қарапайымнан күрделіге қарай дамыта отырып, оқырманына тамаш үлгіде бере білді. Тіл мәдениетін көркем әдебиет тілі, стилистика, синтаксис аясына топтастырып, біртұтас жүйе ретінде ұсынды. Бұл тұрғыдан оның әдіскерлік қабілетін көреміз. Еңбектерінде өзі зерттеп отырғаны саланы оқытудың маңызы мен міндеттерін айта отырып, әдістемелік негіздерін де назардан тыс қалдырмады. Осылайша әуел бастағы бағытын айқындарда М.Әуезовтен дәріс тыңдап, М.Балақаев сынды ұлы ұстаздарға арқа сүйеген, М.Серғалиев болып қалыптасқан ғұмыр кешті. Артында қазақ тіл біліміне қосқан қомақты үлесі мен ғылыми мектебі қалды.

## **АКАДЕМИК М.СЕРҒАЛИЕВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ ТІЛІ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

*Бейсенбай А.Б.,  
филология ғылымдарының кандидаты, доцент,  
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
Астана, Қазақстан,  
[beisenbai\\_ab@enu.kz](mailto:beisenbai_ab@enu.kz)*

Өткен ғасырдың 50-жылдарынан М. Балақаев, Қ. Өмірәлиев еңбектерінен бастау алатын көркем әдебиет тілін зерттеудің бүгінгі таңда теориялық негізі қаланып, оның мазмұны, яғни зерттеу нысаны мен мақсат міндеттері, ұстанымдары мен зерттеудің әдіс – тәсілдері айқындалған. Бұл орайда жекелеген ақын – жазушылардың әдеби тілге қосқан үлесін, сөз қолданудағы көркемдік, шеберлік қырларын, көркем шығарма тілін зерттеудің мәселелерін қарастырған Е. Жанпейісов, Р. Сыздықова, Х. Кәрімов, Т. Қоңыров, Б. Хасанов, М. Серғалиев, Б. Шалабай, Х. Нұрмаханов және т.б. ғалымдардың зерттеулері қазақ көркем әдебиет тіліне лингвистикалық талдау жүргізу, мәтінге филологиялық талдау жасаудың ғылым саласы ретінде қалыптасуына өзіндік үлес қосқан еңбектер болып табылады. Сонымен бірге жекелеген ақын – жазушылардың тілдік қолданыстарын зерттеуге арналған кандидаттық диссертациялар да аз емес.

Мырзатай Серғалиұлы Серғалиев өзінің зерттеу мақалаларында көркем әдебиет тілінің зерттелу деңгейіне тоқталып, көркем әдебиет тілін зерттеген ғалымдардың мақалаларын, көңілге қонымды пікірлерін саралап, ой елегінен өткізеді. Ғалымның сондай зерттеулері қатарында «М. Әуезов тіл туралы», «Ғ.Мүсірепов тіл туралы», «Өмір материалы және көркем сөз» /Ғ.Мұстафин шығарманың тілі туралы/ атты зерттеулерін атауға болады.

Ғалым М.Серғалиев көркем шығарма тіліне қатысты еңбектерінде көрнекті прозашылар С. Мұқанов, Ғ. Мұстафин, З. Шашкин, С. Шаймерденов, сыншы М. Қаратаев сияқты қаламгерлер тілінің стильдік өзгешеліктері жайындағы тұжырымдарын «Сөз сарасы», «Көркем әдебиет тілі» тәрізді еңбектерінде береді[1,89].

Көркем әдебиет тіліне тән бір ерекшелік – көп стильділігі. Көркем мәтін тілінде басқа функционалдық стильдердің элементтері де қолданылады. Көркем шығармада тілдік құралдардың сан алуан түрлері жұмсалады. Көркем шығармада кейіпкер бейнесін беруде кейіпкер сөзі қолданылады. Кейіпкер сөзі көбінесе ауызекі сөйлеу стилінде беріледі. Сонымен қатар көркем туындыда әртүрлі оқиғалардың суреттелуіне байланысты ресми ісқағаздар тілінің де элементтері жұмсалады. Шығарма кейіпкерлерінің ортасына байланысты ресми стиль немесе ғылыми тіл құралдары да ұшырасып отырады[2,175].

Демек, көркем мәтіннің көпстильділігі осындай мәселелерге байланысты туындайды. Әртүрлі функционалдық стильдер элементтерінің ұшырасатындығын қарамастан, көркем әдебиет тілі өз алдына жеке функционалдық стиль болып табылады. Бұл стильдің де өзге стильдер сияқты өзіндік ерекшеліктері, лингвистикалық және экстралингвистикалық белгілері болады. Көркем мәтіннің стильдік ерекшеліктерін сөз еткенде жазушының сөз

қолданысы, стильдік даралығына тоқталмай кету мүмкін емес. Әрбір көркем туындының тілінің шұрайлылығы, образдылығы жазушы шеберлігімен тікелей байланысты. Көркем мәтін тілінде стилистикалық тәсілдердің сан алуан түрлері қолданылады. Оларды автор өзінің стильдік мақсатына орай қиюын келтіріп жұмсайды. Стилистикалық тәсілдер тілдің қызмет етуі барысында пайда болып, мәтін құрамында қолданылады. Көркем мәтіндегі стилистикалық құралдар құрылымына, қызметіне қарай әртүрлі болады. Мұндай тәсілдер лексика–семантикалық, фразеологиялық, сөзжасамдық, морфологиялық, синтаксистік, композициялық тәсілдер болуы мүмкін.

Көркем шығарма тілі – күрделі, қыры мен сыры мол құбылыс. Өзінде тілдегі дәстүрлі қалыпқа сай келе бермейтін көптеген ерекшеліктерді де қамтиды. Сондықтан көркем тексті лингвистикалық талдау бір жағынан әдеби тілдің тарихи ерекшеліктерін ескеруге, екінші жағынан, жалпы тілдік (соның ішінде көркем тілдік те) фактілер мен авторлық даралық құбылыстарды айқын ажыратып, дұрыс бағалай білуге негізделеді.

Көркем туынды шындық өмірді суреттеп қана қоймайды, ол – ұлт тарихын, ұлттық болмыс пен ұлттың рухани мәдениетін келер ұрпаққа көркем тілмен жеткізуші. Сонымен қатар халықтың рухани дамуына, мәдениетінің өркендеуіне өзіндік үлес қосады. Халықтың ақыл–ой, дүниетанымы, өмір сүру тәсілі материалдық және рухани мәдениеті, тарихы, сол материалдық, рухани дүниелерінің қалыптасуы, салт–дәстүрі, әдет–ғұрыптары сияқты белгілер ұлт болмысын құраса, оны тіл арқылы танып білу бірінші кезектегі өзекті мәселе болып табылады. Қазақ әдебиетінің түрлі кезеңдерінде халықтың рухани дамуына өз туындылары арқылы үлес қосқан сөз шеберлерінің тілін тереңдеп зерттеу, стильдік дәстүрлерін саралау, қорыту арқылы стильдік байлықты молайтуға олардың қосқан үлестерін ашып көрсетудің мәні зор. Көркем сөз зергерлері қалыптастырған стильдік дәстүр мен өнеге, олардың қазіргі әдеби тілімізде игеріліп, дамытылуы қандай дәрежеде деген мәселелер де осыдан келіп туындайды.

Әдеби тілдің функционалды стильдерінің бірі ретінде көркем әдебиетті тілдік–стильдік қырынан зерттеу, соған орай әдеби тілдің даму бағыттарын бағамдап отыру бүгінде үлкен мәнге ие.

“Белгілі кеңістік пен уақыт ішінде өмір сүретін басқа да құбылыстар сияқты көркем әдебиет тілі де дамып отырады. Жаңа мазмұн, жаңа идеялар жаңа стилистикалық формаларды керек етеді. Көркем шығарма тіліндегі жаңалықтар уақыт озған сайын тұрақталып, жалпылық сипат алады да, олар бірте–бірте әдеби тіл жүйесіне ауысып отырады. Сөйтіп, көркем тіл өзінің дамуы арқылы әдеби тілдің де дамуына әсер етіп отырады” [3, 172]. Тілдің лексика–фразеологиялық қабаттарын стильдік өңіне қарай талғап қолдану суреткер шеберлігі мен өзіндік мәнерін айқындайды. Жалпы халықтық тіл мен ауызекі сөйлеу тілінің, қазақ әдеби мұрасының сөз байлығын, бейнелеу құралдарын жақсы меңгерген жазушы ғана сөзді құбылтып, құлпыртатыны белгілі.

М. Серғалиевтің кейінгі жылдары жарық көрген еңбектерінің бірі – «Көркем әдебиет тілі» (2006 ж) атты еңбегінің екінші тарауы «Шығарма шырайы» деп аталып, мұнда автордың әр жылдары жазылған сыни–зерттеу мақалалары жинақталып берілген. Бұл мақалардың дені көркем әдебиет тілінің ерекшеліктерін саралап, зерделеуге арналған[2,174].

Аты аталған еңбекте көркем әдебиет тілінің ұлт тілінде алатын рөлін, халық тілінің дамып, қалыптасуындағы қызметін ерекше атап көретеді. Көркем әдебиет тілінің ерекшелігі сараланады. Ғалым көркем әдебиет тілінің негізгі ерекшеліктері қатарында мыналарды атайды:

- 1) қазақ тілінің байлығын мүмкіндігінше айқын да еркін пайдаланылады;
- 2) коммуникативтік /хабар, дерек берушілік және эстетикалық әсемдік әсер тілінде эстетикалық қызметтердің бірлігі;
- 3) көп стильдігі
- 4) бейнелеу, мәнерлеу құралдарының жиі қолданылуы
- 5) автордың шығармашылық даралығының болуы

Академик М.Серғалиев жазушы Бейімбет Майлин шығармалары тілінің ерекшеліктеріне де тоқталады. «Көркем әдебиет тілі» еңбегінде («Езуге күлкі ұялатқан») М.Серғалиев жазушы Бейімбет Майлиннің шағын повестері мен әңгімелеріндегі әжуа, мысқыл әдістеріне, жазушының күлкі тудырудағы шеберлігіне тоқталады:

«Би-ағанның шеберлігіне назар аударатын болсақ. Қарапайым жазылған сияқты көрінетін кішікентай шығармаларынан-ақ көп жайды аңғаруға әбден болады. Айталық, белгілі бір құбылыстың басталуы мен нәтижесін салыстыру арқылы немесе екі құбылысты я бірнеше адамдардың қылықтарын салыстыру арқылы түйін жасайды немесе қорытынды жасауды оқырманның тиесіне қалдырады. Соның өзінде де оқырман езу тартпай отыра алмайды» [2,196].

Академик М.Серғалиұлы белгілі жазушы Ғабиден Мұстафиннің көркем әдебиет тілі туралы пікірлерін саралап, соған қатысты өз ойын білдіреді. Ғ.Мұстафиннің «Зор міндет, жоғары талап», «Қазақ совет драматургиясы», «Сырымды айтамын», «Жазушы атағын жоғары ұстайық», «Әдебиеттің жайы мен міндеттері» атты мақалалары мен баяндамаарына тоқталып, жазушының көркем әдебиет тілі туралы пікірлерін талдайды [2,200].

Бұлардан басқа еңбектегі «Сөздің салмағы», «Б.Кенжебаевтың сыни еңбектерінің тілдік ерекшеліктері», «Т.Әлімқұлов повестерінің тілдік ерекшеліктері», «З.Шашкин көркем шығарманың тілі мен стилі туралы», «М.Қаратаев еңбектеріндегі тілдік құралдар», «Қ.Найманбаев повестерінің тілі» атты тараушаларының барлығы көркем шығарманың тілдік ерекшеліктерін саралап, салмақтауға арналған.

Академик С. Қасқабасов: «Ғалымның тілтанушы ретінде сіңірген еңбегі өлшеусіз: басқасын былай қойғанда, оннан астам монография мен оқулығы және төрт сөздігі тілге қатысы бар жұртшылықтың жиі жүгінетін еңбектері екенін айтсам да жетер. Оның, тіпті, тілтанушылық еңбектерінің өзі, А.Байтұрсынұлынша айтсақ, көркем әдебиеттің тірнегіндей болатын. Әдебиет мамандарының, ақын-жазушылардың арасында ол өз адамындай еркін сезінді. Оның мыңға тарта еңбегінің тең жартысындайы әдебиет әлеміне бағышталған, бірнеше көркем аудармалары, эсселері – қазақ сөз өнерінде ескерусіз қалмайтын еңбектер. «Сөз сарасы», «Көркем әдебиет тілі» «Кең өріс», «Ой өрнегі» сияқты сыни талдау кітаптары эстетикалық талғамға тәрбиелейтін кітаптар ретінде көзі қарақты жұртшылықтан лайықты бағасын алған. Оның білім мен ғылымға, қазақ әдебиеті мен мәдениетіне қосқан үлесі аса қомақты» – деп, М.Серғалиевтің зерттеулеріне өз бағасын берген болатын [4].

Жалпы тіл білімі жекелеген тілдерді зерттеудің негізінде дамиды. Сондықтан жекелеген тіл білімі өкілдерінің зерттеулері ұлттық тіл ғылымының тарихындағы теориялық бағыттар мен мектептердің, оның көрнекті өкілдерінің алатын орны мен рөлін анықтауда ерекше маңызды болып табылады.

Қазақ тіл білімінде М.Серғалиев сынды жекелеген ғалымдардың теориялық көзқарастарын, ой-тұжырымдарын, ұстанған бағыттарын арнайы зерттеу сол ғылым саласының қалыптасу, даму тарихын қазіргі тіл білімінің жетістіктері және жаңа салаларымен сабақтастығын теориялық тұрғыдан пайымдауға жол ашады.

#### **Әдебиет:**

1. Серғалиев М. Сөз сарасы. – Алматы, 1989. – 198 б.
2. Серғалиев М. Көркем әдебиет тілі. – Астана, 2006. – 369 б.
3. Шалабай Б. Қазақ тілінің стилистикасы. – Алматы, 2006. – 304 б.
4. Қасқабасов С.А. Қанаттас еді // Егемен Қазақстан. – Астана, 2011 жыл.

## М.СЕРҒАЛИҰЛЫ ЖӘНЕ ЛИНГВОЭКОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Жұмағұлова А.А.,*

*PhD докторант,*

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,*

*Астана, Қазақстан,*

*[aisha\\_jumagulova@mail.ru](mailto:aisha_jumagulova@mail.ru)*

**Түйіндеме.** Мақалада ҚР ҰҒА академигі М.С.Серғалиевтің тіл мәдениеті, журналистердің сөз қолдану мәдениетіне қатысты зерттеулері және лингвоэкология мәселелері сөз болады.

**Резюме.** В статье речь идет об исследованиях академика НАН РК М.С.Серғалиева, связанных с культурой речи, с культурой использования слов журналистов и проблемы лингвоэкологии.

**Summary.** In the article we are talking about the researches of M.Sergaliyev, academician of the NAS of the RK, connected with the culture of speech, with the culture of using the words of journalists and the problem of linguoecology.

Үнемі даму үстінде отыратын ғылымның ХХІ ғасырдағы ерекшелігі – бірнеше ғылыми парадигмалардың тоғысында пайда болып, бір мезгілде түрлі бағыттарды қамтитын жаңа пәндердің қалыптасуы. Бұл адамзат қоғамының дамуы, күрделенуімен түсіндіріледі және жаңа ғылыми жаңалықтар ашу үшін шектес пәндер аясындағы зерттеулерді дамыту қажеттігінен туындайды.

Мәселен ХХ ғасырда экология ғылымының пайда болуы назарды басқа арнаға өзгертуге түрлі жаңалықтар алып елді, биологияда айтылған идеялар ендігі ретте тілді зерттеуде де қарастырыла бастады. Бұл жағдайлар қазіргі уақытта көптеген ғылымның зерттеу нысандарының күрделілігі, кешенділігі, сан қырлылығына байланысты бірнеше ғылыми бағыттардың негізінде дамып жатқандығын дәлелдейді.

Табиғат пен тілдің үйлесімді тіршілік ету идеясын байланыстыруға қадам жасап жатқан жаңа ғылыми бағыттардың бірі – лингвоэкология. Тіл экологиясы ұғымын алғаш енгізген ғалым америкалық лингвисті Эйнара Хауген болып есептеледі, ол өзінің 1970 жылы жасаған баяндамасында «тіл экологиясын тіл мен оның қоршаған ортамен арақатынасын зерттейтін ғылым ретінде анықтауға болады, мұндағы қоршаған орта тілді өзінің кодтарының бірі ретінде қолданатын тілді пайдаланушы қоғам болып ұғынылады. Тіл тек сөйлеушілердің санасында өмір сүреді және басқа сөйлеушілермен және солардың әлеуметтік, табиғи (табиғаттық) қоршаған ортасымен байланысқа түскенде қызмет атқарады. Тіл экологиясы белгілі бір тұрғыда физиологиялық, әлеуметтік табиғатқа ие. Тіл экологиясы тілді үйренетін, қолданатын және басқаларға жеткізетін адамдарға тәуелді» [1; 66].

Лингвоэкология – тіл білімінің әлеуметтік, психологиялық, философиялық бағыттарының тоғысында пайда болған жаңа ғылыми бағыттардың бірі. Бүгінде тіл білімінің жеке саласы ретінде қалыптасса да, оның пәндік парадигмасын құрайтын негізгі белгілері (ғылыми анықтамасы, мақсатты бағыты, зерттеу мәселелері мен міндеттері, нысандық-пәндік аймағы, әдіснамасы мен әдістемесі, категориялық-ұғымдық және терминологиялық аппараты) әлі де жете зерттеуді қажет етеді. Тіпті бұл саланың атауының өзі зерттеу еңбектерінде түрліше аталып (эколингвистика, тіл экологиясы, лингвоэкология), бірізділікке түскен жоқ.

Лингвоэкологияның нысаны мен пәндік шекарасын ұғыну мақсатында екі анықтама келтірейік. «Эколингвистика адам мен қоғамның тілдік өмір сүру ортасын зерттеудегі жаңа бағыт ретінде экология мен тіл дамуының ортақ ұстанымдары мен ережелерін, заңдылықтарын анықтау негізінде қалыптасады және тілдің қоршаған ортаның мәселелерін шеше алу мүмкіндігін зерттейді» [2; 1]. Екінші анықтамаға тоқталсақ: «Эколингвистика – зерттеу пәні тілге, тілдік санаға, сөйлеу мәдениетіне оң және кері әсер ететін әлеуметтік және басқа да экстралингвистикалық факторлармен анықталатын семиотикалық жүйе ретіндегі тілдің жағдайы (оның «семиотикалық саулығы»); тілді, бір жағынан, кері әсерлерден

қорғаудың, екінші жағынан, оны байыту мен дамытудың жолдары мен тәсілдері болатын тіл білімінің саласы [3; 1]. Лингвоэкологияның базалық тезисін экожүйенің заңы секілді қысқа тұжырымдауға болады: тілдің өмір сүруі социумға тәуелді және керісінше.

Қазақ тіл білімінде лингвоэкология дербес сала болып қалыптасқан жоқ. Десе де лингвоэкология аясында қарастырылатын кейбір мәселелердің қазақ ғалымдарының назарынан тыс қалмағанын айта аламыз. Соның бірі – Мырзатай Серғалиев. М.Серғалиев – қазақ тілінің беделі мен мерейі үшін қызмет еткен нағыз тіл жанашыры. Ана тіліміздің сыры мен сұлулығын ұқтыруды ұлттық намыс, ұлттық идеология, ұлттық жетілу саласындағы өзінің парызы санаған ғалымның қазақ тіл біліміне қосқан үлесі зор. Қазақ әдеби тілінің, тіл мәдениетінің мәселелерін жан-жақты зерттеуімен қатар, ұлттық тілдің мемлекеттік мәртебесінің артуына ерекше күш салды. Лингвоэкологиялық зерттеудің басты нысаны тілдік орта десек, тілдік орта дегеніміз – сол тілде сөйлейтін қоғам мүшелерінің тілдік санасының көрінісі, қолданыстағы тілдің жай-күйі, тілдің қоғамдағы орны мен дамуы. Тілдік ортадан қоғамның әлеуметтік-психологиялық, идеологиялық, мәдени, этнопсихологиялық болмысы айқындалады. Ал бұл мәселелердің академик М.Серғалиевтің еңбектерінде көтерілгені даусыз. «Жаһандану және тілдің қызметі» атты мақаласында ана тілімізді мемлекеттік мәртебесінен аластататын түрлі тәсілдерді, оның қолданыстық аясын тарылтып, кесел келтіретін бірнеше жайттарды сөз ете келе: «... мерзімді баспасөз беттері мен телеэкрандағы жарнама аталатын материалдардың тіліне көз жүгіртсеңіз, мұндағы сорақылық соншалықты – өзіңіздің қазақ екеніңізді, Астанада ғана емес, жалпы қазақ жерінде тұрғаныңызды ұмытып жүре бересіз. Жаһанданудың ана тілімізге қатысты «күле кіріп, күңірене шығатын» тұсы – дәл осы тұс. Саны көп халықтар тілінің аз санды халықтардың тілін жұтып, жалмауы көзге көрінбейтін, көпшілікке сездірмейтін, сөйтіп «аңқау елге – арамза молда» болатын айла-шарғының күшіне енуі осындайдан көрініс береді» - дейді.

Жаһандануға қатысты алыстан ақырған арыстандай ағылшын тілінің қауіп туралы күдігін жасырмай, «Мәжіліс депутаты, халқымыздың шынайы жанашыры Амангелді Айталының: «Жаһандану – қазақтар үшін орыстану, сосын барып батыстану, америкалану» деуінде үлкен мән бар» дейді [4; 64-65]. Лингвоэкологияның мәселелерін арнайы қарастырмаса да, ғалымның бұл пікірлері осы саланың басты бағыттары саналатын жойылу алдындағы тілдерді құтқару, тіл грамматикасындағы экологиялық және экологиялық емес элементтерді іздеу мәселелерімен үндеседі.

Жаңа геосаяси және ақпараттық технологиялық жағдайда түрлі ұлттардың, мәдениеттердің динамикалық коммуникациясы нәтижесінде туатын тілдегі экологиялық жағдай 1) тілге де, 2) сол тілде сөйлеушіге де (жеке алғанда тілдік тұлға, тұтас алғанда этнос, социум үшін) әсер етері анық. Ал шексіз, шекарасыз коммуникацияның қазіргі алаңы – медиакеңістік әлемі. М.Серғалиев мерзімді баспасөз беттеріндегі этикалық аспекті жайында көптеген талдаулар жасады. Осы ретте ғалым Н.Уәлидің мына пікірін келтірсек: «Сөз мәдениетінің экологиялық аспектісінде адамгершілік, ізгілік элементтері қоса жүреді. Тілдік қарым-қатынас, коммуникацияда тілдесушілердің адамгершілік сезімі тапталмауға, қоғамдық, моральдық-этикалық принциптер бұзылмауға тиіс. Лингвоэкология тілдің дамуының объективті бет-бейнесін көрсете білуге тиіс. Оған төніп отырған қауіп жөнінде қоғамға дабыл қағып, әдеби тілдің тағдырына адамдар, қоғам тіршілік етіп отырған тілдік орта қамқорлыққа алынып, қорғалуға тиіс» [5; 24]. М.Серғалиев сөз этикасының бұзылуы сөздің дәрежелік мағынаға ие болатынын және ондай сөздердің адамды түрлі сезімге бөлейтінін айтады. Мерзімді баспасөз беттеріндегі қолайсыз қолданыстарға ғалым бірнеше мысал келтіреді. Мәселен, «Тоқаевтың *төбесінен жай түсті ме екен? Оқыра тигеннен бетер болды-ау!*» /Жас Алаш, 22.XI.2001/ деген үзінді келтіре отырып, «Үкімет басшысын мазасыз мағынада күй кешетін сиырға теңегені қалай болғаны? ...мәдениеттің үлгісін танытатын тұлғаға кінә таққанда сөзді таңдай білу керек шығар» деп журналистті сынға алады. Тағы бір мысал: «Осы күні Сарыбайдың *шолақ белсенділігінен* әбден *ығыр болған* кейбір мемлекеттік қызметкерлер бойларынан ауыр жүк түскендей жеңілдеп, *«алды-артына*

*бір уыс топырақ»* деп отырған көрінеді /сол санда/. Бұл жөнінде М.Серғалиев: «...шолақ белсенді деп халық 30-жылдардағы баскесер бастықсымақтарды атап етіп еді. Автор сол ұмыт бола бастаған ұғымды жаңартуға тырысқан сияқты. *Бір уыс топырақ шашу* тәрзіді қарғыс соны көрсетеді» - дейді. Әрі қарай: «Мәжіліс депутаты Серік Әбдіраманов журналистермен *едел-жедел* баспасөз мәслихатын өткізді. *Алақтаған көзінен* сөйлеп тұрған өз сөзі емес екені білініп қалды. Газеттің бетін *шимайлап қайтеміз, жиіркенішті»* /сол санда/. Біріншіден, мәслихатты едел-жедел өткізді деп неге кінәлайды? Баспасөз орталығына ресми өтініш айтып, депутаттың мұндай мәслихатты өткізу құқығы бар емес пе? Екіншіден, халық қалаулысы деп аталатын адамның көзін алақтатып, сол көздердің алақтағанына ерекше мән беріп, комедиялық кейіпкер түрінде бейнелеуден автордың ұтқаны қайсы? Үшіншіден, С.Әбдірахмановтың баспасөз мәслихатын жүргізу барысын жазудың қандай жиіркенішті болғаны?» [4; 153-155] деп, журналисттің сәтсіз, дөрекі қолданыстарын сынайды.

М.Серғалиев журналистердің тіл мәдениетінің негізгі сапаларын (сөздің дәлдігі, логикалығы, тазалығы, мәнерлілігі, байлығы, қисындылығы) сақтауының маңызын айта отырып, «тележурналистер материалдың мазмұнын ғана емес, сөз өнерімен де көпшіліктің тәрбиешісі екенін естен шығармағандары жөн» дейді [4; 133]. Филология ғылымдарының докторы, журналист Сағатбек Медеубекұлы: «Журналистер кәсіби тұрғыдан қарасақ, ақпаратты алып, ақпаратты таратудың шебері. Нақты деректермен адамның санасы мен жүрегіне әсер етуші. Журналист үгітші, насихатшы ғана емес, ол – тәрбиеші. Журналистің сөзі ұлтқа, бұқараға қажетті сөз болу керек. Журналистің әр сөзінің астында мемлекеттік мүдде, ұлттық мақсат тұруы тиіс», - деген пікір білдіреді [5]. Яғни журналистің арқалаған жүгі – жауапты іс. Сондықтан оның әр сөзі орынды, қисынды болуы тиіс.

«Жалпыға міндетті сөйлеу ережесін бұза қолданудың өзі біраз әңгімеге арқау болуға лайық» деп ғалым өзі атағандай [4; 131], қазақ тілінің тазалығын, мәдениетін сақтаудағы М.Серғалиевтің теориялық құнды пікір-көзқарастары лингвоэкологиялық бағыттағы зеттеулерге арқау болары анық. Себебі ғалым атаған «былапыт, қоқырсық» сөздер қазіргі уақытта тіл мәдениетінің аясында ғана емес, антропологиялық парадигма тұрғысынан лингвоэкологияның эмотивті саласында кеңінен зерттелуде. «Сөйлеу қабілеті бар тірі жанның бәрі де өзімен қарым-қатынас жасайтын кісілерге, тым болмаса, тіл тигізбей, жүрегіне зіл түсірмей өмір сүруге тырысса, өзінің де, өзгелердің де аттық еңбегінің, сәтті күнінің жарық жұлдызы бола алады. Сөз жеке мағынаны білдірумен қатар, кісінің сезімін де білдіреді дедік, сөз арқылы кісінің сезіміне әсер етуге болады. Мысалы, «фашизм», «жезөкше», «масүнем», «ұры», «парақорлар» - жексұрындар. Дәл солардай болмағанымен, бет, келбет, жүз сөздерінің орнына «тұмсық» деп, әйел, зайып, қатын сөздерінің орнына «салдақы» деп айтудың тыңдаушыға етер әсері ерекше. Мұндай дөкір сөздер кісінің сезім-қуатын жасытады, адамның адамшылық қасиетіне кір келтіреді. Сондықтан ондайды есіту де, ардақты адам туралы айту да ұят.

Сөйлеу тілінде кездесетін мәдениетсіздік тек тыңдаушыларын ғана жасытатын болса, әдебиет тіліндегі дөкірлік, мәдениетсіздік оқушы жұртшылығына тегіс тарайды да, жұртқа теріс тәрбие береді» [6; 179-180].

Академик М.Серғалиевтің бұл пікірлерін орыс тіл білімінде қазіргі уақытта қанатын кеңге жайған эмотивті лингвоэкологияның көрнекті өкілі В.И.Шаховскийдің сөздерімен өзектесек: «Теоретико-практические исследования представителей культуры речи также повлияли на активное развитие лингвоэкологии, ставшей новым витком на пути развития общей проблемы «чистоты языка». В первую очередь, возникает необходимость анализа проблематики культуры речи как прародительницы современной лингвоэкологии. Экологический подход не ограничивается только рассмотрением языка, а всё более активно расширяет свою сферу влияния [7; 19]

Достаточно продолжительное время лингвоэкология использует такие термины и понятия, как «лингвизид», «язык вражды и ненависти», «язык агрессии», «болезни языка», «вульгаризация языка», «лингвоэкологические нарушения», «речевая вседозволенность»,

«дизлингвозекологическая деятельность», «давление на языковую среду», «антропогенное загрязнение языка» и т.п. Примечательно, что данные понятия не лишены эмоционально-оценочного компонента в их семантике. На наш взгляд, знак эмоции является признаком экологичности / неэкологичности языка и речи. Возникновение эмотивной лингвистики позволило осуществлять анализ эмоций лингвистическими средствами и приемами» [7; 23].

Қорыта айтқанда, ұлт үшін аянбай қызмет еткен ғалым М.Серғалиевтің «халықтың ең қымбат қазынасы» тіліміздің мерейі мен мәртебесі, сыры мен сұлулығы туралы айтқан ғылыми пікірлері өміршеңдігін жоймай, заманауи зерттеулерге дәнек болары сөзсіз.

#### **Әдебиет:**

1. Шапочкин Д.Р. Категория экзистенциальности как важная состав- ляющая экологической системы языка: матер. междунар. науч.-практ. конф. (Тюмень, 11–13 ноября, 2010 г.). – Тюмень: Изд-во ТюмГУ, 2010. – С. 66.
2. Кислицына Н.Н. Эколингвистика – новое направление в языкознании [Электронды ресурс]. – URL: [http:// www.crimea.edu/tnu/magazine/ culture/culture37/part1/zip/kislitsina.zip](http://www.crimea.edu/tnu/magazine/culture/culture37/part1/zip/kislitsina.zip)
3. Экология языка и коммуникативная практика: электронный сетевой научный журнал / ФГАОУ ВПО «Сибирский федеральный университет» [Электронды ресурс] <http://ecoling.sfu-kras.ru/>
4. Серғалиев М. Тілім менің – тінім менің: Мақалалар, баяндамалар. / *Құрастырушы: Қ.Сарекенова/ М.Серғалиев* – Алматы: Сардар, 2013. – 392 б.
5. Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері. ДДА. – Алматы, 2007.
6. Балақаев М., Серғалиев М. Қазақ тілінің мәдениеті. Оқулық – Алматы: «Дәуір-Кітап», 2013. – 240 б.
7. Шаховский В.И. Диссонанс экологичности в коммуникативном круге: человек, язык, эмоции (монография). – Волгоград: изд-во ИП Поликарпов И.Л., 2016. – 504 с.

## **ҒАЛЫМ М.СЕРҒАЛИЕВ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

***Мұратбек Б.Қ.,***

*филология ғылымдарының кандидаты, доцент,  
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті  
Ақтөбе, Қазақстан,  
[baglash@mail.ru](mailto:baglash@mail.ru)*

#### **Резюме**

В статье рассмотрены и изучены филологические, точнее лингвистические труды учителя, ученого языковеда М.Серғалиева и их духовная значимость в нынешнем обществе.

**Ключевые слова:** филологические учебники, языковые исследования по сфере художественного перевода, качественные признаки языковой/словесной культуры.

#### **Summary**

This article is about philological that is linguistic works of teacher, scientist linguist M.Sergaliev and their spiritual significance in the current society.

**Reference words:** Philological books, language researches, in the field of art translation, quality signs of language verbal culture.

Ғалымның филологиялық-лингвистикалық мұралары тіл білімінің (жеке де) барлық салаларын қамтиды. Мәселен, «Қазақ тіліндегі етістікті сөз тіркестерінің синонимиясы» (1991), «Синтаксистік синонимдер» (1988), «Синтаксис және стилистика» (1997) монографияларының, «Қазіргі қазақ тілі. Морфология мен синтаксис» (1991) оқу құралының «Сөз тіркесі», «Құрмалас сөйлем» және «Күрделі синтаксистік тұтастық» тарауларының, «Қазақ тілі» оқулығының (1979, 1994), ұстазы М.Балақаевпен бірлесіп жазған «Қазақ тілінің мәдениеті» (1995), «Сөз өнері» (1978), «Жазушы және сөз мәдениеті» (1983), «Сөз сарасы» (1989), «Көркем әдебиеттің тілі» (1995), «Қазақ ауызекі тіліндегі эмоционалдық және

экспрессивтік лексика» (1995), «Қазақ тілінің қысқаша орфоэпиялық сөздігі» (1996), «Орысша-қазақша сөздіктің» (1993, 1995), жеті оқулық пен оқу құралдарының, ондаған әдістемелік еңбектердің, төрт әдеби-сын кітабының, 600-ден астам ғылыми-көпшілік мақалалардың авторы [1].

*Тіл/сөз мәдениеті, көркем әдебиет тілі мен лексикография* саласында толассыз тер төкті. Әсіресе лингвистикалық стилистика мәселелері, синтаксистік синоним мен синтаксистік семантикаға қатысты орныққан, мойындалған ғылыми-теориялық көзқарас бар десек, ол да ұстаз-ғалым М.Серғалиевтің есімімен байланыстырылады.

Айта кету керек, қазақ тіл білімінде көркем әдебиет тіліне қатысты зерттеулер жазып, ақын-жазушылардың тіл-сөз өрнегін (идиолектін) танытқан профессор Р.Сыздық («Абайдың сөз өрнегі», 1995; «Сөз құдіреті», 1997), стилист ғалымдар М.Серғалиев (Стилистика негіздері», 2006), Х.Кәрімов («Қанатты тіл», 1995), Б.Шалабай («Көркем әдебиет стилистикасы», 1999) функциональдық стилистика аясында көркем мәтіндегі автор категориясын қарастырды.

Лингвист ғалымның әдеби тіл, стилистика, лингвистикалық стилистика, көркем әдебиет тілі, тіл ғылымының салаларына арнаған еңбектері туралы жоғарыда аталды. Ғалым журналист ретінде де өзін танытқан ұстазымыз қоғамда болып жатқан өзгерістер мен құбылыстар туралы бұқаралық ақпарат құралдарында ой-пікірлерін әрдайым ортаға салып, жазып келсе, әдеби сыншы ретінде, «шығарманың шырайы-тілінде» екенін М. Серғалиев қазақ әдебиетінде жарық көрген жаңа туындылар мен бұрын да танымал болған классикалық шығармалар туралы өз пікірлерін батыл білдірумен қатар, өткір сын, уытты әзіл, ұтымды оймен болмысын жан-жақты тереңдетті, мазмұн өлшемін танытты.

«Кең өріс» (1983), «Сөз сарасы» (1989), «Ой өрнегі» (1995) сын кітаптары жарыққа шығып, «Уақыт және қаламгер» (1975, 1978, 1982) ұжымдық жинақтарда қазіргі әдеби өмірде болып жатқан шығармашылық процестер мен белді, белгілі қаламгерлердің шығармашылығында орын алып отырған әдеби портреттер, сол қаламгерлер сомдаған адам характерлері мен тіл шеберлігі, бейнелеу тәсілдеріндегі көркемдік ізденістерін негіз етеді. Бұл еңбектер ғалымның жазушылар шығармашыларындағы сөзді орынсыз қолданған тұстарын, грамматикалық заңдылықтарды сақтауда жіберген олқылықтарын тіл мәдениеті тұрғысынан үлкен кемшілік деп атап қоймай, нақты мысалдармен дәлелдеуі орынды [2,3].

М.Серғалиевтің публицистикалық стилін, мәнерін де дәлелдейтін «Өнеге» (1998, 2006) кітабында кезінде өзі тәлім-тәрбие алған ұстаздары М.Әуезов, І.Кеңесбаев, М.Балақаев, Ш.Есенов, К.Ахметов, З.Қабдолов, Е.Букетовтермен қоян-қолтық араласа жүріп, көрген-білгендерін, алған тәлім-тәрбиесін орынды келтіреді. Кітаптың келесі бөлімінде қазақтың атақты өнер қайраткерлері С.Қожамқұлов, Қ.Жандарбеков, А.Тоқпанов сияқты кино мен театр тарландарының өнері мен өміріне қатысты мол деректерге қанығуға болады. Сонымен қоса мектеп қабырғасындағы шәкірттік жылдардың қызықты кезендері мен әртүрлі жылдары болған қызықты оқиғаларды көз алдымызға елестетін эсселер мен естеліктер үлкен шеберлікпен жазылған. 1995 жылы жарық көрген «Көркем әдебиет тілі» зерттеуінің шоқтығы өзгеше. Бұл оқу құралында көркем әдебиет тілінің ерекшеліктері мен әр жазушының стиліне тән өзіндік ерекшеліктері мен қолтаңбасы, авторлық баяндау мен кейіпкердің тілі, әр сөз зергерінің сөз саптаудағы айырмашылықтары да жан-жақты қарастырылған. Бұл кітапта тек көркем шығарма тілі мен стилі ғана емес, әдеби-сын еңбектердің стилі мен тілі кеңінен сөз болады. Автор Ғ.Мүсіреповтің «Ұлпан» романындағы кейіпкер даралау стилінің ерекше тұстарын дөп баса отырып, бұл шығармадағы ұлттық ділге тән қаратпа сөздерді талдаған тұстары өте қызғылықты және шығармадағы «диалог, диалектизм, дәрекі сөздер» туралы ғылыми дәлелдер келтіре отырып талдаудың үздік үлгісін ұсынады. Қаламгерлер тобы, С.Шәймерденовтің «Мезгіл», Т.Әлімқұловтың «Ақбозат», Қ.Найманбаевтың «Көкем екеуміз» шығармаларындағы мәтін түзу, ондағы метафора, теңеу, қайталау мен диалог, табиғат суреттері, мінез бен бейне жасаудағы стильдік шеберліктері мен әдеби тілді байытуға қосқан үлестері сараланып берілген. Келесі тарауында академик жазушы М.Әуезовтің әдеби-сын мақаларындағы жеке мәнер мен



жазушының талап пен талғампаздығына терең үңілген. Белгілі қазақ жазушыларының романдарындағы өмір мен оның әр алуан құбылыстарының, адам мен адам арасындағы қарым-қатынастардың қамтылу деңгейін терең аша зерттейді. Қазіргі кездегі әдебиеттегі әртүрлі бағыттарға көз сала отырып, ондағы жаңа үрдістер мен жаңалық сипаттарды ашып көрсетеді. Роман ғана емес, повесть, әңгіме, новелла жанрында жазылған көркем шығармалардағы қаһармандардың бейнесінің жақсаруы мен жаңаруының белгілерін атап көрсеткен тұстары дәл, әсерлі де тағылымды.

Ғалым шеберлігінің тағы бір парасы- *көркем аударма саласы*. Кез келген күрделі құрылым жүйелі, сондықтан оны құрайтын элементтердің әрқайсының қолданылуы белгілі бір мақсатты көздейтіні сөзсіз. Осы маңызды ақпаратты Я.Камал, К.С.Вирх, М.А.Заряб, К.С.Дугал, В.Валаж, Ә.Қадыров, В.Лацис, В.Кожевников т.б. шетел және орыс прозашыларының әңгімелері мен новеллаларын қазақ тіліне аударып, коммуникативтік-прагматикалық күрделі құрылымның ерекшелігін сақтаған сауатты аудармашы. Бұл жазушылардың шығармаларын қазақ тіліне аударуда тәржімалаушы ретінде М.Серғалиев әдебиетке тән көркемдік ойлау жүйесін, бейнелеп сөйлеу, сөз қолдануда әртүрлі тәсілдерді оңтайлы пайдаланған. Байқайтынымыз, өзге тілдегі ой, оның беретін мағынасы, стильдік сипаты, бағалаушылық реңкін толық жеткізуді, тілдің эмотивтілігін толық аша алуды мақсат еткені байқалады. Себебі, көркем шығарма-лингвистикалық және экстралингвистикалық факторлардың өзара әсері нәтижесінде пайда болатын коммуникативтік-прагматикалық күрделі құрылым[3,45].

Көркем мәтін-түрлі эксплицитті және имплицитті санаттар арқылы түзілетін күрделі семантикалық коммуникативтік-прагматикалық жүйе. Тағы да ғалымның «Қазақ тілінің стилистикасы» оқулығындағы мына бір ойға жүгінсек; «Шеберліктің ең негізгі шарты – талант және тіл (сөз) шеберлігі». Себебі, кез келген қаламгер белгілі бір объективті шындықты бейнелеу үшін белгілі бір тәсілді, жанрды қолданатыны, жалпыхалықтық тілден өзінің ой-пікіріне сай сөздерді таңдап, сұрыптап алатыны және оларды лайықты, тиімді синтаксистік құрылымда жүйелейтіні мәлім. Суреткер өз ойын, көзқарасын, әлемді түйсінуін басқаға дәл, нақты, әсерлі, бейнелі жеткізуде тілдің экспрессивті құралдарын өз қажетіне мейлінше уәжді жеткізуге тырысады. Тілдің синонимиялық құбылысы, эмоциональды-экспрессивті әлеуеті мол құралдары мен сезімге, санаға әсер етер конструкцияларымен қатар, мақал-мәтелдердің, қанатты сөздер мен афоризмдердің стильдік қызметі айрықша ескеріледі. Ғалым көркем шығарма тіліне қатысты еңбектерінде мәселені екі жағынан – *біріншіден*, көркем әдебиет тілі хақындағы өзінің қалыптасқан түсінігі тұрғысынан, *екіншіден*, жазушылардың, демек, шығарма авторларының көркем туындылар тіліне өзіндік талғамы тұрғысынан қарастырды. Солардың бірі 1989-жылы жарық көрген «Сөз сарасында» «шығарма шырайы – тіл құдіреті» екендігін: «Қаһарманның дүниетанымын да, оның басқа кейіпкерлермен қарым-қатынасын да, сырт тұлғасын да, оны қоршаған шағын ортаның сипаты да, қосалқы қызмет атқарғанымен, табиғат көрінісін де, тағы басқа толып жатқан элементтерді және олардың шынайы көркем тілмен суреттелуін шығарманың көркемдік қуатын арттыратын компоненттерге немесе факторларға жатқызуға болады», – деп, көркем шығарманы биік талап деңгейіне көтеретін бірнеше факторларға мысал келтірген [2,5].

Тіл/сөз мәдениетін жетілдіру, тілді дұрыс әрі тиімді, барынша шебер де тартымды қолдану тіл мамандарының ғана емес, баршамыздың міндетіміз екенін тілші-ғалым М.Серғалиев үнемі назарда ұстады. Халықтың ең қымбат қазынасын, сөйлеу тіліміздің бүгінгі жайына ой көзімен қарасақ, – деп безбендеді. Ғалым «*Бұл жолғы мақсат-аз да болса пайдалы әсері болар ма екен деген ниетпен телекөрсетілімдердегі, негізінен, республикалық телевизияның «Хабар» бағдарламасының «Жаңалықтарындағы» сөйлеу тілінде кездесіп қалатын жаңсақ жайлар мен күдікті тұстарды көптің назарына ұсынған еді*»[4,128].

«Қазақ тілінің классикалық заңдарының ішіндегі тіл ерекшеліктерінің басты көрсеткіштерінің бірін танытатын, солай болғандықтан, балаға да, данаға да таныс, ал білмесе, білуге міндетті деп есептелетін заң бар. Оның аты – ассимиляция заңы» [4,128]. Ассимиляция заңының талап етуі бойынша, сөз ішінде немесе сөз аралығында қатар келген

екі дауысты дыбыстың бірі айтылуда түсіп қалады. Бұл айтылғандар маңызын еш жойған жоқ. БАҚ – сөз мәдениетін насихаттап қана қоймай, оны қалыптастырып, дамытуға ықпал ететін бірден-бір құрал. Сондықтан БАҚ-тағы сөз қолданысын қадағалап, ондағы қатекемшіліктерді түзетіп отыру ортақ міндетіміз деп ұғынған жөн. Өз өмірінің өнегелі өлшемдерін білім-ғылымның барлық салаларында тең ұстаған жан болды.

Оқытушыларға келетін болсақ, аудиторияның киелі екендігін, білім саласы бойынша түсінік немесе ақпарат беруді ғана міндет тұтпай, сөзбен де, сөз болғанда, әсерге бөлейтін, есте ұзақ сақталатын, айтыла жүретін, лекцияны еріксіз тыңдаттыратын, сөйтіп, ұстазын-лекторды тағы да көруге ынталандырып отыратын сөзбен тәрбиелеуге көңіл бөлейік, – деген ойы өмірлік ұстанымындай [4,139]. Ұстаздың ойын әрі қарай өрбітсек, академиялық сөз тек студент аудиториясында оқылатын дәріспен шектеліп қалмайды. Ол – ғылыми баяндама, ғылыми хабарлама, ғылыми шолу, мамандарға ғана емес, көпшілікке арналған ғылыми лекция болып жалғаса береді. Жалпы сөз орайы келгенде, «стиль және тіл/сөз мәдениеті» аталатын ұғымдардың қайсысының бұрын немесе кейін пайда болып, қолданысқа түскендігін айту да қиындыққа соғар еді. Шешендік өнердің қарапайым халық пен зиялылардың қолдауын тауып отырған кезеңде *стилистика* (әлбетте, ресми және публицистикалық стильдер) шешендік өнермен біте қайнасып кеткен тәрізді. *Стилистика – тілтану тұрғысынан барлық мағынасындағы стильді зерттейтін тіл білімінің саласы*. «Тіл мәдениетін» екі тұрғыдан түсінуге болады: біріншіден, ол-сөздің әдеби нормаға сәйкес келуі; екіншіден, әдеби тілді жетілдіруді басты мақсаты ететін тіл білімінің саласы. Белгілі тілші-ғалым, ұстаз М.Серғалиевтің ғылыми мектебі мен ғылыми мұраларының танымы мен тағылымы мол. Мерзімді, әдеби баспасөз беттерінде жарияланған жарияланған мақалалары мен жасаған баяндамаларының өзі, шоқтығы биік, рухани қазына. Әр кезеңдері мемлекеттік тіл мәселелері, тіл мәдениеті мәселелері, әсіресе, «Қазақ тілінің мәдениеті» оқулығы (оқулық, 2013жыл). Бұл басылымда тіл мәдениетінің басты сапалары-сөздің дұрыстығы, тазалығы, айқындығы, мәнерлілігі, логикалылығы, қисындылығы» туралы ғылыми түсініктер берілді). Лигвистикалық стилистика мәселелері (стильдің подстильдері-шағын түрлері) ғалымның зерделілігі мен танымының дәрежесін еселей түсті.

Нормативтік грамматика, жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқулықтар, тілдік мәселелерге байланысты жекелеген ізденістер, стилистика мен тіл мәдениеті, көркем әдебиет тілі, классик-жазушылардың тіл кестесі мен сөз өріміне және жалпы тілдің коммуникативтік рангасын көрсететін зерттеулердің жарық көріп жатуы-табиғи құбылыс.

Үлкен ғылыми мектеп қалыптастырған белгілі тіл білімі маманы, М.Серғалиевтің қазақ тілінің синтаксисі мен стилистикасына арналған “Синтаксистік синонимдер” (1981), “Етістікті сөз тіркестерінің синонимиясы” (1991), “Синтаксис және стилистика” (1997), “Синтаксистік зерттеулер” (2004), тіл мәдениеті және көркем әдебиет тілі туралы “Қазіргі қазақ әдеби тілі (морфология, синтаксис)” (телавт., 1991), “Көркем әдебиеттің тілі” (1995), “Қазақ тілі мәдениеті” (М.Балақаевпен бірге, 1995, 2004), “М.Әуезов және көркем шығармалар тілі” (1998), “Ғ.Мүсірепов және тіл мәдениеті” (2003), әдебиет сынына қатысты “Сөз сарасы” (1989), “Ой өрнегі” (1995), лексикография саласында “Русско-казахский словарь” (1993, 1995, 2000, 2002-04), “Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігі” (1996), “Казахско-русский, русско-казахский словарь” (2004) атты еңбектері жарық көрген. “Қазақ грамматикасы” атты академикалық еңбектің (2002) авторы. 600-ге жуық ғылыми еңбегі жарияланған, оның ішінде 15 монографиясы бар. Сергек ойлы, зерек тілшінің еңбектері ғылымның барлық салаларында, оқыту үдерісінде қолданыста.

#### **Әдебиет:**

1. Мұратбек Б.Қ. М.Серғалиевтің 75 жылдығына арналған конференция материалдары. – Астана, 2013.
2. Серғалиев М. Сөз сарасы (сын мақалалар). – Алматы, 1989. – 196 б.
3. Адилова А.С. Қабылдау стилистикасы: оқу құралы. – Алматы, 2016. – 128 б.
4. Серғалиев М. Тілім менің – тінім менің: Мақалалар, баяндамалар. Құрастырушы: Қ.Саркенова. – Алматы, 2013. – 392 б.

## М.СЕРҒАЛИЕВ ЖӘНЕ ТІЛ МӘДЕНИЕТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Мұратбек Ф.М.,*

*магистрант,*

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,*

*Астана, Қазақстан,*

*[muratbek.f@mail.ru](mailto:muratbek.f@mail.ru)*

**Түйіндеме.** Мақалада ғалым М.Серғалиевтің ғылыми тұжырымдарын негізге ала отырып бүгінгі күннің маңызды тақырыптарының бірі – тіл мәдениетіне қойылатын басты талаптар мен дамуына кедергі болып отырған негізгі себептер жөнінде сөз қозғамақпыз.

**Резюме.** В статье, на основании научных выводов ученого М.Серғалиева, мы затронем об основных требованиях к языковой культуре и барьерах его развития, которое является одним из самых важных тем сегодняшнего дня.

### **Summary**

In the article, based on the scientific conclusions of the scientist M.Sergaliyev, we will dwell upon the basic requirements for language culture and the barriers to its development, which is one of the most important topics of today.

Тіл біліміндегі антропоэлектік бағыттың бір саласы лингвомәдениеттанудың қарастырып жүрген басты мәселелерінің бірі – тіл мәдениеті. Тілдік нормаларды дұрыс сақтау, сөз қолданудағы стильдік қателерді болдырмау, тіл мәдениетінің негізгі сапаларын әрдайым назарда ұстау – ұлттың өркендей түсуінің алғашқы қадамдарының бірі. Сондықтан да тіл мәселесі ұлт болып қалыптасқан кезден бүгінге дейін назардан тыс қалған емес. Соның бір дәлелі тілімізге бей-жай қарайтындардың саны азайып, тіл жанашырларының көбеюі. Сондай жүрегі қазақ деп соққан азаматтардың бірі – лингвист-ғалым М.Серғалиев. Бүкіл өмірін ғылымға арнаған Мырзатай ағайымыздың тіл білімі саласына қосқан үлесі зор. Оның тіл білімінің түгелдей дерлік салаларын қамтыған ғылыми еңбектері бүгінде жас ғалымдардың зерттеу жұмыстарына таптырмас көмекші құрал болып отырғаны сөзсіз. Біздің де негізгі мақсатымыз ғалым ағайымыздың тіл мәдениеті мәселесіне қатысты айтқан пікірлері мен ғылыми ізденістері нәтижесінде жасаған қорытындыларына сүйене отырып өз тұжырымдамамызды жасау болып отыр.

Академик, ғалым М.Серғалиев қозғалып отырған тақырып аясында былай дейді: «Тіл мәдениетінің басты мәселесі – тілдік құралдардың көмегімен қарым-қатынас жасау барысында адамға ықпал ету. Әрине, мұндайда тілдің эстетикалық, әдемілік жағынан әсер етуі басты назарға алынады. Демек, әркімнің жүріс-тұрысында, жалпы болмысында мәдениетті болуының қажеттігі сияқты, сөйлеу, жазу үстінде де адамның, әр сөзді, сөз тіркесі мен сөйлемді тиісті мағынасына ғана емес, соған қоса, тартымды, әсерлі қолдана білуі кең мағынадағы рухани мәдениеттіліктің бір саласы ретінде қаралуы тиіс»[1;200]. Демек адамның мәдениеттілігі киінген киімі мен жүрген жүрісінен ғана емес, сөйлеген сөзінен де байқалып тұруы тиіс. «Сөз қадірін білмеген-өз қадірін білмейді» деп бекер айтылмаса керек. Қай жерде, қай жағдайда болсын өз орнымен, мағыналы сөйлеу әдептіліктің белгісі деп білеміз.

«Тіл мәдениетінің басты мақсаттарының бірі – әдеби тіл нормаларын сақтау. Кейінгі жылдары беріліп жүрген анықтамаларға қарағанда тіл мәдениеті дегеніміз – нақтылы бір жағдайды ескерудің нәтижесінде және қойылған міндетке сәйкес адресатқа мүмкіндігінше мол ықпал ететін тілдің сапа белгілерінің жиынтығы. Ол белгілер: тілдің байлығы (әртүрлілігі), тазалығы, айқындылығы мен түсініктілігі, дәлдігі мен дұрыстығы т.с.с.»[2,222].

Нақты сөйлеу – ойдың айқын жеткізілуінің кепілі. Осы тұста көңіл аударма кететін мәселе – аударма арқылы қабылданып отырған шетелдік сөздер мен терминдер. Басқа тілден енген мұндай сөздердің саны күн өткен сайын артып келеді. Мұның әрине жақсы жағы да бар. Таза қазақ тіліндегі сөздер саны молайып, сөздік қорымыз кеңеюде. Дегенмен, жасыратыны жоқ, аударма арқылы енген жаңа сөздердің формасы мен мағынасының бір-

бірімен сәйкес келмеуі орын алып отырғаны да баршамызға белгілі. Яғни, ғалымның айтуынша, сөзге қойылатын басты шарттар – табиғилық, көпшіліктің қабылдауына икемділігі, мағынаны дәл бере алуы сияқты талаптардың орындалуы өз деңгейінде көрініс бермей тұр. «Сөзжасамның ішінде көбірек кездесетіні – біріккен сөздер арқылы жаңа сөздердің қабылдануы» [2,117]. Мысалы, жолақшаны (графа), үнқағазды (газет), жүкті сөзінің орнына ауыраяқ деп қолдануды орынсыз деп табады ғалым. Ал «шәкіртақы» сөзін тек шәкірт сөзімен байланыстыру жеткіліксіз, себебі степендияны қазіргі таңда үкімет тарапынан белгілі ғалымдар, жазушылар, өнер адамдары да ала бастады, сондықтан сол күйінде қалдырған жөн деп есептейді.

Тіл мәдениеті тілдің тазалығымен өлшенеді. «Сөздің тазалығы дегеніміз – сөйлеушінің немесе жазушының әдеби тіл нормасын сақтаумен бірге, ана тілінің мүмкіндігін пайдалана білу»[1, 213]. Тәуелсіздігімізді алғанымызға жиырма жеті жыл болса да Кеңес Одағы идеологиясының қазақ тіліне жасаған ықпалынан әлі күнге арыла алмай келеміз. Сөйлесу барысында қазақ тіліне аударылған, баламасы бар сөздерді біле тұра орысшасын алуға бейім тұрамыз. Мысалы, экзамен (сынақ), расписание (сабақ кестесі) т.б. Бұлай жасауымыз жоғарыда айтылған аудармалардың сәтті шыққандарын қолданысқа енгізуге кедергі болып тұрғаны анық.

Жат тілден енген сөздерді бойымызға сіндіріп, өз ана тілімізді жоғалтып алудан қауіптенген ағартушы-ғалым А.Байтұрсынұлы былай деген:

«Қазақ әдебиеті қатып-пісіп жетпеген уақытта біз қазақ сөзін ескі, жаңа деп талғамаймыз, жергілікті сөз екен деп, ол жағынан қатал қарап, қашып тұрмаймыз. Жалғыз-ақ біздің мықтап қашатынымыз жатшылдық (жат сөзшілдік).

Біз сияқты мәдениет жемісіне жаңа аузы тиген жұрт өз тілінде жоқ деп мәдени жұрттардың тіліндегі даяр сөздерді алғыштап, ана тілі мен жат тілдің сөздерін араластыра-араластыра ақырында ана тілінің қайда кеткенін білмей айрылып қалуы ықтимал. Сондықтан мәдени жұрттардың тіліндегі әдебиеттерін, ғылым кітаптарын қазақ тіліне аударғанда пән сөздерінің даярлығына қызықпай, ана тілімізден қарастырып сөз табуымыз керек»[3;19].

Ана тілді шұбарлайтын тағы бір фактор – жергілікті тіл ерекшеліктері. Ғалым М.Серғалиев диалектизмдердің көркем шығармаларда ғана кездесуі қисынды, себебі шығармадағы оқиға қай аймақта болып жатқанын, сол жердің өзіндік тұрмыс-тіршілігін оқырманға түсінікті жеткізу үшін тілдік ерекшеліктердің болғаны да жөн дегенді айтады.

Сонымен «тілдің тазалығын бұзатын, оған нұқсан келтіретін факторлар аз емес. Оларға, ана тіліндегі баламасы бола тұра, басқа тілдерден енген сөздерді қалай болса солай жұмсау (варваризмдер), жергілікті мәні бар сөздерді (диалектизмдер) талғамсыз қолдану, мамандыққа байланысты шағын ортада кездесетін сөздер(профессионализмдер, сондай-ақ құрбы-құрдастардың, әзіл-қалжыңы аралас адамдардың арасында сөзге кірістірілетін тілдік құралдар (жаргонизмдер) сияқты жайлар жатады»[1, 213].

Тіл мәдениеті сапаларының бірі – сөздің мәнерлілігі. «Сөздің мәнерлілігі дегеніміз – сөйлеушінің немесе жазушының тыңдарманын немесе оқырманын қызықтыра білуі, сөзін ұғындыра алу қабілеті». Сөзді немесе ойды мәнерлі жеткізудің жолдарына А.Байтұрсынов айтқан тіл көрнектілігі мен тіл (лұғат) әуезділігін жатқызуға болады.

«Тіл көрнекті болу үшін дерексіз нәрсе деректі нәрседей, жансыз нәрсе жанды нәрседей суреттеліп, адамның сана-саңылауына келіп түсерлік дәрежеге жетуі керек. Қалыпты түріндегі сөз ондай дәрежеге жету үшін түрлі әдістер істеледі. Ол әдістер негізгі түріне қарай үш топқа бөлінеді: 1. Көріктеу. 2. Меңзеу. 3. Әсерлеу» [3, 23].

«Әуезділік деп сөз турасында айтсақ, сөздің ішіндегі дыбыстардың үндері құлаққа жағымды болып естілуін айтамыз. Сөйлеу турасында айтсақ, сөйлеу ішіндегі сөйлемдерінің үндері құлаққа жағымды болып естілуін айтамыз. Сөздің үні құлаққа жағымды болуы – дыбыстардың тізілу түрінен, сөйлеудің үні құлаққа жағымды болуы сөйлемдердің тізілу түрінен. (сөз әуезділігі, сөйлем әуезділігі)» [3, 51].

Ал ғалым М.Серғалиев: «Сөзінің мәнерлі болуын мақсат еткен әр адам көркем, саяси әдебиетті, баспасөз материалдарын үзбей оқып, радио және телехабарларды үздіксіз тыңдап

отырмағы ләзім. Жай ғана қабылдап қоймай, риза болу, ескертпе жасау деген сияқты жағымды мағынадағы сыни көзбен бағалап отырудың мәні бар»[1, 223] деген ұсыныс пікірін айтады. Расында да біздің, жастардың, керегінше мәнерлі сөйлей алмауымыздың басты себебі де қандай бағыттағы болсын кітаптарды аз оқитынымыздан болса керек-ті.

Тіл мәдениетін сақтаудың ендігі бір әсер етуші факторы – ана тіліміздің лексикалық байлығын еркін пайдалана алу. Бәріміз білеміз, «мемлекеттік тіл» мәртебесіне ие қазақ тілі әлемдегі сөздік қоры ең бай үш тілдің қатарында (араб, ағылшын тілдерінен соң). М.Серғалиев осындай мол лексикалық қорымызды игерудің маңыздылығын түсініп, сонымен бірге ана тілдің одан әрі баюына өз үлесімізді қосуымыз қажеттігін ескереді. Ғалым осы ретте қазақтың ұлы ақыны туралы: «Абай қазақ тілінің лексикасын байытып, тазартып қана қойған жоқ, сонымен бірге, сөздердің тіркесімі, сөйлем құрау тұрғысынан, демек, қазақ синтаксисінің құрылымы жағынан да байытты. Бір ғана жүрек сөзімен жасалған талай тіркестердің өзі ғана осыған мысал бола алады. Жалпы азаматтық әуендегі өлеңдерімен бірге, сатиралық шығармаларында да сөз қолданудың өнегесін көрсетіп кетті»-дейді[1, 229].

Ғалымның айтуынша, адамның тіл байлығының кеңдігі лексикалық единицаларды қолдана білуінен көрінеді, яғни сөз қолданушының шеберлік дәрежесіне байланысты. Демек мақалдар мен тұрақты тіркестерді, басқа да көркемдегіш тілдік құралдарды орнымен қолданып сөйлесек, сөйлеу мәнерімізді сәнді түсеріміз анық.

Тіл мәдениетінің негізгі сапаларына сөздің логикалылығы мен қисындылығы жатады. «Логикалық деп ойдың қайшылыққа ұрынбауын айтамыз». Логикалық қателіктер логикалық екпіннің қай сөзге немесе қай сөз тіркесіне түсіп тұрғанына тиісінше мән бермеуден, бірыңғай мүшелердің қызметін атқаратын сөздердің «тең құқылығының» сақталмауынан, оқшау сөздердің мағынасыз қолданылуынан болып жатады. Сонымен бірге, екі немесе бірнеше абзацтың қосылып берілуі оқырманның мәтінді қабылдауына кедергі жасайтыны байқалады.

Сөздің қисындылығына келер болсақ, А.Байтұрсынұлы: «Сөздің келісті болатын заңдарын, шарттарын біліп тізу – тіл қисыны деп аталады»– деген анықтама береді[3, 19]. Ал М.Серғалиев «Сөздің қисындылығы деп жеке сөздің, сөз тіркесінің грамматикалық тұлғалардың өз орнында қолданылуын айтады»[1, 233]. Ғалым сөз қисындылығын функционалды стильдермен байланыста қарайды. Әр стильдің өзіне тән ерекшеліктері болады. Мысалы көркем әдебиет тіліндегі бояуларды ғылыми стильде немесе іс-қағаздарын толтыру кезінде қолданудың қисынсыз екені сияқты. «Сөз қисындылығының функционалдық стильдерінің түрлеріне қарай, сөйлеу жағдайына қарай, контекске байланысты өзгеріп отыратынын естен шығармаған мақұл»[1, 237] - дегенді де ескерте кетеді ғалым.

Тіл мәдениетінің дамуына кедергі болып тұрған мәселердің өзектісі – көшелердегі дүкендердің, кәсіпорындардың басқа да толып жатқан мекемелердің сыртындағы атаулардан кететін морфологиялық және синтаксистік қателер. Бұл мәселе турасында М.Серғалиев: «Әңгіме сол атаулардың қазақ тілінің бай мүмкіндігі ескерілмей, сөз қолданудағы заңдылық бұзылып, сөздердің орын тәртібі сақталмай, әріп қателеріне жол беріліп жазыла салғанында болып отыр»-дейді[2, 236]. Бұған бірнеше мысал келтіріп өтеді. Солардың бірі мынау: «Біздің үйдің қасында азық-түлік дүкені бар. Оның маңдайшасына бір кезде «Дүкен «Каусар» деп жазылған. Бұл, әрине, қазақша тіркес емес. Ауызекі сөйлеу тілінде қайсыбіреулер «совхоз Абайдан келдік», «город Қапшағайға бара жатырмыз»десе, бұл – орыс тіліне еліктеп, өз тілін мазақ етіп жүргені. Ана тілін сыйлайтын қазақ бұлай айтпаса керек»[2;238]. Бұл мақаласын ғалым жиырма үш жыл бұрын жазған екен. Сонда осынша уақыт аралығында не өзгерді? Сондай қателер әлі де бар, орысша араластырып сөйлейтіндер де жеткілікті. Осы ретте ғалым М.Балақаевтың мына сөзін келтіре кетсек: «Ана тілін жақсы білу – әркімнің азаматтық борышы. Егер әрбір сөзді орнымен жұмсай біліп, айтқан ойы мазмұнды, нысанаға дәл тиетіндей ұғымды шығып, тыңдаушысын баурап алардай әсерлі болса, ана тілінің құдіреті сонда ғана сезілер еді. Ал мұндай шеберлік тек тіл мәдениеті жоғары адамдардың ғана қолынан келер жайт»[4;27].

Жалпы, ғалымның ғылыми еңбектері, мақалалары мен берген сұхбаттарын оқып, таныса келіп, ойға бір ғана нәрсе келеді, М.Серғалиев – қазақтың бағына туған өнегелі тұлға. Оның қай еңбегін алып қарасаң да, тілге деген құрмет, ұлтқа деген махаббат сезімі байқалып тұрады. Сондықтан ағайымыздың аты да, заты да мәңгілік жасайтынына еш күмәніміз жоқ.

Сөз соңында айта кетеріміз, ұлттың өшуі тілдің өшуінен басталады, сол үшін мәдени мұраның үзілмес өзегі – ана тілімізді бүлінбеген, таза, тірі күйінде кейінгі ұрпаққа жеткізу – біздің борышымыз. Болашақта қазақ тілінде таза сөйлейтіндерге емес, керісінше, қатемен, басқа тілдерді қосып сөйлейтіндерге таң қалатын күнге жетейік!

**Әдебиет:**

1. Балақаев М., Серғалиев М. Қазақ тілінің мәдениеті. – Алматы: Дәуір-Кітап, 2013. – 240 б.
2. Серғалиев М.С. Тілім менің – тінім менің. Мақалалар. Таңдамалылар. – Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2013. – 392 б.
3. Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. – Алматы: «Сардар» баспасы, 2009. – 348 б.
4. Балақаев М. Қазақ тілі мәдениетінің мәселелері. – Алматы: Қазақстан, 1965. – 186 б.

## **АКАДЕМИК М.СЕРҒАЛИЕВТІҢ ҒЫЛЫМИ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ МАҢЫЗЫ**

**Өмірбекова Ж.Қ.,**

*филология ғылымдарының кандидаты, доцент,  
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
Астана, Қазақстан,  
[ozhamila@inbox.ru](mailto:ozhamila@inbox.ru)*

Қазақ тіл білімінің көркейіп, дамуы жолында көп жылдар бойы еңбек еткен оның кемеліне келіп, толысуына айтарлықтай сүбелі үлес қосып отырған ғұлама ғалымның сіңірген еңбегі ұлан-ғайыр екені – бүгінгі тілтаным дүниесі мен қазақтың зиялы қауымына кеңінен мәлім. Ғалымды бұл ретте тіл білімінің нағыз қаһарманы деп атау өте орынды да занды баға екені даусыз. Академик М.Серғалиевтің жарық көрген көлемді де мазмұнды, теориялық ой-пікір, саликалы тұжырымдар мен пайымдауларға толы көлемді де мазмұнды еңбектері – оңай көтере алмас ауыр жүк. Ғалымның тілші шәкірттері мен басқа да зерттеушілердің жазған еңбектерін оқып отырғанда сол теориялық пайымдаулар мен тұжырымдарға үнемі жүгініп, бағыт-бағдар алып, сілтемелер беріп отырғандарын жиі кездестіресің. Ғалым еңбектері: «Қазақ тіліндегі етістікті сөз тіркестерінің синонимиясы» (1991), «Синтаксистік синонимдер» (1988), «Синтаксис және стилистика» (1997) – барлығы бес монографияның, «Қазіргі қазақ тілі. Морфология мен синтаксис» (1991) оқу құралының «Сөз тіркесі», «Құрмалас сөйлем» және «Күрделі синтаксистік тұтастық» тарауларының, «Қазақ тілі» оқулығының (1979, 1994), ұстазы М.Балақаевпен бірлесіп жазған «Қазақ тілінің мәдениеті» (1995), «Сөз өнері» (1978), «Жазушы және сөз мәдениеті» (1983), «Сөз сарасы» (1989), «Көркем әдебиеттің тілі» (1995), «Қазақ ауызекі тіліндегі эмоционалдық және экспрессивтік лексика» (1995), «Қазақ тілінің қысқаша орфоэпиялық сөздігі» (1996), «Орысша-қазақша сөздіктің» (1993, 1995), жеті оқулық пен оқу құралдарының, ондаған әдістемелік еңбектердің, төрт әдеби-сын кітабының, 400-ден астам ғылыми-көпшілік мақалалар.

Ғалымның осыншама мазмұнды да сапалы еңбектерінде саликалы да нанымды тұжырымдар, нақтылы пікірлер мен соны жаңалықтар бары мамандарға мәлім. Әсіресе, стилистика, лексикология, лингвоэкология, қазақ әдеби тілі бойынша жасалған тұжырымдарының мәні ерекше зор. Мәселен, ғалым әдеби тілге тән тағы бір қасиет – оның жүйелілігі деп таныған. Жалпы халық тілінің не оның бір диалектісінің негізінде даму

жолына түскен әдеби тіл – сөйлеу тіліндегі бар байлықты қалай болса солай қабылдай бермейді, таңдап, талғап, сөз шеберлерінің “тезінде” шыңдалған қалпында қабылдайды. Жазу мәдениетінің артуы арқылы халықтың тіл мәдениеті артады, тіл байлығы орнын тауып белгілі қалыптасқан жүйемен нормамен жұмсалатын болады. Мәселен, көптеген сөздер ауызекі тілде түрліше қолданылатын болса, әдеби тілде олай емес, жұрттың бәріне ортақ түрде айтылады, жұмсалады.

Тіл табиғаты әрі нәзік әрі күрделі. Тіл үшін күрес кімнен болса да ерекше бір бірлікті, білімділікті, пайымдылықты, парасаттылықты талап етеді. Осындай қасиеттердің тоғысында қазіргі таңда тіл экологиясы термині сөз болып жүр. Экология дегеніміздің өзі тірі организмдердің тіршілік ортасымен байланысын зерттейтін биология ғылымының бір саласы. М.Серғалиев «осы ұғымды адамдардың тіршілік ортасына байланысты ауыс мағынада кейбір ғалымдардың «тіл экологиясы» деп атаулары да көңілге қонады» дейді. Сонда тіл экологиясы дегеніміз – тілдің қоршаған ортамен байланысы, тілдің әр түрлі бірліктерінің қолданылуы, тілдік норманың сақталуы деген түсінік туады. Әрине сөздің тазалығы, дәлдігі, нормадан ауытқымауы тіл экологиясына алып келеді. Тіл экологиясының бұзылуы тіл мәдениетінің ауытқуына жол салады. Академик М.Серғалиев экологияға байланысты топтастырылған тілдік тармақтардың барлығының материалдары стилистиканың зерттеу нысанына жатады. Мұнда да стилистиканың басты нысанаға алатыны – сөздердің қолданысының заңдылықтары, дұрыс жұмсай білудің үлгісін көрсету» - деп дәлелдейді сөзін ғалым, себебі тіл экологиясының өзі әдеби тілді сақтау, оның дамуы мен жетілуін қадағалап отыру. Ғалым тілдік құралдардың әр топтарға байланысты қолдану шегінің болатындығын, төрт түрге бөліп, жіктейді. Олар: 1. мезгілдік мағынадағы тіл тармақтары; 2. кеңістік мағынадағы тіл тармақтары; 3. әлеуметтік мағынадағы тіл тармақтары; 4. функционалдық-стильдік мағынадағы тіл тармақтары. Дифференциялық және интеграциялық тұрғыдан тіл тармақтарының бұлайша бөлінуінің тиісті дәрежеде маңызы да баршылық және әрқайсысының өзіне тән белгілері байқалып отырады. Тілші қолданысындағы бұл танымдық бірліктер алуан түрлі сөздермен тіркесе, әр түрлі ұғым-түсініктермен ұштасып, қазақ тіл біліміндегі тілдік бағыттардың барлығын түсіндіруге мүмкіндік туғызып отыр.

Тіл экологиясының маңызды сипаты, бірден-бір көрсеткіші – халықтың белгілі бір кезеңдегі қоғамдық, рухани мәдени өмірінің құралы бола алуы, халықтың рухани байлығын, сөз өнерін жеткізудің мәдени талап-тілектің қоғамдық көрінісі, оны іске асырудың амалы бола алуы. Сонда ғана ол жалпы халықтық тіл деген ұғымның өзінің жүйелілігімен, тұрақты нормалылығымен, сұрапталып, өңделген қасиеттерімен, даму сатысының жоғары дәрежесімен, қоғамдық қызметінің айқындылығымен, сан алуандылығымен ерекшелене алады және өзі қызмет ететін халықтың даму тарихымен, саяси-әлеуметтік, экономикалық, мәдени ерекшеліктерімен байланысты әртүрлі форма да өмір сүруге икемделетінін дәлелдеген.

Сонымен қатар, «Стилистика негіздері» атты еңбегінде стилистиканың өзіндік ерекшелігін айқындайтын ұғымдары мен категориялары болатынын жан-жақты саралаған. Стилистиканың басты ұғымдары мен категориялары туралы стилистикаға арналған еңбектерде азды-көпті жазылып жүр. Стилистикалық ұғымдармен категорияларға арналған академик М.С.Серғалиевтің еңбегін айтуға болады [1]. М.С. Серғалиев стилистиканың басты ұғымдары мен категорияларына жалпы мағынадағы стиль, стилистикалық бояу, стилистикалық құрылым, стилистикалық белгі, стилистикалық норма т.б. жататындығын айтады [1, 25]. Стилистикалық коннотация бояу, стилистикалық мән деген мағынаны бере отырып, тілдік бірліктердің экспрессивті-эмоционалды, бағалаушы функционалдық қасиетін танытады. Стилистикалық коннотация кең мағынасында тілдік бірліктердің бояулы өрнектері болып табылады.

Академик М. Серғалиев стилистикалық коннотация туралы былай деп сөз өрбітеді: «Сөздердің таза лексикалық, грамматикалық мағыналарын ұғымдық-логикалық компонент дейтін болсақ, стилистикалық мағына немесе бояу оған қосымша экспрессивтік-

эмоциональдық баға берушілік қосымша мағына үстейді. Сөйтіп, стилистикалық коннотация дегеніміз – заттық-логикалық және грамматикалық мағыналарға қосымша жұмсалатын экспрессивтік және стилистикалық қасиеттер» [1, 36].

Ғалым М.С.Серғалиев стилистикалық коннотациялар үш түрлі болып келетіндігін айтады:

1. Баға берушілік – эмоциональды-экспрессивтік коннотациялар;
2. Дәстүрлі экспрессивтік-эмоциональдық;
3. Таза стилистикалық бояу немесе таза стилистикалық коннотация [1, 36].

Стилистикалық коннотациялар стильдің белгілі түріне тәуелді болып келеді. Стилистикалық коннотациялардың көрінісі әр стильде ерекшеленіп тұрады. Ғалым М.С.Серғалиев стилистикалық коннотациялардың *баға берушілік* мәнде болып келуін былай түсіндіреді: «.....айтушының немесе жазушының сөзге жай қатынасы ғана емес, сөз болып отырған нысанға берер бағасы сол сөздің немесе сөздердің қолданылсынан байқалып отырады» [1, 36]. Тіл адамдар арасындағы қарым-қатынастың ғана емес, таным мен ойлаудың да құралы болатын тілдің көмегімен ой-санадағы ақиқат шындық болмыс кез келген тіл тұтынушының қолданысында да, көрнекті тілдік тұлғаның шығармашылығында да ғалам туралы білімдер жиынтығы түрінде тілдік санада бекіп, тіл арқылы матариалдық тұрпат алады. Сондықтан да тілдік көркем бейнелердің әрқайсысын тіл иесінің бейнелі ойлауының, күллі ғаламды, шындық болмысты этностың тұтастай және мүшелей тануының өзіндік ерекшеліктері, сондай-ақ қоршаған ортасын игеру барысында жинақталған өмірлік тәжірибелерінің нәтижесіндегі қорытындылары, әлем жайлы, сол әлемдегі өзі және өзгелер жайлы білімі қалыптасқан ғалам бейнесінің тілдік фрагменттері, тілдік модельдері деуге болады.

Сондықтан оны зерттеуде дәстүрлі-құрылымдық лингвистиканың мүмкіншілігі шектеулі. Себебі бұл арада тілдің қызметі тек коммуникативтік емес, ол (тіл) – этномәдени ақпаратты жинап, сақтаушы, жеткізуші, келесі ұрпаққа жалғастырушы, сайып келгенде, бір бүтін етіп тұтастырушы. Сондықтан да қазіргі қазақ тіл білімінде тіл мен мәдениет сабақтастығын, атап айтқанда, тілдің бойындағы ұлттық сипатты, ұлттық рухты тіл тануға негізделген кешенді зерттеулер жасаған. Осы тұрғыдан алғанда М.Серғалиевтің «Стилистика негіздері», «Өнеге», «Сөз сарасы», «Тілім менің – Тінім менің» еңбектерін атауға болады. Қалың көпшілікке жеңіл де жүйелі жетуіне, тағылымдық тұстарына көп көңіл бөлінеді. Естелік, эсселер сипатынан ұлттық мұрат пен ұрпақ қамына қатысты көкейкесті мәселелер, өмір мен өнердің өнегесі, тәлім-тәрбие ісінің түйінді тұстары кеше-бүгін байланыстары арқылы нанымды да жатық жеткізіледі. Ана тілінің белгі- ерекшеліктерін, қасиеттерін кең түрде ашады. Оны оқып-үйрету ісіндегі отбасы орны, ресми құжаттар мәні, қоғамдық ұйымдар жұмысы, өзге тілдерге қамқорлық жайы кеңінен қозғалады. Тіл туралы Заңның орындалуы, қолдану аясы, үйрену-үйрету жайы, оқулықтар мен сөздіктер туралы да келелі мәселелер, тәлімді тәжірибелер жан-жақты сөз етіледі [2].

Байқап отырғанымыздай, зерттеу саласында негізгі салмақ лингвистикаға жүктеледі. Оның себебі мен мәнін нақты түсіну үшін академик М.Серағалиевтің төмендегі пікірін келтірейік: «Болашақта халық игілігіне айналатын осы үлкен еңбектің негізгі арқауы – тіл тарихын халық тарихымен, мәдениетімен, психологиясымен сабақтас зерттеу. Сондықтан ол тек тілші-лингвистер үшін ғана емес, өз тарихын, тегін, тілін, ділін танып білсем деген адам үшін, болашақ ұрпақ үшін қажетті таным қоры. Тілді халықтың биік рухының өзегі деп, ана тіліміздің асыл қасиеттерін ардақтаған, оның өркендеп дамуына өз қайрат-жігерін аямаған, бүкіл саналы және ғылыми-зерттеушілік ғұмырын тіл арқылы тұтастығын сақтап, мәдениетін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізген ұлттың тұрмыс-тіршілігі мен салт-дәстүрі негізінде тілдің ұлттұтастырушылық қызметін дәлелдеуге арнаған академик М.Серғалиевтің ғылыми мұрасы мен тұжырымдарын зерделей отырып, қазіргі қазақ қоғамындағы қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесіне сай мәні мен міндетін былайша белгілеуге болады:

– қазақ тілінің мемлекеттік тіл қызметіндегі ұлтты ұйыстырушылық мәнін күшейтудің тілтанымдық негізін айқындау;



– мемлекеттік тәл мәртебесіндегі ұлттық тілдің ұлтты рухани тұтастырушылық қызметінің әлеуетін қазіргі заманның әлеуметтік мүдделеріне сәйкес жаңа аялық қолданыстар мен мүмкіншіліктері арқылы толықтыру;

– қазіргі қоғамның әртүрлі саласындағы (ғылым мен мәдениеттегі, терминдік жүйедегі, ақпарат құралдарындағы, білім беру мен тәрбие саласындағы, қызмет көрсету аясындағы т.б. мемлекеттік тілдің коммуникативтік қызметінің арқауын ұлттық идеяға құрудың тетігі ретінде тілдік тұғырды ұсыну;

– әртүрлі тарихи кезеңге сәйкес көркем мәтіндерде «астарланған», «тасаланған» ұлттық мазмұнды талдау.

Аса көрнекті ғалым, тілші, қазақ тілі ғылымының негізін салуға еңбек сіңірген М.Серғалиевтің лингвистикалық мұралары халқымыздың болмысын, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрлерін, ұлттық ерекшеліктерін, қасиетін, мінез-құлқын танытуда маңызы зор. Ғалымның зерттеу еңбектері – қазақ тіл білімінің өсіп-өркендеуіне, ұлттық құндылықтарымыздың сақталуына ықпал етіп, болашақ ұрпаққа қалған баға жетпес құнды мұра.

**Әдебиет:**

1. Серғалиев М. Стилистика негіздері. – Астана, 2006. – 271 б.
2. Серғалиев М. Өнеге. – Астана, 2006. – 357 б.
3. Серғалиев М. Көркем әдебиет тілі. – Астана, 2006. – 367 б.
4. Серғалиев М. Сөз сарасы. – Астана, 1989. – 197 б.

## АКАДЕМИК М.СЕРҒАЛИҰЛЫ ЖӘНЕ ТІЛ БІЛІМІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Сарекенова Қ.Қ.,*

*филология ғылымдарының кандидаты,*

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,*

*Астана, Қазақстан,*

*[sarekenova\\_kk@enu.kz](mailto:sarekenova_kk@enu.kz)*

**Түйіндеме.** Мақалада ҚР ҰҒА академигі М.С.Серғалиевтің тіл білімінің стилистика, көркем әдебиет тіліне қатысты еңбектері, жалпы еңбектеріндегі аударма мәселесі, мерзімді баспасөз беттерінде жарияланған мақалалары мен ұстаздық жолы туралы сөз болады.

**Академик М. Серғалиев и вопросы языкознания**

**Резюме.** В статье рассматриваются труды академика НАН РК М.С.Серғалиева, по стилистике, языке художественной литературы, по вопросам перевода, и статьи, опубликованные в периодических изданиях и о преподавательской деятельности ученого.

**The academician M. Sergaliev and the problems of linguistics**

**Summary.** In the article we are talking about the works of M.Sergaliev, academician of the National Academy of Sciences of the RK, connected with the stylistics of linguistics, the language of fiction, on the whole, problems of translation, articles published in periodicals and the teaching work of the scientist.

ҚР ҰҒА академигі Мырзатай Серғалиұлы Серғалиев қазіргі қазақ әдеби тілінің синтаксисі, лингвистикалық стилистика, тіл мәдениеті, көркем әдебиет тілі секілді ғылым салалары бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізді. Ол Қазақстан Жазушылар одағы мен Журналистер одағының мүшесі, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Білім беру ісінің үздігі, ЖОО үздік оқытушысы, филология ғылымының докторы, профессор, еліміздің екі жетекші жоғары оқу орындары әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеттерінде факультет деканы, кафедра меңгерушісі, болды. Осы күнге дейін еліміздің Солтүстік, Орталық, Шығыс аймақтарынан тіл білімі бойынша шыққан жалғыз академик те М.С.Серғалиев еді.

Қазіргі қазақ әдеби тілінің синтаксисін ХХ ғасырдың екінші жартысында қазақ тіл білімінде функционалды грамматика аспектісінде қарастырған ғалымдардың бірі десек, қазақ тіл білімінде күрделі синтаксистік тұтастық мәселесін жан-жақты зерделеген ғалымдардың бірегейі. Лингвистикалық стилистика бойынша әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің филология факультеттерінде «Қазақ тілінің стилистикасы» пәнінен ұзақ жылдар бойы сабақ жүргізіп, аталмыш пәннің оқулығын жазды.

Академик М.С.Серғалиев көркем әдебиет тілі мәселесімен де арнайы шұғылданды. «Кең өріс», «Сөз сарасы», «Көркем әдебиет тілі», «Ой өрнегі» еңбектерінде нақты көркем туындылардың тілі мен стиліне талдау жасады. Сонымен қатар «Мұхтар Әуезов және көркем шығарма тілі» мен «Ғабит Мүсірепов және тіл мәдениеті» еңбектерінде арнайы М.Әуезовтің әңгімелерінің тілін және Ғабит Мүсіреповтің тіл мәдениетіне қатысты ойлары мен көркем шығармаларындағы тіл шеберлігін саралады.

Біздің бүгін айтатын тағы бір мәселеміз академик М.С.Серғалиевтің аудармалары туралы. Бұл жерде басын ашып алатын мәселе, М.С.Серғалиевтің аудармашылығы туралы 4 бағытта айтуға болады:

1. Көркем әдебиетке қатысты аудармалары
2. Белгілі опералардың либреттоларына қатысты аудармалары
3. Аударма сөздік құрастырудағы еңбектері
4. Жеке сөздер мен терминдердің аудармасына қатысты ойлары.

Біріншіден, М.С.Серғалиевтің 1970-жылдары әңгімелер аударумен айналысқанын көзі қарақты оқырман біледі деген ойдамыз. Ғалымдығымен қоса, аудармашы ретінде Дуггал К.С., Кулван Сингх, Мұхамед Әзім Рахнавард З. Кемаль, Ескендір Ф., Қадыров Ә., Кожевников В., Лацис В., Лекербай М., Мурацан, раб, Яшар Маняк В. секілді жазушылардың әңгімелерін қазақ тілінде сөйлеткен және олар түрлі газет беттерінде жарияланған.

Екіншіден, М.С.Серғалиев Н.Гринкевичтің «Біржан-Сара» М.Төлебаевтың 3 актілі операсының либреттосы мен «Рихард Зорге» (О.Гейльфуца: Опера в 2 д., с прологом и эпилогом) қазақ тіліне аударған екен. Біз бұл аудармалардың мәтінімен жұмыс істемегенімізді ескерткіміз келеді.

Үшіншіден, М.С.Серғалиев – «Орысша-қазақша сөздік» құрастырушы ғалым. Бұл сөздік (1993, 1995, 2000, 2004), бір жағынан лексикографиялық еңбек болғанымен, қазақ тілін үйренушілерге арналған. Бұл сөздіктің бір ерекшелігі – әр сөзге қажетті көптік, септік, тәуелдік және жіктік жалғаулардың көрсетілуі мұндай сөздіктердің тарихында бірінші рет болып отыр. Демек, сөздің аудармасын ғана біліп қоймай, сол сөздерді тіркеске түсіріп, басқа сөздермен байланыстыруға біршама көмегін береді. Яғни, бұл сөздік, ғалым өзі көп айналысқан Тіл мәдениетіне қатысты еңбек деп айтуға да лайық.

Төртіншіден, жекелеген сөздердің аудармасына қатысты М.С.Серғалиевтің мақалаларынан алынған ойларға байланысты айтуға болады. Олар, мысалы, 2013 жылы шыққан «Тілім менің – тінім менің» атты еңбегінде жарияланған «Термин қисыны», «Термин бірізділігі де тіл мәдениетінің сипаты», «Тіл білімі сөздігінен» туындаған пікірлер», «Орысша-қазақша сөздікке» ұсынақтылық қажет», «Аударма сөздікке арнайы талап» атты мақалаларында берілген сөздерге қатысты айтуға болады. Ол еңбек барлық ұйымдарға таратылған, сол кітаптағы мақалалардан танысуға болатынын ескертеміз.

Академик Мырзатай Серғалиұлы Серғалиев – жоғары білікті маман даярлау ісіне белсене ат салысқан ғалым. 1989 жылдан 1999 жылға дейін әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде тіл білімінен диссертация қорғайтын диссертациялық кеңеске басшылық етті.

Ал 1999 жылы Еліміздің астанасы Астанаға Тіл білімі бойынша ғалымдардың алғашқылардың бірі болып қоныс аударды. Астанаға келгеннен кейін осы Тіл білімінің майталманы ретінде осы Солтүстік өңірдегі оқу орындарының ғылыми әлеуетін көтеру үшін еңбектенді. 2001 жылдан бастап қазақ тілі мен орыс тілі мамандықтары бойынша

кандидаттық диссертация қорғайтын диссертациялық кеңес ашты. Ол диссертациялық кеңестен Астана, Көкшетау, Қарағанды, Павлодар, Петропавл, Семей, Өскемен, Шымкент, Қостанай қалаларының жоғары оқу орындарының барлығынан ізденушілер мен аспиранттарға диссертацияларын сәтті қорғап, ғылым жолында өз жолдарын табуға ықпал етті. Сонымен қатар жаңа Астанамызға және еліміздің Солтүстік өңіріне Тіл білімі бойынша академиялық дәстүр әкелді. Себебі біз М.Балақаев, І.Кеңесбаев, С.Аманжолов, К.Аханов секілді тіл білімінің тау тұлғаларын көзімізбен көрген жоқпыз, біз М.Әуезовке және осындай тау тұлғаларға шәкірт болған, әріптес болған, біздің қазіргі көзі тірі ұстаздарымызға ұстаз болған Мырзатай Серғалиұлы Серғалиевке шәкірт болдық, әріптес болдық. Ұстазымыздың ұстаздарын ұстазымыз арқылы білдік.

Ал Серғалиевтің советінен (кеңес) диссертация қорғаған ғалымдардың айтқан алғыстары естіп те, оқып та жүрміз. Біз бұл жерде академик ағамыздың өзінің тікелей жетекшілігімен қорғаған 55 (5 докторлық, 50 кандидаттық диссертация қорғаған) шәкіртінен өзге диссертанттар туралы айтып отырмыз. Осы жерде көрнекті ғалым Л.К.Жаналинаның сөзін келтіріп кетуді орынды деп ойлаймыз. «Бесценен вклад академика М.С.Серғалиева в формировании научных кадров Республики. Его большая научная школа известно далеко за пределами Казахстана. Его дополняет огромная армия ученых, вводимых им в науку в качестве председателя диссертационных советов по защите диссертаций уже в течение двадцати лет. Тем, кто защищал свои работы в диссовете М.С.Серғалиева, не могли не испытать восхищения. Каждый из них становился свидетелем того, что талантливый человек талантлив во всем, что руководство советом требует особого таланта, обеспечивающего необходимую и достаточную гармонию, равновесие между пьедесталом, создаваемым статусом большого ученого и главного арбитра, и «подпьедестальем», в котором царит атмосфера щедрой человеческой теплоты, между высокой научной требовательностью и человеческим сопереживанием, которые склеиваются чувством тонкого и точного юмора, очень органично вписывающегося в образ Мырзатая Серғалиевича. Удивительный ученый и прекрасный человек, задающий эталон жизненно важного для науки ее единства с нравственностью, Мырзатай Серғалиевич становится эталоном всех, кто имеет счастье знать его. В их числе и автор этих строк» [1, ]. Бұл жолдарды оқығанда, тек қана бас шұлғып қана отырамыз. Себебі академик М.Серғалиевтің диссертациялық кеңесінде 5 жыл ғалым хатшы болып жұмыс істегенде, ағайымыздың дана басшылығына әрдайым бас иетінбіз. Тек диссертациялық кеңестің басшысы ғана емес, кафедра меңгерушіміз болған кезде де (1999-2009) шағын ұжымның ондаған жылдар бойы қалыптасып, үйреншікті әдетке айналып кеткен жақсы дәстүрді орнықтыру мақсатында қызмет етті. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі қазақ филологиясы кафедрасының ғылыми әлеуетін 100 пайызға жеткізген ұстазымыз, осы Астанаға келіп, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде қазақ тіл білімі кафедрасына басшылық жасаған алғашқы жылдарында арманы бұл кафедраның да ғылыми әлеуетін 100 пайызға жеткізсем деп армандап отыратын. Ұлағатты ұстазымыздың арманы өзінің қажырлы еңбегінің арқасында орындалды да. 2009 жылы кафедраның құрметті профессоры болып жүргенінде де, кафедраның ғылыми әлеуетін 100 процентке жеткізіп, өз мақсатына жетті. Әттең арамызда жүре берсе, әлі алатын тағлымымыз мол еді. Ұстазымыздың әрбір сөзі, істеген ісі бәріміздің жадымызда.

Тіл білімінің майталман маманы ретінде М.С.Серғалиев еліміздегі тіл мәселесіне қатысты әрдайым өз пікірін бұқаралық ақпарат құралдарында білдіріп отырды. Ол материалдар ұстазымызбен бірге құрастырған «Тілім менің – тінім менің» атты еңбекте жарық көрді [1, ]. Еңбектегі материалдарды саралағанда, мынадай тақырыптарға топтастырдық:

1. Мемлекеттік тіл мәселелері.
2. Тіл мәдениеті және терминология.
3. Қазақ тілін зерттеушілер.
4. Шағын пікірлер.

Алғашқы үш бөлім бойынша академик М.С.Серғалиевтің ҚР Президентігіне үміткерлердің мемлекеттік тілді меңгеру дәрежесін анықтайтын ҚР Лингвистикалық комиссиясының мүшесі ретінде (1998, 2005 жылдары); ҚР Үкіметі жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясының, Астанадағы ономастикалық комиссияның мүшесі ретінде және әдеби-мәдени үдерістерге қатысты жиындарда баяндамашы ретінде айтқан пікірлерін осы еңбектен көруге болады. Ал осы еңбектің төртінші бөлімінде қазақ тіл білімінің әртүрлі салаларына қатысты жазылған еңбектерге қатысты жарияланған пікірлері енгізілді.

Ұстаз ретінде М.С.Серғалиевтің есімі әріптестері мен шәкірттерінің арасында бүгінгі күнге дейін әрдайым ілтипатпен айтылады. Біздің кафедрада М.Серғалиевтің бірнеше шәкірті бар. Сол шәкірттерінің арасында кей кездері әрқайсымызда ағай мені жақын тартатын, өзгелерге қарағанда мені қатты жақсы көретін деген іштей ойлар туындап жатады. Бұл заңдылық деп ойлаймын. Себебі біздің ағайымыз әрқайсымызды ерекше көретін, әрқайсымызға әкелік махаббат танытатын, әрқайсымызды ерекше мейірімге бөлейтін. Сол үшін де ұстазымызға деген алғысымыз шексіз.

Сонымен, сөзімізді қорытындылай келе айтарымыз, Мырзатай Серғалиұлы Серғалиев жарты ғасыр ұстаздық қызметін ғылыми ізденіспен, білгірлікпен ұштастырып, өзгеге үлгі боларлықтай үлкен жолдан өтті. Жалпы, Азамат М.Серғалиевтің болмыс-бітімінде, үлкен-кішілермен қарым-қатынасында өзгелерге үлгі боларлық жайлар көптеп кездеседі.

#### **Әдебиет:**

1. Жаналина Л. Назначение – быть источником духовности в науке // Лебиз. – Астана, 2008. – С. 100-102.
2. Тілім менің – тігім менің. – Алматы: Сардар, 2013. – 392 б.

## **ҒАЛЫМ ТАҒЫЛЫМЫ**

**Сыздықова Г.О.,**

*филология ғылымдарының докторы, профессор,  
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
Астана, Қазақстан,  
[go.syzdykova@mail.ru](mailto:go.syzdykova@mail.ru)*

#### **Summary**

The article analyzes some cognitive thoughts-conclusions of academician M. Sergaliev about the choice of profession, the role of teachers in modern society, as well as the sequence of some words in the field of education.

Түбі терең теңіздей тілімізді зерттеп-зерделеудің тағылымды тарихы мен өзіндік қиындықтары да бар. Осы орайда ұлағатты ұстазымыз, ғалым, тіл білімінің көрнекті қайраткері, академик Мырзатай Серғалиұлының тіл ғылымының өзекті мәселелерін зерттеп, ана тілінің рухани әлеуетін өркендету ісіне қосқан үлесі аса қомақты.

Зерделі ғалым өзінің бар ғұмырын тіл ғылымына арнады. Бұған ғалымның бүгінгі күні де маңызын жоғалтпай, қазақ тіл білімінің 21-ғасырдағы жаңа ғылыми парадигмаларын зерттеуге ғылыми қазық болып отырған артында қалған мол мұрасы айқын дәлел бола алады.

Ол қазақ тіл білімінде стилистика мен тіл мәдениеті, көркем әдебиет тілі мен лексикография, синтаксис салаларында толассыз еңбек етіп, маңызды пайымдаулары мен тұжырымдарын сол бағыттағы зерттеулеріне арқау етті. Әсіресе, лингвистикалық стилистика, синтаксистік синонимия және синтаксистік семантика, тіл мәдениетіне қатысты орнығып, ғылыми көпшілік тарапынан мойындалған теориялық пайымдауларының қазіргі ғылымдар тоғысында пайда болған лингвоэкология, лингвопрагматика, когнитивтік

лингвистика, әлеуметтік лингвистика т.б. салалардағы кешенді зерттеулердің негізі ретінде де ғылыми маңызы зор.

Ғалымның қазақ тіл білімінің салалары бойынша жарық көріп, қазіргі оқу үдерісінде кеңінен қолданылып жүрген «Қазіргі қазақ әдеби тілі», «Қазақ тіліндегі етістікті сөз тіркестерінің синонимиясы», «Синтаксистік синонимдер», «Синтаксис және стилистика», «Қазіргі қазақ тілі. Морфология мен синтаксис», ұстазы М.Балақаевпен бірлесіп жазған «Қазақ тілінің мәдениеті», «Қазақ ауызекі тіліндегі эмоционалдық және экспрессивтік лексика», «Стилистика негіздері», «Қазақ тілінің қысқаша орфоэпиялық сөздігі», «Орысша-қазақша сөздік» тәрізді ғылыми туындылары әлі де өзінің маңыздылығын жойған жоқ.

М.Серғалиевтің басқаға ұқсамайтын ғалымдық келбетін танытатын бір ерекшелігі – әдебиет, журналистика салаларының өзекті мәселелерін қазақ тілімен қатар қойып, өзара тығыз байланыста зерттеуі.

Осы бағытта көркем туындыларды кәсіби тұрғыдан қарастыру арқылы қазақ сөз зергерлерінің шығармаларын лингвостилистикалық қырынан талдап, ұстазы М.Балақаевтың идея, ұстанымдарын одан әрі жалғастыра отырып, жоғары эстетикалық талғамға тәрбиелейтін «Сөз сарасы», «Көркем әдебиет тілі» «Кең өріс», «Ой өрнегі», «Жазушы және сөз мәдениеті» сияқты сыни талдау еңбектерін жарыққа шығарды. Сонымен қатар БАҚ тілі, журналистер мен тележүргізушілердің сөйлеу мәдениеті, тіл тазалығы тәрізді мәселелер туралы да бірқатар зерттеулері жарық көрді.

Бұл еңбектердің қай-қайсысы болмасын, ғалымның жас буынға, кейінгі ұрпаққа қалдырған тағылымға толы зерттеулері.

Ғалым тағылымның бір үлгісі – жастарға, кейінгі ұрпаққа қалдырған өнегелі өрнектері. Бұл бағытта ұстаздың адам бойындағы ізгілік, қарапайымдылық тәрізді асыл қасиеттері мен мамандық таңдау, студент болуға қатысты өсиет сөздерінің мазмұны аса терең, түсіне білген адамға аса әсерлі әрі ой саларлық.

Мәселен, «Өнеге» кітабында мамандық таңдау туралы *«Мамандық таңдауды жеке бастың ісі деп қарау – сыңаржақ түсінік. Айталық, басқа біреудің таңдауымен орта қол мұғалім болғаннан да, өз таңдауына орай білгір инженер болған адам қоғамға да, қызмет ортасына да қажет азамат болар еді»* дейді [1, 88]. Ғалым өмірдегі шындықты айтып қана қоймай, жастарға мамандықты дұрыс таңдау керектігін түсіндіреді. Мамандықты дұрыс таңдаудағы басты мақсат – *өз таңдауына орай білгір маман болу, сөйтіп сол салада қоғамға өз пайдасын тигізу, халыққа қызмет ету. Жаны бар шындық емес пе?!*

Ғалымның әр сөзі тағылымға толы, ой саларлық, қай сөзін оқысаңыз да, бейғам қала алмайсыз. Ойыңызға ой қосады. Күнделікті өмірде аса мән бере қоймайтын кейбір мәселелерге баса назар аударады, өзгенің де назарын аудартады.

Сондай мәселенің бірі – «студент болудың басты шарты».

Ғалым бұл сұраққа баса мән береді.

Ғалымның пайымдауынша: *«Студент болудың басты шарты – білімділік екендігін дәлелдеудің қажеттігі жоқ. Болашақ мұғалім үшін де солай. Бірақ жақсы білу бар да, оны екінші адамға жеткізе алу бар. Бұлар бір-біріне жақын болғанымен, бір емес»*[1, 90]. Бұл жерде ғалым «жақсы білу» мен «оны екінші адамға жеткізе білу» тәрізді ұғымдардың аражігін ажыратып, нақтылап түсіндіреді. Студент болу үшін білімді болудың жеткіліксіздігін, білімділікпен қатар сол алған білімді басқаларға жеткізе білудің де маңыздылығын, ол үшін әртүрлі бағыттағы ғылыми ізденіс жұмыстарымен айналысудың қажеттігін меңзейді.

Тағы бір тағылымы – мұғалім туралы. Ғалымның сөзін келтірейік. *«Мұғалім – үлкен жүректі гуманист. Басқа мамандықта кездесе бермейтін мұндай адамгершілік бір күнде қалыптаса қоймайды, ол мамандыққа бала кезден икемделу керек»* [1, 91]. Ғалым мұғалімдікті барлық мамандықтан жоғары қояды және бұл мамандыққа кездейсоқ келуге болмайтындығын ескертеді. Сонымен қатар мұғалімдік мамандықтың ерекшелігі туралы:

*«Ең алдымен, жастарға білім қажет. Бұл – барлық мамандыққа ортақ белгі. Ал ұстаз болатын адамға адам бойындағы үлкенді-кішілі жағымды белгілердің барлығы да қажетті*

компоненттер болып табылады. Бұл жағынан келгенде, мұғалімді өнер адамдарымен, әсіресе, сахна артистерімен ғана салыстыруға келеді» дейді [1, 89].

Яғни мұғалім тек білімді ғана болмау керек, мұғалімнің бойында біліммен бірге адамгершілік қасиеттердің барлығы болуы керек. Мұғалімнің «... жүріс-тұрысында, сөзінде болмашы оғаштықтың өзі – шәкірттердің алдындағы мін. Сырт киім киісіне де жастар сынай қарайды, жарасымды болса, еліктеуге тырысады да, жағымсыз жайлар күлкі тугызады. Сондықтан адам баласының сыртқы болмысындағы кемшіліктерді өзі түзей алатын болуы керек. Ал жан дүниесіне келетін болсақ, ондай ұстаздың, ең болмағанда, бір рет қана өтірік жайсыз қылық жасағаны оқушылардың көз алдарында көпке дейін елестеп тұрады. Егер мұғалімнің орынсыз жазалаған нысаны болса, ол – шәкірттің көңілінде ұзақ сақталып, тіпті сол шәкірттің ол кісіге деген реніші басқа бірнеше шәкірттердің жеккөрушілігіне айналып кетуі гажап емес» [1, 89]. Бұл тағылымның бүгінгі студент ертеңгі мұғалімдерге берер тәлімі зор.

Күнделікті өмірде жиі қолданатын «қарапайым» сөзі туралы да ғалым өзіндік ерекше пікір білдіреді.

*«Қарапайымдылық деген ұғымды қайсыбіреулер аузынан сөзі, қойнынан бөзі түсіп тұратын, ынжық, болбыр мағынасында қабылдайды. Сөйтіп, бұл сөздің біреуді кемсіту, ұнатпау, өз дәрежесінен төмен қою мақсатында қолданылатыны бар. Әділінде жаны таза, ісі мен сөзіне берік, қақ-соқпен жұмысы жоқ кісінің бойындағы іліп алар, көзге шалынар елеулі бір қасиеті болса, оның атын қарапайымдылық деп білу керек»* [1, 30]. Ғалым қарапайымдылық туралы осындай пайымдау жасайды. Қарапайымдылықты болбырлықпен, жуастықпен бір деп қарауға болмайтындығын айтады.

Кей кездері тіл мен әдебиетті бөліп қарап, тіпті «тілшінің әдебиетті немесе әдебиетшінің тілді білуі аса маңызды емес» дейтін көзқарастарға да ғалымның өз тарапынан айтар жауабы бар. Бұл орайда ұстазы М.Әуезовтің «Әлбетте, тілшінің әдебиетші, әдебиетшінің тілші болмағы абзал. Тегінде, бірінсіз бірі жоқ деген түйіннің жөні бар» деген сөзін негізге ала отырып, «Бүгінгі шындық та мұны толық мойындайды. Өкінішке орай, көркем шығарма жазуға талпыныс білдірген талай жастар да, тіпті ысылып қалғандардың қатарында көрінетін кейбір жас жазушылар да тіл мен әдебиеттің арасына жік қоятын сынай танытады. Шынтуайтқа келгенде, қай шығарма болса да, қайсыбіреулердің жаратыңқырамай айтатын «бастауыш» пен «баяндауыштан» немесе «зат есім» мен «сын есімнен» тұратыны белгілі. Әңгіме сол аталған сөйлем мүшелері мен сөз таптарының мектеп грамматикасындағы қарапайым анықтамасын білумен шектелмей, оларды қолданудан туындайтын сөз әуенділігін, сөздің стильдік қырын танып, толық игеруде екенін ұғыну қажеттігінде болып отыр» деп өзіндік тұжырымын жасайды [1, 12].

Ғалымның бүгінгі күнгі аса маңызды мәселелердің бірі – терминдердің бірізділігі туралы ой-тұжырымдары мен ұсыныстарының да тағылымдық мәні зор. Мәселен, білім беру саласына қатысты бірде курстық / дипломдық жұмыс немесе курс / диплом жұмысы (ғалым осылай қолдануды ұсынады. Г.С.), экономикалық факультет, биологиялық факультет (дұрысы: экономика факультеті, биология факультеті) тәрізді қолданыстардағы бірізділіктің сақталмауы. Сонымен қатар пікір – отзыв, пікірлеме – рецензия, пікірлемеші (кейде пікір білдіруші / беруші деп әрізді қолданамыз. Г.С.) – рецензент, емтихан алушы (кейде емтиханшы деп қолданылады) т.с.с. сөздерді нақтылауы.

Білім беру жүйесінде мұнан өзге қайшылық тудырып жүрген қолданыстардың бірі – студент-выпускник сөзін ғалым бітіруші студент (кейде түлек деп те айтып жүрміз. М.С.) деп қабылдауды жөн көреді. Ал выпускающая кафедра сөзін шығарушы кафедра деп атауды құптамайды. Оған ғалым мынадай дәлелді тұжырымын келтіреді: *«Дәлірек айтқанда, шығарушы сөзінің студентті оқудан шығаратын ұғымда екені не маман даярлап шығаратын ұғымда екені аңғарыла қоймайды. Солай болғандықтан студент-выпускникті шығарушы студент деп атаудың ерсілігі сияқты, выпускающая кафедраны бітіруші кафедра деп әрі қуаламай, маман даярлаушы кафедра деген ақылға сыйымды көрінеді»* [2, 205-206]. Жоғары оқу орындарында бітіруші студент / түлек, маман даярлаушы кафедра (*шығарушы /*

*бітіруші кафедра* емес. Г.С.) деген атаулар өзі қатысты ұғымның мағынасын толық сипаттай алады. Бұл орайда ғалымның ұсынысы уәжді.

Әрине, ғалым тағылымын бір ғана мақала көлемінде талдап шығу мүмкін емес. Сондықтан бұл мәселе болашақта осы аттас көлемді бір ғылыми зерттеудің нысанына айналары сөзсіз.

Ұстазы І.Кеңесбаев туралы «Ғұлама ғалымдығы мен дарқан ұстаздығының тоғысынан пайда болған жүрек жылуы да, жастарға жанашырлығы да сезіліп тұратын» деген сипаттамасы ғалымның дәл өзі туралы айтылғандай деуге болады.

Үлкен жүректі, дара дарынды ғалым, мейірімді де ұлағатты ұстаз, ғұмырын ана тілінің даму, өркендеу жолына арнаған тіл білімінің көрнекті қайраткері, академик Мырзатай Серғалиұлының жарқын бейнесі тіл мен әдебиет тарихында, шәкірттері мен кейінгі жас буынның жүрегінде әрдайым сақталады.

Қорыта айтқанда ғалымның артына қалдырған тағылымға толы мол мұрасының бүгінгі білім мен ғылым саласындағы рухани жаңғыру кезеңінің маңызды бастау көзіне айналып, халқымыздың асыл қазынасы – сөз өнерін зерттеп, осы салада қызмет етуші ұрпаққа әлі талай берері бар екендігіне сеніміміз мол.

**Әдебиет:**

1. Серғалиев М. Өнеге. – Астана: Ақмола ГТАО, 2006. – 358 б.
2. Серғалиев М. Тілім менің – тінім менің. – Алматы: Сардар, 2013. – 392 б.

**АКАДЕМИК М.СЕРҒАЛИЕВ ЖӘНЕ ТІЛ БІЛІМІ**  
**(«Өнеге», «Тілім менің – тінім менің» еңбектері туралы)**

**Тұрысбек Р.С.,**  
филология ғылымдарының докторы, профессор,  
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
Астана, Қазақстан,  
[rst58@mail.ru](mailto:rst58@mail.ru)

Тіл – ұлт қазынасы, руханияттың басты көрсеткіштерінің бірі. Тіл туралы бұрын да айтылған, қазіргі кезеңде де жиі жазылады. Ата Заңда – мемлекеттік тіл ретінде айқындалды (1995). Үш тілді білім беру бағыты басымдыққа ие болды. Жаңа бағыттар айқындалды. Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру туралы Жарлық та шықты(2017).

Тілді оқып-үйрену мен жүзеге асыру ісінде мың сан шаруа қолға алынды. Алуан бағытта іс-шаралар да жүзеге асты. Арнайы орталықтар ашылып, осы бағыттағы курстар да жүйелі жұмыстар атқарып келеді. Бұл ретте, оқытушы-ұстаздар еңбегі, тәлімді тәжірибелерінің маңызы зор.

Ұстаз!..

Ұстаз ұлағаты! – деген мән-мағынасы мол, қадір-қасиеті мен сыр-сипаттары терең сөздер кім-кімге де айрықша әсер етіп, әсіресе орта және жоғарғы мектепті еріксіз һәм лезде еске түсірері анық.

Осы реттен келгенде, орта мектептегі – Б.Медетов, Т.Жамаубаев, Ә.Байсынов, О.Әлтаев, Ә. және Ж.Исаевтар, Ә.Салықбаев, Ж.Оспанбеков пен жоғары оқу орнындағы – Б.Кенжебаев, Б.Шалабаев, К.Аханов, З.Ахметов, Р.Әмір, М.Базарбаев, Р.Бердібай, С.Қирабаев, З.Қабдолов, Т.Кәкішев, С.Ордалиев, Т.Сайрамбаев, М.Серғалиев, Р.Нұрғали, Х.Кәрімов, А.Қыраубаева т.б оқу-білім, ақыл-парасат, тәлім-тәрбие туралы толғам-толғаныстарын, ұстаздық ұлағат хақындағы кемел көзқарас, келелі әңгімелерін, болашақ бағдары мен өмірге қажетті мамандықтардың қыр-сырына қатысты биік талғам мен терең танымдарын, жанашырлығы мен жауапкершіліктерін естен шығару, ұмыту мүмкін бе?

Адамдық болмыс бедерлері мен ұстаздық ұлағаттары, жан-жүректен, көңіл шуағымен айтып, жеткізетін әсерлі әңгімелері қарапайымдылығымен, шынайылық сыр-сипаттарымен баурайтын. Өмірге, еңбекке құштарлығың артып, жақын-жуық, дос-құрбыға деген сүйіспеншілік сезімің де еселеп артатын-ды.

Олардың есім-еңбектерінің жадында, жан-жүрегінде жүргенінің өзі ғибратты һәм ғанибет қой!

Қай кезең, қилы сәттерде де басты өлшем: өмір-ұстаз, уақыт-таразы болып келгендігіне көз жетіп, көңіл кәміл сенеді. Бұған мысал-дәлел де, дерек көздері де жеткілікті. Отбасылық өмірде, орта және жоғары мектепте оқу-біліммен бірге ұстаз ұлағаты, табиғаты мен тағлымы да жан-жүректен, көңіл төрінде берік ұялары анық. Мектеп – оқу негізі, университет – білім-ғылым бастауы екенін ескерсек, осы тұста, сөз жоқ мұғалім мәртебесі, ұстаз ұлағаты еселеп артады. Бұған да негіз жоқ емес, әрине.

Жасыратыны жоқ, қоғамда, пед ұжымдарда:

– Мұғалім көп, ұстаз – аз, - деген көзқарастарды естіп қаламыз.

Бұл бөлек басқосудың, арнайы әңгіменің арқауы, әрине.

Ұстаз – ұлы ұғым, ұстаздық – мәртебелі мерей екенін ескерсек, бұл бағыттағы маман иелерінің ерен еңбектері, ізденіс мұраттары мен ақыл-парасаттары ешбір таразы өлшеміне сыймайтынын, керісінше қолдап- аялап, бағалауға әбден лайықты екенін бүгінгі күн шындыққа шығарып келеді. Әлемдік кеңістікке, бәсекелестікке бет бұрған тұста, оның басты, өлшемі – білім, негізі – ұстаз мұраты мен ұлағатында жатқанын жоққа шығару қиын.

Ұстаздың бір қанаты – білім-тәжірибе тәлімі болса, келесі қанаты – кітап арқылы биіктеп, асқақтай түседі. Кітап – қымбат қазына, рухани құндылықтарымыздың басты өлшемдерінің бірі болса, «Өнегенің» өріс-өрнектерінен бұған қатысты әр алуан оңды үрдіс, ұнамды көрініс, қызық та қимас сәттерге куә боларымыз хақ.

Үш тарау //«Тәлім», «Ағалар», «Күлсек пе екен»//, бірнеше бөліктен тұратын кітап құрылымы мен табиғатынан білім-ғылым жүйесінің қыр-сырымен бірге ұстаздар мен тұстастардың, жас ұрпақ тәлім-тәрбиесінің мың сан үлгі-өрнектеріне көз жеткіземіз. Ортақ қоғам мен уақытта, бір бағытта жүргендіктен, кітапта баяндалған жайттардың басым көпшілігі таныс, беймәлім тұстары да бар. Әсіресе, кітап авторының ұстаздары мен тұстастары туралы толғаныстарында ортақ мұраттар, ақыл-парасат нұры, көңіл тазалығы, ең негізгісі шынайы шындықтар самаладай жарқырап, жан-жүрекке, көңіл төріне кедергісіз жетіп, жылы әсер қалдырады. Кезең көріністері, өмір оқиғалары, адам өмірі мен еңбегі, іс-әрекеттері келісті сурет, көркем өрнектерімен жүйелі жеткізіледі.

Кітап табиғаты мен тағылымы туралы айтқанда, алдымен еске түсетіні – ұстаз-ғалым Мырзатай Серғалиевтің адамдық болмысы, қарапайымдылығы мен әңгімешілдік қырлары, кездесу-қауышу, сыр-сұхбат тұстарындағы өмір өрнектері мен еңбек мұраттарын, таныс-бейтаныс тұлғалардың өзіндік өзгешеліктерін, диалогтарды, ұтымды да ұнамды көріністерді қаз-қалпында беруі – танымдық-рухани жағынан да мәнді болып табылады. Басты тақырып пен негізгі материалды байыпты саралап, оның қалың көпшілікке жеңіл де жүйелі жетуіне, тағылымдық тұстарына көп көңіл бөлінеді. Қайсыбір естелік, эсселер сипатынан ұлттық мұрат пен ұрпақ қамына қатысты көкейкесті мәселелер, өмір мен өнердің өнегесі, тәлім-тәрбие ісінің түйінді тұстары кеше-бүгін байланыстары арқылы нанымды да жатық жеткізіледі.

«Тәлім» тарауына енген естеліктер мен эсселерде – М.Әуезов әлемінен З.Қабдолов қисындарына дейінгі әр алуан өмір өрнектері, ұстаздық ұлағат тағлымдары, адам мен оның еңбегі кең көлемде орын алады. Адам факторына мауыз беріледі.

«Алыптың асқар тұлғасы» – М.Әуезовтің адамдық қасиетін, адамгершілік иірімдерін, ұстаздық шеберлік пен шешендік хақында ой толғайды. Әсіресе, М.Әуезовтің қаламгерлігі мен ғалымдығы, ұстаздық ұлағаты – тұлғалық қырларына байланысты өріс алады. Алдымен, ғалым Әуезовтің ғылымдағы орын-үлесі, Абай әлемін ашудағы ізденіс пен ізгілік иірімдері, дәлел-деректері мен көкейтесті мәселелерді оңды шешудегі табанды да тұрақты іс-әрекеттері тәлімдік-тағлымдық қырларымен ден қойғызады. Ал, адамгершілік



әлемі жас ұрпақ – студенттер қауымымен етене байланысынан, емен–жарқын әңгіме, сұхбаттарынан көрінсе, шеберлігі мен шешендігі мол өмір тәжірибесі мен халық әдебиетінен – Абай әлеміне дейінгі материалдарды белгілі бір бағыт–мақсаттарға лайықтап, келісті де көркем, жүйелі жеткізеді. М.Әуезов дәрістерінің белгілі бір тақырыптар төңірегінде жинақталып, оны баяндау тұстарында мол материалдарды жіті саралап, байыпты әңгімелейтіні де назардан тыс қалмайды. Батырлар жыры мен ертегілер нұсқалары, би – шешендер тағлымы, Абай мен Шоқан, Жамбыл жөніндегі шындықтар да шынайылық сипаттарымен есте қалады. Маңыздысы, әрине кітап авторы академик–жазушы М.Әуезовтің ұлылық ұлағатын, ұстаздық шеберлігі мен шешендігін ұлттық мұрат пен руханият ісімен жүйелі байланыстырады. Халық мұрасының иірім–сырларынан ой толғайды. Адам факторын, жас ұрпақ мәселесін, тәлім–тәрбие ісін де оқу–біліммен, халықтық тағлипаттарымен телқабыс сөз етеді. Мұның бәрі, сөз жоқ М.Әуезов әлемімен, Абай айшықтарымен ұнамды сипатта өріс алып, кеше–бүгін мәселесімен үндесіп, тәлімдік–тағлымдық қырларына зор маңыз беріледі. Автор Абай–Әуезов әлемдерін телқабыс хәм біртұтас сипатта қарап, ортақ мұраттар төңірегінде кемел де келелі ойлар қозғауы кеше–бүгін мәселесін, сабақтастық сырларын кеңінен көрсетеді. Ұлылар үндестігіне ден қояды. Танымдық–тәлімдік тұстарына назар аударылады.

Кітапқа енген – «Ғалым өнегесі», «Ұлағат пен парасат», «Қарапайымдылық пен табандылық», «Азамат ажары» сынды материалдар топтамасынан адамгершілік мұраттар, ұстаздық өнеге мен шәкірттік лебіз–тілектер кең орын алады.

**«Ғалым өнегесі»** – академик І.Кеңесбаевтың ана тілдің тарихы мен тағдыры, ғылыми–лингвистикалық маңызы, фразеологияның табиғаты мен теориялық проблемалары хақындағы көзқарасы, қазақ–орыс тіліндегі дәрістері тағлымдық қырларымен байланысты өріс алса, «Ұлағат пен парасат», «Қарапайымдылық пен табандылық» атты жазбалардан тілші –ғалым М.Балақаев пен профессор Б.Кенжебаевтың білім–ғылым ісіндегі ерен еңбектері, ұстаздық–ғалымдық қырлары, жас ұрпақ жөніндегі жарқын да жасампаздық әрекет–қимылдары кеңінен көрініс табады. Адамдық сапасы, ұстаздық мұрат пен тәлімдік қасиеттері де көпке үлгі сипаттарымен, ортақ тәжірибелерімен байланыста беріледі.

Ал, **«Азамат ажары»** – академик Р.Нұрғалидың берік зердесі мен зеректігін, зейінді болмыс бедерін баяндаса, «Тағдыр сыйлаған талант» – Әбсаттар қажы Дербісәлінің ұстаздық–ғалымдық қырларын, адамдық ісі мен адамгершілік биік нысанасын үлгі–өнеге етеді. Ізгілік пен имандылық жолындағы бағыт, көзқарастарын қолдайды.

Негізінен, кітап авторының ұлт мақтаныштары мен руханият ісінің көрнекті тұлғалары – М.Әуезов, Қ.Сәтбаев, І.Кеңесбаев, М.Балақаев, Б.Кенжебаев, Т.Нұртазин, Ә.Дербісәлі т.б туралы толғам–толғаныстарынан шәкірттік–әріптестік көзқарастардан өзге адамдық мұрат пен адамгершілік сипаттары, ғалымдық қасиеттер мен ұстаздық ұлағат тағылымдары, білім–ғылым жүйесі мен жас ұрпақ алдындағы парыз–қарыз сынды жауапкершілік сезімдер сырлы да мәнді қалпында беріледі. Бәріне ортақ адамдық іс ардақталады; кісілік пен кішілікке құрмет көрсетіледі; ұлылық пен ұстаздыққа қатысты белгі–ерекшеліктердің қыр–сыры ашылады; білім–ғылымның, тәлім–тәрбие ісінің ұнамды хәм түйінді тұстары байыпты сараланады. Үлгі–өнегелік қырларына кең өріс беріледі. Қоғамдық жағдаяттар мен кезең көріністері, адам капиталы мен еңбек мұраттары, ізгілік иірімдері мен сыйластық сырлары да бүгінгі күн талаптары тұрғысынан танып, талданады. Ортақ, келелі тұстары байыпты сараланады. Маңызды белгі, ерекшеліктер ретінде айрықша айтарымыз, кітап авторы ұлт мақтаныштары мен руханият ісінің корифейлері (мысалы, М.Әуезов, Қ.Сәтбаев т.б.) туралы ойлары мен толғаныстарында көңілді кеңге салып, жан–жүректі айқара ашып, барынша қарапайым хәм шынайылық сипаттарына сай сөз етеді. Ұлылық ұлағаты мен ұстаздық тағылымына зор маңыз беріледі. Қоғам байлығы – адам өмірі мен оның еңбегі хақында, адамгершілік мұраттар мен игілікті ізгілік, жарқын жасампаздық жөнінде кемел ойлар мен келелі мәселелерге ден қояды. Дәстүр мен сабақтастықты, кеше–бүгін байланыстарын ұлылық ұлағаттарымен ұлықтап, ұстаздық тағылым төңірегінде сыр

толғайды. Адам мұратын, оқу-білім жайын, тәлім-тәрбие ісін де осы бағыттармен байланыс-бірлікте баяндайды. Өмір өрнектері мен өнегесі де осы тұстардан еркін көрініс береді.

«Ағалар» тарауына топтастырылған – «Үлгісі мол әңгіме», «Мерей», «Тұлпар», «Өрлеу» атты естеліктерден М.Ғабдуллин, Т.Тәжібаев, Ө.Сұлтанғазин, З.Ахметов, С.Қожамқұлов, Н.Тілендиев т.б адамдық болмыстары, өмір мен өнердегі үлгі-өнегелік сипаттары кеңінен баяндалады. Маңызды тұстары ретінде еске аларымыз, кітап авторы қайсыбір кейіпкерімен кездесе де емен-жарқын араласып, кез-келген тақырыптар төңірегінде еркін сырласып, сұхбат құрады. Адамдық іске, адамгершілік мұраттарға мән береді. Ұлт пен ұрпақ алдындағы қарыз-парызды, мәдени-рухани мәселелерді, білім-ғылым жүйесінің көкейтесті тұстарын тамыршыдай тап басады. Ең негізгісі, әрине адам сапасын, өмір мұратын, өнер тағылымдарын, содан тарап-тарамдалатын игілікті де ізгілікті істерді қоғам дамуымен, азаматтық құндылықтармен байланыс-бірлікте баяндауы үлгі-өнеге аларлық, айта жүрер ұнамды тұстардың бірі.

Назар аударарлық жайт: кітап авторының аға ұрпақ өкілдерінің үлгі-өнегелік қырларын өмір мен еңбек үстінде көрсетуі, ұлт пен ұрпаққа қатысты сөз етуі, оқу-білім, руханият ісімен байланыстырылуы - елдік рухты, мемлекетшілдік сыр-сезімді бар қырынан жарқыратып, асқақтата түседі. Ұлтқа қызмет ету, ұрпаққа ұлағат сезімін сыйлау – өмір мұраттарына адамдық пен құштарлықтан, еңбекте табандылық пен тұрақтылықтан тұрса, бұл бағыт, талаптар адам капиталына маңыз беру, мәдени-рухани құндылықтарға құрмет пен қолдау арқылы сенімді сөз етіледі. Ұстаздар мен тұстастардың адамдық-азаматтық ажарлары, қайраткерлік-қаламгерлік қасиеттері қоғамдық ортамен, адам мен оның еңбек мұраттарымен тығыз байланыста өріс алады. Үлгілі үрдістері, тәлімді тәжірибелері, көрнекті де өрнекті істері кең көлемде беріледі. Іргелі ізденіс, ізгілікті істер көпке үлгі етіледі. Адамдық іс, абыройлы міндеттер де талап биігінде баяндалады.

Ұлт руханиятында, білім-ғылым ісінде есім-еңбектері ерекше еске алынатын – М.Ғабдуллин, Т.Тәжібаев, Ө.Сұлтанғазин т.б. адамдық келбеттері ұстаздық-ғалымдық қырлары өмір өнегесімен табиғи үйлесім тапса, қарапайымдылығы мен еңбекқорлықтары – халыққа қалтқысыз қызметтерімен, адал да сенімді, серпінді іс-әрекеттерімен байланыста көрсетіледі. Ең негізгісі, әрине адамдық мұрат пен адамгершілік сыр-сезімдері үлгі-өнеге етіледі. Өмірдің қыр-сыры, білім-ғылымның қиын да сындарлы сәттері бейнеті мен зейнетіне сай сөз болады. Ал, ұстаздық ұлағаты мен тағылымдары - өмір тәжірибелерімен, жас ұрпақтың тәлім-тәрбиесімен байланыста өріс алады.

«**Жүлсек пе екен**» тарауында таныс, бейтаныс тұлғалардың өмірдегі қалпы, өнердегі өрнектері, тұрмыс-тірліктегі артық-кем тұстары қатар көрсетіліп, ұнамды сипаттары үлгі етіледі («Құрдастар», «Ағайындар», «Кезек ұстаз», «Бауыржандар», «Күтпеген күлкі», «Уақыт», «Студенттік жылдар-ай», «Сағындым сені, бала кез» т.т.). Өмірден алынған, шындық жайттарға құрылған қысқа-нұсқалы өнегелік өрнектер – адам факторының алуан қырларын айқара ашады; өмір-өнердің, тұрмыс түйткілдерінің мәнді-нәрлі сипаттарына саяхат жасатады; кереғар-келеңіз көріністердің себеп, сырларына үңіледі. Әзіл-қалжыңның қуатты, әсерлі тұстарына терең мән беріледі. Біздіңше, өмір-тұрмыстың күнгей-көлеңкелі тұстарын әзіл-қалжыңмен еске алып, оны нұсқалы ой, сырлы сезімдермен жеткізіп, дұрыс қорытынды шығару – қалың көпшілік үшін мәнді, қоғамға да әсер-ықпалы мол қуатты арналардың бірі.

Осы орайда, ұлттық мақтаныштарымыз, өмір мен өнерде, білім-ғылым ісінде өзіндік көзқарас пен қолтаңбалары бар – С.Қожамқұлов, Қ.Жандарбеков, А.Тоқпанов, Н.Тілендиев, І.Кеңесбаев, М.Балақаев, Б.Шалабаев т.б адамдық болмыстары, өзара қарым-қатынастары, іс-әрекеттері мен мінез қырлары қызық та қимас сәттерімен, жеңіл де зілсіз әзіл-қалжыңдарымен жан-жүректі тербеп, сыр-сезімді қозғап, көңілді кернеп, асқақтата түседі. Қоғамдағы кереғар һәм келеңсіз көріністер, өмірдің күнгей-көлеңкелі тұстары тарих пен таным, ұлттық-рухани құндылықтар арқылы кең өріс алып, құрбы-құрдастар қалжыңымен жарасты жалғасын тауып, жүйелі сипат алады. Өмір мен өнердегі, еңбек үстіндегі әр алуан көрініс-жағдаяттар жеңіл әзіл-әжуамен, қысқа қайырымдармен беріліп, тағылымды

тұстарына назар аударылады. Қысқа-нұсқалы ойлар мол өмір тәжірибесімен сабақтастықта өріс алып, қалың көпке жеңіл, жүйелі жеткізіледі.

Естелік еңбектің мақсат-мұраттарынан, құрылымдық жүйесі мен тұтас табиғатынан өзіндік өзгешеліктері бары байқалады. Қоғам-кезең көріністері, кеңістік пен уақыт ара қатынасы, таныс-бейтаныс тұлғалар төңірегіндегі қарапайым да күнделікті тірлік-тыныс иірімдерінен өмір өрнектері, мезгіл әуендері, болмыс бедерлері айқын аңғарылады.

Басты белгі, ерекшеліктер қатарына таныс-бейтаныс жайттардың қарапайым баяндалып, көркем де көрікті ойлар тартымды тілмен жеңіл, жүйелі жеткізілетінін айрықша айтар едік. Келесі қатарға, сөз жоқ қайсыбір тақырып, мәселелер болсын, жекелеген адамдардың онды-ұнамды тұстарын бірер деталь, қысқа көріністермен нақтылы дерек, нұсқалы ойлармен өрнекті, өрісті дамытатындығын жатқызар едік. Сосынғы жерде, әрине өмір оқиғаларын, танымал тұлғалардың өзіндік өзгешеліктері мен қимыл-қозғалыстарын, адамдық әлемі мен білім-ғылым ісіндегі орын-үлестерін, ұлт пен ұрпаққа маңызды қырларын өзгеше, жаңаша жеткізеді.

Ал, «Тілім менің – тінім менің» атты мақалалар мен баяндамалар жиынтығынан тұратын еңбегі (2013) бірнеше бөліктен тұрады әрі ұлттық тіл мәселелері түрлі қырларынан қарастырылады. Атап айтқанда, «Халықтың ең қымбат қазынасы» атты мақала ана тілінің белгі- ерекшеліктерін, қасиеттерін кең түрде ашады. Оны оқып-үйрету ісіндегі отбасы орны, ресми құжаттар мәні, қоғамдық ұйымдар жұмысы, өзге тілдерге қамқорлық жайы кеңінен қозғалады. Тіл туралы Заңның орындалуы, қолдану аясы, үйрену-үйрету жайы, оқулықтар мен сөздіктер туралы да келелі мәселелер, тәлімді тәжірибелер жан-жақты сөз етіледі.

Бұдан басқа, «Мемлекеттік тіл ортақ тіл болуы қажет», « Әр тілдің өз орны бар», «Тіл саясатындағы демократиялық ұстанымдар» сынды мақалалар топтамасында әлем тілдерінің тәжірибесі мен даму үрдістері, өзге ұлт өкілдерінің қазақ тілін меңгеруі, ұлттық тіл мәртебесі мен мүмкіндіктері, арғы-бергі кезеңдердегі – қазақ тіліне қатысты құжаттар жиынтығына жіті назар аударылады. Қоғамдағы, өмір-тұрмыстағы әр қилы көріністер мәні де алуан мысал-деректер негізінде мәнді сөз етіледі.

Сондай-ақ, «Жаһандану және тілдің қызметі», «Тіл ғылымының ошағы», «Сөз нақтылығы – ой нақтылығы», «Термин қисыны», «Алыптарды алқаласақ», «Сөз маржаны», «Сөйлеуге арналған сөздік» сынды мақала , баяндамалар мазмұнынан ұлттық тіл мұраты, белгі-ерекшеліктері терең танылады. Ал, қазақ тілін зерттеушілер – А.Байтұрсынов, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов, І.Кеңесбаев, М.Балақаев, Т.Қордабаев, А.Ысқақов, Ә.Қайдаров, К.Аханов, Р.Сыздық т.б. туралы мақалалар топтамасынан ана тіліне құрмет, оны зерттеу мен зерделеу бағытындағы келелі мәселелер, анықтамалықтар мен бағдарламалар, оқулықтар мен сөздіктер, оны оқып-үйрету, өмір-тұрмыста қолдану, жанашырлық пен жауапкершілік сынды маңызды жайлар да кеңінен қозғалады. Бастысы, автор ұлттық тіл мұратын, оның арғы-берге кезеңдердегі даму жолдарын, қилы көзқарас, келеңсіздіктер мәнін, болашақ бағыт-бағдарын жүйелі де нақты, нанымды сөз етеді.

Түйінді тұста айтарымыз, академик М.Серғалиевтің білім-ғылым ісіндегі, әсіресе ұлттық тіл білімі саласындағы іргелі ізденіс пен осы бағыттағы еңбектері, соның ішінде әдеби-рухани, тәлім-тәрбие туралы естеліктері мен эсселері өмірдің қарапайым үлгі-өрнектері мен бірге таныс-бейтаныс тұлғалардың адамдық һәм адамгершілік мұраттарын, еңбек пен өнердегі басты ұстанымдарын, халыққа қызметі мен мерейлі міндеттерін, жан-жүрек жылуы мен мейірім шуақтарын, сыр-сезім сипаттарын әр алуан көрініс-шегіністерімен, сенімді сурет, үлгілі ғибрат, ұтымды деталь, тартымды диалог, нұсқалы ойлармен нанымды да әсерлі, жеңіл де жүйелі жеткізеді. Баяндау мәнері, жеткізу жолы да қонымды.

Жалпы алғанда, академик Мырзатай Серғалиевтің «Өнеге», «Тілім менің – тінім менің» атты естеліктер мен эсселер топтамасы, ұлттық тіл туралы кітаптары – адамдық мұрат пен адамгершілік иірімдерін, жарасты жолдастық пен шынайы достықтың ұнамды қырларын, сыйластық пен сыпайылық сырларын сенімді де серпінді, көркем де келісті сөз ететін елеулі еңбек. Өмір шындығын, өнер табиғаты мен тағылымын телқабыс қарастырған

бітімі бөлек, өзгеше өрнекті, ғибраты мен ұлағаты мол мәнді туындылар қатарына жатады. Рухани байлығы, әсер-ықпалы да зор.

«Өнеге» өрісі, «Тілім менің – тінім менің» еңбегінің мәні, ондағы ұстаздық ұлағат табиғаты мен тағылымының көпке үлгі-өрнектері, халық қазынасының көркемдік қайнары осында болып табылады.

## АКАДЕМИК М. СЕРҒАЛИЕВТЫҢ ТІЛ МӘДЕНИЕТІНІҢ НЕГІЗГІ САПАЛАРЫ ТУРАЛЫ ОЙЛАРЫ

*Хасанов Ғ.Қ.,*

*филология ғылымдарының докторы, профессор,*

*М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан*

*мемлекеттік университеті,*

*Орал, Қазақстан,*

[hasan.gabit@mail.ru](mailto:hasan.gabit@mail.ru)

**Резюме.** В статье рассматривается роль академика М. Серғалиева в исследовании главных категории культуры языка.

**Summary.** The article examines the role of Academician M. Sergaliev in the study of the main category of culture of language

Қазақ тіл білімінде тіл мәдениеті пәнінің қалыптасу тарихынан бастап қозғасақ, тіл мәдениеті мәселелері Ш. Уәлиханов, А. Құнанбаев, Ы. Алтынсарин еңбектерінен басталады десек қате айтпаймыз. Әсіресе, А. Құнанбаев шығармаларынан бұл пәннің бастауларын анық көруге болады. Осыған орай, тіл мәдениеті пәнінің бір тарауы А. Құнанбаевтың тіл мәдениетіне деген көзқарастары мен осы саланы дамытуға қосқан үлесін талдауға арналуы дұрыс екенінде дау жоқ. Бұл мәселенің көкейтесті сұрақ ретінде көтеріле бастауы алаш ағартушыларының еңбектерімен де байланысты. Бұл мәселе А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ж. Аймауытов, Х. Досмұхамедов, М. Жұмабаев т.б. ағартушылардың басты назарында болды. XX ғасырдың бас кезінде, Кеңес Одағының құрылуы кезеңінде тіл мәдениеті пәнінің алғашқы негіздері қалана бастады. Алғаш жеке пән ретінде орыс тіл білімінде қалыптаса бастады да, соңынан қазақ тіл біліміне дендеп ене бастады. Профессор Қ.Қ. Жұбанов еңбектерінде бұл мәселе тілдік тұрғыдан алғаш қарастырылды. Ал Ұлы Отан соғысынан кейін жеке пән ретінде бағдарламаға енгізілуі М. Балақаев есіміне байланысты. Оның мынадай еңбектері жарық көрген болатын: 1. Қазақ тіл мәдениетінің мәселелері. – Алматы, 1965; 2. Қазақ әдеби тілі және оның нормалары. – Алматы, 1984; 3. Қазақ әдеби тілі. – Алматы: Ғылым, 1987; 4. Тіл мәдениеті және қазақ тілін оқыту. – Алматы, 1989 т.т. М. Балақаев «Тіл мәдениеті» дегенді сөйлеудегі, жазудағы сыпайылық, ізеттілік қана емес, ол ойлылық, сөзді дәл айту шеберлігі, сөйлеу өнеріне шынығу, сауаттылық деп анықтайды [1, 5]. М. Балақаев лингвистикалық мектебінің, оның ішінде, академик М. Серғалиев шәкірті Б.Қ. Мұратбек «Профессор М. Балақаев және қазақ тілінің мәдениеті (көзқарастары мен ұстанымдары)» атты мақаласында былай деп жазады: «Ұстаз, ғалым М. Балақаевтың қалың көпшілікке арналған, «Қазақ тілі мәдениетінің мәселелері» (1965) ғылыми очеркінде қазақтың әдеби тілі мен сөйлеу тілі, әдеби тілдің нормалары мен стильдік ерекшеліктері туралы баяндай келе, қалың қауымға қойылған талаптардың бірі – тіл мәдениетінің жоғары болуы, – деп есептейді, себебі, тіл – адамдардың өзара қарым-қатынас жасауының мәдени дамуының құралы, ал әдеби тіліміздің байлығы өскелең өміріміздің қарым-қатынас жасау мүддесін өтеп келеді [2, 258]. Ал А.Ж. Қобланова өзінің «М. Балақаев – қазақ тілі мәдениетінің пәнінің негізін қалаушы» атты мақаласында ғалымның еңбегіне мынадай баға береді: «М. Балақаевтың зерттеулеріне дейін де жеке адам мәдениеті, қоғамның мәдениеті,

ауыл мәдениеті, ауыл мәдениеті, қала мәдениеті, ұстаз мәдениеті т.б. атаулар ерте кезден-ақ, әртүрлі дискурстарда қолданылып жүрген болатын. Алайда тіл мәдениеті деген тіркесінің де сол кезеңдерге дейін болғандығын жоққа шығара алмаймыз. Бірақ тіл мәдениеті, сөйлеу мәдениеті деген атау сол кездегі қоғамдық санада «сыпайы сөйлеу», «сынық сөйлеу» деген түсініктің төңірегінде болды. М.Балақаев қоғамдық санадағы біржақты түсінікке «төңкеріс» жасады. Ғалым, алдымен, әдеби тіл, тілдік норма, әдеби тілдің нормасы деген іргелі ұғымдарға талдау жасап, анықтама бере отырып, бұларды тіл мәдениеті пәнінің негізгі арқауы етіп алады. Сөйтіп, тіл мәдениеті дегенді тек «сыпайы сөйлеп, сынық мінез көрсету» емес, әдеби тілдің ауызша нормасымен сөйлеу («орфоэпиялық нормаға» сүйену), әдеби тілдің жазбаша нормасын ұстану («орфографиялық норма»), сөзді дұрыс құрастыра отырып, тілдік амал-тәсілдерді белгілі бір коммуникативтік мақсатқа сай жұмсай білу («стильдік норма») және «сөз шеберлігі» деген ұғымдарды қамтитын күрделі пән екенін жетер жеріне жеткізіп зерттеді. Осылайша тіл мәдениеті пәнінің негізгі объектісі айқындалды» [3,145].

Сонымен, қазақ тіл білімінде тіл мәдениетінің негізін салған ғалым М.Балақаев болса, өз қолданудағы стильдік қателіктер туралы ең алғаш сөз қозғаған ұлы Абай ақын десек артық айтқандық бола қоймас. Сөзді дұрыс қолданбаудың зияны туралы өз насихаттарында Абай үнемі қайталап отырады. Сөз қолданудағы қателіктер туралы М. Дулатов, Ж. Аймауытов, М. Әуезов, С.Мұқанов, Ғ. Мүсірепов, Ж. Саин, З. Қабдолов, Қ. Мырзалиев, Ә. Кекілбаев т.б. көптеген ақын-жазушылар жазған болатын.

Қазақ стилистикасымен бірге тіл мәдениетін зерттеп, оның басты сапалары туралы өз өлшемдерін ұсынып, М. Балақаев жолын берік ұстанған ғалым академик М. Серғалиев болды. Оның тіл мәдениетінің басты сапалары туралы ойларында ең алғаш айтылатын сапа – сөздің дәлдігі. Академик М. Серғалиев бұл туралы былай деп жазады: «Сөздің дәлдігі немесе айқындығы дегеніміз – сөздің реальды шындықтағы заттар мен құбылыстардың атауларының барынша дәлме-дәл келуі. Сөздің дәлдігі, бір қарағанда, сөздің дұрыстығына ұқсас көрінеді. Дегенмен олардың арасындағы айырмашылықты білудің елеулі мәні бар. Айталық, бір адам екіншісінің халін сұрағанда, «жаман емес» деп жауап алуы әбден мүмкін. Бұл жауап – сөз дұрыстығы тұрғысынан талапқа сай келеді, өйткені олар әдеби тіл нормасына сәйкес айтылып және дағдыда оны айтуға үйреніп қалғанбыз. Демек, жауап берушінің халінің жағымды екеніне көзіміз жетеді. Ал, сөздің нақтылығы талабынан келетін болсақ, бұл жеке қанағаттандырмайды, өйткені сол «жаман емес» -тің мағынасы көп: оған «орташа», «жақсы», тіпті «өте жақсы» ұғым да сияды. Объективті баға беру ыңғайында әлгі «жаман емес» - тің не орташа, не жақсы, не өте жақсы екендерінің біреуін дәлелдесек, сөйлеу мәдениетіндегі дәлдікті, айқындықты пайдаланғанымыз болып шығады. Сөздің дәлдігі кей реттерде халықтың, ұлттың қалыптасқан дағдысынан да шығып жатады [4, 144-148]. Жазушы не сөйлеушінің сөз таңдауы үлкен өмірлік білім мен парасаттылықты талап етеді. Сөз дәлдігін сақтау, мірдің оғындай дәл тигізу бұл өнерді талап етеді. Осыған орай М. Серғалиев бұл сапаны ең басты сапалардың бірі деп санайды. Сөзді орнымен қолдану адамды жоғары мәдениеттіліктің деңгейіне көтеретін болғандықтан, бұған тіл тасушылар талғаммен қарауы тиіс. Бұл талап М.Серғалиев еңбектерінің басты негіз болып қала береді. Академик М.Серғалиевтың кез келген мақаласындағы басты ой тіні осы сөзді орнымен қолдану екені үнемі байқалып отырады. Ол бірде былай деп жазған болатын: «1998 жылғы желтоқсанның 26-сында «Хабардың» соңғы жағында жүргізуші «Алда сіздерді ауа райы туралы мәлімет күтіп тұр» - деді. Ауа райының не ойлағанын білмеймін, ал мен күттім. Сондағы естігенім: «8-10 градус суық күтілуде. Талдықорғанда қар жауады деп күтілуде. Түсіндім: санды, құдайға шүкір, суық деген сөзді сәби кезімнен білемін. Бірақ әлі күнге дейін түсінбей бір мәселем бар: ауа райы бізді күте ме әлде біз ауа райын күтеміз бе?» [5, 262]. М.Серғалиев тіл мәдениетінің басты сапасына сөздің логикалылығын енгізеді. Ол былай дейді: «Логикалық деп сөздің қайшылыққа ұрынбағанын айтамыз. Бұл сапа ойлауға қатысты бола отырып, сөздік категориялармен тығыз байланысты болып келеді. Сөз арқылы қарым – қатынас жасағанда, формальдық логиканы заңдарының сақталуы талап етіледі. Сөздің логикалылығының сақталмауына көптеген себептер болады. Былайша айтқанда, жекелеген

сөзге немесе сөз тіркесіне логикалық екпінің түсіре айтылуы – сол себептердің бірі ғана. Логиканың сақталмауы көбінесе синтаксистік құрылымға да байланысты болып келеді. Сөйлеу мен жазудағы логикалық ұғымы дәлдік ұғыммен тығыз байланысты. Нақтылық болмаған жерде логикалықтың болмауы да мүмкін. Заттық мағынадағы дәлдігі болатыны сияқты, заттық мағынадағы логикалық та болады. Мұның мәнісі белгілі бір зат немесе құбылыс туралы коммуникативтік қатынас жасалмай тұрып, сол зат туралы жеке ұғымның болатыны тәрізді, сол заттар мен құбылыстардың арасындағы табиғи қатынас туралы да ой болуға тиіс [4, 148-152]. Айта кететін бір жайт, бүгінде осы мәселемені қарастыратын логикалық семантика ғылымы қазақ тіл білімінде қарастырылуда. Бұндағы басты қағида сөйлеуші мәдениетінің сөзіндегі ойдың жүйелілігін сақталуы. Ойдың өзгеруіндегі тіл мәдениеті шарттарының ескерілуін қадағалау тілдік тұлғаға қойылатын басты талап екенін ғалым өз зерттеулерінде басты меже деп санап, үнемі қайталап отырады.

Академик М. Серғалиевтың басты талаптарының бірі және барлық еңбектерінің өн бойындағы үнемі қайталанатын ой – тіл тазалығы. Тіл тазалығы М. Балақаевтың басты қағидасы болғандықтан, бұл игі мақсат барлық қазақ тілі жанашырларына тән десек артық болмас.

М. Серғалиев былай дейді: «Сөздің тазалығы дегеніміз – сөйлеушінің немесе жазушының әдеби тіл нормасын сақтаумен бірге, ана тілінің мүмкіндігін пайдалана білу. Тіл тазалығының да тілдің дұрыстығына ұқсас жерлері кездеседі. Тіл мәдениетінің ең басты коммуникативтік сапаларының бірі болғандықтан, сөздің тазалығына ерекше мән беріледі. Дәлірек айтқанда, сөзді қолданғанда, баламасы бар сөздердің әдеби тілге қатысы бірден – бір ұғынықты ана тілінің тазалығын танытатын сөзді таңдай білу керек. Былайша айтқанда, тілді шұбарлауға бармаған жөн. Ал тілдің тазалығын бұзатын, ана тіліндегі баламасы бола тұра, басқа тілдерден осы сөздерді қалай болса солай жұмсау (варваризмдер), жергілікті мәні бар сөздерді (диалектизмдер) талғамсыз қолдану, мамандыққа байланысты шағын ортада кездесетін сөздер (профессионализмдер), сондай-ақ, құрбы-құрдастардың, әзіл-қалжыңы аралас адамдардың арасында сөзге кірістірілетін тілдік құралдар (жаргонизмдер) сияқты жайлар жатады. Таза қазақ тілін шұбарлайтын факторлардың бірі – жергілікті тіл ерекшеліктері. Тіліміздің байлығының көрінісі бола тұра диалектизмдердің қолданылуында белгілі заңдылықтың сақталғаны дұрыс.

Диалектизмдерді көркем әдебиетте қолдану жайында зеттеушілер мен мәдени қауым арасында әр түрлі көзқарас орын алып жүр. Көптеген тіл мамандарының пікірлерін қуаттай отырып, біз жергілікті ерекшеліктердің көркем әдебиеттегі кейіпкерлердің тілінде пайдалануды қалаймыз. Мұның қисындылығы бар: шығарма қаһарманының түр-түсі, мінезі, жылылығы жағынан даралануының қажеттілігі сияқты, сөз қолданысында да ерекшеліктердің болмағы ақылға сыйымды. Демек, оқиға қай аймақтың тұрмыс – тіршілігін, қай жерде қызмет етіп жүген адамдардың сипатына орай сол жердегі тілдік ерекшеліктердің де болатыны жөн [4,152-155]. Сөздерді орынды қолдану, оның ішінде диалектизмдердің қолданысы туралы М. Серғалиев «Көркем әдебиет тілі» атты өз зерттеуінде Т. Әлімқұловтың «Сөз де бір кірпіш дүниеге» (Лениншіл жас», 1968, 13 қараша) мақаласынан жазушының ойын келтіреді: «Ұқсас зат есім қария мен кәрия десек, осы екеуінің өзіне лайықты орын табылады. «Қариядан» «қарт» шықса, «кәриядан» «кейуана» деген атау бар. Сондықтан мен «қарияны» еркекке, «кәрияны» ұрғашыға қолданамын. Осы сияқты «оңды» сипаттаманы жігітке арнасам, «өңдіні» әйелге телемін. Діқандар, «бидай өңді» деп қызды айтқан да» [6, 52]. Бұл пікірлерден байқайтынымыз академик М. Серғалиев диалектизмдерді тіліміздің бір байлығы деп санап, оларды орынды қолдану арқылы тіліміздің лексикалық қорын молайтуға болатынын айтады. Шын мәнінде, бүгінде әдеби тілдің нормасына еніп, тілдік айналымға еніп, сіңісті болып кеткен диалектизмдер көптеп саналады.

Академик М. Серғалиев тіл мәдениетінің басты сапасының бірі ретінде сөздің мәнерлілігін таниды. Ол былай деп жазады: «Сөздің мәнерлігі дегеніміз – сөйлеушінің немесе жазушының тыңдарманын немесе оқырманын қызықтыра білуі, сөзін ұғындыра алу қабілеті [4,158]. Академик М. Серғалиев өз мақалаларында телевизия мен радиоға сөз

мәнерлілігі туралы, әсіресе, дикторлар мен журналисттерді тіл мәдениетінің осы бір сапасын қатаң қадағалауға шақырудан еш жалыққан емес. Кейде, елге белгілі тележүргізушілердегі сөз мәнерлілігін сынап жазған кездері болғанын қалай ұмытамыз. Сонымен қатар, ол сөздің мәнерлілігі туралы мынадай ой қосады: «Сірә, еңбек етудің қажеттілігі адам өмірінің қай саласында да сезіліп отырады. Дәл осы сөз орайында да соны айтуға болар еді. Демек, сөздің мәнерлі болуын қадалаған адам ерінбей еңбектеніп, ізденуі керек. Бұл және аз күндік емес, дағдыға айналған еңбек болуға тиіс. Дәлірек айтқанда, сөзінің мәнерлі болуын мақсат еткен әр адам көркем, саяси әдебиетті, баспасөз материалдарын үзбей оқып, радио және телехабарларды тыңдап отырмағы ләзім» [4,159].

М. Серғалиев тіл мәдениетінің басты сапасына алдыңғы кезекте кез келген тіл тасушы индивидтің санасындағы тіл байлығын жатқызады. Тіл байлығы болуы үшін ұлттық тәрбие, қоғамдық тәрбие және жеке тұлғаның тектілік қасиеті өз әсерін тигізеді. Академик М. Серғалиев бұл туралы былай дейді: «Сөздің байлығы дегеніміз – әркімнің өз ана тілінің бар мүмкіндіктерін еркін пайдалана білуі. Сөздің байлығы туралы сөз болғанда екі жайды ескеру қажет болады: біріншіден, қай-қайсысымыздың да ана тіліміздің байлығын игеріп, пайдалана білуіміздің маңыздылығы, екіншіден, сол байлықты игере отырып, өз тарапыңнан ана тілінің баюына үлес қосудың қажеттігі туралы мәселе. Біріншісі қиын да болса, сол тілді білетін, ана тілім деп есептейтін барша азаматтың борышы мен парызы. Ал екіншісін екіншісі бірінен талап ету мүмкін емес, өйткені ол – дарындар мен таланттардың ғана қолынан келетін іс. Тілдің байлығы бәрінен бұрын лексикадан, семантикадан көрінетіні белгілі, яғни сөздік қоры бай адамның сөйлеуімен жазуынан да тіл байлығының байқалып отыратындығы белгілі. Екінші жағынан, ол лексикалық единицаларды қолдана білуде тілдің байлығын танытады, сондықтан да сөздің байлығын кейде сөздің әр түрлілігі (сан алуандығы) деп атаушылық та бар. Оның мәнісі қандай жеке сөзді алсақ та, оның дара тұрғандағы аңғарылатын мағынасы болады да, оның басқа сөзбен тіркесте жаңа қырында аңғарылатын мағынасы да кездесіп отырады. Бұл, әрине, сөз қолданушының шеберлік дәрежесіне байланысты. Біреулердің жай ғана әңгімесін тұшынып тыңдайтынымыздың. Енді біреулердің мезі қылатынының сыры осында болса керек. Демек, бұдан кімнің де боса сөздік қорындағы тілдік құралдары қаншалықты мол болғаны мен, оның орнымен жұмсалыуына да баса көңіл бөле білу керек деген ой туындайды» [4,162-163]. Бұл пікірге қосар сөз жоқ, тек айтарымыз тестімен дайындалып жүрген бүгінгі ұрпақтың қасиетті тіліміздің бар байлығын толық игермеуінің байқалуы көңіл қынжылтады. Оның үстіне, әдеби кітап оқымайтын ұрпақ санының өсуі лексикалық қоры төмен, тіл мәдениетінің сапалары төмен жастар санының өсуіне әкеліп соқтыруда.

Академик М. Серғалиев тіл мәдениетінің басты сапасына сөздің қисындылығын жатқызады. Ол былай деп жазады: «Сөздің қисындылығы деп жеке сөздің, сөз тіркесінің, грамматикалық тұлғалардың өз орнында қолданылын айтады. Сөздің қисындылығын функциональдық стильдерден бөлек қарауға болмайды. Әсіресе, функциональдық стильдерде сөздердің қалай жұмсалыуы керектігі білініп тұрады» [4,166]. Ол сөздің қисындылығы ойдың қисындылығынан туатынын аңғарып, жазу мен сөйлеу мәдениетіндегі кез келген тілдік тұлғаның ұстанатын басты өлшемі қисындылық болуы керектігін ескертеді. Қисындылық ерекшелігі туралы ғалымның мынадай ойы да ерекше: «Көркем шығармада, әсіресе, поэзияда, бір қарағанда, қисынсыздау көрінетін сөздердің автордың шеберлігіне байланысты орайлы орнын таба кететін тұстары көп» [4,168]. Сөз қисынын табу, сөзді әртүрлі жағдайға байланысты қолдану, тіл мәдениетінің басты көрсеткіші болса да, тіл мәдениетінің басты сапаларының сақталмауы көбейіп бара жатқаны мойындау қажет.

Қорыта келгенде, академик М. Серғалиев тіл мәдениетінің басты сапаларын санамалап көрсетіп, мазмұнын ашып, жазу мен сөйлеу мәдениетінде оларды ескеріп, сақтауды ескертеді.

**Әдебиет:**

1. Балақаев М. Қазақ тіл мәдениетінің мәселелері. – Алматы, 1965.

2. Мұратбек Б.Қ. Профессор М. Балақаев және қазақ тілінің мәдениеті (көзқарасы мен ұстанымдары) // ҚазҰУ хабаршысы. – 2008. – № 1. – 257-259-б.
3. Қобланова А.Ж. М. Балақаев – қазақ тілі мәдениетінің пәнінің негізін қалаушы // «Ф. Мұсабекова және тіл білімі мен әдістеме мәселелері» атты халықаралық ғылыми-теориялық және практикалық конференция материалдары. – Алматы, 2009. – 145-147-б.
4. Балақаев М., Серғалиев М. Қазақ тілінің мәдениеті. – Алматы: Мектеп, 1995.
5. Серғалиев М. Тілім менің – тінім менің (мақалалар мен таңдамалылар). 1 том., – Астана, 2013.
6. Серғалиев М. Көркем әдебиет тілі. – Алматы: Мектеп, 1995.

## АКАДЕМИК М.С.СЕРҒАЛИЕВ – ТІЛ ЖАНАШЫРЫ

*Шоқабаета С.С.,  
филология ғылымдарының кандидаты,  
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
Астана, Қазақстан,  
[shokabaeva@yandex.kz](mailto:shokabaeva@yandex.kz)*

**Резюме.** В статье рассматриваются некоторые актуальные вопросы казахского языкознания в трудах Академика НАН РК М.С.Серғалиева.

**Summary.** The article deals with some topical issues of Kazakh linguistics in the works of the Academician of NAS RK M.Sergaliyev.

Қазақ тіл білімінің мәселесі сөз болғанда, А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, Х.Досмұхамедов, С.Аманжолов, Н.Сауранбаев, М.Балақаев, С.Жиенбаев сияқты т.б. көптеген ғалымдар есімі ойымызға оралады. XX ғасырдың 50-80 жылдарында қазақ тілінің тарихы, дыбыс жүйесі, лексикалық жүйесі, грамматикалық жүйесі, жергілікті тіл ерекшеліктері, сөзжасам жүйесі, стилистикасы т.с.с. салалары жүйеленіп, жан-жақты ғылыми зерттеуге түсе бастады. Бұл кезең қазақ тіл білімінің белгілі бір сапалық деңгейге көтерілу, өрлеу кезеңі болғаны даусыз. Аталмыш ғалымдар тілтану бағытындағы іргелі ғылыми зерттеулер көкжиегінің кеңеюіне, оның одан әрі дамуына жол ашты.

Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алуы ғылымның дамуына да игі ықпал етті. Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебе алып, қолданыс аясының кеңеюі қазақ тіл білімінің алдына да жаңа міндеттер қойды.

Қазақ тіл білімінде тілдік жүйені сөйлеу мәдениеті, тіл тазалығы, стилистика тұрғысынан зерттеу өткен ғасырдың 80-90-ыншы жылдарында қолға алына бастады. Бұл ретте ҚР ҰҒА Академигі М.С.Серғалиев еңбегін ерекше атауға болады. Қазақ тілтануы саласында жазылған оннан аса монографияның, 6 оқулықтың, 600-ден астам ғылыми және ғылыми-көпшілік еңбектің авторы: Синонимика глагольных словосочетаний в современном казахском языке. АҚД., А., 1967; Қазақ тілі. А., 1979 (авт. бірі). Синтаксистік синонимдер. А., 1981; Синонимия синтаксических конструкций в современном казахском языке. АДД., А., 1987; Қазіргі қазақ әдеби тілі. Морфология, синтаксис. А., 1991 (авт. бірі); Етістікті сөз тіркестерінің синонимиясы. А., 1991; Қазақ тілі. А., 1992; Русско-казахский словарь. А., 1993, 1995; Көркем әдебиет тілі. А., 1995; Қазақ тілінің мәдениеті. А., 1995 (авт. бірі); Қазақ тілінің қысқаша орфоэпиялық сөздігі. А., 1996; Эмоционально-экспрессивная лексика казахского разговорного языка. А., 1995 (авт. бірі) т.б.

2000-2005 жылдар аралығында Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің филология факультеті «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының бесінші курсына оқып жүргенімде ағай бізге «Қазақ тілінің стилистикасы» пәнінен дәріс оқыды. Көңілі жарқын, жүрегі жылы ағай көп ұзамай-ақ курс студенттерінің сүйіспеншілігіне бөленіп, сүйікті ұстаздарымыздың біріне айналды. Сабақ қызықты, тартымды, есте



қаларлықтай өтетін. Міне, содан бері бірталай уақыт та зымырап өтті. Биыл Академик М.С.Серғалиевтің туғанына 80 жыл толып отыр.

Енді ғалым еңбектеріндегі тіл мәселесіне тоқталайық. М.С.Серғалиевтің лингвистикалық мұрасын сөз еткенде, ана тілінің жай-күйі, даму барысы, болашағы сияқты өзекті мәселелерге арналған еңбектері өз алдына бір төбе. «Тілім менің – тінім менің» атты екі томдық ғылыми және мерзімді баспасөз беттерінде жарияланған мақалалары мен үлкенді-кіші жиындарда жасалған баяндамаларының таңдаулыларының жеке жинақ болып шығуы – осының бір дәлелі. М.С.Серғалиевті тіл жанашыры деуге болады. Өйткені ғалым – туған тіл мәселесін тек сөзбен айтып қана қоймай, өмірінің соңына дейін лингвистика саласында аянбай еңбек еткен тұлғалардың бірі. Еңбек жолына көз жүгіртсек, «1965-1968 жылдары ҚазКСР ҒА-ның Тіл білімі институтында кіші ғылыми қызметкер, ҚазМУ-да оқытушы, Журналистер Одағының (1978), Қазақстан Жазушылар Одағының (1979) мүшесі, 1968-1990 жылдары ҚазМУ-да аға оқытушы, доцент, профессор, 1987-1992 жылдары осы университеттің филология факультетінің деканы, ҚР ҒА корреспондент-мүшесі (1995), 1990 жылдан 1999 жылға дейін ҚазМҰУ-дың қазақ филологиясы кафедрасының меңгерушісі» [1, 344], 1999 жылдан бастап 2008 жылға дейін Астана қаласындағы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті филология факультеті қазақ тіл білімі кафедрасының меңгерушісі, университеттегі Диссертациялық Кеңестің төрағасы, 2008 жылдан бастап Кеңес мүшесі қызметтерін атқаруы іс жүзінде тілге қызмет еткенін дәлелдей түседі. Ғалым кафедра меңгерушісі болып қызмет атқарған Қазақ тіл білімі кафедрасында көптеген шәкірттері дәріс оқып, білім, ғылым саласында ұстаз жолын жалғастырып келеді.

Шеберлігі жоғары лектор, филология саласында ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру ісінің білікті маманы бола білген ұстаз-ғалым талай шәкірттерді ғылымға баулып, тәрбиелеген. Олардың көпшілігі республикамыздың түкпір-түкпіріндегі жоо-да оқу-ағарту саласында еңбек етіп жүр. Ғалымның ғылыми жетекшілігімен бірқатар жастар кандидаттық, докторлық диссертацияларын қорғаған. Міне, ғалымның қалыптастырған осындай үлкен ғылыми мектебі бар.

Сонымен қатар «Академик елорда мен республика өміріндегі қоғамдық жұмысқа да белсене араласты. Лингвистикалық комиссия құрамында Қазақстан Республикасы Президентігіне үміткерлерден мемлекеттік тілді меңгеру дәрежесін анықтайтын емтихан алуға қатынасты. Республика Үкіметі жанындағы Мемлекеттік терминологиялық комиссия мен Астана қалалық ономастикалық комиссиясының мүшесі болды» [2].

Қазақ тілінің көкейкесті мәселелеріне қатысты пікірін айта келе, былай деп жазады: «Біздіңше, мынадай шаралар жүзеге асса, қазақ тілінің өз дәрежесінде көрінері анық:

Біріншіден, оқу орындарының барлық түрінің оқу жоспарына мемлекеттік тіл міндетті пән ретінде енгізілуі қажет;

Екіншіден, ол тек қана формалдық сипат алмай, білім беру барысы мен сапасы тиісті орындарда тыңдалып отыруға тиіс;

Қазақ тілін білмейтіндерге арналған бағдарлама мен минимум сөздік құрастырылғаны жөн;

Шығып жатқан көпшілікке арналған қазақ тілінің оқу құралының үлгісі қайта басылуы тиіс және жаңа оқулық конкурспен жазылғаны ақылға қонымды болар еді;

Республика ішінде аптаның бір күні «қазақ тілі» күні болып жарияланғанын қалар едік;

Бір жылдың ішінде сауда орындарында, көлікке билет беретін кассаларда қазақ тілінде сөйлеуге дағдыландыруды қамтамасыз ету керек;

Ресми мекемелер маңдайшаларының қазақ тілінде жазылуына көңіл бөлу керек;

Жарыспалы атаулардың қазақшасын ғана сақтау қажет («Новый Узень» емес, «Жаңаөзен», «Синегорье» емес, «Көкшетау» т.б.);

Мемлекеттік тілді мүмкіндігінше еркін меңгерген қызметкердің еңбекақысын белгілі бір пайызға жоғарылатқанның да қисыны бар (соңғы жылдары жоғары оқу орнын үздік бітіргендерге де өзгелерден жоғары еңбекақы қойылып жүр ғой)» деп жазады [3, 31-32].

Кезінде ғалым тарапынан айтылып кеткен осы шаралардың көпшілігі бүгінде жүзеге асты.

Осы уақытқа дейін шешімін таппай жүрген мәселелердің бірі – ататегіміздің өз тілімізде бірізді жазылмай жүргендігі. Кісі есімдерінің әртүрлі жазылуы үлгілерін сарапқа сала келе, ов, ев, ин, ина жұрнақтарының орнына -тан, -тен, дан, -ден, -нан, -нен жалғауларын қолдану көңілге қонатынын айтады. Мысалы, Асқар Тұрысбекұлы Тұрысбектен.

Тіл тазалығы мәселесінде ана тілін шұбарламай, таза сөйлеу мәдениетін қалыптастыруды жолға қоюды ұсынады. Мәселен, көпшілік жүретін қоғамдық көліктерде аялдамалардың қазақ тілінде хабарлануы, қысқарған сөздердің, мекеме, сауда орындарының ана тілінде жазылуы т.с.с.

Қазіргі таңда жиі айтылып та, жазылып та жүрген мәселелердің бірі – тілдердің үштұғырлығы. Осы орайда да ғалым өз пікірін білдірген.

Тіліміздегі жаңа сөздердің тұрақтанып, айналымға түсіп, қолданысқа енуі үшін мынадай үш шараның жүзеге асу керектігін жазады:

«1. Қазіргі қазақ лексикасының жайы мен тіл мәдениетіне арналған тіл мамандарының, журналистер мен әдебиетшілердің республикалық деңгейдегі мәслихат өткізудің мәні зор. Әлбетте, ондай бас қосу ұзақ әзірліктен, баспасөз беттері мен радио, теледидар хабарлары арқылы пікір тоғысынан туындайтын нәтижесін насихаттау ретінде ұйымдастырылуға тиіс.

2. Бұған дейін жарық көріп келген терминологиялық сөздіктердің барлық түрлері қайтадан басылуға дайындалғаны жөн.

3. Ғылыми орта мен қалың жұртшылыққа арналған орфографиялық сөздік те әлгі аталған мәслихат шешіміне сай жарық көргені абзал» [3, 183].

Осы сияқты қазақ тіліне қатысты орынды айтылған ойлары, ұсыныстары көп. Соның бірі – теледидар тіліндегі кемшіліктер, яғни қала мен мекеме, кісі, жер-су т.б. атауларында дикторлар тіліндегі орфоэпия заңдылығының сақталмауы, ұлттық баспасөз беттеріндегі кейбір сөздердің орынсыз қолданылуы, сөздің қуаты, сұлулығы, мәдениеті, әуенділігі, психологиясы, грамматикалық, стилистикалық қыры, шешендік өнер, академиялық шешендік, стилистика мен тіл мәдениетінің сабақтастығы мен ерекшелігі, тілдік норма, әдеби тіл нормаларының сақталуы, сөйлеу тіліндегі этика мәселелері. Тіл мәдениетін екі тұрғыдан түсіндіреді: «біріншіден, ол – сөздің әдеби нормаға сәйкес келуі; екіншіден, әдеби тілді жетілдіруді басты мақсаты ететін тіл білімінің саласы» [3, 215]. Тіл мәдениетінің стилистикадан ерекшелігінің үш (нормативтік, этикалық, коммуникативтік) аспектісін көрсетіп, аталмыш салаларды теориялық тұрғыдан ғана зерттеп қоймай, практикалық қырынан қарастыруды ұсынады. Ана тіліміздің байып, дамып, өсуінде бұқаралық ақпарат құралдары мен электрондық құралдардың өте маңызды қызмет атқаратындығы белгілі. Бұқаралық ақпарат құралдарының бірі – радиоақпараттардағы кемшіліктерді болдырмаудың екі шартын атап көрсетеді: біріншіден, мектеп қабырғасынан қазақ тілінің табиғи заңдылығына байланысты ережелерді әркімнің жадында саналы түрде сақтап, дағдысына айналдыруының зор қызмет атқаруы. Екіншіден, әр хабардың алдында әуе толқыны арқылы берілгелі отырған материалмен жан-жақты танысу да хабардың ойдағыдай жүргізілуінің негізгі шарттарының бірі.

«Термин қисыны» атты мақаласында қазақ баспасөз тіліндегі терминдер мен ұғымдарға қатысты кемшіліктерге тоқталады. Мәселен, тілімізде баламасы бола тұра, басқа тілдегі сөздердің орынсыз қолданылып жүргенін айтады. Оған білік сөзінің орнына компетенцияны, қызметтің орнына функцияны, әдептің орнына тактыны, кедергінің орнына барьерді, мамандандырылғанның орнына квалификациялықты, ахуалдың орнына климатты, ақылдың орнына нотацияны қолданудың қисынсыздығын мысал ретінде келтіреді. Сонымен қатар қазіргі термин шығармашылығындағы ұстанымның басты үш түрін көрсетеді: жүйелілік, нормаға сәйкестік, эстетикалық. Термин шығармашылығын тілдің байлығы,

айқындығы, дәлдігі, әуенділігі, бейнелілігі, логикалылығы т.б. ұғымдармен сабақтастықта қарастырады.

Бұған қоса сөздіктердегі тіл тазалығы, сауаттылық, сөздік құрастыру барысында кеткен кемшіліктер де ғалым назарынан тыс қалмаған. «Тіл білімі сөздігінен» туындаған пікірлер», «Орысша-қазақша сөздікке» ұсынақтылық қажет», «Аударма сөздікке – арнайы талап» атты мақалаларында сөздіктерде аудармасы, баламасы қате берілген сөздер мен термин, атауларды қарастырады. Екі тілдік сөздіктерді құрастыруда екі халықтың да тіл байлығын танытатыны, сондай-ақ қосымшалардың барлық тілдерде бірдей тұлғада келіп, бірдей мағынаға ие бола бермейтіні ескерілуі керектігін, орыс немесе орыс тілі арқылы басқа тілдерден қазақ тіліне еніп жатқан сөздердің мазмұнының анық және айқын ашылуы қадағалануы керектігін айтады.

Қорытындылап айтқанда, ғалым тілге тиек еткен қазақ тілінің өзекті мәселелерінің арнасы кең, сан-салалы, көп қырлы болып келеді. Атап айтқанда, теледидар тіліндегі кемшіліктер, яғни қала мен мекеме, кісі, жер-су т.б. атауларында дикторлар тіліндегі орфоэпия заңдылығының сақталмауы, ұлттық баспасөз беттеріндегі кейбір сөздердің орынсыз қолданылуы, сөздің қуаты, сұлулығы, мәдениеті, әуенділігі, психологиясы, грамматикалық, стилистикалық қыры, шешендік өнер, академиялық шешендік, стилистика мен тіл мәдениетінің сабақтастығы мен ерекшелігі, тілдік норма, әдеби тіл нормаларының сақталуы, сөйлеу тіліндегі этика т.с.с. Академик М.С.Серғалиевтің ғылыми еңбектеріне зер салғанда, туған тіліміздің әрбір мәселесін назардан тыс қалдырмай, оған немқұрайдылық танытпай, жанындай жақсы көріп, шын мәнінде тіл жанашыры бола білгеніне куә боламыз. Қазақ тіліне деген сүйіспеншілігін, құрметін сөзбен емес, іспен дәлелдеген ғалымның осындай ғибратты істері кейінгі ұрпағына, шәкірттеріне, іні, қарындастарына үлгі болатыны сөзсіз деуге болады.

**Әдебиет:**

1. Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы: Қазақстан даму институты, 1998.
2. Мырзатай Серғалиұлы Серғалиев. // Қолжетімді ресурс: Egemen.kz сайты. <https://egemen.kz/article/myrzatay-sergaliuly-sergaliev>.
3. Серғалиев М. Тілім менің – тінім менің. Мақалалар. Таңдамалылар. / М.С.Серғалиев / – Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2013. – 344 бет.

**2-СЕКЦИЯ: «ДӘСТҮРЛІ ТІЛ БІЛІМІНІҢ ЖЕТІСТІКТЕРІ»**  
**СЕКЦИЯ 2: «ДОСТИЖЕНИЯ ТРАДИЦИОННОГО ЯЗЫКОЗНАНИЯ»**  
**SECTION 2: «ACHIEVEMENTS OF TRADITIONAL LINGUISTICS»**

**ӘЛЕМДІК ЛИНГВИСТИКАДАҒЫ ЖАҢА СӨЗДЕР**  
**ТАБИҒАТЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ**

*Алдашева К.С.,  
Философия докторы (PhD),  
М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан  
мемлекеттік университеті,  
Орал, Қазақстан,  
[kama\\_kz89@mail.ru](mailto:kama_kz89@mail.ru)*

**Резюме**

В статье рассматриваются проблемы неологии и неографии, анализируются различные точки зрения на типы неологии, принятые в зарубежных лингвистических школах, а также пути формирования неологизмов.

**Summary**

The article deals with the problems of neology and neography, analyzes different points of view on the types of neology adopted in foreign linguistic schools, as well as the ways of forming neologisms.

Жаңа сөздердің пайда болуы мен қолданысы туралы мәселе қашанда тілші-ғалымдардың назарында болды, алайда саяси және экономикалық өзгерістердің бүгінгі кезеңінде бұл мәселенің өзектілігі арта түсті. Қоғамдағы жағдайдың өзгеруімен байланысты тілде де заңды түрде жаңғыру үдерісі орын алып, жаңа реалийлер тілге өзіндік атауларын енгізуде. Шынайы ақиқат құбылыстар жаңа атауларды талап етеді. Бұл тілдің сөзжасамдық жүйесіндегі жаңа белсенді үдерістермен де байланысты.

Көптеген тілдердегі неологизация үдерісінің қарқын алуын В.Г. Гак «неологиялық жарылыс» деп атаса, бұл сипаттама мыңжылдықтар тоғысында өзектілене түсті де [1], бұл кезең «жоғары неогенді» [2, 5], «инновациялық эксплозация» [3, 43] деген сипаттарға ие болды. Динамикалық және ашықтық – кез келген тілдің лексикалық жүйесіне тән белгі, бұл тілші-ғалымдарды қашан да қызықтырды, алайда ғасырлар тоғысындағы қазақ тіліндегі неологизация үдерісінің көшкін тәрізді сипаты, оның посткеңестің кеңістіктегі мәдени-тілдік жағдаятқа тигізген елеулі әсері тілдік инновацияларды талдаумен байланысты мәселелерді өзектілендіре түсті.

Тілге философиялық-тарихи тұрғыдан қараған В. фон Гумбольдт еңбектерінде тілдегі лексикалық жаңалықтар антропологиялық, материалистік тұрғыдан қамтылған. Оның «сөз бен ұғым-түсініктің арасындағы байланысты талдай отырып, жеке сөздің тілдік сипаттамасы ұлттың мінез-пайымы арқылы қалыптасатындығын дәлелдеген. Әрбір ұлттың тілінде өзіндік ерекшелік бар, осы өзіндік ерекшелік жеке сөздің қолданысқа түсуіне ықпал етеді» деген ыңғайдағы тұжырымдары жаңа сөздерді танып-білуде маңызды болып саналады [4, 370-373].

Тілдерге жүйелі талдау жасау және құрылымдық зерделеу бойынша ғылыми танымның алғашқы ұстанымдарын жасаған Ф. де Соссюрдің еңбектерінде таңбаның өзгермелілігі – ұғым мен түсінікті беретін сөздің пайда болуы туралы негізгі дәйектемелер

айтылған. Ф. де Соссюрдің пікірі бойынша, тілдегі өзгерістер ұрпақтардың ауысуына байланысты емес, ...тіл – әлеуметтік күштердің жемісі; уақытқа тәуелді [5, 105-107].

Соңғы жылдарда орын алған неологиялық жарылыс қоғамдық өмірге тез әсер ететін публицистикада, бұқаралық ақпарат құралдарының тілінде көрініс берді. Орыс тіл біліміндегі тілдің лексикасындағы жаңа сөздер өткен ғасырдың 60-жылдарында белсенді түрде зерттеліп, бірқатар қорытындылар жасалды. Бұған қатысты А.О. Александрова, О.С. Ахманова, Н.Г. Бабенко, М.А. Бакина, Р.А. Будагов, В.В. Виноградов, Г.О. Винокур, О.А. Габинская, Б.Н. Головин, К.С. Горбачевич, А.Г. Горнфельд, Е.А. Земская, В.П. Изотов, М.У. Калниязов, Н.З. Котелова, Л.П. Крысин, В.В. Лопатин, А.Г. Лыков, Р.Ю. Намитокова, Н.А. Николина, Л.И. Скворцов, Б.А. Серебринников, А.И. Смирницкий, И.И. Срезневский, И.С. Улуханова, Э.И. Ханпиры, Н.М. Шанский, Л.В. Щерба, Н.А. Янко-Триницкая сияқты ғалымдардың еңбектері бар. Олардың зерттеулерінде жаңа сөздер түрлі аспектілерде – сөзжасамдық, әлеуметтік лингвистикалық, нормативтік, стилистикалық сипаттары тұрғысынан толық дерлік талданған. Мәселеге осылайша қарайтын болсақ, әсіресе орыс тіл білімінде жаңа сөздердің барлық дерлік қыр-сыры анықталған сияқты болып көрінеді, бірақ соңғы он жылдықтарда бұл мәселеге қызығушылықтың арта түскеніне назар аударсақ, онда жаңа сөздер табиғатының қашан да өзекті мәселе бола беретіндігін байқаймыз.

Орыс тіл біліміндегі неология және неография салаларының қалыптасуы мен дамуына үлкен үлес қосқан ғалым Н.З. Котелова былай деп жазады: «Кейбір елдерде (СССР, АҚШ, Франция, Жапония) неологизмдерді, тіл мәдениетінің мәселелерін, тілді стандарттауды ғылыми тұрғыдан зерттеумен айналысатын және ақпараттық-анықтамалық қызметті ұйымдастыратын неология орталықтары бар» [6]. Ғалымның пайымдауынша, дамыған тілдердегі бір жыл ішінде газеттер мен журналдарға тіркелген неологизмдердің саны он мыңнан асады. Бұл өмірде пайда болып жатқан жаңа нәрселердің барлығын атаудың әлеуметтік қажеттілігімен байланысты.

Ғалымның пікірінше, орыс әдеби тілінде жаңа сөздердің пайда болуы аса қарқынды, сондықтан сөздің пайда болуы мен оның тіркелуі арасындағы интервалды максималды түрде қысқарту, жаңа сөзді тіркеуді жедел түрде жүзеге асыру қажет. Осы себепті орыс тіл ғылымында компьютерлік технологияға негізделген «neoLEX» жобасы қолға алынған. Осы бағдарламалық қамтамасыз ету – жаңа сөздерді дереу тіркеудің, іздеудің, белгілі бір құрылымдық жүйеге келтірудің, стильдік айырмашылықтарын байқастаудың, жаңа сөздердің электронды картотекасын қалыптастырудың, жаңа сөздер сөздігін жасаудың, мәліметтерді шоғырландыратын база жасаудың негізі.

Атап өтетін жайт – бұл тілді корпусы жоспарлаудың бір белгісі және қазақ тіліндегі жаңа сөздерді жинақтауда бағыт-бағдар етуге болатын үлгілердің бірі. Байқалып отырғанындай, қазіргі дейін орыс тіл білімінде жаңа сөздер барлық аспектілері жағынан әлі де көкейкесті проблемалардың бірі ретінде қалып отыр. Зерттеушілер әсіресе жаңа сөздердің мәтіндегі қызметін прагматикалық тұрғысынан қарастыруға [7, 33], белгілі бір ғылым саласының жаңа тілдік бірліктеріне когнитивтік-прагматикалық тұрғыдан кешенді талдау жасауға [8, 160], жаңа сөздердің қазіргі лексикографияның теориясы мен практикасындағы орнын анықтауға [9, 7], тілді меңгерудің аса маңызды құрамдас бөлігі ретінде жаңа сөздердің лексикадағы, сөзжасамдағы, грамматикадағы орнын анықтауға [10, 18] басым көңіл бөлуде.

Жаңа сөздердің табиғатын зерттеуде салыстырмалы-салғастырмалы тіл білімі аспектісінің әдістерін пайдалануда бірқатар проблемалардың тұжырымдалуына ықпал жасайды. Бұл ретте Ю.А. Жлуктенконың, В.А. Березинскийдің [11, 10], Е.М. Дубенецтің [12, 90], И.А. Рожнованың [13, 151] еңбектерін атауға болады. Түрлі тілдердегі неологизмдер мен жаңа сөздердің қалыптасуын және қызметін қарастыратын жаңа зерттеулерге тоқталу маңызды. Мәселен, шешен тілінің материалы негізінде (С.С. Юсупова), орыс тілінің фактілері бойынша (С.С. Изюмская), неміс жастарының тілі материалының негізінде (Н.Д. Матарыкина) атқарылған зерттеулер бар. Д.Н. Шмелевтің пайымдауынша, қазіргі орыс тілі лексикасының қалыптасуында басқа тілдермен қатынасқа түсу, жалпы әдеби тілдің

жергілікті говорлармен, кәсіби сөздермен және терминологиямен үздіксіз өзара ықпалдастығы елеулі маңызға ие» [14, 280]. Алайда әрқашан орыс әдеби тілінің сөздік құрамының толығы мен дамуының негізгі құралы ретінде өзіндік сөзжасамдық ресурстар қызмет атқарып келеді.

Шетел тілші ғалымдарының зерттеулерінің ішінде «Terminology: Applications in interdisciplinary communication» деп аталатын жинақтағы С. Павелдің зерттеу жұмысын ерекше атауға болады. Ғалым неология мен фразеологияны терминологиялық бірліктерді қалыптастырушы көз ретінде қарастырады [15, 21]. Бұл еңбекте 8 негізгі бағыт көрсетіледі, атап айтқанда, техникалық және ғылыми вокабулярдың дамуы, концептуалды өзгеріс, неологизмнің қабылдануы және оның «дұрыс» жасалуы, уәждемелік динамика (қажеттілік және құндылық), интербелсенді динамика (неологизмнің қарым-қатынас және өзара ықпал ету жолымен қабылдануы), құрылымдық үдерістер (ұжымдық жұмыс, неологизмдерді табуға арналған материалдарды қарау), тиімді коммуникация (әлеуметтік лингвистикалық қажеттілік).

Д. Бэрон «Лексические изменения в современном английском языке» деп аталатын мақаласында 1963 жылы жарық көрген Webster's Third New International Dictionary, Webster's New Collegiate Dictionary, 1972 жылы жарыққа шыққан Oxford English Dictionary және The Barnhart Dictionary of New English сияқты сөздіктерде тіркелген сөздерді «неологизмдер» деп санайды [16, 15]. Ғалым тарапынан 1975 жылы жиналған 500 жаңа сөз талданған. Талдау нәтижесі неологизмдердің ішінде біркүндік сөздер (nonce words) немесе кездейсоқ жасалған сөздер сирек кездесетіндігін көрсетті. Көп жағдайда неологизмдер бұрыннан белгілі немесе жаңа морфемалардың көмегімен жасалады. Сондай-ақ сирек болса да басқа тілдерден немесе диалектілерден сөздердің кіруі кездеседі. Сондай-ақ сөздер жай ғана семантикалық қатарын өзгертуі немесе бұрыннан бар сөздер тұтас семантикалық бірлік ретінде жұмсалатын фразалық тіркеске айналуы мүмкін. Бұл ретте автор орынсыз жағдайларда гендерлік сілтемелердің бейтараптануына ерекше назар аударады.

1987 жылы Огайо штатындағы мемлекеттік университеттің тарапынан жарық көрген «Language File» жинағында жаңа сөздердің жасалуын ең алдымен деривация, сөздердің бірігуі, акронимдер, кері деривация, сөздердің тіркесуі, апокопа, конверсия, жалған этимология сияқты сөзжасамдық тәсілдер мен жалқы есімдердің қандай да бір заттың, туындының, әрекет түрлерінің атауына айналуымен байланыстырады.

У. О'Гради және М. Добровольскидің редакторлығымен жарық көрген «Contemporary Linguistics» деп аталатын жинақтың үшінші басылымында жаңа сөздер мәселесі көтерілген. Жинақ авторларының пайымдауынша, адам тілі креативтілік сипатқа ие болуы керек, яғни жаңа идеяларға, зерттеулерге немесе инновациялық жағдаяттарға жауап бере алуы тиіс, бұл тілдің жасампаздығы – күрделі ақыл-ой үдерісі және бұл үдеріс қандай да бір тәсілмен жаңа сөздердің пайда болуын шектейді. Алайда тілде қалыптасқан сөздер жаңа жасалымдармен ауыстыралатын болса, бұл ағылшын тілінің сөздігін тұрақсыздыққа әрі түсініксіздікке алып келеді. Сондай-ақ қайта дамуға түскен сөз мағынасын шектемесе де дәл осы жағдай орын алады. Жоғарыда келтірілген тәсілдермен бірге ономотопея және жаңа өнім үшін жаңа атау қажет болған кезде шынайы жаңа сөздер жасау тәсілі де аталады [17].

Жаңа сөздер табиғатын зерттеуде Дж. Эйтонның «Century of New Words» деп аталатын сөздігінің орны ерекше. Мұнда автор соңғы жүз жылда пайда болған жаңа сөздер арқылы осы уақыт аралығының бейнесін жасайды. Сөздер 1900 және 2000 жыл аралағындағы әрбір он жылға топтастырылады. Ақпараттық және қызықты сөздік мақалалар тарихи, мәдени және ғылыми оқиғалардан хабар бере отырып, олардың ағылшын тілінің жаңа сөздік қорына қосқан үлесін көрсетеді. Дж. Эйто ағылшын лексикасын жаңа сөздермен толықтыратын басқа да көздер мен оқиғаларды жүйелі түрде ұсынады [18; 19].

Жаңа сөздердің жасалуы, олардың қажеттілігі тікелей қоғамдық маңызды өзгерістермен байланысты екендігіне ГДР мен ФРГ-дағы тілдік жағдаят дәлел болады алады. ГДР-дағы социалистік құрылыс Arbeiter-und-Bauern-Macht (жұмысшы-шаруа билігі), Volkseigentum (халық игілігі), Volkseigner Betrieb (халықтық кәсіпорын) және т.б. жаңа

сөздерді тілге енгізсе, ФРГ-да ГДР-на тән емес жаңа сөздер пайда болды. Себебі ФРГ аумағында жаңа сөздер капиталистік жүйенің шеңберінде туындады, мысалы: Lohn-Preis-Spirale (баға және жалақы спиралі), Mehrwertsteuer (кіріс салығы), Preisschere (баға қайшылары) және т.б. [20].

Р.Г. Гактың пайымдауынша, неологизмдер негізгі екі лексикографиялық көрсеткішке, яғни түсіндірме сөздікке және жаңа сөздердің арнайы сөздігіне енгізіледі. Бұл екі сөздікте де жаңа сөздерді іріктеуде және лексикографиялық өңдеуде бірнеше мәселелер туындайды. Жаңа сөздерді сөздікке енгізу сөздіктің түрі мен көлеміне байланысты. Р.Г. Гак француз тіліндегі «Малый Робер» (Le Petit Robert, Paris) сөздігінің 1967 және 1978 жылдардағы басылымдарын салыстыра келе, біздің зерттеуіміз үшін де маңызды мынадай тұжырымдар жасайды:

1. Неологизмдердің барлығы сөздікке ену үшін және неолексизмге айналу үшін кең таралмайды. Неолексизмдер неологизмдердің шамамен жартысын құрайды.

2. Сөздің тілдегі тағдырын алдын ала анықтау мүмкін емес. Алайда жаңа сөздің лексикализацияланып, неолексизм сипатын жоғалту үрдістері мен лексико-семантикалық аясын анықтауға болады. Бұларға мысалы, синтаксистік тұрғыдан өнімді модельдер бойынша жасалған синтагматикалық қысқартулар (формальды неологизмдер), бұрыннан бар сөздердің морфологиялық варианттары, ксенизмдер, экзотизмдер, авторлық окказионализмдер, тар аядағы терминдер, ауызекі тілдегі экспрессивті қолданыстар жатады.

3. Біртіпті сөздіктерді талдау барысында неологизмдерді түсінуде шашыраңқылық байқалады. Лексикографтарда «неологизмдерді» сезіну толықтай сәйкес келмейді. Олардың тарапынан неологизмдердің басым көпшілігі бірдей бағаланғанымен, шамамен 20 пайызға жуығы «күдікті аймақта» қалады, сондықтан да бір сөз бір сөздікте лексикалық инновация ретінде ұсынылса, екіншісінде неологизм ретінде ұсынылмайды. Бұл – неологизмдердің лексикализациялануын және әлеуметтенуін – аралық және өтпелі жағдайлардың қатарын түзетін ақырын үдеріс.

4. Неологизмдер сөздігі мен анықтамалықтар маргинальды, яғни тілде әлі де бекітіле қоймаған неологизмдерді қамтитындықтан, түсіндірме сөздіктерге қарағанда неологияны анағұрлым кеңірек көрсетеді. Сондай-ақ неологизмдермен қатар аэлогизмдерді, тіпті функционалды неологизмдерді, яғни сол уақытта кең тарала бастаған және неологизм ретінде қабылданған көнерген сөздерді де қамтиды [21; 22].

Әлемдік лингвистикада жаңа сөздердің қарастырылуына байланысты түркология ғылымындағы жаңа сөздер де біздің тарапымыздан жан-жақты зерделенді. Төмендегідей жағдайлар анықталды: түркологияда жаңа сөздер сөздің семантикасының кенеюіне, кірме сөздердің енуі және калька арқылы жасалған сөздер, терминдердің қалыптасуы мәселелеріне қарай талданған (А. Матқазиев, Л. Г. Керимов, Х.Б. Кулиева, Р. Данияров, Н.М. Худиев). Бұл еңбектер өткен ғасырдың 80-жылдарына дейін жасалғандықтан, оларда негізінен жаңа сөздерді талдау мен сұрыптауда орыс тіл біліміндегі межелер басшылыққа алынған. Түрік тіл білімінде кейінгі кездерде біршама ілгерілеулер бар. Бұлардың қатарында түрік ғалымы Невнихал Баярдың «Açıklamalı Yeni Kelimeler Sözlüğü» деп аталатын жаңа сөздердің түсіндірме сөздігін және онлайн жүйесіндегі <http://www.uludagsozluk.com/> электронды жаңа сөздер сөздігін атауға болады [23; 24].

Қорыта келгенде әлемдік және қазақ әдеби тіліндегі жаңа сөздердің зерттелу табиғатына қатысты мынадай қорытынды жасалған болатын: «қоғам өміріндегі жаңғырулар, тілдің өз қозғалысы лексикалық құрамды әрдайым жаңа тілдік бірліктермен толықтырып отырады, сондықтан қазақ тілтанымында неология мен неография саласын, әсіресе тілге толассыз енген (және еніп жатқан) жаңа тілдік бірліктердің кодификациялануын теориялық-практикалық тұрғыдан қарқынды дамыту маңызды болып отыр. Осы салалардың кешенді түрде қолға алынуы қазақ сөз мәдениеті, әдеби тіл нормалары, терминология және терминография, аударма және әлеуметтік лингвистика, лексикология мен сөз семантикасы, әдеби тілдің функционалды стильдерінің қазіргі сипаты, орта мектептерде білім беру жүйесінде қазақ тілін оқыту әдістемесін жандандыру бағыттарындағы зерттеулерді

толықтыратыны, ең бастысы – қазақ неологиясы мен неографиясының қалыптасуына жол ашатыны сөзсіз.

**Әдебиет:**

1. Гак В.Г. О современной французской неологии // Новые слова и словари новых слов. – Л., 1978. – 37 с.
2. Елизарова Л.Н. Терминологические и художественные новообразования в функциональном аспекте: автореф. ... канд. филол. наук. – Орел, 1992. – 20 с.
3. Бенковичова Я. Инновации в современной русской и словацкой лексике // Porovnavaci opis statiky a dynamiky súčasneho ruskeho jazyka z teoretickeho a praktickeho hľadiska: Zbornik materialov z medzinarodnej konferencie. – Bratislava, 1998. – S.43-49.
4. Гумбольдт В. Язык и философия культуры. – М.: Прогресс, 1985. – 450 с.
5. Соссюр Ф. Труды по языкознанию. // Переводы с французского языка. Под ред. А.А. Холодовича. – М.: Прогресс, 1977. – 695 с.
6. Котелова Н.З. Неологизмы // Лингвистический энциклопедический словарь. – М.: СЭ, 1990. – 331 с.
7. Москалева Е.В. Прагматические особенности функционирования английских и русских неологизмов: на материале художественных и публицистических текстов: дис. ... канд. филол. наук. – М., 2003. – 180 с.
8. Воробьева Ю.А. Когнитивно-прагматический аспект новой лексики искусствоведения (на материале английского языка): дис. ...канд. филол. наук. – Калининград: РГБ, 2003. – 189 с.
9. Степанов Г.М. Неологизмы в теории и практике современной лексикографии (на материале русских и английских словарей новых слов): автореф. ... канд. филол. наук. – М., 1983. – 21 с.
10. Шевотлохова Е.Д. Новые слова как объект изучения в курсе русского языка на подготовительном отделении университета: дис. ... канд. пед. наук. – М., 2003 – 194 с.
11. Жлуктенко Ю.А., Березинский В.А. Английские неологизмы. – Киев: Наукова Думка, 1983. – 154 с.
12. Дубенец Э.М. Неологизмы в английском языке // Иностранные языки в школе. – М., 1991. – № 6. – С. 90-92.
13. Рожнова И.А. Неологизмы в английской терминологии полиграфического производства: дис. ...канд. филол. наук. – Омск, 2005. – 190 с.
14. Шмелев Д.Н. Современный русский язык. Лексика. – М., 1977. – С.280-281.
15. Silvia Pavel. Neology and Phraseology as Terminology-in-the-making // Terminology: Applications in interdisciplinary communication. – Canada, 1993. – 21 p.
16. Baron, Dennis E. Lexical change in Present-Day English. Annual Meeting of the linguistic Society of America. – San Francisco, California, 1975. – 19 p.
17. O’Grady W. Contemporary Linguistics. Third Edition. St. Martin’s Press. – New York, 1997. – 710 p.
18. Ayto J. A Century of New Words. – Oxford University Press, 2007. – p. 250.;
19. Эйто Дж. Словарь новых слов английского языка. – М.: Рус. яз., 1990. – 434 с.
20. Домашнев А.И. Развитие лексики немецкого языка ГДР и ФРГ и лексикографическая практика // Новые слова и словари новых слов. – Л.: Наука, 1983. – С. 5-14.
21. Гак В.Г. Новые слова и новые словари // Новые слова и словари новых слов. – Л.: Наука, 1983. – С. 15-29.
22. Гак В.Г. О современной французской неологии//Новые слова и словари новых слов. – Л., 1978. – 37 с.
23. Nevnihal Bayar. Açıklamalı Yeni Kelimeler Sözlüğü. – Akçağ Yayınları, 2006. – 395 S. 24. <http://www.uludagsozluk.com/>



## БАТЫРЛАР ЖЫРЫНДАҒЫ СИПАТТАУ МӘТІНІ

*Ахметова М.К.,*

*филология ғылымдарының кандидаты, профессор,  
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
Астана, Қазақстан,  
[ahmetova\\_mk@enu.kz](mailto:ahmetova_mk@enu.kz)*

### **Summary**

In the article the descriptive text is viewed as one of the compositional forms of speech that forms the storyline of the heroic epic. The use of descriptive text in the epic poems and the types and the linguistic peculiarities of the descriptive text is discussed in this work.

Батырлар жырының композициялық құрылымында қолданылатын сөйлеу формасының бірі – сипаттау мәтіні. Әдебиеттану энциклопедиялық сөздігінде сипаттау баяндаудың бірі ретінде анықталып, оның статикалық және динамикалық түрлері көрсетіледі. Статикалық суреттеу оқиғаның мезгіл ішінде өрістеуіне қатыспайтын және оқиғаның дамуын шектеп іс-әрекетті тежейтін әдіс ретінде қаралса, ал динамикалық суреттеу оқиғаға еніп қимыл-қозғалыстың кедергісіз өрбуіне ықпал етеді. Осы мақалада суреттеудің сипаты жанрға, стильге, шығарма мен автордың белгілі бағытты ұстануына тәуелді болып келетіндігі айтылады [1, 260]. О.С. Ахманованың “Лингвистикалық терминдер сөздігінде” сипаттауға «ойды мазмұндаудың ерекше бір түрі» деген анықтама беріледі, яғни сипаттау мәтіні – “белгілі бір тіл үшін әбден айқындалған ерекшеліктерді, белгілерді, сөйлеу массивтерінің (корпустарының) құрамын жүйелі мазмұндау үшін айқын тілдік әдістің қолданылуы” [2, 288].

А. Байтұрсынұлының терминологиясында сипаттау әліптеу, әліптеме деп аталады. Ғалымның әліптеме туралы айтқан пікіріне тоқталатын болсақ, ол: “Бір нәрсенің тұрпатын реттеп айтып, әлібін суреттеп шығару әліптеме болады. Дүниедегі түрлі нәрселердің, түрлі адамдардың, түрлі күйлердің бәрін де әліптеуге болады”, – деп, сипаттау мәтіні туралы жалпы түсінік береді. А.Байтұрсынұлы нәрсені әліптегенде оның қандай белгілеріне назар аудару керектігін айта келіп: “Тиісті жерінде нәрсенің көңілге еткен әсерін, нәрсенің адамға келтірер пайдасы бар-жоғын айтып жіберуге де болады”, – дейді [3, 400–401].

Сипаттау мәтінінің мазмұны суреттеліп отырған нысанның нақты сындық, сапалық белгілерінің бейнеленуі арқылы беріледі. Суреттеу мазмұнының сындық-сапалық белгілерге құрылуы – оны басқа мәтін түрлерінен оқшаулап, даралап көрсететін ең басты ерекшелігі. Демек, суреттеу мәтінінің қатысымдық қызметі – заттар мен құбылыстарды нақтылы, айқын түрде сипаттай бейнелеу. Бұл туралы Е.В. Капацинская: “Қатар өмір сүретін заттардың белгілері – бұл өзге сөйлеу түрлерінен (әңгімелеу, ойталқы) бөлектейтін суреттеудің заттық құрылымының ерекшелігі, оның тектік белгісі болып саналады”, – деген орынды пікір білдіреді [4, 126]. А.Ф. Зиновьеваның мына ойы да осы пікірмен астасып жатыр: “Сөйлеу формасы суреттеудің заттық мазмұны заттар мен олардың белгілерінің, қасиеттерінің берілуі болып саналады. Бұл форманың құрылымдық мазмұнын санамаланған-жалғаспалы грамматикалық байланыс түрінде берілетін заттардың кеңістіктегі қатарластығы құрайды” [5, 12].

Сипаттау мәтіні – көркем болмыстағы заттар мен құбылыстардың немесе олардың топтарының қандай да болмасын бір белгісін не белгілерінің жиынтығын бейнелейтін ерекше мазмұндық сипатты иеленген, өзіндік құрылымымен, қызметімен ерекшеленетін мәтіннің композициялық-сөйлеу формасы. Сипаттау мәтінінде белгілі бір нысанға қатысты айқын не астарлы түрде баға беріледі. Жырда сипаттау мәтінінің пейзаж, интерьер, портрет секілді тақырыптық-мағыналық түрлерінің ішінен табиғат көріністерін, қоршаған ортаны суреттеу мәтіннің композициялық құрылымдық бөлігінде жеке дара жұмсалмайды, ал басты

кейіпкерлерді, батыр тұлпарын, оның шабысын суреттеу, батырлар арасындағы жекпе-жекті динамикалы сипаттау басым қолданылады.

Мысалы кейіпкерді сипаттау:

Естімшеден бұл сөзді

Естіген соң қыз Құртқа,

Қылаң етіп, қылт етіп,

Сылаң етіп, сылт етіп,

Алтын шашбау қылт етіп,

Шекеде шоғы жылт етіп,

Саулы інгендей ыңқылдап,

Күшігендей сыңқылдап,

Сүмбіледей жылтылдап,

Алтын қалпақ, жез телпек,

Көтеріп Құртқа сөйледі,

Естімше құлға былқылдап (Бабалар сөзі: Жүз томдық. т. 36. 6-б.).

Бұл сипаттау мәтіні – «Қобыланды батыр» жырындағы Құртқаның сыртқы сипаты мен еркелеген, наз қылығын астарлап беруде ұтымды жұмсалған композициялық-сөйлеу формасы. Құртқаның қимыл-қозғалыстағы бейнесін әсерлі түрде сипаттап жеткізуде бейнелеуішпен (қылаң, қылт, сылаң, сылт, жылт) көсемше тұлғалы ет көмекші етістігінің тіркесе берілуі, еліктеу сөздерден жасалған көсемше тұлғалы туынды етістіктердің (ыңқылдап, сыңқылдап, жылтылдап, былқылдап) қолданылуы, жыр ұйқасын түзуге қатысуы тыңдаушының шынайы бейнені елестетуіне ықпал етеді. Сөзбен жанды сурет дүниеге келген. Осындай суреттеулер – шеберлік шыңына жеткен айтушы-жыршының баяндауындағы сипаттаудың ерекше бір үлгісі.

Кейіпкерді статикалық сипаттауға мысал:

Шашын дәндерменен тараған,

Бектер мінген бедеудей

Бауырынан жараған.

Бет ажарын қарасаң,

Жазғы түскен сағымдай.

Бет ажарын байқасаң,

Терісінен айырған

Жарма бидай ақ ұндай.

Қасы сарыжадай керілген,

Кірпігі оқтай тігілген,

Бұралып белі бүгілген,

Қараған кісі үңілген.

Қолаң шашты, қой көзді,

Әйелдегі бір сөзді

Ақжүніс атты ару еді (Бабалар сөзі: Жүз томдық. т. 44. 6-б.).

Ақжүніс арудың сыртқы кескін-келбеті сипаттау мәтіндерін түзуге қатысатын тілдік бірліктердің қолданысы арқылы суреттелген. Портретті жасауға дене мүше атаулары лексика-семантикалық тобына жататын сөздер (шаш, бет, қас, кірпік, бел) мен сын-сапа мағынасындағы лексикалық бірліктер (бір сөзді, бауырынан жараған, терісінен айырған, керілген, тігілген, бүгілген, үңілген), бейнелілікті тудыратын теңеулер (бектер мінген бедеудей, жарма бидай ақ ұндай, сарыжадай, жазғы түскен сағымдай, оқтай) мен эпитеттер (қолаң шашты, қой көзді) молынан қолданылған. Статикалық сипаттауда динамикалы сипаттаумен салыстырғанда, есімше тұлғалы етістіктер мәтінді түзуге қатысады. Сипаттау мәтініндегі есімшелер сын-сапа, бағалау мәнінде жұмсалады. Есімше қызметі арқылы көсемше тұлғаларындай динамика емес, тұрақты қалып-күй, ерекшелік сипатталады.

Батырлар жырында жыршы барлық композициялық құрылымдық бірліктердің байланысын сақтай отырып, белгілі бір оқиға барысында көрінетін кейіпкерлерді, олардың

сөзін мәтінге енгізіп отырады. «Эпикалық баяндаудағы диалог – бұл белгілі бір даралықтың нышаны. Эпикалық жыршы диалогтегі ахуалды (қалыптасқан жағдайды) бейнелей отырып, шығармашылық шеберліктің шыңына шығады, өйткені ол өзінің кейіпкерлерінен бөлектенбей, керісінше, бір хронотопта болып, барынша оларға жақындай түседі» [6, 19]. Мәтіннің мұндай бөліктерінде баяндаушы-жыршы мен баяндаушы-кейіпкердің бірлігі аңғарылады. Жыршы кейіпкерлерден оқшауланбай, олармен тұтасып, жымдасып кеткендей болады. Мәселен, төмендегі мәтін бөлігінде Баршын сипаты кейіпкердің өз атынан берілген.

Сонда үйде отырып Баршынның айтқаны:

– Көңілімнің хошы жоқ,

Мүсәпір құлмын достым жоқ. ...

Кетті дәрмен белімнен,

Тайды дәулет қолымнан. ... (Бабалар сөзі: Жүз томдық. т. 38. 23-б.).

Бұл шумақта Баршынның қиналысқа толы ішкі жан-дүниесінің, эмоционалдық көңіл-күйінің сипаты өзінің сөзі арқылы беріледі. Түсіңкі, жабырқау көңіл-күй жоқ модаль сөзінің қайталана жұмсалуды, дәрмен кетті, дәулет тайды тіркестерінің семантикасы арқылы нақтылана түседі. Мәтіндегі болымсыздық мағынасын иеленген осы тілдік бірліктердің әсерлілік-бейнелілік әлеуеті өте жоғары. Баршынның бейнесі салтанатты түрде Тайша ханға айттыра келген уәзірлерге қарама-қарсы оппозицияда сипатталады. Баршынның осы портреті батыр қалыңдығына тән қасиеттерді көрсетіп, оның бейнесін асқақтата түседі. Қыздың өжеттігін, ханнан да тайсалмайтын қайсарлығын паш етеді.

Жырда кейіпкер суреттелетін бөліктерде олардың тұрақты сыртқы кескін-келбеті, қимыл-қозғалысы, ішкі жан тебіреністері, эмоциялық күйлері сипатталады. Кейіпкер суреттелетін мәтіндерде грамматикалық сипаты зат есім, сын есім, сан есім, етістік, үстеу, еліктеу болатын сын-сапа мағынасында қолданылатын сөздердің топтары негізгі логикалық екпінді иеленіп, бейнеге тән қасиетті жан-жақты сипаттап, қабылдаушының көз алдында өзіндік қасиетімен ерекшеленетін түрлі бейнелерді қалыптастырады.

Батырлық жырдағы композициялық-сөйлеу формасы сипаттаудың бір нысаны ретінде міндетті түрде тұлпарлар алынады. Өйткені батырлар жырындағы тұлпарлар (Байшұбар, Тайбурыл, Тарлан, Сарыат, Қарақасқа) ерекше қасиеттерге ие. Олар адамша сөйлейді, құсша ұшады, жан серігі ретінде ақыл-кеңес береді, келешекті болжайды, қандай сыннан да иесімен бірге сүрінбей өтеді, небір қиыншылықтарға төзеді. Тұлпарлардың осы ерекшеліктері арқылы батыр жеңіске, мақсат-мұратына жетеді. Мысалы:

Асыл туған Байшұбар

Құстай ұшып барады.

Төрт аяқта төрт таға

Асыл туған жануар

Жанын алып барады.

Аузын әрекетей ашады,

Омыраудан көбік шашады.

Дариядай болып тасады,

Қаражан қамшы басады.

Тұяғы қызды Шұбардың,

Аяқты нұқып басады (Бабалар сөзі: Жүз томдық. т.38. 33-34-б.).

Бұл үзіндіде сипаттау нысаны ретінде Байшұбар алынған. Мәтін мазмұны негізінен тұлпардың шабысын суреттеу арқылы беріледі. Мәтінде динамикалы сипаттауды жүзеге асыруға етістіктің –ып, –а көсемше тұлғалары қатысқан (ұшып барады, жанын алып барады т.б.). Сонымен бірге Байшұбардың қозғалыстағы бейнесін одан сайын күшейту мақсатында және қабылдаушыға ақпаратты шынайы, әсерлі қабылдату, бар назарды осы нысанға аударту үшін құстай, әрекетей, дариядай теңеулері қолданылған. Бұл троп түрі – композициялық-сөйлеу формасы сипаттаудың құрылымында жиі жұмсалатын бейнелеу тәсілдерінің бірі. Сипаттаудағы көркемдік құралдар жырдың бейнелілігін тудырып, эстетикалық қызметін арттырады.

Ал мәтінде бір лексика–семантикалық топқа жататын аяқ, тұяқ, омырау, ауыз лексемаларының қолданысы Байшұбар сипатының детальді түрде берілуін, бөлшектер арқылы бір бүтіннің, яғни тұлпар шабысының суреттелуін жүзеге асырады.

Төмендегі мәтін статикалық сипаттауға мысал бола алады. Мұнда Ер Тарғынның серігі Тарланның сыртқы тұрпаты суреттелген.

Тұлпары тай өткен соң құнан шықты,

Жылқыға мұндай сүйек бітпес тіпті.

Қаз мойын, қамыс құлақ, белдемелі,

Келте құйрық, қыл түбі жуан түпті (Бабалар сөзі: Жүз томдық. т.44. 53-б.).

Композициялық-сөйлеу формасы – сипаттаудың мазмұны бір лексика-семантикалық топ құрайтын тұлпар, жылқы, тай, құнан және сүйек, мойын, құлақ, құйрық, қыл сөздерінің, сонымен қатар контексте сын-сапа мағынасын иеленген мұндай, қаз, қамыс, белдемелі, келте, жуан түпті есімдерінің жұмсалуды арқылы берілген.

Эпостық мәтіндегі суреттеу қабаты қабылдаушыға ерекше әсер етіп, прагматикалық қызметі жағынан да айрықша көзге түседі. Батырлар жырында сипаттау орналасқан бөліктер әсерлілік, бейнелілік мәнін тудыратын құралдардың ең көп жұмсалатын көрнекі және бай тұстары болып саналады. Себебі айтушы сипаттау мәтінін жасауда көркем бейнелі құралдарды, сын-сапа мағынасын иеленген есімдерді, етістіктерді молынан пайдаланады. Сипаттау тұстарының сын–сапа мағынасын білдіретін сөздерге бай болып келуі осы мәтін түрінің қатысымдық қызметімен тікелей байланысты.

#### **Әдебиет:**

1. Литературный энциклопедический словарь. – М.: Советская энциклопедия, 1987. – 752 с.
2. Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. – М.: Советская энциклопедия. 1966. – 608 с.
3. Байтұрсынов А. Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер, публ. мақалалар және әдеби зерттеу. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.
4. Капацкая Е.В. К вопросу о структуре художественного описания // Термин и слово: Межвуз. сб. Вып. 1(7). – Горький: ГГУ, 1978. – С. 124–130.
5. Зиновьева А.Ф. Композиционно-синтаксические особенности повествовательной речи в художественно-прозаическом произведении (на материале романа А.Зегерс “Восстание рыбаков”): Автореф. дисс. ... канд. филол. наук. – М., 1973. – 29 с.
6. Мухина Е.А. Духовные стихи, записанные Карелии (Лингвопоэтический анализ). – Петрозаводск, Издательство ПетрГУ, 2014. – 110 с.

#### **Пайдаланған батырлар жыры:**

1. Бабалар сөзі: Жүз томдық. 38–том. Батырлар жыры. – Астана: “Фолиант”, 2007. – 340 б.
2. Бабалар сөзі: Жүз томдық. 44–том. Батырлар жыры. – Астана: “Фолиант”, 2008. – 420 б.
3. Бабалар сөзі: Жүз томдық. 36–том. Батырлар жыры. – Астана: “Фолиант”, 2007. – 430 б.

## **С.СЕЙФУЛЛИН ШЫҒАРМАЛАРЫ ТІЛІНДЕГІ БІРЫҢҒАЙ АНЫҚТАУЫШТАРДЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ**

**Әділбек А.М.,**

*филология ғылымдарының кандидаты,*

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,*

*Астана, Қазақстан,*

*[amangul\\_a69@mail.ru](mailto:amangul_a69@mail.ru)*

#### **Резюме**

В данной статье анализируются особенности стилистического использования однородных определений в произведениях писателя С.Сейфуллина, внесшего значительный вклад в развитие казахской литературы. Также в статье тщательно анализируется структура языкового материала.

## Summary

This article analyzes the features of the stylistic use of homogeneous attributes in the works of the writer S. Seifullin, who made a significant contribution to the development of Kazakh literature. The structure of the language material is also carefully analyzed in the article.

Көркем шығармадағы кейіпкерлерді мінездеуде оларды түр-тұлғасын, сырт пішінін ықшамдап жеткізуде бірыңғай мүшелердің орны ерекше. Көркем сөз шеберлері бірыңғай анықтауыштар арқылы кейіпкерлердің ішкі жан дүниесін, эмоциялық жақтарын ғана суреттеп қоймай, олардың сырт пішінін, кескін - келбетін, портретін де анық суреттеуге шебер. Осы ерекшелік С.Сейфуллин қаламына да тән. Жазушы кейіпкер портретін, мінездемесін, қимыл - әрекетін, түрлі психологиялық сезімдерін және табиғат көріністерін суреттеуде көп мүшелі бірыңғай анықтауыштарды ұтымды жұмсайды. Қаламгердің прозалық туындыларында кейіпкер портретін сипаттайтын бірыңғай анықтауыштар молынан ұшырасады. Портреттің өзіндік сипаты мен ерекшеліктерін зерттеген Г.Сәрсеке: «Портрет - көркем шығарманың тұрақты құрамдас бөліктерінің бірі ретінде кейіпкерлердің кескін - келбетін, жүріс - тұрысын, қимыл - қозғалысын, киім - киісін суреттеу арқылы толыққанды көркем бейне, кейіпкер мінездемесін жасаушы амалардың бірі», - дей келе, портретті 1) соматикалық (адам денесі мен оның мүшелерін атайтын сөздер), 2) вестиялды (киім, аяқ киім, бас киімді атайтын сөздер), 3) кинетикалық (кейіпкердің бет өзгерісін, қимыл - қозғалысын, жүріс-тұрысын, дене қалпын айқындайтын сөздер) деп үш тақырыптық топқа бөліп көрсетеді. [1, 79 б.]. Біз қаламгер шығармаларындағы бірыңғай анықтауыштардың портрет жасаудағы ерекшеліктерін қарастыруда осы үш түрлі жіктеуді ұстаным ете отырып, бірінші тобының жиі қолданыста екеніне көз жеткіздік. Демек, автор кейіпкерлерін суреттеуде соматикалық сөз тіркестерінің бірыңғай анықтауыштармен күрделенген түрін жиі пайдаланады. Соматикалық тіркестер жасауда сын есім мен зат есімді тіркестердің бірыңғай анықтауыштық қатар құрау мүмкіндігі мол. Мысалы:

Орта бойлы, жауырынды, ашаң бет, құбаша жігіт желмен ұшқан қаңбақша көк биені ұшыртып келе жатты (Айша, 235 б.). Хасен ұзынша бойлы, шүңірек көзді, қыр мұрынды, атжақты, қапсағай, ашаң, сіңір денелі, көселеу сұр жігіт (Жер қазғандар, 31 б.). Үшіншісінің есімі - Сатай. Аласа бойлы, дембелше, мақарлау, аяқ қолдары, саусақтары да қысқа, тырбиған, дөңгелек бет, бір жақ көзінің ағы бар, қарасұр жігіт (Жер қазғандар, 32 б.). Келіншегінің есімі - Гүлия. Орта бойлы, талдырмаш, қызыл шырайлы, тобылғы торы еді. Келіншектің әдемі маңдайын көмкерген екі қасы қарлығаштың қанаттарындай, қап - қара, сүп - сүйір, дөп - дөңгелек, екі көзі де мөлдіреген қарақаттай, мұрны түп - түзу еді (Жер қазғандар, 45 б.). Жаппар да ұзынша, бойлы, сіңір денелі, күрең жігіт (Сол жылдарда, 354 б.).

Осы келтірілген мысалдарда автор кейіпкерлерді толық, жан - жақты суреттеу мақсатында көп мүшелі бірыңғай анықтауыштарды өнімді жұмсаған. Қаламгер шеберлігінің тағы бір көрінісі соматикалық бірыңғай анықтауыштарға қарағанда, сирек те болса вестиялды бірыңғай анықтауыштарды өзіндік ерекшелігімен қолдануы. Мысалы:

Үстінде сұрғылт жібек көйлек, басында сұр қалпақ, қолында былғары портфелі бар ол Федерация паркінің тау жақ кезіндегі қазақ театрының маңдайына қарсы тұр (Жемістер, 431б.). Күн Ақтастының адырларының тасасына түсіп, әбден батып, жерді алакөлеңке қаптаған кезде, жуан сойыл сүйреткен, ақ елтірі тымақты, түйе жүн шекпенді, жарау ақсұр атты, жалпақ бет қара жігіт Қарашалғынның Сарысу өзеніне құйған жайылмасының шетінде кетіп бара жатыр еді (Айша, 236 б.).

Осы мысалдарда жазушы кейіпкерлерінің киім - киіс өзгешеліктерін суреттеуде қарапайым сөздерді орнымен қолдану арқылы бірыңғай анықтауыштар қатарын әсерлі етіп береді. Жазушы өз туындыларында табиғат көріністерін, қоршаған ортада болып жатқан құбылыстарды бірыңғай анықтауыштар арқылы да шебер, әрі дәл бейнелеп отырады. Мысалы:

Желсіз күннің ыстықтығы жер дүниені қуартқан ыстық емес, маужыратқан, балбыратқан ыстық (Жер қазғандар, 19 б.). Шаңсыз, тозаңсыз, күмістей, таза ауа жұтқан

сайын кеудені кеңітіп, тәнді елітіп мас қылады (Жер қазғандар, 19 б.). Қиырсыз кең, көлбеген жазық дала. Сол даланың ортасында найзадай шошақ, шұбарала тасты, әдемі шоқы тұр. (Жемістер, 436 б.). Көлдің айнадай жалтыр жайқындарында судыраған жасыл құрақ, көк камыстарының араларында неше түрлі жұпталған су құстарының ойнаған, жүзген дыбыстары естіледі. Қап-қара жүнді, саңқылдаған дауысты, ақ маңдайлы қасқалдақтар, қырқылдап ойнағандар қоңыр үйректер, терісаяқтар. Сусылдап ұшып қонып ойнаған нәзік үнді, көк ала мойын, көк ала жібек құйрық сұқсырлар. Дамылсыз сүнгіп, қыздарша күліп ойнаған маржан көз сүңгуірлер. Балаша жылаған ақ төсті қатарлар. Көлді айнала қорыған қарала қанатты, әдемі айдарлы, шаршамайтын саққұлақ қызғыштар (Тар жол тайғақ кешу, 381 б.).

Міне осы көріністер арқылы автор табиғаттың әсемдігін, бейнелілігін өте шебер және дәл беріп отыр. С.Сейфуллин халық даналығы мақал-мәтелдерді бірыңғай анықтауыштар қызметінде стильдік жағынан әдемі пайдаланады. Мысалы:

«Қасқар да қас қылмайды жолдасына», «Атаң да болса бір жолдас» деген мақалдарды Әзімхан берік ұстаушы еді (Жер қазғандар, 80 б.). «Ұйқы адамның дұшпаны», «Ұйықтағанды ұйқы алады, ұйықтамағанды жылқы алады» деген мақал бар емес пе? (Жер қазғандар, 82 б.)

Келтірілген мысалдардағы мақал-мәтелдер сөйлемдегі ойды әрлендіріп, ажарландыра түседі. Жазушы прозалары тілінде бейнелі, экспрессивті айшықтау тәсілінде сапалақ және қатыстық сын есімдерден жасалған бірыңғай анықтауыштар көп кездеседі. Жазушы қолданысындағы бірыңғай анықтауыштардың сан қырлы бояумен сырланып, тартымды шығуына эпитет, теңеудің әсері мол. Зерттеуші Д.Әлкебаева: «Теңеу ерекше стилистикалық тәсіл, мәтінде көрнекті орын алатын әсерлі сөз. Әсерлі сөз стилистика ғылымында эмоциональды, экспрессивті лексикаға да және көркем ойға, мазмұнға құралған сөйлемге де байланысты айтылады. Әсерлі сөздің жасалу тәсілі сан алуан болып келеді.»,- деп пайымдайды. [2, 104 б.]. Сәкен шығармаларында теңеулердің сын есім тудыратын -дай, -дей, -тай, -тей жұрнақтары арқылы және секілді, сияқты, тәрізді деген септеуліктер арқылы жасалған түрлері ұшырасады. Жалпы қазақ тіліндегі теңеулерді Т.Қоңыров синтаксистік құрылысына қарай жалаң теңеу, күрделі теңеу, бірыңғай теңеу, толымды теңеу, толымсыз теңеу, болымсыз теңеу деп алтыға бөліп қарастырып: «Бір сөйлемнің, бір күрделі ойдың құрамында бірнеше теңеулер қатар келе береді. Мұндай жағдайда теңеулер бірыңғай мүшелердің қызметін атқарып, өздерінің құрамдарына қарай жалаң, жайылма болып жіктеліп, әр түрлі сөйлем мүшелерінің қызметінде жұмсалады. Бір сөйлемнің ауқымында бірыңғай теңеулердің қолданылуы – стильдік мақсаттың жемісі. Теңеу тілдік бейнелеу құралы болғандықтан, оларды бірыңғай етіп қолдану – бейнелілікті пәрмендендірудің, ойды айшықтаудың, экспрессивтік әсерді күшейтудің тәсілі» [3, 32 б.]. Демек, бірыңғай теңеулердің басқа теңеу түрлерінен негізгі айырмашылығы – олар бірдей морфологиялық тұлғада тұрып, бірдей синтаксистік қызметте болады. Олар бірыңғайлық қатарда бірдей синтаксистік қызмет атқарып, адамның не құбылыстың кейпін беруде қолданылып ерекше бейнелілік үстемелейді. Мысалы:

Жалғыз сен емес, сендей шерлі, сендей мұңды қазақ қызы көп (Айша, 216 б.). Олар сен тәрізді, мен тәрізді кедей адамдарға тимейді (Тар жол тайғақ кешу, 344 б.). Шақылдаған дауысы аш күзеннің айғырындай, тілі де ащы, біздей жүйрік, тұздай ащы тілін салып алды (Жер қазғандар, 35- б.).

Қаламгер (жалғыз сен емес, сендей шерлі, сендей мұңды; сен тәрізді, мен тәрізді; шақылдаған дауысы аш күзеннің айғырындай, тілі де ащы, біздей жүйрік, тұздай ащы) сәтті теңеулері арқылы қазақ қызы басындағы сүйгеніне қосыла алмаған күйзеліс қасіретін, кедейшілік, зобалаң уақытындағы халық басына түскен қиындықтарды көрсетсе, біздей жүйрік, тұздай ащы теңеулері арқылы уытты тілдің өткірлігін жарасымды суреттейді.

Көркем әдебиеттің бейнелілік тудыратын аса мол ресурстарының бірі эпитет те Сейфуллин шығармаларында бірыңғай анықтауыштар қызметінде жұмсалады. Жазушы

шығармаларында тыңнан жасалған эпитеттер болмағанымен де, тілдік эпитеттер адам кескінін, суретін бейнелеуге өз әсерін тигізеді. Мысалы:

Сары орта бойлы, жалпақ денелеу, қыржық бет, ақ қабақтау жігіт (Сол жылдарды, 314 б.). Ашайдың әйелі ашаңдау, сүйектілеу, қара кер көз, тұйық қабақты, орта мұрынды, 22-23-тегі құбаша келіншек болатын (Тар жол тайғақ кешу, 371 б.). Әбдрахмандікіне Әбіл деген бір жалтаң көз, қыр мұрынды, қара жігіт келді (Айша, 215б.).

Тіл ойды ғана білдірмейді, адамның ішкі жан дүниесін ашып көрсету - әдемі өрілген сөз арқылы іске асады. Синонимдер тек семантикалық категория емес, шығармаға көркемдік мән беретін стильдік құрал болып табылады. Осы тұрғыдан, С.Сейфуллин шығармаларындағы бірыңғай анықтауыштар қатары синонимдермен келіп, ерекше стильдік мақсатта жұмсалады. Мысалы:

Кейбір уайымшыл жолдастар мұңды, қайғылы жүзбен тек бас изеп қана амандасады (Тар жол тайғақ кешу, 212 б.). Сабырлы, байыпты, едәуір оқыған адам еді (Тар жол тайғақ кешу, 306 б.). Қандай өзінен әлді, күшті, бай, ұлық кісі болса да қорлағанын көтере алмады (Жер қазғандар, 239 б.). Кейбір «күдікті», «сенімсіз» адамдардың қымыздарын әуелі өздеріне ішкізіп алып ішеді (Жемістер, 390 б.). Бірен - саран, азғана жылқылы үйлері жаз болғанда Сәттібек ауылдарымен ауылдас болып отырады (Сол жылдарда, 308 б.).

Жазушы есімшелі бірыңғай анықтауыштар қатарын да синонимдермен шебер бейнелейді:

Ұлыған, қыңсылаған дауыс айнала жүгіргендей болды (Айша, 212 б.). Жолшыбай түстенген, қонған жерлерде әңгімелесіп отырамыз (Тар жол тайғақ кешу, 406 б.).

Осы келтірілген сөйлемдердегі синоним бірыңғай анықтауыштарды жазушы талғап, лайықтап, орнымен жұмсай білген. Жазушы туындыларында бірыңғай анықтауыш антонимдер де белгілі стилистикалық маңызға ие болып жұмсалған. Мысалы:

Құбылған, үйреншікті, біресе жақсы, біресе жаман хабар күнде естіледі (Тар жол тайғақ кешу, 44 б.). Екі ноғайдың бірі жас, бірі сақа жігіт (Тар жол тайғақ кешу, 349 б.). Істің жүрісі бір жерде екпінді, бір жерде баяу байқалады (Тар жол тайғақ кешу, 108 б.).

Келтірілген сөйлемдердегі біресе жақсы, біресе жаман; бірі жас бірі сақа; бір жерде екпінді, бір жерде баяу бірыңғай анықтауыш антонимдерді жазушы қарама-арсы қойып антитеза жасап, оқырманға анық мағлұмат беруді мақсат еткен.

Жазушы С.Сейфуллин бірыңғай анықтауыштарды өз шығармаларында кейіпкер портретін жасауда, табиғат көріністерін, құбылыстарын атап көрсету мақсатында өте ұтымды пайдаланған. Қаламгер шығармаларының тіліндегі бірыңғай анықтауыштар сөз ажарын көркейтп, әсемдеу үшін эпитеттер, теңеу, синоним, антоним түрінде және мақал-мәтелдер түрінде қолданылған. Бұл – автор шығармалары тілінің стилистикалық даралығы, сөз қолданыс ерекшелігі.

#### **Әдебиет:**

1. Сәрсекке Г. Р.Сәрсенбаев шығармаларындағы кейіпкерді мінездеуші тілдік-стильдік тәсілдер. Филол. ғыл. канд. ... диссер. – Алматы, 1998. – 166 б.
2. Өлкебаева Д. Қазақ тілінің прагматистикасы. Оқу құралы. – Алматы, 2008. – 258 б.
3. Қоңыров Т. Теңеулер табиғаты. – Алматы: Алаш, 2005. – 512 б.

## KAZAK ATASÖZÜ VE DEYİMLERİNDE KORUNAN BAZI OĞUZCA SÖZCÜKLER ÜZERİNE

*Марлен Әділов,  
PhD докторант,  
Егеу университеті,  
Измир, Түркия,  
[marlenadilov88@gmail.com](mailto:marlenadilov88@gmail.com)*

**Түйіндеме.** Қазақ тілі түркі тілдері ішінде қыпшақ тілдер тобына жатады. Солай бола тұра тілімізде оғыз тілдер тобына тән сөздер жетіп артылады. Бұл баяндамада қазіргі оғыз тілдерінде (түрік, түрікмен, әзербайжан) актив қолданылатын кейбір сөздердің қазақ мақал-мәтелдері мен тұрақты тіркестеріндегі сақталғаны туралы сөз қозғалады. Оғыз тілдер тобына тән деп есептелетін көк «түп, тамыр, негіз, ататек», сес «дауыс», сой «ру», ұғыр «құт, береке», шоқ «көп» сияқты сөздер қазақ мақал-мәтелдері мен тұрақты тіркестерінен табылып көрсетіледі. Сөздер тарихи-салыстырмалы әдіс негізінде түркі тілдері лексикасы материалдарымен салыстырылып беріледі.

Мысал ретінде айтар болсақ, түркі тілдерінде немесе әртүрлі түркі тілдері топтарында «дауыс» мағынасында көптеген сөздер (фонетикалық вариант сөздер де) бар. Мәселен, тауыш (доуыш, дауыш, дауыс), үн, аваз (ауаз, әуез), күй, чау, шу, сес тб. Осылардың ішінде сес сөзі оғыз тілдері тобына жатады. Басқа тілдер топтарында бұл сөз қолданылмайды. Қыпшақ тілдер тобына жататын қазақ тілінде болса дауыс сөзі актив жұмсалады. Солай бола тұра қазақ тіліндегі сес берді, сеспей қатты сияқты тұрақты тіркестер құрамынан сес сөзін кездестіруге болады. Мағынасы күңгірт тартқан, жеке-дара қолданылмайтын, тек қана осындай тұрақты тіркестер құрамында сақталған сес сөзінің мағынасын оғыз тілдеріндегі қолданысы арқылы анықтай аламыз.

**Кілт сөздер:** қазақ тілі, тұрақты тіркестер, мақал-мәтелдер, оғызша элементтер.

**Abstract.** Kazakh language belong to the Kipchak group of Turkish. However, the dialect has some Oguz features. In this article, the Oguz features that Kazakh proverbs and idioms has have been studied in terms of "Vocabulary". In this article, the situation of elements in Kazakh Language, which were identified as elements of Oghuz Language in the previous studies, has been attempted to be identified. In these studies, the words identified as the elements of Oghuz Language such as çok, kök, ses, soy, uğur and their equivalents in Kazakh Language are given with their equivalents in other modern Oghuz dialects.

One example: in the Turkic languages and dialects we can see many words as the sense of the word “voice”: tauysh (tauys, dauys, dauysh, dovys); un, avaz (auez, auyz); kui, chau, ses. Including “ses” is one of the word which belongs to the Oguz dialects, but it is not used individually in other Turkic languages. And the word “dauys” has been used in the Kazakh language in this sense. At the same time in idioms of the Kazakh language we can see the word “ses”: ses korsetu “to dispute, to resist”. The meaning of the word “ses” which does not have the meaning when it stays lonely and which is found only in idioms will be able to understand through the meaning which is given in the modern Oghuz Turkish languages.

**Key Words:** Kazak Language, Proverbs and İdioms, Oghuz Words.

**Giriş.** “Lehçeleri birbirinden ayıran çok temel bir özellik, aynı anlamda farklı kelimelerin kullanılıyor olmasıdır: Örneğin, “gizlemek” anlamında Oğuzcada “gizle-”, buna denk olarak Kıpçakça ve Karlukçada “yaşur-” fiili vardır” (Gülsevin 2009: 363). O halde Oğuz ve Kıpçak lehçelerine özgü olan birçok kelime vardır. Örneğin Oğuzca anla-, benze-, dön-; dudak, el, gece vb. kelimelerin genel Kıpçakça karşılıkları tüşin-, ukxa-, kayt-, erin, kol, tün biçimleridir. Bunun gibi birçok kelime sayabiliriz. Bu kelimeler Oğuz veya Kıpçak dillerinde kullanılmış ya da kullanılmakta olduğu için onları Oğuzca veya Kıpçakça olarak nitelendirebilir ve buna göre kelimeleri Oğuzca veya Kıpçakça diye ayırabiliriz. Çünkü “Bir unsura Oğuzca diyebilmek için, onun, sadece Oğuzcanın ya tamamında ya da belli bir dalında olması ve Oğuzca dışındaki dallarda ya hiç olmaması ya da düzensiz veya alıntı olarak bulunması gerekir” (Gülsevin 2007: 164). Böyle olmakla birlikte Oğuzca özelliği taşıyan kelimelerin Kıpçak lehçelerinde kalıplaşmış yapılarda, ağızlarda, halk edebiyatı ürünlerinde korunuyor olması mümkündür. Böyleyse Kazak atasözü ve deyimlerinde Oğuzca özelliği taşıyan kelimelerin de görülüyor olması, Oğuzca bir özelliği temsil eder. Buradan hareketle bu bildiride, yaşayan Oğuz lehçelerinde görülen, yani bugün için Oğuzca diyebileceğimiz veya daha önceki araştırmalarda Oğuzca olarak belirtilen söz varlığı unsurların Kazakça atasözü ve deyimlerindeki kullanımından söz edeceğiz.

Tespit ettiğimiz Oğuzca sözcükler şunlardır:



### 1. Kök “Kök, asıl, soy”:

Kögi jaman “Köğü (soyu) kötü” (FS 2007: 394).

Kazak dilinin izahlı ve edebî dili sözlüklerinde kök kelimesinin “asıl, kök, soy, kaynak” anlamı kaydedilmemiştir (KTTS 2008: 407; KETS VIII 2011: 221) ancak deyimde kök kelimesi Oğuz lehçelerindeki gibi “kök, asıl, soy” anlamında kullanılmıştır.

Kök kelimesi için, Dîvân’da Oğuz ve Kıpçakların kökünün kim “asılın nedir, hangi boydansı?” biçiminde özel bir kullanımından bahsedilmiştir (DLT II, 284).

Gürer Gülsevin, “Kök” kelimesinin yaşayan lehçelerden Oğuz grubunda ve Çuvaşçada kullanıldığını söylemiştir (Gülsevin 2008: 270).

Türkiye Türkçesinde kök (I) “5. (mec. kaynak, köken)”; Anadolu ağızlarında köken (II) “soy, asıl, ata”; Azerbaycan Türkçesinde kök (1) “4. (mec.) nasıl, âsil-nâseb, mânşâ”; Türkmencede kök “kök”; Hakaşçada kök III “kök, ata, cet”; Çuvaşçada kîk (кăк) “kök, nesil, kabile, bazı temel organlar”.

### 2. Ses “Ses”:

1. Ses berdi “Ses verdi” (FS 2007:614): 717). Ses berdi deyimini bir başka varyantı da mevcuttur: ün kattı (FS 2007: 740).

2. Ses körsetti “Bağırdı, sesini yükseltti” (FS 2007: 614).

3. Sespey kattı “Ses vermeden öldü” (FS 2007: 614).

Kazak edebî dili sözlüğünde ses kelimesi “ses” olarak açıklanmış ve bu kelimenin sadece ağızlarda korunduğu belirtilmiş, örnek olarak ses berdi deyimini verilmiştir (KETS XIII 2011:183).

Eski Türkçede bu anlamda ün kelimesi kullanılmıştır. Clauson 13. yüzyıla kadarki metinlerde ses kelimesini tespit edememiştir (Clauson 1972: 167). Orta Türkçe dönemindeki eserlerde görülmeye başlar.

Çağdaş lehçelerden Oğuz grubu lehçelerinde kullanılan ses hâkim şekildir. Diğer lehçelerde ses şekline karşılık tavuş, avaz, dıbis, dobuş, ün gibi şekiller kullanılır:

Türkiye Türkçesinde ses “kulağın duyabildiği titreşim; yansıma”; Anadolu ağızlarında ses “oy”; sesde- “çağırarak, seslenmek”; sesen “konuşmak”; sesirge- “bir ses duyar gibi olmak; uyanmak”; sesi semadan gel- “ölmek”; sesit- “ses çıkarmak”; sesle – “dinlemek”; sesmez “dilsiz”; Azerbaycanca sâs; Türkmence ses; Çuvaşça sası / sas “ses, oy, bağırtı, bağırış, nara, yaygara, çığlık, düdük”.

### 3. Soy “Soy, boy”:

1. Aksaktı alsañ say kuwar, sokırdı alsañ soy kuwar “Aksak vadi arar, kör soy arar” (Kaliyev, Sarıbayev 1991: 62).

2. Keşüw keşmek saydan-dür, batır bolmaq soydan-dür “Geçit geçmek vadidendir, bahadır olmak soydandır” (Kıdırbekül 1993: 60).

Çağdaş Kazakçada soy için aktif olarak kullanılan kelimeler “ruv; el; tek” kavramlarıdır.

Söz sandık adlı eskicil kelimeler sözlüğünde soy kelimesi “soy, boy, nesil” olarak verilmiştir (SS 2013: 348).

Kazak edebî dili sözlüğünde soy kelimesi vardır ve kelime “soy, nesil, kök” olarak anlamlandırılmıştır (KETS XIII 2011: 236).

Batı Kazakistan diyalektinin Mangıstav ağızında da soy kelimesi kullanılmaktadır (KTAS 2005: 603). Bununla birlikte Kazak ağızlarında boy-soy ikilemesi “boy, endam” (KETS III 2011: 436) anlamında kullanılmaktadır.

Erbol Janpeyisov, yazar Awezov’un romanlarında soy kelimesinin geçtiğini söyler, bunun da Kazakça için farklı kullanım olduğunu izahlar:

Köreyin men soktıgatın soyıñdı “Göreyim ben kavga edecek soyunu” (Enlik-Kebek); Jaksınıñ onda soyı bar “Onda iyinin soyu var” (Ayman-Şolpan); Erim erdiñ soyı edi “Kocam erin soyundandı” (Beket) (Janpeyisov 1976: 153).

Türkiye Türkçesinde soy “bir atadan gelen kimselerin topluluğu, sülale” soy sop “bütün soy ve hısımlar” (TS 2011: 2146-2147); Azerbaycan Türkçesinde soy “aynı kanı taşıyan topluluk, bir atadan gelenlerin sülalesi” (AzTS 1994: 1055); Türkmencenin ağızlarında soy “ay.”; Gagavuzcada soy “ay.” (ESTY VII 2003: 285).

Nogaycada soy “soyadı; soy, boy, kök” (NRS 1963: 301); Karakalpakçanın ağızlarında soylı “soylu” (KazDS); Kumukçada soy “insanın dış görünüşü, zevahir; yüz, çehre, sima” (KumTS 2011: 300); boyu-soyu yok adam “kimsesi olmayan zavallı kişi” (ESTY VII 2003: 286); Karaycada soy.

#### 4. Şok “Çok”:

1. Azın-şogın agalık, az okıgan moldalık, ata ulına kerekti “Az çok ağalık (idarecilik), az okumuş imamlık baba oğluna gerektir” (BS 68 2011: 21).

Kazakistan’ın Batı ağızlarında şok kelimesi “biraz” anlamındaki azın-şogın (Kayırjan 2013: 11) ikilemesinde de korunmuştur.

“Çok, hep” anlamında, tarihî lehçelerde üküş, köp, idi, telim/delim, ked/ key/gey, iñen, katıg/katı, dükeli vb. kelimeler kullanılmıştır, “çok” kelimesi, özellikle tarihî Oğuzca metinlerde yaygın olarak görülmektedir” (Gülsevin 2006: 48). Örneğin Eski Anadolu Türkçesi eserlerinden Dede Korkut Kitabı’nda çok “çok” (DKK 115-13) kelimesine rastlarız.

TTk. Azb. Tkm. Uyg. Krg. Kzk. Tat. Bşk. Karaç. Özb. Çuv. Yak.

çok çox köp köp, cik köp köp küp küp köb köp numay elbex, ügüs

#### 5. Uğır “Hayır, uğur, bereket, şans”:

Ulıñ uğırlı, kızınñ tuğırlı bolsın “Teşekkür dileği (kelimesi kelimesine: oğlun uğurlu (hayırlı) kızın aileli olsun)”.

Kazak dilinin izahlı sözlüğünde uğır kelimesi kayıtlı değildir. Kazakça ağızlar sözlüğünde uğır “yön, istikamet, yol, hedef” kelimesinin Türkmenistan Kazakları tarafından kullanıldığı ifade edilmiştir: ärkimniñ öz uğırlı bar goy “herkesin kendi yolu vardır” (DS 2007: 662; KETS XIV 2011: 677).

Dîvânu Lugâti’t-Türk’te ogur “hayır ve bereket (Oğuzca)”: yolcuya “yol ogur bolsun” denir. Yol uğurlu olsun demektir. Bu yalnız yolculuk halinde kullanılır” (DLT I, 53).

Türkiye Türkçesinde uğur (I) “bazı olaylarda görülen ve insana iyilik getirdiğine inanılan belirti veya bazı nesnelere var olduğuna inanılan iyilik kaynağı; bu nitelikte olduğuna inanılan şey; meymenet, kadem”; Azerbaycan Türkçesinde uğur “bâht, säadät”; Türkmencede uğur “doğrultu, yön, istikamet; akım, cereyan; yol, yöntem, tarz; akraba; anlam, mana”; Karaçay-Malkarcada ogur “iyilik; baht, mutluluk; mutlu”.

Değerlendirme ve Sonuç:

Kıpçak lehçeleri 3 ana gruba ayrılır:

I. Alt Grup II. Alt Grup III. Alt Grup

Kırgız Türkçesi

Kazak Türkçesi

Nogay Türkçesi

Karakalpak Türkçesi Tatar Türkçesi Başkurt Türkçesi Karay Türkçesi Karaçay-Balkar Türkçesi Kumuk Türkçesi Kırım Tatar Türkçesi

Bu “Kıpçak diyalektlerine Oğuzca özelliklerin girmesi ise çok daha başka farklılıklar gösterir. Doğudaki Kıpçak diyalektlerinde (Kazak, Karakalpak, Kırgız) görülen Oğuzca unsurların bir kısmı eski yazı dilinin devamı olan şekillerdir. Eski yazı dili döneminde bulunmayan bazı Oğuzca şekiller ise, muhtemelen XI. yüzyıla kadar bu Kıpçakların diline girmiş olabilir. Fakat Batıdaki Kıpçakçanın Oğuzcadan unsur alması daha sonraki dönemlerde de olmuştur. Tatarca (ve Başkurtça),

Osmanlıca’nın etkisi altında idi. Kafkasya’daki ve Karadeniz’in kuzeyindeki Kıpçakça (Karaçay, Kumuk, Karay) için de aynı şey söz konusu idi” (Gülsevin2010: 71).

Kazakça bir Kıpçak lehçesi olduğu için esas itibarıyla Kıpçakça ses, yapı ve sözcük özellikleri üzerine kurulmuştur. Ancak bu lehçe, Oğuzcaya ait bazı unsurları da bünyesinde barındırmaktadır.

Bu durumun birinci sebebi, Oğuz lehçelerine ait olarak görülen söz varlığı özellikleri, Kazakça içerisinde taşınan Eski Türkçe öğeleri olmalıdır. Yani Köktürk ortak edebi yazı dilinin devamı olan Orta Asya Türk lehçelerinin metinlerinde de, Köktürkçedeki Oğuzca kelimeler kullanılmaya devam edildi. Demek ki Kazakçada görülen Oğuzca unsurların bir kısmı eski yazı dilinin devamı olan şekillerdir.

İkinci sebep, tarihte Kıpçak boyları ile Oğuz boylarının komşu olarak yaşamalarıyla yakından ilgili olmalıdır. Bilindiği gibi Oğuz Türkleri, 1000 yıldan önce Sır Derya ırmağının kuzeyindeki bozkırlarda (bugünkü Güney Kazakistan topraklarında) Kıpçak boyları ile yan yana yaşıyordu. Bu yüzden Oğuzca şekiller, muhtemelen XI. yüzyıla kadar bu Kıpçakların diline girmiş olabilir.

Üçüncü sebep, Çağataycadaki eski ortak edebi yazı dilinden kalmış bu Oğuzca unsurlar Kazakçaya Çağatay yazı dilinden kalmış olabilir.

Dördüncü sebep, Oğuzca kökenli olduğu anlaşılan bu kelimeler, çeşitli nedenlerle, ilişkide buldukları diyalektlerden son dönemlerde alıntılanmış da olabilir.

#### **Kısaltmalar**

- Azb.: Azerbaycan Türkçesi  
Bşk.: Başkurt Türkçesi  
Çuv.: Çuvaş Türkçesi  
Karaç.: Karaçay-Malkar Türkçesi  
Kary.: Karay Türkçesi  
Krg.: Kırgız Türkçesi  
Kzk.: Kazak Türkçesi  
Özb.: Özbek Türkçesi  
Tat.: Tatar Türkçesi  
Trkm.: Türkmen Türkçesi  
TTk.: Türkiye Türkçesi  
Tuv.: Tuva Türkçesi  
Uyg.: Yeni Uygur Türkçesi  
Yak.: Yakut Türkçesi

#### **Kaynakça**

- Adebiyet jäne Öner İnstitutı (2010), Babalar Sözi, Kazak Makal-Mätelderi, c. 65-69, Astana, Foliyant Baspası.  
Atalay, B. (1985-1986), Kaşgarlı Mahmut, Dîvânu Lugâti't-Türk, I-II-III-IV, Ankara, Türk Dil Kurumu Yayınları.  
Gülsevin, G. (2009). Türkiye Türkçesi Ağızlarında Dış Lehçe Unsurları Üzerine. IV. Uluslararası Büyük Türk Dili Kurultayı (Bilkent Üniversitesi, 25-28 Eylül 2009). Kırım-UKRAYNA, 363-371.  
Gülsevin, G. (2006). Yusuf Has Hacib'in Dilinde Oğuzca Unsurlar. Günümüz Türk Dünyasında Yusuf Has Hacip ve Fikirleri-II (Elaralık Atatürk – Alatoo Universiteti, Bişkek – Kırgızistan, 8-9 Haziran 2006) Bildiriler Kitabı. Bişkek 2006, 39-55.  
Gülsevin, G. (2007). Oğuzca Olmayan Tarihî Metinlerde Oğuzca Unsurlar ve Nehcü'l-Feradis Örneği. 46th Meeting of Permanent International Altaistic Conference, 22-27 Haziran 2003, Ankara (Uluslararası Sürekli Altaistik Konferansı Bildirileri, Altay Dünyasında Gündelik Hayat) TDK Yayınları, Ankara 2007, 163-175.  
Gülsevin, G. (2008). Çuvaşça ve Oğuzca Arasındaki Koşutluklar, Ahmet B. Ercilasun Armağanı, Ed. Prof. Dr. Ekrem Arıkoğlu, Ankara: Akçağ Yay., 262-278.  
Gülsevin, G. (2010). Oğuzca Olmayan Türk Lehçelerindeki Oğuzca Unsurlar ve Bunlara Teorik Bir Yaklaşım, Turkish Studies, Volume 5/1, Winter, 57-76.  
Erenoğlu, N. (2010), "Kumuk Türkçesinde Oğuzca Unsurlar", Turkish Studies, Volume 5/1, Winter, 351-398  
Ergin, M. (2009), Dede Korkut Kitabı, C. I-II, Ankara, TDK Yayınları.  
Kayırjan, K. (2013), Söz Sandık: Kazaktıñ Köne Sözdere, Almatı, Öner Baspası.  
Kaymaz, Z. Dîvânu Lugâti't-Türk'teki Oğuzca Kelimeler, Yayınlanmamış Makale.  
Koç, K.; Bayniyazov, A. (2003), Kazak Türkçesi Türkiye Türkçesi Sözlüğü, Ankara, Akçağ Yayınevi.  
Kültür Bakanlığı Yayınları (1991), Karşılaştırmalı Türk Lehçeleri Sözlüğü (Ortak), Ankara, Kültür Bakanlığı Yay.  
Petek, E. (2017). Oğuz Grubu Türk Lehçeleri ile Yakutça Arasındaki Ortak Söz Varlığı. (Türkistan jäne Türkolojiya Halıkaralık Gılimiy Teoriyalık Konferentsiya Materiyaldarınıñ Jiynagı), 21 Nawrız, 2017, Türkistan. 345-353.  
Til Bilimi İnstitutı (2011), Kazak Adebî Tiliniñ Sözdigi, c. I-XV, Almatı, Til Bilimi İnstitutı.

## МӘТІН, КӨРКЕМ МӘТІН ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОР МӘТІНІ

*Әділова А.С.,*

*филология ғылымдарының докторы, доцент,*

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті,*

*Қарағанды, Қазақстан,*

*[adilova2010@mail.ru](mailto:adilova2010@mail.ru)*

### **Summary**

In article semantics of the terms "art text" and "folklore text" is differentiated, characteristic signs, common features and distinctions of the text, art text and folklore text are considered.

Ұлттық діл-болмыс, сан ғасырлар бойы қалыптасқан өмір сүру салты, шаруашылық, тұрмыстық қалыпты көрсететін, тіпті алдағы жүріс-тұрыс, мінез-құлық, тәртіп-тәрбие сценарийін анықтайтын ерекше қазына – әр халықтың фольклоры.

Ғылыми айналымға А.Т. Хроленконың еңбектері арқылы енген «лингвофольклористика» термині ауыз әдебиеті шығармаларының тілін кешенді зерттеумен айналысады. Бұл фольклорды ауыз әдебиетінің қатып қалған, еш өзгеріске түспейтін ескерткіштері емес, белгілі бір дәстүрдің нақты көрінісі ретінде қарастырумен тығыз байланысты. Фольклор мәтініне ауызша дәстүр құбылысы ретінде динамикалылық тән, өйткені оның құрылымы қабылдау үдерісі мен қайта туындату барысында белгілі бір дәрежеде өзгеріп отырады, сондықтан фольклор мәтіні үшін бейвербалды амалдар мен экстралингвистикалық факторлар да аса маңызды қызмет атқарады.

Ұзақ уақыт бойы фольклор тілі лингвистиканың жекелеген теориялық тұжырымдарын дәйектеу үшін, түрлі фольклор жанрларының поэтикасын сипаттау үшін қолданылып келді.

Фольклор тілінің ерекшеліктерін қарастырған зерттеулер «Лингвофольклортану: Библиографиялық көрсеткіш» жинағында көрсетілген [1].

Біраз уақыт лингвофольклористикамен айналысушы ғалымдар арасында «фольклор мәтіні» және «шығарма» терминдері кейде бір-бірінің орнына қолданылып, кейде олардың айырмашылықтары көрсетіліп, ал енді бірде «нұсқа», «вариант», «версия», «басылым», «жарияланым» сияқты сөздермен аталып отырды.

Бұл орайда филологияда қолданылатын «мәтін» термині мен фольклористикада жұмсалатын «фольклор мәтіні» ұғымдарының ара жігін ажырату қажет.

Мәтін лингвистикасы, семиотика, стилистика, коммуникация теориясы, психоллингвистика сияқты көптеген ғылым салаларының зерттеу нысаны саналатын және бірқатар тілдер лексикасының өзегін құрайтын мың сөздің қатарында аталатын «текст» (мәтін) ұғымына берілген анықтамалар саны 300-ден асады. Сонымен қатар аталған күрделі құрылым туралы зерттеулер ол туралы теориялық әрі қолданбалы сипаттағы білімді толықтырып, түсінуге қызмет етті.

Түрлі сөздіктерге кейінде (XX ғасырдың аяғы – XXI ғасырдың басы) ғана ене бастаған бұл терминнің ғылыми айналымдағы дефинициялардың бірі оның негізгі белгілерін атайтын қысқа, ал кейбірі оның барлық белгілерін қамтитын көлемді болса, келесілері мәтіннің әмбебап және факультативті ерекшеліктерін көрсетеді. Мәтін лингвистикасымен айналысушы ғалымдар ауызша монологтерді, әңгімелерді, диалогтерді де мәтін деп атағанымен, негізінен, И.Р. Гальпериннің анықтамасын басшылыққа алады: «тиянақталған, атаудан және лексикалық, грамматикалық, логикалық, стилистикалық байланыстардың түрлі типтерімен біріктірілген ерекше бірліктерден (күрделі синтаксистік тұтастықтан) тұратын, белгілі бір мақсатқа бағытталған және прагматикалық әсерді көздейтін сөйлеу үдерісінің жазбаша құжат түрінде ресімделген туындысы». Өз еңбегінде ол әрі қарай мұнда аталған белгілер тек «дұрыс» мәтіндерге ғана тән екенін көрсетеді: «т.е. соответствие содержания текста его названию (заголовку), завершенность по отношению к названию (заголовку), литературная обработанность, характерная для данного функционального стиля, наличие

сверхфразовых единств, объединенных разными, в основном логическими типами связи, наличие целенаправленности и прагматической установки» [2, 25], осы белгілер сақталған жағдайда ғана «мәтіннің идеалды типі» [2, 50] түзіледі деп санайды.

Француз зерттеушісі Р.-А. де Богранд мәтінді коммуникативтік жағдай, оқиға (событие) деп түсініп, оған тән когезия, когеренттілік, интенция, қабылданушылық, ақпараттылық, ситуативтілік, интертекстуалдылық сияқты 7 белгіні атайды да, көрсетілген белгілердің бірі жоқ вербалды құрылымды мәтін қатарына жатқызуға болмайды деп есептейді [3].

Ресейлік ғалым Е.С. Кубрякованың айтуынша: «к числу свойств, характеризующих ядерные, прототипические тексты, следует отнести информационную самодостаточность, адресатность, целенаправленность, а также малый объем речевых сообщений, открывающих получателю доступ к новому знанию о мире» [4], себебі шағын көлемді мәтіндер оның даралық, аяқталғандық, функционалдық, байланыстылық сипатын, құрылымдық және семантикалық типін көрсете алады.

Аристотельдің тұжырымы бойынша әр құбылыстың тек өзіне ғана тән категориялары болғанмен, мәтіннің бәрі бірдей әмбебап санаттарға ие бола алмайды, себебі олардың бірінде бар санат екіншісінде жоқ болуы мүмкін.

«Проявляя интеллектуальные свойства, высокоорганизованный текст перестает быть лишь посредником в акте коммуникации. Он становится равноправным собеседником, обладающим высокой степенью автономности. И для автора (адресанта), и для читателя (адресата) он может выступать как самостоятельное интеллектуальное образование, играющее активную и независимую роль в диалоге. В этом отношении древняя метафора «беседовать с книгой» оказывается исполненной глубокого смысла» [5, 132].

Лингвистикада мәтін айналадағы болмысты тіл құралдарымен сипаттау тәсілі, коммуникация бірлігі, ақпар беру және сақтау тәсілі, мәдениеттің өмір сүру формасы, жеке тұлғаның психологиялық жай-күйінің бейнесі ретінде бірнеше мағынада және кеңірек түсіндіріледі.

Адамзат баласы өзінің барлық білімі мен тәжірибесін түрлі функционалдық типтегі мәтіндер, ондағы сөз арқылы алып, жинақтап, тарататындықтан қазіргі кезде «Мәдениет Мәтіні» (Ю.Лотман) және «Өмір Мәтіні» (Р. Барт) ұғымдары бар, яғни мәтін лингвистикалық және семиотикалық тұрғыдан түсіндіріледі. Алайда мәтін тек грамматикалық қана құбылыс емес, ол сөйлеу үдерісінің белгілі бір ситуацияға байланысты, саналы түрде туындайтын, адресаты бар нәтижесі және қарым-қатынас барысында ол түрлі құралдармен, яғни ауызша сөйлеуде бейвербалды амалдармен (ым-ишара), ал жазбаша коммуникацияда әр алуан паралингвистикалық құралдармен (қаріп түрі, түсі, көлемі, қоюлығы, тыныс белгілері) толықтырылып отырады.

XX ғасыр соңында лингвистердің мәтінді қабылдауында өзгерістер болды, яғни олар мәтіннің мынадай ерекшеліктерін көрсетіп, оларды толық мойындады, яғни «текст

- принципиально ситуативен (зависим от коммуникативной ситуации),
- дискретен (как правило, имеет составные части),
- континуален (текст не равен простой сумме составляющих его частей),
- вступает в синтагматические отношения (например, цикл лекций, собрание сочинений писателя, газетные материалы в продолжающейся рубрике) и
- парадигматические отношения (разные тексты могут описывать один и тот же референт – предмет реального мира, т.е. внеязыковой деятельности, - и являться условно эквивалентными)» [6, 163].

Ғалымдар мәтіндердің негізгі белгілері ретінде байланыстылықты, тұтастықты, бөлшектенушілікті атайды және оларды қамтамасыз ететін мәтін санаттары ретінде когезия, континуум, бірігу, ретроспекция/проспекция, ақпараттылық, модальділік, интеграция, прогрессия/ стагнация, автор образы, көркем уақыт пен кеңістік, астарлы ақпарат (подтекст), реттілікті көрсетеді [2; 7, 8].

Түрлі функционалдық типтегі мәтіндер арасында көркем мәтін өзіндік мағыналық-құрылымдық ерекше пішінге, бейнелі, әсерлі, астарлы тілге ие, яғни оны жоғарыда атаған «мәтіннің идеалды типі» деп атай аламыз, сол себепті де мәтін теориясымен, лингвистикасымен айналысушылар өз тұжырым-пікірлерін дәйектеу үшін көбіне көркем мәтін деректерін пайдаланады.

Көркем мәтін басқалардан мейлінше бөлек пішімімен, тілімен айрықшалаынады. Ол тек тіл жүйесінің түрлі деңгейлеріндегі бірліктердің ұйымдасуы негізінде пайда болатын жай ғана күрделі тілдік бірлік емес, өнер туындысы, яғни сөз, сөйлем, күрделі синтаксистік тұтастық ерекше байланыстары, бір-бірін дамытуы, бір-бірімен іліктесе келуі нәтижесінде қалыптағы мағынасынан өзгеше, жаңа мән, әсер тудыратын эстетикалық құрылым. Көркем мәтін жай ғана ақпараттық, коммуникативтік, эстетикалық, кумулятивтік құрылым емес, ол сол ерекшеліктері негізінде жаңа мән-мағына тудыратын, мәдени тұрғыда бұрыннан жинақталған білімді жандандыратын, жаңғыртатын және жаңа білім немесе танымды туындататын, қалыптастыратын (генерациялық) қасиетке ие.

Мәтін теориясымен айналысушы ғалымдардың пікірлерін жинақтай келе, көркем мәтіннің басқа да белгілері бар екенін айтуға тиіспіз. Олардың қатарына мәтіннің мағыналық-құрылымдық көп қырлылығы, көп қабаттылығы, авторлық интенцияның болуы, мәтіннің оқырмандардың белгілі бір тобына арналуы, мәтіннің мәдени құбылыс ретінде танылуы, мәтіннің өзінен бұрынғы мәтіндермен байланысы сияқты лингвистикалық және экстралингвистикалық ерекшеліктері жатады [9].

Әрбір көркем мәтін адамзат қоғамында ұзақ уақыттар бойы қалыптасқан, орныққан мәдениеттің құрамдас бөлігі және оған сол өзі өмір сүріп отырған қоғамның әсері қайтсе де болады, сондай-ақ мәтіннің өзі де қоғам мүшелеріне ықпал ететіні сөзсіз, өйткені кез келген адам өз білімінің көбін мәтін арқылы жинақтайды. Жалпыадамзаттық қасиеттер мен құндылықтарды уағыздайтын көркем әдебиет ғасырлар бойы адамзат баласының сана-сезімін тәрбиелеп, бағыттап отырғаны да даусыз.

Зерттеуші Ж. Алтайұлының: «Мәтін дегеніміз – автордың ойлау-сөйлеу қарекетінің өнімі ретінде және тәпсірлеуші оқырманның ойлау-сөйлеу қарекетінің материалы ретінде бәінен бұрын ерекше түрде ұсынылған білім – вербалданған білім және аялық білім. Мәтінде көлемдері және күрделіліктері әртүрлі таңбалық бірліктердің жиынтығы желіге реттелген, басқаша айтқанда, ол, тұтастай алғанда, айқын сөздің (членораздельная речь) бөлшектерінен тұратын материалдық түзіліс. Ал осы тұтас материалдық түзілісте материалдық емес бірдеңе, мазмұн (білім, оқиға) болады. Оның үстіне бұл білім вербалды құралдар арқылы көріне бермейді» [10:310] деген анықтамасының да маңызы зор, себебі ауыз әдебиеті немесе фольклор мәтіндеріндегі интертекстуалды байланыстар осындай сөзбен берілмейтін дәстүрліліктен байқалады.

Негізгі белгілері бойынша жалпы мәтінге, көркем мәтінге оппозицияда қарастырылатын фольклор мәтіндері туралы пікірлер де сан алуан.

Қазақ ауыз әдебиетін зерттеуші ғалымдар мәтін ұғымын көбіне және ұзақ уақыт фольклор текстологиясына қатысты қарастырып келді. Көркем мәтін мен фольклор мәтіні арасындағы айырмашылықтың күмәнсіздігінен болар, қазақ фольклористикасында 2009 жылы «Фольклор мәтінтануы: өткені мен бүгіні» атты жинақ жарық көрді. Бұл жинақта «Фольклор мәтінтануының да, көне әдебиет мәтінтануының да, қазіргі әдебиет мәтінтануының да негізгі нысаны – мәтін» деп атап көрсетіліп, мәтін ұғымы, негізінен, текстология тұрғысынан қарастырылады [11:7], сонымен қатар, мәтін термині фольклортануда үш мағынада қолданылатыны нақтыланып, ғылыми айналымда бар дефиниция автор тарапынан толықтырылады: «кез келген мәтін тек сананың ойлау процесінің ғана жемісі емес, сонымен қатар бұған сезім мен эмоцияның да қатысы болатыны даусыз» [12:25].

«Мәтін» ұғымы қазақ фольклорының текстологиясына ғана қатысты қолданылғанын көрсететін еңбектер де бар.

Жалпы, фольклористикада қазіргі кезде мәтін зерттеуде екі бағыт бары байқалады. Белгілі ғалым С. Бралинаның пікіріне сүйенсек: «Бірінші бағытты, біздің ойымызша, шартты түрде «классикалық» немесе тарихи-типологиялық деп атауға болады. Бұл бағыттың өкілдері фольклор мәтінін «ауыз әдебиеті – сөз өнері» тұжырымдамасына сәйкес «тар» мағынада түсінеді. Сондықтан олардың түсіндіруінде фольклор мәтіні – халықтың тұрмысында нақты бар, ауызша айтылатын сөзбен берілген (вербалды) мәтін.

... Екінші бағытты құрылымдық-таңбалық (семиотикалық) деп анықтауға болады. Оның өкілдері – фольклор мәтінін тексті «кең» мағынада түсінуді жақтаушылар. Информатика және семиотика ғылымдарына сүйене отырып, олар өз анықтамаларында фольклор мәтіні деп белгілі бір құрылымның, кестенің, модельдің (үлгі) жүзеге асырылуын немесе таңбалардың, кодтардың, символдардың, түрлі «тілдердің» жиынтығын атайды.

Осының нәтижесінде зерттеушілер фольклор мәтінінде тек «сөзді» ғана емес, осы «сөздің» артында тұрғандарды немесе оны түсіндіріп тұрған нәрсені де көре бастады.

...Басқаша айтқанда, дәстүрлі түсінікте фольклор («сөзді») мәтіні деп түсінілетін нәрсе этнолингвистика тұрғысынан үш таңбалық - салттық (акционалды), заттық (реалды) және сөзді (вербалды) - компоненттен тұратын бір ғана семиотикалық мәтіннің бір тілі, «сөзі», коды деп түсініледі. Мұндай «мәтін» ретінде, мысалы, дәстүрлі қимыл әрекетті (орыстардың рождестволық бал ашуын), онда қолданылатын түрлі заттарды (табақ, орамал, әшекейлік бұйымдар және т.б.), фольклордың (табақ әні – подблюдные песни) орындалуы арқылы көрінетін салтты айтуға болады

Қазақ ауыз әдебиетінде, мысалы, осындай мәтін ретінде бақсының әрекеттерін (далаға шығу, арнайы киім кию, кілемге отыру), пайдаланылған заттарды (қобыз, қамшы) және орындайтын шығармаларды (бақсы өлеңдері, арбаулар және т.б.) айтуға болады [13; 42-43].

Бұқара халықтың алдында туындаған ауызша мәтін осы жағдайда мүлтіксіз болып көрінуі мүмкін, себебі онда орындалып отырған шығарманың мазмұнына қоса орындаушының дауысы, белгілі бір ырғақ-сазы, интонациясы, ым-ишарасы, аспабының жай-күйі, эмоционалдық күй-қалпы айрықша қызмет атқарып, тыңдаушының түрлі реакциясын тудырады.

Н.И. Толстойдың айтуы бойынша: «К фольклору следует подходить как к определенной системе мировоззрения народных представлений, системе ритуальных функций и текстов, имеющих определенное содержание, установившееся традицией» [14,35].

Сонымен, «Фольклор мәтіні – синкретті, яғни өнердің түрлі салаларының (сөздің, музыканың, бидің, драмалық әрекеттердің) қосындысы. Фольклор және фольклор емес құбылыстардың ара жігі ажыратылмаған, рухани мәдениет дамуының архаикалық кезеңдерінде құрамы мен құрылымы жөнінен күрделі сөзді мәтіндер пайда болып, олар қоғамның түрлі – коммуникативтік, танымдық, магиялық, діни, ойын, әлеуметтік – қажеттіліктерін өтеді. Бірте-бірте адам іс-әрекеті қызметі түрлерінің жіктелуі үдерісінде қарапайым мәтіндерде көркемдік қызмет байқала бастады, ал бұл фольклор мәтіндерінің пайда болуына әкелді. Көрініп отырғандай, фольклор мәтінінің синкретизмі, онтологиялық сипатына қарамастан тең дәрежеде басқа мәдени мәтіндерге де тән» [13, 48].

Фольклор мәтінінде бір-біріне қайшылықты сипатта көрінетін екі үдеріс, яғни вариативтілік, өзгермелілік пен дәстүрлілік, тұрақтылық тоғысады.

Әлемдік және ұлттық фольклор жанрлары сан алуан, соған байланысты фольклор мәтіндерінің көлемі де, семантикасы да, вербалды құрылымы да (орындаушының тілдік күзiретiне байланысты лексика-фразеологиялық қабатында түрлі кезеңге қатысты сөздер, әр түрлі прецедентті құбылыстар маркерлері кездеседі) әр қилы.

Қорыта айтқанда, фольклор мәтіні, оны орындау және оны тыңдау үдерісі белгілі бір жағдайда, орында, мақсатта өтетіндіктен, яғни коммуниканттар (орындаушы мен тыңдаушы) қарым-қатынасы, оған қажетті мәтін, оны туындату сияқты экстралингвистикалық және лингвистикалық факторлар бірлігінен тұратындықтан, фольклор дискурсының негізі деуге болады.

#### **Әдебиет:**

1. Лингвофольклортану: Библиографиялық көрсеткіш / Құрастырған, алғысөзін жазған: Ж.А. Жақыпов. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2016. – 132 б.
2. Гальперин И.Р. Текст как объект лингвистического исследования. – М.: Наука, 1981. – 137 с.
3. Beaugrande R.-A. de Introduction to Text Linguistics [Electronic Re-source] / R.-A. de Beaugrande, W.U. Dressler. – [http://www.beaugrande.com/introduction\\_to\\_text\\_linguistics](http://www.beaugrande.com/introduction_to_text_linguistics). 2002 (1981).
4. Кубрякова Е.С. Язык и знание: На пути получения знаний о языке: Части речи с когнитивной точки зрения. Роль языка в познании мира [Текст] / Е.С. Кубрякова. – М.: Языки славянской культуры, 2004.
5. Лотман Ю. М. Семиотика культуры и понятие текста // Лотман Ю.М. Избранные статьи. – Таллинн, 1992. – С. 129-132.
6. Человек – текст – культура / Под ред. Н.А. Купиной, Т.В. Матвеевой. – Екатеринбург, 1994.
7. Дымарский М.Я. Проблемы текстообразования и художественный текст (на материале русской прозы XIX-XX вв.) [Текст] / М.Я. Дымарский. – 2-е изд., испр. и доп. – М.: Эдиториал УРСС, 2001.
8. Тураева З.Я. Лингвистика текста. – М.: Просвещение, 1986. – 156 с.
9. Әділова А.С. Қазіргі қазақ көркем шығармаларындағы интертекстуалдылықтың репрезентациясы, семантикасы, құрылымы: Филол. ғыл. докт. ... дисс. авторефераты. – Алматы, 2009. – 52 б.
10. Алтайұлы Ж. Мәтін және оны қабылдау // Тіл және мәдениет: антропоэктік парадигмасы. – Алматы, 2010. – Б. 309-311.
11. Фольклор мәтінтануы: өткені мен бүгіні. – Алматы: «КИЕ» лингвоелтану-инновациялық орталығы, 2009. – 288 б.
12. Әзібаева Б. Фольклор мәтінтануының негізгі нысаны – мәтін туралы түсінік // Фольклор мәтінтануы: өткені мен бүгіні. – Алматы: «КИЕ» лингвоелтану-инновациялық орталығы, 2009. – 288 б.
13. Бралина С. Мәтін – фольклор теориясының ұғымы ретінде // Фольклор мәтінтануы: өткені мен бүгіні. – Алматы: «КИЕ» лингвоелтану-инновациялық орталығы, 2009. – 288 б.
14. Толстой Н.И. Язык и народная культура. Очерки по славянской мифологии и этнолингвистике. – М.: Индрик, 1995. – 512 с.

## **ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ МӘТІНДЕРІНДЕГІ КӨПТІК МАҒЫНА МӘСЕЛЕСІ**

***Баймұрынов Ж.М.,**  
филология ғылымдарының кандидаты,  
«Болашақ» академиясы,  
Қарағанды, Қазақстан,  
[janbolat\\_b\\_m@mail.ru](mailto:janbolat_b_m@mail.ru)*

#### **Түйіндеме**

Мақалада қазақ мәтіндеріндегі көптік мағынаның лексикалық, синтаксистік тәсілдері ескерілмей, көбіне морфологиялық тәсілмен беріліп жүргені айтылады. Осыған орай автор көптік мағынаның үнемі морфологиялық тәсілмен берілмеуі керектігін ескертіп, нақты мысалдар келтірген. Автордың ойынша, қазақ мәтіндерінде көптік мағынаның көбіне морфологиялық тәсілмен берілуіне аударма мәселесінің дұрыс жолға қойылмауы себеп болады. Ал бұл проблема жазбаша мәтін тілінің орыс тілі синтаксисінің жетегінде кетуіне ықпал етіп отыр.

#### **Резюме**

В статье рассматривается проблема передачи морфологическим способом значения множественности в казахских текстах без учета лексических и синтаксических подходов к ним. Автор обращает внимание на то, что значение множественности не всегда может передаваться морфологическим способом, приведя конкретные примеры относительно данного вопроса. По мнению автора, значение множественности в казахских текстах морфологически спровоцирована отсутствием правильного перевода. И эта проблема заключается в том, что язык письменного текста зависит от влияния синтаксиса русского языка.

#### **Summary**

The article devotes the problem of morphological transfer of the meaning of multiplicity in Kazakh texts without taking into account lexical and syntactic approaches to them. The author draws attention to the fact that the meaning of multiplicity can not always be transmitted in a morphological way, citing specific examples regarding this issue. In the author's opinion, the meaning of the multiplicity in the Kazakh texts is morphologically provoked by the lack of a correct translation. And this problem lies in the fact that the language of the written text depends on the influence of the syntax of the Russian language.



Қазіргі жаһандану кезеңінде рухани жаңғыру идеясының жолға қойылуы – заман талабынан туындап отырған қажеттілік. Себебі жаһандану үдерісінде әр халықтың дербестік сапасын сақтап қалатын иммунитет – ұлттық код. Ал ұлттық код астарында ұлттық рух жатыр. Рухани жаңғыру идеясы ұлттық рухта сілкініс жасау арқылы ұлттық кодты бекемдеуге бағытталған. Бұл аталған мәселе ғылымның түрлі саласында түрліше көрініс беруі мүмкін, соған орай рухани жаңғыру бағытындағы амал-әрекет те әр саланың ерекшелігіне қарай жүргізілсе керек. Ал қазіргі қазақ тілінде рухани жаңғыру идеясы әліпбиге жасалып жатқан реформадан аңғарылады. Басқаша айтқанда, латын графикасы арқылы қазақы жазу машығымызға оралу – ұлт ретінде дербестігімізді танытатын бірден-бір белгі.

Қазақы жазу машығының қажеттілігі бүгінде тіл білімінің барлық саласынан байқалып отыр. Әсіресе сөйлем құрау дағдымыздың орыс тілі синтаксисі жетегіне бейімделіп бара жатқаны – өзекті проблема. Аталған үрдістің жаппай белең алуына, біріншіден, басқарушы орган қызметшілерінің көбіне орысша оқығаны себеп болса, екіншіден, елімізде аударма үдерісінің дұрыс жолға қойылмауы да айтарлықтай ықпал етіп отырғаны байқалады.

I. Қазақ тілінде көптік мағынаны білдірудің үш тәсілі бар, олар:

- а) лексикалық тәсіл;
- ә) синтаксистік тәсіл;
- б) морфологиялық тәсіл.

Осылардың арасында лексикалық және синтаксистік тәсіл арқылы берілетін көптік мағына үстіне морфологиялық тәсілді қосақтау тіл ережесін ескермеу, стилистикалық норманы бұзу болып есептеледі. Бұл дегеніміз қазақ тіліндегі кей сөздің арнайы грамматикалық формасыз (жалғаусыз) да көптік мағынада жұмсалатынын білдіреді.

Біріншіден, жеке-даралап санауға келмейтін және абстрактілі зат пен құбылыс атауының көптік мағынасы сол сөздердің лексикалық мағынасынан-ақ аңғарылатындықтан, су, ұн, құм, топырақ, шаш, бидай, дін, мәдениет т.с.с. сөздер көптік жалғауын қабылдамайды. Бұл тәсіл көптік мағынаны білдірудің лексикалық тәсілі деп аталады. Алайда қазіргі тілімізде осындай сөздердің көптік мағынасы морфологиялық тәсілмен беріліп жүр:

Толқынданып қолаң шаштарың,  
Қиылып тұр қара қастарың.

Мұндай сөздердің көптік тұлғада қолданылуына орыс тілінің ықпалы бар. Себебі мысалда көптік жалғауын қабылдаған есімдер орыс тілінде көптік тұлғада жұмсалады: шаш – волосы, қас – брови. «Тіліміздің өз ерекшелігін жете ескермей, орыс тіліне орай желіп, сол тілдің шылауында кетіп, түбір тұлғада тұрып-ақ көптік ұғымды білдіретін сөздерге гүл+дер, су+лар, шырын+дар, әтір+лер, жеміс+тер, көкөніс+тер, сусын+дар деп көптік жалғауын жалғау немесе қойлар жайылды, жылқылар бағады, шаштарым өсіп кетті, халдер қалай, сиырлар бадасы, сүттер қазандарға толған деп орыс тілінен сөзбе-сөз аударып, көптік жалғауымен шымқап қою – сөз саптауымызға жараспайтын оралымдар, кальканың сорақы түрі» [1, 324].

Екіншіден, есептік және болжалдық сан есіммен тіркескен зат есім көптік жалғауын қабылдамайды. Себебі ол заттың бірнешеуі екені сан есімнің мағынасынан белгілі болып тұрады. Алайда қазіргі ресми және публицистикалық стильде бұл ереже көбіне елеусіз қалып отыр. Қараңыз:

– Қазір Қазақстанда осындай 20 мекемелер қызмет етеді (дұрысы: 20 мекеме қызмет етеді);

– 2018 жылы Кәсіпкерлікті қолдау картасының аясында 300-ге жуық жаңа жұмыс орындарын құрумен сомасы 14,8 млрд теңге болатын 2 жобаны іске қосу жоспарлануда (дұрысы: 300-ге жуық жаңа жұмыс орнын);

– Қарағандының туыстас 5 қалалары бар (дұрысы: туыстас 5 қаласы).

Алғашқы сөйлемдегі 20 мекемелер – двадцать учреждений дегеннің аудармасы, 300-ге жуық орындар – ближе к тремстам мест дегеннің аудармасы, сондай-ақ 5 қалалар – пять

городов дегеннің аудармасы. Демек, қазақ тілінде сан есіммен тіркескен зат есімдердің көптік тұлғада жұмсалуына да орыс тілі грамматикасының ықпалы тиген.

Үшіншіден, жалпылау мәнді яки көптік ұғымды білдіретін сөздермен тіркескен зат есімдер көптік жалғауын қабылдамайды. Мұндай сөздерді былайша жинақтауға болады: барлық, барша, күллі, бірнеше, бірталай, талай, біраз, қаншама, әлденеше, бірсыпыра, қыруар, мол, көп, топ, әр түрлі, түрлі, кейбір, кей т.с.с. Мұндағы зат санының бірнешеу екені осы сөздердің семантикасынан белгілі болады. Сан есім және жинақтаушы, топтаушы ұғымды білдіретін сөздермен тіркескен зат есімнің көптік мағынаны арнайы жалғаусыз беру мүмкіндігі көптік мағынаны білдірудің синтаксистік тәсілі деп аталады.

Бұл туралы теориялық әрі практикалық пікір ғалым А.Ысқақов пен С.Бизақовтың еңбегінде келтірілген. А.Ысқақовта: «Сан есімдер (реттік сан мен болжалдық сандардан басқалары), сондай-ақ көп, аз, әлденеше, бірнеше, бірталай, қыруар тәрізді сөздер зат есімдерден бұрын анықтауыш болып тұрып, ешқандай қосымша формасыз-ақ көптік ұғымды білдіре береді» [2, 40]. Ғалымның «болжалдық сандардан басқалары» дегені, біздіңше, болжалдық сандардың көптік жалғауымен жасалатын түріне ғана (жасы елулерде т.б.) қатысты айтылған болуы керек. Мұндай тұжырымға келуімізге себеп – болжалдық санның морфологиялық (-дай) және синтаксистік (жүз шақты/қаралы, жүзге таман, бес-алты) тәсілмен жасалатын түрлері бағыныңқы сыңарда жұмсалса, басыңқы сыңардағы зат есімге көптік жалғауын қосу тілдік нормаға қайшы. С.Бизақовта: «Қазақ тілінің орыс тілінен басты ерекшелігі – көпше мағынаның өте сирек қолданылуы. ...көптік жалғауы орынсыз қосылған қате тіркестердің де етек алып бара жатқаны алаңдатады. Көптік жалғаулы сөздерді де тікелей аударамыз деп, артық-кемін түзетпей, сол қалпында қайталап тәржімелей салу сауаттылық емес, әуезді болып естілмейді» [1, 323-324].

Ал қазіргі қазақ мәтіндерінде тіліміздің бұл заңдылығы біржола ескерусіз қалып отыр. Мұндай сөзбен тіркескен зат есімнің көптік тұлғада жұмсалуды қазіргі қазақ мәтінінің әрқайсысында кездеседі. Осыған қарағанда, қазақ тілінде мұндай заңдылық жоқ, ешқашан болмағандай. Өйткені бұл талап ХХ ғасыр басындағы мәтіндерде де сақталмаған. Бірақ, логикалық қисынға салсақ, сан есіммен тіркескен зат есім көптелмейтін болса, онда жалпылау мәнді сөзбен тіркескен зат есім де көптелмеуі тиіс екені түсінікті. Қазіргі қазақ мәтіндерінен мысал келтірейік:

- Қазіргі таңда Қазақстанның әр аймақтарынан 170 мыңнан астам мұғалім осы бағдарлама бойынша оқып жатыр (дұрысы: әр аймағынан);
- Өкінішке қарай, еліміздің кейбір аймақтарында мемлекет құрушы ұлттың үлес салмағы 50 пайыз, тіпті, 40 пайыздан төмен болып отыр (дұрысы: кейбір аймағында);
- Өмір оларды араға қаншама жылдар салып Эдинбург университетінде қайта қауыштырады (дұрысы: қаншама жыл);
- Қай удың қалай тарайтыны, қалай улайтыны, қандай себеппен өлімге әкелетіні туралы мол деректер жинайды (дұрысы: мол дерек);
- Нұрғисаның «Алатау», «Жан сәуле» сияқты көп әндері биікке ыршитын өршіл болатын (дұрысы: көп әні);
- Жаз бойы мекен еткен көлі мен көгалын тастап, сұр бұлт жүзген суық аспанда неше түрлі құстар кетіп бара жатады (дұрысы: неше түрлі құс);
- Біз қоштасып шығып бара жатқанда, ұлы тарихшының ауыз үйінде осы Ленинградта оқып жатқан бір топ қазақ жастары кезек күтіп тұр екен (дұрысы: қазақтың бір топ жігіті немесе бір топ қыз-жігіті...).

Сонымен, орыс тіліндегі көптік форма қазақ тілі үшін көбіне қажетсіз. Себебі қазақ тілінде көптік ұғым, теориялық еңбектерде көрсетіліп жүргендей, лексикалық, синтаксистік, морфологиялық тәсіл арқылы да беріле береді. Жоғарыда келтірілген мысалдардың тікелей аударма екенін келесі мысалдан аңғаруға болады: әр аймақтарынан – из каждых регионов, кейбір аймақтар – некоторые регионы, араға қаншама жылдар салып – спустя долгие годы, мол деректер – много фактов, көп әндері – многие песни, неше түрлі құстар – разные птицы, бір топ жастар – группа молодых людей т.с.с.

Жинақтау, топтау мәнді сөздермен тіркескен зат есімнің көптік мағынасы синтаксистік тәсілмен беріледі дегенде ескере кетерлік бір жайт бар. Егер жинақтау, топтау мәнді сөз тіркестің басыңқы сыңары ретінде жұмсалса, онда бағыныңқы сыңардағы зат есімнің көптік мағынасы морфологиялық тәсілмен беріле береді. Қараңыз: адамдардың барлығы, кітаптардың көбі т.с.с.

Көптік жалғауының тілімізде тек көптік ұғымды (грамматикалық) ғана емес, сонымен қатар стилистикалық мәнде де қолданылатынын ескеру қажет. Мысалы:

а) Ортақ тәуелдеу. Бір заттың бірнеше адамға қатыстылығын білдіру үшін жалғанады: Шаштарың өсіп кетіпті. Апаларың үйде ме? т.с.с.;

ә) Жалқы есім немесе лауазым иесі атауының көптелуі. Мұндайда көптік жалғауын бір қатардағы орайлас сөздердің ең қажеттісі, белсендісі ғана қабылдайды: Төбесі аласа қораның ішінде Базаралы, Дәркембайлар сойылдарын да құлаштап тұрып сермей алмады (М.Әуезов). Кешегі Бұқарлар айтқан екен. Жаңа ғана декандар келіп кетті т.с.с. Мұндағы көптік жалғау Дәркембай мен Бұқардың, сондай-ақ деканның бірнешеуі екенін емес, олардың қатарында тағы да бірнеше адам бар екенін білдіру үшін қосылған [3, 95-99];

б) Сан есімнің көптелуі. Мұндайда көптік жалғауы «көптік мағынада емес, жалғанған сөздеріне тұспалдау және болжалдау мағына жамап, біршама жұрнақтық қасиетке ие болып кетеді. Мұндай жағдайда көптік жалғауы үнемі өзінен соң септік жалғауларының жалғануын немесе шамасы сөзінің тіркесе қолданылуын қажет етеді» [2, 205-206]. Мысалы: Жасы отыздарға кеп қалған. Екілер шамасында жиналды т.с.с.

II. Орыс тіліндегі вы жіктеу есімдігінің қазақша сіз деп те, сендер деп те аударылатыны белгілі. Себебі вы есімдігінің мағынасы сол орыс тілінің өзінде дәл осындай сіз және сендер мағынасында қолданылады. Мұнан шығатын түйін – орыс тілінде жіктеу есімдігінің сыпайы қатынасты білдіретін тұлғасы жоқ.

Бұл дегеніміз, біріншіден, қазақ тілі сөз байлығының орыс тіліне қарағанда анағұрлым мол екенін көрсетсе, екінші жағынан, біздің жазу дағдымызға нұқсан келтіруде. Себебі орыс тілінде сіз дегенді білдіретін вы тұлғасы бас әріппен таңбаланады да, сендер дегенді білдіретін вы тұлғасы кіші әріппен таңбаланады. Қараңыз: Местоимения Вы и Ваш пишутся с прописной (большой) буквы как форма вежливого обращения к одному лицу. При обращении к нескольким лицам следует писать вы и ваш со строчной буквы. Написание Вы, Ваш с прописной при обращении к нескольким лицам – ошибка. Демек, вы тұлғасының бас әріппен немесе кіші әріппен таңбалануы орыс тілінде оның мағынасын, яғни сыпайы мәнді немесе көптік мәнді білдіретінін анықтау үшін қажет. Ал қазақ тілінде сыпайы қатынасты білдіретін сіз есімдігі бар, ендеше қазақ тілінде бұл есімдікті бас әріппен таңбалауға қажеттілік жоқ. Алайда қазақ мәтіндерінде сыпайы қатынасты білдіретін сіз есімдігінің бас әріппен таңбаланған нұсқасы қазірде дағдыға айналған.

Сыпайы қатынасты яки құрмет, ұлықтау мәнінде жіктеу есімдігінің көптік тұлғасын қолдану араб тілінде де бар. Мәселен, Құранның «Қадір» сүресінде «Сөзсіз, біз Құранды Қадір түні түсірдік» деген аят бар. Осы жерде «Алла жалғыз емес пе, ендеше неге біз деген көптік мәнді есімдікті қолданады?» деген сұрақ туындайды. Мұның жауабын ҚМДБ-да тіркелген islam.kz сайтында дін қызметшілері былай берген: «Кейбір сүреде Ұлы Жаратушының өзін «біз» деуінің астарында араб тілінің ерекшелігі жатыр. Мысалы, орыс тілінде екінші жақтың жекеше түріне «ты» делінеді. Алайда кейде адамға деген құрметті, ізеттілікті, сыпайылықты білдіру үшін жалғыз адамның өзіне екінші жақтың көпше түріне қолданылатын «вы» сөзі қолданылады. Сол секілді араб тілінде де «біз» сөзі Алла Тағаланың ұлылығы мен жаббарлығын білдіру үшін қолданылады» [4].

Ендеше сыпайыгершілік немесе ұлықтау мағынасын білдіру үшін жіктеу есімдігінің көпше тұлғасын қолдану әлем тілдерінің тәжірибесінде бар. Осы жерде «Ендеше қазақ тілінде құрмет белгісі ретінде жіктеу есімдігінің көптік тұлғасы қолданылмауының мәні неде?» деген және бір сұрақ туындайды. Мұның жауабын түркологиялық еңбектерден табамыз. Мәселен, сын есім тудыратын -лы, -лі, -ды, -ді, -ты, -ті тұлғаларында сындық мағынамен бірге белгілі бір деңгейде көптік мағына да бар. Қараңыз: Сулы жер – суы мол

жер; Тасты жер – тасы көп жер; Қарағанды – қарағаны қалың жер т.с.с. Сол сияқты, Алматы сөзіндегі -ты тұлғасы да – көптік мағынаны білдіретін форма. Тарихи грамматикада -т, -з қосымшалары көптік мағынаны білдіретін болған. «Орхон-Енисей жазбаларының тілінде көптік жалғауларының екі түрі кездеседі: -лар, -т» [5, 136]. Алматы сөзіндегі т дыбысы – ежелгі тұлғасын сақтап қалған қосымша. Қазіргіше айтқанда, Алмалы болады (алма көп өсетін жер). Бүгінде әрі көптік, әрі сындық мағына үстейтін бұл қосымша Бұланты (Бұланды), Мойынты (Мойынды), Бұлдырты (Бұлдырлы) жалқы есімдерінде кездеседі.

Сондай-ақ -з қосымшасының көптік яки жұптық мағына бергені де тіл тарихынан мәлім. Қараңыз: Ауыз қос еріннен тұрады (губы); Көз қос жанардан тұрады (глаза); Егіз қос сыңардан тұрады (близнецы). Демек, бұл келтірілген сөздердегі -з тұлғасының жұптық мағынасы тілімізде күні бүгінге дейін сақталған. Сол сияқты, біз, сіз есімдіктері де алғашқыда жекеше түрде бі, сі түрінде қолданылып (түрік тілінде мен – бен), оған қосылатын -з екілік, яғни жұптық мағынаны білдіретін болған да, кейін келе жұптық мағына көптік мағынаны да білдіретін болып кеңейген [6, 24-25].

Сонда қазақ тіліндегі сіз жіктеу есімдігі де өзге тілдердегідей көптік мағына беретін сөз болған. Ендеше сыпайыгершілік, ұлықтау мақсатында жіктеу есімдігінің көптік тұлғасының жұмсалуды – әлем тілдеріне тән ортақ заңдылық. «Сіз, сен есімдіктерінің өз заманындағы түркі тілдерінде қолданысы жайлы Қашқари былай дейді: «Сіз – үлкендерді құрметтеу мәнінде сен мағынасында айтылатын сөз. Асылында, мұның беретін мағынасы – сіздер. Кішілерге сен делінеді». Бұған қарағанда, Махмуд Қашқари дәуірінде сіз есімдігінің сыпайылық мәні мен көптік мәні қатар жүрген» [5, 139]. Бүгінде қазақ тіліндегі сіз есімдігінің сыпайылық мәні әбден орнығып болғандықтан, орыс тілінде бас әріппен таңбаланатын Вы сөзінің өтеуіне жүреді. Сондықтан қазақ мәтінінде сізді бас әріппен ерекшелей таңбалауға қажеттілік жоқ.

Жалпы, ауызекі сөйлеу тілі – еркін тіл әрі спонтанды құбылыс, яғни адам әлдене жайлы ойын табан астында айта береді де, тілдің жалпы заңдылығына ғана сүйенеді. Себебі тілдің ішкі заңдылықтарына орай екшеп, өлшей сөйлеу көп жағдайда мүмкін болмайды. Сонысына қарай ауызша тілдегі олқылық жазба мәтіндегідей аңғарыла қоймайды. Ал жазбаша мәтінде тілдің ішкі заңдылықтарын ескеруге, өлшеп, нақты бейнелеуге мүмкіндік бар. Сондықтан бұған қойылатын талап та үлкен.

Сөйлеу тіліндегі еркіндік сөйлеудің бірнешеуі екенін білдіреді. Анығында, тіл біреу де, сөйлеу бірнешеуі болады. Яғни тіл біршама статикалы да, сөйлеу динамикалы, құбылмалы келеді. Сондықтан сөйлеу, әсіресе жазу кезінде өзге тіл синтаксисінің жетегінде кетпей, қазақ тілінің ішкі заңдылықтарын ескерудің маңызы үлкен. Аударма барысында түпнұсқа мәтін формасы аударылатын тіл үшін форма бола алмайды. Ендеше қазақ тілінің нормасы мен дағдысын, жалпы динамикалық мүмкіндігін толығымен тірек ету қажет.

Түйіндей айтқанда, рухани жаңғыру идеясы астарында ұлттық сөз саптау машығымызға ойысу қажеттілігінің де жатқанын ескеруге тиіспіз. Бұл проблема өткен ғасырдың жиырмамыншы жылдарынан бері өзектілігін жоймай келеді: «Біздің жазушыларымыздың көбі – орысша оқығандар. Олар көбіне қазақшадан да гөрі орысшаға жетік. Жетік болмаса да, жетікке ұқсайды, жетік болып көрінгісі келеді. Сондықтан олардың қазақша жазғаны да орысшаға ұқсап тұрады. Оны жазушының өзі секілді орысша оқығандар болмаса, қара қазақ түсіне алмайды.

...Жазушыларымыздың көбі орысша оқыған соң, олардың қазақша жазғаны орысшаға ұқсаған соң, басылып шығып жатқан кітаптарымыздың да, газет-журналдарымыздың да тілі қазақша болмай, орысшаланған қазақ тілі болып отыр» (М.Дулатов) [7, 154].

#### **Әдебиет:**

- 1 Бизақов С. Қазақ тілі қандай тіл? / Сейдін Бизақов. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2010. – 432 б.
- 2 Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. 2-басылымы. Филология факультеттері студенттеріне арналған оқулық. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 384 б.
- 3 Баймұрынов Ж. Синтаксистегі үнемдеу құбылыстары (психоллингвистикалық аспект). Монография. – Қарағанды: «Болашақ-Баспа», 2013. – 186 б.

4 <http://islam.kz/kk/articles/iman-alippinesi/kudikpen-kures/quranda-nelikten-biz-delingen-1549/#gsc.tab=0>

5 Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. – Алматы: Мектеп, 1988. – 262 б.

6 Ибатов А. Қазақ тіліндегі есімдіктер тарихынан. – Алматы: Қазақ ССР-ның «Ғылым» баспасы, 1966. – 74 б.

7 Алаштың тілдік мұрасы: мақалалар жинағы / Құраст.: С.Шүкірұлы, Е.Тілешов. – Алматы: «КИЕ» лингвоелтану инновация орталығы», 2009. – 364 б.

## MAHAMBET ÖTEMİSULI'NIN ŞİİRLERİNDE ARKAİK SÖZCÜKLER VE DEYİMLER

*Prof. Dr. Ayabek BAYNİYAZOV,  
Ardahan Üniversitesi,  
Ardahan, Türkiye,  
[ayabekbayniyazov@ardahan.edu.tr](mailto:ayabekbayniyazov@ardahan.edu.tr)*

### Түйіндеме

Мақалада XIX. ғасырдағы қазақ әдебиетінде ерекше орны бар, жырларымен ақындарымызды шабыттандырған қазақ халқының жалынды ақыны Махамбет Өтемісұлының өлеңдеріндегі көне сөздер мен сөз тіркестері қарастырылды. Түркі тілдерінде де уақыт өте келе қалыптасқан тұрақты сөз тіркестері жеткілікті. Олардың әрбір сыңары жеке тұрғанда түсінікті болып көрінгенмен, біртұтастығын сақтап бірге қарастырған жағдайда ғана, тұрақты сөз тіркесінің қай мағынада жұмсалғанын дәл анықтауға болады. Махамбет өлеңдерінде мұндай тіркестер көптеп кездеседі.

### Abstract

In the study, the proverbs and arcaic words in the poetry of Mahambet Ötemisuli, who was a leading figure in Kazakh literature of the 19th century, and inspired today's Kazakh poets with his self-contained lyrical poetic discourse, will be examined. In the course of history, new types of structured linguistic units have occurred among the dialects of all languages. Although every single word in these units can be understood separately, it is of vital importance to examine them in combination and understand their meaning. In this regard, Mahambet's poems offer a very important example.

Bildiride Kazak Türklerinin XIX. yüzyıl Kazak Edebiyatında önemli bir yere sahip ve kendine özgü coşkulu şiir diliyle günümüz Kazak şairlerine dahi ilham kaynağı olan şair Mahambet Ötemisuli'nin şiirlerindeki arkaik kelimeler ile deyimler ele alınmaktadır. Her dilin lehçeleri arasında tarihi gelişim süresince, zamanla kalıplaşmış dil birimleri meydana gelmiştir. Kalıplaşmış sözlerin her ögesini ayrı ayrı ele aldığımızda sözler tek başına anlaşılır gibi olsa da, onları bir bütünlük içerisinde incelemek ve taşıdığı anlamı doğru tespit etmek gerekir. Bu bakımdan Mahambet şiirleri buna örnek olabilecek niteliktedir.

Arkaik sözcükler, ait olduğu dönemin dil özellikleri yanında o dönemin toplum hayatı, gelenekler, görenekler, yaşam tarzı, inanç sistemleri hakkında da ipucu verirler. Bunun yanında sözcüklerin etimolojisinin araştırılması ve tarihî süreç içerisinde geçirdiği değişikliklerin irdelenmesinde de önemli birer yol göstericidirler (Küçük, 2013, s. 118). Kazak Dil Biliminde Mahambet'in kullandığı dilin özellikleri üzerine Rabiğa Sızdıkova'nın çalışmaları vardır. O, Mahambet'in şiirlerinin birçok arkaik kelimeleri içerdiğine dikkat çekmekte ve bunun nedenini de şairin ozanlık geleneğini edebi dile taşıyıp birleştirci, edebi dili geliştirici özelliğe sahip olduğuna bağlamaktadır (bk. Sızdıkova 1993: 179-184).

Mahambet Ötemisuli'nin dili de kendi yaşadığı dönemin edebi dilini yansıtmaktadır. Mahambet, yüzyıllardan beri yaşayagelen halkın şiir sanatını, söz hazinesini ustaca kullanıp bize kadar taşıyıcı olmasından, onun dilinde benzetmeler, kalıp sözler, metaforlar ve atasözleri bolca rastlanmaktadır. Bundan dolayı Mahambet şiirlerinde günümüz okuyucusuna yabancı gelen kelimelerin bulunması da doğaldır. Mahambet'in şiirlerindeki anlaşılması güç, eski kelimeler üzerindeki çalışmalar Kazak Dil biliminde hala güncelliğini kaybetmemiştir (bk. Toktagul 2003: 39).

Arkaik kelimelerin anlamlarını tespit etmede On beş ciltlik Kazak Edebi Dili Sözlüğünden (KEDS) 1 yararlandık. Sözlük, arkaik kelimelerin bulunup ortaya çıkarılmasında ana kaynağımız oldu.

Ärayna (arkaik söz): Ärayna “Sabret”şiiirindeki “Sabır, tahammül” (KEDS. c. I, s. 580) anlamındaki bu sözcüğün şiiirde kullanımı şu şekildedir:

Ärayna, jigitter, ärayna! “Sabırlı ol, yiğitler, sabır eyle!” 2 (Ötemisulı 2007: 33).

Alqala- (arkaik söz): Kün Bolğan “Gün Olmuştu” şiiirindeki “Bir araya gelmek, toplanmak” (KEDS. c. I, s. 419) anlamındaki bu sözcüğün şiiirde kullanımı şu şekildedir:

Alqalağan jer bolsa, Kalabalığın toplandığı yer olsa,  
Azamat bası quralsa, Erkekler bir araya gelse,  
Mäşuwrat keñes suralsa, Meşveret meclisi kurulsa,  
Mäşuwrat berer er edik. Fikir verenler idik. (Ötemisulı 2007: 105).

Şal (arkaik söz): Ärayna “Sabret”şiiirindeki “Boz, açık toprak rengi” (KEDS. c. XV, s. 212) anlamındaki bu sözcüğün şiiirde kullanımı şu şekildedir:

Küşigen jüندی şal jebe Kartal tüylü boz ok  
Jawına qarday boray ma? Düşmana fırtına gibi eser mi? (Ötemisulı 2007: 33).

Maydan (arkaik söz): Arğımaq, Seni Saqtadım “Arğımak, Seni Korudum” şiiirindeki “Zariflik, şıklık” (KEDS. C. X, s. 747) anlamındaki bu sözcüğün şiiirde kullanımı şu şekildedir:

At - jigittiñ maydanı, At, yiğitin zarifliğı (kanadı),  
Kılış - janniñ därmeni... Kılıç - canın ruhu... (Ötemisulı 2007: 19).

Qarı (arkaik söz): Elmen Qoştasuw “Halkla Vedalaşma” şiiirindeki “Boy, kabile, soy” (KEDS. c. IX, s. 396) anlamındaki bu sözcüğün şiiirde kullanımı şu şekildedir:

Amandaspay attandım Hal hatır sormadan atlandım  
Ata-ana, qarıma. Ata-ana, akrabalarıma.  
Jolğıspay jöneldim, Görüşemedemden yola koyuldum,  
Allanıñ qosqan jarına. Allah’ın koştığı yarım. (Ötemisulı 2007: 56).

Alğınşı (arkaik söz): Qaqaquwlap şaqırmay “İsrarla çağırmadan” şiiirindeki “Eş, yâr, kadın” (KEDS. c. I, s. 393) anlamındaki bu sözcüğün şiiirde kullanımı şu şekildedir:

Alğınşı alğan aruwdıñ Yar olarak aldığın güzelin  
Aqşa betin soldırmay... Güzeli yüzünü soldırmadan... (Ötemisulı 2007: 86).

Astana (arkaik): Tarlanım “Kartalım” şiiirindeki “Bütün halk, millet” (KEDS. c. II, s. 34) anlamındaki bu sözcüğün şiiirde kullanımı şu şekildedir:

Ayğaylasa beldiğı baylanğan, Bağırdağında kemeri bağlanan,  
Astana jurtın aynalğan, Halkını çok seven,  
Astına turman bolsam dep... Altına koşum olsam diye... (Ötemisulı 2007: 83).

Qırqarla- (arkaik): Minken Er “Yürekli Er” şiiirindeki “Ardı sıra gitmek, peşi sıra gitmek” (KEDS. c. X, s. 597) anlamındaki bu sözcüğün şiiirde kullanımı şu şekildedir:

Erkek qoyday bölünip, Sürüden bölünüp giden koç gibi,  
Qırqarlanıp ötken er... Ardı sıra geçen er... (Ötemisulı 2007: 101).

Emse- (arkaik): Mahambettin Baymağanbet Sultañğa Atyqan Sözi-3 “Mahambet’in Baymağanbet Sultan’a Söyledikleri-3” şiiirindeki “Özlemek, çok arzulamak” (KEDS. c. V, s. 271) anlamındaki bu sözcüğün şiiirde kullanımı şu şekildedir:

Edildi körip emsegen, İdil’i görüp imrenen,  
Jayıqtı körip jemsegen... Yayık’ı görüp heveslenen... (Ötemisulı 2007: 50).

Sur jebe (arkaik): Tarlanım “Kartalım” şiiirindeki “Eskiden bahadırların kullandığı keskin yay oku” (KEDS. c. VI, s. 253) anlamındaki bu sözcüğün şiiirde kullanımı şu şekildedir:

Sadağınñ kirisin Yayınm kirisini de  
Sarı altınğa maldırğan, Saf altınla kaplamış,  
Sur jebeli oğına Keskin yay okuna  
Tawıqtıñ jünin qoydırğan. Tavuk tüyü bağlamış... (Ötemisulı 2007: 83).

Mahambet’in şiiirlerinde günümüzde birden çok kelimedemden kurulan ve öğelerinin anlamları ile deyim anlamı arasında hiçbir ilişki bulunmayan deyimler de vardır. Mustafa Özkan deyimlerle

ilgili olarak; “Deyimlerde, grubu oluşturan kelimelerin anlamlarından farklı bir anlam aktarılmaktadır. Bu anlam aktarmalarında genellikle benzerlik ve kalıplaşma önemli rol oynamaktadır. Bu bakımdan deyimler birden çok öğeden oluşmuş bile olsalar, tek kavrama karşılık olarak kalıplaşırlar” (Özkan 2004: 2293-2294).

Mahambet’in Berkinip Sadaq Asınbay “Cesaretle Yayı Sırtında Taşımadan” şiirindeki qozı jawırın deyimini ‘kuzu ve kürek kemiği’ kelimelerinden oluşan bir deyimdir. Şiirdeki kavram olarak anlamı ise, ‘kuzu kemiği büyüklüğünde olan yay oku’dur (KEDS. c. VI. s. 223).

Qozı jawırın oq almay, Yay okunu germeden,  
Atqan oğı joğalmay, Atan oku boşa gitmeden,  
...Üyde otırğan jigitke ...Evde oturan yiğide  
Tep-tegin ataq bolar ma?! Havadan nam olur mu?! (Ötemisulı 2007: 58).

Aşağıdaki deyimlerde, deyimini oluşturan öğelerin anlamları üzerinde değil, deyimlerin taşıdığı anlamları ve geçtiği satırdan örnekler vererek sınırlı tutacağız.

Alalı jılqı, aqtılı qoy (deyim): Aymaq Köl “Durgun Göl” şiirindeki “Sayısız yıldı, hesapsız küçükbaş hayvanlar, davar” (KEDS. c. I, s. 358) anlamındaki bu deyimini şiirde kullanımı şu şekildedir:

Alalı jılqı, aqtılı qoy, Sayısız hayvanları,  
Añdığan böri jemey me Pusudaki kurt yemez mi  
İyesi uyıqtap jatqan soñ?!... Sahibi uykuya yattıktan sonra?!... (Ötemisulı 2007: 107).

Altı malta as bolmay (deyim): Erewil Atqa Er Salmay, “Sağlam Atı Eyerlemeden” şiirindeki “Aza kanaat etmeden” (KEDS. c. I, s. 449) anlamındaki bu deyimini şiirde kullanımı şu şekildedir:

Altı malta as bolmay, Aza kanaat etmeden,  
Öziñnen tuvğan jas bala, Özünden doğan küçük bala,  
Sakalı şığıp jat bolmay, Sakalı çıkıp yabancı olmadan,  
... Erlerdiñ isi biter me?! ... Erlerin işi biter mi?! (Ötemisulı 2007: 22).

Qandı köbik jütqızuw (deyim): Berkinip sadaq asınbay “Cesaretle yayı sırtında taşımadan” şiirindeki “Yerle bir etmek, yok etmek” (KEDS. c. IX, s. 230) anlamındaki bu deyimini şiirde kullanımı şu şekildedir:

Qasarısқан jawına Direnen düşmanını  
Qandı köbik jutqızıp... Yerle bir edip... (Ötemisulı 2007: 58).

Quw tolağay bastanuw (deyim): Erewil atqa er salmay, “Sağlam atı eyerlemeden” şiirindeki “Darlık, sıkıntı çekmek” (KEDS. c. X, s. 171) anlamındaki bu deyimini şiirde kullanımı şu şekildedir:

Tebingı teris tağmbay... Tebingiyi ters örtmeden...  
Quw tolağay bastanbay, Sıkıntı, darlık çekmeden,  
Erlerdiñ isi biter me?!.. Erlerin işi biter mi?!.. (Ötemisulı 2007: 22).

Quyırq-jalın şart tüyüw (deyim): Mahambettin Baymağanbet Sultañğa Atyqan Sözi-10 “Mahambet’in Baymağanbet Sultan’a Söyledikleri-10” şiirindeki “Atlı arabasını, at arabasını hazırlamak” (KEDS. c. X, s. 268) anlamındaki bu deyimini şiirde kullanımı şu şekildedir:

Quyırq-jalın şart tüygen, Atlı arabası hazır duran  
Men keskekti erdiñ soyımın... Ben cesur er soyundanım... (Ötemisulı 2007: 52).

Meymanası tasuw (deyim): Munar Kün “Puslu Gün” şiirindeki “Sevinmek, şad olmak” (KEDS. c. XI, s. 158) anlamındaki bu deyimini şiirde kullanımı şu şekildedir:

Tüs qıla gör, qudayım, Rüya olmasını dilerim, Allah’ım,  
Bizdey taq meymanası tasqanğa, Bizim gibi taht için şad olana,  
Bizdiñ er İsatay ölgen kün, Bizim erimiz İsatay’ın öldüğü gün,  
On san baytaq bülgen kün... Çileli dönemin doğduğu gün... (Ötemisulı 2007: 80).

Tolarsaqtan saz keşüw (deyim): Tolarsaqtan Saz Keşip “Zor Günleri Baştan Geçirip” şiirindeki “Sıkıntılara katlandı, zor günler geçirmek” (KEDS. c. XIV, s. 233) anlamındaki bu deyimini şiirde kullanımı şu şekildedir:

Tolarsaqtan saz keşip, Zor günleri baştan geçirip,  
Toqtamay tartıp şığarğa Duraksamadan geçip gitmeye

Qas ülekten tuwğan qatepti İyi cinsli erkek deveden doğan dayanıklı

Qara nar kerek bizdiñ bul iske... Güçlü deve gerek bizim bu işe. (Ötemisulı 2007: 34).

Adırnasın ala ögizdey möñiretip (deyim): Tarlanım “Kartalım” şiirindeki “Haykırtıp, feryat ettirip” (KEDS. c. XII, s. 74) anlamındaki bu deyimın şiirde kullanımı şu şekildedir:

Astına turman bolsam dep, Altına koşum olsam diye,

Jurtına qurban bolsam dep, Yurduna kurban olsam diye,

Adırnasın ala ögizdey möñiretken... Kirişini feryat ettiren... (Ötemisulı 2007: 83).

Ädil jannan tüñiltüw (deyim): Mahambettin Baymağanbet Sultanğa Atyqan Sözi-XIII “Mahambet’in Baymağanbet Sultan’a Söyledikleri-XIII” şiirindeki “Ümidini yitirmek” (KEDS. c. II, s. 366) anlamındaki bu deyimın şiirde kullanımı şu şekildedir:

Tinikeydey tektiñdi, Tinikey gibi üstününü,

İtelgi közin töñkertip, Cilve yaptırtıp,

Küşiktey dawsın qıñsıtıp, Köpek yavrusu gibi sesini kısırtıp,

Aş küzende belin bügiltip, Aç kokarca gibi belini büküp,

Ädil jannan tüñiltip, Ümidini yitirtip,

At kötine üñiltip, Ata ters bindirip,

Artıma salsam dep edim... Arkamdan getirsem demiştim... (Ötemisulı 2007: 54).

Kök julın (deyim): Altı künde alawlap “Altı gündür tutuşup” şiirindeki “Bir deri bir kemik kalan at, çok zayıf at” (KEDS. c. VIII, s. 8) anlamındaki bu deyimın şiirde kullanımı şu şekildedir:

Erte den salsa keşke ozğan, Koşmaktan hiç usanmayan,

Ildıydan salsa töske ozğan, Bayırdan dağın yamacına koşan,

Kök moyındı kök julın, Kök boyunlu yürük zayıf at,

Tomağa közdi qasqa azban... Yuvarlak gözlü sakar azban... (Ötemisulı 2007: 61).

Rabiğa Sızdıkovaların Üniversiteler için yazdığı Kazak Edebi Dilinin Tarihi adlı ders kitabının Mahambet Şiirlerinin Dili başlıklı bölümünde tarlan, tarpan, battavıq, qalıqpan, sayğaq, kerisken, jemsew kelimeleri arkaik kelime olarak bahsedilmektedir (Sızdıkovalar 1993: 182). Çalışmamızda rehber edinerek kelimelerin anlamlarını tespit ettiğimiz 2011 yılında yayınlanan çok kapsamlı On beş ciltlik Kazak Edebi Dili Sözlüğünde (KEDS) bu kelimelerin anlamları açıklanmış, fakat arkaik kelimeler olduğu belirtilmemiştir. Günümüzde sıraladığımız kelimelerin anlamları halk tarafından pek bilinmediğinden çalışmamıza arkaik kelime olarak alınması uygun görülmüştür.

Tarlan (arkaik): Mahambettin Baymağanbet Sultanğa Atyqan Sözi-3 “Mahambet’in Baymağanbet Sultan’a Söyledikleri-3” şiirindeki “Dağ kartalı” (KEDS. c. XIII, s. 743) anlamındaki bu sözcüğün şiirde kullanımı şu şekildedir:

Tawdağı tarlan şubar biz edik... Dağdaki kartal biz idik... (Ötemisulı 2007: 50).

Tarpañ (arkaik): Tolarsaqtan saz keşip “Zor günleri baştan geçirip” şiirindeki “Hergele, bineğe alıştırmamış” (KEDS. c. XIII, s. 747) anlamındaki bu sözcüğün şiirde kullanımı şu şekildedir:

Tarpañday tizesin bügip ot jegen, Tarpan gibi dizini büküp ot yiyen,

Tağı sındı mırza edik... Başiboş bey idik... (Ötemisulı 2007: 34).

Battawıq (arkaik): Arğımaqtıñ balası “Arğımak atın yavrusu” şiirindeki “Hayvanların beslendiği otlu bitki” (KEDS. c. III, s. 108) anlamındaki bu sözcüğün şiirde kullanımı şu şekildedir:

Balağı tükti qoñır qaz Bacağı tüylü konur kaz

Battawıqqa toya ottamas... Battawıq otuna doymaz... (Ötemisulı 2007: 23).

Qalıqpan (arkaik): Eriskende er bolsa “Yiğide layık er olsa” şiirindeki “Kartalgiller ailesinden yırtıcı bir kuş” (KEDS. c. IX, s. 162) anlamındaki bu sözcüğün şiirde kullanımı şu şekildedir:

Men - qaraqstan tuwğan qalıqpan Ben; çaylaktan doğan qalıqpan

Söyler sözge jalıqpan... Söyleyecek sözden bıkmam... (Ötemisulı 2007: 39).

Sayğaq (arkaik): Jalğan Düniye “Yalan Dünya” şiirindeki “Mezarın başına işaret olarak konulan direk, mezar tahtası” (KEDS. c. XII, s. 540) anlamındaki bu sözcüğün şiirde kullanımı şu şekildedir:

Sazdawğa bitken quba tal Sazlıkta biten söğüt ağacı



Kimderge sayғақ болмаған?! Kimlere sayғак олмады?!  
Basına jibek bayлаған Başına ipek бағlayan  
Aruwlar kimnen қалмаған?! Güzeller kimlere yâr олмады?! (Ötemisuli 2007: 112).  
Keriskendey (arkaik): Tarlanım “Kartalım” şiirindeki “İri yarı, devasa” (KEDS. c. VII, s. 677) anlamındaki bu sözcüğün şiirde kullanımı şu şekildedir:

Kermiyiğim, kerbezim, Hoş görünüşlü, süslüm,  
Keriskendey şandozim!.. İri yarı yürüğüm!.. (Ötemisuli 2007: 83).

Sonuç olarak, bir toplumda kelimelerin arkaik olması ortama da bağlı, olup biten tarihi olaylarla da ilgilidir. Arkaik kelimeler, aynı zamanda yaşadığı dönemi yansıtarak, dönemin dil özelliklerini gösteren bir belgedir. Mahambet’in şiirlerinde ele aldığımız günümüzde halk tarafından hiç kullanılmayan ve unutulmaya yüz tutan, yaşamını sadece sözlüklerde sürdüren arkaik kelimeler ve deyimler de öyledir. O dönemlere ait eserlere bakıldığında anlam olarak anlaşılması güç kelimelerin ortaya çıkması doğaldır. Okuyucu genelde öyle kelimelere cümle içerisinde anlam kazandırmaya çalışır. Oysa mutlaka başvurulması gereken kaynaklar vardır. Lehçeler arası çalışmalarda, özellikle aktarmalarda bunlar dikkate alınmalıdır. Gerçek anlamı dışında kullanılan sözcükler her lehçede mevcuttur. Bunlar her toplumun maddi ve manevi kültürünü yansıtan sözler olduğundan üzerinde düşünülmelidir.

#### **Kısaltmalar**

KEDS Kazak Edebi Dili Sözdigi (2011), XV Cilt, A. Baytursınulu Dil Bilimi Enstitüsü Yayınları.

TDTEA Başlangıcından Günümüze Kadar Türkiye Dışındaki Türk Edebiyatları Antolojisi (2004), Ankara, T.C. Kültür Ve Turizm Bakanlığı Yayınları.

#### **Faydalanılan Eserler**

KÜÇÜK, Serhat, (2013), “Zâfi Divânı’nda Arkaik Unsurlar” Atatürk Üniversitesi Türkiyat Araştırmaları Enstitüsü Dergisi, s. 49, s. 117-130.

SIZDIKOVA, Rabiğa (1993), Qazaq Edebi Tilinin Tarihi (XV-XIX Gasırlar), Almatı, 320 s. Ana Tili yayınları.

TOKTAGUL, Biken (2003), “Mahambettanudın Bastav Bulaktarı”, Mahambet – Ult-Azattıq Köterilis Jarşıı Konferansı Bildirileri, Çimkent: Yesevi Üniversitesi Yayınları, 39-48 s.

ÖTEMİSULI, Mahambet (2007), Jorıq Jırları, Almatı, 408 s. Halıqaralıq Abay klubu Yayınları.

ÖZKAN, Mustafa (2004), “Deyimleşmiş İkillemeler”, V. Uluslararası Türk Dili Kurultayı Bildirileri II, 20-26 Eylül 2004, Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları: 855/II, s. 2289-2317.

## **ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ТАБИҒИ ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ БУЫНДЫҚ ФОНОЛОГИЯСЫ**

**Бейсетаев Р.,**

*биология ғылымдарының кандидаты,*

*ҚР ДСМ ЕГЖКА ҰО,*

*Қарағанды, Қазақстан,*

[beisetayev@mail.ru](mailto:beisetayev@mail.ru)

#### **Түйіндеме**

Бұл еңбекте қазақ тілінің көп деңгейлі табиғи құрылымы, құрылымның түрлі деңгейінің өзіндік тілдік бірліктері, олардың өз-ара байланысы мен қатынасы және осылардың негізінде буындық фонология теориясын құру мәселелері қарастырылды. Теория құруда тілімізде қалыптасқан буын, буынның құрылымы, жеке буынның біртекті тембрлі дыбысталуы және буыннан сөз құру мәселелері негізге алынды.

#### **Резюме**

В этой работе даны многоуровневый естественный строй казахского языка, языковые единицы различных уровней, их связи и отношения, и на их основании были рассмотрены вопросы построения слоговой фонологической теории языка. При построении теории в основу положены сложившиеся в языке слог, структуры слога и однородно тембровое звучание слова.

## Summary

In this work the multilevel natural system of the Kazakh language, language units of different levels, their connections and the relation are given, and on their basis questions of construction of syllable phonological theory of language were considered. In the theory it is based on the current language syllable structure of the syllable and homogeneous timbre, the sound of the word.

Адамның дыбыстық тілі – жалпы адамзаттық ұғым. Жанды дүниенің кез-келген құбылысы секілді, адамзаттың дыбыстық тілі де өзіндік жүйелі құрылымы және көп деңгейлі қызмет атқару заңдылықтары бар – табиғи құбылыс. Адамзаттың дыбыстық тілі – нәзік әрі өте күрделі биологиялық құбылыс. Десек те, қоғамдық ортада тілдің әлеуметтік маңызы бұдан да жоғары. Осы ұғымды жалпы мағынада алсақ, онда бүкіл адамзаттың руханияты мен оның әлеуметтік болашағы туралы айтамыз.

Еуропа тіл білімі дыбыстың, сөздің, сөйлемнің әріптік бейнесіне қарап тіл заңдылықтарын тауып, түрлі тіл теориясын құрды [1-5]. Қазақ тілінің заңдылықтары мен түрлі тіл теориясы дыбыстың, сөздің, сөз тіркесінің, толық сөйлемнің дыбысталуына қарай анықталуы және құрылуы – шарт. Біз қазақ тілін тек дәстүрлі дыбысталуына сай қарастырамыз және табиғи тілдік заңдылықтарына сай талдап, түрлі теория құрамыз.

Зерттеу жұмысының мақсаты қазақ тілінің түрлі табиғи деңгейін, олардың қызмет атқару сырын ашу. Түпкі мақсат – қазақ тілінің табиғи жарасымы – сингармонизм құбылысына сай келетін фонологиялық теория құру мақсатында осы еңбегімізді ұсынып отырмыз.

Жаратылысына сай, қазақ тілінің табиғи ерекшеліктері мыналар:

1. Қазақ тілі – табиғи құрылымы бұзылмаған тіл.
2. Қазақ тілі – сингармониялық тіл.
3. Қазақ тілі – буындық құрылымы бар тіл.
4. Қазақ тілі – буындық фонологиясы бар тіл.

Енді осы мәселерді жеке-жеке қарастырамыз.

**1. Қазақ тілі – табиғи құрылымы бұзылмаған тіл.** Тілдік «құрылымдық талдаудан» үзінді келтірейік. Жаратылысына сай, қазақ тілі үш деңгейлі (фонетика → фонология → грамматика) болып табиғи қалыптасқан:

I – **ФОНЕТИКА** – тілдің дыбыс жүйесі;

II – **ФОНОЛОГИЯ** – тілдің буын құрау және сөз жасау жүйесі;

III – **ГРАММАТИКА** – тілдің сөз түрлендіру, сөз тіркесін және оның ретті тізбегінен сөйлем құрау жүйесі.

Тіл құрылымының әр деңгейінің өзіндік бірлігі болады. Тілдік бірлік деп сөздің (сөз тіркесінің) жекеленген, арнайы дыбысталатын әрі үнемі тұрақты бейнелі болып келетін элементін айтуымыз керек. Тілдік бірліктің негізгі белгісі – айырықша дыбысталуы мен қолданылуы. Тілімізде тілдік бірліктің дербес мағына білдіруі де, білдірмеуі де мүмкін. Тілдің әр деңгейінің өзіндік кіші және үлкен бірлігі болады. Мысалы, фонетикада: дыбыс, буын (жеке дауысты дыбыстан жасалатын сөз басындағы буын). Фонологияда: кіші – буын, орта – сөз, ал үлкен – сөз тіркесі. Грамматика екі сатылы: 1) морфологияда: кіші – морфема (буын), ал үлкен – (сөз) туынды сөзформа; 2) синтаксисте: кіші – сөз тіркесі, орта – жай сөйлем, ал үлкен – құрмалас сөйлем. Қазақ тілінің табиғи деңгейлері мен тілдік бірліктері 1-ші кестеде берілді.

1-кесте. Қазақ тілінің сингармониялық құрылым деңгейлері мен тілдік бірліктері

№	Тілдің құрылым деңгейі	Тілдік бірліктер
I	Фонетикалық деңгей	

	Тілдің аумақтық табиғаты бар дыбыс жүйесі	Тіл дыбысы Буын (дауысты дыбыс)
<b>II</b>	<b>Фонологиялық деңгей</b>	
	Тілдің фонологиялық буын, сөз және сөз тіркесін жасау жүйесі	Буын Сөз Сөз тіркесі
<b>III</b>	<b>Грамматикалық деңгей</b>	
	Тілдің сөзформасын жасау, сөз тіркесін және сөйлем құрау жүйесі	Сөз тіркесі Жай сөйлем Құрмалас сөйлем

Егер осы құрылымдық талдауға сүйенсек, анық аңғарылатын ерекше бір заңдылық байқалады: әрбір тілдік деңгейдің бірлігі төменгі деңгейдің бірлігінен жасалады, керісінше, ал әрбір төменгі деңгейдің бірлігі келесі жоғарғы деңгейдің бірлігінің құрамды бөлігі болып отырады. Сонымен қоса, егер бір деңгейдің ішінде түрлі кіші немесе үлкен бірлік болса, онда үлкен бірлік өз деңгейіндегі кіші бірліктен жасалады.

Кемеңгер А. Байтұрсынұлы айтқандай, «заңы азбаған қазақ тілі» [6], оның көп деңгейлі құрылымы (**фонетика → фонология → грамматика**), өз-ара тығыз байланысты деңгейлік бірліктері, ерекше синтаксистік құрылымы, әсіресе, тілдік жаратылысқа және табиғи тіл заңдылықтарына сай, дұрыс құрылған құрмалас сөйлемнің (өлең шумағының) бір тұтас сан түрлі «біртекті тембрлі» дыбысталуы адамның ойлау жүйесін зерттеуде бұрын нейрофизиологтар аңғармаған, аңғарса да керек қылмаған, ерекше құнды физиологиялық деректер беріп отыр.

**2. Қазақ тілі – сингармониялық тіл.** Түркі тілдерінің артикуляторлық жасалымы тұрақсыз, осыған орай, акустикалық сыйпаты құбылмалы тіл дыбыстарының аумақтық теориясы биологиялық тұрғыдан дәлелденді. Дәл осылай, қазақ тіліне де тән сингармонизм құбылысы – құрмалас сөйлемнің (немесе өлең шумағының) сан-алуан «біртекті тембрлі» үндесіп дыбысталуы, – биологиялық, дәлірек айтқанда, физиологиялық тұрғыдан дәлелденді.

Қазақ тілінде сөйлем ішінде әрбір сөз тіркесі (ырғақтық топ) өзіне ғана тән біртекті тембрмен дыбысталып, ал құрмалас сөйлем құрамындағы ырғақтық топтардың ретті тізбегі сан түрлі «біртекті тембрлі» айтылады. Нәтижесінде, дыбысталуда сөйлемнің (өлең шумағының) өн бойында дауыс тембрі мейлінше құбылып тұрады. Міне, біз жоғалтып алған асылымыз **«сингармонизм құбылысы»** – осы құбылыс. Ал, еуропа ғалымдарының сингармонизмді «сөз бойынан», немесе морфологиядан іздеулері, сол замандағы «ғылыми адасу» еді.

Қазақ тілінде жеке буынның, сөздің және сөз тіркесінің (ырғақтық топтың) біртекті тембрлі дыбысталуы – **«гармония»** тудырады.

Қазақ тілінде құрмалас сөйлемнің немесе өлең шумағының әртүрлі біртекті тембрлі құбылып дыбысталуы – **«сингармония»**, екінші жалпы сөзбен айтқанда, **сингармонизм** құбылысын тудырады.

Еуропаның дәстүрлі грамматикасы кез-келген құрылымды тілді латын не еуропа тілдері грамматикасының аясында талдап және баяндап шығумен шұғылданады. Олардың ұғымында: «еуропа тіл грамматикасы заңдылықтары мен ережелері басқа құрылымды тілді зерттеп шығуға жарамды». Сондықтан болар, олар өз грамматикасын «Жалпы грамматика» деп атайды. Ал, құрылымы мен заңдылықтары жағынан ең күрделісі – түркі тілдерінің грамматикасы. Латын, еуропа тілдерінің грамматикасы түркі тілдері грамматикасының бір құрамды бөлігі секілді.

**3. Қазақ тілі – буындық құрылымы бар тіл.** Тілдің табиғи жаратылысын және оның ұлттық дара ерекшеліктерін тану үшін сәбидің тілі шығар алдында сөйлеу мүшелерін

қозғауын табиғи қалыптастыруына, толық игеруіне және жеке буын мен жекелеме сөздерді айтуларына, айту ерекшеліктеріне көп жылдық бақылау жүргізілді.

Қырқынан шыққан қазақ сәбиі өз бетімен гуілдеуді бастайды. Бұл – тіл дыбыстары. Десек те, бұл сәбидің тіліндегі алғашқы буындар болатын: «**ә-ә-ә**», «**е-е-е**», «**і-і-і**», «**ү-ү-ү**» немесе «**ій-ій-ій**», «**уу, үу, үу**» секілді кілең жіңішке дауысты дыбысты не дыбыс тіркесін (дифтонгоид) дыбыстайды.

Сәби 9-10 айлық былдырлаған шағында «**ә-дә-дә**», «**ә-мә-мә**» немесе «**дән-дән-дән**», «**бән-бән-бән**», «**мән-мән-мән**», «**нән-нән-нән**» секілді үш буындық буын тіркестерін өз бетімен айта бастайды. Келтірілген буын тіркестерінің басты ерекшелігі: кілең жіңішке әрі тек «**ә**» дыбысы арқылы жасалған үнді немесе ұяң дауыссыз дыбысты буындардың тіркесі.

Сәбидің тілі шығар алдындағы шағында (10 айдан кейін) ауызынан шыққан сан-алуан буынға талдау жүргізілді. Нәтижесінде, қазақтың мына секілді ұлттық сөйлеу ерекшеліктері анықталды.

1. Сәби тілі шығар алдында, ең бірінші тіл ұшын төменгі күрек тістердің ұшына тіреуді үйреніп, қалыптастырады (қазақтың [ә] дыбысының жасалуындағы тілдің қалпы).

2. Аталған қалыптастырудың нәтижесінде қазақ сәбиі ең алдымен өте жіңішке [ә] дыбысын айтады.

3. Одан әрі сәби тіл ұшын төменгі күрек тістердің ұшына тіреп тұрып, тіл алдын үстіңгі күрек тістерге жуықтатуға және тигізуге дағдыланады (қазақтың [с-з] және [т-д] дыбыстарының жасалуындағы тіл ұшының және тіл алдының қалпы).

4. Бұлай қалыптастырудың нәтижесінде сәби солғын дыбысталатын «**әд-әд-әд**» буындарын қайталап айтып жүреді. Аталған кезеңде үлкендер: «... сәби былдырлап жүр, енді тілі шығады» дейді.

5. Бұдан әрі, сәби тілінің алдын үстіңгі күрек тістерге нық тигізуді, тіл ұшы мен ауыз қуысындағы басқа сөйлеу мүшелерінің бұлшық еттерін ширықтыруды меңгереді: «**әд-әд-әд**» буындары «**әт-әт-әт**» бола бастайды.

6. Осы қалыптастырудың нәтижесінде сәби бір күні «**әт**» буынын айтып, одан кейін «**ә-тә**» сөзін анық айтады (сәбидің 10-11 айлық арасы). Бұл сәбидің ата-әжесіне, ата-анасына және үйдегі басқа да үлкендерге қуанышты күн: сәби «**ата**» деді – сәбидің тілі шықты. Шындығында ол «**әтә**» дейді, ал қуанған үлкендер оны аңғармайды.

7. Бұдан әрі қазақ сәбиінің тілі біртіндеп жуандай береді (тіл ұшын төменгі күрек тістердің орта тұсына тіреуді меңгереді) – жіңішке «**ә**» дыбысы аралық «**а**» дыбысына алмасады, бала ретімен «**ата**», «**апа**», «**аға**» сөздерін айтады және бұл рет тұрақты (біздің әліппедегі дыбыстарды орналастыру реті, балаға буын-сөз үйрету реті де осы табиғи заңдылыққа сай келуі тиіс деуіміз осыдан).

Бұл қыз балалардың 10-12 айлық, ал ұл балалардың бір-екі ай кейін жас шамасында байқалады. Әр түрлі кешеуілдеулер де кездеседі. Қазіргі «шала оқыған» ата-әжелер, ата-аналар осылай былдырлай бастаған сәбилеріне қанында жоқ, жат «**мама**», «**папа**», «**апашка**» сөздерін зорлап үйретіп, нәтижесінде, бала 2 немесе 3 жасқа дейін таза сөйлемей қояды.

Сонымен қоса, сәби былдырлаған шағында «**әд**», «**әт**», одан кейінгі мерзімде жуандатып «**ап**», «**ағ**», «**ма**», «**мө**», «**ым**», «**ын**», «**ың**», «**ыр**» т.б. буынды өз бетімен қайталап жүреді, ал жазу үйренуге талпынған жас бала (4-5 жасар) «**ма**»-ны жазамын, «**мө**»-ні жазамын деп, өзімен-өзі сөйлесіп отырады. Бұдан шығатын қорытынды: қазақ тілінің үнді дыбыстарын (**ым**), (**ын**), (**ың**), (**ыл**), (**ыр**) қылып атау – тілдік жаратылысқа сай келеді.

Буын – тілдің дыбыстау мүмкіндігінің ең кіші бірлігі, демек қазақ фонологиясының да ең кіші бірлігі. Буын жеке тұрып дыбысталады, ал мағына білдірмейді. Оңтүстік Азия халықтары тілдеріндегі буын жүйесінің құрылымы мен құрылу заңдылықтары Hockett Ch. F., Касевич В.Б. т.б. еңбектерінде жан-жақты берілген [7-10]. Қазақ тілінің буын жүйесінің күрделі әрі өте ретті құрылымын Ә. Жүнісбеков [11-13] және академиктер Құлқыбаев Ғ.Ә., Серғалиев М.С. бастаған топ талдап шықты [14-18].



азы – біреу, көбі – төртеу. Басқадай буын түрі болмайды. Кезінде проф. Ә. Жүнісбеков дәлелдегендей, түркі тілдерінде буыннан қысқа морфема болмайды [11-13].

Қазақ тілінде толық буын ішінде бір немесе бірнеше дауыссыздың болмауына байланысты буын түрлері мыналар:

**CVCC**-дан тараған – **VCC, CVC, VC, CV, V**;

**CCVC**-дан тараған – **CCV, CVC, CV, VC, V**.

Бұлардан басқа буын түрлері кездеспейді. Демек, тілімізде буынның түрі және олардың құрылымы табиғи анықталған. Бұл бізге «қазақ тілі – азбаған табиғи тіл» деуге негіз болады.

Қазақ тілінде дауыссыз дыбыстың буын ішінде буын құраушы дауыстыға қарай орналасуына байланысты буын түрлері мыналар: ашық буын және жабық буын.

Ашық буын – **V, CV, CCV** – соңы дауыстыға бітетін буындар.

Жабық буын – **VC, CVC, VCC, CVCC, CCVC** – соңы дауыссыз дыбысқа бітетін буындар.

Осы аталған буын түрлеріне нақты мысал келтірейік:

Ашық буын үлгілері – **V (а, е, ы, ...), CV (на, ла, ре, қа, та, па, ...), CCV (кра, тре, шре, ...)**;

Жабық буын үлгілері – **VC (аң, ал, ер, ақ, ат, ап, ...), CVC (қақ, тот, шат, ...), VCC (ант, арт, алп, ...), CVCC (қант, шарт, серт, ...), CCVC (крау, трек, шрак, ...)**.

Қабылданған белгілерге сай, қазақ тіліндегі буын үлгілері мыналар:

- 1) **CVCC** – (қарқ, шарт, жарқ, шерт, кент, серт, ...);
- 2) **CCVC** – (қрық, шрак, жрөк, крөк, тлек, блек, ...);
- 3) **VCC** – (ант, айт, арт, ерт, ырт, ірт, өрт, ұрт, ...);
- 4) **CCV** – (кра, кре, крө, кле, шре, тле, тре, мне, ...);
- 5) **CVC** – (тат, тэт, тет, тыт, тіт, тот, төт, тұт, түт, ...);
- 6) **VC** – (ат, эт, ет, ыт, іт, от, өт, ұт, үт, ...);
- 7) **CV** – (та, тэ, те, ты, ті, то, тө, тұ, тү, ...);
- 8) **V** – (а, ә, е, ы, і, о, ө, ұ, ү).

Міне, қазақ тілінің осылай талданған буын жүйесі біздің мектеп және университет оқулықтарында берілетін буын түрлерінен мүлде бөлек, олар орыс тіл білімінің қазақшаланған нұсқасы. Шындығында, қазақ тілінің буын жүйесі тек сегіз түрлі буыннан тұрады:

- 1) **V** – жекедауыс (бір дауыстыдан жасалған буын);
- 2) **VC** – қосдыбыс (дауысты мен дауыссыздың тіркесі);
- 3) **CV** – қосдыбыс (дауыссыз бен дауыстының тіркесі);
- 4) **VCC** – қосдыбыс (күрделі);
- 5) **CCV** – қосдыбыс (күрделі);
- 6) **CVC** – гармониялық үшдыбыс – кез-келген үндесім негізі;
- 7) **CCVC** – үшдыбыс (күрделі);
- 8) **CVCC** – үшдыбыс (күрделі).

Кейбір мамандар буынның **CCVC** үлгісі ешқандай фонетикалық үлгіге лайық келмейді, сондықтан ол жеке буын үлгісі бола алмайды, деген пікір айтады. Біз жүргізген бақылаудың нәтижесі көрсетіп отырғандай, қазақ тілінің **қырық, жырық, күрөк** сөздері **қрық, жрық, крөк** болып дыбысталады. Тіпті қалыпты сөйлеу барысында да бұл сөздердің бірінші буынының құрамындағы **ы, ү** қысаң дауыстылары толық редуциаланып, түсіп қалады. Баяу сөйлеу барысында бұл сөздерді **қырық, жырық, күрөк** түрінде айту мүмкін емес. Кейбір мамандардың пікірінше, буынның **CCVC** үлгісі тек ауызша тілге ғана қатысты, сондықтан оны жеке буын үлгісі түрінде тіл білімінде арнайы қарастыруға болмайды, деген пікір айтады. Біздің жауабымыз: қазақ тіл білімінде буын фонетиканың емес, буындық фонологияның мәселесі, ал ұлттың ауызша сөйлеу тіліне қатысты мәселенің бәрі қазақ тіл білімінің мәселесі, деп түсінеміз. Қазақ тілінде **CCVC** толық буын үлгісі басқа буын үлгілерімен тең дәрежелі және негізгі әрі ең кіші фонологиялық бірлік болып қызмет атқарады.

Дыбысталуы тұрғысынан қарағанда, кез-келген толық буын үлгісі CVC буын үлгісіндей болып дыбысталады. Оның мәні былай түсіндіріледі. Тілімізде CCVC не CVCC үлгідегі буындағы CC қос дауыссыз дыбысы қосарланған (аффрикатталған) дыбыстай болып үйлесіп кірігіп, тұтас бір дыбыстай болып айтылады. Бұл, әсіресе, қалыпты және шапшаң сөйлеу барысында анық аңғарылады. Сондықтан, тілімізде CVC буын үлгісін негізгі гармониялық үндесім, деп есептеуіміз керек.

**4. Қазақ тілі – буындық фонологиясы бар тіл.** Кез-келген буынның материалдық негізі – тіл дыбыстары. Десек те, бұл – жеткіліксіз. Сонымен қоса, буын құрамындағы барлық дыбысты тұтас буынға біріктіретін құрал – сөз тембрі қажет.

**Сөз тембрі** – қазақ тілінде (түркі тілдерінде) дыбыс тіркесінен буын, ал буын тіркесінен сөз жасайтын арнайы фонологиялық құрал. Өзінің қызметі жағынан алып қарағанда герман немесе славян тілдеріндегі "словесное ударение" секілді фонологиялық қызмет атқарады.

Қазақ сөзі – буындық құрылымы бар құбылыс. Жеке сөздің түбір, қосымша морфемалары тек буын не буын тіркесі түрінде ғана кездеседі, буын түрінде тарихи қалыптасқан. Қазақ тілі дыбыстары дара жұмсалып, жеке қызмет атқармайды. Бір дыбыс екінші дыбыспен іліктесе тіркесіп, үндесе дыбысталып буын құрайды. Дауысты дыбыстар сөз басында дара тұрып буын құра алады. Бұл – қазақ тілі дыбысының буындық қызметінің көрінісі. Жалпылама қасиет емес. Сондықтан, қазақ тілі дыбыстарының негізгі қызметі – буын құрау. Тілімізде негізгі фонологиялық қызметті буын атқарады. Бұл туралы Ә. Жүнісбеков еңбегінде баяндалған [11-13].

**1. Буын.** Қазақ тілінде буыннан және буындардың жүйелі тіркесінен сөз (морфема) жасалады. Жоғарыда айтқанымыздай, сөз жасауда буындар тіркесінде қалыптасқан заңдылық бар:

1) сөз мағынасын, құрамындағы дауысты дыбыстардың тембріне орай, оның буындық құрылымы айқындайды;

2) сөз мағынасын, құрамындағы дауысты дыбыстардың тембріне орай, оның буындық құрылымы түрлендіреді;

3) сөздің морфемалар жігін, құрамындағы дауысты дыбыстардың тембріне орай, оның буындық құрылымы ажыратады.

Жалпы, қазақ тілінде буындардан мағыналы сөз құрап, буындық өзгерістерге байланысты олардың мағынасын ажыратып, мағынасын түрлендіріп, негізгі фонологиялық қызметті атқарушы – гармонизация және температурация заңдылықтары [14]. Ал, буын (тембрема) – қазақ тілінің ең кіші және негізгі функционалды фонологиялық бірлігі [14-16].

**2. Сөз тіркесі (ырғақтық топ).** Қазақтың дәстүрлі сөйлеу тәсілінің тарихи қалыптасуына орай, сөйлеу кезінде өкпеден шығатын дыбыстау ауа ағыны айтылмақ ойдың (сөйлемнің) бір түйдегін толық айтып шыққанша жетеді. Сөйлемнің осы бөлігі – сөз тіркесі «ырғақтық топ» деп аталады. Заманында Ахмет Байтұрсынұлы келтіргендей: «айтқанда сезілетін дауыс толқынының соқпа-соқпасының арасы» – сөз тіркесінің (ырғақтық топтың, бунақтың) аралығында тыныс алу» [6]. Ырғақтық топ көп буынды жеке сөзден, біріккен не қосарланып айтылатын сөздерден және белгілі бір мағыналық немесе грамматикалық қатынаста тұрған сөздердің тіркесінен жасалады. Мысалы: жалаң сөйлемдегі бастауыш пен баяндауыш, анықтауыш пен анықталатын сөз, пысықтауыш пен пысықталатын сөз, толықтауыш пен баяндауыш, екі сөзден тұратын күрделі етістіктер, күрделі сын есімдер. Оның құрамына енетін сөздер тең дәрежелі буынға бөлініп, тұтас бір деммен, біртекті тембрмен үндесіп айтылады.

**Қазақ тілінің табиғи фонологиялық заңдылықтары.** Ұлттың табиғи сөзжасау, екі не үш сөзден сөз тіркесін жасау тәжірибесі өте келісті қалыптасқан. Ол екі заңдылыққа негізделген: гармониялау, температурациялау.

**Гармониялау** – қазақ тілінде сөзжасамның басты заңдылығы. Бұл заңдылықты алғаш аңғарған проф. Ә. Жүнісбеков. Ғалымның пікіріне сай, қазақ сөзі екі жұп – төрт тембр арқылы жасалады және ажыратылады. Олар мыналар: **жуан-жіңішке, еріндік-езулік.** Десек

те, қазақ тілінде сөз жасап, сөзден сөз ажыратуға бұл екі жұп тембрлік белгі жеткіліксіз болып шықты. Көп жылдық физиологиялық зерттеудің нәтижесінде тағы үш тембрлік белгі анықталды: **ашық-жартылай ашық-қысаң**. Бұл белгілер герман не славян тілді ғалымдар айтқандай, жақтың ашылу шамасына қарай емес, ауыз қуысында дыбыс жасайтын резонаторлық кедергінің саңылауының шамасына сай анықталады [14-18]. Гармониялау заңының қызметі – қазақ сөзінің (сөз тіркесінің) өн бойында біртекті тембр мен дауыс шамасының тұрақтылығын қамтамасыз ету.

**Темперациялау** – қазақ тілінде сөзжасамның екінші заңдылығы. Бұл заңдылықты алғаш аңғарған академик Ғ.Ә. Құлқыбаев [15-16]. Ғалымның пікіріне сай, көп буынды сөзде буынаралық үзіліс бар, герман не славян ғалымдары айтқандай, тұтас сөз болмайды. Қазақ тілінде сөздің және сөз тіркесінің дыбысталу спектрограммалары ғалымның бұл пікірін дәлелдеп шықты. Мысалы, ата-ана – [а-та-на], бала-шаға – [ба-ла-ша-ға], Нұрай – [нұ-рай], Сары Арқа – [са-рап-қа], Сары тау – [сар-тау] секілді сөз тіркестерінің дыбысталуында анық аңғарылып тұратын буынаралық үзіліс бар. Темперациялау заңының негізгі қызметі – қазақ сөзінің (сөз тіркесінің) дыбысталуында, оның өн бойында біркелкі (тұрақты) созылымдылық пен сөйлеу жылдамдығын және буынаралық үзілісті қамтамасыз ету. Міне, осы екі заңдылықтың негізінде құрылған сөз (сөз тіркесін) жасау теориясы – «қазақ тілінің буындық фонологиясы» деп аталады.

**Қорытынды.** Қазақтың дәстүрлі сөзжасам жүйесі – табиғи фонологиясы тұрақты. Оның тұрақтылығы – жүйенің тіл табиғатына толық сай құрылуында. Мысалы, қазақ сөзінің (сөз тіркесінің) жасалымы және дыбысталуы фонологиялық қызметі мен сөз просодиясы буынға (буындар тіркесіне) негізделген сингармониялық қазақ тілінің төл табиғатына сай қалыптасқан. Ал, «қазақ тіліндегі сөз екпіні» не «өлең жолындағы дыбыстар үндестігі» деген секілді тілдік мәселелер, қазақ тілінің төл табиғатына сай келмейтін, жат жұрттан телінген, жат ұғымдар.

#### **Әдебиет:**

1. Трубецкой Н.С. Основы фонологии. – Москва: ИЛ, 1960. – 371с.
2. Аванесов Р.И. Фонетика современного русского литературного языка. – Москва: Изд. МГУ, 1956. – 240 с.
3. Кузнецов П.С. Об основных положениях фонологии. /В кн.: Реформатский А.А. Из истории отечественной фонологии. – Москва: Наука, 1970. – С. 470-480.
4. Зиндер Л.Р. Общая фонетика. – Москва: Наука, 1979. – 312 с.
5. Амирова Т.А., Ольховников Б.А., Рождественский Ю.В. Очерки по истории лингвистики. – Москва: Наука, 1975. – 558 с.
6. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
7. Hockett Ch.F. Peiping phonology. //In: Readings in linguistics. I. New York: 1958. – pp. 217-229.
8. Bloch B. Studies in colloquial Japanese. //In: Readings in linguistics. I. New York: 1958. – pp. 329-349.
9. Касевич В.Б. Фонологические проблемы общего и восточного языкознания. – Москва: Наука, 1983. – 295 с.
10. Шаумян С.К. Проблемы теоретической фонологии. – Москва: Изд. АН СССР, 1962. – 194 с.
11. Джунибеков А. Просодика слова в казахском языке. – Алматы: Наука, 1987. – 91 с.
12. Джунибеков А. Проблемы тюркской словесной просодики и сингармонизм казахского языка. АДД. Алма-Ата: 1988. – 46 с.
13. Строй казахского языка. – Алма-Ата: Наука, 1991. – 128 с.
14. Кулқыбаев Г.А., Жунибеков А., Бейсетаев Р. Терминологическое обеспечение слоговой фонологии тюркских языков. //Журн. Тюркология, г.Туркестан, 2006, № 1, С. 15-24..
15. Құлқыбаев Ғ.Ә., Серғалиев М.С., Бейсетаев Р. Мемлекеттік тілдің биологиялық жаратылысы және оны сақтаудың физиологиялық, әлеуметтік, эстетикалық маңызы. /Жинақ: Академик Қайдар Ө.Т. және тіл білімінің мәселелері. Халықар. ғылым.-теор. конф. – Алматы: Дайк-пресс, 2004. – С. 390-399.
16. Кулқыбаев Г.А., Бейсетаев Р. Проблемы теории тюркской слоговой фонологии. //Ж. Тюркология, Туркестан, № 6 (20), 2005, С.12-26.
17. Кулқыбаев Г.А., Серғалиев М.С., Бейсетаев Р. Сингармонический казахский язык – главное духовное наследие прошлого. /В сб.: Третий Международный Евразийский научный форум – «Народы Евразии: культура и общество». г. Астана, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева. – Астана: Изд. ЕНУ, 2004. – С. 238-240.



18. Кулкыбаев Г.А., Сергалиев М.С., Байжанов Е.Т., Бейсетаева Ж.Р., Жаксыбекова Ж.З., Бейсетаев Р. Сингармонический строй тюркских языков. /В сб.: Материалы II Международного Конгресса Тюркологии, Часть I. – Туркестан: Изд. Х.А. Яссауи университета, 2006. – С. 419-429.

## БАШКИРСКИЕ ДИАЛЕКТАЛЬНЫЕ ФИТОНИМЫ, ОБРАЗОВАННЫЕ ПУТЕМ МЕТАФОРИЧЕСКОГО ПЕРЕНОСА

Валиева М.Р.,  
Институт истории, языка и литературы УНЦ РАН,  
Уфа, Башкортостан, Россия.,  
[valieva\\_1979@list.ru](mailto:valieva_1979@list.ru)

Сбор диалектной лексики башкирского языка осуществлялся в течение прошлого столетия. В результате целенаправленной кропотливой работы башкирские диалектологи опубликовали богатый лексический материал живой речи башкир по трём диалектам: *южному, восточному, северо-западному*. В 2002 году издан сводный «Диалектологический словарь башкирского языка». В данный сводный диалектологический словарь вошли интересные наименования флоры и фауны, которые возникли чисто в башкирской почве. Исходя из вышеизложенного основная цель данной статьи заключается в семантическом анализе и представлении сложных диалектных слов, образованных путем сложения названий копытных животных в сочетании с другими апеллятивами. В словаре насчитывается более 100 лексических единиц, образованные по структурной модели *зооним + апеллятив*, где зооним носит атрибутивный характер. В нашем случае мы собрали фитонимы, связанные с названиями копытных животных. Например, трава мать-и-мачеха имеет варианты *ат тоягы* (сред., каридел.), досл. *копыто лошади* или *колонтояк* (гайн.) досл. *копыто жеребца*. Однако в башкирском литературном языке, а также в учебниках по ботанике, окружающему миру данное травянистое растение называется *үгәй инә үләне*, т.е. название калькировано с русского языка. Общеизвестно, что калькирование – это способ передачи понятия путем буквального перевода слова или словосочетания.

Обратите внимание на другое сложное диалектное слово *тукалбойзай* (демск., сакмар.) ‘безостая пшеница’ (досл. *камолая корова + пшеница*) наблюдается исключительно в двух говорах и является собственно башкирским апеллятивом, а в литературной форме башкирского языка употребляется калькированный вариант русского названия *кылсыкһыз бойзай*. Сорт пшеницы *тукалбойзай* мотивирован его внешними признаками и формой, т.е. народное название образовано метафорическим способом номинации. Подобных примеров можно приводить множество. Порой сложные диалектные слова, образованные метафорическим способом поражают большой синонимичный ряд одного и того же растения. Так, полевой цветок незабудка имеет несколько башкирских диалектных названий: *күгәрсен күзе* или *кәжүк күзе* и т.п. Дословный перевод наименования данного полевого цветка на другие языки представляет уподобление самого реального объекта глазами голубя или кукушки. Несмотря на обилие метафорических названий литературной формой слова стали калькированные названия. Например, *ат кузгалагы* является калькированным вариантом русского ‘щавеля конского’. В говорах имеет разные наименования с компонентом *ат* ‘конь’: *ат койрого, аткойрок* (каридел.) досл. *конский хвост*; *ат колагы* или *атколак* (сред., дим), *этколак* (сред. ик-сакмар.) досл. *конское ухо* и т.п. Также *молочай кобылий* называется по-разному в говорах башкирского языка: *кәзә һакалы* (сред., кизил., ик.-сакмар., айск.) досл. *козьей борода*; *кәзә мөгөзө* (сакмар.) досл. *козьей рога*; *бейә һөтлөгәне* (лит.) досл. *кобылий молочай* и т.п. варианты.

Следует отметить, что подобные устойчивые атрибутивные словосочетания образуют семантическое единство и выполняют в языке номинативную функцию. См. примеры:

*ат борсағы* (миас., сред.) ‘вика’ досл. *конский горох*;  
*үгез борсағы* (каридел.) ‘алтея’ досл. *бычий горох*;  
*ат йыуаһы* (кизил.) ‘лук линейный’ досл. *конский лук дикий*,  
*һыйыр теле* ‘один из видов папоротника’ – досл. *коровий язык*;  
*һыйыр койроғо* или *һыйырғойрок* (сред.) ‘коровяк’ досл. *коровий хвост*;  
*үгез күтәне* (сев.-зап.) ‘одуванчик’ досл. *бычая прямая кишка*,  
*дәйә аяғы* (миас.) ‘верблюдка’ досл. *верблюжья нога*;  
*һарык йыуаһы* (кизил., ик.-сакмар., айск.) ‘лук горный’ досл. *овечий лук*;  
*кәзә һуганы* (кизил.) ‘козлец мягкий’ досл. *козий лук*;  
*һарык тубырығы* (миас.) ‘один из видов саранки’ досл. *овечья шишка* и т.п.

В «Русской диалектологии» под редакции Л.Л. Касаткина отмечено, что сложные слова, имеющие две или более мотивирующие основы, представлены в диалектном языке довольно широко. Они образуются всеми известными литературному языку способами и характеризуют в диалектном языке почти все знаменательные части речи [4, с. 156]. В данном случае башкирские диалектные сложные слова представлены с подчинительным соотношением основ существительных. Опорный компонент равен самостоятельному слову и может быть выражен любым названием копытных животных. Вторым компонентом сложноструктурных фитонимов часто выступают названия их частей тела. По семантическому анализу вышеприведенных названий можно отметить, что именно кочевой народ может придумать такие специфичные фитонимы, мотивированные на образном мышлении, т.е. ассоциированное через призму своего традиционного образа жизни. Лексико-семантический анализ диалектных слов, объединенных по принципу логико-предметной (логико-понятийной) общности, позволяет раскрыть закономерности языкового развития и установления этимологии терминов.

В заключении отметим, что метафорические наименования составляют значительную часть сложноструктурных башкирских фитонимов, которые возникли в собственно языковой почве как народная терминология. Некоторые из них составляют целый ряд национально-культурных лексем, не имеющих аналогов в других тюркских языках. В целом, национально-специфичные представления башкир о растительном мире и их концептуализация окружающей действительности отражаются в способах номинации, подчёркивая традиционный кочевнический образ жизни.

#### **Литература:**

1. Диалектологический словарь башкирского языка. – Уфа, 2002. – 432 с.
2. Валиева М. Р. Диалектные сложные слова, образованные по схеме этноним+апеллятив // Актуальные проблемы диалектологии языков народов России. – Уфа, 2017. – С. 66-68.
3. Валиева М. Р. Этноним татар в составе фитонимов // Актуальные проблемы современной татарской филологии. – Уфа, 2017. – С. 13-16.
4. Русская диалектологии. Под ред. Касаткина Л.Л. – М., 2005. – 288 с.

## ЭПОСТЫҚ ЖЫРЛАРДАҒЫ ӘЙЕЛДЕР БЕЙНЕСІ (лингвостилистикалық талдау)

*Джусупова Ж.,  
магистрант,*

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
Астана, Қазақстан,  
[jaina-12@mail.ru](mailto:jaina-12@mail.ru)*

### **Резюме**

В данной статье приводится подробный лингвостилистический анализ, проведенный образу женщин в эпосах казахского народа. Наряду с этим был проведен анализ стилистической функции некоторых лингвистических единиц лингвистики на основании выводов, взглядов видных отечественных ученых и других представителей лингвистики. Отмечу, что в этой статье эпосы важно рассмотреть в лингвистическом аспекте.

### **Summary**

This article provides a detailed linguistic analysis of women in the epics of the Kazakh people. Along with this, an analysis was made of the stylistic function of some linguistic units of linguistics on the basis of the conclusions, views of prominent domestic scientists and other representatives of linguistics. I note that in this article of the epic it is important to consider in a linguistic aspect.

Эпос – ұлттың бай мұраларының бірі. Кез-келген халықтың ұлттық ерекшелігін танытатын құнды қазынасы. Эпос тілін лингвистикалық аспектіде зерттеу бүгінгі күннің келелі мәселелерінің бірі болып табылады. Сұлулық, әсемдік, әдемілік символы болған әйелдер бейнесі туралы сөз қозғағанда, әрбір ұлттың әдемілікті сезінуі мен әсемдікті қабылдауында өзіндік ерекшелік болатынын естен шығаруға болмайды. Мәселен, әр халықтың ауыз әдебиетінде, поэтикалық шығармаларында әйел сұлулығын, кескін-келбетін мүсіндеуге арналған туындылар баршылық. Әрбір ұлттың әйел сұлулығына байланысты ұғым түсініктері де түрліше болып келеді.

Эпостық жырлар мәтініндегі әйелдер бейнесін суреттеуде ұлттық бояуы басым тілдік құралдардың бірі – теңеу. Теңеу – ерекше стилистикалық тәсіл, мәтінде көрнекті орын алатын әсерлі сөз. Әсерлі сөз стилистика ғылымында эмоционалды-экспрессивті лексикаға да және көркем ойға, мазмұнға құралған сөйлемге де байланысты айтылады. Теңеудің семантикалық-стилистикалық мәнін айқындайтын амалдардың қатарына метафора, эпитет, метонимия, синекдоха, гипербола, синоним, теңеулерді жатқызады. Теңеулер эпостық жырлардағы актив түрде қолданылатын лексикалық бірліктер болып табылады. Эпостық мәтіндердегі әйел образын жасайтын әрбір құралдың стильдік маңызы зор. Теңеу табиғатын жете зерттеген ғалым Т.Қоңыров: «Теңеу – көркем ойлаудың ұлттық ерекшеліктері жинақталған, дүниетанымның ұлттық өзгешеліктері бас қосқан категориялардың бірі. Сондықтан да теңеуді таным құралы ретінде философияда, стильдік әдіс ретінде әдебиеттану ғылымында, тілдің бейнелі конструкциясы ретінде тіл білімінде зерттейді» [1, 4 б], - дейді. Теңеулер бір затты екінші затқа теңестірудің нәтижесінде пайда болады және стилистикалық тұрғыда теңеу сөздерде стильдік реңк басым болады. Мысалы:

Назым Ақжүніс

1) Белсенсе білек көрінер

Сырдың құба талындай.

Торғын балтыр көрінер

Ақ киіктің таңындай.

Қасы қара көрінер

Құралайдың теңіндей.

Екі емшегі көрінер

Сау қайыңның безіндей

Ғашықтықтың зарпынан

Тоқиды өрмек ерінбей

2) Балалы қаздай байпаңдап,

Дуадақ құстай жайқандап 1) Шашын дәнгерменен тараған, Бектер мінген бедеудей, Бауырынан жараған, Бет-ажарын қарасаң, Жазғы түскен сағымдай, Ет ажарын байқасаң, Терісінен айырған, Жарма бидай ақ ұндай. Қасы саржадай керілген, Кірпігі оқтай тігілген,

Гүлбаршын Құртқа

Түрегеп күйеу ізет қып,

Қыздарға төрден жай берді.

Гүлбаршын сұлу айдай боп,

Қысыр емген тайдай боп,

Оң жағына барды енді. Саулы інгендей ыңқылдап, Күшігендей сыңқылдап, Сүмбіледей жылтылдап...

Қазақ халқының тілдік қолданысындағы теңеулер көбіне өзінің тұрмыс-тіршілігіне, таным-түсінігіне жақын дүниелерді негізге ала отырып жасалынады. Жыр жолдарындағы теңеулердің басым көпшілігі төрт түлік малды, өсімдіктерді, аспан әлемінің бөлшектерін негізге ала отырып жасалынған. Жоғарыдағы мысалдар да соның бір ғана көрінісі. Мысалы:

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: «құба тал (бот) – сабағы жіңішке, әрі майысқақ боз түсті тал» [4, 531 б ] деген түсініктеме беріледі. Қыздың сымбатын суреттеуде халық теректей, қарағайдай деп емес, талдың сыртқы бейнесіне, жіңішкелігіне қарап қыз баланың сымбатын суреттеген. Мұндай көріктеу құралдарының қыз балаға қатысты ғана айтылады. Халық тіліндегі тал атауларына қатысты ер адамды бәйтерекке, әйел адамды құба тал, терекке теңеуінің өзі ассоциация туғызудан пайда болғанын байқаймыз. Эпос мәтінде кездесетін мұндай теңеулердің семантикалық-стистикалық тұрғыда маңызы зор.

Назым арудың жүрісін сипаттауда жыр жолдарында қолданылған «балалы қаздай байпаңдау» тіркесі стильдік тұрғыда жырдың бояуын арттыра түскен. Қыз баланың еркелігі, табиғатына тән жүріс-тұрысын суреттеуде жай ғана қаздың емес, балалы қаздың жүрісіне ұқсата суреттеуінің өзі стильдік тұрғыда әсерлі образды көз алдымызға әкеледі. Ескере кететін бір жағдай, бір ғана «қаз» сөзінің өзі әр халықтың көркем туындыларында әртүрлі стильдік мақсатта жұмсалыады. Бір халықта жағымды образ тудыратын сөз ретінде жұмсалса, енді бір халықта жағымсыз образ тудыруы да мүмкін. Мысалы, орыс халқында «қаз» сөзі «гусиная походка» деген тіркеспен келіп шығармада жағымсыз бейнені көрсету үшін қолданылса, ал қазақ халқында қыз баланы суреттеуде «қаз» сөзін жағымды образ тудыру үшін қолданады. Мысалы: қаздың жұмыртқасындай аппақ, аяғын қаздай басып, қазда балпаңдап, қаз мойын т.б. Сол тәрізді Назымның бейнесін беруде қолданылған «қаз» сөзі негіз болған тіркестің стильдік қызметінен бөлек, берер мағынасы да өзгеше екендігіне жоғарыдағы мысал дәлел бола алады.

Эпостық жырлар мәтіндегі әйел бейнесін суреттеуде ең бір көркем тәсілдердің бірі – шендестіру. Эпостық жырдағы арулардың портретін беру тәсілі ретінде шендестірудің стильдік қызметі де ерекше. Мысалы:

АҚЖҮНІС НАЗЫМ

Бұқар барсаң, қолаң бар,

Қолаңды көр де, шашым көр!

Зергер барсаң қасына,

Алтыннан соққан түйме бар,

Түймені көр де, басым көр.

Молдаға барсаң қасында

Қиюы жатқан қалам бар,

Қаламды көр де, қасым көр!

Емран барсаң, пісте бар,

Пістені көр де мұрным көр!

Һәр шаһарға қарасаң,

Құрулы тұрған күзгі бар,

Күзгіні көр де, көзім көр.

Самарқан барсаң, сандал бар,  
Сандалды көр де, тісім көр!  
Ұсталар барсаң қасында  
Тартулы жатқан сымдар бар,  
Сымды көр де, қолым көр!  
Тоғайға барсаң тоғайда  
Домаланған қоян бар,  
Қоянды көр де, жоным көр!  
Қара жерге қар жауар,  
Қарды көр де етім көр!  
Қар үстіне қан тамар,

Қанды көр де, бетім көр! Қайырылып бермен кел, кедей, Жүзімді, кедей, көр кедей. Қаламменен жазылған Қарақат көзді қасым көр. Қолыңа майда етпесе, Жібекті көрде шашым көр. Алтыннан соққан зер көрдің Түймесін көр де, басым көр, Меруертті көр де, тісім көр. Алтын шатыр ішінде Ғажаптан көрген ісім көр. Жер үстіне қар жауса, Қарды көр де, етім көр. Өар сүтіне қан тамса, Қанды көр де, бетім көр.

Жыр жолдарындағы қолданылатын әрбір тілдік құрал оның стильдік қуатын, нақышын арттыра түседі. Әсіресе, эпостық жырлардағы әйелдер бейнесін суреттеуде өте жиі ұшырасатын стильдік амалдардың бір түрі – лексикалық қайталамалар. Қайталамалардың лингвостилистикалық табиғатына терең үңілген ғалым Р.Сыздық: «Орыс тіл білімі мен әдебиет теориясында «повтор» деп аталатын құбылысты бізде көбінесе «қайталау» деп алып жүр. Сірә, қайталау «повторение» – қимыл есімінің атауы, ал қайталама – абстракт есім атауы – термин болмақ. Шығарма тілін көріктеуде қайталама құбылыс өте ұтымды, әсерлі тәсіл қатарынан табылады. Ол стильдік категория қатарына жатады» [2, 87],-дейді. «Ер Тарғын» жырындағы «қолаң бар, түйме бар, қалам бар, пісте бар, күзгі бар, сандал бар, сымдар бар, қоян бар» деген тіркестердегі «бар» сөзі жыр соңында бірнеше қайталанып келіп жырдағы әйел бейнесінің сұлулығының, әсемдігінің бірінен кейін біріне ұласып суреттелуіне негіз болып отыр. Сол тәрізді мұндай қайталамалар «Қамбар батыр» жырындағы Назымның портретін бейнелеуде де «қасым көр, шашым көр, басым көр, тісім көр, ісім көр, етім көр, бетім көр» сияқты тіркестер құрамындағы «көр» сөзінің қайталануы арқылы кездесіп отырады. Сондай-ақ қайталамалар жыр соңында ғана емес, жырдың басында да жиі ұшырасып отырады. Мысалы, жоғарыдағы мысалдардан байқағанымыздай «қолаң, түйме, қалам, пісте, күзгі, сандал, сым, қоян, тоғай» сөздері осының көрінісі.

Эпостық жырлар – ұлтымымыздың ауыздан-ауызға тараған фолькорлық туындыларының бір түрі. Осыған байланысты эпостық жырлардан әйелдер бейнесін суреттеуде тілдің пассив қабатындағы бірліктерді жиі кездестіреміз. Ғалым Р.Сыздық: «Қазақтың ауыз әдебиеті мен тілінде, жырларда ескі тұрмыс-салтқа байланысты өткен ғасырда өмір сүрген ақын-жазушылардың бұл күнде ұмыт бола бастаған немесе мүлде ұмытылған, я болмаса мағынасы өзгерген сөздер мен сөз тіркестерінің кездесуі табиғи құбылыс» [2, 5],- деп көрсетеді. Сөздік қордағы көнерген сөздердің стильдік қызметі олардың жыр мәтінінде көркем бейнені жасау және кейіпкерге тілдік мінездеме беру кезінде байқалады. Көнерген сөздердің мұндай қызметін тек жырлардың стильдік бояуын арттырушы құрал ретінде ғана емес, сондай-ақ ұлттық мәдени кодымызды бойына жинақтаған ұлттық маркерлер ретінде де қарастыруымыз қажет. Әйелдер бейнесін суреттеуде де қолданылатын көнерген сөздер образ жасаумен қатар, сол заманның көрінісі туралы да ақпарат береді. Мысалы, Ақжүністі суреттегенде:

Шашын дөңдерменен тараған,  
Бектер мінген бедеудей,

деген жолдардағы «дөңдер», жырдың кейбір варианттарында «дындан» деп көрсетіледі. Р.Сыздық «Сөздер сөйлейді» еңбегінде: «Батырлар жырындағы сұлу қыздың образын бергенде, оның шашын дынданмен тараған деп келеді. Мұндағы дындан сөзі «тарақ» дегенді білдіреді, бірақ мал мүйізінен жасаған жай тарақ емес, піл сүйегінен жасаған қымбат әсем

тарақ» [3,73] деген түсініктеме береді. Ол заманда «дындан» пілдің сүйегінен жасалынатын дүние болғандықтан арнайы тапсырыспен алынатын, екінің бірінде бола бермейтін зат екені белгілі. Ақжүністің осындай заттың иесі болуының өзі, оның да көптің арманы, екінің бірі қолы жете бермейтін ару екендігін көрсетеді. Осы бір көнерген сөздің астарындағы мағынаның өзі жыр жолдарының стильдік әлеуетін арттыра түскен. Ал келесі жолдардағы:

Қасы саржадай керілген,  
Кірпігі оқтай тігілген...

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: «Саржа – сүйектен әшкейленген әдемі садақ» [4, 710] деген түсініктеме беріледі. Бұл сөздің әйел образын жасауда қолданылуы заңды, өйткені кез-келген халық танымы мен тұрмыс-тіршілігіне жақын сөздерді әр уақытта тілге тиек етіп отырған.

Ал, Назымның бейнесі жыр жолдарында:  
Табаны жерге жетпеген,  
Маңдайы күнге күймеген.  
Күймеден басқан нәрсеге  
Жорға екен деп мінбеген.  
Торқадан басқа киімді  
Тон екен деп кимеген.

Бұл жыр жолдарында қолданылған «табаны жерге жетпеу, маңдайы күнге тимеу» сияқты гипербола арқылы берілген образдың әсерлілігін жыр жолдарында «күйме, торқа» сияқты көнерген сөздер арттыра түскен. Бұл сөздер бір жағынан Назымның сол заманның дәулетті қауым өкілі екендігін көрсетсе, екінші жағынан оның паңдығын, кірпияздығын асыра суреттеуде, жырдың стильдік бояуын асыра түсуде таптырмас тілдік құралдар ретінде пайдаланылған.

Батырлар жыры – халқымыздың бай мұрасы. Ол қай қырынан болса да зерттеп-зерделеуді қажет етеді. Эпостық жырларды лингвостилистикалық талдау оның тек қана бір бағытта ғана ашып көрсете алады. Эпостық жырлардағы әйелдер бейнесін ашуда қолданылатын стилистикалық амал-тәсілдер өте көп. Оларды жан-жақты талдап, ондағы қазақ әйелінің бейнесін тұтастай ашып көрсету болашақтың еншісінде екені сөзсіз.

#### **Әдебиет:**

1. Қоңыров Т. Теңеулер табиғаты. Оқу құралы. – Алматы: Алаш баспасы, 2005. – 512 б.
2. Сыздық Р. Сөздер құдіреті. – Алматы: Санат, 1997. – 224 б.
3. Сыздық Р. Сөздер сөйлейді. – Алматы: «Ел-шежіре», 2014. – 412 б.
4. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 677 б.
5. Бабалар сөзі: Жүз томдық. т.44. – Астана: «Фолиант», 2007. – 496 б.
6. Бабалар сөзі: Жүз томдық. т. 34. – Астана: Фолиант, 2006. – 384 б.
7. Бабалар сөзі: Жүз томдық. т.38. – Астана: Фолиант, 2006. – 336 б.
8. Бабалар сөзі: Жүз томдық. т. 43. – Астана: Фолиант, 2007. – 416 б.

## **ТАРИХИ ЭПОСТАРДАҒЫ ТҰРАҚТЫ ОБРАЗДЫ ҚҰРЫЛЫМДАР**

*Еспекова Л.Ә.,*

*филология ғылымдарының кандидаты, профессор,  
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
Астана, Қазақстан,  
[espekova@bk.ru](mailto:espekova@bk.ru)*

#### **Summary**

The article states one of the historical heritage of our people, the linguistic peculiarity of historical epics. The nature of the use of permanent image structures in historical epics is analyzed thoroughly.

Халқымыздың мәдени мұраларының бірі – тарихи жырлар. Тарихи жырларда да бірнеше ғасырлар бойы жинақталған халық тілінің байлығы жатыр. Бұл жырларды халықтың дәстүрлі мәдениетінің жалғасы деп тануға болады. Тарихи эпостар халық өмірінің тұтас бір кезеңдерімен, оның тұрмыс-тіршілігімен, тарихымен тығыз байланысты. Ол «халық өмірінің маңызды кезеңдеріне арналған... Тарихи жыр – түптеп келгенде батырлық жыр мен тарихи өлеңнің аралығындағы жанр» [3; 167].

«Тарихи жыр» («исторический джир») терминінің қолданылуы, оның зерттелуі Ш.Уәлиханов еңбегінен басталады. «Халқымыздың ұлы перзенті Шоқан Уәлиханов фольклорлық тарихи шығармаларды жинап, олар туралы аса маңызды пікір айтып, зерттеулер қалдырғаны белгілі. Мәселен, ол «Ұлы жүз қазақтарының аңыздары мен әңгімелері» атты еңбегінде қазақ фольклорында тарихи элементтің ерекше орын алатынын айтады. Сондықтан да ол шежірені аңыз-әңгіме деп фольклорлық тарихи шығарма ретінде қарайды. Демек, Шоқан – қазақ фольклорында тарихи аңыз бен әңгімелердің бар екенін бірінші болып байқаған зерттеуші. Шоқан бірталай еңбектерінде өзі жазып алған эпикалық түрдегі тарихи фольклордың нұсқаларына ғылыми талдау берген деуге болады» [3; 168].

Демек, тарихи эпостардың жинақталуы, қағаз бетіне түсуі он тоғызыншы ғасырдан басталады. Сол сияқты В.В.Радлов еңбегінде де «Аңыздар, тарихи жырлар» деген тарауында «Абылай хан», «Абылай ханның жырының басы», «Кенесарының өлеңі», «Кенесары жырының бірнеше ауызы» секілді жырлар кездеседі [4].

Жиырмасыншы ғасырдың басында шыққан еңбектерде де тарихи жырлар туралы мәліметті кездестіруге болады. А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышында»: «Тарихи жыр деп тарихта бар, мағлұм уақиғалар турасында өлеңмен шығарған сөздер айтылады. Қазақта өз тілінде жазылған тарих болмағанмен, қазақта болған уақиғалар, қазақтан шыққан адамдар турасында басқа жұрттардың тарихында жазылған мағлұматтар бар, халықтың өзінің есінен кетпеген, қазақ басынан кешірген уақиғалары толып жатыр. Солар туралы өлең етіп шығарған сөздер болса, солар тарихи жыр болады» дейді. Оған «Орақ-Мамай», «Абылай», «Кенесары-Наурызбай», «Ерназар», «Бекет» секілді жырларды жатқызады [1; 417].

С.А.Қасқабасов, Ж.Ә.Аймұхамбеттің «Қазақ фольклоры» деген еңбегінде тарихи эпостарды Қазақ хандығының қалыптасуымен байланыстыра отыра, оларды «мемлекеттік эпос» деп атайды. «... мемлекетке дейінгі эпоста батырлар тек өз руы мен тайпасының тәуелсіздігін қорғайды, өйткені барлық ру мен тайпаны біріктірген мемлекеттің атынан сөйлеп, бүкіл елді басқаратын адам жоқ. Сондықтан ол кездегі эпостың батырлары жеке жүреді, жаумен жеке шайқасады, оның үстінен қарайтын, жалпыға бірдей билік жүргізетін әмірші жоқ, батыр ондай адамды білмейді. Бұл эпоста күллі мемлекетті билейтін хан жоқ, оның дұшпанға қарсы бірігіп шығатын батырлары, жасақтары да жоқ. Мұның бәрі кейін, мемлекеттік эпоста көрініс табады. Бұл үрдісті Қазақ хандығы тұсында туған эпостан көруге болады. Эпостың бұл түрі «тарихи жыр» деп аталады. Демек, бұл «мемлекеттік эпос» санатына жатады. Мұнда бүкіл халықты басқарып, билік жүргізіп отырған басшы бар, оның маңайына топтасқан, қажет болса, оған қызмет ететін, оның бұйрықтарын орындайтын батырлар болады» [3; 137].

Тарихи жырлардың ерекшелігі, ондағы оқиға сол кезеңдегі тарихи жағдаймен тікелей байланысты болып келеді. Мысалға, «Абылай хан» жырында Абылайдың бейнесі тарихтағы бейнесімен толық сәйкес келеді. Оның өмірге келуі, басынан өткен түрлі жағдайлар, «Сабалақ» атануы, хан болуы, қасындағы батырлары – бәрі тарихта болған оқиғалар, тұлғалар.

Жалпы тарихи жырлар тілі қазіргі әдеби тілмен тікелей байланысты. Бұл тарихи эпостар қазіргі әдеби тіліміздің негізгі арналарының бірі болып табылады. Тарихи эпостар халықтың тарихымен байланысты болғанымен, ол да көркем туындыға жатады. Сондықтан тарихи жырлардағы сюжеттерде, оның құрылымында, кейіпкерлерді суреттеуде де халық фольклорына тән тұрақты образды құрылымдарды кездестіруге болады.

Абылай ханның бейнесін беруде теңеу түрінде берілген образды суреттер жиі ұшырасады:

Ақ сұңқар құстай түледің,  
Тоятың сенің қанған соң,  
Алыстан тоят тіледің [2; 138].  
Темірбай қайран қалды сөздеріне,  
Жарқ еткен нажағайдай көздеріне... [2; 29-том].  
Сабалақ батасын ап атқа мінді,  
Қолына жарқылдатып қару ілді.  
Жас батыр жалаңдаған арыстандай [2; 29-том].  
Сымбатты сұлу дене, ірі сүйек,  
Тұлғасы жұмыр біткен бейне діңгек. [2; 29-том].

Жоғарыда берілген өлең жолдарында Абылайды бірде ақ сұңқар құсқа теңесе, бірде арыстанға, бірде көзін нажағайға, тұлғасын діңгекке теңеу байқалады. Жырларда кейіпкерді жай бір затқа теңеу ғана емес, бейнелі сурет түрінде беру басым болып келеді.

Сонымен қатар жырда эпитеттік қолданыстар да жиі кездеседі:

Қайратын жас қыршынның көрсеңіз деп.  
Ершікеш, өжет мінез бала екен  
Керейден жанға тартты Жәнібекті,  
Туысы жаннан бөлек, заты текті.  
Нұсқасын көрген жанның көзі тояр,  
Шой желке, шойын дене, жуан мықты.  
Есіктей кең кеуделі кере құлаш,  
Кең иық, қақпақ жауырын, тайқазан бас.  
Қол-аяқ бұлшық еті бөлек-бөлек,  
Қол тисе білінеді бейне бір тас.  
Қап-қара кішкене көз, жалпақ бетті,  
Қыр мұрын, шықшыты кең қалың етті.  
Аппақ тіс қолдан тізіп қалағандай,  
Селдір мұрт, қалың ерін, сақалды епті. [2; 29-том].

Жырда эпитеттер бейнелі суретті беру құралы ғана емес, кейіпкердің тұлғасын айқындаушы құрал ретінде де қызмет атқарады. Жалпы тарихи эпостарда кейіпкердің тұлғасын сипаттайтын эпитеттер жиі кездеседі. Мысалы, Бөгенбай батырдың бейнесін беруде де поэтикалық эпитеттер қолданылған:

Бөгенбай дәу кісі екен ұзын бойлы,  
Қарасұр, қыр мұрынды, ойлы көзді.  
Иегі ұзын, көзі өткір, биік қабақ,  
Кесек дене көргеннен көзге толды.  
Салалы жұмыр келген ұзын саусақ,  
Ауыр жүк зор денесі атқа салмақ.  
Айбарлы дауысынан жер сілкінер...  
Адамды тік қараса сескентеді,  
Тік біткен қара қасы едірейе.  
Бақандай саусақтары сала-сала,  
Бұлшық ет жуан сіңір дара-дара.  
Тұтқасы болса жерді иіргендей,  
Мықты бел, қарулы қол елден ала.  
Қарасұр адам екен түсі суық,  
Айбаты шошытардай келсе жуық.  
Күшіне ақылы сай тым кемеңгер,  
Атадан жаралған ол үздік туып.  
Эпитеттің бұл қызметін Жәнібектің көк дөненін сипаттауда да байқауға болады:



Мінері – көк дөнені таңдап малдан,  
Қолқа сап нағашыдан сұрап алған.  
Салқы төс, орақ мойын, томаға көз,  
Жоқ еді көңілі қалған жануардан.  
Шелек танау тау желін тартса жұтар,  
Ысқырса екпінінен үй құлатар.  
Кең сала, бауыры жазық, жұмыр тұяқ,  
Жан шықпас шауып кетсе оған шыдар.  
Желіп кетсе басады желмаяны,  
Өр, еңіс талғамайды тау, даланы.  
Адыр-адыр таулардан шауып өтсең,  
Терді қойып, білінбес бусанғаны.  
Мінсе мықты жануар жуан, жуас,  
Адымы аттағанда алты құлаш.

Тарихи эпостардың сюжеті тарихта болған жағдайлармен байланысты дамығанымен, тарихи тұлғаның қоғамдағы рөлін, орнын сипаттауда фольклор тіліне тән бейнелі көркемдік тәсілдер пайдаланылады. Мысалға, «Арқалық батыр» жырынан да осындай тұрақты бейнелі суреттерді кездестіруге болады.

Үстінде көкжал аттың күндей күліп,  
Арқалық сусын жұтты іркілдеген. [2; 27-том]  
Екенсің бейнең біткен арыстандай,  
Не деймін бұл жерде сөз жарысқандай.  
«Асқанға—тосқан» деген тәмсіл сөз бар,  
Болармыз ұзамай-ақ табысқандай. [2; 27-том]  
Талайлар жығылды аттың жалын құшып,  
Кейбірі үріккен қойдай кейін қашып.  
Қырандай түлкі көрген көктен самғап,  
Өкшелеп Көкжал атпен келем басып. [2; 27-том]  
Тарихи эпостар тілінде жиі кездесетін бейнелеу тәсілдерінің бірі – метафора.  
Қазір ел Абылай деп атап кеткен.  
Сарыарқа қасиетті туған жерім,  
Қандасым Әбілмәмбет асқар белім [2; 29-том].  
Күш – тентек, қазан бұзар, ақыл аға,  
Күшке сенген ақылға болар доғал [2; 29-том].  
Абылай – ортадағы алтын қазық,  
Құп тыңдап құлақ салар сөздеріне [2; 29-том].

Жырдағы метафоралық қолданыстар бейнелік тудыру амалы ғана емес, экспрессивті-эмоциялық бояуы басым тәсіл болып табылады.

Тарихи эпос тілінде ханның, оның жанындағы батырлардың бейнесі сыртқы жаулармен күрес негізінде көрінеді, ал олардың мінез-құлқы, бойындағы ерекше қасиет тұрақты эпикалық құрылымдар арқылы ашылады. Тарихи эпостар тілінде әскери лексикаға қатысты қолданыстар да жиі кездеседі. Жырларда соғысқа қатысты тіркестердің, қару-жарақ атауларының жиі қолданылуы олардың батырлар жырына жақындығын да танытады.

С.А.Қасқабасов, Ж.Ә.Аймұхамбет еңбегінде: «Бұл жырлардың бұрынғы батырлық эпостан бірнеше өзгешелігі бар. Біріншіден, бұл шығармалар оқиғалардың ізі онша суымай тұрғанда пайда болды; екіншіден, сол себепті оларда шындыққа жақындық басым; үшіншіден, бұл жырларда әсірелеу едәуір аз, ал мифтік, я болмаса қиял-ғажайыптық белгілер жоқтың қасы; төртіншіден, тарихи жырларда кейіпкерлердің кейбір кездерде көрсететін өзіне ғана тән мінез-құлқы көрініс беріп қалады, яғни батырлар бұрынғыдай аса дәріптелмейді, олардың образы өз прототипіне жақынырақ; бесіншіден, бұл туындыларда батырлар ру мен тайпа үшін емес, бүкіл қазақ үшін күреседі, қазақ жерін, мемлекетін азат ету үшін соғысады. Бұл – ең басты ерекшелігі; алтыншыдан, батырлар бұрынғыдай жеке-жеке,

өз бетінше жауға шаба бермейді, олар мемлекет басшысы – ханның маңайына топтасып, оның бұйрығымен соғысқа аттанады. Бұл да мемлекеттік эпостың айырықша белгісі» деп атап көрсетеді. [3; 21].

Тарихи эпостардың батырлар жырынан ерекшеленетін белгілері болғанымен, бұл да фольклорлық элементтері басым жырлар қатарына жатады. Тарихи эпостар – лексикалық қабаты бай, стильдік әлеуеті мол мәдени мұра. Сондықтан оны зерттеу, саралау бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі болып табылады.

**Әдебиет:**

1. Байтұрсынұлы А. Ақ жол. – Алматы: Жалын, 1991.
2. Бабалар сөзі. – Астана, 2014, 27-29 том.
3. Қасқабасов С.А., Аймұхамбет Ж.Ә. Қазақ фольклоры. – Астана, 2017.
4. Радлов В. Алтын сандық. – Алматы: Ана тілі, 1993.

## **ЕЛІКТЕУІШ СӨЗ+КӨМЕКШІ ЕТІСТІК ҮЛГІСІНДЕГІ ҚҰРАНДЫ ЕТІСТІКТЕРДІҢ СИПАТЫ**

**Жағыпарова Ж.С.,**

*магистрант,*

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,*

*Астана, Қазақстан,*

[zhanar\\_89.89@mail.ru](mailto:zhanar_89.89@mail.ru)

**Резюме**

В статье представлены способы и специфика образования составных глаголов. Рассмотрев различные модели данных глаголов, были выявлены особенности как в структуре, так и в лексико-семантическом значении составных глаголов. Рассмотрен ряд вспомогательных глаголов, которые наиболее часто используются в образовании составных глаголов в казахском языке.

**Summary**

The article presents the ways and specifics of the formation of compound verbs. Having examined various models of these verbs, specificities were revealed both in the structure and in the lexico-semantic meaning of compound verbs. A number of auxiliary verbs are considered, which are most often used in the formation of compound verbs in the Kazakh language.

Қазіргі қазақ тіліндегі күрделі етістіктердің бірі – құранды етістіктер туралы зерттеу еңбектері біршама. Олар есім сөздер мен еліктеуіш сөздердің көмекші етістіктермен тіркесуі арқылы жасалады. Құранды етістіктер басқа етістіктерден құрылымы жағынан ерекшеленеді. Қазақ тіл білімін зерттеуші ғалымдардың еңбектерінде де зерттеу нысанына алынып, қарастырылған. Құранды етістіктердің әр сыңарының қолданылу ерекшелігі де бар. Көмекші етістіктердің құранды етістік жасаудағы маңыздылығы олардың өнімді түрлерінің айқындалуына негіз болды. Қазақ тілінде есім сөздердің көмекші сөздермен тіркесуі арқылы жасалған құранды етістіктер саны жағынан әлдеқайда басым. Десек те, еліктеуіш сөздердің тіркесуімен жасалған құранды етістіктер қатары да көп. Еліктеуіш сөздердің дыбыстық және бейнелеуіш түрлері де құранды етістік жасауға қатысады. Еліктеуіш сөз+көмекші етістік үлгісінде жасалған құранды етістіктер сипатын айқындау үшін олардың әр сыңарының құранды етістік жасаудағы ерекшелігіне, құрылымына, лексика-семантикалық мағынасына тоқталған жөн.

Құранды етістіктің бір сыңары болып табылатын еліктеуіш сөздер жайлы зерттеулер көп әрі ғылыми-теориялық тұрғыдан құнды. Зерттеу еңбектерінде еліктеуіш сөздердің құрылымы, семантикасы, сөйлемдегі қызметі жөнінде ғалымдар пікірі орын алады. Еліктеуіш сөздерді одағай қатарында қарастырған, сөйлемдегі қызметіне қатысты пікір айтқан ғалымдар бар. Мұндай көзқарас түркі тілдерін зерттеуші ғалымдар еңбектерінде

кездеседі. Оған түркі тілдерін зерттеген ғалым А.Н.Кононов еңбектері дәлел. Мәселен, ғалым еліктеуіш сөздерді өз алдына сөйлем мүшесі бола алмайтын, тіпті негізгі сөздерге көмекші де қызмет атқара алмайтын категория ретінде қарастырып, одағай қатарында қарастырған[1, 63].

Қазақ тілін зерттеуші орыс ғалымы П.М.Мелиоранский еліктеуіш сөздерді «подражательные слова» деп атады. Ал қазақ ғалымдары А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов еңбектерінде еліктеуіш сөздер одағай сөздер қатарына жатқызылды. А.Байтұрсынұлы«Тіл - құрал» атты еңбегінде одағай сөздерге«оңаша айтылатын сөздер» деген анықтама бере отырып, ілездік одағай қатарына: жалт, жұлт, күмп, дүрс, қалт, бырт т.б., еліктеу одағай қатарына сылдыр-сылдыр, қаңқ-қаңқ, қарқ-қарқ, дүнк-дүнксөздерді жатқызады [2, 150].

Еліктеуіш сөздердің жеке сөз табы ретінде бөлініп шығуы қазақ тіл білімінің көрнекті ғалымы А.Ысқақов есімімен байланысты. 1954 жылы шыққан алғашқы академиялық грамматикада еліктеуіш сөздер дербес сөз табы болып енгізілді [3, 342].Еліктеуіш сөздер жеке сөз табы ретінде танылып, семантикалық жағынан ерекшеленді. Табиғаттағы сан алуан құбылыстар мен заттардың бір-бірімен қақтығысу мен соқтығысуынан тұратын, әр түрлі әрекет-қимылдардан тұратын, сондай-ақ сол құбылыстар мен заттардың сипаты мен қимыл-әрекетін түсіндіретін сөздер тобы. Көмекші етістіктермен тіркесе отырып, қимылдың сын-сипатын айқындайды.

Қазақ тілінде құранды етістіктер еліктеуіш сөз + көмекші етістік үлгісінде де жасалған. Мұндай үлгідегі құранды етістіктер жасауға көмекші етістіктер барлығы дерлік қатыспайды. Құрамында дыбыстық еліктеуіш сөздер кездесетін құранды етістіктер саны жағынан көп. Мәселен, гүрс ет, шик ет, саңқ ет т.б. Демек, құранды етістіктің мағынасы сол дыбыстық еліктеу мағынасымен ұштасады. Еліктеуіш сөздер құранды етістіктің екінші сыңары болып табылатын көмекші етістіктердің барлығымен дерлік тіркеспейді. Оларға ет, қыл, болсынды көмекші етістіктері, сондай-ақ көмекші етістік қызметін атқаратын беру, қағу етістіктері жатады. Осы тұста еліктеуіш сөз + көмеші етістік үлгісінде құранды етістіктерді төмендегідей жіктеуге болады:

- 1) еліктеуіш сөз + ет көмекші етістігі;
- 2) еліктеуіш сөз + қыл көмекші етістігі;
- 3) еліктеуіш сөз + бол көмекші етістігі;
- 4) еліктеуіш сөз + бер көмекші етістігі;
- 5) еліктеуіш сөз + қақ көмекші етістігі.

Еліктеуіш сөздер дара түрінде де, қос сөз түрінде де құранды етістік жасауға қатысады. Жоғарыда аталған ғалымдардың еңбектерінде еліктеуіш сөздердің одағай не басқа сөздер қатарына жатқызылғанымен, еліктеуіш сөздің жеке сөз табы ретінде танылуы оның құрылымдық, семантикалық ерекшелігіне тікелей байланысты. Ғалым Ш.Сарыбаев еліктеуіш сөздердің грамматикалық ерекшеліктерін зерттей келе, еліктеуіш сөздердің кез келген көмекші етістіктермен тіркеспейтіні туралы айтты. Осы орайда еліктеуіш сөздердің құранды етістік жасаудағы рөлі ерекше екендігін ескеру керек. Көп жағдайда дыбыстық еліктеуіш сөздер қолданылып, тездік, шапшаңдылықты білдіреді. Еліктеуіш сөздердің осындай семантикалық ерекшелігін зерттеген әрі еліктеуіш сөздерді зерттеу еңбектеріне арқау еткен қазақ тіл білімінің көрнекті ғалымы, профессор Ш.Сарыбаев «...егер қимыл жай созылыңқы болмай, тез, шұғыл болса, онда еліктеуіш сөздердің айтылуы да тез, шұғыл болады» деп көрсетеді[4, 483]. Сондай-ақ бейнелеуіш еліктеуіш сөздер мен көмекші етістіктің тіркесуі арқылы жасалған құранды етістіктер қатарына жалп етті, селк етті, бүлк етті т.б. жатқызамыз.

Зерттеуші ғалымдар еңбектерінде құранды етістіктерді жасауда қолданылатын өнімді көмекші етістіктер қатары анықталады. Белгілі ғалым А.Ысқақов бол, ет, қыл етістіктерінің көмекшілік қызметінде жұмсалатынын, сондай-ақ олардың мағынасында, қызметінде ортақ сипат бар екенін сөз етті. Бол көмекші етістігі өзгешелеу, ал ет және қыл етістіктері бірыңғайлау. Дегенмен, қайсысы болсын есімдермен, еліктеуіш сөздермен тіркесіп, құранды етістік жасауға аса бейім тұрады және сондай тіркесте жиі ұшырайды [5, 317].

Тілімізде берілген үлгілердің ішінде еліктеуіш сөз + ет көмекші етістігі үлгісіндегі құранды етістіктер саны жағынан көп. Ет көмекші етістігі – құранды етістік жасайтын ең өнімді етістік. Аталған көмекші етістігімен тіркесе отырып, құранды етістік жасауға негіз болатын еліктеуіш сөздердің қолданылуының өзіндік ерекшелігі бар. Оның ерекшелігі – мағынасында. Еліктеуіш сөздің қосарланып айтылуы дыбыстың не қимылдың бір емес, бірнеше рет қайталануын білдіреді. Дыбыстың не қимылдың бірнеше рет қайталануын анықтау үшін, біріншіден, еліктеуіш сөздерді қосарлап айту қажет. Ал екіншіден, еліктеуіш сөздерді етістікке айналдыру қажет. Мәселен, саңқ-саңқ етті, селк-селк етті сынды құранды етістіктер қимылдың бірнеше рет қайталануын білдіреді. Олардың орнына саңқылдады, селкілдеді сияқты етістік тұлғасындағы сөздерді қолдана отырып, қимылдың бір емес, бірнеше рет қайталанып жасалуын көрсете аламыз. Аналитикалық тәсілмен жасалған күрделі етістіктерді синтетикалық тәсілмен етістік тұлғасында (жәрдем ету - жәрдемдесу) қолдануға болады.

Құранды етістіктен қимылдың өту процесінде қайталану, жасалу жолы болса, еліктеуіш сөз қос сөз түрінде қолданылады: дір-дір ету, жарқ-жарқ ету, жылт-жылт ету т.б. Ал еліктеуіш сөздің қатысуымен жасалған құранды етістіктер білдіретін қимыл бір-ақ рет жасалатын, қайталанбайтын қимыл болса, дара еліктеуіш сөздер қолданылады. Мысалы: Қолын сілкігені сол екен, әлдене жарқ-жұрқ етіп, әлдебір түсініксіз, жұмбақтау дыбыстар Бадамсай бойын қуалап жөнелді.

«Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» атты еңбекте ет көмекші етістігінің өнімді сөзжасамдық тұлға ретінде айқындалып, құрмет ет, разы ет, баян ет, хабар ет, уәде ет сынды құранды етістіктердің қатарын жасауға негіз болғаны әрі көне сөздер қатарына жататыны айтылған. Бұл құранды етістіктердің құрамындағы құрмет, разы, баян, хабар, уәде сөздер – араб-парсы тілдерінен енген байырғы сөздер[6, 319].

Қазақ тілінде еліктеуіш сөз + қыл көмекші етістігі үлгісінде жасалған құранды етістіктер де аз емес. Мұндағы қыл көмекші етістігі ет көмекші етістігімен мағыналас. Алайда ет көмекші етістігі сияқты кез келген сөзбен тіркеспейді. Мысалы: абыр-сабыр қылды, мең-зең қылды т.б. Берілген құранды етістіктердегі көмекші етістікті ет көмекші етістігіне ауыстыруға болады. Бірақ стильдік тұрғыдан ерекшеленеді. 2002 жылы жарық көрген «Қазақ грамматикасында»: «Білдіретін ұғымы бір, мағынасында стильдік қана реңк бар. «Қыл» көмекшісі арқылы жасалған етістіктің мәні үзілді-кесілді, ширақ болса, ал «ет» көмекшісі арқылы жасалғандары жатық, босаң, сыпайы» деген тұжырым жасалған[7, 404].

Қазақ тілінде еліктеуіш сөз + болкөмекші етістігі үлгісінде құранды етістіктерге абыр-сабыр болу, быт-шыт болу, дал-дұл болу және т.б. құранды етістіктерді мысал ретінде айта аламыз. Мұнда «бол» көмекші етістігі тіркесетін еліктеуіш сөздердің күрделі түрі қолданылған, яғни қосарлы еліктеуіш сөздер қатысады. Сондай-ақ «бол» көмекші етістігі еліктеуіш сөздердің бейнелеуіш түрімен жиі тіркесетінін атап кеткен жөн. Ет көмекші етістігі сияқты өнімді болмаса да, аналитикалық тәсілмен жасалатын күрделі етістіктер қатарында өзіндік мағыналық, бейнелілік ерекшелігімен орын алады. Демек, заттың тұлғалық қалпын бейнелейтін еліктеуіш сөздер болу көмекші етістігімен тіркеседі.

Құранды етістіктер жасауға қатысатын көмекші етістіктер қатарына «қақ» көмекші етістігін жатқызамыз. Осы көмекші етістіктің еліктеуіш сөздерге тіркесе отырып, құранды етістік жасауда өзіндік ерекшелігі бар. Мәселен, сылаң қақ, зырыл қақ, сылдыр қақ және т.б. құранды етістіктердегі еліктеуіш сөздердің морфемдік құрамына назар аударайық. Жоғарыда айтылған «қақ» көмекші етістігі еліктеуіш сөздердің л, р, ң дыбыстарына аяқталған түрлерімен ғана тіркесе отырып, құранды етістік жасайды. Осы үлгіде жасалған құранды етістіктер сөзге ерекше мәнер береді. Ескеретін бір жайт, еліктеуіш сөздер дара түрінде ғана жұмсалады.

Еліктеуіш сөз + бер көмекші етістік үлгісінде жасалған құранды етістіктерге тоқталайық. Еліктеуіш сөздің бейнелеуіш түрі қолданылып, іс-қимылдың жылдам өтуін білдіреді. Мысалы: Әмірсана төңірігенде ғана бас қатырып отырған батырлардың көбі-ақ жалт беріп қайта төңкерілді.

Қазақ тілі білімінде құранды етістіктердің аналитикалық тәсіл арқылы жасалып, күрделі етістіктер қатарын арттыра түсті. Құранды етістік – құрылымы жағынан ерекшеленетін күрделі етістіктің бір түрі. Одан басқа, мағыналық жағынан өзіндік сипатқа ие. Еліктеуіш сөз + көмекші етістік үлгісінде жасалған құранды етістіктерге «-е түс», «-е қал» аналитикалық форманттарының тіркесуінен жасалады. Мұндай формантта жасалатын құранды етістіктерге сарт ете түсті, зырк ете түсті, жылт ете түсті, дүнк ете түсті, шаңқ ете түсті, шыр ете түсті, солқ ете түсті, баж ете түсті, жалп ете түсті т.б.жатады. Мысалы, Жүрегі құрып-ақ кеткір бекер-босқа бұлқынып, алқына ма, ауылдық клубтар хақындағы хабарламаның соңына тақап-ақ қалғанында, самайы солқ ете түсті.

Құранды етістіктермен «-е қал» аналитикалық формантының тіркесуі арқылы жасалатындары да бар. Мысалы: дір ете қалды, жарқ ете қалды, зу ете қалды, тырс ете қалды, қор ете қалды, шу ете қалды, тықыр ете қалды т.б.Ертеңінеоблысымыздағы отызшақты газет, төрт-бес телеарна түгел шу ете қалды. Құранды етістікке «-е түс», «-е қал» аналитикалық форманттары тіркескенде, дыбыстың немесеқимылдың өте тез, жылдам болғандығын аңғартады.

Қорытындылап айтқанда, еліктеуіш сөздер мен көмекші етістіктердің тіркесуі қазақ тілінде қимылдың жылдам өтуін білдіретін күрделі етістіктердің туындауына негіз болады. Құранды етістіктердің осы жолмен жасалуы құрылымдық әрі семантикалық жағынан ерекшелетіні байқалады. Еліктеуіш сөздердің мағыналық жағынан дыбыстық немесе бейнелеуіш түрлерінің, сондай-ақ құрылымы жағынан дара не қос сөз түрінде қолданылуы құранды етістіктердің өзіндік сипатын аңғартады. Көмекші етістіктердің де құранды етістіктерді жасауда алатын орны бөлек. Олардың жекелеген түрлерінің еліктеуіш сөздермен жиі қолданылуымен өнімді көмекші етістіктер қатарын түзіп, қимылдың жылдам жасалуын, оның бірнеше рет қайталануын білдіреді, қимыл-әрекетті сипаттауда бейнелілік сипат береді.

#### **Әдебиет:**

1. Кононов А.Н. Грамматика современного узбекского литературного языка. – Москва-Ленинград, 1960. – 259 с.
2. Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімінің мәселелері/ Құраст.: Ғ.Әнес. – Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2013. – 640 б.
3. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Қазақ ССР Ғылым академиясы, 1954. – 554 б.
4. Сарыбаев Ш. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2014. – 640 б.
5. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы, 1991. – 384 б.
6. Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. – Алматы: Ғылым, 1989. – 368 б.
7. Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – 784 б.

## **ҒАБИТ МҮСІРЕПОВ ӘНГІМЕЛЕРІНДЕГІ АТАУЛЫ СӨЙЛЕМДЕР**

***Жамитова А.С.,***

*филология ғылымдарының кандидаты, профессор,*

*Қазақстан Республикасы*

*Ұлттық ұлан Әскери институты,*

*Петропавл қ.*

*[Akmaraal\\_mah@mail.ru](mailto:Akmaraal_mah@mail.ru)*

#### **Резюме**

В этой статье рассматриваются номинативные предложения в произведениях Г. Мусрепова.

#### **Summary**

This article deals with nominative sentences in the works of G. Musrepov.

Ғабит Мүсірепов шығармаларындағы тіл көркемдігі мен шұрайлылығы мәселесі бұған дейін де сөз болып келді. Бұл, әрине, жазушы Ғ.Мүсіреповтің бойындағы ізденімпаздық, талғампаздық қасиеттердің жемісі болса керек. «Аса көрнекті қазақ жазушысы Ғ.Мүсіреповтің сөз саптау өнегесі жастар түгіл, төселіп қалды деген қаламгерлерге үлгі болуда. Сондықтан әйгілі сөз зергерінің ана тіліне, оның әр алуан бояуына ерекше назар салып, үңіле білуі кездейсоқ жай емес. Демек, өз шығармашылығының өн бойында әр сөзге жете мән беріп, өң беріп, орнымен жұмсаудың үлгісін көрсетіп жүрген оның басқаларға айтары мол» - деген болатын филология ғылымдарының докторы Мырзатай Серғалиев [1, 82]. Жазушы қаламынан туындаған әрбір шығарманың, әрбір сөйлемнің өзінен-ақ дарын иесінің ізденіс іздері айқын аңғарылатынын ғалымдар тілге тиек етіп келеді.

Қазіргі таңда Ғ. Мүсіреповтің шығармашылығына байланысты зерттеу еңбектері баршылық. Әдебиет мамандары өз тұрғысынан, тіл мамандары тілдік көркемдік тұрғысынан қарастыруда. Ғ. Мүсірепов шығармашылығына байланысты зерттеу еңбектердің тақырыптық аясы мұнымен де шектеліп қоймайды. Ауқымы өте кең. Осының бәрі жазушы туындыларының жан-жақтылығымен, шұрайлы да әсерлі сезім қылын шертетін сөз тізбектерінің молдығымен байланысып жатса керек. Онда бәрі бар. Сол көптің ішінен біз де өзімізге тиесілі мәселені бөліп алғандаймыз. Ол Ғабит Мүсірепов әңгімелеріндегі суретті мәнді атаулы сөйлемдер мәселесі. Әрине, Ғабит Мүсірепов шығармашылығындағы суретті мәнді атаулы сөйлемдерде табиғаттың шертетін сыры да мол.

Қаламгер Ғ. Мүсірепов шығармашылығында суретті мәнді атаулы сөйлемдердің қаншалықты әсерін, қолдану сипаты мен ерекшеліктерін, құрылымдық тәртібін анықтау және толық сипаттама беру мақсаты тұр. Сонымен қатар, атаулы сөйлемдердің жазушы тілін байытып шығарма мәнін ашуда қосқан үлесін айқындау, атаулы сөйлемдерді қолданудағы авторлық қолтаңбаны дәлелдеу болып табылады.

Ғылыми тұжырымдарды саралай келе, мынадай қорытындыға келеміз: атаулы сөйлем – көбінесе көркем шығармада оқиғаны, құбылысты суреттеу, сипаттау мақсаты қойылғанда, қатысатын, сол үшін қызмет атқаратын жай сөйлемнің ерекше түрі. Бұл жағынан атаулы сөйлемнің тілде қолданылу аясы тар. Бірақ оқиғаны ықшамды, тартымды етіп беруде мұның ерекше маңызы бар. Атаулы сөйлем жазба әдебиеттің, соның ішінде проза, драматургия жанрларының өркендеуімен байланысты қалыптасқан жай сөйлемнің типтік түрі. Драмалық шығармалардағы авторлық ремарка, көбінесе, атаулы сөйлем арқылы беріледі. Хаттың сыртына жазылған адрес те белгілі дәрежеде атаулы сөйлем бола алады.

Атаулы сөйлемге мынадай анықтамалар беріледі: «Айтылған ой бір сөз немесе сөз тіркесі арқылы аталып, бірақ тұрлаулы мүшелерге саралана алмайтын сөйлем. Ой екпінімен, дауыс ырғағымен айтылады да, сөйлем ыңғайында қолданылады. Сөйлемдік белгісі контексте. Атаулы сөйлемде көбінесе мекендік, мезгілдік, заттық ұғымдардағы атаулар арқылы болмыстағы заттар мен құбылыстар бейнеленеді» [2,72].

Атаулы сөйлем дегеніміз ойды білдірмей, тек соған байланысты заттың, құбылыстың, мезгілдің, мекеннің аты аталып көрсетілгендей жай сөйлемнің ерекше түрі. Жеке дара қолданылатындықтан, шартты түрде сөйлем деп танылады. Оның мәні тек өзінен кейін қолданылған сөйлемдер арқылы түсініледі, өз ішінде сөйлем мүшелеріне жіктелмейді [3,67].

Белгілі бір атау мағынасында жұмсалатын атау тұлғалы жеке сөз немесе сөз тіркесі болып келетін жай сөйлемнің түрін атаулы сөйлем дейді. Атаулы сөйлем басқа сөйлемдермен байланыста айтылғанда түсінікті болады, мазмұны нақты, ұғынықты болу үшін келесі сөйлемді қажет етеді. Атаулы сөйлем мезгілдік, мекендік немесе заттық мағынадағы атауларды бейнелеу үшін жұмсалады [4]. Атаулы сөйлемдерден басталатын сипаттамалы күрделі синтаксистік тұтастықтардағы айтылатын ой сол алғашқы сөйлемдерден өрбіп жатады [5, 322].

Қаламгердің суреткерлік дәрежесі мен сөз қолдану мәдениеті де оның шығармаларының көркемдік сипаты да, қолданған сөздердің жалаң сандық молдығынан емес, жеке ой сұлулығын берерлік үйлесімді сөз асылын сұрыптап, талғап қолдана білуі арқылы танылады. Әрбір қаламгер өзінің шығармашылық ізденістерінде әр сөзді, әр ойды

жаңаша қырынан көрсетуге, оларға жаңаша стильдік өң беріп жұмсауға ұмтылады. Қазақ тілі лексикасы сөзге өте бай тіл, оның грамматикалық амалдары мен тәсілдері тіпті мол сөздерді бір-бірімен тіркестіруге де, құрастыруға да сонымен қатар сөйлем жүйелерін орайластыруға да қабілетті, икемді, ішкі мүмкіншіліктері мейлінше қат-қабат тіл. Ойдың адамға түсінікті болып қоюы жеткіліксіз, ол әсерлі, тартымды, көрнекті болуы керек. Жазушы тілінің ұтымдылығы – өзінің туындыларының көркемдік сапасын арттыру мақсатында сөздерге жаңа мән- мағына беріп қолдануында.

Ғ.Мүсірепов шығармаларының тілінде қазақ тілінің бай сөздік құрамы түгел пайдаланылған. Ұзақ жылдар бойы өмір сүріп, тілде жаңа сөз тың мағыналар жасауға ұйытқы болып келе жатқан байырғы тума сөздердің сала жағынан дамығандығын көрсететін бірден бір белгі – сөздің жан-жақты қырынан танылуы. Берілген сөз мағыналарының құрылысы неғұрлым күрделі, әрі бай болса, соғұрлым оның тіліндегі атқаратын қызметі күшейе бермек. Осы тұжырым негізінде академик М.Серғалиевтің мына сөзіне үңілсек: «Прозаик, ақын иә сыншы болсын – қай-қайсысы да жалпы халықтық тілді пайдаланатыны баршаға мәлім. Солай бола тұра, жеке таланттың тілі деген ұғымды қолданатымыз да белгілі. Сол шарттылықтың өзінде шындық барын тағы ескермеске болмайды, өйткені көпшілікке таныс етене таныс сөздерді жаңа қырымен, соны бояуымен, өзгеше өңімен жұмсай білушілік – жазушы талантын танытатын құбылыс.

Әр қаламгердің сөйлем құрау даралығы да осыны дәлелдейді». Сонымен қатар, осының бәрі шығарманың табиғатына кейіпкердің түйсік-түсінігіне, интеллектуалдық дәрежесіне сай келіп, оны бейнелеуге септігін тигізіп тұрса, ақылға қонымды болатынын баса айтады [1, 142].

Расында да, Ғ. Мүсірепов шығармашылығы қазақ әдеби тілінде көптеп қолданылып жүрген көріктеуіш құралдарға, бейнелі сөздер мен тұрақты сөз тіркестеріне толы. Ғ. Мүсірепов әңгімелеріндегі мәнді суретті атаулы сөйлемдер оның әңгімесін көркейтіп, бір айқара ашып тұрған кең дала сияқты. Жазушы ірі суреткер мысалға «Әмина» әңгімесінде Егізкөл деген жерді суреттеп, сондағы тау, ашық аспанын, өзен суын суреттейді. Бұл оқырманды бір ерекше сезімге бөлейді. Мысалға, мына атаулы сөздерге назар аударайық: Жер сілкінген жоқ. Таң атты. Күн батты. Қарасайшы! Ал бастым! Сволочь! Жылдам, тұр! Қорықпандар! деген атаулы сөйлемдерді эмоциялы атаулы сөйлемдерге де, бейнелі атаулы сөйлемдерге де жатқызуға болады. Бұл атаулы мәнді сөйлемдер Ғ. Мүсірепов шығармаларын суретті, бейнелі қызық етеді. Қаламгер шығармашылық ізденістерінде әр сөзді, әр ойды жаңаша мәнді суретті қырынан көрсетуге, оларға өзіндік бір өң беруге өзгертуге талпынады. Мысалға бір атаулы сөйлемде бірнеше ой жатқаны белгілі. Түн. деген жалғыз сөйлемді алсақ бұған біздің ойымызға бірнеше қылып өндеп, суреттеп, ойлау қабілетімізді дамытып, сол сөйлемге қарай әртүрлі суреттейміз. Оны әсерлі, тартымды, көрнекті етеді. Осылайша неғұрлым Ғ. Мүсірепов әңгімелерінде атаулы сөйлемдер көп болса, соғұрлым әңгімені мәнді, суретті, айқын танытуына себеп болғаны байқалады. Мысалға, бұл атаулы, мәнді суретті сөйлемдер мәтін ішінде ойды баяндайтын элемент ретінде қолданылады.

Әр жазушының әңгімелерін талдайтын болсақ қай-қайсысында да атаулы сөйлемдер кездесетіні анық. Шынында да, Ғ. Мүсірепов шығармашылығы қазақ әдеби тілінде көптеп қолданылып жүрген көріктеуіш құралдарға, бейнелі сөздер мен тұрақты сөздерге толы және солардың барлығы шығарма тақырыбымен үйлесім тауып, қаламгер ойын аша түсіп тұр. Зерттеушілердің атаулы сөйлемге берген анықтамасы әр түрлі болғанымен, ойларының түпкі негізі бір.

Қарастырған мәселелері:

а/ олардың құрылымдық ерекшеліктері;

ә/ мазмұнының құрамы.

Грамматикада атаулы сөйлемдер туралы, оның құрылымы мен мағынасы жөнінде біржақты пікір қалыптаспаған. Оқырманның ағыл-тегіл эстетикалық сезімге толы үлкенді-кішілі көркем туындыларымен қазақ әдебиетіне ірі үлес қосқан Ғ. Мүсірепов – классик жазушы. Өйткені оның суреткерлік өрен шеберлігінен кезінде, келешекте де талай

каламгерлерден үйреніп, тағылым алар шығармаларының қыр-сыры көп. Оның шығармаларының бүгінгі оқырманның да, болашақ ұрпақтардың да ажырамас рухани серігі, қымбат мұрасы болып қалатыны ақиқат. Өйткені оның әрбір туындысының биік өнермен, үздік шеберлікпен жасалған асыл дүниелер екенін барша қауым әлдеқашан бір ауыздан мойындаған болатын. Мәселен, оның қаламынан шыққан көркем әңгіменің қай-қайсысы да идеялық мазмұны терең, жазылу шеберлігі көзтартарлық әсем де мінсіз шығарма ретінде есте сақталып отырады.

Ғ. Мүсірепов қаламынан туған өзіндік сыр сипаты, ерекшелігі мол тұлғалы туынды. Жазушы өзінің сүйікті тақырыбына үзбестен қайта-қайта оралып қалам тербеумен болғаны жұртшылыққа мәлім.

Ғ. Мүсірепов әңгімелеріндегі атаулы мәнді, суретті сөйлемдер көптеп кездеседі. Мысалы: «Ананың арашасы» әңгімесіндегі мына бір суретті мәнді атаулы сөйлемдерге көңіл бөлсек болады. Гуілдеген желді күз еді. Зеңбірек үні. Тарқамайды екен құшары! Жина! Сүгінә бит, сүгінә қаһәр соқыр! Жолдас! Күн батты. Күні бойы сарылып үйде отырғаны! деген атаулы сөйлемдер кездеседі. Өз ішінен атаулы сөйлемдерді топтағанымыз да бар. Эмоциялы атаулы сөйлемдерге М. Жолдас! Күлуін! деген атаулы сөйлемдерге жататыны белгілі. Ғ. Мүсірепов әңгімелерінде осындай эмоциялы атаулы сөйлемдер, сөгіс мағыналы атаулы сөйлемдер. «Ананың арашасы» әңгімесінде көбінесе бейнелеу мағыналы суреті мәнді атаулы сөздермен, сөгіс мағыналы атаулы сөйлемдер кездесті.

Ғ. Мүсірепов әңгімелеріндегі басты міндет шындықты жазу деп біледі. Жазушы шын өмірді жазғанда еліктіріп, шынды көтеріп, қазіргі күнмен келешектегі жайлы байланыстыра жазудың алға сүйретудің әдісі. Сөз зергерінің сынға аса жоғары талаптар қоя білгендігі көрінеді. Әңгімелерінде талаптар да бар, оны жүзеге асыру тағы бар. Осы талаптарды жүзеге асырудың да озық үлгісін көрсетеді. Автордың бір шеберлігі ол әңгімелеріндегі кейіпкерлерінің бойындағы ержүректік, батырлық қасиеттерін, соғыс шындығының, соғыс табиғатының өзінен туындатып суреттеп отырады. Қиын қысталаң сәттегі батырлық қимылдарды суретті мәнді атаулы сөйлемдермен дәл берген. Жазушы осындай сәттерді бейнелеу барысында жалаң ұранға ішкі жазушыға көп беріліп кетпейді. Жазушы әңгімелеріндегі суретті мәнді атаулы сөйлемдерді қанық болумен салқын қанды түрде суреттеп шығу – шеберлік нышаны.

Әдебиетімізге өзіндік сөз сипаттау ерекшелігінен толғауы терең ойлы жазушы Ғ.Мүсірепов шығармашылығы қазақ оқырманының ойына ой қосып, ізденіс шыңдарына жетелегендей еді. Қаламгердің қай шығармасын алсақ та айшықты сөздер тізбегіне бейнелі мәнді сөйлемдер реті мен көркем ойлар легіне кез боларымыз анық. Жазушының сөзі көркем болғаннан кейін оны оқып отырған оқырман ой да көркемдік нысанына қарай бет бұрады.

Әңгімелеріндегі суретті мәнді атаулы сөйлемдер табиғатына үңілу, жай үңіліп қана қоймай ондағы айшықты сөздер астарына мән беру түйсінуге келіп тоқталып отыр. Бейнелі суреттер жазушының барлық әңгімелерінде дерлік молынан кездеседі. Шығармадағы бейнелі сөздердің орны тұрғысынан қарастыратын болсақ, бұл жағдайда әрине қаламгердің тынымсыз ізденісін көре аламыз. «Қазақ солдатты», «Ұлпан», «Оянған өлке», «Жат қолында» секілді көлемді шығармалармен кеңінен танымал болған қаламгердің «Жапон балладасы», «Күсен», «Қос шалқар», «Кең құлаш» т.б. әңгімелері де оқырман наразынан тыс қалмаса керек. Себебі Ғ. Мүсірепов әңгімелері көркемдік қасиет, ұтқыр ойлармен өзгеше. Қаламгердің кейбір әңгімелерін қараса сөзбен жазылған өлең деп атаса да артық болмайтын секілді. Жазушының барлық әңгімелерінде дерлік образды сөз өнімдері молынан кездеседі. Және солардың бәрі де шығарманың өн бойынан үлесін тауып, жазушы ойының сомдалуына үлес қосады. Осыған байланысты жазушының «Қос Шалқар» әңгімесін алған едік. Кешкі тымыққа тынып, жадырап жатқан су ақырын ғана жағаны соғып дірілдейді. Ышқынбайды, тітіркенбейді.

Жазушы Қос Шалқар суына осындай суреттеме береді. Көшпелі көк бұлт, көлеңкесін көлге түсіріп айрықша суреттейді. Жалпы жазушы әңгімені өзінің көркемдік дәрежесімен бейнелік сипатымен ерекшелейді және ондағы әрбір суретті сөз жазушы ой-сезімін ұғыну



каламгер дiттеген мақсатты тану, туынды болмысын айқындау жолында жүрген әрбір ізденушіге таптырмас көмекші болар сөзсіз. Жұлынған боран ауа орнына түйір-түйір мұз. Осылай жазушы өзінің әңгімесін, мәнді суретті етіп айқындайды. Жазушы барлық табиғатты суреттеп, әңгімесін одан да аса көркейткенін мына суретті мәнді атаулы сөйлемдерден байқаймыз. Қос Шалқар! Қос Шалқар болды... Қос Шалқар қосылды деген жалғыз сөйлемдерден-ақ осы жазушының не айтып жеткізгісі келгенін байқауға болады.

Жазушы Ғ. Мүсірепов әңгімелерінде осы мәнді суретті атаулы сөйлемдерді қолдану шеберлігі ерекше деп айтуға болады. Әңгімелерін оқығанда оқырманға осы мәнді суретті атаулы сөйлемдер дәл нақты болып, адам ойына көркемдік береді. Жазушы осы атаулы сөйлемдерді мәнді берген. Сондықтан бұлар барлық әңгімелерді нақты табиғат жайлы болса, соны бір сөзбен береді.

Мысалы: мына «Қос Шалқар» әңгімесінен тағы бір мәнді суретті атаулы сөздерге тоқталып өткенді жөн көрдік. Жым-жырт. «Қос Шалқарға» жеттік. Әңгімелесіп келеміз. Күз... Кәдуілгі қарбалас жабдықтың қабындаған уағы. Күн әлі ерте. Күсен жарқылдап күлді.

Осындай суретті мәнді атаулы сөйлемдер әңгімені шұрайлы етіп бір үлкен мән жатқандай. Бұл әңгімеде атаулы сөйлемдер эмоциялық та, бейнелі мәнді атаулы сөйлемдер көп кездесті.

Мысалға: Осы ит түбімізге жетер! Кет шапшаң! деген атаулы сөйлемдер сөгіс, эмоциялық атаулы сөйлемдер. Осындай атаулы сөйлемдер әңгімені суреттеп, шындық өмір көріністерін жинақтап қорытындылайды.

Атаулы сөйлемдер де мәтін ішінде негізгі бір ойды баяндайтын элемент. Сондықтан да оның құрамындағы сөз белгілі бір сөйлем мүшесі қызметін атқаруы қажет сияқты. Біздің ойымызша атаулы сөйлемдер не баяндауыштың қызметін атқарады. Не болмаса бастауыштың баяндауыштық қатынаста тұрған сөздерден жасалады. Себебі, біріншіден, сөйлемдер баяндауышсыз бола алмайды деген пікірді жақтаймыз, екіншіден, мұндағы сөз жалғыз өзі қолданылған күннің өзінде ойды тиянақтап отырады. Мұнда да, белгілі бір ой түйіні жатады. Әрине, бұл мәселе бұған қарағанда да тереңірек қарастыруды талап, етері сөзсіз.

#### **Әдебиет:**

1. Серғалиев М. Көркем әдебиет тілі. – Астана, 2006. – 369 б.
2. Қараев М. Қазақ тілі. – Алматы, 1993. – 72 б.
3. Исаев С. Қазақ тілі. – Алматы: Қайнар университеті, 1993. – 67-б.
4. Әбілқабев А. Қазіргі қазақ тіліндегі жай сөйлем түрлері. – Алматы, 1993.
5. Серғалиев М. Синтаксис мәселелері. – Астана, 2006. – 322 б.
6. Мүсірепов Ғ. Үш томдық, повесть әңгімелері. – Алматы, 1999. – 542 б.

## **МҰХТАР ӘУЕЗОВТІҢ «АБАЙ ЖОЛЫ» РОМАНЫНДАҒЫ ҚҰРАМА БАЯНДАУЫШТАР**

**Жуынтаева З.Н.,**  
филология ғылымдарының кандидаты,  
[zamza\\_bota@mail.ru](mailto:zamza_bota@mail.ru)  
**Жолдасбекова Г.,**  
[gulnur\\_97\\_kz@mail.ru](mailto:gulnur_97_kz@mail.ru)

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті,  
Қарағанды, Қазақстан*

#### **Summary**

In article ways of formation of compound predicates in Kazakh are considered. The author of article on the analysis of language materials from the novel M. Auezova "Abay zhola" ("the Way of Abay") shows ways and ways

of formation of compound predicates with a modal word and compound predicates with an auxiliary verb and classifies them as offers with compound predicates in which personalized part act a noun, an adjective, a numeral and pronouns.

Баяндауыш – предикативтік іс-әрекетті, сапаны білдіретін сөйлемнің тұрлаулы мүшелерінің бірі. Біздің мақсатымыз – құрама баяндауыштардың күрделі баяндауыштардан ерекшелігін көрсетіп, олардың жасалу жолдарын қарастыру. Қазақ тіліндегі құрама баяндауыштарзат есімді, сын есімді, сан есімді, есімдікті құрама баяндауышты сөйлемдерге бөлінеді.

Сөйлем құрауға негіз болатын бас мүшенің бірі – баяндауыш. Т.Сайрамбаев «Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері» атты еңбегінде: «Баяндауышсыз жалпы (атаулы сөйлем болмаса) сөйлем құралмаса керек. Баяндауыш – қай сөз табынан болмасын бәрібір сөйлемді тиянақтау жағынан, оны сөйлем дәрежесіне жеткізу жағынан қандай тұлғада, қай орында келуіне қарамастан басты тұлға. Дегенмен сөйлемді тиянақтау жағынан баяндауыш мүше басқа сөйлем мүшелерінен жеке дараланады» деп, маңыздылығын баса көрсетеді және баяндауыштың қасиеттерін санамалап береді [1,79]. Ал А.Байтұрсынов «Тіл тағылымында»: «Нәрсенің сырын-сипатын, жайын, амалын, болмысын айтып баяндайтын сөз баяншы мүше болады», – дейді [2,265]. Сөйлемнің баяндауышы дара, күрделі есімдер не сондай етістік тұлғалары мен кейбір көмекші етістіктер, не айрықша көмекші модаль сөздер, кейбір демеуліктер түрінде келген сөз тіркестерімен де айтылып жұмсалады.

Құрама баяндауыш қазақ тіл білімінде ең алғаш рет С.Аманжоловтың еңбектерінде сөз болған. Автор қазіргі құрама баяндауыш деген терминді ол кезде аралас деген сөзбен берген де, оған мынадай анықтама береді: «Етістіктер басқа сөз таптарымен араласып барып баяндауыш болады. Мұндай баяндауышты аралас баяндауыш дейміз» [3,114]. Қалай болғанда да, автор баяндауыштың бұл түрін алғаш көрсете келіп, оның бір-бірінен ажырамайтынын, ажырай қалса мағынасына нұқсан келтіретінін көрсеткен. Автор бұл баяндауыштарды сөздердің құрылысына, мағынасына қарай бернелі идомдық тіркес, бернесіз идиомдық тіркес деп екіге бөледі.

М.Балақаев пен Т.Қордабаевтың «Қазіргі қазақ тілі» деген еңбегінде күрделі баяндауыш, олардың түрлері туралы айта келіп, жеке «Есімдер мен етістіктерден болған күрделі баяндауыштар», сондай-ақ «Құрама баяндауыштар» деген жеке тарау берілген. Автор ондай баяндауыштардың бірінші сыңарлары есімдер дейді де, есімдерге көмекші етістіктер есебінде бол, е, қал, де, көр етістіктері қатысады және олар есімдерге шақтық мағына қосу үшін жұмсалады деген [4,108]. Бұл баяндауыштың құрама деген атының өзінен мұнда әрі есімнің де, етістіктің де элементінің қатысатындығы негізге алынған. Әрине, құрама баяндауыштар, олардың қалыптасуы, оларды құрайтын бірінші сыңарлары мен екінші сыңарлардың өзіндік ерекшеліктері мен бұл процестегі кейбір даму процестерін жеке-жеке сөз етуді қажет етеді. Мұндай баяндауыштардың негізінен екі сыңары, яғни, есімді мен етістікті сыңарлары болатындығы негізгі фактор. Әрине, бұл сыңардың қолданылуы жағынан да, сөз таптарына қарап оның тәртібі мен мағынасы жағынан да айырмашылығы бар [1,156].

Қазіргі әдеби тіліміз синтаксисінде кездесетін жай сөйлемдердің негізгі түрлерінің бәрі дерлік ертеректегі жазу нұсқаларында да қолданылған. Көне түркі тілінде есімдер мен етістіктерден құралған құрама баяндауыштар да кездеседі. Мысалы: Артқы қырық аз күллүг қағаны йағымыз болты – Аудармасы: Артқы қырық аз қағаны жауымыз болды. Өзүм өк қаған қысдым – Аудармасы: Өзімше оны қаған еттім. Е-көмекші етістігі құрама баяндауыштар жасауға да атсалысады. Бізінде екі учы сыңарча артуқ ерті — Бізден екі шеті жартыдай артық еді. Будун боғзы тоқ ерті – Аудармасы: Халық тамағы тоқ еді. Баяндауыштың формалары алуан түрлі [5, 4].

Құрама баяндауышты көмекші компоненттердің мәні мен түрлеріне қарай негізгі екі топқа жіктеп қарастыруға болады: модаль сөзді болып келген құрама баяндауыштар және көмекші етістікті болып келген құрама баяндауыштар.

1. Көмекші модаль сөздер арқылы құралатын құрама баяндауыштардың негізгі компоненттері – етістік не есім түрлері болады.

2. Модальдық көмекші сөздер баяндауышының синтаксистік компоненті ретінде етістік формаларға тіркесіп жұмсалғанда бірқатары негізгі етістік компоненттің шақтық мәнін емес, мұнымен байланысты қимылдың мағынасын тек модальдық мағынада құбылтса, бірқатары әрі шақтық, әрі модальдық мағына үстеп құбылтатын болады. М. Балақаев модаль сөздер есім баяндауыштармен тіркесіп күрделі баяндауыш болатындығын айтады. Бірақ оны күрделі баяндауышқа емес, құрама баяндауыштың жасалу түріне жатқызады [6,114]. Біз құрама баяндауыштарды М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы құрама баяндауышты сөйлемдерді: зат есімді құрама баяндауышты сөйлемдер, сын есімді құрама баяндауышты сөйлемдер, сан есімді құрама баяндауышты сөйлемдер, есімдікті құрама баяндауышты сөйлемдер деп топтастырдық.

Зат есімді құрама баяндауыштар. Зат есім және модаль сөздер. Зат есім мен «тәрізді»: Шалқып жүрген еркенің еркесі тәріздімін. Сырт ажарлары шынымен егілген, есінен танып, бауыры езілген кісілер тәрізді (М.Ә.).

Зат есім мен «керек»: Оның бәріне ас пісіретін, отын-су қамдайтын халықкерек. Әнінің сылтауы бауырындағы баласы болу керек (М.Ә.).

Зат есім мен «сияқты»: Кеңінен көселіп, күлдіргі сөздер айтып отырған Алшынбай сияқты. Соны әлдилеп тербете түсіп, айтқан ән сияқты. Бұның кейбірі Тентек Оязбен елге ере шыққан стражниктер сияқты (М.Ә.).

Зат есім және «көмекші етістік». Роман-эпопеяда баяндауыштары жалқы есім болып келген зат есімдерге «еді» көмекші етістіктерінің тіркесуі арқылы жасалған сөйлемдер көп кездеседі.

Жалқы есіммен «еді»: Ол сөйлеген Ұлжан еді. Ендігі басу айтқан Сүгір еді. Шығыс жақтан келген Сүгірдің көршісі Қабас еді. Өзгеден бұрын бұл жөнді ұққан Абай еді. Ол жібергені Ербол еді (М.Ә.).

Зат есімнің тәуелденіп келуі арқылы: Баланың бұл ерте әзірлеген жауабы еді. Қодар аталас жақыны еді. Тегінде ертекші, өлеңші, не басқа әңгімеші адамға талай уақыт тапжылмай тесіле қарап қалу Абайдың кішкентай күнінен бергі әдеті еді. Зат есім және «бол» көмекші етістігі: Ырғызбай да етек алған ел болды (М.Ә.). Мұхамеджан да Көкбай мен Мұқа сияқты жақсы әншімін деген жігіт болатын (М.Ә.).

Зат есім және «емес»: Көлқайнар суы мөлдір, мол бұлақ болғанмен, кең қоныс емес. Қатерден қашатын Абылғазы емес. Жас балаға ат қою жақсы ырым емес (М.Ә.).

Зат есім және «екен»: Е-е, айыпкер табылды де?.. Ол ән екен! Күйеу алдыннан шыққан қыз-келіншек екен. Тіл көмегі болса да мынандай мырза көмекке қуанып кетті. Ендігі бірғана күдігі Базаралы екен (М.Ә.).

Зат есім және «бар», «жоқ» сөздерінің тіркесуі арқылы: Құнанбайдың қасында Байсал, Майбасар бар. Алқымында әлі айықпаған ашу бар еді. Бір Тәкежанда қазір сегіз жүз жылқы бар екен. Астында құнанша күзеген күрең биесі бар. Қолдарында сойыл, найзалары бар. Ерболдың алдында түк бөгет жоқ. Аспанда теңгедей бұлт жоқ (М.Ә.).

Зат есімнің тәуелденіп келуі арқылы: Осында бір Майбасар деген ағам бар. Басында жұқа ғана аққоян бөркі бар. Әлі күнге түс шайысқан жерлері жоқ. Енді құн сұрамақ түгіл, өкпе-кінә қылар да мұршаң жоқ (М.Ә.).

Сан есімді құрама баяндауыштар. Сан есімдер сөйлем соңында үнемі таза сан есім түрінде келмей, құрама баяндауышты болып та келеді. Сан есімдерге көмекшілік қызметте көмекші етістік, түрлі көмекші есімдер, модаль сөздер қатысты. Олар есім баяндауыштардың қызметін тиянақты ете түсіп, шақтық, видтік, модальдық мағына қосады. Сан есімдер ондай сөздермен тіркесте негізгі мағынаға ие болады да, көмекші сөздер сол сан есімдерге көмекші қызметте жұмсалады. Әсіресе сан есімді тіркесте ондай сөздердің көп қолданылатыны көмекші етістіктер мен нумеративті сөздер. Енді соларды жеке-жеке көрсетелік:

Реттік сан есім мен нумеративті сөздер: Мұнда келгелі биыл бесінші жыл (М.Ә.).

Тәуелдік жалғаулы есептік сан есім мен көмекші етістік: Байтастың мінгені Құнанбайдың қара жал бурыл аты, дәмелі бәйге аттың бірі еді. Кешелер ол да Құнанбаймен араз кісінің бірі еді (М.Ә.).

Болжалдық сан есімдер: Барлық жиын – елу қаралы еркек, отыз-қырықтай қатын. Иіс жинап топтаған қой саны елудей еді. Бұлар беттеген қалың топ үлкен үйлер он шақты еді. Солар саны елу-алпыс (М.Ә.).

Жинақтық сан есім мен көмекші етістік: Тәрдегі бөлмелер екеу еді (М.Ә.).

Сын есімді құрама баяндауыштар. Сын есімдер есімді сөйлемді жасауда тек есімді баяндауыш түрде ғана емес құрама баяндауыш түрінде келгенде сөйлемдерді тиянақтауы нақтырақ.

Сын есім мен модаль сөздер арқылы: Аузы сөзге олақ болса да, алқыны, екпіні күшті тәрізденеді. Ұзынша боп біткен, үлкендеу келген қоңырқай көздері саналы сияқты. Мәкіште Абайдан осы жөннен жауап естімекке ынталы сияқты (М.Ә.).

Сын есім мен көмекші етістік арқылы: Өзгеше өнер нұрымен балқыған, ерекше сұлу еді. Ол үйдегі Абайдың апасы Мәкішпен ерекше татуеді. Тымағын алғанда, сұлубіткен кесек жүзі салқын еді. Күлкісінің үні соншалық сыңғыраған, сонша мөлдір, нәзік еді. Қонаққа тігілген үйлер мол, ауыл сәні зор екен. Бірақ аспан ашық емес (М.Ә.). Есім баяндауыштарға да өткен шақтық мән беріп, олардың баяндауыштық қызметін айқындай түсетін көмекші етістіктің бірі – е. Шығармада бұл тәсіл жиі қолданылады.

Салыстырмалы шырай арқылы: Қалған қыздардың жастары бұдан кішірек еді. Бірақ Құнанбай есебі бұлардан тақысырақ екен. Қанша дегенмен қырдың қара заңынан, мұсылманның қожа, молласының шарифатынан Россияның заңы адамға мейірімдірек, рахымдырақ қой (М.Ә.).

Есімдікті құрама баяндауыштар. М.Әуезовтің «Абай жолы» романында «роман-эпопеясында есімдікті есімді құрама баяндауышты сөйлемдер жиі кездеседі. Сілтеу есімдіктері баяндауыш қызметінде көмекші етістіктермен тіркесіп келіп, құрама баяндауыш тобын жасайды.

Сілтеу есімдігі мен көмекші етістік: Абай дәл мұндай болып құбылған ойнақы айды ең алғаш байқағаны осы еді. Медреседен қайтқалы кітапқа анықтап оқталғаны осы еді. Абайдың күткені де сол еді. Ырғызбайдың жуаны Әзімбай болғанда, Жігітектің сімілтірі солар екен (М.Ә.).

Жіктеу есімдігі және көмекші етістік: Төрт тарапың сай келген, ендігі қазақтың хан төресі сен екенсің! Жеміс күтіп, нәр алатыны сенсің ғой (М.Ә.).

Өздік есімдігі және көмекші етістік: Немересін баулып отырған өзі екен. Бірақ, қаза мен жазаны шеккен бұлардың өзі емес. Сонысы, және, жалғыз Қадырбайдың өзінде емес (М.Ә.).

Есімдік және модаль сөздер арқылы: Шынында мына сорлы тілмәш дәл соның өзі сияқты. Саркөл айналасындағы топыры көп ауыл сол тәрізді (М.Ә.). Сияқты, тәрізді, шығар, болар, білем, керек, тиіс деген модаль сөздер есім баяндауыштарға көмекшілік қызметте айтылғанда, оларға шақтық мағына қосу үшін емес, сөйлемдегі ойға айтушының әр түрлі көзқарасын білдіру үшін жұмсалады.

Сөйтіп, құрама баяндауыштағы көмекші сөздер өздері қатысты есімдерге, еліктеуіш сөздерге түрлі – түрлі шақтық, видтік, модальдық мағына қосумен қатар, олардың баяндауыштық қызметін тиянақты етіп отырады.

Қорыта айтқанда, қазіргі қазақ тіліндегі құрама баяндауыштардың негізгі сөзі есім сөз болады да, есім баяндауыштардың қызметін тиянақты ете түсіп, оларға шақтық, видтік, модальдық мағына қосу керек болғанда, олардан кейін әртүрлі көмекші етістіктер, модаль сөздер тіркеседі. М.Әуезовтің «Абай жолы» романында «роман-эпопеясында» ең көп кездесетіні зат есімнен жасалған құрама баяндауыштар болып табылады. Одан кейін есімдікті, сын есімді, сан есімді құрама баяндауыштардың кездесетінін байқадық.

**Әдебиет:**

- 1 Сайрамбаев Т. Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері. – Алматы: Қазақ университеті, 1991. – 168 б.
- 2 Байтұрсынұлы А. Тіл тағлымы. – Алматы: Ана тілі. 1992. – 422 б.
- 3 Аманжолов А. Түркі филологиясы және жазу тарихы. – Алматы: Санат, 1996. – 128 б.
- 4 Балақаев М., Қордабаев Т. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Мектеп, 1966. – 340 б.
- 5 Жуынтаева З.Н., Тұрсынова М.А. Көне түркі тіліндегі сөйлем мүшелері // Қарағанды университетінің хабаршысы. Филология сериясы. – 2014. – № 3(75). – 3-8 б.
- 6 Балақаев М. Қазіргі қазақ тілі. – Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2006. – 237 б.

## **СИНТАКСИСТІК ҚҰРЫЛЫСТАҒЫ АТРИБУТТЫҚ ҚАТЫНАСТЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Жұбатханова К.К.,**

*магистрант,*

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,*

*Астана, Қазақстан,*

[zhubathanova@mail.ru](mailto:zhubathanova@mail.ru)

**Summary**

Attributive attitude in the Kazakh language has not yet turned personally into an object of research. This topic is global in that it will reveal the varieties of this kind of syntactic relation and find out their structure. Syntactic relations occupy a special place in the linguistics of the Kazakh language.

This topic requires research as it is the basic unit in the construction of sentences.

It deals with general syntactic relations, units of their structure and scientists who conducted research on this topic. And the main part refers to attributive relations, corresponding to the general classification of syntactic relations. Grammatically significant groups and their varieties are analyzed.

Тілдің синтаксистік құрылысы бірнеше деңгейден тұратыны белгілі. Ол сөз формаларын, сөз тіркесін, сөйлемді, сөйлемнен ірі бірліктерді қамтиды. Сөйлемдегі сөздердің өзара тіркесі, сөйлемдердің тіркесі, мәтіндегі байланыстар – бәрі де синтаксис саласының зертейтін нысанына жатады. Аталғандардың барлығы синтаксистік қатынастың заңдылықтарына негізделіп жасалатыны белгілі.

Синтаксистік қатынас – сөйлем құраудағы ең басты тәсіл, себебі мағыналық, тұлғалық жағынан үйлеспейтін сөздер өз бетімен сөйлем құрай алмайды. Яғни, жекелеген сөздер сөйлем құрау үшін бір-бірімен синтаксистік қатынаста тұруы керек. Сол кезде адам ойын жеткізудің тәсілі – коммуникативтік мақсаттағы сөйлем жасалады.

Синтаксистік қатынас дегеніміз – синтаксистің негізгі іргелі ұғымы, синтаксистік тұлғалардың өзара мағыналық әрі тұлғалық байланысынан пайда болатын синтаксистік мағына. Қазақ тіл білімінде синтаксистік қатынастар мәселесі толық зерттелді деп айта алмаймыз. Тек қана Н.Т. Сауранбаев, С.А. Аманжолов, М.Б. Балақаев тәрізді кейбір тілші-ғалымдардың еңбектерінде синтаксистік қатынастар мәселесінің кейбір қырлары қарастырылды. Сөйлемдегі сөздердің байланысына 1930 жылы қазақ тіл білімінің көрнекті ғалымдары Н. Сауранбаев, С. Аманжолов бірігіп жазған «Қазақ тілі грамматикасы» еңбегінде біраз тоқталған [1,58]. Ә. Аблақов, С. Исаев, Е. Ағмановтың авторлығымен 1997 жылы жарық көрген «Қазақ тіліндегі сөз тіркесінің дамуы мен лексикалану процесі» атты тарихи-салыстырмалы негізде жазылған оқу құралында ғалымдар сөз тіркесі синтаксисі төңірегінде болып жүрген әр түрлі көзқарастар мен пікірлерді талдап, тіл фактілері негізінде дәлелдеп, саралайды [2, 56].

Н.Т.Сауранбаев өзінің еңбегінде осы тақырыпты арнайы сөз етіп, сөйлемге қатысатын сөздердің арасында субъект-предикаттық, объектілік, атрибуттық қатынастар болатынын баса айтады. [3, 56].

Аталмыш ғалымдардың еңбектерінде синтаксистік қатынас мәселесі жеке сөздердің арасындағы байланыс түрінде қарастырылды. Енді, біз, алдағы жұмысымызда атрибуттық

қатынастың ерекшеліктерін ашуға тиіспіз. Ол үшін мынадай міндеттерді орындауымыз қажет:

1) қазақ тілі синтаксисіндегі атрибутивтік қатынастарға байланысты қалыптасқан ғылыми көзқарастарды жүйелеу;

2) қазақ тілі синтаксисіндегі атрибутивтік қатынастарға құрылымдық сипаттама беру, олардың морфология-синтаксистік ерекшеліктерін анықтау;

3) атрибутивтік қатынаста жұмсалатын сөз тіркестерінің өзіне тән белгілерін анықтау; байланысу жолдарын салыстыра отырып, тіркесу ерекшелігін айқындау;

Сонымен, синтаксистік қатынас деген не? Оның синтаксистік байланыстан айырмашылығы неде? Екеуінің ара жігін ажыратып алу керек. Синтаксистік байланыс – жеке сөздердің байланысы. Мұнда да тұлғалық, мағыналық үйлесім түгелімен сақталады. Жекелеген сөздердің байланысы жалғау, жұрнақ, шылау секілді морфологиялық және орын тәртібі, интонация секілді синтаксистік амал-тәсілдер арқылы жасалады. Сөз тіркестерін жасаған кезде олар сөздерді қиюластыру рөлін атқарады. Олай болса, морфологиялық амал-тәсілдер сөздерді байланыстыра келе синтаксистік сипатқа көшеді. Демек, жұрнақ, жалғаулар морфологияда морфологияға тән заңдылықтармен қаралса, синтаксисте сөздердің байланысы арқылы сипатталып отырады.

Сөйлемдегі жекелеген сөздер белгілі бір байланыста тұруы үшін орныққан үлгілері болады. Мұны сөйлем мүшелерінің орналасуынан да көре аламыз. Мысалы, бастауыш баяндауыштан бұрын тұрады, толықтауыштың, бастауыштың алдында анықтауыш келеді, баяндауыштың алдында пысықтауыш келеді деген сияқты. Осындай тәртіп арқылы байланысқан сөз тіркестері енді еншілерін синтаксистік қатынастан іздейді. Олар сөйлемнің бір бөлшегіне айналады, синтаксистік қатынасқа түседі. Бұл тұрғыда біздің зерттеу тақырыбымызға керегі баяндауыштың алдында келетін пысықтауыш.

Демек, синтаксистік қатынас синтаксистік байланыстан аясы кең ұғым. Оның ауқымына синтаксистік байланыстар сыйып кетеді. Сонда, синтаксистік қатынас синтаксистік байланыстан ірі бірлік болып шыға келеді.

Жоғарыда синтаксистік қатынастың субъект-предикаттық, объектілік, атрибутивтік түрлері бар екенін айтқан едік.

Ал, енді, атрибутивтік қатынастың ерекшеліктеріне тоқталайық. Атрибутивтік қатынас – заттық мағынадағы сөз бен оның әртүрлі белгілерін (сапасын) көрсететін сөздің тікелей бірігуін, тіркесуін білдіретін неғұрлым тығыз синтаксистік қатынас түрі. Атрибутивтік қатынастағы сөз тіркестерін білдіретін сөз таптары көптеген ғалымдардың еңбектерінде сөз болды[4]. Ол сөйлемде 2 түрлі: анықтауыштық және пысықтауыштық сипатта көрінеді. Алғашқысы – анықтауыштық:

а) басыңқы сыңар зат, нәрсені атайды, бағыныңқы сыңар оның сапалық (сандық) белгісін көрсетеді: әдемі қыз, биік тау, ұзын бойлы жігіт, бес кітап, он екінші ай, т.б.

ә) басыңқы сыңар зат, нәрсені атайды, бағыныңқы сыңар сол заттың кімге, неге тиесілі екенін көрсетеді: апамның орамалы, мекеменің мүлкі т.б.

б) басыңқы сыңар заттың бөлшегін, бағыныңқы сыңар затты тұтасымен атап көрсетеді: терезенің жақтауы, ағаштың жапырағы, адамның көзі, т.б.

в) басыңқы сыңар белгіленген іс-әрекетті, бағыныңқы сыңар сол әрекет иесін көрсетеді: ректордың бұйрығы, нәрестенің келуі, т.б.

г) басыңқы сыңар белгіні, бағыныңқы сыңар белгінің иесін көрсетеді: әйелдің кішіпейілдігі, жігіттің ептілігі, баланың зеректігі, т.б.

Мұндай сөз тіркестерінің әйелдің кішіпейілдігі – кішіпейіл әйел – әйел кішіпейіл, жігіттің ептілігі – епті жігіт – жігіт епті, баланың зеректігі – зерек бала – бала зерек т.б. болып трансформацияға түсу мүмкіндігі бар. Осындағы әйелдің кішіпейілдігі – кішіпейіл әйел, жігіттің ептілігі – епті жігіт, баланың зеректігі – зерек бала сөз тіркестерін синтаксистік синонимдерге жатқызуға болатын болса, әйел кішіпейіл, жігіт епті, бала зерек сияқты предикаттық қатынастағы тіркестердің лексикалық құрамы ортақ болғанымен, грамматикалық мағыналарындағы өзгешелігіне орай синтаксистік синоним бола алмайды.

Тұрлаулы мүшелердің ішіндегі сөйлемнің басты, өзекті мүшесі бастауыш болса, анықтауыш бастауыштың немесе есімнен болған басқа бір мүшенің мән-мағынасын саралап, айқындайды. Анықтауыштың сөйлемдегі мәнін жалпы сөйлем құрамының ерекшелігінен қарастырмай, анықтауыш-анықталушы сөз байланысы тұрғысынан қарастырғанда ғана айқындалады.

Жалпы түркітанушылық әдебиеттерде сөз тіркесі дегенді бөліп қарамай-ақ, “анықтауыштық есімдер тобы” дегенге ерекше көңіл бөлінді. Оның себебі, ертедегі түркітанушылар түркі тілдерінің синтаксистік құрылыстарында кездесетін өзгеше құбылыстарды айқындауды басты міндет етті. Расында, зат есім мен зат есімнің, сын есім мен сан есімдердің зат есімдермен жалғаусыз қатар тұру арқылы байланысқа еніп, анықтауыштық қатынаста жұмсалуды түркі тілдерінің елеулі өзгешелігі болып саналады.

Н.З.Гаджиева атрибутивтік сөздердің тіркесімділік әлеуетін мынадай қалыптасқан үлгілер бойынша төмендегідей топтастырады:

1. Зат есім + сан есімді тіркестер;
2. Зат есім + есімдікті тіркестер;
3. Зат есім + сын есімді тіркестер;
4. Зат есім + есімшелі тіркестер;
5. Зат есім + -ырға, - арға инфинитивтері;
6. Екі есім сөзден құралған анықтауыштық тіркестер;
7. Зат есім + қос сөздер;
8. Анықтауыштық қатынастағы жайылма сөз тіркестері [5, 3].

Бұл келтірген мысалдарымыз заттың сапасын, белгісін көрсететін атрибуттар. Ал тілімізде тек заттың емес, сөйлемдегі қимылдың да сапасы, белгісі болады. Оны пысықтауыштық сипаттағы атрибуттылық қатынас дейміз. Ол төмендегідей мағыналық-тұлғалық құрылымда келеді:

- а) мекенге байланысты атрибут: қалада оқу, Астанада суық, т.б.
- ә) бағытқа байланысты атрибут: үйге дейін бару, ауылға жақын, т.б.
- б) уақытқа байланысты атрибут: таңертең тұру, кешке келу, ұзақ ойлану, бүгін ыстық, т.б.
- в) қимылдың басталу сәті: тумысынан керең, бала кезден дос, т.б.
- г) себепке байланысты атрибут: ауырғандықтан келмеу, т.б.
- д) амалға қатысты атрибут: қалықтап ұшу, жылдам қимылдау т.б.
- е) мақсатқа қатысты атрибут: оқу үшін жайлы, кездесу үшін ыңғайлы, т.б.

Мұнда атрибуттық қатынастың мағыналық қатынасқа қарай жіктедік. Міне әрбір сөз тіркесінің нақты мағынасы оның грамматикалық және лексикалық мағынасына (мағыналық-тұлғалық құрылымына) байланысты. Алғашында келтірілген мысалдарда бағыныңқы сыңар зат есімнің атрибуты болса, екінші мысалдар тізбегінде баяндауыштың атрибуты ретінде ұсынылып отыр. Біздің зерттеу объектіміз де дәл осы болмақ. Ендігі мәселе атрибуттық қатынастың пысықтауыш арқылы берілуін сөз таптары тұрғысынан қарау. Қай үлгі жиірек кездесетінін анықтау. Мысал ретінде үстеуге келейік.

Үстеулер есімдермен таза күйінде, яғни өзінің үстеулік қасиетін сақтай отырып тіркеседі. Мұндай кезде үстеулер бағыныңқылық қызметте жұмсалады. Сонымен қатар модальді сөздер мен үстеулер барыс, жатыс, шығыс, көмектес септігіндегі зат есімдер, қимыл есімдер үстеулерді жетектейтіні кездеседі. Бірақ мұндай сөз тіркестері, яғни үстеулердің есімдермен тіркесуі, тілімізде көп ұшырай бермейді. Мысалы: Оларда бұрынғы қарсылық, өшпенділік қазір жоқ. Жомартта әлі үн жоқ (Мұстафин). Бұлар қазір төрдің тап ортасында, үлкен ақ жастықтарға шынтақтаған сал серілер (Әуезов). Алайда, үстеулердің осы сөз таптарының әрқайсысымен тіркесу қабілеті бірдей емес. Біреуімен жиі, біреулерімен сирек тіркеседі.

Үстеулердің есім сөздермен тіркесуі кездейсоқ құбылыс емес, әдеби тілде әлсін-әлсін кездесіп отыратын елеулі құбылыс. Кейбір фактілерге қарағанда, үстеулердің есімдермен тіркесі бертінде пайда болған құбылыс. Соған қарамастан қазіргі кезде ондай тіркестер аса

мол және кең қолданылады. Алайда үстеулер кез келген зат есіммен тіркесе бермейді. Олар көбінесе адамға қатысты айтылатын зат есімдермен жиі тіркес құрады.

Зат есімдермен жиі тіркесетіндер: мезгіл, күшейткіш, мөлшер үстеулері. Әсіресе, үстеулердің бәрі емес, тек мезгіл үстеулері есімді сөз тіркестерінің құрамына еніп, зат есімдерге қатысты жиі қолданылады: қазір, ертең, кеше, ұдайы, үнемі, бүгін, бірталай, бірнәрсені, осынша, нағыз, мұнша, бірқатар т.б. Әсіресе, бүгін, қазір, ертең үстеулері зат есіммен тіркесуге өте қабілетті.

Мысалы: Қазір ұшқыш, қазір оқушы, қазір бригадир, қазір басшы, қазір оқытушы т.б.

Үстеулердің зат есіммен тіркесі негізінен сөйлем құрамында ғана болатын құбылыс. Үстеулер көбіне баяндауыш қызметіндегі зат есімдермен ғана тіркеседі. Мұндай кезде мезгілдік үстеулер есім баяндауыштың мезгілін, мөлшерін т.б. қасиеттерін білдіреді. Адамзат – бүгін адам, ертең – топырақ (Абай). Кішіпейілділік-адам бойындағы ерекше қасиет (Газеттен).

Үстеулер сөйлем ішінде зат есім, сын есім, сан есім және бар, жоқ сөздеріне қатысты болып, солармен қабыса байланыста көп ұшырайды, мыс.: бүгін жайлауда, енді көңілді, қазір жас, биыл жетіде, бүгін бар, ертең жоқ.

Бұл мысалдардағы сөз тіркестері мағыналық байланысы берік сөздердің үйлесуі негізінде жасалмаған, олар бүгін келді, енді айтады, қазір барамын сияқты тіркестер емес, мағыналық байланыс арқауы бос тіркестер. Олай дейтін себебіміз – мезгіл үстеулері есімдермен тіркескенде, олардың тіркесу қабілеті айқын болғандықтан және мағыналық байланысы берік болғандықтан тіркеспейді, сөйлемнің жалпы мазмұны керек ететіндіктен ғана есімді сөйлемнің құрамына еніп, есім баяндауышқа мезгілдік мағына үстеу үшін тіркеседі: Қасен қазір колхозшы (Көбеев). Біз де бүгін вахтадамбыз (Ерғалиев). Ұлпа биыл жетіде (Майлин). Осы Шыңғыстың осы қара желі өзге уақыттың бәрінде жақсы болғанмен, дәл күздігүні жайсыз-ақ (Әуезов). Бұл мысалдарда үстеу сөз табы мен зат есім, сан есім, сын есіммен тіркесіп, атрибуттық қатынасты түзіп тұрғанын байқаймыз.

Тіліміздегі «де, ет» көмекші етістіктері де атрибуттық қатынас жасауға қатыса алады. Мысалы, «сенімен танысайын деп сыртқа шықтым, жалт етіп жанды» деген сөйлемдерді алсақ, «неліктен?, қалай?» сұрақтарын қою арқылы пысықтауыштық қатынаста тұрғанын анықтай аламыз. Көсемше формалы «де, ет» көмекші етістіктеріне қатысты мысалдар тілімізде көп. Бұлар көбіне көсемше формасын қабылдау арқылы атрибуттық қатынас жасайды.

Қорыта айтқанда, қазақ тіліндегі атрибуттық қатынас, оның пысықтауыштық жолмен жасалуы мен қолданылуы әлі де толыққанды зерттеу жұмыстарын қажет етеді.

#### **Әдебиет:**

1. Аманжолов С., Сауранбаев Н. Қазақ тілі грамматикасы. Синтаксис. – Алматы: Қазақ ССР ҒА баспасы, 1939. – 350 б.
2. Аблақов Ә., Исаев С., Ағмановт Е. Қазақ тіліндегі сөз тіркесінің дамуы мен лексикалану процесі. – Алматы: Санат, 1997. – 352 б.
3. Сауранбаев Т. Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдер жүйесі. – Алматы: Қазақ ССР ғылым академиясының «Ғылым» баспасы, 1948. – 287 б.
4. Прокопович Н.Н. Вопросы синтаксиса русского языка. Учеб. пособие для пед. Вузов. – Москва: Наука, 1974. – 350 с.
5. Гаджиева Н.З. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. – М.: Наука, 1988. – 253 с.



## ҚАЗАҚ ТІЛІ ДЫБЫСТЫҚ ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Исхан Б.Ж.,*

*филология ғылымдарының кандидаты, доцент,*

*Абылай хан атындағы ҚазХҚ жӘТУ,*

*Алматы, Қазақстан,*

*[baiel\\_i@mail.ru](mailto:baiel_i@mail.ru)*

### **Abstract**

The article deals with the problems of the sound system of the Kazakh language. Definitely, the sound system of the national language has been formed for many years and has its own originality. The combination of sounds that are common to all languages in the national language, combined with each other in their characteristics. The features of the sound system in the Kazakh language are listed. These features should be taken into account when preparing the Kazakhstan schedule.

Қазақ тілі дыбыстық жүйесінде қанша дыбыс бар екенін Ахмет Байтұрсынұлы бұдан жүз жылдай бұрын анықтап, нақтылап, дәлелдеп кеткеніне және соның негізінде латыншаланған қазақ әліпбиі өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдарының аяғында жасалып қойылғанына, ол әліпби қазақ жұртына он-он бес жылдай (1926-1940) тәп-тәуір қызмет еткеніне қарамастан, біз сол латынша әліпбиімізді сәл жетілдіріп пайдалана беруге бармай, «белесебетті қайта ойлап шығарғандай» болып жаңа әліпби құрастырдық. Бірақ оның кемшін тұстары жеткілікті екенін қазақ қоғамының көзі ашық адамдары жаппай айтып жатыр. Біздің ойымызша, оның басты кемшілігі – ұлттық тілдің өзіндік ерекшеліктерін ескермеуде жатыр. Енді осы әліпбимен емле ережелерімізді бір оңтайға келтіріп алсақ та, аз олжа емес сияқты.

Ұлттық тілді өзге тілдерден ерекшелейтін басты белгілердің бірі әрі бірегейі – дыбыстық жүйесі. Дыбыстық жүйе – тілдің іргетасы. Ол ұзақ дамуды өткеріп, басқа тілдерден бөлектеніп, өзінше болып қалыптасады да, ондағы дыбыстардың өзіндік тіркесуінен ұлттық тілдің өзіне ғана тән сөздік құрамының барлық сөзі жасалады. Сондықтан да қандай тілдің болсын, әбден қалыптасып, шындалған дыбыстық жүйесіне жат дыбыстар өз бетімен жеке-дара ене алмайды. Ене қалса, сіңісіп кетуі – өте сирек құбылыс (мысалы, қазақ тіліне араб тілінен енген «ә» дыбысы). Олар тек бөтен сөздер арқылы ғана сол сөздердің иесі қалай айтып-жазса, сол қалпында екінші тілде де солай болуы талап етілген жағдайда ғана орныға алады. Ол үшін, ең әуелі, басқыншы тіл (ұлт) өз сөздерін бұлжытпай айтуды міндеттеп, сол сөздерінің құрамындағы өз дыбыстарын екінші тілдің дыбыстық жүйесіне телиді. Қазақ тіліне бағытталған бұндай басқыншылық китүрқы саясат орыс тілі тарапынан болды және күні бүгінге дейін жалғасып келеді.

Ұлттық тілді тұтынушылар арасынан «неге бөтен сөздерді бұлжытпай айтуымыз керек?» деген күдік-күман, наразылық туындап кетпеуі үшін латын, грек, ағылшын, француз т.б. тілдерден орысшаланып алынған, яғни орыс тілінің дыбыстық (фонетика), құрылымдық (грамматика) заңдылығына негізделініп айтылып-жазылатын кірме сөздерін «біз оларды өзгертпей алғанбыз, өйткені олар «халықаралық терминдер» деп бізді алдаусыратып, тіпті арбап сендірді.

Пайымдап қарасақ, «халықаралық термин» деген ұғым посткеңестік елдерден басқа бірде-бір елде (тілде) жоқ екеніне көз жеткіземіз. Орыстандыру саясатына уланған біздің солай деп ойлап жүрген сөздеріміздің баршасы – бізге кезінде араб-парсы тілінен қазақшаланып енген «*ғылым, ғалым, ілім, ұстаз, мұғалім, шәкірт, кітап, дәптер*» т.б. сөздер секілді орыс тіліне де латын-грек тілінен орысшаланып сіңген, қазір нағыз орыстікі болып кеткен сөздер екен.

Рас, орыс тілінің сөздік құрамындағы кейбір сөздер латын-гректік түбірге 100 пайыздай сәйкес келіп қалатын кездері болады, алайда бұл – орыс тілі еуропалық тілдердің барлық сөзін еш өзгеріссіз алған екен дегенді білдірмейді. Орыс тілі үнді-еуропа (флективті) тілдері тобына жататын болғандықтан, дыбыстық жүйесі мен тілдік құрылымы оларға қазақ

тілінен гөрі бір табан жақын. Сондықтан да кейбір сөздердің грек-латынша дыбысталуы орыс тілінің табиғатына біршама сәйкес келіп, еш өзгертілмей алынған.

Егер жат жұрттық сөздер белгілі бір заманның саяси ықпалымен жасалған ереже-қағидалар негізінде тілге зорлықпен енетін болса, тілдің табиғи жүйесіне сәйкес келмейтіндігінен, бәрібір олардың бөтендігі әрқашан сезіліп тұрады. Керісінше, мәселен, халық орыс тілінің кейбір сөздерін қабылдағандай, айтып-жазса (*ағылшын, орыс, неміс, кәріс, жапын, шешен т.б.*), онда олардың бөгделігін арнайы үңіліп зерттеген маман адам (лингвист) болмаса, кез келген жан аңғара бермейді.

Ал қазіргі қазақ тілі сөздік құрамымындағы XX ғасырдың екінші ширегінен (1938 ж.) бастап орыс тілінен және осы тіл арқылы басқа да шетел тілдерінен «халықаралық термин сөздер» деген жалған желеумен орысшаланып, тіліміздің табиғи заңдылықтарына бағынбай, түр-тұлғасын еш өзгертпей сан мыңдаған сөз енді. Оларды нағыз қазаққа айту да, жазу да қиын. Сол «термин сөздер» үнемі түбір қалпында қолданылмайтыны да, оларға әртүрлі қазақша қосымшалар жалғауға тура келетіні де баршаға белгілі.

Әдетте қазақ тіліне жанашырлардың арасында жат тілдік дыбыстары бар сөздер ғана тілдің табиғи бітім-болмысын бүлдіреді деген түсінік бар. Шынында да олардың тіл бұзарлық ойраны қазақтілді кез кезген жанның көзіне бірден шалынады. Ал жат тілдік сөздер құрамындағы қазақ тіліне де тән дыбыстардың (а, б, г, д, е, ж, з, й, к, л, м, н, о, п, р, с, т, ұ, ш) өзгеше, мәселен, орысша тіркесуінің тіл бұзарлық әлеуеті (потенциялы) жат тілдік дыбыстардан да ерекше күшті. Бірақ біз «орыс-қазақ» әліпбиімен сауат ашып, сосын орыс тілінің сөздері мен орыс тілі арқылы орысшаланып енген өзге тілдердің сөздері орысша қалай жазылса, қазақша да солай болуын талап ететін қазақ тілінің «жасанды» емле ережелерін жаттап өскендіктен, олардағы қазақ тілі табиғатына жат дыбыс тіркесімдерінің тіл бұзарлық ойранын сезе бермейміз. Айталық, «г» дыбысы мен «а» дыбысының тіркесі қазақ тіліне жат. Сол себептен «газ» сөзінің қазақтың өз сөзі емес екенін кез келген қазақтілді қазақ бірден аңғарады.

Сондықтан да латын негізді әліпби бойынша қазақ жазуын қалыптастыруда оның өзіндік табиғи ерекшелігі қатаң ескерілуі керек. Осыған орай оның төл дыбыстары мен олардың өзара тіркесімі мәселесіне арнайы тоқталар болсақ, бұл орайда, ең әулі, қазақ тілі дыбыстық жүйесінің табиғатына қатысты басты-басты заңдылықтарды анықтап, екшеп алғанымыз жөн болар. Біздің зерттеп-зерделеуімізше, олар – мыналар:

1. Қазақ тілінің өз сөздерін дыбыстап айтуға арналған төл дыбыстары бар. Олардың дыбысталуы дыбыс шығару мүшелерінің сан мыңдаған жыл бойы қалыптасқан артикуляциялық (дыбыс шығаруға ауыз-көмей мүшелерінің қатысуы, дыбыстардың жасалу орны) және акустикалық (дыбыс шығару кезінде демнің өкпеден шығу жолы мен қарқыны) заңдылықтарына негізделген;

2. Қазақ тілі дауысты дыбыстары жуан-жіңішке, еріндік-езулік болып жұптасып келеді. Сол себептен буын үндестігі – қазақ тілінің басты заңы болып есептеледі;

3. Қазақ тілі дауысты дыбыстарының ішінде «о» дыбысы түбір марфеманың тек алғашқы буында ғана қолданылады. Басқа дауысты дыбыстар барлық буында айтылады, демек жазылуға тиіс. Бұл заңдылық, әсіресе күні бүгінге шейін «емлелік жасанды ережеге» қор болып, жазылуы мен айтылымы арасында үлкен айрмашылық пайда болған «ә» дыбысы мен еріндік дауысты дыбыстардың (ұ, ү, ө) қазақ сөздерінің екінші-үшінші буындарда қолданылуына және олардың жазылуына тікелей қатысты.

4. Қазақ тілі бүкіл түркі тілі сияқты жалғамалы (агглюнативті) тілдер тобына жатады. Демек, түбір морфемадан афикстік морфемалар арқылы туынды сөздердің жасалуы және олардың түрлі грамматикалық мағыналарға ие болып түрленуі – оларға жалғанатын қосымшалардың жуан түбірге жуан, жіңішке түбірге жіңішке жалғанып, үйлесіп келуі арқылы жүзеге асады;

5. Қазақ тілінің тағы бір өзіндік бір заңдылығы – еріндік дауысты дыбыстардың да үндестігі. Бұл заңдылық қолдан жасалған айтылым сөздігінде ғана ескерілмей, емле сөздігімізде де көрініс табуы керек сияқты.

6. Қазақ тілінде еріндік дауыстылар (о, ө, ұ, ү) ғана өзінен кейін келетін (жазылатын) қысаң «ы» мен «і» дауысты дыбыстарын еріндікке айналдырып қана қоймайды, үнді дауыссыз дыбыс «у» да өзінің алдында да, өзінен кейін де «ұ» мен «ү» және «ө» еріндік дауыстыларының айтылуын (уыз – үуұз, ауыл – ауұл т.б.) талап етеді. Демек, жазған кезде, болашақ емле ережемінде осыны да мұқият ескеруіміз керек.

7. Қазақ тілінің түбір морфемасы құрамында екі дауысты дыбыс қатар тұра (дыбыстала) алмайтыны сияқты екі морфема біріккен кезде де екі дауысты дыбыс қатар тұра алмайды. Сондықтан оларды біріктіріп жазатын болсақ, біреуін түсіріп (қаларалық), не болмаса оларды тіркес сөз ретінде (қала аралық) ғана жазу керек.

8. Қазақ тілі жалғамалы тіл болғандықтан, қазақ тілінің түбір сөздері мен туынды сөздері, сөз түрлендіруші жұрнақты сөздері буын үндестігі (сингармонизм) заңына бағынып айтылады және жазылады;

9. Қазақ тілінің үнді дауыссыз дыбыстарынан «м» мен «н» ғана сөз басында қолданыла алады. «ң» үнді дауыссыз дыбысы ғана емес, сондай-ақ «р», «й», «у», «л» үнді дауыссыз дыбыстарынан да сөз басталмайды, демек олар жалаң түрде, яғни «ы», «і», «ұ», «ү» дауысты дыбыстарынсыз айтылмайды.

10. Қазақ тілі сөздері қос дауыссыздан басталмайды.

11. Қазақ тілі сөздерінде үнді мен қатаң дауыссыз дыбыстардың (й+т, л+т, н+т, р+т) тіркесімі бар болғанымен, сөз соңында екі дауыссыз, әсіресе екі қатаң дауыссыз дыбыс айтылмайды.

12. Сөз ішінде (түбір морфемада) бірдей екі дауыссыз дыбысты қосарлап айту (махаббат, ләззат, күллі, құдды т.б.) қазақ тілінің табиғатына тән емес.

13. Қазақ тілінде «з», «ж» дыбыстарынан басқа ұяң дауыссыздар сөз соңында қолданылмайды.

14. Қазақ тілінде сөз екпіні (екпінді буын) деген нәрсе жоқ, ол қазақ тілі сөздерінің лексикалық мағынасын өзгертуге еш әсер ете алмайды. Сол себептен екпін барлық буынға бірдей түседі және екпінді, екпінсіз делініп дауысты дыбыстар ерекшеленбейді. Демек, орыс тіліндегі екпінсіз айтылатын дауысты дыбыстар орысша қалай айтылса, қазақша да солай айтылып-жазылуы керек. Мәселен, мамонт – мамынт, портал – партал, ректор – іректір, томография – тамағырап(ы)йа, трактор – тірәкт(і)р т.б.» делініп.

15. Орыс тіліндегі «и», «у», «ы» дыбыстары осы әріптермен таңбаланып жүрген қазақ тілі дыбыстарына мүлдем сәйкес келмейді. Осы әріптер қолданылатын орыс тілі сөздері қазақ тілі дыбыстарымен алмастырылып, яғни қазақшаланып жазылуы керек.

16. Жіңішкелік белгісіне немесе екі дауыссыз дыбысқа аяқталған орыс сөздеріне қазақ тілі қосымшалары әртүрлі жалғанып жүр. Себебі қазақ тілінде түбір морфема мен негіздік морфеманың (туынды сөз) басында да, аяғында да екі дауыссыз, әсіресе екі қатаң дауыссыз қатар айтылмайды.

17. Егер өзгетілдік сөздер «ст», «зд», «дж», «кс», «зм», «рс» т.б. дыбыс тіркесімімен аяқталса, қазақ тілінде олардың арасына «ы», «і» қысаң дауысты дыбыстары қосылып айтылады. Мысалы: *миннистір, коледіж, кодекіс, экстремизім, қурыс* т.б.

Міне, қазақ тілінің осы сияқты т.б. заңдылықтары, тіпті Халел (өз атын көп жағдайда «Қалел» деп жазған. авт.) Досмұхамедұлы «Сингармонизм түрік (түркі. авт.) тілінің айрықша өзіне біткен қасиеті» [1, 82] деп ұлықтаған тіліміздің буын үндестік заңы ескерілмей дайындалған емле (орфография) ережелеріміз оның жазба тілін ғана емес, жанды (ауызша) тілінің өзін де табиғатынан алшақтатып барады. Сол себептен қазақтілділер қазақ тілінің жат тілдік сөздерді қалай жазу керек екені туралы қазіргі емле ережелерін жатқа білсе де, қазақ тіліне өзгетілдік дыбыс тіркесімдерімен енген сөздерді әркім өзінше дыбыстап, өздері дұрыс-ау деп ойлаған қосымшаларды жалғап жүр. Өйткені қазақ тілінің қазіргі емле ережелерінің көбісі орыс тілінен және орыс тілі арқылы өзге тілдерден орысшалашып енген сөздерді сол қалпында алып, оларға қайтсек, қазақша қосымшалар жалғаймыз деп жасалған ережелерге толы.

Орыс тілі әліпбиі және оның тілімізге өзгеріссіз енген сөздерін жазу ережелерінің ықпалынан болар, қазақ тілінің төл сөздерін айтып-жазуда да кінәратты жақтар баршылық. Мәселен, қазақ тілі дауыссыз дыбыстары және олардың сөз құрамындағы өзге дыбыстармен тіркесімі біраз мәселені қайта қарауды қажет етеді. Қазақ тілінің кейбір дауыссыз дыбыстары сөздің барлық орнында (позициясында) келе беретін болса, енді біреулері сөз басында айтылмайды. Сондай-ақ «з», «ж» дыбыстарынан басқа ұяң дауыссыздар сөз соңында қолданылмайды. Оның өзінде «ж» дыбысымен бар-жоғы «тәж» және «баж (баж салығы)» деген екі сөз ғана аяқталады. Енді бұған өз ереже-қағидасымен қазақ тіліне еш өзгеріссіз енген сөздердің айтылым-жазылым мәселелерін қоссақ, онда оның (қазақ тілінің) өз табиғатынан біртіндеп алшақтап бара жатқанын анық аңғарамыз.

Қос дауыссыздан басталатын және қос дауыссызға аяқталатын шет тілдік сөздердің жазылуы қазақ тілі заңдылығы бойынша өзгеше. Өйткені әр тілдің өзіне тән дыбыстары, олардың тіркесуі, сондай-ақ олардың сөз басында, сөз ортасында, сөз аяғында келуі тәрізді өзіндік заңдылықтары бар.

Қазақ тілінде сөз соңында «йт», «нт», «рт», «лт» (айт, жент, құрт, кілт, т.б.) сияқты үнді мен қатаң дауыссыздар тіркесімі бар болса да, басқаша тіркесіммен айтылмайды, демек жазылуы да мүмкін емес. Ал сөз ішінде үнді дауыссыздар өздерінен кейін келетін дауыссыздардың барлығымен тіркесе береді. Солай дегенімізбен, біздің ойымызша, «қм», «рм», «сл», «мл», «см», «др», «хн», «қр» дыбыс тіркесімдерімен жазылып жүрген кейбір «кірме» сөздердің (*рақмет, құрмет, мемлекет, ислам, медресе, сахна, мақұрм, ресми, емле т.б.*) аражігіне, тіліміздің өзіндік табиғи бітім-болмысын сақтау мақсатында ешқандай жазу үнемділігін ескермей-ақ, «ы/і» қысаң дауысты дыбыстарын жазып-айтуымыз қажет сияқты. Мәселен, «ырақымет», «құрымет», «мемілекет», «ыйсылам», «медіресе», «сақына», «мақұрым», «іресім(і)й», «еміле» деп жазсақ, қазақ тілі айтылымына (орфоэфия) барынша жақындай түсетіні анық.

Қазақ тілі жалғамалы (агглютинативті) тіл болғандықтан, оған өзге тілден (орыс тілінен) енген сөздердің соңындағы қосарлы дауыссыздарға баса назар аударған жөн. Бұл жерде екі дауыссыз дыбыс тан басталатын және екі дауыссыз дыбысқа аяқталатын сөздердің қазақ тілінде дыбысталуында жүзеге асатын протеза, эпитеза заңдылықтарын ескеру қажет.

Протеза бойынша дыбыс сөздің алдынан қосылса [2, 260], эпитеза бойынша дыбыс сөздің соңынан қосылады [3, 404 б.]. Мысалы, өзбек тілінде орыс тілінен енген *киоск, танк, пропуск, диск* деген сөздер *киоска, танка, пропуска, диска* [4, 92] түрінде айтылады және жазылады. Ал қазақ тілінде бұл сөздердің жазылуы орысша түрінде сақталғанымен, олар *киоскі, таңкі, пропускі, дискі* түрінде айтылып, оларға қосымшалар дауыссыздан басталып жалғанады. Мысалы, *киоскіден, таңкіге, пропускіні, дискіні*. Бұл жерде өзбек тіліндегі «а» әрпі «ә» болып оқылатынын және қазақ тіліндегі сияқты «к», «г» дыбыстары оларда да жуан дауыстылармен тіркесе алмайтынын ескеру қажет. Демек, оларда «*киоск*» сияқты сөздердің айтылуы - күйөскә.

Сөз аяғындағы қос дауыссыздардың жазылуына бірдей қарауға болмайтыны сияқты екі қатаң дауыссыздан басталатын жат тілдік сөздерді жазуда да ескеретін тағы бір үлкен мәселе бар. Мәселен, қатаңнан кейін үнді келетін *кредит, кристал, климат, президент, прокурор, пленум* сияқты сөздердегі «к», «п» дыбыстарынан кейін «ы», «і» қыстырма дауысты дыбыстарын қоспай-ақ, үнемдеп жазуға болатын болса (өйткені орысша дыбыс тіркесімін сақтап жазсақ та, нағыз қазақ «ы/і» дауыстыларын қоспай, бәрібір айта алмайды), *стратегия, скат, спикер, сцена* сияқты екі қатаңнан басталатын сөздерде міндетті түрде протеза құбылысы (ы,і-мен жазу) ескерілуі қажет, себебі екі қатаң дауыссыз дыбысты сөз басында айтуға қазақ тілінің дыбыс жасау (артикуляциялық) мүмкіндігі жоқ [5, 127].

Қорыта айтқанда тіліміздің табиғи болмысын сақтау үшін оның өзіндік ерекшеліктерін ескеру аса маңызды. Ал бұл болса, латынша жаңа әліпби негізінде емле ережелерін дайындау үшін қажет.

**Әдебиет:**

1. Досмұхамедұлы Х. Аламан. – Алматы: Ана тілі, 1991.
2. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы: Санат, 1993.
3. Қалиев Ф. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005.
4. Ондасынов Н.Д. Арабша-қазақша сөздік. Т.1. – Алматы: Мектеп, 1989. – 254 б.
5. Жүнісбек Ә. Қазақ фонетикасы. – Алматы: Арыс, 2009. – 296 б.

## **М.КАШКАРИНИН “ДИВАНУ ЛУГАТИ-Т ТҮРК” СӨЗДҮГҮНДӨГҮ ҚЫЗМАТЧЫ СӨЗДӨРДҮН ҚЫРГЫЗ ТИЛИНДЕГИ ШАЙКЕШТИКТЕРІ**

*Карымшакова А.Т.,  
филология илимдеринин кандидаты, доцент,  
Бишкек гуманитардык университети,  
Бишкек, Кыргыз Республикасы,  
[talgarovna@gmail.com](mailto:talgarovna@gmail.com)*

**Аннотация**

Макалада М.Кашкаринин сөздүгүндөгү кызматчы сөздөр жөнүндө жалпы маалымат берилип, алардын катарына жаңылыш түрдө айрым жардамчы атоочтор, модалдык сөздөр, мүчөлөр да киргизилгени, булардын ичинен азыркы кыргыз тилинде нагыз кызматчы сөздүк милдет айткаргандары, сөздүктөгү кызматчы сөздөр тыбыштык жактан кыргыз тилине шайкеш келип-келбей турганы ачып көрсөтүлөт. Талдоого алынган кызматчы сөздөр тиешелүү мисалдар менен коштолот.

**Түйүндүү сөздөр:** М.Кашкаринин сөздүгү, түрк тилдери, кыргыз тили, кызматчы сөздөр, жандоочтор, байламталар, бөлүкчөлөр.

**Служебные слова в словаре М.Кашкари «Дивану лугати-т турк» и их функциональные соответствия в кыргызском языке**

**Аннотация**

В статье рассматриваются особенности служебных слов, представленных в словаре М.Кашкари, в числе которых ошибочно перечисляются некоторые служебные имена, модальные слова и частицы-аффиксы а также определяются функциональные соответствия этих слов в кыргызском языке. Анализ сопровождается конкретными примерами, взятыми из соответствующих источников.

**Ключевые слова:** Словарь М.Кашкари, тюркские языки, кыргызский язык, служебные слова, послелоги, союзы, частицы.

**The functional words in the “Divanu lugati-t turk” dictionary by M.Kashkari and their correlation with the function words in the modern Kyrgyz language**

**Abstract**

The article deals with the peculiarities of the functional words presented in The dictionary by M. Kashkari, among which some auxiliary names, modal words and particles-affixes are mistakenly listed, and functional correspondences of these words in the Kyrgyz language are determined. The analysis is accompanied by specific examples from relevant sources.

**Key words:** Dictionary of M. Kashkari, the Turkic languages, Kyrgyz language, functional words, postpositions, conjunctions, particles.

М.Кашкаринин “Дивану лугати ат-түрк” аттуу эстелиги Т.Токоев, К.Кошмоковдор тарабынан кыргызчага которулуп, 2011-2013-жылдары үч томдук түрүндө басмадан чыгарылганы белгилүү [1]. Биз ушул эмгектен көптөгөн түрк тилдеринде кызматчы сөздөр деп эсептелген сөздөрдү топтоп алууга аракет кылдык. Анда төмөнкүдөй кызматчы сөздөр катталганы белгилүү болду.

**Жандоочтор:** биле (бирле, биирле, бирлее, бирла, била, билә) варианттары менен (кырг. менен). Бул жандооч байыркы жазма эстеликтерде эки кайталанып келүү менен байламталык да милдет аткарган учурлары кезигет. **Үчүн** (кырг. үчүн); **йеме, йама** (кырг. дагы, да); **тигин** (кырг. чейин); **таба** (табару, тапа, тапару) (кырг. чейин, карай); **киби** (киб) (кырг. сыяктуу); **йа** (кырг. же); **баса** (кырг. кийин, соң); **азу** (кырг. же). **Бөлүкчөлөр:** **ок** (кырг. эле, гана); **өк** (кырг. эле, гана); **такы** (кырг. дагы); **эрки** (кырг. бекен); **абалы** (кырг.

өтө, аябай); **мат** (кырг. дал, так); **чым** (кырг. аябай); **тегүл, деег үл** (кырг. түгүл, эмес); **да** (кырг. да); **калы** (кырг. эгер, беле, балким); **йамат** (кырг. ооба, жарайт, макул); **йах** (кырг. ийи, ээ, ооба); **даг, заг** (кырг. жок); **кийе** (кырг. гана); **ла** (барды ла) (кырг. эле, го – барган эле, барды го - ырастоо маанисинде); **йу** (кырг. го – ырастоо маанисинде); **чың** (кырг. чылк). **Байламталар: йана** (кырг. жана); **нече... анча** (кырг. канча... ошончо); **абан** (кырг. эгер(де)); **-са** (кырг. эгер байламтасынын маанисинде).

Кызыгы, эстеликтин өзбекче нускасында [2] кызматчы сөз катары сыпатталган бирдиктер да кыргызча нускасына дээрлик дал келет. Алар: сын атоочтун күчөтмө даражасын уюштуруучу **ап-, еп-, үп-** сыяктуу препозициялык көрсөткүчтөр; **-му, -мү, -ба** өндүү суроо маанисин билдирген мүчөлөр (кырг. -бы, -би, -бу, -бү ж.б.); **-чу, -чү, -шу** - постпозициялык мүчөлөр; **так** –салыштырма бөлүкчө катары берилет (кырг. сын атоочту уюштуруучу **-дай** мүчөсү, бирок сүйлөм контекстинде **сыяктуу** жандоочуна синоним болуп да келет); **аа** – жардамчы сөз деп берилет (“жок” деген маанидеги модалдык сөз); төмөнкү жардамчы атоочтор: **үзе** – (кырг. үстүндө), **үстүн, алтын, астын** (кырг. үстүндө, алдында, астында), **ичре** (кырг. ичинде) жандоочтор катары берилет; жана **эркен** кызматчы сөздүк мааниде деп берилет (орус. **быть**, кырг. **бол** деген мааниде).

Жогоруда берилген тышкы турпаты мүчөгө окшогон тилдик элементтер айрым түрк тилдеринде азыр да кызматчы сөздөр катары каралганы менен, азыркы кыргыз тилинде тыбыштык варианттар менен өзгөрүп, уңгуга уланып жазылгандыктан кадимки эле сөз өзгөртүүчү мүчөлөр деп саналат. Ал эми биз тарабынан жардамчы атооч деп белгиленгендер айрым түрк тилинде азыр да кызматчы сөз түркүмдөрүнүн катарында каралып келсе, көпчүлүк түрк тилдеринде кызматчы сөздөр деген топко кошулбай, семантика-грамматикалык жактан жардамчылык маанини туюндурган өзүнчө өзгөчөлөнгөн группа катары гана каралат. Анткени кызматчы сөз түркүмдөрү боюнча илимий даражаларга ээ болгон белгилүү адис окумуштуулар алардын лексика-грамматикалык табиятын, бөтөнчөлүктөрүн эске алуу менен, кызматчы сөз түркүмдөрүнө адилеттүү түрдө жандооч, байламта, бөлүкчөлөрдү гана киргизишет.

Сөздүктө жолуккан кызматчы сөздөргө статистикалык анализ жүргүзгөндө биздин эсептөөбүздө эң көп колдонулган кызматчы сөз катары жандооч **биле** (варианттары менен) (кырг. менен) кезигери белгилүү болду. Ал варианттары менен 141 жолу кезигет, дааналап айтканда, сөздүктүн үч томунда **биле** 23 жолу, **бирле** 111 жолу, **биирле** 2 жолу, **бирлее** 2 жолу, **бирла** 1 жолу, **била** 1 жолу, **билэ** 1 жолу кезигет; **тапа** (варианттары менен) (кырг. чейин) 10 жолу кезигет, тактап айтканда, **тапа** 1 жолу, **таба** 6 жолу, **табару** 2 жолу, **тапару** 1 жолу кезигет; **калы** (кырг. эгер, беле) 7 жолу кезигет; **такты** (кырг. дагы бөлүкчөлүк мааниде) 5 жолу кезигет; **йана** (кырг. жана) 3 жолу кезигет; **тегүл, деег үл, даг, заг** деген түрлөрү (кырг. түгүл, жок деген маанилерде) бир жолдон кезигет. Калган кызматчы сөздөр бир жолдон гана кезигет. Демек, жогорудагы санак көрсөткөндөй, кызматчы сөздөрдүн ичинен сөздүктө эң көп кезиккендери **биле** (кырг. менен) жети вариантта: биле, бирле, биирле, бирлее, бирла, бирлэ; **тапа** (кырг. чейин, карай) төрт вариантта: тапа, тапару, таба, табару болуп колдонулат.

Ал эми сөздүктөгү кызматчы сөздөрдүн ичинен кыргыз тилине

1) Тыбыштык жактан (маанилик жактан да) толугу менен дал келгендер: **үчүн** жандоочу, **да** бөлүкчө-байламтасы.

2) Тыбыштык жактан бир аз айырмалуу (семантикалык жактан бирдей эле) болгондор а) **жандоочтор: биле** (варианттары менен) (кырг. менен), **тигин** (кырг. чейин), **йа** (кырг. же); б) **бөлүкчөлөр: такы** (кырг. дагы), **тегүл, деег үл** (кырг. түгүл); бирок бул сөз эмес деген маанини да туюндурат; **кийе** (кырг. гана); **йах** (кырг. ийи, ээ, ооба), в) **байламта: йана** (кырг. жана).

Ошол эле маалда **йана** сөзүнүн байламталык мааниде келери бир чети күмөн туудурат. Сал. Андин тамар түгөл туз Булнап **йана** ол качар. Кырг. Андан тамар түгөл сулуулук Арбап (туткундап) **жана** ал качар [1.1: 143]. Бул сүйлөмдө **жана** сөзү байламталык милдетте которулган. Котормонун башка нускасында: Andın tamar tügäl tüz, Bulnap **jana** ol

қасағ. Кырг. Андан түгөл нур тамар, Арбап, **кайта** ал качар! [3.I: 87]. Бул сүйлөмдө **яна** тактоочтук (**кайта** деген) мааниде колдонулду. Бирок **яна** сөзү көпчүлүк мисалдарда эки котормодо тең **кайра**, **кайта**, **эми** деген тактоочтор менен которулуп берилерин адилеттүүлүк үчүн айтып коюу керек.

3) Тыбыштык жактан кыргыз тилинде такыр кезикпегендери: а) **жандоочтор: йеме, йама** (кырг. дагы, да). Бирок булар жандоочтук да, кээде байламталык да милдет аткарат. **Таба, табару, тапа, тапару** (кырг. карай. чейин); **киби, киб** (кырг. сыяктуу), **баса** (кырг. кийин, соң), **азу** (кырг. же); б) **бөлүкчөлөр: ок** (кырг. го –ырастоо маанисинде); **өк** (кырг. эле), **эрки** (кырг. бекен), **абалы** (кырг. өтө, аябай), **мат** (кырг. дал, так), **чым** (кырг. аябай), **калы** (кырг. эгер, беле, балким), **йамат** (кырг. ооба, жарайт, макул), , **ла** (барды ла) (кырг. эле, го – ырастоо маанисинде), **йу** (кырг. го –ырастоо маанисинде), **чың** (кырг. чылк); в) **байламталар: нече... анча** (кырг. канча... ошончо), **абан** (кырг. эгер(де), **-са** (кырг. эгер).

Ошондо буларды жыйынтыктап айтканда, сөздүктөгү кызматчы сөздөрдүн ичинен азыркы кыргыз тилинде тыбыштык турпат жактан толук дал келип жана бир аз айырмалуу болуп колдонулуп келаткандары, алардын варианттарын кошпогондо, он сөз экени (**үчүн, да, биле, тигин, йа, такы, тегүл, деег үл, кийе, йах, йана**) аныкталды. Ал эми фонетикалык жактан толук айырмалуу болуп, кыргыз тилинен башка айрым түрк тилдеринде колдонулуп келаткандарынын саны жыйырма экени [**йеме (йама); таба (табару, тапа, тапару); киби (киб); баса; азу; ок; өк; эрки; абалы; мат; чым; калы; йамат; так; ла; йу; чың; нече... анча; абан; -са**] аныкталды. Демек, орто кылымда кезиккен кызматчы сөздөрдүн үчтөн бири азыркы кыргыз тилинде учурайт деп айтууга негиз бар деп эсептөөгө болот. Биз бул макалада сөздүктө жолуккан кызматчы сөздөрдүн ичинен азыркы кыргыз тилине тыбыштык жактан толук дал келген, анча-мынча айырмалуу болгон жана кыргыз тилинде кезикпеген, бирок башка түрк тилдеринде учураган айрым кызматчы сөздөргө токтолмокчубуз.

**Үчүн** жандоочу. Бул жандооч байыркы жазма эстеликтерде да, орто кылымдагы эстеликтерде да **үчүн** тыбыштык турпатында жолугуп, кыргыз тилиндегиси менен толук дал келет: сениң **үчүн** келдим. Кырг. Сен **үчүн** келдим. [1.I: 171]. Тавар **үчүн** теңри езлемезип. Кырг. Товар **үчүн** теңирди эстебей [1.I: 187]. Буч-буч етер самуркук бугзы **үчүн** маңланур. Кырг. Буч-буч этер самуркук (чымчык) тамагы **үчүн** дан чокуп [1.II: 465]. куш торка маң **үчүн** илинүр. Кырг. Куш торго (тузакка) жем **үчүн** илинер [1.III: 533]. **Үчүн** жандоочу сөздүктө зат атооч, ат атоочторду жандап келүү менен, максат маанисин туюнтуу үчүн колдонулду [4: 221]. Байыркы жазма эстеликтердеги айрым сүйлөмдөрдө **үчүн** жандоочу эки же андан ашык кайталанып келүү менен, байламталык милдетте да колдонулуп калган учурлары бар. Караңыз: Беглери будыны түзсиз **үчүн**, табгач будун теблигин күрлиг **үчүн**, армакчысын **үчүн**, инили эчили киңшүртүкин (киңсүртүкин?) **үчүн**, бегли будынлыг йоңшуртукын **үчүн**, түрк будун илледүк илин ычгыну ыдымыс. Кырг. Бектери, эли түзсүздүгү (түз эместиги) **үчүн**, табгач элинин бузукулугунан (кайраштырганы **үчүн**), азгырганы **үчүн**, ага (жана) инини кайраштырганы **үчүн**, бектүү (бектери бар) элди жоолаштырганы **үчүн**, түрк калкынын элдүүлүгүнүн (мамлекетинин) биримдиги учуп кетти (бузулуп калды) [6: 55, 63].

**Биле** (кырг. менен) жандоочу. **Биле** үч томдукта, жогоруда белгиленгендей, сан жагынан да, тыбыштык турпаттары жагынан да арбын кезигет. **Биле** вариантына мисалдар: кулдачыка миң йагак барчаа **биле** айрук тайак. Кырг.Кул (тилемчиге) миң жаңгак, (аларга кошуп), (аны менен бирге) аса таяк (белек кылам) [1.I: 725]. Ол мениг **биле** сөзлашди. Кырг. Ал мени **менен** сүйлөштү [1.II: 341]. Ол мениг **биле** йолка тугрушды. Кырг. Ал мени **менен** (түз, койгон максат) ат жалына казан асышты [1.II: 335].

**Бирле**: ол мениң **бирле** өчөшди. Кырг. Ал мени **менен** өчөштү (мелдешти) [1.I: 145]. ол мениг **бирле** өбүшды. Кырг. Ал мени **менен** өбүштү [1.I: 341]. Алплар **бирле** урушма беклар **бирле** турушма. Кырг. Алплар **менен** урушпа, бектер **менен** турушпа (теңтайлашып тирешпе) [1.I: 345].

**Биирле**: түзүүн **биирле** уруш утуун **биирле** тирешме. Кырг. Момун **менен** уруш (ал сабырдуу), уятсыз (акылсыз) **менен** тирешпе (күчүң кетет) [1.I: 341].

**Бирлее:** ол мениг **бирлее** эрди. Кырг. Ал мени **менен** бирге эле [1.I: 747].

Жандоочтун **биле, бирле, биирле, бирлее** варианттарынын катышуусу менен жогорудагы сүйлөмдөрдө биргелик маанинин туюнтулуп калганын көрүүгө болот.

**Билее:** түнлее **билее** бастымыз. Кырг. Түнү (**менен**) бастырып (бардык) (биз)... [1.I: 751].

**Била:** түнла **била** көчалим. Кырг. Түнү **менен** көчөлүк... [1.II: 11].

Жандоочтун **билее, била** варианттары жогорку сүйлөмдөрдө мезгилдик маанидеги (**түнү** деген) сөз менен айкашып келүү аркылуу, кыймыл-аракеттин убакыт боюнча тынымсыз жүрүп жатканын билдирүү үчүн колдонулуп калганын көрөбүз [5: 480].

**Бирла:** ол атны чыбык **бирла** чабды. Кырг. Ал атын чыбык **менен** чапты [1.II: 7].

**Билэ:** ер топыкны азры **билэ** толды. Кырг. Эр топту айры **менен** чапты [1.II: 41].

Ал эми кыймыл-аракет куралдын жардамы менен ишке ашканын билдирүү үчүн сүйлөмдөрдө жандоочтун **бирла, билэ** варианттары катышканына күбө болдук. Бирок **биле** жандоочунун ар бир варианты айкалышып келген сөзүнүн семантикасына жараша өйдөдө берилген маанилердин ар бирин туюнтууга жөндөмдүү экенин белгилеп коюу да абзел.

**Тигин** (кырг. **чейин**) жандоочу: кырк йылка **тигин** бай чыгай түзлинөр. Кырг. кырк жылга **чейин** бай-кедей түзөлөр [1.I: 611]. Бул сүйлөмдө аталган жандооч сан атооч жана мезгилдик маанидеги **жыл** сөзү менен айкашып, алар аркылуу туюндурулган түшүнүктү акыркы чек катары көрсөтүү үчүн колдонулду.

**Такы** (кырг. **дагы, да**) бөлүкчөсү: ол **такы** анда. Кырг. Ал **дагы** ушул жерде (башкалар менен) [1.III: 347]. ...калды будун таңлашу күкрер **такы** манрашур. Кырг. ...калды адамдар айраң таң болушуп, күркүрөп (булут) **дагы** чаргылдады [1.III: 593]. (**Булут** эмес **чагылган** деген туура – А.К.). Бул сүйлөмдөрдө орун алган бөлүкчө айкалышып келген сөздөрүн аныктап-тактоо максатында колдонулду.

**Йеме, йама** (кырг. **дагы, да**) бөлүкчөсү: бузрач **йеме** кодурды алпагутын өзүрди. Кырг. бузрач дагы кутурду, алптарын тандады. [1.I: 283]. Йалкса **йама** йаг езгү күйсе **йама** күн езгү. Кырг. жалкытса **да** май жакшы, күйгүзсө **да** күн жакшы [1.III: 645].

**Йеме, йама** бөлүкчөсүазыркы кыргыз тилинде колдонулбаганы менен, ошондой эле тыбыштык турпат жактан **такы** бөлүкчөсүнөн айырмалуу болгону менен, семантикалык жактан сүйлөм контекстинде булардын экөө тең бирдей деңгээлде аныктагыч-тактагыч бөлүкчөлүк милдетти аткарына күбө болдук.

**Йеме, йама** - байыркы жазма эстеликтерде кеңири колдонулуп келген кызматчы сөз [6: 54].

**Киб** (**киб**) (кырг. **сыяктуу**) жандоочу. Бул сөз кыргыз тилине мүнөздүү болбогону менен, бир катар түрк тилдеринде ар кандай тыбыштык турпатта жандооч катары жашап келет [7: 70-71]. Түрк тилинде **гиби** формасында (кырг. **сыяктуу**) кезигет: Бана сөйлөдийиниз **гиби** йаптым. Кырг. Мага айткан сыяктуу (айтканыңыздай) жасадым [8: 33]. Текст ичинде сын атоочту жасоочу **-дай** мүчөсү аркылуу, чакчыл формадагы **окшоп** этиши менен да берилип, **сыяктуу** жандоочуна синонимдик катышты түзүп калат: ...угры йавуз итлака куштар **киби** учтумиз. Кырг. ...ачууланган иттерге уурданып, жашынышкан, (Аларга) куштарга **окшоп** учуп барып калдык [1.I: 829]. Сал. Ugrı javuz itlaqa Quşlar **kibi** uçtumuz. Кырг. Ууру жаман иттерге Куштарга **окшоп** учтук биз [3.I: 474]. Дагы сал. ...Ogrı jawuz itlaqa Kuşlar **kıbi** uçtımız. Өзб. ...Куш учкандек учиб, уларнинг устига тушдик [9.I: 447]. товар йыгып сув акын анды сакынкурум **киби** йызышын куды йувар. Кырг. Товар жыйып (жүргөн адам элестетсин), Суу агын агып (тоонун башынан сел жүрдү, Курум таштардай тоголонот (анын малына) [1.III: 95]. Сал. тавар жігб суу акін инді сакін Курум **кibi** ізішін куді жувар. Өзб. тўплаган молни сел келди деб ҳисобла, сел тошни юмалатгандай эгасини юмалатади [9.III: 69]. Демек, жогорку сүйлөмдөрдө **киби** сөзүн айкалышып келген негизги сөздөр менен куштар **сыяктуу**, таштар **сыяктуу** деп берсе да ошол эле семантикалар сакталат.



Жогоруда сөз болгон кызматчы сөздөр азыркы учурда бардык түрк тилдеринде кезикпегени менен, алардын ар бири байыркы жазма эстеликтерде ар кандай тыбыштык варианттарда кеңири колдонулуп келгенин илимий изилдөөлөр ырастап келет [7: 51-92].

**Адабият:**

1. ТТС - Махмуд Кашгари. Түрк тилдеринин сөздүгү. Кыргыз тилине которгондор Т.Токоев, К.Кошмоков. Бишкек: Avgasyarpress, I т. 2011, 906 б.; II т. 2012, 591 б.; III т. 2013, 678 б.
2. Девону луготит турк. Индекс – лугат. Индекс – словарь. Тошкент: ФАН, 1967. 542 с.
3. М.Кашкари. Дивану лугати-т түрк. Которгондор: И.Абдувалиев, Т.Ахматов, А.Оморов, И.Султаналиев, М.Толубаев. Бишкек: Бийиктик. I т., 2013, 511 б.; II т., 2013, 300 б.
4. Давлетов С., Кудайбергенов С. Азыркы кыргыз тили. Морфология. Фрунзе: Мектеп, 1980. - 235 б.
5. Кыргыз адабий тилинин грамматикасы. –Фрунзе: Илим, 1980.
6. Орхон-Енисей тексттери. – Фрунзе: Мектеп, 1982.
7. Щербак А.М. Очерки по сравнительной морфологии тюркских языков (наречие, служебные части речи, изобразительные слова). Л: Наука, 1987. - 151 с.
8. Мамаюсупов Ө., Сагынбаева Б. Түрк тилин өз алдынча үйрөнүүчүлөр үчүн сүйлөшмө. Бишкек: 1992. - 52 б.
9. М.Кошғарий. Туркий сүзлар девони. Которгон: С.М.Мутталибов. Тошкент: ФАН, I т. 1960; III т.1963.

## ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ СҰРАУЛЫ СӨЙЛЕМДЕРДІҢ СЕМАНТИКАСЫ

*Кузекова З.С.,  
филология ғылымдарының докторы, профессор,  
Назарбаев Университеті,  
Астана, Қазақстан,  
[zkuzekova@nu.edu.kz](mailto:zkuzekova@nu.edu.kz)*

**Кілт сөздер:** семантика, когнитивтік, экспрессивтік, болжау мәнді, нақтылау мәнді сұраулы сөйлемдер.

**Резюме**

Статья посвящена рассмотрению структуры и семантики вопросительной конструкции в казахском языке, а так же типы вопросительных предложения и средств выражения вопроса.

**Summary**

This article is about consideration of the structure and semantics of interrogative construction in Kazakh language, types of interrogative sentences and means of question expression.

Сұраулы сөйлемдерді зерттеу – қазіргі лингвистикада көп қаралып жүрген тақырыптардың бірі. Аристотель де сұраулы сөйлемдерге қатысты түйінді ойларын айтқан екен: «Сөйлеушінің сұрау сәтінде туындаған жауабын, белгілі сұраққа сенімді жауабын сұрақ – баяндау сөйлемі» деп атаған. В. В. Виноградов сұраулы сөйлемдерді түріне қарай: 1) нақты сұрақтар, 2) риторикалық сұрақтар, 3) сұрақ - бұйрық мәнді сұрақтар деген топтарға бөледі. Нақты сұраулы сөйлемдерде сұрақ қосымша эмоционалды реңктер мен модальдық сипатпен де берілетінін: тандану, күдіктену, түсінбеу, сенімсіздік, сенімді мәндегі және т.б. болатынын тұжырымдайды.

Қазіргі кезде сұраулы сөйлемдердің көбірек зерттеліп жатқанын, сұраулы сөйлемдердің әр түрлі аспектілерін, оның көп компонентті құрылымын қарастырған бірқатар еңбектерден байқауға болады. XX ғасырда сөзді (речь) талдаудың коммуникативтік, прагматикалық бағыты негізделуімен зерттеушілер сұраулы сөйлемдердің коммуникативтік функцияларына, прагматикалық потенцияларына назар аударуда.

Қазіргі тіл білімінде тілдік құбылыстардың функционалдық, коммуникативтік жағын зерттеу маңызды орын алады. Қазақ тіліндегі сұраулы сөйлемдер де өзінің құрылымы жағынан күрделі тілдік бірлік, алайда кешенді талдау жоқтың қасы. Сұраулы сөйлемдердің синтаксистік құрылымдары, оның берілу құралдарын, ерекшеліктерін, коммуникативтік

функцияларының жүйесін, топтастырылуын, сұрақтың әр түрлі деңгейдегі құралдарын, сұраулы сөйлемдердің функционалды - семантикалық және грамматикалық ерекшеліктерін анықтау мәселесі бар.

Тілдік жүйе адамның қоғамдық өмірінде маңызды орын алатыны белгілі. Тіл қатысым құралы болумен қатар, сөйлеуші ақпаратын тыңдаушыға жеткізу де құралы, сонымен қатар белгісіз ақпаратты білу тілегі де болып табылады. Сұрақтар класы функционалдық тұрғыдан біртекті емес екені анық. Сұрақтардың әр түрлі функциясы сұраулы сөйлемдер жүйесінен көрінеді.

Сәйкесінше, функционалды коммуникативтік бағытымен, мазмұнымен, берілуімен ерекшеленетін әр түрлі сұраулы сөйлем типтері бар. Осы белгілеріне орай сұраулы сөйлемдерді нақты сұраулы сөйлемдер (міндетті түрде жауапты қажет ететін сұраулы сөйлемдер), таза сұраулы сөйлемдер (модальдық тұрғыда бейтарап): модальды сұраулы, болжалды, болымды сұраулы сөйлемдер, дизъюнктивтік сұраулы сөйлемдер, сенім мәнді сөйлемдер түріне бөлуге болады [1.11].

Сұраулы сөйлемдерді семантикасы бойынша лингвистер былайша үш семаға бөледі: «хабарлау» мәнді (сұраулы сөйлемде сұраушының білімі туралы ақпарат қатысады), «білмеушілік» семасы (сұраулы сөйлемде субъектінің білмейтін бөлігі болады, «білу тілегі» бар сұраулы сөйлемдер (кейбір зерттеушілердің еңбегінде бұл семаны жауап талап ету деген сияқты түсіндіріледі). Сұраулы сөйлемдегі «хабарлау» семасында сұраулы сөйлемге тән ерекшелік, белгі болмайды [2.7].

Қазақ тіліндегі сұраулы сөйлемді былайша топтастыруға болады:

#### I. Нақты сұраулы сөйлемдер

1. Таза сұраулы сөйлемдер а) жартылай сұраулы сөйлемдер, б) сұрау – мақұлдау мәнді сөйлемдер,

Нақтылау мәнді сұрақтар екі немесе одан көбірек пайымды анықтау үшін қойылады. Мысалы: Айып пұл мен айып өсім (пеня) міндеттемені бұзғаны үшін қосымша жауапкершілік түрі ме? Сатып алу мен сату туралы шарттың жазбаша немесе ауызша жасалғаны дұрыс па?).

2. Модальді сұраулы сөйлемдер а) болжау мәнді сұраулы сөйлемдер, б) нақтылау мәнді сұраулы сөйлемдер.

#### II. Нақты емес сұраулы сөйлемдер

1. Хабарлау мәнді сұраулы сөйлемдер а) Экспрессивті сұраулы сөйлемдер б) Когнитивті сұраулы сөйлемдер.

Экспрессивті нақтылау мәнді сұраулы сөйлемдер. Экспрессивті болымсыз мәнді сұраулы сөйлемдер в)

2. Бұйрық мәнді сұраулы сөйлемдер.

Сұраулы сөйлемдер сұрақты білдірудің негізгі лингвистикалық амалы болып табылады, тілдік жүйенің әр түрлі деңгейінде осы мақсатқа қызмет ететін құралдар бар. Әр түрлі деңгей құралдарының ішінде негізгі орынды сұрау есімдіктері алатыны белгілі: кім не, кімнің ненің, кімді нені, кімде, неде, қайда, неге, қашан, қайда, қайдан, неден, кіммен, немен, қай, қашанғы, қайдағы және сұраулы демеуліктер – ма, ме, ба, бе, па, пе және т.б.

Сұрақты білдіру аталған тілдік бірліктердің бастапқы функциясы және семантикалық негізі болып табылады. Бірақ әр түрлі сұраулы сөйлемдердің мағыналық қырларын білдіруге басқа лингвистикалық құралдар да қатысады.

Сұраулы сөйлемдердің конструкцияларын білдіретін құралдарды былайша топтастыруға болады:

1. Лексика грамматикалық құралдар арқылы берілген сұраулы сөйлемдер;

2. Грамматикалық құралдар арқылы берілген сұраулы сөйлемдер; көз жеткізу мағыналы сұраулы сөйлемдерде, болжау мәнді сұраулы сөйлемдерде, қозғау мәнді сұраулы сөйлемдерде, ой қозғау мәнді сұраулы сөйлемдер «келмесек, не болады»,» не болар еді, егер бармай қалсам не болар еді ...» сияқты сөйлемдердің құрылымында болады.

3. Басқа грамматикалық құралдар:

Коммуникативтік деңгейдегі құралдар арқылы берілген сұраулы сөйлемдер:  
Прагматикалық деңгейдегі құралдар арқылы берілген сұраулы сөйлемдер;  
Просодикалық құралдар арқылы берілген сұраулы сөйлемдер. Просодикалық құралдар. ( негізінен тонның көтерілуі, төмендеуі ) көз жеткізу мәнді сөйлемдерде, « білу тілегі» бар сөйлемдерде, модальді сұраулы сөйлемдерде кездеседі [3. 14].

Функционалды семантикалық өрісте сұрақтың берілу құралдары бойынша сұрау мәнді есімдіктер мен сұраулық демеуліктер басты орында, перифериялық аймағын интонациялық құралдар, әр түрлі демеуліктер арқылы құрылған сөйлемдер құрайды.

Сұрақ сөйлеушінің әңгімелесушіге бір ақпарат білгісі келгенде қойылады. Сұрақ бере отырып, сөйлеуші бір мезгілде өзінің сұрап отырған нәрсесі жайлы субъективті моральдық, эмоциональды экспрессивтік қатынасын да білдіре алады. Сұрақ түріне ол әрекетке шақыруды, оқиға, әлде бір фактыны түсіндіруді де сыйғызуы мүмкін.

Сұраулы сөйлем де – хабарлы сөйлем сияқты күрделі құрылымдық семантикалық жүйе. Сұраулы сөйлемдердің мағынасына қарай топтасуын мысалдармен сөйлетейік:

§ Нақты сұрақтар – Сіз бүгін театрда болдыңыз ба? Сіз бүгін қайда болдыңыз? Бүгін кітапханада болдыңыз ба?

§ Болжалды сұрақ – Мүмкін сіз бізге баратын шығарсыз? Сіз, әрине, ата анаңызға хабарласқан боларсыз? Осы сонша әбігерленуімізге тұра ма?

§ Риторикалық сұрақтар – Құйрығы жоқ, жалы жоқ, жылан қайтіп күн көрер?

§ Растау мәнді сұрақтар – Сен университеттен келіп қойдың ба? Жаңа көйлек алғансың ба?

§ өтініш мәнді сұрақтар – Дәріханаға барып келе аласың ба?

Жалпы сұрақ

Жалпы сұрақтағы сөйлемде сұрақтың орталығын предикат құрайды:

§ Субъектінің әрекеті туралы ақпарат сұралады. Университетке барасың ба? Ертең саған емтихан бола ма? Емтихандарыңның бәрін тапсырып қойдың ба?

§ Жалпы сұрақтардың құрылымдық құралдарының берілуі: Ол бүгін келуші ме еді? Қайда жүр ей мына бала? Қайда ей? Осы құрылымдағы сөйлемдерде модальдық та, экспрессивтік те мағына бар.

§ Сөйлемнің сұрау сипатының да күшеюі: – Сен бүгін менімен театрға барасың ба? – Бүгін семинарда сөйлеп пе едің?

§ Сұраулы сөйлемде күдік, сенімсіздіктің болуы: – Ертең біз емтихан тапсыра аламыз ба? – Ол осы кеште сөйлеуге келісер ме екен?

Сұраулы сөйлемдегі болымсыздық жәй сөйлемдегі болымсыздықтай толық мәнді болмайды.

§ Болжам мәнді, сенімсіздік те жиі кездеседі: – Мүмкін сен бізбен бірге театрға барарсың?

§ Күдік мәнді: – Барлық лабораториялық жұмысты уақытында тапсыра аламыз ба? – Мүмкін біз барлық жұмысты уақытында тапсыра алмайтын шығармыз?

§ Шақыру, өтініш, кеңес, тілек мәнді: – Сендер сондай шаршадыңдар: дем алмайсыңдар ма? = Мен сізге демалуды ұсынамын. =Сіздің демалғаныңызды қалаймын. – Театрға барсақ па екен? =Театрға барайық.

Мына құрылымдар да сөйлемге қосымша мағына үстейді:

§ Танданыс. Сіз кеше бізбен бірге театрда болмап па едіңіз? Шынымен де біз көптен бері кездеспедік пе?

§ Күдік, сенімсіздік. Мен бір нәрсені дұрыс айтпадым ба?

§ Сөйлеушінің сендіру мағынада сұрауы: Осы көлге шомылуға болмайды, қауіпті деп ескертпеп пе едім? Шынымен де мен сізге бәрін айтпадым ба?

§ Бір істің, әрекеттің қажеттілігі туралы сенімсіздігі, екі ойлы болуы: Енді қайтсем екен? Бар шындықты айтсам ба екен? = Мүмкін, бар шындықты айтсам ба екен?

§ Кінәлау: Қалайша хабарласа алмадыңыз?

§ Өкініш: Шынымен де олар кездесе алмады ма?

Сөйлеу тілінде сұраулы сөйлемге модальдық, эмоционалды экспрессивтік реңк беретін құрылымдар көп: Сенің ақшаң бар ма, жоқ па? Қызық, ол сонда түк те түсінбеген бе? Сенің ертең кететінің рас қой? Кешіксек не болады? Ертең осында келесің ғой?

Бұл құрылымдар семантикасы жағынан әр түрлі. Олар сұраудың мағынасын күшейтеді, әлсіретеді, сұрау мағынасын мүлдем төмендетіп, нөлге түсіреді. Мысалы: Сенің ақшаң бар ма, жоқ па? Неге үндемейсің? Мұнда сұрау мәні күшейіп тұр. Ал егер кешіксек ше? деген сөйлемде сұрау мәні әлсіреп тұр. Қалайша осылай істеуге болады? деген сөйлемде сұрау мәні жоқ десе де болады.

**Жеке сұрақтар**

Бұл топқа сөйлеушінің субъект туралы ақпарат, субъектінің қасиеттері, меншігі, әрекет мекені, мезгілі, мақсаты, әрекет себебі, шарты туралы білгісі келген сұраулы сөйлемдер жатады.

Сонымен, сұраулы сөйлемдер туралы мынадай қорытындыға келуге болады:

1. Нақты сұраулы сөйлемдердің ерекше сипаты сұраулы сөйлемдерде міндетті түрде вербальді сұрау мәнді көрсеткіштің болуы – сұрау есімдіктері, сұраулық демеуліктер.

2. « Білмеу» және « білу тілегі» бар сұраулы сөйлемдер көбінесе интонация мен лексика грамматикалық немесе грамматикалық құралдар арқылы беріледі.

3. Сұрау мәнді сұраулы сөйлемдердің функционалды семантикалық өрісінің негізгі құралын сұрау есімдіктері және сұраулы демеуліктер құрайды, перифериялық аймағын модальді демеуліктер, болжау мәнді есімшелі құрылымдар т.б. құрайды.

**Әдебиет:**

1. Калинина А.А. Утверждение и отрицания в вопросительном предложении // Русский язык в школе. – 2007. – №5. – С. 63-68.

2. Клокова, О. В. Формальные и функционально-семантические особенности несобственно-вопросительных предложений в современном русском литературном языке: Автореф. дис. ... канд. филол. наук. – Ставрополь, 2002. – 23 с.

3. Бердник Л.Ф. Вопросительные предложения с повествовательным значением в современном русском языке: Автореф. дисс. ... канд. филол. наук. – М., 1978. – 23 с.

## ЭТНОМӘДЕНИ АТАУЛАРДЫҢ КӨРКЕМ ШЫҒАРМАДАҒЫ КӨРІНІСІ

**Казанбаева А.З.,**

*филология ғылымдарының кандидаты, доцент,*

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті,*

*Қарағанды, Қазақстан,*

[kazanbaeva67@mail.ru](mailto:kazanbaeva67@mail.ru)

### **Summary**

Article is devoted system in a complex to a research of lexemes of ethnocultural contents in art compositions. The comprehensive investigation of ethnocultural elements, their lexical and morphological system is one of urgent problems of the Kazakh linguistics. Language stores invaluable treasures of culture, transfers cultural information from generation to generation. Specifics of this lexicon such is that the analysis of her semantic range demands the constant appeal to extra language reality, to ethnographic data. The main coordinate of ethnolinguistic researches is language and traditional culture of the people: the national culture is studied by means of the linguistics device, the postulate on isomorphism of culture and language is taken as a basis.

The ethnolexical uses on material of texts of art compositions are analyzed. On concrete language material it is shown that ethnocultural lexicon is information source of history of the people and nation, the language tool in creation of national and historical color.

Этномәдени атаулар ұлт тілінде айрықша қолданылып, сол ұлт жайында этноақпарат жеткізеді. Халықтың тарихи-мәдени, рухани-әлеуметтік және дүниетанымдық әлемін

танытатын этнотаңбалық тілдік бірліктер көркем шығарма, ауыз әдебиеті үлгілері мен шешендік өнер арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жетіп отырады. Қазақ этносына тән дүниетаным мен сананың айқын айғағы, халық даналығы мен философиялық толғанысының, эстетикалық танымы мен тағылым-тәлімінің, өркениеті мен мәдениетінің, жалпы алғанда барша болмысы мен танымы этномәдени атаулардың қолданысынан айқын көрініс береді. Этномәдени лексиканың мағыналары мен түпкі этимологиялық жақтары сөз ішінде айқын қолданылады. Ұлттық болмыс пен дүниетанымды айқын көрсететін көркем шығарма тілінде этномәдени лексика жиі қолданылып ерекше назар аудартады. Материалдық мәдениетке қатысты лексика ұлтымыздың салт-дәстүрінен, әдет-ғұрпынан, этнос өмірінің тіршілігінен көрініс беріп, таптырмас тілдік құралдардың бірі болып табылады. Қазақ мәдениетіне байланысты этноатаулар халқымыздың эстетикалық талғамының деңгейін, табиғатты игерудегі тәжірибесін, рухани дүниетанымының жетістігін айқындай түседі.

Тілдің негізгі тірегі сөз болып табылады. Сөз – халқымыздың өткен тұрмыс-тіршілігінің, ой-сезімінің, елдігі мен ерлігінің куәсі екені белгілі. Тіліміздегі сөздер, сөз тіркестері, фразеологизмдер, этноатаулар – тілдік бірліктердің ішіндегі куммулятивтік қызметі ерекше байқалатын, бірнеше мыңжылдық бойында пайда болып, дамып қалыптасқан, әдеби тіл дамуы кезеңдерінің өзіндік ерекшелігін айқындайтын тілдің ажырамас бір бөлігі.

Ұлт тіліндегі этномәдени лексика ұрпақтан-ұрпаққа жетіп, оның мәдени мұрасы ретінде сақталып, этностың бүкіл рухани, мәдени байлығының негізгі көрсеткіші болып табылады. Кез келген тілдің көрінісі халықтың тарихына, мәдениетіне, әдебиетіне, салт-дәстүріне, әдет-ғұрпына, дүниетанымына, жалпы тұрмыс-тіршілігіне байланысты болып, сол тілден мол деректер беріп, рухани және материалдық мәдениетін айқындай түседі.

Этнолингвистиканы арнайы зерттеген ғалым М.М.Копыленко: «Этностың тұрмыс-тіршілігі, қазіргі болмысы мен тарихы, оның материалдық және рухани мәдениетінен тілдік көріністері айқындалады», - деп анықтайды [1, 17].

Ғалым Е.Жанпейісов: «Этнолингвистика өзінің бітім-болмысы, табиғаты жөнінен жалпы тарихи категория болып табылады. Себебі ол этностың қазіргісін ғана емес, көбінесе өткенін зерттейді. Ал этностың өткені оның этномәдени лексикасынан айқынырақ көрінеді», - дейді [2, 4].

Ғалым Ж.А.Манкеева: «Қазіргі тіл білімінде ұлттың рухани-мәдени қазынасы ретіндегі тілді зерттеудің ауқымы кеңейе түсуде. Оның себебі: әр тіл өз бойында ұлт тарихын, төл мәдениетін, танымы мен талғамын, мінезі мен санасын, кәсібі мен салтын, дәстүрі мен даналығын тұтастықта сақтаған таңбалық жүйе. Осындай мазмұнды құрылымына сәйкес ол жай таңбалық жүйе емес, ол – мәдениет айнасы. Олай болса, ондай жүйені зерттеуде дәстүрлі құрылымдық лингвистиканың мүмкіншілігі шектеулі екені байқалады. Себебі бұл арада тілдің қызметі тек коммуникативтік емес, ол (тіл) – этномәдени ақпаратты жинап, сақтаушы, жеткізуші, келесі ұрпаққа жалғастырушы, сайып келгенде ұлтты бір бүтін етіп тұтастырушы», - деген пікірі тіл мен мәдениеттің сабақтастығын, тілдің бойындағы ұлттық сипатты, ұлттық танымды айқындай түседі [3, 15].

Бірақ этностың көне дәуіріндегі тарихынан, мәдени өмірінен хабардар ететін этнографизмдер, тіліміздегі мағынасы ұмыт болған әртүрлі этноатаулар олардың сырын ашуды, танытуды қажет етеді. Қазірде бұл этноатаулар қоғамдық қарым-қатынас кезінде белсенді қолданылмаса да, бұл сөздердің дені диалектілік лексикада, тұрақты сөз тіркестері мен мақал-мәтелдердің құрамында, тарихи көркем шығарма тілінде, ауыз әдебиеті, фольклор мен мақал-мәтелдер, жұмбақтарда қолданыста жиі кездеседі.

Сөздердің белгілі бір ұлтқа қатысты қолданыстық сипаты осы этнолексика аясында қарастырылады. Этноатаулардың қолданысы арқылы олардың этномәдени мәні айқындала түседі. Этномәдени лексика рухани танымдық әсері айқын көрінетін тілдік материал.

Қазақ тіл біліміндегі этнолексика этнографиялық, тарихи, лексика-семантикалық, этимологиялық, танымдық тұрғыдан қарастырылып келеді. Қолданыстағы сөздің этноқызметі, мағынасы оның тілдік қатынастағы жұмсалу ерекшеліктерін айқындаумен

маңыздырақ. Мәтін құрамындағы сөздің, сөз тіркесінің этнолингвистикалық қолданылу ерекшеліктерінің айқындалуы тілдің әлеуметтік ортадағы қызметі туралы жан- жақты хабар беруге бағытталады. Тіліміздегі сөздердің мәтін ішіндегі қолданысы этнолексика арқылы көрініс беріп, тұтастай бір ұлттың этномәдени, тарихи, ұлттық бітім-болмысын таныта түседі.

Этнолексикалық қолданыстар тек атауыштық қызмет атқарып қана қоймайды, сонымен қатар олардың қарым-қатынастық қызметі де айқын көрінеді. Этнолексика арқылы қазақ халқының дүниетанымы, ұлттық ерекшелігі көрініс беріп, этнолексикаға қатысты атаулар қолданыс барысында әртүрлі мағыналық реңктерді кеңінен қамтиды. Қазақ тіліндегі этнолексика, этноатаулар ауыз әдебиетімізде, көркем шығармаларда кеңінен қолданылып, сол ұлттың табиғатын айқын көрсетіп бере алады. Тіліміздегі этнолексикаға жатқызылатын атаулар этностың тілінен, сол этнос туралы жазылған көркем әдебиеттен орын алады және ұрпақтан- ұрпаққа ұлттық әрі рухани байлығымыз іспетті жеткізіліп отырады.

Этнолексика, мәдени лексика жайлы құнды пікірлер ғалым Ж.А.Манкеева еңбектерінде қарастырылып, дәлелді тұжырымдар берілген. Ғалым этнолексикаға былайша баға береді: «Сонымен көне тамырлы этнолексика халықтың этномәдени тарихы және тілдік шығармашылығы туралы баға жетпес «ақпарат» көзі болып табылады. Оның негізін құрайтын тұрмыстық лексиканың дені - ұлттық материалдық мәдениеттің реликті әрі рухани байлығымыздың түбірі. Себебі бұл жүйедегі сөздер тек атауыштық қызмет қана атқармайды. Қазақ тіліндегі заттық мәдениетке қатысты атаулар немесе тұрмыстық лексика қазақ халқының материалдық өндірісінің деңгейін, сипатын, түрлерін және шаруашылық пен тұрғын үй мүліктері, киім мен тұрмыс бұйымдарын әшекейлеуге қажет мұқтаждықты қамтамасыз етуге бағытталған қазақтың халықтық колөнер бұйымдарын бейнелейді.

Ал олар – қазақ халқының материалдық қана емес, рухани да байлығының көрсеткіші» [4, 4]. Ғалымның пікірінде келтірілгендей, тіліміздегі этнолексиканы құрайтын атаулар сан-салалы болып келеді.

Міржақып Дулатовтың “Бақытсыз Жамал” романынан мысал келтірер болсақ. Мысалы: Қыстай бір-біріне араласпаған ағайындар сағынысып, қашаннан астас, тойлас болған ғадеттерінше бір ауылды бір ауыл ерулікке шақыра бастады. Бозбалалар араласып “қымыз ішеміз” деген болып, тәуір киімдерін киіп, жақсы аттарын мініп, қызды ауылды қырындап жүрулері көрініп, балалар да сау тайларын үйретпекте еді [5, 6].

Бекжан начальниктен тағы естігенін сөйлей бастағанда, әлгі топтағып отырған халыққа бір жігіт шауып келіп:

– Сүйінші, Сәрсеке! Шолпан жеңге аман-есен босанып, тақия тігіп беретін тапты, – деді. Сол уақытта жастар “Сәрсеке” деп, үлкендер:

– Сәрсенбай, қуаныш қайырлы болсын, Алла ұзағынан сүйіндірсін, әйел бала деменіз! – десті. Сәрсенбай:

– Жоқ, олай деменіздер, мен қайбір ұл-қыз таңдайын деп жүрген кісі,- деп орнынан тұрып, атына мініп үйіне қайтты [5, 7].

Мұнан кейін көп уақыт өткізбей, Сәрсенбай бір қыз айттырды. Өздеріне қырық шақырым жерде Сайболат деген елде Жарас деген молланың бір ұл, бір қызы бар екен. Молла опат болған соң, қатынын бір жақын кедей әмеңгері алып, әлгі екі жетім бала соның қолына шыққан еді. Сәрсенбай зор қуанышта болып, шілдеханаға қанша қызбозбала жиып, ойын ойнап, қыз бала демей, көл басын шақырып той қылып, баланың есімін Жамал қойып еді [5, 8].

– Жай, басым ауырады, – деп қоюшы еді. Жамал осындай уайымдарда болып жүргенде, бір күні Байжаннан Сәрсенбайға: “Биыл баламды ұрын жіберемін”, – деп сәлем келді [5, 18].

Жамал мен Ғали аз күні ойын-күлкінің қызығымен өздерін дүниедегі бақытты адамдардан санап жүргенде, бір күні бұларға үлкен қасіретті хабар естілді: “Байжан мен Сәрсенбайдың арасындағы уағдалары болып, енді бір айда Жұман күйеу ұрын келіп, қалыңдық ойнайды” деген өсек расқа шықты [5, 27].

Бастан-аяқ оқиғаны Ғали Фатихолла байға айтқаннан кейін, Фатихолла бай әуелінде осындай қазақтың қызды жастай құда болып, біреуге беріп қоятын жаман ғадетін жек көргендігі себепті және де Ғалиды һәм тәуір көретіндігінен, бұл екі мүсәпірді қабыл алды [5, 34].

“Жамал Сәрсенбай қызына ешкім қиянат, жәбір қылмасын! Сүйген күйеуіне баруға өзіне ерік берілді. Қалың мал хақында дау болса, волостной съезге салынсын”, – деп [5, 35].

Байжанның барымтаға аттандырған жігіттері ат, айғыр, ту биеден он екі жылқы алып һәм жолдан Сәрсенбайдың бір қысырағының үйірін қоса айдап барып та қалды [5, 36].

Ерулікке шақырады, қыз айттырды, әменгері алып, шілдехана, ұрын жіберемін, күйеу ұрын келіп, қалыңдық ойнайды, қалың мал, барымта және т.б. мысалдарда ұлттың салт-дәстүріне, әдет-ғұрпына қатысты этнолексика беріліп, ұлттың таным-түсінігінен, болмысынан түсінік береді.

Жүсіпбек Аймауытовтың «Күнікейдің жазығы» повесінде де қазақ халқының өмірін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, болмысын, танымдық көрінісін бейнелейтін этномәдени лексика молынан кездесіп, ұлт тарихын айқындайтын ақпарат көзі болып табылады. Этномәдени лексиканың қолданысынан этноақпарат көрініс береді. Көркем шығармада қолданылатын этноатаулардың ұлттық бояу жасаудың бірден-бір құралы, негізі болатындығына көз жеткізу үшін, осы повестен алынған төмендегі үзінділерді келтіруге болады. Қазақтың тұрмысынан хабардар ететін этнолексика үй ішіндегі тұрмыстық заттарды атап қана қоймай, сол ұлттың өмірінен, тұрмысынан, тыныс-тіршілігінен, күнделікті тұрмыста қолданған материалдық мәдениетінен толықтай түсінік беретініне көз жеткізіп, танымдық табиғаты айқын көрінеді.

Тіл мен мәдениет негізінде қалыптасқан қолөнерге байланысты туындаған этнолексика, этноатаулар белгілі бір уәжділігі бар сөзқолданыстар. Қазақ қолөнеріне байланысты туындаған атаулар сол ұлттың эстетикалық талғамының деңгейін, рухани танымының жетістігін және шығармашылық еңбегін әрі табиғатты игерудегі өмірлік тәжірибесін байкатады. Қолөнерге қатысты бұйым атаулары қазақ халқының тұрмысындағы рухани, мәдени, әлеуметтік рөлін айқындап ғана қоймайды, сонымен қатар олар ұлт мәдениетінің қалыптасқан тұтас бір бөлшегі ретінде саналады. Этнолексика ұлттық-тарихи колорит жасауда таптырмас тілдік құрал болып табылады. Мына төмендегі үзіндіні мысалға келтіруімізге болады.

Күнікейге камзол, көйлек, өзіне кебіс, шапан, Жұматайға күпі керек. Құлтуманы қойшы, о түгілі Күнікейге жаңа көрпе, жастыққа тыс, кестелі орамал, ақ шымылдық, сары қол сандық, қызыл сал керек. Тұяқ: «Есік көрсет, малыңды алып, қалыңдығымды бер»- деп қыңқылдағалы қашан. Қысқы азығы, соғымы тағы келеді. Үш қанат желкөз баспананың туырлығы жұлдыз-жұлдыз: бүктеумен, жазумен, артумен, тігумен, сұрғылданып, өзі үлдіреп тозығы жеткен құрымға қой сүйкенип, лақ секіріп, сиыр мүйіз деп, сау тамтығын тастамады. Бір жағынан бозбаласы түскір іргенің сиқын кетіріп бітті: шиде қирамаған аяқ, үзілмеген бау қалған жоқ [6, 267]. Суреттеліп отырған этномәдени лексиканың маңыздылығы оқырманға жетуі және оның санасынан орын алып ұлт менталитетіндегі алатын орнының айрықша көрінетінінде.

Шәмшидің күйеуі келгенге жұрт масайрап, Күнікейдің құрбы-құрдастары атлас, торғын, жібек, бәтес, мақпал, барқыт киіп, күміс баулы, сандық шомбал шолпылары күнге шағылысып, құйымшағын соғып, қызылды-жасылды, оқалы, зерлі тақиялардың шокпардай үкілері үлпілдеп, күлтелі қос етектері күлкілдеп, он кез бәтесті аяғымен теуіп, бұлғаңдап, сәнденіп жүргенін көргенде, Шекердің іші қазандай қайнайды, оларды көргенде Шекердің көзі мұзға тайғандай, сырғанап өте шығады да, көрмегенсіп, қырын қарап кетеді [6, 267]. Мысалда берілген матаның түрлері де қазақтың қыз-келіншектері талғаммен киініп, ұлттық салт-дәстүрді сақтағанын байкатады. Зергерлік бұйымдарды да орнымен қолданып, материалдық мәдениет ұлт тілінде көрініс берген. Ұлттық мәдениетімізді танытатын киім атаулары, зергерлік бұйымдардың қолданысынан тілдік атаулардың этномәдени фонды анық көрініс береді.

Сонымен қатар шығармада қазақтың салт-дәстүріне, әдет-ғұрпына қатысты этноатаулар да қолданылып, ұлттық болмысты аша түседі. Мысалы: Қатындар қалыңдықты ортаға алып, оң жаққа шымылдық құрып: «Шымылдық құрар», «қол ұстатар», «шаш сипар», «төсек салар», «етік шешер», «ірге тебер», «көрпе қимылдатар» кәделерін, «жол менікі, сенің жолың анау, жолы біткен» десіп, керілдесіп, керісіп, таласа-тармаса бір жапырақтан жырымдап алысуға, оның артын ала жаздай өсекке, пыш-пышқа, араздыққа айналдыруға байдың үйіне қарай ентелесті [6, 281]. Жоғарыда берілген сөйлемде қазақ әдет-ғұрпындағы жөн-жоралғылардың түрлері беріліп, ұлттың мәдениетінен ақпарат береді. Тағы да мысал келтіретін болсақ: Мұсатай, Әйткен сияқты бозбалалар да керіліп, ырғалаңдап, көзін ашып-жұмып, айғайды салып, бүгінгі көшті ойын-сауық қылып жіберді. Сауықтың арты «ұйқы ашарға», «аударысқа», «көкпарға» айналып, жұрт дырду-думанмен қонар жерге келіп қалғанын да білмей қалды [6, 281]. Ұлттық ойын түрлері де кездесіп, ойындарды да барынша талғаммен ойнағанын байқатады және ұлттың танымын аңғарамыз.

Қорыта келгенде, әрбір ұлттың материалдық мәдениетіне қатысты сөздері мәдениет пен тіл байланысын бейнелеуге тікелей қатысты болады. Сол сөздер ұлттың ұлттық болмысын, танымын, мәдениетін, шаруашылығын, өнерін танытады. Материалдық мәдениетке қатысты этномәдени лексикадан ұлттың бар болмысы танылады, сол ұлт жайында молынан мәлімет аламыз. Сондықтан да соңғы уақытта тіл білімінде тіл мен мәдениеттің сабақтастығын ұлтпен біртұтастықта қарастыру жүзеге асуда және ұлттық рухты тануға негізделген бірқатар жұмыстар атқарылуда. Қазіргі таңда сол ұмыт бола бастаған этноатаулардың мағынасын қайта жаңғыртудың қажеттілігін байқаймыз.

Тілдегі этномәдени атаулар ұлттың материалдық және рухани мәдениетінің негізін құрайды. Көркем шығармада қолданылған этнолексика, этномәдени атаулар тарихи-мәдени және этнолингвистикалық мазмұн мен мәнді тудыратын категория, ұлттық болмысымыз бен ұлттық танымымызды айқындай түсетін, этноақпаратты көрсететін тілдік материалдар болып табылады.

#### **Әдебиет:**

1. Жанпейісов Е. Этнолингвистика // Ана тілі. – 1994. – № 3. – 4 б.
2. Копыленко М. М. Основы этнолингвистики. – Алматы, 1995. – 228 б.
3. Манкеева Ж. М. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. – Алматы, 2008. – 356 б.
4. Манкеева Ж. М. Этнос тілі табиғатының ерекшеліктері // Тіл тарихы және сөз табиғаты. – Алматы, 1997. – 235 б.
5. Қазақтың 100 романы. – Алматы, 2009. – 550 б.
6. Аймауытов. Ж. Ақбілек (роман, повесть, әңгіме). – Астана, 1998. – 325 б.

## **«ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР» ЖЫРЫНДАҒЫ ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫ**

**Қасымова Н.Б.,**

*магистрант,*

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,*

*Астана, Қазақстан,*

*[nurgul.15\\_94@mail.ru](mailto:nurgul.15_94@mail.ru)*

#### **Abstract**

this article analyzes the main ways and means of formation of place names that occur in the poem Koblandy Batyr

Халықтың рухани болмысын, сан ғасырлық тарихын, таным көкжиегін көрсететін, ұлттық құндылықтар мен құбылыстарды танытатын сөйлеу тілінің деректі де дәйекті жәдігерлерінің бірі топонимдер (жер-су атаулары) болып табылады. Демек, топонимдер,



яғни жер-су атаулары дегеніміздің өзі – ертеде сол өлкені мекендеген халық тілінің көрінісі, тарихының айнасы.

Халықтың өткенімен, қоғам өмірімен біте қайнасып, ғасырдан-ғасырға ұласып, ұрпақтан-ұрпаққа мирас болған мәдени мұра, өшпес шежірені жасауда қандай да бір заңдылықтардың негізге алынатыны, белгілі бір уәжге иек артылатыны белгілі. Бұл жөнінде ұлттық ономастиканы терең зерттеген көрнекті ғалым Т.Жанұзақов өз еңбегінде былай дейді: «Қазақ ат қойып, айдар тағуға шебер халық болған, ат қою процесіне баппен қарап, қорғаштаған. Ондаған ғасырлар бойы қалыптасқан топонимдік жүйеде, шексіз даладағы тіршілік көзі – жер-суға ат қойғанда, ең алдымен, практикалық мақсаттағы уәжі, бағдар-ориентир қызметі негіз болса (мысалы, Суықбұлақ, Тұщысу, Соналы, Жусанды, т.б), екінші жағынан қарапайым қазақтың қиял ұшқырлығына, асқан жоғары поэтикалық қабілеті мен эстетикалық талғамына тәнті боласыз, мысалы, Келіншектау, Айғырұшқан, Домбыралы мифотопонимдері мен теңеуге құрылған Оқжетпес сынды поэтикалық әлеуеті мол атауларды келтіруге болады» [1, 4].

Жоғары коннотацияға ие, этностың рухани әлеуетінің көрсеткішінің бірі ретінде танылатын топонимдердің ғылыми өрісі тіл білімінің дербес саласы болып табылатын ономастика тарауынан өрбіп, лингвистиканың диалектология, этимология, тіл тарихы, лексикология сынды салаларымен бірлікте дамып келеді. Танымдық, тарихи-мәдени ақпаратты сақтаушы осынау тілдік кодтардың кумулятивті қызметі, этнолингвистикалық сипаты жөніндегі алғашқы зерттеулер В.В.Радлов, В.В.Бартольд, Н.Х.Катонов, А.Н.Самойлович, С.Е.Малов, Н.К.Дмитриев, А.Н.Кононов, Н.А.Баскаков, Қ.Жұбанов, І.Кеңесбаев, С.Аманжолов, т.б ғалымдар еңбектерінен бастау алып, сөз етілсе, кейінен топонимика мәселелері А.В.Суперанская, В.А.Никонов, Е.М.Поспелов, Н.А.Баскаков, Э.М.Мурзаев, А.М. Щербак және т.б түрколог және ономаст-ғалымдардың ғылыми зерттеулерімен толықа түсті. Ал ұлттық топонимияның лингвистикалық ғылыми негізі қазақ елінің атаулар жүйесін зерттеген

Т.Жанұзақов, Ә.Әбдірахманов, Ғ.Қоңқашбаев, Е.Қойшыбаев, Е.Керімбаев, Ә.Нұрмағанбетов, Қ.Рысберген, О.А.Сұлтаньяев, В.Н.Попова, т.б ғалымдар еңбектерінде қаланып, бүгінгі таңда бұл салада жасалып жатқан іргелі ізденістерге мұрындық болды. Ал бұл материалдар, өз кезегінде, қазақ лексикасының әр дәуіріндегі қабаттарының тарихын ашуға негіз болатын қайнар бұлақ іспеттес.

Ұлттың дүниетанымының, психологиясының, материалдық дүниесінің тоғысқан жиынтығы ретінде танылатын атаулар жүйесі ежелгі қазақ өркениетінің «алтын қорына» айналған халық ауыз әдебиетінің үлгілерінде де кеңінен көрініс тапқанын көре аламыз. Халқымыздың біртұтас танымын бойына жинақтаған, сөз байлығының, тілдік табиғатының таптырмас көрсеткіші болып табылатын кесек туындылардың өн бойында мекен атауларының ұлтымыздың мәдени феномені ретінде айшықтанып отыратынын байқау қиын емес. Сөзімізді дәйектеу үшін шағын мақаламызда «Қобыланды батыр» жырында кездесетін бұрынғы заманның реликтілі мұралары – топонимдерді нысанаға ала отырып, халқымыздың өткен өмірінің тарихи іздерін көрсететін атауларға лингвистикалық талдаулар жасамақпыз. Тарихи эпоста кездесетін жер-су атауларына этимологиялық тұрғыдан біршама талдаулар жасалынып, лингвокогнитивтік аяда кеңінен зерттелінді. М.Әуезов, Ә.Марғұлан, Ә.Қоңыратбаев, Е.Ысмайылов, Б.Кенжебаев, Қ.Жұмалиев, М.Ғабдуллин, О.Нұрмағамбетова сынды көптеген ғалым-зерттеушілер өз еңбектерінде жырдағы топонимдердің шығу төркінін тың деректермен сабақтастыра зерттеп, толымды еңбектер жазды.

Топонимдердің жасалу механизмін қарастырған уақытта, аталым жасауға негіз болған сөздерді, тілдік бірліктерді, соның ішінде, топонимжамдық морфемаларды анықтау, олардың қолданыстағы заңдылықтарын белгілеу қажет.

Батырлық эпоста, негізінен, топонимдердің елді мекен атауларын айқындайтын – ойконим ( Қараспан, Арыс, Азулы, Қазан шаһары, Сырлы қала, Қырлы қала, Сары бел, Күлтөбе, Күдер, Жем, Қалбағайлы шөл, Ақсай, Ортөбе, Орал, Ор); өзен-су атаулары – гидроним (Жайық, Қазды көл, Қулы көл, Қызды көл, Шалқар көл, Желді көл, Құмыра көл,

Қотан көл, Құба көл, Айнакөл Сары өзен, Нұра); тау атаулары – ороним (Барлы тау, Қарлы тау, Ала тау, Иір тау, Сүйір тау, Қараша тау, Қасқарлық тауы, Алтынды тау) тәрізді түрлері ұшырасады. Мысалда келтірілген топонимдік номинативтерден географиялық атаулардың құрылымы, жасалу жолдары жағынан түрліше екендігін, атап айтқанда, құрамында дара тұлғалы атаулардың да, біріккен тұлғалы және күрделі атаулардың кездесетінін байқау қиын емес.

Жырдағы геонысан атауларының жасалу жағдаятын қарайтын болсақ, біршама жер-су атауларының синтетикалық тәсіл арқылы жасалғандығын, яғни топонимдердің морфемдік құрамы топонимдердің тұлғасы мен мағынасын жасайтын уәждеме сөздер мен сөзжасамдық жұрнақтардан тұратынын байқауға болады. Мәселен, Тайбурыл тұлпардың шабысын суреттейтін жырдың мына тұсында:

Қамыстының Қазды көл,  
Қоғалының Қулы көл,  
Жегендінің Желді көл,  
Шабактының Шаңды көл,  
Қызғыштының Қызды көл,  
Құмра, Қотан қос көлден,  
Айналасы бес көлден,  
Бәрінен өтіп жөнелді [3, 61]

кездесетін Қазды көл, Қулы көл, Желді көл, Шаңды көл, Қызды көл топонимдерін жасауға қатысып отырған қаз, қу, жел, шаң, қыз түрінде қолданылатын сөздер жеке, дара лексикалық мағыналы сөздер, яғни аталған топонимдерді жасауға уәждеме болып тұр. Бұл топонимдер уәждеме сөз бен -лы/лі, -ды/ді жұрнақтар арқылы жасалып, тұлғасы, мағынасы жағынан да дара мәнді туынды сөз жасап тұр. Қалбағайлы шөл, Қарлы тау, Барлы тау, Азулы, Алтынды тау, Қамысты көл, Ноғайты деген топонимдер де зат есімдерге сын есім жасаушы жұрнақтың қосылуы, яғни топоним жасауда белсенді жұрнақ болып табылатын -лы (-ды, -ты) қосымшасының жалғануы арқылы жасалып отыр. Топоним жасауда актив қолданылатын -лы жұрнағы турасында ғалым Б.Қасым мынадай ой айтады: «Қазіргі қазақ тіліндегі қатыстық сын есім тудыратын көне -ты жұрнағының қазіргі варианты -лы жұрнағының кейінгі уақыттарда топоним жасау қабілеті үлкеймесе, жоғала қойған жоқ. Яғни –лы жұрнағы өнімді жұрнақтардың қатарынан орын алады» [4, 164].

Тілдің сөзжасамдық заңдылықтары, әдіс-тәсілдері көне замандардан бері қолданылып, дамып, іріктеліп, түрлі өзгерістерді басынан өткізіп, қазіргі қалыпқа түсіп, әбден қалыптасқан жүйе ретінде орныққандықтан, кей уақытта жер-су атауларының құрамын анықтау, жасалу жағдаятын айқындау қиынға түсіп жатады. Мәселен, жырда кездесетін Орал топонимінің аталу төркінін ашуда ғалым А.Әбдірахманов геонысан этимологиясы туралы сөз айтқан бірқатар ғалымдардың ойларын келтіреді. В.Н. Татищев, П.И.Рычков, А.Ф.Гумбольд сияқты ғалымдар Орал топонимін түркіше «уралмак» етістігімен байланыстырса, Д.Г.Киікбаев, А.К.Матвеев, В.А.Никонов сияқты зерттеушілер Орал атауы түркі-монғолдың «арал» деген сөзінен өзгерген деп қарайды. Ал ғалым Ғ.Қонқашбаев болса, бұл пікірлерді теріске шығарып, Орал атауын етістіктің бұйрық райы, етістің өздік (немесе өзгелік) формалары арқылы жасалған деген ой айтады. Жоғарыда аталған ғалымдардың пікірін саралай келе, А.Әбдірахманов топонимнің жасалуын былай талдап, дәлел келтіреді: «Біздіңше атау ора (етістік) + л (етістіктен зат есім тудыратын өлі көне жұрнақ) арқылы жасалған. Мұндай жұрнақ арқылы Қиыл (қи+ыл), Ойыл (ой+ыл) атаулары және құра+л, қама+л, болжа+л сияқты зат есімдер жасалған. [5, 143]. Осынау жалқы есімнің оронимдік номинациясынан бөлек, гидронимді беретін атауы тағы бар. Батырлық эпостың өзінде кездесетін Орал топонимінің өзен атауы мағынасында тұрғанын жырдың мына тұсынан көруге болады:

Тоғайдың бойы солқылдап,  
Найза, қылыш жарқылдап,  
Орал мен Ордың арасы

Он екі өзен арнасы –  
Жайлауын қазақ баласы  
Қалың жау алды ту алған,  
Туды қанға суарған... [3, 260].

Ғалым Т. Жанұзақов «Қазақ ономастикасы. Атаулар сыры» деп аталатын еңбегінде Орал гидронимінің этимологиялық сипатына талдау жасай келе, Орал атауының шығу тегін былайша сабақтайды: «Орал атауы ор+ал деген сөзден жасалған. Оның бірінші сыңарындағы ор – түркі тілдерінің көбінде «өзен» аты ретінде: Татарстандағы Ор, Иркутск облысындағы – Ор, Ока алабындағы – Ур, Днепрдегі ғұндардың Вар атты өзен аттары барын көреміз. Ал Орал атауының екінші құрамындағы ал сөзін орал-алтай тіліне тән «қызыл», ауыспалы мағынасы «алтын» деп білеміз» [6, 157].

Жер-су атауларын талдауда атау жасауға негіз болып тұрған құрамның этимонын, яғни шығу төркінін, тегін анықтау. Айталық жырдағы:

Арасын Орал, Елек алды қалмақ,

Қазақты қуғындыртып салды салмақ, [3, 260]. - деп келетін жолдардағы Елек өзен атауының арғы тегін, түп-төркінінің шығуын ғалым А.Әбдірахманов «Топонимика және этимология» деп аталатын еңбегінде Елек атауының этимологиясы и (су деген мағыда) түбіріне көне –лек қосымшасы жалғанып, гидронимға айналып тұрғанын көрсетеді [5, 89].

Геонысан атауларының этимологиясын талдайтын зерттеу еңбектерін қарастырғанда көптеген топонимдердің шығу төркіні көне географиялық терминдер негізінде жасалғандығын, бұл терминдердің кей тілдерде сақталғандығын немесе, керісінше, көмескіленіп тек оним тұлғасында ғана қалып қойғанын көре аламыз. Мысалы, жырда бірнеше рет кездесетін бір негізден тұратын Жем атауы орта ғасырларда Гем деп аталып, шығыс түркі тілдерінде Кем//Гем – «өзен» мағынасында болған. Кейін Г мен Ж дыбыстарының алмасуы нәтижесінде Гем өзені Жем атауы күйінде таралады. Ал жырда кездесетін Созақ топонимінің этимологиясы әлі ашылмай, белгісіз болып келеді. Ғалым Т.Жанұзақов бұл атаудың соғды тіліне тән болуы мүмкін екендігін айтады. Созақ атауының оғыздардағы парсылардың аты, XI ғасырдағы Sugag сөзінің дыбыстық тұрғыдан өзгерген нұсқасы деген болжам жасап, Махмұт Қашқари сөздігінде оғыздар парсыларды созақ атағанын айтады [6, 81].

Сондай-ақ, «Қобыланды батыр» жырында аналитикалық тәсіл арқылы, соның ішінде сөзқосым түрі арқылы жасалып тұрған біршама топонимдерді де кездестіреміз. Мәселен:

Біздің ауыл Арыста,

Есебі жоқ алыста.

Азулының бойында,

Жылқылары қамыста [3, 140]. – деп келетін жолдарда кездесіп тұрған көне заманнан келе жатқан тарихи гидронимнің бірі - Арыс өзен атауын алатын болсақ, гидронысанның мән-мағынасын, шығу тегін тіліміздің сөз байлығына тән лексикадан іздеу өте қиынға соғады. Бұл сөздің этимологиясына үнілген уақытта, оның үндіеуропа және орал-алтай тілдерінде «өзен» деген мағынаны білдіретін «ар» түбіріне тағы да сол тілдерде «өзен, су» мәніндегі ыс екінші компонентінің қосылуы арқылы жасалғанын көреміз [6, 41]. Ал тілімізде мағынасы айқын сақталған жырдағы Көздікөл, Қараспан, Күлтөбе, Ортөбе, Айнакөл, Тасқала сынды топонимдер екі компоненттің бірігуі нәтижесінде, екі уәждеме сөздің қатысуы арқылы жасалып тұр. Жырда кездесетін топонимдердің қырылысы мен типтерінің басым бөлігі сын есім+зат есім, зат есім+зат есім формасында тұрғанын байқаймыз.

Ғалым Т.Жанұзақов «Қазақ тіліндегі жалқы есімдер» деп аталатын еңбегінде топонимдік типтердің көл, сор, су, сай, тау, төбе тектес географиялық индикаторлармен жиі жасалатынын тілге тиек етеді [7, 15]. «Қобыланды батыр» эпосында кездесетін жер-су атауларының да конструкцияларының басым бөлігі осы тектес формамен жасалған. Жырда екінші компоненті көл индикаторымен кездесетін геонысан номинативтері: Қазды көл, Қулы көл, Желді көл, Шанды көл, Қызды көл, Қамыс көл.

Тау – индикаторымен: Қаратау, Алатау, Қарлы тау, Барлы тау, Иір тау, Сүйір тау, Қараша тау, Қасқарлық тауы, Алтынды тау.

Сай, төбе, бел, жай индикаторлары арқылы жасалған жер атаулары да кездеседі (Ақсай, Ортөбе, Сарыбел, Бұқаржай).

Сонымен «Қобыланды батыр» жырында қолданыс тапқан жер-су номинативтері халқымыздың атау жасауда асқан ұтқырлығы мен көркемдік таным көкжиегін танытып қана қоймай, топонимдердің замана көшінде ілкі дәуірден келе жатқан тарихи тамырластықты айғақтайтын бауырластықтың тілдік коды екенін дәлелдеп тұрғанын көреміз.

**Әдебиет:**

1. Жанұзақов Т., Рысберген Қ. Қазақ ономастикасы: жетістіктері мен болашағы. – Алматы: Азия, 2004. – 128 б.
2. Оралбай Н., Құрманәлиев К., Балтабаева Ж. Қазақ тілінің сөзжасамы. – Алматы: Инжу-Маржан, 2014. – 290 б.
3. Бабалар сөзі: Жүз томдық. т.38. – Астана: Фолиант, 2006. – 336 б.
4. Қасым Б. Қазіргі қазақ тілінің теориялық және қолданбалы аспектісі. – Алматы: ЖК Волкова, 2010. – 371 б.
5. Әбдірахманов А. Топонимика және этимология. – Алматы: Ғылым, 1975. – 204 б.
6. Жанұзақов Т. Қазақ ономастикасы. Атаулар сыры 3. – Алматы: Дайк-Пресс, 2007. – 524 б.
7. Жанұзақов Т. Қазақ тіліндегі жалқы есімдер. – Алматы: Ғылым, 1965. – 138 б.

## АБАЙ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ «СӨЗ» ЛЕКСЕМАСЫНЫҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

*Меліс А.,*

*магистрант,*

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,*

*Астана, Қазақстан,*

*[aishok\\_051995@mail.ru](mailto:aishok_051995@mail.ru)*

**Түйіндеме:** мақалада Абай өлеңдеріндегі "сөз" лексемасының семантикалық ерекшеліктері қарастырылған.

**Резюме:** в статье рассмотрены семантические особенности лексемы "слово" используемые в стихотворениях Абая.

**Summary:** In the article was considered the semantic features of the lexeme "word" used in the poems of Abai

Кез келген халықтың тілі – сол халықтың шынайы этникалық болмысының айнасы. Тіл әлем туралы білімді сыртқа көрсетіп қана қоймайды, ғұмырнамалық тәжірибенің түпсанада бедерленіп үздіксіз сұлбалануына және оның айқындалуына, ұрпақтан-ұрпаққа жетуіне қалтқысыз қызмет етеді. Жазба әдебиетінің Абай дәуірінен басталғанын ескерсек, қазақ халқының ХІХ ғасырдағы таным-түсінігі Абай шығармаларынан көрініс беретіні анық. Соның ішінде «сөз сарасын» саралап, «сөз өнерін» дертпен теңестірген хәкім Абайдың шығармаларында *сөз* атауы 400-ге жуық рет қолданған екен. Сол қолданыстарында «сөз» лексемасы тек лингвистикалық категория ұғымында емес, әр түрлі мағыналық сипат алған.

Абай өлеңдеріне лингвистикалық талдау жасамастан бұрын, ақынның тілін зерттеген ғалымдарға тоқталып өтсек. Аса көрнекті ақын-жазушылар Абай шығармаларының тілі екі тұрғыдан зерттеледі. Бірі – қаламгердің қолданған тілінің даму барысында оның алған орны мен сіңірген еңбегін анықтау, екіншісі – оның өз қаламына тән шеберлік тәсілдері мен өзге де тілдік ерекшеліктерін талдау.

Абай шығармашылығы хақында алғашқы пікір айту – ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың алғашқы жылдарында басталған болса, тілі жайында да алғаш рет сөз қозғау осы тұстарға саяды. Әрине, бұл әңгіме ұлы ақынның тілін нақты түрде талдау емес, жалпы

тұжырым айту, қазақтың поэтикалық дүниесінің тіліне жаңа лептің келгенін атау түрінде болды.

Абай поэзиясы және оның тілі жөнінде қазақтардан тұңғыш рет арнайы пікір айтқан – Ә. Бөкейханов. А. Байтұрсынов «Қазақ» газетінің 1913 жылы 39-41-сандарында «Қазақтың бас ақыны» деген көлемді мақала жариялап, ақынның өмірбаянынан қысқаша мәлімет бере келіп, оның поэтикасын сөз етті. Ал С. Торайғыров «Айқап» журналының 1913 жылы 22-23-сандарында «Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан» деген мақаласында сол тұстағы қазақ поэзиясының мазмұн-мәнімен қатар, тілін де азын-аулақ сөз етеді, тіл жағынан Абай өлеңдерін өте жоғары қояды. Ақынның 1922-23 жылдардағы шығармаларының тіліне қатысты аз-кем пікірлер мен кейбір араб, парсы, орыс сөздерінің түсініктемесін Абайдың 1922 жылы Ташкентте шыққан өлеңдер жинағына редакция атынан берілген ескерту сөзден және татар ғалымы А. Сағдидың «Ақжол» газетінің 1923 жылғы бірнеше санында басылған мақаласынан табамыз. Абайдың қазақ әдебиетінде алатын орны мен ұстаған бағыт-бағдары жайында 20-жылдардың ішінде, тіпті 30-жылдардың екінші жартысына дейін баспасөз бетінде болып келген пікірталастар кезінде ақынның тілі туралы да айтылып өтті. Бұлардың ішінде, әсіресе, Ы. Мұстанбаевтың батыл да ашық айтқан пікірлері Абай тілі жөніндегі қазіргі бағаларымызбен ұштасып жатыр. 1930 жылдардың орта шенінен бастап Абай шығармаларының тілі жөніндегі пікірлер көбірек және айқынырақ айтыла бастады. Әсіресе, бұған 1934 ж. Абайдың қайтыс болғанына 30 жыл толуын атап өту шаралары үлкен себепкер болды. М. Әуезов, Қ. Жұбанов, І. Жансүгіров, Е. Ысмайылов, З. Шашкин ұлы ақынның тілге деген көзқарасы мен еңбегін, сөз қолдану шеберлігі мен өлең құрылысын арнайы сөз етеді. Әуезов ақынның өмір кешкен ортасы мен қалдырған мұрасына үңілген еңбектерінде Абайдың тілі жөнінде де дұрыс әрі түбегейлі пікір айтып отырды [1,330-332].

Абай шығармаларының тілі жайында арнайы пікір айтқан ғалым – Қ.Жұмалиев. Өзінің мектеп оқушыларына арналған оқулықтарынан бастап, XVIII – XIX ғ. қазақ әдебиеті тарихы туралы жазған ғылыми зерттеулерінде, әдебиет теориясына арналған еңбектерінде Қ. Жұмалиев Абайдың шығармашылығымен қатар, оның тілін талдап:

1) Абайға дейін де қазақтың поэтикалық тілі дамып келді... оның өзінше даралық байырғылық сипаты болды. Абай осындай әдебиеттің о заманнан қалыптасып қалған поэтикалық тілін жоғары мәдениеттілік сатыға көтерді.

2) Абай заманында едәуір етек жайған тілдегі шағатай шылау, татар шылауға қарсы күрес ашты, қазақ тілін аса қадірлеп, таза сақтауға күш салды, оның сөздік қорының бір бұтағы орыс тілі болды.

3) Абай қазақтың мол сөз байлығын қолданумен қатар, өзі де жаңа сөз, жаңаша сөйлем құрылыстарын енгізді.

4) Өлең құрылысына қыруар жаңалықтар қосып, көркемдеудің жаңа тәсілдерін ұсынған деген тұжырым жасады [2, 144-145].

Қазақ тіл мамандарының ішінде Абай тілі жайында алғаш терең әрі дәлелді пікір айтып талдау жасаған Құдайберген Жұбанов болды. Абай тілін танып-білу шын мәнінде 30-жылдардың ортасынан басталды да, 50-60-жылдар ішінде мәселеге С. Аманжолов, Н. Сауранбаев, І. Кеңесбаев, Ғ. Мұсабаев, А. Ысқақов тәрізді тіл мамандарының қатысуына байланысты едәуір жандана түсті. 60 жылдардан бастап өзге тіл мамандары да: Ш. Ш. Сарыбаев, Е. Жанпейісов, Р. Сыздықова, Т. Қордабаев, Қ. Өмірәлиев Абай тілінің нақты фактілерін: сөз қолданысын, сөздің қазынасын, грамматикалық тұлға тәсілдерін талдады. Р.Сыздықованың «Абай шығармаларының тілі» (1968) және «Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы» (1971) атты монографиялары жарық көрді. Аталған монографиялардың алғашқысында Абайдың әдеби мұрасы қазақ тілі тарихының материалы ретінде зерттелді. Мұнда ұлттық жазба әдеби тіліміздің іргетасын қалап, әрі қарайғы даму бағыттары мен принциптерін белгілеудегі Абайдың ерекше ролі мен теңдесі жоқ қызметі көрсетілді. Ақын өлеңдерінің синтаксистік құрылысына арналған екінші монографияда қазақ өлеңдерінің, оның ішінде Абай туындыларының синтаксистік амал-тәсілдері, ұйқасы, өлшемі, композициясы және олармен синтаксистік құрылымының өзара байланысы нақты талданды.

Күрделілігі, сыйымдылығы, көркемдік әсері жағынан Абай өлеңдерінің синтаксистік жазба поэзия талаптарына сай түсетін, өзіне дейінгі қазақ поэтикасы дәстүрінен жоғары көтерілген, кейінгі қазақ поэзия тіліне бағыт-үлгі болатын сипатта екендігі дәлелденді. Бұл екі еңбекте негізінен Абай шығармалары тілінің лексикасы мен грамматикасы жүйелі түрде зерттелді, дегенмен, Абайдың шеберлік тәсілдері, даралық ерекшеліктері, қысқасы, көркемдік дүниесі арнайы талдау дәрежесіне көтеріле алмаса да мұнда ұлы ақын поэтикасына қатысты мәселелер кеңінен қозғалды. «Ғылым» баспасынан 1968 ж. «Абай тілі сөздігі» жарық көрді. Бұл – ұлы ақын шығармаларының тілін танып-білу саласындағы аса қажетті, қомақты жұмыстардың бірі.

Ақын мұрасының текстологиясына үңілу кейінірек басталды. Ақын мұрасының әр кездердегі басылымдарында кеткен текстологиялық ағаттықтар мерзімді баспасөз беттерінде де, жеке жинақтар мен кітаптарда да көрсетілген, оларды арнайы зерттеуге назар аударылып отыр. Газет беттерінде жарияланған қыруар құнды мақалаларды былай қойғанда, журнал беттерінде жарық көрген З. Ахметов пен Ы. Дүйсембаевтың, Б. Жақыпбаевтың, М. Сәрсекеевтің, Қ. Өмірәлиевтің, М. Бөжеевтің мақалалары мен Қ. Мұқаметхановтың арнайы жазылған «Абай шығармаларының текстологиясы жайында» (1959) атты кітабы Абай шығармаларының тілін танып-білуге үлкен септігін тигізген еңбектер [1, 334].

Абайтану саласының бір тармағы ретіндегі Абай тілін зерттеудің 70-80 жылдық тарихы бар екеніне көзіміз жетті. Ал бүгінгі таңда Абай шығармаларының тілі қай бағытта зерттелуде? ХХІ ғасыр қазақ тіл білімінде антропоцентристік бағыттың орын алуына байланысты, Абай шығармаларын когнитивті лингвистика тұрғысынан, таным тұрғысынан зерттеу қолға алынууда. Біздің де қарастыратынымыз да Абай қолданысындағы «сөз» концептісін түзуге негіз болатын *сөз* сөзінің семантикалық, лексикалық сипатын ашу.

Жалпы сөз өнері, сөз өрнегі Абайдың бүкіл поэзиясын, ой толғамдары мен көзқарасын, идеяларын түгел қамтиды. Абай қолданысындағы «сөз» ұғымының беретін мағынасының бірі ол – «өлең». Бұл пікірімізге дәлел ретінде академик Р.Сыздықтың: «...Сөз деген сөзді ақын 400-ге жуық (376 рет) қолданған. Ол негізінен үш түрлі мағынада жұмсалған: бірі – «поэзия, өлең»...» [3, 25], – деген тұжырымын ұсынамыз. Яғни бұл мақалада осы бірінші мағынасын ашатын мысалдарға көптеп талдау жұмысын жүргіземіз.

Өзімде басқа шауып, төске өрледім,

Қазаққа *қара сөзге* дес бермедім – деген тармақтағы «қара сөз» нені білдіреді? «Проза» дегені ме, «жай сөз» дегені ме, «көп сөз» дегені ме? Жалпы «сөз» сөзі Абайда қандай мағыналарды білдіреді? «Сөз» лексемасының Абай шығармаларындағы негізгі мағынасының бірі – «поэзия, өлең» екенін жоғарыда атап өттік. Абайдың «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» шығармасындағы:

Ескі бише отырман бос мақалдап,  
Ескі ақынша мал үшін тұрман зарлап.

*Сөз* түзелді, тыңдаушы, сен де түзел,

Сендерге де келейін енді аяңдап – деген шумағында *сөз* деп тұрғаны – поэзия, өлеңдер. Ал осы мысал алынып отырған өлеңнің ең бастапқы жолындағы: «Өлең – сөздің патшасы» – дегеніндегі *сөз* – «бүкіл поэтикалық дүние, көркем сөз дүниесі». Екіншісі – адамның «ой-пікірі, көзқарасы, идеясы». Абайдың «Білімдіден шыққан сөз» атты өлеңіндегі *сөз* лексемасы кездесетін шумақтарын мысалға келтірсек:

Білімдіден шыққан *сөз*  
Талаптыға болсын кез.  
Нұрын, сырын көруге,  
Көкірегінде болсын көз.  
Жүрегі – айна, көңілі – ояу,  
*Сөз* тыңдамас ол баяу.  
Өз өнері тұр таяу,  
Ұқпасын ба *сөзді* тез?  
Әбілет басқан елерме,

*Сөзге* жуық келер ме?

*Түзу сөзге* сенер ме,  
Түзелмесін білген ез?[4,55]

Және де ақынның «Ерекше естен кетпес қызық қайда?» өлеңіндегі:

Арттағыға *сөзің* мен ісің қалса,

Өлсең де, өлмегенмен боласың тең [4,23] – дегендеріндегі әңгіме тек тек поэзия жайында емес, жалпы «ой-пікір, идея» туралы, өйткені арттағығы із қалдыратындар немесе сөз айтатын білімділер тек ақындар болмайды ғой. Осы күнде талайдың аузынан түспей жүрген тармақтың бірі Абайдың «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес» өлеңіндегі мына бір жолдарда осының дәлеліндей:

Көп адам дүниеге бой алдырған,  
Бой алдырып, аяғын көп шалдырған.  
Өлді деуге сия ма, ойлаңдаршы,  
Өлмейтұғын артына *сөз* қалдырған? [4,93]

Осы өлеңдегі «өлмейтін сөз» дегеніміз сапалы жыр, көркем сөз өрнегі екені айдан анық. Кез келген айтушының аузынан шыққан жай сөз емес, өлмейтін, нағыз шебер түзілген, тағылымы мол сөз өрнегі деп бағасында бере кеткен. Сондай-ақ Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңіндегі *сөз* сөзі кездесетін тармақтардың барлығы дерлік осы екінші мағынаны ашып тұрғандай:

*...Білгендердің сөзіне*

Махаббатпен ерсеңіз.

...Надандарға бой берме,

*Шын сөзбенен* өлсеңіз.

...Көп орында көріне айтпа,

Біздің *сөзге ерсеңіз*.

Мұны жазған кісінің

Атын білме, *сөзін біл!*

Осы жалған дүниеден

Шешен де өткен не бұлбұл,

Көсем де өткен не дүлдүл.

*Сөз мәнісін* білсеңіз,

...Деме көптің *сөзі нұл*.

Жақынның *сөзі тәтті* деп,

Жақыным айтты дей көрме.

Надандықпен кім айтса,

Ондай *түпсіз сөзге* ерме.

Сізге айтамын, хауімім - бұл.

...*Сөзіне* қарай кісіні ал,

Кісіге қарап *сөз алма*.

*Шын сөз* қайсы біле алмай,

Әр нәрседен құр қалма.

...*Сөзін оқы* және ойла,

Тез үйреніп, тез жойма,

Жас уақытта көңіл – гүл [4,85]

Үшіншісі – «сөйлеу, әңгімелесу процесінің нәтижесі». Сөз сөзінің бұл семантикасы көбінесе оның өзге сөздермен тіркесте келгенінен байқалады. Мысалы, *бос сөз, басалқа сөз, жел сөз, жылы сөз, сөз бағу, сөз қозғау, сөз қыдырту, сөз табу* дегендеріндегі сөз – «сөйлеу нәтижесі, әңгіме» ұғымында.

Ал біз жоғарыда талдап бастаған «қара сөз» тіркесіне келсек, мұнда ақын бірінші және екінші мағынадағы жалпы сөз, яғни поэзияда да, ой-пікір, идея де қамтылған ұғымдағы *сөз*, оның ішінде де үлкен, мәнді сөзді айтып отырған тәрізді. Түркі тілдерінде *қара* сөзінің бір мағынасы «үлкен, көп, зор» екенін зерттеушілер айтып келеді. Мысалы, *Қаратау* деген

қара таудың түсін білдіруге байланысты емес, «үлкен» немесе «көне, ежелгі» дегенге қарай берілген ат. *Қара қыпшақ* дегендегі қара да қыпшақтардың түр-түсін таныту емес, «қалың қыпшақ, көп ру» дегенді білдіру үшін қойылған жалқы есім деген пікірлер бар. Сонда *қара сөз* – «үлкен сөз». «Қазаққа қара сөзге дес бермедім» дегені – шығармашылығымен де, демократтық, озат ой-пікірімен де өзінің өзгелерден («сөз иелерінен») биік тұрғанын, «басқа шауып, төске өрлегенін» айтқаны. Бірақ оны білерлік «еш адам жоқ» дегенді қоса айтады, ал білмейтін себебі – айналасының, халқының, қалың көпшіліктің «ғылымы», яғни оқу-білім жоқтығынан дегенді аңғартады.

Сөз өнері әр халықтың рухани өсуінің, өмірі мен тағдырының көркем шежіресі, жан сыры ретінде танылумен бірге оның мақтанышы, даңқы болып та табылады. Әр халықтың елдік сипаты, жарқын қасиеттері ең алдымен оның әдебиетінде терең елес береді. Поэзия – адам баласының мәдениетін дамытудағы ең қуатты, құдіретті құралдардың бірі. Ежелден бері поэзия көктеп өсудің, күрес пен жеңістің, жаңғырып жасарудың белгісі болып келеді.

Абай поэзияның қуат-күшін, мүмкіндіктерін аса жоғары бағалаған. Оның ойынша, шын шамырқанған, толассыз ізденіп, қисынын тапқан ақын қандай құбылысты болса да суреттей алады, яғни Абайша бейнелеп айтқанда, қандай тағыны да жетіп қайыра алады. Мұның өзі, бір жағынан, шығармашылық процесінде Абайдың стихиялыққа қарсы болғанын, суреткердің саналылығы мен ізденістерін айрықша бағалағанын да көрсетеді. Осыдан кейін барып Абай қызыл тіл тақырыбына ауысады. Қызыл тіл тақырыбы халық поэзиясында ежелден бар. Бірақ Абай оны барынша кең әрі барынша жаңа тұрғыда алады. Мына тұста ол «толғауы тоқсан қызыл тіл» деп айтады. Көркем тілдің, сөз өнерінің құдіретті күші мен ұшан-теңіз мүмкіндігін, оның бар толғауын бұдан артық жеткізіп айту қиын болар. Ойымыз дәлелді болу үшін ақынның өлеңдеріне талдау жүргізсек.

Абайдың бір ғана «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» өлеңінде Абай *сөз* лексемасын 14 рет қолданған. Өлең тармақтарынан мысал келтірер болсақ:

Өлең – *сөздің патшасы, сөз сарасы*,

Қиыннан қиыстырар ер данасы.

...Бөтен *сөзбен былғанса сөз арасы*,

Ол – ақынның білімсіз бишарасы.

Айтушы мен тыңдаушы көбі надан,

Бұл жұрттың *сөз танымас* бір парасы.

Әуелі хаят, хәдис – *сөздің басы*,

Қосарлы бәйітмысал келді арасы.

Қисынымен қызықты болмаса *сөз*,

Неге айтсын пайғамбар мен оны алласы.

...*Бір сөзін бір сөзіне* қиыстырар,

Әрбірі келгенінше өз шамасы.

...Іші алтын, сырты күміс *сөз жақсысын*

Қазақтың келістірер қай баласы?

Бұрынғы ескі биді тұрсам барлап,

Мақалдап айтады екен, *сөз қосарлап*.

...Әр елден өлеңменен қайыр тілеп,

Кетірген *сөз қадірін* жұртты шарлап.

...*Сөз түзелді*, тыңдаушы, сен де түзел,

Сендерге де келейін енді аяңдап.

...Әншейін күн өткізбек әңгімеге

Тыңдар едің *әр сөзін мыңға балап* [4,154]

Өлеңнің барлық жолында Абай «сөз» лексемасын «өлең, поэзия» ұғымы ретінде қолданған. Мұнда Абай тек поэзияны ғана емес, жалпы сөз өнерін, көркем әдебиетті айтып отыр. Барлай қарасақ, Абайдың меңзеп отырғаны – жалпы әдебиет атаулы емес, реалистік әдебиет. «Сөз сарасы» деу арқылы ол поэзиядағы айқындықты, реализмді бәрінен жоғары қоятындығын көрсетеді. Абайдың «Біреудің кісісі өлсе, қаралы ол» деген шығармасында да



сөз сөзін әр түрлі тіркесте 10 рет қолдану арқылы поэзияның, көркем сөздің құдіретін аша түседі:

Өлең деген – *әр сөздің ұнасымы*,  
*Сөз қосарлық*, орайлы жарасымы.  
*Сөзі тәтті*, мағынасы түзу келсе,  
Оған кімнің ұнасар таласуы?  
Қарны тоқ қас надан ұқпас *сөзді*,  
*Сөзді ұғар*, көкірегі болса көзді.  
Қадірін *жақсы сөздің* білер жанға  
Таппай айтпа оған да айтар кезді.  
Сый дәметпе, берсе алма еш адамнан,  
Нең кетеді *жақсы өлең сөз* айтқаннан?  
Сүйенерлік адамды құрмет қыл,  
Аулақ бол әнін сатып нәрсе алғаннан.  
Көп топта *сөз танырлық* кісі де аз-ақ,  
Ондай жерде сөз айтып болма мазақ.  
Біреуі олай, біреуі бұлай қарап,  
Түгел *сөзді тыңдауға* жоқ қой қазақ.  
Шортанбай, Дулат пенен Бұқар жырау,  
Өлеңі бірі – жамау, бірі – құрау.  
Әттең дүние–ай, *сөз таныр* кісі болса,  
Кемшілігі әр жерде–ақ көрініп тұр–ау [5, 122].

Ақын өз реализмінің принциптерін де бүгіп қалмай, аша кетеді. Бұл оның поэзияның іші алтын, сырты күміс болып келуін талап етуінен байқалады. Міне осындай поэзия ғана – реалистік поэзия, яғни Абайша айтқанда «жақсы сөз». Мұндай реалистік поэзияны, жаңашыл поэзияны Абайға дейін ешкім жасай алған жоқ. «Қазақтың келістірер қай баласы» деуі – Абайдың астамшылығы немесе нигилистігі емес, ащы шындықты мойындауы әрі суреткер ретінде өзіне тарих жүктеген міндетті терең сезінуі еді. Ол қиыннан қиыстыратын, шығармашылық ерен ерлік жасайтын дана-ақынға, классик-ақынға қазақ қоғамы мейлінше ділгір екенін көре білді және өзі сол деңгейге көтеріле алды. Ақындық шабыт пен шығармашылық актысын келістіріп жырлаған, жаңа ақынның типі мен тұлғасын жасаған өлеңдер Абайда мол екені аян. Бұл – Абай поэзиясының ең бір өзекті тақырыбы. Ең әйгілі, ең үздік шығармаларының бірі — «Сегіз аяқты» ақынның осы тақырыптан бастауы тегін емес.

Алыстан сермеп,  
Жүректен тербеп,  
Шымырлап бойға жайылған;  
Қиуадан шауып,  
Қисынын тауып,  
Тағыны жетіп қайырған,  
Толғауы тоқсан қызыл тіл,  
Сөйлеймін десем өзің біл [5,123]

Ұлы Абай жастайынан діни сауаты болғаны бізге мәлім. Ол діннің асылдығын, оның құдыретін әуелден дәріптеген. Өлеңдерінің басым бөлігі Құраннан нәр алған. Абайдың «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» деген өлеңін:

Алланың өзі де рас, *сөзі де* рас,  
*Рас сөз* ешуақытта жалған болмас.  
Көп кітап келді Алладан, оның төрті

Алланы танытуға *сөз айырмас* [5,12] – деп бастап, өлеңнің өн бойында *сөз* сөзін 7 рет қолданған. Осы өлеңмен мазмұндас жолдардың бірі жоғарыда талдаған «Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы» өлеңіндегі мына бір шумақ:

Әуелі хаят, хәдис – *сөздің басы*,  
Қосарлы бәйтмысал келді арасы.

Қисынымен қызықты болмаса *сөз*,

Неге айтсын пайғамбар мен оны алласы [5,154]

Яғни Абай өзінің айтқандарының бәрі де Құран аяттары мен пайғамбар хадистерінен бастау алатынын тілге тиек еткен.

Абай қолданысындағы ең бір құдіретті де жиі кездесетін ұғымдардың бірі ол – «сөз». Оны негізінен үш түрлі мағынада қолданғандығын жоғарыда атап өттік. Соның ішінде *сөз* – «поэзия, өлең» деген мағынасын кеңінен қарастыруға тырыстық. Себебі оның сөз өнеріне, яғни поэзияға деген ықыласы мен пейілі тіпті ерекше бөлек. Оның ұғымынша сөз өнерінің қызметі мен маңызын, мән-мағынасын басқа еш нәрсе де өтей алмақ емес. Шын мәнісіндегі, нағыз қайталанбас көркемдік келісім мен қолдан келмес әсемдік пен сұлулық сонда. Бұл ретте Абай поэзияның эстетикалық сипатын ғана емес, әлеуметтік мәнін де ескерген. Шығармаларының көп бөлігінде оның құдіретін, құрылысын, түрін яғни барлық сапасын жан-жақты талдап көрсетеді. Жоғары да оның тек кішкене бөлігін ғана ұсындық. Яғни лингвистикалық тұрғыда әлі де семантикалық ерекшелігін аша түссек, үлкен бір концепт құрауға негіз болары сөзсіз.

#### **Әдебиет:**

1. Сыздықова Р. Абай шығармаларының тілі. Лексикасы мен грамматикасы: Көптомдық шығармалар жинағы. Т 4. – Алматы, 2014. – 380 б.
2. Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. – Алматы, 1960. – 250 б.
3. Сыздықова Р., Шалабай Б. Көркем тексті лингвистикалық талдау. – Алматы, 1989. – 210 б.
4. Абай. Таңдамалы өлеңдері. – Ташкент, 1922. – 400 б.
5. Абай. Шығармалар жинағы. – Алматы, 2011. – 184 б.

## **ЕТІСТІКТІҢ КӨСЕМШЕ ТҮРІ ҚЫЗМЕТІНІҢ АЛҒАШҚЫ ҒЫЛЫМИ СИПАТТАМАЛАРЫ ТУРАЛЫ**

*Нұрманова М.Б.,*

*магистрант,*

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,*

*Астана, Қазақстан,*

[nurmanovameruert@mail.ru](mailto:nurmanovameruert@mail.ru)

**Резюме.** Исследование функций деепричастия начинается с XX века в научных работах Ахмета Байтурсынова. Одни из первых ученых, изучающих категорию деепричастия являются К.Жубанов, Н.Сауранбаев, А.Ыскаков. Мы рассмотрели как прогрессировалась функция деепричастия и мнения в начальных исследованиях.

**Summary.** The study activity of the verb participle is based on the work of the Kazakh linguistics reformer Akhmet Baitursynov from the XX century. One of the first scientist to study the category of verb participle is K.Zhubanov, N.Sauranbayev, A.Iskakov. We looked how did the category of verb participle be considered in the initial research, how has it progressed. We have a brief overview of such things. We looked at some new ideas and opinions.

«Қазіргі қазақ тілі» атты ғылым саласының қалыптасуы мен дамуы қазақ тілінің табиғатын, құрылымын ғылыми талдап, танытып, іргетасын қалаушы, реформаторы Ахмет Байтұрсынов еңбектерінен, яғни XX ғасырдың басынан бастау алады деуге болады. Ғалымның құнды ғылыми мұраларының бірі – қазақ тілі грамматикасына қатысты категориялардың әрқайсысына қазақша атау ұсынуы. Ол қазақ тілінің дыбыс, сөз және сөйлем жүйесіне арналған «Тіл-құралында» 310 лингвистикалық термин қолданған. Оның 118-і (38,5%) қазіргі қазақ тіл білімінде қолданылып жүрсе, 192-сі (61,5%) қазір қолданылмайды. Бұл терминдерді тіл білімінің салаларына қатысты жіктесек: фонетикаға қатысты - 108 термин, лексикологияға қатысты 11 термин, морфологияға қатысты 109

термин, синтаксиске қатысты 64 термин және жалпы тіл біліміне қатысты 18 термин қолданылған. [2, 14-15].

Ахмет Байтұрсынов етістіктің болымды және болымсыз түрінен бөлек көсемше және есімше деген екі түрін көрсетеді.

«Көсемше дейміз – етістік қосарынан сөйленгенде, алдында айтылатын етістіктің қысқа түрін. Мәселен жаза бер, қарап тұр, жүріп келеді дегенде алдыңғы сөздер көсемше етістік болады». [1,176]

Көсем сөзі белгілі бір әлеуметтік таптың идеялық саяси жетекшісі, дем берушісі. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде көсем сөзі бастаушы, жетекші мағынасын білдіреді. Қазақта көсем ат, көсем адам, көсем қария, көсем бала тіркестері кездеседі, көсем ат – қос атқа бір атты көсем етіп жеккен. Ахмет Байтұрсынов енгізген анықтамада қосарланған екі етістіктің алдыңғысын көсемше деп атауы көсем сияқты алдында тұратындығымен байланысты болса керек. Ал ше жұрнағы негізінен кішірейткіш мағына үстейтін, үстеу тудырушы өнімді жұрнақ. Бірақ та ше жұрнағының кішкентай көсем мағынасын беруі қисынға келмейді. Мұнда ұқсату, салыстыру сөздерімен мағыналық байланыста көсем сияқты, көсемше сөзі туындап отыр. Екінші бір мәселе жұрнақ жалғану арқылы пайда болған үстеу сөздің атауыштық мағынаға ие болып, қолданысқа енуі А.Байтұрсыновтың термин жасау механизміндегі ерекшелігі болып саналады.

Ғалым көсемшені үш түрге бөліп, -а, -е, -й созымды істі көрсетіп үнемді, -ып, -іп, -п жұрнақтарын үнемсіз көсемше деп атаса, -ғалы, -гелі, -қалы, -келі жұрнақтарын ниетті көсемше деп атады. [1,178]

-а, -е, -й жұрнақтарын созымды істі көрсеткендіктен үнемді деп атағанмен, үнемсіз -п жұрнағы (айтып бердім) істің созымсыздығын, бірден бітетіндігін білдірмейді. Мысалы: Кеш батып барады. Қонақтар кеткісі жоқ, ұзақ отырып алды. Бірінші сөйлемде көсемше осы шақта тұрып істің созылыңқы әрекетін білдіріп тұр, екінші сөйлемде де өткен шақтағы іс-әрекеттің созылыңқы болғандығын көрсетеді. Көсемшенің үнемді, үнемсіз түрлеріне байланысты ғалым А.Байтұрсыновтың пікіріне қарама-қайшы пікірлер бар. Мысалы, Н.Сауранбаев, «бағыныңқы мен басыңқыны байланыстыруда, әсіресе, көп қолданылатыны, осыған байланысты қызметі де әр түрлі болатыны -п-(үнемді) түрі. Көсемшенің -а-(үнемсіз) түрі мен -ғалы түрі де дербес сөйлемдерді құрмаластырады. Бірақ бұлар көсемшенің үнемді түрі сияқты универсал емес».[3, 55] Н.Сауранбаев -п жұрнағын көп, үнемі және алуан түрлі мақсатта қолданылатындықтан, үнемі, ылғи мағынасының негізінде үнемді деп атады да, -а және -ғалы жұрнағын үнемсіз көсемше қатарына қосады. Аталған пікірлерге сүйенсек, көсемше жасаушы жұрнақтардың ішіндегі -п жұрнағы – ең өнімді жұрнақ.

А.Байтұрсыновтың «Тіл-құрал» еңбегінде көсемшенің тұйық рай, билік рай, шартты рай, ереуіл рай, реніш рай, қалау рай, сенімді рай, болжам рай, қайрау рай, азалы рай, теріс райдағы қолданысын, үнемді және үнемсіз көсемшенің болымды және болымсыз түрлерін жекеше және көпше түрде жіктеп, көсемшенің жіктелетіндігін және шақ жасау қызметін анықтады.

Сондағы Ашық рай (осы шақ) Үнемді көсемше Болымды түрлері: Жекеше: I жақ II жақ III жақ жаза беремін жаза бересің жаза береді сынай тұрамын сынай тұрасың сынай тұрады

Көпше: I жақ II жақ III жақ жаза береміз жаза бересіңдер жаза береді сынай тұрамыз сынай тұрасыңдар сынай тұрады Болымсыз түрлері: Жекеше: I жақ II жақ III жақ жаза бермеймін жаза бермейсің жаза бермейді сынай тұрмаймын сынай тұрамайсың сынай тұрмайды

Көпше: I жақ II жақ III жақ жаза бермейміз жаза бермейсіңдер жаза бермейді сынай тұрмаймыз сынай тұрмайсыңдар сынай тұрмайды [1,178]

Көсемше баяндауыш болатын мысалдар. 1. Ат тулай берді. Не тулай берді? - ат (бастауыш). Ат не қылды? – тулай берді (баяндауыш). 2. Әлжан алып берді. Кім алып берді? - Әлжан (бастауыш). Әлжан не алып берді (баяндауыш). 3. Тауық ұша алмайды. Не ұша алмайды? – тауық(бастауыш). Тауық не қылмайды? - ұша алмайды(баяндауыш). 4. Ақын

айта беріпті. Кім айта беріпті? – ақын(бастауыш). Ақын не етіпті? – айта беріпті(баяндауыш). [1, 213] Көсемшенің сөйлемде баяндауыш болып, баяндауыштық қызметін дәлелдеді де, келесі қызметі ретінде бағыныңқы сөйлемді ықшамдауда қолданылатынын көрсетеді.

Бағыныңқы сөйлемдер екі түрде айтылады. 1) толық түрде, 2) ықшам түрде. Толық түрде айтылған бағыныңқы сөйлемдердің бәрі болмаса да, көбін-ақ ықшам түрге айналдыруға болады. Ықшамдау деп сол толық түрден ықшам түрге айналдыру айтылады. [1, 261] Зерттеуші құрмалас сөйлемдердің бағыныңқы сыңарын ықшамдаудағы мақсаты ықшам түрінің көп қолданылатындығынан деп есептейді.

Бағыныңқы сөйлемді зат есім, сын есім, етістіктің есімше түрі, етістіктің көсемше түрі арқылы ықшамдауға болады дейді де, мысал ретінде мынадай сөйлемдерді береді: «Түсі қандай болса, ісі сондай болады. Бұл – толық түрі. Ықшам түрінде айтқанда «ісі түсіндей болады» дейміз (зат есім арқылы). Ит жүйрік болса, оны түлкі сүймес. Мұны ықшамдап айтқанда, «ит жүйрігін түлкі сүймес» дейміз. (Мұнда сын есім арқылы). Атана не қылсаң, алдына сол келер. Мұны ықшамдап айтқанда, «атаңа қылғаның алдына келер» дейміз (мұнда етістіктің есімше түрі арқылы). Олар көше алмады, үйткені көлігі жоқ болды. Мұны ықшамдап айтқанда, «Көлігі жоқ болып, олар көше алмады» дейміз мұнда етістіктің көсемше түрі арқылы). Көсемше арқылы ықшамдалған бағыныңқы сөйлемдер өз алдына сөйлемнің күйін ықшамдалған күйінде де жоғалтпайды». [1, 261-262]

Берілген мысалдардан байқайтынымыз зат есім, сын есім, есімше арқылы ықшамдалған сөйлемдер жай сөйлемдерге айналып кетіп жатса, көсемше арқылы ықшамдалған сөйлемдер ықшамдалған күйінде де құрмалас сөйлем қалпында қалып отыр. Бұл жайт – көсемше категориясы құрмалас сөйлем жасауда қызмет атқаратынының дәлелі. Жай сөйлемдердің көсемше арқылы құрмаласуы жөнінде алғаш зерттеу жасаған ғалымдардың бірі – Қ.Жұбанов. Ол өз зерттеулерінде құрмалас салалас сөйлемнің ішіне кірген жай сөйлемдердің басын қосу үшін істейтін амалдардың біріне көсемше қызметін жатқызады: алғашқы сөйлемдердің баяндауыштары өткен шақ көсемше түрінде болады (Ғалым келді де, жақсы боп қалды. Қой маңырап, түйе боздап ауыл у-шу). [4, 395] «Күрделі баяндауыш: есім - көмекші етістік (көсемше, басқа түрлері де) – көмекші» деп көрсетеді. [4, 390]

Ғалымның зерттеуі бойынша, көсемше баяндауыш қызметін, күрделі баяндауыш жасау қызметін, яғни қазірде аналитикалық форманттар деп аталып жүрген құрылымды құрай отырып, жай және құрмалас сөйлемдер жасау қызметін атқарады. Көсемшенің жоғарыда аталған қызметінен басқа жіктелу, шақ жасау қызметін анықтайды. Көсемшені көсем есімше немесе көсемше деп атады. «Бұлардың сүйеншектерше, сөйлемді аяқтай алмай, өзге бір етістікке сүйеніп те(септеліп), жиекшелерге жіктеліп те тұра алатыны». [4, 384]

Көсемшелердің жасалу жолдарын былайша топтастырады:

1. Өткен шақ көсемше (түрлеуші -ып, -іп, -п - жіктеуші: I жақ -пын/-пін, II ж. -сын/-сің, II жақ -ты/-ті: жаз-ып-ты, оқы-п-сың, кел-іп-пін)

2. Дағдылы көсемше (түрлеуші -а, -е, -и, жіктеуші бірде өткен шақ көсемшесінікіндей: жаз-а-ды, оқ-и-мың, біл-е-сің; бірде бірде тек I жақ тілек түрде -йын, көпшесі -йық, -лық: жаз-а-йын, оқы-йық, біле-лік).

3. Шарт көсемше (түрлеуші -са/се; жіктеуші: I жақта – -м, көпшесі – -қ; II жақта – -ң; III жақта жоқ. Мысалы: біл-се-м, біл-се-к, біл-се-ң). Шарт көсемше кейде арман түрге түсіп, сөйлемді аяқтап та кететіні (ай, осы, мен бір мерген болсам!)

4. Жиекше (түрлеуші – -ды, -ді, -ты, -ті жіктеуші шарт көсемшесінікіндей: жаз-ды, оқы-ды-м, біл-дің жаз-дық, оқы-дың-дар, біл-дің-дер) Мұның септелмейтіні, тек жіктелетіні, сөйлемді аяқтап қана тұра алатыны, өзінен кейін көмекші етістік жолатпайтыны. Яғни сөйлемді аяқтап, жиегінде тұратындығы үшін жиекше деп атады.

5. Төтенше мұның түрлеуші болмайтыны, негізгі жіктеуіш төтелей жағанатыны. Төтеншені бұйрық төтенше (-шы үстеуіші арқылы алаң-да-ма-шы, оқы-шы), көмекші төтенше (жүр, отыр, жатыр, тұр етісіктеріне жалғанады: отыр-мыз, жатыр-сың) деп екіге жіктеді.

Құдайберген Жұбанов еңбектерінде терминдік қолданыстардың А.Байтұрсыновтың зерттеуімен салыстырғанда өзгешелігі байқалады. Көсемшені көсем есімше деп атауы, жұрнақты түрлеуші деп беруі, көсемше жұрнақтарының қатарына -са, -се, -ды-, ті-жұрнақтарын (түрлеуші) қосуы, сияқты тың пікірлер кездеседі. Демек, көсемше қызметіне қатысты ХХ ғасырдың бірінші жартысындағы ғалымдар А.Байтұрсынов, Қ.Жұбанов, Н.Сауранбаев еңбектеріндегі пікір-көзқарастардың құндылығы бүгінгі күнде де құндылығымен ерекшеленеді. Енді осы көзқарастар, ойлар ХХ ғасырдың екінші жартысында қалай ілгеріледі деген жайтқа қысқаша тоқталып, салыстыра кетейік.

Бұл кезеңдегі зерттеулер қатарына қазақ тілінің морфологиясын зерттеуге үлес қосқан Ахмеди Ысқақовтың ғылыми еңбектеріндегі көсемше мәселесіне шолу жасайық.

А.Ысқақов көсемшелерді етістіктің грамматикалық категориясы ретінде қарастырады. Етістік негізінен арнаулы қосымшалар арқылы жасалып, тиісті дәрежеде шақтық, модальдік және басқа да мәндерді білдіретін ерекше формалар көсемшелер категориясы деп аталады. «Көсемшелер етістіктің жалаң және күрделі негіздеріне, қимыл атауларына, есімшелерге, рай формаларына, көсемшелердің өздеріне басқа ешбір дәнекерсіз-ақ еркін тіркесіп, олардың белгілерін, сипаттарын білдіреді де, сөйлемде көбінесе динамикалы адвербиал (етістіктен болған пысықтауыш) болып қызмет атқарады». [5, 305]

Ол көсемшенің мынадай формаларын атады:

1) -ып, -іп, -п;

2) -а, -е, -й;

3) -ғалы, -гелі, -қалы, -келі;

4) -ғанша, -генше, -қанша, -кенше; (бұлар жіктелмейді) [5, 306] Көсемшенің шақ жасау қызметіне қарай оларды өткен шақ көсемше(-ып, -іп, -п, -ғалы, -гелі, -қалы, -келі, -ғанша, -генше, -қанша, -кенше;), осы шақ көсемше (-а, -е, -й;), келер шақ көсемше (-а, (-е, -й) ғалы, (-гелі, -қалы, -келі) -ғанша, (-генше, -қанша, -кенше) деп топтастырады.

«Тілімізде Етістік негізіне -майынша, (-мейінше, -байынша, -бейінше, -пайынша, -пейінше) жұрнағы қосылу арқылы көсемшенің ерекше бір түрі жасалады. Бұл жұрнақтың тарихы (этимологиясы) да, мағынасы мен қызметі де әлі тексерілмегендіктен, грамматикалық формалардың тізімінен тыс қалып келеді. Бұл жұрнақ –ма+йын+ша элементтерінен құралады ма, болмаса, басқа элементтерден бірікті ма, - ол сыры мәлімсіз, бірақ әрі көне, әрі құранды форма екені күмәнсіз (мүмкін, -ғанша, формасының болымсыз түрі болуға ықтимал)». [5, 310]

Ғалымның еңбегінде көсемшенің жасалуының парадигматикалық қатары жаңа жұрнақтармен толықты. Әрі ол жұрнақтардың өзіндік қызметі мен сипатын жеке-жеке талдап түсіндіріп береді.

Алғашқы зерттеулермен салыстырғанда А.Ысқақов көсемшенің күрделі етістік жасауының түрлі жолдар арқылы жүзеге асатындығын, аналитикалық форманттарды құрайтындығын тереңірек қарастырады. Күрделі етістіктің көсемше арқылы тіркескен тобын құрама күрделі етістік немесе жай күрделі етістік (алып кел – ал да кел, алып бар – ал да бар, келіп кет – кел де кет мағынасын білдіреді) және аналитикалық етістіктер ( айта сал, жаза түс, қарай көр) арқылы жасалатынын көрсетеді, күрделі етістік пен аналитикалық етістіктің айырмашылықтарын саралады. Аналитикалық етістіктің ерекшелігін қосымша грамматикалық мән үстеуімен түсіндіреді.

А.Ысқақов етістік категорияларының қатарына амалдың өту сипаты категориясын қосады, амалдың өту сипаты категориясын жасаушы құрылымдардың біріне аналитикалық форманттарды жатқызады.

«Аналитикалық форманттар сан жағынан қаншалықты мол әрқилы болса, олардың мағыналары да, сол форманттардың ерекшелігіне қарай, соншалықты бай және алуан түрлі болады. Аналитикалық форманттар тарихи тұрғыдан үш нұсқадан шыққан. Бірінші нұсқа (модель). Көсемшенің -ып (-іп, -п) және -а (-е, -й) жұрнақтары мен толымды көмекші етістіктерден құралатын форманттар» деп көрсетсе, екінші нұсқасы де етістігінің қатысымен

құралған форманттар, үшінші нұсқа есімше, көсемше (кейбір түрінің) рай жұрнақтары мен толымсыз еді, екен көмекші етістіктерінен жасалатын форманттар деп көрсетеді. [5, 290]

Көсемшенің сөйлемде амалдың белгісін, бейнесін, мезгілін, мекенін, тәсілін себебін, істің істелу сипатын білдіріп дара я күрделі пысықтауыш болатынын, құрмаластың бағыныңқысында, жалаң және жай сөйлемдерде баяндауыш болатынын бағыныңқы сөйлемнің де, басыңқы сөйлемнің де баяндауышы болатынын, амалдың өту сипатын білдіретінін анықтап, көсемше қолданысының, қызметінің, жасалу жолдары мен тәсілдерін кеңінен талдаған құнды зерттеу жасады.

XX ғасырдың II жартысындағы бұл зерттеу алғашқы зерттеулерге қарағанда, көсемше қызметінің парадигмалық және синтагмалық сипаты тың жаңалықтар мен пікірлермен толықты. Аталған ғалымдар мен олардың ғылыми еңбектері – қазақ тіл білімі ғылымының қалыптасуының алғышарты, дамуының негізі.

**Әдебиет:**

1. Байтұрсынов А. Алты томдық шығармалар жинағы. Тіл құрал (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). – Алматы: «Ел-шежіре», 2013. – 384 б.
2. Ахметтану бастамалары: Оқу-әдістемелік құрал. – Қарағанды: «Болашақ» баспасы, 2005. – 14-15-б.
3. Сауранбеу Н. Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдер жүйесі. – Алматы, 1949.
4. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999.
5. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. 2-басылым. Филология факультеттері студенттеріне арналған оқулық. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 384 б.

**ҚАЗІРГІ ҚЫПШАҚ ТІЛДЕРІНІҢ ТУЫСТЫҚ АТАУЛАРЫНДАҒЫ  
ДЫБЫСТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕР  
(қазақ, татар және башқұрт тілдері бойынша)**

*Орынжай К.С.,  
магистрант,*

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
Астана, Қазақстан,  
[Botakan\\_12.08@mail.ru](mailto:Botakan_12.08@mail.ru)*

**Summary**

The article examined the features of related names in Kazakh, Tatar and Bashkurt languages. The article intended for readers interested in the Turkic languages.

**Key words:** Kipchak languages, Kazakh, Tatar, Bashkurt, relative, proverds.

Бүгінгі таңда қоғамдық қарым-қатынастар жүйесінде атқаратын әлеуметтік қызметіне, қолданыс аясына байланысты бірі мемлекеттік (қазақ), екіншісі аймақтық мәртебеге ие (татар, башқұрт), ал үшіншісі белгілі бір геосаяси кеңістікте жойылып жоғалуға бет бұрған ливгоэкологиялық апат жағдайындағы тілдер ретінде қолданылып отырған, енді бірі толыққанды ұлттық жазба әдеби тіл деңгейіне көтерілсе, келесі бірі басым тілдің бұғауында қалып, отбасылық сөйлеу тілі деңгейіне түскен отыздан астам қазіргі түркі тілдерін салыстырмалы-тарихи тұрғыдан зерттеу біршама күрделі мәселе екені белгілі.

XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың басында түркі тілдерінің дыбыстық жүйелері мен грамматикалық құрылым-құрылысындағы сәйкестіктер мен ұқсастықтарды анықтап, түркі тілдерінің классификациясын жасауға арқау еткен зерттеулерден бастау алатын салыстырмалы-тарихи түркі тіл білімі бір ғасыр ішінде өте ірі жетістіктерге қол жеткізді. Түркі тілдерінің әрқайсысының тілтаным ғылымы қалыптасып, әр түркі тілі дербес тіл ретінде құрылымдық тұрғыдан жан-жақты зерттелді, көне түркі және ортағасыр ескерткіштерінің әр тілге қатысы зерделенді. Соның нәтижесінде түркі тілдері арасындағы

жүйелі сәйкестіктер кешенінің тарихи қалыптасу бағыты айқындалып, жалпытүркі тектілінің дыбыстық жүйесі мен грамматикалық құрылым-құрылысын жаңғырту, қалпына келтіру жолға қойылды. Түркі тілдерінің тарихын зерттеудің әдіснамасы жетілдіріліп, зерттеудің салғастырмалы, ареалдық әдістері салыстырмалы-тарихи әдіспен тоғыстырылды, соның нәтижесінде түркі тілдерінің фонетикалық жүйесі мен морфологиялық құрылымының эволюциялық даму жолын айқындауда, жекелеген түркі тілдерінің тарихи дамуын негіздеуде біршама ірі жетістіктерге қол жеткізілді.

Түркі тілдері дамуының ішкі заңдылықтары мен тілдік құбылыстардың динамикасын ашуға бағытталған көптеген ғылыми зерттеулер жарық көрді.

Тіл әрқашан белгілі бір этностың генеалогиясымен, азаматтық тарихымен, қоғамдық даму дәуірімен, материалдық және рухани мәдениетімен, шаруашылық-кәсіп түрлерімен, салт-сана, әдет-ғұрпымен тікелей байланыста дамиды. Түркі тілдері де ұзақ жылдар бойы дамып, жетіліп, өзара және өзге жүйедегі тілдермен ұдайы қарым-қатынаста бола отырып, өзіндік ерекшеліктерімен қалыптасты. Әрбір тілдің даму, қалыптасу жолы да, өзара туыстық деңгейі де әр түрлі болып келеді. Дейтұрғанмен Қаратөңіз, Қырым және Кавказдан басталып, батысында Волганың орта сағасы, Орта Азия және Ауғанстан территориялары арқылы Сібірге және Моңғолияға ұласатын, одан әрі шығыста Тибетке дейін жалғасып жатқан Орталық Еуразияның әр түрлі регионында тарихи сан алуан жағдайларды басынан өткерсе де, қазіргі түркі халықтары ата-бабадан мирастыққа қалдырылған тілдік өзек пен ортақ мәдениетті сақтап отырғанымен ерекшеленеді.

«Қазіргі түркі тілдері» деген ұғым тіл дамуының ру-тайпалық кезеңдернен жеке этникалық топтың, ұлыстың, этностың, халықтың тілі болып қалыптасқанға дейінгі кезеңдерде әр тарихи дәуірдің қоғамдық-саяси, мәдени-әлеуметтік ерекшеліктеріне сай аздық-көпті басынан кешіре отырып, бүгінгі күнге жеткен және қазіргі кезде сол тілде сөйлейтін қауымның қоғамдық-әлеуметтік сұранысын белгілі бір дәрежеде өтеп отырған ірілі-уақты түркі тілдерінің барлығына, тіптен түркі сөйленістеріне, белгілі бір тілдің аймақтық ерекшелігін танытатын түркі диалектілеріне қатысты қолданылады.

Ал, «қазіргі түркі жазба тілдері» деген ұғым шеңберіне ХХ ғасырдың алғашқы онжылдықтарынан бастап, тіл-тілдің ішкі дамуына қатысты ғана емес, сонымен қатар түркі тілдері таралған аймақтағы қоғамдық-саяси, мәдени-әлеуметтік өзгерістерге, құрамында түркітілдес халықтар бар мемлекеттер тарапынан жүргізілген тіл саясатының бағыт-бағдарына байланысты ұлттық жазба тілдер болып даралана дамыған түркі тілдері енеді. Демек, қазіргі түркі жазба тілдері – графикалық тұрғыдан нақты таңбаланған жазуы бар, қоғамдық-әлеуметтік қызмет өрісі кеңейген, стильдік тармақтарға бөлініп, кемелденген, әдеби тілдің ауызша да, жазбаша да түрлері кең дамыған, яғни ұлттық әдеби тіл деңгейіне көтеріле алған тілдер [1].

Түркі тілдерін салыстыра зерттеу ісі қазіргі таңда түркология ғылымында алға қойылған үлкен міндеттердің бірі дедік, себебі туыстас халықтардың түбі бір екендігін олардың тілін зерттеу арқылы дәлелдей аламыз. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін зерттеу еңбегімізде қазіргі қыпшақ тілдерін, оның ішінде қазақ, татар және башқұрт тілдерін салыстыра зерттеуді қолға алып отырмыз. Бұл мақала аталған қыпшақ тілдеріндегі туыстық атауларда қандай ерекшеліктер мен ұқсастықтар бар екендігін, қазіргі қыпшақ тілдері қаншама тарихи оқиғаны басынан өткерсе де арадағы байланысты қаншалықты сақтап қала алды деген мәселелердің басын ашып алу үшін жазылып отыр. Бұл – түркология ғылымы үшін маңызды мәселе болып табылады.

Қыпшақ тілдері – түркі тілдерінің ішінде саны жағынан көп тілді (11 тіл) қамтитын тіл тобы. Қазіргі таңда түркі тілдерін классификациялауда Баскаков классификациясы ең тұжырымды деп танылады. Ғалым жіктеуінде қазақ, татар және башқұрт тілдері Батыс Хун тобының ішінде қыпшақ тобына жатқызылған [2].

Ал, ғалым М.Томанов түркі тілдерінің дыбыстық жүйесіндегі ерекшеліктерді ескере отырып оларды былайша топтастырады: оғыз типі, алтай типі, қыпшақ типі және тува-тоғалар (қарағас) типі. Зерттеу нысанына алынып отырған қазақ, татар және башқұрт

тілдерін қыпшақ типіне жатқызады да, оны «шартты түрде созылыңқы дауыстылар мен қысаң (барынша қысаң) дауыстылардың карама-қарсылығына негізделген жүйе» деп тұжырымдайды [3].

Түркітанушы Н.Баскаков өзінің «Современные кипчакские языки» еңбегінде қыпшақ тілдерін қыпшақ-половец немесе қыпшақ-құман, қыпшақ тілі немесе армян-қыпшақ, қыпшақ-бұлғар және қыпшақ-ноғай деп 4 топқа жіктейді. Осы бөліністе ғалым қазақ тілін қыпшақ-ноғай тобына жатқызса, татар және башқұрт тілдерін қыпшақ-бұлғар тобына жатқызады [4]. Зерттеушінің бұлай жіктеуі татар және башқұрт тілдерінің территориялық жақындығынан келіп шығады, соған сәйкес қазақ тіліне қарағанда екі тіл ұқсастығының басым екендігін дәлелдейді.

Енді осы тұжырымды мысалдармен дәлелдесек. Татар тілінде әке сөзі ата, әти делінсе [5], башқұрт тілінде ата, атай [6] делінеді екен. Ана сөзі татарша ана, башқұртша инә деп, шеше сөзі татарша әни, башқұртша эсә деп айтылады. Ата, баба сөздері үш тілде еш өзгеріссіз қолданылса, әже сөзі татарда әби, башқұртта әбей деп айтылады. Аға-іні сөздері татарда абый-эне, башқұртта ағай-эне деп айтылса, апа-сіңлі сөздері татарда апа-сеңел, башқұртта апай-һеңле деп айтылады. Қазақ тіліндегі бала-шаға, тума-туыс тіркестері татар тілінде бала-чага, туган-тумача [7] деп, башқұрт тілінде бала-саға, туған-тыумаса деп айтылады екен. Бұл қатарлардан байқайтынымыз і дыбысы татар және башқұрт тілдерінде е-ге, ш дыбысы татар тілінде ч-ға, башқұрт тілінде с-ға ауысқан, ғ дыбысы татар тілінде г болып айтылса, с дыбысы башқұрт тілінде һ болып айтылады.

Қазақ, татар және башқұрт тілдерінде негізінен туыстық атаулары айтылуы бойынша айтарлықтай айырмашылық жасамайды екен. Татар немесе башқұрт тілдеріндегі туыстық атауларындағы кез келген сөзді алсақ, қазақ тіліндегі аудармасын жазбай тануға болды. Бұның өзі туыстас тілдердегі мағыналық ерекшеліктің аса байқалмайтындығын, тек дыбыстық айырмашылықтардың барын көрсетеді.

Туыстық атауларына қатысты немере, шөбере сөздерін татар халқы онык, турун десе, башқұрттар екеуін де ейән дейді екен. Жиен сөзі татарша бертуганнын улы, бертуганнын кызы делінсе, башқұртта та бер туғаннын улы, бертуганнын кызы деп айтылады екен. Бауыр сөзі татарларда бертуган, башқұрттарда бер туған деп айтылады. Қарындас сөзі татарда кәрендәш, башқұртта карындаш (карендәш) делінеді. Ал, қалыңдық сөзі татар тілінде ярәшкән кыз (кәләш), башқұрт тілінде йәрәшкән кыз (кәләш) делінеді екен. Мұндағы екі тілдегі кәләш сөзі қазақ тіліндегі қатын-қалаш тіркесіндегі қалаш сөзі екені даусыз, алайда бұл сөз біздің тілімізде көнеріп, қолданыстан шығып қалған, тек аталған тіркесте ғана кездеседі. Балдыз сөзі үш тілде еш өзгеріссіз айтылса, жезде сөзі татарша кияү, башқұртша кейәү деп айтылады. Бажа сөзі үш тілде де қолданылады, тек татар тілінде бажай деп те қолданылады екен. Ене сөзі татарда каенана, башқұртта кәйнә, қайын ата сөзі татарда каената, башқұртта кайны деп айтылады. Құда сөзі татарша да кода (яучы), башқұртша да кода (яусы) делінеді. Алайда екі тілде яучы, яусы деп те қолданылу бар екен. Бұны қалыңдықты ұзатып алмай, алып қашқан кезде артынан қуғыншы (жаушы) баруымен байланыстыруға болады. Ал, құдағи сөзі кодағый, кодағый деп тек дыбыстық айырмашылықпен ерекшеленеді, яғни ү дыбысы о дыбысына ауысқан.

Көріп отырғанымыздай үш тілде кездесетін сөздерді дыбыстық айырмашылықтар орны алғанмен, негізінен татар және башқұрт тілдерінде сөздер ұқсас дыбысталатынын байқаймыз.

Жоғарыда қыпшақ тілдеріндегі туыстық атаулардың ерекшеліктерін көрсеттік. Енді сол үш тілдегі бала туралы, ата-ана туралы бірнеше мақал-мәтелдерді салыстырып көрейік. Бұл салыстыру үш тілдің тек тілінде ғана емес, мәдениеті, тұрмысы, тәрбие мәселесінде де ұстанымдары бірдей екендігін дәлелдейді. Мәселен, «Атадан бала туар, ата жолын қуар» деген мақал татарларда «Атадан бала туар, атасының юлын қуар» [8], башқұрттарда «Атанан бала тыуыр, атаһының юлын кыуыр» [9] деп айтылады. «Ана жақсылығын ауырсаң білерсің» дегенді татарлар «Ана яхшылығын авырсаң белерсең» десе, «Ата-ананың қадірін балалы болғанда білерсің, ағайынның қадірін жалалы болғанда білерсің» деген мақалды башқұрт



халқы «Ата-инә кәзерен балалы булғас белерһең, Ағай-эне кәзерен ялалы булғас белерһең» деп айтады. «Ананың көңілі балада, баланың көңілі далада» мақалы татар, башқұрт тілдерінде «Ана күнеле балада, бала күнеле далада» деп өзгеріссіз қолданылады. Қазақ тіліндегі «Баланы жастан, қатынды бастан» дегенді татарлар «Баланы яшьтән бөк, агачны баштан бөөк», башқұрттар «Баланы баштан, талды йәштән бөк» деп айтады.

Қазақ халқындағы «Ата тұрып ұл сөйлегеннен без, ана тұрып қыз сөйлегеннен без» деген үлкен тәрбиені көрсететін мақал татарларда «Башсыз өйдә ата торып ул сөйләр, ана торып қыз сөйләр» десе, башқұрттарда «Атаһы тороп, улы һөйләгәндән биз, Инәһе тороп, қызы һөйләгәндән биз» деп айтылады екен. Ал, «Атадан жақсы ұл туса, есіктегі басын төрге апарар, атадан жаман ұл туса, төрдегі басын есікке апарар» деген мақалды татар халқы «Атадан яхшы ул туса, кар өстендә ут ягар; Атадан яман ул туса, ат өстендә эт кабар» деп, башқұрт елі «Атанан якшы ул тыуһа, кар өстөндә ут яғыр, Атанан яман ул тыуһа, ат өстөндә эт кабыр» деп толғайды. ата-анаға деген құрметті «Атаңа не қылсаң, алдыңа сол келер» деп жеткізсе, татарлар «Атаңа ни қылсаң, алдыңа шул килер» деп, башқұрттар «Ата-инәңә ни қылһаң, алдыңа шул килер» деп жеткізеді.

Баланың өнерлі, тәрбиелі болып өсуіндегі ата-ананың рөлі мына мақалдардан анық байқалады: «Ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер», «Атанан күргән ук юныр, инәнән күргән тун бесер» (татар), «Атанан тыумай ул булмас, әсэнән тыумай қыз булмас» (башқұрт). Ал, ата-атаны сыйлау, олардың алдындағы борышымызды «Алты күн аш болсаң да, ата әдетін тастама» деп мақалдаймыз, татарлар «Алты көн ач булсаң да, ата гадәтен ташлама» десе, башқұрттар «Астан үлһең дә, ата-инәңде ташлама» дейді екен.

Қазақ халқы ұлдың тәрбиесін әкеге, қыздың тәрбиесіне шешеге жүктейді. Бұл дәстүр татар, башқұрт халықтарында да орын алған. Біз «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» десек, татар халқы «Атадан күреп ул үсә, анадан күреп қыз үсә» дейді, башқұрт халқы да «Атаны күреп ул үсер, инәне күреп қыз үсер» деп тұжырымдайды.

Байқап отырғанымыздай, келтірілген мақал-мәтелдерде кейбір сөздер алмастырылғанымен, түпкі мағынасы, мәні бір, тек әр тілдің өзінің дыбыстық ерекшелігіне сай айырмашылықтар орын алған. Демек, қазіргі қыпшақ тілдері: қазақ, татар, башқұрт тілдерінің қай қайсысын алсақ та тілі бір, мәдениеті бір, түбі бір халықтар екені, шекаралық айырмашылықтар орын алғанымен, тарихи байланыстың үзілмегенін жоғарыдағы мысалдардан толық аңғара аламыз.

Қорыта келе, түркі тілдерінің қыпшақ тобына жататын қазақ, татар және башқұрт тілдеріғасырлар бойғы тарихи сабақтастығын жоғалтпаған, әдеби-мәдени байланысын үзбей сақтаған, тілдік бірліктеріндегі ұқсастықты жоймаған түбі бір түркі халықтарының тілі екендігін осы жұмысымыз дәлелдей алады.

#### **Әдебиет:**

1. Түймебаев Ж., Сағидолда Г., Ескеева М. Түркі тілдерінің салыстырмалы-тарихи грамматикасы. – Алматы, 2017.
2. Баскаков Н.А., Баскаков А. Н. Современные кыпчакские языки / Отв. ред. Д. С. Насыров. – Нукус: Каракалпакстан, 1987.
3. Томанов М. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. – Алматы, 1992.
4. Баскаков Н.А. Введение в изучение тюркских языков. – М., 1984.
5. Татар теленен аңлатмалы сүзлеге: I том: А–В. – Казан: ТӘҺСИ, 2015.
6. Ахмедьянов Р.А., Ахмедьянова И.Р. Русско-башкирский словарь. – 2011.
7. Татар теленен аңлатмалы сүзлеге: II том: Г – Й. – Казан: ТӘҺСИ, 2016.
8. Викикитап. Ачык ечтәлекле китаплар жыентығы.
9. Башкорт халык ижады. Мәкәлдәр һәм әйтемдәр. – Өфө: Башкортостан китап нәшриәте, 1980.

## 15-18. YY. JIRAV VE AKINLARININ DİLİNDEKİ OĞUZCA GRAMER YAPILARI

**Ercan PETEK**

*Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Kazak-Türk Üniversitesi*

*Türk Dili Okutmanı e-mail: [ercanp22@gmail.com](mailto:ercanp22@gmail.com)*

**Recep ARAL**

*Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Kazak-Türk Üniversitesi*

*Türk Dili Okutmanı e-mail: [recep.aral@hotmail.com](mailto:recep.aral@hotmail.com)*

*Türkistan, Kazakistan*

### ABSTRACT:

In this study, the grammatical structures of Oghuz language which are not actively used in Kazakh literature, but can be seen in the language of Kazakh zhyraus and aqyns, who lived between the 15th and 17th centuries, have been emphasized. In the heritage of Kazakh language that has a considerably rich literature, zhyraus and aqyns take an important place. Comprehending the language of zhyraus and aqyns will make an important contribution to the moral renewal of Kazakhstan.

**KEY WORDS:** zhyraus and aqyns, Oghuz language, moral renewal

Bu makalede 15-18. yy.lar arasında yaşayan Kazak jırav ve akınlarının dilinde görülen ancak edebi Kazakçada aktif olarak kullanılmayan bazı Oğuzca gramer yapıları üzerinde durulmuştur. Oldukça zengin bir edebiyata sahip olan Kazak dilinin mirası içinde jırav ve akın edebiyatı geniş bir yer tutar. Jırav ve akınların dilindeki farklı gramer yapılarını anlamak Kazakistan'ın manevi yenilenmesine önemli bir katkı sağlayacaktır. Çünkü dil, kültürün en önemli parçasıdır ve dilin bugünü anlamak için geçmişini iyi analiz etmek gerekir.

Kazaklarda jırav ve akınlık geleneğini “Kazak Hanlığından Önceki Edebiyat” ve “Kazak Hanlığı Devrindeki Edebiyat” olmak üzere iki başlık altında ele almak mümkündür. Bizim incelememiz Kazak Hanlığı devrindeki edebiyat temsilcilerinin eserleri üzerinedir. Kazak Hanlığı devrindeki edebiyat temsilcilerini de kullandıkları dil açısından iki alt başlıkta sınıflandırabiliriz. Çünkü Kazak Hanlığı kurulmadan önce bazı jırav ve akınlar Batı Kazakistan topraklarında hüküm süren Nogay Ordası sınırları içerisinde yaşıyorlardı. Altın Orda Hanlığı dağıldıktan sonra XIV-XV. yüzyıllarda Batı Kazakistan'ın bir bölümünü Nogay Ordası idare etmiştir. Bu sebeptendir ki, sözkonusu yüzyıllarda Batı Kazakistan bölgesinde yaşamış olan jıravlar Nogaylar tarafından Nogay edebiyatının da temsilcileri olarak kabul edilmektedir.

Söz konusu şiirler yalnızca Kazaklar arasında değil, Türk dünyasının diğer toplulukları tarafından da sözlü edebiyat ürünleri olarak kabul edilmekte ve söylenmektedir. Bu ürünler, Kazak edebiyatı dışında Başkurt, Kırgız, Nogay, Tatar, Karakalpak gibi Türk topluluklarının edebiyatlarında da önemli bir yere sahiptir. Hiç şüphesiz bunun sosyal ve siyasal sebepleri vardır.

Nogay-Kazak devrinin jırav ve akınları arasında Asan Kaygı, Kaztuvgan, Dospambet ve Şalkiyiz gibi isimleri sayabiliriz. Farklı unsurlar da genellikle bu jıravların dilinde görülmektedir. 15-18. yy. jırav ve akınlarının dilindeki bazı Oğuzca gramer yapıları şunlardır:

#### I. 1. Teklik Şahıs Zamirinin İlgi Hâliyle Çekimi

Dört jıravın dilinde 1. teklik şahıs zamirinin ilgi hâliyle çekiminin meniñ yerine benim biçiminde olduğu görülmektedir. R. Sızdık, Qazaq Tilindegi Eskilikter Men Jañalıqtar isimli eserinde bunun Nogayca bir unsur olduğunu belirtiyor:

Kişi Yalın Hâli İlgi Hâli Jırav-akın/yy.

Teklik 1 men Jırav ve akınlarda meniñ (Kaz. 73) benim Kaztuvgan / 15. yy.; Dospambet / 16. yy.; Şalkiyiz / 15-16. yy.; Jiyembet / 17. yy.

#### II. Tasvir Fiilleri (Yeterlilik)

Günümüz lehçelerinde (Baskurt, Tatar, Özbek, Kazak, Kırgız, Yeni Uygur) al- fiili standart şekil haline gelmiştir [Ercilasun 1991, 1027-1122]. Günümüzde Köktürkçedeki u- fiili sadece batı Oğuzları olumsuz çekimlerinde kullanılmaktadırlar (gel-eme-di < kel-e u-ma-dı). Yine Oğuzca yeterlilik şekli olan bil- fiili de yaşayan Oğuz lehçelerinde görülür [Gülsevin 2010]. Çağdaş Kazak Türkçesinde de yeterlilik için -a al- yapısı kullanılmaktadır. Ancak jırav ve akınların dilinde üç

örnekte Oğuzcada olduğu gibi -a bil- yapısının kullanıldığı görülmektedir: qona bil- (As. 127), köşe bil- (As. 128), bilebil- (Şal. 1146).

### III. Belirsiz (Tahmin İfadeli) Gelecek Zaman

Tahmin ifadeli gelecek zamanın Kazak Türkçesi gramerlerindeki karşılığı “boljaldı keler şaq”tır. Çekime giren fiilin gelecekte gerçekleşecek bir eylem olduğu bilinmekle beraber gerçekleşeceği zaman belirsizdir. Bu zamanın eki -(A)r ekidir. I. tip şahıs ekleriyle çekime girer. Olumsuz çekimde ise fiil kök veya gövdelerine -mAs, -Bas ekleri getirilir. Ancak, jırav ve akınların dilinde, birkaç örnekte, bu zamanın 1. teklik şahıs olumsuz çekiminde -mAn, -Ban yapısının kullanıldığı görülmektedir. Bu yapı Çağatay Türkçesine Oğuzcadan giren bir yapıdır.

Kişi Olumsuz Çekim Jırav-akın/yy.

Teklik 1 Men kemimespin (Şal 1144) ökinben şıdaman ayrılman Dospambet / 16. yy. Jiyembet / 17. yy. Aktamberdi / 18. yy.

### IV. Emir Kipi

Jırav ve akınların dilinde, birkaç örnekte, 1. teklik şahıs çekiminde -(A)yIn yerine -AyIm; 2. teklik şahıs çekiminde Ø yerine -gII; 1. çokluk şahıs çekiminde -(A)yIk yerine -(A)IIk eklerinin kullanıldığı görülmektedir.

R. Sızdık, Qazaq Tilindegi Eskilikter Men Jañalıqtar isimli eserinde emir 1. teklik şahıs çekimindeki bu yapının Nogayca old. belirtiyor. 2. teklik şahıs çekiminde görülen -gII eki ise Kazak Türkçesinin Batı diyalekti, Karakalpak ağzı ile Kazak Türkçesinin Güney diyalekti Çimkent ağzında kullanılmaktadır. 1. çokluk şahıs çekiminde görülen -(A)yIk yerine -(A)IIk yapısı ise Kazak Türkçesinin Güney diyalekti Yedisu ağzı ile Batı diyalekti Mangıstav ağzında -All şeklinde kullanılmaktadır.

Kişi Ekler Olumlu Jırav-akın/yy.

Teklik 1 Men -(A)yIn aytayın (Bu. 618) -AyIm bileyim Asan / 15. yy. 2 Sen Ø kör (As. 61) -gıl salmagıl almagıl Asan / 15. yy. -gın oylagın (Bu. 710) Buqar / 18. yy.

Çokluk 1 Biz -(A)yIk keñeseyik (Şal 608) -(A)IIk külelik oynalıq Şalkiyiz / 15-16. yy.

### V. Ek-Fiilin Şimdiki (Geniş) Zaman Çekimi

Türkiye Türkçesinde -DIr eki olarak ek-fiilin şimdiki (geniş) zamandaki 3. kişi çekimlerinde kullanılmakta olan ve Eski Türkçedeki tur-ur > dur-ur > -DIr değişimiyle ortaya çıkmış bulunan yapı günümüz Kazak Türkçesinde ek-fiilin şimdiki (geniş) zamandaki 3. kişi çekimleri eksizdir [Koç 2004: 284]. Ancak, jırav ve akınların dilinde, 3. teklik şahısta tur-ur yapısından ekleşen -DIr bildirme

ekinin kullanıldığı görülmektedir. Bu ek, Kazak Türkçesinin Güney diyalektinde, Şuv ağzında kullanılmaktadır.

Kişi Ekler Olumlu Jırav-akın/yy.

Teklik 3 Ol Jır.-akınlarda - garip (As. 74) -dür jelden-dür tügel-dür osı-dür Şalkiyiz / 15-16. yy. Jiyembet / 17. yy. Buqar / 18. yy.

### Sonuç

Görüldüğü üzere 15-18. yy. jırav ve akınlarının dilinde Kıpçak dışı leksik unsurlar göze çarpmaktadır. Selma Gülsevin'e göre Kırgız, Kazak, Nogay ve Karakalpak Türkçesinde görülen Oğuzca unsurlar, daha ziyade Eski Türk yazı dili döneminden kalan uzantılardır [Gülsevin 2007: 303]. Ancak dönemin sosyal ve siyasal koşulları düşünüldüğünde bu farklı gramer yapılarını kullanmanın başka sebepleri olabilir. Tarihî kaynaklar 12. yy.dan sonra Kazakistan'ın batısında Oğuz nüfusunun bulunmadığı yönünde bilgiler verse de özellikle 15. ve 16. yüzyıllarda bu bölgede ömür süren Kazak jırav ve akınlarının dilinde Oğuzca unsurlar olduğu görülmektedir. 20. yy.ın başında Mangışlak bölgesine gezi düzenleyen Richard Karuts isimli bir gezgin de bu bölgede yaşayan iki Türkmen boyuyla karşılaştığını ifade etmiştir. Buradan anlaşılmaktadır ki 20. yy.ın başına kadar Kazakistan'ın batı bölgesinde Oğuzlar ömür sürmüşlerdir. Bu nedenle jırav ve akınların dilinde Oğuzca unsurlar bulunmasını doğal karşılamak gerekir.

### Kaynakça

Ercilasun, Ahmet Bican 2007, Türk Lehçeleri Grameri, Ankara: Akçağ Yayınları.

Gülsevin, Güner 2010, “Oğuzca Olmayan Türk Lehçelerindeki Oğuzca Unsurlar ve Bunlara Teorik Bir Yaklaşım”, Turkish Studies, Volume 5/1, Winter 2010.

Коç, Kenan, Doğan, Oğuz 2013, Kazak Türkçesi Grameri, Ankara: Gazi Kitabevi.

Magavin, Muhtar 1989, Bes Gasır Jırlaydı (1-2), Almatı: Jazuwşı.

Sızdık, Rabiga 2009, Qazaq Tilindeki Eskiликter men Jañalıqtar, Almatı: Arıs Baspası.

## ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНІҢ ДАМУЫНДАҒЫ МАҢЫЗДЫ ТАРИХИ КЕЗЕҢДЕР

*Салқынбай А.Б.,*

*филология ғылымдарының докторы, профессор  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,*

*Алматы, Қазақстан,*

*[asalkbek@mail.ru](mailto:asalkbek@mail.ru)*

Тіл – ғылым. Олай болса, ғылыми зерттеудің де өзіндік қалыптасу жолы, жасалу тарихы, жүріп өткен ізі зерделеніп, сараланып, болашағы бағамдалуы - қажет іс.

### **Қазақ тіл білімінің ғылым ретінде қалыптасып, дами бастағанына бір ғасыр.**

«Қазақ тіл білімінің тарихы» - қазақ тіл білімінің тарихындағы негізгі ғылыми бағыттар мен зерттеулерді зерделейтін ғылым. Қазақ тіл білімінің негізін қалаушы ғалымдар мен оның дамуына іргелі үлес қосқан тұлғалардың есімімен байланысты ғылыми пікірлер мен бағыттар, тұжырымдар мен болжамдар, ғылыми идеялар қалыптасты. ХХ ғасырда дамыған, өзіндік бағыт-бағдары бар қазақ тіл ғылымы жасалды.

Қазақ тіл білімінің тарихы - ана тілінің құрылымын талдауға бағытталған ізденістер мен жаңалықтарға, қателіктер мен кемшіліктерге, ғылыми әдіс пен әдіснама іздеу үстіндегі әртүрлі қайшылықтарға, ұсыныстар мен болжамдарға, байсалды ғылыми тұжырымдар мен байламды қағидаларға, ғылыми пікірталасқа бай. Бүгінде қалыптасып дамыған, әр түрлі идеяларға иек артып, теориялық тұжырымдарын тамызық ете жетілген, ғылыми метатілі айқындалған, өзіндік бет-бейнесі мен бағытын айқындаған қазақ тіл білімінің 100 жылдық тарихы бар. Ана тілінің мерейін үстем ету үшін, өмірден баз кешкен тарланбоздардың тағдыры бар.

Қазақ тіл білімінің тарихи даму кезеңдерінің бастауы түркітанудағы ғылыми зерттеулермен тікелей байланысты. Түркі тайпаларының тілі мен диалектілерінің салыстырмалы-тарихи деректері талданатын ХІ ғасырда жазылған М. Қашқаридың «Диуани лұғат-ит түрк» еңбегінен бастау алатын қазақ тіл білімінің тарихын кеңінен алып зерттеудің, зерделеудің, ғылыми тұрғыдан талдаудың маңызы ерекше, әрі оның көкжиегін кеңейтіп зерттеудің уақыты келді. М. Қашқари еңбегі «лұғат» деп аталғанымен, беретін ақпараты мол, тарихи дерегі айқын. Мұнда түркі тайпаларының атауы, тілдегі грамматикалық ерекшелігі, ішкен асы, жүрген жері, киген киімі, айтқан аңызы, қолданған мақал-мәтелі мен жаңылтпашы, лебізде пайдаланған тұрақты сөздері мен тіркестері туралы іздегенген жанға молынан берілетін ғылыми терең мағлұматтар бар.

Қазақ тіл білімінің бұдан кейінгі қайнар көзі ретінде ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы Ресейдің қазақ еліне арнайы жасаған саясатының нәтижесінде қалыптасып жасалған орыс түркологтарының еңбектерін атау өту абзал. Бұл кезеңде қазақ тілін зерттеуге Н.И. Ильминский, М.А. Терентьев, П.М. Мелиоранский, В.В. Катаринский, Н.Созонтов, Г.В. Архангельский, В.В. Радлов, Н.Н. Пантусов, В.В. Григорьев сынды ғалымдар ат салысты.

Н.И. Ильминскийдің «Материалы к изучению киргизского наречия» [8] деп аталатын практикалық мақсатта жазылған еңбегі бар. Н.И. Ильминский (1822-1891) – Қазан діни академиясының ірі өкілдерінің бірі, тілші-түрколог ғалым, атақты М.А. Казембектің шәкірті. Арнайы миссионерлік курс діни академиясын тамамдаған соң, 1854 жылы Қазан қаласына келіп, діни академия мен университетте шығыс тілдерінен сабақ береді. Кейін арнайы

мемлекеттік тапсырмамен 1858 жылы Орынборға келіп, шекаралық комиссияда аудармашы қызметін атқарады. Мұнда зерттеуші-ғалым В.В. Григорьевтің қолдауымен, қазақ тілін біліп, оны зерттеуді мақсат етеді. Н.И. Ильминский татар тілінде жазылатын ресми хаттарды қазақ тіліне аударады. Марабай ақыннан «Ер Тарғын» ертегісін жазып алып, 1861 жылы басып шығарады. Н.И. Ильминскийдің «Материалы к изучению киргизского (казахского) наречия» еңбегі фонетика, грамматика және сөздіктен тұрады. Н.И. Ильминскийдің түркітану ғылымына қалдырған құнды зерттеуі – Рабғузидің «Бабыр-наме» мен «Қысас-әл-анбияны» жарыққа шығаруы деп есептейміз.

П.М. Мелиоранскийдің «Краткая грамматика казах-киргизского языка» зерттеуінде қазақ тілінің грамматикалық құрылысы сөз болады. Әсіресе, синтаксиске елеулі мән береді. Зерттеуші-миссионер қазақ тілін ең бай, ең таза түркі тілдердің бірі деп таныған.

Петербург мектебінің түрколог ғалымы саналатын М.А. Терентьевтің «Грамматика турецкая, персидская и киргизская, узбекская» еңбегі бар. Мұнда қазақ тіліне қатысты бөлімі басқа түркі тілдерімен салыстырыла қарастырылады.

В.В. Катаринский (1846-1902) – Орта Азиядағы көрнекті түркітанушылардың бірі, Н.И. Ильминскийдің шәкірті. Ол оқу-ағарту істеріне қатысты: «Краткий киргизско-русский словарь» (Оренбург, 1895, 1898), «Русско-киргизский словарь» (Оренбург, 1899-1900), «Киргизско-русский словарь» (Оренбург, 1897), А.Н. Кононовпен бірлесіп жасаған «Практические уроки русского языка для киргизов» (Оренбург, 1895), «Грамматика киргизского языка» (Оренбург, 1897) және «Первоначальный учебник русского языка для киргизов» (Казань, 1909) т.б. еңбектерімен танымал. «Грамматика киргизского языка» еңбегінде фонетика, этимология (морфология), синтаксис салалары туралы жақсы мағлұматтар берілген. Еңбек өте қомақты, 200 беттей.

Қазақ тіл білімінің жүйелі де нақты зерттелуі ХХ ғасырда А.Байтұрсынұлы еңбектерінен басталады. Бұған дейінгі ғылыми зерттеулерде қазақ тілі деректері екінші тілдің бірліктері ретінде зерттелгендіктен, сөздің мәні мен мағынасының, тарихи дамуының байыбына терең бару қиын еді. Енді қазақ тілін ана тілі ретінде зерттеу басталды. ХХ ғасырдағы қазақ тіл білімінің ең маңызды жағы да осында деп білеміз. Қазақ тілді ғалымдар ана тілінің мәнін арттыру үшін, лексикалық құрамын «жат» сөздерден қорғау үшін, грамматикалық құрылымын жүйелеу үшін, тарихи ескерткіштерді зерделеп, тілдің даму басын көрсету үшін осы жылдары барын салды. Тіл саясатындағы қарама-қайшылықтар мен қиыншылықтарға қарамастан қазақ ғалымдары ана тілінің дыбыстық жүйесін, лексикалық құрамы мен грамматикалық құрылысын жан-жақты зерттеді.

Ғасыр ішінде қазақ тіл ғылымына еңбек сіңірген ғұлама ғалымдардың тізімі мол болмаса да, жүргізілген ғылыми зерттеулер мен жазылған еңбектер ұланғайыр. Қазақ тілші-ғалымдары тіл білімінің барлық салалары бойынша зерттеу жазып, теориялық терең ғылыми еңбектер туғызған. Тілдің әр салалары бойынша жазылған қазақ ғалымдарының еңбектері түркітануда да басты ғылыми-теориялық тұғыр болды. Қазақ тіл білімінің ғылыми-теориялық деңгейінің биіктігі бүгінгі таңда тек қазақ тіл білімінің ғана дамуын емес, жалпы түркологиялық зерттеудің де сипатын анықтайды деуге негіз бар.

Ең алдымен, тіл білімі – теориялық пән. Оның методологиясы мен әдіс-тәсілдері дұрыс әрі нақты, жүйелі орнықпаса, талдау принциптері дамытылмаса, ондағы термин жүйесі мен олардың мағыналық құрылымы айқындалып, грамматикалық тұлғалардың мағыналық ерекшелігі нақтыланбаса, сөйлеудегі жұмсау үрдісінде де кемшілік кетері анық. Бұл әлемдік ғылымда қалыптасқан қағидат.

ХХ ғасырдағы қазақ тіл білімінің даму жолын былайша жүйелеуге болады:

1. ХХ ғасыр басындағы алаш зиялылары қалыптастырған қазақ тілі ғылымы;
2. 40-60 жылдардағы жаңа жазу, жаңа саясат үлгісінде формальды бағытта жазылған қазақ тіл білімі;
3. 60-80 жылдардағы қазақ тіл білімінің диахрониялық-синхрониялық бағыты;
4. Қазіргі қазақ тіл білімі: лингвомәдени бағыт.

XX ғасырда дамыған құрылымдық тіл білімінің артықшылығы мен кемшілігін айқындау – ғылымның бүгінгі мен болашағын саралау үшін қажеттілік туғызады. Табаны мен іргетасын А. Байтұрсынұлы қалаған қазақ тіл білімінің теориялық тұғырын жүйелеу, қайта бүгіндеп, шегендеп, ұлттық тілдің теориялық қағидасын толықтыра түсу керектігі анық.

XX ғасырдың аты замана тарихында қалай болып жазыларын кім білсін. Әйтеуір, қазақ тарихында өзінің қиын-қыстау, тар жол, тайғақ кешуімен, репрессия мен қуғындаудан көз ашпаған қазақ зиялыларының көкірегін қан жылатқан қасіреттерімен жазылары анық. Ғасыр басында суырылып шыққан қазақ зиялылары – А. Байтұрсынұлы, Ә. Бөкейханов, Н. Төреқұлов,

Х. Досмұханбетов, Қ. Жұбанұлы, Қ. Кемеңгерұлы, Е. Омаровтардың т.б. жазған-айтқан ғылыми, ғылыми-публицистикалық көсемсөздері қазақ ғылымы мен білімінің іргетасын қалады. Сол кезеңдегі қазақ тілші ғалымдарының салдарлы білімділігінен тайсалды ма екен, кім білсін, қазақ тілін зерттеп, пікір айтуға орыс тілді ғалымдар аяқ баспапты. Қазақтың кең маңдайлы азаматтары заманның сор маңдайына сыя алмай, өмірден баз кешіп кете барғанда, олардың орнын толтыратын жаңа буын өкілдері жалтақтай басып ғылымға келе бастап еді. Одан кейінгі кеңестік сұрқия саясат ол ғалымдардың қадамдарына аштырмағаны да қазір тарих. Қазақ зиялылары толықтай репрессияға ұшырап, айдалып, атылып, кеткен қиыншылық жылдары рухани мәдениеттің бастауы саналатын қазақтың жазуына өзгерістер енгізілді. 1938-1939 жылдары латын графикасына қатысты қызу тартыстар ұйымдастырылды да, ақыры 1939 жылы 10 тамызда алғашқы әліпби жобасы жарияланды. Сөйтіп, 1940 жылы кириллицаға негізделген орыс жазуының ықпалында жазылған қазақ жазуы қабылданды. Орыс жазуын қабылдауға қазақ ғалымдары белсене қатысып, бірнеше ғылыми жобалар ұсынылады.

С. Аманжолов орыс әліпбиіне көшу жұмысына араласады, осы мәселеге қатысты бірнеше мақала жазады, 1939 жылы Қазақстан Орталық партия комитеті ұйымдастырған мәжілісте С. Аманжолов ұсынған жоба қолдау табады. Жаңа әліпбидің құрамына 41 әріп енгізілді, орыс әріптері толықтай сақталып, қазақ тіліне тән сегіз (8) әріп қосылды. Сөйтіп қазақтың төл сөйлеу тіліндегі 29 дыбысқа орыс тіліндегі атауларды өзгеріссіз жазып, айту мақсатында тағы бірнеше дыбыстар мен олардың таңбасын анықтайтын әріптер (*в, ё, ф, х, ц, ч, щ, э, ю, я, ь, ь*) енгізілді.

Әрине 1938 жылдың сойқанынан соңғы жылдары қазақ әліпбиінің өзгеруінің астарында үлкен саяси мән бар екені белгілі еді.

Екінші дүние жүзілік соғыс аяқталған соң да, тіл ғылымындағы жымысқы соғыс жалғасын тауып жатты. Бұл жылдары тіл мәселесімен, оның басты даму бағытын белгілеумен И.В. Сталиннің өзі айналысты. 1950 жылы маусым-шілде айларында «Правда» газетінің бетінде Сталиннің бірнеше мақаласы жарық көріп, кейін кітапша боп басылып шығады. «Я не языковед и, конечно, не могу полностью удовлетворить товарищей. Что касается марксизма в языкознании, как и в других общественных науках, то к этому делу я имею прямое отношение», -деп жазады.

Сөйтіп, 1950 жылдары Кеңес мемлекетінің тілдік саясатының қалай болуы қажеттігі туралы мәселе күн тәртібіне ашық шығарылады да, лингвистикалық пікірталас басталады. Осы кезеңдегі қазақ газеттерінің беттерінде бірін-бірі қаралаған тілші ғалымдардың мақалаларын оқудың өзі қиын. Атақты түркітанушы Э.В. Севортянның «Об ошибках казахских языковедов» деген мақаласының Мәскеулік «Вопросы языкознания» журналында басылуының аяғы қазақ ғалымдардың еңбектерінің қудалануына әкелді [1].

И.В. Сталиннің «Марксизм және тіл білімі мәселелері» деген мақаласы кеңестік кеңістікке енген барлық Республикалар үшін маңызды бағыт саналды. Осы кезеңде, яғни, 1954 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясы баспасынан профессор М. Балақаев пен доцент А. Исақовтың (кітапта осылай берілген) жауапты редакторлығымен «Қазіргі қазақ тілі» еңбегі жарыққа шығады. Кітап авторлары М. Балақаев (сан есім, шылау сөздер, көмекші есімдер, жай сөйлем синтаксисі) А. Исақов (морфологияның жалпы бөлімі, зат есім, сын есім, есімдік, үстеу, одағай, еліктеуіш сөздер, көмекші есімдер), Ғ. Мұсабаев (лексика), Н.Т. Сауранбаев (етістіктер мен құрмалас сөйлем синтаксисі) болады.

Кітаптың алғысөзінде кітаптың басты бағыты былайша белгіленеді: «Сталиннің бұл еңбектері совет тіл ғылымын нағыз марксистік жолға түсірді, оның зерттейтін объектісі мен методын, мақсаты мен міндетін айқындап, саралап, көрсетіп берді» [3. 5]. Осыған дейінгі қазақ тілінде жазылған ғылыми зерттеулерге кітаптың алғы сөзінде мынадай баға беріледі: «Қазақ тілін зерттеуге арналған едәуір еңбектерде бір жағынан грамматика, семасиология, лексикология мәселелері шексіз мыйластырылса, екінші жағынан тілдің грамматикасынан гөрі семасиологиясын асыра бағалауға көңіл бөлініп, морфологиядан гөрі синтаксиске айрықша мән берілді. ... Ал ол жұмыстарды мазмұн жағынан алсақ, сол асыра дәріптелген синтаксистің өзіне грамматикалық тұрғыдан сипаттама беруден гөрі, семасиологиялық, логикалық тұрғыдан сипаттама беру әдеті әлдеқайда күшті болды. Қазақ тілінің синтаксистік құрылысында белгілі бір қалыптасқан орнықты сөз тіркестерінің, сөйлем құрылыстарының заңдары болмаған сияқты көрсетілді де, әрбір сөз тіркесінің түрі, әрбір сөйлемнің тұрпаты семантиканың талабына сай құбылып,, өзгеріп отыратын көріністер ретінде суреттелді.. » [3. 6]. С. Аманжоловтың «Диалектология и история казахского языка» атты зерттеуі «... Қазақ тілінің, оның грамматикалық құрылысы мен негізгі сөздік қорының бүкіл қазақ халқына ортақ бірыңғай жалпы халықтық қасиеттерін мойындамай, оны «қырық ұрудан құралған «құранды» тіл етіп көрсетуге тырысқан «еңбектер» де болды» деп сыналды [3. 7]. Сөйтіп, 1950 жылғы дискуссиядан кейін яғни, Сталиннің тіл мәселелері жөніндегі еңбектері жарияланғаннан кейін осындай саяси кемшіліктерді түзеу мақсатында 1954 жылғы оқу құралы жазылды. Авторлар «қазақ тілі лексикасының, фонетикасының, грамматикасының өзіне тән ерекшеліктерін, қалыптасқан ішкі заңдарын маркстік тіл білімі тұрғысынан талдап түсіндіруді негізгі міндет санады» [3. 8].

560 беттен тұратын «Қазіргі қазақ тілі» оқу құралы өз кезеңінің негізгі ғылыми және әдістемелік бағытын айқындады. Лексика, фонетика, грамматика (морфология, синтаксис) бөлімдері формальдық бағытта зерттеліп, лениндік-сталиндік материалистік көзқарас бойынша сараланды. Тіл туралы маркстік ілім барлық тіл білімі салалары бойынша «арқа сүйер негіз, басты тірек» [3. 95] болды. Оқу құралында негізінен Ахмет Байтұрсынұлы жасаған терім сөздер сілтемесіз пайдаланылды. Авторлар барынша сөз мағынасы, грамматикалық тұлғаның мағынасы туралы жақ ашпауға тырысты.

Саясаттың ықпалымен жазылса да, бұл еңбектің қазақ тіл білімінің дамуына тигізген ықпалы ерекше болды. Ең бастысы, қазақ тіл білімінің барлық салалары жинақталып, сараланып, бір жүйеге түсірілді. Осыған дейін түркітануда жазылған ғылыми зерттеулерге байыпты да тиянақты сараптама жүргізіліп, қазақ тілінің тілдік деректерін тұлғалық жағынан зерттеді. Бұдан кейін жазылған ғылыми зерттеулер өз бастауын осы еңбектерден алды, теориялық қағидаларын тереңдетті, формальдық бағыт - басты бағыт ретінде сақталды.

Оқу құралын байыптап зерделегенде, әр тарауға қатысты жазылған ғылыми пікірлердің бүгінгі тілдік құрылымды зерттеген ғалымдар еңбектерінен елеулі айырмашылықтары бар екенін де аңғару қиын емес. Бұл - тіл ғылымының дамуында болатын табиғи үдеріс ретінде қарастыруға болатын құбылыс. Мәселен, лексиканың тараулары ретінде «семасиология, лексикология (фразеологиямен бірге), этимология және грамматика» көрсетіледі де, әр тарауға қысқаша түсінік беріледі [12-бет]. Лексиканың әр тарауын жазу барысында ғалым қаламы «семантика мәселесін шешкенде және оның мәліметтерін пайдаланғанда, семантиканың ешуақытта асыра бағалауға болмайды, әсіресе оны теріс қолдануға болмайды» деп үйреткен В. Сталин идеясын еріксіз алға ұстайды [И.В. Сталин. Марксизм және тіл білімі мәселелері. Алматы, қазақша аудармасы. 1951, 32-бет.].

«Грамматиканың негізгі базасы - сөз, өйткені грамматика сөздердің өзгеруін, оның түрленуін, сөз тізбегі болып, сөйлемге құрасуын тексереді. Сондықтан лексика мен грамматика байланысты болады» делінеді [3. 14].

Оқу құралында қазақ тілінде тоғыз жалаң дауысты, екі қосынды дауысты (и,у), 25 дауыссыз дыбыс бар (б, г, д, ж, з, й, к, л, м, н, п, р, с, т, (у), ш, қ, ң, ғ, һ, в, ф, х, ц, ч) деп көрсетіледі. Ф, х, ц, ч дыбыстары кеңес кезінде енген дыбыстар ретінде көрсетіледі [3. 137].

Фонетика бөліміндегі басты ерекшелік ретінде негізгі ережелер мен емшелердің күні бүгінге дейін айтарлықтай өзгеріске түспегенін атап өтуге болады.

Грамматика бөлімі И.В. Сталиннің «Грамматика (морфология, синтаксис) сөздердің өзгеруі және сөздердің сөйлемде тіркесуі туралы ережелердің жыйнағы болып табылады» деген анықтамасымен басталып [2. 20], сөздің лексикалық және грамматикалық мағыналары талданып, сөздердің тұлғасөз таптары талданады.

Оқу құралында жай сөйлемге 6-7 бет қана берілген [3. 498-504 бб.]. Демек, жай сөйлем синтаксисі осы кезеңде толық зерттеле қоймағанын көрсетеді. Бұл саланы М. Балақаев шәкірті Р. Әмір толықтырғанын, жеке оқулық жазғанын білеміз.

Құрмалас сөйлем бөлімін Н.Т. Сауранбаев жазған. Мұнда құрмалас сөйлемнің басты теориялық қағидалары мен басты тұжырымдары талданған. Сөйлем семантикасынан барынша шегіне отырып, ғалым құрмалас сөйлемнің даму жолдарын, құрмаласу тәсілдерін, түрлерін тұлғалық жағынан талдап, формальдық бағытта талдайды. Салалас құрмаластың 4 түрі (ыңғайлас (мезгілдес), қарсылықты, себеп-салдар, талғамалы), сабақтас құрмаластың 7 түрі (мезгіл пысықтауыш бағыныңқы, себеп пысықтауыш бағыныңқы, амал пысықтауыш бағыныңқы, мақсат пысықтауыш бағыныңқы, шарт бағыныңқылы сабақтас, қарсылықты сабақтас құрмалас, салыстырмалы сабақтас) талданады. Барлық талдаулар сөйлемнің мағыналық құрылымын талдауға емес, тұлғалық ерекшеліктерін талдауға арналады.

Осы топтың соңын ала келген ғалымдар легі жоғарыда тілге тиек еткен жылымық жылдарына сәйкес келгендей. Бұл ғылымда өздерінің терең салиқалы ойлары мен терең теориялық тұжырымдамаларын қалдырған ғалымдар І. Кеңесбаев, М. Балақаев, Ғ. Мұсабаев, К. Аханов, А. Ысқақов, Ы. Маманов, Ж. Досқараев, М. Томанов, Қ. Есенов, С. Исаев, Ғ. Айдаров, Ә. Аблақов, Ә. Құрышжанов, Ә. Ибатов, Р.С. Әмір, Е. Ағманов, Е. Жанпейісов, Р. Сыздық, Н. Оралбаева, Ә. Болғанбаев, Б. Әбілқасымов, Х. Мұхамбет-Кәрім, Ғ. Қалиев, О. Нақысбеков, Т. Жанұзақов, Ә. Әбдірахманов, Ә. Қайдар, Ш. Сарыбаев, А. Айғабылов, С. Мырзабеков, М. Серғалиев, К. Хусаинов, Ә. Айтбаев т.б. дер едік. Біздіңше, қазақ тіл білімінің теориялық өрісі мен өресінің кеңеюіне мол үлес қосып, оның түркітанудағы орнын анықтаған да осы ғалымдар.

Қазақ халқының ел болып танылып, әлемдік өркениетте өзін таныта алуы мен әлемдік мәдениетте өзінің жетістіктерін үлгі етер бір тұсы – мемлекеттік тілі, әдеби тілі. Тіл – адамның жаны, рухы дегенге илансақ, қазақ жаны мен рухы осы қазақ тілінде жатқаны өзінен-өзі түсінікті. Демек, тілші ғалымдардың көтерер жүгі де, орны да, атқарар ролі де ерекше болады.

Қазақ тілін халық жанының, рухының бейнесіндей көріп, оның терең тылсымына бойлай отырып, көне бастауларын, тарихи даму жолын анықтауға өмірін арнаған қазақ ғалымдары бұл. Қазақ тіл білімінің кешегі корифей ғалымдарының қаламынан шыққан зерделі зерттеулердің негізгі ғылыми бағыты – құрылымдық бағыт екенінде дау болмаса керек. Бұл ғалымдардың ғылыми таңдауынан бұрын, уақыт таңдауы, таңдатуы десек орынды болмақ. Ресей империясы кеңістігіндегі өзге де елдерде дамыған тіл білімі сияқты, қазақ тіл білімі де негізінен, орыс тіл білімінің үлгісімен дамып, құрылымдық бағытта ғылыми зерттеулер жазып, дамытқаны, ғылыми білімнің деңгейінің өлшемі де жақын болғаны анық. Құрылымдық грамматика негізінде қыруар жұмыс жазылды, талданды, бағаланды.

Үстіміздегі ХХІ ғасырдағы қазақ тіл білімінің даму жолы мен бағыт-бағдарын айқындау үшін, өткенге көз жіберіп, оның бары мен нарын бағалау парыз да, алдағы уақыттағы ғылыми бағытты жүйелей барлау қажет.

**Әдебиет:**

1. Севортян Э.В. Об ошибках казахских языковедов // Вопросы языкознания. – М., 1953. – №2.
2. Сталин И.В. Марксизм және тіл білімі мәселелері. – Алматы, 1951. – 20-б.
3. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 1954.



## ҚАДЫР МЫРЗАЛИЕВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ЭПИТЕТТІҢ ЛЕКСИКА-ГРАММАТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

*Сисенбаева Р.Ж.,  
магистр,*

*М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан  
мемлекеттік университеті,  
Орал, Қазақстан,  
[raushan\\_sisenbaeva.71@mail.ru](mailto:raushan_sisenbaeva.71@mail.ru)*

### **Резюме**

В статье изложены особенности эпитетов поэзии К.Мырзалиева. Поэтом были использованы экспрессивно выраженные и эмоционально окрашенные слова разных частей речи.

### **Summary**

The article says the features of epithets in poem of Kadir Myrza Ali. The poet used expressively voiced and emotionally colored words in the different word classes.

Қ.Мырзалиев поэзиясындағы құбылтудың бір түрі – эпитеттер. А.Байтұрсынов «Әдебиет танытқышында»: «Көріктеу я жалпы нәрсені жалғыз нәрсеге теліп айтқанда, я нәрседе болмайтын сипатты болатындай етіп айту. Асылында, айқындау нәрсені я көріктеу үшін айтылады, я лақаптау үшін айтылады» - деп, бұл терминді көркейте айқындау деп атайды [1,159-б.].

Эпитет мәселесіне орыс тіл білімінде А.Зеленецкий, Л.И.Тимофеев, В.Сорокин, Д.Э.Розентальдың, қазақ тіл білімінде Қ.Жұмалиев, З.Қабдолов, З.Ахметов т.б. еңбектерінде ғылыми тұрғыдан түсінік берілді.

Ал тілші ғалым Р.Сыздық лингвистикалық тұрғыдан: «Эпитет – адамның, заттың, құбылыстың бір бөлігін, сырын, сипатын, қасиетін атап көрсететін сөз, бірақ осы қызметте келетін жай анықтауыш сөзден заттың, құбылыстың, адамның өзіне тән қалыпты сипаттайтын (белгісін, қасиетін, түрін, түсін т.б.) білдірсе, эпитет өзі айтатын белгіні бейнелеп (образды) көрсетеді, өйткені бұл белгі сол заттың, адамның, құбылыстың табиғи, қалыпты белгісі емес» - деп тұжырым жасайды [2, 24-б.]. Сонымен эпитет – заттың, құбылыстың айрықша сипатын, сапасын анықтайтын сұлу суретті сөз. Эпитетсіз көркем шығарма болмайды, болуы да мүмкін емес.

Қадыр Мырзалиев шығармаларындағы авторлық эпитеттер – заттың не құбылыстың айрықша сипатын өзінше бейнелеуде пайда болған тың қолданыстар. Жалпы Қадыр қолданыстарын жасалу ерекшелігіне қарай екі топқа бөліп қарастыруға болады:

1. Есім сөздердің тіркесуі арқылы /зат есім+зат есім; сын есім+зат есім/;
2. Етістік пен зат есімнің тіркесуі арқылы /көсемше, есімше+зат есім/.

Табиғат құбылыстары мен табиғат атауларына қатысты

- «таң» сөзіне қатысты

Алдымен уыз таңды өзің жұтып,

Алдымен жауқазынды сен жұласың [3, 20-б.],

Сол үмітпен күттім келер жас таңды,

Жас таң тағы тастанды боп басталды [3, 32-б.],

Көктемнің көгілдір кербез таңы атқанда,

Күн кірпігі – қыл қалам қырға бояу жаққанда [3, 117-б.].

Уыз таң – төлдеген малдың алғашқы сүтіне баланған, яғни таң мезгілінің алғашқы бөлігі, жас таң тіркесі де адам ғұмырының жастық шағына, яғни адам бойындағы күш-қуаттың мол, жалынды кезімен салыстырудан туған болса, кербез таң тіркесі паң, сылаң, сәнқой, сұлу бойжеткен тәрізді көктем мезгіліндегі таңды көз алдымызға әкеледі. Таңғы мезгіл адам ұғымында күннің шығар сәтін, жақсылықтың, тіршіліктің басталатын кезін көрсетеді. Сол мезгілдің алдына айқындауыш ретінде түрлі сөздерді (уыз, жас, кербез)

кабыстыра қою арқылы табиғат құбылыстарының сыр-сипатын беруде Қадыр ақын ерекше өрнек тапқан.

Қ.Мырзалиев поэзиясында бір ғана «жыр» сөзінің мынадай эпитеттермен қолданысы бар: қуатсыз жыр, биязы жыр, жауқазын жыр, періште жыр, шымқай жыр, ыстық жыр, тұлпар жыр, кемел жыр, асыл жыр, жалын жыр, асқақ жыр.

Жау жүректер жау санаса езінді,  
Жалған сөзден періште жыр безінді [3, 87-б.],  
Биязы жырлар жазарлық  
Биязы тірлік жоқ менде [3, 254-б.],  
Кемел жыр жазған сайын, сезеді ішім,  
Қайтейін, доспен бірге жау табамын [3, 202-б.].

Ақын тілінде экспрессиясы күшті, эмоциялық бояуы қанық осындай образды тіркестер өте көп.

Қ.Мырзалиев тіліндегі эпитеттер сан алуан сөз таптарынан жасалып, құрамына қарай дара да, күрделі де болып келеді. Эпитет ретінде әсіресе сын есімдер жиі қолданылған. Мысалы,

Долы толқын тегенесін шайқаған  
Дегенінен қайтпайды бір,  
Байқағам...  
Асау толқын қоймас сені ыршытпай,  
Адам болсаң,  
Қабағыңды тұр шытпай! [3, 45-б.].

Сонымен қатар Қадыр ақын поэзиясында негізгі сын есімдер де, туынды сын есімдер де эпитет болып келеді. Мысалы,

Қомағай жол жолаушыға қандай сын,  
Күн батарда қонаға жер қарайсың [3, 76-б.],  
Тайыз жандар сенеді  
Тұрсаң көзді жуып кеп [3, 250-б.].  
Ақын тіліндегі туынды сын есімдердің де эпитет болып жұмсалуды көңіл аударарлық.  
Зарлы желдің сөзімен  
Далам жоқтау айтады [3, 28-б.],  
Жыршы жер мен  
Жеңгетай желден сұра [3, 256-б.].

Зарлы, жеңгетай туынды сын есімдері жел сөзіне бейнелік мән үстеп, эпитет анықтауыш болып тұр.

Сондай-ақ зат есімдер де эпитет ретінде мол жұмсалған. Мысалы,  
Теке толқын қарғысын деп тынымсыз,  
Тоңқаяды дөңбек-дөңбек қойтастар [3, 181-б.],  
Желіндері сыздаған  
Бие бұлттар бір табын [3, 15-б.],  
Кәріліктен кәдімгідей қорқатұғын шығарсың,  
Құлын жас боп көрінуге құмарсың [3, 31-б.].

Күн көрісі төрт түлікпен тығыз байланысты халықтың өкілі болғандықтан, Қадыр ақын эпитеттік қолданыстарында мал атауларын шебер пайдаланған. Мәселен, жоғарыда толқын зат есімін долы, асау деген эпитеттермен берсе, енді мына өлең жолында теке толқын деген экспрессивті эпитеттік тіркес жасайды. «Бие бұлт» тіркесінде аспанның ала бұлттанып келіп, енді-енді жаумақ болып тұрған кезін құлындаған ұрғашы жылқы малына теңесе, «құлын жас» тіркесінде адамның жастық шағын жылқы малының алты айға дейінгі төлінің атауымен береді. Яғни зат есімдер эпитет қызметінде келгенде заттарға тән сын-сапалық белгілері назарға алынған.

Қадыр ақын экспрессияны күшейту үшін синоним немесе бір лексика-семантикалық топқа жататын сөздерді бір-біріне эпитет ретінде жұмсаған. Мысалы,

Қырқып ап оралымсыз олақ тілді,  
Келеді айдалаға лақтырғым [3, 26-б.],  
Үмітті жанның барлығы  
Үзсін деп тұсау-шідерін.  
Суарған құса-күйікке  
Семсерін халық қайрады...  
Алаулап жанған сөзіңнен  
Аңғардық отты уақытты [4, 125-б.].

Сонымен бірге Қ.Мырзалиев шығармаларында эпитет ретінде жұмсалған етістіктер негізінен есімше тұлғасында келеді. Мысалы,

Өлген күнді жоқтайды  
Түнім қара жамылып [3, 28-б.],  
Күнұзақ ойнаса жел күйді ерінбей,  
Керілген даланы Күн сүйді еріндей [3, 270-б.].

Бұл шумақтарда өлген күн, керілген дала деген де ауыспалы мағынада, өйткені өлу, керілу етістіктері - тек жанды заттарға тән іс-әрекеттер. Бұл жерде жансыз табиғатқа жандының іс-әрекетін беру арқылы ақын экспрессивтілікті күшейтіп тұр. Ақынның бұлардан басқа теңге күн, ақбоз күн, құла күн, тұл күн, алтын күн, қысыр күн, пүліш дала, қу дала, тулақ дала тәрізді эпитеттерінің қайсысын алсақ та зат пен құбылыстың сапа, қасиетін анықтауда орнымен, айрықша талғаммен қолданылғандығын көруге болады.

Академик Р.Сыздықова «Тек есім сөздерден жасалғандары емес, өзге тұлғалармен, әсіресе есімшелермен келген эпитеттердің қызметі бұдан да зор. Бұлар әрі эпитет, әрі поэтикалық сурет болып келеді» [2, 123-б.],-деген болатын. Негізінен, ақынның бұл эпитеттерінің ерекшелігі құбылысты жай ғана бейнелеу, айқындау ғана емес, сол затты не құбылысты ерекше бір образды түрде ұсыну мақсатын көздеген.

Эпитеттер заттың, құбылыстың сыр-сипатын, қасиетін, сын-сапасын білдіруде көбінесе екі-үш немесе одан да көп сөздердің тіркесінен тұратын күрделі эпитеттер болып келеді. Қадыр поэзиясында күрделі эпитеттер де жиі кездеседі. Мысалы,

Бөрте шарқат шампанжан, құйылмашы,  
Тек сен ғана, қою шай,сұйылмашы! [3, 63-б.],  
Желбегей жатқан көңілді  
Жүремін қазір түймелеп [3, 46-б.].

Бөрте шарқат күрделі эпитеті аппақ бұрқыраған шарқат тартып алған орыстың сұлу келіншегін көз алдымызға әкеле қойып, жансыз шампанға жан бітіртіп жіберсе, желбегей жатқан күрделі эпитеті сөйлемде үйірлі анықтауыш болып, өзгермелі дүниенің алмасып тұратыны сияқты көңілдің де түрлі болатынын, оның барлығын жария ете бермей, қажет жерінде бүркемелеу керектігі де өлең жолдарында асқан шеберлікпен берілген. Мұндай күрделі эпитеттер ақынның айтар ойын айшықтап, көркем суреттілік дарытады.

Қ.Мырзалиев шығармаларында күшейткіш эпитеттер өте көп қолданылған. Күшейткіш эпитеттердің міндеті анықталып тұрған зат бойындағы ерекше белгіге көңіл аудартып, стильдік мақсатқа сәйкес бағалаушылық және экспрессивті-эмоционалдық мағына үстеу болып келеді. Мысалы,

Туған жердің тылсым сырын ұғып көр:  
Бұлттын оның бұлт демей бір түбіт дер [3, 80-б.],  
Сұңқар ұлым өзегімді өртеген,  
Сен тіріде мына мен де мерт емен [3, 123-б.].

Тіл-тілдің қай-қайсысында болсын, тұрақты қолданылып отыратын дәстүрге айналған эпитеттері болады. Дәстүрлі эпитеттердің ауқымды бөлігін қазақ ауыз әдебиетінде, жыраулар поэзиясында жиі қолданылып, орныққан тұрақты эпитеттер құрайды. Оларда ұлттық нақыш айқын болады. Сол себепті ақындарымыз оларға қайта айналып соғады.

Қыпша белге жетпейді ғой, жетсе бір  
Құмар құшақ қалар еді қарысып [3, 105-б.],

Балғын беттен көз жасы

Бұлақ болып жосыды [3, 99-б.].

Қ.Мырзалиев өзіне дейінгі қазақ поэзиясында бұрыннан қолданылып келе жатқан ақ тамақ, ақ дидар, ақ босаға, ақ төсек, үр бет, алма бет, балғын бет, аққу мойын, қыпша бел тәрізді тұрақты эпитеттерді өзінің көркемдік талғамына сай таңдап алады. Дәстүрлі эпитеттер ақын поэзиясында ерекше стильдік жүк арқалап, экспрессиялық-эмоционалдық мағынасы толыға түседі.

Қадыр ақын эпитеттерді өзгеше қырынан жаңғырта қолданып, авторлық сипат бере білген. Эпитеттерді көркемдік мақсатқа орайластыруда ақынның өзіндік қолтаңбасы да айқын.

**Әдебиет:**

1. Байтұрсынұлы А. Ақ жол. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.

2. Сыздықова Р. Абайдың сөз өрнегі. – Алматы: Санат, 1995. – 208 б.

3. Мырзалиев Қ. Көш. – Алматы: Жазушы, 1973. – 306 б.

4. Мырза Әли Қадыр. Таңдамалы туындыларының көп томдығы. – Алматы: Қазығұрт, 2001. – Т.3. – 392

б.

## АРМЯН ЖАЗУЛЫ ҚЫПШАҚ ЕСКЕРТКІШІ ТІЛІНДЕГІ -ҒАЙ, -ГЕЙ КЕЛЕР ШАҚ ФОРМАСЫНЫҢ ЖАСАЛУ ЖОЛДАРЫ

*Төребекова С.М.,*

*PhD докторант,*

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,*

*Астана, Қазақстан,*

*[saule\\_torebekova@mail.ru](mailto:saule_torebekova@mail.ru)*

**Summary**

The future tense in the Armenian-Kipchak language was formed as in ancient written Turkic languages through suffixes -ğai, -gei. The suffixes -ğai, -gei on the monument are express not only future tense but as well as are used to express. Scientists of modern Turkic languages consider -ğai, -gei as the suffixes of the optative mood, while scientists of the written language on monuments consider them as the suffix of the future tense.

**Key Words:** the Armenian-Kipchak monuments, category of the future tense, Kipchak languages.

Түркі халықтарының бізге келіп жеткен мұралары аз емес. Қазіргі қазақ тілінің тарихы сол мұралармен тікелей сабақтас болып келеді. Біздің қазіргі тіліміздің пайда болу, өсу, даму заңдылықтарын, қалыптасу жолдарын білу үшін орта ғасыр жазба ескерткіштері тілін де жан-жақты зерттеп, қазіргі ана тілімізге қатысы қанша екенін анықтау қажет. Жан-жақты зерттеуді қажет ететін осындай ескерткіштердің бірі – армян жазулы қыпшақ ескерткіштері.

Бүгінгі мақаламызда армян жазулы қыпшақ ескерткіштері тіліндегі -ғай, -гей келер шақ формасының жасалу жолдарын, семантикалық ерекшеліктерін қарастыратын боламыз. Зерттеу материалдары ретінде А. Гаркавецтің «Кыпчакское письменное наследие: Т I, Каталог и тексты памятников армянским письмом» [1] деген атпен жарияланған еңбегінен мысалдар алынады. Мұнда 1519-1628 жылдар аралығында жазылып сақталған 109 қолжазба мен 1618 жылы Львов қаласында қыпшақ тілінде армян жазуымен баспадан басылып шыққан «Алғыш бітікі» – дұғалықтар кітабының мәтіндері транскрипцияланып берілген, акт кітаптарының мазмұндалған каталогы мен мәтін үлгілері көрініс тапқан.

Келер шақтың ең көне формаларының бірі – -ғай/-гей, -қай/-кей формалары. Бұл формалардың ежелгі қолданысы – келер шақ мәнін және қалау, тілек мағыналарын беру болып табылады. Алайда, -ғай, -гей қосымшасын қазіргі түркі тілдері тұрғысынан зерттеуші

ғалымдардың көпшілігі қалау райы жұрнағы ретінде қарастырса, тарихи түркі жазба әдеби тілін зерттеушілер келер шақ қосымшасы деп көрсетеді.

И.А. Батманов бұл форманың сирек те болса Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінде кездесетін қалау, тілек мәніндегі келер шақ жасайтын форма ретінде қолданылғанын айтады [2, 194 б.].

М. Қашғари -ғай қосымшасын таза келер шақ жасайтын форма деп, «амал-әрекеттің келер шақта орындалғанын білдіру үшін етістік түбірге жуан буынды сөздерге -ғай, басқа сөздерге -гей формасы қосылады: ол сүт сағқай - ол сүт сауады, ол евгә барғай – ол үйге барады, мән ет тоғрағаймән – мен ет турағаймын, мән оған оғрағаймән – мен оған оралғаймын» – дейді [3, 118 б.]. Э.Н. Наджип «-ғай формасы XI-XIV ғасырдағы түркі ескерткіштерінің тілінде белгісіз келер шақ жасайтын форма ретінде қолданылған: маниң бермишимға разый болғай му сизлар. Исафил арш азаңыға барғай (Менің бергеніме разы болғайсыз. Исафил жоғары шағ бергей)» – деп көрсетті [4, 167 б.].

Көне қыпшақ жазба ескерткіштері тілін зерттеген Ә. Құрышжанов, С. Дүйсен, С. Құдасов, Қ. Садықбеков т.б. ғалымдардың барлығы -ғай, -гей жұрнақтарын келер шақ жасаушы жұрнақ деп көрсетеді. Расында да, жұрнақтың орта ғасырларда келер шақ мағынасы басым болғанға ұқсайды.

Түркі тілдерінің тарихын зерттеген ғалымдардың арасында -ғай, -гей формаларының келер шақ мағынасымен қатар, әр түрлі модальдік мағыналар бар деген пікірлер кездеседі. XI-XII ғасырдағы түркі ескерткіштерінің тілін зерттеген Х.Г. Нигматов бұл формалар туралы былай дейді: «Келер шақтың -ға, -ғай формаларында болжал, жорамал, мақсат, міндеттілік, мүмкінділік т.б. модальдік реңктер жиі қосарлана беріледі» [5, 113-114 бб. ]. Д.М. Насиловтің пікірі де осындай: «-ғай, -гей формалары келер шақ мәнін білдірумен бірге, әртүрлі қалау, күдік, ниет сияқты т.б. модальдік реңктерді қоса көрсетеді» [6, 203-205 бб.].

Біз жүргізілген зерттеу негізінде XVI-XVII ғғ. армян жазулы қыпшақ ескерткіші тілінде келер шақ жасаудың ең өнімді тәсілі, тарихи түркі жазба тілдерінің көпшілігіндегідей -ғай/-гей, -қай/-кей формалары арқылы жүзеге асады да, қалау, тілек, бұйрық, шартты және т.б. әртүрлі модальдік мағыналарды білдіріп, үш жақта жіктеледі.

I жақ жекеше түрі -қай, -қәй, -ғай, -гәй ( -kay/-käy, -gay/-gäy) формаларынан кейін “мен” (men) жіктеу есімдігінің жалғануы арқылы жасалады: 1. bu dünüâniñ kiri bilä kirlänmägäumen “бұл дүниенің кірімен кірленбегеймін” (142 б.); 2. etkäyмен seniñ buyuғuңни уйұламағ билä da yaş tökmäğ билä “сенің бұйрығыңды жылаумен және жас төгумен жасаймын (етемін)” (126 б.); II жақ жекеше түрі -қай, -қәй, -ғай, -гәй ( -kay/-käy, -gay/-gäy) формаларынан кейін “сен” (sen) жіктеу есімдігінің жалғануы арқылы жасалады. Мысалы: 1. çïğargaaysen tarlıxtan sanïmnï menim “жанымды менің тарлықтан шығарғайсың (651 б.); 2. ауағ tibinä baskaysen aslannï da asdağañi “аждаһаны да арыстанды аяқ астында (түбінде) басқайсың” (108 б.); 3. ertäräk işitkäysen avazïma menim “даусымды менің ертерек есіткейсің” (375 б.); III жақ жекеше түрі -қай, -қәй, -ғай, -гәй (-kay/-käy, -gay/-gäy) жұрнақтары арқылы жасалады. Мысалы: 1. barça munda yazılğay “бәрі мұнда жазылғай” (147 б.), уағiғ saçılğay sizgä “сізге жарық шашылғай” (137 б.); 2. küyğäy menim sanïmnïñ yazıñi “менің жанымның жазығы күйгей” (443 б.).

I жақ көпше түрі -қай, -қәй, -ғай, -гәй ( -kay/-käy, -gay/-gäy) формасынан кейін “биз” (biz) жіктеу есімдігі қосылуы арқылы жасалады: 1. bu yol blä köktägi uçmaғka bargaybiz “бұл жолмен көктегі жұмаққа барғаймыз” (II, 126 б.), 2. işitkäybiz yaғşï cuvap... “жақсы жауап есіткейміз...” (291 б.); 3. saғtliғ bilä da aruvluғ bilä sürgäybiz tirlikimizni bizim “сақтықпен де адалдықпен тіршілігімізді (өмірімізді) сүргейміз” (779 б.); II жақ көпше түрі -қай, -қәй, -ғай, -гәй (-kay/-käy, -gay/-gäy) жұрнақтарынан кейін “сиз” (siz) жіктеу есімдігі қосылуы арқылы жасалады: oғuç etkäysiz ki seniñ oғuñ болğay ҳabullu “сенің оразаң қабыл болу үшін ораза ұстағайсыз” (II, 343 б.), болмағay ki ҳasta esli болğaysiz “ауру болмау үшін есті (ақылды) болғайсыз” (502 б.); III жақ көпше түрі -қай, -қәй, -ғай, -гәй (-kay/-käy, -gay/-gäy) келер шақ формаларынан кейін “-лар” (-lar) көптік жалғауының жалғануы арқылы жасалады: 1. sadaуa

bermägäylär “садақа бермегей” (146 б.); 2. saɣlagaylar kensin zindanda “өзін зынданда сақтағай” (142 б.).

Талданып отырған ескерткіште -ғай, -гей жұрнақтары келер шақтық мағынамен қоса, қалау, тілек, бұйрық, шартты және т.б. әртүрлі модальдік мағыналарда жұмсалады. Алайда ескере кететін бір жәйт, ескерткіш тіліндегі -ғай, -гей формаларының мағыналық ерекшеліктерін талдай отырып, контекстте әртүрлі модальдік реңктерді бір-бірінен ажырату өте қиын. Тіпті шақтық мағына мен модальдік мағынаның өзін айыру оңайға соқпайды.

Ескерткіштердегі -ғай/-гей, -қай/-кей формаларының әртүрлі модальдік мағыналық реңктеріне байланысты төмендегідей топтарға бөлуге болады:

1) Ескерткіштегі етістікке жалғанған -гау (-gäy), -кау (-käy) аффикстері қалау және тілек мағыналарын білдіреді: 1. Biyim da Teŋrim, Ata Oɣul Ari Džan, ber maña küç, ki etkäyмен alyšimnī alnīña seniñ “Биім, Тәңірім, Әке-ұл киелі жан, маған күш бер, алдыңа сенің алғысымды еткеймін” (144 б.); 2. yarıx ber Biy közlärimä benim ki heç yuɣlamagaумен ölümgä “Би (Тәңірі) көздеріме менің жарық бер, өлімде еш ұйықтамағаймын” (805 б.).

2) Ескерткіштегі етістікке жалғанған -гау (-gäy), -кау (-käy) аффикстері сөйлемнің айтылу ыңғайына қарай ескерту, кеңес, бұйыру мағыналарын білдіреді. Мысалы: 1. ale Yäñi Törädä k’risdānlarnıñ bu türlü körgüziyir: anıñki etkän oɣul-çiz ölginçä ludz tartkay “бірақ христиандардың жаңа төресі былай ұйғарады: ондай қылық жасаған ұл, қыз (ұл-қыз) өмір бойы (өлгенше) қарғыс тартсын” (94 б.); 2. hār biri kendi erkin tüygaу da esinā tutkay çannıñ arzani biyiklikin “әр адам өз еркін тыйсын және хан абыройының артықшылығын есінде тұтсын” (91 б.); 3. tek ol ɣul kendi yalız erkli bolgay “тек сол құлдың жалғыз өзі ғана ерікті болсын” (92 б.).

3) Ескерткіш тілінде -ғай (-гей), -қай (-кей) аффикстері шартты мәнді білдіреді де “egär, a egär, egär ki, ki, kim ki, kimesä ki, ki” сияқты шартты (шарт мағынасын) білдіретін жалғаулықтармен қатар жүреді:

egär kimesäniñ keräki bolgay da çizİN satkay kristānga, bolmastİR anİ satmaga, kendiniñ çizİN, meñilik çaravašlıxka “егер біреу мұқтаждықтан қызын христианға сатса, ол оны, өзінің қызын мәңгілік күндікке сата алмайды” (93 б.);

“a egär ki oɣlan 15 yašına bolgay, ol kiši öldürüçüdür da törägä çaršİ yañılgay, da bu statutka keräk tügäl tölov etkäy başİ üçün çardašlarına öldürgän kišiniñ, neçik yoyarı yazılğandİR “ал егер бала 15 жаста болса, ол кісі өлтіруші және төреге қарсы жаңылса, осы статутқа сәйкес өлтірілген баланың туғандарына, жоғарыда жазылғандай құнды толығынан төлеу керек” (85 б.);

egär ki kimesä kendi mülklärinä çazna tapkay yer içinä, ya altın, ya kümüş, da egär ki anıñkibik çazna ävälgİ çanlarnıñ bolgay, da igi belgili bilsälär, keräk çanlıx çaznaga berilgäy ol çazna “егер кім де болса өзінің иелігінде (мүлкінде) жер астынан қойма (қазына) тапса, не алтын, не күміс және де ондай қазына бұрынғы хандардікі болса, оның шын екенін білсе, ол қазынаны ханның қазынасына беру керек” (88 б.);

kim ki atasına çol uzatİR urgaу çolun keskäylär “Кімде кім атасына қол жұмсап ұрса, қолын кессін” (678 б.);

kimesä ki erksiz çulun ya çuluçčisİN öldürgäy ne türlü hal bilä ya ne türlü sayİt bilä, törä öldürgän çannıñ džurumun izdämäx keräk eyäsindän “кім болса да еріксіз құлын немесе күңін қандай да әдіспен не құралмен өлтірсе, төре иесіне өлтірілгеннің қанынын құнын төлету керек” (718 б.);

kim dā kim kendiniñ atasİN-anasİN yaman sözlär bilä uyaltkay, anıñkibik oɣul-çiz ölümlüdir “кімде кім өзінің ата-анасын, жаман сөздермен масқараласа (ұялтса), ондай ұл-қыз өлтіріледі” (97 б.);

çaçan eki kiši uruşsa da aralarına urgaуlar aɣırayaçlı çatunnİ, da ol urmaçtan çatİN kišini da oɣlanİN vaçtsız keçirgäy, yarım başİN tölämäx keräk çodžasına ol çatunnuñ ya ne türlü bolsa birgälärinä barİşma “егер екі ер кісі ұрысқанда аяғы ауыр қатынды соқса және сол соққыдан қатын уақытынан бұрын бала тастаса, онда қатынның күйеуіне жарты күн төлеу керек немесе басқа түрде ымыраға келулері керек” (98 б.);

oñuç etkäysiz ki seniñ oñuñ bolgay çabullu “сениң оразаң қабыл болу үшін ораза ұстағайсыз” (II, 343 б.), bolmagay ki çasta esli bolgaysiz “ауру болмау үшін есті (ақылды) болғайсыз” (502 б.).

4) Армян жазулы қыпшақ ескерткіштері тілінде -гай (-гәй), -кай (-кәй) аффикстері керек, тиіс модаль сөздерімен тіркесіп міндеттілік (долженствование) мағынасын білдіреді. Мысалы: 1. hār vaçt çolumuzga alip eslägäybiz törämizni da tiyişlidir körgüzgäybiz özgä millätkä “әр уақыт төремізді қолға алып (қолпаштап) еске түсіргейміз және басқа ұлтқа көрсеткейміз (көрсету тиіспіз)” (680 б.); 2. anī barça keräk ülüškä çougay “оны барлық үлеске қою керек” (739 б.); 3. anīkibik iñ üçün keräk bargaysen törägä “осындай іс үшін төреге баруың керек” (730 б.); 4. keräk eki çolun keskäylär yañilgannīñ “жаңылғанның екі қолын кесу керек” (104 б.).

Сондай-ақ, ескерткіште керек, тиіс модаль сөздерімен тіркеспей-ақ, -гай (-гәй), -кай (-кәй) аффикстері міндеттілік (долженствование) мағынасын білдіреді. Мысалы: 1. kim ki atasına çol uzatip urgay çolun keskäylär “кімде кім атасына (әкесіне) қол жұмсаса, қолын кесу керек” (678 б.); 2. uçmaçnīñ süvükün unutmagay ne tamuçnuñ çorçusun “жұмақтың жақсылығын не тозақтың қорқынышын ұмытпағайсың (ұмытпауың керек)” (173 б.); 3. adam oylu kensiniñ ölümün esinā tutkay hār vaçt “адам баласы өзінің өлімін әр уақыт есінде сақтағай (сақтауы керек, тұтуы керек)” (173 б.).

Армян жазулы қыпшақ ескерткішіндегі бұл формадан сөйлеуші адамның келешек әрекетке меңзеген тілегі, өтініші, ниеті, кеңесі, үміті, бұйрығы сияқты мағыналарды көруге болады. Бірақ осы амалдардың жүзеге асуын талап етпейді. Мұндай пікірді ғалымдарымыздың еңбектерінен де көруге болады.

Ғалым Ж. Садуахасов: «Мұнда әс-әрекеттің орындалу-орындалмауына нақты талап-тілек байқалмайды. Көбінесе ақыл, кеңес, үміттену т.б. мағына-мәнерлерді білдіреді, сондықтан істің орындалу-орындалмауы, субъектінің келешектегі әрекеттің қорытындысына меңзеледі» деп жазса [7, 69 б.], Р. Әміров бұл форма негізінен көтеріңкі, поэтикалық стиль туғызу үшін жұмсалатынын айтады [8, 131 б.].

Себебі болашақта болатын іс-әрекет сөйлеуші үшін объективті факт емес, сондықтан айтушының әр түрлі субъективті көзқарасы, болжамы болатыны белгілі. Осы -гай формасының әртүрлі модальдік реңктермен берілуі етістік формаларының арасынан нақты орнын анықтауда қиындық туғызады. Сондықтан бұл форманың одан әрі дамуы қазіргі түркі тілдерінің ішінде келер шақтағы қалау рай формасы ретінде қолданылуына әкеледі.

Қазіргі қыпшақ тобындағы тілдердің көпшілігінде татар, башқұрт, құмық, қарашай-балқар, қырым-татар, қарайым, қазақ, ноғай, қарақалпақ [9] тілдерінде -гай формасының шак мәні әлсіреп оның қалау, тілек мәні негізге айналған.

Қазіргі қазақ тілінің ғылыми еңбектерінде -гай (-гей, қай, -кей) формалары тек қалау, тілек мәнін білдіретін қалау райдың жұрнағы ретінде қарастарылады [10, 280 б.], [11, 115 б.]. Мұндай трансформацияға семантикалық негіз де бар. Қалау, тілек қашан да болашаққа, алдағы уақытқа қатысты айтылады. Қазіргі тілімізде «Алла жар болғай, арманың орындалғай», «Еліміз аман, жеріміз тыныш болғай» т.б. осы мәндес қалыптасқан сөз орамдарының құрамында қалау, тілек мағынасы сақталынған.

Қазақ тілінде -гай (-гей, қай, -кей) формалары ертегі, қисса-дастандарда, XV-XVI ғасырдағы жыраулардың жырларында да жиі ұшырасады.

Қалаға қабылан жаулар тигей ме,  
Қабырғадан дұспан жалдап жүргей ме,  
Қатарланып, қарланып,  
Қайран ер қарт күреңге мінгей ме!...[12, 31 б.].

Қорыта келгенде, армян жазулы қыпшақ ескерткіші тілінде келер шақ категориясы -гай, -гей қосымшалары арқылы жасалады. Яғни -гай, -гей аффикстерінің негізгі қызметі іс-әрекеттің сөйлеп тұрған уақыттан кейін жүзеге асатынын білдіру болып табылады. Сондай-ақ -гай, -гей жұрнақтары шақтық мағынамен қатар амал-әрекетке сөйлеушінің түрлі көзқарасын, ниетін білдіретін көптеген модальдық мәнде де қолданылады. Мұның өзі ескерткіш тіліндегі -гай, -гей формасының семантикалық мүмкіншілігінің мол екендігін

білдіреді. Осы -ғай формасының әртүрлі модальдік реңктермен берілуі етістік формаларының арасынан нақты орнын анықтауда қиындық туғызады. Сол себептен бұл форманың одан әрі дамуы қазіргі түркі тілдерінің ішінде келер шақтағы қалау рай формасы ретінде қолданылуына әкеледі. Сондықтан да армян жазулы қыпшақ ескерткіштерінің тілдік материалдарын тіліміздің қазіргі күйімен салыстыра зерттеу қазіргі қазақ тіл білімінің, жалпы түркітанудың маңызды міндеттерінің бірі болып табылады.

**Әдебиет:**

1. Гаркавец А.Н. Кыпчакское письменное наследие: Каталог и тексты памятников армянским письмом. Т. I. – Алматы: Дешт-и-Кыпчак, 2002.
2. Батманов И.А. Язык енисейских памятников древнетюркской письменности. – Фрунзе: Изд. АН Кир. ССР, 1959. – 215 с.
3. Қашқари М. Түрік сөздігі. 3 томдық. Аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктемелерін жазған Егеубаев А.Қ. – Алматы, 1997-98.
4. Наджип Э.Н. Исследование по истории тюркских языков XI-XIV вв. – Москва: Наука, 1989. – 283 с.
5. Нигматов Х.Г. Функциональная морфология тюркоязычных памятников XI-XII вв. – Ташкент: Фан, 1989. – 191 с.
6. Насилов Д.М. Выступление по докладом. В книге: Вопросы категории времени и наклонения глагола в тюркских языках. – Баку: Элм, 1968.
7. Садуахасов Ж. Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің жақ категориясы. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 128 б.
8. Әміров Р. Жай сөйлем синтаксисі. – Алматы: Мектеп, 1983. – 168 б.
9. Тюркские языки. Т. 2. – Москва: Наука, 1966. – 529 с.
10. Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – Алматы, 2007. – 390 б.
11. Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: «Абзал-ай» баспасы, 2014. – 640 б.
12. Бес ғасыр жырлайды. Т. I. – Алматы: Жазушы, 1989. – 384 б.



**3-СЕКЦИЯ: «XXI ҒАСЫРДАҒЫ ТІЛ БІЛІМІНІҢ ЖАҢА  
ПАРАДИГМАЛАРЫ»**

**СЕКЦИЯ 3: «НОВЫЕ ПАРАДИГМЫ ЯЗЫКОЗНАНИЯ XXI  
ВЕКА»**

**SECTION 3: «NEW PARADIGMS OF LINGUISTICS IN THE XXI  
CENTURY»**

**ТАРИХИ ТІЛ БІЛІМІНІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ  
ТІЛ ГЕНЕТИКАСЫ**

**Бекмағамбетов Ш.,**

*филология ғылымдарының кандидаты, профессор,  
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,  
Қызылорда, Қазақстан,  
[shanzharhan-bekm@mail.ru](mailto:shanzharhan-bekm@mail.ru)*

**Summary**

The article deals with the level of scientific coverage of some theoretical questions of language research, as well as the structural elements of lexical units, as the root and the base, and others, in modern historical and structural linguistics in connection with the prospects of their research using the methods of genetic linguistics.

Тарихи грамматика ғылымы тарихи-салыстырмалы зерттеу әдісі арқылы өзге де мәселелермен қатар түркі тілдері сөздерінің түбірін, оның ішінде бір буынды түбірлер деп аталып жүрген тілдік бірліктердің жаратылыс табиғатын зерттеп келеді. Бұл бағытта Қ. Жұбановтан бастап, бертінде М.Томанов, Ә.Т.Қайдаров, Б.Сағындықұлы, Е. Қажыбек, Ж.Манкеева т.б. ғалымдардың еңбектері белгілі. Бұл ғалымдар өз зерттеулерінде, негізінен, орыстың, батыстың белгілі түрколог ғалымдарының еңбектеріне сүйенеді. Әу бастан көне түркі жазуларын оқу, лексикасын талдап түсіну мақсатында қалыптасқан тарихи тіл білімі ғылымы таза құрылымдық-семантикалық бағыттағы ғылым саласы болып қалыптасты да, негізінен, тілдік деректерді тарихи салыстырмалы тұрғыдан түсіндіруге бағыт алды. Қазіргі әр алуан түркі тілдерінің, көне жазба ескерткіштер тілінің деректері – тарихи грамматиканың сүйенетін негізгі зерттеу материалдары. Тарихи грамматикалық зерттеулер түркологияда өзінің дәуірлеу кезеңінде, шынында да, бірқатар жетістіктерге жетті. Көне түркі жазуларын оқыған В.Томсеннен бастап, орыстың және батыстың белгілі ғалымдарының еңбектерінің тіл тарихын зерттеуде ерекше орындары бар. Дегенмен, зерттеуші ғалымдарымыздың түркологияда тарихи тіл білімі бойынша бірқатар жетістіктерге жеткеніне қарамастан, қазірде түркі тілдерінің табиғатын, жалпы тілдік құбылыстың жаратылыс-болмысын танып білуде тарихи грамматиканың мүмкіндіктері шектеулі екендігі көрініп отыр. Бұлай дейтініміздің негізгі бір себебі – тарихи тіл білімі осы уақытқа дейін өзінің негізгі зерттеу объектісін, яки түбір сөз табиғатын терең танып түсіне алған жоқ. Бір буынды түбірлер деп көрсетіліп жүрген Г – СГ – ГС – СГС – СГСС типті түбірлер, тарихи тұрғыдан келгенде, шын мәнінде бір буынды түбірлер болып табылмайды. Мәселеге бұлайша келу түбір сөздер табиғатын тарихи тұрғыдан ажырату емес, оларға бүгінгі тілдік деректер тұрғысынан ғана қарау болып шығады. Шынында да, бұл – аса күрделі мәселе және мұның шешуін, шынымен де, тарихи грамматика ғылымы таба алмас еді.

Ғалымдарымыздың түркілік бір буынды түбірлер корпусын жасау мақсатын көздеген идеясы сырттай қаншалықты тартымды болып көрінгенімен, теориялық жақтан да, практикалық жақтан да мұның да жуық арада шешіле қоюы мүмкін емес екенін көреміз. Өйткені қазіргі тарихи тіл білімінде бір буынды түбір мәселесінің өзі әлі толық айқындалмаған.

Тарихи тұрғыдағы бір буынды түбір сөз ұғымы, шын мәнінде, айқын ұғым емес. Ол неше дыбыстан тұратынын, яки жоғарыда келтірілген бес түрлі типтегі түбірдің қайсысы нақты бір буынды түбір болатынын ажырата айту тарихи грамматиканың мүмкіндігінен тыс болып отыр. Ғылымда бұл туралы әркілы көзқарастар бар екені белгілі. Ал жоғарыда келтіріліп отырған үш және төрт дыбысты буын типтерінің құрамында кемі екі дауыссыз дыбыс бар, мұндай жағдайда олардың бір буынды түбір бола алмайтыны генетикалық тіл білімі тұрғысынан айқын көрінеді.

Түбірге байланысты тағы бір маңызды мәселе - тарихи тіл білімі тіл құрамынан өлі түбірлер және өлі қосымшалар дегендерді «тауып», оларға арнайы статус беріп, «заңдастырып» келе жатқаны. Бірақ, тіл – тірі организм, оның бойынан ешқандай «өлі» элементті іздеудің қажеті жоқ. Ғылым сөз құрамын дұрыс ажыратып тани алмай жатса, оған тіл кінәлі емес. Егер тілдің бойында титтей де «өлі» нерв болса, онда ол осыншама мыңдаған жылдар бойында тілді шірітіп бітер еді. Керісінше, тіл табиғатының аса маңызды құрамдас бөлігі болып табылатын осынау элементтер сыры құпия болып келді. «Өлі түбір» не «өлі қосымша» терминдері тілдік фактіні түсіне алмаудан пайда болды, бірақ бұлар тілдік ақиқатқа жатпайды. Әрине, бұл да – тарихи тіл білімі ғылымы мүмкіндігінің деңгейін көрсететін факт болып табылады. Сондай-ақ, қазіргі тіл білімінде түбір және негіз мәселесі де ажыратылмай, керісінше түсіндіріліп келеді. Айталық, негіз ұғымы сөздердің лексика-грамматикалық топтарының ерекшелігімен байланыстырылады да, ол түбірден шығатын екінші дәрежелі құрылымға жатқызылады [1-21]. Бұл түсінік те орыс тіл білімінде қалыптасқан үрдістің әсері екені белгілі. Сондай-ақ, негіз (непроизводная основа), туынды негіз ұғымдары да айтылады. Н.К.Дмитриев қыл-ық, ер-лік, аш-ыл сөздерін қосымшалы туынды негіз сөздер деп атапты [2-113]. Негіз (основа) термині «түбір + сөз тудырушы жұрнақ» (корень+суффикс) формуласы арқылы түсіндіріліп келеді. Кейінгі шыққан сөздікте: «Негіз – сөздің өзекті бөлігі. Негізде зат немесе құбылыстың лексикалық мағынасы көрініс табады. Негіздің түбірден айырмасы бар. Негіз түбір арқылы ғана жасалатын, белгілі бір сөз табына жатып, ... сөзжасамнәтижесінде туындап, екіншілік мағына беретін тұлға.», - дейді. [3].

Екіншіден, тарихи грамматиканың пайдаланатын тілдік деректері тек нақты тарихи жазба материалдарға ғана негізделеді. Бұл бір жағынан, яки нақтылығы жағынан, тиімді болғанмен, екінші жақтан бұл тарихи грамматиканың аса мол өзге тілдік ресурстарды, яки қазірде генеологиялық тұрғыдан өзге тілдік топтар деп есептелетін тілдердің деректерін еркін пайдалануын шектейді. Ал белгілі тарихи жазбалардың тілдік дерекөздерінің өзі саны жағынан да, олардағы материалдық-деректік ресурстардың қарастырылу мүмкіндігі жағынан да жалпы тілдік ауқымға қарағанда әлдеқайда шектеулі екені белгілі.

Үшіншіден, қазіргі тарихи тіл білімі адамзат тілін белгілі туыстық топтарға бөліп тастаған: түркі тілдері, индоеуропа тілдері, роман-герман тілдері, Урал-Алтай тілдері т.б. Бұлардың арасына мықты «қытай қорғаны» тұрғызылған. Яки қазақ (түркі) тілдерін зерттеуші ғалымдардың үндіеуропа тілдерінің деректерін пайдалануға хақы жоқ, өйткені ол – басқа тілдік туыстық топқа жатқызылып қойылған. Сондай-ақ, славян тілін, мысалы, орыс тілін зерттеуші ғалымдар өзге топтағы тіл деректеріне мүлде жоламайды. Егер бұл мәселеге баратын болса, онда да тек тілдік ауысулар ретінде ғана қарастырады. Кезінде академик Қ.Жұбанов қазақ тілі материалдарын қытай, грузин тілдерінің (4-57, 92) неміс, ағылшын тілдерінің тілдік деректерімен салыстыра зерттегені белгілі. Ғалымның бұл принципі оның жалпы адамзат тілінің бірнегізділігі идеясына сүйенгенін көрсетеді.

Тарихи тіл білімі мүмкіндігінің шектеулілігінің тағы бір көрінісі – «тіл және ойлау» мәселесіне бара алмауында. Ал тіл мен ойлауды ажырата қарау тілдің терең табиғатын

түсінуге жол аша алмайды. Жоғарыда айтып өткеніміздей, осындай жағдайда да тарихи тіл білімі бірқатар ғылыми жетістіктерге қол жеткізгенін ешкім де жоққа шығара алмайды және жоғарыдағы мәселелерді айтқанда, біз тарихи тіл білімінің алдағы уақытта да өз зерттеулерін жалғастыра беретініне шек келтіріп отырған жоқпыз. Өйткені ғылым тарихында пайда болған кейінгі бағыттар өзінен бұрынғы бағыттарды толықтыру, дамыту үрдісінде көрінетіні белгілі. Айтайын дегеніміз – уақыт, ғылым бір орнында тоқтап қалмайды, тіл ғылымының зерттеу әдістері мен бағыттары да дамуға тиісті. Осы бағытта біз өзіміздің ұсынып келе жатқан генетикалық тіл білімі бағытының уақыт талабына сай екенін, яки тіл білімі дамуын онан әрі тереңдете түсуге мүмкіндігі зор екенін айтқымыз келеді.

Адамзат тілін генетикалық тұрғыдан зерттеу дегеніміз оны ең әуелі тіл философиясы тұрғысынан, яки тіл және ойлау байланысы тұрғысынан зерттеу болып табылады. Кезінде тіл және ойлау мәселесіне байланысты орыс тіл білімінде бірқатар жұмыстар жүргізілгенімен, олардың белгілі қоғамдық-саяси факторларға тәуелді болғаны бекер емес. Ел егемендігінің үлкен жетістігі – еркін ойлау мүмкіндігіне жол ашқандығында. Осы тұрғыдан келгенде, адамзат тілінің генетикалық негіздерін зерттеу бағытындағы «тіл және ойлау» мәселесінің біздің еңбегімізде қарастырылуы бұрынғы қалыптасқан бағыттан өзгеше, жаңаша өріс алғанын айтуымыз керек [5]. Генетикалық тіл білімінде адамзат тілінің пайда болуы ең ілкі тілжасам дәуірі адамдарының тілжасамдық ойлауы тұрғысынан қарастырылады.

Яки мұнда ең ілкі адамзат тілінің пайда болуы кезеңіндегі жалпы адамзатқа тән ортақ ғаламтанымдық ойлаудың принциптері туралы мәселе айқындалады. Қазіргі қалыптасқан көзқарастар тұрғысынан келсек, ең ілкі тілжасам дәуірі адамдары ойлау қабылеті жетілмеген, абстракциялық, логикалық ойлау мүмкіндіктері қалыптаспаған адамдар болып көрсетіледі. Қарапайым логикаға салғанда да, соншалықты жетілмеген жабайы адамдардың осыншалықты керемет қабылетті тіл-құралды жасауы мүмкін емес. Сонымен бірге, қазіргі ғылымда адамзат тілінің табиғаттағы алуан түрлі механикалық не табиғи дыбыстарға жалаң еліктеу арқылы пайда болғаны туралы гипотезаға сенетіндер де аз емес.

Біздің көзқарасымыздың ең басты бір ерекшелігі – адамзат тілінің кездейсоқ, шартты түрде, еліктеу арқылы емес, адамзаттың аса жетілген ғаламтанымдық ойлауы нәтижесінде пайда болғанын дәлелдеп көрсетуінде. Мұның бір көрінісі «тілдік таңбалар» туралы көзқарасымыздан да айқын аңғарылады. Біз адамзаттың аса құдыретті қарым-қатынас құралы болып табылатын тілдік жүйенің негізінде тілдік таңбалар тұрғанын көрдік және олар қазіргі тіл білімінде айтылып жүргендей «сөз-таңбалар» емес. Бұл – адамзаттың бейнелі түрдегі логикалық ойлау қабылетіне негізделген ерекше сипаттағы ғаламтанымдық мазмұндағы таңба-нышандық жүйе. Бұл таңбалар аса көп те емес, санаулы ғана, бірақ олар алуан түрлі нышандық сипатта келіп, тіл-тілде сан мыңдаған сөздер жасауға негіз бола алады. (1-Қосымша).

Қазіргі жалпы тіл білімі ғылымында, тілдік таңбалар ретінде Ф. Де Соссюр ілімінен жалғасып келе жатқан «сөз - таңба» түсінігі үстемдік алып отыр. Шын мәнісінде тілдегі лексикалық бірлік ретіндегі сөздің тілдік таңба бола алмайтындығы біздің еңбегімізде айқын көрсетілді. Егер тілдегі әр сөз бір таңба болса, онда тіл-тілде сан мыңдаған таңбалар бар болар еді де, адамзат баласы үшін оларды ажыратып танудың өзі мүмкін болмас еді. Ал, шындығында, тілдік таңба табиғаты мүлде басқа, біз оларды аталмыш еңбекте талдап көрсеттік.

Тілдік таңбалар - адамзат тілі (сөзі) пайда болуының ең ілкі түпнегіздерінде тұрған тілдік материалдық және идеялық негіз элементтердің тұтастығынан құралған ғаламтанымдық мазмұндағы нышандық сипатты таңба-бейнелер. Біздің түсінігімізде – адамзат тілінің пайда болу негізінде жалпы адамзатқа ортақ Ғаламтанымдық түсініктер тұр. Солардың ең бастысы – шар-қоршау (сфера) түріндегі ҒАЛАМ бейнесі. Біз ұсынып отырған тілдік таным жүйесіндегі барлық жеті түрлі тілдік негіздер ең әуелі осы ғаламдық болмыстың құрылымдық-семантикалық жүйесін бейнелеу мақсатында пайда болған да, сонан соң жаратылыс-болмыстың өзге де заттары мен құбылыстарын бейнелеу үшін қолданылған. Яки тілдік жүйе негізінде ғаламдық жүйенің, оның заттары мен



## «БАТЫР» КОНЦЕПТІСІ ЖӘНЕ МИКРОКОНЦЕПТІЛЕР

**Боранбаева Р.,**

*магистрант,*

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,*

*Астана, Қазақстан,*

[rauuka0303@mail.ru](mailto:rauuka0303@mail.ru)

### **Резюме**

Устная народная литература, в частности эпические произведения являются первоисточниками казахского литературного языка. В данной статье рассматриваются языковые единицы концепта «батыр» (богатырь) в познании казахского народа. Путем изучения примеров в художественной литературе были выявлены значения опорных слов относящихся к концепту «батыр».

### **Summary**

Oral folk literature, especially epic works are the primary sources of the Kazakh literary language. This paper examines the linguistic elements of the concept hero in Kazakh people's cognition. The meaning of the main words related to the concept hero were explained by gathering the examples from the literature.

Қазақ тіл біліміндегі бүгінгі күні қарқынды дамып келе жатқан салалардың бірі – антропоцентристік бағыттағы зерттеулер. Бұл бағыт аясындағы зерттеулердің басым көпшілігі когнитивтік бағытта болып отыр. Когнитивті лингвистика бүгінгі күні жеке ғылыми сала ретінде қалыптасып, дамып келе жатыр.

Қазіргі таңда тіл біліміндегі зерттеулердің көбі негізгі категория ретінде концепт ұғымын алууда. «Концепт – адам санасының ойлау бірліктері мен психикалық ресурстарын, білім мен тәжірибенің бейнелі көрсеткіштерін құрайтын, хабарлы құрылымдарды түсіндіруге мүмкіндік беретін когнитивті лингвистиканың негізгі ұғымдарының бірі» [1.267].

Әлемнің концептуалды бейнесінің негізгі элементі концепт болып есептеледі. Лингвистикада концепт термині мен түсінігінің қалыптасуы тіл, сана, және мәдениеттің өзара әсерлесу заңдылықтарымен тығыз байланысты болып келеді.

Концепт ұғымына бүгінгі күні әртүрлі анықтамалар беріліп жүр. Орыс тіл білімінде ғалымдар оны термин ретінде қарастырса, енді біреулері ұғыммен теңестіреді. В.А.Маслова концептіні жеке тұлғалық концептілер, адамдардың жас ерекшеліктеріне байланысты концептілер, жалпыұлттық концептілер деп таратады [2.60].

« Концепт» терминін тіл аясындағы мәселелерге қатысты пайдалануды өткен ғасырдың бірінші жартысында тұңғыш рет орыс философы С.А.Аскольдов ұсынған. Ол «Концепт и слово» атты еңбегінде концептіні былайша ұғындырады: «...мысленное образование, которое замещает нам в процессе мысли неопределенное множество предметов одного и того же рода».

Ю.Д. Апресян концепт мәселесін былай танытады: «Әрбір табиғи тіл дүниені қабылдау мен қалыптастырудың нақты тәсілін бейнелейді. Ондағы мағына, мән белгілі бір ұжымдық философия тәрізді ой-пікір жүйесіне топтастырылады. Дүниені концептілеу тәсілі әрі әмбебап, әрі ұлттық ерекшеліктермен толықтырылады. Дүниеге деген көзқарас барынша қарабайыр. Ол дүниенің ғылыми бейнесінен ерекше, бірақ бұл қарапайым түсінік емес».

А.Вежбицкая: «концепт – бұл ақиқат әлемі туралы адамның мәдени-шартты түсінігін бейнелейтін «идеалды әлемнің объектісі» дейді [3.2]. Қазақ тіл білімінде «концепт» термині А. Қайдар, Р. Сыздық, Ж. Манкеева, Н. Уәлиев, Б. Қалиев, Қ. Жаманбаева, Г. Смағұлова, Б. Ақбердиев, Г. Снасапова, М. Күштаева, С. Жапақов, Қ. Қайырбаева, А. Сыбанбаева, А. Ислам, Ш. Елемесова, Н. Аитова, А. Әмірбекова, Ж. Саткенова, Ж.Жампейісова, С.Жиренов, Б.Нұрдәулетова, Г. Мұратова, Ж. Қошанова және т.б. зерттеушілердің еңбектерінде әр қырынан зерттеліп жүр.

Концептіге берілген анықтамалар түрліше. Көптеген зерттеушілер оның мәдениетпен байланысын көрсетеді. Кей зерттеушілер мұны негізгі деп тапса, енді біреулері қосымша деп қарастырады. Жалпы концептінің негізгі қасиеті оның белгілі бір мәдениетпен, қоғамның

мәдени тәжірибесімен байланысы арқылы көрінеді. Мәдениет өзін туындатқан халықпен бірге қайнасып жататыны айқын және оның бойында өмірлік философияны анықтайтын, барлық адамзатқа тән әлемдік бейнедегі ұғымдардың берік орын алатыны белгілі. Мәдениетке қатысты концепті адам мен ол өмір сүретін ақиқат шындық аралығын байланыстырушы ретінде қызмет атқаратындықтан оны зерттеудің маңызы зор болып отыр.

Концепт туралы сөздіктердегі анықтамаларды, ғылыми зерттеулердегі тұжырымдарды салыстыра келіп, ғалым Б.И.Нұрдәулетова төмендегі өз пайымдауын ұсынады: «Концепт – индивидтің, тілдік ұжымның дүние, жаратылыс, оның түрліше заттары мен құбылыстары туралы өмір тәжірибесі, білімдік аясы (көзқарасы, танымы) негізінде, өзі өмір сүретін әлеуметтік ортаның мәдениетінен қабылдап, қалыптастырған танымдық, білімдік жүйесі.

Концепт – сөз мағынасы, ұғым, сөздің ішкі формасы т.б. терминдермен бара-бар емес. Себебі концепт жеке-дара сөз аясында емес, белгілі бір танымды айқындайтын «сөздер қоры» (тірек сөздер) арқылы, кейде үлкенді-кішілі мәтіндер көлемінде танылады» [4.55-56].

Эпостық жырларда ерекше орын алатын – «батыр» концептісі. «Батыр» концептісі батырдың асынған қару-жарағы, мінген аты, бірге туған бауыры, батырды, яғни балаларын құдайдан сұрап алған атасы мен анасы, сүйген аруы секілді микроконцептілермен толығыады. Сонда «батыр» концептісі тек жеке бір өзі емес, оны қоршаған ортасымен берілуі тиіс, олардың әрқайсысы жеке-жеке концептілер жүйесі болып табылады. Олар «батыр» концептісінің микроконцептілері болып есептелінеді.

Батыр – әскери өнерді жақсы меңгерген, жау түсірер ерлігімен аты шыққан, қаһарман адамға берілетін құрметті атақ. Батыр атағы мирасқорлық жолымен берілмейді, оған әрбір адам жеке басының ерлігімен ие болады. Батырларды қазақ халқы ежелден құрмет тұтқан. Көркем мәтіндегі батырдың қару-жарақтары мен киімдері, тұлпары, жекпе-жек, ғажайып туысы мен ерте есеюі сияқты танымдық элементтері «батыр» концептісінің ойсуретін құрауға қатысады.

«Батыр» (эпикалық батыр) концептісінің лексикалық тірегі болып табылатын батыр лексемасы «Қазақ тілі түсіндірме сөздігінде» (II том) былай берілген: Батыр, ел қамы үшін жаумен сайысқан тарихи қаһарман, эпостық жырлардың геройы, алып ер [5.115].

Эпикалық «батыр» концептісіне қатысы бар тағы бір концепті – «қару-жарақ». Эпикалық батыр бейнесінің тұрақты атрибутының бірі– оның қару-жарағы. «Батырлар жырларында» көбіне мынадай қару – жарақ атаулары кездеседі: ақберен, алмас, бес қару, найза, қылыш, көк сүңгі, ақ сүңгі, көк балдақ, шарайна, кездік. Мысалы, «берен» сөзі әр түрлі мағынада қолданылады.

«Қобыланды жырында»:

Байдың қызы жамылар  
Масаты мен беренді.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздіктері бұл сөздің көп мағыналы деп көрсетеді. Бірақ мағыналарының көпшілігі бұл күнде ұмыт бола бастаған. Мысалы, көп томдық түсіндірме сөздік берен сөзінің бір мәні «қымбат, асыл мата» десе, екі томдық түсіндірме сөздік «гүл салып тоқылған масаты, жібек мата» дейді. Ал өткен ғасырда сөздік құрастырған Н. И. Ильминский берен сөзінің екі мағынасын көрсетеді: бірі – «ең жақсы барқыт», екіншісі – ең мықты болат.

«Алпамыс батыр жырында»:

Буырқанып, бұрсанып,  
Мұздай темір құрсанып,  
Ашуы қысты денені.  
Айдаһардың тіліндей,  
Салса кеткен білінбей,  
Қынабынан суырып,  
Қолына алды беренді.  
Енді Алпамыс бақырып,

«Алатау» ұран шақырып,  
Қалмаққа жалғыз тиеді.  
Қойға шапқан бөрідей  
Талқандап қуып бөледі.  
Алтын сапты ақ берен  
Деммен тартып тиеді.

Бұл сөздің Ильминский көрсеткен екінші мағынасынан ауысып, берік металл шығыршықтардан жасалған сауытты да, асыл болаттан жасалған семсер немесе қылышты да (кейде тіпті кездік, пышақтарды да) берен деп атағаны көбінесе ескі өлең-жырларда жиі ұшырасады. Р.Сыздықова «Сөздер сөйлейді» еңбегінде берен сөзін контекске қарай бес түрлі мағынада түсіну керек: 1) ең мықты болат, берік металл, 2) сол болаттан, металдан жасалған қылыш, семсер, кездік, қанжар, пышақ, т.б., 3) сауыт, көбе, 4) батыр, күшті, мықты адам, асыл адам, 5) ең жақсы барқыт деп бөліп көрсетеді [6].

«Алпамыс батыр» жырында:

Қолындағы күрзімен  
Кетті салып басына.  
Осы ұрған күрзіге,  
Құлар еді шапқанда,  
Қойқаптың тауы, тасы да [7.50].

Күрзі көне. Салмақты болу үшін бір басына қорғасын құйып жасалған сабы қысқа шоқпар [5,433].

Гүрзі/Күрзі – ерте замандағы соғыс және аң аулау құралы; шоқпар, темір шоқпар. Ертеде палица, булава аталып, орыстың жаяу әскерінің құралы, кейіннен билік белгісі болған. Қазақта гүрзі батырлар жырында кейде ескі діни түсініктерде кездеседі. Мысалы, діндар адамдар гүрзіні жерленген өліктен сұрақ алуға келген періштелердің қолындағы зат мағынасында көрген.

Ерте дүниеде қағанат билеген хандарымыз хан тағына отырғанда күрзі ұстап отыру дәстүр болған. Содан бері күрзі биліктегі күш иесінің рәміздік белгісі болып санамызда қалған.

Сүңгі – бірнеше қырлы, ұшы үшкір, темірден, болаттан жасалған ағаш сапты қару [5.751].

«Қобыланды батыр» жырында:

Асылдан соққан сүңгімді,  
Ырғай алып саптауға.  
Нұрым жырауда:  
Ерлер өтті қарасам,  
Көк сүңгісін өңгерген,  
Аузын көпке теңгерген.  
... Ақ сүңгісін\* өңгеріп,  
Жауға жалғыз жөнелген, -

деген жолдардағы «көк сүңгі – асыл металдан, болаттан жасалған қымбат сүңгі деген мағынаны білдірсе, ал \*Ақ сүңгі – сүңгінің сабы ақ болаттан жасалғандығына байланысты аталуы мүмкін.

Жалаңқат – қылыш. Жалғыз байланатын қылыш. Жалаңқат көне Соғыс кезінде денеге киетін темір сауыт [5.255]

«Қобыланды батыр» жырында:

Денеге оқты дарытпас  
Дәуіт соққан жалаңқат.

немесе:

Мінуге керек қазанат,  
Беліне керек шар болат,  
Денеге керек жалаңқат.

Жырда жолдарынан «жалаңқат» сөзін «қылыш» мәнінде түсінсек, ал жыр түсініктемесінде «жалаңқат» сөзін «киім, жалаң шапан» мәнінде берілген.

Сөйлеген сөзі сымпылдап

Сүмбіледей жылтылдап,

Буыны түсіп былқылдап,

Алтын қалпақ дулыға,

Шекесінде жарқылдап.

Сүмбіле сөзі қазақ тіліне парсы тілінен ауысқан. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: сүмбіле 1. Ескіше тамыз айы. 2. Тамыз айында көрінетін жарық жұлдыз [5.751].

Сүмбіленің өзіне тән белгілерінің бірі тосыннан жарқ етіп жарқылдап туады. Жалт еткендегі жарығы басқа жұлдыздардың жарығынан едәуір үлкен, халық «Күн секілді аппақ болып шығады» деп түсіндіреді. Осы қасиетіне орай ауыз әдебиетінде жарқ еткен сұлуды тенеуде жиі қолданыс табады.

«Ер серігі – сұлу жар, жүйрік ат» дегендей «батыр» концептісін толық ашу үшін біз «ару», «тұлпар» микроконцептілеріне тоқталып өтеміз. «Ару» ең алдымен батырдың бейбіт өмірдегі серігі. Аққу мойын, алма мойын, қаз мойын т.б Әуелде аттың сипатына байланысты, кейін сұлу қыз, көрікті әйелдің мойнына қатысты айтылатын тұрақты тіркеске айналған. Аққу мен қыздың ұқсастығы кербездік, сұлулық концептісінен пайда болған. Бет жүзі – алма бет, аққұба, бидай өңді, толған айдай т.б Шашы – жібектей майда шаш, сүмбіледей қара шаш, қолаң жібек шаш, тізесіне төгілген т.б Бұл тілдік тұлғалар қазақ әйелінің сұлулығына қатысты сөздік қолданысы да халқымыздың мәдениетіне, ұлттық болмысына сәйкес келетінін байқатады.

Қазақ халқында қыздың жолы жіңішке, қыз қылығымен сүйкімді. Ақылымен дара. Көркімен көрнекті. Ер адамды қорғанышым деп біледі. Отбасының берекесін кіргізуші, қолы алтын нәзік жан. Жаугершілік замандағы қайсар әйел өзінің парасатты мінезімен, ар мен ұят алдындағы жауапкершілігімен ерекшеленіп, инабаттылықты мықты ұстанса керек. Гүлбаршын мен Құртқаның бойынан барлық ізгі қасиеттерді кездестіруге болады.

Гүлбаршын сұлу айдай боп, Қысыр емген тайдай боп, Оң жағына барды енді. Ғашық оты жағылып, Абыройы жабылып, Оң қолтыққа алды енді [8].

Жырдан қазіргі қазақ әйеліне тән имандылықтың қайнар көзін көруге болады. Қорытындылай келгенде, батырлар жыры – ауыз әдебиетіндегі ең бай да көне жанрлардың бірі. Бұл жырлар халық өмірінің тұтас бір дәуірін жан – жақты қамти отырып, сол тарихи кезеңдегі батырлардың сыртқы жауларға қарсы ерлік күресін, ел ішіндегі әлеуметтік қайшылықтар мен тартыстарды бейнелеп береді. Эпикалық батыр - ерекше «теңдесі жоқ» адам. Қаһарман суға салса батпайды, отқа салса жанбайды, кессе қылыш, атса оқ өтпейді. Бұдан қаһарман ерекше қасиет иесі екенін байқаймыз. Қаһармандық эпостағы әр бейне – этнос болмысын танытатын бейнелер.

#### **Әдебиет:**

1. Оразалиева Э.Н. Когнитивтік лингвистика: қалыптасуы мен дамуы. – Алматы, 2007.
2. Маслова В.А. Когнитивная лингвистика. – Минск: «Тетра Системс», 2004.
3. Ержанова А. С., Сыдықова А. К., Туребаева А. Е. Концепт ұғымының теориялық негіздері // Молодой ученый. – 2015. – №7.2. – С. 73-75.
4. Нұрдәулетова Б.И. Когнитивтік лингвистика. – Алматы: Асыл кітап, 2010.
5. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Жалпы редакциясын басқарған Т. Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.
6. Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді. – Алматы, 1999.
7. Алпамыс батыр. Эпостың баяны. А.Сейдімбек. – Астана: Фолиант, 2012. – 160 б.
8. Бабалар сөзі: Жүз томдық. т. 35: Батырлар жыры. – Астана: «Фолиант», 2006. – 392 б.



## ДИАЛОГТИК МӘТІН СИПАТЫ

*Данияр Ә.А.,*

*магистрант,*

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,*

*Астана, Қазақстан,*

*[aliya\\_daniyarova@mail.ru](mailto:aliya_daniyarova@mail.ru)*

### **Резюме**

Данная статья посвящена исследованию диалогического текста. В статье определяются основные виды и характерные особенности диалога. Анализируются примеры диалогического текста из художественных произведениях.

**Ключевые слова:** диалог, диалогический текст, диалогическая речь, реплика.

### **Summary**

This article is devoted to the study of dialogical text. The article defines the main types and characteristic features of the dialogue. Examples of dialogical texts from fictions are analyzed.

**Keywords:** dialog, dialog text, dialogical speech, replica.

Диалог – тілдік қарым-қатынастың табиғи формасы. Диалог тіл білімі мен әдебиет саласында ғалымдар назарынан тыс қалмай, жан-жақты зерттелу үстінде. Оған арналған ірі ғылыми зерттеулер бұл құбылыстың күрделілігі мен алуан түрлілігін көрсетеді.

Қазақ тіл білімінде диалог мәселесі жөнінде алғашқы пікірлерді А. Байтұрсынұлы мен Қ. Жұбанов көтерген болатын. Осы мәселенің кейбір аспектілері І. Кеңесбаев, М. Балақаев, Т. Қордабаев, Р. Сыздықова, Р.С. Әмір, К. Нұрмаханов, Х. Кәрімов, Ә. Жүнісбеков, Е. Есіркепов, З.Қ. Ахметжанова, М.К. Қармысова, Г.С. Иманғалиева, Д.Б. Абдукаримова еңбектерінде талқыланды. Ал орыс тіл білімінде диалог теориясының негізін Л.В. Щерба, Л.П. Якубинский, Е.Д. Поливанов, В.Н. Волошинов, В.В. Виноградов, М.И. Бахтин сынды ғалымдар қалаған. Ағылшын тілінде бұл мәселеге Л.П. Чахоян, С.С. Беркнер, Т.М.Власова, А.В. Кучер, Н.В. Буренина, Ю. Дубовский, В.В. Бузаров, Е.Е. Карпушиналардың зерттеу жұмыстары арналған.

Лингвистикалық сөздікте диалогке келесідей анықтама берілген: «Диалог (грек. dialogos – әңгіме, екі адамның сөйлесуі) – екі не бірнеше адамның жауап ретіндегі сөйлесіп, тіл қатысуы. Диалогтің сөздік құрамына әсер ететін факторлардың негізгісі сөзді қабылдау не қабылдамау» [1,72].

Әдебиеттану терминдер сөздігінде: «Диалог, сөйлестіру (грек. – dialogos) – әдеби шығармада екі кейіпкердің немесе бірнеше адамның сөйлесуі, оларды сөйлестіру тәсілі. Драмалық шығарма түгелдей дерлік сөйлестіруге және кейіпкерді сөйлетуге, монологқа негізделіп құрылады», - деп анықталған [2, 79]. О.С. Ахманованың лингвистикалық терминдер сөздігінде диалог ерекше сипатталған: «Диалог ағылш. dialogue. Әрбір пікір білдірудің әңгімелесушіге бағытталатын және әңгіменің тікелей тақырыбымен шектелетін сөйлеу формаларының бірі. Диалог жеке пікірлердің қысқалығымен және олардың синтаксистік құрылысының қарапайымдылығымен сипатталады» [3,132].

Қазақ әдебиеттану мен тіл білімі ғылымында ХХ ғасырдың 20-жылдары диалогтің көркемдік қызметі арнайы зерттеу нысанына алынбағанымен, оның шығарма құрылымындағы қызметі алғаш рет А. Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» еңбегінде қарастырылды: «Шығарманың мазмұны төрт түрде айтылады:

1. Жай сөйлеу түрде. 2. Сөйлестірген түрде. 3. Хат түрінде. 4. Аралас түрде [4, 13]. Бұл жерде ғалым анықтаған шығарма мазмұнының «сөйлестірген түрі» қазіргі диалогтік сипаттағы мәтінге жатады. Мысал ретінде «Еңлік-Кебек» пьесасынан үзінді келтіреді.

А. Байтұрсынұлы шығарма мазмұнын берудің төртінші – аралас түріне төменгідей сипаттама береді: «Шығару түрі шығармаларда дәйім бір өңкей болып, осы көрсеткен мысалдардағыдай кілең сөйлеу түрінде, я кілең сөйлестірген түрде, яки кілең хат түрінде болып айтыла бермейді. Көбінесе аралас түрде айтылады. Әсіресе сөйлеумен сөйлестірген

түрлері аралас келіп отырады» [4, 14]. Мысал ретінде «Жәнібек батыр» шығармасынан алынған үзіндіні ұсынады. Ғалымның сөз етіп отырған сөйлестірудің «аралас» түрі қазіргі таңда өте жиі кездесетін көркем прозадағы диалогтің үлгісіне жатады. Яғни, көркем шығармадағы қазіргі автор сөзі (жай сөйлеу) мен диалогтің (сөйлестірген түрі) араласып келуі.

XX ғасырдың екінші жартысынан бастап лингвистикалық зерттеулердің көптеген салаларында, атап айтқанда, мәтін лингвистикасы, психолінгвистика, прагмалінгвистика, сөйлеу актілерінің теориясы, дискурстық талдаулар, коммуникативтік лингвистика, тіл мәдениеті сынды салаларда тілдік қарым-қатынасты зерттеу барысында диалог мәселесі елеулі орын алды. Тіл біліміндегі диалог сөйлеудің табиғи формасы болғандықтан, ең алдымен, ауызекі сөйлеумен, көркем әдебиет және публицистикалық стильмен тығыз байланысты қарастырылады. Сондай-ақ, диалог ауызша ғылыми және ресми-іскери сөйлеу стильдерінде де жиі ұшырасады және дискурстық парадигмада да көрініс табады.

Диалогті зерттеу коммуникативтік тіл білімінің ең басты нысандарының бірі ретінде қарастырылатынын атап өткен жөн. «Жалпы диалогқа қатысты зерттеулердің негізінен үш бағытта қарастырылғанын байқауға болады: 1) диалог пен монологты салыстыру; 2) ауызша диалог пен көркем диалогті салыстыру; 3) белгілі бір автор шығармасындағы диалогтің сипаты» [5, 347].

Белгілі бір автор шығармасындағы диалогтің қолданылуы әдебиеттану ғылымындағы өзекті тақырыптардың бірі. Көркем шығарма көлемінде диалогтің ұтымды қолданылуы, сәтті шығуы қаламгер шеберлігінің көрінісі ретінде танылады. Х. Кәрімов диалогтің өзіндік түрлерін, көркемдік қызметін жан-жақты зерттей келе: «Көркем шығармадағы диалогтің басты қызметі – адам образын жасау. Себебі диалог адамдар арасында өмірде кездесетін сан қилы қарым-қатынасты бейнелеп, кейіпкерлер репликалары арқылы бір-біріне әсер етіп, адам мінезінің нақты түрде, нанымды түрде ашылуына көмектеседі, соның тілдік амалына айналады», - дейді [6, 33].

Көркем әдебиеттегі кейіпкер тілінің стильдік қызметін қарастырған К. Еңсебаева: «Диалог – образ жасауда шешуші фактор. Кейіпкерлерді есте қаларлықтай етіп беру-сәтті диалогтің жемісі», - деп атап көрсетеді де, диалог арқылы кейіпкердің бейнесін беруді екі топқа бөледі: сол сәттегі (кейіпкерді сөйлеткен сәттегі) оның бейнесін беретін диалог. Ол көбінесе кейіпкер тіліндегі одағай, қаратпа, шылау сөздер, сұраулы сөйлемдер арқылы көрінеді. Мұндай бейнені бір сәттік деп атауға болады. Кейіпкердің көркем бейнесі (жалпы бейнесі, образы). Кейіпкердің сөйлеу мәнері арқылы оның мәдениеттілігі, интеллекттігі, көне көзділігі немесе мәдениетсіздігі, дөрекілігі, ойнақылығы танылады [7, 48]. А.Қ. Айтбенбетованың «Ауызекі және көркем шығарма мәтіндегі диалог: лексикалық, синтаксистік және стилистикалық сипаттама» (2007) атты зерттеу еңбегінде ауызекі сөйлеу және көркем шығарма мәтіндегі диалогтің лексикалық, синтаксистік, стилистикалық ұқсастықтары мен өзгешеліктері айқындалады. Сонымен бірге қазақ және орыс тіліндегі материалдар салғастырыла қарастырылады [8].

Г.С. Иманғалиева «Типология диалога» атты зерттеу жұмысында диалог мәселесін қазақ тілі мен орыс тілі материалдары негізінде психолінгвистикалық, этнолінгвистикалық, әлеуметтік-лингвистикалық факторлар арқылы салыстыра зерттейді. Ғалым диалогтің тұрмыс-тіршілікте қолданылатын сөйлеу түрлерін және әлеуметтік, этникалық, психологиялық көрсеткіштерін басшылыққа алып, қатысым мақсатына қарай оның 3 түрін атап өтеді:

1) ақпараттық диалог: диалог-сұхбат, диалог-тергеу, диалог-хабарлама, диалог-түсініс.

2) прагматикалық диалог: диалог-тартыс, диалог-дау, диалог-ойталқы, диалог-өтініш, диалог-ұсыныс.

3) модальдық диалогқа: диалог-үндестік, диалог-жинақтау, диалог-сәлемдесу, диалог-қоштасу жатады [9, 56].

Диалогтік сөйлеудің негізгі құрылымдық және мазмұндық компоненттерін құрайтын екі адамның өзара сөйлесуін реплика дейміз. Репликаларға қатысты Ж.С. Қаңлыбаеваның «Коммуникативтік акт шеңберіндегі жауап репликаның қызметі» (2006) атты еңбегін атауға болады [10].

Неміс ғалымы В. Дресслердің пікірінше, «диалогтің өзіндік ерекшелігі оның қатысушыларының репликаларының мүшеленуінде. Бұл репликалар тәуелсіз болып табылмайды, олар өз алдына біртұтас ірі диалогтік мәтіннің бөлшектері ретінде танылады. Әрбір қатысушының сөздері ажыраған мәтіндік үзіндіні құрамайды, алайда соңғы пауза мен сөйлеушінің ауысуы негізінде жасалған әрбір реплика өз ішінде мәтіннің аяқталған үзіндісін құрайды» [11, 130]. Демек, диалогтық тіл – репликалардан тұратын ұдайы қабылдаулар арқылы әсер ететін, тілдік қызметте белсенді рөл атқаратын сөйлеудің түрі. Олай болса, диалогтің өзіне тән ерекшелігі – екі немесе одан да көп тұлғалардың сөйлесудегі шұғыл сөз алмасулары.

Диалогтік мәтін жалпы тіл білімінде мағынасы жағынан және мақсаты жағынан ұйымдастырылған фразалар мен фразалық бірліктердің жиынтығы ретінде түсіндіріледі. Ғалым Н.С. Валгинаның пікірінше, «диалогтік мәтін әдетте әртүрлі адамдарға қатысты репликалардың комбинациясы ретінде ұсынылады» [12,113].

Қазіргі таңда тіл білімінде тілдің қарым-қатынас қызметі жеке бірліктер түрінде емес, өзара хабар алысатын саналы әрекет түрінде жүзеге асатындығы айқындалып келеді. Тұлға аралық қатысымның, диалогті қатысымның компоненттері ретінде төменгілерді атауға болады:

- 1) сөйлеуші мен адресат;
- 2) сөйлеушінің коммуникативті ниеті, уәжі, қатысым мақсаты;
- 3) қатысым өтетін уақытпен кеңістікке (коммуникативті акт барысындағы қатысымның жалпы әлеуметтік-саяси, тарихи-мәдени жағдаяттарына сүйенетін шарттарын белгілейтін экстралингвистикалық мәнбірлер) байланысты шынайылық деңгейі;
- 4) белгілі бір қоғамдық және статустық рөлі бар коммуниканттардың өзара қарым-қатынасы;
- 5) қатысым жағдаятына сай пресуппозициялары (авторлық интенцияның дұрыс қабылдануы, өйткені сөйлесімнің прагматикалық мағынасы сөйлеуші мен адресаттың пресуппозицияны оқи алуы, тезаурустарының ұқсастығын, импликацияны анықтай алу қабілеттілігіне байланысты жүзеге асатынын) [5].

Диалогтік сөйлеуде әдетте сөз үнемдеудің әмбебап принципі айқын көрінеді. Себебі диалогқа қатысушылар нақты жағдайда қарым-қатынас жасаудың бейвербалды амалдары – интонация, ым-ишарат, дене қозғалысы және т.б. арқылы тілдік бірліктерді аз жұмсайды. Диалогтің жазбаша түрдегі қолданысында бұл жағдай міндетті түрде ремарка, түсінік түрінде жазылып, автордың жеткізуі арқылы көрінеді.

Диалогтік мәтін үлгісі болатын көркем әдеби шығармадан алынған алғашқы мысалға тоқталайық:

Шамнан шыққалы шал көзі іңір қараңғысында аттан түспей тұрған адамды жыға танымады.

– Уа, бұ қайсың?

– Мен ғой, – дегенінен-ақ кассир Басар екенін білді қарт.

– Таңертең жиналыс, – деді Басар, – қойды кемпірге қалдыра тұрып келсін дейді.

– Е, ол не жиын?

– Басқарма сайлау болса керек (Х. Ерғалиев. «Ауылға кел» әңгімесі).

Бұл диалогтік мәтін ақпараттық диалог тұрғысынан диалог-хабарламаға жатады. Себебі шығармадағы Басар кейіпкер диалогтің үшінші сөйлемінен үйдегі қарияға нақты ақпарат-хабарды (Таңертең жиналыс) жеткізіп тұр. Соған қоса хабарлаушы кейіпкер болатын жиынның тақырыбын (Басқарма сайлау болса керек) да атап өтеді. Прагматикалық диалог түрінен алғанда Басар кейіпкерінің қарттың жиналысқа міндетті түрде келуін (қойды кемпірге қалдыра тұрып келсін дейді) ескертіп өткендіктен, диалог-өтініш түріне

жатқызамыз. Модальдық диалог тұрғысынан диалог қарт пен Басардың кездесуінен басталатындықтан диалог-сәлемдесуге жатады (асты сызылған сөйлемдер)

Соған қоса, көркем шығармаларда өте жиі кездесетін сұрақ-жауапқа негізделген диалогтік мәтінді мысалға келтіруге болады:

– Өт, өте бер, әжетай! – деймін «туфлиге» машинаның астынан үңіліп жатып.

– Мен әже емеспін! – деп әсел де ойынға айналдырды. Бұл біздің біздің ең алғаш кездескен жеріміз болатын.

– Енді кімсің?

– Қызбын.

– Қызбысың? Сұлусың ба?

– Қара алдымен (Ш. Айтматов. «Шынарым менің, шырайлым менің» хикаяты).

Бұл диалог екі адам арасындағы әңгімелесуден басталып, сұрақ-жауап репликалары арқылы жалғасатындықтан ақпараттық диалогтің диалог-сұхбат түріне жатады. Бірінші реплика мен оған жауап ретіндегі екінші реплика әңгіменің әрі қарай тартысты өрбуіне әкелетіндіктен прагматикалық диалогтің диалог-тартыс түріне, ал «Енді кімсің?», «Қызбысың? Сұлусың ба?» сынды тік сұрақ репликаларының берілуі оған сәйкес тік қайтарылатын жауаппен үндесетіндіктен модальдық диалогтің диалог-үндестік түріне жатқызуға болады. Бұл диалогтік мәтіннің эмоционалды-экспрессивтік жағы кейіпкерлердің бірінші және екінші сөйлемдеріндегі репликаларынан көрінеді. Себебі автор тарапынан лепті сөйлемдердің берілуі диалогқа қатысушылардың көңіл-күйін, нақты эмоциясын білдіріп тұр. Соған қоса, «Өт, өте бер, әжетай! – деймін «туфлиге» машинаның астынан үңіліп жатып» сөйлемінен кейіпкердің әдейі кекесін мәнде, мазақ түрінде екінші кейіпкерді сөзге тарту үшін «әжетай» қаратпа сөзін қолданғанын аңғаруға болады.

Көркем шығармаларда монолог мәтіні (автор тарапынан) өзіне диалогтік мәтіннің үзінділерін қоса алады немесе керісінше диалог ішінде монологтік мәтін енуі мүмкін. Келесі диалогтік мәтін монолог пен диалогтің тіркесуінің көркем прозадағы көрінісіне мысал бола алады:

– Сен мықты едің ғой. Сәл-пәл емделген соң сақайып кетерің сөзсіз. Алдағы жылы, әлі дүркіретіп, көкем екеуіңнің мерей тойларыңды өткіземіз, көрде тұр осыдан. Сол үшін күш жинауың керек қой... Марғау болмашы езу тартты.

«Өздерінің мерей тойдан үміттері бар. Ал, менің бүгін бе, ертең бе деп қалт-құлт етіп отырысым мынау».

– Үйде жатқаным-ақ жақсы болар еді. Дәрісін осында алдыртып құйса, қайтеді екен.

– Оған келіспей отыр ғой (Ш. Бейсенова. «Бір махаббат баяны» хикаяты).

Бұл жерде Марғау кейіпкердің ішкі ойы монолог түрінде беріліп, диалогтік мәтіннің жалпы мазмұнының бір бөлігі ретінде жұмсалған. Автор кірістірілген монолог арқылы кейіпкердің ішкі күйзелісін, мұңын көрсетеді. Атап айтқанда, ішкі монологтің берілуі диалогтік мәтіннің де өзіндік сипатын айқындауға мүмкіндік береді. Демек, диалогтік мәтіннің аясы автор сөзі мен диалогпен ғана шектелмейді, оның аясында монологтік мәтін де қамтылады.

Автор тарапынан диалогті беруде әдеттегі кезектесіп сөйлеу түріндегі тік бағыттағы қалыппен емес, бір абзац ішіне кірістірілген түрі де жиі кездеседі:

Қытай өткелі, тап-таза алаңға машиналар рет-ретімен тізілді де адамдарды төкті, көз ілестірмей кедендік тексерістен өткізді. Артқы жағындағы қарияның сөмкесін көтеріп келе жатқан Бауыржанды, «Ішінде пышақ бар екен», - деп қытай қызметкері селк еткізді. Сасқан Бауыржан: «Ол жанымдағы қарияныкі», - деді. Қызметкер: «Өте бер», - деп қолымен үнсіз ишара жасады. Қазақ жағы оны білді ме? Білсе де, үнсіз өткізді ме, ол жағы Бауыржанға беймәлім (Н. Абдырақын. «Шексіз мейір» әңгімесі).

Жоғарыда көрсетілген көркем шығармалардан алынған мысалдар диалогтік мәтіннің айқын көрінісі бола алады және оның негізгі атқаратын қызметін таныту мақсатында жасалған талдаулар диалогтік мәтіннің белгілерін байқатады. Себебі «диалог» табиғатынан өзіндік жан-жақтылығымен, көп қырлығымен ерекшеленеді. Демек, қазіргі қазақ тіл

білімінде көркем шығармалардағы диалогтік мәтін сипатын анықтауға, қызметін айқындауға бағытталған ізденістердің жанданып келетінін айтуға болады. Әсіресе, дискурстық, сөйлеу актілері теориясы, әлеуметтік тіл білімі мен коммуникативті-прагматикалық сынды лингвистикалық бағыттарда зерттеу нысанына алынуда.

**Әдебиет:**

1. Салқынбай А., Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. – Алматы: Сөздік-словарь, 1998. – 304 б.
2. Тимофеев Л., Венгеров Н. Краткий словарь литературоведческих терминов. – М.: Советский писатель, 1968. – 188 с.
3. Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. – М.: Советская энциклопедия, 1966. – 606 с.
4. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.
5. Рамазанов Т.Б. Ақапараттық диалогтың прагматикасы // Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Хабаршысы 2-басылым. – Алматы, 2016. – № 306. – 346-351 бб.
6. Кәрімов Х. Қанатты тіл. – Алматы, 1995. – 144 б.
7. Еңсебева К. Қазіргі көркем әдебиеттегі кейіпкер тілінің стильдік қызметі. Филол. ғыл. канд... автореф. – Алматы, 1999. – 28 бет.
8. Айтбенбетова А.Қ. Ауызекі және көркем шығарма мәтініндегі диалог: лексикалық, синтаксистік және стилистикалық сипаттама. – Алматы, 2007. – 29 б.
9. Иманғалиева Г. Типология диалога. Дисс... канд. филол. наук. – Алматы, 1999. – 121 с.
10. Қаңлыбаева Ж.С. Коммуникативті акт шеңберіндегі жауап репликаның қызметі. Филол. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 2006. – 24 б.
11. Дресслер В. Синтаксис текста. // Новое в зарубежной лингвистике. Вып.8. – М.: Прогресс, 1978. – 130 с.
12. Валгина, Н.С. Теория текста. – М.: Логос, 2003. – 173 с.

## **АКСИОЛОГИЧЕСКАЯ ЛИНГВИСТИКА: СТАНОВЛЕНИЕ И РАЗВИТИЕ**

*Джамбаева Ж.А.,  
доктор филологических наук,  
Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева,  
Астана, Казахстан,  
[dzhambayeva@gmail.com](mailto:dzhambayeva@gmail.com)*

**Түйіндеме**

Мақала тіл білімі ғылымының жаңа бағыты – аксиологиялық тіл білімінің қалыптасуына арқау болған жұмыстарды шолуға және талдауға арналған. Аксиологиялық тіл білімінің теориялық және әдіснамалық негіздері мен ұғымдық аппараты қарастырылады.

**Summary**

The article is devoted to the review and analysis of the works that served to the formation of a new direction in linguistics - axiological linguistics. The theoretical and methodological foundations of axiological linguistics, its conceptual apparatus, are considered.

В современной лингвистической науке возрастает интерес к изучению аксиологической составляющей языкового значения и речевых смыслов. Этот интерес обуславливается тем, что человек, основываясь на своем «аксиологическом видении мира», формулирует оценочные суждения по отношению к тем реалиям, которые появляются в его жизни. Так образуется аксиологический аспект взаимоотношений личности с окружающей его реальностью, который закрепляется в его сознании и языке в виде ценностной картины мира.

В 90-е годы XX века лингвисты выдвинули тезис о том, что ценности имеют свойство объективироваться в языке. Основой для исследования ценностей в языке послужили положения лингвокультурологии. В лингвокультурологии исследуется взаимодействие языка и культуры, а языковая объективация ценностей изучается как один из аспектов этого

взаимодействия. Интерес лингвистов к изучению ценностей в языке послужил становлению нового направления в науке о языке – аксиологической лингвистики, идеи которой особенно активно развивают представители волгоградской лингвистической школы (В.И. Карасик, Е.В. Бабаева, Г.Г. Слышкин, Н.А. Красавский, А.Н. Усачева и др.).

Аксиологическая лингвистика – это исследовательский подход, применимый к целому ряду конкретных лингвистик и использующий их достижения в своих целях. Диада «язык – человек» в аксиологической лингвистике уточняется и включает компоненты: «язык – человек – ценностное сознание – культура». Е.В. Бабаева в связи с этим подчеркивает: «мир ценностей локализован в сознании» [1: 64].

Вместе с тем установлено, что в каждой культуре имеется своя система убеждений, ценностей и норм взаимодействия, разделяемая представителями

соответствующей культуры, а значит для аксиологической лингвистики важно учитывать взаимосвязь ценностей и культуры. Таким образом, аксиологическая проблематика включает принципы и стратегии формирования ценностного сознания, ценностного отношения и ценностного поведения языковой личности в призме её культурной идентичности.

Аксиологический анализ позволяет выявить специфику взаимодействия человека и окружающего его мира, который, по мнению Е. Вольф: «членится говорящим с точки зрения его ценностного характера – добра и зла, пользы и вреда, и это вторичное членение, обусловленное социально, весьма сложным образом отражено в языковых структурах» [2: 12].

Центральным понятием аксиологической лингвистики является «ценность», которая с лингвистической точки зрения определяется по-разному. Так, В.И. Карасик рассматривает ценности как «высшие ориентиры, определяющие поведение людей» [3: 139]. Е.В. Бабаева считает, что ценности – это цели, ориентирующие человека в его деятельности и детерминирующие нормы его поведения [1: 60]. А.Н. Усачева под ценностями понимает «исторически сложившиеся обобщенные представления людей о типах своего поведения, возникшие в результате оценочно-деятельностного отношения к миру, образующие ценностную картину мира, закрепленную в сознании представителей отдельного этноса и зафиксированную в языке этого этноса» [4: 26]. По определению Н.Ф. Алефиренко, ценности – это не материальные или духовные объекты, а модусные (культурно-значимые) отношения человека к окружающему миру, служащие ему ценностными ориентирами [5: 160].

Исследование ценностей с различных точек зрения с различными целями привело к тому, что в науке на сегодняшний день нет унифицированной классификации ценностей. Так, в теории Г.П. Выжлецова ценность имеет многоуровневую структуру, в которую включаются польза, норма и идеал. Уровню пользы соответствуют материальные и экономические ценности, уровню нормы – социальные (политика, право, мораль), уровню идеала – духовные ценности (религия, нравственность, искусство) [6: 73-74]. Исследователь также дает определение общечеловеческих ценностей – это «есть не что иное, как социокультурные значимости и нормы, полученные в результате преломления духовных ценностей идеала в основных сферах жизни общества и являющихся поэтому ядром экономической, политической, правовой и моральной культуры» [Там же: 92]. В вопросе классификации ценностей, на наш взгляд, ясно одно, что есть ценности универсальные (общечеловеческие), культурные и индивидуальные.

Анализ работ, посвященных лингвистическому исследованию ценностей, показывает, что методика изучения ценностей в языке базируется на понятии «концепт» (лингвокультурный концепт, культурный концепт) и представляет собой систему исследовательских процедур, направленных на освещение различных сторон концептов, а именно смыслового потенциала соответствующих концептов в той или иной культуре.

Лингвистические ценности могут описываться в виде культурных концептов, а методы изучения концепта выступать методами лингвистического изучения ценностей. Описание концепта, по словам Е.В. Бабаевой, включает такие процедуры, как 1)

дефинирование, 2) контекстуальный анализ, 3) этимологический анализ, 4) паремиологический анализ, 5) интервьюирование, 6) анкетирование, 7) комментирование [1: 113]. Лингвистический анализ ценностей предполагает ряд процедур. Предварительный этап исследования направлен на выявление свидетельств (как правило, экстралингвистической информации) о возможном применении ценностной квалификации к анализируемому понятию. На это могут указывать древность его происхождения, функционирование в роли базовой категории в различных научных областях, сопоставление с важнейшими ценностными смыслами в художественных произведениях. В качестве параметра, определяющего статус концепта в лингвокультуре, предложен «индекс интертекстуальности», проявляющийся в частотности случаев рефлексивного обсуждения понятий в текстах культуры. Дальнейшие этапы лингвокультурологического анализа концепта включают:

1. Определение содержательного минимума, установление необходимого и достаточного количества структурных элементов, которые в совокупности могут выполнять функцию замещения.

2. Выявление дополнительных признаков, указывающих направления, в которых осуществляется конкретизация концепта.

3. Описание ассоциативного поля, включая образы (на основе анализа внутренней формы, метафоры), эталоны (выраженные в устойчивых сравнениях), оценки.

4. Характеристика нормативно-ценностной составляющей, основанная на сопоставлении сочетаемости понятийных признаков с позитивными и негативными оценочными компонентами.

Указанные этапы лингвокультурного анализа концепта позволяют раскрыть только одно из измерений аксиологической картины мира, а именно содержательные характеристики ее базовых единиц [Там же: 113-114].

В.И. Карасик, рассматривая критерии отбора ценностей для исследования, вводит понятие номинативной плотности: «Важным объективным показателем актуальности той или иной сферы действительности для конкретного сообщества является понятие номинативной плотности, т.е. детализация обозначаемого фрагмента реальности, множественное вариативное обозначение и сложные смысловые оттенки обозначаемого» [3: 133].

По мнению Г.Г. Слышкина, «характеристика актуальности лингво-культурного концепта, основанная на признаке номинативной плотности, будет заведомо неполной. Лингвокультурный концепт является двусторонним ассоциативным феноменом. Его языковую репрезентацию нельзя сводить лишь к процессу означивания его собственного референта. Параллельно всегда протекает процесс эксплуатации концепта для означивания других сущностей, выражающийся во вторичных значениях имени концепта. Актуальность концепта предполагает регулярное метафорическое переосмысление номинирующих его единиц. Метафорическая диффузность является для исследователя не менее значимой характеристикой концепта, чем номинативная плотность. Интенсивность функционирования концепта выражается в сумме двух показателей: номинативной плотности и метафорической диффузности» [7: 52-55].

Отметим, что практически во всех вышеуказанных работах методом исследования аксиологической лингвистики утверждается текстовый анализ: тексты, ценностно насыщенные или ценностно нейтральные. При этом подчеркивается, что при отборе ценностей для исследования следует учитывать и сведения из других наук.

Таким образом, всеми исследователями признается, что концепт есть та структура сознания, в которой фиксируются ценности культуры, поскольку центром концепта всегда является ценность. Следовательно, основной единицей, базовым понятием аксиологической лингвистики является концепт.

Считаем, что изучение как ценностей, так и представляющих их концептов должно происходить комплексно, применением ряда исследовательских методов. Одним из наиболее

эффективных методов лингвоаксиологии должен быть признан метод ассоциативного эксперимента, ориентирующий на развитие психолингвистического направления аксиологической лингвистики, поскольку концепт – это структура ментальности, он локализован в сознании (языковом сознании), а в исследовании языкового сознания особое место занимают психолингвистические эксперименты [8].

В рамках комплексного осмысления ценностей в языке, наряду с языковой, предлагается выделение и рассмотрение ценностной (аксиологической) картины мира, которая реконструируется в виде взаимосвязанных оценочных суждений. В.И. Карасик отмечает: «Мы исходим из того, что наряду с языковой картиной мира объективно выделяется ценностная картина мира» [3: 5].

Ценностная (аксиологическая) картина мира, представленная в языке, ориентирует человека в системе ценностей, дает общее направление его стремлениям и жизненным целям. Так, понятия «правда», «красота», «справедливость» в соответствии с общенациональными установками маркируются в сознании представителя того или иного этноса положительной оценкой; понятия «ложь», «уродство», «несправедливость» – отрицательной. Эта аксиологическая проекция «наивной» картины мира дополняется программированием той информацией (наставления родителей и знакомых, литература, произведения искусства, воздействие СМИ и т.д.), которая проходит сквозь жизнь человека, особенно в период формирования его мировоззренческих установок – в детстве и юности.

При изучении ценностной (аксиологической) картины мира в языке необходимо исходить из следующих положений, представленных в концепции В.И. Карасика:

- ценностная картина мира в языке включает общечеловеческую и специфическую части, при этом специфическая часть этой картины сводится к различной номинативной плотности объектов, различной оценочной квалификации объектов, различной комбинаторике ценностей;

- ценностная картина мира в языке реконструируется в виде взаимосвязанных оценочных суждений, соотносимых с различными кодексами, общепринятыми суждениями здравого смысла, типичными фольклорными сюжетами;

- между оценочными суждениями наблюдается отношение включения и ассоциативного пересечения, в результате чего можно установить ценностные парадигмы соответствующей культуры (из определенного типа отношения к старшим и младшим можно вывести тип отношения к собственности, состязанию и т.д.);

- в ценностной картине мира существуют наиболее существенные для данной культуры смыслы, ценностные доминанты, совокупность которых и образует определенный тип культуры, поддерживаемый и сохраняемый в языке;

- ценностная картина мира в рамках одной языковой культуры представляет собой неоднородное образование, поскольку у разных социальных групп могут быть различные ценности;

- ценностная картина мира существует как в коллективном, так и в индивидуальном сознании. Типы речевой культуры – элитарная, среднеэлитарная, народно-речевая и другие тесно связаны с ценностной картиной мира [3: 5].

Как полагает З.К. Темиргазина, «ценностную картину мира составляет система различных ценностей, культивируемых в конкретном обществе, упорядоченных им в определенной иерархии... В ней различается инвариантная часть, содержащая общечеловеческие ценности, которые обусловлены спецификой национальной культуры, особенностями социально-исторического развития народа» [9: 9-11].

Ценностная (аксиологическая) картина мира может складываться у человека в течение всей его жизни, под влиянием культуры, традиций, обычаев общества, в котором он живет, под влиянием традиций семьи, членом которой он является, и, наконец, под влиянием языка, носителем которого он является. Ценности, присущие тому или иному народу, находят свое отражение в поведении и принципах отдельного человека.



Таким образом, проблема ценностей – вечная проблема, ставшая вновь современной и актуальной, и связанной с вопросами о полезном и вредном, добре и зле, справедливом и несправедливом, должном и недопустимом, прекрасном и безобразном, об идеале и благе. Недостаточная изученность данной проблемы предопределяет необходимость дальнейшего исследования таких проблем в лингвистике.

#### **Литература:**

- 1 Бабаева Е.В. Лингвокультурологические характеристики русской и немецкой аксиологических картин мира. – Волгоград: Перемена, 2004. – 438 с.
- 2 Вольф Е.М. Функциональная семантика оценки. – М.: Наука, 2002. – 229 с.
- 3 Карасик В.И. Языковой круг: личность, концепты, дискурс. – Волгоград: Перемена, 2002. – 477 с.
- 4 Усачева А.Н. Лингвистические параметры концепта «состояние здоровья» в современном английском языке: автореферат дисс. канд. филол. наук. – Волгоград, 2002. – 17 с.
- 5 Алефиренко Н.Ф. Ценностно-смысловая природа этноязыкового сознания // Аксиологическая лингвистика: проблемы изучения культурных концептов и этносознания. – Волгоград: Колледж, 2002. – С. 159-167.
- 6 Выжлецов Г.П. Аксиология культуры. – СПб.: Изд-во СПбГУ, 1996. – 320 с.
- 7 Слышкин Г.Г. Лингвокультурные концепты и метаконцепты: дис... д-ра филол. наук. – Волгоград, 2004. – 323 с.
- 8 Джамбаева Ж.А. Аксиологические стереотипы языкового сознания казахстанцев: дис... д-ра филол. наук. – Кекшетау, 2010. – 444 с.
- 9 Темиргазина З.К. Оценочные высказывания в современном русском языке: дис... д-ра филол. наук. – Алматы, 1999. – 290 с.

## **АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ҰЛТТЫҚ КОГНИТИВТІК ЛИНГВИСТИКАНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ**

**Жұбаева О.,**

*филология ғылымдарының докторы,  
А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты,  
Алматы, Қазақстан,  
[alm-ornai@mail.ru](mailto:alm-ornai@mail.ru)*

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Әжептәуір жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады. Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу», – деген болатын. Бұл орайда А.Байтұрсынұлы еңбектері – ұлттық кодқа негіз бола алады. Ұлттық тілді ұлтты, қоғамды дамытудың, ілгері бастырудың құралы ретінде пайдаланған ғалым оқулықтарын «Тіл – құрал» деп атаған. «Өзіміздің елімізді сақтау үшін бізге мәдениетке, оқуға ұмтылу керек. Ол үшін, ең алдымен, әдебиет тілін өркендету керек. Өз алдына ел болуға өзінің тілі мен әдебиеті бар ел ғана жарай алатындығын біз ұмытпауға тиіспіз» – деп жазған ғалым атауларды (термин) қазақ тілі негізінде жасап шығарған. Ол ұстанымды когнитивті грамматикаға қатысты атауларынан да айқын көрінеді.

Бүгінгі таңда когнитивтік бағыттағы зерттеулерде тілдегі білімнің көрінісін сипаттауға бағытталған ізденістер жанданып келеді. Жалпы тіл біліміндегі жаңа бағыттар ретінде сипатталғанмен, қазақ тіл білімінде бұл бағыттағы зерттеулер А.Байтұрсынұлы еңбектерінен бастау алады. Ғалым зерттеулерінде тіл мен сана, тілдік сана, тіл мен таным, ұғым, концептуалдау және категориялау, сөздің лексикалық және грамматикалық мағыналары, грамматикалық мағынаның сипаты т.с.с. мәселелер жан-жақты сөз болған. Ақиқат болмысты танып-түсіну нәтижесінде жинақталған ақпарат тілде көрініс табады. Ғаламды сөзбен көрсету (А.Байтұрсынұлы термині) субъективті сипатта, себебі онда нақты

бір адамның көзқарасы, дүниетанымы көрінеді. Ол атадан балаға берілетін категориялар жүйесі арқылы белгілі бір код құрап, дайын күйінде қабылданылып отырады. Адамның болмысты тану, түсіну нәтижесінде жинақтаған білімі тілдік бірліктерде көрініс табады. Адам өзіне дейінгі жинақталған білім қорын қабылдау арқылы этномәдени қауымдастықтың өмір тәжірибелерін де қабылдайды. Адамның танымдық әрекеті – ақиқат болмысты тануға, қоршаған ортаны түйсініп, жинақталған білімдер негізінде әлемдегі орнын түсінуіне бағытталады. Адам қашанда әлемді танып, өз орнын айқындауға талаптанады. Тіл – сөйлерменнің дүниетаным ерекшеліктерін бейнелейтін құрал, ерекше ұлттық ділдің көрсеткіші, мәдениеттің негізі. Тіл – адам санасының көрсеткіші. «Тіл – мәдениет – этнос» мәселесінде этномәдени сананың орны ерекше. Этномәдени сана – белгілі бір қоғам үшін әлеуметтік мәні ерекше болатын білімдер жиынтығы, ол тіл арқылы көрініс тауып, сақталып отырады. Себебі тіл, мәдениет, этнос өзара тығыз байланысты. Тіл – мәдениеттің құралы, құраушы бөліктерінің бірі болумен қатар белгілі бір тілдік ортада дамитын этникалық тұлғаның өзегін құрайды. Әрбір сөйлермен мәдениетті жеткізуші болып табылады, тілдік таңбалар мәдениет таңбасы ретінде де қолданылып, ұлттық мәдениеттің ерекшелігін білдіреді.

Адамның болмысты түсінуі таным әрекетінің маңызды үдерістерінің бірі – концептуалдаумен тығыз байланысты. Ол адамның ақпаратты қабылдап, тәжірибесіндегі ең кіші бірліктерді айқындауына, заттар мен құбылыстарды концепт түрінде жіктеуіне байланысты болады. Бұл концептілердің негізгі бөлігі тілде сөз мағынасы арқылы бекиді, сол арқылы білім сақталып, ұрпақтан ұрпаққа жеткізіліп отырады. А.Байтұрсынұлы көрнек өнерінің бес түрін (сәулет өнері, сымбат өнері, сүгіреттеп көрсету өнері, әуез өнері, сөз өнері) көрсетіп: «Өнердің ең алды сөз өнері деп саналады. «Өнер алды қызыл тіл» деген қазақ мақалы бар. Мұны қазақ сөз баққан, сөз күйттеген халық болып, сөз қадірін білгендіктен айтқан. Алдыңғы өнердің бәрінің қызметін шама қадарынша сөз өнері атқара алады. Қандай сәулетті сарайлар болсын, қандай сым- батты я кескінді сүгіреттер болсын, қандай әдемі ән-күй болсын сөзбен сөйлеп, сүгіреттеп көрсетуге, танытуға болады. Бұл өзге өнердің қолынан келмейді», – дейді [1, 341]. Осы бір шағын мәтінде ғалым концептуалды мазмұн мен тілдің өзара байланысын, концептуалды мазмұнды тілдің көмегінен сипаттау мүмкін еместігін, санадағы құбылыстарды тіл ғана бейнелей алатынын ескертеді.

А.Байтұрсынұлы сөз өнері ғылымын екіге бөледі: 1) шығарманың түрінің ғылымы, 2) шығарманың тілінің ғылымы. Тілінің ғылымы дыбыстардың, сөздердің, сөйлемдердің заңынан шығатын тіл өңінің жүйелерін танытады, ал түрінің ғылымы сөз өнерінен шыққан нәрселердің мазмұн жағының жүйелерін танытады. Сондықтан сөз өнерінің ғылымы тіл өңі жағынан тіл я лұғат қисыны болып, мазмұн жағынан қара сөз жүйесі, дарынды сөз жүйесі болып бөлінеді. Ғалым сөз өнері адам санасының үш негізіне (1) ақылға; 2) қиялға; 3) көңілге) тірелетінін айта келіп, әрқайсысының өзіндік ерекшелігін көрсетеді (Ақыл ісі – аңдау яғни нәрселердің жайын ұғу, тану, ақылға салып ойлау. Қиял ісі – меңзеу яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бернесіне ұқсату, бернелеу, суреттеп ойлау. Көңіл ісі – түйю, талғау) де: «Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түйюін түйгенінше айтуға жараян», – деп қорытады.

Сан ғасырлар бойы жинақталған білім қоры салт-дәстүр, дағды біліктер, ойлау ерекшеліктері, дүниетаным белгілі бір этникалық мәдени қауымдастыққа тән сипат алады. Тілдік таңба этнотілдік сананың көрсеткіші болып табылады. Тіл мәдениеттің дамуына ықпал етіп отырады. Белгілі бір этникалық және мәдени қауымдастықтың өкілі ретіндегі жеке адамның ойлауы тілге байланысты болады. Тіл – халықтың рухы, халық рухы тіл арқылы көрінеді. Сол себепті тіл, әр ұлттың мәдениеті ерекше болады. Оларды біріктіруге болмайды. Бүгінгі таңдағы шеттілдік атаулардың орнына А.Байтұрсынұлы түсінікті де ыңғайлы қазақы атауларды пайдаланған. Қазіргі кезде когнитивті бағыттағы зерттеулерде «языковая картина мира» «дүниенің тілдік бейнесі», «ғаламның тілдік бейнесі», «әлемнің тілдік бейнесі» деген аудармалар қолданылып жүр. Бұл орайда ғалым «ғаламды сөзбен көрсету» деген атауды ұсынады: «Ақын-жазушылар ғалымдар сияқты болған уақиғаны яки

нәрсені болған күйінде, тұрған қалпында бұлжытпастан айтып, дұрыс мағлұмат беріп, ақиқаттауға тырыспайды, тұрған нәрсе тұрған күйінде, болған уақиға болған күйінде ақынға өте үйреншікті, жай қалыпты, жабайы көрінеді. Оның бәрін ақындар өз көңілінше түйіп, өз ойынша жорып, өз ұйғаруынша сүгіреттеп көрсетеді. Сол өзі ұйғарған түріндегі ғаламды сөзбен көрсетуге бар өнерін, шеберлігін жұмсайды, сүйтіп шығарған сөзі көркем сөзді шығарма болады. Оны шығаруға жұмсайтын өнердің аты ақындық болады».

«Дүниенің тілдік бейнесі», «ғаламның тілдік бейнесі», «әлемнің тілдік бейнесі» деген баламалар – қазақ тілінің сөзжасам, сөзқолданыс табиғатына қайшы, калька жолымен жасалған. «Тілдік тұлға» атауына қатысты да соны айтуға болады. Ал А.Байтұрсынұлы ұсынған «ғаламды сөзбен көрсету» деген атау қазақы дүниетанымға тән, дәл атау екеніне талас жоқ. Сол себепті бұл атауды ғылыми айналымға енгізу қажет.

А.Байтұрсынұлы: «...Қазақ тіліндегі сөздердің бәрін білгеніміз қазақ тілін қолдану болып табылмайды. Тілді қолдана білу деп айтатын ойға сәйкес келетін сөздерді таңдап ала білуді және сол сөздерді сөйлем ішіне орын-орнына дұрыстап қоя білуді айтамыз», – деген еді [1, 369-б.]. Расында да, қазақша сөйлеушілердің бәрін бірдей қазақша дұрыс сөйлеп тұр деп қабылдай беруге болмайды. А.Байтұрсынұлы шығарма сөзінің өнді, ұнамды болуы үшін сөз дұрыстығы, тіл тазалығы, тіл (лұғат) анықтығы, тіл дәлдігі, тіл көрнектілігі сияқты шарттардың ескерілуі қажеттігін айта келіп, сөз дұрыстығы үшін:

1) сөздердің тұлғасын, мағынасын өзгертетін түрлі жалғау, жұрнақ, жалғаулық сияқты нәрселерді жақсы біліп, әрқайсысын өз орнына тұтыну;

2) сөйлем ішіндегі сөзді дұрыс септеп, дұрыс көптеп, дұрыс ымыраластыру;

3) сөйлемдерді бір-біріне дұрыс орайластырып, дұрыс құрмаластырып, дұрыс орналастыру керектігін көрсеткен еді [1, 350-б.].

Ғалым тіл мен ұлттық ділдің өзара қатысы туралы: «Халық өмірі бір жылдап, он жылдап, хәттә жүз жылдап та емес, мың жылдап саналады. Сондай ұзақ өмірінің ішінде һәр халықтың дағдылы тұтынып келе жатқан сөздері, ол сөздерінің біріне-бірі жалғасып тізілетін дағдылы жолы, жүйесі, қисыны болады. Һәр жұрттың түрінде, тұтынған жолында, мінезінде қандай басқалық болса, тілінде һәм сондай басқалық болады. Біздің жасынан орысша я ноғайша оқыған бауырларымыз сөздің жүйесін, қисынын нағыз қазақша келтіріп жаза алмайды, я жазса да қиындықпен жазады. Себебі жасынан қазақша жазып дағдыланбағандық. Орысша оқығандар орыс сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген. Ноғайша оқығандар ноғай сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген. Қазақ сөздерін алып, орыс я ноғай сөзінің жүйесімен тізсе, ол нағыз қазақша болып шықпайды» [1, 142-б.], – деп жазған еді.

А.Байтұрсынұлы ұстанымдары терминжасамда негізгі бағдар болуға тиіс. Тіл тағдыры мен ұлттың тағдыры тығыз байланысты.

А.Байтұрсынұлының «Сөзі жоғалған халықтың өзі де жоғалады», – деуінің терең астары бар.

А.Байтұрсынұлы лексикалық бірліктердің белгілері мен өзара байланысын ескере отырып, сөз таптарын белгілі бір грамматикалық топқа жатқызған. Сөз таптары – адамның таным әрекеті арқылы айналасын категориялау негізінде қалыптасады. Сондай-ақ сөз таптарын табиғи категория ретінде қарастыруда адамның сан ғасырлық тәжірибесін түйсіну, оны тілдік құралдармен объективтендіруге негізделген когнитивті қабілеті көрініс табады. Тілдік семантика тілдік таңбаларда бейнелейтін, сөз таптары арқылы көрініс табады. Түрлі сөз таптары (зат есім, сын есім, етістік т.б.) қолданыс барысында сананың түрлі құрылымдарын белсенді етіп, түрлі бейне, әсер береді, яғни түрліше сипатталып, әртүрлі ұғым тудырады. Когнитивтік құбылыс ретінде сөз таптары адамның әлемді тану, қабылдау, түсіну ерекшеліктерін көрсетеді. Сол арқылы таным иесі – субъектінің ментальді ерекшелігі айқындалады. Бұл ерекшеліктер тілде кеңістік, уақыт, сапа сияқты әмбебап сипатты негізгі концептілерде көрініс табады.

Ғалым еңбектерінде «зат есім» метаконцепті «нәрсе» концепті тұрғысынан айқындалған. Зат есімге берген анықтамасында ғалым былай дейді: «Сөздердің кейбіреуі

нәрсенің өзін атайды» [2, 160-б.]. А.Байтұрсынұлы зат есім мен сын есімнің айырмашылығы ретінде зат есім нәрсені атаса, сын есім нәрсенің сынын білдіретінін айтады. Ғалым зат есім мен сын есімді жіктеуде жалпы грамматика, түсінік, ұғым сияқты логикалық категориялар қағидаттарын негізге алған. Бұл ғалымның сан есім, есімдік, етістіктерге берілген анықтамаларында да айқын көрініс тапқан. Еңбектерін шәкірт балаларға арнағандықтан, ғалым тіл білімінің негізгі ұғымдарын түсінікті тілмен жеткізуге тырысқан. «Тіл – құралы» (қазақ тілінің сарфы) деген жалпы атауы болғанмен, оларды тарауларға жіктеуде фонетика дыбыс жүйесі мен түрлері – морфология сөз жүйесімен түрлері – синтаксис сөйлем жүйесі мен түрлері деп берілген. Яғни, тұтастай алғанда, тіл – жүйе ретінде сипатталып, әрқайсысының өзіндік ерекшелігі айқындалған. Ғалым оқулық түзуде әдістер ретінде жекеден жалпыға қарай ойыса отырып, оқушылардың материалды оңай меңгеруін ескерген. Ғалымның ұстанымдарын кейінгі оқулық авторлары да (Қ.Жұбанов, Т.Шонанов, Қ.Кемеңгерұлы т.с.с.) басшылыққа алып, сөз таптарын ажыратуда меже етеді.

А.Байтұрсынұлы еңбектерін талдау арқылы ғалымның «морфологиялық концепт» деген атауды қолданбаса да, оның табиғатын, өзіндік ерекшелігін терең зерделегенін байқаймыз. Грамматика мен лексиканың өзара қатысын сипаттай келіп, ғалым тіл жүйесінің негізгі концептуалды құрауыштарын көрсетіп, олардың грамматикада көрініс тапқан ұғымдар (және концептілер) құралатынын түсінген.

А.Байтұрсынұлы сөз таптарына берген анықтамасында да когнитивті грамматиканың метатілін қалыптастырған: «Демеу дегеніміз – екі сөздің арасын, яки екі сөйлемнің арасын жалғастыруға демеу болатын сөздер немесе кей сөздер жалғау орнына жүреді һәм жалғаулар сияқты басқа сөздердің шылауында тұрмаса, өз алдына мағына шықпайды. Сондай

сөздерді жалғаулық дейміз» [2, 54-б.]. Яғни ғалым сөз таптарын логикалық тұрғыдан ғана сипаттамай, грамматикалық талдауларға иек артқан.

Тарихи даму барысында танымның екі түрі – сезімдік және логикалық таным қалыптасқан. Сезімдік таным адамның сезім мүшелері арқылы қабылдау, түйсіну қызметімен байланысты болса, логикалық таным ойлау нәтижесінде қандай да бір құбылыстардың мәнін, өзіндік ерекшеліктерін, заңдылықтарын айқындауға бағытталған. Тіл адам дүниетанымын білдіреді. Ғалам бейнесі – адамның түрлі сезім мүшелері (көру, есту, тері, дәм) қабылдайтын санасы арқылы түйсініп, ақпаратты өңдеу нәтижесінде түзіледі. Концептілер негізінен бейвербалды түзілім болып табылады. Оларға сенсорлық және моторлы репрезентациялар негіз болады. Сол себепті концептінің қалыптасуы үшін тілдің керегі бола қоймайды. А.Байтұрсынұлы еңбектерінде адамның сезім мүшелері түгел қамтылған: «Зат тегінде екі түрлі: біреулері – көзге көрінетін, құлаққа естілетін, мұрынға иіскелетін, тілге татылатын, денеге сезілетін деректі заттар, екіншілері – көзге көрінбейтін, құлаққа естілмейтін, мұрынға иіс келмейтін, тілге татылмайтын, денеге сезілмейтін, адам ақылмен ғана білетін дерексіз заттар. Сол деректі һәм дерексіз заттардың атын көрсететін сөздерді зат есім дейміз» [2]. А.Байтұрсынұлы еңбектеріндегі адамның сенсорлық қабылдауына қатысты жіктеулерін мектеп оқулықтарының авторлары ескеріп, деректі және дерексіз зат есімдерді топтастыруда сезім мүшелері түгел қамтылуы керек деп ойлаймыз.

Тілдің сөздік құрамын зерттеу арқылы сөйлермендердің тілінде көрініс тапқан негізгі құндылықтарды айқындауға болады. Бұл орайда тілдің тұрпат межесімен қатар мазмұн межесін де ескеру қажет. Тілдік семантика белгілі бір тілдік ұжымға және жеке сөйлерменге тән мәдениет әлемінің ерекшелігін сипаттайды. Адам мен халықтың дүниетанымын бейнелейтін адамзат санасы мәдениеті мен тілі арқылы көрініс табады. Әр адам белгілі бір ұлттың өкілі болғандықтан, ұлттық дәстүр, тіл, тарихы, әдебиеті бөлек болады. Әр тіл дүниені өзінше бейнелейді. Адам болмысты тілі арқылы таниды. Этномәдени ақпарат санада шифр, код түрінде көрініс табады. Сол арқылы этнотілдік санада тілдік мәндерде кодталған әлем бейнесі көрінеді. Ғаламның тілдегі көрінісі осы тілде сөйлейтін халықтың ұжымдық шығармашылығы болып табылады. Әрбір жаңа ұрпақ (буын) ана тілін меңгерумен қатар ұлттық сипат, дүниетаным көрініс тапқан мәдениет кешенін де қабылдайды. Тіл ғалам мен мәдениетті бейнелеумен қатар сөйлерменін қалыптастырады, оның салт-дәстүрін,

дүниетанымын, ділін, ұлттық сипатын, идеологиясын айқындайды. Әр халық мәдени, тарихи даму барысында қоршаған ортамен тығыз байланыста әлем туралы білімін жинақтап, сақтайды, вербалды сана, ерекше мәдени код түрінде тіл арқылы ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отырады. Жастардың үлкендердің сөзін түсіне алмауы немесе ақын-жазушылардың шығармаларын түсіне алмауы этномәдени кодты игере алмау салдарынан туындайды.

Қазіргі кезде тіл білімі тілдің лексикалық, грамматикалық жүйесінде әлемнің концептуалдану ерекшелігін, яғни тілдің ғаламды қалай жіктейтінін, оны қалай көрсететінін, бейнелейтінін зерттеп, табиғи тілдің метатілге айналу үрдісін тексеруді мақсат етіп отыр. Бұл орайда әсіресе грамматикалық категорияға, яғни сөз таптарына семантикалық интерпретация жасау, семантикалық тұрғыдан сипаттау ерекше маңызды болады. Сөз таптарының когнитивті сипаты «әлем – адам – таным – тіл – адам – әлем» үлгісі бойынша үнемі өзгеріп отыратын тілдің мәнін түсінуге мүмкіндік береді, сондай-ақ әлемді тануда когнитивті құбылыс ретіндегі таным ерекшелігін, тілдің қызметін айқындауға жол ашады. Концептуалды мазмұнды талдамайынша, тілдік формалардың қолданыс ерекшеліктерін түсіндіріп беру мүмкін емес. Сөздің лексикалық және грамматикалық мағыналары адамның ғалам туралы түсініктерімен, концептуалды жүйемен тығыз байланысты болады. Түрлі деңгейдегі концептілер мен білімнің түрлі форматтарын, білімнің ұйымдасу тәсілдерін түсіну арқылы ғана адам тілдің қолданысын толыққанды түсіне алады. Лексика санада көрініс тапқан заттар мен құбылыстардың ерекшелігін зерделеп, белгілі бір тілде сөйлейтін, нақты тілдік ұжым танып, игерген ғалам бейнесін репрезентациялайды. Ғалам бейнесі жекелеген құрауыштарын (заттар мен құбылыстарды) ғана емес, сонымен қатар олардың арасындағы байланысты да түйсінуді қажет етеді. Синтаксис ғаламның бөлшектенетін құрауыштарының байланыстарын тексереді. Морфология – тілдік білімді объективтендіретін, ғалам туралы білімді құрайтын сала болып табылады. Онда морфологиялық категориялар мен тұлғалардың тілде қалай концептуалданатыны туралы білім қоры жинақталып, адамның концептуалды жүйесін құруда маңызды орын алатын, ғалам бейнесін қалыптастыратын іргелі концептілердің тіл туралы білімді құраудағы орны сипатталады. Әр тілдің грамматикалық және концептуалды жүйесінің ерекшеліктері, басқа тілде кездеспейтін морфологиялық жолмен берілетін концептілер жиынтығы болады, онда бір тілден екінші тілге ауысып отыратын морфологиялық категориялар да болады. Мұндай ерекшеліктер морфологиядағы концептуалдану деңгейлеріне байланысты. Себебі білім түрліше құрылымдалады. Тілдік білім морфологияның концептуалды кеңістігінде сақталып, репрезентацияланады. Онда тілдік мағына, категориялар мен тұлғалар туралы білімдер сақталып, ғаламның тілде қалай концептуалданатыны көрінеді. Тілдік емес бірліктермен қатар болмыс нысандарының бірі ретінде тіл де концептуалданады. Тілдік білімнің концептуалдану жолдарының бірі – морфология. Морфология деңгейіндегі концептуалдау ерекшелігі – ол білімді құрылымдай отырып, лексикалық жолмен берілген концептуалды материал үшін қабат, тор түзіп, белгілі бір деңгейде лексиканың қажетін өтейді.

Когнитивті тұрғыдан алғанда, морфологияның негізгі бірлігі – морфологиялық категория болып табылады, ол сөз тұлғаларында көрініс тауып, парадигмаға бірігеді. Морфологияны морфема деңгейіне қатысты ғана емес, сөздердің түрлі топтарын репрезентациялайтын тұтас морфологиялық құрылымдар деңгейінде қарастыру қажет. Морфологиялық категориялар мен тұлғалар концептуалды деңгейде, негізгі танымдық үдерістер қатарында сипатталады. Морфологияның ғалам туралы білімді тіркеп, жіктеуі, категорияларға бөлуі осыған байланысты болады. Бүгінде лексикалық мағынасы түсініксіз, көнерген сөздерге этимологиялық талдау жасауда грамматикалық концептосфера тұрғысынан морфологиялық концептілер жүйесі арқылы сөз мағынасын айқындауға болады: сөздің қай тұлғада, қандай сөз табы ретінде қолданылуына байланысты морфологиялық концептілер де, лексикалық бірліктер сияқты, сөз мағынасын айқындауда маңызды қызмет атқарады. Алайда тіл және сөйлесім әрекетін толық түсіну үшін лексикалық және грамматикалық концептілер бірлікте сипатталуы керек. Морфологиялық концептілер

ментальді түзілім ретінде тіл құрылымында грамматикалық құралдар арқылы көрінеді. Бұл концептілер ментальдік концептілерде сипатталады.

Морфологияның категориялау үдерістерімен байланысы морфологияның ғалам туралы білімді қалай объективтендіріп, топтастыратынын да көрсете алады. Морфологиялық бірліктердің когнитивті қызметі ойлау үдерісімен, адамның интеллектуалды және ментальді қызметімен, ақпаратты өңдеу, сақтау, жіктеуімен байланысты болады. Морфологияда концептуалды жүйенің маңызды бөліктері категорияланады. Сол себепті морфологиялық категориялар мен тұлғалар категориалды мағынаның ерекше деңгейінің жалпылану, репрезентациялану жолы болып табылады. Морфологиялық жолмен берілетін концептуалды жүйенің категориалды бөлігі морфологиялық жолмен берілетін концептілер түрінде көрініс тауып, морфологияның концептуалды кеңістігін құрайды, морфологиялық репрезентацияның тілдегі когнитивті негізін түзеді.

Концептуалды және семантикалық деңгейлердің өзара байланысы нәтижесінде концептуалды жүйеде тілдік бірліктер қолданылады. Концептуалды ақпараттың маңызды бөлігі, тіл үшін маңызды болатын мағыналар тілдің грамматикасында, әсіресе морфологиясында көрініс табады. Бұл табиғи, логикалық сұрыптау негізінде жүзеге асады. Алайда алдымен барлық мағыналар лексика деңгейінде көрініс тауып, кейін олардың ішіндегі ең маңыздылары ғана морфология, грамматика деңгейіне өтеді.

Сөз таптары – адамның таным әрекеті арқылы айналасын категоризациялау негізінде қалыптасады. Сондай-ақ сөз таптарын табиғи категория ретінде қарастыруда адамның сан ғасырлық тәжірибесін түйсіну, оны оны тілдік құралдармен объективтірендіруге негізделген когнитивті қабілеті көрініс табады. Тілдік семантика тілдік таңбаларда бейнелейтін, сөз таптары арқылы көрініс табады. Түрлі сөз таптары (зат есім, сын есім, етістік т.б.) қолданыс барысында сананың түрлі құрылымдарын белсенді етіп, түрлі бейне, әсер, беретіні, яғни түрліше сипаттайтынын, түрліше ұғым тудырады. Когнитивтік құбылыс ретінде сөз таптары адамның әлемді тану, қабылдау, түсіну ерекшеліктерін көрсетеді. Сол арқылы таным иесі – субъектінің ментальді ерекшелігі айқындалады. Бұл ерекшеліктер тілде кеңістік, уақыт, сапа категорияларында көрініс табады.

Морфологиялық концепт – тілдің морфологиялық құрылымын айқындайтын ментальді сапаның бірлігі, сонымен қатар ол – морфологияны ғылым ретінде сипаттайтын ұғым. Яғни морфологиялық концептілер метатілдік морфологиялық концепт ретінде грамматикалық терминологияға енеді.

Морфологиялық категориялар морфологиялық бірліктер, сөздердің морфологиялық топтары көрініс тапқан ментальді мәнділік болып табылады. Бейсаналы сезімде орын ала отырып, морфологиялық концептілер сөйлеу әрекетін айқындайды, оларды белгілі бір құрылымға келтіріп, коммуникация үдерісінде грамматикалық тұлғалар ретінде көрініс табады. Ендеше, морфологиялық категорияларды ғаламның концептуалдануы тұрғысынан қарастырудың мәні зор. Бұл морфологиялық категориялардың ерекшелігі мен қолданысын сипаттап, оған негіз болған концептуалды құрылымдарды анықтауға, сол арқылы морфологиялық жолмен берілген, яғни морфологияның концептуалды кеңістігі арқылы көрініс тапқан тілдің бүкіл концептуалды жүйесін сипаттауға мүмкіндік береді.

Сонымен, грамматикалық категориялар мен көрсеткіштер түрінде көрініс тапқан морфология деңгейіндегі білімдерді айқындау арқылы морфологиялық категориялар мен тұлғалардың тілішілік ерекшеліктері айқындалып, морфологиялық бірліктердің концептуалды мазмұнды репрезентациялаудағы орны көрсетіледі. Мұндай зерттеулер қалыптасқан тұжырымдарға жаңа қырынан сипаттауға жол ашады, морфологияның тіл жүйесіндегі орнын айқындап, сөйлеу-әрекетіндегі маңызын түсінуге, морфологиялық категориялардың тұрпат және мазмұн межесін тануға мүмкіндік береді. Морфологиялық категорияларды осылайша талдау тілді когнитивті бағытта зерттеуге арналған еңбектердің дамып, өркендеуіне жол ашады. Бұл орайда А.Байтұрсынұлы еңбектерінің берері мол. Сол себепті ғалымды ұлттық когнитивтік лингвистиканы қалыптастырушы ретінде тануға болады.

#### Әдебиет:

1. Байтұрсынұлы А. Ақ жол: өлеңдер мен тәржімелер, публицистикалық мақалалар және әдеби зерттеу. – Алматы: Жалын, 1991.
2. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. т.3. Тіл – құрал (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). – Алматы: Алаш, 2005. – 352 б.

## ИНТЕРНЕТ-ЛИНГВИСТИКАСЫ – ТІЛ БІЛІМІНІҢ ЖАҢА САЛАСЫ

*Жұбантаева Ж.Қ.,  
филология ғылымдарының магистрі,  
[jajyka@mail.ru](mailto:jajyka@mail.ru)  
Ақназар Д.Ж.,  
[aknazardana@gmail.com](mailto:aknazardana@gmail.com)  
Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті,  
Павлодар, Қазақстан*

#### Резюме

Интернет является всемирным средством общения и коммуникации. Это, в свою очередь, сподвигло на создание новых наук и терминов. Интернет-лингвистика играет немаловажную роль в этом процессе, так как изучает влияние интернета на язык. В данной статье рассматривается вопрос о новом направлении лингвистики и его перспективах в будущем.

#### Summary

The Internet is a worldwide means of communication. This in turn was the beginning of the creation of new sciences and terms. Internet linguistics plays an important role in this process, as it studies the influence of the internet on the language. This article deals with the question of a new direction of linguistics and its future prospects.

Интернет қазіргі заман ағымындағы адамдардың қарым-қатынасқа түсуінің басты құралы. Интернет ресми түрде 1969 жылы дүниеге келді және жыл санап оның әсері күшейіп келеді. Интернет желісі тек хабарлама жазысу үшін ғана емес, онымен қоса жаңа ақпараттың таралуында үлкен қызмет атқарады. Қазіргі кезде интернет қолданушыларының саны кітап оқырмандарының санынан асып түскенін байқауымызға болады. Бұл заман талабының, уақыт жетіспеушіліктің әсерінен болу керек. Өз алдына интернет тек қоғамдық процестерге ғана емес, тілімізге де өзіндік ықпалын тигізуде. Мұның барлығы тіл білімінің жаңа саласы интернет-лингвистиканың пайда болуына әсер етті.

Интернет-лингвистикасы ғылымының негізін қалаушы – Дэвид Кристал. Ғалым интернет-лингвистика ғылымын 2011 жылы қатарға қосқанымен, 2007 жылы Елена Игоревна Горошко «Интернет-лингвистикасы» атты тіл білімінің жаңа саласының пайда болғанын айта кеткен [1, 9]. Бірақ мақала жарық көргеннен кейін де бұл термин елеусіз қалды. Кейінірек, 2008 жылы Е.Ф. Компанцева интернет-лингвистика терминін ұсынып, оған қысқаша анықтама берді [1, 10]. Тіл білімінің бұл саласы интернеттің даму барысында пайда болған жаңа тілдік құбылыстардың, олардың заңдылықтарын зерттейді.

Бұл ғылым саласын зерттеушілердің басым бөлігі батыс ғалымдары болды. Бірақ ХХІ ғасыр туғаннан бері отандық ғалымдарымыздың да аталған салаға бет бұрыс жасағанын байқаймыз. Арнайы ғылым пайда болмас бұрын көптеген лингвистер интернет-лингвистикасын тіл білімінің саласы ретінде қарастырмады. Себебі, бұл тілдің әдеби тілдік нормаға әсері болмайды деп есептеді. Бірақ интернет күнделікті даму барысында барлық қоғамдық үрдістерге қатысты өзгерістерге ұшырап отырды. Бұл интернеттегі тілдің қалыптасуына ықпал етті. Интернет тілі ауызша да, жазбаша да тілге жатпады, ол ерекше, жаңа тіл болды. Бұл жерде ғалым М.Кронгауздың сөзін тілге тиек еткен дұрыс: «Осыдан бірнеше жыл бұрын интернеттегі тіл мәселесі лингвистердің қабылдамауына ұшыраған енді.

Мен де бұл сөздерді айта отырып, тілдің жазбаша немесе ауызша болмай, басқа кейіпке қалай енеді?! Шынымен де, интернеттегі немесе әлеуметтік желідегі тіл жазбаша болғанымен, ауызекі сөйлеу тілі қолданылады. Осы екеуінің арасындағы қарама-қайшылықтар интернет тілінің дамуына өзіндік әсерін тигізді. Сондықтан интернет тілін өзіндік ерекшеліктерге ие тіл деп айта аламыз» [2, 2].

Интернет күн санап даму үстінде, интернет-лингвистика да бұдан қалыс қалмайды. Шетелдік ғалымдардың бұл саланы зерттеуде үлесі басым. Олардың қатарында: Д.Кристал, Д. Йейтс, К.Тарлау, С.Херринг, П.Шлобински және т.б. ғалымдарды айтуға болады. Ал орыс тілші ғалымдарының ішінде Е.И. Горошко, Л.Ф. Компанцева т.б. Бұл лингвистика саласына қызығушылық танытушылар қатары көп болғанымен, нақты терминологиялық жүйе мен методологиялық зерттеулер жоқ. Интернет-лингвистикасының қолданылуы фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік өзгерістерге алып келді. Бұл өз алдына жаңа сөздер мен жаңа интернет тілінің пайда болуына ықпал етті.

Қазіргі кезде бұл термин күнделікті өмірде көп қолданыла бермейді. Оның орнына дәстүрлі термин – интернет байланыс (коммуникация), (computer-mediated communication (СМC) ) қолданылып жүр. Бұл термин 1990 жылы шыққан «Journal of Computer-Mediated Communication ( Журнал коммуникации, опосредованной компьютером)» атты журналда көпшілікке танылды. «Журналдың тақырыбы кең, коммуникацияға байланысты мақалалардың барлығы дерлік сол журналда шығарылады. Мысалы музыка, фото, бейнежазбаға қатысты мақалалар, онымен бірге тілге де қатысты біраз дүниелер жарық көрді» [3, 22]. Компьютерлік байланыс (коммуникация) термині жайында Л.Ю. Щипицина мынадай анықтама берген: «Компьютерді пайдалану арқылы адамдар арасында мәтіндік және символдық алмасулардың орнауын компьютерлік байланыс деп атаймыз» [4, 41]. Ғалым С. Херринг өзінің анықтамасын ұсынды: «Адамдар арасындағы компьютер және ұялы телефон арқылы орнаған қарым-қатынасты осы байланыс түріне жатқызамыз» [5, 3].

Интернет-лингвистикасы терминінің пайда болуымен қатар, оның тілге әсер ететіні де дәлелденді. Яғни интернетте өзгеріске түскен тілдер әртүрлі аспектілерде көрініс табады. Олар лексикалық мағынаның өзгеруі арқылы, жанрлық стилистикалық нормалардың өзгеруі, жаңа сөздердің пайда болуы, сөздердің бір-бірімен бірігіп, кірігуі, жаргондар мен слэнгтердің қолданылуы және тағы да басқа амал-тәсілдер арқылы көрініс тапты. Осы жаңа тілдік нормалардың қолданылуы барысында интернет лингвистикасы пайда болды.

Жаңа технологиялардың дамуына байланысты жаңа терминдер де қолданысқа ене бастады. Олар: Электронды коммуникация (electronically mediated communication (EMC)) және сандық коммуникация (digitally mediated communication (DMC)). Әлі нақты түрде қай термин қолданысқа ие болатыны белгісіз, себебі бұл бағыттың лингвистикадан өзге ғылымдармен де байланысы бар. Белгілі лингвистер «интернет-лингвистика» термині барлық электрондық байланыс түрлеріндегі тілдің қолданысын зерттеуші тіл білімінің саласы ретінде пайдалануды дұрыс деп шешті. Бұл термин лингвистер үшін маңызды орынға ие, себебі тілдің интернеттегі лингвистикалық қолданысы басты назарға алынады. Ал «интернет» сөзі қосымша қызмет атқарады. Ол терминді техникалық, әлеуметтік, психологиялық тұрғыдан қарастырады.

Дэвид Кристал лингвистикадан басқа барлық байланыс түрлерін қарастыратын бағытты енгізуге ұсынды және оны интернет-семиотика (Internet Semiotics) деп атады [3, 22 ]. Бұл бағыт әлі қалыптасу үстінде және ол өте қарқынды дамуда. Қазіргі кезде интернет-лингвистиканың да бірнеше саласы бар. Олар интернет-синтаксис, интернет-семантика, интернет-морфология, интернет-дискурсын талдау, байланыстың берілу жолдары (фонологиялық, графологиялық, мультимедиялық), психоллингвистика, әлеуметтік лингвистика, интернетті зерттеу бағыты және т.б. Интернет-лингвистика интернеттің әсерінен болып жатқан тілдік өзгерістерді анықтап, қиындықтарды шешу, жаңа қолданушыларға түсінік беру, жас ерекшелігіне қарай балаларды керексіз ақпараттан аластату мақсатында жұмыс атқарады.



Бұл ғылымның негізін қалаушы Дэвид Кристалдың пікірінше, аталған бағытта жұмыс істейтін лингвистердің басты проблемасы – мәтіндік ақпараттың көптігі. Қазіргі таңда интернет желісіндегі барлық мәтіндерді қоса алғанда, әлемдік кітапхана қорындағы мәтіннен көлемі жағынан асып түседі және де ол күннен-күнге көбеюде, сондай-ақ интернет желісінде лингвистикалық материалдардың сан-алуан болуы да ғалымдарға өзіндік қиыншылығын тудырады. Мысалы, Facebook, Twitter, Instagram, What's up, ВКонтакте, Одноклассники және т.б. әлеуметтік желілердің түрлері пайда болуда. Әрбір әлеуметтік желінің өз қолданушылары бар және олардың тілі де әртүрлі. Ол тек қолданушыларға ғана емес, олардың жас ерекшелігіне, қоғамдағы жағдайына да тікелей байланысты. Бірақ интернет-лингвистердің басты проблемасы біріккен, барлығына ортақ түсінікті категориялық аппараттардың жоқтығы болып табылады. 2001 жылдан бастап интернеттегі тілдің қолданылуына байланысты ауқымды зерттеу жұмыстары жүргізіліп, еңбектер жазыла бастады. Бірақ бұл жұмыстар барысында блогтар, микроблогтар, интернет-чаттар ескерілмеді. Өйткені олар дәл қазіргідей көп қолданылмай, сұранысқа ие болмады. 2005-2010 жылдар аралығындағы ғылыми жұмыстарға көз салсақ, блогтар мен чаттарды зерттеуге бетбұрыс байқалады, бірақ әлі де әлеуметтік желі мен микроблогтар дұрыс зерттелмеді. Белгілі лингвист О.Лутовинованың ғылыми жұмыстары жарыққа шыққанға дейін флуд, желілік флирт, флейм, офтопик және т.б. интернет дискурстың жанрлары жайлы ештеңе айтылмады [3, 23].

Интернет лингвистикасының дамуына қарай Дэвид Кристал негізгі төрт тұжырымдаманы алға тартты. Олар әлеуметтік лингвистика, білім беру, стилистикалық және тәжірибелік. Интернет лингвистикасының тіл білімінің бір саласы ретінде қалыптасуына әлеуметтік лингвистика мен психоллингвистика салалары әсер етті. Яғни бұл ғылымдар қоғаммен тікелей байланысты, ал қоғамдағы адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасау құралы – тіл. Онымен қоса, интернет-лингвистика басқа да аралас ғылымдармен байланысы бар. Мысалы, әлеуметтану, психология, информатика. Осындай мысалдардың негізінде интернет лингвистиканың басқа ғылымдар арасындағы орнын көруімізге болады.

Біріншіден, интернет лингвистиканың негізгі зерттеу нысаны болып әлеуметтік желілердегі тілдің қолданылу аясы. Бұл күнделікті өмірде қолданып жүрген интернеттің адамдармен қарым-қатынас жасауын жеңілдетеді. Хат алмасу, пікір білдіру болсын, мұның барлығы тіл ара қылы жүзеге асады. Ұялы телефон немесе стационарлы телефонның қолдану аясы интернетке қарағанда тарлау. Интернет-лингвистика басқа да жаңа гуманитарлық салалармен біріге отырып, адамдарды және қоғамды зерттеуге қатысады.

Қазіргі таңда интернет қарқынды дамып келе жатыр, онымен қоса оның тілі де қалыс қалмауда. Интернеттегі тілдің қолданылуы тікелей мәтін лингвистикасымен байланысты. Мәтін лингвистикасының мәтін құрылысы мен оның жанрларын зерттейтіні бәрімізге белгілі. Әртүрлі символдарды қолдана отырып, онымен эмоционалдық күйімізді де жеткізгіміз келеді. Біз экранның арғы бетіндегі адамдарға мәтіннің мәнін осы символдармен немесе сөздермен жеткіземіз. Міне, интернет-лингвистиканың психологиямен тікелей байланысын аңғардық. Интернет-лингвистика, психоллингвистика және психология, бұл ғылымдардың барлығы интернеттің адамға, оның тұлға болып қалыптасуына әсерін тигізетінін зерттейді. Яғни, адамдардың виртуальды өмірдегі қолдану тілі мен шынайы өмірдегі тілдік қолданысы, лексикалық қоры және т.б. аспектілерді қарастырады. Қазіргі таңда интернет-лингвистиканың гендерлік лингвистикамен тікелей байланысы жайлы көп айтылып жүр. Себебі, ер адам мен әйел адамның интернеттегі тілдің лексикалық қолданысы мен өзіндік пікірін білдіруі де едәуір айырмашылыққа ие. Бұл болашақта осы сала бойынша жаңа ғылыми ашылуларға әкеледі деген болжамдар бар.

Жалпы интернет-лингвистика әлі дамушы тіл білімінің саласы. Бірақ оған қарамастан перспективаға толы, болашақта өзекті болатын лингвистикалық бағыттардың бірі болып саналады. Әлемнің барлық дерлік лингвист ғалымдары бұл салаға баса назар аударуда, себебі технология даму үстінде болғандықтан, мұның барлығы тілге, адамдарға, әлеуметке өзіндік әсерін тигізеді. Тіл интернеттің әсерінен түрлі өзгеріске ұшырай отырып, жаңа,

мүлдем бөлек тілдің, интернет тілінің пайда болуына ықпал етеді. Бәлкім, бірнеше онжылдықтардан кейін, біздің тіліміз қазіргі әдеби нормаға сай тілімізден өзгешеленеді. Бұл лингвистика ғылымы үшін жаңа жаңалықтарға алып келеді.

**Әдебиет:**

1. Ахренова Н.А. Интернет-лингвистика: новая парадигма в описании языка интернета. // Вестник МГОУ. (Лингвистика). – 2016. – №3. – С. 14.
2. Данков В.В. Лингвистика и Интернет. // Журнал научных публикаций аспирантов и докторантов. (Лингвистика). – 2012. – С. 5.
3. Ахренова Н.А. Теоретические основы интернет-лингвистики. // Филологические науки. Вопросы теории и практики. – 2013. – №10 (28). – С. 22- 25.
4. Шипицина Л.Ю. Компьютерно-опосредованная коммуникация: Лингвистический аспект анализа. – М.: КРАСАНД, 2010. – 296 с.
5. Полякова Т. Интернет-лингвистика как новое направление языкознания. – 2016. – С. 9.

## ЕВРАЗИЙСКАЯ МОДЕЛЬ МИРОЗДАНИЯ

**Каиржанов А.К.,**

*доктор филологических наук, профессор,*

[kairzhanov@list.ru](mailto:kairzhanov@list.ru)

**Сыздыков С.М.,**

*доктор исторических наук, профессор,*

*Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева,*

*Астана, Казахстан*

Наурыз - первый день, когда, по древним евразийским преданиям, происходит союз Тенгри и Умай. Это время, когда возвращается из-под земли полуденный дух, несущий благостный свет всему существу на земле. Евразийские кочевники связывали три уровня мироздания. Первые два находятся в бинарной противоположности. Это Небо (Тенгри) и Земля (Умай), которые кочевники сумели проецировать на практике, создав оригинальное жилище - юрту: верх символизирует Небо (Тенгри), а низ - Землю (Умай). Это жилище представляет собой структуру мироздания в вертикальной проекции. Изучая устройство юрты, можно расшифровать три уровня мироздания, бытовавшие в мифологических представлениях прототюрков. Второй уровень мироздания, то есть Земля-Умай находится в противопоставлении с миром подземным - Эрклигом, правителем, владыкой подземного (загробного) мира. В древнетюркской философской «Книге откровений и рассуждений» X века в XII притче рассказывается о том, что «некий муж-воин отправился на охоту. В горах он камлал, говоря: «Эрклиг, владыка небесный!» Так знайте же - это грешно!» За тяжкий грех почитается отнесение Эрклига к пантеону Тенгри (Верховного Владыки), а сама притча ясно указывает на шаманское верование Сибири и Центральной Азии, оппозицию Верхнего и Нижнего миров в религиозно-этическом аспекте.

Такое троичное деление мироздания на Небо (Тенгри), сравните: шумерское Dingir, древнерусское Сварог, древнеиндийское Сварга, казахское Шанырак), Землю (Умай), сравните: древнеиндийское Агра, древнерусское «Мать сыра земля», древнетюркское «Лоно бурое Умай»), и подземное царство можно считать универсальным, то есть общемировым. Петроглифы урочища Тамгалы в 175 км от Алматы свидетельствуют, что на территории тюркского Эля (государства) такое отчетливое разделение мироздания было засвидетельствовано еще в эпоху бронзы (II в. до н.э.). Эти наскальные изображения являются свидетельством одного из самых ранних моделей устройства Вселенной.

Само «Голубое Небо» (Кок Тенгри) является одновременно местом развития и Верховным Божеством мужского начала, обладающим мощной половой потенцией, который посылает на «Лоно бурое Умай» живительную влагу, что дает жизнь всему живому. Темные силы и

хтонические существа обитали в подземном мире, где правил Эркиг. Человечество, являющееся составной частью биосферы Земли, населяло землю, срединный мир. Эта троичная структура изоморфна и воплотилась в таких мифопоэтических символах, как мировое древо и мировая гора. Эти символы отражаются в различных текстах фольклора и в героических произведениях письменности древних тюрков. Кроме того, троичность мироздания, обожествленная в Тенгри-Умай, проникла в сакральное сознание наших предков. Она играла важную роль в их жизни, и судьба каждого зависела от предрасположенности Тенгри-Умай [1].

Сравните, как в «Памятнике в честь Кюль-тегина» повествуется об этом:

*Но свыше - Тенгри, а Умай - от лона,  
Сказали тюркам: Вы не погибайте!  
Да не исчезнут люди — Будут жить!  
Так Тенгри и Умай их обязали быть.  
(ритмический перевод А.К.)*

В этом же памятнике письменности Йоллуг-тегин в тяжелую годину для страны обращается к тюркскому элю:

*Скажи, о тюрк, кто погубил, державу? / Ведь внешние враги нас не смогли сгубить./ Нас  
Тенгри не давило сверху,/ Земля-Умай под нами не тряслась  
(ритмический перевод автора) [2].*

Итак, образы мирового древа и мировой горы находились в определенной синкретической связи, то есть не превалировало самодостаточного образа мировой горы, ибо этот образ был тесно переплетен с идеей мирового древа. Отсюда юрта как модель Вселенной, которая не только является архетипом мировой горы, но и является точной парадигмой синтагматической Вселенной. По своей внешней форме юрта напоминает модель горы, Шанырак же формирует ее вершину, устремленную к Тенгри.

Мы предлагаем другую этимологию слова «шанырак», которую обнаруживаем в санскрите. Сравните, например, *santa: santa mandal*. По форме и по содержанию эта верхняя часть юрты обозначает понятие «круг спокойного (счастливого) существования». Обращаем внимание, что аффикс *-raq (-rak)* имеет значение «высокая (абсолютная) или более высокая степень качества у прилагательных, а корневая морфема *шан- (сан-)* имеет семантику «почет, уважение». Кроме того, чередование звуков *с//ш* в агглютинативных языках (древнетюркском, шумерском и финно-угорском) имеет высокую частотность в зависимости от того или иного диалекта.

Человек, обитающий под шаныраком, априори заслуживает благорасположение Тенгри и Умай. Это слово было широко употребительным в пределах тюркского Эля. Например, мы обнаруживаем его в 42-х фрагментах различного содержания (астрологический и бытовой календари, благоприятные и неблагоприятные дни, медицина, приметы и другие) турфанской коллекции, разрозненные тексты которой сегодня хранятся в библиотеках и музеях Западной Европы [3].

Итак, вершина мировой горы в трехуровневой системе мироздания представляет верхний мир, Тенгри. Ее вершина, являющаяся местом обитания и развития Верховного Божества, достигает всех уровней Голубого Неба и в то же время является самим Божеством. В этом смысле прав известный немецкий ученый Г. Дерфер, выдвинувший в первой половине XX века гипотезу, что тенгризм - это самая древняя на Земле монотеистическая религия [4]. Сравните, например, притчу из одной древнетюркской философской «Книги откровений и рассуждений» X века:

*«Говорят: я породистый белый верблюд. Разбрасываю пену. Вверху [она] достигает Неба, а внизу она покрывает Землю. Я при хождении потрясаю Землю, пробуждая спящих и заставляя подняться лежащих» (перевод А.К.) [5].*

Здесь мы видим использование буддийских мотивов, которые вносят элементы чудовищно громадного и беспредельного: колоссальные величины, бесчисленность миров, головокружительный ряд бесконечностей, который образует течение времени без начала и без

конца - все представляется в состоянии возникновения и исчезновения, и на этой арене бесконечного Тенгри разыгрывается драма жизни.

Троичное деление мироздания является общим для евразийских народов. Я имею в виду те народы, которые не относятся ни к романо-германской, ни к дальневосточной цивилизациям.

Так, в славянской мифологии бог огня и неба Сварог является Верховным божеством - отцом Дажьбога, солнечного божества. Отмечу, что слово «Сварог» образовано от древнеиндийского Сварга, обозначающего «Небо». В индуистской мифологии рай Индры расположен на вершине горы Меру. После смерти к Сваргу попадают только храбрые воины, павшие на поле брани. Они наслаждаются жизнью в Сварге до тех пор, пока не придет срок их новому рождению на земле.

По данным древнерусских памятников письменности, культ Сварога был связан с культом огня: язычники «Огневи молят же ся, зовуце его Сварожичем» («Слово некоего христороубца»). В древнерусском пантеоне тесные связи наблюдаются между Сварогом и Дажьбогом, последний назван в Ипатьевской летописи сыном Сварога: «... сего ради прозваша и богъ Сварогъ ... и по семь царствова сынъ его именемъ Солнце, его же наричють Дажьбог...». Оба эти текста отражают общую евразийскую культурную традицию, связанную с введением трупосожжения, что наблюдалось в лесостепной зоне древнетюркского государства.

Итак, Сварогъ (Дажьбогъ) находится в оппозиции с другим персонажем славянской мифологии Масленицей, последняя, кстати, во времени совпадает с празднованием Наурыза. Это русский календарный праздник проводов зимы и встречи весны. Масленицу встречали с величальными песнями в начале праздника на холме. Отмечу, что в Центральной Азии Масленицу называли Клуд. Это было соломенное чучело, обряженное в женское тряпье, иногда с масляным блином. С ним вместе веселились в течение масленичной недели, а затем его сжигали. Известный ориенталист Ф. Томас, исследуя древнетюркские тексты, обнаружил языческий обряд изготовления чучела из соломы, которое наши предки называли Клуд. При помощи Клуда живые пытались дать «выкуп», умиловить душу умершего и отправить его в царство мертвых: *«В сумерки в виде одной порции еды душа должна быть помещена в Клуд. Затем ложка еды для вселения души, на следующий день три полные ложки пищи, смешанной с ячменем, должны быть даны чучелу. Считая, что душа уже вселилась после принятия одной ложки пищи, несут во двор в определенное место, в которое должен прийти злой дух, хворост, и вместе с хворостом выбрасывают чучело, быстро произнося бранные слова»*. Описанная церемония представляет собой типичный шаманский обряд, распространенный и перелицованный у многих народов Евразии в качестве прощания зимы и встречи долгожданной весны. Славяне разрывали чучело на окраине села, чаще сжигали на костре, разведившемся на ближайшем холме. Такое уничтожение Масленицы сопровождалось хороводными процессиями, ряженьем, ритуальным смехом, призывами весны и поношением Масленицы в специальных песнях, где та обзывалась обманщицей, объедалой, блиноелой и т.д. [6]

Итак, шанырак является завершением модели мировой горы-юрты. Удивительная параллель - как в индуизме Меру, так и в большинстве мифологий и конфессий народов Евразии существовали в прошлом свои мировые горы, и их вершины неизменно являются месторазвитием и местопребыванием

Верховного Божества (Тенгри, Сварог, Дажьбог) и светлых духов. Этот образ априори евразийский. Универсально и то, что евразийская архитектура старалась воспроизводить в строениях этот метаобраз. На это указывает известный русский ученый В.Н. Топоров: «...форма сооружений религиозно-культового назначения обычно имитирует форму горы, соответственно перенимая и особенности ее структуры, и символику ее частей. В этом смысле пирамида, зиккурат, пагода, храм, ступа, чум и арка могут рассматриваться как архитектурные образы горы, ее аналоги» [1]. Уыки казахской юрты образуют куполообразный небосвод, отверстие шанырака соответствует центральному небесному отверстию, ведущему на различные ярусы Тенгри. Человечество обживает срединный уровень мироздания, землю (Умай). Объем юрты, пространство под символическим небом -шаныраком, также является месторазвитием, где проходит жизнь человека. С нижним миром можно

отождествить подземное пространство под юртой, в структуре мировой горы этот третий уровень соответствует ее подножию. Отверстие Тенгри (Шанырак) аналогично другому отверстию в центре земли, ведущему в царство мертвых. В системе юрты - это очаг. В древнейшую эпоху существовало представление о прохождении души усопшего через очаг в подземный мир. При этом у казахов и у других народов Евразии существовал обряд очищения огнем, который играл важную роль в жизни народа. Например, осуждалось, если кто-либо тушил очаг водой.

Таким образом, юрта - модель мироздания, шанырак и уйки образуют куполообразный небосвод, символизирующий месторазвитие Тенгри. Ведь по древнейшим представлениям кочевников Тенгри находится в беспрестанном движении - вертикальном (поднимается-опускается) и кругообразном (вращается вокруг своей оси). Остов кереге ограничивает земной круг, здесь он символизирует горную гряду Алтая, окаймляющую Землю-Умай, в центре которой расположена ойкумена древних тюрков и на которую наложено куполообразное Тенгри. Бесконечный ряд уйков по окружности создает иллюзию кругового движения звездного неба вокруг неподвижной Полярной звезды, символически обозначенной шаныраком.

#### **Литература:**

1. Каиржанов А.К. Млечный путь Евразии. – Астана: ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, 2004. – 280 с.
2. Каиржанов Абай. Древнетюркский памятник в честь Кюль-тегина: ритмический перевод (VIII в.н.э.) // Международный литературный альманах «Рукопись», Ростов-на-Дону, 2018. – С.120-130.
3. Каиржанов Абай. Palaeoturcica: Мир древних тюрков. – Алматы: Алем, 1999. – 280 с.
4. Аманжолов А.С. «Шумеро»-тюркские соответствия и изобразительные логограммы // SPRACHE, GESCHICHTE UND RULTUR DER ALTAISCHEN VOLKER, International Altaistic Conference 1269 in Berlin, 1974. – P.66-71.
5. Каиржанов А.К. Византизм и ментальность Киевской Руси. Раздумья на степной дороге. Киев: изд. Дом Дмитрия Бураго, 2012. – С. 234-250.
6. Thomas F. Tibetan documents concerning Chinese Turkestan. Vol. 1-7 // Journal of the Royal Asiatic society of Great Britain and Ireland. – London, 1927-1934.

## **ЛИНГВОФОЛЬКЛОРИСТИКА КАК ПЕРСПЕКТИВНАЯ ПАРАДИГМА ЯЗЫКОЗНАНИЯ В XXI ВЕКЕ**

***Климаc И.С.,***

*доктор филологических наук, профессор,*

*Курский государственный университет,*

*Курск, Россия,*

[info@kursksu.ru](mailto:info@kursksu.ru)

#### **Резюме**

В статье описывается методологический потенциал лингвофольклористики, рассматриваются основные лингвокультурологические методики, разработанные учеными курской школы под руководством проф. А.Т. Хроленко: доминантный анализ, кластерный анализ, сжатие конкорданса, аппликация словарных статей. В свете применения данных методик представлен концепт «друг» в русском былинном эпосе и лирике.

#### **Summary**

The article describes the methodological potential of linguistic folklore studies. The main linguocultural methods developed by the scientists of the Kursk school under the guidance of prof. A.T. Khrolenko. The concept "friend" in the Russian epic and lyrics is presented.

Фольклор – это уникальная сфера существования языка, наиболее яркое выражение национальной ментальности. В фольклорном слове воплотились восприятие и оценка окружающего мира. «Что значило для народной жизни слово вообще? Слово приравнялось... к самой жизни. Слово порождало и объясняло жизнь, оно было...

хранителем памяти и залогом бесконечности будущего», – рассуждает писатель Василий Белов [1, с. 246].

Фольклорный текст исследуется литературоведами, этнографами, историками, культурологами, искусствоведами. В XX веке сложилась новая наука – лингвофольклористика, цели и задачи которой были сформулированы Александром Тимофеевичем Хроленко только в семидесятые годы [2]. Доказано, что язык фольклора представляет собой особую систему, которая за пределами произведений устной народной поэзии не встречается [3, с. 70]. Языковые единицы не могут рассматриваться вне фольклорной традиции, они употребляются в комплексе как специфические изобразительно-выразительные средства [4]. Соответственно, для анализа языка устного народного творчества должны быть выработаны особые методики научного поиска [5].

В изучении фольклорного текста главным является антропоцентрический подход, связанный с понятием языковой личности, языковой картины мира. Осознание лингвистической модели мира позволяет зафиксировать приоритеты национальной ментальности, т.е. своеобразное членение окружающей действительности в сознании носителя фольклорной традиции.

Думается, что анализ фольклорной языковой модели мира, отражающийся как в лексическом составе устного народного творчества, так и в специфических связях и отношениях между единицами текста, возможен на уровне всего лексикона, определенных тематических или лексико-семантических объединений (кластеров) и на уровне отдельных концептов и их лексической репрезентации. Указанным уровням соответствуют оригинальные лингвокультурологические методики, разработанные учеными курской научной школы лингвофольклористики под руководством проф. А.Т. Хроленко. Эти методики представляют собой комплекс, их целесообразно применять к исследованию фольклорного текста в определенной последовательности.

На первом этапе анализа используется методика доминантного анализа, которая предполагает «выявление, изучение и описание наиболее частотных слов в аспекте языковой картины мира» [5, с. 130]. Выделив самые употребительные единицы, можно установить доминанты языковой картины мира. Курскими исследователями были составлены словники (перечень всех лексем текста) нескольких десятков сборников классических фольклорных произведений, главным образом былин и необрядовых лирических песен, а также народных сказок, баллад, исторических песен и некоторых других жанров. На основе словников созданы частотные словари, в которых лексические единицы сгруппированы с учетом убывания частотности: от наиболее употребительных в тексте до единичных. Верхняя часть списка – это так называемые ядерные лексемы.

Выделение ядра лексикона согласуется с принципом органической двухслойности лексики, выдвинутым А.Т. Хроленко: «Есть основания утверждать, что язык устной народной поэзии как минимум двухслоен. Один слой, количественно ограниченный и интуитивно известный всем носителям устного народного творчества, – это совокупность так называемых «опорных», «ключевых» слов, устойчивых сочетаний и структурных моделей, из которых строится текст. Второй слой – это все остальные слова, используемые в фольклорном тексте. Оба слоя связаны друг с другом фольклорной картиной мира, его концептами и парадигматикой народно-песенного слова» [6, с. 121].

Доминантный анализ продемонстрировал наличие общесловарного фонда самой частотной лексики в разных словарях, не зависящего ни от жанра произведений, ни от места и времени их записи. Однако несомненна и жанровая специфика в составе лексического ядра, проявляющаяся в предпочтительности употребления тех или иных лексем, тематических групп и даже отдельных частей речи (числительных в былинах). Состав ключевых слов в устной народной поэзии обладает определенной системностью, так как отражает базовые концепты фольклорной языковой модели мира как образного переосмысления действительности.

Например, сопоставление высокоупотребительных названий растений продемонстрировало жанровые различия былинного эпоса и народной лирики. Общих наименований, частотных и в обоих жанрах, не зафиксировано. В песнях набор фитонимов гораздо более разнообразен: трава, цветок, калина, хмель, куст, мак, верба, причем употребление частотных лексем достаточно стабильно: трава, цветок, калина встречаются в нескольких словарях. Для былин жанрово обусловленным можно признать только использование существительного дуб; на границе ядерной лексики в одном из сравниваемых эпических словарей находятся слова дерево и камышник.

Частотные названия животных и птиц есть и в былинке, и в лирической песне. Общими для обоих жанров являются зоонимы конь и сокол. Возможно, универсальность существительного конь, как и частотность лексемы сокол, в эпосе и лирике объясняется разными причинами: в былинке они заведомо функциональны, в народной песне – символичны. Можно отметить те наименования, которые частотны в нескольких словарях или имеют высокий индекс. В былинке это лебедь – объект сравнения, вещей ворон, змей – антагонист былинного героя и собака как экспрессивное определение врага-иноземца; в лирике соловей – общепесенный символический образ.

Продуктивна для исследования фольклорного текста и методика кластерного анализа, который используется вслед за доминантным. В основе методики лежит представление о структуре картины мира: каждый фрагмент картины мира репрезентируется определённой совокупностью лексем разной частеречной принадлежности (кластером). «Кластерный анализ – это лексикографическое описание всех входящих в кластер лексем с параллельным установлением всех связей каждого слова с остальными словами, представляющими один и тот же фрагмент картины мира» [5, с. 130].

Курские лингвофольклористы на широком материале проанализировали кластеры «Небо», «Одежда» и «Пища» в разных собраниях устно-поэтических произведений. Так, в формировании кластера «Пища» были отмечены некоторые явные тенденции. Сравнение русских и английских народных песен показало, что в русской устной поэзии кластер представлен значительно большим количеством наименований благодаря богатейшим словообразовательным ресурсам, отражающим разнообразные нюансы значений или служащим для выразительности фольклорной речи (запойть, паивать, принапоить, распойть, упоить, напоёмши, напувать и под.). Некоторые концепты характерны исключительно для русского национального сознания («пир», «угощение»), национально своеобразны и состав отдельных субкластеров («Готовые блюда», «Хлеб, изделия из хлеба, зерна»). Наблюдается динамическая тенденция уменьшения состава гнезд однокоренных слов, называющих соответствующее понятие, в фольклоре XX в. (белгородские песни). В более поздних записях отсутствуют некоторые лексемы, имеющие в словарях русского языка помету «устар.», например, в современных белгородских песнях не отмечены слова сыта, кушать ‘пить’, курить ‘добывать посредством перегонки’ [7, с. 23].

Следующей ступенью в изучении специфики фольклорного текста является методика сжатия конкорданса, которая предполагает учёт абсолютно всех употреблений анализируемого слова в пределах определённого корпуса текстов. Сжать конкорданс можно, оставив самые важные, актуальные для данного текста связи описываемого слова с другими словами этого текста (текстов) [5, с. 131]. В результате получается словарная статья – своего рода концептограмма, отражающая все существенные связи и отношения определённого концепта с другими концептами.

Исследователи курской школы лингвофольклористики разработали структуру словарной статьи для словаря языка русского фольклора.

#: база статьи (корпус лексикографически представленных текстов);

заглавное слово (количество словоупотреблений);

Û: производящее слово (факультативно);

‘дефиниция’ (факультативно);

иллюстрация;

=: варианты;  
S: связи с существительными (Ssi Sопри описании глаголов);  
A: связи с прилагательными;  
Проп: связи с местоимениями;  
Num: связи с числительными;  
V: связи с глаголами (Vs: с субъектом; Vo: с объектом);  
Adv: связи с наречиями;  
Voc: функция обращения;  
2: ассоциативные ряды;  
F: поэтическая функция;  
+: дополнительная информация, комментарии.

Безусловно, для слов разных частей речи будут актуальными не все указанные рубрики словарной статьи. Приведем примеры из «Словаря языка русского фольклора: лексика былинных текстов», составленного М.А. Бобуновой и А.Т. Хроленко [8]:

# Гильф.

Утушка (14) Не ясён сокол да напушает на гусей на лебедей Да на малых перелетных на серых утушек (2, № 75, 360) A: малый перелетный 1, малый перелетный серый 3, перелетный серый 1, пернатый серый 1, пернатый серый 2, серый 2, серый заморский 1, серый малый заморский 1, серый пернатый малый 2 Vo: бить палить 1, напушать на у. 1, нет у. 1 пасти 2, плавать утушкой 1, повыстрелять 1, стрелять 6, убить 1 2: гуси лебеди ... утушка

# Гильф.

Попурхивать (8) 'Выпорхнуть; вспорхнуть' [СРНГ: 30: 15] Как быв ясный сокол поपुरхивает, Так тот добрый молодец поскакивает (2, № 94, 153) =: поपुरхнуть 1 Ss:<богатырь> 2, ворон 3, сокол 3 2:полетывать ... поपुरхивать ... поскакивать F: конструкция параллелизма: Быдто ясные соколы поपुरхнули, Так добрые молодцы повыхали (2, № 94, 84) +: параллелизм отмечен в текстах из Кижей.

Чёткая и единообразная структура каждой словарной статьи обеспечивает корректное сопоставление лексем (и концептов, стоящих за ними) методом наложения, своеобразной аппликации словарных статей. Эта методика даёт надёжный материал для теоретических размышлений об инвариантном и специфическом в слове. Она полезна при проведении кросскультурных исследований, изучения региональных и хронологических особенностей языка, при описании своеобразия сказительского идиолекта [5, с. 131].

Словарная статья даёт полное представление о стоящем за словом понятии и его месте в фольклорной картине мира, проливает дополнительный свет на семантику анализируемого слова. Это делает возможной исчерпывающую характеристику анализируемого концепта. Вот, например, фрагмент описания концепта «друг» в русском фольклоре [9].

«Друг» – одно из самых важных понятий для русской ментальности. По данным «Частотного словаря русского языка» под ред. Засориной, среди 1 миллиона словоупотреблений на долю слова друг приходится 817, тогда как частотность слова friend в сопоставимом корпусе для американского английского языка равна 298 [10, с. 108]. А. Вежбицкая отмечает, что «друг» – это кто-то очень близкий для нас, гораздо ближе, нежели friend в английском [10, с. 107]; ключевыми элементами русского концепта «друг» являются интенсивное и душевное личное общение, и готовность помогать [10, с. 112].

В русском фольклоре слово друг имеет несколько иные значения, чем в современном употреблении.

Например, в былинах мы практически не встретим изолированного употребления слова друг, но всегда в сочетаниях друг друга, друг за друга, друг с другом, друг дружки, друг на дружку, друг от дружки, друг у дружки. По сути дела, здесь явно «прочитывается» этимология слова: друг – первоначально краткая форма прилагательного другой «второй». По мнению В.В. Колесова, друг – «другое я», т.е. «друг всегда понимается в отношении к другому, к равной себе паре» [11, с. 53]. Вот это «равенство» ясно демонстрируется контекстами: чаще всего подобные сочетания встречаются при описании битвы одинаковых



по силе партнеров, причем они могут являться как соратниками (Добрыня и Илья Муромец, Добрыня и Дунай, Илья Муромец и сын), так и противниками (Илья Муромец и разбойники, Добрыня, Алеша и татарин).

Они съехались-то скоро друг-то с другом-то;

Они друг друга-то крепко ударили;

Сабли вострые у их да поломались.

Не которой – от друг друга не ранили (Марк., с. 326).

Богатырю, воплощению силы и мощи Земли русской, пристало драться только с достойным соперником. Выражение не ранили друг друга становится формулой с идеей равной силы богатырей. Но уже в границах сочетаний друг друга и под. возникает и развивается значение духовного родства, взаимопомощи, о чем свидетельствует соотнесенность со словами помогать, брат.

При какой ни будь мы будем все при горюшки,

Уж мы будём друг дружки помогать мы все (Марк., с. 62);

Друг в фольклорной лирике также имеет специализированное значение: это любимый человек, участник «пары» не военной, но любовной. В абсолютном большинстве случаев употребляется форма дружок (реже – дружок) в сочетании с характерными определениями милый, сердечный, любезный, душевный и собственными именами, как мужскими – Иван (Ваня), Василий, Григорий, Петр, Ермил, так и женскими – Марья, Дарья, Илена. Друг в народных песнях имеет явную положительную коннотацию, на что указывает соотнесенность в горизонтальном и вертикальном контексте со словами ладушка, обрадушка, орел сизокрылый, соколочек, добрый молодец, надежа, сердце, душа, радость, голубочек, ластушка.

Ты, надеженька, мой мил сердечный друг,

Побывай, радость, у меня в гостях (Соб., II, № 468).

С милым другом связаны все перипетии любовного чувства: он может сохнуть по девушке, любить, тужить, хотеть жениться, обещаться, сердчать, хотеть покинуть, отступить, уйти; его же можно вспоминать, (не) ждать, мануть, провожать, повидать, послать ему письмо, идти замуж за друга, разбраниться, расставаться, распрощаться с ним и т.п.

Интересно, что песенный «друг», даже при наличии собственного имени, почти не имеет индивидуальных черт – это обобщенный образ с обобщенными характеристиками типа хорош и пригож, веселешенек, указания на портретные особенности, например, чернобровый – единичны. Н.И. Кравцов считает образы героев народной лирической песни статизированными, достаточно абстрактными. У них почти нет портретных деталей – только эмоциональное впечатление [12, с. 74, 76]. Образ друга = любимого связан с идеализированными представлениями о вольной и счастливой жизни до замужества в родительском доме, о родной стороне, игре и забавах. Слово друг нередко используется как обращение. Девушка призывает друга прийти, побывать в гостях, воротиться с дороги, не жениться на другой, жалуется, что по нему изныло сердце, постелька холодна и т.п. Обращение друг к члену «пары» становится настолько устойчивым, что превращается в своего рода «окаменевший эпитет» – явление, отмеченное в фольклоре еще акад. А.Н. Веселовским. О том, что другом в фольклорной лирике называют и негативно оцениваемого персонажа, свидетельствуют редко употребляющиеся определения постылый и немилый. Можно предположить, что одним из путей «присвоения» их словом друг являются процессы «перетягивания» или «стяжения» эпитетов, описанные А.Т. Хроленко [13, с. 50, 52].

Отдадут молоду

За немилаго дружка,

За немилаго дружка,

За постыла женишка (Соб., II, № 290).

Слово друг в народных песнях – это главным образом «единичный», а не «коллективный» образ: существительное редко встречается в форме множественного числа.

Употребляясь в данной форме, оно меняет свою семантику и становится названием не «любимого», а «соратника», связанного с лирическим героем общими интересами, делами, условиями жизни; по мнению В.В. Колесова, в древнерусских текстах отразилось такое понимание дружбы, как «отношения равенства и взаимной поддержки» [Колесов 1986: 53]. Не случайно множественное число существительного друг встречается чаще всего в сочетаниях со словами братья, товарищи, приятели, соседи.

Уж вы, други мои, други верные,  
Вы соседюшки порядовые,  
Вы подите, посидите у меня в гостях (Кир., № 1247).

Таким образом, современные методики исследования фольклорного текста служат надёжным инструментом исследования национальной культуры, национальной ментальности и демонстрируют широкие возможности для сопоставительного анализа.

#### **Библиографический список:**

1. Белов В.И. Лад: Очерки о народной эстетике // В.И. Белов Избранные произведения: В 3-х т. Т.3. – М.: Современник, 1984. – С. 3-326.
2. Хроленко А.Т. Что такое лингвофольклористика? // Русская речь. – 1974. – № 1. – С. 36-41.
3. Осовецкий И.А. О языке русского традиционного фольклора // Вопросы языкознания. – 1975. – № 5. – С. 66-77.
4. Артеменко Е.Б. К вопросу о специфике и типологии экспрессивно-языковых средств русского фольклора // Фольклор и литература: Проблемы изучения: сб. статей. – Воронеж, 2001. – С. 87-98.
5. Бобунова М.А. Комплекс методик лингвокультурологического анализа / М.А. Бобунова, И.С. Климас, С.П. Праведников, А.Т. Хроленко // Фундаментальные исследования в области гуманитарных наук: Конкурс грантов 2000 года: сб. реф. избр. работ. – Екатеринбург, 2003. – С. 130-132.
6. Хроленко А.Т. Введение в лингвофольклористику: учебное пособие. – М.: Флинта: Наука. – 2010. 192 с.
7. Климас И.С. Кластерный анализ в аспекте проблем лексикологии // Фольклорная лексикография. – Курск, 2001. Вып. 18. – С.18-23.
8. Бобунова М.А., Хроленко А.Т. Словарь языка русского фольклора: лексика былинных текстов. Первый выпуск. – Курск: Изд-во ГУИПП «Курск», 2000. – 112 с.
9. Климас И.С. Изучать опыт, накопленный языком // Alma mater: вестник высшей школы. – М., 2004. – № 2. – С. 50-56.
10. Вежбицкая, А. Понимание культур через посредство ключевых слов / пер. с англ. А.Д. Шмелева. – М.: Языки славянской культуры, 2001. – 288 с.
11. Колесов В.В. Мир человека в слове Древней Руси. – Л.: Изд-во ЛГУ, 1986. – 312 с.
12. Кравцов Н.И. Поэтика русских народных лирических песен. Ч. I. Композиция. – М.: Изд-во МГУ, 1974. – 96 с.
13. Хроленко А.Т. Поэтическая фразеология русской народной лирической песни. – Воронеж: Изд-во ВГУ, 1981. – 163 с.

#### **Цитируемые тексты**

- Кир. – Песни, собранные П.В. Киреевским: новая серия. Вып. II. Ч. 1. – М.: Изд. общ-ва любителей рос. словесности, 1917. – 125 с. (при цитировании указан номер песни в сборнике).
- Марк. Беломорские былины, записанные А. Марковым. – М.: Т-во скоропечатни А.А. Левенсон, 1901. – 619 с. (при цитировании указана страница в сборнике).
- Соб. – Великорусские народные песни / изд. проф. А.И. Соболевским: в 7 т. – СПб.: Гос. типография, 1895–1902. Т. II–VII. (при цитировании указан номер тома и номер песни в сборнике).

## ФИТОНИМДЕР ӘЛЕМНІҢ ТІЛДІК БЕЙНЕСІНДЕ

*Мұратбек Ф.,*

*магистрант,*

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,*

*Астана, Қазақстан,*

*[fariza\\_kz94@mail.ru](mailto:fariza_kz94@mail.ru)*

Объективті түрде әлем бейнесі тілде ең бірінші кезекте сөз арқылы көрініс табады. Дәл сол сөз адамның заттық әлемімен тығыз байланысты. Сондықтан әлемнің тілдік бейнесін жасаған кезде заттық мағынаға ие лексемалар үлкен рөл атқарады. Бұл сөздердің қатарына өсімдік әлемінің көптеген атаулары жатады, яғни ағаштардың, бұталардың, шөптердің, гүлдердің, көкөністер мен жеміс-жидектердің атаулары. Көрсетілген салалық жіктелімдердің белгілі бір атауларының болуы немесе болмауы әлем бейнесі тұрғысынан анықталады. Бұдан бөлек, ғалым В.И.Невойт эквивалентті фитонимдердің әр түрлі тілдегі нұсқаларына талдау жасау табиғи артефакттар көрінісі екенін, олардың өзара байланысы мен ерекшеліктері туралы түсініктерде елеулі айырмашылықтардың болатындығын дәлелдейді. Түптеп келгенде, бұл саланың жіктелуінің әр ұлтта ерекше екендігін көрсетеді [1, 77-б].

Сонымен қатар, мұндай атаулардың басқа тілдердегі атауларына салыстырмалы түрде талдау жасау бірдей нәрселердің әр түрлі халықтың санасында әр түрлі дәрежедегі өзектілікке ие болатыны туралы қорытынды жасауға негіз болады. Бұл, өз кезегінде, денотаттың кең таралуымен ғана емес, сол тілде сөйлеушілердің қоршаған ортаны ұлттық сана тұрғысынан қабылдауымен, бағалауымен, идеологиясымен және мәдени құндылықтар туралы түсініктерімен де анықталады.

Дүниені тану және оның тілдегі көрінісі заттардың объективті сипаттамасына ғана негізделмейді, сонымен қатар оларға деген эмоционалдық қатынас та үлкен маңызға ие болады. Сондықтан фитонимдер қатысатын әлем бейнесі туралы айтқан кезде, біз белгілі бір табиғат аумағына қатысты пейзаждық көріністі ғана қарастырмаймыз. Фитонимдердің функционалдық сипаттамалары, олар қолданылатын контексттер, түсініктен тыс қосымша мағыналары, олардың парадигматикалық байланыстары (жеке алғанда, деривациялық деңгейде) бұл атаулардың әлем бейнесін жасау кезінде адамдардың эмоцияларға, бағалауларға, сезімдерге толы рухани әлемін бейнелейтін маңызды тілдік элемент болып есептелетіндігін көрсетеді. Әлем бейнесінде фитонимдер адамның сыртқы және ішкі қасиеттерінің эталоны рөлін атқарады және ұлттық-патриоттық символ болып есептеледі. Сонымен қатар, әлем бейнесі объективті шынайылыққа қарағанда ұлттық сипатқа көбірек ие болады.

Ю.Н.Исаевтың пікірінше, әлемнің бейнесі – адамның шынайы санасы. Әр этностың дүниетанымы әлем бейнесінде көрініс табады. Әлем туралы білім – жеке және қоғамдық сананың негізінде орын алған әлемнің бейнесі. Бұл кезде тіл танымдық процестің миссиясын орындайды. Әртүрлі тілде сөйлеушілер концептуалдық тұрғыда бір-біріне жақын әлем бейнесіне ие болуы мүмкін. Мысалға «флора» және «фауна» концептосфераларын алуға болады. Жалпы адамзаттық, ұлттық және жеке қасиеттер концептуалдық әлем бейнесінде орын алады [2, 10-б]. Концептосфера – концептілердің жиынтығы болса, а концепт - лингво-мәдени феномен, ол адамның затты, құбылысты немесе жағдайды бағалауын ғана емес, адамның оған деген қатынасын білдіретін ментальді кешен. Тіл концепт арқылы ұлттарда/этностарда адамдарды байланыстырады. Тіл концепттің белгілі бір табиғатын сипаттауға және анықтауға жол ашады. Мысалға, «өсімдіктер (флора)» концептосферасының ішінен «ағаш» концептісін қарастырсақ, бұл концепт қазіргі уақытта көптеген ғылым салаларының объектісі болып табылады. «Ағаш» концептісіне деген қызығушылық оның әлемдік мәдениетте кең таралуымен, сондай-ақ әртүрлі әдеби жанрлар мен діни және мифологиялық түсініктерде көрініс табуымен байланысты.

Д.Ш. Исрафилованың айтуынша, табиғат символы – ағаш көптеген мәдениеттерде үздіксіз өсуді, табиғи толығу мен өлуді, зақымданған органдар мен талшықтардың қалыпқа келуін, сондай-ақ жалпы ағзаның оның бөліктері арқылы қалыпқа келуін білдіреді. Ағаш (өсімдік) – ауа регенаторы (қалыпқа келтіруші) ауаны артық газдан арылтып, оны адамның тыныс алуы үшін оттегімен қайта толықтырады. Ағашқа құрметпен қарау әртүрлі ұлттарда оны шипалы күшіне негізделген. Ертегілерде ағаштар қорғайды, емдейді [3, 14-б].

Кең таралған түсініктердің бірі - адамдар мінезінің ағаштардың түрлеріне ұқсату: ағаштар адамдар сияқты жеке не топтық, күшті немесе әлсіз болады.. Шығыс мәдениетінде адамның мінезі ағаштардың бірімен сәйкес келеді деп есептеген: ағаштар да адамдар сияқты жалғыз, күшті я әлсіз, жас немесе кәрі болады.

Танымал түрік ақыны Назым Хикмет «Ceviz ағашы» (Жаңғақ ағашы) өлеңінде өзін ағашқа теңейді:

*Ben bir ceviz ağacıyım Gülhane Parkında* (Мен бір жаңғақ ағашымын Гүлхан саябағында). / *Yapraklarım ellerimdir, tam yüz bin elim var – Yüz bin elle dokunurum sana, İstanbul'a* (Менің жапырақтарым – менің жүз мың қолым – жүз мың қолмен саған және Ыстамбулға қол жеткіземін. / *Yüz bin gözle seyredirim seni, İstanbul'ı* (Жүз мың көзбен қараймын саған, Ыстанбұлға). / *Ben bir ceviz ağacıyım Gülhane Parkında* (Мен бір жаңғақ ағашымын Гүлхан саябағында) [4, 94-б].

Соңғы жолы алты рет қайталанады және бұл рефрен ерекше ритм тудырып, автордың басты ойын жеткізеді.

М.Әуезов «Абай жолы» романында басты кейіпкердің бейнесін, *жалғыз түп ағаш* метафоралық образы арқылы оқырманға жеткізуге тырысады.

*... Жапан түз, елсіз, жолсыз сардалада жалғыз түп ағаш өсіпті. Айлар, жылдар, не замандар жасапты. Әрбір көктем күніне үмітін артып, шат қуаты жапырағын жарып, гүлін атыпты... Талай жылдар өтіпті. Әр жылының гүлдері мен дәндері ұшып, тарап кетіп жатыпты. Сан жапырақ сарғая солып, жоқ болыпты. Бір заман сол айдаладағы жай түсіпті де, жайрапты. Бар бұтақтан, гүл жапырақтан, дән нәрден айырылыпты, ажырапты... Қуарып, шошайып қалған жалғыз гана қу ағаш көк аспанға тіл қатыпты. Не жазып ем, не сұмдық, не зұлымдық етіп ем?! Біттім міне, тек көк аспан, қуам едің, сенен гана сұраймын. Сорымның да куәсі сен едің – кең көк аспан!...* [5, 227-б]

Ағаш концептісін сипаттаған кезде біз ұлттардың даналығын, олардың әдет-ғұрыптарын жиі кездестіреміз. Мысалы, Өмір ағашы қазақтар үшін өзін-өзі танудың, өзін-өзі дамытудың қайнар көзі болып табылады, себебі дәл осы Өмір ағашы арқылы олар ерте замандардағы аңызға айналған ата-бабалары, олардың рухтары, идеалдары мен қызығушылықтары, әдет-ғұрыптары, дәстүрлері, рухани мәдениеті, рулық таңбалары, батырлары, жауынгерлік ұрандары, генеологиялары мен географиясы, туысқандары мен көршілері, қайда, қашан өмір сүргендері, қалай аталғандары, кіммен, не үшін соғысқандары, қандай билеушіге бағынғандары туралы танып-білуге мүмкіндік алады.

Адамдардың пайда болуынан бастап бүгінгі күнде дейінгі уақытта адамзат біртұтастығын Өмір ағашының бейнесінде көреміз. Басқаша айтқанда, өмір метафора ретінде тамыры терең ағаш түрінде көрінеді, ал оның барлық бұтақтары бірдей маңызға ие болады. «Өмір ағашы» - метафоралық символы ағаштағы бұталардың төмен және жоғары орналасу ретімен бірыңғай дамуды, көкке қарай талпынуды бейнелейді.

Қазақ мәдениеті, ата-салты сақталған шежіреде Әлем ағашының керемет символы бар. Ағаштың жапырақтарында күн сәулесінің әсерімен фотосинтез процесі жүреді, мықты тамыры жердегі ылғалды дiңгегі арқылы оны жапырақтарға жеткізеді. Тамырымен жерді құшағына алып, бұтақтарымен көкті ұстап тұратын Әлем ағашы туралы аңыз ағаштың таңғажайып жаратылысы туралы түсініктен пайда болған. Қазақ мәдениетіндегі Өмір ағашын тірі табиғаттың дамуы сияқты ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып қалатын ақпараттар процесі ретінде қарастыруға болады. Мұндай тұжырымның себебі генетикалық ақпараттардың жинақталуының барлық тірі табиғатқа қатыстылығынан болуы мүмкін. Сонымен, шежірені эволюцияның символы деп есептеуге болады, өйткені эволюция

дегеніміз – ақпараттардың үздіксіз, тоқтаусыз жиналу процесі. Өмір ағашы – бұл концептуалдық өзіндік сана-сезімнің символы, ол ген тізбегінің бірқалыпты өсуінен көрініс табады. Тарихшы К. Данияровтың пікірінше, барлық көшпелі халықтардың тарихын зерттеудің ерекшелігі – олардың этногенезі мен тарихтағы жазбаларын зерттеу кезінде шежіре басты орын алады. Әлем ағашының бейнесі көп жағдайларда былай беріледі: «өмір ағашы», «жеміс ағашы», «өрлеу ағашы», «аспан ағашы», «шаман ағашы», т.б. Мұндай ағаш көк пен жерді, жерасты әлемін байланыстырып, бүкіләлемдік үйлесімділік пен тұрақтылықтың кепілі болған [6, 214-б]. Мысалы, скандинавия мифологиясында Иггдрасиль ағашы суреттелген. Сефирот өмір ағашы еврей мәдениетінде Жаратылыстың символы болып есептеледі. Қазақ мифологиясында Өмір ағашы Бәйтерек немесе Жолтерек (жолдарақ) о дүние мен Бұл дүние арасын жалғаушы жол ретінде саналады. Алып теректің ерекше қасиеті сол оны айнала ән салып, тілеген адамдардың тілегі қабыл болып жақсылыққа өзгереді екен. Сондықтан да, мифтік таным бойынша Бәйтерек ерекше қасиетке, символдық мәнге ие. Оны байырғы кездегі қазақтың жоқтау, естірту өлеңдерінде *асқар тауым құлады, бәйтерегім сұлады, терек түптен жығылды* деген образды тіркестерімен түсіндіруге болады. Сондай-ақ, бәйтерек жапырағы адам ұрпағының жалғастығын көрсетеді. Мысалы, *Ата – бәйтерек, бала – жапырақ* деген мәтел арқылы осындай таным-түсінікті байқауға болады. Мұндай ағаш үлгісі дәстүрлі қауымда *мықан ағашы, мырзатерек, әулие ағаш, сетер* тал делініп, пішіні мен мәніне қарай әртүрлі аталған. Бәйтерек ежелгі түркі сөзі, бәй «үлкен» деген сөз, «бай» сөзінің дыбыстық өзгеріске түскен түрі (бәйбіше, бәйшешек), үлкен, алғашқы деген ұғымдарды, ал терек (парсы тілінде - дарак) «ағаш» деген ұғымды білдіреді, демек бәйтерек екі сөздің бірігуінен жасалып, *«зәулім ағаш»* дегенді танытады [7, 47-б].

Сөйтіп, мифологиялық таным-түсініктер бойынша қазақ мәдениетінде ағашты қастерлеп, ерекше құрметпен қараған. Түркі халықтарының аңыздарында ағаш-тотемдер туралы жиі айтылады.

Қазақ халқындағы жалғыз өсіп тұрған ағашты қадірлеу салтының кең жайылғандығы жайлы Ш.Уәлиханов «Жапанда өсіп тұрған жалғыз ағаш, немесе бұта қадірленіп, оның басына түнейді. Оның қасынан өтіп бара жатып, адамдар ағаштың бұтақтарына шүберек байлайды, ыдыс тастайды, тіпті құрбандыққа мал шалады, я болмаса аттың жалын түйіп тастайды» - дейді [8, 113-б].

Э.М. Мурзаевтың «халықтық географиялық терминдер сөздігінде» ағаш мақаласында бұл сөздің «орман, тоғай, ағаш» деген мағынаның білдіретіндігі айтылады, бұл түркі тілді топонимдерде әртүрлі нұсқада жиі кездеседі: агаж, ағаш, ағыч, йағач [3, 16-б].

Қазақстан аумағында орманды жерлер көп емес, бірақ ағаш сөзімен кіріккен топонимдер кездеседі. Мысалы: *Ұзынағаш, Сарыағаш, Қызылағаш, Бесағаш*

Жинақтай айтқанда, Ағаш сөз мағыналары мен сөз тіркестерінде (мүйізі қарағайдай), паремиология (Мәуелі ағаш майысқақ; Қу ағашқа құс қонар т.б.) мен мифопоэтикалық түсініктерде маңызды рөл атқарады «Ағаш» концептісі халық өмірі, оның мәдениеті мен тарихынан, дүниетанымынан хабар береді. Қазақ тіліндегі «Ағаш» концептісі ұлттық танымның ерекшелігін көрсетуде, ұлттық дүниетанымды беру мақсатында, этнос болмысын, таным-түсінігін әр қырынан көрсетуде мол ақпарат береді.

#### Әдебиет:

1. Невоит В.И. Фитонимы в русской языковой картине мира Текст. / В.И.Невоит // Русский язык: исторические судьбы и современность: труды и материалы Междунар. конгресса (Москва, МГУ, 13 -16 марта 2001 г.). – М.: Изд-во МГУ, 2001. – 77 с.
2. Исаев Ю.Н. Фитонимическая картина мира в разноструктурных языках: Дисс. ... д-а филол. н. – Чебоксары, 2015. – 44 с.
3. Исафилова Д.Ш. Концепт «Tree/Дерево/Агач» как средство выражения языковой действительности в английском, русском и татарском языках: Дисс. ... канд. филол. н. – Казань, 2012. – 125 с.
4. Hikmet.N. «Ceviz ağacı». Bütün şiirleri. – ҮҚУ, 2015.
5. Әуезов М.О. «Абай жолы»: Роман-эпопея. IV кітап. – Алматы, 2006. – 227 б.
6. Тулекова М.А. Древо жизни // Bulletin KazNU. Filology series. – 2012. – № 4 (138). – 213 с.

7. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. – Алматы: DPS, 2011.

8. Уәлиханов Ш. Қазақтардағы шамандықтың қалдықтары // Алтын шаһарға сапар. – Алматы: Атамұра, 2006. – 302 б.

## ӘЛ-ФАРАБИДІҢ «АФОРИСТИК ЖАЗБАЛАР» КІТАБЫНЫҢ ПРАГМАСТИЛИСТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Мұхаметкерім М.М.,*

*магистрант,*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,*

*Алматы, Қазақстан,*

*[mmmuhametkerim@mail.ru](mailto:mmmuhametkerim@mail.ru)*

### **Түйіндеме**

Мақалада белгілі ғалым, ойшыл әл-Фарабидің «Афористік жазбалар» (Ат-та'ликат) еңбегінің прагмастилистикалық ерекшеліктеріне жан-жақты талдау жасалады. Автор қолданған сөз өрнектері, олардың бүгінгі күндегі тіліміздегі қолданылу ерекшеліктері сипатталып, түрлі сөздіктерден сілтемелер қарастырылады. Физика мен астрономия, философия мен әдебиеттану ғылымдарының кейбір терминдеріне автор берген анықтамаларының прагматикасына баса назар аударылады. Әл-Фарабидің стилі мен жазу мәнері, тілдік ерекшеліктері атап көрсетіледі.

**Кілт сөздер:** прагматика, стиль, сөйлеу мәнері, ғылыми тұжырымдама, форма, афоризм, анықтама.

### **Резюме**

В статье тщательно анализируется прагмастилистические особенности книги известного ученого и мыслителя аль-Фараби «Афористические записки» (Ат-таликат). Обсуждаются сочетание слов, используемые автором, их особенности на современном языке и ссылки на различные словари. Особое внимание уделяется прагматике определений, созданных некоторыми терминами в физике и астрономии, философии и литературной критике. Выделены стили и манера письма, языковые особенности Аль-Фараби.

**Ключевые слова:** прагматика, стиль, стиль речи, научная концепция, форма, афоризм, справка.

### **Summary**

The article carefully analyzes the pragmatilistic features of the book of the famous scientist and thinker al-Farabi "Aphoric records" (At-talik). The combination of words used by the author, their features in modern language and references to various dictionaries are discussed. Particular attention is paid to the pragmatics of definitions created by certain terms in physics and astronomy, philosophy and literary criticism. Styles and manner of writing, language features of Al-Farabi are singled out.

**Key words:** pragmatics, style, style of speech, scientific concept, form, aphorism, reference.

Прагматика өзінің табиғаты жағынан белгілі шектеулі аясы жоқ, сондықтан ол тіл білімінің көптеген мәселелерін қамтиды. Стиль, сөйлеу мәнері, сөз таптары мен сөйлем құрылымы, дискурс пен мәтін, әдебиеттану, т.б. бірнеше салалармен тығыз байланысты. Сөйлеудің ауызша және жазбаша формалары арқылы жасалған мәтін немесе дискурс прагматиканың негізгі нысаны болып табылады. Прагматика ұғымының ауқымы кең екендігін атап өттік, ал нақты анықтамасына келер болсақ, көрнекті ғалым, прагматика саласында ширек ғасырдан артық еңбек етіп келе жатқан зерттеуші Д.Әлкебаева былай анықтама береді: «Прагматика – коммуниканттардың бір-біріне және мәтіннің мазмұнына (ауызша және жазбаша түрде) олардың коммуникативтік пиғылымен және сұхбаттасу мән-жайымен санасқан жеке қарым-қатынасы» [1, 253-254]. Коммуникация болған жерде адресат пен адресанттың болатыны белгілі. Ғалымдар қазақ тілінің прагматикалық ерекшелігі туралы зерттеулерінде қазақ тілінде адресатқа қарағанда адресант маңызды рөл атқарады деген тұжырым жасайды. Демек, тыңдаушының көңіл-күйі, қабылдау деңгейі, түсіну ерекшелігі, т.б. бірнеше факторларға ерекше назар аударады.

Коммуникацияның негізгі формасы – дискурс пен мәтін. Әл-Фарабидің «Афористік жазбалар» кітабы – мәтін, яғни, жазбаша түрдегі прагмалингвистиканың зерттеу нысаны.

Көптеген ғылым салалары, атап айтар болсақ, әдебиеттану, физика, астрономия, музыка, мәдениеттану, философия мен педагогика, осы біз қарастырып отырған әл-Фараби еңбектерінен ғылыми бастауын алады. Афористика ғылымының бастауында да болжамдар жасалып, түрлі ғылыми тұжырымдамалардың болғаны ақиқат. Осы турасында М.Бахтин «Мәтін дегеніміз алғашқы шындық әрі барлық гуманитарлық пәндердің шығу нүктесі» деп атап көрсеткеніндей, түрлі ғылым салаларына қатысты терминдердің, ғылыми тұжырымдамалардың алғышарттары осы «Афористік жазбалар» кітабында жазылған. Материя, адам табиғаты, жарық, жан ілімі, аспан денелерінің қозғалысы мен ерекшелігі, дін ілімінің бірнеше терминдері, Құдайға қатысты ілім, қозғалыс, т.б. сан алуан мәселелерді қозғап, нақты анықтама беріп те, жалпы түсінік ретінде қарастырып та өткен. Мысалы: «18. Жарық – бұл жарық көзінің әсерін бастан кешуші заттың ырықсыз жағдайы немесе форманы сыйлаушылардың соңғының ықпалынан қабылдауы. 11. Бу көтеріледі және оның суға қатынасы шаңның жерге қатынасы сияқты» [2, 208-209]. Бұл физика саласына қатысты берілген түсініктемелер. Мұны жалпы қарапайым халық жете түсіне бермеуі мүкін, бірақ, сол ғылым саласында еңбектеніп жүргендер үшін өз кезінде үлкен жаңалық болғаны сөзсіз.

Афористикада негізінен басшылыққа алынатын қағида өз ойын шешен жеткізу. Шешендік сөздердің де қызметі афоризмдер мен түрлі дәлелдерді пайдалана отырып, оқырман немесе тыңдарманға әсер етуге негізделеді. «Риторика – сөйлеудің ережелері мен заңдарына үйретуші ғылым, яғни ойлауға нандыруға, ақыл-ойынды көрсетуге бағыттайды. Риторика ежелгі классикалық еңбектерде нандыру, сендіру, көріктендіру ғылымы болса, қазіргі риториканың теориясы бойынша сөйленістің белгілі бір мақсатқа сәйкестігі, ықпал етуі, тиімділігі, сөйлеудің үйлесімділігі» [3, 228] – деп, Д.Әлкебаева атап көрсеткендей, риторика ғылымын терең меңгермеген автордың шығармалары ежелгі дәуірлерде болсын, қазіргі күнде болсын ғылыми айналымға шыға алмайды. Біз сөз етіп отырған Фарабидің «Афористік жазбалар» еңбегінен біз екінші ұстаздың шешендік өнерді жан-жақты әрі шебер меңгергендігін байқаймыз. «23. Заттың ақылға қонымды жағы дегеніміз осы заттың дерексіз болмысы. Егер осы заттың болмысы сен үшін өмір сүрсе, бұл зат материалдық болған жағдайда болатын нәрсе – онда бұл болмыс сен үшін ақылға қонымды. Егер осы заттың болмысы өзі үшін болса, онда ол өзі үшін ақылға қонымды. Болмыс – жеке мәнде болса, дәл осы дерексіздікте ол өзі үшін ақылға қонымды. 24. Даналық – шын болмысты тану, ал шын болмыс бұл қажетті мәнділіктің өзі. Ойшыл – қажеттіліктің өзі туралы жетік білімге ие адам» [2, 210]. Келтірілген мысалдардан байқағанымыздай, өз ойын нақты, дәлелді түрде жеткізу Фарабидің өзіне тән стилі. Риторика тұрғысынан талдау жүргізіп көрсек, автор сөздері ойлауға, нандыруға және ақыл-ойын көрсетуге бағыттталып, мақсатқа сәйкес, әсерлі жеткізіліп тұр. Себебі, болмыс туралы, даналық туралы сөз қозғағанда түрлі анықтамалар бар. Ал бірақ, нақты даналыққа дәлме-дәл анықтама беруде зерттеушілер пікірі бір арнаға тоғыспайды. Әл-Фараби даналық дегеніміз өз айналысатын ғылым саласы, сүйікті ісі немесе түрлі қызығушылықтары болсын, сол саланың шындығын тану және жетік білу деп түсінікті әрі ақылға қонымды анықтамасын берді. «Даналық – адамзаттың санғасырлық таным процесі мен өмір-тәжірибесінде жинақталған рухани ілім-білімді игеріп, оны қрпақтан-ұрпаққа ұлағатты ой-пікір, өнегелі түсінік, ізгілікті іс-әрекет түрінде жеткізе білген адам қасиеті. Даналық – ауқымы кең, күрделі құбылыс, оған бір жақты, кесімді анықтама беру мүмкін емес» [4, 143]. Бұл Т.рысқалиевтің даналыққа берген түсініктемесі. Бұл анықтамада негізінен даналықты гуманитарлық жақтанғана қарастырып, философияның зерттеу нысаны ретінде көрсеткен. Сонау Ф.Ницшенің шығармалары даналыққа толы, Қорқыт, Асан қайғы, Прометей, Сизиф т.б. мифологиялық кейіпкерлердің туындылары мен Абай шығармаларының даналығы арқылы ғана танытуға тырысқан. Және даналықты ауқымы кең, анықтама беруге болмайды деген қорытынды жасайды. Нақты ғылым саласы қаншалықты ауқымы кең болса да, зерттеліп, ғылыми тұжырымдамалар мен дәлелдемелерді қажет етеді. Тағы бір мысал: «Даналық – данышпандық, кемеңгерлік. «Ақындардың адалдығын – даналықтың даналығы деп білем» (Қ.Мүсірепов). Даналық – өнегелі өсиет, үлгі сөз. «Өзіме қажет болар деп 1950-жылдардан бастап әр халықтың даналық сөзін жинай бастадым»

(М.Әлімбаев)» [5, 45]. Бұл түсіндірме сөздіктегі даналық сөзіне берілген түсініктеме. Келтірілген әдебиеттер мен естеліктердің мысалы, даналық сөзінің анықтамасы емес, табиғатын ашуда да әлсіздік көрсетіп тұр. Олай дейтініміз, сөздікте жалпы түсінік, парасаттылық, кемеңгерлік ұғымдарының баламасы ретінде ғана айтылған. Жоғарыда келтіріп өткен мысалдар мен әл-Фараби қолданған даналық терминінің арасында үлкен айырмашылықтар бар екендігін байқаймыз. Әл-Фараби прагматикасының ерекшелігі сол, толықтай анықтамалар мен түсініктемелерге құрылған. Бұл турасында әл-Фарабидің қолданған лексикасы мен стилі жөнінде зерттеу жүргізген Б.Ошеревич: «Оның стилінің даралығы баяндауының ықшамдылығында, сөздер мен сөз тіркестеріне, сөйлемдерге сақтықпен қарауында, болымсызды немесе жалпыға мәлімдіні елемей, негізгі ой желісін таңдау шеберлігінде байқалады. Әл-Фарабидің қисынды дүниетанымы оның пікірді әр алуан тұрғыдан қарап дамыту шеберлігінде, жан-жақты қарастыруында көрінеді» [6, 221] - деп, біз сөз етіп отырған еңбегі туралы баяндайды. Ықшамдылық пен түсініктілік, нақтылық, етістіктерінің тиянақты аяқталуы, ғылыми анықтамалар жасалып, әсерлілік пен синонимдерден ада екендігі әл-Фарабиді сол кезеңдегі араб-парсы авторларынан ерекшелеп тұрады. Оған мысал: «45. Ол – Алғашқы және Соңғы, себебі, ол – әрекет етуші құбылыс және мақсат, тіпті оның мақсаты – оның өзі. Кез келген зат одан өрбиді және соған келіп тоғысады» [2, 213]. Бұл - автордың Құдайды сипаттап жазған жазбасы. Осы афоризмнің алдында адам және оның жасаушысы, ақылы туралы баяндай келіп, Жаратушының сипатын осы жерде тереңірек ашып көрсетеді. Әл-Фараби ислам дінін бек мықты ұстанған. Оған дәлел, оның әр трактатының бастауында «Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен!» деген сөз жазылған. Осыдан-ақ дінді терең ұстанғанын байқай аламыз. Ал, діні мен Құдайын таныған адамның бұл тұрғыдан сөз қозғамауы мүмкін емес. Осы сынды ғылымның әр саласына берген сан алуан анықтамалары ғылым мен техниканың дамуы тұрмақ, алғышарттары қалыптаспаған заманда айтылуы әл-Фарабидің асқан дана, ойшыл ғана емес, ғалымдық дәрежесінің жоғары екендігін дәлелдейді. «Әлем қозғалысы – ол оның өзі кемелденуді талап етеді дейтіннен туындайтын кемелдену емес. Егер әлемнің кемелденуі оның қозғалысына тепе-тең болмағанды болса, онда ол кемелдікке қол жеткізе отырып, тоқтап қалған болар еді. Әлем үшін қозғалыс – ол вертикальді қозғалушы дене үшін табиғи жағдайда тыныштыққа қол жеткізуімен бірдей; сондықтан да әлем үнемі қозғалыста болады» [2, 214] деп, физика мен географияның ХҮІІ-ХҮІІІ ғасырларда дәлелдеп, көз жеткізген ғылыми аксиомаларының басты тұжырымын Фараби ІХ ғасырда айтып кеткен. Демек, дененің табиғи жаратылыс болғандықтан, үнемі әртүрлі процестер жүре отырып, бір сәт те табиғи тыныштықта тұра алмайтындығымен әлемнің Күнді айнала қозғалатынын айтып отыр. Міне, бұл үзінділерден біздің байқайтынымыз, әл-Фараби шығармаларының үлкен бөлігі түсіндірмелер түрінде жазылған. Және көп шығармаларының құрылымы осы еңбекке ұқсас парафразбен берілген.

Қорыта келгенде, әл-Фарабидің «Афористикалық жазбалар» еңбегі метафизика, логика, физика, философия, психология, математика саласына жататын афористік сөздерінің жиынтығы болып табылады. Ғылыми, публицистикалық, көркем әдебиет стильдерінде жазылған еңбектегі көптеген ойлар мен ғылыми түсініктер осы күнге дейін маңызын жоймай, үлкен жаңалықтардың бастауында да тұрғаны ақиқат. Ұғымдарды жинақтау мен қорытындылау, өткірлік – оның шығармаларының ерекше белгісі.

#### **Әдебиет:**

1. Әлкебаева Д. Мәтін мен дискурстың прагмастилистикалық табиғаты // Ұлт тағылымы. – Алматы, 2009. – №1. – 253-257 б.
2. Әбу Насыр әл-Фараби. 10 томдық шығармалар жинағы. Т.4. Әлеуметтік философия. Этика. Эстетика. – Астана: Лотос, 2007. – 296 б.
3. Әлкебаева Д. Қазақ тілінің прагмастилистикасы: оқулық. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 247 б.
4. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия / Бас ред.: Ә.Нысанбаев. –Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2001. – 720 б.



5. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Т.3, Ғ-Ж. / Ред.: Ә.Болғанбаев. – Алматы: Ғылым, 1978. – 735 б.  
6. Фарабитану. Жиырма томдық. т.16. / Құраст.: Ә.Нысанбаев, Ғ.Құрманғалиева. – Астана: Аударма, 2006. – 440 б.

## КОНЦЕПТ «СЛЕЗА» В РУССКИХ И НЕМЕЦКИХ ПАРЕМИЯХ

**Савченко В.А.,**

*кандидат филологических наук,  
Курский государственный университет,  
Курск, Россия,  
[sawtschenko@inbox.ru](mailto:sawtschenko@inbox.ru)*

### **Резюме**

Цель настоящей статьи – выявление и описание этнического своеобразия вербализации концепта «слеза» в русских и немецких паремиях. Соматизмы в данной статье исследуются в рамках курской школы лингвофольклористики посредством лексикографических приемов. В результате проведенного лингвокультурологического анализа были выявлены общие и отличительные признаки концепта «слеза» в русской и немецкой паремиологических картинах мира.

### **Summary**

The paper is aimed at revealing and describing an ethnic peculiarity in the verbalization of the concept "tear" in Russian and German proverbs. Somatisms in the paper are studied by means of lexicographic methods that have been worked out in the Kursk linguafolkloristics school. The linguaculturology investigation has revealed common and different features of the concept "tear" in Russian and German proemiological world pictures.

Соотношение языка и культуры – один из актуальных вопросов современного языкознания. В настоящее время в рамках курской научной школы лингвофольклористики сложились два направления, исследующие проблематику «язык и культура»: сопоставительная и кросскультурная лингвофольклористика. Цель сопоставительной лингвофольклористики – выявление общефольклорных, общежанровых, диалектных и идиолектных явлений, в конечном счёте углубленное изучение вербальной составляющей одной конкретной фольклорной культуры. Кросскультурная лингвофольклористика основывается на сравнении фольклорно-языковых явлений, принадлежащих устному народному творчеству двух или более этносов. Основная исследовательская цель кросскультурной лингвофольклористики заключается в выявлении специфики этнической культуры и определяющей её этнической ментальности [8].

Настоящая статья посвящена кросскультурному исследованию соматизмов на материале русских и немецких паремий. Цель статьи состоит в выявлении и описании этнического своеобразия вербализации концепта «слеза» в русских и немецких паремиях. Под паремиями в настоящей статье понимаются пословицы и поговорки. Материалом для исследования послужила картотека русских и немецких паремий с соматизмом слеза, полученная путём сплошной выборки из следующих лексикографических источников паремий:

1. Даль В.И. Пословицы, поговорки и прибаутки русского народа [4];
2. Simrock K. Die deutschen Sprichwörter [10].

Для решения поставленной задачи использовалась методика создания концептограммы, разработанная М.А. Бобуновой и А.Т. Хроленко на материале фольклорных текстов [2, 5-11; 3, 142-149]. Представим схему, по которой составлялись словарные статьи с учётом условных обозначений и содержания каждого фрагмента статьи: заглавное слово (количество словоупотреблений); ‘толкование’; =: варианты акцентные, морфемные и иные, включая диминутивы и т.п.; S: связи с существительными; A: связи с прилагательными; Pron: связи с местоимениями; Num: связи с числительными; Vs: случаи, в

которых данное слово выполняет функцию субъекта действия; Vo: случаи, в которых слово выполняет функцию объекта; +: ассоциативные ряды; Comp: компонент сравнительного оборота; à: вхождение слова в состав фразеологической единицы [3].

В соматических представлениях русских слезам отводится немаловажное значение. В Ветхом завете слёзы выступают в качестве телесного воплощения самых сильных эмоций, вызванных как разнообразными общественными бедами Израиля, так и личными переживаниями – соболезованием, сожалением, раскаянием. В слезах проявляется глубинное единство внешнего и внутреннего, тела и души. В русской духовной культуре слёзы сопровождают пост, раскаяние, благие дела. Они позволяют очиститься от грехов и пережить как бы второе крещение. Благодаря слезам человеку легче добиться милости Божьей, как считал и Мармеладов в «Преступлении и наказании» [6]. В русской традиции процесс плача имел не только обыденный, но и ритуальный характер. В свадебном обряде важная роль отводилась ритуальному причитанию невесты. Слёзы на свадьбе обеспечивают дальнейшее благополучие девушки. В русской традиции слезам придавалось и очистительное значение: «Слёзы прочищают недобрые очи и отнимают у них злую силу» [1, 98].

В русских поговорках концепт «слеза» вербализуется лексемой слеза. Лексема слеза – общеславянская, буквально – «то, что льётся» [9, 293].

Представим лексикографический «портрет» соматизма слеза.

Слеза (28) слёзка 1 А: бабья 1, горяча 1, обиженна 1, убогая 1 Vs: бежать 1, <быть> 3, <быть> дешёвы 1, <быть> жидка 1, кануть 1, литься 3, прошибать/ прошибить 2, течь 1, писать 1, пронимать 1 Vo: <быть> поливана слезами [чужедальняя сторона] 1, (не) верить слезам [чужбина] 1, глотать 1, лить 1, (не) наполнишь моря слезою 1, опохмелиться слезами 1, помогать беде слезами 2, проглотить 1, спорить до слёз 1, унимать 1, утирать 1+: слеза ... горе 3, слеза ... беда 3, слеза ... чужбина 2

В русских поговорках лексема слеза зафиксирована в 28 словоупотреблениях. Один раз отмечен диминутив слёзки. Лексема слеза единично определяется прилагательными бабья, обиженна, убогая, общефольклорным эпитетом горяча. Слеза сочетается также с предикативными определениями <быть> дешёвы, <быть> жидка: У баб и у пьяных слёзы дешёвы [4, 290], И жидка слеза, да едка [4, 114]. Как имя субъекта действия слеза может: кануть, литься, прошибать, прошибить, пронимать, течь: Придёт беда – проймёт слеза [4, 114], Обиженна слеза не канет на землю, а всё на человеческую голову [4, 125], Рад бы не плакал, да слёзы сами льются [4, 114].

Как имя объекта действия существительное слеза управляется глаголами глотать, лить, поливать слезами, проглотить, унимать, утирать: Бабьи слёзы чем больше унимать, тем хуже [4, 290], Тяжело слёзы глотать [4, 114], Чужбина слезам не верит [4, 269], Женский обычай – слезами беде помогать [4, 290], Чужедальняя сторона: она горем посеяна, слезами поливана, тоскою покрывана, печалью горожена [4, 302].

Существительное слеза предстаёт в русских поговорках как результат воздействия тоски, печали, скорби: Выйду на путь – слёзки текут; вспомню своих – и тошно по них [4, 268], В сиротстве жить – слёзы лить [4, 318], Где горе – тут и слёзы [4, 115], У горя и слёзы [4, 115], Через золото слёзы льются [4, 300] ‘И при богатстве люди испытывают горе, страдания и т.п. (часто о браке по расчёту)’ [5, 354]. Слёзы – результат покаяния: Есть слёзы – есть и совесть [4, 115].

В русских поговорках фиксируются ассоциативные ряды слеза... горе (3), слеза ... беда (3), слеза ... чужбина 2.

В немецких поговорках концепт «слеза» вербализуется лексемами die Träne ‘слеза’ и die Zähre поэт. ‘слеза’.

Лексема die Träne соотносится с др.-в.-нем. trahan, ср.-в.-нем. trahen, trān «Träne, Tropfen» (слеза, капля) [7, 534]. Слово die Zähre (поэт.) «слеза» соотносится с и.-е. \*dakru «слеза»: и.-е. \*terg- «press, squeeze» (выжимать), русск. исторгнуть [7, 594].

Обратимся к концептограммам лексем die Träne ‘слеза’ и die Zähre поэт. ‘слеза’.

Träne 'слеза' (5) A: hitzig 'горячий' 1, heiß 'горячий' 1 Vs: zurückbringen niemand aus dem Graben 'никого не вернуть из могилы' 1, trocknen 'высыхать' 1, des Leidenden Balsam sein 'быть бальзамом страдающего' 1 Vo: fürchten 'бояться' 1, waschen <Hände> mit Tränen 'мыть <руки> слезами' 1

Zähre поэт. 'слеза' (2) Pron: seine 'свои' 1 S: der Weiber Zähren 'женские слёзы' 1 Vo: verlieren 'проливать напрасно' 1, sich (nicht) kehren an der Weiber Zähren 'не обращать внимание на женские слёзы' 1

В исследуемых немецких пословицах и поговорках соматизм die Träne 'слеза' встретился в пяти словоупотреблениях, лексема die Zähre 'слеза' отмечена два раза.

Лексема die Träne 'слеза' определяется прилагательными heiß 'горячий' и hitzig 'горячий'. Слово die Träne 'слеза' может выступать в функции субъекта: Tränen bringen niemand aus dem Grabe zurück [10, 521] 'Слёзы никого не могут вернуть из могилы' и объекта действия: Wer die Hand im Blute badet, muss sie mit Tränen waschen [10, 225] 'Тот, чьи руки обгарены кровью, омоет их слезами'. При этом, как и в русской паремиологии, в немецких пословицах слезы могут являться результатом воздействия тоски, печали, скорби.

Лексема die Zähre поэт. 'слеза' характеризуется по принадлежности с помощью существительного в родительном падеже der Weiber Zähren 'женские слёзы'. В роли объекта действия сочетается с глаголами verlieren 'проливать', sich (nicht) kehren an der Weiber Zähren 'не обращать внимание на женские слёзы'.

В немецких паремиях слезы облегчают страдания человека: Tränen sind des Leidenden Balsam 'Слезы – бальзам страдающего' [10, 521].

Таким образом, проведённый кросскультурный анализ выявил общие черты в функционировании лексем, выражающих концепт «слеза», в русской и немецкой паремиологии. Так, исследование материала показало, что и в русских, и в немецких паремиях слёзы прежде всего связаны с душевными переживаниями, тоской, печалью.

Вместе с тем анализ выявил также количественную и культурную асимметричность в репрезентации концепта «слеза» в русских и немецких паремиях. Количественная асимметричность проявляется в различной степени частотности лексем, вербализующих рассматриваемый концепт в русских и немецких паремиях. В русских паремиях слеза относится к частотным лексемам. Для немецких паремий концепт «слеза» не актуален.

Культурная асимметричность выражается в наличии специфических культурных смыслов, аккумулированных в соматизме слеза. Так, только в русских паремиях слезы – результат покаяния. Различия обнаруживаются также на уровне парадигматики и синтагматики соматизмов. В русских паремиях наличествуют специфические ассоциативные ряды.

#### **Литература:**

1. Артемьева, О.Н. Человеческое тело в традиционных представлениях русских среднего Прииртышья конца XIX-первой половины XX в.: дисс. ... канд. ист. наук: 07.00.07 / Оксана Николаевна Артемьева; Омский гос. ун-т. – Омск, 2005. – 298 с.
2. Бобунова, М.А. Словарь языка русского фольклора: лексика былинных текстов / М.А. Бобунова, А.Т. Хроленко. – Курск: Изд-во ГУИПП «Курск», 2000. – Вып. 1. – 112 с.
3. Бобунова, М.А. Фольклорная лексикография: становление, теоретические и практические результаты, перспективы / М.А. Бобунова. – Курск: Изд-во Курск. гос. ун-та, 2004. – 240 с.
4. Даль, В.И. Пословицы, поговорки и прибаутки русского народа: В 2 т. Т.1. / В.И. Даль. – СПб.: Литера, ВИАИ, 1997. – 416 с.
5. Жуков, В.П. Словарь русских пословиц и поговорок / В.П. Жуков. – М.: Рус. яз., 2000. – 544 с.
6. Конт, Ф. «Кончавше правило, паки начах молитися Христу и Богородице со слезами» (Слёзы в русской духовной культуре) / Ф. Конт // Тело в русской культуре. – М.: Новое литературное обозрение, 2005. – С. 112–118.
7. Маковский, М.М. Этимологический словарь современного немецкого языка. Слово в зеркале человеческой культуры / М.М. Маковский. – М.: Азбуковник, 2004. – 630с.
8. Хроленко, А.Т. Введение в лингвофольклористику: учеб. пособие / А.Т. Хроленко. – М.: Флинта: Наука, 2010. – 192 с.

9. Шанский, Н.М. Этимологический словарь русского языка / Н.М. Шанский, Т.А. Боброва. – М.: Прозерпина, 1994. – 400 с.
10. Simrock, K. Die deutschen Sprichwörter / K. Simrock. – Düsseldorf: Albatros, 2003. – 630 S.

## КӨРКЕМ МӘТІН КЕҢІСТІГІНІҢ КОНЦЕПТУАЛДЫҚ АТРИБУТТАРЫ

*Сүлейменова Б.Н.,*

*филология ғылымдарының кандидаты, доцент,  
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
Астана, Қазақстан,  
[bahyt.suleimenova@mail.ru](mailto:bahyt.suleimenova@mail.ru)*

### **Резюме**

В статье рассматривается применение концептуального анализа при раскрытии концептуально-семантического пространства текста

### **Summary**

In the article the problem of semantics of the text is considered. The special place in semantics of the text borrows its space. In formation of semantics space participate as the text (language sings –words, offers, the complex syntactic whole), and interpretation of the text by the reader.

Кез келген ұлттық тіл үшін концептуалдық кеңістіктің мәні, сөз шығармасының мәдениеті, дамуы мен баюынан көрінеді. Тілдің байлығы сөздің қордың байлығын немесе грамматикалық мүмкіндігінен ғана анықталмайды, сонымен бірге, адам мен оның ұлтының ұлттық тілінің концептуалды әлемі мен концептаясымен өлшенеді.

Концептің менталды табиғи аса маңызды мәнге ие екені жан –жақты да, нақты түрде көрсетілген. Алғашқылардың бірі болып концептің осы бір басты қасиетіне назар аударған А. Вежбицкая болды. Ол концептті «идеалды» өмірдің нысаны ретінде қарастырып, адамның шындық өмірі туралы мәдениетке негізделген ойы дейді [1].

Мәдениеттегі концептілер тұрақтылығын, оның мәдени санада үнемі болатындығын терең зерттеп, қарастырған Ю. Д. Степанов. Ол константа мен концепт түсінігін жақындастыра түседі. «Мәдениеттегі константа –үнемі әрі өте ұзақ өмір сүретін концепт» [2].

Концепт –адам санасының универсалдығы (әмбебаптығы). Оған бірнеше мәрте қайта оралу – рухани дәстүрге қатысты «мәдени ес» түрінде субъектінің санасында қалыптасып, ассоциациялық өріс жасайды.

Концептің дамуға қабілеттілігі, оның динамикалық өсу табиғатын Ю. Д. Степанов: «Концепт «қабатты» құрылымнан тұрады және әр қабат әр дәуірдің мәдени өмірінің «негіздісі», «нәтижесі», –деп санайды [2]. Зерттеуші концептің көпқабаттылығын, көп аспектілігін оның тарихи негізімен түсіндіреді. Осы ойды тарата отырып, концептің көпкешенді, екі жақты табиғатын көрсетуге болады: біріншіден, ол тарихи, диахронды, «мағынаның вертикалдығын» көрсетеді; екіншіден, ол –синхронды, яғни түрлі синтагмалық контексте бір мезгілде, көп репрезентацияланады «горизонтальды» мағына).

Мәдени мәндегі концептілердің парадигмасын анықтау және олардың концептаясын, яғни концептің менталды өрісін құрайтын компоненттерді бейнелеу концептуалды талдаудың мақсаты.

Концептілерді табу тәсілі мен оның мазмұнын репрезентациялау концептуалды талдау құрайды, алайда лингвистикада оны түсінуде бірзділік жоқ.

Теориялық мәселелердің даулы екендігіне қарамастан, лингвистер концептуалды талдау практикасында маңызды нәтижелерге қол жеткізді. Концептуалды талдаудағы ең бір тиімді бағыт –оларды көркем мәтінді семантикалық тұрғыдан зерттеуге пайдалану.

Концептілер көп кешенді және негізгі, жанама өрістегі білімі, түсінігі, ассоциациясы бар. Егер сөздікте, ұлттың тілдік сөздік құрамында концепті сипаттау, бірінші кезекте сөздердің парадигмалық байланысын зерттеуге негізделсе, мәтіндегі концептіні зерттеуде парадигмалықпен бірге, сөздердің синтагмалық байланысын да ескеру керек. Көркем мәтін концептісі синтагмалық негізде қалыптасып, мәтіншілік синтагмалық негізді құрайды. Осыдан келіп көркем мәтін материалында жүзеге асырылатын концептуализация процесінің өзіндік ерекшелігі болады. Концептуализация немесе көркем мәтіннің концептуалды аймағын экспликациялау әдісі, бір тақырыпты, микротақырыпты алатын тілдік бірліктердің жиынтығынан, олардың компоненттерін семантикалық түрде шығаруға негізделеді. Осы жақындау, тартылу негізінде қалыптасып, бір семантикалық аймақтағы сөздер мен сөйлемдерде репрезентацияланып, мәтіннің тұтас концептаясында жасалады. Ал соңғы концепт жеке мәтіндегі немесе бір автор мәтіні жиынтығындағы жеке –авторлық көркем суретінің негізін (ядросын) көрсетеді.

Әрбір әдеби шығарма жеке – авторлық қабылдау тәсілі мен айналы (ортаны) концептуализациялаудың жеке нұсқасын жасайды. Автордың дүние туралы көркем әдеби түрдегі білімі адресатқа бағытталған түсініктің жүйесі болып табылады. Бұл жүйеде жалпы адамзаттың әмбебап заңдарын көрсетсе, екінші жағынан, жеке, бірегей идеяларды көрсетеді. Мәтіннің көркем суретіндегі әмбебап және жеке–авторлық білімнің сәйкесу дәрежесі әр түрлі болуы мүмкін: толық сәйкесу, үндесуден бастап, мүлде сәйкеспейтін, екі бөлек болуға дейін. Осыдан келіп, шектеусіз түрде анықталып, бейнеленбейді де, мәтіннің туу және қабылдану заңдарына сәйкес, концептаяда тәуелсіз мағыналар болуы мүмкін.

Осылайша, көркем мәтіннің концептуалды кеңістігін айқындау, біріншіден, мәтіндегі түйінді сөздер топтамасын айқындауды; екіншіден, осы кеңістіктің базалық концептісін (концептерін) анықтауды; үшіншіден, олар белгілейтін концептуалды кеңістікті бейнелеуді атқарады.

Мәтіннің концептуалды кеңістігін жасаудың алғышарты ретінде психоллингвистика мен дәстүрлі стилистикасының жетістіктерін айтуға болады. Психоллингвистиканың тәжірибиелер тілдік хабарлау мен мәтіннің мағыналық қабылдауын зерттеуге бағыттала отырып, оқырманның мәтінді концептуалды, мағынасын толық қабылдайтынын қуаттайды. Бұл ретте мәтінді түсіну процесінде оның мазмұны айқындалып, мәтіндік үзінділер іріленіп, жалпы семантикалық мағынаға бірігіп, кейінтүйінді сөздер топтамасының жасалуы жүзеге асырылады.

Мәтіннің концептуалды кеңістігінің қалыптасуына белгілі бір мәтінді алдын –ала білдіретін, біздің қоршаған орта туралы біліміміздің бір бөлігін құрайтын мәтіналды пресуппозиция қатысады. бұған автордың аты –жөні, шығарманың жанры, оның жасалу уақытын т.б. жатқызуға болады. Мәтіннің концептуалды кеңістігінің қалыптасуы үшін маңызды тағы бір түсінік –когнитивті пропозиционалды құрылым ұғымы. Ол көрермен тарапынан менталды құрылым мақсатында жүзеге асатын концептінің моделдеуінің қажеттілігімен байланысты ғылыми айналымға енді. Мұндай модельдеу лексикалық, фразеологиялық және мәтіндік концепт репрезентациясына ену, айнала қоршаған дүниені қабылдау нәтижесінде мүмкін болады.

Когнитивті –пропозиционалды құрылым бір тектес элементтердің жиынтығы негізінде қалыптасады. Концептілер мен концептаясын түсіндіру мағынасы жағынан жақын сөздер тобының тақырыптық –семантикалық, мәнді –семантикалық белгілердің типтік топтамасына жатады.

Пропозиция –білімді түсіндірудің ерекше құрылымы, білімді репрезентациялаудың ерекше түрі, ал мәтінде бұл мәтінді жеткізетін, негізінен, предикатты сөздер–етістіктер, сын есімдер, үстеулер, сол сияқты, предикатты семантикалық зат есімдер.

Әдебиеттерде осылайша концептуалдық құрылымын жасаудың мынадай моделі ұсынылады:

Концептаяның құрылымын модельдеу (жасау), яғни, ондағы ядроларды (базалық когнитивті –пропозициялы құрылым), ядролы аймақты (негізінен лексикалық

репрезентациялау), жақын перифериялар (ассоциативті –бейнелі репрезентациялау) және алыс (қашық) периферияларды (субъектілі –модельді мағына) анықтау.

Осы негізде, концептуалдық кеңістік бір әдеби –көркем шығарма материалының негізінде де, бір автордың бірнеше шығармасының материалдарының негізінде де, бір әдеби –көркем бағытқа жататын әр түрлі авторлардың бірнеше шығармаларының негізінде де жасалады.

Концептуалдық кеңістіктің негізгі ядросы мен ядро алдындағы аясы (зона) әмбебап және ұлттық білімді білдіреді, ал периферия жеке білімдерді репрезентациялайды.

Осылайша, әлем лингвистері концептілік кеңістік пен ғаламдық тілдік бейненің арақатынасын шешу арқылы олардың пайда болуын анықтауға тырысады.

Әрбір мәдениетте адам моделі бүтін универсалды концептерден және мәдениет константтарынан –кеңістіктен, уақыттан, мөлшерден, себептерден, тағдырдан т.б. тұрады.

Көркем мәтіннің концептуалдық –семантикалық кеңістігінің доминанты болып «адам», «кеңістік», «уақыт» әмбебап (универсалды) концептілері табылады, ал оларға сәйкес мәтін категориялары жалпы мәтін құраушы қызметті орындайды. Көркем мәтіннің семантикасын қалыптастыруда бұл категориялардың мәнділігін ескере отырып, бұларға арнайы тоқталып кетуді жөн көрдік.

Бір мәнді сәйкестік, үйлесімділік жоқ, керісінше, кеңістіктегі қарама –қайшылық, сыртқы және ішкі тартыс орын алады. Мәтіндегі мұндай қайшылық «оның бірізді созылықтылығы, осындай немесе басқа бірізді емес, иерархиялы түрде репрезентациялануы тиіс. Мәтіннің семиологиялық ұйымындағы диалектикалық қарама –қайшылықты сипаттағы қайшылықты алып тастау, мәтін кеңістігінің орналасуымен (яғни, сөз, сөйлем немесе мәтін бөліктерінің орналасуы) аяқталып, осы ретте мәтіндегі білдіруші және білінуші туралы қосымша ақпараттар беруге қабілетті болып, символдық және индексалды элементтерге тәуелсіз түрде беріледі».

Осылайша, көркем мәтіннің менталды семантикалық кеңістігі, тек қана көрінетін, тікелей эксплицитті мағынаны ғана емес, сонымен бірге, көрінбейтін, имплицитті мағынаны да кең, анық көрсете алады.

Көркем мәтіннің семантикалық кеңістігін зерттеу (оның эксплицитті және имплицитті мағынасының жиынтығы), міндетті түрде «адам», «уақыт», «кеңістік» секілді мәтіндік түрдегі әмбебаптарды білдіреді.

Бұл ретте, әсіресе, «адам» әмбебабы көрсетіледі: көркем мәтіннің барлық бірліктері және олардың арасындағы формалды –мағыналық қатынас, оның құрылымдық және концептуалдық негізі ретінде, адам бағытына тәуелді. Бұдан басқа, әсіресе, әдеби шығарма семантикасын қалыптастыруда, көркем мәтіннің дербестік категориясының негізгі репрезентаты ретінде, автор мен персонаждың ролі ерекшеленеді.

Көркем мәтіннің макроқұрылымында тікелей және жанама құралдардың көмегімен, автор мен персонаждың антропоорталық атауышы қабытсады. Бұл көркем мәтіннің түгелдей антропоорталық сипатының болатындығын білдіреді, өйткені өнер сыртқы дүниенің балама сипатын ғана емес, ... субъективті дүниенің суретін –адамның тұтас әрі толық түрдегі ішкі рухани өмірін жасайды. Мұның нәтижесінде «әрбір ұлы жазушы –бұл жаңа адамның ашылуы». Мәселен, қазақ әдебиетінде қалыптасқан «Майлин адамы», «Ғ. Мүсірепов адамы» деген ұғымдар бар. Сол сияқты, өткенге тереңірек барсақ, «Шекспир адамы», «Сервантес адамы», «Пруст, Фолкнер адамы» бар.

Яғни, адам, оның ішкі әлемі, рухани ізденістері мен көңіл –күйі үнемі әдеби туындының негізін құраған, құрап та келеді. Осыған байланысты семиологиялық жаңарудағы көркем мәтіннің негізгі белгісі, олар өздеріне тек шындық туралы ақпаратты ғана емес, адамның сезім, көңіл-күй, ұмтылу секілді күрделі әлемін де сақтайды. Олар оқырмандарды, тыңдармандарды, көрермендерді өздерінің идеяларымен ғана емес, өмірге деген эмоциялық қатынастарымен, әсемдік мен қанаттануды сезінуімен қызықтыра алады. Эмоциялық мазмұн –мәтіннің семантикалық құрылымының негізгі компоненті екенін батыл

айтуға болады, ол шығарманың бүкіл тігісін бойлап, оқырмандарын сеоқос қалдыра алмайды.

Мәтіннің антропоорталығы оның семантикалық кеңістігіндегі адамның эгоцентристік позициясымен (автор және персонаж бейнесімен) сәйкес. Адам – әдеби шығарманың орталығы, ол баяндаудың субъектісі әрі эстетикалық көркем танымының объектісі.

Әдеби шығармада «адам» мәтіндік әмбебаптарымен (универсалий) қатар, «уақыт» және «кеңістік» те өзара байланыста бола отырып, мәнді орынға ие (бұл «хронотоп» терминімен білдіріледі). Адам мәтінде уақыт пен кеңістік аясында бейнеленеді: ол шартты түрде белгілі бір орынға байланысты және нақты мәтіндік уақытта өмір сүреді. Хронотоп пен персонаж категориясына қатысты екі бағыт бар. Бір жағынан, көркем уақыт пен кеңістік, персонаж категориясы сияқты, автор категориясымен когнитивті объективті қатынаста байланысып, мәтінде жүзеге асатын авторлық «әлем концептісінің» мәнді бір бөлігін көрсетеді. Екінші жағынан, хронотоп, көркем оқиғалар мен әрекеттер дүниесінде екі реттікөзінің өмір сүруінде персонаж образдарының кеңістік –уақыт нақтылығы үшін қызмет етеді және үйлесімділік пен сипаттылық қызметін қатар атқарады.

Сонымен, автор образы категориясымен бәсекелесетін «уақыт» және «кеңістік» мәтіндік категориялары, олардың орта туралы білімін байқап, үйлестіру және қалпын жасау қызметін атқарады. Орын мен уақыт, бейненің типі мен характерін анықтайды. Бұған мысалға, Б. Майлиннің «Заман», « Сарыала тон», «Зәкіржан молда» әңгімелеріндегі Жайлыбек бай, Зәкіржан және т.б. алуға болады. Осылайша, «Адам», «уақыт», «кеңістік» категориялары (универсалия) көркем мәтіннің концептуалдық кеңістігінің қажетті атрибуттары болып табылады, яғни олар мәтін құрау функциясын атқарады. Бұл функция көркем шындықтағы кеңістік –уақыттық ұйымда шартты, ойдан шығарылған немесе шындық өмірге жақын тұрғыда көрініс береді.

**Әдебиет:**

1. Вежбицкая А. Метатекст в тексте. // Новое в зарубежной лингвистике. – М., 1978. – №8.
2. Степанов Ю. Д. Язык. Литература. Поэтика. – М., 1988.

## ТІЛ ӘЛЕМІНДЕГІ ТУҒАН ЖЕР КӨРІНІСІ

*Таласпаева Ж.С.,  
филология ғылымдарының кандидаты, профессор,  
М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан  
мемлекеттік университеті,  
Петропавл, Қазақстан,  
[talaspaeva@inbox.ru](mailto:talaspaeva@inbox.ru)*

**Резюме**

В статье исследуется функционирование концепта «Туған жер» на материале фразеологизмов и поэзии. Отобраны и проанализированы наиболее частые представления казахского народа о родной земле. Также описаны вербализуемые в произведениях основные концептуальные разновидности концепта «Атамекен». Делается попытка выявить ментальные особенности в казахском мировоззрении посредством анализа данного концепта через лингвокультурный метод когнитивной лингвистики.

**Abstract**

The article explores the functioning of the concept "Touchan zher" on the material of phraseological units and poetry. Conclusions and analyzed the most frequent representations of the Kazakh people about their native land. Also, questions are verbalized in the works of the main conceptual varieties of the Atameken concept. An attempt is made to reveal mental features in the Kazakh worldview through the synthesis of this concept through the linguocultural method of cognitive linguistics.

Тіл білімінің когнитивтік саласы ақиқат дүниенің санадағы таңбасын зерттеуді қолға алғаннан бастап-ақ, қазақ тіл білімінде де көркем мәтін тіліне ұлттық таным өрістері мен дүниенің тілдік бейнесі тұрғысынан концептуалдық талдаулар жасала бастады. Осы орайда тұтас бір ұлттың рухани бірлігі деңгейіне көтерілген және жалпы адамзаттық құндылықтарды ұлт бойына сіңіруде өлшеусіз қызмет атқарған қазақ поэзиясын тілдік таным тұрғысынан танытудың маңызы зор. Елбасымыз 2017 жылдың сәуір айында жариялаған «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты мақаласында «Туған жер» бағдарламасын қолға алуды ұсынды. Мемлекет басшысы отансүйгіштік сезімнің кіндік қаның тамған жеріңе, өскен өңіріңе, ұлттық мәдениетіңе деген сүйіспеншіліктен басталатынын қадап айтқан болатын.

Мәдениет адамзат баласының ақыл-ойы мен маңдай терінен туындаған жетістіктердің бәрін қамтитын болғандықтан, оның атауының мәні кең. Біз халқымыздың мәдени құндылықтарымыздың негізгі өзегі - «Туған жер» концептісінің қазақ танымында қандай ұғым беретінін қарастыра отырып, халықтың басынан кешкен өмірін, ұлттық ерекшелігін тани түсеміз. «Туған жер» концептісін зерделеу арқылы жеке адамның ойы мен түсінігіне үңілеміз, және сол арқылы тілдің этнолингвистикалық сипатын айқындай аламыз. Туған жерге деген құрмет - барлық халыққа қатысты асқақ сезім. Ол, әсіресе, қазақ халқы үшін ерекше құнды дүние болып табылады. Ұлттық танымдағы «туған жер» немесе «ел» концептісі «атамекен», «атақоныс», «атажұрт», «кіндік қаны тамған жер» секілді модельдердің қатысымен анықталады. Сонымен, когнитивтік тіл білімі әлемді тану негізінде санада қалыптасқан әлем туралы ақпараттарды жинақтау және концептілеу, оларды бір жүйеге топтастыру, әлемнің санада көрініс табуы мен оның тілде берілу сипатын анықтау қызметтерін атқарады. Ал тілдік әлем бейнесі концептуалды әлем бейнесінің негізгі элементтерін мазмұндайды. Әлемнің тілдік бейнесі арқылы кез келген ұлттың өкілдері шындық болмысты, қоршаған ортаны танып біле алады.

Қандай да бір тілдік бірліктің тарихи негіздері халықтың болмысымен тікелей байланысты түрлі «ұлттық кодтарды» жеткізуші, халықтық сана-сезімді өз бойына сақтаушы тілдік таңба болып табылады. Себебі тілдегі кез келген сөзде халықтың ұлттық танымы, дүниеге көзқарасы, мәдениеті мен салт-санасы, болмыс-бітімі көрініс тапқан.

Менталитет қандай да болмасын қоғамның тарихи даму негізінде пайда болатын әлеуметтік-экономикалық, рухани-мәдени ортаға сай қалыптасады. Осы тұрғыдан келгенде, қазақ халқы менталитеті өзінің қалыптасу барысында бірнеше тарихи кезеңдер мен әлеуметтік сатыларды, рухани жаңғырулар мен өзгерістерді, сыртқы әлеуметтік-мәдени ықпалдар мен өзара ықпалдасу үрдісін басынан кешірді. Қоғамдағы өзгерістер ауқымы қаншалықты терең болғанмен, қазақ халқы өзінің дамуында ішкі бірегейлігін, менталдық тұтастығын сақтауға үнемі талпынып отырды. Бұл оның өзіндік дамуының басты ерекшеліктерінің көрінісі еді. Қазақ халқының рухани болмысына тарихи тұрғыдан көз жіберер болсақ сонау ықылым заманнан бастап, күні бүгінге дейінгі аралықта біртұтас көзқарастың ұлт менталитетінің негізінде жатқанын байқаймыз. Оның іздері фольклорда, ұлттың философиялық деңгейдегі ойлау жүйелерінде, нақыл сөздері мен мақал-мәтелдерінде, поэзиясы мен өнерінде, діни сенімдері мен салт-дәстүрлерінде мол кездеседі.

Жалпы ұлттың рухани тұтастығы, сегіз қырлы, бір сырлылығы қашанда философиялық танымның басты мәселесі болғанын көреміз. Осындай рухани тұтастық тек дүниеге көзқарас пен түсінік негізінде қалыптасатыны сөзсіз. Олай болса, қазақ менталитетінің даму ерекшелігі де осы дүние түсінікке тікелей байланысты. Ұлттық болмыстың нышандарын көбіне көркем шығармалардан айқын аңғарамыз.

Әр суреткер образды ойлау қабілетіне қарай, сөз тандаудағы эстетикалық талғамы, қиял ұшқырлығына орай дүниенің тілдік бейнесін жасауда сезімге әсер етерлік поэтикалық құралдар жасайды. Қазақ поэзиясын ілгері дамытқан айтулы ақын Жұбан Молдағалиев қазақты бар әлемге оның мінезіне біткен қонақжайлылығы арқылы танытқан:

Қонактікі төр төбесі  
Түстенсе де, қонса да.



Биік оның мәртебесі  
Қайдан, қандай болса да.  
Жандығын да, жалғыз демей,  
Дала соған соятын.  
Ол жоқ болса,  
байғұс кедей  
Қара суын құятын.  
Жарты құшақ шөбі қалса,  
Ол – жолаушы атына.  
Жалғыз шелек суы қалса,  
О да соның қатына [1, 69 б.].

Ал қандай да бір түрлі тілеулестікке, әдейі шақырылған ағайын-туыс, дос-жаран, көрші-қолаң, құда-құдағи, сыйлы, құрметті кісілер тойға шақырылған мейман “арнайы қонақ” болып саналған:

Енді келсін құдай қонақ!  
Дала – дүние несібі.  
Дала жаны құдайдан ақ,  
Бекітусіз есігі.

Қазақтың мейман халық екені, қашан болмасын келген қонақты құшақ жая қарсы алатынын басқаша айтып жеткізу мүмкін де болмас.

Көшпенді түркі халықтары үшін рухани кеңістік – дала. Ақын танымында дала кең байтақ жердегі ұлттық-мәдени өмірді, еркіндікті сүйетін халықтың болмысын сипаттайды. Дала лексемасының мәтінде берілген мәні – қазақтың өмір сүріп, тіршілік етер ортасынан гөрі, қазақтың бет-бейнесі ретінде көрсетеді. Ұлттың рухани-мәдени құндылықтар жүйесінен маңызды орын алатын «қасиетті, киелі мекен» деген ұғымы ақын дискурсында метафоралық мағынаға ие болған. Ақын қолданысында дала лексемасы «дала - қонақжай», «дала - дүние несібі», «дала - жаны құдайдан ақ» ұғымдарымен сипатталады.

Туған жердің кез келген ұлт үшін аса маңызды рөл атқаратыны белгілі. Оның ішінде қазақ халқы атамекенін «кіндік қаным тамған жер» деп қастерлейді. Себебі ол атадан балаға мирас болып қалып отыратын мәдени мұра. «Туған жер» концептісінің әлемдік әдебиеттегі поэзия майталмандарының шығармаларындағы қолданысы халықтың ұлтына, тіліне, мемлекетіне, жынысына, мамандығына байланысты сарапталмаған. Оны сараптап алу да мүмкін емес.

Атамекен, туған жер тақырыбына терең бойлап, сезімін жеткізбеген өнер алыбы кем де кем. Жалпы атамекен ұғымына байланысты тілдік бірліктерді даналық сөз үлгілерінен жиі кездестіреміз. Әсіресе, сөз мәйегі - мақал-мәтелдердің құрамында кең қамтылады. Ұрпақтан ұрпаққа бұзылмай жеткен рухани мұра, халық оны жоғары бағалап, асыл сөз ретінде аса ұқыптылықпен жұмсаған. Міне осы бейнелі айшығында ұлттық кодтың сақталуы табиғи заңдылық. Шығармалардағы, мақал-мәтелдердегі «туған жер» концептісі ауқымды идеяны, сан алуан күрделі ұғым-түсініктердің бейнелі атаулары болып табылатын тілдік модельдерден құралады. «Отан отан да ыстық», «Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас», «Ел-елдің бәрі жақсы, өз елің бәрінен де жақсы», «Туған жердің жуасы да тәтті», «Туған жердің түйе жейтін жапырағы да дәрі, түйе аунайтын топырағы да дәрі», «Әркімнің өз жері - жұмақ», «Жігіт – елінде патша», «Ел іші – алтын бесік», «Отансыз адам-ормансыз бұлбұл», «Туған жердің қадірін, шетте жүрсең білерсің», «Кісі елінде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол», «Туған жерге туың тік», «Туған жердің ауасы да шипа», «Отанға опасыздық еткенің, өз түбіңе жеткенің», «Егілмеген жер жетім, елінен айырылған ер жетім», «Елінен безген ер болмас, көлінен безген қаз болмас» деген сияқты мақал-мәтелдердің мазмұндық құрылымы тіл мен бейнелі ойлау заңдылықтарының сабақтастығынан туындайды.

Атамекен сөзінің аясына «ата жолын қуып», «ата кәсіппен айналысып», «ата мұра етіп», «ата салтын ұстанып», «ата тегін» сақтап, «атам заманнан» «ата қоныс» қылған тұрақ,

мекенжай мәселесі сиып тұр. Аталған тұрақты тіркестердің бастамасының өзі «ата» сөзінен бастау алуы тегін емес.

Туған жер, атамекен, ата жұрт т.б. киелі, қасиетті ұғымдар. Ата-бабамыз «еңку-еңку жер шалып, егеулі найза қолға алып, етігімен су кешіп» жүріп байтақ даласын жау қолына бермей, ұрпағына тапсырды.

Халқымыз туған жерді адамның мандайына жазылған бақ, құт есебінде санайды, «дүниеге келген, кіндік қаны тамған туған жер», «ата-бабасының бейіті жатқан киелі орын», «сезіміне қанат бітірген сұлу табиғаты бар атамекені» ретінде қастерлейді. Бұдан келіп «құтты қоныс» концептісі туындайды. Қоныс ұғымы қазақ халқы үшін қасиетті, оны дәлелдейтін көптеген бата-тілектер, ырым-жоралғылар бар. Мысалы, «қоныс құтты болсын», «қоныс жайлы болсын», «қоныс аудару» деген тіркестермен қоса, жаңа жерге келгенде оны отпен аластау ырымын жасайды. Мұның өзі қазақтардың қонысқа ерекше назар аударғандығының белгісі. Себебі қазақ ата кәсібі – мал шаруашылығымен айналысқандықтан малға жайлы, шөбі шүйгін жер іздеп, көшіп-қонып жүргендігі белгілі. Жайлау, күзеу, қыстау деген ұғымдардың осыдан пайда болғандығы да аян. Ата қоныстан көшіп кету тек еркінен тыс немесе тұрмыс-тіршілігімен байланысты жағдайда ғана туады. Яғни жау шапқанда, жұт болғанда басқа жаққа, жат жерге көшіп кетуге мәжбүр болады. Басқа жағдайда ата мекені - оның кіндігінен байланған киелі мекені.

«Қазақтың атамекені оның өзіндік космосы (кеңістігі) болса, одан (ата мекеннен, ата қоныстан) тыс жер жат, бөтен космос, әлем, кеңістік болып есептеледі. Сонда атамекеннен басқа жер, басқа көл, басқа бел ол үшін жат, онікі емес. Құтты қоныстың сипаты: «сағымданған белестері», «көкорай, көк құрақты көлдері», «бауыры бұйра толқын дөңестері», «баянды, құтты қоныс мекен», «төрт түлік малға жайлы», «жағасы жеміс малынған», «мал көбейіп, бас өскен», «бетегесі белден шыққан» «қасиетті кең дала», «қасиет дарып, бақ қонған» бейнелі схемалары арқылы көрініс тапқан [2, 27 б.].

Жыраулар поэтикасында «атамекен» ұғымын беретін сөздер басым. Қазтуған жырларында «атамекен» концептісі «жұрт» ұғымының аясында қолданылған.

Алаң да алаң, алаң жұрт,  
Ақала ордам қонған жұрт...  
...Қарғадай мынау Қазтуған батыр туған жұрт,  
Кіндігімді кескен жұрт,  
Кір-қоңымды жуған жұрт [3, 19 б.]...

Қазтуған жыраудың жырларында да «жер жаннатының» көрінісі суреттелген. Өзінің тұрғылықты жері екенін «менің ордам» тіркесімен беруі ұтымды шыққан:

Салп-салпыншақ анау үш өзен  
Салуалы менің ордам қонған жер,  
Жабағалы жас тайлақ  
Жардай атан болған жер,  
Жатып қалып бір тоқты,  
Жайылып мың қой болған жер [3, 49 б.]  
«Қазтуғанның қонысымен қоштасуы» атты шығармада:  
«Бұл қоныстан кетпесең,  
Мұны талақ етпесең,  
Ата нәлет кәпірдің

Пайдасына қалмаса игі еді» - деген жолдар берілген. Бұл жолдарда «талақ етпеу» - «безіп кетпеу» деген мағынаның турасында шоғырланып, «қонысыңнан, өз мекеніңнен безіп кетпесең, жер дінсіздердің пайдасына жарап қалмаса» деген туған жерге деген шынайы жанашырлық әрі қаупі баяндалады [4, 21 б.].

Доспамбет жырау шығармаларынан аңғарылатын басты мәселе «туған жер» концептісін жердің атауымен, яғни «Сарыарқа» деп белгілеп, оған деген ішкі сезім-сырының, өлімге берілсе де, Отанға деген махаббатының басым екендігі жырланған.

Қоғалы көлдер, қом сулар

Қоныстар қонған өкінбес...  
Бетегелі Сарыарқаның бойында  
Соғысып өлген өкінбес [5, 31 б.]!

Жиёмбет жыраудың поэзиясындағы «атамекен» концептісін «кең жерім», «биік дендерім» тіркестерінен, жер атауларының қолданылуынан көре аламыз.

Қол-аяғым бұғауда,  
Тарылды байтақ кең жерім!  
Қайрылып, қадам басарға  
Күн болар ма мен сорға,  
Өзен, Арал жерлерім?!  
Қиядан қолды көрсеткен  
Төбеңе шығар күн бар ма,  
Жотасы биік дендерім [5, 54 б.]?!

Қожаберген жырау шығармаларында көрінетін сөз мағыналары, оның сөздік қоры, сөздік құрамы яғни концептуалдық әлемін танытатын концептілер жетерлік. Солардың бірі – атамекен, туған жер, құтты қоныс концептілері жырау туындыларында көрініс табуы табиғи. Қожаберген жырау поэтикасында «туған жер» ұғымын сипаттауға қатысатын басты географиялық атаулар: елдімекен атаулары - Сарыарқа, Алтай, Сібір, Тарбағатай, Сыр елі, Парсы елі, Шымкент-Созақ, Үзкент, Сайрам, Маңғыстау, Ташкент, Теміртау, Самарқанд, Бұхара, Шымкент, Созақ, Түркістан; өзен-көл атаулары - Есіл, Еділ, Ертіс, Тобыл, Үшбұлақ, Том, Омбы, Аягөз, Алқакөл, Талас, Жайық, Әмудария, Шу, Ащыкөл, Телікөл, Жем, т.б. Төбе, тау атаулары - Орал, Шыңғыстау, Алатау, Қаратау, Ереймен, Баянтау т.б. Жер атаулары «Елім-ай» жырында сонау Ақ Орданың құрылуынан бастау алып, Жәнібек пен Керейдің өз алдына ел болам деп, хандық еткен заманын, Қазақ дейтін үш жүзге Жоңғар халқының шабуыл жасап, елді аңыратып, жерін шауып, қазағымыздың құтын қашырған «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» деп аталып кеткен сұм соғысқа куә ететін тарихи жер-су, тау аттары қолданылады. Елім-ай – халықтың сонау 1721 жылғы тарихын көз алдымызға елестетін туынды болғандықтан, жырда көбінесе географиялық атаулар сол оқиға болып өткен жерге байланысты, бірде жауын жайрата жеңіп, бірде біреудің қолында кетіп бара жатқан ата қонысымыздың сол кездегі халін көрсетеді.

Шыңғыс пен Аягөзді қалмақ алып,  
Бөгендей қолбасшыны қалжыратты  
немесе,  
Ұзамай Іле бойын жоңғар алды,  
...Аймағын Жетісудың түгел жаулап,

Дұшпандар зар жылатты қаңлыларды,- деп жырлайды [6, 54 б.].

Қазақ халқы ұлт болып тарих сахнасына шыққалы қандай бір қиын-қыстауды басынан кешірсе де, қандай бір нәубетті басынан өткерсе де өзінің сүйегіне сіңіп, жанымен жарасқан мінез ерекшелігінен айнымақ емес. Қандай әлеуметтік сатыда болмасын әрбір халық өзінің төлтума даралығын сақтай білсе, ұлт ретінде жалпы адамзаттық санатта бола алады. Сол себепті тұтас этностың ұлт мүддесіне қызмет ету жолындағы көрегенділігі, табандылығы мен даналығы оның мәңгілігінің белгісі болып қала бермек.

#### Әдебиет:

1. Молдағалиев Ж. Өлеңдер, поэмалар. – Алматы, 2010. – 320 б.
2. Нұрдәулетова Б. Жыраулар поэтикасындағы дүниенің концептуалдық бейнесі: филол. ғ. д-ры ... автореф. – Алматы, 2008. – 47 б.
3. Жеті ғасыр жырлайды: екі томдық. – Алматы, 2008. 1-том. – 400 б.
4. Екімыңжылдық дала жыры. / Бас редактор Ә.Нысанбаев. – Алматы, 2000. – 752 б.
5. Ай, заман-ай, заман-ай... (Бес ғасыр жырлайды): 2 томдық (Құрастырушы М.Мағауин, М.Байділдаев). – Алматы, 1991. – 385 б.
6. Дауылпаз баба - Қожаберген (шығармалар жинағы мен зерттеулер). – Алматы, 2011. – 464 б.

## БАҚ МӘТІНДЕРІ: ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТІЛДІК-МЕНТАЛДЫҚ КЕҢІСТІК

*Тасболатқызы Б.,*

*магистрант,*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,*

*Алматы, Қазақстан,*

*[balzhakon\\_94@mail.ru](mailto:balzhakon_94@mail.ru)*

Қандай қоғамдық құрылыс, саяси жүйеде болсын, оның даму тарихында бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі өте зор. Ал қазіргідей әлемдік ақпарат жүйесінде ең алдымен баспасөздің жеделдігі, нақтылығы, мазмұндылығы, дәлдігі басты рөл атқарады. Тіл туралы белгілі ғалым Қайдар Ә.Т. «Қазақтың тілі ғасырлар бойы «қазақ» деп аталатын қауымның әр алуан өмір-тіршілігіне сай қажетін өтеп, іштей дамып, өз арнасында толығып, небір сұңғыла көсемдер мен шешендердің өнерімен ширап, шыныққан бай әрі бейнелі де көркем, марка тілдердің санатында болғандығы баршаға аян» деген тұжырымы бар [1, 8].

Қоғамның саяси-әлеуметтік, рухани-экономикалық өмірін күнделікті ақпарат тарату қызметінсіз көзге елестету мүмкін емес. БАҚ мәтіндері қоғам өміріндегі өзгерістерге уақытымен үн қоса отырып, оқырмандардың рухани ой-санасына қозғау салып, пәрменді ықпал етеді. Бүгінгі өмір сүріп отырған кезеңіміз – ғылым мен техниканың дамып жетілген кезеңі дейтін болсақ, бұл құбылыстың дәлелін бұқаралық ақпараттарды тарату құралдарының пәрменділігінен көруімізге болады. Қазіргі кездегі БАҚ құралдары оқылатын (визуалды) мерзімді басылымдар, тыңдалатын (аудиалды), әрі тыңдауға, әрі көруге болатын (аудио-визуалды) болып бөлінеді. БАҚ-тың ішінде қоғам өміріне алғаш енген насихат құралы – мерзімді басылым, яғни, газет-журналдар.

Қазақтың баспасөзі 1870 жылы Ташкент шаһарында алғаш жарық көрген «Түркістан уалаяты газеті» мен 1888 жылы Омбы қаласында дүниеге келген «Дала уалаяты» газетінен бастау алып, бүгінгі күні «Егемен Қазақстан», «Ана тілі», «Жас алаш» бастаған республикалық, аймақтық, өңірлік жүздеген мерзімді басылымдарға дейінгі үлкен тарихы бар басылым саласы. Қазіргі уақытта басылымдардың түрі өте көп. Басылымдардың басты мәселелерді көтеруде де, оны оқырманға жеткізуде де орны ерекше. Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінің деректері бойынша республикамызда бір мың бір жүзден астам газеттер мен журналдар тіркелген [2, 29]. Қай оқырман болмасын баспасөз ақпарат құралдарынан өзіне қажет ақпаратты іздейді. Осы тұрғыдан алып қарастырғанда ақпаратты : номинативті, информациялық, практикалық маңызды ақпарат, прагматикалық, бағалауыштық әлем жөніндегі түсінікті кеңейтетін, таза танымдық көңіл-күйді көтеруге арналған ақпарат деп топтауға болады.

Еліміз егемендікке қол жеткізгелі бері рухани өмірдегі жаңалықтарды саралап, өткенімізді таразылауға кең жол ашылды. Бүгінгі күндегі ақпараттар ағынының толассыз дамуы, ұлттық мұрат-мүдделерімізді саралауға, таразылауға жүйелі түрде зерттеуді алдыңғы шепке шығарды. Ең бастысы газет оқырманының рухани жан-дүниесін байытып, өткен ғасырда өмір сүрген рухани мол мұрасы бар алып тұлғалардың қамбасынан сусындату. Бүгінгі заманның мақсаты өткен қазақи болмыс – бітімімізді бойымызға сіңіретін салт-дәстүрімізді және әдет-ғұрыптарымызды насихаттайтын мақалалар беру.

Бұқаралық ақпарат мәтіндері немесе медиамәтіндер, қазіргі тұрмыстық тілдің ең кең тараған саласының бірі болып табылады. Публицистиканың маңызды ерекшелігінің біріне қоғам санасының жаппай қалыптасуы мен дамуына бұқаралық ақпарат құралдарының белсенді әсері жатады. Сондықтан БАҚ мәтіндері қазіргі таңда қазақ ұлттық тілінің жалпы жиынтық бейнесін көрсететін заманауи адам санасының ұлттық ағыны ретінде, ұлттық әлем бейнесінің фрагменттері қиылысатын, өзара әрекеттесетін менталдық-тілдік кеңістік ретінде ұсынылады. Тілдік-менталдық контекст аясында газеттік мәтіндердің сипаты және жаңа концепциясының жасалуы Қазақстанның әлеуметтік-саяси жағдайларында өзекті мәселе ретінде көрінеді. Қазіргі Қазақстандық БАҚ мәтіндері арқылы жасалған жаңа айрықша

тілдік-менталдық ахуалды зерттеу бір жағынан, автор мен адресаттың өзара қарым-қатынасына талдау жасауда, екінші жағынан тілдік материалдың коммуникативтік аспектісін көрсетуде ерекше маңызға ие. Менталдылық – адамдарды әлеуметтік және тарихи ортақтылыққа топтастыратын ішкі дүниелердің тұрақты түрде икемделуі. Менталдылық – мәдениеттің дамуының қайнар көзі және мәдениеттің нәтижесі.

Тіл құдіретін, оның табиғатын түсіне, сезіне білген адам – рухани дүниесі бай, мәдениеті жоғары адам болмақ. Сондықтан тіл қыры мен сөз сырын аша білу – адамзат болмысын тану. Тіл – мәдениет қабаттарындағы (діннен, ғылымнан, әдебиеттен) тылсым құбылыс, ерекше құралы, рухани көрінісі, ұлттық менталитеттің сан қырлы қасиеттерінің көрінетін тұсы. Ана сүтімен бірге енетін, ана тілінің қадір-қасиетін түсінген адам ғана, рухани жағы ашық, көкірегі ояу азамат болады. Ғалым Г.Н.Смағұлованың пікірінше: «мәдениет» сөзіне екі жүзден астам анықтама берілген. Рухани мәдениет – адамдардың өмір сүру, тіршілік ету барысында сол ұлттың тұрмыс салты, дәстүрімен бірге танылатын таным, білімі, заңы, этикасы, ғылымы, діні, мифологиясы, рухани дүниелері – өнері, өлеңдері, мақал-мәтелдері, фразеологизмдері, нақыл сөздері т.б. [3, 140]. Өмір жалғастығы дамыған сайын мәдениеттің барлық саладағы түрі тоқтаусыз дамиды. Әсіресе мәдениеттің рухани түрі ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа беріледі. Тіл мен мәдениеттің байланысы қазір сан алуан ғылымдардың зерттеу нысанына айналды. Тіл мен мәдениеттің байланысы шексіз. Себебі тіл бар жерде мәдениет қоса жүреді. Мәдениет болған жерде тілдің өмір сүріп, сол халықтың ең асыл қазынасы мен мол қамбадағы теңдессіз мұралары тіл арқылы көрінеді. Ұлт мәдениетінің сақталуы тек ұлт тілінің кумулятивтік қызметіне байланысты, -деген профессор Г.Н.Смағұлованың пікіріне орай [3,145] кумулятивтік функцияға ие тілдік бірліктердің бойында семантикалық құрылымында сан ғасырлар бойы халықтың өзімен бірге жасасып, екшеліп, ұрпақтан-ұрпаққа мұра ретінде жеткен қоғамдық тәжірибенің, халықтық, ұлттық рухтық және материалдық мәдениеттің көріністері сақталып, бейнеленгенін айтқымыз келеді.

Қазіргі таңда еліміздегі БАҚ мәтіндерінің басты тақырыптары ретінде – саяси өзгерістер, экономикалық өсім мен төмендеулер, үштілділік жағдайындағы мемлекеттік тіл мәртебесі, террористік әрекет, білім саласындағы өзгерістер, мәдениет және спорт жаңалықтары мен қоғамдық мәселелерді атауымызға болады. Бұл тақырыптар төңірегінде әр алуан көзқарастар бар. Ұлттық тұлғаны – лингвомәдениеттану өрісі ретінде жүйелі талдап, саралау да өріс алып келеді. Газеттің басты, айшықты ерекшелігі – оның тақырыбының мерзімділігі. Кез-келген кезде, кез-келген уақытта оқырман керекті газетті тауып, оқи алатындығында. Ұрпақ тәрбиелеудегі ең басты мәселе – адамгершілік тәрбиесі. Адамгершілік тәрбиесі – ұлттық мақсатқа негізделген көзқарасты, сенімді, парасатты, ұлттық сананы, қарым-қатынасты дамытуға бағытталған адамзаттық тәрбиенің діңгегі. Ұлттың, халықтың мінезіне тән бір ерекшелік – рухани әрі адамгершілік құндылықтар болып табылады. Адамзат қоғамы үшін атқарылар істің ең қасиеттісі, бастысы – өзінің арман мүддесін алға апаратын ұрпақ тәрбиелеу. Ұрпағы мықты ұлт қана мықты өмір сүреді. Қоғамдық сана мен менталдық кеңістіктің көрсеткіші бола алады. Елдің ақпараттық кеңістігінде БАҚ мәтіндері басым үлеске ие болғанда, болашақ ұрпақта қазақстандық патриотизм санасы мен мемлекетшілдік психология тәрбиеленеді. Дамыған мемлекеттерде (Франция, Италия, Польша) бұл көрсеткіш 80-90 %-ды құрайды [4].

Ақпарат саласында мерзімді баспасөздің атқаратын қызметі әрқашан да зор. Баспасөз барлық уақытта идеялық-саяси өзгерістер алаңы. Қазақ халқының ағартушылары Абай, Ыбырай іргетасын қалаған қазақтың ұлттық жазба әдеби тілі жаңа сатыға көтеріліп, сала жағынан да, қазір сан жағынан да өсіп дамуда. Қоғам дамуының нәтижесінде ғылым мен техника, экономика мен мәдениеттің өзгеруіне байланысты жаңа сөздерді пайдаланып қана қоймай, қазақ халқының төл сөз байлығын мерзімді басылымдар сарқа пайдалануда. «Баспасөз – өмір айнасы, қоғамдық пікірдің жаршысы, саяси күрестің құралы» деп анықтама беріледі [5, 187].

Қазіргі таңдағы маңызды тақырыптардың қатарына тіл мәселесі (латын қарпіне көшу), жер мәселесі, дін мәселесі сияқты өзекті тақырыптармен қатар еліміздегі саяси-мәдени өзгерістер, елбасымыздың жолдаулары, бағдарламалар талқылануы кіреді. Басылымдардың соның ішінде «Егемен Қазақстан» әсіресе, саяси, ресми және ауыл жағдайына көңіл бөлетін басылым екені бәрімізге аян. Атының өзі айғақтап тұрғандай республикадағы бас газет. Қазіргі жас ұрпақ ертеңгі елдің бір-бір тұтқасы дейтін қағиданы еске алып, күрделі мәселелерді көтеріп, оқырманға ой тастап отыратын басылым. «Жас алаш» басылымында өз алдына адамгершілік, саяси-идеялық тәрбиенің тығыз бірлігін қамтамасыз ету міндеттерін жастар болашағы үшін, оқу мен білім, ғылым, дүниетаным, патриоттық, интернационалистік белсенді өмірлік позицияны қалыптастыру міндеттері алға тартылып, жастардың міндетіне жүктелетін талап-тілектер газет тақырыбының арқауы. «Ана тілі» басылымы да бұқаралық ақпарат құралдарының ішінде көш басшы, тіліміздің туын жоғары ұстап келе жатқан басылым.

БАҚ мәтіндері БАҚ тілі секілді қазіргі таңда қазақ тілінің жалпы жиынтық бейнесін көрсететін заманауи адам санасының ұлттық ағыны ретінде, ұлттық әлем бейнесінің фрагменттері қиылысатын, өзара әрекеттесетін менталдық – тілдік кеңістік секілді ұсынылады. Қазақстандық заманауи БАҚ мәтіндері арқылы жасалған жаңа айрықша менталдық-тілдік ахуалды зерттеу қажеттілігі бір жағынан, автор мен адресаттың өзара қарым-қатынасы ерекшелік анализі арқылы, екінші жағынан БАҚ газеттеріне әлем бейнесінің фрагменттерін құрастыру және заманауи мақалалар автор мен адресаттың когнитивті сөйлеу өзара қатынастың оқиғалық модельдік бейнесі секілді, тілдік материалдың коммуникативтік аспектіні осы жобадан зерттеуін өзекті етуге қамтамасыз етті.

БАҚ мәтіндеріндегі маңызды мәселелер мен тұщымды пікірлер негізінде қоғамдық-ой пікір дұрысталады, көзқарастар қалыптасады, тұлғаның әлеуметтенуі жүзеге асады, қоғамның психологиялық жағдайын, әлеуметтік, мәдени көңіл-күйін сипаттайтын күрделі және көп өлшемді әлем бейнесі құрастырылады, адресат ықпалына бағытталған мәтін құрылыстары талдауға түседі. Осының бәрі бұқаралық сананың жақсы қалыптасуына мүмкіндік береді.

#### **Әдебиет:**

1. Қайдар Ә.Т. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. – Алматы: Рауан, 1993. – 41 б.
2. Байменшин С. Төртінші билік тағылымы. – Алматы, 1996. – 80 б.
3. Смағұлова Г.Н. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық мәдени аспектілері. – Алматы: Ғылым, 1998. – 196 б.
4. «Ана тілі» газеті. – 2017. 23 ақпан – 1 наурыз. – №8 (1370).
5. Қазақ совет энциклопедиясы. Т.1. – Алматы. – 648 б.

## **КИЗ ҮЙ ЖАБДЫҚТАРЫ АТАУЛАРЫНЫҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ СИПАТЫ**

*Тілеулиева М.Қ.,*

*магистрант,*

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,*

*Астана, Қазақстан,*

*[meru19\\_92@mail.ru](mailto:meru19_92@mail.ru)*

#### **Түйіндеме**

Бұл мақалада көшпелі халықтардың негізгі баспанасы болған киіз үйдің құрылысы қарастырылады. Тіл мен мәдениет сабақтастығын саралай келе, киіз үй жабдықтарының лингвомәдени сипаты айқындалады.

#### **Резюме**

В этой статье рассматривается структура юрты, главного приюта кочевых народов. Дифференцируя непрерывность языка и культуры, определяется лингвокультурологический характер внутреннего убранства юрты.

#### Summary

This article examines the structure of the yurt, the main shelter of nomadic peoples. Differentiating the continuity of language and culture, the linguocultural character of an interior of the yurt is determined.

Тіл – тылсым табиғаттың адам баласына сыйлаған баға жетпес байлығы, рухани әлеміміздің сарқылмас қазынасы. Қазіргі таңда тіл туралы сөз қозғалса, міндетті түрде «мәдениет», «ұлт» ұғымдары да қатар жүретін болды. Себебі, бүгінгі түсінік бойынша, тіл – мәдениетті сақтаушы, жеткізуші құрал, ал мәдениет болса, кез келген ұлттың өмірі мен ұлттық сана аясында дамиды, ұлтпен тұтастықта өркендейді, ұлттық дәстүрдің қалыптасуына ықпалын жүргізеді. Осылайша «тіл-мәдениет-ұлт» триадасы қазіргі ғылымдар парадигмасында берік орын алуда.

Мәдениет – ешқашан өзгермейтін, қатып қалған ұғым емес. Мәдениет дегеніміз – үдеріс. Ал үдерістің үнемі қозғалыста болатыны баршамызға белгілі. Осы қозғалыс нәтижесінде мәдениет жаңарып, жаңғырады, өркендейді. Халықтың материалдық және рухани мәдениетін жеткізуші, жинақтаушы формасы тіл болғандықтан, осыған сәйкес, халық мәдениеті мен тілінің тоғысуынан бүгінде ғалымдар тарапынан жаңа зерттеулер қалыптаса бастады. Осы зерттеулердің нәтижесінде тіл білімінде лингвомәдениеттану бағыты пайда болды. Лингвомәдениеттану – тіл, мәдениет, этнос арасындағы байланысты зерттейтін тіл білімінің саласы. Аталған бағыт бойынша, мәдениет адамдардың өмірі мен іс-әрекетін ұйымдастыру тәсілінен, олардың материалдық және рухани байлықты жасауынан көрінетін қоғам мен адамның белгілі бір тарихи даму дәрежесі ретінде танылды. Жалпы, мәдениеттің рухани және материалдық болып екі жікке ажыратылатындығы бәрімізге белгілі дүние. Сондықтан, материалдық мәдениеттің даму дәрежесін еңбек құралдары байқатса, рухани мәдениет қоғам өмірін, шығармашылық үрдісін, қоғамдық және жеке сана формаларының жиынтығын, адамдардың бір-біріне деген қарым-қатынасын қамтиды. Осыған сәйкес, халқымыздың материалдық мәдениетіне қатысты тіл біліміндегі күнделікті тұрмыс лексикасы, соның ішінде үй жабдықтары атауларына тоқталып өтсек. Алдымен, қазақтың материалдық мәдениетін қалыптасуының негізі жөнінде сөз қозғар болсақ, сонау ықылым замандарды басынан кешіріп, қазірге дейін мал шаруашылық аудандарда баспана ретінде қолданылып отырған қазақ киіз үйінен аттап өте алмаймыз. Себебі, бағзым замандағы ата-бабаларымыздың тұрмыс-тіршілігінен баршамыз хабардармыз. Көшпелі өмір салтын ұстанғандықтан, жылдам жығып, шапшаң тігуге, бір жерден екінші жерге тез арада қоныс аударуға қолайлы баспана ретінде киіз үйді мекендеген. Сырт көзге қарапайым көрінгенімен, киіз үйдің өзіне тән бірнеше сыртқы бөліктері, онымен қоса, үй ішінде қолданылатын түрлі жабдықтары да жетерлік.

Алдымен, сыртқы бөлігіне қысқаша тоқталып өтсек. Киіз үй қабырғасы торлап көктелген керегеден тұрғызылады. Кереге жиналмалы бөлек-бөлек қанаттардан жасалады. Ал керегеден жоғары жіңішке ағаштан жұмырлап жасалып, қарны иілген уықтардан күмбез шығарылады. Уықтардың басы дөңгелене жайылған керегенің аша басына айқастырыла байланып, ұшы шаңырақтың көзіне шаншылады. Шаңырақ-үй күмбезінің төбесі әрі терезесі. Үй ағашының сыртынан арнаулы үй киіздері, қабырғасына - туырлық, үстіне - үзік, төбесіне түндік жабылады.

Ал киіз үйдің тұрмыс жабдықтарына келер болсақ, оларды үй жиһаздары, төсеніш бұйымдары және ыдыс-аяқтар деп қарастырып, осы жабдықтардың ішіндегі маңыздыларына тоқталып өтуді жөн көрдік:

Абдыра, әбдіре – киіз үй жиһазы, зат сақтайтын үлкен сандық. Сырты қаңылтырмен әшекейленіп қапталады. Қазақтан басқа да көптеген халықтардың тұрмысында кездеседі. Негізі көне түркі тіліндегі «абыд» немесе «абыт» («бірдеңені тығу, жасыру») деген сөзден шыққан болуы керек [1, 6]. Қай дәуірде болмасын, қазақ ұсталары жасаған дүниелері өзінің құндылығын ешқашан жоғалтқан емес. Жалпы, ұлттық дүниетанымның сыры мен

ерекшеліктері тек ұлт тілі арқылы жетіп танылса, адамдардың материалдық тұрмыс-тіршілігі, қоршаған ортасы және рухани ой-өрісі бір-бірімен тығыз байланыста болғандықтан, бұл бірлік мәдени өмір сүру заңдылықтарына сай сол ұлттың өз менталитетін анықтайды. Соған орай, әрбір жабдық атауы қазақ халқының тұрмыс-тіршілігімен, мәдениетімен тығыз байланысты деп сенімді түрде айта аламыз. Бұл жабдықтың түп-төркініне үңілер болсақ, маньчжур тілінен аударғанда «емен тектес ағаш» деген мағынаны береді. Емен – ағаштардың ішінде ең мықты, берік түрі. Дана халқымыз қандай жабдық болмасын, ең алдымен оның мықтылығына, төзімділігіне мән берген. Сондықтан уақыт өте келе, ағаш атауы өзінен жасалған зат атауына өтуі ғажап емес.

Адалбақан – киім немесе басқа да мүліктерді іліп қоюға арналған жабдық. Адалбақан көбінесе бұтағы көп балапан қайың мен шыршадан жасалады. Жас ағашты кесіп алып, қабығын аршығаннан кейін оның бұтақтарын түп жағынан бір сүйемдей қалдырып, ұшын кесіп тастайды. Одан соң, сол бұтақ түбірлерін бақанның жоғарғы ұшының бағытымен майыстырып иеді де, ұштарын қайыспен бақанның діңіне таңып, көлеңкеде кептіреді. Иілген бұтақтар жазылып кетпейтіндей болып әбден кеуіп қалыптасқан кезде таңғышты шешіп алып, оның ұштарын үшкірлеп жонып ілгек жасайды. Сәнді болу үшін оның сыртын бояулармен өрнектеп сырлайды [1,7]. Халық ұғымында адалбақан қасиетті, таза мүлік деп есептелген. Ол ұзатылатын қыздың жасауына енеді, бөгдеге тарту етілмейді. Соынмен қатар, бағалы, құнды зат орнында жүретін адалбақанды ең мықты шеберлерге арнайы ақы беріп тапсырыспен жасататын болған. Осыған орай, қазақ халқы бұл жабдық атауына «адал» деген сөзді тегін қоспаған деп топшылаймыз.

Жүкаяқ – буылған тең, қатталған, бүктелген сырмақ, көрпе-жастық, кебеже, сандық сияқты заттарды қою үшін пайдаланылатын жиһаз. Асты қуыс болатындықтан, үнемі жел кеулеп, жүктің асты дым тартып, көгермейді. Оны да алуан түрлі өрнектермен әшекейлеген. Негізінен, мәдениет – адамның іс-әрекетінің нәтижелері десек, іс-әрекет өзінің барлық түрлері мен формаларында адамның мәдениетті жасау процесін, пайдаланып жүрген мәдениет формаларын меңгеруін және жаңадан жасауын көрсетеді. Егер мәдениет – адамның іс-әрекетінің нәтижесі десек, халқымыздың ертеден айналысып келе жатқан шаруашылық түрлерінің барлығын мәдениетке жатқыза аламыз. Соның ішінде, мал шаруашылығын былай алғанда, халық арасында кең қанат жайған шаруашылықтың бірі - қолданбалы өнер саласы, әсіресе ағаш өңдеу өнері. Жоғарыда сөз болған жүкаяғымыз да халқымыздың іс-әрекетінің нәтижесі, яғни, қолөнерге қатысты мәдениетіміздің айғағы.

Асадал – кебеженің бір түрі. Ыдыс-аяқ және азық-түлік сақтауға арналған ерекше мүліктің бірі. Ол кебеже, сандықтарға қарағанда биік болып келеді. Екі немесе үш қабат сөрелеріне күмістелген, сүйектелген қақпақтар орнатылған [2, 48]. Бұл жабдық атауы «ас» және «адал» деген екі сөзден құралғаны-кез келген адамға түсінікті дүние. Лингвомәдени тұрғыда қарастыра болсақ, ежелгі заманнан-ақ қазақ халқының дүниетанымы бойынша «бісміллә» айтып бауыздалмаған аң-құстың еті, арам өлген малдың және доңыздың еті адал ас саналмаған. Тек шарифат бойынша рұқсат етілген, сондай-ақ таза еңбекпен, маңдай-термен келген тағамды адал деп түсінген. Осыған сәйкес, асадал азық-түлік сақтауға арналған мүлік болғандықтан, жоғарыда келтірілген халқымыздың дүниетанымдық түсінігіне сай аталған деп санаймыз.

Шай сандық – ұсақ-түйек бұйымдар мен зергерлік әшекей бұйымдарды сақтайтын мүлік. Оны ерекше сәндеп, сүйектеп, күмістеп, әшекейлеп ұстаған [2, 651]. Кей сөздіктерде шай сандыққа шай жабдығын салып қоятын сандықша деп түсініктеме беріледі. Біз осы нұсқаға тоқталуды жөн көрдік.

Көркем әдебиет үлгілерінен осы мүлік атауын жиі кездестіре аламыз. Мысал ретінде, Ғ.Мүсіреповтің «Жат қолында» романынан үзінді келтірсек: «Шай құйып отырған сұлушалау қыз қасында тұрған шай сандықшасынан алтын ернеулі стакандар, алтын жиекті шайтабақтарын алып, жаңа келген қонақтарға шай құя бастады.» Бұл үзіндіден байқағанымыз, шай сандықша – тек қыздарға, яғни, әйел қауымына ғана тән мүлік. Себебі, бізде сандық – сыр мен құпияның, адамның ішкі сарайының символы. Ал сыр мен құпия,



ішкі толғаныс, тебіреніс - ер адамдардан гөрі әйел адамдарға тән қасиет екені белгілі. Кебеже – тамақ сақтауға арналған сандыққа ұқсас ағаш бұйым. Кебеженің түбі қалың тақтайдан жасалады. Оның қақпағы сандықтың қақпағы сияқты, кейде жармалы да болып келеді. Жармалар не көлденең кергіш ағашпен, не таспамен жалғастырылады. Кебеженің беті де кейде сырмен, кейде сүйекпен ою салып өрнектеледі. Қазақ халқында «Әрбір үйде азық сақтайтын бір кебеже болуы тиіс» немесе «кебеже толы болсын» деген секілді түсінік қалыптасқан. Себебі, кебеже молшылықтың белгісі болып саналған. Егер бір отбасыда бірнеше кебеже болса, өз араларында бай, ішіп-жемі мол әулет ретінде қабылданған.

Сандық – киім-кешек, тағы да басқа заттарды салуға арналған, ағаштан жасалған бұйым. Сандық – халықтар тұрмысында ерте кезден пайдаланылып келе жатқан ең ежелгі жиһаздың бірі. Көшпенді халық үшін ол өте қолайлы болған. Сандықтың аузына көбінесе ішкі құлып, кейде аспа құлып орнатылады. Сандықты жерге қойғанда түбі дым тартпау үшін оның астыңғы төрт бұрышымен үйлестіре тақтайдан бұрыштап аяқ орнатады. Сандықтың беті әртүрлі бояумен сырланып, өрнектеледі немесе айшықты қаңылтырмен қапталады. Лингвомәдени сипатына келсек, тағы да өзіміздің ежелден келе жатқан салт-дәстүрімізге тоқталамыз. Себебі, сандықбұрынғы заманда да, қазіргі таңда да қазақ халқы үшін қалыңдық жасауының ажырамас бөлігі саналады. Қыз ұзатылған кезде артынан баратын дүниенің барлығы сандыққа салынып, артынан жіберілетін болған. Ал, қыз ұзатылып, құтты жерге қонған сәтте міндетті түрде «Сандық ашар» рәсімі өткізіледі. Бұл дәстүр әлі күнге дейін өз құндылығын жоғалтпай, сол күйінде орындалып жүргенін мақтанышпен айта аламыз.

Алаша – түрлі-түсті жіптен арқау салып, жолақтап тоқитын тақыр кілем, төсеніш. Яғни, тоқыма бұйымдарының бірі. Арнайы аспап арқылы басқұр тәрізді жалпақ етіліп тоқылып, бірнешеуінің арасын қатарынан біріктіріп, терме алаша жасайды [3, 23]. Сөзге шешен дана халқымызда «Кілемге бергісіз алаша бар, ханға бергісіз қараша бар» деген мақал жиі қолданылады. Бұдан алаша бұйымдарының кілемнен де артық бағаланғандығын байқауымызға болады. Жалпы, талғампаз халқымыз төсеніш бұйымдарына ерекше мән бергендігін айтпасқа болмас. Кілемді жайсаң – төсеніш, ілсең – сән. Осындай ел аузына ілінген асыл қасиетін алаша әлі де сақтап келе жатыр.

Сырмақ – көне дәуірден келе жатқан үй жиһаздарының бірі, ою бастырып немесе жиектері өрнектеліп сырылып жасалған түрлі-түсті төсеніш. Оны биязы жүннен басылған жұқа киіздің бетіне оюлар салып, кенеппен астарлап жасайды. Сырмақ, негізінен, мал баққан қазақ, қырғыз, сияқты көшпелі малшыларға тән бұйым. Ортасы ашық келетін, дөңгелектене жасалған көлемді сырмақ от киіз, шай сырмақ деп аталады [4, 187]. Бұл жиһаздың шығу, қолданысқа ену тарихына үңілер болсақ, алғашқы сырмақ пішінінің қалыптасуына қазақ халқының күнделікті тұрмысында кездесетін қарапайым жағдайлар себеп болған. Мысалы, көнерген киіздерді қабаттап төсеу, одан соң оны қобырай бермеу үшін қабаттап көктеу секілді қарапайым іс-әрекеттерді айтсақ болады. Уақыт өте келе, қабаттауды белгілі бір пішінге келтіріп, ықшамдап төсеп, көктеуді бірте-бірте жиі тігістерге ауыстырып, одан әрі сыруға көшкен. Жалпы, кілем тоқуды үйренгісі келген әр адам сан түрлі бояулардан туындайтын өрнектер мен түс үндестігіне қарап отырып, сұлулық әлеміне жол таппасына кім кепіл?! Тіпті, осы сөзімізге дәлел ретінде тарихта ежелден қалыптасып келе жатқан, уақыт өте келе дамып, мазмұны жаңарып жатқан сан түрлі ою-өрнектерімізді сөз ете аламыз. Мұның өзі ұлттық ерекшелігімізді байқататын, кеудемізге қуаныш сезімін ұялататын мәдениетіміздің бір саласы.

Текемет – көлемі жағынан киіз үйге тұтастай төсеуге болатын төсеніш киіздің бір түрі. Оның оюлы текемет, шашақты текемет, салбырама текемет деген секілді түрлері бар. Текемет сырмақтан үлкен, енді болып келеді. Ол жұқа басылған киіздің бетіне бөлек боялған түрлі-түсті киізді оюлап орналастырып, су сеуіп, шиге орап, киізше басып жасалады [4, 188]. Негізінен, көшпенділер өмірінде текеметтің алатын орны өзгеше болған: ол қазақтың дәстүрлі баспанасы – киіз үй ішіне жылылықпен қатар әсемдік те әкеліп әрі киіз үйдегі адамдарды астынан өтетін сыздан қорғап, аурудың алдын алу рөлін де атқарып отырған. Оюлы текеметтегі әрбір ою-өрнек түстерінің қазақ халқының ұлттық болмысына сәйкес

терең мағынасы бар. Мәселен, көк түс- аспанды немесе жасару, өмір сүру деген мағынаны берсе, қызыл түс – күннің белгісі, қара түс – жердің түсі, яғни, берекенің белгісі болса, ақ түс – қуаныштың, бақыттың, тазалықтың белгісі.

Мәдениет – белгілі бір халықтың қол жеткен табыстары мен шығармашылығының жиынтығы, адам әрекетінің, саналы қызметінің көрінісі дейтін болсақ, осы мәдениетіміздің маңызды саласы - өресі биік, өрісі кең өнер атаулының қай түрінен болсын, қазақ халқы бір өзіне ғана тән қайталанбастай ерекшелігімен көзге түсіп, атадан балаға мирас болып келеді.

Жалпы, киіз үйді өз көзімен көріп, оған түнеп шыққан сырт жолаушының сол киіз үй жайлы таңданыспен жазбауы мүмкін емес. Мысал ретінде, қытай елінің ақыны Бо Цзюйдің «Киіз үй» деп аталатын өлеңін белгілі ақын Несіпбек Айтөвтың аударуында келтіріп көрелік:

Киізіне жүні кеткен мың қойдың,  
Шаңырағы қайыңынан күнгейдің.  
Әрі берік, әрі ыңғайлы, әрі әсем,  
Дей алмаймын ағашына мін қойдым.  
Сайын дала –оның мекен-тұрағы,  
Бірде кірсең, терістікте тұрады.  
Сарбаздармен бірде көшіп сағымдай,  
Бір қарасаң түстік жақтан шығады.  
Шым жібектен мықты белбеу байлаған,  
Қозғалта алсын қандай дауыл, қай боран?  
Кірсең жылы, іші қыз-қыз қайнаған,  
Көкжиектей дөп-дөңгелек айналаң [5, 20].

Осы өлең шумақтарының өзінен-ақ, өзге ел азаматының қазақ халқының сол кезеңдегі тұрмыс-тіршілігін, мәдениетін танытатын киіз үйін жоғары бағалағанын байқауымызға болады. Рас, киіз үй тек қазақ халқының тұрмысында ғана болған жоқ, дегенмен, біздің ойымызша, әр халықтың, соның ішінде қазақ халқының киіз үйі өзіндік ерекшелігімен көзге түседі.

Қорыта айтқанда, халық тәжірибесінің сырт көзге аңғарыла бермейтін небір ғажайып сырларын қарапайым тұрмыс-тіршілігінен-ақ байқауға болатындығын аңғардық десек қателеспейміз. Ал осы күнделікті тұрмыс-тіршіліктің өзі әр халықтың өзіне тән ерекшелігін, салт-дәстүрін, мәдениетін, әдебиетін танытары сөзсіз.

#### **Әдебиет:**

1. Ақбай Н. Қазақтың дәстүрлі атаулары: Энциклопедиялық сөздік. – Алматы: «Арда +7», 2013. – 496 б.
2. Қазақ тілінің сөздігі. Жалпы ред. Басқарған: Т.Жанұзақов. – Алматы: «Дайк Пресс», 1999. – 776 б.
3. Қайыржан К. Сөз – сандық: Қазақтың көне сөздері. – Алматы: «Өнер» баспасы, 2013. – 480 б.
4. «Сен білесің бе?» энциклопедиясы. Құрастырған: Қ.Ж.Райымбеков, Қ.Т.Байғабылов. – Алматы: Аруна, 2011. – 192 б.
5. Назарбекұлы С. Қазақтың киіз үйі. – Астана: Елорда, 2005. – 99 б.

## ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ТІЛДЕРІНДЕГІ ЭТНОМӘДЕНИ ЛЕКСИКАНЫҢ РУХАНИ КӨЗДЕРІ

*Хайрат А.,  
магистрант,*

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
Астана, Қазақстан,  
[anya\\_1988\\_07@mail.ru](mailto:anya_1988_07@mail.ru)*

Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламасында ұлттық рух пен ұлттық сананың, ұлттық тіліміз бен мәдениетімізді сақтауға, жаңғырта дамуына үндеп жол ашты. Сол жаңғырудың ең басты шарты – өзіміздің ұлттық кодымызды сақтай білу. Ұлттық кодты тілімізден, салт-дәстүрімізден, дін мен тілімізден, ұлттық мәдениетімізден бастап зерделеп толықтыру, ары қарай терең зерттеулерге жол ашу.

Мыңдаған жылдар бойы халқымызға тән рухани қазынамыз көне тамырлы сөздердің тарихы бойымызда сақталуда. Көркем мәдениетіміздің көне түркі ескерткіштері мен ежелгі жыр-аңыздар сол дәуірмен сабақтасып зерттелгеніне көз жеткізетін А.Янушкевич, Ш.Уалиханов, Ә.Марғұлан, М.Әуезов, С.Мұқанов, Ә.Қоңыратбаев, Ә.Т.Қайдар, Ж.Манкеева, т.б. ғалымдар еңбегінің маңызы зор. В.В. Радлов «Түркі тайпаларының халық әдебиеті үлгілері» деп аталатын он томдық еңбегінің толықтай бір томы қазақ фольклорының бай мұраларын, мәдениетін, әдет-ғұрпын зерттеп этнотанымдық тұрғыдан аша түсті. Себебі, тіл – этномәдени қорларды жинақтап, сақтап, бірбүтінге тұтастырушы, келесі ұрпаққа жеткізуші.

Халқымыздың ғасырлар қойнауынан тамыр тартқан жалпы рухани-мәдени мұрамызды, рухани қазыналарымыздың, тіліміздегі ұлттық кодымыздың, таным мен түсінігіміздің жаңа парадигмасында «тіл-қоғам-таным», «ұлт-тіл-мәдениет» контекстінде терең зерттеу мәселелері өзекті болып табылады. Егеменді ел тәуелсіздігін алып, этнолингвистика мен лингвомәдениеттану салаларын салыстырмалы және диахронды жан-жақты зерттелуіне жол аша түсті. Соның ішінде тамыры бір түркі елдерінің ынтымақтастығы мен рухани-мәдени ықпалдастығы тереңдетуге, жалпытүркілік идеологияны бүгінгі ұрпақ санасына сіңіру, ұлттық тәрбиенің өзегіне айналдыру қажеттілігін тудырып отыр.

АҚШ-та этнолингвистикалық зерттеулер үндістердің тілі мен мәдениетін зерттеуден басталған болатын. Уорфтың идеясы этнография мен социология негізінен туындап, ал Э.Сепир этнос мәдениеті мен жеке тұлға тұрғысынан тұжырым жасаған еді. Ал ХХ ғ. 50-70 жылдары этнолингвистикалық мәселелер эксперименттік психология әдісімен зерттелсе, 70-80 жылдары халық ауыз әдебиеті еңбектерімен байланыстыра кең түрінде нақты нәтижелермен бағаланды. СССР-да бұл мәселені Ильич

Никита Толстой мен өзінің ізбасарларымен жаңа үлгімен жаңғыртты. Тілдегі этнолингвистикалық атлас, нормалану, шекаралық, әлеуметтік диалектілерді ұлттық болмысқа қатыстылығын көрсетеді. ХХ ғасырдың соңында жаңа ғылыми дерек көздер лингвомәдениеттанумен топқа енеді. [3, 52] Орыс этнолингвистикасына үлес қосқан А.А.Шахматов, Е.Ф.Карский, Д.К.Зеленин, Н.П.Гринкова, Б.А.Ларин., Н.С.Трубецкий, В.М.Жирмунский, М.А.Бородина, А.В.Десниц. ХХ ғасырдан бері қарай Ильич Никита Толстой, Светлана Михайловна Толстой, Стел Евгеньевна Никитина, Ф.И.Буслаева, В.И.Дадя, А.Н.Афанасьева, А.А.Потебни, А.Н.Веселовского, П.Г.Богатырева т.б ғалымдар жан-жақты зерттеулеріне әлі де сүйенеміз.

Қазақ тіл білімінің этнолингвистиканың негізін салушы академик Қайдар Ә.Т. ұзақ жылдар бойы тіліміздегі лексикамызды зерттеп, баға жетпес мұраларын танытуда. Этномәдени мұраларды макрожүйе және микрожүйелерге бөліп қарастырып зерттеді. «Қазақтар ана тілі әлемінде» атты этнолингвистикалық ІҮ томдық сөздікте ұлт болмысын танытатын байлықтарды жинақтап, жүйелеп және мазмұн-мәнін ашып түсіндіруге, айқындауға бағыттады. Этнолингвистикалық зерттеулер тіл байлығын макросистема мен

микросистемаға бөліп қарастыру себептері, оларды табиғи жүйебойынша жіктеп, топтастыра, өзара байланыстыра сала-салаға бөліп қарастырады. Мәселен, бүкіл болмыс «Адам», «Қоғам», «Табиғат» деген үштікте қарастырса, идеографиялық классификация бойынша анықталатын микросистемалық ұғымдардың бәрі осы үш саланың аясына сыяды деп тұжырымдайды. Бұл еңбекте ана тілімізде сақталып келе жатқан этнографиялық байлығымыз жүйелі түрде өзіндік принцип, әдіс-тәсілдермен көркем жазылған. Тіл байлығын этнолингвистикалық тұрғыдан зерттеудің «індете зерттеу» деген принципіне сүйенеді. «Індете зерттеу» деп, сөздермен ғана шектеліп қалмай, не өзі білетін, шеті көрініп тұрған, не ұмыт болған тіл фактілерінің «ізіне түсіп», лексикалық қордың қойнау-қолаттарынан іздеп тауып, түп-тамырымен қопарып, түбегейлі айқындауға тырысу деген сөз.[1,494] Сонда ғана этнос табиғатын толық танып-білуге қажетті тілдік бірліктердің астарында жатқан небір ғажайып этнолингвистикалық деректерді тауып, толығымен қамтуға болады.

Этнолингвистика мен лингвомәдениеттану ғылымдарының сабақтастығы «Тіл мен мәдениеттен» көрініс табады. Ғылыми ой-тұжырымдамалар негізінде этнос мәдениетімен толығып, ұлт мәдениеті тілде сақталып, тұрмыс-тіршілігі тілі арқылы өрнектелуімен сабақтасады. Копыленко М.М. «Основы этнолингвистики» (1995) атты монографиясында этнолингвистиканың мазмұнын ашып, табиғатын тану мақсатында этнолексиканы, этномәдени құрылымдардың негізгі қырларын тұтастыруда құнды ой-пікірлер мен зерттеулерге сүйенеміз. Осы тектес лексикалық атаулардың семантикалық, грамматикалық даму барысында көптеген өзгеріске ұшырағандықтан арнайы әрі терең этнолингвистикалық және лингвомәдени зерттеуді қажет етеді. Этнолексикамен сақталып келген мағыналық-тақырыптық топтарға бөлінуі, өз алдына сараланып зерттелуі белгілі-бір қарым-қатынастар мен байланыстарындағы тақырыптық және семантикалық топтардың негізіндегі тілдің құрылымдық жүйесінен құралады. Ф.П. Филиннің, Д.Н.Шмелевтің, А.А.Уфимцеваның т.б. ғалымдарының лексиканы зерттеуде сөздердің тақырыптық жағынан талдау әдісі теориялық тұрғыдан түркітануда да қолданылып келгені белгілі.

Ұлттық мәдениетіміздің ежелгі дәуірлерінің ұлттық идеясын ашып беретін терең сырлы дүниелердің тілдік атауларына:

Бақыр <тамақ дайындауға арналған, түбі шұңғырлау, қысқа сапты ыдыс>

Елек <ұн, талқан т.б.заттар елейтін елеуіш, ауысп.талғаушылық, іріктеу ісі>

Көнек <көбінесе бие сауға арналған көннен жасалған шүмегі бар ыдыс; Ісіп-кеуіп кететін ауру>

Мес <қой, ешкі, тана-торпақ терісінен жасалған ыдыс>, мес қарын <су таситын қарын ыдыс>

Ожау <қымыз, боза, көже, ашымал т.б.сұйық тамақтар мен сусындарды құюға арналған ұзын сабы бар үлкен қасық тәрізді ыдыс>, кепсер <қазандағы табақты араластырып сүзуге пайдаланатын тесік ожау>, ағаш ожау <ағаш ожаулар әдетте ағаштай ойылып жасалады да оның түбіне, сағасына сабына неше түрлі әшекей-өрнектер салынады>

Мүйіз ожау <аққудың мойынындай иілген сары мүйіз сәнді ожаумен немесе ыс сіңіп, сарғыш тартқан ожаумен үйеңкі тегенеден қымыз сапырғанда оны ерекше дәмдендіріп тұрғандай сезінесің. Мүйіз ожау күнге қызбайды, сондықтан ол сары қымызға сары леп береді және арқар мүйізіне өнез жабыспайды, шыбын қонақтамайды>

Шөміш <ожау>, қымыз ожау <қымыз құюға, сапыруға арналған ожаудың бір түрі>. Ертеде ата-бабаларымыз ыдысты көбіне ағаштан жасап, ешкі, қой, жылқы терілерінен, мыс, жез сияқты металл бұйымдардан жасаған.

Қауға <құдықтан су тартатын көншелек. Қазақ төзімді болу үшін көн ыдысты көбіне жылқы терісінен жасатқан. Ол үшін терінің жүнін шикі күйінде қырғызады, оң жағын ішіне келтіре, әр ыдыстың өзіне тән формасын сақтай отырып жіппен тігеді. Жіп түйенің шуданың иіріледі. Ол шірімейді әлі төзімді. Тігілген ыдысты ішіне топырақ не құм толтырып, күннің көзіне қояды. Содан соң ыстайды. Ысталған ыдыста ашытылған сусын өте дәмді келеді>; Құдықтан су ішкен қауғаға рақмет айтады. <1. арқанға байланған қауғасыз құдықтан су ішу

мүмкін емес, сондықтан су ішкен адамға құдықтың аузынан көрі қауғасының қызметі артығырақ көрінеді. 2. ауысп. Кейде жақсылық істеген адамның өзінен көрі сол адамға барар жол көрсеткен, қолқабысын тигізгеннің жақсылығын артығырақ бағалау>

Бөрдек <қымыз ашытатын торсық>

Саба <1. Бір немесе бірнеше жылқының иленген, ысталған терісінен жүнін илеп, ыстап жасалған, қымыз құйып ашыту үшін пайдаланатын үлкен ыдыс; 2. ауысп. Бір нәрсенің шеңбері, арнасы, көлемі, аясы. Сабаны ыстаудан бұрын "шиетабақ" деп аталатын ақтаспаның бір түрін қайнатып алып, соның суына астына киіз төсеп қып-қызыл болғанша ұстайды. Қымыздың күшті болуы соған да байланысты; мұндайда қымыз бықтырып, ащы болмау үшін 1 литрдей сиырдың сүтін, қымыран қосады. Қымыранды екі сабаның екі жағына бірдей құюға болады> [2,296]

Шанақ <өңделген теріден істелген, сусын тұратын үлкен ыдыс, бірақ М. Қашқари сөздігінде: Санақ - ағаштан ойып істелген кішкене көлемді ыдыс>.

Күбі <ірікті құятын үлкен ағаш шелек>, шара <ағаштан жасалған үлкен ыдыс-аяқ>

<Мәдениетті тану кілті> - тіл арқылы сақталған мәдени ұғымдардың мәдени фонын зерттеу. Соның нәтижесінде анықталатын тілдің қызметі – әр халықтың ұлы мұрасы, ұлттың тарихи жетістігін көмкерген мәдениетті таңбалау. [3,525]

Қазіргі таңда қазақ және түрік тілдеріндегі этнолексикаларын салыстыра отырып зерттеу, түркітөктес халықтарының мәдени, тарихи-этнографиялық, мәдениетін, дүниетанымын, рухани құндылықтарының байланысын қалыптастырады. Қазақ және түрік әдебиетінің қайнар көзі саналатын ауыз әдебиет үлгілерін жинау, зерттеу өзіндік орнын сипаттайды. Сол халықтың өткен тілі, әдебиеті, тарихы, мәдениеті, тұрмыс-тіршілігінен мағлұмат алуға мүмкіндік беретін ғылымның қайнар көзі. Түркітанудың тарихи, теориялық-методологиялық аппараттарының жаңа сатыға көтерілуі зерттеулердің жаңа қырларын айқындап, ғылыми зерттеу парадигмасының жаңа мүмкіндіктерін пайдалануға жола ашты. Қазірде қазақ және түрік тілдерінің когнитивтік және антропоэзектік зерттеу әдіснамасын зерделей келе, тіліміздегі лексикалық қорымызды диахронды қырларымен сабақтастырып, этнолингвистикалық және лингвомәдениеттану жолмен зерттеу кең өріс алып, түркітөктес ұлттардың мәдениетін біртұтастықта зерттеп, тіл мен мәдениеттің сабақтастығы айқын көрініс табу.

Күнделікті тұрмыста қолданылатын тұрмыстық туындылар этномәдени із қалдырады.

Пышақ < мал союға, нан т.б. кесуге арналған жүзі өткір, сабы бар құралы> арқар сапты пышақ < сабына арқардың мүйізі кигізілген пышақтың түрі>, аталғы < ершінің ер шабатын жүзі қайқы кішкентай балтасы, қайқы пышақ>, бодан <(диал.) Үлкен пышақ>, бұйдапышақ < жетелі пышақ, салалы ұзын пышақ>, лөкет пышақ <үлкен ас үй пышағы>, сопақ пышақ <иленген теріге әртүрлі бұйым жасаудан бұрын батырып өрнек салу үшін қажетті ұшы үшкірлеу сабы жуан пышақ тәрізді сүйек құрал>. Пышаққа ұстады <сойды, бауыздады>, бәкі <пышақтың ыңғайлы түрі>, пышақтың жүзін жоғары қаратып қойма < малдың өліміне, шығынына, арандауына көрінеді деп халық сенген>, кешке қарай пышақ қайрамайды <жаман нышан, бұл сенім малды ауылда әлі күнге дейін сақталған, себебі мал шығыны деп сенеді>, буынсыз жерге пышақ ұрма < қиюы келмейтін сөз айтпа>, жақын адамдарға пышақ сыйлама < қырық пышақ болып араздасып кетеді деп білген, сатып алғанның белгісі ретінде тиын-тебен берген>.

Biçak <bir sap ve çelik bölümden oluşan kelesi araç> (бір сап болаттың бөлігінен жасалған кесуге арналған құрал). Biçak gibi kesilmek <birden çıkan bir durum nedeniyle ansızın duruvermek> (пышақ сияқты кесу). Arık öküze biçak olmaz <арық өгізге пышақ болмайды>

Дағара <ауыз дөңгелектеп, бүйірін шығара тіккен үлкен қап, үлкен шұңғыл ағаш табақ>. Қазіргі қазақ тілінде – дағарадай деген тұлғада тіркес құрамында кездеседі. Түркі тілдерінде дағар//тағар// таја//дағараның қолданылу аясы кең екенін көрсетеді. Сүзбе жасау үшін айран құятын ыдыс; астық салу үшін қолданылатын ыдыс; әртүрлі зат салынып, аттың екі жағынан салбырап тұратын қап. Сонымен бірге кішкене көлемді түрлері де көрсетілген: темекі салатын кішкене дорба (кисет) – әзірбайжан диалектісі; күл мен көң салынатын қап –

түрік диалектісі; малшы, бакташының дорбасы т.с.с. Дараға сөзінің төркіні туралы бірауыды пікір жоқ. Осы көрсетілген сөздер сан түрлі сипатын ашатын ұлттық рухани көздерден мәдени жүйе, халықтың тарихы, қоғамдық, әлеуметтік болмысы ретінде бағалы дерек беретін мол қазына.

Тегене <ағаштан оймышталып, әшекейленіп, күмістеліп жасалып, қымыз құюға арналған ыдыс, тегене, тегеш, тегершік (диалект) tegirmä – дөңгелек, tegirmän – диірмен, tegräk – шеңбер, сақина>

Қазақ тілі сияқты агглютинативті тілдер үшін түрік тілі қазақ тілінің ортақтық мәселесін зерттеудің де ерекше маңызы бар. Өйткені, алтай, көне түркі дәуірлерінен әлдеқайда бұрын басталып, бүгінгі түркі тілдерінің структуралық жағынан қалыптасуына негіз болған түркі тілдеріне үлкен әсер етіп, оның тұлғалық, мағыналық жағынан эволюциялық дамуына үлкен ықпалын тигізуде.

Этнолингвистика – маңызды да өзекті ғылым саласы. Егемендігіміз мен тәуелсіздігіміздің арқасында қазақ халқы дамыған өркениетті ел болу үшін өз тіліміз арқылы этнос арқылы танып-білуіміз қажет. Сол үшін де тіл арқылы берілген этнос болмысын, ұлты бейнесін түбегейлі салыстыра және жүйелей зерттеуді қажет етеді. Әрине, бір мақалада қазақ этнолингвистикасының теориялық, практикалық мәселелерін түгелімен қамтып, этнолексиканы мысалдар арқылы сипаттап беру мүмкін емес. Осындай үлкен мұраның іргетасын қалауға өз үлесімді қосудамын.

#### **Әдебиет:**

1. Қайдар Ә. Ғылымдағы ғұмыр. Т.1. – Алматы, 2014.
2. Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде. Т.2. – Алматы, 2013.
3. Манкеева Ж. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы, 2014.
4. Шеляховская Л.А. Общее языкознание: материалы к интегрированному курсу. – Алматы. 2001.

## **ЛИНГВОСЕМИОТИКА: ТАҢБА ЖӘНЕ СИМВОЛ**

**Шолакова А.К.,**

*магистрант,*

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,*

*Астана, Қазақстан,*

[aya\\_kenzhebaevna@mail.ru](mailto:aya_kenzhebaevna@mail.ru)

#### **Резюме**

Наука лингвосомиотики отражается почти во всех аспектах человеческой жизни. Символическая система – предмет семиотики, независимо от того, что она есть - в обществе, в природе. Наука и символ являются неотъемлемой частью друг друга, потому что результат науки часто дается в виде символов.

Одним из главных признаков символа является его добровольчество. То есть, не существует внутренней мотивации между внешней звуковой стороной метки и ее лексическим смыслом. Однако, если мы посмотрим на лингвистические исследования, лингвистический символ мотивирован и информативен. На нашем языке есть выдающиеся и мотивированные слова.

В статье рассматривается взаимосвязь между лингвистическими символами и языковыми знаками, а также роль языкового знака в лингвосомиотике.

**Ключевые слова:** языковые знаки, символ, лингвосомиотика, знак, символические знаки.

#### **Summary**

The science of linguistic semiotics is reflected in almost all aspects of human life. The symbolic system is the subject of semiotics, no matter what it is - in society, in nature. Science and symbol are an integral part of each other, because the result of science is often given in the form of symbols.

One of the main signs of the symbol is his volunteerism. That is, there is no internal motivation between the external sound side of the label and its lexical meaning. However, if we look at linguistic research, the linguistic symbol is motivated and informative. In our language there are outstanding and motivated words.

The article deals with the relationship between linguistic symbols and linguistic signs, as well as the role of the linguistic sign in linguistics.

**Key words:** linguistic signs, symbol, semiotics, sign, symbolic signs.

Лингвосомиотика ғылымы адам өмірінің барлық дерлік саласында көрініс табады.

Таңбалық жүйе қандай болмаса да – қоғамдағы, табиғаттағы – қызметіне қарай семиотиканың зерттеу нысаны болып табылады. Ғылым мен таңба бір-бірінің ажырамас бөлігі, себебі ғылымның нәтижесі көбінде таңба түрінде беріледі [1.5]. Мысалы, тіл білімі, әдебиеттану, жаратылыстану, техника, құрылыс, медицина, өнер т.б. салаларды алып қарасақ, тілдік таңба барлық салада қолданылатындығын аңғарамыз, яғни тілдік таңбаның қолданылу кеңістігі өте кең.

Кез келген таңбаның екі жағы болады: бірінші жағы – формасы, екінші жағы – мазмұны. Тілдік таңба мен шартты таңбалардың арасындағы ұқсастық: екеуінде де тұлға мен мазмұн бар, екеуі де бір нәрсе жайын «хабарлаушы» құрал.

Ғылым көкжиегінде таңба мәселесін алғаш рет алға тартқан американдық философ және логик Чарльз Сандерс Пирс таңбаларды төмендегідей негізгі үш топқа бөліп қарастырады (ғылымда «Пирс триадасы» деп те аталады):

1. Белгі таңба
2. Суретті таңба
3. Символ таңба

Белгі таңба. Бұл «дейктикалық таңбалар, яғни таңба мен таңбаланушы арасында табиғи байланыс болады» [2.10].

Суретті таңба. Бұл форма мен денотаттың немесе таңбаланушы мен таңбалаушының ұқсастықтарына негізделген, мысалы жануар және оның суреті. Бұған пиктографиялық жазуды жатқызуға болады. Суретті таңбалар бүгінгі таңда хабарландырулар мен жарнамаларда кеңінен қолданылады, оларды жол, көше бойынан, компьютер мониторынан көреміз, ғылыми мәтіндерден кездестіреміз. Оларды Б.Плотникова таңбалаушы мен таңбаланушы уәжділігіне, байланыс сипатына қарай мынадай ретте топтастырады: фотосурет – сурет – сызба – сұлба – кесте – диаграмма – символ – формула – цифр – вербалды таңбаларды жазу тәсілі [3.180].

Суретті таңбаланың негізгі ерекшелігі – «форманың өзі денотат жөнінде ақпарат болып табылатыны» [2.13]. Мысалы, ел аузында сақталған С.Медеубековтың «Ою хан мен Жою хан» аңыз-ертегісінде оюды сөйлеткен Ою хан Жою ханның баласының өлімін сырмақтағы оюмен жеткізген:

«Ою хан үйіне қайтып келгеннен кейін оқиғаның желісін сырмақ бетіне түсіреді де, әлгі сырмақты Жою ханның алдына жайып тастайды. Жою хан сырмақтың оюына қарап, ойланып ұзақ отырып, ондағы оқиғаны іштей былайша тарқатады:

-Балам биік-биік тауларды асып терең-терең сулардан өтіп қалың жыныс орманды аралап күндіз де, түнде де талмай көп жортқан екен. Жүрген жолында бұғы кездесіпті, алдынан қодас шыққан көрінеді, тау тағысы арқар да жолығыпты. Сорлы балам жолбарыспен де арпалысыпты. Ұшқан құстармен де беттесіп, суда жүрген балыққа да ұшырасыпты. Жорғалаған тышқан да қарсы келгенге ұқсайды. Қайран ұлым, алып күш иесі екеніңді аңдарға көрсеткенше, ел ішіндегі дұшпандарыңа неге көрсетпейсің? Тірімісің, өлімісің? Тоқта мына ою не деп тұр? Балаң екіге бөлінеді, жаны рухқа, тәні аруаққа айналды деп тұр ма?». Осыдан-ақ оюдың түрлері белгілі бір ұғымға немесе қандай да бір жағдайға байланысты өрнектелетінін байқауымызға болады [4.61]

Символ таңба. Мұндай таңбалар «шартты немесе конвенционалды» деп аталады. себебі бұл таңбаларды қолданушылар олардың денотаты мен формасын келісім арқылы байланыстырады [2.13].

Символ сезім арқылы танылады. Ол интуитивті түрде ғана танылатын белгілі бір идеяны арқалайды. Символ өз мағынасын ұзақ уақыт мөлшерінде сақтай алады және

көптеген адамдар үшін тұрақты сипатқа ие. Символ интуитивтілігінің негізінде белгілі бір рационалды бастама бар, бұл символға жалпы және тұрақты сипат беріп, оны түсінікті етеді.

Ал символды таңбалық жүйеде қарастырумен семиотика ғылымы айналысады. Таңба, символ және образдың категориялық-ұғымдық тұлғасына талдау жасасақ, төмендегідей көрініс табады: таңба – бұл гносеологиялық категория, символ – эстетика-гносеологиялық категория, образ – эстетикалық категория. Символ ұғымының бойында таңба мен образға тән элементтер бар [5,15]. Айта кететін жайт, символда образдың элементтері ғана емес, образдың өзі де болады. Кез келген символ адамның санасында образ бен бейне түзе отырып оның танымына, түсінігіне, тіпті сезімдеріне әсер етіп қана қоймай, тұлғаның өмір сүруі мен әртүрлі шешім қабылдауына ықпалын жүргізіп, кейде санадан тыс түрде мәжбүрлейді

Символдың образбен байланысын К. Юнг психологиялық тұрғыда белгісіздік пен анық көрсетуге қиын нәрселерді образды түрде, сезім арқылы белгілейді деп білген. Ғалымның өз пікірін келтірсек: «Символ образно выражает невыразимое, неизвестное, лишь предчувственное, лишь предугаданное, еще не познанное» [6,14].

Жалпы символ сөзі екі түрлі мәнде қолданылады: біріншісі – тілдік таңба ретінде, екіншісі – тілдік таңбадан ауқымдырақ символизмге ұласуы.

Таңбаның негізгі белгісінің бірі – оның еріктілігі. Яғни таңбаның сыртқы дыбыстық жағы мен оның мағынасының арасында ішкі уәжділіктің жоқтығы. Алайда тіл біліміндегі зерттеулерге назар аударсақ, тілдік таңба уәжділік және бейуәжділік сипатқа ие. Тілімізде уәжделген және уәжделмеген сипатқа ие сөздер бар.

«Таңба өзінің мағыналық мазмұнына ешбір қосымша мағынаны енгізбеуімен сипатталады. Ал символға келгенде, дәл осылай тұжырым жасай алмаймыз. Егер тілдік таңба таңбалаушы мен таңбаланушы бірлігінен тұрса, символ тұлға бірдейлігі негізінде өз мазмұнын белгілі бір контекске байланысты күрделендіреді [4,16]. Дегенмен беріліп отырған контекст мәтінінің көлемі бір сөзден басталып, үлкен роман көлеміне дейін жетуі мүмкін.

Символдың әртүрлі қызметтері бар, ол коммуникативтік қызметімен қатар, атауыштық, сипаттамалық, жалпылауыштық, абстрактілі қызмет атқарады. Соған қоса, символ таңбаға қарағанда, танымдық қызметі және

мазмұнымен де ерекшелінеді. Мәселен, таңба көбінесе шартты немесе бірқырлы болуы мүмкін, ал символ концептуалдану үдерісінің нәтижесі болып табылады.

Символдың уәжділігі жайлы Қ. Жаманбаева былай дейді: «Тұлғаның сөйлеу тілін, мәтін жасалымын түзуге себеп болып тұрған уәждер, мүдделер, мәндер мен құндылықтар сөйлеушінің тілдік моделінде көрініс табады. Біздің ойымызша, ол процесс кейде ашық көрінеді не символдық мәнмен анықталады [7,10].

Ал Қ.Қайырбаева таңба мен символды зерттей келе мынадай қорытынды жасайды:

Символдың өзіне тән ерекшеліктері ретінде төмендегі сипаттар негізге алынады:

- Сөз символ болу үшін белгілі бір мәтінде – мәдени мәтінде орын алуы керек;
- Символда көркем образды тұлғаның болуы;
- Символ интуитивті түрде танылады;
- Таңбаның мәні көрсету болса, символдың мәні одан кең;
- Таңба шартты және нақты мағынаға ие бола отырып, тек екінші шартты немесе концептуалды мағынаға ие болғанда ғана символға айналады;
- Символ мағынасын оның образын тану арқылы ғана ұғуға болмайды;
- Символ нақты элемент, ал оның нысаны – абстрактілі;
- Символдың өзіндік сипаты – оның уәжділігі;
- Символға архетиптік сипат тән;
- Символдағы денотативтік мағына өзіндік дербестігін сақтайды;
- Сөз және сөз-символ – екі түрлі таңба емес, сол сөздің өзінің екі түрлі формасы, яғни лингвистикалық таңба символдық қызмет атқарғанда ғана оны символ деп атай аламыз [4,18]. Бұған қосарымыз: символ табиғи тілмен, халықтың қарапайым түсінік-танымымен тығыз байланысты. Олардың ішінде халықтың танымдық дәрежесіне дейін жететіндері бар.



Символ мен таңбаның ара-жігін ашуда Н.Д. Арутюнованың пікірлерін келтіре кеткен орынды. Ғалымның пайымдауынша:

1. Таңба мен символ өмірдің әртүрлі өрісіне және әрекеттің түрлеріне жатады. Символ адамның әрекетінің бағдарламасы мен моделін түзетін болса, таңба адам қолында қарым-қатынас және практикалық әрекет құралы қызметін атқарады. Таңба адам қызметінің сыртқы құбылыстарына әсер етсе, символ оның ішкі наным-сенімдеріне ықпал етеді.

2. Символ жалпы мінез-құлық моделін құратын болса, таңба нақты іс-қимылдарды реттейді. Соған сәйкес біз жол символдары емес, жол белгілері дейміз. Таңбалар адамның жердегі, судағы, ауадағы қызметін реттесе, символдар өмір жолында кездеседі. Таңбаның мағынасы нақты, дәл болу керек, өйткені онда берілген нұсқаулық дұрыс орындалмауы мүмкін. Өзінің айқындығын жоғалтса, ол нышандалып кетпек. Таңбалар түсінуді қажет етсе, символдар мен нышандар талдау немесе интерпретацияны талап етеді. Сондықтан таңбалар конвенционалланады, ал символдар канонланады.

3. Символ адресатсыз және коммуникативті емес. Ол семиотикалық жүйеде сирек кездеседі. Символ, тіпті образды ойлауға жақын – көркем, мифтік, діни ойлау, ал таңба болса, қарым-қатынасқа тән.

4. Таңба мен символ әртүрлі – қылмыстық әрекеттер жасауға қабілетті: таңба өтірік айтуы мүмкін, символ алдамшы болуы мүмкін. Символда алдансаң, таңбада қателесуің мүмкін. Таңба ерікті түрде бұрмалана алмайды: адресат әрекеті бір мағыналы түрде бағдарламаланған. Символ күшті, бірақ қорғансыз. Оны образ сияқты бұрмалау оңай. Символда таңбада болмайтын демагогия (бос сөз) туындайды. Таңбада тек қана этикеттік монтанылық (лицемерие) пайда болуы мүмкін [8, 190].

Таңба көрсету мәнінде қолданылатын болса, символдың қолданысы одан әлдеқайда кең болады. Символ мәдениеттің көрсеткіші ретінде таныла отырып, семантикалық қызмет атқарады және ол шексіз болады. Таңба шартты және нақты мағынаға ие, яғни онда шектеулік болады. Символда белгілі бір идея жатады және ол шарттылықтың шегінен шығып кете алады. Бұл туралы М.Қ. Ысқақованың мына пікірін келтіруге болады: «Үш ашалы таңба – ол әлем патшасының белгісі және ол тек нағыз билікке ие болғанға ғана беріледі, үш аша – нағыз биліктің үштік болу белгісі – патшалық, абыздық, әулиелік. Соңғы жауынгер-патша болжау дарынына, яғни үшінші көзге ие болған Шыңғыс-хан болды» [9,350]. Берілген үш ашалы таңба тек қана Посейдон немесе М.Қ. Ысқақованың тұжырымы бойынша Шыңғыс ханның таңбасы ретінде шартты қызмет қана атқарып тұрған жоқ, соған қоса онда терең ауқымдағы символдық мағына бар. Бұл таңба патшалық, абыздылық, әулиелік, яғни билік символы болып кеткен. Соған орай үш ашалы таңбасы символ таңбаға жатады.

Символ болса, айтып кеткендей, бойында идеясы бар, адамның өмір сүру моделін жасайды. Ол кез келген саланы қамтып, әртүрлі сипатта болады. Атап айтқанда, жан-жануарлар символикасы, өсімдіктер, құстар, космосимволика, түр-түс символикасы және т.б. түрлері. Мысалы, космосимволикадағы «айды» қарастыратын болсақ, оған байланысты тұнып тұрған наным-сенімдер мен ырымдар бар. Ол аспан денесі болғандықтан, адамдар айға табынған. «Ғұрыптың мәні – әулетім оттай қаулап өсе берсін, пәле-қазадан аман болайық» дегенді білдіреді. Сондай-ақ айға қарап тілек тілеп, бет сипайды. Мысалы:

Аман көрдім,

Ай көрдім,

Жұлдызым жоғары болсын, – деп Айға қарап, арман-аңсарының орындалуын тілейді [10;74]. Табынушылықтан басқа, айға қатысты көптеген наным-сенімдер бар: «Айың оңынан тусын!» деген тіркесте ол сәттіліктің символы қызметін атқарады. Айдай сұлу деп айға теңеу арқылы оны әдемілік, сұлулық символы деп қарастырамыз. Көріп отырғандай, символдың атқаратын қызметі әлдеқайда көп әрі беретін мағыналарының ауқымы өте кең, тіпті шексіз. Ол санада бірінші кезекте образ бен бейне тудырады және көптеген кодталған танымдық ақпарат бере алады.

**Әдебиет:**

1. Степанов Ю.С. Основы общего языкознания. – Москва, 1975.
2. Лукин В.А. Художественный текст: Основы лингвистической теории и элементы анализа. – М., 1999.
3. Плотников Б.А. Семиотика текста. Параграфемика. – Минск, 1992.
4. Медеубекұлы, С. Ою хан мен Жою хан: балаларға арналған психологиялық танымдық ертегі. / Медеубекұлы С. – Алматы: Балалар әдебиеті, 2004. – 63 б.
5. Қайрабаева Қ.Т. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың символдық мәні: Филол. ғыл. канд. ... дисс. – Алматы, 2004.
6. Юнг К. Либидо, его метаморфозы и символ. – СПб., 1994.
7. Жаманбаева Қ.Ө. Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдік сана. – Алматы, 1998.
8. Арутюнова Н.Д. Язык и мир человека. – Москва, 1999.
9. Исакова М. Тамга казахов. Қазақ таңбалары. – Алматы, 2012.
10. Қазақтың этнографиялық категориялары, ұғымдары мен атауларының дәстүрлер жүйесі. Энциклопедия. Т.1. – Алматы, 2011.

**4-СЕКЦИЯ: «ДӘСТҮРЛІ ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ЖЕТІСТІКТЕРІ ЖӘНЕ ХХІ ҒАСЫРДАҒЫ ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ЖАҢА ПАРАДИГМАЛАРЫ»**

**СЕКЦИЯ 4: «ДОСТИЖЕНИЯ ТРАДИЦИОННОГО ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЯ И НОВЫЕ ПАРАДИГМЫ ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЯ ХХІ ВЕКА»**

**SECTION 4: «ACHIEVEMENTS OF TRADITIONAL LITERARY STUDIES AND NEW PARADIGMS OF LITERARY STUDIES IN THE XXI CENTURY»**

**«ҒАЙЫПТАН ЖЕБЕУШІ», «АҚЫЛШЫ» ҚАҺАРМАННЫҢ МИФТІК ЖӘНЕ КӨРКЕМДІК КЕҢІСТІКТЕГІ ҚЫЗМЕТІ**

*Аймұхамбет Ж.Ә.,  
филология ғылымдарының докторы, профессор,  
[a\\_zhanat@mail.ru](mailto:a_zhanat@mail.ru)  
Байтанасова Қ.М.,  
филология ғылымдарының кандидаты, профессор  
Сағынадин Г.,  
философия докторы (PhD),  
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
Астана, Қазақстан*

**Түйіндеме**

Мақалада мифологиялық-фольклорлық сюжеттерден тұрақты орын алған бас қаһарман мен тәлімгер байланысы қарастырылады. Ғайыптан жебеуші, кеңесші, тәлімгер түрінде оқиғаға араласатын мұндай кейіпкерлердің негізгі қызметі мифтік баяндар мен ертегілерді талдау барысында көрсетіледі.

**Кілт сөздер:** бас қаһарман, тәлімгер, сыйлық беруші, миф, ертегі.

**Резюме**

В статье рассматривается связь главного героя и наставника, которую так часто можно наблюдать в фольклорно-мифологических сюжетах. В результате анализа сказок и мифических повествований демонстрируется основная функция таких героев, которые становятся участниками сюжетов в качестве сверхъестественных покровителей, советников, наставников и т.д.

**Ключевые слова:** главный герой, наставник, даритель, миф, сказка

**Summary**

The article deals with the relation between the protagonist and the mentor, which is so often seen in folklore and mythological subjects. As a result of the analysis of fairy tales and mythical narratives, we demonstrate the main function of such heroes who then become participants in plots as supernatural protectors, advisers, mentors, etc. On the basis of theoretical concepts of scientific works that deal with the consideration of the relation of heroes and their patrons, the samples of world and Kazakh verbal art are compared. The analysis of the images of such heroes in the literature has made it possible to reach certain conclusions.

**Keywords:** protagonist, mentor, giver, myth, tale

Тылсымнан яки ғайыптан жебеуші («ілкі жебеуші» деп анықтауға да болады), ақылшы, тәлімгер, ұстаз деген ұғымдағы тұлғалар мифтік баяндар, фольклорлық, әдеби туындылар арқылы бізге барынша таныс. Кристофер Воглер айтқандай, «Ақылшы тұлғасы түсте, мифте, сондай-ақ кітаптар мен фильмдерде үнемі көрінетінін, әдетте, бұл бас

қаһарманға немесе оны үйретушіге көмектесетін ұнамды кейіпкер» [1, 81] екенін де жақсы білеміз. Қаһарман мен ақылшының қарым-қатынасы – мифологияда барынша кең тараған және тұспалды мәні бар мотивтердің бірі. Мифтік баяндардан, ертегілер мен әпсаналардан бастап, көркем әдебиет үлгілеріне дейін ата-ана мен бала, ұстаз бен шәкірт, қария мен жас жігіт, мейірімді әже мен жасөспірім қыз, т.б. қарым-қатынастары ақылшы, яки тәлімгер және қаһарман байланыстары түрінде өрбиді.

Миф пен ертегі әлеміндегі тұрақты тұлғалар мен олардың арасындағы байланыстар біздің назарымызға бірден түседі, олар: а) іздеу сапарына шыққан қаһармандар; ә) оларға шытырман оқиғалы сапар туралы айтатын хабаршылар; б) өз қамқорлығындағы адамға сиқырлы құралдар сыйлайтын дана қарттар; в) бас кейіпкерді жолға салуға көмектесетін құбылғыш бейнелер; г) бас қаһарманды адастырушы, оған қарсы тұрушы қара ниетті адамдар және әр түрлі тіршілік иелері. Тұрақты кездесетін мұндай кейіпкерлерді сипаттау үшін К.Юнг «архетип» терминін қолданысқа енгізгені белгілі.

Мифтегі оқиға қаһарманның сапар-саяхатынан басталады. «Олардың қабыл алмауға болмайтын шақыруға байланысты аттанатын ерлік сапарында алғашқы болып жолығатын және сапарлаушыға жолында қалайда кез болатын айдаһардың мызғымас күшіне қарсы қолданатын құрал ұсынатын қорғаушы-кейіпкер (бәрінен бұрын бұл көп жасаған кемпір немесе шал)» екенін Джозеф Кэмпбелл өз еңбегінде атап өткен [2, 60]. Түркілік дүниетанымдағы бөрі-ана, Мысыр мифологиясындағы Горға көмектесетін Тот, т.б. құдайлар, Кельт мифологиясындағы Артур корольдің ақылшы-жебеушісі Мерлин, Грек мифтеріндегі Гераклді тәрбиелеген ақылды кентавр Хирон, Горгонаны жеңген Персейге жебеуші болған Афина мен Гермес, т.б. бас қаһарманның мақсатқа жетуінде маңызды орын алатын тұлғалар.

Жебеуші, қорғаушы, көмектесуші кейіпкерді В.Пропп өзінің «Морфология сказки» атты әйгілі еңбегінде «сыйлық беруші» (даритель) деп атайды. «Ертегіге енді сыйлық беруші, нақтырақ қамтамасыз етуші деп атауға болатын жаңа тұлға кіріседі. Ол, әдетте, орман ішінде немесе жол бойында кездейсоқ ұшырасады. Қаһарман одан іздеуші, сондай-ақ жапа шегуші ретінде, нәтижесінде бар бақытсыздықты жоятын (негізінен сиқырлы) бірсыпыра құралды сыйға алады» [3, 49].

Сиқырлы құрал қаһарманның қолына оңай беріле салмайды, көп жағдайда қаһарман оны алу үшін сынақтан өтеді. Сиқырлы тас, ғажайып қылыш, өмір тостағаны, алып қарақұстың бір тал қауырсыны, ерекше қасиеті бар көз, т.б. сыйлыққа берілетін құралдар бас қаһарманның жолындағы кедергілерді жеңуіне, мақсатына жетуіне бірден-бір себепкер бола алады. Жебеуші кейіпкер үнемі сыйлық бере бермейді, кейбір мотивтерде ол ақыл-кеңес беріп, жол көрсетуші, жөн сілтеуші ретінде ғана көрінеді.

Тәлімгер кейіпкердің немесе ғайыптан жебеушінің сыйлық берушілік қызметі мифтік баяндарда маңызды орынға ие. Жебеуші яки ақылшы кейіпкерден сый ретінде бір құрал алған қаһарман жолында кездесетін кедергілерден өте алады. Берілетін сый тек сиқырлы құрал ғана емес, ерекше қасиет болуы да мүмкін. Түркілердің Алпамысы да өзінің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін ерекше қасиетке ие болады (суға салса батпайды, отқа салса жанбайды, атса оқ өтпейді, шапса қылыш кеспейді). Мысырлық Гор жебеушілерінен осындай ерекше сый алады.

Гор әкесі Осиристі өлтірген туысы Сетпен ұзақ уақыт шайқасады. Әккі Сет Гор ұйқыда жатқанда оның екі көзін ойып алады да, күл-талқан етіп ұсақтап шашып жібереді. Тот құдай көзді қайта қалпына келтіріп және егер бұл көзді өлген адам жұтатын болса, тірілетін ерекше сиқырлы қасиет дарытып, Горға қайтадан сыйға тартады. Гор Сетті жеңіп, оны байлап-матап, әкесінің өлі денесіне әкеледі. Өзі құдайлар ерекше қасиет дарытып, сыйға тартқан бір көзін әкесі Осиристің аузына салғанда, ол тіріледі. Алайда, бұл дүниеге оралудан бас тартып, марқұмдар патшалығын билеуге қалады. Мысыр мифологиясында «Ұлы Тоғыздық» саналатын құдайлар шешімімен Гор әке тағына отырады [4].

Көзінен әділетсіз айрылған Горды жебеушілерінің бірі Тот барынша қолдап, осылай көмектеседі. Осы көз Гордың ең басты мақсаты – әкесі Осиристі тірілтеді.

Ақылшы кейіпкер дана сиқыршы, сондай-ақ ақ сақалды қарт (шал), ақ шашты әже (кемпір), жалбыр киімді қаусаған бақташы, жер жыртқығын жамаған кемпір, жапан түзде жүрген белгісіз адам, т.б. бейнесінде көрінеді. Сонымен бірге, зооантропоморфты бейнелер туралы да естен шығармағанымыз жөн. Мифтік баяндарда ғайыптан жебеуші ретінде бөрі, қаз, аққу, киік, марал, т.б. тіршілік иелері де, бұлақ, тау, ағаш сияқты табиғат нысандары да әрекет етеді. Ертегілер мен эпостарда ақылшы қызметін атқаратын тағы бір кейіпкер – ат. Төстіктің Шалқұйрығы, Кендебайдың Керқұла аты, Қобыландының Тайбурылы, т.б. жүйріктер ұзақ сапарда иесіне ақыл қосып, не істеу керектігін айтады. Сондай-ақ, ортасынан жырақтап, айдалада жалғыз жүрген қаһарманға ғайыптан пері қыздары кездесіп, көмектеседі («Аңшыбай батыр» жыры).

Әлемдік мифологияда жебеушінің немесе ақылшының міндеті – қаһарманға дұрыс жолды көрсету, жөн сілтеу, оны беймәлім сапарға яки кездесуге дайындап, кеңес беру немесе сиқырлы құралдар арқылы көмектесу екенін айттық. Тіпті ол өзі ақылшысы немесе жебеушісі болатын болашақ қаһарманның өмірге келуін алдын ала болжай да алады. Оған кельт мифтік баяндарынан және қазақ фольклорынан мысал келтірейік.

«Мерлиннің болжап айтуымен Вортигерн король тағын Утер Пендрагон ханзадаға береді. Өзі Мерлинді бостандыққа жібереді. Утер король тағына отырған соң Мерлинді сарай барды етіп ұстамақ ниетпен, оған іздеу салады. Бір күні корольдің адамдары Броселианд орманындағы тоған жағасында демалып жатқанда, оларға жалба-жұлба киінген, сабалақ шашты, сақалы жалбыраған отыншы келеді де: «Сендер тапсырманы орындауда жауапсыз екенсіңдер. Егер мен Мерлинді іздер болсам, әлдеқашан табар едім. Менің сендерге айтарым, егер Утер оны іздеп өзі келмесе, ешкім де әкеле алмайды», – дейді. Мұны естіген Утер дереу тоған жағасына келеді. Сол жерде бір отар қой бағып жүрген, әбден қартайған, бүкір әрі ақсақ бақташыға кез болып, жалбыр киімді отыншы шалды көрген-көрмегенін сұрайды. «Бұл жерде менен басқа ешкім жоқ, – дейді кәрі бақташы, – ал, мына отар бүгін король іздеп келуге тиісті адамның иелігінде». «Мен корольмін», – дейді Утер. «Мен Мерлинмін», – дейді бақташы. Король Мерлинді сарайына алып келеді. Осы сарайда тұрып Мерлин бриттердің ұлы жеңістерін және жарқын болашағын жырлаған дастанын дүниеге келтіреді. Және Утерге одан Артур атты бүкіл халықтың мақтанышы болатын даңқты ұл туатынын айтады. Бұл болжамы дәл болып, дүниеге Артур келеді. Әкесі өлген соң Артур король болып, Мерлин оның друиді әрі барды – жалғыз кеңесшісі болады. Алайда Мерлин кейде сарайды тастап, қалың орманның ішіне кетіп, сумен, ағаштармен, бұғы, қасқырлармен тілдеседі. Мерлин кез келген аңға айнала алады. Таңертең бұғы, түсте қабан, кешке емен болады [5, 72].

Міне, бұл үзіндіден көргеніміздей, жебеуші, ақылшы қызметіндегі Мерлин тылсым күшке ие. Оған берілген ерекше қасиет бар. Сол қасиетінің арқасында елдің келешегін болжап, дүниеге келетін даңқты король туралы біледі және оған ақылшы болады. Үнемі қорғап жүреді. Король сарайындағы бітпейтін істерінен сытылып шығып, табиғатпен де сырласуды ұмытпайды.

Мерлин друидке тән қасиеттерді иеленген кейіпкер. Бағзы заманның ерекше болмысты, тылсым күшке ие адамдары ретінде шамандар, бақсылар, друидтер айтылса, бұл аталғандар миф немесе ертегі, эпос қаһармандарының желеп-жебеушісі, жөн сілтеушісі болады. Друидтер кімдер, олардың қызметтері қандай, бақсылар мен друидтердің ұқсастықтары неде деген сауалдарға «Түркі мифологиясы: типологиялық сипаты, ортақ мотивтер және кейіпкерлер» атты зерттеуімізді ғалымдар тұжырымдарын негізге ала отырып жауап бергенбіз [6, 40].

Бас қаһарманның дүниеге келуі жебеушілердің болжамымен белгілі болатыны қазақ ұлттық фольклоры үлгілерінде де тіптен көп. Артурдың дүниеге келетінін болжаған Мерлин болса, Алпамыстың, Қобыландының, т.б. батырлардың дүниеге келетінін әулие қарт, яғни Баба түкті Шашты Әзіз түсте аян беру арқылы жеткізеді.

Қаһармандық эпостың ішіндегі ең көнесі – «Алпамыс батыр» жырында батырдың дүниеге келуін аян еткен Баба шашты Түкті Әзіз. Әулиенің аяны бойынша болшақ батыр

суға салса батпайды, отқа салса жанбайды. Атса оқ өтпейді, шапса қылыш кеспейді. Ғайып ерен қырық шілтен пірі болады.

Жырда әулиеден әулиеге түнеп, дала кезген Байбөрі мен Аналық бір күні адыр ішінен бұлақ көреді. Суы тұнық, басында шеңгелі қара ағашқа тең болып өскен, төңірегі жалаңаш бұлақтан су ішпекші болып бұрылғанда ақ шеңгел Аналықтың маңдайына кіреді. Ғажабы: шеңгел маңдайына екі елідей кіргенмен, қан шықпайды. Аналық бұл тегін емес екенін біліп, Байбөрі екеуі сол жерге түнейді.

Сарғайып келіп таң атты.  
Сол уақыттар болғанда  
Көк есегі астында,  
Ақ сәлдесі басында,  
Сырлы асасы қолында,  
Өзі Хақтың жолында  
Бір диуана келді де,  
Асаменен түртіп оятты [7, 72]  
Диуана сүйіншілі жайтты аян етеді.  
Әулиені қыдырдың,  
Жердің жүзін сыдырдың,  
Маңдайыңа төбелеп.  
Әрқайсысының әр түрлі  
Мәртебесі бір бөлек.  
Сен үшін бәрі қиналды,  
Бір жерге тегіс жиналды.  
Бір ұл бер деп осыған,  
Бір жаратқан Құданың  
Дәргәһіне жылады,  
Мен де тұрдым ішінде [7, 73] –

деп, Жаратушы иенің бір ұл, бір қыз бергенін, ұлының аты – Алпамыс, қызының аты – Қарлығаш екенін жеткізеді. Сөйтіп, әулиенің айтқаны болып, Байбөрі мен Аналық перзент сүйеді. Ерекше жағдайда дүниеге келген Алпамысты қиын-қыстау жағдайларда Ғайып-ерен қырық шілтен, аруақтар үнемі демеп, қолдап жүреді [7, 64-185].

Бір перзентке зар болған Байбөрі мен Аналық осылайша армандарына жетеді. Алпамыстың дүниеге келуіне себепкер боған Баба түкті шашты Әзіз де, қолдаушысы Ғайып-ерен қырық шілтен де (қазақ фольклорында бұлар туралы бірнеше нұсқалы аңыз бар) «ғайыптан жебеуші» кейіпкерлер. Бұл кейіпкерлер «Жарты Төстік», «Әлібек батыр» ертегілерінде де оқиғаға араласып, қаһарманның дүниеге келуінде маңызды роль атқарады. Байбөрі мен Аналықтың алған баға жетпес ғажайып сыйлығы – Алпамыс пен Қарлығаш атты бір ұл, бір қыз. «Ғайыптан жебеуші» Байбөріге түсінде аян берсе, Алпамысқа бетпе-бет кездеспейді. Тек ғайыптан қолдап-қорғап жүреді.

«Күн астындағы Күнікей қыз» атты қазақ ертегісінде бала алтын мүйізді шұбар киікті ханға сыйлаймын деп, басы пәлеге қалады. Себебі, ханның уәзірі киіктің астына қоятын, бір қанаты алтын, бір қанаты күміс тақты, одан соң жер астында өсетін алтын ағашты, ең соңында Күн астындағы Күнікей қызды әкелуін сұратады.

Бала екінші сапарына бармас бұрын шешесі жолға шығып, киіктің астына қоятын тақтың дерегін білмек болады. Бір жерлерге келгенде, жайылып жүрген топ киіктің ар жағында жердің жыртығын жамап отырған кемпір кездесіп, жөн сілтейді [8, 279]. Жер жыртығын жамаған кемпір – жай адам емес, тылсым қасиетке ие дана кемпір. Жөн сілтеп, жол көрсету қызметін атқарып отырған бұл кейіпкердің архетиптік негізі мифологиядағы «Жер-Ана» ұғымын еске түсіреді. Кемпір бұл ертегі оқиғасында бар болғаны жөн сілтеуші ғана. Бас кейіпкердің кезекті сапарларының бірінде орындалуға тиісті әрекет осы «жердің жыртығын жамап отырған кемпірмен» жанама түрде ғана байланыстырылады. «Жер-ана»

бейнесі мен бұл кемпірдің арасындағы ерекшелік әйел үстемдігі дәуірінен кейінгі уақыт сипатын аңғартады.

Бала үшінші сапарына, яғни жер астындағы алтын ағашты іздеп бара жатқанда алдынан ақ сақалды шал шығады. Баланың сапарының мәнісін білгеннен кейін, оған кеңес береді және сиқырлы күші бар күміс сапты кездікті қолына ұстатады [8, 280]. Бала қырық ұрыға ет пісіріп жүргенде түсіне кіріп, сапарының мақсатын есіне салады [8, 281]. Ақ сақалды шалдың балаға кез болуы жайдан жай емес. Өйткені алтын мүйізді шұбар киік, бір қанаты алтын, бір қанаты күміс тақ, жер астында өсетін алтын ағаш – мұның бәрін хан иемденгенмен, тауып әкелген бала. Яғни, аталған нәрсенің барлығы да баланың өзіне тиесілі болуы керек. Мифтегі вертикаль үш әлемді байланыстыратын Әлем ағашы немесе Бәйтерек – қаһарманның бар мақсатына жетуінің бір кепілі. Әрине, бала ағашты жер астынан шығарып, ханның есік алдына әкелгеннен кейін де оның сапары аяқталмайды. «Ер Төстік» ертегісінде де Төстік бәйтеректің басындағы самұрықтың балапандарын айдаһардың аузынан аман алып қалған соң да біраз оқиғаларды басынан өткереді. Қалай болғанда да, бұл ағашқа кез болу – қаһарманның бақытты болашағының тұспалы. Жер асты – өткен шақ, яғни марқұмдар патшалығы. Ағаш тамыры сол әлемге тиесілі. Бала ол ағашты өз орнына – жер үстіне шығарады. Ақ сақалды шал сиқырлы кездік арқылы баланың мақсатқа жетуін қамтамасыз етуші ғана емес, оның болашағынан хабары бар сәуегей және соған жеткізуші ғайыптан жебеуші де. Баланың соңғы сапары – От тауының ар жағында тұратын Күн астындағы Күнікей қызды әкелу. Бұл сапарда бас қаһарманға ақылшы, көмекшілер Таусоғар, Көлтаусар, Желаяқ, Саққұлақ серік болады. Осы серіктерінің (бұлар рух-иелік мифология кейіпкерлері) және өзі жолда жәрдем берген құмырсқаның көмегімен бала барлық шартты орындап, Күнікей қызды алып қайтады. Күнікей қыздың көмегімен хан мен уәзірден құтылып, бар мақсатына жетеді. Балаға қатысты шұбар киік – алтын тақ – алтын ағаш – Күн астындағы Күнікей қыз желісінде шеше – жер жыртқығын жамаған кемпір – ақ сақалды шал – Таусоғар – Саққұлақ – Көлтаусар – Желаяқ – құмырсқа сияқты ақылшы, жөн сілтеуші, көмек беруші кейіпкерлер бас қаһарманның мақсатына жетуде өзіндік роль атқарады. Ертегілерде тұрақты түрде кездесетін рух-иелік мифология кейіпкерлері тылсым жебеушінің пәрменімен көмекке келушілер екені белгілі.

Бұл ертегіде ақылшы/ қаһарман желісі тек бала мен шал ғана емес, хан мен уәзір байланысында да көрінеді. Ерекшелігі – ақылшы уәзір ұнамды кейіпкерге жатпайды. Ол сол ұнамсыз кеңестерімен ханды да сүйкімсіз етеді. Бірақ, уәзірге жебеушілік әрекет тән емес. Ханның дұрыс ойын терістеп, баланы қиын сапарға жұмсауға үгіттейді. Осылайша ертегі құрылымында ақылшы-қаһарман желісі бинарлық-оппозициялық сипатымен көрінеді. Баланың қасында шал үнемі бола бермейді. Алайда, ол түске кіреді. Ал, ханның қасында уәзірі үнемі болады. «Ақ сақалды шал мен бала» ↔ «уәзір мен хан» оппозициялық жұбы туынды құрылымындағы ақылшы//қаһарман қарым-қатынасының тартысқа құрылған күрделі құрылымында маңызды қызмет атқарады.

Ертегілердің, эпостардың сюжетінде мифтік танымнан туындаған баяндар көркемдік қызмет атқарады. Мифте тылсымға толы шындық ретінде қабылданатын оқиғалар көркем туындыда тұспалдау, бейнелеу тәсілдеріне айналатыны белгілі. Көркем әдебиетте де қаһарманға көмекші, қамқоршы ретінде көрінетін кейіпкер табиғаты мифологиялық-фольклорлық мотивтердердегі «ғайыптан жебеуші» бейнесімен сабақтасады. Тәлімгер мен оның қамқорлығындағы кейіпкердің ара қатынасы әдебиетте түрлі тәсілмен әр қырынан көрініп, бірнеше нұсқалар туындатқаны белгілі.

Ежелгі әдебиет үлгілерінің бір жүйесін құрайтын түркі халықтарына ортақ Орхон жазба ескерткіштерінде «Әкем Елтеріс қағанды, анам Ел-білге қатынды Тәңірі төбесіне тұтып, жоғары көтеріпті» делінеді. Түркі жұртының ел болып тұтасып, Елтерістің қаған болуы көшпелілер танымындағы «Көк Тәңірінің» жебеуімен жүзеге асты деген сенім бұл жолдардан анық аңғарылады. «Оғыз қаған» эпосында да Оғызды үнемі жеңісті жорыққа бастап жүретін көк бөрі бар. Ол көк бөрі шатырға көктен түскен көгілдір сәуленің ішінен

көтеріледі. Күллі түркілердің «ғайыптан жебеуші» пірі осы Көкбөрі бейнесінде көрінетінінің жақсы мысалы «Оғыз қаған» эпосы.

Мифологиядағы негізгі мотивтер мен сюжеттердің көбі бас қаһарманның өздеріне магиялық құралдарды сыйға тартып және сапарларына сәттілік тілейтін құдыретті қорғаушыларымен кездесулерін сипаттаумен байланысты. Миф қаһармандары көп жағдайда кеңес және көмек алу үшін сиқыршыларға, емшілерге, сондай-ақ өз мәдени танымдарына сәйкес құдай мен әруаққа жүгінеді. Гомердің «Иллиада» және «Одиссея» поэмаларында әрбір қаһарман Олимп тауын мекендеген «құдайлардың» желеп-жебеуіне ие. Тіпті кейбір кейіпкерлерді жартылай құдай, жартылай адам табиғатты ғажайып тіршілік иелері тәрбиелеп өсіреді. Бұл жерде әлемдік әдеби үлгілердегі барлық тәлімгерлердің бастауында тұрған кентавр Хиронды айтсақ болады. Хиронды К.Боглер «тәлімгерлердің түптұлғасы» деп атайды [1,177].

#### **Әдебиет:**

1. Боглер К. Путешествие писателя. Мифологические структуры в литературе и кино. Пер. с англ. – 2-е изд. – М.: Альпина нон-фикшн, 2017. – 476 с.
2. Кэмпбел Д. Тысячеликий герой. – СПб: Питер, 2018. – 352 с.
3. Пропп В. Морфология сказки. Серия «Вопросы поэтики». Выпуск XII. – Ленинград: «АКАДЕМИА», 1928. – 172 с.
4. Гор и Сет: [http://licey.net/free/3-mify\\_narodov\\_mira/7-mify\\_narodov\\_vos-toka/stages/355-gor\\_i\\_set.html](http://licey.net/free/3-mify_narodov_mira/7-mify_narodov_vos-toka/stages/355-gor_i_set.html)
5. Широкова Н.С. Мифы кельтских народов. – М.: АСТ, Астрель, Транзиткнига, 2005. – 172 с.
6. Аймұхамбет Ж. Түркі мифологиясы: Типологиялық сипаты. Ортақ мотивтер және кейіпкерлер//TÜRK DÜNYASI, Dil ve Edebiyat Dergisi/ (Bahar-Spring 2017). – Ankara, TURKEY/tdk.2017. – 2. – 25-43-б.
7. Алпамыс батыр қиссасы (С.Аққожаев нұсқасы). Кітапта: Бабалар сөзі: Жүз томдық. – Астана: «Фолиант», 2006. Т. 34: Батырлар жыры. – Б. 64-185
8. Қазақ ертегілері. – Алматы: Жазушы, 2009. – 320 б.

## **КЕЛДІБАЙҰЛЫ КЕЛМЕМБЕТ БАТЫРДЫҢ КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТТЕГІ КӨРІНІСІ**

**Жанбершиева Ұ.Н.,**

*филология ғылымдарының кандидаты, профессор,*

[ulzhan1954@mail.ru](mailto:ulzhan1954@mail.ru)

**Изтлеуова Ж.Б.,**

*гуманитарлық ғылым магистрі*

[zhanna\\_iztleuova@mail.ru](mailto:zhanna_iztleuova@mail.ru)

*Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,*

*Қызылорда, Қазақстан*

#### **Summary**

The article is about Keldibaiuly Kelmembet who had been living on the Land of Syr and had been showing heroism during the war against Kalmak people. It describes the image of Kelmembet Batyr in Kazakh fiction. The article also analyses the poem of akyn (poet) Moldahmet Dabylyuly “Sargaska atty Kelmembet” (Kelmembet and his white head horse).

It identifies the importance to know the poems about Kelmembet Batyr which have become spiritual values of the nation.

It had been necessary to honour the hero as Kelmembet and edify on his heroism to the generation.

It had also been important to modernize Kazakh tradition by feeling grateful for the past and for the heroism of this historical personality.

**Keywords:** warrior, Bahadur, students of history, Dastan, castle, literary heritage, spiritual values.

Көсем болмысты көркем сөзбен өрнектеу қазақ поэзиясында ертеден бар екені баршаға аян. Ел қорғаған батырлардың теңдесі жоқ ерліктерін жырлау қазақ поэзиясында



дәстүрге айналған. Халық ауыз әдебиетіндегі және жыраулар поэзиясындағы ел қорғаған қас батырлар бейнесі, айбарлы ерлігі, асқан қайраты кейінгі ұрпаққа үлгі болған.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлы тұлғаларды білмейінше, бірде-бір дәуірді дұрыстап тану мүмкін емес. Адам тарихының айналасынан, тарих көшінің жүрісін ғана аңдап қана қоймай, оның рухын, тынысын сезінеміз», - деген болатын [1,1.].

Осы пікірге орай Сыр елінде өмір сүріп, елін сыртқы жаудан қорғаған Жалантөс, Жанқожа, Бұхарбай, Келмембет, Сәлтеке, Жанай, Байғара, Бөрібай сияқты батырлардың тұлғасын танып білудің мәні зор.

Ә.Қоңыратбаев: «Қазақ батырларына байланысты туған халық поэзиясы, сан алуан аңыз әңгімелер мен жыр-дастандарды бағалау, игеру тұсында тарихпен қатар әдебиеттану ғылымы да өз дәрежесінде көріне бермеді», - [2.87.] дегендей әлі де батырлар туралы әдебиеттану ғылымында өзекті мәселелерді қарастыру қажет. Бұрын есімдері аталмай келген батырлар туралы жарияланымдар қазір жарық көруде.

Сыр елі тарихы кемеңгер даналардан да, қаһарман ерлерден де кенде емес. Ел үшін ерлік көрсеткен батырлар қазақ даласының барлық өңірінен де табылады. Олар туралы небір көркем шығармалар жазылып, барлық қазақ баласына мақтаныш, өнеге болғанмен, әлі толық зерттеліп, зерделенген жоқ.

Біздің мақсат-өнеге болар тұлғаларды танытып, қазақ әдебиетіндегі орнын көрсетіп, белгілеу. Өз елімізден шыққан батырлардың тарихын, көркем әдебиеттегі көрінісін зерделеп, жаңа түсінік тұрғысынан пайымдап, тарихтың жаңа беттерін ашу.

Қазақта: «Қол бастау оңай ма, сөз бастау оңай ма?» - дейтін сөз бар. Қалың топтың алдында аталы сөз айту қандай қиын болса, қол бастау да оңай шаруа емес. «Батыр» парсы тілінде «баһадүр, ержүрек» дегенді білдіреді. Біз сөз еткелі отырған Келдібайұлы Келмембет – XVII ғасырда Сыр елінде өмір сүріп, қалмақтарға қарсы соғыста танылған, кіші жүздің шөмекей руынан шыққан батыры.

Тереңнен сөз қозғасақ, ойымызға ел ішінде ерлігі аңызға айналған Келмембет батыр оралады. Ол туралы бірнеше көркем туынды жазылып, батырдың әдеби бейнесі көркем шығармада көрініс тапқан. Халық аузында сақталған әңгімелер, жырлар, жазбаша түп-деректер жарық көрген.

Мәселен, Құланбай Көпішовтің «Сарғасқа атты сарбаз батыр», «Әлімбай Әлиасқаровтың «Сарбаз батыр», Т.Демеуов «Келте тонды Келмембет», Молдахмет Дабылұлының «Сарғасқа атты Келмембет» сияқты шығармаларында батырдың сырт тұлғасын, алып күшін суреттей отырып, оның образын жасаған.

Сол сияқты 1998 жылы Мәскеу қаласынан «Воин на сарбасом коне» деген атпен шыққан жыр жинағына Келмембетке арналған жырлар енген.

Келмембет туралы «Жұлдыз» журналы мен «Түркістан» газеттерінде бірнеше материалдар жарияланып, батырды аса жоғары бағалап, ескіден сақталған мәдени мұраның ең жақсы үлгілері деп таныған.

Сыр сүлейі атанған Молдахмет Дабылұлының «Сарғасқа атты Келмембет» деген тарихи жыр жазған. Бұл шығарма басылымдарда дастан деп жүр. Шындығында, дастан деуден гөрі поэма не тарихи жыр деген дұрыс болар. «Дастан» деген парсы сөзі, баяндау, жырлау деген мағынаны береді. Сюжеттері тосын оқиғалы, қиял элементтері аралас келеді.

Ал «поэма» - грекше оқиға жан-жақты қамтылатын, өмірдің өзінен туып, өмірде бар адамдардың оқиғасы суреттелетін шығарма.

Тарихи жыр – дегеніміз ел тіршілігінде анық болып өткен тарихи оқиғадан туады. Кейіпкерлері елге аты белгілі адамдар болады. Тарихта болған батырларды, хандардың оқиғалары өлең өлшеуіне түседі.

Ел ішінде Келмембеттің қалмақ қамалын бұзған ерліктері жөнінде біраз әңгіме сақталған. Елін жерін азат ету жолында айқасқан батыр ел құрметіне бөленеді.

Молдахмет ақын жазған «Сарғасқа атты Келмембет» шығармасы – ел аузындағы аңыз мазмұнына құрылған, ақиқат басым, көлемі қысқа, сюжетке құрылған. Қалмақтарға қарсы соғыста қамал бұзған қас батыр Келмембетті тарихи тұлға ретінде көрсеткен. Ел тарихында

өлшеусіз ерлік танытқан батырдың орнын белгілеп, ұлтық мақтаныш қана емес, бүгінгі ұрпаққа өнеге болар тағылымды жол екенін ұсынған. Қан майданда жекпе-жекке шығып, жойқын ерлік көрсеткен қалмақтармен соғыста қамал бұзған Келмембетті хан ертеңіне іздестіреді. Атын сұраған ханға: «Атым Келмембет», - дейді.

Сонда хан: «Келте тонды Келмембет, келбетіңе рахмет», - деп ризашылығын білдіріпті.

Шығарманың тақырыптық-идеялық мазмұны ерлік, елдік, ұлт-азаттық жолындағы күрес. Мазмұны терең ойлы, ұтымды. Ақын батырдың ерлігін суреттеу арқылы тұлғасын танытады. Қазақ хандығының еңсе көтеруіне қазақтың ұлт болып ұйысуына ықпал еткен келте тонды Келмембет прототипі – Келмембет Келдібайұлы. Ақын елі үшін қанқұйлы жаумен соғыста көрсеткен ерлігін ұлттық болмыспен жырлаған.

Молдахмет Дабылұлы бұл шығарманы ұлтымыздың өткен тарихынан тағлым ала білуге тарих шындығына негіздеген. Батыр туралы ақиқатты ұлт игілігіне жарату арқылы бағалаған.

Келмембет бейнесін Молдахмет ақын айбарлы асқан қайратты, батыр үлгісінде танытқан.

Бар екен осы қолда бір жас жігіт,  
Етерлік келбетіне бір жақсы үміт.  
Астында Сарқасқа бір аты бар,  
Беліне қылыш ілген қыны түбіт, - [3.]

деп батырдың тұлғалануы арқылы айтатын идеясын ашық көрсетеді.

Дастанда Келмембеттің шешуші іс-әрекет жасап, қамалды қорғаған талайлар мерт болғанда қамалды бұзып, ерлік көрсететінін шабыттана жырлайды:

Қамалға талай құрық тасталады,  
Сонымен қиқу соғыс басталады.  
Шайқасып оққа қарсы қасарысып,  
Талайлар мерт боп жерде жастанады.

Молдахмет Дабылұлы елдің намысын оятар, батырдың ерлігін тыңдаушыға «Ел жұртты қорғайлап», -

Батырлар қасқыр жүрек, кіл апайтөс,  
Тізіліп шыға келді тартқандай көш.  
Қамалды бұзуға олар атойлады:  
Дұшпаннан аламыз кек деп ел жұрт.

Одан әрі Молдахмет елінің даңқын шығарған, елін қызғыштай қору – ерлерге тән деп ой түйген. Қасиетті сыр елінде аты аңызға айналған Келмембет ерлігін дәріптеп қана қоймай, бірлігі мығым ел болу үшін жауға айбар болар адам іздеп оны Келмембеттің бойынан тапқан.

Шығармада эпостағыдай қиял дүниесі араласпайды. Оқиға шындық негізде қарапайым жаумен жекпе-жек ерлік көрсеткен оқиғаға құрылған. «Ер басына күн туып, етігімен күн кешкенде» басын бәйгеге тігіп, қалың қолға жол ашқан Келмембеттей батырдың бейнесі шындық тілмен дәйектелген. Батыр бабамыздың тарихи тұлғасын ұлықтауға бағытталған шығарма деп танимыз.

Сыр сүлейлерін өзіне ұстаз тұтып, олардың дәстүрін жалғастырушы Молдахмет Дабылұлының шығармасына сюжет болған қалмақстарға қарсы тәуелсіздік үшін күрескен Келмембет басынан өткен басты – басты оқиғалары тізіліп, соның бәрі тұлғаның төңірегіне шоғырландырған. Жырда Келмембет – жеке тұлға емес, ұлтымыздың азаттығы мен еркіндігі үшін күресуші тұлғалардың жиынтық образы. Ал ғылыми тұрғыда дәлірек айтқанда, Келмембет батыр – Сыр елі жұртының тәуелсіздік жолындағы мұратынан ұлттық идеяға дейін көтерілген бейне. Сөзіміз дәлелді болу үшін Молдахмет ақын батыр бейнесін ашуда жолбарыстай жүректі, арыстандай айбатты, қырандай биікте деген теңеулерді орынды пайдалана отырып, батыр бейнесін шынайы жасаған.

Болса да өзі момын жауға шапса,  
Қырандай қақ ортасын тіліп келеді, -

деп ойды тізбектеп барып, өсиетке ойысады.

Келмембеттей батыр – тұтас ұлттың мақтанышы. Сыр елінде дүниеге келіп, ел тағдырында өшпес ерлігімен белгілі болған батырды бүкіл қазақ баласы мақтан етуі керек деген ой түйеді.

Жырда еркіндікті аңсаған батырмен қатар қалың қолдың дүбірін ақын ел мүддесімен ұштастырады. Батыр есімі ел ұранына айналып халық олардың аруағына табынған.

Баба ерлігі мен ұрпақ сабақтастығын өзек етіп, кейінгі буынға тағлым беруде Келмембет бейнесін ақын осылай үлгі етеді. Қакпа бұзып, жау қамалына ойран салған. Келмембетті мақтан еткен. Іргелі ел, берекелі жұрт болу үшін бұл шығармада ғибратқа толы үн жатыр.

Шығарма соңында батыр ұрпақтары өсіп-өніп Сарғасқа тұлпарының атымен кіші жүздің шөмей елінде сарғасқа руына айналған деп шежіреге ұласады.

А.Сейдімбек қазақтың ру-тайпалары туралы шежірелік деректерде: «Шежірелік деректер қазақ халқын жасақтаған ру-тайпалардың қалай пайда болғанын, қайтіп қалыптасқанын, нақты қандай тұлғалардан өрбігенін баяндайды», - дейді [6,208]. Яғни, шежірелік деректерден ұлттың бірлік идеясы айқын аңғарылып отыр.

Келмембеттей ерлерін ұлықтай білу, ұрпағына ұлағат етуді Молдахмет ақын парыз санаған. Тарихи тұлғаның ерлігін асқақтату арқылы өткенге тәу етіп, ертеңімізге жол ашқанға ұқсайды.

Осыдан-ақ Сыр сүлейлері төл тарихымыз бен жаһандық үдерістерден, ақыл-ой бәсекесінен тыс қалмағанын байқауға болады.

Елбасы дамудың жаңа бағыты мен мүмкіндіктерін ұсынды, оны тәжірибеде көрсету үшін заманауи жоспар мен ұлттық кодымыз сапалы биікке көтерілуі сөзсіз. Келмембет батырдың туғанына 370 жыл толып отырған биылғы жылы оны айту, дәріптеу де орынды.

Ата - бабалар аманатын, тарихи қазыналар мен әдеби мұраларды, мәдени құндылықтарды қорғап, жаңғыртып отыру кезек күттірмейтін іс-деп білеміз.

Бүгінде ұлтымыздың рухани құндылығына айналып отырған тарихи-этнографиялық және халықтық эстетикалық танымды кеңейтетін бұл шығарманы зерделеудің мәні зор.

#### **Әдебиет:**

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. – Астана, 2017.
2. Қоңыратбаев Ә. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Санат, 1994. – 312 б.
3. Молдахмет жырау. – Алматы, Арыс, 1992. – 190 б.
4. Нысанбаев Ә. Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы. IV-VI том, 2002-2004.
5. Сейтжан Бекшентайұлы, Молдахмет Дабылұлы, Әлібек Бәйкенов. Шығармалары. Сырдария кітапханасы. – Астана: Фолиант, 2009.
6. Сейдімбек А. Қазақтың ауызша тарихы. – Астана: Фолиант, 2008. – 728 б.

## ТАРИХИ ОҚИҒАЛАР МЕН КӨРКЕМ ТУЫНДЫЛАР САБАҚТАСТЫҒЫ

*Жеткізгенова Ә.Т.,*

*филология ғылымдарының кандидаты,*

*Ш.Есенов атындағы КМТИУ,*

*[aliyazhetkizgenova@mail.ru](mailto:aliyazhetkizgenova@mail.ru),*

*Тлеуов Н.Қ.,*

*№10 «Амангелді атындағы жалпы білім беретін мектеп»,*

*Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,*

*Ақтау, Қазақстан*

### **Connection of historic events and belle lettres works**

#### **Summary**

The main issue in the historical poems – actual social, political happenings, folk’s uprisings in the XIX century which played role and was a core subject for many poet’s creations were mentioned in Sattigul Zhangabylov’s “Dosanbatyr” work.

Тарихи жырлар туралы ұлы ғұлама М.О.Әуезов: «Патша өкіметінің соғыс отаршылығы мен қысымы, хан-сұлтандардың, болыстардың өктемдігі қазақ арасында көтеріліс тудырып отырды. XVIII ғасырдың алғашқы жарымы мен XIX ғасырдың алғашқы жартысы бойына қазақ халқы өзін езіп-қанаушыларға қарсы қару алып күресті. Көтеріліс кең сахараның әр тұсынан-ақ уақыт-уақыт бұрқ етіп жатты. Күреске шыққан халықтың осындай ерлік айбары бірқатар тарихи жырлар тудырды» [1, 75] дейді.

«Тарихи жыр» терминін алғаш рет Ш.Уәлиханов қолданды десек, ал М.Әуезов оның жеке дара екенін баса айтып көрсеткен болатын.

Шоқаннан кейін қазақ жырларында тарихи оқиғалардың көрінісі бейнеленетінінен А.Байтұрсынов, М.Әуезов, Х.Досмұхамедовтер құлағдар етті.

Бұдан кейінде тарихилық мәселелері сөз болған С.Сейфуллин, С.Мұқанов, Ә.Марғұлан, Қ.Жұмалиев, Б.Кенжебаев, Е.Исмайлов, Б.Шалабаев тағы басқалардың еңбектерінде тарихи жырлардың өзге эпос түрлерінен елеулі сапалық айырмашылықтары бар фольклорлық жанр екендігі дәлелденеді.

Бұл ретте белгілі ғалымдар Р.Бердібаевтың «Қазақ эпосы» /1982/, Ә.Қоңыратбаевтың «Қазақ эпосы және түркология» /1987/, К.Сейдахановтың «Күрес пен жеңіс жырлары» /1991/, Ш.Ыбыраевтың «Эпос әлемі» /1993/, Ж.Тілеповтің «Қазақ поэзиясының тарихилығы» /1994/, З.Сейітжановтың «Тарихи эпос» /1994/, Б.Ибрахимнің «Тарихи жырлар тағылымы» /1997/, т.б. еңбектерін атауға болады.

Сондай-ақ, С.Сәкеновтің «Қазақ тарихи жырларының сюжеттері: тарихилығы мен типологиясы», Б.Рақымовтың «XVIII ғасырдағы қазақтың ұлт-азаттық қозғалысына байланысты туған тарихи жырлар» атты диссертациялық жұмыстарында да тарихи жырлардың зерттелуі, жанрлық сипаты, қазақ тарихи жырларының өмір шындығына қатысы және типологиясы жөнінде байыпты тұжырымдар таратылып айтылған.

Жалпы, тарихи жыр туралы аталған еңбектерден де басқа орыс, қазақ фольклористерінің құнды-құнды шығармалары көптеп саналады.

Қазақ ауыз әдебиетінде тарихи жыр үлгілерін жинап, жарыққа шығарып, үлес қосқан ғалымдар қатарында В.Радлов, И.Березин, Р.Потанин, И.Аничков есімдері белгілі.

Сондай-ақ, Р.Н.Смирнова «Проблема исторического и эпического в казахском эпосе ХУІІІ века» /1951/ еңбектерінде және «Қазақ әдебиетінің тарихы» /1960/, «Қазақ тарихи жырларының мәселелері» /1979/, атты кітаптарға енген мақалаларында классикалық эпостан тарихи жырлардың айырмашылығын нақты фактілермен жан-жақты көрсеткен.

Академик Қ.Жұмалиев қай елдің эпосы болсын белгілі бір тарихи оқиғаның ізін баса туатынға ұқсайды және ол бір күн, не бір жылдың ғана жемісі емес, халықтың басынан өткізген талай заман, талай тартыстардың нәтижесі екендігін айтса, «Қазақ тарихи

жырларының мәселелері» атты ұжымдық монографиялық еңбекте топтастырылған Б.Уахатов, Б.Адамбаев, Е.Тұрсынов, Н.Төреқұлов, т.б. мақалаларында тарихи жырлардың зерттелуі, жанрлық сипаты, тегі мен дамуы, тарихи өлеңдердің өзге жанрлардан айырмашылығы туралы құнды-құнды ой қорытындылары жасалып, бұрын зерттелген тарихи жырлармен қоса, Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шақшақ Жәнібек, Олжабай батырлар туралы жырлардың қатарында «Досан батыр» жырын да талдауға орын берілген.

Ғалым М.Атымов батырлардың ойы мен арманы ел мұңы, халық тағдырымен бірге болғандықтан, қазақтың батырлар жырының айтпақ болған идеясы мен мазмұнының бұзылмай сақталуы халықтың көкейіне қонып, оның мұң-мұқтажымен тығыз бірлікте ұштасып жатқандығында екендігін баса айта келіп, «Бұрынғы қазақтың ауыз әдебиетіндегі батырлар жырындағы кейіпкерлер кейінірек келе 18-19 ғасырларда тарихи шындықта болған Сырым, Исатай, Махамбет, Бекет, Иса мен Досан тағы басқа сол сияқты батырлар бейнесімен ауысты. Бұл батырлар бұрынғыға қарағанда шындық өмірге біршама жақындай түсті» [2, 7] дейді.

Зерттеу еңбектердегі пікірлерге сүйене отырып әдебиет зерттеушілері тарихи жырларда белгілі мөлшерде тарихи шындықтың ізі сақталатындығын жоққа шығармайды деуге болады.

XIX ғасырдағы халық қозғалыстары тарихи жырлардың тиісінше орын алып, көптеген жыр-дастандарға арқау болған.

Халық көтерілісін басқарған Исатай Тайманов, Махамбет Өтемісов, Бекет Серкебаев, Досан Тәжиев, Жанқожа Нұрмұхамедов, Өтеген Өтелұлы, Саурық Стамбекұлы, Сұраншы Ақынбекұлы тәрізді даңқты батырлардың қаһармандық ерлігі, қолбасшылық рөлі жайында жыр-дастандар туды.

«Тарихта аты мәлім батырлар хақындағы жырлар, Балуанияз батыр туралы, Ер Қармыс туралы Қалнияздың, Досан батыр туралы Сәттіғұлдың, Исатай, Махамбет туралы Ығылманның дастан, жырлары – бәрі де елі үшін құрбан болған ерлер ісін елеусіз қалдырмау мақсатында туған» [3, 42].

Тарихи жырларда сөз болатын өзекті мәселе – өмірде нақтылы болған әлеуметтік, саяси оқиғалар.

Қазақтың ауызша үрдістегі әдебиетіндегі тарихи жырлардың көпшілігін алсақ, ел өміріндегі болған тарихи оқиғалармен тығыз байланысты. Оған ХҮІІІ ғасырда жасалған Абылай, Қабанбай, Бөгенбай, Жәнібек, Олжабай, Өтеген, Сырым турасындағы жырлар дәлел.

Тарихи жыр мен аңызда жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайға, жаңа дүниетанымдар мен талаптарға сәйкес келетін өмірде болған және тарихи прототипі бар кейіпкер көрсетіледі. Оның іс-әрекеттерін бейнелеуде реалистік суреттеулермен қатар, фольклордың дәстүрлі элементтері де қолданылады. Бұдан біз, біріншіден ауыз әдебиетіндегі дәстүр жалғастығын, екіншіден фольклор дәстүрінің өте беріктігін, ұзақ жасайтындығын көреміз. Образ жасауда реалистік өрнектер мен фольклордың дәстүрлі элементтері бірімен бірі қатарласып, тығыз байланысып тұрады. Біріне бірі ықпал етеді. Соның нәтижесінде өзіндік өзгешелігі бар жаңа өрнектер туады.

Сонымен, тарихи жырлардың негізгі тақырыбы – елді ішкі, сыртқы жаулардан қорғау, тәуелсіздік үшін күрес. Патша өкіметінің 1868 жылғы «Уақытша ереже» патша қысымына қарсы шыққан халық көтерілісін баяндайтын тарихи жырлардың бірі – «Досан батыр» дастаны Маңғыстау маңында болған 1870-73 жылдардағы оқиғаға байланысты туған.

«Маңғыстау» энциклопедиясында да Қазақ халқының тарихындағы Сырым, Исатай-Махамбет, Кенесарыдан кейінгі үлкен бас көтерулердің қатарына жататын Иса мен Досан бастаған Маңғыстау шаруаларының патша өкіметінің отарлау саясатына қарсы күресі көтерілісі екендігі ашып көрсетілген.

Бұл деректер көтерілістің шын мәнінде өзіне лайықты бағасын алуына бірден бір дәлел көзі бола алады.

Сондай елеулі шығармалардың санатында халық ақыны С.Жанғабыловтың «Досан батыр» туындысы мен бірсыпыра тарихи тақырыпқа арналған толғаулары мен дастаны бар.

1870-1873 жылдардағы патша үкіметінің отарлаушылық саясатына қарсы шыққан көтеріліс басшыларының бірі, халық батыры Досан Тәжіұлы туралы нақты тарихи деректер бар. 1935 жылы Бозашы түбегінің Жиделі деген жерінде дүниеге келіп, 11.02.1876 жылы Форт Шевченко қаласында түрмеде қайтыс болады. Сүйегін Форт Шевченкодан туған жері Бозашыға Сәттіұл ақынның әкесі Жанғабыл бастаған бір топ ел ақсақалдары мен азаматтары Қаратөбе қорымына әкеліп жерлейді. Қазіргі таңда батыр бейігі үстіне күмбез-ғимараты көтерілген. Маңғыстау ауданының орталығы Шетпе кентінде орталық демалыс алаңының ортасында Досан батырға ескерткіш қойылған.

«Досан батыр» жырының авторы Сәттіұл Жанғабылов екендігін нақтылайтын пікірлер Қазақстан ұлттық энциклопедиясында, Қазақ әдебиеті тарихында (А., 1961, 1т, 2к), «Қазақ тарихи жырларының мәселелері», Қ.Сыдықұлының «Ақын жыраулар», «Сарқылмас қазына» (1996) монографиялық еңбектерінде талданады.

Қазақстан Ұлттық энциклопедиясының III томында З.Дүкенбаеваның Досан батыр туралы мәліметімен қоса, белгілі әдебиеттанушы ғалым С.Қорабаев Сәттіұл Жанғабыловтың ел аузындағы аңыз, әңгімелерге сүйене отырып «Досан батыр» жырын шығарғаны туралы айта келіп, бұл шығарма халық арасына кең таралып, отарлаушылық езгіге қарсы бас көтерудің тарихи шындығын көрсеткен көркем шығармаға айналғандығын, «Досан батыр» жыры өзінің оқиға желісінің тартымдылығымен және көркемділігімен, тарихи деректерінің нақтылығымен ерекшеленетіндігін көрсеткен.

Тарихшы ғалымдар Е.Бекмаханов пен Н.Бекмаханова да еңбектерінде Маңғыстаудағы көтерілістің себептерін, жалпы сипатын, қамтыған территориялық көлемін, басшыларын, жеңіліске ұшырауын, көтерілісшілердің жазалануын тарихи нақты деректер көзімен баяндай келіп, Маңғыстаудағы шаруалар көтерілісі – отарлық езгіге қарсы шаруалар көтерілісі болғандығы жөнінде баға береді. Авторлар көтерілістің басталу себептерін өкімет орындарының салық төлемін өсіріп, шаруашылыққа тиімді жазғы жайылымдарының зорлықпен тартып алынуынан елдің ашу ызасы мен наразылығының өршуінен болғандығын көрсетті.

Ата-бабаларымыз арман еткен азаттықтың ақ туын аспандата көтеру арқылы бодандықтың бұғауына бойсұнғысы келмей әбден титықтап, күш-қайраты қайтқанша арпалысып өткен аруақты батыр Досанның бейнесін Сәттіұл ақын Досан батырдың арманы арқылы кең байтақ қазақ өлкесінің қашан да бабаларымыздың қасиетті бойтұмарындай сақталып, ұрпақтарға мұра болып беріліп, алып елдің басты қазынасы ретінде асыл игілігі екендігін жеткізген. Батырдың бабаларымыз заманында білектің күшімен, найзаның ұшымен жанұшыра қорғап, ұлтарактай жерді де жат қолына беріп, жау табанына таптаған қасиетін сақтаушы образымен сомдаған.

Осы тұста Ы.Шөреков сомдаған Исатайдай басшыға қосшы болып, ақтық демі біткенше азаттық армандап өткен Махамбеттің, Базар Оңдасұлы жырлаған 1860 жылғы патша өкіметіне қарсы бас көтеруге басшылық еткен, айдынынан айырылса да айбыны жығылмаған Сыздық төренің, Сәттіұлдағы ел тарихын беретін ерлік дастанын тудырған Досан батыр тұлғаларында бір-бірінен айырғысыз ұқсастықтар барлығы айқын.

Сыздық сұлтан 1860 жылы Ұзынағаш маңында орыс генералы Колпаковскиймен соғысып, жеңіліс тауып, тобы тоз-тоз болып ыдырап, күйзеліске түсе бастағанда, бауырлары Ахмет пен Тайшық сұлтандар орыс жағына берілгенде, Сыздық төренің жаны күйзеліп, Ата-бабамыздың ұстаған жолын тастап орыс жағына шықпаймын, олар Қоқанды алса, Бұхарға барамын. Егер Бұхарды да алса, онда басқа да мемлекеттер бар ғой, кез-келген бір мұсылман еліне барармын. Қалайда ата-баба жолынан ауытқымаймын» [4, 23] дейді.

Осыған ұқсас жайт сенімді серіктерінің көбінен айырылып, сергелдең күйге түскен кезең Досанның басынан да өтеді.

Ол жанындағы серігі Исаның ояздан кешірім алып, елге оралу туралы ұсынысынан бас тартатын жыр жолдарынан келтірілген үзіндідегі екі батырдың арасындағы диалогтан

ерекше рухани жақындық, батырлардың бойына қанымен келіп, жанымен кететін, алған бетінен, көздеген мақсатынан тегеуірінді жолмен бұрылмай жүру салтын ұстанған қайтпас қайсарлық қасиеттерін бойларына тұтасымен сыйдырған өр тұлғаларында айрықша байланыс пен ерен ерліктің үлгісін көреміз.

Ақын жырлауындағы Досанның сол ұлы бабалар қанымен келген қалыбында Жерім – Отаным деген ұраны болып, Жерден айрылса Отаннан айрылатынын, Отаннан айрылса барлығынан қол көтеріп шығатынын ұлылықпен ұғынғандығын шебер бейнелеген. Сол ұлылық қасиет келешек бүгінгі ұрпаққа ұласатындығына ақын сенімді болған. Бәрінен бұрын бұған тарихта осындай ерлік жасап, атына шаң жуытпай өткен қаһарман ер Досан сенімді болған.

Жырда көне эпикалық жырларға тән суреттеу үлгілері, қалыпты формаға негізделген халық ауыз әдебиетінің белгілері едәуір кең көлемде кездесіп отырады.

Академик С.Қирабаев қазақ халқының ел бірлігі мен тәуелсіздігі жолындағы күресінде сандаған ақылгөй даналар мен ержүрек батырлар қазақ қоғамы дамуының барлық кезеңінде де көп шыққандығына мысал келтіре отырып, Досан батыр бастаған көтерілісті де атап өтеді .

Ғалым осы еңбегінде «Тарих пен әдебиет егіз. Олар бірін-бірі толықтырып, тарих сабағын кейінгі ұрпаққа қатар жеткізіп отырады. Тарихи деректерге сүйенсек, әдебиет сол тарихи оқиғаларды суреттеп, бейнелеп жеткізеді. Сондықтан қазақ халқы бастан кешкен оқиғалардың көбі тарихи мәліметтерде ғана емес, халықтың ауызша шығарылған әдебиетті үлгілері мен тарихи дастандарында, аңыз-әңгімелерінде, жырларында сақталған» [5, 103], – дей келіп, әдебиетін, жырын халықтың рухани серігі етіп сақтап келген қазақтардың ең алдымен тарихи жырларға ерекше мән бергендігін айтады.

Е.Ысмайловтың: «Тарихи оқиға, тарихи батыр өмірі неғұрлым оның ізі суымаған бертіндегі дәуірде өтетін болса, оны жырлаушы ақын анығына әбден қанатын болса, соғұрлым ол шығармада эпостық жырдың элементі аз болады, соғұрлым реализм элементі басым, айқын беріледі» [6, 172] деген пікірінің «Досан батыр» жырына қатысты біраз тұстарын аңғарамыз.

Бұған қоса, тек шығарма мазмұны ғана емес, Досан батыр бейнесінің берілуінде де соншалықты ертегілік сипат байқалмайды. Демек, А.Шәріптің: «...жыраулық поэзиядағы батыр – эпостағыдай «отқа салса – жанбайтын, суға салса батпайтын», «атса – мылтықтың оғы өтпейтін, шапса – қылыштың жүзі кеспейтін» кейіпкер емес, кәдуілгі жұмыр басты, екі аяқты, кеудесінде шыбын жаны бар пенде» [7, 89] деген пікірінің осы орайда айтылғаны анық.

Тарихи зерттеу еңбектерде Сырым, Исатай-Махамбет, Кенесарыдан кейінгі үлкен бас көтерулерге жататын Иса-Досан бастаған Маңғыстау шаруаларының патша өкіметінің отарлау саясатына қарсы көтерілісінің жалпы сипаты тарихи деректер мен құжаттарға сүйене отырып баяндалады

Көркем шығармадағы тарихи тұлға образының, жалпы көркем бейне жасалудағы алуан түрлі амал-тәсілдері туралы көркем сөз үлгілерінің жиынтығын саралаған ғалым З.Қабдолов: «Әдебиеттегі геройлық дегеннің өзі – қоғамдық, адамдық биік мақсат жолындағы өрлік пен ерлікті, қайсарлық пен қаһармандықты жырлау. Адам рухының ұлылығын қастерлейтін әдебиеттегі геройлық сөз өнерінің ең сұлу һәм сырлы қасиеттерімен біртұтас. Бұл ретте геройлық образ – суреткердің ең биік идеалының, яки асыл мұратының көркем жинақталуы.

Геройлықтың қайнар көзі көп және әр алуан: әлеуметтік теңсіздікке қарсы күрес, туған елді жаудан қорғау, халықтың азаттығы жолындағы асқақ әрекеттер...» [8, 137]деп көрсеткеніндей, көркемдік әдіс тұрғысынан реалистік, әдеби тек тарапынан эпикалық, жасалу тәсіліне қарай геройлық образ ретінде қарастырылатын Сәттіғұл Жанғабыловтың «Досан батыр» дастанындағы Досан батыр бейнесі нанымды, типтік образ екендігін аңғаруға болады.

#### Әдебиет:

1. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. Т.17. – Алматы: Жазушы, 1985. – 400 б.
2. Атымов М. Қазіргі қазақ романдарындағы замандас бейнесі. – Алматы: Білім, 1983. – 40 б.
3. Сыдықұлы Қ. Біртума жыр саңлақтары. /XVIII- XXff/ – 2001. – 268 б.
4. Кенесарыұлы А. Кенесары және Сыздық сұлтандар. [Аударған Ғ.Ахмедов]. – Алматы: Жалын, 1992. – 48 б.
5. Қирабаев С. Әдебиетіміздің ақтандақ беттері. – Алматы: Білім, 1995. – 288 б.
6. Ысмайлов Е. Ақындар. – Алматы: ҚМКӘБ, 1956. – 340 б.
7. Шәріп А. Қазақ поэзиясы және ұлттық идея. – Алматы: Білім, 2000. – 336 б.
8. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Қазақ университеті, 1982. – 352 б.

## 1980 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТАНУЫНДАҒЫ КӨНЕ ДӘУІР МҰРАСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

*Жұмагүл С.Б.,*

*филология ғылымдарының докторы, профессор,*

*Еуразия гуманитарлық институты,*

*Астана, Қазақстан,*

*[sagymbai.zhumagul@mail.ru](mailto:sagymbai.zhumagul@mail.ru)*

1970 жылдардағы көне түркі жазба ескерткіштері мен қазақ әдебиетінің ортақ тарихи арналарының түп төркіні, байырғы бастауларына баса назар аударудағы ғылыми-зерттеушілік үрдісі 1980 жылдар бедерінде де өз желісін үзгені жоқ. Ташкентте өткен түркітанушылардың Бүкілодақтық III конференциясында (1980.10-12.IX) түркі тектес халықтар әдебиеті мен мәдениетін зерттеуде атқарылар келелі мәселелер талқыланды. КСРО түркі тектес халықтары әдебиеті мен фольклорының зерттелуіне қатысты З.Ахметов, М.Қошжанов, А.Сыдықов, И.Сұлтанов, Т.Мирзаевтардың ұжымдық баяндамаларында осы бағытта атқарылар ғылыми мәселелер байыпталды («Советская тюркология».1981.№1). Конференция жұмысының түрлі тақырыптағы секцияларында баяндама жасаған М.Қаратаев, Ш.Сәтбаева, Б.Уахатов, С.Қасқабасов, Ә.Дербісалин, Р.Бердібаев сынды қазақ ғалымдары түркітану аясында қазақ әдебиеттануының да ділгір мәселелерін ортаға салды.

Орхон ескерткішінің 1250, Бабырдың 500 жылдығының аясында түркітану мәселелеріне қатысты жарық көрген мақалаларда ұлттық руханияттың асыл арнасы болып табылатын мәдени мұрағы айрықша мән беріліп, қазақ жазуының тарихы, көне түркі ескерткіштерінің тілі, жанры, текстологиясы сияқты күрделі де маңызды мәселелерге баса назар аударылды. Мәселен, А.Қасымжанов, Д.Мәжиденованың «Жүсіп Баласағұн ақын, ойшыл» («Жұлдыз».1980.№3), Р.Бердібаевтың «Заманалар сыры немесе мәдени мұраны меңгеру жайында» («Қ.Ә».1980.10.X), «Құпия шежіре» («Лениншіл жас».1980.1.I), М.Жарқынбековтың «Қорқыттың күйлері» («Жалын».1980.№6), Ә.Қоңыратбаевтың «Қорқыт және оның жырлары» («Оңтүстік Қазақстан».1981.10.YI), «Көне мұраның деректері» («Қ.Ә».1980.12.IX), «Оғызнама аңызының тегі мен тілі» («Қазақстан мектебі».1983.№7), «Тереңнен толғасақ» («Білім және еңбек».1984.№2), Ә.Дербісалиннің «Көне жазба мұралар» («Жұлдыз».1981.№5), «Көне әдебиет және оның зерттелуі» («Қ.Ә».1983.6.Y), Қ.Өмірәлиевтің «Тереңге тартқан тамырлар» («Қ.Ә».1981.17.YII), «Күл Тегін» («Қ.Ә».1982.23.YII), А.Сатаевтың «Кітаби Қорқыт» («Қ.Ә».1981.26.YI), М.Дүйсеновтің «Көне жазу төркіндері» («Қ.Ә».1981.4.IX), «Сына тастардағы жазу сырлары» («Қ.Ә».1981.30.I), «Атаудың арғы тегіне зер салсақ» («Қ.Ә».1982.16.IY), О.Нұрмағанбетованың «Асыл мұра» («Қ.Ә».1981.3.YII), Ә.Марғұланның «Қорқыт ата туралы» («Білім және еңбек».1982.№4), «Қорқыт туралы жазбалар» («Қ.Ә».1982.12.XI), «О значении эпиграфических памятников Казахстана» («Қазақ ССР ҒА хабарлары. Филология сериясы. 1983.№2), «Қорқыт ата өмірі мен әфсаналары туралы» («Жұлдыз».1983.№3), «Ең ескі дәуірдегі халықтың аңыздары»



(«Жұлдыз». 1983.№5), «Тамғалы тас жазуы» («Жұлдыз». 1984.№1), «Қазақ жазуының тарихынан» («Жұлдыз». 1984. №8),

«Арқадағы тас мүсіндер» («Білім және еңбек». 1984.№9), Ә.Дербісалиевтің «Байырғы әдебиет бастаулары» («Жұлдыз».1982.№9), «Көне тарихтың кейбір түйіндері» («Қазақ ССР ҒА хабарлары. Филология сериясы».1983.№3), Бүркіт Ысқақовтың «Мезгілі жеткен шаруа» («Қ.Ә».1981.19.ҮІ), «Асыл мұра» («Қ.Ә».1982.25.ҮІ), Н.Ақбаевтың «Жүсіп Баласағұни» («Қазақстан мектебі».1981.№7), Қ.Сыдықовтың «Бай мұра, бағалы деректер» («Қ.Ә». 1982.19.ІІ), Балташ Ысқақовтың «Қорқыт ата кітабын» аудару» («Қ.Ә».1982. 24.ІХ), «Құпия жазулар, тас мүсіндер» («Қ.Ә».1983.23.ІХ), Ғ.Айдаровтың «Құнды мұралар» («Қ.Ә».1982.5.ІІІ), Ә.Хасеновтың «Монғолдың құпия шежіресі» («Қ.Ә».1982.28.Ү), С.Өтениязовтың «Әлем әдебиетіндегі Атилла (Еділ) бейнесі және оның қазақ фольклорымен байланысы» («Қ.Ә».1982.16. ІҮ), Н.Келімбетовтің «Бабыр-наме» туралы бірер сөз» («Қ.Ә».1983.18.ІІ), «Жылнама-шежірелер туралы» («Жұлдыз».1985.№3), М.Мырзахметовтың «Бабырнама» және Абай» («Қ.Ә».1983.15.ҮІІ), С.Қасқабасоатың «Қазақ мифологиясы» («Білім және еңбек».1983.№10), М.Жармұхамедовтің «Мұхаббат-наме» және қазақ әдебиеті» («Ленин жолы».1983.13.ҮІІІ), «Оғыз-наме» - ортақ мұра» («Ленин жолы».1984.11.Ү), Ә.Құрышжановтың «Кодекс Куманик» ескерткіштерінен үзінділер» («Қазақ ССР ҒА хабарлары. Филология сериясы.1984.№1), Х.Сүйіншіәлиевтің «Көне түркі поэзиясының тұңғыш жинағы» («Жұлдыз».1984.№3), Ө.Күмісбаевтің «Мұхаббат - наме» («Қ.Ә».1982.4.ҮІ), «Мұхаббат - наме» - ортақ қазына» («Жұлдыз.1983.№10) мақалаларының маңызы зор.

Ә.Марғұланнның «Тамғалы тас жазуы», «Қазақ жазуының тарихынан» зерттеу мақалаларында халқымыздың бағзы дәуірлерден тамыр тартатын көне әдебиеті, мәдениетінің руханият әлеміндегі маңызы адамзат өркениетінің дамуындағы құндылығы тұрғысынан айқындалды. Ғалым қазақ жеріндегі сонау ғұн дәуірінен бастап ХІХ ғасырға дейінгі аралықтағы әдеби, мәдени, рухани өркендеу кезеңдеріндегі жазу тарихын құнды тарихи, этнографиялық, археологиялық деректер негізінде нақты мысалдармен зерделейді. «Қазақ сахарасын қоныстанған қазақ елі кешегі орыс әліппесін мирас еткенге дейін үш жазуды қолданып келді. Олар - ескі Таластан табылған Орхон-Енисей бойына тараған Орхон (Ү-ІХ ғ.), соғдылықтар арқылы жеткен ұйғыр (ІХ-ХҮ ғ.) және арап әрпімен енген жазулар (ХІҮ-ХХ ғ.)» (1, 203) деген пікірін дәлелдеуді мақсат еткен ғалым аталған жазулардың мән-маңызын ұлттық таным мен сана өркендеуі, кемелділік биігіне жетудегі руханият арналарының қайнар бұлақтары тұрғысынан саралайды. Біріншіден, Орхон, ұйғыр жазуларын көп заман бойы қолданған елдер - оғыздар, қыпшақтар, наймандар, керейлер, меркіттер, өңгіттер (уақ тайпасы) болғанын, Орхон жазуларын оғыз, қыпшақтар, ертедегі наймандар, керейлер жақсы меңгергенін, екіншіден, Сыр бойы, Таластағы қалаларда, қыстақтарда мектеп, медресе болғанын, олар негізінен араб жазуын үйренуге ден қойғанын, ондай үлгілі мектептер Ташкентте, Түркістанда, Сауранда, Сығанақта, Отырарда, Сайрамда, Шымкентте, Созақта ашылғанын байыптайды. Қашан да ғылыми принциптілікте ұлт мүддесін көздеген ғалым медреселер ашып, білім мен ізгілік қасиеттер дарытқан тұлғаларды тарихи шындыққа сай бағалайды. Әсіресе, Қожа Ахмет Яссауи ұлағатын ашудағы тұжырымдары айрықша. Мысалы, «Бұл медреселерді ашуға Хожа Ахмет Яссауидың ұрпақтары - Жұм Ахмед Ясау, Ғамал Хажы, Хож Ахмед ибн Ахмед Шашти, Мұхамед Бабаи (Баба-Ата) Абутараб Бахши, Абу Язит Бестаами, Гузи ора Маргушы (Маргуба) үлкен себепкер болған. Бұлардың барлығы Ясауидың адамгершілік, шындық, әділет сөздерін қадірлеп, бар өмірін білім, дүние тануға жұмсаған ғалымдар, халықты нағандықта қалдырмай, ілгері бастыруға ұмтылған адамдар». Сол бір ілкі қасиеттің ұлы далада сақталу үрдісінің көрінісі ретінде Құнанбай мешітін, Шыңғыс Уалиханов, Баянауылдағы Камаридден, Торғай бойындағы Дулығалы мектептерін атайды. Ғалым бұл мектептер шын мәнінде халқымыздың біртуар перзенттері алғаш білім алған алтын ұя болғанын Абай, Шоқан, Ыбырай, Мәшһүр Жүсіп сынды тұлғалардың сонау көнеден басталған арналы бұлақтардан нәр алуы деп тұжырымдайды. Шыңғыс Уалиханов, Құнанбай Өскенбайұлы,

Анайұлы Мұса, Тәттімбет, Барақ батырлардың қаржысына Омбыдағы қазақ мектебінің ашылуы барысында ғалым атап өткеніндей «...бұлақ көзі ашылып, Шокандар шықты» (1, 205). Ғалымның «Тамғалы тас» жазуы. Орта ғасырда қазақша тасқа бедерленген белгілер» мақаласының да әдеби-тарихи құндылығы ерекше. Қазақ жеріндегі көне мәдениеттің жарқын бір үлгісі ретінде кезінде осы өлкені мекендеген тайпалардың тас бетіне жазып қалдырған белгілерін, соның ішінде «Тамғалы тас» құпиясын аша отырып, «қазақ» сөзінің этнонимін, ұлт атауының «ХҮ ғасырдан бастап «казакия» қазақ ұлысы болып, бұрынғы Дешті-қыпшақтың орнына Қазақстан сөзі қолданыла бастады. Демек, «Тамғалы тастағы» жазу, таңбалардың көп түсуі тарихи дәуірдегі дәстүрлі істен туғанын» (2, 146) ғылыми негіздеп берді.

Қазақ әдеби тілінің тарихи бастауын, арнасын айқындауда оның дәстүрлі көне түркі әдебиетімен сабақтастығын әдеби-тарихи, лингвистикалық тұрғыда зерттеген мақалалардың маңызы зор. Мәселен, Ә.Қоңыратбаев «Ескі түркі жазбалар тілі жөнінде» мақаласында («Қазақстан мектебі».1986.№9) «Қыпшақтар Азиядағы көшпелі марка тайпалардың бірі болса, ескі қыпшақ тілі сөйлеу тілінің негізі болғанын» түйе келіп, «Оғыз-нама», Рабғузи, Яссауи, Қашқари тілінде көптеген тайпалар тілінің таңбалары бар екенін, соның бәріне Азия қыпшақтарының сөйлеу тілі негіз болғанын тұжырымдайды. Ал, Қ.Өмірәлиев «Тереңге тартқан тамырлар» мақаласында: «Ертедегі Түрік қағанатында жазба әдебиет те, жазба әдеби тіл де болған. Олар YI-YII ғасырларда көршісі соғдылардан алфавит қабылдады. Осы алфавит негізінде түркі тілінің дыбыс жүйесіне лайықтап өз алфавитін жасады. Сөйтіп ертедегі Түрік қағанаты жазу мәдениетін Орта Азиядан қазіргі Монғолия жеріндегі Орхон өзені бойына дейін жеткізді» («Қ.Ә».1981.17.YII) деген түйін жасайды. Түрік өркениетінің дамуында айрықша аталатын кезеңдердің басты әдеби ескерткіштерін саралай келіп, Жүсіп Баласағұнидің «Құтадғу білік» дастанын біріншіден, түркі халықтарының ауызша әдебиетінде жасалған даналық ойларды, өнеге оқуын ақындық тілдің көрігіне салып жаңартқан, екіншіден, IX-X ғасырларда Тұран өлкесінде араб-түрік ғалымдары жасаған арабша-парсыша әдебиеттердегі ұғымдарды түркі тіліне түсірген шығарма деп бағалайды.

Қазақ әдеби тілінің бастауын көне Түркі дәуірі туындыларының генеологиясымен тамырластықта зерделеген ғалым ХҮ ғасырдағы жыраулар поэзиясындағы толғау жанрының көрінісін дәстүр ұласуының тарихи негіздері деп дәлелдейді. Ғалымның «Ата тарихымызға үңілсек...» этнолингвистикалық зерттеуінің де «Жаңа жұрт», «Енші алу. Жаңа отау», «Жаңа дәуір. Жаңа жұрт», «Жылқы жылғы жылыстың, жылан жылғы ұрыстың» алды», «Қазақ шығудың» тарихи негізі» атты тараулары байырғы әдеби жәдігерлерімізді көне тарихпен тығыз бірлікте ауқымды саралауымен құнды.

Орхон жазба ескерткіштерінің маңызын зерделеу ғалым М.Дүйсенов мақалаларында заңды жалғасын тапты. «Көне жазу төркіндері» мақаласында: «Біздің заманымызға дейінгі 1 мың жылдықтың орта тұсында сақ-үйсін дәуірінде Орталық, Орта Азия, Қазақстан жерлеріндегі тайпалардың өз жазулары болды. Орхон-Енисей, Талас жазулары осы сақ дәуіріндегі жазулардың заңды жалғасы» екенін көне мәдениет жазбалары тамырының терең арнасымен байыптады («Қ.Ә».1981.4.IX). Мұндай өзекті ойларды ғалым Б.Кенжебаев концепциясының ғылыми-зерттеушілік пікірде жетекші бағыт-бағдарға ұласуы әрі әдебиеттануды еуропацентристік танымнан аршудағы батыл қадамдар деп бағалаймыз. Әсіресе, ғылыми және тарихи-танымдық маңызы ерекше мазмұндағы мақалалар өркениет биігіндегі қазақ тұғырының асқақтығын дәлелдей түсті. Мысалы, Ғ.Айдаров «Армян әрпімен жазылған қыпшақ ескерткіштері», «Құнды мұралар» мақалаларында тарих толқынындағы армян-қыпшақ тілдері байланысының тарихына үңіліп, мынадай құнды деректерді келтіреді: «...Көпшілігі қыпшақ тілін үйреніп, бұл тілді өздерінің екінші ана тілі деп есептейді. Мәселен, олардың іс-қағаздары армян, поляк тілдерімен қоса қыпшақ тілдерінде де жүргізілген. Осыған орай қыпшақ тіліндегі көптеген тарихи деректер, әдеби мұралар, әр түрлі іс-қағаздары, сот шешімдері, діни сарындағы жазбалар бәрі де армян жазулары арқылы жазылды. Армян әліппесімен жазылған қыпшақ ескерткіштеріндегі протоколдар, шарттар, куәлік, әдеби аудармалар, тарихи деректермен қатар 1581 және 1613 жылдары жарық көрген

қыпшақ грамматикасымен тілге байланысты көптеген материалдар да бар» (Құнды мұралар. «Қ.Ә». 1982. 5.ІІІ). Ә.Дербісалиевтің «Көне жазба мұралар» мақаласында Алтын Орда дәуірінің (XIII-XIV ғ.ғ.) «Кодекс Куманикс», Хорезмидің «Мұхаббат нама», Ходжендидің «Латафат нама», Қади Бурхан ад-Дин Сиуасидің «Диуан» туындылары қарастырылды («Жұлдыз».1981.№5). Ал, Х.Сүйіншәлиев «Көне түркі поэзиясының тұңғыш жинағы» мақаласында Махмұд Қашғаридің «Дивани лұғат-түрік» еңбегі түркі тілдерінің салыстырмалы ұлығаты, алғашқы тілдік филологиялық зерттеу, түркі тілдері тұңғыш рет ғылыми жүйеге түскенін екшеген ғалым оның тек сөздік қана емес, сонымен бірге әдеби мәні биік көркем шығарма болып табылатынын ерлік, махаббат, табиғат тақырыбындағы өлең-жырлардың көркемдік сипатын талдаулар арқылы ашады. Сөздіктегі табиғат лирикасының поэтикалық қуатының кейінгі әдеби дамуға тигізген ықпалын дәстүр арнасында байыптаған тұжырымының да мәні зор деуге болады. Мұны «Қазақ әдебиетіндегі, оның ішінде XIX ғасыр классикалық поэзиясында қалыптасқан табиғат лирикаларының төркінін біз батыс әдебиетінен іздеп, сол әдебиеттердің ықпал етуінің ғана нәтижесі деп танытып келдік. Ал «Диванда» және басқа да орта ғасыр әдеби ескерткіштерінде көптеп кездесетін табиғат лирикалары, наурыз жырлары бұл пікірдің бір жақтылығын аңғартады» (3, 194) деген тұжырымы айқындайды. Өз кезегінде Орта Азия халықтарына ортақ «Бабыр-нама» жазба ескерткіштерінің маңызына қазақ әдебиеттануында жеткілікті деңгейде зерттеушілік мән бермей отырғанына ғалымдар назарын аудартқан Н.Келімбетов атқарылуы тиіс істерді: «Өкінішке орай, қазақ халқының азаматтық тарихына тікелей қатысы, өз дәуірінің көркем, әдеби тілімен жазылған аса құнды еңбек қазақ әдебиеті тарихының мүлкі ретінде де, қазақ әдеби тілінің даму сатылары тұрғысынан зерттелмей келеді» (4) деп талқыға салды. Ғалым сондай-ақ «Жылнама-шежірелер туралы бірер сөз» мақаласында да қазақ халқының көне тарихына, әдебиеті мен мәдениетіне тікелей қатысы бар Әбілғазы Баһадурханның «Шежіре-и түрік» («Түріктер шежіресі»), Мұхамед Хайдар Дулатидің «Тарих-и Рашиди» еңбектерінің маңызын талдап, оларды зерттеу, аудару қажеттілігін айтады.1983 жылы Мәскеуде Кеңес түркітанушылар комитетінің IX пленарлық отырысы өткізілді. Бұл ретте осы ғылыми басқосуда Р.Бердібаевтың «Қазақ әдебиеттануының мәселелері» атты тақырыпта жасаған баяндамасы айрықша назар аудартады. Ұлттық әдебиеттанудың түйінді де өзекті ғылыми мәселелеріне кеңінен тоқталған ғалым Қазақстанда көне түркі жазба ескерткіштерінің өз деңгейінде зерттелмей отырғанын: «До сих пор еще слабо изучены письменные литературные памятники, справедливо считающиеся общим достоянием тюркоязычных народов: «Кутадгу билик», «Хибат-ул хакаик», «Гулистан», «Хосров-Ширин» «Дивану лугат-ит-тюрк», «Мухаббатнаме», «Огузнаме» и др. Изданные много лет назад хрестоматии по древнетюркским памятникам стали библиографической редкостью. Изучение литературных памятников V-XV веков остается пока делом будущего» (5, 42) деп орынды ескертеді. Баяндаманың ерекше назар аудартатын аса өзекті мәселесі - қазақ әдебиеті тарихының айтулы тұлғаларын зерттеудегі басты кемшілікті батыл көтеруінде. Әсіресе, тек 1988 жылы толық ақталған Шәкәрім Құдайбердиев мұрасының маңызы туралы 1983 жылы Мәскеуде пікір білдіруі, оған Одақ ғалымдарының назарын аудартуы Р.Бердібаевтың ғылыми ерлігі деп бағалаймыз. Бұған «Несмотря на активное изучение истории казахской литературы XV-XX веков, творчество многих известных в прошлом акынов и жырау еще ждет своих исследователей. Так, поэт Шакарим Кудайбердиев, брат Абая Кунанбаева, глубоко освоивший литературные традиции Запада и Востока, написал несколько прекрасных поэм, множество лирических стихотворений, создал поэтическое переложение повести А.Пушкина «Дубровский» на казахском языке, был даровитым композитором, историком. Но его творчество еще во многом остается неисследованным» (5, 42) деген пікірі нақты мысал бола алады. Алайда орыстандыру мен ұлтсыздандыру саясаты да идеологиялық жұмыстардың басты өзегіне алынып, ұлт рухының алтын мәйегі қазақ тілінің өрісін шектеуге барынша жұмылдырылды. Мәселен, 1984 жылы 27 қарашада Алматыда жалпы білім беретін және кәсіптік мектеп реформаларының негізгі бағыттарына сәйкес орыс тілін оқытуды одан әрі жақсарту жөнінде республикалық ғылыми-практикалық конференция өтті. Онда орыс

тілін оқыту және оқушылардың оны меңгеру дәрежесі өскелең талаптарға әлі де болса барлық жерде бірдей сай еместігі ескертіліп, бұл істегі кемшіліктерді жоюдың жолдары айтылды («Қ.Ә».1984.30.XI). Осы сипаттағы орыстандыру саясатына қазақ қоғамында ашық сипаттағы наразылық өріс алып кетпегенімен зиялы қауым тарапынан ана тілінің мүшкіл жай-күйі алаңдаушылық тудырды. Атап айтқанда, 1984 жылы желтоқсан айында Қазақстан Жазушылар одағы ұйымдастыруымен жазушылар үйінде бастауыш және орта мектептерге арналған әдебиет пәні оқулықтарын талқылау өтіп, Т.Сыдықов, Т.Ақшолақов, О.Сәрсенбаев, І.Жарылғапов, М.Базарбаев, С.Ақатаев сөз сөйледі. Келелі кеңесте «ұлт тіліндегі бала бақшалар жұмысын дұрыс жолға қоймай, қазақ мектептерінің сандық, сапалық көріністеріне көз жүгіртпей тұрып, әдебиетіміздің болашағын болжау қиын» деп дұрыс көрсетілді («Қ.Ә».1984.7.XII).

Қорыта айтқанда, қарастырылып отырған тұстағы ұлттық әдебиеттануда қазақ әдебиетінің көне түркі дәуірімен тарихи сабақтастығын, көркемдік дәстүр ұласуын зерттеуде шешуші қадамдар жасалды. Әдеби мұра – қазақ әлемінің кіршіксіз рухани болмасын кеңестік идеологияның ұлтсыздандырудағы саясатынан сақтап қалудағы тарихи кезеңдерде мемлекеттік идеологиямызды құраған бірден бір қастерлі кие бола отырып, ұлттық құндылықтар мен мәңгілік мұраттарының күретамыры ретінде өзіне жүктелген міндетін атқара білді. Бұл ретте адамзат өркениетіндегі қазақ руханиятының биік тұғырын айқындау мен бекітудегі 1960 жылдар басындағы игі қадам жаңа өреге көтеріле түсті. Атап айтқанда, ұлы ғалымның 1100 жылдың қарсаңында ұлт ғалымдары фарабитануда ауқымды істер атқарды. Гуманитарлық және әдебиеттану салалары бағыттарында бірін бірі толықтыра жүргізілген ғылым еңбектер барысында отандық фарабитанудың іргесі бекіді. Оларда ұлы ғалымның сан салалы мұрасы зерделеніп, қазақ руханиятымен тығыз бірлікте қарастырылды. Сонымен қатар қазақ халқының шығу тегін, ұлттық болмысының тарихи-этнографиялық сипатын, этникалық генографиясын, көшпенділер эстетикасын даралайтын синкретті мәдениеті қарастырылған ғылыми әрі танымыдық маңызы зор еңбектер жарық көрді.

Қазақ әдебиетінің көне түркі әдебиетімен тарихи сабақтастығын айқындау жолындағы отандық әдебиетші, тілші ғалымдардың күрделі еңбектері сол кездегі түркітанудың ортақ міндеттерінен туындайтын Одақтың білікті зерттеушілерінің басым бағыттарымен ұштасып жатты. Бұл орайда қазақ тіл біліміндегі, әдебиеттанудағы іргелі лингвистикалық, әдеби зерттеулер ерекше аталады. Мәселен көне түркі әдебиетінің қазақ руханиятына тікелей қатынасын айқындауда соны қадам жасаған әрі осы бағыттағы ғылыми ізденістердің алғашқы жемісі саналатын «Ежелгі мәдениет куәлары», «Ертедегі қазақ әдебиеті», «Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері» әдебиеттанудың ғана емес, тұтас ұлттық сана мен зерде серпілісіне қозғаушы күш дарытты десек, Б.Кенжебаевтың «Көне әдебиет туралы», «Қазақ әдебиет тарихының мәселелері», М.Жолдасбековтің «Көне түркі ескерткіштері және олардың қазақ әдебиетіне қатысы», А.Қыраубаеваның «Қысас Рабғузи», «Мұхаббат-нама» - идеялық-көркемдік ерекшеліктері», Х.Сүйіншәлиевтің «Орта ғасыр әдеби ескерткіштері», «IX-XII ғасырлардағы әдебиет ескерткіштері» зерттеулері әдебиет тарихының көне бастауларын айқындау әрі түпкілікті бекітуде шешуші қадамдар жасаған еңбектер болды. Соның барысында қазақ әдебиетінің тарихы Y ғасырдан, яғни қазақ ру-тайпаларының ежелгі ру, ұлыс дәуірінен басталатыны ертедегі әдебиет нұсқалары мысалында нақты әдеби-тарихи талдаулар негізінде тұжырымдалып, Орхон ескерткіштерінің туу дәуірін айқындау, жыр мәтінінде берілген тарихи шындықты жан-жақты талдау барысында көркемдік дамудың кейінгі асыл арнасы ұлттық сөз өнерінде өзінің өшпес із қалдырғаны қазақ эпосы мысалында дәлелдей көрсетілді. Орхон ескерткіштерінің аударылуы мен жанрлық сипаты сараланып, ұлттық әдебиеттануда Орхон жазбаларының жанрын анықтауда алғашқы қадам жасалды. Сондай-ақ Алтын Орда дәуіріндегі түркі классикалық поэзиясының көркемдік сипатына тән ерекшеліктер ұлттық әдебиеттану ғылымында тұңғыш рет зерттелді. Ол қазақ әдебиетінің түркілік дәуірінен бастау алатын қалыптасу жолдарының дәстүр жалғастығына тән көркемдік ұласу ерекшеліктерін Алтын Орда дәуірі әдеби үлгілерімен негіздеп берсе, орта ғасырлық жазба эпос «Қорқыт ата кітабының» поэтикасы түркі халықтарының сөз өнеріндегі

кейінгі көркемдік дәстүр ұласуының заңдылықтары арнасында типологиялық тұрғыда кешенді зерттелді.

Сонымен қатар байырғы қазақ мәдениеті мен синкретті өнерінің көшпелілер эстетикасымен тамырласып жатқан табиғатын тарихи, археологиялық және этнографиялық құнды деректер негізінде дәлелдей көрсеткен, ұлы даланың төлтума мәдениетіне тән өнерпаздық ілкі қасиеттерін ашуда да маңызды еңбектер қолға алынды.

Өркениет ошағы болған қазақ даласының әр түкпіріндегі құнды тарихи, мәдени, әдеби жәдігерлер жай-күйі түркітану аясында өткір көтеріліп, Орхон ескерткіштерінің 1250, Бабырдың 500 жылдығының Одақ көлемінде аталып өтуі барысында ұлттық руханияттың асыл арнасы болып табылатын мәдени мұраға баса назар аударылды. Әсіресе, қазақ жазуының тарихы, көне түркі ескерткіштерінің тілі, жанры, текстологиясы сынды өзекті мәселелер келелі тақырып өзегінің басты арқауын құрады. Оларда халқымыздың бағзы дәуірлерден тамыр тартатын көне әдебиеті, мәдениетінің руханият әлеміндегі маңызы адамзат өркениетінің дамуындағы құндылығы тұрғысынан айқындалды.

**Әдебиет:**

1. Марғұлан Ә. Қазақ жазуының тарихынан // Жұлдыз. – 1984. – №8. – Б. 203-206.
2. Жұлдыз. – 1984. – №1. – Б. 132-144.
3. Сүйіншәлиев Х. Көне түркі поэзиясының тұңғыш жинағы // Жұлдыз. – 1984. – №3. – Б. 192-197.
4. Келімбетов Н. «Бабыр-нама» туралы бірер сөз // Қазақ әдебиеті. –1983.18.ІІ.
5. Бердибаев Р. Проблемы казахского литературоведения // Советская тюркология. – 1983. – № 4. – С. 39-43.

## ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ УАҚЫТ МЕЗГІЛДЕРІНІҢ МИФТІК НЕГІЗІ

*Көкбас Ж.,*

*PhD докторант,*

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,*

*Астана, Қазақстан,*

*[jazira\\_kokbas@mail.ru](mailto:jazira_kokbas@mail.ru)*

**Summary**

Mythological description of time scale in modern Kazakh poetry. Inter-relations between man and nature in literature.

Әлемдік қауымдастықтың жаңа тарихи дәуірге қадам басқан шағында адам өмірінің барлық салаларындағы өркениетті ғаламдану процесі қазіргі даму сатысының басты ерекшелігі болып табылады. Осы орайда, қазіргі қазақ поэзиясының дамып, жетілу үлгісін көрсету, оның ішінде поэзиядағы уақыт мезгілдерінің ақындар жырынан көрініс тауып, жырлануы заңды құбылыс. Қазіргі қазақ поэзиясындағы ежелгі фольклорлық әдебиет дәстүрлері туралы көркем процестің жалпы заңдылықтарын ежелгі және қазіргі заман үрдісінің дәуірнамалық айқын көріністері мен құбылыстары шығармашылық үндестік, сабақтастық тұрғысында талдап пайымдау ұлттық әдебиеттану ғылымындағы өзекті мәселелердің бірі. Соның ішінде уақыт мезетінің суреттелуінің өзі түрлі бейнелеу тәсілдерімен жүзеге асатынына Абайдан бастау алған, Мағжан, Бернияз поэзияларында жалғасқан дәстүр сабақтастығы қазіргі қазақ поэзиясында мұрагерлікпен көрініс тапты деуге болады. Әдебиеттегі табиғат суреті туралы теоретик ғалым В.Хализев былай дейді: «Әдебиетте табиғаттың әрекет ету формасы әр алуан. Бұл оның қуатының мифологиялық негізде танылып-түсінілуінен, поэтикалық кейіктеулерден, эмоцияналдық реңктерді пайымдауынан (жеке дауыстардан бастап тұтастай монологтарды қамтитын) және өсімдіктер

мен жан-жануарларды сипаттаудан, тіпті олардың кескіндерін бейнелеуден, ең соңында нақты пейзаждарды тұтастай кеңістікті суреттеуден көрінеді» [1, 206 б.].

Адам мен табиғат – күллі өнер туындысының нысаны. Әсіресе, сыршыл жанр лирикада уақыттың әрбір сәті түрлі тәсілмен жырланып, өзгеше бітімді көркем бейнеге айналады.

Бұл неткен қыс, түн тұман, таң да тұман,  
Кетіп қалсам қайтеді Алматыдан?  
Көкке қарай беремін, осы қазір  
Бір көкқошқар түсердей Алла атынан,- [2, 134 б.]

деген Есенғали Раушанов лирикасындағы қыс бейнесі, түннің де, таңның да тұман болып тұруы лирикалық кейіпкердің көңіл-күйінің көрінісі. Яғни, еңсесі бір көтерілмейтін, жабырқаулы адам, туған топырағын тастап кетуге де дайын екенін көрсетеді. Өнердің ең сезімтал түрі – поэзия болса, ақын осы сезімталдықты көктен күтеді. Табиғаттың қаталдығы, суықтығы көктен түскен «көкқошқардан» сая табатындай елес береді. Ежелден келе жатқан наным-сенімімізде көктен көкқошқар түсіп, баланың жаны қалыпты деген, мифтік аңыздағы құтқарушы періштені күткендей.

Түн деген –Көрұғлы,  
Көр баласы,  
Көрде жатып туды да,  
Өлді анасы  
Көрдей қара тәні бар,  
сондықтан да  
Көрдей қара бар және шер-наласы,-[2, 225б.]

деген өлең жолдарындағы «Түн» көркем бейне дәрежесінде көрінеді. Бұл өлең Мағжан Жұмабаев поэзиясымен үндестік табады.

Қайғы менен қара қанға тұншығып,  
Түн баласы ауыр ойлар ойлап тұр.  
Қап-қара түн. Уақыт ауыр өтеді,  
Ой артынан ойлар келіп кетеді.

Белгілі ғалым Ж. Аймұхамбет өзінің «Миф. Мифология. Мифопоэтика» деген еңбегінде: «Адам мен табиғат тепе-тең ойлау, қайғыру қуану сияқты сезім күйлері адамға тән екені сияқты табиғатқа да тән деген» тұжырым жасайды [3. 212б.]. Е.Раушанов поэзиясында да, М.Жұмабаев поэзиясында да «Түн», «көр баласы», «көрдей қара», - деп жаратылыстың адам санасына үрей, қайғы-қасірет әкелетін наным-сеніміннен туған поэтикалық образ.

«Поэзия тарихи-әдеби процестің дамуына орай өркендеп-өсіп, жаңа сипат-қасиеттермен толығып отырады», - дейді З.Ахметов [4, 167 б.]. Поэзиядағы жас толқын, жаңа буын ақын Қалқаман Сарин поэзиясынан да тың поэтикалық тіркес, сөз табиғатының ерекшелігін байқаймыз. Мысалы, «Менің мұңым» өлеңінде:

Түншықтырып тірлігімді тынымсыз,  
Тас төбемнен төнді тағы Түн үнсіз.  
Маған қарап мұңаяды мың жұлдыз,  
Жетімсіреп менің мөлдір мұңымсыз, [5.]

деген жолдардағы «Түн» мұңлы да сыршыл, әсершіл сезім. Лирикалық кейіпкерге қарап мұңайған мың жұлдыз сырға толы ақын жүрегін жұбатады. Мұңайған мың жұлдызға қарап жаны рақат табады.

Түнгі аспаннан тұнық іздеп көз алмай,  
Қарап жатып қанша жұлдыз сөндірім,-  
деген шумағында жүрек үлпілімен тыныстар сезім түні бойы алабұртып жатып, таңды ұйқысыз атырады. Бірақ лирикалық қаһарман күткен ғажайып болмайды.

Бүгін тағы құрбан болып бар үміт,  
Санадан тыс күдіретке бағынып.  
Мың жұлдыздың арасынан бір жұлдыз,

Ағып түсті. Жалғыздықтан жалығып.

Адамның нәзік сезімі сыр беріп, жалғыздық құдайға ғана жарасқан деген нанымды дәлелдей түсті. Ағып түскен жұлдыз лирикалық кейіпкердің жан-дүниесіндегі бұлқынысты болдырмау, керісінше, жанына қуат, жылы сезімге бөленуді аңсағандай.

Поэзиядағы тылсым табиғаттың қай мезгілінде болсын адамның жан дүниесімен тілдесіп отыратындай. Қазақ поэзиясында өзіндік орны бар ақын М.Мақатаев өлеңдерінде де тылсым дүниенің тереңіне бойлай алады. Мысалы, «Қара суық» өлеңінде:

Қар да жаумай қырсықты мына маңға,  
Қара суық қатайып қуарандап,  
Беттен осып, құлақты бұрағанда,  
Табаныңнан тоң ұрып, қуарар жақ,- [6, 227б.].

деген шумақтағы «қара суық» тіркесі адамдардың бір-біріне қатыгездікпен қарауы тұрса, «Беттен осып, құлақты бұрағандай» деген кейіптеуінде адамдардың айуаннан артықшылығы жоқ, заманның осыншама қаталдануын ашық көрсетіп тұр. Осы өлеңнің келесі бір шумағындағы:

Қаңтар келді,  
Қар жаумай қырсығып тұр.  
Қара суық қариды құлшынып бір.  
Шолақ көйлек бойына қамсау болмай,  
Түсі қашып қарайды қымсынып қыр [6, 227б.].

Поэзия арқылы тағдырдың қаталдығын суреттеу, тікелей адам тағдырымен астастырылып, қаңтардағы қара суыққа жан бітіріп, кейіптеу арқылы өмір құбылыстарының қаталдығын айнытпай жеткізу басым. «Қар жаумай қырсығып тұр» деген жолдағы қырсығу өмірде «тіл алмау», «айтқанды істемеу», «сөз тыңдамау» деген қисынға келеді. Пәни дүниенің қысқалығын «шолақ көйлек» етіп көрсету арқылы өлеңнің философиялық ойын жеткізіп отыр.

Ақын М.Мақатаев поэзиясында адамның көңіл-күйін, әрбір толқулы сәттерін тамаша жеткізіп отырған. «Айхай, Көктем!» өлеңі осындай қуаныштың, шаттықтың айқын дәлелі.

Тентек жаңбыр терезені  
Бытырамамен атып тұр.  
Кенеледі жер өзегі,  
Рахатқа батып қыр,

бұл жолдардан адамның ғана емес, табиғаттың да ессіз рахатқа бөленіп тұрған сәтін «Тентек жаңбыр» тіркесі арқылы кейіптеудің тамаша үлгісін берген. Көңіл-күйді, күйініш-сүйінішті «аласұрып, алабұртып, аласапыран» деген сөздер арқылы ерекше шеберлікпен суреттеп берді.

Поэзияда болсын, прозада болсын дәстүр сабақтастығы қоғаммен, заманмен бірге жалғасып келе жатқан құбылыс. Осы құбылысты Мағжандар бастаса, кейінгі толқын ақындары жалғастырды. Мағжан Жұмабаевтың «Пайғамбар» өлеңіндегі:

Қап-қара түн. Шегір көзді жындар жүр,  
Қап-қара түн. Қайғы мен қан ойнап тұр.  
Қайғы менен қара қанға тұншығып,  
Түн баласы ауыр ойлар ойлап тұр,

өлеңіндегі «Қап-қара түн» деген тіркес күшейткіш буын арқылы түннің қараңғылығын қоюландыра түседі. Осы қараңғылықтың ішінде кейіпкердің қайғылы жүзін қанға тұншығып, басын көтеруге дәрменін келтірмей тұр. Философиялық тұрғыдан қарастырсақ қасірет, қайғы, мұң.

Мағжан поэзиясы Гүлнар Салықбай мен Қалқаман Сарин поэзияларында үндестік тапқан. Г.Салықбайдың «Қараңғы түн» өлеңінде:

Қараңғы түн...  
Қараңғы түн  
Алдайды екен адамды тым, [7, 92б.]

десе, Қ.Саринда:

Меңіреу түн.

Айнала керек құлақ.

Айсыз аспан.

Бір жұлдыз төмен құлап [5].

Екі ақынның жырлауындағы «Түн» лирикалық кейіпкердің қайғылы, мұңлы халін көрсету мақсатында алынған. Адамзат баласы қайғы мен қуаныштың, үміт пен күдіктің арасында өмір сүруі заңдылық. Қос ақынның да өлеңдерінің мазмұнында қасіреттің, қайғының, меңіреуліктің асқынған уақыты. Өлеңде түннің қара немесе меңіреу екені айтылмайды. Кейіпкердің халін ары қарай мына шумақтардан байқай аламыз. Г.Салықбай:

Қараңғы түн, қара бәрі,

Қара түйін тарамды.

Мен адастым, шын адастым.

Жол көрсем де, тұра қаштым.

... Қараңғы түн, қап-қара мұз

Қара түнге тапталармыз,

Көше кір... [7, 92б.]

Қ.Саринде:

Айым, сенсің мына түн тым үрейлі,

Тұншықтырып тастайтын тұнық ойды.

Мейірленіп мен үнсіз қарасам да,

Қара аспанның қабағы жібімейді.

Аталмыш өлең шумақтарындағы қара түс – лирикалық кейіпкердің ішкі жан дүниесіндегі сурет. «Қара түйін тарамды», «Қара аспан қабағы жібімеді» деген поэтикалық тіркестердің беретін мағынасы бір. Екі ақында кейіпкердің қабағы ашылмады, ашудан булығып, қабағынан қар жауды деп отыр. «Қап-қара түн», «Қап-қара мұз», «қара аспан» деген тіркестерден ақындардың ішкі жан дүниелері тылсым күш арқылы сабақтасып, поэзияның құдіретін көрсетіп тұр.

Қазақ поэзиясына сүбелі үлес қосып келе жатқан ақын Е.Раушанов «Түн» деген ұғымға соны сипат, жаңаша поэтикалық мағына береді. Ақынның «Түн – мұхит» өлеңін қарастыратын болсақ:

Түн – мұхит.

Келіп тұрмын жағасына.

Тасиды қара жойқын аласұра.

Тұс-тұстан пері-толқын қалқып келіп,

Көзімнің тығылады шарасына [8, 213 б.].

Бұл жолдардағы дүниенің шексіздігін мұхит десек, лирикалық кейіпкердің көңіл-күйіндегі түннің бітпеуі, таңның атпауы, теңіздің жағаға ұрған асау толқыны сияқты көрінетінін айтады. «Пері-толқын» адамзаттың санасында қалып қойған мифтік ұғым пері болса, тек түнде ғана көзге көрінеді немесе пері болып келу деген сияқты ұғымдармен астасып жатыр. Шаршап-шалдығып ұйықтай алмай, ұйқының көзге тығылуы пері болып келген кезі.

Тырмысып,

Жазыламын,

Бүктелемін.

Тереңде неше ықылым жұрт көремін.

Сайтан боп періштелер сақ-сақ күліп,

Ұлы боп ақсақтайды қырт дегенім [8, 213 б.].

Ақын табиғат пен адам арасындағы байланысты бейнелеп беруде мифтік желіні қолданғанын көріп отырмыз. «Сайтан боп періштелер сақ-сақ күліп» деген сөйлемдегі «сайтан, періште» сөздері мифтік танымға негізделген көркемдік құрал.



Қорыта айтқанда, талдауға ұйтқы болған қазақ поэзиясының шоқтығы биік ақындарының қай-қайсысының өлеңдеріндегі лирикалық тыныс мейлінше кең, әрі жан-жақты. Қазақ поэзиясындағы ақындардың әрқайсысы лирикалық кейіпкердің жан дүниесіндегі құбылысы табиғатпен астаса көрінеді де, адам табиғаттың бір бөлшегі болып суреттеледі.

**Әдебиет:**

1. Хализев В.Е. Теория литературы. – М.: Высшая школа, 2000. – 398 с.
2. Раушанов Е. Періштелер мен құстар. – Алматы: Көркем, 2005. – 264 б.
3. Аймұхамбет Ж.Ә. Миф. Мифология. Мифопоэтика. – Алматы, 2017. – 512 б.
4. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 240 б.
5. [kalkamansarin.kz](http://kalkamansarin.kz)
6. Мақатаев М. Шығармалары. – Алматы: Жалын, 2007. – 384 б.
7. Салықбай Г. Тұс. – Астана, 2010. – 240 б.
8. Раушанов Е.Бозаңға біткен боз жусан. Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Раритет, 2006. – 384 б.

**ЖҮСІП БАЛАСАҒҰННЫҢ КІТАБЫ «ҚҰТТЫ БІЛІК» ПЕ,  
ӘЛДЕ «ҚҰТТЫ БИЛІК» ПЕ?**

**Қасқабасов С.А.,**  
*ҚР ҰҒА академигі,*  
*филология ғылымдарының докторы, профессор,*  
**Нұрманов Б.Т.,**  
[bekarysnuriman@gmail.com](mailto:bekarysnuriman@gmail.com),  
*PhD докторант,*  
*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,*  
*Астана, Қазақстан*

**Түйіндеме**

Жүсіп Баласағұнның 1069 жылы жазған «Құтадғу білік» еңбегінің атауына байланысты бұған дейін әлемдік ғалымдар арасында талай мәрте пікірталас туды. Ғалымдар әр қырынан дәлелдеп, өз нұсқаларын ұсынды. Отандық ғалымдардан Асқар Егеубаев «Құтты білік» деп аударса, Әбжан Құрышжанов «Құт әкелуші білім» деп тәржімалады. Олардың қайсысы дұрыс? Жалпы орта ғасырлық мұрамызда не туралы айтылады? Білім бе әлде билік пе? Бұл мақалада осы мәселелер талқыланады. Тақырыпты тереңірек зерттеп, кітаптың мазмұнына үңілу үшін Құтадғу біліктің түпнұсқа мәтіні ретінде Ферғана мен Каир нұсқалары, Р.Р.Арат жасаған транскрипциясы және 1825 жылдан бергі әлемдік түрколог ғалымдардың зерттеу жұмыстары негізге алынады. Махмұт Қашқаридың «Диуани лугат ат түрк» атты сөздігі де ең маңызды мәлімет көзі ретінде пайдаланылады. Зерттеу нәтижесінде Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білігі» Низамұл Мүліктің «Саясатнама» және Никколо Макиавеллидің «Принц» еңбектеріндей мемлекеттік басқаруға арналған кітап екені дәлелденеді.

**Название книги Жусипа Баласагуна «Құтты білік» или «Құтты билік», которое из них верно?**

**Резюме**

По сей день ученые во всем мире возникает диспут о названии книги Жусипа Баласагун «Кутадгу билиг», написанной в 1069 году. Ученые представили всевозможные доказательства и свои варианты. Отечественный ученый Асқар Егеубаев перевел как «Құтты білік», Абжан Курышжанов предложил свой вариант перевода как «Құт әкелуші білім». Кто из них прав? Что сказано в нашем средневековом наследии? Знание или власть? В настоящей статье обсуждаются именно эти вопросы. Для наиболее глубокого анализа темы и вникания в содержание в качестве оригинального текста книги «Құтадғу білік» были использованы ферганские и каирские версии, транскрипция Р.Р. Арата и исследовательские работы мировых туркологов-ученых, опубликованные с 1825 года. Словарь Махмута Кашкари «Диуани лугат ат түрк» также использовался в качестве особо важного источника информации. Доказано что, книга Жусипа Баласагуни «Кутадгу билиг», как и работа Низамул Мулка «Сиясетнаме» («Книга о правлении») и «Принц» Никколо Макиавелли, предназначена для использования для государственного управления.

**Which version of Yusuf Balasagun's book title is right – “Qutty Bilik” (knowledge) or “Qutty Bilik” (power)?**

**Summary**

Researchers all over the world have been still arguing about the title of “Kutadgu bilik” by Yusuf Balasagun written in 1069. They provided all evidences and their own versions. For example, a domestic researcher AskarYegeubayev translated it as “Qutty bilik” (translation: “Blessed knowledge”), Abzhan Kuryshzhanov offered his version stating “Qut akelushi bilim” (translation: “Blessing knowledge”). Which one is right? What does the mediaeval heritage keep for us? Knowledge or power? This article deals with all these issues. In order to carry out a deeper analysis of the topic and examination of the content we used Fergana and Cairo versions of the book “Qutadgu bilik”, the transcription made by R.R. Arat and research works of world known researchers-turcologists published since 1825. A dictionary “Divani lugat at turk” by Makhmut Kashkari has also served as the most important source of information. It was proved that the book “Qutadg’ubilik” by Yusuf Balasagun along with “Sayasatnama” (translation: “A book about government”) and “The Prince” by Niccolo Machiavelli shall be used for public administration.

Бүгінгі таңда Құтадғу біліктің Вена, Каир және Ферғана атты үш нұсқасы бар. Жалпылай алғанда, бұл үш нұсқада кейбір бәйіттердің көшірілмей немесе кейбір парақтардың түсіп қалғаны болмаса, мәтіндік тұрғыдан ешбірінде айтарлықтай айырмашылық жоқ.

XX ғасырдың алғашқы жартысында-ақ әлемдік түрколог ғалымдар арасында Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» кітабының атауына байланысты қызу пікірталас жүрді. Ол туралы А. Н. Кононов зерттеу еңбегінде арнайы тоқталады. Қазірге дейінгі зерттеулерді саралағанда, көзқарастың екі түрлі болғаны байқалады. Ғалымдардың бірі тобы Құтадғу білікті біліммен, екіншісі тобы билікпен байланыстырды. Ғалымдар пікірлерінде қандай негізге сүйенді? Олардың қайсысы дұрыс? Құтадғу білікті зерттеудегі ең өзекті мәселенің бірі осы болып отыр.

**Білімге қатысты көзқарастар.** Жүсіп Баласағұн еңбегінің атауы ғылыми зерттеу айналымға енген күннен бастап латын әрпімен Kudatku Bilik деп жазылды. Айталық, 1825 жылы ең бірінші болып көпшілікке таныстырған Амедей Жауберт Парижден шығатын Journal Asiatque журналындағы мақаласында Kaqudatkou bilik [1:39-52] деп жазады. 1870 жылы Германияның Инсбург қаласында басылған Г.Вамберидің кітабы «Üigürische Sprachmonumente und das Kudatku Bilik» [2] және 1891 жылы Петербургте шыққан В.В.Радловтың кітабы «Das Kudatku Bilik des Jusuf Chass-Nadschib aus Bālasagun» [3] деген атпен жарияланды. 1947 жылы Түркия ғалымы Р. Р. Араттың транскрипциясынан кейін Kutadgu Bilig [4] болып өзгерді. Мұндағы, Kutadgu – құтты қылушы, bilik немесе bilig сөзі «білім» деп аударылды. Кітап атауын тілдік тұрғыда талдап, толық мағынасын Түркия ғалымы Ділашар былай көрсетті:

Kut-ad-gu Bil-ig сөзінің мағынасы:

kut – құт, бақыт

-ad – «қылу» ұғымын беретін және есімнен етістік жасаушы жұрнақ.

-gu – «қылған, қылушы» мағынасын беретін және етістен сипат жасаушы жұрнақ.


bil – «білу» мағынасын білдіретін етістік.

-ig – етістіктен есім жасаушы жұрнақ.

Толық мағынасы: «құтты қылушы білім» [5: 47].


А. Н. Кононовтың айтуынша, бұл пікірді Г. Вамбери, В. В. Радлов, Р. Р. Арат, К. Каримов және У. Томсон секілді бірқатар ғалымдар қолдаған. Олар «Знание, делающее человека счастливым», «Наука быть счастливым» және «Искусство знание сделаетя счастливым» [6:496] деп тәржімалаған. С. Е. Малов болса, алғашқыда кітаптың білім мен билікке қатысты екі түрлі атауын ұсынған. Соның бірі – «Книга счастья». Алайда, ол кейін «Наука о том, как делаться счастливым» [6:497] деген атауға тоқтаған. Одан соң А. А. Валитова да кандидаттық диссертациясында екі вариант ұсынған. Білімге қатысты нұсқасы «Знание, дающее счастье» деп аталды. Р. Р. Арат та «Құтадғу біліг – атынан-ақ түсінікті, адамға екі дүниеде толық мағынасында құтты болу үшін жол көрсету мақсатымен жазылған шығарма» [4:XXV] деп пікір білдіреді. Жалпылай алғанда, Жүсіп Баласағұнның еңбегін біліммен байланыстырған ғалымдардың пікірі мен келтірген дәлелдері осындай. Алайда, бұл пікірді құптамай, Құтадғу білікті билікпен байланыстырған ғалымдар да жетерлік.

**Білікке қатысты көзқарастар.** Құтадғу білікті билікпен байланыстырған ғалымдардың бірі В. В. Бартольд. Ол өз зерттеуінде Жүсіп Баласағұн еңбегінің атауын «Знание, образующее царей» [7:367] деп көрсетті. Кейіннен білімге қатысты деген тоқтамға келсе де, алғашқыда С. Е. Малов Құтадғу білікті билікпен байланыстырып, «Осчастливливающее управление» деп аударған болатын. Мұндағы басқару сөзін қолдану себебі bilik (bilig) сөзін билік деп оқыды. Өйткені, В. В. Радлов құрастырған көне түрік сөздігінде bilik сөзінің *знание* (білім) және *царство, правительства* (билік) [8:1764-1765] деп екі мағынасын көрсеткен болатын. Қарахан мемлекеті тұсында bilik (bilig) сөзі қандай мағынада қолданылды? Оны білу үшін Жүсіп Баласағұнмен бір заманда өмір сүрген Махмұт Қашқаридың «Диуани лұғат ат түрк» еңбегіне қараудың маңызы зор. Онда білік сөзінің үш мағынада қолданылғаны жазылған. 1) білім, 2) хикмет, 3) ақыл. Екінші нұсқасының факсимилесі төмендегідей:



[9:194]

А.Б.Ержиласун мен Зият Аққойунлу түрікшеге «**bilig hikmet** (даналық). **Ozaki bilgeler eski bilgeler** (hakimler) (бұрынғы даналар, хакімдер)» [10:166] деп аударған. Бұдан бөлек сөздікте «**bilge** bilge (дана, хакім), hakim» [10:185] сөзі де кездеседі. Демек, Қарахан мемлекеті тұсында «білік» сөзі қазіргі қазақ тіліндегі «билік» сөзінің тура мағынасында қолданылмаған. Алайда, мемлекет билеушілерінің атына қосарланып айтылған. Көктүрік мемлекетінің билеушісі Білге Қаған деп аталғанын ескерсек, «білік» сөзінің «билік» мағынасынан алыс емес екені аңғарылады. Қазіргі қазақ тіліндегі «әкім» және өзбекшедегі «хоким» сөздері де «хакімнен» шыққаны даусыз. Бұған қатысты Құтадғу біліктегі мына бәйіт те көп жайды аңғартады.




(1953-бәйіт) [11:76]

beg atı bilig birle bağığ turur / bilig lamı kitse beg atı qalur [4:213]

Бек аты білікпен (білім немесе билік) байланып тұрады; біліктің «л» әрпі кетсе, бек аты қалады (ауд. Б.Нұрیمانов).


Мұндағы «білік» сөзін білім деп оқығанда да, оның бекпен, билікпен тығыз байланысты екені айтылып тұр. Өйткені, сол дәуірде елді басқаратын бектердің білімді болуы басты талап ретінде қойылатын. Бұл ойды мына бәйіттер қуаттай түседі.



(2713-бәйіт) [11:102]

bilig birle başlar begi il törü / uquş birle işler qamuğ iş körü [4:284]

Билеуші мемлекет пен заңды біліммен басқарады; барлық істі ақылмен істейді (ауд. Б.Нұрیمانов).



(2714-бәйіт) [11:102]

qılıç il tutar hem bodun kazğanur / qalem il tüzer hem hazine urur [4:284]

Қылыш мемлекеттерді жаулап алады, халық жеңіске жетеді; қалам мемлекетті реттеп, қазынаны толтырады (ауд. Б.Нұрیمانов).


Құтадғу білікті билікпен байланыстырған А.А.Валитова кандидаттық диссертациясында кітаптың атауын «Наука об управлении» (Басқару туралы ғылым) деп аударғанын А.Н.Кононов мақаласында айтады [6:497]. Сонымен қатар, Түркия ғалымы Махмұт Арслан да аталмыш кітап билікке қатысты деген пікірді ұстанады. Ол өзінің докторлық диссертациясында «*Азияда Ғұн билеушісі Мүде Қаған Қытай императорына жазған бір хатында Тәңрі Құты лауазымын қолданған*» деп, «*құт сөзінің империя мағынасымен бірдей*» [12:3-4] екенін айтады. Нәтижесінде кітаптың атауын «*Билікке жеткізген білім*» немесе «*Мемлекет басқару білімі*» [12:4] деп тұжырым жасайды. Құтадғу білікте көптеген бәйіттерде мемлекет билеушісіне қарата «Әй, Еліг Құты» деп атылады. Мұндағы, құт – құт, береке, бақыт емес, «мемлекет», «империя» мағынасына жақын екенін аңғару қиын емес.

Бұл зерттеудің мақсаты «Құтадғу білік» сөзінің этимологиясы мен семантикасын зерттеу емес, кітаптың ішкі мазмұнына үңілу. Сол арқылы онда билік мәселесінің көтерілгенін дәлелдеу. Құтадғу біліктің қара сөзбен жазылған кіріспесінде сол заманның өзінде-ақ әлемнің көптеген елдері оған билікке қатысты атау бергені жазылған. Бұл да кітаптың билікке қатысты екенін нақтылай түседі. «*Шынлықтар «Әдәбұл-Мүлік» (Шахтардың әдеп-қағидасы) деп атады. Машын Мәлікінің хәкімдері «Айинул мемлекет» (Мемлекеттің дәстүрі) десе, мәшрықлықтар «Зийнәтүл-үмәрә (Өмір зейнеті) деді; Ирандықтар «Шахнамаи түрки» деп атады; ал бағзы біреулер «Пәндәма-ли мүлүк» (Падишаларға насихат) бүтін десті; турандықтар «Құтадғу біліг» деп ат қойды*» [13:64]. Бұған тағы бір дәлел, Құтадғу біліктің ішкі мазмұны жалпы білімнен гөрі, билікпен тікелей байланысты.

**Құтадғу білікте көтерілген мәселелер.** Жүсіп Баласағұн әйгілі туындысын 1069 жылы жазып, оны сол кездегі Қарахан мемлекетінің билеушісі Бұғра ханға сыйға тартады. Хан оның еңбегін құрметтеп, Хас Хажып қазіргіше Премьер-министр лауазымын беріп, қызметке алады. Туынды бүгінгі тілмен айтқанда Премьер-министр мен Президенттің сұхбатынан құралған. Ал, дін, білім, ғылым, адамның қадір-қасиеті және ізгілік қылудың пайдалары туралы бөлімдер негізгі шығармаға дейінгі кіріспесі ғана. Әрбір шығарманы Аллаға мадақ, пайғамбарға салауат айтып бастау және адамды ізгілікке тәрбиелеу үшін насихат айту – ертеден қалыптасқан дәстүр. Яғни, жыраулар дастан жырламас бұрын халықтың назарын өзіне аударып, елді дастан тыңдауға әрі өзін де ұзақ жырға дайындап, шабыт шақыру үшін әуелі жыр бастау, терме, толғау стилінде жеке өзінің шығармашылығынан немесе бұрынғы жыраулардың еңбегінен бірқанша туындылар орындайды. Бұл да сол үрдістің көрінісі және ол Құтадғу біліктің 7.8%-ын ғана құрайды. Қалған 92.2%-ы билік тақырыбын көтерген шығарманың өзі.

Құтадғу білікте Қарахан мемлекетінің құрылымы, билік өкілдерінің лауазымы мен дәрежелері, оларға қойылатын талаптар мен міндеттер, олардың құқықтары, мемлекетті басқару, қауіпсіздік мәселелері және мемлекет қызметкерінің этикасы айтылады. Ең маңыздысы мәңгілік ел болудың қағидасы көрсетіледі. Сондай-ақ, қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық топтар мен олардың билік өкілдерімен қарым-қатынасы сөз етіледі.

«Баласағұн – Қарақан мемлекетінің батысындағы, Қашқар – шығысындағы қос ордасы яғни, қос астанасы» [13:7] екені тарихтан белгілі. Жүсіптің жырлауынша, ордада хан сарайы орналасқан. Онда ханның тағы үш аяқты және күміспен күптелген.



(771-бәйіт) [11:65]


kümüş kürsi urmuş öze oldurur / bu kürsi adaqı üç adrı turur [4:94].

Тақ күміспен күптелген; бұл тақтың аяғы үш бөлек тұрады (ауд. Б.Нұриманов).

Хан мемлекетті сол жерде отырып, әр саладағы жауапты қызметкерлері, яғни бектері мен уәзірлері (әкімдер мен министрлері) және сарай қызметкерлері арқылы басқарды. Мемлекеттегі жоғары билік лауазымдары қазіргімен салыстырғанда төмендегідей:

- Еліг (Президент)
- Ұлық Хажып (Бас уәзір, Премьер-министр)
- Уәзір (министрлер)
- Беклер (облыс, қала, аудан әкімдері)
- Сұбашы (Әскербасы, Қорғаныс министрі)
- Капык башлар ер (Сарай әмірі, Президент әкімшілігінің төрағасы)
- Иалвачлар немесе Елшілер (Сыртқы істер министрлігі, елшілер)
- Бітікші, ылымға (Хатшы, жылнамашы)
- Ағыжы (Қазынашы, қаржы және экономика министрі).

Құтадғу біліктегі «Сөз басы Күнтуды Елігтің өзі» деген бөлімде қағанның тұлғалық образы «*мінезі жұмсақ, әділ, шынышыл, тура, білімді, ақылды, парасатты, көзі ашық, көкірегі ояу, кеңпейіл, мәрт, батыр, жауына – қатал*» (405-418 бәйіттерде) деп бейнеленеді.




(407-бәйіт) [11:22]

qılınçı köni erdi qılqı oñay / tili çın bütün hem közi köñli bay [4:55]

*Болмысы әділ, мінезі жұмсақ еді; сөзі шынайы, тура, қанағатшыл әрі көңілі бай* (ауд.

Б.Нұрیمانов).



(408-бәйіт) [11:22]

biliglig beg erdi uquşluğ oduğ / isizke ot erdi yağıqa yoduğ [4:55]

Ол білімді, ақылды әрі санасы ояу бек еді; жаманға от, жауына қатал еді (ауд.

Б.Нұрیمانов).

Елігтің мемлекетті әділдікпен басқарғаны айтылады. Оның ел басқарған кезеңіндегі мамыражай, берекелі, бейбіт уақытты 461-бәйітте «*қозы мен бөрі қатар жайылған*» деп суреттейді.

Одан соң «Айтолдының Күнтуды Елігке қызметке келуі» деген бөлімде шығарманың екінші кейіпкері Айтолдының хас хажып, қазіргіше айтқанда премьер-министр лауазымына қалай келгені баяндалады. Шығарма бойынша, Айтолды әуелі ауылдан шығып, Астанаға келеді. Онда бір қонақ үйге түсіп, оның иесі Көсемішпен танысып, мемлекетке қызмет етсем деген ойын айтады. Оның сөзін тыңдаған Көсеміш Айтолдыны Хажыбпен жолықтырады. Хажыб Айтолдымен сөйлесіп, ойын тыңдап болғасын Елігпен кездестіреді. Күнтуды Еліг Айтолдымен сөйлескеннен кейін бас уәзір қызметіне тағайындайды. Одан соң екеуі сұхбатасып, мәңгілік ел болу үшін халыққа тең құқық беретін әділ заң орнату, елді әділеттілікпен басқару және билік өкілі мен қоғамның ізгі болу керектігін сөз етеді.



(819-бәйіт) [11:36]

bu beglik ulı kör könilik turur / köni bolsa begler tiriglik bolur [4:99].

Қара, бұл биліктің негізі әділдіктен тұрады; бектер әділ болса, әлемде бейбіт өмір болады (ауд. Б.Нұрیمانов).




törü qılsa ilke köni bolsa beg / tilek arzu bulğay bu qolsa qalı [4:99].

Мемлекетке әділ заң орнатып, бек әділ болса; егер осыны жасаса, арман-тілегіне қауышады (ауд. Б.Нұриманов).

Құтадғу біліктегі ханның бас уәзірі Өгдүлміш пен Күнтуды Еліг арасындағы сұхбат барысында мемлекеттің құрлымы, жоғары билік лауазымдары, ол дәрежелердің қандай кісілерге берілетіні толық айтылады. Сондай-ақ, Одғұрмыш пен Өгдүлміш арасындағы сұхбат барысында мемлекеттік қызметке қол жеткізудің, сол арқылы мемлекетке және халыққа қызмет етудің жолдары баяндалады. Осы айтылған мәселелерде әрбір билік өкілі мейірімді, ізгі, кеңпейіл, жомарт, мінезі жайдары және мемлекет пен ханға адал болуы міндеттеледі.

Көшпелі өмір сүрген көне түрік халықтарында тапқа бөліну үрдісі болмаған. Қол бастаған батыр да, төрелік айтқан би де, елге ақыл айтқан данышпан мен ханның кеңесшілері, сарай қызметкерлері де қарапайым халық арасынан шығып отырған. Рулық қауымның нәтижесінде әр рудың бетке ұстар беделді тұлғалары ханның жанынан орын алған. Яғни, халық пен оны басқарушы билік өкілдерінің арасында таптық бөлінушілік емес, адамгершілікке, ізгілікке, туыстыққа, ынтымақ-бірлікке негізделген қарым-қатынас бар. Айталық, 4069-бәйітте ел арасынан шыққан лайықты кісілерге берілген лауазымдар туралы айтылады.



(4069-бәйіт) [14:239]

qayu yavğu yuğruş bolur il begi / qayu atı teñsiz bolur er ögi [4:410].

«Қайбірі Иабғу, Иүгрүш, Ел Бегі; қайбірі лауазымы теңдессіз Ер Өгі болады» (ауд. Б.Нұриманов).

Махмұт Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрк» атты сөздігінде бұл лауазымдардың әрбіріне жеке-жеке анықтама берілген. Олардың ішіндегі ең үлкен лауазым иүгрүш (**yugruş**) деп аталған. Оған: «Түріктерде қара халықтан шығып, уәзірлік дәрежеге көтерілген кісі. Парсы және басқа да қауымдар қанша үлкен, қанша көп әрі қанша күшті болса да бұл мәртебені ала алмайды. Бұл лауазым Қағаннан бір дәреже төмен. Оған жібектен бір отау беріледі. Ол жаңбыр, қар және ыстықта құрылады» [10:366] деп түсіндірме берілген. Сөздікте бұдан басқа Қағаннан үш дәреже төмен лауазымды түгсин (**tügsi.n**) [10:189] деп атағаны туралы дерек бар. Сонымен қатар, халық арасындағы көпті көрген, дана қариялар билік өкілдері үшін ықпалды, қадірлі болған. Оларға өге (**öge**) [10:44], өге тігіт (**öge tigit**) [10:152] деген лауазымдар берілген. Олар (**Tigi.n**-нен) ханның ел билеуші ұлдарынан бір дәреже төмен.

Хан әулетінен немесе халық арасынан шықса да, мемлекет ісі тапсырылып, қолына билік берілген әрбір тұлғаға халықпен, оның ішіндегі әртүрлі саланың адамдарымен қалай қарым-қатынас жасау керегі Құтадғу білікте егжей-тегжейлі баяндалады. Сондай-ақ, мемлекет қызметкерінің өзара қарым-қатынасы мен ішкі және сыртқы саясаттағы ұстанымдарды көрсетіледі. Құтадғу білікте көтерілген осы мәліметтерді саралай келе, оны саяси билікке қатысты кітап деуге толық негіз бар. Онда бір халықтан құралған мемлекет қана емес, өзге ұлттар мен ұлыстарға билік жүргізген империя ретінде сипатталып, салық төлеп отырған өзге ұлттармен қарым-қатынас та сөз етіледі. Сондықтан, Жүсіп Баласағұнның еңбегін «Империя қылушы білім» немесе «Құтты билік» деп қазақшалауға болады.

Құтадғу білік секілді мемлекеттік басқару тақырыбын көтерген саяси еңбектер ертеректе әлемнің бірнеше елдерінде жазылған. Атап айтар болсақ, 1091 жылы Анадолыда Селжұқ мемлекеті тұсында жазылған «Саясатнама» және 1513 жылы Италияда дүниеге келген «Принц» кітабы. Низамұл Мүлк атанған бас уәзір Әбу Әли Қауамиддин «Саясатнама»

кітабын Селжұқ мемлекетінің патшасы Мәлікшахтың тапсырмасымен жазады. Кітап 51 бөлімнен тұрады [15:5-9]. Ал, «Принц» кітабын Никколо Макиавелли жазып, Италия каролі Лоренцо до Медичиге тарту еткен. Ол 26 бөлімнен тұрады. Онда да мемлекеттік басқару мәселелері қамтылған [16].

Осыдан он ғасырдай бұрын жазылған Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу Білік» еңбегі білім ғана емес, мемлекеттік басқару тақырыбын көтерген кітап екені айтылып, атының билікпен байланыстырылып аталуы маңызды мәселенің бірі. Сондай-ақ, оның әдеби көркем шығарма ғана емес, мемлекетті әділ басқарып, мәңгілік ел болуды көтерген құнды жәдігер ретінде зерттелуі тиіс.

#### **Әдебиет:**

1. Jaubert A. Notice d'un manuscrit turc en caractères ouigoures envoyè par M. de Hammer a M. Abel Remuzat. Journal Asiatique, №46. Paris, 3 Janvier 1825. p. 39-52. Немесе электронды адресі: [https://books.google.kz/books?hl=ru&lr=&id=EPw3JsJLGPYC&oi=fnd&pg=PA3&dq=Notice+d%27un+manuscrit+turc+en+caracteres+ouigoures,+envoye+par+M.+de+Hammer+a+M.+Abel+Remuzat,+Journal+Asiatique,+Paris+1825,+VI&ots=oV07Im4XB2&sig=AQ9EWzYg4fTobN5IEWT0XqcRzKE&redir\\_esc=y#v=onepage&q&f=false](https://books.google.kz/books?hl=ru&lr=&id=EPw3JsJLGPYC&oi=fnd&pg=PA3&dq=Notice+d%27un+manuscrit+turc+en+caracteres+ouigoures,+envoye+par+M.+de+Hammer+a+M.+Abel+Remuzat,+Journal+Asiatique,+Paris+1825,+VI&ots=oV07Im4XB2&sig=AQ9EWzYg4fTobN5IEWT0XqcRzKE&redir_esc=y#v=onepage&q&f=false)
2. Vambéry H. Üigürische Sprachmonumente und das Kudatku Bilik. Innsbruck, 1870
3. Radloff W. Das Kudatku Bilik des Jusuf Chass-Hadschib aus Bâlasagun. Petersburg, 1891
4. R. R. Arat. Kutadgu Bilig. I metin. Türk Dil Kurumu, Ankara, 1979.
5. Dilaçar A. Kutadgu Bilig İncelemesi. Türk Dil Kurumu, Ankara, 2016.
6. Юсуф Баласагунский. Благодатное знание. Баспаға әзірлеген С.Н. Иванов. Москва, «Наука», 1983
7. Бартольд В.В. Сочинения, Том V. Москва, «Наука», 1968.
8. Радлов В.В. Опыт словаря тюркских наречий. Том 4. Санктпетербург, 1911. Немесе электронды адресі: [www.books.e-heritage.ru/book/10075960](http://www.books.e-heritage.ru/book/10075960) (886-887 беттер).
9. Divanu Lugati't-Türk. Kaşgarlı Mahmud. Facsimile. Ankara. Kültür Bakanlığı, 1990.
10. Divanu Lugati't-Türk: Giriş-metin-çevri-notlar-dizin. Kaşgarlı Mahmud. Ahmet B. Ercilasun, Ziyat Akkoyunlu. Ankara, Türk Dil Kurumu, 2015.
11. Kutadgu Bilig. Yusuf Has Hacib. Faksimile, Fergana nüshası. Ankara: Türk Dil Kurumu, 2015
12. Mahmut Arslan. Kutadgu-Bilig'deki toplum ve devlet anlayışı. İstanbul Üniversitesi Edebiyat fakültesi basımevi. İstanbul, 1987
13. Баласағұн Жүсіп. Құтты білік /Көне түрк тілінен аударған, алғы сөзі мен түсініктерін жазған А. Егеубай. – Алматы: «Өлке», 2006. – 640 б.
14. Kutadgu Bilig. Yusuf Has Hacib. Faksimile, Kahire nüshası. Ankara: Türk Dil Kurumu, 2015.
15. Siyasetname. Nizamü'l-Mülk. Парсышадан түрікшеге аударған: Мехмет Таха Аиар. Türkiye İş Bankası yayınları. İstanbul, 2017
16. Hükümdar. Niccolo Machiavelli. Италиян тілінен түрікшеге аударған: Неждет Адабаг. Türkiye İş Bankası yayınları. İstanbul, 2017.

## **АҚЫН-ЖЫРАУЛАР МҰРАСЫНДАҒЫ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚ**

**Оралова Г.С.,**

*филология ғылымдарының кандидаты,*

*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,*

*Қызылорда, Қазақстан,*

*[gulzi-oralova@mail.ru](mailto:gulzi-oralova@mail.ru)*

#### **Summary**

This article touches upon dreams of people about true spiritual values and national independence in the works of poets – improvisators (akyns and zhyraus). The art of improvisation depicts ideas of mankind about good and evil. From time immemorial people was inspired by poetical works and they called for unity.

Өлең – ақындық поэзиядағы халықтық көңіл-күй психологиясын танытатын өнер. Ақындардың өлең өнері арқылы қалыптастырған мұралары жалпы ұлттық рухани мәдениетіміздің тұрмыстағы еңбек, шаруашылық кәсіптерінің де дамуына ықпал етті. Сол

ықпалдасудың нәтижесінде фольклор мен әдебиет мұраларында, ақындық поэзия туындыларында халықтың қоғамдық-әлеуметтік дамуының оқиғалары, жеке тұлғалар, тұрмыстағы жетістіктер мен кемшіліктер толық қамтыла жырланды. Ақындық поэзияның байырғы бастаулары болып саналатын түркі өркениеті жазба ескерткіштерінде де, орта ғасырлық түркілік-исламдық әдебиет мұраларында да, Алтын Орда – Қыпшақ – Ноғайлы (XII–XIV ғғ.), Қазақ хандығы (XV–XVIII ғғ.), Ресейге бодандық (XIX ғ. және XX ғ. басы), Кеңес (XX ғ. 20–80 жж.) дәуірлері ақын-жыраулары шығармаларында өлең өнеріне деген көзқарас арқылы азаматтық-отаншылдық сезім әлсіремеді. Өлеңге және ақындық өнерге деген халықтық сүйіспеншілік осылайша ұрпақтарымыздың ұлттық-азаматтық, отаншылдық-патриоттық сенімдерін үнемі биікке көтерумен келді. Ақындық өнердің көркемдік жалғастығы ғасырлар бойы халық тарихының көркем шежіресі болды.

Қазақ әдебиетінің қалыптасу, даму кезеңдеріндегі ақындық поэзияның көркемдік дәстүрі ұлттық сөз өнеріндегі әдебиет тектерінің (эпос, лирика, драма) жанрларының молая өркендеуіндегі өзекті желі болды. Ал, сол көп жанрлы әдеби дамудың сипатында поэзияның ықпалдылығы үнемі сабақтасып отырды.

Бұл орайда, әрине, қазақтың ақындық поэзиясының осындай қасиеттерінің ұлттық және әлемдік әдеби дамумен де үндесетін болмысы айқындалады.

Профессор С.Негимовтің пікірі бойынша халықтың мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан дүниетаным байлығының ақындық поэзиядағы қамтылу болмысы:

«... шексіз кеңістіктің, табиғат дүниесінің және адамзат қоғамының барлық құбылыстарын, жай-күйін, қозғалысын, түр-түстерін, заттарын, байланыстарын қамтып, ішіне сыйғызып тұрады. Олардың бәрі де өлең тіліне түскен кезде көз алдына әдемі суреттер келіп, өлең де оларды жатық бейнелеп, суретке түсіріп жатады. Мұның үстіне ақынның да жан-сарайы, болмыс-бітімі, философиялық, эстетикалық көзқарасы, интеллектуальдық, психологиялық ерекшеліктері поэзия тіліне айнымай көшеді. Ақындар халықтың ғасырлар бойы жасаған рухани – мәдени байлықтарын ана сүтіндей бойларына сіңіріп жатулары тиіс. Олар эпос тілінің дархан шалқарлығын, ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып қалған ділмәр поэзияны, символикалық белгілерді, көркемдік-мәнерлегіш құрал-әдіптемелердің алуан түрлі, сан қилы үлгілерін, қанатты, жатық тіркестерді меңгеруге, игеруге ұмтылады» [1, 13].

Бұл пікір бойынша біз ақындық поэзия дәстүрінің авторлы шығармашылық болып қалыптасуында фольклордағы, этнографиядағы, тарихи оқиғалар жүйесіндегі көркемдік-эстетикалық мәні бар игіліктердің барлығын да өзінің бойына сіңіретіндігін байқаймыз. Халықтың мыңдаған жылдар бойы қалыптасып жинақталған сөздік қоры мен құрамындағы жалпыхалықтық сипат алған жеке сөздер мен фразеологиялық оралымдардың лексикалық мағыналылық аясына сіңіскен бейнеліліктердің ең көрнектілері ақындық дүниетанымның көркемдік құралдары болып қолданылды. Қарапайым адамдарға қарағанда Жаратушының құдіретімен дара бітімді дарындылық, таланттылық қасиеттерін иеленген ақындардың шығармашылық тұлғалары халықтың үнемі назарында болды.

Ал, ақындық өнердің адамдардың тұрмыстық, қоғамдық әлеуметтік қатынастарында аса елеулі орын алатындығы туралы қазақ әдебиетінің түркілік дәуірлеріндегі әдеби мұраларда да үнемі сөз арқауында болып келеді. «Қорқыт Ата кітабында» [2], Махмұд Қашқаридың «Түркі тілдерінің жинағында» [3], Жүсіп Баласағұнның «Құтты білігінде» [4], Қожа Ахмет Иасауидың «Ақыл кітабында» [5], Ахмет Йүгінекидің «Ақиқат сыйында» [6] және т.б. кейінгі дамудағы көрнекті ақындық-жыраулық мұраларда [7, 113, ] сөз өнерінің, ақындық поэзияның адамдардың жан-дүниесін адамгершілік-имандылық нұрымен сәулелендіретін құдіретіне жоғары баға беріледі. Мысалы:

1. «Қолына қобыз ұстаған ұзан елден елге, бектен бекке барады. Кімнің батыр, кімнің бақыл екенін жырау білер» [2, 8]. («Қорқыт Ата кітабынан»).

2. Ақыны ақындардың білген ізбен,

Өлеңге сөзді гауһар әріп тізген.

Бұл күнде Тәңірім оны жарылқасын,

Ол күнде басшы болсын Сізге бізбен» [6, 89].



(Ахмет Йүгінекидің «Ақиқат сыйы» кітабынан).

3. Шайырлар бар сөзден кесте тігуші,

Кісілерді мақтап, даттап-сөгуші.

Қылыштан да өткір, ащы тілдері,

Қылдан нәзік ойларының іздері.

Ұққын келсе ұшқыр нәзік сөздерін,

Естіген әр сөздің тінін көздегін.

Ақын көңіл теңізіне батады.

Инжу, гауһар, жақұт нұрын шашады!

Мадақтаса – елге даңқын жетеді,

Егер сөксе масқара, қор етеді [4, 411].

(Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» кітабынан).

4. Менің хикметтерім ғаламға толған,

Есітпей өлгеннің бәрі қылады арман.

Менің хикметтерім дертке дәрмән,

Кімдер бойсұнбаса жолда қалған.

Менің хикметтерім ғаламда дастан,

Көңілім түссе сұхбатың болар гүлстан.

Менің хикметтерім білгенге өсиет дүр,

Білмегенге кепиет дүр [5, 118-119].

(Қожа Ахмет Яссауидың «Ақыл кітабынан»).

Ақындық өнердің жан жүйелік болмысы – азаматтың дүниетаным кеңістігінің көрсеткіші. Қазақ өркениетінің ата-бабалардың салт-дәстүрлері арқылы қалыптасып, дамып ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан дүниетану көзқарастары көркем кестелі, бейнелі тілдік өрнектермен нақышталды. Адамдардың тұрмыстық-әлеуметтік қарым-қатынастары мәдениеті, қарама-қайшылықтардың бірлігі мен күресі байланыстарынан құралатын тіршілік қозғалысы сөз өнері мұраларында бейнеленді. Ақындық өнер шығармаларында халықтың ата-бабалық дәстүрлер жүйесі негізіндегі шыншылдық, сыншылдық пікірлері, адамгершілік-имандылық ұлағатын танытатын дидактикалық-философиялық көзқарастары қамтылды. Сондықтан, қазақ әдебиеті тарихының барлық кезеңдеріндегі туындыларда да ақындық өнер ұлағаты хақындағы бағалау толғаныстары үздіксіз жырланды. Мысалы, Қазақ хандығы кезіндегі жыраулар поэзиясы халықтың өлең сөзбен рухтанып, жігерленіп, ел болуға ұйымдасатындығын дәлелдеді. Қазақ хандығы мемлекеті ұйымдасуының нығаюының аса қуатты насихаттық құралы – жыраулардың толғаулары. Бұл орайда, жыраулардың өздері де сөз ықпалының адамдардың жан-жүйесіне айрықша әсер ететінін, жақсылыққа бағыттайтынын, жамандықтан сақ болуға жетелейтінін үнемі назарға ала жырлаған. Мысалы:

1. Асан Қайғыдан:

... Жақсыларға айтпаған

Асыл шырын сөз ғаріп.

... Ғылымым жұрттан асты деп,

Кеңессіз сөз бастама [7, 25].

2. Доспамбеттен:

... Кет Бұғадай билерден,

Кеңес сұрар күн қайда? [7, 33].

3. Шалкиізден:

... Қара сия, ақ қағаз,

Дестірге өнер төктірдің! [7, 40].

... Батыр жігіт қол бастар,

Шешен адам сөз бастар [7, 43].

4. Бұқардан:

... Үлгісіз сөз болмайды,

Мақтасыз бөз болмайды.

Сөз ұғарлық ер болса,  
Айтылмас шын сөз болмайды.  
Алтындай асыл сөзіңді  
Кәдіріне жетіп бағалап  
Тыңдайтын ер кез болмайды [7, 90].

Ақындық дәстүрдің өзекті желісінде шығармашылық тұлғалар өлең өнері құдіретіне табына, тебірене жыр арнайды. Сөз құдіретінің адамзатқа, жалпы бүкіл тіршілік қозғалыстарына жасайтын эстетикалық-элеуметтік ықпалы – күрделі құбылыс. Қазақ әдебиетінің көп ғасырлар бойы қалыптасқан шығармашылық қозғалыс жүйесінде ақындардың сөз құдіретінің тіршілік құбылыстары ортасындағы аса ықпалды болмысын даралап атауы – үздіксіз жалғасқан үрдіс. Көркемдік жалғастық – шығармашылық тәсілдердің, дүниетаным тұжырымдарының ұрпақтан ұрпаққа сабақтаса ұласуының көрінісі. Сондықтан фольклор мен ақындар шығармашылығындағы сөз құдіретінің эстетикалық-гуманистік, дидактикалық тағылымына арналған пікірлерді сабақтастыра айту арқылы біз осындай жалғастықтың мәнін аңғарамыз.

XVIII–XIX ғасырлардағы ақындар поэзиясында да сөз өнерінің материалдық – рухани саласы бойынша адамдардың тұрмыстық, тіршілігі қозғалыстары арнасындағы ұлағатына арналған бағалаулар үздіксіз жырланды. Мысалы:

1. Шал Құлекеұлынан:  
Түседі өлең десе қайғы-шерім,  
Шығады айқайласам ащы терім.  
Басылмас аузымды ашқанмен бір көрік,  
Барады ықыласына көңілім еріп.  
Жел сөзді Тәңірім берген неге аяйын,  
Шашылған несібемді жүрмін теріп [8, 22].

2. Дулат Бабатайұлынан:  
...Жырымды менің тыңдаған,  
Сөз ұғатын соңғы адам.  
Тыңдаудан әсте тынбаған.  
Гауһардай дүрге бұлдаған,  
Сарқырап аққан жылғадан  
Жыр арнасы – суатпын.  
Шашудай болып шашылар,  
Меруерттей асыл сөз деген.  
Жыршылардың шайыры,  
Асыл сөзді езбеген.  
Нысананы дәл басып  
Қалаған жерден көздеген...  
Қамқа бірдей бола ма.  
Қаламы мата бөзбенен.  
Қосылып алтын қорымас  
Мырыш пен мыс, жезбенен.  
Меруерттей сөзбен шашайын –  
Бойыма біткен асылым  
Ақындық әсер қуатпен [9, 23].

Ақындық өнердің жан жүйелік болмысы сөздің мағыналық құдіретін, адамдардың жақсылықты да, жамандықты да түсінулеріне ықпал ететін эстетикалық, педагогикалық-психологиялық ықпалын түсінуге негізделеді. Сондықтан, фольклорда да, жазба әдебиетте де адамзаттың қоршаған тіршілік қозғалыстарының ортасынан дұрыс бағдар алуына сөзбен әсер ету қызметі айрықша назарға алынады.

Өлең өнерінің көркемдік мағыналарынан қуаттанған ақындық дәстүрдің көрнекті тұлғалары дидактикалық өлеңдерімен, айтыстарымен және эпикалық дастандарымен

халықтың ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан дүниетанымына әсер етті. Өлең өнеріндегі поэтикалық бейнеліліктер арқылы халықтың жақсылық пен жамандықты айыра білетін мінез-құлық психологиясын қалыптастырды.

Қазақ тарихының барлық кезеңдерінде де халықтың тұрмыстық қарым-қатынастарының дәнекері, насихатшысы болған ақындық-жыраулық поэзия әрбір жаңа ұрпақтың өлең өнеріне деген аса ілтипатты көзқарастарын қалыптастыруға негіз болды. Ақындық поэзия арқылы өлең өнеріне арналған айрықша құрмет сезімі қалыптасты. Халықтың өзіндік ұлттық-этнографиялық дүниетанымын ұрпақтан-ұрпаққа жалғастыра насихаттаған ақындық поэзия шығармалары қазақ сөз өнерінің шынайылығын, тәлім-тәрбиелік болмысын дәлелдеді.

Дәстүрлі ақындық поэзияның фольклор мен әдебиет дәстүрлері арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан өлеңге, сөз өнеріне арналған көзқарастар жүйесі жалпыхалықтық дүниетанымның эстетикалық, гуманистік болмысын танытады. Бұл – әлемдік өркениеттегі өзіндік тұғырымен даралана танылып отырған қазақ ұлтының мәртебелі көрсеткіші.

**Әдебиет:**

1. Негимов С. Ақын-жыраулар тілінің бейнелілігі. – Алматы: Ғылым, 1991.
2. Қорқыт Ата кітабы: Оғыздардың батырлық жырлары / Ауд. Ә.Қоңыратбаев, М.Байділдаев. – Алматы: Жазушы, 1986.
3. Қашқари Махмұд. Түбі бір түркі тілі («Диуани луғат-ит түрк»). – Алматы: Ана тілі, 1993.
4. Баласағұн Ж. Құтты білік. – Алматы: Жазушы, 1986. – 616 б.
5. Иасауи Қожа Ахмет. Диуани хикмет (Ақыл кітабы). – Алматы: Мұраттас, 1993.
6. Иүгінеки Ахмед. Ақиқат сыйы. – Алматы: Ғылым, 1985. – 152 б.
7. Ай, заман-ай, заман-ай... (Бес ғасыр жырлайды): 2 томдық / Құрастырушылыр М.Мағауин, М.Байділдаев). – Алматы. 1991. – т. 1. – 384 б.
8. Құлекеұлы Шал. Шығармалары. Зерттеулер. Алматы. 1999. – 264 б.
9. Бабатайұлы Дулат. Шығармалары. Өсиетнама: өлеңдер мен дастандар (1-кітап); Дулат тағылымы: сын-зерттеулер (2-кітап). – Алматы: Раритет, 2003. – 288 б.

**5-СЕКЦИЯ: «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» ЖӘНЕ «ЦИФРЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН»  
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ОРЫНДАЛУЫНА  
ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ**

**СЕКЦИЯ 5: «РОЛЬ НАУКИ ФИЛОЛОГИИ В РЕАЛИЗАЦИИ  
ГОСУДАРСТВЕННОЙ ПРОГРАММЫ «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ»  
И «ЦИФРОВОЙ КАЗАХСТАН»**

**SECTION 5: «THE ROLE OF SCIENCE OF PHILOLOGY IN THE  
IMPLEMENTATION OF THE STATE PROGRAM OF «РУХАНИ  
ЖАҢҒЫРУ» AND «DIGITAL KAZAKHSTAN»**

**ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУ БАРЫСЫНДА ЖАЛҒАМАЛЫ ТІЛДЕРДІҢ  
ГРАФИКАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕЛЕРІН ЕСКЕРУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ**

*Абдикарим Н.,*

*филология ғылымдарының кандидаты, доцент,  
Қарағанды мемлекеттік индустриялық университеті  
Қарағанды, Қазақстан,  
[nursana@yandex.ru](mailto:nursana@yandex.ru)*

**Түйіндеме**

Мақалада «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру барысында ұлттық кодымызды сақтай отырып, қазақ әліпбиін латын графикасына көшіруде тек қана үнді-еуропа тілдерінің ғана емес, ана тіліміздің табиғи сырларын терең ашып, түсіндіруге тірек болуға септігін тигізетін, белгілі бір дәрежеде тарихи байланысы бар, типтес корей, моңғол, жапон тілдерінің жазу қабылдаудағы тәжірибелерін де ескерудің маңыздылығы сөз болады.

**Резюме**

В статье идёт речь о том, что при реализации программы «Рухани жаңғыру» по переходу казахского алфавита на латинскую графику должны учитываться опыты письменностей не только индоевропейских языков, но и типологически схожих языков, имеющих определенные исторические связи с казахским, таких как корейский, монгольский и японский языки. По мнению автора, это способствует и служит опорой к глубокому раскрытию природы родного языка и осуществлению сохранения национального кода.

**Summary**

The article deals with the fact that during the implementation of the «Rukhani zhangyru» program on the transition of the Kazakh alphabet to the Latin script, the graphic experience of not only Indo-European languages should be taken into account, but also the experiences of typologically similar languages having certain historical ties to the Kazakh language, such as Korean, Mongolian and Japanese.. In the author's opinion, this is important in the adoption of the new alphabet and also contributes, and serves as a support to the profound disclosure of the nature of the native language and the preservation of the national code.

Жаһандану үдерісі қарқынды жүріліп жатқан қазіргі уақытта ана тілімізді таза күйінде сақтап, ғасырдан-ғасырға, болашақ ұрпаққа жеткізу жолында жасалуға тиісті абыройлы міндеттердің бірі – «...латын әліпбиіне көшу – ұлтымыздың санасын бұғаудан босатады, түркі және жаһандық әлемімен ықпалдасуға, қазақ халқы ертеден қолданған әліпбиімізге қайта оралып, ұлттық санамыздың қайта жаңғыруына жол ашады» [1].

Тілде ұлттың кодының кілті жататындығын ескерсек және тілдің ғасырлар өткен сайын өзгеріске ұшырайтындығын, лексикалық, морфологиялық құрал, амал-тәсілдер араласып, бір-бірінен сөздері алмасып, белгілі бір дәрежеде ықпалын тигізіп жататындығын мақұлдасақ та, тілдің ғасырлар бойындағы өзгерісіне төтеп бере алатын жеке қасиеті болады. Тілдердің мұндай автономиялық қасиетін сақтап тұратын жүйе – ол тілдердің типтік жүйесі. Тілдің типтік жүйесі түбегейлі өзгеріске түскен уақытта тіл де жойылады. Әлем тілдері

типологиясы жағынан фузиялық, агглютинативтік және аморф тілдер деген негізгі топтарға бөлінетіні белгілі.

Қазақ тілі басқа да түркі тілдерімен бірге жалғамалы тілдер қатарына жататыны баршаға аян. Жалпы дүние жүзінде фузиялық тілдерге қарағанда, агглютинативтік тілдер әлдеқайда көп тараған. Мұнда алтай тілдерінің макросемьясы (түркі, моңғол, тұңғыс-маньжур, жапон, корей), дравид тілдерінің семьясы, барлық банту, барлық австралия тілдері, үндіс тілдерінің көпшілігі, кейбір фин-угор тілдері, грузин тілі және т.б. тілдер жатады. Агглютинацияға тән форма мен мағынаның айқындығы сөйлеушіні психологиялық нақтылыққа жетелейді: оларды оңай ажыратуға болады, дәлірек айтсақ, сөздік құрамы айқын және жеткілікті дәрежеде рациональды, біршама тұрақты болып келеді. Сондықтан да синтетикалық, полисинтетикалық, аналитикалық тілдердің өзі белгілі бір дәрежеде агглютинацияның логикасы мен қағидаттарын пайдаланады. Мысалы, химия ғылымында галогендердің қышқылын белгілеу үшін қышқыл молекуласындағы оттегі атомының саны сәйкес келуі керек деген заңдылықты орыс тілінде сын есімнің жұрнағы арқылы өрнектеуінде осы жалғамалы тілдің қағидаты басшылыққа алынады:  $\text{HClO}$  – хлорн-оват-ист-ая,  $\text{HClO}_2$  – хлор-ист-ая,  $\text{HClO}_3$  – хлорн-оват-ая,  $\text{HClO}_4$  – хлорн-ая. Эсперанто тілінде сөздердің жасалуы да агглютинацияға негізделгені тегін емес. Себебі жалғамалы тілдердің аффиксациялық формасы бойынша бір мағыналы және стандартты, морфемалық жіктері айқын, сөз формалары грамматикалық, тіпті синтетикалық мәні бар күрделі жүк арқалап тұрса да, өзінің автономдық сипатын жоғалтпайды және тұрақты, басқаша айтқанда белгілердің тірек белгісін жоғалтуға және жаңа мәндерді іздестіруге әкеліп соқтыратын үдерістер тән емес. Сонымен қатар жалғамалы тілдердің тағы бір жүйелі сипаты И.А.Бодуэн де Куртенэ біртекті вокализмдердің үндесімін агглютинативтік сөз формаларының бөлшектері мен тұтастығын қамтамасыз етуге қажетті «цементтеуші құрал» деп таныған [2, 75] сингармонизм заңы болып табылады. Жалғамалы тілдердің осы бір ерекше қасиеті туыстас емес деп есептегеннің өзінде, типологиялық тұрғыдан ұқсас моңғол, жапон, кәріс тілдерінің графикалық таңбалануында қаншалықты ескерілгендігін саралай отырып, ана тіліміздің табиғи сырларына терең үңіліп, қажет болған жағдайда, әсіресе, қазіргі латын жазуына көшу барысында кейбір мәселелердің шешемін табуы үшін тірек ретінде пайдалануға болатындығымен маңызды болмақ.

Елбасымыздың «Рухани жаңғыру» бағдарламасының аясында жаңа заман сұранысына лайықты әрі төл тіліміздің өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып, латын қарпінің негізінде әліпби құрастыру бойынша Үкіметтік деңгейдегі талқылауға түскен үш түрлі әліпби нұсқасын бүкіл халық болып талқылап, әлі де қызу пікір-таластар орын алуда. Осы салада қызмет етіп жүрген ғалымдардың негізгі мақсаты мынадай болды: «...алдымен қазақ сөзінің үндесім әуезіне лайық әліпби үлгісін дайындап алу ...бөгде тілдің дыбыс-таңбасынан арылған таза, қоспасыз болу керек. Сонда төл әліпби өз таңба құрамы және еміле-ережесімен, ал кірме сөздердің жазылуы өз таңба құрамы және еміле-ережесімен тізбектеледі. Өйткені олардың үйлесім тауып, бір шаңырақтың астында басы бірігуі ғылыми тұрғыдан да, қолданба (практикалық) тұрғыдан да мүмкін емес. Кестеде тек ұлттық әліпби тізімі тұрады, кестенің сыртында кірме дыбыстардың жазылым еміле-ережесі мен үлгісі беріледі» [1]. Ендеше сөз болып отырған мәселеге өте ыждаһаттылықпен әрі ұқыптылықпен, ғылыми негізделген сыни-пікірлерді ескере отырып, бекітудің һәм толықтырудың қажеттілігі күн тәртібінен түспесі анық. Әрине, «өзіміздікін өзіміздікі» дейтін уақыт жетті. Бізде ұлттық сипаттағы белгілі бір мәселені шешу үшін кеңестік дәуірде қалыптасқан дағды бойынша орыс тілінде қалай болады екен деген санадағы тәуелділіктен арылу жетіспейді. Оның орнына туыстас, төркіндес тілдерде мәселе қалай шешімін тапқандығын қарастырып, соны бағдар етуден ұтарымыз көп болмақ. Өйткені ол біздің мәдениетіміз бен рухани өміріміздің келбетін тамырынан таратып, талдап, түсінуімізге септігін тигізеді. Сонымен өздерінің ерекше жазу жүйесін қалыптастырған, өзіндік ұлттық бет-бейнесін жоғалтпаған жалғамалы тілдердің графикалық ерекшеліктеріне аздаған талдау жасап көрелік.

Корей жазуы. Корей тілі – фузиялық элементтері бар жалғамалы тіл. Қытай және Европа тілдерінің ықпалына көп түскенімен, типтік ерекшелігін сақтап қалған тілдердің бірі. Дүние жүзінде аталған тілде сөйлейтіндердің саны 50 миллиондай. Дауысты дыбыстардың жүйесі монофтонгтар мен дифтонглардың көптігімен, фонемалық ұзақтығымен және сингармония ізінің сақталуымен ерекшеленеді. Графикалық жүйесі бойынша дүние жүзіндегі ең ғылыми жазу (Хангыл – XV ғ. құрастырылған) деп танылған. Қазіргі корей алфавитінде 40 әріп бар. Оның 14-і дауыссыз, олар өзара әр түрлі комбинация құрап, дауыссыздардың санын арттырады. Ал дауысты дыбысты белгілейтін негізгі екі таңба бар және ы; оларға көлденең немесе тік сызық қою арқылы дара 10 дауысты дыбысты белгілейді. Буын құралып жазылады: бастапқысы және соңғысы дауыссыз, ортаңғысы дауысты дыбыс болуы керек. Таңбаларды жазудың ерекшелігі мынадай: 1) ашық буында (дауыссыз дауысты) дауысты дыбыстың сызығы көлденең болса, дауысты дыбыс оның үстіне жазылады; ал егер дауыстының сызығы тігінен болса, дауыссыз сол жағына жазылады; 2) бітеу буын болса, соңғы дауыссыз дауыстының астына жазылады; 3) тұйық буын болса, буын дауыстыдан басталмайды деген ереже бойынша дауысты дыбыстың алдына арнайы белгі қойылады, бірақ ол белгі жазуда ескерілгенімен, оқуда ескерілмейді. Корей тілінің жазуы полифондық сипатта болып келеді. Әріптерінің көпшілігі лигатурада (бір графемамен екі немесе одан көп әріпті бейнелеу) орналасу орнына қарай аллографтары бар. Сонымен қатар киёк (к), тигыт (т), пиып (п), чийт (ч) дыбыстары сөздің басында немесе қатаң дауыссыздар арасында өз қалыптарын сақтаса, дауыстылармен немесе ұяң дауыссыздармен келгенде, т – д, п –б, ч –дж ретінде оқылады.

Көне ұйғыр (классикалық моңғол) жазуы. Бұл – түркі халықтарының тарихында қолданылған жазудың екінші түрі. Графикалық сипаты жағынан бұл жазу көне түркі әліппесіне ұқсас, сонымен төркіндес болған [3, 63]. Араб жазуы ығыстырған бұл жазу қазіргі моңғолдардың классикалық жазуы ретінде қолданыста бар. Шыңғыс ханның тұсында оның жазу-сызу өнерінің уәзірі Тататұңға арамей, одан әрі соғды жазуының негізінде құрастырған. Аталған жазу да өзінің тарихында бірнеше рет реформаланған. Құбылай ханның жарлығымен тибеттік Пагва лам Лодойжалцан 1269 жылы формасы жағынан тибет жазуына ұқсас, бейнелеп жазуы бойынша ұйғыр жазуына ұқсас 44 әрпі бар «Төртбұрыш жазу» құрастырады. Ол 1368 жылдары Юань империясы ыдырағанға дейін қолданылды. Ойрат ламасы Зая Бандид Намхайжамц 1648 жылы моңғол жазуын орфоэпиялық нормаға сәйкестендіріп және тибет, санскрит тілдерінің сөздерін жазуға оңтайландырып, «тод бичиг» құрастырып, оны 1924 жылға дейін Ресей қалмақтары қолданып келді. 1686 жылы Гомбодоржийн Занабазар монғол, тибет, санскрит сөздерін жазуға арналған үнді графикасының ерекшелігін басшылыққа алған 90 әрпі бар «Соёмбо жазуын» (Соёмбо деген сөз санскрит тілінде өзі пайда болған қасиетті әріп деген мағынаны білдіреді; бұл жазудың алғашқы «бирга» таңбасы қазірге дейін Моңғол Елінің мемлекеттік туында тәуелсіздіктің белгісі ретінде бейнеленіп келеді) құрастырды. 200 жылдай халхалардың діни мекемелерінде архитектуралық безендіруші элемент ретінде қолданылып келді. Сонымен қатар Занабазар «көлденең төртбұрыш жазу» құрастырғанымен, ол қолданыс таппады. 1905 жылы буриад ламасы Агваандорж жоғарғы екі алфавит негізінде «вагиндра» атты жазу құрастырды. Мұнда классикалық жазудағы әріптердің сөздің басы, ортасы, соңындағы таңбалары алынып тасталды және бұл жазудың бірнеше жылдық (1905-1910 ж.) ғана ғұмыры болды. Моңғол Елінің тарихында латын жазуы да 1941 жылы ақпанның 1-нен ресми жазу деп танылғанымен, екі айдан соң шешім күшін жояды. 1946 жылдан бастап кириллица мемлекеттік жазу ретінде орыс алфавитіне ө және ү дыбыстарын қосып қабылданды және қазіргі кезге дейін қолданылып келеді. Моңғол кириллицасының қазақ алфавитімен салыстырғанда, үндестік заңының жазуда ескерілуімен ерекшеленеді. Мысалы, сөздің басқы буындарында а немесе е (э) жазылса, соңғы буындарда да сол дыбыс жазылғанымен, оны оқуда ескермейді: халбага (қасық) деп жазып халбығ деп оқиды; эртхэн деп жазылса, ертих'ін деп оқылады т.б. Моңғол Елінің ... жылғы 12 ақпандағы Ұлы Құрылтайының шешімімен қабылданған «Моңғол тілі туралы» заңда барлық мемлекеттік шенеуніктерге моңғолдың

классикалық жазуын үйреніп, қолдануға міндеттелді; ал қарапайым халық мүмкіндігінше кириллица және ескі жазуын қолдануға болады.

Ал енді түркі халықтарының да қолданысында болған классикалық ұйғырлық моңғол жазуы жоғарыдан төмен қарай, үндестік заңын (лингвальдық және лабиальдық сингармонизм заңын) сақтай отырып, бір дыбыс үш түрлі позициясымен жазылады және онда 32 әріп бар, оның 25-і дауыссыз (5-і шет тіл дыбыстарын белгілеуге арналған), 7-еуі дауысты дыбысты белгілейді. 20 дауыссыз дыбысты дэвсгэрлэх және үл дэвсгэрлэх (төсеніш болатын және төсеніш болмайтын) деген екі топқа бөледі және төсеніш болатын дыбыстың, яғни тұйық буын жасайтындарың (сөздің соңына жазылатындарының) – 12, олар әрі қарай қатаң төсеніш, жұмсақ төсеніш деген екі топқа бөлінеді де [4, 14-15], осыған сәйкес прогрессивтік ассимиляция заңы жүзеге асырылады. Мысалы, ном-ду, ном-дур, ном-даган; хүмүн-дүр, эгэчи-дүр, эгэчи-дэгэн; улус-тур, улус-ту және т.б.

Жапон жазуы. Жапон тілінің генетикалық төркіні әлі күнге дейін белгісіз, лексикасынан австронезийск тілдерінің субстраттық, ал алтай тілдерінің суперстраттық белгілерін байқауға болатындығы анықталғанымен, сөздік қорының 40%-ы қытай тілінің кірме сөздері болып табылады. Қазіргі жапон тілінің лексикасы канго (қытай тілінен енген сөздер), ваго (ерте дәуірдегі жапон сөздері) және гайрайго (басқа да тілдерден енген сөздер) деген үш үлкен топқа бөлінеді және бұлардың ішіндегі салмақты үлесті канго иемденеді [5, 93]. Осыған қарамастан грамматикалық мағыналары көбінесе синтетикалық жолмен берілетін агглютинативтік сипатын сақтап қалған. Қазіргі жапон тілінің идеография мен буындық фонографияны үйлестірген бірегей жазуы бар. Жапон графикасының тарихына көз жүгіртсек, VII ғасырдан бастап қытай иероглифтері жапон тілінің форматы негізінде, яғни жапон тілінің морфологиялық және синтаксистік ерекшеліктері ескеріліп, іріктелген қытай иероглифтері – манъёгана қолданылды. Қытай, жапон тілдерінің құрылысы сәйкес келмегендіктен, жазуға да өзгерістер енгізу қажеттілігі туындап, «Кана» («уақытша атау») жазуына, хирагана (жазықтық қана), катакана (қабырғалық қана) деген қосымша түрлері енгізілді. VIII–IX ғасырларда жапонның буындық (силлабикалық) жазуы қалыптасты.

Қазіргі кезде Жапонияда жазудың төрт түрі қолданылады: кандзи (қытай тілінен алынған иероглифтер) және катакана, хирагана деген буындық жазуы. Катаканамен қытай және корей тілдерінен басқа тілдерден енген сөздерді, ал хираганамен иероглифтік танбасы қалыптаспаған жапон тілінің өз сөздерін, сонымен бірге көмекші сөз таптарын, есімдіктер мен суффикстерін жазады. Сонымен қатар жапон сөздерін латын қарпімен жазатын ромадзи деген жазу түрі де қолданылады. Жапон тілінде бір ғана дауысты дыбыс буын құрай алады немесе ашық буынды болып келеді, тек қана н дыбысы ғана бітеу немесе тұйық буын түзе алады. Жапон тілінен алтай тобына жатқызылып жүрген басқа да тілдердегідей, үндесік заңын іздестіруге болмағанымен, оның графикалық дәстүрінен тілдің өзіндік ерекшеліктерін танытатын мәселелердің шешімін табуына үлгі болатын жағдайларды көруге болады. Мысалы, жапон тілінің тек өз сөздерін ғана жазатын хирагана арқылы тіл үйренушінің санасына өзіндік және өзгенік деген ұғым мықтап қалыптасады; сонымен қатар «л» дыбысы жапон тілінде жоқ болғандықтан, оны «р» дыбысына алмастырып жазып, айта береді; бұл да тілдің өзіндік болмысын сақтауға септігін тигізеді.

Кеңестік дәуірден бастап дәстүрлі фонологиялық теория негізінде (І.Кеңесбаев, Ж. Аралбаев) зерттеліп келген ана тіліміздің дыбыстық жүйесін соңғы кездері А. Жүнісбеков, Ж. Абуов сынды ғалымдар сингармониялық теория бағытының принциптері бойынша зерттей бастады. Дәстүрлі теорияны ұстанатын ғалымдар фонема - тілдегі шағын, сөз мағынасын ажырататын функциональды бірлік деп есептесе, сингармонизм теориясы бойынша фонема мен екпін есепке алынбайды. Теориялық тілтаным (фонетика) мен қолданбалы лингвистика (оның ішінде әдістеме де бар) үшін әліпби дыбыстардың санымен шектелу жеткіліксіз болып отыр. Себебі дыбыстардың әліпби тізбегі тілдегі ақиқат дыбыстардың бір тобын ғана қамтиды. Мысалы, қазақ тілінде Т, С (әліпби атауы – ты, сы) дауыссыз дыбыстары бар. Ал осы дыбыстар тек тыс сөзінің құрамында ғана кездеседі де, дәл сол Ты, Сы айтылым үлгілері тіс, тұс, түс сөздерінің құрамында кездеспейді. Өйткені, Ті, Тұ,

Тү, Сі, Сұ, Сү дыбыстарының жасалымы да (артикуляциясы), естілімі де (перцепциясы) басқа екені эксперимент арқылы анықталып отыр. Ендеше, теориялық фонетика дыбыс түрленімінің мүмкін болған үлгілерін түгел анықтауға тиіс, онсыз ғылыми нәтиже толық болмайды. Қазақ (түркі) тілінде буыннан кіші морфема болуы мүмкін емес, ендеше қазақ грамматикаларында ескеріліп жүрген дауыссыз морфемалар жалған нәтиже болып табылады [6, 17]. Осы тұрғыдан келгенде, жоғарыда сөз болған корей, моңғол және жапон тілдерінің жазуында буынның графикада көрініс табу сипатына назар аудару да артық етпейді. Өйткені дыбыстардың буынға кірігу тәсілі барлық тілдерге ортақ болмайды, сонымен қатар жалғамалы тілдердің қопармалы тілдерге қарағанда морфемаларының шегі (буындық шегі – Н.А.) айқын, бір аффикс бір ғана мағынаны білдіріп, бір ғана мәнге ие болатындығымен ерекшеленетіндігін де ескерген жөн.

Осы мақаланы жазу барысында біздің назарымызға іліккен дыбыстардың бірі – к/к және ғ/г дыбыстары. Көне түркі жазуында қ мен ғ жуан дауыстылармен, ал к мен г жіңішке дауысты сөздерде, бірнеше таңбалық нұсқада жазылған [6, 33-37]. Қазіргі қазақ тілінің төл сөздерінде олардың осы сипаты толықтай сараланып, бұларды бір дыбыстың екі түрлі нұсқасы ретінде қабылдауға болатын дәрежеге жеткен. Ал кириллицада оларға екі-екіден төрт таңба белгіленген, ұсынылып отырған латын әліпбиінде де осы үрдіс сақталыпты. Бірақ қасық, қатық, қалта, қора, құрастыру т.б.; кесік, кетік, келте, көре, күрестіру т.б. сөздерден байқайтынымыздай, латын әліпбиінде осы екі дыбыс лигатурамен (корей тілінде де бар), белгіленсе ұтымды болар еді. Мысалы, *kasik* – *kesik*, *kalta* – *kelte*, *kurastiru* – *kurestiru* тәрізді жазылады да, оқуда «к» жуан сөздерде қ, ал жіңішке сөздерде к ретінде оқылады деген түсініктеме беріліп, қалыптастырылуы керек. Г мен ғ жайында да осыны айтуға болады. Айталық, *gulder* немесе *gundar* деген сөздерді сол тілдің жазу-сызуын меңгерген адамға г әлде ғ деп оқыла ма деген мәселе қиындық тудырмаса керек. Кириллицаға негізделген қазіргі моңғол алфавитінде ха, хэ дауыссыздарын ха, ал га, гэ дауыссыздарын га деп қабылдап, бұл төрт дыбыс х және г деген екі әріппен ғана беріледі. Егер жуан дауыстылармен келсе қ, жіңішке дауыстылармен к ретінде дабысталады; г әрпі де жіңішке сөзде г, жуан сөздерде ғ ретінде дыбысталады. Мысалы, *харанхуй* (қараңғы) [*qar'ngqui*], *хэрэгтэй* (керекті) [*keregtei*], *дагавар* (жұрнақ) [*daǵ'var*], *дэрвэгэр* (желпілдек) [*derv'ger*] деп оқылады. Латын әліпбиін құрастыру барысында тіліміздің осындай табиғи заңдылықтарына зер салып, аңғару арқылы ұлтымыздың рухани дүниесінің кілті болып табылатын тілінің құпия әрі басқа тілде сөйлеушілердің үйренуі үшін белгілі бір дәрежеде қиындық келтіретін кодын жасау артық болмайды. Ал көңілшектікпен басқа тілді тұтынушылардың ыңғайына қарай, тілдің қасиетіне бойламай әліпби түзетін болсақ, онда ұлттық код туралы сөз қозғаудың өзі орынсыз. Жоғарыда айтқанымыздай, корей тілінің «ең ғылыми жазу» деген атауға ие болғандығымен, жапон жазуының «өзімдікі, өзгенікі» дегенді ұғындыруымен, классикалық моңғол жазуының үндестік заңын өте қатаң сақтай отырып құрастырылғандығымен өміршен әрі классикалық сипатқа ие болған, сондықтан да олардың графикалық жүйесіне назар аударып, зерделеу керек.

Қорыта келгенде, «Рухани жаңғыру» бағдарламасының аясында жүзеге асырылатын латын графикасына көшу, қазіргі қоғам мүшелеріне «құнай ма, ұнамай ма» немесе «қолайлы ма, қолайсыз емес пе» деген бұр күндік мәселенің төңірегінде емес, ұлттық кодымызды болашаққа жеткізуімен құнды болатын реформа ретінде жүзеге асырылуы керек. Ал мұндай мақсатта тек үнді-еуропа тілдерінің ғана емес, типтес, төркіндес тілдердің тәжірибелерін де жан-жақты зерттеу және қажетіне қарай пайдаланудың да берері мол демекпіз.

#### Әдебиет:

1. <http://e-history.kz/kz/contents/view/6807>
2. Мечковская Н.В. Общее языкознание: структурная и социальная типология языков. – М.: Флинт; Наука, 2001.
3. Кордабаев Т. Қазақ тілі білімінің қалыптасу, даму жолдары. – Алматы: Рауан, 1995.
4. Монгол бичиг (сурах бичиг). Зохиогч. / Чой. Лувсанжав, Ж. Лувсандорж. – Улаанбаатар, 1987.



5. Алпатов В.М., Аркадьев П.М., Подлеская В.И. Теоретическая грамматика японского языка (Книга 1). – М.: Наталис, 2008.
6. Жүнісбек А. Қазақ фонетикасы. – Алматы, 2009.
7. Айдаров Ф. Күлтегін ескерткіші. Зерттеунама. – Алматы: Ана тілі, 1995.

## ҰЛТТЫҚ ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТ – ҚОҒАМДЫҚ ДАМУДЫҢ ТҰМА БАСТАУЫ

*Абдирасилова Ә.К.,  
педагогика ғылымдарының магистрі,  
Қазақ технология және бизнес университеті,  
Астана, Қазақстан,  
[aikerim70@mail.ru](mailto:aikerim70@mail.ru)*

### **Резюме**

В данной статье рассматривается актуальность языка в мировоззрении, анализируется историко-познавательная роль и его моральное влияние на общество. Данное исследование выполнено в соответствии с поставленными целями.

### **Summary**

In this article, the relevance of language in the world view is examined, the historical-cognitive role and its moral influence on society are analyzed. This study was carried out in accordance with the goals set.

Тіл адамзат қоғамына тән өркениеттіліктің алғышарты, тұма бастауы. Қоғамдық қатынастар барысында үздіксіз кемелденіп, жаңарып, жаңғырып отыратын әрбір халықтың ұлттық тілі тарихи-танымдық мазмұны жағынан да аса жоғары мәнге ие. Өйткені халықпен етене бірлікте жасасатын тілдің құрылымдық, мазмұндық аясында ұлттық ойлау жүйесінің деңгейі, дүниетанымы, тарихи жады терең астар құрап жатады.

Халқымыз тағдырдың қатал талқысымен тарихи зобалаңның небір жойқын иірімдерін бастан өткерді. Сол алапат құбылыстар қайбір дүниемізге қатысты болмасын өзіндік өшпес таңбасын қалдырып отырғандығы мәлім. Ежелден Көк Тәңірінің құдыретіне табынып, өздерін Ұлы Даланың бөрі рухты, тарлан текті перзенті санап келген түркілердің ата жұртын Х ғасырдың соңғы ширегінде шығыстан келіп енген араб-парсы мәдениеті кеңінен жайлай бастаған-ды. Оған дейін айнала қоршаған сырт елдерді айбынымен ықтырып келген Тұран ойпатының тарихи атауы Түркістан болып өзгеруі де тікелей осы тарихи құбылыспен байланысты. Бүгінде қазақ халқының ұлттық сөз қорына кіріге сіңісіп кеткен «шағын қала» деген ұғымды беретін «стан» сөзінің түп төркіні сол шығыстық әлемге тиесілі. Сонымен орта ғасырлардағы айрықша шешек ата гүлденген өнер мен мәдениет, ғылым мен білімнің қайнаған ордасы ретінде төрткүл дүниеге танымал қала - Түркістан атауы «түріктер жайлаған мекен, түріктердің қаласы» дегенді білдіреді екен.

Ұлы Дала төсінде қасиетті ислам дінінің ықпалымен басталған осы шығыстану үрдісінің нақтылы белгілерін еліміздегі жер-су, елді мекендер мен қала атаулары барысынан да аңғаруымызға болады. Бұған дейінгі қалыптасқан дәстүрлі мәдениет бойынша қазақ халқының жер-су, елді мекен атаулары негізінен аймақтың табиғи қалыбына, ерекшелігіне байланысты болып келетін. Яғни Қарағанды, Көкпекті, Жыланды, Миялы, Шұбартау, Зайсан, Көкшетау, Жуалы, Қияқты, Мойынты, Билікөл, Талас, Мойынқұм, Қорғалжын, Жезді, Алмалы, Талдықорған, Ұзынағаш, Кемербастау, Ақтау, Қарағайлы, Боранды, Құланды, Балқаш, Арқалық, Зеренді, Сандықтас, Сұлутөр т.б деген сынды. Ал микропонимикада болса сол маңайда болып өткен айтулы оқиғаларға байланысты немесе оқиғадағы бас кейіпкердің есіміне байланысты болумен ерекшеленетін. Бұның нақтылы дәлелін М.Әуезовтің «Қорғансыздың күні» әңгімесі желісінен табамыз.

Аталмыш шығармада Арқалық тауының жоғарғы жағын алып жатқан Күшікбай кезеңі туралы баяндалады. Күшікбай – сол Арқалық тауын қыстайтын бес-алты рулас

ауылдың арғы атасы болып келеді. Өмірден ерте озған сол Күшікбай кезінде намысты қолдан бермейтін, жас болса да көзсіз батырлығымен даңқы асқан жан болған екен. Батырдың моласы сол Арқалық тауының жоғары жағында орналасыпты. Бірақ бұл кезең, яғни Арқалық тауындағы биік бір белдің Күшікбай атымен аталуының өзіндік тарихы бар екен. Күшікбайдың кім болғандығы, басынан қандай дәурен кешкендігінің жайы шығармада былайша баяндалады: «Күшікбай батыр жиырма бір жасында дүние салған екен. Ерте күннен жортуылға аттанып, Уақтың көп батырларының арасында бұғанасы қатпағандығына қарамай, талай қиын-қыстауда ақыл тауып, қажымай қайрат, ерен ерлік көрсеткен. Осындай өнерінің арқасында ерте күннен батыр атын алған екен. Соңғы жылдарда көздеген мақсаты қолбасылық болып, аяғында оған да жетіп, егескен елінен кегін алып, егер қылып жүргенде шешек шығыпты. Шешек ауыр болып, төсекте қозғала алмай, көп уақыт жатып қалған. Сол кезде Күшікбай ауырып жатыр дегенді естіп, талайдан өшін ала алмай жүрген Уақтың бір батыры жауының жанын ауыртпақ болып, белдеуде байлаулы тұрған қызыл бесті деген атын тал түсте тартып алып кетіпті. «Пәленше атыңды алып кетті» деген ағайынның жетімсіген сөзін естігенде, жаны шыдамай, ауруымен алысып жатқан батыр, жылқыдан ат алғызып, жалаңаш егіне бір шекпенді кие салып, жауының артынан қуып кетіпті.

«Батырды мұқаттым» деп, үйіне келіп, жаңа жайланып, жауы отырғанда Күшікбай атын ойнақтатып, найзасын түйіліп, өрт сөндіргендей болып зәрін шашып, жетіп келген. Сол бетімен ауылдағы самсаған сары қолға: «соғысамын, қан төгемін» деп әлек салған. Бірақ жиылған елдің ішіндегі басты адамдар: «Уақтың баласы бірін-бірі өлтіріп араздаспасын» деп, ат-шапан айыбымен Күшікбайдың атын қайырыпты. Батыр еліне қайта қайтқанда, ауруы меңдей бастап, атқа әрең жүріп, осы күнгі бейігі тұрған биіктің басына келгенде мұршасы құрып, найзасын тіреп аттан түсіпті. Сонан соң басын оңға қаратуға ғана шамасы келіп, жан-тәсілім қылған. Артынан ағайын-туғаны жылап барса, шешегінің ауыздарын шекпен қажап, қотырының суы шекпеннің сыртына шып-шып шығып кеткен екен дейді. Батырдың көп мұратына жете алмай, жас күнінде қуаты қайнап, долданып өлгендігінен моласы тұрған биіктің бауырынан боран, ызғар айықпайтын болған екен деп, бағанағы кәрі әңгімесін тоқтатушы еді.»

Қарап отырсақ осындағы баяндалып отырған бір ғана тау шатқалына байланысты атау тарихының өзі ақ өткенімізге қатысты қаншама құнды деректер таратып тұр. Осындағы шағын ғана тарихи дерекке негізделген әңгіменің барысында «Осы екі мінез болмаған соң ұлттықтан, елдіктен біржолата кетіп бара жатырмыз» (39 сөз) деп Абай кемеңгеріміздің айтатынындай, намыстың жолында арын да, шыбын жанын да тәрк етуден тайынбаған қазақы болмыс барыншы айшықталып тұр емес пе. Сонымен қатар: «Бұл әңгімені айтушы адамдар Күшікбайдың кім екенін жұртқа танытқанда, өзінің сол батырдың ұрпағы екендігін көңіліне бірталай қанағат қылып, бойы көтеріліп, көңлі күңгірт өмірдің уайымынан бірталай сергіп қалушы еді.» (1.3 бет) деп оның тәрбиелік мәні де қоса ашылып көрсетіледі. Осыған қарап біз әрбір тау, тас, жота, шатқалына дейін ат қойып, атау беру мәселесінде қазақтың ең алдымен өлкенің өткенінен сыр шертіп тұратындай шежірелік мәнге, сосын оның ұрпақ тәрбиесіндегі маңызына баса мән бергендігін аңғарамыз. Яғни қоршаған ортадағы әрбір зат мейлі ол бұлақ болсын, мейлі ол тау, болмаса құм болсын әйтеуір солардың кез келгенінің атауы тарихи танымдық, тәлім-тәрбиелік, шежірелік мәнге құрылумен ерекшеленген екен.

Сондай-ақ еліміздің оңтүстік өңірінде «Сұмқайтты» деп аталатын жер бар. Ерте кездерде қалмақ шапқыншылығы заманында қазақтар қалың қол жинап, осы жерде қалмақтарға жойқын соққы берген екен. Қытай мен орыс патшалықтарының қолтығына су бүркіп, мұздай етіп қаруландыруының арқасында құтырылған қалмақтың беті ең алғаш осы маңда қайтарылады. Содан кейін осы жер сұмның бетін ең алғаш қайтарған жер ретінде «Сұмқайтты» деп аталып кетіпті. Қарап отырсақ көшпенді тұрмыс ерекшелігі, қала берді бірін-бірі жалғап отырған жаугершілік, шапқыншылық қазақтың жазу-сызу жғдайына да көп нұқсан келтірді. Өзге жұрттардағыдай қазақтың арнайы қағаз бетіне түсіріліп жазылған дүниелері жоқтың қасы. Есесіне осындай жер-су атаулары, яғни топонимика саласындағы қалыптасқан осындай ұлттық дәстүрлеріміздің негізінде қазақтың даласының әрбір тасы,

тауы, өзені мен көлінің атауы жергілікті ерекшеліктерден хабар беріп қана қоймай, тіпті географиялық картаның ролін атқарды. Ал өткеніміздің сырын шертіп жатқан тарихи танымдық маңызы жағынан жазылмаған архив материалы ретінде бағалауымызға да болады.

Түйіндеп айтқанда, қазақтың жер-су атауларына байланысты қалыптасқан ұлттық дәстүрі ең алдымен тарихи-шежірелік сипатқа, сосын тәрбиелік мән мазмұнға негізделіп отырумен ерекшеленген. Міне осы қалыптасқан дәстүрдің өзінің табиғи ағыс арнасынан ауытқып, микротопонимиканы былай ысырып қойғанда, макротопонимикаға дейін жекелеген кісі есімдерімен аталу жағдайына ойыса бастауы қоғамның араб-парсылану үрдісімен байланысты. Әрине бұл құбылыс біздің ұлттық санамызға да әсер етпей қалмады. Тіпті кісі есімдерінен бастап, ауыл, аймақ, қала, дала атауларының дені араб текті болып кетуі біздің өткенімізден, яғни өзіміздің төл дәстүрімізден қол үзіп, өзіміздің тарихи жадымыздан алыстап кетуімізге әкеп соқтырды. Ал ұлттық болмыстың асыл өзегі болып табылатын ұлттық сана – тап осы айтылып отырған құндылықтармен терең тамырласып жатқан біртұтас дүниелер.

Демек осының өзі-ақ ұлттық сананы қалыптастыру жолында тілдің атқарар ролінің қаншалықты маңызды екендігін айғақтайды. Жер жаһандағы адамзат қоғамына қатысты дүниенің негізгі кілті тілден басталса, сол тіл арқылы адам мен адам, қоғам мен қоғам, қауымдастықтар мен өркениеттер өзара тығыз байланысып орнатады. Тәуелсіздігін теңгерген сәттен бері қарата айтарлықтай зор табыстарға қол жеткізіп келе жатқан Қазақстан Республикасында өзіміздің ана тіліміздің конституциялық құқықтары айқындалды. Осыған дейін жетпіс жыл бойына үстемдік құрып келген орыс тілінің тасасында қалдырылған ұлттық тіліміз мемлекеттік тіл – дәрежесін иеленді. Ал орыс және өзге де шетел тілдері қосымша тіл ретінде жүргізілетін қанаттас мәнге ие болды. Еліміздегі тілдік айналымға байланысты осы құбылыстың өзі ұлтымыздың жарқын келешегіне серпін болып табылатын бірден бір ізгі ұстаным.

Ұлттық сана мен мемлекеттік тілді бірінен-бірі ажыратып жатудың қажеті шамалы. Өйткені бұл ұғымдар өзара тұтастықта, бірінен-бірі бөле жарып қарастыруға келмейтін, әрдайым бірлікте қолданылатын идеологиялық маңызы аса қуатты дүниелер. Осыны терең сезіне білген Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Егемен Қазақстан» газетінің бетінде жарық көрген «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты жаңа бағдарламалық мақаласында «Біз жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерді қайта түлетуіміз керек» деп атап көрсетті.

Өркениеттің биік белестерін бағындырып, қоғамның келешек кемелділігі бағытындағы ұлттық ұстанымымызға айналып отырған «ұлттық жаңғыру» деген ұғымның мобильденген ғасырдағы бітім-болмысы қандай болмақ керек деген ой қазіргі таңда әрбір қазақстандық азаматты толғандыратын келелі мәселе. Жалпы ұлттық идеологияның тірегі жер, дін, діл, тіл, тарих сынды негіздерден құралады. Мәселе осы құндылықтардың жайын өз деңгейінде насихаттап, ұрпақтар сабақтастығындағы ролін айқындай түсуде екендігі сөзсіз.

Өз мақаласында осы және өзге де өзекті ойларға байланысты жүйелі тұжырымдар мен бағдарлы бағыттарды айқындап берген Елбасымыз: «Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді. Оның екі қыры бар. Біріншіден, ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту. Екіншіден, ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып, оның бірқатар сипаттарын өзгерту. Қазір салтанат құрып тұрған жаңғыру үлгілерінің қандай қатері болуы мүмкін? Қатер жаңғыруды әркімнің ұлттық даму үлгісін бәріне ортақ, әмбебап үлгіге алмастыру ретінде қарастыруда болып отыр» деп жазды. Әлемдік өркениет көшінде ілгері қарай өрлеген ұлт өкілдерінің әрқайсысы өзінің барлық құндылықтарымен қатар, әсіресе тіл деген ұлы байлығын барынша қастерлеп, көзінің қарашығындай сақтап тұру жайына алаңдауда. Өйткені жаһандану жағдайындағы әлемдік қозғалыста ағылшын тілі үстемдік алып, кейбір ұлттық тілдердің жойылып кету қаупін тудыра бастағандығы да жасырын емес. Міне, осы жағдайды да жіті пайымдап отырған елбасымыз өзінің ұлттық тілге байланысты «Рухани жаңғыру» аясында көтерген келелі пікір көзқарастарының өрістей беруін назардан тыс қалдырмай отыр.

Оған күні кеше ғана Qamshy.kz таратқан Ақорданың баспасөз қызметінің «Қазақстан президенті Нұрсұлтан Назарбаев қазақ тілінің мәртебесін көтеру бағытындағы жұмыстарды жалғастыру керегін айтты...» деп басталатын хабарламасы айқын дәлел. Ақпарат және коммуникациялар министрі Дәурен Абаевпен кездесу барысында инновациялар мен жаңа технологияларды енгізу жөніндегі жұмыстарды жандандыра түсу, сондай-ақ бұл үрдіске «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасына қатысушылардың креативті әлеуетін пайдалану қажеттігін атап арнайы өткен елбасымыздың сондай-ақ қазақ тілін латын қарпіне көшіру мәселесіне арнайы тоқталып, мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыруға бағытталған шараларды күшейтуге байланысты арнайы тапсырмалардың басын ашып көрсеткендігі қалың жұртшылыққа мәлім.

Әсіресе Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың: «Халқымыз үшін латын қарпіне көшу үдерісінің тарихи мәні зор. Сонымен бірге, қазақ тілінің мәртебесін арттыру жөніндегі жұмыстарды жалғастыру қажет. Парламент пен Үкіметтің қызметі тек мемлекеттік тілде жүргізілуге тиіс» деп ұлттық тіліміздің коммуникациялық маңызын үкіметтік, мемлекеттік деңгейде мүмкіндігінше жандандыру мәселесіне арнайы тоқталуы жайдан жай емес. Еліміздегі киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету, отандық бұқаралық ақпарат құралдарының бәсекеге қабілеттігін арттыру, еліміздің телеарналарындағы сериялық өнімдердің сапасын арттыру, жастарға патриоттық тәрбие беру мәселелері жан-жақты қамтылған бұл қабылдаудың қорытынды сәті мемлекет басшысының мемлекеттік тілдің қолданыс аясын жандандыруға әсіресе, үкіметтік қызметтегілердің белсенді түрде атсалысуын талап етіп қоюмен түйінделуі тілдің мемлекет дамуындағы өзекті мәселе екендігін білдіреді.

Олай болса ұлттық тілімізді көздің қарашығындай сақтау арқылы біз қазіргі жаһандану заманына жұтылып кетуден сақтана алады екенбіз. Өйткені мобильдік даму жағдайындағы бірыңғай жаһанданудың қауіп-қатері барған сайын күшейіп бара жатыр. Осыған қарсы тұратын әлеуетті күш, яғни ұлттық иммунитет болып табылатын мемлекеттік тіл – ұлттық сананың ең басты кілті. Ана тілімізде сөйлеу арқылы санамыздың терең түкпірінде қатпарланып жатқан өткенімізге қатысты таным-көзқарасымызды түзейміз. Сол арқылы кемел келешекке деген сеніміміз нығая түседі. Әлемдік өркениеттер тарихында өзіндік сән-салтанатымен көрініс тапқан көшпелілер дәуірінің ендігі кезеңдегі даму қарқыны да сол байырғыдан келе жатқан тіл қазынасын сақтауымен тікелей байланысты. Ұлттық тілді сақтау үшін сананың ашықтығы айқын болуын да Елбасы мақаласында дұрыс тұжырымдайды: «Сананың ашықтығы зерденің үш ерекшелігін білдіреді. Біріншіден, ол дүйім дүниеде, жер шарының өзіне қатысты аумағында және өз еліңнің айналасында не болып жатқанын түсінуге мүмкіндік береді.

Бүгінгі ұлттық әліпбиіміздің тұйықталған кирилл таңбасынан латын әліпбиіне өту жағдайы да қоғамның ұлан кеңістікке ұмтылу ишарасы. Әрине оның да өзіндік қиындықтары, аса үлкен жауапкершіліктері де жоқ емес. Бірақ біз соларға қарсы жүруді, қиындықпен күресе отырып ұрпақтар сабақтастығының алтын арқауын бекіте түсуді қалаған заман өкілдері екендігімізді терең сезінеміз.

**Әдебиет:**

1. Әуезов М. Шығармалар жинағы. – Алматы, 2007.
2. Байтұрсынұлы А. Ақ жол. – Алматы, 1992.
3. Егемен Қазақстан. – 2018.
4. Қиянбаев С. Рухани жаңғыру – ерен елдіктің ен таңбасы.

## ПРЕЦЕДЕНТТІ МӘТІННІҢ РУХАНИ МӘНІ

*Абдыханова Б.А.,*

*PhD докторант,*

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,*

*Астана, Қазақстан,*

*[abdychanovab@mail.ru](mailto:abdychanovab@mail.ru)*

### **Резюме.**

Рассматриваются особенности функционирования прецедентных текстов в художественном литературном произведении. Определяется роль прецедентных текстов в процессе понимания текста.

### **Summary.**

Features of the functioning of precedent texts in artistic literature are considered. The role of precedent texts in the process of understanding the text is defined.

Қазіргі таңда ақпараттық үрдістің жалпыәлемдік, жаһандық сипатқа ие болғаны белгілі. Осы себепті тілді зерттеу бірнеше бағытта жүзеге асырылып жатыр: тілдің ішкі құрылымы мен жүйесін зерттеуге басымдық беретін лингвистикалық зерттеулер мен тіл және ойлау, тіл және қоғам, тіл және мәдениет, тіл және саясат, тіл және идеология сияқты аспектілерді қарастыратын пәнаралық зерттеулер. Осы тұрғыдағы лингвистикалық концепциялар тілдік жүйені жан-жақты зерттеу, бір жағынан, тілдің нақты бір мәдениетпен, екінші жағынан, тілдің сол тілді тұтынушының санасымен байланысын ескермей мүмкін еместігін алға тартады. Тіл мен мәдениет, тіл мен сана көмегі арқылы біз өзімізді қоршаған әлем деректерін (фактілерін) талдап, түсіне аламыз, тіл мен мәдениет, тіл мен сана, тіл мен ойлау сол тілді тұтынушылардың бір-бірін өзара түсінісуінің негізі десек болады. Осыған орай, антропоэкетілік парадигмаға сай тіл мен ойлаудың өзара байланысын зерттеудің маңыздылығы артты. Тіл бізді қоршаған әлем бейнесі, оның біздің санамызда орын алуы, дамуы десек, онда тілді зерттеу ойлауды зерттеуге әкеледі. Л. Выготскийдің: «... метод исследования интересующей нас проблемы не может быть иным, чем метод семантического анализа, метод анализа смысловой стороны речи, метод изучения словесного значения» - деген тұжырымдамасы бар [1, 51 б.]. Яғни әр сөздің мағынасы бар, тілдік бірліктер ойлау көрінісі, ой жемісі болып табылады. И.А. Стернин тіл туралы пікірінде, тілді адам санасына, оның концептосферасына, ойлау бірлігі ретіндегі концептілердің мазмұны мен құрылымына жол табу құралының бірі деген ой білдіреді. Тілдік таңбалардың семантикасын зерттеу арқылы, адамдардың концептілік аясына (концептосфера) ене аламыз, соның көмегімен қандай да бір халықтың өткен тарихының әртүрлі кезеңдерінде олар үшін ненің маңызды болғанын, ал ненің назардан тыс қалып отырғанын (осы назардан тыс қалған дүниенің басқа бір халықта өзіндік салмағы болған) анықтауға болады деп есептейді. Ғалымның айтуынша: «Через язык можно познать и эксплицировать значительную часть концептуального содержания сознания» [2, 290-291 бб.]. Осы айтылған пікірлерді прецедентті бірліктердің танымдық, лингвомәдени қызметіне де қатысты айтуға болады. Прецедентті бірліктер көмегімен де нақты бір ұлтқа тиесілі ұғымдар мен түсініктер туралы ақпараттар беріледі. Мәселен, өзегі фольклорлық шығармалар болып табылатын прецедентті мәтіндер қазақтың дүниетанымдық әлемі, адамгершілік қасиеттері, этикалық принциптері, ұлттық ұстанымдары туралы түсініктер беруге қабілетті. Прецедентті мәтіндердің осы қасиеті қазіргі таңда зерттеу нысанына алына бастады. Оның себебі Р.Л. Смулаковский мен Я.В. Кузнецованың айтуынша мынада: «XX ғасырдың лингвистикалық парадигмасына әсер етуші феномендердің ішінде интертекст пен прецедентті мәтіндердің орны ерекше, себебі олардың көмегімен тілдің бізге мәлім көптеген деректері жаңаша көрініс бере бастады» [3, 1135 б.]. Соңғы жылдардағы ұлтымыздың құндылықтар жүйесіндегі өзгерістер гуманитарлық білімнің аса қажет екенін көрсетіп отыр. Осыған байланысты елімізде рухани жаңғыру мәселесі өткір қойылып отыр. Ұлттық бірегейлікті сақтау, өз мәдениетімізді, ұлттық кодымызды сақтау негізгі міндеттер болып аталды. Жалпы гуманитарлық білімнің негізгі субъектісі – ол адам. Гуманитарлық

білім рухани құндылықтар, рухани алғышарттар мен ұстанымдар негізінде адамның рухани жетілуіне, дамуына, өркендеуіне қызмет етеді. Фольклорлық шығармалардың прецедентті мәтін ретіндегі қызметін қарастырудағы негізгі міндет те түйін сөздер арқылы берілген фольклорлық элементтердің рухани әлеуетін ашу, ұлттық құндылықтардың өзегін таныта алудағы қасиетін анықтау, тілдің прецедентті мәтіндер көмегімен ұлттық ұғымдар мен түсініктерді тасымалдаушы қызметіне көңіл аудару болып табылады. Прецедентті мәтіндердің ұлттық болмысымызды таныта алу әлеуетін зерттеп, байқау – ұлттық табиғатымызды, ділімізді танытуға ұмтылған ақын-жазушылардың әрекетін қаншалықты жүзеге асыра алады, ұлттық тәлім-тәрбиеге ден қоюға ұмтылған жас оқырмандардың талпынысын қаншалықты қанағаттандыра алады деген сауалға жауап іздеттіреді. Мысал үшін, Бөкен Абзалдың мына өлең жолдарын қарастырсақ:

Қыз Жібектің көшін сол өз көшің деп,  
Төлегенше көңілім көздесін көп.  
Жақсы болсам деп келем,  
Сендік жүрек  
Менен тәуір жігітті сезбесін деп [4, б.] .

Өлеңге тірек болып тұрған прецедентті есімдер - Қыз Жібек пен Төлеген қай тұрғыдан алып қарасақ та ұрпақтан-ұрпаққа үлгі ретінде танылып келе жатқан рухани жан иелері. Қыз Жібек, біріншіден, сұлулықтың, әсемдіктің символы:

Ақ маңдайы жалтылдап,  
Танадай көзі жарқылдап,  
... Қыз Жібектің шаштары  
Қоғалы көлдің құрағы.  
Көз сипатын қарасаң  
Сегіз бейіш ішінде  
Хорлардың жаққан шырағы.  
... Қыз Жібектің ақтығы –  
Наурыздың ақша қарындай.  
Ақ бетінің қызылы –  
Ақ тауықтың қанындай.  
Екі беттің ажары –  
Жазғы түскен сағымдай...

Қыз Жібектің ішкі жан дүниесінің тазалығы, махаббатқа адалдығы, көркіне сай ақылы – оның кейінгі ұрпаққа үлгі етер бір қыры болса, Қыз Жібектің әдепті қылықтары, киім үлгісі, өзін ұстауындағы қыз балаға тән биязылық, талғампаздық сияқты сыртқа көрініп тұрған қасиеттерін қазақы тәрбиенің үлгісі ретінде қабылдаймыз. Сондай-ақ Төлегеннің де үлгі боларлық жеке бас қасиеті ретінде сертке адалдығын, алған бетінен қайтпайтын қайсарлығын, өз бетімен шешім қабылдай алатын жігерлілігін, табандылығын атап өтер едік. Ал Қыз Жібектің көші ұлттың өткен өмір салтынан, дәстүрінен көрініс беретін, сән-салтанаты жарасқан көш. Көштің жырдағы баяндалуынан, сипатталуынан қазақ тұрмысындағы қыз балаға деген құрмет, сый-сияпаттың ерекше екендігі бірден байқалады. Өлеңдегі прецедентті мәтіннің қызметі оны қолданудағы автордың позициясынан шығады. Бөкен А. прецедентті бірліктерді жастарға үлгі болсын деген ниетпен қолданса, екінші бір ақынымыз Ә.Дәулетбаеваның «Жалқыны жоқтау» өлеңі оқырмандарына ой салады:

Жайықтан ұшқан жалқы қаз,  
Қаңқылың көпке жетті ме?  
Арызың айтқан өтті ме?  
...Жайымды енді сен тыңда,  
Төлеген-ғұмыр, Табыл-жыр,  
Жетім қалған жеті ішек...  
Әуелеп ұшқан алты қаз...  
Жайықта қалған жалқы қаз... [5, 71-72 бб.].

Мұндағы: Жайықтан ұшқан жалқы қаз – Төлеген. Төлеген ғұмыр – «қысқа ғұмыр» мағынасында қолданылып тұр. Ал, Жайықта қалған жалқы қаз – Сансызбай. Ақын «Жайықтан ұшқан жалқы қаз, Қаңқылың көпке жетті ме? Арызың айтқан өтті ме?» - деп жырлайды. Осы өлең жолдарынан автордың «Жалғыздың үні шықпас, жаяудың шаңы шықпас» - деген қазақ мәтелімен астасқан ойы аңғарылады. «Әуелеп ұшқан алты қаз» - Төлегеннің жалғыздығын бейнелеп көрсететін прецедентті атрибут. Автордың Төлегеннің Қыз Жібек еліне жалғыз аттанғанын жөн көрмегенін байқатады. Ақын оқиғаның осы тұстарына ерекше көңіл бөліп, оны оқырмандарына өткеннен сабақ ретінде ұсынғандай әсер етеді. 3. Ерназарова адам тілдік таңбаларды өзара қолдану үшін ғана емес, тыңдаушының қызығушылығын оятып, оны әрекетке итеру үшін де қолданатындығын айта келе: «Яғни тіл бірліктері хабарды жеткізуші құралдар қызметін атқарып қана қоймай, тыңдаушыға ықпал етіп, әрекетке итеруші құралдар ретінде жұмсалады» - деген пікір білдіреді.

Келесі өлең жолдарындағы прецедентті есімдер де нақты бір мақсатпен қолданылған:

...Қас дұшпанын қашырған,

Қобыланды бабамыз

Көк бөрінің ұрпағы.

... Тұлға болар бір жұртқа,

Түп-анамыз қыз-Құртқа.

... Не екенін ар-намыс

Ұғындырған ұлдарға

Алпамыс пен Тарғыны.

Сол заманның шындығы –

Алдаркөсе қулығы,

Қожанасыр қалжыңы

Кедей қылып байларды,

Бай қылыпты жарлыны.

... Көбейгенде шер-мұңы,

Аңыз болған ерлігі,

Қасқа ат мінген Қамбардай

Арқалаған ел жүгін,

Судан шыққан ер Төстік,

Көрден шыққан Көрұғлы,

Қозы баққан Көрпеш пен

Еңіреген Едіге

Екендігі белгілі.

... Үлгі болған қыздарға

Ақ Баян мен Қыз Жібек.

Батыр болса бабамыз,

Асыл болса анамыз

Қалай артта қаламыз?!

Жалғастырмай жақсы ісін,

Қайтіп байыз табамыз?!

Жақсы атадан туған соң,

Ата жолын қуған соң,

Қайтіп жаман боламыз?! [6, 29-30 б.]. (Қазақ елі)

Ақындардың шығармаларына арқау болып отырған прецедентті есімдер ержүрек батыр, кемел ақыл иесі, ерекше сұлулық иесі деп танылған, ұлтымызға тән әдет-ғұрып, дағдылардың, адамгершілік стереотиптерінің қалыптасқан үлгісін көрсете алатын, ұлттық тәрбие нәтижесінің көрсеткіші болып табылатын фольклорлық кейіпкерлер. Осы фольклорлық кейіпкерлер «қазақ қандай болған?» деген сауалға жауап беріп, ақын шығармасының прагматикалық әлеуетін күшейтіп тұр, әр қазақ үшін батырлық, ерлік, адамгершілік, тәртіп, дәстүр мен тиымдар эталоны қызметін атқарып тұр. Аталған

прецеденттік есімдердің контекстегі тағы бір қызметі ақынның авторлық позициясынан көрінеді, яғни ақын бүгінгі ұрпақ өзін-өзі танысын, тегін білсін, кімнен тарайтынын есте ұстасын деген мақсатта қолданған. Белгілі бір прагматикалық мақсат көздеген автор прецедентті есімдерді тірек көркемдік амал ретінде таңдап, стильдік жүк арқалатып отыр. Осы орайда, М. Алпысбестің төмендегідей тұжырымдамасына тоқтала кетсек: «... батырлардың ерлігі (батырлар жырында, тарихи әңгімелерде), билердің шешендігі (билер сөзінде), қариялардың шежірешілігі, даналығы (қария сөзде), хандардың рахымдылығы (төрелер туралы әңгімелерде), байлардың дархандығы, әулиелердің кереметтері (агиологиялық мифтерде), сыншылардың сыншылығы, бектердің бектігі, мырзалардың мырзалығы, сондай-ақ әншілердің, ақындардың, жыраулардың өнері, қасиеттері – осылардың барлығы, бір жағынан, ұлттың тарихимәдени мұрасы болғанымен, екінші жағынан, ең бастысы, негізінен, өскелең ұрпақтың қалыптасуына тәрбиелік қызмет еткен. Тарихта өткен әрбір әйгілі тұлғаның әрекеттерін оңтайлы түрде оның жарқын жағынан да, көлеңкелі тұстарынан да көрсетіп, олардың мінезінен жақсы-жаман өнегесін көрсетіп тәрбиелей білген» [7, 211 б.]. Олай болса, прецедентті есімдер арқылы өткенге шолу жасап, болашаққа бағдар беруге тырысқан ақын-жазушыларымыз да ұлтымыздың мәдени мұрасын жаңғырта отырып, ұрпақ тәрбиесіне ықпал етуді ұстанады. Осы тұрғыдан алып қарағанда, прецедентті мәтіндер мәдени мұраны тасымалдаушы тілдік құралдардың бірі ретінде танылып, рухани мәнге ие болады.

**Әдебиет:**

- 1 Выготский, Л. С. Мышление и речь: Сборник. – М.: АСТ Москва: Хранитель, 2008. – 668 с.
- 2 Стернин И.А. Теоретические и прикладные проблемы языкознания: избранные работы. – Москва-Берлин: Директ-Медиа, 2015. – 1077 с.
- 3 Кузнецова Я.В., Смулаковская Р.Л. Интекст и прецедентный текст в их соотношении // Русистика: лингвистическая парадигма конца XX века: Материалы научной конференции, посвященной 80-летию филологического факультета РГПУ им. А.И.Герцена и 75-летию проф. С.Г. Ильенко. – СПб.: Изд-во СПбГУЭФ, 1999. – С. 135-137.
- 4 Абзал Б. Сөзім // Төр: жыр кітабы. – Алматы: Жазушы, 2009. – 240 б.
- 5 Дәулетбаева Ә. Жалқыны жоқтау // Жан Дауыс: өлеңдер. – Алматы: «Айғаным» баспа үйі, 2017. – 190 б.
- 6 Шаяхмет А. Адамның күні адаммен // Сөз: Өлеңдер. – Алматы: «Қаратау КБ» ЖШС; Дәстүр, 2016. – 384 б.
- 7 Алпысбес М. Қазақ шежіресі: тарихнамалық-деректанулық зерттеу: монография. – Астана: «BG-Print» ЖК, 2013. – 380 б.

**ÇUKÇALARDA SOSYAL ADET VE GELENEKLER  
(Sibirya Araştırmaları)**

*Prof. Dr. Erdoğan Altınkaynak,*  
[erdoganaltinkaynak@ardahan.edu.tr](mailto:erdoganaltinkaynak@ardahan.edu.tr)

*Ulpetay Niyetbay*  
*doktora öğrencisi*  
[ulpetay.niyetbay@gmail.com](mailto:ulpetay.niyetbay@gmail.com)  
*Ardahan Üniversitesi,*  
*Ardahan, Türkiye*

**Түйіндеме**

Чукчалар Солтүстік Мұзды Мұхит пен Тундраларды мекендейді. Халық саны тым аз. Өздерінің тілінде сөйлейді. Бұғы шаруашылығы жақсы дамыған. Олар өлгеннен кейін басқа бір тәнмен бірге қайта тірілетініне сенеді. Мақалада осы халықтың үйлену тойы, дүниеге келу, өлім жайындағы сенімдері және күнделікті тұрмысы, әлеуметтік жағдайлары жайында мәлімет беріледі.



## Abstract

Chukchis are a people, who live in Tundra and the Arctic Ocean region. Their population has dropped significantly. They have their own language. Chukchis are nomadic people who graze herd of deer. They believe that they will be reincarnated in a new body after death. In this article, information about wedding, birth, death, beliefs, social and the daily lives of Chuckis is presented.

## Резюме

Чукчи – это народ, живущий в Тундре и в Северном Ледовитом океане. Количество населения значительно сократилось. Существует свой родной язык. Чукчи являются кочевым народом, пасущееся стадо оленей. Верят в переселение души после смерти на новую жизнь. В этой статье дана информация о свадьбе, рождении, смерти, об убеждениях, о социальной и повседневной жизни данного народа.

Yakutistan veya Saha Cumhuriyeti (*Sahacası: Öröspüübülükete*), [Rusya Federasyonu](#)'nu oluşturan federe cumhuriyetlerden biridir. Özerk Cumhuriyettir. Yaklaşık olarak 950.000 civarındaki nüfusun çoğunluğunu (467.000) oluşturan [Yakutlar](#) bir [Türk halkıdır](#). Cumhuriyetin [Rusça](#)'da tam adı *Respublika Saha* olarak yazılır. Cumhuriyet, 3.103.200 km<sup>2</sup>'lik bir alanı kaplar ve bu alan, [Rusya Federasyonu](#) topraklarının beşte biridir. Yakutistan dünyadaki en büyük yüzölçümüne sahip olan özerk ülkedir. Başkenti [Yakutsk](#)'tur (Yakutçası: *Dokuuskay*).

İstatistiklere göre Yakutistanda yaşayan halkların genel nüfus dağılımı aşağıdaki tablodaki gibidir.

	1939	1959	1970	1979	1989	2002	2010 <sup>[1]</sup>
<a href="#">Saha Türkleri</a>	233.273 (%56,5)	226.053 (%46,4)	285.749 (%43)	313.917 (%36,9)	365.236 (%33,4)	432.290 (%45,5)	466 492 (%49,9)
Dolganlar			10 (%0,0)	64 (%0,0)	408 (%0,0)	1.272 (%0,1)	
Evenkler	10.432 (%2,5)	9.505 (%2)	9.097 (%1,4)	11.584 (%1,4)	14.428 (%1,3)	18.232 (%1,9)	21 008 (2,2 %)
Evenler	3.133 (%0,8)	3.537 (%0,7)	6.471 (%1)	5.763 (%0,7)	8.668 (%0,8)	11.657 (%1,2)	15 071 ( %1,6)
Yukagirler	267 (%0,1)	285 (%0,1)	400 (%0,1)	526 (%0,1)	697 (%0,1)	1.097 (%0,1)	
Çukçalar	400 (%0,1)	325 (%0,1)	387 (%0,1)	377 (%0,0)	473 (%0,0)	602 (%0,1)	
Ruslar	146.741 (%35,5)	215.328 (%44,2)	314.308 (%47,3)	429.588 (%50,4)	550.263 (%50,3)	390.671 (%41,2%)	353 649 (%37,8)
Ukraynalılar	4.229 (%1)	12.182 (%2,5)	20.253 (%3)	46.326 (%5,4)	77.114 (%7)	34.633 (%3,6)	20 341 (2,2 %)
Diğerleri	14.723 (%3,6)	20.128 (%4,1)	27.448 (%4,1)	43.695 (%5,1)	76.778 (%7)	58.826 (%6,2)	
<a href="#">Tatar Türkleri</a>	4420 (1,1 %)	5172 (1,1 %)	7678 (1,2 %)	10 976 (1,3 %)	17 478 (1,6 %)	10 768 (1,1 %)	8122 (0,9 %)

(KAYNAK: <https://tr.wikipedia.org/wiki/Yakutistan>)

Türkiye'nin dört büyüklüğündeki bir coğrafyada bu kadar az nüfusun yaşaması, iklim şartları düşünüldüğünde gayet normaldir. Kışları -60, -70'leri bulan soğuk, yaz aylarında (3 ay) +30'ları bulmaktadır. Kış aylarındaki soğukluk ve yaz aylarında aşırı rutubet ve sıvrisinek insanlara oldukça zor anlar yaşatmaktadır.

Halkın geçim kaynakları, göçebe ren geyiği yetiştiriciliği, kürk avcılığı ve balıkçılık önemli yer tutar. Ülkede bulunan [samur](#), [kutup tilkisi](#), [sincap](#), [tilki](#) ve nadir balık çeşitleri, çok geniş çam

ormanları ülkenin tanıtılmasında önemli yer tutar. Yakutistanın en önemli kaynakları yer altı zenginlikleridir. Ülkede [elmas](#), [altın](#), [gaz](#), [kömür](#), [gümüş](#) ve [bakır](#) çıkarılmaktadır. Mendeleyev tablosundaki elementlerin tamamı Yakutistan'da bulunmaktadır. Yakutistan'ın hemen her bölgesinde elmas çıkarılmaktadır.

Yakutistan binlerce irili ufaklı göle sahiptir. Geniş ormanlar için en büyük tehlike, kendiliğinden çıkan orman yangınlarıdır. Dünyanın en uzun 10. Irmağı olan Lena bu ülkededir. Lenin ismini bu ırmaktan almıştır. Bu ırmak üzerinde yüksek tonajlı gemiler ulaşımına katkı sağlasa da yılın 7 ayı buzlarla kaplıdır. Bu coğrafyada Türk kültürü adeta buzullardaki gibi saklı ve korunaklı kalmıştır.

Buradaki bilgiler, 2014 Ağustos ayında, “Manas’ın Görünen Yüzleri: Kayçılar – Akınlar – Ozanlar – Aşıklar” ve “Ammasov Adına Yakutsk Kuzeydoğu Federal Devlet Üniversitesi ile ortaklaşa yaptığımız “Yakutistan Halklarının Dilleri ve Kültürlerini Derleme” projeleri kapsamında yapmış olduğumuz derleme faaliyetlerinde toplanmıştır. Derleme faaliyetlerini Türkiye’den Erdoğan Altınkaynak, Fatih Şayhan, Abdullah Elcan ve Kırgızistan vatandaşı Aygül Bolotova; Yakutistan’dan, Vasily Vasilyeviç İllarionov ve Ludmila S. Zamorschikova yürütmüştür. Derleme mekanı olarak Yakut Halkları Vakfı, Yakutsk Devlet Müzesi, ve Kuzeydoğu Federal Üniversitesinin alanları kullanılmıştır. Derleme dili Rusça olup, Rusça’dan Türkçeye yazarlar deşifre ve tercüme etmiştir.

Derlememizde kaynak kişiler, Yakutistan’ın başkenti Yakutsk’da yaşayan Çukçalardan Vera Nikolayevna ve Anna Mihailovna’dır. Vera Nikolayevna 78 yaşındadır, Tundra’da doğmuştur. Genellikle Çukçalar Sovyetler Birliği Döneminde 16 yaşından itibaren çalışırlar, ama Vera Nikolayevna’nın anne babası kendisi küçükken vefat ettiğinden dolayı, ağabeyi kendisine bakmadığı için 9 yaşından itibaren çalışmaya başlamış. Vera Nikolayevna Srednekolımsk şehrindeki Halk Eğitim Kurulunda muhasebeci olarak 36 sene, profesyonel sendikada 25 sene çalışmıştır. Bir oğlu vardır. Üç kızını büyütmüş, hepsini okutmuş. Bunlardan 10 torunu ve onlardan da 6 torun çocuğu vardır.

Anna Mihailovna Tarabokina 52 yaşında iken, Tundra’da doğmuştur. Başka aile tarafından büyütülmüş. 5 çocuğu ve 7 torunu vardır. Küçük halkların göçebe kabile topluluklarında ren geyiği çobanı olarak 2 sene çalışıp, 2 yıl içinde 1700 den fazla ren geyiği üretmiş.

Tarihi kaynaklarda Çukça ismine rastlanılmamaktadır. Kuzey Buz Denizi kenarında yaşayanlara “deniz kıyısında yaşayanlar”, ren geyikleri sürüleri olanlara (luoravetlan) kendileri ‘gerçek insanlar’ diyordular. Çukça ismi ilk defa 1929, 1930 yıllarında kullanılmaya başlanmıştır.

Kolımsk’te altı milliyet vardır: Çukçalar, Yakutlar, Evenkler, Evenler, Yukagirler, Dolganlar.

Çukçaların kendilerine ait ana dili vardır. Ancak bu dil yazı dili halini almamıştır. Çok da işlek bir dil değildir. Çukçi – Kamçatka dilleri ailesinden Paleosibirya dillerindedir.

Herkesin inancı vardır. Çukçalar Tanrı’ya inanmaktadır. Öldükten sonra öteki dünyaya gideceklerine inanmaktadır. Tanrı’nın kızmaması için herkesle iyi geçinmeye, günah işlememeye çalışmaktadırlar. Ruhun varlığına kesinlikle inanmaktadırlar. Ateş kutsal olarak kabul edilip saygı duyulmaktadır. Eskiden şamanları da vardır. Tanrılarını ağaçtan yaparlar ve yüzünü, gözünü, ağzını da bu ağaç heykel üzerinde belirtirler. Bazen bu ağaç heykele saygı gösterir, ona yiyecek içecek ikram eder, bazen de ateş yakmak için kullanırlardı. Bazıları tapmaktadır. Yeryüzünü kutsamışlardır.

Yemekleri: balık ve ettir. İlkbaharda buzağular doğduğunda keklik, kaz gibi av kuşlarını avlarlar ve balık tutmaktadırlar. Etleri ve balıkları tütsüleyerek veya dondurarak saklamaktadırlar. Buzağular büyüyene kadar onlara dokunmazlar. Sadece ormandan ren geyiklerini avlayabilirler. Geyiklerin yediği bazı otları da kullanırlar. Yiyeceklerini büyük oranda çiğ olarak tüketirler.

Gelir kaynakları geyik sürüleri ve bunlardan elde ettikleri ürünlerdir. Sovyet Sosyalist Cumhuriyetleri Dönemine kadar Amerika’dan da müşterileri vardır. Dışarıdan aldıkları ise, yakıt, sigara, motor parçaları, aydınlatma araçları gibi şeylerdir.

Evlilik: Evlenmenin belli bir yaşı yoktur. Farklı toplum veya milletlerle evlilik yapılabilmektedir. Evlilikte inanç çeşitliliğine itiraz yoktur. Görücü usulüyle evlilik yapılmaktadır.

İyi huylu, güler yüzlü, çalışkan ve zengin gelin ve damat ideal tip olarak kabul edilir. Sovyetler Birliği Dönemine kadar gençler anne babalarının izinleriyle evleniyorlardı. Kızın seçme hakkı yoktur. Kız kaçma – kaçırılma hadisesi vardır. Kız istemeye damadın anne babası gider. Eğer anne – baba yoksa, yakın akrabalar veya kendisini büyüten kişiler bu istemeye giderdi. Damadın durumuna göre kıza başlık veriliyordu. Başlıklar genellikle ren geyikleri, kürk, sigara içenlere sigara, alkol gibi şeylerdir. Ayrıca karşılıklı hediyeleşmeler yapılmaktadır. Hediye olarak damat tarafından taze et, geyik derisinden yapılan süet (malaha) şapkaları ve işlemeli desenleri ile ayakkabı veriliyordu. Kız tarafından da kızın annesinin terzilik yeteneği var ise, hediyeler çok daha çeşitli olmaktadır.

Gençlerin anne babaları anlaştıktan sonra aynı günü gelinlerini evlerine götürürler. Düğün damadın evinde olmaktadır. Genelde düğün fazla sürmemektedir. Tören ritüelleri çok ve çeşitli değildir. Bunlar, karşılıklı olarak verilen hediyelerin sergilenmesi, kızaklarla ren geyiklerini yarıştırmaya, ya da koşu yarışması gibi şeylerdir. Ateşin üzerinden atlama ve etrafında dans da yapılmaktadır.

Düğün yemekleri: stroganina (Kuzey ve Sibiryaya bölgesinde yapılan ince kesilen ve çiğ yenilen dondurulmuş balık (veya et), geyik eti, etten yapılan ekmek (önce et pişirilir, kemiklerden yağ alındıktan sonra etle yağı karıştırmaktadır ve dondurmaktadırlar).

Eskiden kıza çeyiz olarak kürk verilmekteydi. Bu durum günümüzde kısa dayanıklı giysiler olarak değişse de halen geçerliliğini korumaktadır.

Evlendikten sonra gelin kocasının ailesi ile birlikte yaşar. Çukça evlerinin adına “yaranga” denmektedir. Yarangada geyik derisinden yeni evlenenler için ayrı bir bölme yapılır. Bu zıfaf odası olarak kullanılır. Bölmeleri temizlemek için silkeleme yapılır.

Düğüne hazırlık: Düğün için herkes en güzel ve en yeni elbiselerini giymektedir, kızlar saçlarını örüp, erkekler tıraş olurlar. Önceleri akraba evliliklerine rastlanmaktaydı, ancak şimdilerde yoktur. Bekaret ile ilgili sorumuz cevapsız bırakılmıştır.

Düğünde kız ağlatılmamaktadır. Kimse ağlamamaktadır. Gelin kocasının evine geldiğinde alınına kömürden kara çalınmaktadır. Yeni doğulan bebeğin alınına da kömür sürülmektedir. Düğün gecesi için özel bir hazırlık yapılmaz.

Çukçalar, gelen misafire, misafirperverlik ve itibar olarak kendi hanımlarından birini “seni ısıtsın” diye ikram edebilmektedir. Kocasını ölen bir kadına veya karısı ölen bir erkeğe arkadaşları kendi eşlerini bir süre kullanmaları için takdim ve teklif edebilirler.

Ailenin fertleri hepsi bir arada yatarlar. Gelen misafir de birlikte yatar. Birlikte yatmayanlar sadece ailenin yarangasında ayrı bölmede kalan yeni evlilerdir. İklim şartlarının zorluğu, böyle bir davranış şeklini doğurmuş olabilir.

Çukçalar çocukları çok sever ve çok sayıda olmasını isterler. Genellikle aileler kalabalıktır ve bu kalabalıkla öğünürler. Çocuğun kız veya erkek olmasına karşı özel bir beklentileri yoktur. Her çocuk neslin devamı olarak sevinçle karşılanır. Kısır olan veya doğum yapamayan kadınlar sırf bu yüzden dolayı boşanmazlar. Vera Nikolayevna 7 sene sonra doğum yapabilmiş ancak boşanma olmamıştır. Çocuğun kendisi önemlidir, kimden olduğu çok önemli değildir.

Vera Nikolayevna'nın tanıdığı bir kadının çocukları yaşamıyor veya ölü doğum ve düşük yapıyormuş. Kocasını kanında sorun olduğunu düşünüp, hanımına başka erkekle olmasını teklif etmiş. O kadının 9 çocuğundan sadece 1 kızını yaşamış. O da şimdi 58 yaşındadır.

Hamilelik esnasında çocuğun cinsiyetini belirlemede herhangi bir yöntem kullanılmıyor. Kadın hamileyken düşük yaparsa, çocuğunun cinsiyetini bilmesi için bir bebeğin şapkasını yastığının altına, rüyasında çocuğunu görmesi için koymalıdır.

Eskiden çok eşlilik vardı. Vera Nikolayevna'nın babası çok zengindi ve 3 kere evlenmiş. İlk eşi Evenk, ikinci ve üçüncü eşleri ise Çukçadır. Her hanımından birer olmak üzere toplam 3 çocuğu olmuş. Her bir hanımı ayrı ayrı yarangada yaşamakta imiş. Sovyetler Birliği Döneminde çok eşlilik yasaklandığı için iki eşini boşamak zorunda kalmış.

Aşeren kadınlar, bu dönemde canlarının çektiği şeyleri yerler. Eğer bu yapılmaz ise çocukların sakat veya eksik doğacağına inanılır. Başka kadınların domates, salatalık gibi sebze yediklerini gören Vera Nikolayevna kendi hamileliği döneminde bunları yemeyi çok istemiş. Ancak

şehre gidemediği için bunları temin edememiş ve bu duygusunu bastırmak için, ot yiyen ineklere imrenerek “inekler yiyor ise ben de yerim diye 9 ay boyunca gusyatnik (kaz otu), seno (saman) ot yemiş.

Hamile kadınlara doğum yaptırmak için ebe yoktur, kim yardım edebilecek durumda ise o kişi yardım etmektedir. Çukçalar çocuk doğduktan sonra bebeğini mendille silerek temizlemektedir. Bebekler yıkanmamaktadır. Doğum neticesinde kırklama, lohusalık gibi davranış ve inançlar yoktur. Göçebe hayvancı toplum oldukları için bu tarz düşünce kendi yaşam hikâyeleri ile bağdaşmamaktadır.

Çukçalar çocuklarını uzun süre, bazen 7 yaşına kadar emzirmektedir. Annesinin sütü olmazsa çorba yapılır, et pişirilip emzik gibi çocuğun ağzına verilir. Sütannelik yoktur.

Çocuğun ilk dişi düştüğünde yerine iyi diş çıksın diye köpeklere verirler. Çukçalar sadece çocuk bir yaşını doldurduğunda kutlama yapmaktadır. Çocuk doğmadan önce giyecek ve kullanım aracı olarak hiçbir şey hazırlanmamaktadır. Çocuk, ne zaman doğarsa doğsun, isterse gece ortasında, sabaha doğru vs. doğduktan sonra ihtiyaca göre hazırlık yapılır.

Çocuğun beşiği geyik derisinden yapılır. Çocuğun ilk kesilen saçları, alınan tırnakları, göbeği iğne kutusunda saklanmaktadır. Çocuğa ve annesini kötülüklerden korumak için “taynik” adı verilen “bir çeşit çalı türü” ağacın dallarından bir parçayı üzerlerine dikerler. Bu uygulama, sadece çocuklara nazar değmesin ve kötülüklerden korunması amacıyla Anadolu ve Kazakistan’da da yapılmaktadır.

Oyuncaklar: oğlan ve kızlar birlikte oynamaktadır. Bu oyunlar birlikte oynandığı gibi, kız ve erkekler için ayrı ayrı oyunlar ve oyun şekilleri de vardır. Yay çekme, ok atma, rüzgârgülü, fırıldak çevirme, urgan çekme, avcılık gibi oyunlardır. Kızların en çok sevdiği oyun oyuncak bebek yapmadır.

Çukçalar çocuklarına büyüklere saygı göstermeyi ve iyi avcı olmayı öğretirler. Çocuğun ilk avı bir törenle kutlanır. Çocuğu yaptığı işten dolayı överek teşvik ederler. Avlanan hayvanın eti, o toplumdaki hazır olan herkese dağıtılır.

Çukçaların evleri (yaranga) geyik derisinden yapılmaktadır. Yarangayı yapmak için, uzun bir zaman diliminde geyik derisi terbiye edilerek yumuşatılır. Yaranganın yeri yumuşak ve kuru olmalıdır. Yanında su almak için göl ve anne/çocuk için nazardan korunması için dikilen çubuğun “taynik” ağacı da olmaktadır.

Yaranganın girişi, ev ılık olsun diye güneye bakmalıdır. Çok güçlü rüzgârlar olursa girişin yeri değiştirilebilir. Ocağın dumanı da düz gitmelidir. Ocağı evin ortasına koyarlar, onu kutsal sayarlar, saygı gösterirler. Ocağın külü olduğu gibi bırakılır, ateş söndürülmez.

İnsan öldükten sonra ocağın ateşine üç gün boyunca yenilen yiyeceklerden saçı yapılır.

Çukçalar için ağaçlar kutsal sayılır. İnsanlar kutsal sayılan yerlerden geçerken araba veya kızaklarını yavaş sürmektedir. Kutsal yerlere dokunulmaz. Herkes kendisine göre dua etmektedir.

Çukçalar günde 3, 4 kez yemek yemektir. En sevdikleri yemekleri ettir. Aile geniş olursa et çok saklanmamaktadır, en fazla 3 gün. Önce eti kuruturlar, ondan sonra tütsülerler.

Çukçalar yeni yılı geyiklerin doğurma mevsimi olan ilkbaharda kutlamaktadır. Şimdilerde, Rus kültürünün de etkisiyle 31 Aralıkta kutlanmaktadır. Kutlama çok özel ve önemli ritüelleri içermemektedir. Kardan geyik heykeli yapmak, kesilen geyiğin kanından çorba yapmak ve ateşe ve toprağa saçı saçmak uygulamalar arasındadır.

Hayvanlar hastalandığı zaman diğerlerine geçmesin diye hemen öldürülürler. İnsanlar için modern ilaçlarla tanışmak yakın zamanlara mahsustur. Bu nedenle hastalık halleri uzun sürmektedir.

Tundrada faydalı bitkiler çoktur. Takvimleri ağaçlara kazınmıştır ve şimdi Nijnekolımsk’te müzede saklanmaktadır. Çukça dilinde hafta günlerinin ismi yoktur, mevsim isimleri vardır. Hava durumuna göre sonraki günün havasını yorumlayabiliyorlar. Genelde sadece yüze kadar sayabilmektedirler. Tundradakiler kurulan çadır obada yaşamaktadır. Herkes kendi sürüsüne bakmaktadır. Her bir toplumun 3000 geyikten fazlası vardır. Bir toplumda 5, 6 kişi çalışıp, hayvanlara bakmaktadır. Her çoban sırayla 1 ay dinlenmektedir.

Kocası ölen kadın isterse bir hafta geçtikten sonra bir başka erkekle evlenebilirdi. Fakat kadın eşinin akrabalarıyla evlenemezdi. Bazıları ise yeniden bir evlilik yapmamaktadır.

Bir insanın ölümünün yaklaştığını hissedeceğine inanılmaktadır. Örneğin 25 yaşındaki bir genç uzun süre boyunca hastalanmış. Bir günü sundurmaya çıkıp gökyüzüne bakmış, sonra da ‘Tanrım beni bugün alma’ demiş. Eve girdikten sonra annesinden geleneksel kıyafetlerinden değil de kostüm giydirmesini rica etmiş, sonra vefat etmiş.

Hiçbir canlı intihar veya öldürülmeyi istemez. Ancak Çukçalar ölümden sonra bir başka bedenle yeryüzüne tekrar geleceklerine inanırlar. Bu inanç neticesinde insanlar yaşarken, kendilerini güçsüz, zayıf ve klana zararlı gördüklerinde ötenazi hakkını kullanabilirler. İnsan ölüm halindeyken onu kimse rahatsız etmez. Yalnız halde, bir çadıra bırakılarak veya bir kayığa bindirilerek ölüme terkedilir. Eğer kişi ister ise diğerleri tarafından, boğularak veya şah damarı kesilerek öldürülebilir. İntihar da edebilir. Bu durum hâlâ devam etmektedir.

Çukçalar insanların vasiyetlerine göre cenazelerini gömmektedir. Genelde toprağa gömülmektedir. Bazıları vücutlarını yakılmasını istemektedir. Ölen kişi erkek olursa erkekler, kadın olursa kadınlar yıkamaktadır. Yıkayıcılar yaşlılardır. İnsan öldükten sonra gözlerini kapatırlar, çenesini parlak bir bezle bağlarlar ve düz yatırılırlar. Geçmişte, güzel elbiseler giydirilmiş vaziyette deriyi yere serip, cesedi onun üzerine koyarak gömürmüşler.

Ölmeden önce, cenaze töreni ile ilgili herşey hazırlanır, hatta provası bile yapılır. Ancak bu hazırlığın ne olduğunu kimseye söylemezler. Gömülen kişinin başı kuzey, ayakları güney yönüne doğru olmalıdır. Çukçalar 3 gün boyunca ölünün mezarına giderler ve mezar üzerinde yanan ateş üzerine saçları saçarlar. Ölümünün yıl dönümünde mezarına gidip çay içilmektedir. İnsan öldükten sonra gömmeden önce ondan ‘geyikleri senin için öldürelim mi? Geyiklerle mi gideceksin, yoksa yaya mı?’ diye sorduktan sonra onu sallıyorlar. Ölen kişi hareket ederse ‘evet’, etmezse ‘hayır’ demektir. Özellikle kurban kesmiyorlar, sadece geyiği öldürdükten sonra, kızağa bağlıyorlar. Sonra sol taraftan kalbinin üzerine tıklıyorlar. Geyiğin ayakları hareket ederse ölen kişi gitti (öldü), hareket etmezse birisini bekliyor demek olduğuna inanılmaktadır.

Kişi öldükten sonra bir geyik kesiliyor ve etini herkese dağıtıyorlar, kemiklerini de yakıyorlar. Herkesi aynı gömüyorlar büyük olsun, ya da küçük olsun. Çukçalar duygularını kontrol eden, herşeyi kendi içinde tutan insanlar olduğu için yas zamanında da ağlamıyorlar. Çukçalar ölen kişinin ruhu gökyüzüne gideceğine, sonra yeni doğan bebeğe taşınacağına inanılmaktadır.

Gömülme işlemine şimdi herkes gidiyor, ama geçmişte çocuklar bakmasın diye, iple bağlayarak evde bırakılıyordu. Diğerleri mezar yerine, bilekliklerine kırmızı bez takmış olarak giderler. Çukçalar insanı gömdükten sonra, nazar değmesine ve kendilerine gelebilecek tehlikelere karşı labrador çayıyla (bir çeşit, uyuşturucu özelliği de olan bitkiden yapılan çayla) kendilerini arındırırlar.

Çocuğa o andaki duruma göre isim verilmektedir. Örneğin Vera Nikolayevna doğduğu zaman güneş yüksekteydi, onun için ismi Çukça dilinde ‘yüksek’ anlamına gelen Grigol adı verilmiştir. Vera sonradan verilen resmi isimdir. Çocuk ismini anne babası, akrabaları, gelen misafir, komşuları verebilmektedir.

Çukçalar için iyi demek: durumlarının iyi olması, insanlarla barışta yaşaması, ayrıca kötü demek: hastalanmaları anlamlarına gelmektedir. Çukçalar için Pazartesi iyi gün değildir. Eski zamanlarda cadılar günlerin hangisi iyi, hangisi kötü olduğunu bildirirlermiş. 1930 yılına kadar şamanlar varmış. Çukçaların inançlarına göre insan, hiçbir kişinin hakkında kötü düşünmemesi ve söylememesi lazımdır. Sadece iyi şeyleri düşünmeli ve söylemelidir.

#### **Kaynaklar:**

##### **a. Sözlü Kaynaklar:**

1. Vera Nikolayevna, 78 yaşında, Tundra’da doğmuştur.
2. Anna Mihailovna Tarabokina 52 yaşında iken, Tundra’da doğmuştur.

##### **b. Dijital kaynaklar: <https://tr.wikipedia.org/wiki/Yakutistan>)**

## СЫР СҮЛЕЙЛЕРІ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ДӘСТҮР МЕН ӘДЕБИ-МӘДЕНИ БАЙЛАНЫСТАРЫ

*Жанбершиева Ұ.Н.,*

*филология ғылымдарының кандидаты, профессоры,  
Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,  
Қызылорда, Қазақстан,  
[ulzhan1954@mail.ru](mailto:ulzhan1954@mail.ru)*

### **Summary**

The article deals with national traditions and literary and cultural ties in the works of the poets of the Land of Syr.

The article also analyses tradition of the art people called “Syr Suleileri” (poets of the Land of Syr) and the influence of Eastern literature.

It includes the scientific conclusions about the national traditions within the science of literature.

Features of national traditions and literary ties are determined in this article. It also compares the scientific thoughts on national traditions and tells about Eastern tradition.

The scientific analysis of the character of “Syr Suleileri” (poets of the Land of Syr) who made a special contribution to the development of contemporary Kazakh literature is made. The works of the “Syr Suleileri” show that its ties with world literature have been thoroughly studied and turned into scientific circulation.

**Key words:** hero, bahadur, zhyr (poetry), zhyrau, poem, resin, literary heritage, spiritual value.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында: «Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғыртудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды», [1.1.] – деп дамудың жаңа мүмкіндіктерін ұсынады.

Соның бірі – ХХІ ғасырдағы ұлттық сана, ұлттық салт-дәстүріміз, тіл мен діліміз, әдебиетіміз бен музыкамыз т.б. бойымызда мәңгі сақталуға тиіс екенін айтқан болатын.

Қазақтың жыраулық өнері мен Қорқыт сарынын үндестіре ғасырлар бойы жалғап келе жатқан Сыр сүлейлері деп аталатын топтың рухани өмірімізде алатын орны ерекше.

Қорқыт ата дәуірінен тамыр тартқан жыраулық дәстүр мен шайырлар ұлтымыздың әдеби-мәдени өмірін байытып, ұлттық сананы кемелдендіріп, байыта түскен. Сыр сүлейлері төл тарихымыз бен жаһандық үдерістерден, ақыл-ой парасаттан тыс тұрмайды.

Сондықтан болар Сыр сүлейлерінің өзіндік дәстүрі әдеби, мәдени байланыстары болған. Дәстүр мен әдеби байланыс бұл екі ұғым әдеби процесте өзіндік ерекшелігімен көрінеді.

Дәстүр – өте бай ұғым. Ол – адамзаттың өміріне, өнеріне, біліміне байланысты құбылыс. Замана ағымындағы тәжірибелер жемісінен жинақталып, жалғасып отырады.

М.Базарбаев: «Дәстүр деген мағынаны жеке алып қарасақ, өзінен-өзі ұлттық сипатты бере алмайды. Тек ұлттық сипаттардан, ұлттық ерекшеліктерден дәстүрді шығаруға болады», - [2.121.] дейді.

Ал М.Әуезов: «Дәстүр тұлғасы тарих талқысынан өткен, халықтың эстетикалық талғамына төтеп бере алатын бейнелеу нақыштары мен күллі ұлттық тіл байлығы арқылы айқын көрінеді», - деп [3.509.] ой түйген.

Олай болса, дәстүр, өнер, тарих, өмір атты үш бірлікте құралатын өнер бесігі екен. Біз сөз етіп отырған Сыр сүлейлерінің дәстүр жалғастығы осы арналар арқылы үндесіп жатыр.

Сыр елінде Шығыстық дәстүрді қалыптастырған ақын-жыраулар классикалық әдебиет үлгісінде жыр жазып, халықтық дәстүрге негіздеп, ғибраттық, өнегелік сөз айта білген. Олар Шығыстық үлгіні үйрене отырып, жаңа дәстүр қалыптастырған. Мәселен, Т.Ізтілеуов, Кете Жүсіп, Қаңлы Жүсіп, Базар жырау, Шораяқтың Омары, Ешниязұлы Жүсіп т.б. Шығыстық дәстүрлі тақырыптарды өз елінің жағдайына сай беріп, гуманистік ағартушылық сарынды көтеріп, ұлттық ұғымға сәйкестендіріп жырлаған.

Сыр елінде Шығыстық дәстүрдің қалыптасуына белгілі бір себептер де болған. XIX ғасырда Сыр бойынан Бұхарға, Самарқанға барып мектеп-медреселерден білім алған, Шығыстық әдебиетпен сусындаған, жаңалықты елге әкелген ақындар болды. Олар араб, парсы, шағатай тілдерін игерген. Шығыс әдебиеті мен мәдениетімен танысып, оны елге әкеліп таратушылар болды.

Әдеби-мәдени байланысқа келетін болсақ әлем халықтарындағы ұқсас сюжеттердің, сарындық қайталаулардың кездесуі халықтар арасындағы туыстық алмасулардың болуынан туғаны сөзсіз.

Мәселен, Базар жыраудың «Айна-тарақ», Кете Жүсіптің «Сұрмерген», Қарасақал Ерімбет «Ахтам-Сахиба», Тұрмағамбеттің «Тұтқын қыз», «Рауа Бану», «Шаһнама» дастандарында шығыстық сюжет сақталып, назирагөйлік әдіспен қайта жырланған.

Тарихы тамырлас Шығыс әдебиеті мен қазақ әдебиетінің байланысы бар болғанмен, шығыстық дәстүрді игерген ақындар ұлттық поэзияны қатар ұстаған.

Әлем әдебиетіндегі көркемдік ойлау жүйесімен үндес шығармаларда Сыр сұлейлері шынайы шеберлік талғамын танытқан.

Сөйтіп ғасырдан-ғасырға жалғасқан, шығыстық дәстүрді ұстаған ақындар нәзира әдісімен жазылған шығармаларды әдебиетке енгізген. «Нәзира» деген сөз арабша «жауап» деген мағынаны білдіреді [4.55]. Әлем әдебиетінде нәзира әдісімен жазылған туындыны ешқашан аударма деп атамайды, өзінше бір әдеби әдіс деп таниды.

М.Әуезов: «Көпке мәлім болған тарихи шындықтар бойынша Шығыста бір классик жырлаған тақырыпты келесі буында тағы бір Шығыс ақыны қайталап, әңгіме ететін тың дастандар шығаратын дәстүр де бар еді», - дейді [5.150.].

Ғалымның түйіндеуі бойынша бір тақырыптың әр ақында қайталануын аударма емес, қайта жырлау, ақындардың жырмен жарысып, жауап беруін «Нәзирагөйлік» деп атау берген.

Қазіргі уақытта қазақ әдебиетінің әлем елдері әдебиетімен сан ғасырлық байланысына көз жүгіртсек, Фирдаусидің «Жүсіп-Зылиха» дастанының негізінде Әли «Қисси-Юсуп» шығармасын жазған. Низамидың «Хосрау-Шырын» дастанына Құтып «Хұсырау-Шырын», Сағди «Гүлстан би-Турки» дастандарын жазғаны белгілі.

Сан ғасырлық тарихы бар нәзира дәстүрінің табиғи байланысы осылай өрбіп отырған.

Сыр сұлейі атанған Тұрмағамбет Ізтілеуов арабтың «Мың бір түн», үндінің «Тотынама», Фердаусидің «Шаһнамасы» сынды ғажайып шығармалардың негізінде бірнеше дастандар жазды. Міне, әдеби-мәдени байланыс осылай жаңаша қалыптасып, дәстүрге айналған.

Ұлттық дәстүр Сыр сұлейлері шығармаларында ғасырлар бойы өзіндік жеке арнамен дами келе халық поэзиясына келіп ұласты. Сыр сұлейлерінде қалыптасқан импровизация дәстүрі әр ақынның ұстаған жолы мен мұрат-мақсатына байланысты болып келеді.

Халықтың өзіндік ұлттық дүниетанымын ұрпақтан-ұрпаққа жалғастыра насихаттаған ақындық поэзия қазақ сөз өнерінің шынайылығын, тәрбиелік-танымдық болмысын дәлелдеді.

Сыр сұлейлерінің әлем елдері әдебиетімен әдеби байланыстар ықпалдастығы ұлттық дәстүрдің қалыптасуына да ықпал етті.

Күдеріқожа, Жиенбай, Рүстембек, Көшеней, Ешнияз сал, Балқы Базар, Әзілкеш Шымырұлы, Қарасақал Ерімбет, Бұдабай Қабылұлы, Дүр Оңғар, Құлан Алдабергенұлы, Кете Жүсіп, Шораяқтың Омары, Керейт Даңмұрын Кенжебекұлы, Найман Жұманазар Үрімкүлұлы, Кете Есімбай, Кете Есенжол, Абахан Кете Аманжол, Керейт Нұрмағамбет, Жаппас Кеншімбай, Таубай Қыдырбайұлы, Молда Бәйім, Нұртуған Кенжеғұлұлы, тағы сол сияқты ақындар қалыптастырған дәстүр де осы күнге дейін жалғасын табауда.

Әлемдік әдеби процесс, кез-келген қоғамдағы саяси құбылыстарға да өзгелерге де ой салмай тұра алмайды. Әлемдік әдебиет ағымы әлемдік әдеби-мәдени дүниетанымнан хабар береді.

XX ғасырда Сыр елінде өмір сүріп, талантымен елді таңқалдырған «сұлейлер» Шығыс, Батыс әдебиетімен байланыста, ықпалдастықта болған. Рухани өміріміздің

өркениеттен кеш қалмауына ат салысып, Шығыстық үлгідегі жаңа ойлармен сусындап, тың идея айта білген. Міне, әдеби-мәдени байланыс, көркем сөз өнерінің бір-біріне ықпал әсері, тарихи тамырластығы деген осы болар. Шығыс классикалық поэзиясымен Сыр сүлейлері шығармалары арасындағы мәдени-рухани байланыс негізінен нәзира дәстүрін қалыптастырған.

Бағдат Кәрібозұлы: «Орыс, батыс әдебиетінің қазақ әдебиеті мен өнеріне шығармашылық әсер-ықпалын әңгімелеумен бірге, Шығыс халықтары әдебиеті мен өнерінің, әсіресе, оның классикалық әдебиеті дәстүрінің қазақ халқының әдебиеті мен өнеріне игілікті әсер-ықпалдарын да зерттеу-зерделеуді жүйелі түрде жүргізіп отырудың мезгілі жетті», -деп [6.31] ой түйеді. Ғалымның осы пікіріне орай, әдеби байланыстар арқылы Сыр сүлейлері жырлаған ғажайып туындыларды зерттеудің өзектілігін арттыратыны қазақ әдебиеті тарихында маңызды сипатқа ие болып отыр.

Н.Ә.Назарбаевтың бағдарламалық мақаласында: «Әлем бізді қара алтынмен немесе сыртқы саясаттағы ірі бастамаларымызбен ғана емес, мәдени жетістіктерімізбен де тануы керек», - деген [1.6.].

Олай болса, ұлттық тарихымыздың жаңа беттері жазылып бүгінгі таңда қазақ поэзиясында Сыр сүлейлері ұстанған дәстүрін, әдеби-мәдени байланыстарын әлем елдеріне тереңнен танытып, байыта түскеніміз жөн болар.

Сыр бойы ақын-жыраулар поэзиясына Шығыс үлгілі әдебиеттегі гуманистік ойлардың әсері болғаны мәлім. Шығыс әдебиетімен байланысты сюжетке құрылған дастандар және ондағы көркем мотивтер жүйесі арқылы оны байқауға болды. Шығыстық ғажайып туындылар «Мың бір түн», «Тотынама», «Шаһнама» және «Құран» сүрелеріндегі оқиғалардан бастау алған Базар жыраудың «Айна-тарақ», «Әмина қыз», Тұрмағамбеттің «Мәрді диқан», «Данышпан қарт», «Рауа Бану», «Тұтқын қыз», Шораяқтың Омарының «Маймыл», Қарасақал Ерімбеттің «Шаһзаданың хикаясы», «Атымтай Жомарт», Кете Жүсіптің «Сұр мерген» сияқты әлемдік әдебиетте таныс дастан, мысалдары қазақ өміріне негізделген. Олар Шығыстық әдебиет пен мәдениетті меңгерген, соны үлгі тұтып әдеби ықпалдастық жасағаны көрініп тұр.

XX ғасырда Шығыс медресе, мектептерде оқып, араб, парсы, шағатай, түркі тілдерін меңгерген, діни-ағартушылық бағытты ұстаған ақындар қазақ әдебиетінде әдеби-мәдени байланыс жасап, жаңа леп, тың екпін әкелді. Соның нәтижесінде Шығыс әдебиетіндегі гуманистік, адамгершілік, ағартушылық сарындар қазақ әдебиетінде бой көтерді. Сонымен қатар қисса-дастандар мен мысалдардың ықпалы зор болды. Қазақ әдебиетіне мифтік желі, нұрдан жаралу, түс көру сияқты желілер ене бастады.

Шығыс-қазақ мәдениетінің байланысы тоғыса келе, қазақтың өзіндік ұлттық санасының кеңейе әрі тереңдей дамуына игі ықпал жасағаны мәлім. Бұл орайда ұлттық сөз өнеріне негіз болған Сыр сүлейлері ұстанған Шығыстық дәстүрдің әдеби дамуда маңызды орын алғаны айқын.

Өркениеттің бесігі болған Сыр бойының ақын-жыраулары шығармаларынан қазақ әдебиеті мен өзге елдердің әдеби байланысы көрініс тапқан. Шығыстың классикалық шығармаларын ел игілігіне айналдырған шайырлар халық тағдырымен қатар өрілетін рухани-адамгершілік мұратты мақсат ету идеяларын көтерген.

Демек, Сыр сүлейлері атадан балаға жалғасып келе жатқан жыраулық, ақындық дәстүр және домбыра мен қобыз, сырнайды қолға алып, әуез арқылы шабыт алып жыр төгуді дәстүрге айналдырған.

Сол сияқты дәстүрлі түрде қалыптасқан жазба айтысын да дәстүрге айналдырып, ақындық тәсілдің жаңа бір сипатын құрып отырған.

Осылайша, Сыр саңлақтары ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетін ұштастырып, жаңа дәстүр қалыптастырған, XX ғасыр басында ақындар осы дәстүрді ілгері дамытып, шайырлар тобын, өнер мектебін құрған.

Әлем әдебиетінің тарихына көз салсақ, мәдени-рухани дамуында белгілі бір елеулі кезеңдер болады. Соған байланысты әдеби даму процесі дамып жалғастық ұлттық, әдеби



байланыстардың жолдарынан өтеді. Әлем әдебиетінде адамзатқа ортақ дәстүрлерді байыта келіп, көркемдік жинақтаулар жасап, жаңа игіліктер туып отырады. Бұл бағыттағы мәдени ықпалдастығымыз үнемі айтылып келеді.

Сыр сүлейлерінің поэтикалық мектебі тек қазақ фольклорынан тарап, қазақ әдебиетіне қосылып әдеби-мәдени байланысқа түскен.

Әлем таныған «Шаһнаманы» Тұрмағамбет Ізтілеуов қазақша сөйлету арқылы әлемдік әдеби байланыс жасалған.

Адамзат қалыптастырған әдебиеттің үздік үлгілерінен үйрену, туған елдің рухани байлығынан қол үзбеу – әлемдегі барлық қаламгерлерге ортақ қасиет.

Олай болса, ұлттық өнер, әлемдік дүниелер тоғысуынан ұлтымыздың арналы қазынасы көркем әдебиет жасалып, әдеби байланыста дамиды екен.

Р.Нұрғалиев: «Еш уақытта ешбір елдің әдебиеті, өнері томаға тұйық қалыпта, ұлттық шеңбердің ішінде ғана өсіп жетілген емес. Ана топырағында жаратылған өнер басқа жұрттардың озық, асыл қазыналарынан нәр алып байығанда ғана өркен жаймақ», - дейді [1.92.]. Ғалымның әдеби байланыстар жөніндегі тұжырымы Сыр сүлейлері шығармаларына да қатысты екенін айтып кету керек. Туысқан халықтар фольклорындағы ұқсас сюжеттер, ортақ сарындар, орындаушылық өнердің ыңғайластығын ұғу қиын емес.

#### **Әдебиет:**

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. – Астана, 2017.
2. Барзбаев М. Өлең – сөздің патшасы, сөз – сарасы. – Алматы: Жазушы, 1973. – 256 б.
3. Әуезов М. Дәстүр мен жаңашылдық. – Алматы: Жазушы, 1969. – 509 б.
4. Ондасынов Н. Арабша-қазақша түсіндірме сөздік. т.1. – Алматы: Мектеп, 1984. – 256 б.
5. Әуезов М. Әр жылдар ойлары. – Алматы: Жазушы, 1969. – 509 б.
6. Кәрібозұлы Б. Беталыс. – Алматы: Арыс, 2005. – 200 б.
7. Нұрғалиев Р. Екі томдық шығармалар жинағы. т.2. – Алматы: Жазушы, 1991. – 576 б.

## **РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ – АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫ ТАҒЛЫМЫНДА**

*Марзия Жеткізгенова,*

*Назарбаев Зияткерлік мектебі,*

*Әлия Жеткізгенова,*

*филология ғылымдарының кандидаты,*

*Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік*

*технологиялар және инжиниринг университеті,*

*[aliyazhetkizgenova@mail.ru](mailto:aliyazhetkizgenova@mail.ru)*

*Ақтау, Қазақстан*

#### **Summary**

This article is about the thoughts and in Alsh works similarities and connection in the article “Future direction: spiritual innovation” by Nursultan Nazarbayev. Here are some analysis of Nazarbayev’s article where he suggests cultural and spiritual development and value.

Алаш азаматтарының арман-тілегін жұптаған ұлттық идея ХХ ғасырдың алғашқы ширегінде ұлт болашағының көлеңкелі тұстарын көріп саяси тұрғыдан ширыға, шындала түсіп, жарыққа шыққан болатын. Осы идеяның жетіліп, тәуелсіз мемлекет болып қалыптасу үшін аса қажеттілігін бүкіл жан-дүниесімен, сана-сезімімен сауатты ұғына алған Алаш қайраткерлері бар мүмкіндігін жұмсап, айрықша еңбек етті.

Еліміздің осы бір алмағайып тұсының айтулы кезеңіндегі Алаш арыстарының жан аямай еткен елеулі еңбектерінің маңызы жөнінде елбасымыз Н.Назарбаев: «Олар өз қызметінің басты мұраты қазақ халқының ұлттық төлтумалылығын сақтау, сонымен бірге

оның тарихи өткенін қалпына келтіріп, ұлттық санасын шыңдау деп санаған» [1, 157], – деп көрсеткен болатын.

Н.Назарбаев өзінің саяси-тарихи еңбектерінде еліміздің қоғамдық саяси өміріндегі Алаш партиясының алатын орны мен қызметін зерттеу Отандық тарихымыздың ең өзекті мәселелерінің бірі екендігін, өз кезеңінде «Алаш» партиясының жетекшілері ұсынған қағидалары күні бүгінге дейін өз маңызын сақтап отырғандықтан, күн тәртібінен түспейтін ең өзекті мәселе ретінде басты орында болатындығын үнемі ескертіп келеді.

Елбасы өзінің «Еуразияның кіндігіндегі ең соңғы көшпелілер құрлығының тағдыры, ұлттық сана мен байырғы қорғандар құпиясы, тоталитаризм мен ұлы әмірші Бейбарыс, қазіргі Қазақстанның диаспоралары мен орта ғасырдағы Үндістан, ұлттық тұтастану мен «Алаш» – міне, осылардың бәрі де басымыздан өтіп жатқан бүгінгі күрделі өмірімізге күш дарытумен бірге ұлы халқымыздың тарихымен де тамырласып кеткен» [1, 6], – деген пікірі арқылы еліміз тарихының тұтас бір сатысын қалап, кезеңін құрайтын мазмұны бар Алаш қайраткерлерінің жанкешті еңбегінің келер ұрпағымызға жалғасар асыл тінін ардақтау, аялау міндетін қойып отыр. Тұтас сөйлем ішінде «Алаш» сөзін ерекшелеп алуының өзі оның ұлт тарихындағы айрықша маңызын айқындайды.

Алаш зиялылары азаттық идеяларымен толыққанды дәрежеде ұлт мүддесіне қызмет ету мақсатында алмағайып уақытқа қарамастан, сол кезеңдік руханият мәселелерін күн тәртібінен түсірмей, көпшілікті ақпараттандыру мәселесін мерзімдік баспасөздер арқылы жүзеге асырып, рухани құндылықтарын сақтап қалуға, дәстүрлі желі сабақтастығын үзбеуге үздіксіз қызмет еткені белгілі.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс.

Абайдың даналығы, Әуезовтің ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күйлері, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні – бұлар біздің рухани мәдениетіміздің бір парасы ғана.

Әжептәуір жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады.

Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай.

Бірақ, ұлттық кодымызды сақтаймын деп бойыңдағы жақсы мен жаманның бәрін, яғни болашаққа сенімді нығайтып, алға бастайтын қасиеттерді де, кежегесі кері тартып тұратын, аяқтан шалатын әдеттерді де ұлттық сананың аясында сүрлеп қоюға болмайтыны айдан анық.

Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды» [2], – деп рухани жаңғыру қағидаттарын генетикалық негізімізді сақтай отырып, ұлттық санамыздың аясында саралау арқылы мемлекетіміздің іргесін бекітіп, рухын асқақтатындығын атап көрсеткен болатын.

Аталмыш мақаланың «Ұлттық бірегейлікті сақтау» атты үшінші бөлімінде «Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді. ....ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды» [2], – деген тұжырымы Алаш арыстары арман еткен ұлт тәуелсіздігін сақтау мен алдыңғы қатарлы ел сапына қосылу үлгілеріне қосқан мәдени, рухани құндылықтар туралы ойлы пікірлерімен астасып жатыр.

Екінші «Прагматизм» бөлімінде «Прагматизм – өзіңнің ұлттық және жеке байлығыңды нақты білу, оны үнемді пайдаланып, соған сәйкес болашағыңды жоспарлай алу, ысырапшылдық пен астамшылыққа, даңғойлық пен кердеңдікке жол бермеу деген сөз. Қазіргі қоғамда шынайы мәдениеттің белгісі – орынсыз сән-салтанат емес. Керісінше, ұстамдылық, қанағатшылдық пен қарапайымдылық, үнемшілдік пен орынды пайдалану

көргенділікті көрсетеді» [2], – деген ойлардың мемлекет қайраткерлері арасындағы айрықша тұлға, Алаш зиялысы Әлихан Бөкейхановтың «Әрбір түйір тасы әр қазақтың өңіріне түйме болып қадалу керек» деген барлық игілік халыққа қызмет ету керектігін меңзейтін ұстанымымен рухани үндесе, жымдаса өріле үйлесім тапқан. Аталмыш жолдарда мүдделі мақсаты толықтай экономикалық тәуелсіздікке ұмтылысымен орайласатын тұшымды пікірлер мен тұжырымды ойлар көрінісі бар.

Қазақ халқының мемлекет мәртебесін алып, тәуелсіз түрде салтанатты көш түзеу бақытына ие болғандығы арқасында, халқымыздың ұлттық құндылықтарын шынайы тарихи танымда танып білу мүмкіндігі айқындалды. Алаштануға қатысты келелі ой түзіп, салиқалы пікір айтқызып, түйінді тұжырымдар жасататын мәселелер қозғалып, талқыға түсіп, өзектілігі айқындалып, ғылыми айналымға енгізілді. Алаштық идея, алаштық таным деген тіркестер ұлтын сүйген жанның көкейіне мықтап түйіліп, жүрек төріне тұрақты орнықты. «Алты алаштың баласымыз...» делінетін жолдар тек жаттанды, ұйқастық мағынамен емес, әрбір қазақтың санасында сайрап тұрған ұлттық ұғым болып қалыптасты.

Елім, жерім, отаным деп ұлт болашағын байыпты бағамдап, ел келешегін бүтіндікпен, бейбітшілікпен ойлаған әрбір қазақ азаматының жүрегінің терең түкпірінен орын тепкен ойдың Алаш идеясы екендігіне толық мойын бұрдық.

Қазақ идеологиясы үшін темірқазық болып келетін «Керегеміз – ағаш, ұранымыз – Алаш» деген ұранға лайық қасиет, киесі жоғары қастерлі сөздің бағасы артты, айрықша құрметпен аталды. Сондықтан ұлтымыздың тұтастығын сақтауға ұлттық сананың негізі болып тұрған Алаштық идея қазіргі таңда ел тарихына, ел ертеңіне, қазақ халқының рухани байлығының өшпей, өркендей түсуіне қызмет етуін тоқтатқан емес. Алаштанушы ғалым Д.Қамзабекұлы үлкен пафоспен «Алаш – өркениет бағытындағы Қазақ елінің, зиялыларының айнымас темірқазығы» [4, 41], – деп Алаш жолының адастырмас арнасына түсе білуді нұсқайды. Ұлтжанды азаматтардың жүрегі мен санасында өміршендігін жоғалтпай, соқпақ жолдан сарабдал ойларға негіз бола сара жолға түскен Алаш идеясының жарқын бір көрінісі елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында сабақтастық жалғай, тін таратқанын айтуға болады.

Алаш қайраткерлері туған халқының отаршылық езгіге қарсы тұра алатын қабілет-қарымын ашуда олардың саяси санасын, құқықтық сауатын ашпаса, өзге ел қатарынан қалып қоятындықтарын саналы түрде ұғына отырып, қазақ халқының ұлттық санасын оятуда, білімі мен білігін жетілдіріп, мәдениеті мен руханиятын дамыту қажеттігін өздері тамаша түсіне алған және айналасындағыларға осы мәселені өзекті етіп түсіндіре алған зиялы қауым еді. Олардың қай-қайсысы да ел руханиятының назардан тыс қалмауы жолында қазақ халқының мәдени, әдеби бай мұраларын жете зерделей отырып, насихаттау, таныстыру жұмыстарын жандандыра жүргізген еді. Туған елінің, сол елді атамекен еткен қазақ халқының рухани кеңістігінің тар шеңберде қалып қоймай, дамып, жетіліп, өзге жұрттың да жетістігі бар жетелі дүниелерінен таныстығы болғанын қалап, озық еңбектерін қазақ тіліне тіліне аударып, халқына пайдасы тиер тұстарын қармап, шығармашылық табысы мол жұмыстар атқарды.

Осы орайда алаш руханияты көсемдерінің қазақ жерінде ұлттық идеяны ұстану жолынан айнымай, ақ жол, адал қадаммен алда жүруі жөнінде Н.Ә. Назарбаев: «XX ғасырдың басында ұлттық бірлікті нығайту идеясын алға тартқан рухани-зерделі игі жақсылар қазақтың ұлттық идеясын жасау міндетін өз мойнына алды. Олар қоғамның түрлі тарабынан шыққан, әрі ең алдымен дәстүрлі дала ақсүйектерінің өкілдері еді. XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамындағы зиялы қауым қалыптасуының ұрпақтар эстафетасы сияқты сипаты болғанын атап айтқан абзал», - деп атап көрсеткен болатын [1, 156].

Белгілі ғалым, тарих ғылымдарының докторы, профессор Мәмбет Қойгелдиев Алаш идеясының маңызын оның халықтығында, бай руханиятында екенін: «Алаш идеясы бұл белгілі бір топтың еркімен өмірге келген жасанды, сондықтан да өткінші құбылыс емес. Ол ұлтпен бірге өмір сүретін, ұлт өмірінен тамыр алған құндылықтар жиынтығы, ұлттың өмір сүру концепциясы. Алаш идеясын өмірден біржола ығыстыруға көп күш жұмсаған

большевиктер құрған билік өмірден кете салысымен Алаш идеясының қайта жаңғыруы, қайта күш алуы оның өміршеңдік сипатын айғақтайды.

Алаш идеясының өзегі – ұлттық мемлекеттік. Құрметті Әлихан Бөкейханов айтқандай, мемлекеттігі жоқ халық – жетім халық. Кез-келген болашағынан үміті бар ұлт үшін мемлекеттік негізгі құндылық. Міне осы тұрғыдан алғанда Қазақстан Республикасы – Алаш идеясының өмірлік шындыққа айналуының көрінісі ретінде бағалануы әбден орынды. Ал оның ішкі әлеуметтік мазмұны, демократиялық принциптерге сүйенген қоғамды халықтың мәдени деңгейіне және саяси белсенділігіне тәуелді екендігін ұмытпағанымыз жөн» [4, 87], – деп салмақты ой тастады.

Парламент мәжілісінің депутаты А.Әбілдаев та Алаш идеясының XX ғасырдағы қазақтың азаматтық тарихында ең ұлы идея болғандығын, еліміздің тарихында Алаш арыстарының орны ерекше екендігін «Алаш идеясының өзектілігі және XXI ғасырдағы қазақ қоғамында жаңғыртылуы» атты мақаласында: «Қазақтың елдігі мен тұтастығын аңсаған Алаш қайраткерлерінің идеясы бүгінде іске асты. XX ғасырдың 90-шы жылдарының басында тәуелсіз мемлекетіміздің іргетасы қаланды. Олардың еліміздің тәуелсіздігін ту етіп, XX ғасырда Қазақ елін өз алдына дербес те егемен мемлекет ретінде көргісі келген ізгі де жасампаз ниеттері тек XX ғасырдың соңында ғана жүзеге асты.

Заманында бар қазақтың қамқорына, сүйенішіне айналған «Алаш» партиясының саяси тұжырымдамасына, алашордашылардың саяси өмір жолы мен қызметіне қарап отырып, сол дәуірдегі саяси, экономикалық, әлеуметтік мәселелердің бүгінгі таңда да өзектілігін жоймағанын байқайсыз. Қазақ халқының азат ел ретіндегі тағдыры, тарихы, мемлекеттік дербестігі, жері мен шекарасы, тілі мен діні туралы мәселелер арада ғасырға жуық уақыт өтсе де, күн тәртібінен түскен жоқ» [5, 126], – деп ұлтжанды азаматтардың жүрегі мен санасында өмір сүрген асыл идеалдың өміршеңдігін атап көрсетті.

Қазіргі таңда қазақ зиялыларының ұстамдылығы мен парасаттылығы, ізденгіштігі мен зерттеу еңбектері нәтижесінде ұлттық бірлік нығая түсіп, рухани-зерделі ұрпақ жады эстафеталық жалғастық жолына түскендігін Д.Қамзабекұлы «Қазір Алаш тарихы кеудесінде – жаны, бойында қаны бар кез-келген отандасымызды ойландырады, толғандырады. Неге? Біріншіден, олар бүгінгі болмысымызды, қасиет-қадірімізді сол кезбен салыстырады. Екіншіден, сапалы жаңаруда ұлттың «алпыс екі тамырына» әсер беретін Алаш жолын қалайды. Біз әлеуметтанушы емеспіз, бірақ қарапайым байыпқа салсақ, байқайтынымыз: ұлт тарихын жақсы білетін 10 адамның 9-ы Алаш десе «ішкен асын жерге қояды». Бұған, әрине, қуанамыз. Үзілмеген үміт үшін, жалғасқан рухани-тағылымдық сабақтастық үшін» [3, 35], – деген пікірлерімен бекітеді.

Міне, ғалымдар нұсқаған өміршең идея тудырып, ұлт өмірінен тамыр алған құндылықтар жиынтығын саралаған, ұлттың өмір сүру концепциясын айқындаған Алаш арыстарының армандарын асқақтата жалғап, қазіргі таңдағы осы өзектілікті нақтырақ айқындауға жол ашып, бағыт-бағдар беріп отырған елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласындағы ой өрімдерімен тығыз байланыса сабақтасатындығына қапысыз көз жеткізеді.

#### **Әдебиет:**

1. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы, 1999.
2. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» // Егемен Қазақстан. – 2017. 12 сәуір.
3. Қамзабекұлы Д. «Алаш – Темірқазық». // «XXI ғасырдағы Алаштың ақ жолы» ұлттық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы: Экономика, 2013. – 248 б.
4. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысының ұлт тағдырындағы орны жөнінде. // «Алаш қозғалысы идеясының Еуразия кеңістігіндегі ықпалы: тарих және қазіргі кезең» халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Семей, 2008.
5. Әбілдаев А. Алаш идеясының өзектілігі және XXI ғасырдағы қазақ қоғамында жаңғыртылуы. // «XXI ғасырдағы Алаштың ақ жолы» ұлттық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы: Экономика, 2013. – 248 б.

## ПРОФЕССОР Қ. ЖҰБАНОВ ЗЕРТТЕУЛЕРІ – ЦИФРЛЫҚ ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНЕ ҒЫЛЫМИ БАҒЫТ-БАҒДАР

*Жұбанов А.Қ.,*

*филология ғылымдарының докторы, профессор,  
А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты,  
Алматы, Қазақстан,*

*Миров М.О.,*

*[mirov-agu@bk.ru](mailto:mirov-agu@bk.ru)*

*филология ғылымдарының кандидаты,*

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті,  
Ақтөбе, Қазақстан*

Президент Н.А. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында бірінші кезекте ұлттың білімділік деңгейін көтеру үшін қазіргі кездің талаптары мен дүниежүзілік стандарттарға сай ұлттық білім жүйесін құруды міндеттеген болатын.

Оқу үдерісінде инновациялық технологияларды енгізудің негізгі өзекті мәселесі – жаңа әдістерді қолдана отырып жас жеткіншектердің интеллектуалды, шығармашылық ойлауын дамыту, қазіргі заман талабына сай экономикалық көзқарастары мен белсенділігін қалыптастыру. Шығармашылық тапсырмаларды орындау теориясы адамның шығармашылық мүмкіндіктерін дамытудың жаңа әдістемесі үшін негіз болып табылады. Жаңа дәуірдің жан-жақты дамыған адамын тәрбиелеу оңай емес, ол үшін мұғалімдерге үлкен ізденудің, оқытуды ізгілендіру аспектілерін пайдаланып жүзеге асырудың мәні зор.

Заман сұранысына сай жоғары дәрежелі жүйелерді зерттеуде ғалымдар өздерінің ғылыми көзқарастарына сапалық өзгерістер енгізіп, теорияның логикалық құрылысын жаңарту, яғни адам және қоғам туралы ғылым салаларына ойлау мен дүниетану жолдарына тың өзгерістер енгізулері керек болуда. Себебі ойлау стилі – біріншіден, инженерлік-математикалық, ал екіншіден, ықтималдық сипатта болуы шарт екені анықталды [1].

Классикалық ғылымның табиғи-ғылымдық көрінісінің болашақ заңды дамуының жалғасы ретіндегі инженерлік-ықтималды стильдің ғылыми ойлаудағы айырмашылығы – оның сырттан қабылданатын ақпаратты «кванттарға» бөлшектеуінде, яғни ақпараттың ұсақ бөліктерін математикалық логика әдістерінің көмегімен біртұтас жүйе түрінде қайтадан туындату мүмкіншілігінде; көпшілік жағдайда оның абсолюттеу идеясынан бас тартуында; дискретті математика әдістері көмегімен әртүрлі табиғи процестерді модельдеуінде; модельденген процестерді техникалық құралдар арқылы (компьютер көмегімен) жүзеге асыруында болып отыр. Осы айтылғандардың бәрі дерлік белгілі бір жағдайда қазіргі лингвистикалық ойлау стиліне қатысы бар.

Құдайберген Қуанұлы Жұбанов өткен ғасырдың 30-жылдарының өзінде-ақ өз зерттеулерін заманға сай жүргізуге ұмтылған ғалым. Мәселен, оны ғалымның «Қазақ тілінің жоғарғы курсы» атты еңбегіндегі мынадай тұжырымынан байқауға болады: «XIX ғасырда жаратылыс ғылымы ілгеріледі; оларды зерттеуге түрлі метод қолданылды. Объектив әдісімен іс істеу тілшілерге де жұқты. Бұрын тіл логика негізді әдіспен зерттелетін еді (яғни, сағызша созыла беретін белгілі өлшеуге келмей, көбіне субъектив жорамалға сүйенетін)», – дейді [2, 79-б.].

Ғалымның осындай зерттеу тұстары тілдің қолданбалы саласының жаңа бағыттарынан да байқалады. Дәлірек айтсақ, тіл зерттеу аясындағы XX ғ. 60-жылдарында ғана пайда болған «Статистикалық лингвистика», «Лингвистикадағы модельдеу» бағыттарының кейбір бастамаларын Құдайберген Жұбановтың сол кездегі зерттеулерінен кездестіруге болады. Мысалы, қазіргі кездегі тіл білімінде, соның ішінде қазақ тіл білімінде де «Лингвистикалық статистика» деп аталып жүрген жаңа саланың алғашқы нышандары мен белгілерінің ғалым еңбектерінде көрініс тапқаны белгілі. Осыған байланысты математик ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Қ.Б.Бектаев былай деген болатын:

«...сандық деректер мен мәліметтерді, оны пайдалану нәтижесіндегі кейбір пікірлер мен тұжырымдарды біз проф. Қ.Жұбановтың еңбектерінен жиі кездестіреміз. Ғалымның сол кездің өзінде-ақ тіл білімінде сандық деректерді пайдалану қажет екендігіне ерекше ден қойғанын айқын байқаймыз» [3].

Ғалым Қ.Жұбановтың 1936 жылы жарық көрген «Қазақ тілінің грамматикасы» атты еңбегінде сөз мүшелерінің орны, дыбыстардың саны мен сапасы, түрлері туралы жазған тұжырымы да осыған дәлел: «Дыбыстың саны бар да, сапасы бар. Дыбыстың сапасы бірдей бола тұрып, саны әлденешеу бола береді. ... Бір тілде жұмсалатын дыбыстардың жалпы санының ұшы-қиыры жоқ, бірақ оның бәрінің бірдей сапасы әр түрлі бола бермейді. Сапасы әр түрлі болатын дыбыстар белгілі мөлшерде ғана болады да, көп болмайды. ... Қазақ тілінде де сапасы әр түрлі болатын дыбыстардың арнаулы саны бар...» [2, 183-б.].

Шын мәніндегі статистикалық ізденістерді Қ.Жұбанов қазақ орфографиясын ғылыми негізде құру мақсатында қолданған. Ол әліпби құрамына еруге тиісті әріптердің санын қазақ тіліндегі белгілі бір фонеманы іс жүзіндегі қажеттігіне, оған деген ділгерлікке, қолданыс жиілігіне бағындыра белгілеуді мақсат тұтқан [2, 114-б.].

Ғалым тілдің сандық сипаты негізінде тілдік бірліктердің сапалық қасиеттерін де анықтауға болатынын сөз ете отырып, ол сандық деректердің негізінде тілге қатысты кейбір жайттар (дыбыстар, буындар, сөздер, сөйлем мүшелерінің орны және т.б.) бойынша тың тұжырымдар жасаған [3, 115-116-бб.].

Тілдік құбылыстардағы сан мен сапа жайында айта келе, ғалым тұрпат (форма) пен мағынаны да ажырата білудің маңыздылығын түсіне білген. Мысалы, «Қазақ тілінің жоғарғы курсы» атты еңбегінде ғалым былай дейді [2, 79-б.]: «...Бірақ (грамматикалық құрылымдардың) сыртқы белгілеріне сүйенуден формализм туды. Сөйтіп морфология жеке сөздердің формасын, синтаксис сөз тіркестерінің формасын тексеретін ғылым деп танылды. ... Синтаксистің өзі де ... тіркескен сөздердің тіркесу формасын қарайтын ғылым болды», – дей келе, «Қазақ тілі грамматикасының кейбір мәселелері» атты еңбегінде тағы да мынадай ой-тұжырымдарын айтады: «...Рас, біз формашыларға қарсымыз: тіл құбылыстарын жалаң түр жағын ғана зерттеумен біліп болмайды. Бұл – сөзсіз сыңаржақтық. Сонда да жоғынан бары игі. Түр – форма деген тілде жоқ белгі емес, бар нәрсе. Бар қасиетін көрсетушілік қашанда пайда болмаса, зиян келтірмейді. Бірақ жеткіліксіз, өйткені түр (форма) тілдің бар тарауы емес, бір тарауы» [2, 34-б.].

Профессор Құдайберген Жұбановтың түсіндіруінше, тіліміздегі қарым-қатынасқа түскен сөздердің мағыналық жағын танып қана қою жеткіліксіз, сол мағына қалайша туындап тұр, қандай формалардың әсері болды, яғни мағына мен форманың аралық тығыз қарым-қатынасын ескеріп отыру қажеттігіне оқырманның назарын аудартады. «Жаңа грамматиканың жаңалықтары жайында» атты еңбегінде ғалым былай дейді: «Грамматиканың мақсаты жалғыз-ақ сөздің қандай мағыналары болатындығын баяндау ғана емес, қандай формаларға қандай мағыналар сәйкес келетінін баяндап, дұрысы, қандай мағына шығу үшін сөзді қалайша құрастыру керек екендігін баяндау. Сондықтан құрастыру, құрылыс жағын елемейтін грамматика да болмақ емес» - дейді ғалым [2]. Ғалым «құрастыру», «құрылыс» (структура) ұғымдары арқылы грамматиканың үлкен бір саласы – синтаксисті осылайша түсіндіреді.

«Өткен ғасырдың 50-жылдарынан бастап грамматикада өзінше бір жеке сала болып бөлініп шыққан сөз тіркесі синтаксисі де Қ.Жұбановтың назарынан тыс қалмады» [4], – деп жазады синтаксис саласының белгілі маманы проф. Қ.Есенов. Аталған маңызды мәселеге арнап проф. Қ.Жұбанов «О формах сочетания слов в казахском языке» атты мақала жазғаны бізге мәлім. Ғалым еңбектеріндегі тағы бір көңіл бөлерлік жайт – сөйлем мүшелерінің орналасу тәртібіндегі заңдылықтар және кісі аттары мен біріккен сөздер табиғатының кеңінен сөз болуы. Қысқаша айтқанда, профессор Қ.Жұбанов қазақ тілінің өзге салаларымен бірге тіліміздің синтаксистік құрылысын зерттеуде үлкен теориялық еңбек қалдырып, жаңа бағыттағы болашақ зерттеулерге аса білгерлікпен жол салып кетті.

Қазіргі қоғам элементтерінің арасындағы өте күрделі байланыстарды анықтау қоғам өміріндегі ақпарат пен ақпараттау жүйесін басқарудың рөлін арттырады. Осындай күрделі жүйеге мәтінді де жатқызуға болады. Қай тілдегі мәтін болмасын, онда: құрылымдық-коммуникативтік және номинативтік, әлеуметтік және индивидуальдік, статикалық және динамикалық, детерминдік және ықтималдық т.б. да әртүрлі аспектілердің араласып жататыны белгілі. Тек осы аталған факторларды ескерсек қана ойымызда туындайтын мәтін мазмұнынан өзара байланыстағы сөйлем тізбектеріне (мәтінге) өтудің заңдылықтарын ашуға мүмкіндік жасалады. Бұл жағдайды зерттеп-тану, мәтін құрайтын бірліктерді бөлшектеу арқылы талдау (анализдеу) немесе мәтінді құрастыруға қажетті бірліктерді жинақтау (синтездеу) әдісі арқылы ғана жүзеге асады демекпіз.

Синтездеу әдісін қолдану кезінде әртүрлі сөздерді тізбектеп, сөйлем құрастыру, сол сөйлемдердің тізбектері негізінде мәтін абзацтарын құру және т.б. мәтіндердің ірі бөлшектерін (параграф, тарау т.б.) құрастырудың заңдылықтары ашылады. Осы заңдылықтарды танып-білу, бір тілден екінші тілге компьютер арқылы аударуды, автоматты түрде мәтіннен реферат алу мен аннотациялауды және қажетті деген деректерді автоматты түрде тез арада іздеп-табу проблемадарына басқаша көзқараспен қараумен бірге, белгілі үлгімен жасалған құжат қағаздарын синтездеу мәселесіне де көп жеңілдік жасалатыны сөзсіз.

Компьютер арқылы алынған ғылыми нәтижелер алғашында қазақ тіліндегі мәтіндердің мазмұнын автоматты түрде ашуға көмектесе, болашақта мамандардың компьютермен табиғи тілде, яғни қазақ тілінде де қатынас жасап, «дидарласуына» мүмкіндіктер туғызары сөзсіз.

Енді қазіргі кезде қолданбалы тіл білімінің дәстүрлі бағытымен қатар дамып келе жатқан және заман сұранысына сай пайда болған оның жаңаша бағытындағы «тілді модельдеу» әдісінің қажеттігі, ең алдымен, зерттеу нысанымызды тікелей байқауға, яғни оны «қолмен ұстап, көзбен көруге болмайтын» жағдайлардан туындайды. Сондықтан осындай модельдеу әдісі, өзінше бір бөлек әдіс ретінде, көптеген ғылымдар саласында, соның ішінде қазіргі кезде қазақ тілін зерттеуде де қолданыс тауып жүргені белгілі.

Ғылыми әдебиеттерде «модель» терминіне келесідей анықтама берілген: «Модель дегеніміз – зерттеу нысанының қасиеттерін бойына сақтай алатын және түпнұсқаның (нысанның) орнына жүретін, танымдық процестің қажеттігінен туындайтын материалдық не абстракты нысан (объект)» делінген. Басқаша айтқанда, формалдылықтың түсінігі – математикалық дәлдік немесе бірізділік деуге болады. Бұл қасиеттер тіл табиғатына да тән құбылыс деуге болады.

Сөйлемдер ішіндегі сөзтұлғалар арасындағы қабысу, жанасу, қиысу, меңгеру сияқты тәуелділіктер (байланыстар) жиыны сол сөйлемнің синтаксистік құрылымы жайлы көптеген мәліметтер бере алады. Ал тәжірибе жүзіндегі ізденістерде, мұндай тәуелділіктер (байланыстар) жиыны граф пішініндегі сызба түрінде көрініс табады.

Профессор Құдайберген Жұбановтың сөйлем құрылымына қатысты зерттеулерінде сөйлем ішіндегі сөзтұлғалар мен сөз тіркестер «граф» немесе «құрастырушылар моделі» деген терминдермен аталмаса да, сөйлемге енетін сөздердің әрбіреуін тиісті сандық белгілермен таңбалау және олардың тәуелділіктерін сызба түрінде кесінділер мен төртбұрыштар арқылы беру молынан кездеседі. Мәселен, ғалымның «О формах сочетания слов в казахском языке» атты мақаласында 15 сөзқолданыстан тұратын сөйлемдегі сөздердің орын ауысуынан сөйлем мағынасының өзгеру заңдылығын көрсету мақсатымен, әрбір сөзді нөмірлеп алып (тиісті сандармен таңбалап), бес түрлі айтылым ретінде бөлек-бөлек қарастырып, пайымдаулар жасайды [2, 476-б.]. Әрі қарай осы сөйлемдегі сөздерді түпнұсқадағы баламаларымен салыстыра отыра, олардың мағыналары мен тұлға өзгерістерін талдайды. Міне, мұндай әрекеттер қазіргі кезде арнайы әдіс ретінде сөйлем синтаксисін модельдеуге қатысты зерттеулерде жиі қолданыс тауып жүр.

Қ.Жұбановтың «Сөйлем мүшелері» [2, 153-157-бб.], «Жетек сөз бен жетекші сөз» [2, 160-161-бб.], «Сөйлем мүшелерінің орын-орны» [2, 162-б.] деген тақырыпшаларда, «О формах сочетания слов в казахском языке» [2, 476-481-бб.], «О построении речи на

казахском языке» [2, 482-495-бб.] және «Этюды к переводу трех стилей» [2, 531-534-бб.] атты мақалаларына қатысты зерттеулерінде көрініс тапқан сызбалар үлгісі 12 түрлі сызба арқылы берілген. Бұл келтірілген сызбаларды қолданбалы лингвистика терминімен айтсақ, белгілі мағынада, «Қазақ сөйлемдерінің синтаксистік модельдері» деуге де болар еді.

Көптеген зерттеушілердің тұжырымдауынша, сөйлем мағынасы аса күрделі және көпаспектілі құрылым. Сондықтан синтаксистік модельдеу барысында ұстаным етілетін төрт түрлі ғылыми бағыттың үшеуі «әлем – ойлау – тіл» үшбұрышы элементтерінің қатыстылығына қарай, ал төртіншісі – «тіл – адам» прагматикалық қатынасына негізделеді. Ғылыми әдебиеттерде бұл бағыттар: онтологоцентристік, концептоцентристік, синтактикоцентристік және антропоцентристік бағыт деген терминдермен аталып жүр. Міне, осындай толып жатқан терминдер арқылы аталып жүрген «Қолданбалы тіл білімінің» жаңа бағытына қатысты мәселелер Қ.Жұбановтың зерттеулерінде (келтірілген терминдермен аталмаса да) өзіндік мазмұнда молынан көрініс тапқан.

Мәтіндердің туындау заңдылықтарын анықтау, әсіресе олардың ішінен мағына жағынан ең негізгі деген тілдік бірліктерді ажырата білудің, қазақ тілін үйрету (үйрену) үрдісінде де тәжірибелік мәні зор. Ол үшін ең әуелі мәтіндерді сегменттеу ережелерінің көмегімен үлкенді-кішілі мәтіндік бірліктерге топтау әдісін жүргізудің қажеттігі туады. Зерттеушілердің тәжірибесінде мәтіннің құрылымына қатысты бірліктер ретінде: сөздер, сөз тіркестері, сөйлемдер, абзацтар, параграфтар, бөлімдер, тараулар, томдар алынып жүр.

Жоғарыда қысқаша баяндалған мәселелер қазақ тілінің қолданбалы саласының жаңа бағыты бойынша жүргізілетін зерттеулерде өз жалғасын табады деп сенім білдіруге болады.

Сонымен, қазақ тілінің теориялық және қолданбалы тіл білімінің негізін қалаушы, қазақ филологиясының тұңғыш профессоры Құдайберген Қуанұлы Жұбановтың азғана өмірінің бір-ақ мақсаты болған сияқты. Ол – әлі ашылмаған шындықты ашу немесе соның ашылуына ықпал жасау, сол арқылы қоғамға қызмет ету. Мұндай мақсатқа жетудің әртүрлі жолдары бар екені белгілі, бірақ ғалым Қ.Жұбанов солардың ішінен зерттеудің дәлдігі мен объективтілігін қамтамасыз ететін жаңа технологияның көмегімен жүзеге асатын цифрлық тәсілді ғана ең дұрысы деп тапқан болу керек. Цифрлық технологияларды пайдалану арқылы қазақ тіл ғылымын дамытуға және халық өмірінің сапасын арттыруға мүмкіндік туындайтыны сөзсіз.

#### **Әдебиет:**

1. Пиотровский Р.Г. Инженерная лингвистика и теория языка. – Л., 1979. – 112 с.
2. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999. – 581 б.
3. Бектаев Қ., Белботаев А., Смаилов Т. Қазақ тіл біліміндегі лингвистикалық статистиканың алғашқы көріністері // Қ.Жұбанов және қазақ совет тіл білімі. – Алматы, 1990. – 108-116-б.
4. Есенов Қ. Профессор Қ.Жұбанов және қазақ тілінің синтаксисі // Құдайберген Жұбанов және қазақ совет тіл білімі. – Алматы, 1990. – 71-б.
5. Жубанов Х. Исследование по казахскому языку. – Алма-Ата, 1966. – С. 220.



## РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ӨРІСІНДЕГІ ӘДЕБИЕТТАНУ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

*Зейнулина А.Ф.,*

*[akbura66@mail.ru](mailto:akbura66@mail.ru)*

*филология ғылымдарының кандидаты, профессор,*

*С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті,*

*Ибраева А.Т.,*

*[aiko\\_tarbinovna@mail.ru](mailto:aiko_tarbinovna@mail.ru)*

*педагогика ғылымдарының магистрі,*

*Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті,*

*Павлодар, Қазақстан*

### **Summary**

The article deals with the problems connected with specifics of national vision of the world and special aspects of disclosure of artistic images. The author carries out the analysis of code indicators of figurative national consciousness and methods of their presentation in art work. Raskryvaetsja features of the Kazakh literary contaceptive.

Сөз өнерінің тарихы мен теориясының жекелеген салаларына тереңдей еніп, қайшылығы мол әр-түрлі тұжырымдарды салыстыра қарастыру болып табылады. Бұрын үстірт қана айтылып кеткен әдебиеттанудың кейбір мәселелеріне енді бүгінгі ғылыми көзқарастар мен пайымдаулар тұрғысынан нақтылай баға беріп, түбегейлі талдап, зерделеудің маңызы ерекше. Сөз өнерінің ерекшеліктерін, қоғамдық рөлін, көркем шығарманы танудың принциптерін, талдауын, әдістері мен методологиясын, әдеби жанрлар мен оның түрлерін, өлең жүйелерін, тіл мен стиль, әдеби ағым мен ағыс мәселелерін тексереді, талдайды.

Әдебиет тарихы жалпы сөз өнерінің әр халықтың тарихында қалай пайда болғанын, қайтып қалыптасқанын, қандай жолдармен дамығанын зерттейді. Әр ұлттың көне заманғы шағында, жазу-сызуы жоқ кезінің өзінде ауыз әдебиеті өрбігенін, одан ілгерілей келе жазба әдебиеті өніп-өрістегенін, сөйтіп, оның көркемдік дамуы қай заманда қай бағытта болғанын саралайтын да, сын көзімен сұрыптап, сарапқа салатын да әдебиеттің тарихы. Сонымен қатар бұл ғылым әр дәуірдің әдеби нұсқасына тарихи тұрғыдан қарап, оның сапасын сол тұстың сана сатысына, ой өрісіне байланыстыра тексереді. Олай етпей, ауыз әдебиетінің нұсқалары болсын, жеке жазушылар шығармашылығы болсын, әділ бағаланып, әдеби дамудағы өзіне лайық орнын алуы мүмкін емес.

Әдеби тарихнама — әдебиет теориясының, тарихының, сынының ғасырлар бойғы тарихи дамуы туралы дәйектемелер мен деректер, мәліметтер мен құжаттар жинағы. Мұның өзі, көбіне, бірыңғай ғылыми мақсат үшін керек. Әдебиеттің қисынына, тарихына не сынына қатысты қандай арнаулы мәселе болмасын, оны зерттеудің көлемі мен тереңдігі, мәні мен маңызы сол мәселенің тарихнамалық материалының мөлшері мен мазмұнына қарай белгіленеді.

Әдебиеттану үрдісіндегі сөз өнеріне ғылыми жаңалықтар әкелген Шоқан Уәлихановтың, атақты ағартушысы Ыбырай Алтынсариннің, ұлы ақын Абай. Құнанбаевтың алатын орындары айырықша. “Шығыстану әлеміне құйрықты жұлдыздай жарқ етіп шыққан” (Веселовский) Ш. Уәлихановтың сөз өнері жайлы ғылымға қатысты еңбектерін ауыз әдебиетін жинау және жинаған нұсқаларын өзінше парықтау деп екі салаға бөлуге болады. Бұл ретте, Шоқанның өзі “дала Илиадасы” деп бағалаған әйгілі қырғыз эпосы “Манастың” бір тарауын тұңғыш жазып алуы, өз халқының ұлаңғайыр өлең-жырларын ел аузынан іздеп-тауып, талдап-тексеріп, оларды араб поэзиясымен салыстыра келе, қазақ поэзиясы — саф таза сұлу поэзия екенін, қазақ тілі араб тіліндей бояма, арзан дүние емес, ол төгілген тұнық, мөлдір тіл екенін дәлелдеуі — соншалық байсалды, парасатты, ғылым тұрғысынан әбден піскен, анық пікір. Нәтижесінде оның поэзияны жалпы жұрттың рухани сусыны ретінде ғана емес, халықтың көркем тарихы, халық тағдырының сырлы шежіресі ретінде пайымдап, сол

арқылы сөз өнерінің таным және тәрбие тарапындағы мәні мен маңызын белгілеуі, сондай-ақ қазақ өлеңін бес түрге бөліп, бұлардың әрқайсысына өзінше мінездеме әрі сипаттама беруі — әдебиет теориясына қатысты толғамдар. Қазақтың болашақ әдебиеттануының алғашқы кірпішін Ш.Уәлиханов осылай қалаған еді. Ал Ы.Алтынсаринның әдебиет туралы ғылымға қосқан үлесі жұртқа мәлім ағартушылық еңбектерімен сабақтас.

Қазақтың әдебиет туралы ғылымының бүгінде барлық саласы түгел, тұтас: А. Байтұрсыновтың “Әдебиет танытқышынан” бастау алып, Қ. Жұмалиевтің “Әдебиет теориясына” жалғасқан, одан З. Қабдоловтың “Сөз өнеріне” (әдебиет теориясының негіздеріне) келіп ұласқан қисын саласы; М. Әуезовтің “Әдебиет тарихынан” басталып, С. Сейфуллиннің “Қазақ әдебиетінен”, С. Мұқановтың “XX ғасырдағы қазақ әдебиетінен” әрі қарай өрбіп, Ә. Марғұланнның, Б. Кенжебаевтің, Ә. Қоңыратбаевтың, Т. Нұртазиннің, М. Ғабдуллиннің, Х. Сүйіншәлиевтің, М. Сильченконың, Р. Бердібаевтің, М. Базарбаевтың, З. Ахметовтің, С. Қирабаевтың, Х. Әдібаевтің, Ш. Сәтбаеваның, Н. Ғабдуллиннің, Р. Нұрғалиевтің т.б. оқулықтары мен монографиялары — әдебиет тарихы; Ж. Аймауытовтың “Мағжанның ақындығы” секілді үздік үлгісі бар әдеби сын Е. Ысмайыловтың, М. Қаратаевтың, А. Нұрқатовтың, С.Қирабаевтің, Т. Кәкішевтің, Ш. Елеуқеновтың, З. Серікқалиевтің, А.Исмақованың т.б. сын-зерттеулеріне дейін өрістеді.

Қазақ халқының XIX ғасырдың екінші жартысы мен X ғасырдың басындағы демократтық әдебиеті бізге, бүгінгі ұрпаққа, сол дәуірлерде туған халықтық әдебиеттің үлгілері есебінде бағалы. Біздің кейінгі туған, жан-жақты маман әдебиет болып қалыптасқан ұлттық сөз өнері сол дәуірлердің озат идеяларын дамыту негізінде, жаңа заманның өмір шындығы жағдайында өсіп жетілді.

Қазақ әдебиетінің жаңа кезеңінде белсенді қызмет еткен ақын-жазушылар Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Жүсіпбек Аймауытов,

Мағжан Жұмабаев, Лияс Жансүгіровтер де өздерінің шығармашылық қызметін XX ғасырдың бас кезінде-ақ демократтық, ағартушылық бағытта бастаған еді. Олар Абай дәстүрінен үйреніп, Ахмет Байтұрсынов көтерген азаттық, тәуелсіздік идеясын жырлауды жалғастырды. Сонымен бірге оны жаңа дәуірге алып өтті. Жаңа әдебиет өмірді реалистік суреттеу мен азаматтық үлгіні, гуманизм мен демократтық көзқарасты, Отан сүю мен туысқандық идеяларын классикалық әдебиет дәстүрінен алып, жаңа жағдайға лайықтап дамытты. Сондықтан бұл дәстүрлер жаңа кезеңдегі қазақ әдебиетінің қайнар көзі болып табылады.

Әдебиет қисынын білмей, қандай да болса әдеби құбылысты нәзік түсіну, шынайы сөз өнерінің шындық өмірге қарым-қатынасын білу, әдебиеттің өсіп-өрбуіндегі заңдылықты ұғу, сайып келгенде, күллі ілгерішіл адам баласының жалпы көркемдік дамуындағы сыр-сипатты тану мүмкін емес. Әдебиет теориясының ереже секілденген көркемдік қағидалары мен қисындары — әшейін ойдан туа салған нәрсе емес, әдебиет тарихы арқылы табылып, тексеріліп, жүйеленген ұшан-теңіз нақты әдеби деректерді терең және жан-жақты талдау, байыптау нәтижесінде қорытылған толғамдар, түйін-тұжырымдар.

Әдебиеттану ғылымының көбірек ден қоятын тағы бір ауқымды саласы – көркем аударма. Әрине, көркем аударманың сапасы мен көркемдік деңгейін аударма теориясы немесе аударма ғылымы арнайы зерттейді. Ал, салыстырмалы әдебиеттану ғылымы аударылған шығарманың сол тілдегі ақын-жазушылардың шығармашылығына қалай ықпал еткенін, сол әдебиетке нендей тың тыныс, жаңа леп әкелгенін, сол арқылы әдебиеттер арасындағы, мәдениеттер арасындағы ықпалдастықты қарастырады. Көркем аударманың қажеттігі де, оны зерттеудің көкейкестілігі де осы қырынан көбірек аңғарылады. Яғни, көркем аударма мәселелерін қарастырғанда сыңар бағытта, бір жақты, яғни тек әдеби тұрғыдан, я болмаса лингвистикалық жағынан ғана үңілу, зерделеу мүлде жеткіліксіз. Ондай зерделеу әрі кеткенде аударманың сапасын көтеруде белсенді рөл атқарады. Сондықтан, салыстырмалы әдебиеттану жүйесіндегі аударма мәселелерін зерттеу барысында мәдени-лингвистикалық зерделеу тәсілінен гөрі, әдеби әдістерді қолдануға молынан орын берілетіні содан.

Академик Р.Нұрғалидың да көркем аударма мәселесіне көбірек осы – салыстырмалы әдебиеттану аспектісіндегі ұғым тұрғысынан ден қойғаны байқалады. Бұл туралы ғалым өз пікірін былай өрбітеді: «Қазақ әдебиетіндегі соңғы жылдардағы жақсы құбылыстың бірі – әлем өнеріндегі үздік туындылардың, классиканың жүйелі аударылуы. Абай творчествосында зор дәстүрі жасалған бұл тәжірибенің қазір мемлекеттік, жоспарлы шаруаға айналуы қуантады. Әр ғасырда, әр жұртта жасалған асыл дүниелердің ана тілімізде сөйлеуі байлығымызға байлық қосады, әсіресе жас буын, кейінгі ұрпақты жан-жақты эстетикалық тәрбиелеуге мүмкіндік береді, профессионалдық тұрғыдан алғанда, қазақ әдебиетінің интернационалдық дәстүрлерінің баюына ықпал жасайды» [4, 138]. Демек, ғалым бұл арада, қазақ әдебиетінің реалистік кең арнаға түсуіне игі әсер етіп, ықпал жасаған факторлардың бірі – аударма екендігін меңзеумен бірге, көркем аударманың қай кезде де ұлтымыздың рухани дүниесін байытудағы атқарар рөлі ерекше бола беретініне сенуге шақырады.

Түйіндей келсек, ғалымның тура осы бағыттағы еңбектерін болашақта арнайы зерттеу өзегіне айналдыру – қазақ әдебиеттану ғылымы үшін теориялық та, практикалық та маңызы үлкен жұмыс болады деп есептейміз.

Бұқаралық әдебиет көбіне мәдениеттің даңғыл жолдарынан хабары жоқ оқырманның сұранысына орай жасалады, бірақ оның өз дәуірінің әдеби процесіне белсене араласуы – әлеуметтік және мәдени өзгерістердің белгісі. Бұқаралық әдебиеттің өзінің жанрлық, тақырыптық мызғымас канондары бар, оның ішінде белгілі бір сюжетті схемалар негізінде құрылған, типті кейіпкерлері көрініс беретін прозалық шығармалардың формальды модельдері де бар. [1,51]. Композициялық стереотиптер, эстетикалық шаблондар бұқаралық әдебиеттің барлық жанрлық-тақырыптық белгілерінде (детектив, триллер, мелодрама, криминал, фантастика, фэнтези, шытырман-тарихи романдар және т.б.) жатыр. Міне, оқырмандардың сұранысына осылай икемделген баспаның «сериялық» жобалары дүниеге келе бастайды. Бізде кітап тарамайды, сондықтан мұндай әдебиет бізде қазір интернетте көрініс таба бастаған секілді. Дегенмен, әдеби-эстетикалық градация бар, бұл ретте шартты түрде болса да, классика – беллетристика – бұқаралық әдебиет деген үштіктің айырымына үңілген жөн. Беллетристика – әдебиеттің «аралық алаңы» секілді, оған өзгеше көркемдік артықшылығымен ерекшеленбейтін шығармалар жатады. Бұл шығармалар мәңгілік құндылықтарды темірқазық етіп, қызықтық, танымдық жағына ұмтылады. [3,18]. Өз дәуірінің өзгерістерін, маңызды оқиғаларын өзек еткен немесе өткен тарихқа үңілген, автобиографиялық немесе мемуарлық ыңғайдағы шығармалар беллетристика ретінде оқырмандарды баурап алып жатады. Уақыт өте келе ол өзінің өзектілігін жоя бастайды, келер буын оқырмандардың әлгі шығармаларды оқи қоюы екіталай. Классикалық әдебиет оқушыға беймәлім эстетикалық жаңа бір дүние ұсынса, оқырман жаңа бір әлемді ашатыны сөзсіз.

Бүгінгі әдеби үрдісте әр жанр бойынша әкелетін жаңалығымыз да көп болу керек, дегенмен дәстүрлі әдебиет тынысын тұншықтырмауымыз қажет. XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басындағы әдебиет өнерінің даму көрінісі өзгеше. Мәселе көркемдік тенденциялардың, шығармашылық тәсілдердің, эстетикалық шашыраңқылықтың көптігінде, сан түрлілігінде ғана емес. Ең әуелі әдеби кодтың толық жаңаруына қызмет жасауымыз қажет.

Ұлттық әдебиет тарихын оқып, зерттеуде теориясыз ешбір көркем шығармаға талдау беру мүмкін емес болса, ал сол, елдің фольклорын, әдебиетінің тарихын жақсы білмеген адам өз кезіндегі әдебиеттің даму жолдарын дұрыстанып, басшылық ете алмайды. Өткенді жақсы білмей, келешекті болжау қиын. Әдебиет теориясымен толық қаруланбаған сыншы, жалпы әдебиеттік процеске жол көрсету, жөн сілтеу былай тұрсын, жеке еңбектерді де талдай алмайды. Әдебиеттану ғылымының үш саласының ішінде әдебиет теориясының орны өте-мөте ерекше.

Әдеби бағыт көбінесе көркемдік әдіс, стиль орнында қолданылады. Еуропалық әдебиет тарихындағы болған белгілі бағыттар: ренессанстық реализм бағыты, барокко, классицизм, ағартушылық реализм, сентиментализм, романтизм, сыншыл реализмы,

модернизм, соцреализм постмодернизм. Натурализм, символизм, маньеризм, рококо, импрессионизм, экспрессионизм, экзистенциализм әдеби ағымдар болып саналады. Аталған бағыттардың ұлттық әдебиеттерде орын алуы мойындалған тұжырым.

Болмыстың көркем көрінісі мен адамды нақты қимыл-әрекет үстіндегі жанды бейнелеу-тек сөз өнеруінің ғана еншісі. Бейнелеу құралы-тіл. Тіл арқылы сөзбен сурет жасалады, яғни кез келген көркем шығарманың тілсіз өрілуі мүмкін емес. Көркем әдебиет - әдеби тілдің ауқымында жасалғанымен, ұғымдық аясы одан әлдеқайда кең. Бұл - оның шығармашылық қызметінен, образды бейнелеуші, кейіпкерді мінездеуші сипатынан туындайды. Өзінің осы ерекшелігіне орай көркем әдебиет екінші және басты ерекшелікке - жалпы халықтық тілдің барлық қабаттарын (диалектілерді, жаргондарды, кәсіби сөздерді) керегінде қамтитын синтетикалық тұрпатқа ие болады.

Көркем әдебиеттің тілі - тіл мәдениетінің, тілдік талғамның ғана тарихы емес, қоғамдық өзгерістердің, әлеуметтік психологияның да тарихы. Өйткені жалпы ұлттық тіл мәдениеті аясында жасалған әр кезең әдебиетінде сол әдебиетті тудырған уақыт ерекшеліктері өзіне тән сөз саптау стилі арқылы таңбалады.

Әдебиет-мәдениеттің бір бөлігі, ал мәдениет-қондырма. Әдебиет-ақиқат өмірдің сырлы суреті, халықтың көркем тарихы; көркем шығарма өзегі-шындық. Жазушы өмірдегі сан-салалы шындықтан ұлттың суреткерлік мақсатына керегін ғана таңдап, шығармасына арқау етеді. Ол өмір құбылыстарын өзінің дүниетанымы мен әлеуметтік көзқарасы тұрғысынан саралайды. Демек, әдебиет ұлт мүддесі мен дүниетанымдық кеңістігін танытуда басты қуатты құрал. Рухани даму мен жаңғыру белесінде ұлттың классикалық сөз өнерін насихаттай отырып, жаңа туындылардың болмысын дәстүр мен жаңашылдық негізде дамытуымыз қажет. Бүгінгі жаһандану кеңістігіндегі өмір талабы осыны қажет етеді.

#### **Әдебиет:**

1. Жуанышбеков Н. Проблемы современного сравнительного литературоведения. – Алматы, 2000.
2. Қирабаев С. Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет. – Алматы, 2001.
3. Сәтбаева Ш.К. Қазақ әдебиетінің тарихы. Т.3. – Алматы, 2000. – 567 б.
4. Нұрғали Р. Арқау. 2 том. – Алматы: Жазушы, 1991 – 576 б.

## **ДНИ МАЗМҰНДАҒЫ ТИТУЛДАРДЫҢ ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Мансұров Н.Б.,**

*филология ғылымдарының кандидаты,*

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,*

*Астана, Қазақстан,*

*[nurmanber@mail.ru](mailto:nurmanber@mail.ru)*

#### **Резюме**

В статье рассматриваются особенности значения и характер использования религиозных титулов. Автор анализирует целесообразность использования каждого понятия, выявляет значение слов в соответствии с состоянием исторической эпохи. А также подробно рассматривает формирование и ареал использования рассматриваемых религиозных титулов. Наряду с этим, в сопоставительном плане описываются место указанных слов в словарном запасе и их вытеснение из языка.

#### **Summary**

The article examines the features of the meaning and nature of the use of religious titles. The author analyzes the expediency of using each concept, reveals

the meaning of words in accordance with the state of the historical era. And also considers in detail the formation and area of use of the religious titles in question. Along with this, in a comparative plan, the place of the said words in the vocabulary and their displacement from the language are described.

Адамзат баласы дүниеге келген тұстан бастап барлығы біркелкі әрі бірдей дәрежеде тепе-тең өмір сүрмегендігі белгілі. Бірі жоғары дәрежеге қол жеткізсе, енді бірі жай қарапайымдылықпен күн кешті. Мұндай жағдай олардың арасында әртектілікті, яғни бірінің екіншісінен дәрежесінің біршама жоғары, биік болғандығын көрсетеді. Бұл өз кезегінде кез келген қоғамда орын алған лауазым, атақ, шен-шекпен мағынасында қолданыс тапқан сөздер қатарын ұсынады.

Тарихи негізде назар салсақ, адамдар арасында әркелкілік жүйе ежелден қалыптасқан. Мұны әртүрлі таптық топтардың құрылымын сипаттайтын тарихи кезеңдерден де аңғаруға болады. Себебі адамзаттың әлеуметтік, таптық топтары сонау болмысынан былайғы кезеңдерде қалыптасып, олардың белгілі бір тобы өзгелерінен біршама ерекшеленетіні көрініс табады. Міне осыған байланысты тілде атақ-лауазым сипатындағы лексикалық сөздер тізбегі орын алғаны байқалады. Олар тілдік тұрғыда көп ретте титул атаулары (титулатура Р.С.) мағынасында қолданылған. Яғни әлеуметтік топтардың аражігін ажырату ұғымындағы хан, сұлтан, бай, би, төре, аға, құл, кедей, жалшы, жарлы т.б. сөздер.

Бұл жөнінде белгілі ғалым Р.Сыздықова аға сөзінің осы күнгі жай «жасы үлкен ер адам» мағынасынан басқа қолданыста болғандығын айтады: «Бұрын Түркияда аға титулы әскери адамға, комендантқа, янычарлардың бастығына берілетін болған. Сол сияқты, сірә, XV-XVI ғасырлардағы қазақ қауымында да аға сөзі басшыға, оның ішінде әскери басшыға да айтылатын атақ-дәреже мағынасын берген ұқсайды», -деп Шалкиздің: Батыр жігіт жау бастар, Аға жігіт қол бастар дегені қолды (әскерді) бастайтын жігіттің аға аталатынын келтіреді [1, 44-45 б.].

Атақ-лауазымдар тек қана әлеуметтік топтарға ғана тиесілі емес, оның біршама ерекшеліктері бар. Кейде ол сый-құрмет, білім-таным, көпшілікке қажетті қадір-қасиеттерге орай да қолданылған. Мысалы, адамзаттың алыбы, баршаға үлгі-өнеге бола білген Пайғамбарымыз (с.а.у.) Мұхаммедтің аты аталғанда «саллалаһу алейһи уәссәләм-оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын» деген тіркестің қосылып айтылуы. Міне осы үлгіде шежіре тарихтарда, ежелден жалғасып келетін көне жәдігерлерде кісі есімдеріне, саңлақ сахабалар мен Пайғамбарымыздың (с.а.у.) серіктеріне тіркесетін «ради Аллаһу анһу-Алла разы болсын», «рахматуллаһу алейһи-Алланың рахметі жаусын», «қаддаса Аллаһу сирраһу-Алла жарылқасын» деген ұғымдағы сөздердің бірге айтылып-жазылатынын кездестіруге болады.

Өз заманында «Хас-Хаджиб» лауазымы да ең нәзік әрі құрметті атақтардың бірі болған деседі. Мұндай атақ-лауазымға ие болу үшін, адамның бойынан он түрлі жақсы қасиет табылу қажет деп танылған екен.

Олар: өткір көз, түрік құлақ, жомарт жүрек, жылы жүз, жақсы киім, сұңғақ бой, қызыл тіл, ақыл, парасат, білім.

Бұл ретте орыстың даңқты жазушысы А.П.Чеховтың «адам бойындағы барлығы келісімді болу керек» деген талабы да осы айтылған атақтың Юсуф Баласағұнның бойындағы қасиеттерге сәйкес келетінін аңғартса керек. Сондықтан Юсуф Баласағұнға Қашғар мен Баласағұн қалаларын билеуші Төвғоч Қара-Боғраханға арнаған еңбегі үшін әмір оған «Хас-хаджиб» деген атақ бергені айтылады.

Н.М.Әшімбаева өзінің «Дәстүрлі қазақ қоғамындағы атақ-лауазымдар жүйесі» атты монографиялық еңбегінде атақ-лауазым, дәреже-мәртебе атауларын төртке бөліп көрсетеді: 1. Әкімшілік ел басқару жүйесіне қатысты атаулар. 2. Әскери атақ-лауазым, дәреже-мәртебе. 3. Діни атақ-лауазым, дәреже-мәртебе. 4. Ғылым-білім саласына қатысты атақ-лауазым, дәреже-мәртебе [2, 69 б.].

Расында, көнеден күні бүгінге дейін тілімізде атақ, лауазым, шен, дәреже, титул, яғни әлеуметтік топтардың ерекшеліктерін сипаттауға негізделген біршама сөздер қолданыс тапқан. Олар әскерге, дінге, ғылым-білімге орай мәртебелі лауазымдар мағынасында келеді. Алғашқысы әкімшілік ел басқару мансабына орай қолданылса, кейінгісі әскери атақ, ал одан соң діни ұғымдағы атақтар мен ғылыми дәрежелер. Алайда аталмыш лауазымдардың мазмұндық, құрылымдық және тұлғалық жағынан біршама ерекшеленетінін ескеру керек.

Мысалы, көне қолжазбаларда, әсіресе, тарихи шежірелерде ортағасырлық ғылыми дәстүр бойынша әулие, әнбиелер мен танымал тұлғалардың аты-жөніне қоса олардың атақ-лауазымдары, шендері бірге жазылып, тіпті кейде рухына бағышталған тұрақты тіркестердің де берілетінін кездестіреміз. Міне сондай сипаттағы сөздердің бірі – шейх сөзі.

Шейх شيخ (шейх). ар. 1) қарт, шал; 2) басшы, шейх, көсем, тайпа жетекшісі; 3) ақсақалдар алқасының мүшесі; 4) топ жетекшісі (староста); 5) рухани басшы; 6) ғалым, оқытушы, жетекші ұғымдарын береді [3, с.15].

Негізінде, шейх сөзі алғаш діни білімі толық әрі ұстаздық қызмет еткен адамдарға тағылған титул. Мұндай сипаттағы адамдардың білімі мен амалы шарифи талаптарға сай көрініс тапқан сәтте осы аталған құрметке бөленген. Кейіннен сөздің қолданыс аясы кеңіп, діни пәндерден сабақ беретін білімпаздарға, дін қайраткерлеріне қатысты да пайдаланылған. Бұл тұрғыда сөздің мағыналық сипаты шейх атағын алған адамдардың атқарған қызметтеріне орай үйлесім тапқан деуге болады. Өйткені сөздің араб тілінен аударғандағы негізгі мағынасы – құрметті, қадірлі. Яғни рухани ұстаз, белгілі бір топтың басшысы ретінде дін жолында қызмет еткен адамдарға берілуі орынды.

Бүгінде араб әлемінде топтың басшысы, тайпа жетекшісі; ақсақал, көсем ұғымдарындағы қолданысы сақталған. Айталық, белгілі діни топтар, ұйымдастырушылар мен қасиетті, киелі орындарды зиярат ету барысында (қажылықта парыздарды орындауда) басшы ретінде танылған кісілерге құрмет көрсету мақсатында шейх сөзі әлі де айтылады.

Сонымен қатар араб тіліндегі сөздің күнделікті ауызекі сөйлеу тілі барысында қаратпа сөз мағынасында келетіні де кең орын алған. Жас жағынан өзінен үлкен кісіге немесе танымайтын бөгде біреудің назарын аударту мақсатында «Ия, шейх» үлгісі күні бүгінге дейін қолданыста бар.

Атақ-лауазымдарды кейде қолжазба авторларының да өздігінен пайдаланғандығы аңғарылады. Себебі қолжазбалар мен ежелгі жыр-дастандарда шейх сөзі мәулана, сопы, сөздерінің бірімен алмастырылатыны көрініс табады. Мұндай қолданыс аталмыш сөздердің мағыналық сипаты бір екендігін алға тартады. Бірақ әр сөздің негізгі ұғымын басшылыққа алсақ, онда олардың қолдану аясы мен дәрежесі, тіпті әрбірінің өзіндік орны барлығы анықталады. Олай дейтініміз әр сөздің қолдану аясы, мағынасы, тіпті мезгілі жағынан да өзгешелігі байқалады. Өйткені ертеде қолданыс тапқан атақ-лауазымдар мағыналық тұрғыда ғана өзгешелініп қоймай, олар мерзімі жағынан да әрқайсысы орны-орнымен бірінен кейін бірі ретімен келетіні ұсынылады. Демек, сөздердің қолданысында қолжазба авторларының да рөлі барлығын атаған жөн. Себебі кез келген автор өздігінен сөздердің ұғымын өз түсінігі бойынша беруі әбден мүмкін.

Расында, келтірілген сөздердің қолданысында әр кезеңнің әсері басым. Оған дәлел бір дәуірде шейх сөзі кең орын алса, енді бір дәуірде оны мәулана немесе сопы сөздерінің бірі алмастырған болуы мүмкін. Сондықтан тіл тарихында әрбір кезеңнің тілдік қолданысын ескерген абзал. Өйткені сөздер де белсенділік танытып, сөздік қордан кең орын алып, актив сөздердің құрамына енген тұста ол өзімен паралель қолданыс танытып келген сөзді ығыстырып, қолданыстан шығаруы мүмкін. Тіл білімінде орын алған мұндай жайттар жетерлік.

Қазіргі кезде тілімізде «шейх» сөзі ауызекі не жазба тілде қолданылмайды. Тек қана тарихи жыр-дастандар мен шежірелерде, кейде танымал дін ғұламасына арналған шығармаларда орын алады. Бірақ заманында кісі есімдеріне тіркесіп жазылып, белсенділік танытқаны айқын. Айталық, танымал тұлға Қожа Ахмет Йасауидің ата-бабасы айтылып, генеологиялық тегі ұсынылғанда Ахмет Қожа ибн Ибраһим шейх ибн Ифтар шейх ибн Омар шейх ибн Осман шейх ибн Хусейн шейх ибн Исмайл шейх ибн Муса шейх ибн Харун шейх деп бабалары тізбектеліп келтіріледі.

Тарихи қолжазбаларда (шежірелерде) белгілі тұлғаның «шейх» сөзі ерекше назар аудартады. Онда зерттеуге алынған Ысқақ Бабтан кейін келген Ахмет Йасауидің барлық ата-бабаларының есімдеріне «шейх» сөзі тіркесіп жазылатыны берілген. Бұл өз кезегінде сопылық ілімнің мәтін арқылы берілуіндегі ойға жетелеуі мүмкін дейді. Ал өзге нұсқаларда

мысалы, белгілі XVI-XVIII ғғ. ешқандай атақтардың қосылмайтыны немесе осы тектегілердің әрқайсысына әртүрлі атақ-лауазымдардың тіркесетіні айтылады [4, с.219].

Ысқақ баб пен Ахмет Йасауи арасындағы әрбір адамға «шейх» титулының қосылуы генеологиялық тұрғыда екі бабтың арасындағы туыстық қатынасты таныту мақсатында тіркескен болса керек. Сондай-ақ мұнда ұстаздық сипат пен ортағасырлық дәстүр жалғастығы да бар. Өйткені тектіліктің бір сипаты оның дәстүрлі жалғасы ретінде танылуы. Бастысы, ата-бабаларының тарихи шежіресі болса, екінші негіздемесі, көнеден жалғасып келетін шен, атақ, даңқ, титул т.б. Оған дәлел ретінде тарихтағы танымал Әбілғазының «Түрік шежіресі», Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Тарихи Рашиди», Бабырдың «Бабырнама» т.б. еңбектеріндегі ата-бабалары жайлы жазылған деректемелерді ұсынуға болады.

Сөздің лексикалық сипаты осылай өрбісе, терминдік мағынасы көп ретте сопылық ілімге қатысты. Мұндағы қолданыс ерекше болған. Себебі «шейх» сөзі басшы, жетекші рөліндегі тұлға қызметінде ұғынылады. Ол өзінің соңынан ерген кісілердің көсемі әрі ұстазы, тіпті өзгелерге үлгі тұтатын жан ретінде сипатталады. Сондықтан «шейх» сөзі сопылық ілімде нәпсіден арылған, хақта бақи болған әулие кісі. Сопылық дүниетанымды өзгелерге үйрететін, білімімен нұр шашып, сөзі мен ісінен өнеге алатын кемел адам деп танылады [5, 83 б.].

Ал «шейх» сөзінің «шайх» болып өзгеріске түсуі тілдегі дыбыстық ерекшеліктерге байланысты. Мұнда жіңішке «е» дыбысының жуан «а» дыбысына алмасуы. Тілдік қағидада мұндай алмасулар көп кездеспейді. Оның осы үлгіде келуі орынсыз қолданыс деуге болады. Алайда тілдік қолданыста ол дыбыстардың алмасуын атаған жөн. Бұл жайлы ауызекі тіліміздің дыбыс жүйесін зерттеушілер мынадай мәліметтерді ұсынады: «Қазақ говорларында езу дауыстылардың бірінің орнына бірі қолданылуы жиі кездеседі. Мұндай құбылысты біз қазақ жерінде оңтүстік өңірінен көптеп көреміз. Оның басты себебі араб сөздерінің қазақ тіліне Орта Азиядағы көршілердің ықпалы деп білу керек. Араб кірме сөздерінің қазақ арасына таралуы алғаш Хиуа, Бұқара, Самарқанд сияқты мәдени орталықтар арқылы ислами кітаптар арқылы көп таралған. Жалпы, оңтүстік говорларында жиі қолданылуы өзбек, қарақалпақ тілінің әсері» деп келтіреді [6, 34 б.].

Міне көріп тұрғанымыздай, Орта ғасырдағы лексикалық қорда діни мазмұндағы титулдардың қолданысы біршама. Әрине, олардың рет-ретімен келетіні де байқалады. Біз негізге алған шейх сөзінен кейін орын алған келесі атақ-лауазым мағынасындағы сөздің бірі – каффал сөзі.

Каффал – араб тілінде кафил сөзінің көпше түрі, яғни кепілгерлік, қорғаншы, қамқоршы ұғымдарын береді [3, с.233]. Осы мағынада кезінде кісі есімдеріне тіркесіп қолданылған. Мұны да көне тарихи шежірелерде ғана кездестіреміз. Десе де, өз заманында кең көрініс тапқан титулдардың бірі болған деуге негіз бар.

Бұл сөз өзгелермен салыстырғанда өте сирек кездеседі әрі аз уақытты қамтиды. Бірақ сапалы пайдаланылып, сөздік қордан орын алып, айналымға енген сөздер қатарында. Көп ретте көне қол жазбаларда, тарихи шежірелерде, дастандар мен қиссаларда қолданылады. Бүгінде ол тілімізде сақталынбаған. Себебі бірінші, аталған титул ұғымындағы сөздердің өзгеше сипат алуы болса, екінші, сөздің мағынасына лайықты сөздік қорымызда жалпыхалыққа түсінікті өзге нұсқаның пайда болуы. Міне осындай себептер каффал сөзінің аса көп уақыт қолданылуына кері әсерін тигізген деуге болады.

Әрине, жоғарыда айтқандай, бұл сөз де өзге шейх, мәулана т.б. сөздерімен алмасатыны көрініс табады. Мұндай алмасулар мүмкін сөздің мағынасын дұрыс ұғынбаудан туған болса керек. Оған қоса оның түпкі мағынасына орай кепіл, қорғау, қамқорлық жасау ұғымына байланысты деуге болады. Сондай-ақ кірме сөздердің сырт тұлғасы өзгелерден қашанда оқшауланып тұруы да өз әсерін тигізуі мүмкін. Тіл білімінде кірме сөздердің табиғатында мұндай жайттарға жол берілуі заңды.

Түйіндей келгенде, өткен ғасырларда көне қол жазбалар мен тарихи шежірелерде, дастандар мен қиссаларда кеңінен қолданыс тапқан атақ, лауазым, шен, титул т.б. мағынада

орын алған біршама сөздер барлығы анық. Олардың басым бөлігі кірме сөздердің, оның ішінде араб, парсы тілдерінің үлесінде. Бұл ретте мұндай тілдік қолданыстарды саралағанда әрқашан салыстырмалы түрде түп нұсқадағы мағыналық сипатын айқындау маңызды екендігі басшылыққа алынады. Өйткені аталмыш сөздердің сөздік қордағы орнын, қолдану мерзімі мен аясын нақтылау осы тұрғыдағы ізденістерді қажет етеді. Егер зерттеу нәтижесінде әр сөздің түп-төркіні мен мағыналық сипатын әрі қалыптасып, айналымға ену тарихын анықтай алсақ, онда олардың қолдану орны мен ұғымы да нақтыланатын болады. Бұл тіл білімі үшін де аса маңызды әрі қызықты. Ал біз негізге алған шейх, каффал сөздері солардың бірер мысалы ғана.

**Әдебиет:**

1. Сыздықова Р. XVIII-XIX ғ.ғ. қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Мектеп, 1984. – 248 б. 44-45-беттер.
2. Өшімбаева Н.М. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы атақ-лауазымдар жүйесі. – Алматы: Эверо, 2015. – 208 бет. 69-бет.
3. Арабско-русский словарь. Т.1. – Ташкент: Камалак, 1994. – 413 с.
4. Исламизация и сакральные родословные в Центральной Азии. Т.1. – Алматы-Блумингтон: Дайк-Пресс, 2013. – 219 с.
5. Мансұров Н.Б. Қазақ тіліндегі діни терминдер сөздігі. – Астана, 2013. – 100 б. 83-бет.
6. Омарбеков С., Жүнісов Н. Ауызекі тіліміздің дыбыс жүйесі. – Алматы: Мектеп, 1985. – 206 б. 34-бет.

## THE ROLE OF MULTILINGUAL EDUCATION IN SPIRITUAL MODERNIZATION

***Nurgaliyeva S.A.,***

*Associate Professor, East Kazakhstan State University  
named after S.Amanzholov,*

***Kalitova G.U.***

*Teacher of Russian Language and Literature in the Kazakh School  
Municipal public institution «Kurchum secondary school № 1  
named after Y. Gagarin»*

***Kumargaliyeva Z. O.***

*Teacher of Russian Language and Literature in the Kazakh School  
Municipal public institution «Kurchum secondary school № 4  
named after N. Ostrovsky»*

***Yermenova B.K.***

*Teacher of Russian Language and Literature in the Kazakh School  
Municipal public institution «Algabas secondary school»  
Oskemen, Kazakhstan*

### **Рухани жаңғыру барысындағы көптілді білім берудің орны**

**Түйіндеме:** Мемлекет Басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласындағы басты сәттердің бірі тарих тереңдігін және мәдени өзін-өзі тануды сақтау және іске асыру болып табылады. Президенттің мақаласында Қазақстан халқының табиғаты, ұлттық басымдықтары, «ұлттың мәдени кодексі» көрсетілген. Президент біздің негізгі рухани құндылықтарымыздың: ғылымның, мәдениеттің, білімнің даму бағыттарын атап өтті.

Бұл мақалада рухани жаңғыртудағы көптілді білім беру мәселелері қарастырылады. Дамудың тілдік жағдайының ерекшеліктері және оның білім беру саласындағы тілдерді жаңғырту үдерістеріне ықпалы сипатталады.

**Түйінді сөздер:** көптілділік, үштілдік мәселесі, ұлттық тіл, этностық тұрақтылық, этникалық айырмашылықтар, рухани жаңғырту.

### **Роль многоязычного образования в духовной модернизации**

**Аннотация:** Одним из ключевых моментов в статье Главы государства «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» является сохранение и реализация глубины истории и культурной



самоидентификации. Статья президента отражает характер народа Казахстана, национальные приоритеты, демонстрирует «культурный кодекс нации». Президент изложил направления развития наших основных духовных ценностей: науки, культуры, образования.

В этой статье рассматриваются вопросы многоязычного образования в духовной модернизации. Описаны особенности развивающейся языковой ситуации и ее влияние на процессы языковой модернизации в сфере образования.

**Ключевые слова:** многоязычие, проблема трехязычия, национальный язык, этническое постоянство, этнические различия, духовная модернизация.

**Abstract:** One of the key points in the article of the Head of State "A look into the future: modernization of public consciousness" is to preserve and realize the depth of history and cultural self-identification. The article of the President reflects the nature of the people of Kazakhstan, national priorities, demonstrates the "cultural code of the nation." The President outlined the directions of development of our basic spiritual values: science, culture, education.

In this paper, the issues about the multilingual education in the spiritual modernization. Features of the developing language situation and its influence on the processes of language modernization in the sphere of education are described.

**Key words:** multilingual, the problem of trilingualism, the national language, ethnic constancy, ethnic difference, spiritual modernization.

Kazakhstan President presented his idea of the use of three languages for the first time in 2006 in his speech at the Assembly of People of Kazakhstan. In his 2007 annual address themed "New Kazakhstan in a New World", the President proposed gradual implementation of the "Trinity of languages" cultural project. In the 2008 address, he declared that "the Government should accelerate the implementation of the "Trinity of languages" project and should urgently improve the quality of teaching the Kazakh language, as the state language that unites our entire society" [1].

Thus, the Kazakh language was determined as the state language, the Russian language is now the language of interethnic communication, and the English language serves for integration of our country into the world economy and global society. Apart from this, in his address to the people of Kazakhstan

"Building the future together" in 2011, the President stated, "I always say that knowing three languages is essential for the success of every Kazakhstani. Our task is to raise the number of citizens speaking the state language up to 80% by 2017. I think, by 2020, the number of Kazakhstanis speaking English should reach 20%" [2].

The multilingual education to achieve an international standard level of knowledge involves the development of a multilingual person with a certain selection of the content, principles of teaching, developing a special process using multi-lingual phrase books, dictionaries and educational materials, which would indicate similarities and differences between the basic and new language [3].

Multilingual education is a process of multilingual personality formation through the mastery of three or more languages.

The development of human multilanguage consciousness goes through speech development by means of mental, verbal and written communication. The development of speech is the development of thinking. The act of speaking is impossible without thinking and advancing the internal process.

According to G. V. Palatkina, «the basic elements of the contents of multicultural education are:

1. culture of international relations;
2. structural components of cultures of ethnic groups;
3. structural components of ethno pedagogical area» [4].

One of the main goals of multicultural education should be the formation of a person capable of leading an active life in a multicultural environment. It should develop a sense of understanding and respect for other cultures, able to live in peace and harmony with people of different nationalities, races, religions. The study of different cultures in the complex will contribute to the cultural identity of the individual, its formation of tolerant attitude to the representatives of different cultures, which is the purpose of multicultural education.

Multilingualism is "the use of several languages within a given social community (especially the state); individual (group of people) knows and uses multiple languages which is selected in accordance with the specific situation of communication "[5].

Ethno linguistic variety and non-uniformity, intercultural communications and contacts, global political and economic interdependence are the proven reality of the modern world and all these factors have a great influence on educational systems [6].

Multilingual education for majority of language students is effective in promoting functional proficiency in a second and even third or fourth, language at no cost to participating students' native language development or academic achievement.

There is often a positive correlation between the amount of exposure to the additional languages in multilingual programmes and level of multilingual proficiency, but not always [7].

Multilingualism is often a process of using a combination of more than three languages in a social relationship. «Multilingualism» sometimes refers to many

languages. In this case, the issue is not about the process, but rather about language information. Today, countries of the world are, basically, multilingual. Multilingual environment necessitates a common language; that is why international languages are used extensively. Moreover, the language is experiencing globalization.

Multilingual education is effective for the majority of language students with a variety of learning characteristics, even for those that are at risk of poor performance in schools. More specifically, it appears that multilingual acquisition is enhanced when students are given extended opportunities to use the language interactively. It also appears that the functional use of the target languages is generally effective in promoting multilingual competences, while instructional strategies systematically raise awareness and create opportunities for students to learn new languages [8].

The problem of a bilingualism and multilingualism has been studied for a long time in foreign linguistics. Literature review of the article of P.F.P., Toassi & M.B., Mota [9] and many others researchers proves that.

According to a concept of the Dutch researcher A. de Swaan, English "takes on a global constellation of languages and takes a hypercentral place", and its position is supported by "self-development and self-expansion mechanisms"(A de Swaan). According to his observations, "one of the factors contributing to the consolidation of such a role of English, is the rivalry of other languages and language groups, as well as a purely formal advantage for of multilingual elites who skillfully take advantage of the dominance of one language. What works in favor of the English language is the fact that most people strive to master the language with the greatest «communication value» [10].

«Knowledge of the English language in Kazakhstan is not only on a list of the necessary conditions for study abroad, but it is also important for the overall competitiveness of young professionals in the labor market, both in the country and abroad. Of course, English is not our native language, but without mastering it, our integration into the world community will be largely complicated and problematic. From this perspective, the idea of a language trinity is relevant and a matter of time [8].

Thus, in order to prepare professionals to meet these requirements, great attention is paid to multilingual education, which is regarded as an effective tool for the preparation of the young generation in an interconnected and interdependent world.

In conclusion, we claim that multilingualism education is the need of the globalizing world. Knowing Kazakh, Russian and foreign languages is becoming an integral component of personal and professional activities of mankind. It leads to a need for a large number of practically and professionally multi-lingual people, who can take a more prestigious, both socially and professionally, position in society.

## References

1. Nazarbayev, N.A. "Increasing the well-being of the people of Kazakhstan is the main goal of the state policy"/The Address of the President of the Republic of Kazakhstan to the People of Kazakhstan. February 6, 2008
2. Nazarbayev, N.A. "Building the Future Together!" / The Address of the President of the Republic of Kazakhstan to the People of Kazakhstan.
3. Zhadanova, K. H. Cultural aspect of multilingual education // Science and education. -2013.-No2 (69).-33 p.
4. Palatkina, G.V. Multicultural education: a modern approach to education in the folk traditions// Pedagogics. -2002. -No 5. -41-47 ps.
5. Tchan, D. L. Multilingual education as an important development strategy of Kazakhstan // Successes of modern science-2013. - № 7. -130 p;
6. Hornberger, N.H., 2010. Multilingual Education Policy and Practice: Lessons From Indigenous Experience. University of Pennsylvania, [http://www.cal.org/nFinalWeb.pdf/resources/digest/digest\\_pdfs/MultilingualEducation](http://www.cal.org/nFinalWeb.pdf/resources/digest/digest_pdfs/MultilingualEducation)
7. Cenoz, J. and U. Jessner, eds. 2000. English in Europe. The Acquisition of a Third Language. Clevedon: Multilingual Matters.
8. De Bot, K., W. Lowie and M. Verspoor, 2007. "A Dynamic Systems Theory Approach to Second Language Acquisition." Bilingualism: Language and Cognition, 10(1): 7-21.
9. Toassi, P.F.P. & Mota M.B. Lexical access of bilinguals and multilinguals. Acta Scientiarum. Language and Culture. 2015. Vol. 37. № 4. P. 393—404.
10. Palazhchenko P.: Dialogue of cultures in the world language space // Free Thought - XXI. - 2004. - № 6.
11. Bizhkenova, A. Multilingualism and intercultural communication in Modern Education. Astana. 2014.

## ҚАЗАҚ ЖАЗУ ҮЛГІСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

*Сайбекова Н.У.,*

*PhD докторант,*

*әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,*

*Алматы, Қазақстан,*

*[naz-aibek@mail.ru](mailto:naz-aibek@mail.ru)*

### Abstract

The aim of this article is to present the formation of Kazakh writing. This is an attempt to present and discuss the significance, importance and peculiarity of A.Baitursynuly's alphabet which are considered as the first Kazakh alphabet. He is a reformer of national alphabet in the history of Kazakh science. Oku kuraly (1912) is the first work and alphabet written by A.Baitursynuly in Kazakh language. This alphabet reconsidered in the light of new methodologies of teaching and republished several times until 1925. A.Baitursynuly used the Arabic script for reforming Kazakh alphabet. Because of the writing is a phenomenon of culture at high level, role of writing in the world of human being, relation of language and culture, new orthography on the basis of Arabic script created on a nature of Kazakh language – the importance of Baitursynuly's alphabet and formation of Kazakh writing are considered in the article.

**Key words:** writing, sound, letter.

Тіл, сана, таным және мәдениет ұғымдары бір-бірімен тығыз байланысты, ал жазу мәдениеттің ең жоғарғы деңгейдегі көрінісі және адамзаттық мәдениеттің дамуын айқындайтын әлеуметтік мәні бар зор құбылыс болып табылады.

Шын мәнінде жазба тіл жалпы адамзат тілін бейнелейтін коммуникация құралы болып табылады. Бұл жөнінде жазу тарихын және жазу теориясын қарастырған ғалым В.А.Истрин «егер тіл – ойдың материалды бөлшегі, адамдар қарым-қатынасының негізгі құралы десек, онда жазу тілдің көмекші құралы қызметін ғана атқарады, графикалық таңбалар мен кескіндер арқылы тілдің белгілі-бір элементтерін хабарлау болып шығады, ал тіл – сол тілде сөйлеуші халықтың сүзгіден өткізілген, өңделген сөздік қоры, лексикалық жүйесі, олардың тіркесім ережелері және грамматикалық құрылысы десек, онда жазу сол халықтың тілін бейнелейтін графикалық таңбалардың белгілі-бір заңдылықтарға сәйкес түзілген кешені, белгілі дәрежеде тілмен тең келетін кешенді жүйе» деген пікір айтады [1,18].

Жазу дегеніміз грамматология ғылымы. Грамматология (гр. gramma –жазу, гр. logos – ұғым, ілім) – жазу туралы ғылым. Жазудың бүкіл адамзат қауымы үшін ерекше маңызы бар.

Тіл адамдардың қарым-қатынас құралы. Жазу – мәдениеттің ең жоғарғы деңгейдегі көрінісі. Жазу адамның ойды тиянақты жеткізуіне, ойланып түзетуіне және толықтыруына мүмкіндік береді.

Жазу тарихы қай ғасырдан бастау алады деген сауалға келер болсақ, жазу ғасыры бағзы заманнан келе жатқан Орхон-Енисей жазбасынан бастау алады.

Орталық Сібірдің оңтүстік аймағынан, солтүстік-батыс Монғолия мен солтүстік-шығыс Түркістаннан табылған түркі мұралары негізінен VII-VIII ғасырларда жазылған. Әлемдік грамматологияда Сібір жазбалары, көне түркі жазбалары, көк түріктер жазуы, исламға дейінгі түркі жазбалары деген жалпы атаулармен аталатын Орхон, Енисей және Талас мұралары жазылуының екі түрі бар болып табылады. Олар: балбал тастардағы (құлыптастардағы) және жартастар мен басқа бұйымдардағы жазулар.

XIX ғасырдың екінші жартысынан былай қарай қазақ әдеби тілі дамуының жаңа дәуірі басталады. Ол қазақ әдеби тілінің жаңа сатыға көтеріліп, ұлттық сипат алу дәуірі еді. М.Б.Балақаев: «Әдеби тіл –жазба тіл. Жазба әдебиет арқылы тіл байлықтары, оның құрылысы сымбатты қалыпқа түсіп екшеленді. Жазуы болмаған халықтың тілі әдеби тіл дәрежесіне көтеріле алмайды... Жазба тілдің ілгері даму барысында халық тілінің сөз байлығы, грамматикалық құрылысы ықшамдалады, сұрыпталады, нормаланады; жазу мәдениеті арту арқылы халықтың тіл мәдениеті артады» -деп жазады [2, 32].

Қазіргі таңда қазақ тілі мен VII-IX ғасыр мұралары болып табылатын Орхон, Енисей, Талас ескерткіштері тілінің сабақтастығы, лексикалық қоры мен грамматикалық құрылымындағы, фонетикалық жүйесіндегі ортақ белгілер жан-жақты талданды. Сондықтан да, көне түркі жазбаларының тілін қазіргі қазақ жазба тілінің, әдеби тілінің бастауларының бірі ретінде қарастыруға толық негіз бар.

Қазақ әдеби тілінің ғылыми стилі А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышынан», «Тіл құралдан» бастау алады. Қазақ көркем сөзінің сырын ашу арқылы туған тіліміздің асылдануына және таза қалпында қалуына А.Байтұрсынұлы зор үлес қосты. Термин-атаулардың теориялық анықтамасын айқындап, оларды нақты мысалдармен беріп, шетелдік кірме сөздерді қолданбай, олардың қазақша баламасын ұсынды.

Араб лексикасымен қатар жазуы да көптеген тілдерге өзінің әсер-ықпалын тигізді. Мысалы, парсы, пушту, урду секілді тағы басқа халықтардың жазуы араб алфавитіне негізделген болса, А.Байтұрсынұлы қазақ әліпбиін төте оқу жолы негізінде араб графикасын қазақ жазуына сәйкестендіріп, төте жазуды енгізді, тіліміздегі дыбысқа сәйкес үйлесімді әріпті айқындап, тіл ерекшеліктерін жетілдіріп, соған сәйкес сауат ашуға қажетті оқу құралдарын жазды. А. Байтұрсынұлы 1910 жылдардан бастап араб жазуын қазақ тіліне сәйкестендіріп, 1912 жылдан бастап қолданысқа енгізді.

Қазақ халқы 1920 жылдардың аяғына дейін эзербайжан, өзбек, қарақалпақ, түрікмен, татар, қырғыз және т.б. түркі тілдерінде сөйлейтін халықтар сияқты араб жазуын (араб әріптерін немесе араб алфавитін) пайдаланып келді. Мәдени, әдеби ескерткіштері, іс қағаздары түгел дерлік араб графикасымен жазылды. Қазақ халқы араб жазуының қадимше (көнеше) түрін де жадитше (жаңаша) түрін де қолданды. Сонымен бірге қазақ тіліндегі дыбыстар жүйесін толық және дәл таңбалау үшін араб әріптерін қазақ тілінің дыбыстарына бейімдеп пайдаланды. Бұл жазуды кезінде «төте жазу» деп атады. Қазақ халқы төте жазуды 1929 жылы латын графикасының негізіндегі жаңа алфавитті қабылдағанға дейін қолданды. Ақымет Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде (Орынбор, 1924), құрылтайында (Баку, 1926) араб жазуындағы әліпбидің қажеттілігін және құндылығын жан-жақты тұжырыммен дәлелдеген ғылыми баяндама жасады. Бұл әліпби ұлттық жазудың қалыптасуындағы ірі мәдени жетістік болып табылады. А.Байтұрсынұлының 1927 жылы жақтаған баяндамасында латын жазуы мен төте жазудың ерекше сипаттарын келесідей анықтаған жөн деп айтады:

1. тіл дыбысына жеткілікті –жеткіліксіздігі қанша?
2. қайсысымен басылған я жазылған сөз оңай оқылады?
3. қайсысымен жазу жеңіл, жазылғанын тану жеңіл?
4. қайсысы баспаға қолайлы (баспаға сыйымды болуы, жұмыстың өнімді болуы)?

5. үйретуге (сауат ашуға) қайсысы оңтайлы?

6. көркемдік пен көзге жайлылық жағынан қайсысы артық?

Тіл дыбысының жеткілікті болу жағынан араб әрпі артық, себебі латын әрпінің он бес әрпін ғана алған және қалған жеті әрпін өзгертіп қосқан. Жазу тұрғысынан қарастырғанда, латын жүйелі әріппен жазғанда қол қимылдау бағдары сағат тілінің жүретін бағдарына қарсы келіп отырады және жазу жолы да солдан оңға қарай жүреді. Араб әрпімен жазғанда қол қимылдау бағдары сағат тілінің бағдарымен бірыңғай келіп отырады және жазу оңнан солға қарай жүреді. Сонымен қатар, латын әрпін оңға қарай жазғанда қол қардың жайылатын жағына қарай жылжиды, жылжыған сайын қиындайды. Ал, араб әрпінде оңнан солға қарай жазғанда қол қардың жиылатын жағына қарай жылжиды, жылжыған сайын жеңілденеді. Қол тыныққан есепті болып, талмайды. Үйретуге жеңілдік жағынан да араб әрпі латын әрпінен анағұрлым артық екендігін айтады.

А.Байтұрсынұлы: «Усул жәдид, яки төте оқу жолы бар екенін білеміз, бірақ сол жол қазақ арасында аз таралған соң, біздің мақсатымыз да – сол оқуды қазақ арасына көбірек жаю», - деп жазды. Яғни, жәдидшілдік дегеніміз төте жазу [3].

Араб жазуы сияқты қазақтың төте жазуы да оңнан солға қарай жазылады. Төте жазудың араб жазуынан айырмашылығы – ондағы дауысты дыбыстар созылыңқы, қысқа деп бөлінбестен, әрқайсысы жеке әріп түрінде таңбаланады. Төте жазуда харакаттар, сукун, хамза, уасла, ташдид және тануин белгілері болмайды. Егер сөз ішінде бір дыбыс қосарланып келсе, ол екі қайталанып жазылады. Араб жазуындағы тыныс белгілер төте жазуда өзгеріссіз қолданылады [4].

Қазіргі қазақ алфавитінде 42 әріп болса, төте қазақ алфавитінде 32 әріп болды. Төте қазақ әріптерінің көпшілігі соған сәйкес араб әріптерінен өзгеріссіз алынған болатын [4]. Ол әріптер мыналар:

а – ا ک – ڭ p – ر  
б – ب қ – ق с – س  
д – د л – ل т – ت  
ж – ج м – م ф – ف  
з – ز н – ن ш – ش

Ақымет жазу-сызуды азғана топтың емес, барша қалың қазақ халқының игілігіне айналдыруды өзінің мақсаты етті. Сол кездегі барлық ағартушылар алдында екі негізгі бағыт болды. Бірі – бұрынғы кітаби тілдің жазу жүйесін өзгертпей-ақ халықтық тілдің элементтеріне кеңінен жол ашу; екіншісі – жазу-сызуды ауызша тілдің жүйесіне лайықтап жасау, яғни жазу-сызу жүйесін түбегейлі реформалау болатын.

Қазақ тіліндегі дыбыстар жүйесін арнайы зерттеп, әліпби құрастырған қазақтың алғашқы фонологы – Ахмет Байтұрсынұлы. А.Байтұрсынұлы өзінің бүкіл саналы өмірінде қазақ жазба тілін лексикалық шұбарлықтан, сонымен қатар, басқа тілдердің синтаксистік ықпалынан тазартумен айналысты және қазақ тіл біліміндегі грамматология ғылымының негізін қалады. А.Байтұрсынұлы қоғам, ғылым және мәдениеттің өркендеуі жазу арқылы іске асатынын жақсы білгендіктен, сауатсыздықты жою үшін әріп, оқулық мәселесі кезек күттірмейтін мәселе екенін біліп, 1910 жылдан бастап, араб жазуының қазақ тілі үшін қолайлы емес жақтарын түзеп, оны тілдің дыбыстық ерекшеліктеріне сәйкестендіріп, ұлттық әліпбидің негізін қалады. Сонымен, А.Байтұрсынұлы полиграфиялық жағынан қолайлы-қолайсыз тұстарын және оқыту үдерісіндегі тиімді-тиімсіз жақтарын негізге ала отырып, 24 әріптен тұратын әліпби құрастырды.

Дауысты дыбыстар: а (ا), о (و), ұ (وو), ы (ى), е (ه)

Дауыссыз дыбыстар: б (ب), п (پ), т (ت), ж (ج), ш (چ), д (د), р (ر), з (ز), с (س), ғ (غ), қ (ق), к (ك), г (گ), ң (ك), л (ل), м (م), н (ن)

Жарты дауысты дыбыстар: у (و.), й (ي). Әліпбиде қазақ тіліне тән төл дыбыстарға ғана орын беріліп, кірме дыбыстар негізге алынбады. Ғалым гетерогенді сипат алған емлені және әліпбиді жалпыхалықтық және ұлттық негізде қарастырды. Байтұрсынұлы әліпбиі қазақ тілінің табиғатына бейімделген араб жазуы негізінде жасалды. Қазақ тілінің табиғаты

дегеніміз – қазақтың өзінің таза ауызекі сөйлеу тілі. Ауызекі сөйлеу тілі жазу тіліне жақын болу керек. Себебі, түп санадағы ақпарат жазу арқылы беріледі және әр халықтың өзіне ғана тән мәдениеті мен рухын байланыстыратын сөйлеу тілі әр халықтың өзіне ғана тән.

**Әдебиет:**

1. Истрин В.А. Развитие письма. – М., 1961. – 395 с.
2. Балақаев М., Серғалиев М. Қазақ тілінің мәдениеті. Оқулық – Алматы: «Дәуір – кітап», 2013. – 240 б.
3. Аңыз адам. – 2011. – №20(32). – 30 б.
4. Тасымов Б.С. Араб тілі. – Алматы: Мектеп, 1988. – 294 б.

**«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» ИДЕЯСЫН ЖАНДАНДЫРУДАҒЫ  
АБАЙ МҰРАСЫНЫҢ МАҢЫЗЫ**

**Саламатова Р.М.,**

*филология ғылымдарының кандидаты, доцент,  
Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті,  
Тараз, Қазақстан,  
[aikerim70@mail.ru](mailto:aikerim70@mail.ru)*

**Резюме**

В данной научной статье рассматривается творческое наследие Абая как основа национальной духовности. В публикуемой статье применяются герменевтические методы исследования.

**Summary**

This scientific article considers the creative heritage of Abai as the basis of national spirituality. In the published article, hermeneutic methods of investigation are used.

Өркениет белестерін бағындыру мақсатындағы бағдары айқын, заманауи сипаттағы ғылыми индустриялық (интеграциялық) әлеуеті уақытпен жарыса қарқындау жағдайындағы бүгінгі Қазақ Елінің басты ұстанымы - «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясын өрістету. Өскелең ұрпақты саналы, ұлттық таным-көзқарасты, намысты да, жігерлі тұлға ретінде тәрбиелеп қалыптастыру - осы ұлы мақсатты жасампаздық қалыпта өрістетудің ең басты алғышарты.

Ұлтжандылық қасиеттің түп арқауы тікелей тарихи таным-көзқарастың тереңдігі мен ұлттық сананың беріктігіне байланысты. Осыны жете сезіне білген Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» атты еңбегінде: «Егер біз мемлекет болғымыз келсе, өзіміздің мемлекетімізді ұзақ уақытқа меңзеп құрғымыз келсе, онда халық руханиятының бастауларын түсінгеніміз жөн. Тарих сабақтарын ұдайы, ұрпақтан ұрпаққа игере беру керек екеніне менің сенімім мол» деп жазды. (1.273) Туған халқының руханият қойнауларын терең пайымдай білген ұлт көшбасшысының тарихтың тағылымды сабақтарын індете игеру міндетін ұрпақтар сабақтастығында үздіксіз дамытып отыру жайына баса мән беруінің қисыны қыруар, идеологиялық мәні зор.

Уақытпен жарысқа түсіп отыратын дәуірлер барысында бой көрсетіп жататұғын қоғамдық құбылыстар, тарихи-әлеуметтік мәндегі оқиғалар мен ұлт тағдырына қатысты жай-жағдаяттар сөз жоқ тарихтың төсінде таңбаланып қалып отырады. Сондықтан да тарих өткеннің айнасы, кешегінің көзі, бабалардың ізі саналады.

Десек те, сол тарих деп аталатын руханият арнасының да қоғамдағы саяси ықпалды күштердің әсерінен тысқарылап кете алмайтындығын өмір өзі дәлелдеп келеді. Мұндай құбылыс әсіресе, өзінің тарихи даму жолында небір алпауыт елдердің басқыншылықтарын бастан өткеріп, отаршылдардың қыспағын тектеусіз көрген қазақ ұлтының төл тарихында кеңінен етек жайған. Ежелден ерлік пен өрліктің үлгісі болған қазақтай жауынгер халықтың рухын сындырып, бодандыққа бұлтасыз көндірудің оңтайлы жолдарын барынша жетілдіріп

баққан отаршылдар ең алдымен тарихи жадымыздың қойнауларына қол сұқты. Ұлттық тарихымыздағы дерек мағлұматтардың (негізінен ұлттық мән-мазмұндағы) қасақана бұрмаланып, кейде көріне көзге көлегейленіп, мүмкіндігінше көмескілендіріліп келгендігі осы отаршылдық мүдденің өшпес дәлелі. Мәселен күні бүгін күллі ел аумағында қазақ хандығының 550 жылдығы тойланып жатыр. Осыған орай, өз алдына жеке ғылым саласы ретінде «Қазақстан тарихының» ірге бекіткеніне аз болмағанымен, бұл мәселенің басы ашық түрде нақтыланбау себебіне ой жүгіртіп көрейік. Жалпы қазақ хандығының құрылу тарихына байланысты қарама-қайшылықты пікір көзқарастар туындатып келген небір негізді де, негізсіз дерек-болжамдарға толы еңбектердің қатары аз емес. Бірінің дегенін бірі жоққа шығарған сол қисапсыз еңбектердің біржолата шетке ысырылуына сонау үнді жерінен табылған М.Х. Дулат бабамыздың «Тарихи Рашиди» еңбегі серпін болды. Ондағы келтірілген тарихи дерек мәліметтердің (онда қазақ хандығының құрылуы 1465 жыл деп көрсетілген) ең нанымды да, дәйекті дереккөз болып табылатындығы ұлт ғалымдарының бірнеше жылдар бойғы ізерлі түрде зерттеу жұмыстарын жүргізулерінің нәтижесінде мәлімделді. Ұлттық тарихымыздағы ең соқталы мәселе бола тұрғандығына қарамастан, «хандық тарих» төңірегіндегі ой-тұжырымдардың тұрақтануы мен оның қоғамдық ой-санада насихатталуының кенжелеп қалуының тағы бір себебі, аталмыш еңбектің түпнұсқасына қол жеткізе алмай келгендігіміз. Кезінде ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кеткен осы сияқты ұлт руханиятына қатысты қазына байлықтарымыздың әлі де талайы сырт елдердің сыбағасына айналып отырғаны белгілі.

«Қазаншының өз еркі, қайдан құлақ шығарсаның» кері белең алған тоталитарлық кезеңде негізінен орыс пен батыстық өкілдердің келтірген әр түрлі деңгейдегі мардымсыз дерек мағлұматтарына ата тарихымыздың төрінен орын сайлану айнымас салтқа айналды. Мәселен шығыстанушылар В.В.Вельяминов-Зерновтың Санкт-Петербург қаласында жарыққа шыққан «Исследование Касимовских царя и царевичах» атты зерттеуі бойынша қазақ хандығының құрылған жылы, яғни Жәнібек пен Керейдің Әбілхайыр ханнан бөліне көшуі 1456 жыл деп көрсетілген. Түйіндеп айтқанда, әуелі тарихи құжаттар мен жазба деректердің тапшылығы, сосын ұлттық тарих ғылымындағы жетекші орынға қойылып келген еуропалық көзқарастағы (көпшілігі шовинистік пиғылдағы) ғалым-зерттеушілердің біздің ұлттық мәндегі таным түсініктен мүлдем бейхабар болуы, ең бастысы қоғамдық ой-сананың саяси идеологиялық мақсат-мүдделерге қарай бейімделіп отыруы салдарынан тарихымыз жасанды, тарихи жадымыз жарымжан болып шыға келді.

Жоғарыда елбасымыз айтып өткеніндей ендігі біздің түпкілікті мақсатымыз өткенімізді өз қажетімізге сай *«игеру»*. Ал оған тәуелсіздік бесігінде тербеліп өскен, санасы сергек, ойлау жүйесі бұла бүгінгі жас ұрпақтың тереңінен тіс батыра аларына күмән жоқ. Себебі, уақыт көшімен жарыса жаңарып, жаңғырып жатқан заманға сай жайқалып өсіп келе жатқан бүгінгі жас буынның мүмкіндіктері молынан. Еліміздегі игі ахуалдың арқасында қазіргі өскелең ұрпақ біріншіден шетел тілдерін жан-жақты, әрі еркін меңгеруге бет бұруда. Әрі ата, аға буынға қарағанда қазіргі буын кез келген шет мемлекеттерге шығып, керекті дерек көздерге қол жеткізуге кедергі жоқ. Ең бастысы, жаңа буынның ой-санасы ешқандай қысым-қағажу көрмеген, құлдық психологияға шалдықпаған ақаусыз күйінде. Сондықтан да төл тарихымызды індетте игеру арқылы тарихи жадымызды қайта нығайту «Мәңгілік Елдің» Абайша айтқанда «күзетшілері» (25 қара сөз) болатын нағыз отаншыл, ұлтжанды тұлға қалыптастырудың бірден бір төте жолы деп білеміз.

Бұл орайда дәуірдің үнін, тарихтың сырын сөйлеткен ұлттық сипаттағы әдеби мұралардың үлес салмағы өлшеусіз. Тарих саласы өткенді тікелей баяндау түрінде жеткізсе, әдебиетте әрбір тарихи-әлеуметтік мәселенің жай-жапсары авторлық шеберлік, шығармадағы кейіпкерлер әлемі арқылы жан-жақтылықпен жандандырыла, өзінің толыққанды түрдегі көрінісін танытып отырады. Әдеби қаламгердің көтеріліп отырған мәселеге қатысты көзқарасы, сезім күйі, пайым түсінігінің барлығы бірдей белгілі бір уақыт тынысын, ондағы орын алған оқиғалардың шынайы болмысы, ішкі сырын етене тануға арқау болмақ. Сол

арқылы оқырман тарихи-әлеуметтік құбылыстардың барысын мүмкіндігінше жақын танып, терең түсініп, тіпті оның әсерін сезіну мүмкіндігіне дейін қол жеткізе алады.

Бірақ әдебиеттегі әңгіменің желісі көркемдеу тәсілдері арқылы өргізілетіндіктен де, мұнда оқырманның ой ұшқырлығын, зердесінің зеректігін, сезімталдығын, пайым парасатының кеңдігін талап ететін ерекшелік бар. Мәселен осыдан бір ғасыр бұрын ақ кеңінен қанат жайғанына қарамастан, ұлтымыздың ұлы ақыны Абай туындыларын түсініп, талдап, танытып, насихаттау жайының өз деңгейінде емес екендігін мойындауымыз керек. Ойшыл-ақынның қойнауы қалың дүниетаным құндылықтары түгіл, тіпті мектеп бағдарламаларына ендіріліп жүрген өлеңдері мен қара сөздерінің өзін мазмұндық, идеялық, көркемдік әлеуеті тұрғысынан қарастыруда мәселенің бетінен қалқып қана өтетініміз жасырын емес. Сөз ыңғайына қарай ұлы ақынның жұртшылыққа кеңінен танымал «Қалың елім қазағым» өлеңін алып қарайық. Әдетте бұл шығарма төңірегіндегі түсінігіміз қоғамдық мазмұнда жазылғандығы, таным білігі жағынан өз кезеңінен оза шапқан кемеңгердің замандастарының бойын меңдеп бара жатқан теріс қылықтарды сынап отырып, халқына ой салуды көздегендігін баяндаумен шектеледі. Шындығында бұл жердегі мәселенің төркіні әдеби талдау әдісіндегі жүйелілікте.

Абай поэзиясындағы ордалы ой тумаларының дені астары қалың сөз образдарымен әдіптелетіндіктен де А.Байтұрсынұлы айтқандай «Көп сөздерін ойланып дағдыланған адамдар болмаса, мың ара оқыса да түсіне алмайды. Не мағынада айтылғанын біреу баяндап ұқтырғанда ғана біледі. Сондықтан Абай сөздері жалпы адамның түсінуіне ауыр тиетіні рас» (2.55). Оның өлең өрнегі – өзара ішкі сабақтастық желіге құрылған өзекті ойды (идеялық жаңашылдық) бірізділікпен өрістете отырып, концептуалдық мәндегі тұжырымға негізделіп отыруымен құнды, әрі қиын. Өлеңде «Жақсы менен жаманды айырмадың», «Ұқпайсың өз сөзіңнен басқа сөзді», «Бас-басына би болған өңкей қиқым», «Өзімдікі дей алмай өз малыңды», «Баста ми, қолда малға талас қылған», «Тиянақсыз, байлаусыз байғұс қалпың» деген сынды қазақтың бойын меңдеп бара жатқан жат та, жағымсыз көріністерді қадап айтудағы мақсат жек көру, кінәлау, кемсіту, даттау, мінеу, сынау, сөге жамандау емес. Абай күллі қазақ қоғамын жайлап алған бұл кері жағдайдың ақыры елдік, ұлттық деп аталатын ең қастерлі құндылықтардың жойылып кетуімен тынарын сом жүрегімен сезіне білген сұңғыла ойшыл.

Анығында өлеңде қазақ қоғамының моральдық-психологиялық, этика-эстетикалық, саяси-әлеуметтік тұрғыда жан-жақты құлдырау жағдайының астарлы сыры тарқатылады. Тағы да тап болған тағдыр тәлкегі бойдағы ізгі қасиет атаулыны біржолата суалтып біткен халқына қатысты ақынның жеке көзқарасы «қайран жұртым» деп сөз саптауынан терең аңғарылса керек. Қазақта «қайран» сөзі бағалысынан еркінен тыс айрылу жағдайына байланысты туындайтын шарасыздық, жанашырлық, өкініш, аяныш, қимастық сезімін білдіру мағынасында қолданылады. Табиғаты зор болғанымен, заманы қор қылды-ау деген ақынның ішкі ойы, сезім-күйі осы тұста танылған. Сол «қорлық» халық арасындағы рухани тағылықтың белең алу себебі «Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың» деген сөз образымен беріледі. Бұл жердегі «ұстара» деп отырғаны – елді өз ішінде жөнге салып, халқының қамын күйттейтін «тізгін иесі» деген мағынаны береді. Бұған 39 қара сөзінде «...ол заманда ел басы, топ басы деген кісілер болады екен. Өзге қара жұрт жақсы-жаман өздерінің шаруасымен жүре береді екен. Ол ел басы мен топ басы қалай қылса, қалай бітірсе, халықта оны сынамақ, бірден-бірге жүргізбек болмайды екен. «Қой асығын қолыңа ал, қолайыңа жақса сақа қой»,

«Бас-басыңа би болса, манар тауға симассың, басалқаныз бар болса, жанған отқа күймессің» деп, мақал айтып, тілеу қылып, екі тізгін бір шылбырды бердік саған, берген соң, қайтып бұзылмақ түгіл, жетпегеніңді жетілтемін деп, жамандығын жасырып, жақсылығын асырамын деп тырысады екен. Оны зор тұтып, әулие тұтып, онан соң жақсылары да көп азбайды екен. Бәрі өз бауыры, бәрі өз малы болған соң, шыныменен жетесінде жоқ болмаса, солардың қамын жемей қайтеді?» деп кеңінен тоқталған.

Енді осыған орай қазақтың «ұстарасыз» қалуына нендей жағдай әсер етті деген заңды сұрақ туындайды. XVIII ғасырдың екінші жартысында басталған отаршылдық әрекет



салдарынан ең алдымен қазақтың дәстүрлі ел билеу жүйесі бұзылды. 1731-1822 жылдар аралығында қазақ хандықтарын сырттан билей бастаған орыс патшалығы, қазақты протекторат есебінде ұстанды. Сосын 1822-1867 жылдар аралығында жүзеге асырылған сұлтан-правительдер мен аға сұлтандық ел билеу жүйесі хандық билікті толығымен тарих бетінен ысырып тынды. Ұлттың біртұтастығына балта шабу мақсатында қолға алынған бұл билік жүйесі әкімшілік территориялық принципке негізделді. Соның барысында отаршыл үкімет қазақтың ру басыларын бір-біріне айдап салып, өзара іштей қырқыстырып, алауыздықтың отын үрледі. Осылайша айрандай ұйыған ел үшін біржолата ірітіп алған соң 1867 жылы ең шешуші «Жаңа низам» ережесі арқылы биліктің тізгінін толығымен иеленіп тынды.

Абайда «Алқыны күшті асаулар, Ноктаға басы керілді» деп суреттелетін сол ұстараның жүзіндей ақылына ісі сай ел басы, топ басыларының орны «Күштілері сөз айтса, бас изейтін шыбындап» болыстарға берілді. Шындығында «Болыс болдым мінеки, бар малымды шығындап» деп отаршылдардың қолдан соққан қуыршақтарының қолымен елді құлдандыру әрекеті қарқынды күш алды.

«Өзімдікі дей алмай өз малыңды, Күндіз күлкің бұзылды, түнде ұйқың» деген тіркестегі ақынның «мал» демегі материалдық дүние шеңберімен ғана шектелмек емес. Себебі, адами қалыптың сақталып тұруы ішіп-жемнің ғана күшімен бола салатын нәрсе емесі анық. Бұлай емесін ХХ ғасырдың елең алаңында қазақ қоғамындағы жарқын ойдың жарқылы үлгісінде танылған «Қазақ» газетінің 4-ші санындағы жарияланған ұлт зиялыларының мына бір пікірі де растайды: «Істің мәні жалғыз-ақ тамақ асырап күн көруде қалмас, өз бетімен күн көре алмаса өзге жұрттың есігінде жүріп, малайлықта тамақ асырап, қазақ тіршілігін өтер ғой...өз алдына дербес ұлт болып, Еділден Ертіске, Оралдан Ауғанға шейін тұтас тұрған халық едік. Арамызға әр жұрт кіріскенде солармен қатар атымыз жоғалмай қазақ ұлты болып тұра аламыз ба? Осы біздің төсекте дөңбекшіп, ұйқымызды бөлетін нәрсе». Демек, Абайдың айтып отырған қазақтың өзімдікі дей алмай отырған өз малының, яғни өзіне тиесілі қазына-байлығының жайын байыптар болсақ ол - жер, дәстүрлі мәдениет, ұлттық болмыс, тарихи сана, руханият, ата заң, саяси билік, оқу ағарту мәселесі, дін, ең бастысы тәуелсіздік екен. Бұл жайттың тарихи шындығы ғалым М.Мырзахметұлының «Қазақ қалай орыстандырылды» (3.) атты еңбегіндегі жердің, сананың, елдің, мәдениеттің, руханияттың, дін мен ділдің жаулану үрдісі жайындағы ғылыми негізді талдаулары мен келтірген нанымды деректері желісінде талданып түсіндірілген жағдайда Абай шығармасының тарихи-интеллектуалдық мәнін өз деңгейінде сезіне білеріміз анық.

Осындай мәселелерге қозғау салып, тақырыпқа арқау етудегі өлеңнің идеялық түпқазығы «Өздеріңді түзелер дей алмаймын, Өз қолыңнан кеткен соң енді өз ырқың» деген жолдардан табылады. Ырық – отаршыл саясаттың сыбағасына айналған қазақтың еркіндігі, дербестігі, тәуелсіздігі. Міне осылайша, Абайдағы әрбір сөз образының астарлы сырына ұлттық көзқарас тұрғысынан зер салып, індетте зерттеп-зерделеу арқылы біз оның әз жүрегімен беріле сүйген қазағын емес, сол халықтың қолындағы барынан айырған отаршылдық озбырлықты әшкерелеуді көздегендігін терең ұғынамыз. Ұғыну арқылы қазаққа, Абайға, өзіміздің өткенімізге деген бағалау, сүю, құрметтеу, қастерлеу сынды ұлы сезімдердің нығая түсері анық.

**Әдебиет:**

1. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында.
2. Абайды оқы таңырқа. Жинақ, Алматы.
3. Мырзахметұлы М. Қазақ қалай орыстандырылды. – Алматы, 2011.

## ЛАТЫН НЕГІЗДІ ӘЛПБИГЕ КӨШУ ТУРАСЫНДА ОҢАША ОЙ

**Сәдуақасұлы Ж.,**

филология ғылымдарының докторы, профессор,  
Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,  
Қызылорда, Қазақстан,  
[zhenis46@mail.ru](mailto:zhenis46@mail.ru)

### **Резюме:**

Статья основана на идее статьи Президента Нурсултана Назарбаева «Ориентация на будущее: духовное обновление» о переходе к латинскому алфавиту, будущее нового алфавита и его вклад в развитие казахского языка, место духовного развития в генерации, ф так же описаны личные взгляды автора стати на утвержденную версию алфавита.

### **Summary:**

The article is based on the idea of The President Nursultan Nazarbayev "Orientation for the Future: Spiritual Renewal" about the transition to the Latin alphabet, the future of the new alphabet and its contribution to the development of the Kazakh language, the place of spiritual development in generation, personal views of the author on the approved version of the alphabet.

*«Елінің атымен аталатын халықтың даралығын, өзіндік белгісін айқындап, оның тұрмыс-тіршілігін танытатын, отандастарының тарихи бірлігін, мәңгілік тұтастығын әйгілейтін ең басты факторлардың бірі және бірегейі тіл болып табылатынын қоғам дамуының дүниежүзілік тәжірибесі де, сара жолда сенімді келе жатқан әр елдің бүгінгі болмысы да толық дәлелдеп отыр. Қазақ елі үшін мұндай сыйға лайық, құрметтеуге тұратын мемлекетіміздің басты тілі – қазақ тілі екеніне дау болмаса керек...»*

*М.Серғалиев:*

*«Мемлекеттік тіл ортақ тіл болуы қажет»  
мақаласынан.*

Осыдан ғасырға жуық уақыт бұрын халқымыздың түркілік туыстыққа бет бұруына бастама болған, алайда қызыл империяның жымсық саясатының құрбанына айналған латын әліпбиіне қайта оралу қажеттігі жөнінде мәселе көтеру Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін ғана мүмкін болды. Латын әліпбиіне бетбұрыс жөнінде алғаш 2006 жылы өткен Қазақстан Халықтары Ассамблеясының XII құрылтайында Елбасы тарапынан сөз болып, кейін де әлденеше рет еске салынды. Халқымыздың зиялы бөлігінен қолдау тапқан, Елбасы ойының қорытындысы болып табылатын латын әліпбиіне оралу жөніндегі нақты тұжырым мен оны орындау бағытындағы іс-шаралар жобасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты Бағдарламалық мақаласында жария етілді. Бүгінгі күні арнайы құрылған комиссияның және жалпы халықтың талқысынан өткен, әлі де талқылануы тоқтамаған латын графикасына негізделген қазақ тілі әліпбиінің жаңа нұсқасын Елбасы өзінің Жарлығымен бекітіп бергеніне куә болғанымызға да және оны орындау бағытындағы жұмыстардың басталып кеткеніне де көп уақыт өткен жоқ. Н.Ә.Назарбаев биылғы «Қазақстан халқына Жолдауында» да «адам капиталы – жаңғыру негізі» екеніне тағы да тоқтала отырып: «Егер біз қазақ тілі ғұмырлы болсын десек, оны жөнсіз терминологиямен қиындатпай, қазіргі заманға лайықтауымыз қажет..., – дей келіп, – ...Латын әліпбиіне көшу бұл мәселені реттеуге мүмкіндік береді. 2025 жылға дейін білім берудің барлық деңгейінде латын әліпбиіне көшудің нақты кестесін жасау қажет», – деген тұжырым жасады. [1]

Алдымен, «латын әліпбиіне көшу» идеясының түп негізі неде дегенге келсек, еліміздің жазу тарихында 1929-1939 жылдар аралығында латын әліпбиін пайдалану

болғанын көзі қарақты жанның бәрі біледі. Ал бұл әліпбидің өмірге келуі мен қысқа мерзімде өшуінің себептері де оқырманға таныс деп ойлаймыз.

Дегенмен, мына нәрсені айта кеткен орынды болар. Қазақ АССР-і құрылғаннан кейін 1924 жылы А.Байтұрсынұлы, Ә.Бөкейханұлы, Е.Омарұлы, М.Дулатұлы, Н.Төрекұлұлы, Х.Досмұхамедұлы, Т.Шонанұлы, тағы да басқа осылар сынды қазақтың оқымысты зиялылары бас қосқан «тұңғыш сиез» болып, оның алдына қойған мәселелерінің бірі халқымыздың қалыптасқан тілдік ерекшеліктеріне сәйкес келетін және жазуға да ыңғайлы әріп таңбасын жасау болды. Осы сиезде алғаш рет бұрын қолданылып келе жатқан араб графикасына негізделген таңбаны латын графикасына негізделген жаңа таңбаға ауыстыру мәселесі талқыға түсіп, шешімін таба қойған жоқ. Бұдан соң төрт-бес жылғы әліпби жасау, оны талқыдан өткізу жұмыстарынан кейін ғана қазақ жазуына латын графикасы сәйкес келетіндігі турасында нақты тұжырым жасалды. Бұл қазақ тіліне кирилл графикасының әсері болмаған, қазіргіге қарағанда тіліміздің шұрайлы сазы әлі де дәл қазіргідей бұзыла қоймаған кезде жасалған шешім еді. Біздіңше, сол кезге дейін қолданылып келген А.Байтұрсынов жасаған араб графикасына негізделген әліпби орнына жаңа әліпби жасаудың екі себебі болған тәрізді: 1-ден, Ресей империясының боданы болып табылатын Қазақ елі Кеңес одағының атеистік саясатына байланысты араб әліпбиін енді пайдалана алмайды; 2-ден, осы тұста Еуропамен қарым-қатынасы бұрыннан бар Осман түріктері мен Әзірбайжан елі сол елдердің басым көпшілігі пайдаланатын латын графикасын қабылдады. Осылайша, түркі тектес халықтардың осы әліпбиге бет бұрысы басталды. Бұл өз алдына республика болуды (автономия болса да) мақсат еткен қазақтарға да әсер еткені белгілі. Қазақ зиялыларының бұл талабына алғашқыда қарсы бола қоймаған Кеңес үкіметі олардың тілге байланысты, саясатқа байланысты әбжіл қимылдарынан, латын әліпбиінің келешектегі бет алысынан секем ала бастады: өз боданындағы түркі тектес халықтардың өзара ымыраласып кетуінен үрейленді. Сондықтан да, алдымен өздерінің мақсат-мүдделеріне қиғаш келетін саяси көзқарастағы қазақ зиялыларына кеңшілік жасағандай көріне отырып, біртіндеп олардың көзін құртуды, соңынан «келешек түркі халықтарының басын біріктіріп кетуге себепші болуы мүмкін» әліпбиді жоюды мақсат етті. Бар-жоғы бір онжылдық ішінде бұл әрекет те жүзеге асып тынды.

Рас, әліпби таңдау не оны өзгерту қай кезде де оңайлықпен және тез арада жүзеге асатын құбылыс болған емес. Бұл жөнінде жоғарыда аталған ғұламалардың да ескертпелері бар. Сондықтан болар, латын графикасын негіз етіп төл әліпбилерін қабылдаған мемлекеттердің қай-қайсысында да қиындықтар болды, әлі де бар. Сондай қиындықтардың бірі – біздегі бұл жаңалықты алғашында зиялы азаматтардың ішінен де бірден қабылдай қоймағандарының табылуы. Мәселен, белгілі қоғам қайраткері, ақын М.Шаханов бастаған 62 адам қол қойған хатты еске алуға болады. Немесе қарсылық білдірушілер қатарында әмбебап ғалым, жас ұрпақтың сүйікті ұстазы болған академик Мырзатай Серғалиевтің де болғанын қалай түсінуге болады. Ғалым ертеректегі бір сөзінде: «...Соңғы кездері ұлттық әліпбиге қатысты пікірталастары көрініс беріп жүр. Көбірек айтылып жүрген ұсыныс латын әрпіне көшуді қалайды. Қазақ тілі менің ата-бабамның тілі және өзім де бұл салада теориялық жағынан да, практикалық жағынан да шама-шарқымша еңбектеніп жүрген азамат ретінде үзілді-кесілді қарсылығымды білдіремін...», – дей келіп, бірнеше уәждерін атап көрсетеді. [2;45-46] Әттең, өзіміз жақсы көретін, өмірде де, ғылымда да талай пікірлес болған ағамыздың ертерек дүниеден өтіп кеткені ғой, әйтпесе дәл қазіргі кезде сол пікірін өзгертер ме еді, кім білсін.

Қалай болғанда да, бүгінгі күні біз бір кезде аталарымыз қолданған латын таңбалы әліпбиге көшуді таңдадық. Және бұл жолға төтеннен келгеніміз жоқ, бірсыпыра дайындықтармен, әсіресе жаңа қазақ әліпбиінің нұсқаларын жасаудағы көптеген ұсыныстармен, оларды талдап-талқылаудан өткізумен келдік.

Жаңа әліпби біздің руханиятымызға, тарихымызға қалай да әсер етпей қоймайды және бұдан ұтарымыз да мол. Қай қоғамда, қай мемлекетте болған қандай да бір өзгерістер мен жаңалықтар ел тарихына ықпалын тиізбей қоймайды және ол жақсы болсын, жаман болсын,

кейінгі ұрпақтың жадында сақталады, сөйтіп келесі бір өзгерістер мен жаңалықтардың пайда болуында өзіндік рөл атқарып жатады.

Қазіргі кезде елімізде қызу талқылану барысында түрлі-түрлі ой-пікірлердің арқауына айналған, сол негізде Елбасының Жарлығымен мақұлданған әліпби ауыстыру мәселесі де біздің саяси тәуелсіздігімізбен бірге келген ел тарихындағы елеулі оқиға болып саналады. Өйткені саяси бодандықтан құтылған елдің ұлттық символы болып есептелетін тілі де тәуелсіздікке ие болуға, нақтырақ айтқанда сыртқы тұлғасы да, жүйесі де, құрылымы да жат тілдің бодандығынан арылуға тиіс. Соның бір көрінісі – тілдің өзін емес (кейбір түсінік-талғамы аз, қыңыр мінезді кісілердің түсінігіндей), оның таңбасын ғана (тілдің сыртқы жамылышын, киімін) ауыстыру болып табылады.

Екіншіден, қазіргідей «жаһандану» деп аталатын сағат сайын емес, минут, тіпті секунд сайын өзгеріп жатқан «айдаһар» заманда, әр ұлт, әр мемлекет соның қажетті ортақ талаптарына еріксіз ерумен бірге, қомағай көмейіне түсіп, жұтылып кетуден де сақтанады. Ата-бабадан аманат болып қалған ұлан байтақ жерімізде өмір сүріп жатқан саны аз «қазақ» аталатын халқымызды, тағдыр тауқыметімен көп ұлтты атанған елімізді, тарих бойында пайда болған «ұлттық кодымызды» осы «дүлейден» аман сақтап, кейінгі ұрпаққа қалай жеткіземіз? Мақсат – осы тарихи миссияның жолын табу. Президент Н.Ә.Назарбаев ұсынып отырған «рухани жаңғыру» – осы мақсатқа жетудің бір жолы болса, соның алдыңғы сапында қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптастырған тілдік ерекшеліктерін дәл айқындайтын әліпбидің нұсқасын жасау тұрды.

Әліпби ауыстырудан не ұтамыз дегенге келсек, біз бұл идеяны тілші ғалым ретінде ғана емес, қазақ ұлтының бір өкілі ретінде, «Қазақстан» аталатын еліміздің болашағына жанашыр азамат ретінде мақұлдаймыз. Себебі, кез келген қазақ тілі маманы кирилл графикасына негізделген жазудың тілімізде тарих бойында қалыптасқан өзіне тән заңдылықтарға (айтылудағы үндестік заңдарына) сәйкес келе бермейтінін, яғни орфоэпиялық ережелердің ескерілмей, орфографиялық (жазылу) ережелерге сүйенудің басымдыққа ие болуы біздің дыбыстау мүшелеріміздің біртіндеп бұзылуына, сөйтіп сөздеріміздің бір кезде орыс ғалымдарының өздерін таң қалдырған үнділігінен, саздылығынан айырылуына алып келе жатқанын үнемі сезіп отырды. Сондықтан латын графикасына негізделген жаңа әліпби тілдік қолданыста жоғалта бастағанымызды қайта табуға, сөйтіп қазаққа тән болған сазды, әуенді тілімізді қалпына келтіруге көмектесетініне сенім тудырды.

Екіншіден, дүние жүзі елдерінің басым бөлігі, әсіресе батыстың дамыған алпауыт елдері пайдаланатын бұл әліпби біздің ұрпақтарымыздың жаһандану үдерісінде өз орындарын табуына, яғни «өз қаруларын өздеріне қарсы» пайдалану арқылы табысқа жетуіне көмектеседі деп сенуге болады. Мұны қазақ тілінің халықаралық деңгейде қолданылуы деп емес, біз пайдаланатын жаңа графиканың қолданылу ауқымының кеңеюі деп түсіну керек. Бұл, әсіресе әлемдік нарыққа шығу үшін бізге қажет болып отырған ағылшын тілі графикасына байланысты айтылып отыр.

Үшіншіден, латын графикасын қабылдаған түбі бір, тілі туыс түркі халықтары бұрын да, қазір де кирилл графикасы арқылы жазылатын біздің сөздерімізді оқи алмайтын болса, енді басым таңбалары ортақ болып келетін жазуларымызды оқи алу арқылы түсінісу мүмкіндігіне ие болады.

Әрине, ғалымдар мұның басқа да жақсы жақтарын (жазу техникаларын пайдалану, аударма жағы т.т.) тілге тиек етуде. Осыған қарағанда біздің ұтарымыз да аз емес тәрізді. Тек болашаққа деген сенім мен қайрат-жігер жеткілікті болса болғаны.

Осы тұста әліпбидің соңғы екі нұсқасы жөніндегі жеке көзқарасымызды да білдіре кеткенді жөн көрдік.

Елбасы Жарлығымен 2007 жылдың 26 қазанында бекітілген нұсқада қазақтың төл дыбыстарын дәйекшілі әріптермен таңбалау көрсетілгені белгілі. Әріп таңбасын дәйекшілер арқылы беру қай тілде де бар құбылыс және олар көбіне сол тілдің өзіндік қалыптасқан ерекшеліктерін айқындау мақсатында қойылады. Бұл нұсқада кей әріптердің оң жақ шекесіне қойылған үтір белгісі (апостроф), біздің түсінігімізде екі жағдайды ескере отырып қойылған

тәрізді: 1) қазақ тіліндегі жуанды-жіңішкелі болып айтылатын дауысты дыбыстарды және айтылуында ұқсастық бар дауыссыз дыбыстарды ажырату үшін; 2) басқа түркі тілдеріндегі дыбыс таңбаларынан ерекшелендіру, яғни қазақ тілінің өзіне ғана тән таңбасы ретінде тану үшін. Осы жағынан келгенде апострофтың қойылуы дұрыс сияқты көрінген. Бірақ бұл нұсқа бірден-ақ ғалымдар тарапынан да, түрлі мамандар мен жалпы халықтың тарапынан да сынға тап болды. Мысалы, жазу кезіндегі апострофтардың көбейіп кетуінен болатын қиындықтар, қазақ тіліне тән емес дыбыстарды енгізбеу не олардың ережесін бөлек қарастыру, бірді-екілі қазақ дыбыстарының таңбаларын өзгерту тәрізді ойларымызды біз де арнайы комиссияға ұсынған болдық. Бұл мәселені үнемі бақылауда ұстап, халықтың ой-пікірлерін де таразыдан өткізіп отырған Елбасы жалпыхалықтық талқылау мен сын-пікірлерді ескеру барысында Комиссия ұсынған жаңа үшінші нұсқаның негізінде бұрынғы Жарлыққа өзгеріс енгізу туралы 2018 жылдың 19 ақпаны күні жаңа Жарлыққа қол қойды.

Жаңа әліпби нұсқасында, мамандардың айтуына қарағанда, халықтың ой-пікірлері, халықаралық терминдерді жазуға сәйкестігі біршама ескерілген, техникалық жазу құралдарын пайдалануға ыңғайлылығы бұрынғыдан әлдеқайда жетілдірілген. Біздіңше, жүре-бара жөнделер деген кейбір күмәнді тұстарын әзірше ескермей, «әрі тарт та, бері тарт» қылып, жанжақтан «жаңалық» ашпай, осы нұсқаның латын графикасына негізделген қазақ тілінің төл әліпбиі болып өмірге енуіне жабыла атсалысқанымыз дұрыс болады деген ойдамыз.

Сондай-ақ, жаңа әліпбиге біртіндеп көшуге белгіленген дайындық мерзімі ішінде орфографиялық және орфоэпиялық емле-ережелерді қалыптастыру комиссиясы жаңа әліпби жайында айтылып жатқан ұсыныстар мен пікірлерді де ескереді деген сенімдеміз. Әсіресе, сөздердің оқылым (айтылым, сөйленім) заңдылықтарына баса назар аударылу керек. Бұл жөнінде Елдес Омарұлының: «Қазақша жазу жеңіл болу үшін де, дұрыс болу үшін де дыбыс жүйесінше болу керек. Сондықтан біз жазу ережелерін тексеріп түзегенде, оның дыбыс жүйесінше болуын тексеруіміз керек», – деген [3;22] және Ахаңның: «...Дұрыс емле менен қате емлені айыруға, менің ойымша, бұлай қарау керек шығар деймін: тіл («тіл» – сөйлеу мағынасында – Ж.С.) табиғатына қарай емлені ыңғайлау ма? Жоқ, емле түріне қарай тілді ыңғайлау ма? Мен ойлаймын, емле – жазу үшін шығарған нәрсе, жазу – тіл үшін шығарған нәрсе. Олай болса тілді бұзып емлеге ыңғайлау емес, емлені тілге ыңғайлау керек... Асыл тіл, түзу емле қазақта боларға тиісті», – деген сөздерін [4;395] де ескерген жөн болар.

Тағы бір айтарымыз, жаңа нұсқа жөнінде баспасөзде, әлеуметтік желілерде жарияланып жатқан әралуан кертартпа пікірлер халықтың түрлі топтарына да әсер етпей қоймайды. Осы себепті кей қазақ ата-аналардың өз балаларын кириллицаны пайдаланатын орыс тілді балабақша мен мектептерге ауыстыруға деген ниеттері де байқалып қалуда. Әрине, қандай да болсын қоғамдағы өзгеріске, әр жаңалыққа деген мыңдаған адамдардың мыңдаған көзқарасы болуы – заңды құбылыс. Ол әр адамның ой-өрісіне, алған біліміне, өскен ортасына, «туған жер», «туған тіл», «Отан» тәрізді елдігіміздің айғағы ретінде айтылатын сөздерге деген түсінік-танымына, тағы да басқа түрлі жағдайларға байланысты болуы мүмкін. Бірақ, біздің ойымызша, «мен қазақпын» дегенді ту етіп ұстайтын еліміздің әр азаматы осы жаңалықтар мен өзгерістердің дүниеге келу себептерін, не үшін, кім үшін жасалып жатқанының түп негізін білуге тырысса, оған қазіргі жеке басындағы қиындық негізінен емес, ұрпақтарының болашақтағы тұрмыс-тіршілігіне, еліне, тіліне, Отанына деген сенімі тұрғысынан қараса, онда мұндай әрекеттерге бармас еді.

Сонымен бірге, қазіргі қоғамда біздің Тәуелсіздігімізді көп көретін, даму барысындағы жетістіктерімізді қызғанатын, тіпті мүмкін болса, іштен ірітіп тоздырып жіберуге дайын, ол үшін түрлі амалдарды қолданудан қашпайтын жат пиғылды жандардың да бар екенін қалай жасырамыз. Олардың ойы да, мақсаты да бөлек: дінді немесе елдегі кей қиындықтарды бетке перде, сыныққа сылтау етіп, адамдар арасына іріткі салу, алауыздық туғызып қоғамның алға басуына барынша кедергі жасау. Мұндайлардың құралы – көбіне әлеуметтік желілер. Сол әлеуметтік желілерде жеке адамдардың түсінбестікпен айтқан қандай бір ойлары осындай жандар жаққан отты үрлей түсуге себепші болатыны анық.

Асылы, әр азамат сырттай атүсті айтылған кез келген сөзге сенбей, жағымсыз да жеңіл қолпашқа ермей, сын айтқанның бәрін жау көрмей, жарқын болашаққа жақсы үмітпен қарап, елдігімізді сақтап қалу жолындағы жақсы да жаңалығы мол іс-әрекетке дұрыс пиғылмен қараса, жеңілмейтін қиындық, орындалмайтын арман болмаса керек.

Қорыта келгенде, ғұлама ғалым А. Байтұрсынұлы айтқандай: «...20-ғасырға шейін түріктің тілін асыл қалпын аздырмай алып келген тіл турасындағы абырой мен алғыс қазаққа тиісті. Атаның аздырмай берген мүлкін, қолымызға алып быт-шытын шығарсақ, ол ұнамды іс болмас» [4;271]. Сондықтан, орындалмай қалмайтыны айқын болған осы бір ұлы іске қатысты іс-шараларға бір кісідей ат салысып, жұмыла кірісу арқылы ауыр жүкті жеңілдетуге, алыс жолды жақындатуға көмектескеніміз орынды болар.

**Әдебиет:**

1. «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері»: Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы // «Сыр бойы»: Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. – 11.01.2018. – №5 (19488).

2. Серғалиев М. Тілім менің – тінім менің (Мақалалар мен баяндамалар). – Алматы: Сардар, 2013. – 392 б.

3. Қазақ білімпаздарының тұңғыш сіезі (Жазу ережелері тақырыбты Елдестің байандамасы). – Алматы, 2005. – 144 б.

4. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. Т.4. – Алматы: Ел-шежіре, 2013. – 384 б.

## **«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫНДАҒЫ ПРАГМАТИЗМ ЖӘНЕ АБАЙДЫҢ ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ РАЦИОНАЛИЗМНІҢ САБАҚТАСТЫҒЫ ТУРАЛЫ**

*Кенен Ш.А.,  
филология ғылымдарының кандидаты,  
Қарағанды мемлекеттік индустриялық университеті,  
Қарағанды, Қазақстан,  
[shinken54@mail.ru](mailto:shinken54@mail.ru)*

**Summary**

On the relationship between the problem of pragmatism in the program «spiritual revival» and rationalism in the works of Abai

In the article "About the interconnection of pragmatism in the «Rukhani zhangyru» program and rationalism in Abai's world view," the author, noting the importance of the postulates of pragmatism theorists, emphasizes that new values can only be developed on the basis of one's own spiritual tradition. The thesis of the program «Rukhani zhangyru» emphasizes that only the development of progressive tendencies of one's own spiritual environment, their organic synthesis and interaction with the progressive trends of other spiritual environments, opens the door for its effective modernization. The author traces the ideological relationship of Abay's rationalistic views with the program guidelines of the article of the Head of State "A look into the future: modernization of public consciousness"

**Key words:** pragmatism, rationality, tradition, modernization, culture, society.

**Резюме**

О взаимосвязи прагматизма в программе «Рухани жаңғыру» и рационализма в мировоззрении Абая

В статье «О взаимосвязи прагматизма в программе «Рухани жаңғыру» и рационализма в мировоззрении Абая» автор, отмечая важность постулатов теоретиков прагматизма, подчеркивает, что новые ценности можно только развить, опираясь на собственную духовную традицию. Выделяется тезис программы «Рухани жаңғыру» о том, что только развитие прогрессивных тенденций собственной духовной среды, их органический синтез и взаимодействие с прогрессивными тенденциями других духовных сред открывает возможности для ее эффективной модернизации. Автор прослеживает идейную взаимосвязь рационалистических взглядов Абая с программными установками статьи Главы государства «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания»

**Ключевые слова:** прагматизм, рациональность, традиция, модернизация, культура, общество.

Прагматизм – бұл өмірлік философия, ("прагма" – грек. "іс", "әрекет". Атақты неміс философы И. Кант бойынша «Прагматикалық – практикалық, теоретикалық емес). Прагматизм теоретиктерінің бірі Джон Дьюидің айтуынша, прагматизм ілімі болмысты қарастырып, көшірмеу керек, керісінше адамдарға өмірлік мәселелерін, олардың өмірлік «ісін» шешуге көмектесу міндетті. Дьюи былай жазады: «Тәжірибеден үйрену» – бұл заттармен біз не істегендікті және заттарға жасаған өз әрекеттерімізге қандай жауап алғандықтың арасында тікелей және кері байланыстарды орнатуды білдіреді» [1]. Философ У. Джемс жазады: «Бұл (прагматизм-Ш.К.) біздің өмірлік қарым-қатынастарымыз... Сөйтіп біз өз болмысымыз-бұл өз өміріміздің, кез келген сәтте ие болатын, ең бастапқы сезімі екен маңызды тұжырым жасаймыз.» [2]. Пирстің пікірі бойынша: "Белгілі болды, біздің білім саласының шегінен тыс біздің зерттеуіміздің объектісі ештеңе бола алмайды, өйткені біздің ақылымыз жетпегендігі біздің зияткерлік талпыныстың уәжі бола алмайды» [3].

Әлеуметтік процестің қоғамның рухани өмірі, оның рухани ортасы маңызды компоненті болып табылады. Рухани орта қоғамның санасында әлеуметтік, экономикалық және саяси саласының көрінісі ғана болмайды. Қоғамның рухани өмірінің негізінде сол немесе басқа қоғамға тән жаманшылық пен жақсылықты айыру ұстанымы жатыр. Егер бұл ұстаным экономикалық даму және саяси қатынасудың негізі болатын ұстанымдар және импульстармен бір жерден шығып, үйлесімділігін табатын болса, онда сондай қоғам өте тиімді дамуға мүмкіндігі болады. Егер де бұл ұстаным экономикалық және саяси дамудың импульстарына қарама-қарсы болса, сондай қоғам әлеуметтік өмірдің саласының барлығында зор қиыншылықтармен кездеседі.

Жартылай жаңару, жаңғырудың «қиянатшылдығы» нені білдіреді? Азаматтыққа патерналистіктен қоғамның эволюциясы құндылықтардың жаңа жүйесіне ауысуды білдіреді. Бірақ бұл құндылықтарды дайын түрде алып пайдалану және енгізе салу, ал бұрынғысын күшін жоя салу болмайды. Жаңа құндылықтарды тек өзінің рухани дәстүріне сүйініп, дамытуға болады. Бірақ, ол үшін азаматтық ұстанымдары мен құндылықтарды қалыптастыруын дамытатын өз рухани дәстүріндегі жақтары мен аспектілерді атап көрсету керек. Одан әрі эволюцияға ұлттық рухани дәстүрдің даму үшін кедергі және маңызды бастама негізі бола алатынын білу өте қажет. Өз рухани ортаның тек прогрессивтік үрдістерінің дамуы, олардың басқа рухани орталардың үрдістерімен органикалық синтезі мен өзара әрекеттесуі оның тиімді жаңғыруына жол ашады.

Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында: «Қанымызға сіңген көптеген дағдылар мен таптаурын болған қасаң қағидаларды өзгертпейінше, біздің толыққанды жаңғы-руымыз мүмкін емес.» [4]. «...Ешқашан орындалмайтын елес идеологиялар», коммунизм тәріздес, қазақтың ұлттық ой-өрісіне рационалдық логикамен қабыспайтын өзгерістер енгізіп, көнерген дағдылар мен әдеттерді қалыптастырды.

Заманында Абайдың көзқарас жүйелеріне тұжырымдап қарасақ, шындыққа адал болу идеясы орын алады. Бұл – прагматикалық ұстаным. Өйткені прагматизм бойынша, көнерген дағдылар мен әдеттерден арылмаған адам, әрекетсіз, ойсыз күйінде, атақты неміс философы Фридрих Ницше айтқандай «көріп тұрғанды көрмейді және қалай көрініп тұрғанды көргісі келмейді» Абай Жетінші сөзінде былай жазады: «Жан бізді жас күнімізде билеп жүр екен. Ержеткен соң, күш енген соң, оған билетпедік. Жанды тәнге бас ұрғыздық, ешнәрсеге көңілменен қарамадық, көзбен де жақсы қарамадық, көңіл айтып тұрса, сенбедік. Көзбен көрген нәрсенің де сыртын көргенге-ақ тойдық. Сырын қалай болады деп көңілге салмадық, оны білмеген кісінің несі кетіпті дейміз. Біреу кеткенін айтса да, ұқпаймыз. Біреу ақыл айтса: «Ой, тәңірі-ай, кімнен кім артық дейсің!» - дейміз, артығын білмейміз, айтып тұрса ұқпаймыз.» [5]. Абайдың рационалдық дүниетанымы бойынша, адамның кеңістігі шексіз, мүмкіншілігі зор. Өйткені, онда ақыл бар. Оның көрінісі – әрекеттері, жанның қызметі. Солай бола тұра адамдар ақыл мен жанның азығын ойламайды, құр білемізге салынып, білімсіздікті білімділікпен шатастырады. Абайдың бұл көкейкесті ойлары Елбасымыздың қазақтың рухани жаңғыру туралы тезистерімен сабақтасады.

Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасындағы «...жаңғыру ұғымының өзі мейлінше көнерген, жаһандық әлеммен қабыспайтын кейбір дағдылар мен әдеттерден арылу дегенді білдіреді» [6] тезисі жаңғырудың ғылым білім және ғылыммен өзара тығыз байланысын көрсетеді. Бұнда жақсылықты жамандықтан ажыра білмейтін, ағыммен ілесіп жүре беруге бейімделген білімсіз адамның типі туралы айтылады. Білімді, көзі ашық, көкірегі ояу елдің азаматы қатып қалған архаикалық әдеттерді үздіксіз бұзып отырады. Бағдарламада жазылады: «Өзімдікі ғана таңсық, өзгенікі – қаңсық» деп кері тартпай, ашық болу, басқалардың ең озық жетістіктерін қабылдай білу, бұл – табыстың кілті, әрі ашық зерденің басты көрсеткіштерінің бірі» [7].

«Рухани жаңғыру» бағдарламада заманауи Қазақстанның нағыз азаматы болу мен прагматик, рационалды өмір сүретін адам болу мәселесі бір-бірімен сабақтастыра айтылады, бұл екеуінің тамыр, түбі бір деп көрсетіледі. Президент адамды ең ыңғайлы жолмен мақсатқа жеткізетін нәрсе-ақылды, прагматикалық іс-әрекеттер деп пайымдайды: «...бұл – өзгелердің тәжірибесін алып, ең озық жетістіктерін бойға сіңіру мүмкіндігі.» [8]. Шынында, егер адам логикаға салып, рационалды өмір сүрсе, онда оның әрекеттері ақылдан қорықпайды, ол заманның талаптарына сәйкес өз санасын еркін өзгерте алады. Абай «Ғылым таппай мақтанба...» өлеңінде ел ішіндегі талапсыздық, мақтаншақтық дегендерді ондырмай мінейді: «Бес нәрседен қашық бол,/ Бес нәрсеге асық бол./ Адам болам десеңіз./ Тілеуің, өмірің алдыңда, / Оған қайғы жесеңіз. / Өсек, өтірік, мақтаншақ,/ Еріншек, бекер мал шашпақ -/ Бес дұшпаның, білсеңіз./ Талап, еңбек, терең ой, / Қанағат, рақым, ойлап қой -/ Бес асыл іс, көнсеңіз.» [9]

Абайдың дүниетанымы бойынша талап қылу, жаңғырудың қозғаушы күші ретінде ақылға сыйымсыз, яғни иррационалдық сипатта процесс емес, керісінше ойшыл ағартушы адамның ақылына, рационалға үлкен сенім артады. Ойшыл бұнда адам өз өмірінің бағытын өзі шешуге тиіс екенін айтады. Ол үшін ол еңбек қылып, «Рухани жаңғыруда» көрсетілгендей білім алып, әр нәрсені ұтымды пайдаланып өмір сүру керек. Абай білімді болудың басты шарты – не нәрсені болсын ақыл таразысына салып өлшеу, ақыл сенген нәрсеге ғана сенумен қатар көзің анық жеткен реалды құбылысты, оқиғаны тура айтудан тайынбау екендігін дәлелдеп айтады. Абайтанудың негізін қалаушы М.О.Әуезов былай жазады: ««Ғылым» сөзді әдейі бірнеше қайрып қолдау арқылы ұзақ өрісі бар терең білім деп таниды. Сол ғылым талпыну жолында өзі үгіттеп, тәрбиелемек болған жастарды айналадағы көпшіліктің сорақы, бұзық мінездерінен жирентіп өсірмек... Гуманист Абай, ағартушы, әлеумет ағасы болған ақын сол бес нәрсені санағанда, ең алдымен талапты айтады. Сонан соң еңбек, терең ой, қанағат, рақым деген сияқты арлы адамгершіліктің сипаттарын санайды» [10].

Прагматизмнің мәні туралы айтатын болсақ, талап адамның практиканы игеруде, тәжірибені жинауда бас қозғаушы тетігі ретінде көрсетіледі: «ол жаңа технологияның ағыны алып келетін өзгерістердің бәріне дайын болу деген сөз.» [11]. Егер талаптану процесі әлсіз, баяу жүрсе, онда практиканың нәтижелері де тиімді бола қоймайды.

Қорыта айтқанда, біріншіден, Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасында, Абайдың шығармаларында қоғам санасының міні айтылады, негізгі бағыты-ағартушылық-моральдік, яғни ой-сананы түзеп, қоғамдық болмысты өзгертіп, жаңғырту.

Екіншіден, жалпы гуманистік түсініктің мағынасында жаманшылықтан арылтып, халқын өзгертіп жаңғыртатын, адамгершілік, моральдік жоғары үгіт-насихат жүргізіледі.

#### Әдебиет:

1. Бим-Бад Б. М. "Джон Дьюи как педагог" [http://www.bim-bad.ru/biblioteka/article\\_full.php?aid=206](http://www.bim-bad.ru/biblioteka/article_full.php?aid=206)
2. Зотов А. Современная западная философия [http://www.gumer.info/bogoslov\\_Buks/Philos/Zotov\\_ZapFilos/\\_05.php](http://www.gumer.info/bogoslov_Buks/Philos/Zotov_ZapFilos/_05.php)
3. Зотов А. Современная западная философия [http://www.gumer.info/bogoslov\\_Buks/Philos/Zotov\\_ZapFilos/\\_05.php](http://www.gumer.info/bogoslov_Buks/Philos/Zotov_ZapFilos/_05.php)
4. Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы [http://www.akorda.kz/kz/events/akorda\\_news/press\\_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy](http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy)



5. Абай. Шығармаларының екі томдық жинағы: т.2. – Алматы: Жазушы, 2004. – 96 б.
6. Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы [http://www.akorda.kz/kz/events/akorda\\_news/press\\_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy](http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy)
7. Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы [http://www.akorda.kz/kz/events/akorda\\_news/press\\_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy](http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy)
8. Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы [http://www.akorda.kz/kz/events/akorda\\_news/press\\_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy](http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy)
9. Абай. Шығармаларының екі томдық жинағы: т.1. – Алматы: Жазушы, 2004. – 56 б.
10. Әуезов М.О. Абай Құнанбаев: Мақалалар мен зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1967. – 118 б.
11. Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы [http://www.akorda.kz/kz/events/akorda\\_news/press\\_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy](http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy)

## **«ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУ» – РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ БАҒЫТЫНДА ҰЛТТЫҚ СИПАТТАҒЫ БІЛІМ БЕРУ СТРАТЕГИЯСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МҮМКІНДІКТЕРІ АРНАСЫ**

*Ізтұрғанова Ж.А.,*

*[I\\_zhaina71@mail.ru](mailto:I_zhaina71@mail.ru)*

*И.Сүйеубаев атындағы №8 жалпы білім беру орта мектебі,*

*Жеткізгенова Ә.Т.,*

*[aliyazhetkizgenjva@mail.ru](mailto:aliyazhetkizgenjva@mail.ru)*

*филология ғылымдарының кандидаты,*

*Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік*

*технологиялар және инжиниринг университеті,*

*Ақтау, Қазақстан*

### **Summary**

In this article it is reported about the "Self knowledge" subject, and that this subject gives the opportunity for the forming the Education strategy of National character. Our president Nursultan Nazarbayev emphasized the relevance of his the article "Orientation to the future: spiritual renewal", the goals and objectives of this subject are in harmony with the educational aspect of the traditions and customs of the Kazakh people, and meet the requirements of spiritual renewal.

Сандаған ғасырлық уақытты артқа тастағанымен грек философы Сократтың «Өзін-өзі тану-өмірді тану» деген қанатты сөзі маңызы мен мазмұны, тәрбиелік сипаты жағынан өміршеңдігін ұлылата түсуде. Ұлтына, нәсіліне, туып-өскен жеріне қатысы жоқ, бірақ ықпалы жалпы адамзатқа ортақ әсері бар осы пікірдің басты тұжырымы – әр адам өмірден өз орнын табу.

Осы орайда рухани-адамгершілікке негізделген ізгілікті біліммен өскелең ұрпақтың сезіміне селкеу түсірмей, көңіліне қаяу салмай, өзінің жарқын болашағына деген сенімділігін ұялататып, өмірлік позициясын айқындауға жол салатын «Өзін-өзі тану» жобасын ұсынған Назарбаева Сара Алпысқызы ұстанған бағытындағы білім беру стратегиясында жалпы ұлттық рухани құндылықтармен қоса әлемдік озық тәжірибелер жетістігін орайластыра, жымдастыра беруі қазіргі заманауи педагогикаға қосылған жаңалық болды. Автор «Өзін-өзі тану» пәнін оқу бағдарламасына енгізу ұсынысын беру себебін – еліміздегі білім беру жүйесінің бүкіләлемдік білім талаптарына сай келуі – әрбір тұлғаның өзін-өзі дамыту қабілетіне сенімі мен жетістіктерге жету жолындағы қажеттіліктері мен сұраныстарын қамтамасыз ете алатын басты жол екендігімен айқындаған.

Демек, адамзат тарихында әлімсақтан-ақ сабақтаса жалғасқан ізгілікке толы қарым-қатынас, қамқорлық, мейірім, жанашырлық, кешірімділік, өз іс-әрекетіне жауапкершілік,

адалдық секілді толып жатқан адами абзал қасиеттердің күнделікті сабақ үдерісінде қоса қабат үздіксіз, үзіліссіз сіңірілуі саналуан мәселелерді адамгершілік қағидалар жетегінде шешуге мол мүмкіндік берері сөзсіз.

Нақты бір ақпараттар жиынтығынан тұратын білім санамен, оймен тоқылатындығы, өмірде өзіндік орны бар кірпіш боп қаланудың материалдық желісі болса, тәрбие адамның жан-дүниесімен біте қайнасып, адами абзал қасиет жинақтап, бала шағынан болашағына апаратын жолдың білім саласында алатын ілімімен қоса ізгілік әліппесін қалыптастыратын басты қайнар көзі. Осы екі ұғымның бір-бірімен тығыз бөлініссіз байланысын тәжірибе жүзінде көрсетіп, мазмұнына рухани-мәдени келбетін толық сыйдырған «Өзін-өзі тану» пәні қоғамдық құндылықтарды қалыптастыруда жетекші рөлге ие боп отыр.

Алаш тарихында есімі алтын әріптермен сақталған ұлт зиялысы А.Байтұрсыновтың «Балам деген жұрт болмаса, жұртым деген бала қайдан шықсын» деген сөзінен балаға берер тәлім-тәрбиенің көргенділік тұсы басым болу керек деген ойын қапысыз тануға болады. Осылайша ұлт көсемі бала тәрбиесіне жұмсаған өлшеусіз мейірім мен шапағатты шарапаттың қайтарымы келешегінде екенін меңзеген.

Тек түркі ғана емес күллі адамзат атаулыға даналығымен бас игізген ғалым, дара данышпан Әл-Фараби «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деп тұлғаға тағлымды тәрбие беру мен зердесіне жол табудың ең басты назарда болатындығын нұсқаған.

Сандаған ғылымның негізін қалап, сүбелі еңбектер жазып қалдырған Аристотель «Ғылымда ілгері ұмтылғанмен, адамгершілігі ақсап жатса, ондай адамның алға басуынан гөрі, кері кетуі тезірек» деген еді. Бұны өз заманында белгілі болған ғылыми мәліметтердің бәрін білген ғалымның тәрбие, адами құндылықтар мәселесінен ешуақытта айналып өтпегендігін көрсететін философиялық пайымы деуге болады.

Осы орайда елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласының «XXI ғасырдағы ұлттық сана туралы» бірінші бөлімінде: «XX ғасырдағы батыстық жаңғыру үлгісінің бүгінгі заманның болмысына сай келмеуінің сыры неде? Меніңше, басты кемшілігі – олардың өздеріне ғана тән қалыбы мен тәжірибесін басқа халықтар мен өркениеттердің ерекшеліктерін ескермей, бәріне жаппай еріксіз таңуында. Әжептәуір жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады.

Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодынды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғыруға айналуы оп-оңай. Бірақ, ұлттық кодымды сақтаймын деп бойындағы жақсы мен жаманның бәрін, яғни, болашаққа сенімді нығайтып, алға бастайтын қасиеттерді де, жекегесі кері тартып тұратын, аяқтан шалатын әдеттерді де ұлттық сананың аясында сүрлеп қоюға болмайтыны айдан анық.

Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден карамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, сол адасуға бастайды.

Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын құдіретімен маңызды» [1] деп атап көрсетуінің мазмұнында тәрбие иісі аңқыған салт-дәстүрге құрметпен қарау, саралап, салмақтап, ел игілігіне қызмет ететін тұстарын көзден таса, көңілден ада етпеу, ұлттық ерекшелігімізді айқындау арқылы ұрпақ тәрбиесіне қажетті алға бастайтын элементтерді пайдалану қажеттігін айтқан пікіріне тоқтағымыз келеді.

Н.Ә.Назарбаевтың аталмыш пікірі елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр алу нәтижесі арқылы жан-дүниеміздің рухани жаңғыру жолының кедергісіз даңғылына түсетіндігін қапысыз аңғартады.

Аталмыш мақалада «Мен халқымның тағылымы мол тарихы мен ерте заманнан арқауы үзілмеген ұлттық салт-дәстүрлерін алдағы өркендеудің берік діні ете отырып, әрбір қадамын нық басуын, болашаққа сеніммен бет алуын қалаймын» [1] деп қорытындыланатын елбасының үмітті тілегі 1999 жылы жазылған «Тарих толқынында» еңбегіндегі «... қазақтар үшін ұлттық дәстүрді сақтап-сабақтастырып отыратын мәнді тетік – ру болған.

Өз руын, тайпасын, ата-бабасын жеті атасына дейін білу әрбір қазақтың ру аясындағы міндетті және сол білігі арқылы өз халқының дәстүрін сабақтастырып отырудың шарты болған. Мұның өзі қазақтардың этникалық ерекшелігін танытып әрі орнықтырып отырған, тағдыр тәлкегіне тегінен көз жазып қалмауға және ассимиляцияға түспеуіне себепші болған» [2,32] деген жолдарындағы тұжырымдардың жалғасындай. Елбасы осы сөздері арқылы шыққан тегін қадірлеп, отанын сүйген ұрпақтың туыстық қатынаста қалыптасқан парызын орындауға талаптанар бағытын айтып отыр.

Автор осы пікірі арқылы өзін таныған тұлғаның айналасына деген құрмет сезімінің ұлғая түсерін тектілік ұғымы мен адамдық қасиеттің толыққанды жинағы беретінін көрсетеді. Халқымыздың «Өзіңді өзің жаттай сыйла, жат жанынан түңілсін» деген сыйласымға толы нақыл сөзі әуелі өзіңе, өз туысыңа, өз тегіңе деген құрметіңе бастау беріп, көпшілікпен ортақ ымырашылдық, татулыққа көш бастататын көшелі ойдың түйіні.

Психолог, философ Карл Юнгтың «Өзгенің бойындағы ұнамаған қылықтардың бәрі өзімізді түсінуге көмектеседі» деген қанатты сөзінің беретін түп мағынасы ынтымақтастық, бірлік, берекелік бағытта кісілігі қалыптасқан жеке адамның көпшілік ыңғайына бейімделуге, өзгенің пікірімен санасып ой қорытуға, сыйласуға тырысқан әрекетін көрсетеді. Рухани кесел – жаман мінезден арылып, білімге негізделген этикалық әдептілік, ізгіліктерге тәрбиелейтін тәжірибелік ережелер жиынтығын теорияға салған «Өзін-өзі тану» пәнінің де алға қойған нәтижелі мақсаттарының басты міндеті осы болып табылмақ.

Осы мақсат жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесін қолға алған аталмыш пәннің ұлттық құндылықтарды меңгере отырып, балаға шын жүректен қуана білу, шаттана құлу сезімдерін шынайылықпен үйретуді көздейтін, өзгенің қуанышы мен қайғысын өзіндей сезіне алу сәтін сіңіретін рухани бай мазмұнға ие екендігін танытады.

Карл Юнгтың «Өз жаныңның тереңіне үңіле алған кезде ғана көңіл көзің қырағылана түседі» деген келесі қанатты сөзінің астарынан айналаны бағдарлауда ақылмен, адал көңілмен аңдаған адамның асыл армандар жетегіне ілесе алып, адамзат басында кездесер кез-келген сезімді үлкен жүрекпен терең түсіне алатындығы аңғарылады.

Сонымен, әлем ойшылдары, алаш зиялылары баса назар аударған тәрбиенің білім беруде басты орында тұратындығы мәселесінен «Өзін-өзі тану» – рухани жаңғыру бағытында ұлттық сипаттағы білім беру стратегиясын қалыптастыруға мүмкіндік беретін пәні екендігі көрінеді. Себебі, пәннің өзекті міндеті етіп адамзат атаулының бақытты өмір сүруге толық қақылы екендігі, өзіңді тану арқылы өзгелердің жанын түсіну, кез келген тұлғаның қуаныш үшін жаралғандығын, әрбір ұлт өзінің ұлттық құндылықтарын меңгере отырып, Адам деген ардақты атқа лайық болуын сәби шағынан түйсігіне түйіп өсуін көздейтіндігі жататындығын ескеруінде.

Пәннің ең ұтымды тұсы – әрбір тұлғаның шығармашылық белсенділігін ескеріп, интеллектуалдық әлеуетін арттыру бағытында ұлттық құндылықтармен тәрбиелеу бағдаршамы болуында және осы құндылықтардың қазақ халқына тән қасиеттер екендігін баса ескеруінде. Халқымыздың қанымен сіңген асыл қасиеттердің «Өзін-өзі тану» пәнінің мақсат-міндеттерінен жатсынбай, жатырқамай көрініс табатындығын Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың пікіріндегі: «Сұхбаттасқан адамының жан-дүниесін тануға деген құлшыныс, оның ой-сезіміне деген құлықтылық, әсіресе, сырласының жүрек түкпіріндегі мұң-сырға ортақтасуға бейім тұру – әрбір қазақтың қарапайым қатынасынан бастап барша болмысына дейін айқын көрініс тауып отырады.

Өзгенің талғам-танымы көңілге қонбай жатса да түсіністікпен қарауға бейім. Өзгенің дүниетанымын, құндылықтарды тануын сергек сезімталдықпен түсіну – қазақ болмысының аяулы қасиеті. Мұның өзі қазіргідей қарқынды өмір ахуалына бейімделе білудің қажеттілігі туындап отырған заманда айрықша мәнді» [2,30], - деген ой тізбектерімен нақтылай түскен жөн.

Осы ойымызды айқындай түсу мақсатында педагог, ғалым Ә.Табылдиевтің қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарының тәрбиелік мәні баяндалған «Қазақ этнопедагогикасы еңбегінде»: «Текті білу дәстүрі ататекке байланысты туыстық

катынастарды әдептілікпен, имандылықпен орындай отырып, одан әрі дамытып, жекжат-жұрағаттармен, отандастармен, жалпы адам баласымен халық қалыптастырған адамгершілік қатынастардың болуын уағыздайды» [3, 108], - деген пікірін келтірген орынды.

«Өзін-өзі тану» пәнінде жақсы ескеріліп, ерекше мән берілетін мәселелердің маңыздысы жеті ата, тек, туыстық қарым-қатынас атауларының «Көшпелі қазақтың өз шыққан тегін және рулық байланыстарын міндетті түрде білуі шарт. Бұл бүкіл ұлттың әрбір мүшесі үшін моральдық-этикалық қағидаға айналған. Мұның бәрі біздің тарихымыздың ежелден бергі қасиеттері. Сондықтан да, жеті аталық ұстаным қазақ халқының этнобиологиялық, этномәдени, жалпы рухани тұтастығын табиғи түрде қамтамасыз етіп отырған» [2, 35], – деп қазақ халқының ұрпақ тәрбиесіне айрықша мән бере назар аудартуының себебі де осыдан туындап отыр.

Сондай-ақ, ғалымдар Т.Ғабитов, Қ.Затовтың «Қазақ мәдениетінің рухани кеңістігі» атты қазақ мәдениетінің рухани, этикалық, діни және әлеуметтік құндылықтарына мәдени-философиялық тұрғыдан талдау жасаған ғылыми еңбегіндегі: «Қазақ әдебіндегі жиі қолданылатын кісілік құндылықтың бірі – тектілік. Бұл ұғым ортағасырлық түркі философиясында да жан-жақты қарастырылған. (Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн және т.б.). Дәстүрлі қазақ мәдениетінде тектілік рулық және генетикалық қатынастардың басым мүдделілігін білдіреді. Тектіліктің нақты тарихи формасына жеті аталық үрдіс жатады. Қазақтың «жеті атасының атын білген бала, жеті рулы елдің қамын жейді» деген нақыл сөзі бар. Жеті аталық үрдісті әдебиетте инцестке тыйым салудың дәйекті түрі десе, көптеген зерттеушілер жеті аталық үрдісті «туысқандық қоғамның» айқын көрінісі деп қарастырады» [4,178], - деп пікір қорытуын негізге ала отырып, «Өзін-өзі тану» пәнінің бағдарламасы мазмұнына тұтас тарихты, мәдениетті сыйдырғандығын байқаймыз. Тәрбие берудің көрнекі құралдары осы айтылған атаулар аясында өз тақырыбын толық аша алатын мәреге жетпек.

**Әдебиет:**

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан. – 12.04.2017.
2. Назарбаев. Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы, 1999. – 296 б.
3. Табылдиев Ә. Қазақ этнопедагогикасы. \Оқу құралы\ – Алматы: Санат, 2001. – 320 б.
4. Ғабитов Т., Затов Қ. Қазақ мәдениетінің рухани кеңістігі: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 382 б.

**6-СЕКЦИЯ: «ЛИНГВОДИДАКТИКА МӘСЕЛЕЛЕРІ»**  
**СЕКЦИЯ 6: «ПРОБЛЕМЫ ЛИНГВОДИДАКТИКИ»**  
**SECTION 6: «THE PROBLEMS OF LINGUODIDACTICS»**

**ҒЫЛЫМДАҒЫ ҰСТАЗДЫҢ ӨНЕГЕЛІ ӨМІРІ**

**Әбдікәрім Т.М.,**

*педагогика ғылымдарының докторы, профессор,  
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
Астана, Қазақстан,  
[abdikarim\\_tm@enu.kz](mailto:abdikarim_tm@enu.kz)*

*«Кімнің жаман болғысы келеді? Бәрі де жақсы болғысы келеді.*

*Біреу жақсы болып көрінгісі келмесе де, оның тумысы,  
табиғаты әрі ұстаз деген мамандықты игергеннен кейін  
адал да таза болуы бірінші кезектегі дүние деп есептеймін.  
Осы сәтте ұлы Абайдың «Кісіге қарап сөз алма, сөзіне қарап  
кісі ал» деген сөзі еске түседі. Мен біреуге жақсы көрінейін,  
я болмаса көзге түсейін деп жұмыс істемеймін. Өзімнің  
алға қойған мақсат-тілегім бар, тек соны  
жүзеге асырамын деп ұмтыламын»*

**ҚР ҰҒА академигі М.С. Серғалиев**

Қазақ тіл білімі саласының көрнекті де беделді ғалымдардың бірі – Мырзатай Серғалиевтің осы сөздерінен оның кісілігі, кішіпейілдігі, адамгершілігі, сөйлеу мәнері сезіліп тұрғандай. Ол саналы ғұмырын ұстаздыққа арнаған тұлға. ҚАЗҰУ-де 45 жылдай еңбек сіңірді. Ұлағатты ұстаздың бойындағы игі қасиеттерін көпшілік қауым жақсы біледі. Өмірде пір тұтатын ұстазы Мәулен Балақаевпен бірігіп, халықтың тіл мәдениетін арттыру мәселесіне зор үлесін қосты. Қазақ тіл білімінің синтаксис пен стилистика саласын ары қарай терең зерттеп дамытты. Ғалымның 600-ге жуық ғылыми еңбегі жарияланған, оның ішінде 15 монографиясы бар, 15-тен аса оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдары мен сөздіктері жарық көрген еді. Көбіне жоғары оқу орындарына оқулықтар шығарған. Бұл жолда ғалымның өзі айтуынша: «Жоғары оқу орнында дәріс беретін адамға қашаннан басты екі талап қойылады. Бірі – сөздің толық мағынасындағы ұстаздық, екіншісі – ғалымдық тұрғыдан қызмет ету» [1,23].

Кемеңгер ғалым ғылым көкжиегінде дара өрнек, заңғар жол салып, қазақ тілтану ғылымының күрделі міндеттері мен мәселелері төңірегінде сүбелі зерттеу еңбектер жазды. Қазақ тіл білімінің, әдебиетінің, жалпы руханиятының өрістеуіне игілікті үлес қосып, айқын қолтаңба қалдырған көрнекті ұстаздың қажырлы еңбегін, өз кезегінде, замандас ғалым-қайраткерлер жоғары бағалап, Мырзекең жайлы жылы лебіздерін жеткізген болатын. Мақаланы жазудағы мақсатымыз – әке ұрпақ пен аға ұрпақ арасындағы ой-пікір жалғасытығын, көзқарас сабақтастығын айқындау. Сонымен қатар ғалымның шығармашылығы жайындағы ойларды, оның ғылыми еңбектері жайындағы талдауларды қайталай бермей, мұндағы айтарымыз, белгілі тұлғалардың ғалымға берген бағасын, көркем сөз саптауларын, ой-тұжырымдарын, ерекше жылы лебіздерін тізбелеп беру. Сол арқылы Мырза-ағаның ғалымдығымен қоса адами қасиеттерін келешек ұрпаққа үлгі ету.

Соған орай алғашқы сөзді қазақтың маңдайына біткен дара жұлдыздарының бірі, Қазақстанның халық жазушысы, атақты қаламгер Әбіш Кекілбаев ағамыздың лебізімен

бастағанды жөн көрдік. Жазушы «Егемен Қазақстан» газетінде ғылымға үлкен дайындықпен келген, мол парасат иесі жайлы мынадай тұшымды ой айтады: «Мырзекеннің филолог ретіндегі мен қадірлеп өтер бір қасиеті тіл мен әдебиетті қос қанаттай қатар қалықтатуы болатын. Ғалымның тілтанушы ретінде сіңірген еңбегі өлшеусіз: басқасын былай қойғанда, оннан астам монография мен оқулығы және төрт сөздігі тілге қатысы бар жұртшылықтың жиі жүгінетін еңбектері екенін айтсам да жетер. Оның, тіпті, тілтанушылық еңбектерінің өзі, А.Байтұрсынұлына айтсақ, көркем әдебиеттің тірнегіндей болатын. Әдебиет мамандарының, ақын-жазушылардың арасында ол өз адамындай еркін сезінді. Оның мыңға тарта еңбегінің тең жартысындайы әдебиет әлеміне бағышталған, бірнеше көркем аудармалары, эсселері – қазақ сөз өнерінде ескерусіз қалмайтын еңбектер. «Сөз сарасы», «Көркем әдебиет тілі» «Кең өріс», «Ой өрнегі» сияқты сыни талдау кітаптары эстетикалық талғамға тәрбиелейтін кітаптар ретінде көзі қарақты жұртшылықтан лайықты бағасын алған. Мырзекен саналы ғұмырын талантты шығарма, талантты шәкірт дайындауға арнады. Оның білім мен ғылымға, қазақ әдебиеті мен мәдениетіне қосқан үлесі аса қомақты. Оны болашақ дәлелдейді» – дей келе: «Ғалымға лайық парасатты, Ұстазға лайықты ұлағатты, Азаматқа лайық абыройлы ғұмыр кешті. Талғамына орай талабы зор, біліміне орай қаламы жүйрік, пікіріне орай ісі оң, ісіне орай күші мығым. Жоралы кісі. Жоталы жігіт» [2,11] – деп замандасына өз бағасында бере кетеді.

Ғалымның замандасы, жазушы, драматург, сценарист, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақ ұлттық өнер университетінің профессоры Әкім Тарази Мырзекен жайлы: «Әдебиет зерттеушілер, әдебиет сыншылар арасында аз ұшыраспайтын шөре-шөре, қыбыр-қыбыр топтардың ешқайсысына қосылмайтын, дара жүретін, айтар ойын бүгежесіз, кесіп айтатын және де әділ айтатын Серғалиев Мырзатайды мен – әдебиет сынының жалаңтөс батыры деп білемін» [2,95].

Қазақ әдебиеті саласының тағы бір көрнекті өкілдерінің бірі, жазушы, әдебиет зерттеушісі, ұстаз, филология ғылымының докторы, профессор, Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясының академигі, Қазақстанның Халық жазушысы, Қазақ және Қырғыз Республикаларының еңбек сіңірген ғылым қайраткері Зейнолла Қабдолов ғалым жайлы былай дейді: «Мырзатай Серғалиұлы талант ретінде де, тарлан ұстаз ретінде де ешкімге ұқсамайтын, тек өзіне-өзі ұқсайтын адам ...» [2,7]. Осы бір ауыз сөзінен-ақ ғалымның бүкіл болмысын аңғаруға болатын сияқты.

Сондай-ақ әдебиеттанушы, фольклоршы ғалым, Қазақстан Ұлттық Ғылым Академиясының академигі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, осы күні осы білім ошағындағы Қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі Сейіт Қасқабасов ағамыз ғылымдағы үзеңгілес, замандас серігі жайлы «Егемен Қазақстан» газетінде мына естелігімен бөліседі: «Мырзатай Серғалиұлын ерте кезден білемін. Ғылымның тауықты сапарына қатарласа шықтық десем де болады. Ғылымға барынша адал, таланты мен еңбекқорлығы ұштасқан, әр әрекетке өзіндік жолмен баратын, соны пікір айтатын жан еді.

Тәуелсіз еліміздің жаңа Астанасы бой көтеріп, Еуразия ұлттық университеті ашылған кезде оның қабырғасын бірге қаласқан кездер бүгінгідей есімде. Мырзекенмен бірге Астанаға қазақ тіл ғылымы да келді. Қазақ тіл білімі кафедрасы еңселеніп шыға келді: талантты ғалымдар тартылды, диссертациялық кеңес ашылып, ғылыми мамандарды өзімізде дайындау басталды. Кафедра Қазақстандағы ғылыми орталыққа айналды. Ғылыми еңбектер көптеп жарияланып, ғылыми жаңалықтар ұсыныла бастады. Синтаксис пен стилистикадан зерттеу мектебінің өзіндік негізін салып келген ғалым Астанада да тілтанудың үлкен ғылыми еңбегін қалыптастырды. Ұлт руханиятының осындай қасиетті ісінің басы-қасында жүргенін ел біледі.

Мырзатай Серғалиев саналы ғұмырын талантты шығарма, талантты шәкірт дайындауға арнады. Оның білім мен ғылымға, қазақ әдебиеті мен мәдениетіне қосқан үлесі қомақты» [3,12].

Жоғары да біраз қазақ әдебиеті саласының көрнекті өкілдерінің ғалым жайлы пікірлерін сөз еттік. Ендігі кезекте қазақ тіл білімі саласында ғылыми еңбектерімен ойып

тұрып орын алған, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген ғылым қайраткері Рабиға Сыздық апайымыз бір естеліктерінде Мырзекен жайлы мынадай ой айтады: «Мырзатай Серғалиев деген есім әрі ғалым, әрі ұстаз ретінде жұртшылыққа жақсы танымал болатын. Мен Мырзатайды ең алдымен, ана тілімізді әр қырынан зерттеп келген ғалым деп таныдым. Әсіресе, тілі білімінің күрделі де қызықты синтаксис атты саласының белді маманы ретінде, әсіресе, тіл (сөз) мәдениеті, сөзді дұрыстап айту – саз мәдениеті (орфоэпия), көркем әдебиеттің әсемдік кестесі (лингвостилистика) тұрғысынан ғылыми танымдық еңбектер жазып келе жатқан тақырыптасым, пікірлесім деп жаныма жақын тұтқан інім деп келдім» [2,122].

Енді бұл ойымыз тұшымды болу үшін, жалпы тілші-ғалым ретінде М.Серғалиевтің ерекше ден қойып, тиянақты зерттеген ең өзекті мәселелеріне мен де біраз тоқтала кеткенді жөн көрдім:

- М.Әуезовтің шығармаларын тілін әдеби тұрғыдан зерттеп, тілдік талдаулар жасаған;
- Жоғары оқу орындарына арнап көптеген оқулықтар шығарған;
- Қазіргі қазақ тіліндегі үйірлі мүшелерге қатысты пікірлерге шолу жасап, өз ойларын еңбектерінде ортаға салды;
- Синтаксистік құрылымдардың синонимиясы мәселесін көтерді;
- Стилистика жөнінде тұжырымды пікірлер айтып, ғылыми еңбектер жазды (10-нан аса зерттеу еңбектері бар);
- Халық тілінің дұрыс қолданылуын қадағалап, тіл мәдениеті, тіл тазалығы үшін күресті;
- Көркем әдебиеттің көрнекті өкілдерінің повесть, роман туындыларын талдап, өзінің сыни көзқарасын білдірген [4].

Бұл еңбектерді қай қырынан қарасаңыз да, таразы тартары даусыз. Сөйлеудегі, жазудағы тіл жұмсаудың өнегелі үлгілері, сауаттылық, айқын ойлылық, ізеттілік тіл мәдениетіне саятынын біліп, сол мәдениетті дамыту, сол үшін күресу – ұлы мақсаттарының бірі болды. Әдеби тілге биік талғаммен қарады. Және осыған қатысты өзінің «Қазақ тілінің мәдениеті» атты еңбегінде тіл мәдениетінің дұрыстық, дәлдік, логикалық, тазалық, мәнерлілік, сөздің байлығы, қисындылығы сынды негізгі белгілерін айқындап береді.

Сөз сарасын саралаған ғалымның ғылыми еңбектерін осылайша тізіп талдай беруге болады. Ол еңбектері осы күні өзіне лайық бағасын алып жатыр деп ойлаймын. Және бұдан әрі де құны арта бермек. Ендігі кезекте сол еңбектермен сусындап, ғылыми бағыт-бағдар алған, бүгінде ғылым да өзіндік орны бар, бірі замандас, бірі шәкірті боп келетін бірқатар тілші-ғалымдарымыздың Мырзатай ағамыз жайлы ой-пікірлеріне тоқталсақ.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы Анар Салқынбай «Қазақ әдебиеті» газеті 2011 жылғы № 30 санында, қайраткер жайлы тамаша естеліктер жазып, оның дарынды, озық шәкірт болғандығын, ұстазы Мәулен Балақаевты пір тұтып, сол сияқты сияқты ғылымға қызмет етуді армандағаны, оның сара жолын абыроймен жалғастыруды көксегедігін тілге тиек етеді: «Қолына қалам алып, қалың оқырман қауымға эстетикалық тәрбие беруді мақсат тұтқан адам. Өз заманының алдыңғы қатарлы мәдениет иесі болғандықтан, оның сөзге деген талабы мен талғамы сол мәдениеттің биігінен көрінуге тиіс. ... М. Серғалиев қаламынан туындаған публицистикалық шығарма болсын, сыни еңбектері мен ғылыми зерттеу, монография, сөздіктері болсын үлкен мәдениетті зиялы ғалымның қолынан шыққандықтан да жоғары талап пен биік талғамға жауап беретін туындылар ретінде қазақ қауымына белгілі дүниелер» [5,11].

Келесі кезекте осы тіл білімі ошағында біраз жыл қызметтес болған, әдіскер ғалым, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның педагогикалық ғылымдар Академиясының мүшесі Тазагүл Мұқашқызы өзінің «Ерінбейтін еңбектің қаламгері» атты мақаласында ғалымның ғылыми еңбектерін талдап, методист ғалым екенін дәлелдей келіп, ғалымның адами асыл қасиетін былай сипаттайды: «Мырзатай Серғалиевтің бүкіл бой

тұлғасы Сарыарқа жерінің кеңдігін көріп тұрғандай ой туғызады. Ал мінезіндегі ерекшеленген қарапайымдылығы, көңілінің кеңдігі, жайдарлылығын, адамды жақын тартып тұратындығы, байсалдылығы, әңгімешіл-әзілқойлығы бүкіл бой тұлғасынан да, ой тұлғасынан да анық көрініп тұрады» [2,111].

Біраз жылдар бойы кафедрарамызда қызмет атқарып келе жатқан, синтаксист ғалым, көптеген ғылыми еңбектердің авторы, филология ғылымдарының докторы, профессор Жантас Алтайұлы «Тілтанудың толағайы» атты лебіз мақаласында ғалымның ғылыми еңбектеріне талдау жасай келіп : «...Үнемі ғылыми ізденістегі ол өз шәкірттеріне де өрелі талаптар қояды. Асылы, адам сегіз қырлы, бір сырлы болса, оның тұлғасы да соғұрлым даралан түспек. Тіл маманы, әдебиет сыншысы, көсемсөзші Мырзатай Серғалиұлы үнемі ғылыми ізденістегі жан. Қазақ тіл білімінің туын желбіретіп, қазақ филологиясын атын аспандатып жүрген ғалым» [2,49] – деп ойын қорытындылайды.

Ғалымның әрі шәкірті, қазақ тіл біліміндегі терминология саласының дамуына зор еңбегі сіңген ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Шерубай Құрманбайұлы ғалым жайлы былай дейді: «Мырзағаң ҚазҰУ-да ұстаздық етіп, кафедра, факультет басқарған жылдары біз оның шәкірті болдық. Кейін университетте бірге қызмет еттік. Ағамызды қашан да ізетті, кішіпейіл қалпында көретін едік. Қандай күйіп тұрған мәселе туралы сөз қозғаса да, ол өз ойын жұртқа дауыс көтермей, ғалымға тән сабырлылықпен, дәлелмен, керек жерінде әдемі юмормен жеріне жеткізіп айтатын. Сол себептен де сөзі нысанаға дөп тиіп жататын. Күнделікті өмірде жайдары мінезі мен әдемі әзілі айналасын жадыратып жүретін. Ешкімнің көңіліне келіп, жанын жараламайтын, кішіпейіл де, ақжарқын еді»[5,18].

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» демекші, ғалым Мырзатай Серғалиев жайлы айтқан ой-пікірлер, жылы лебіздер ұшан-теңіз. Бұл мақалада тек соның кішкене бөлігін ғана ұсындық. Ғалымның өмірі де, ғылыми жолы да, адамгершілік қасиеттері де баршаға үлгі болары сөзсіз. Табанды еңбек қана жеңіске жетелейтінін бала шағынан бойына сіңірген Мырзекең өмірде өз орнын тапты. Биік белеске де шықты. Мақсат жолына арнаған жылдары жаңғырып, қанатын қатайтты. Тартымды еңбектері де ешкімді енжар қалдырмады. Оның ұстаздық ізденіс пен ғылыми шығармашылыққа аз тер төкпегендігін де аңғардық. Бүгінде қаншама шәкірттер ғалымның сол еңбектерімен сусындап, ғылымға бет бұрып келеді.

Қорыта айтқанда, өзінің ұстаздық қызметінде де, ғылыми қызметінде де оның тек өзіне ғана тән лайық қырлары барына көз жеткіздік. Яғни ғалымның өмірлік сатысындағы сол қырларын түйіндеп атап айтар болсақ: Мырзатай Серғалиев – ғалым-корреспондент, ғылым саласының профессоры, білім саласының ұстазы, әдебиет саласының сыншысы, әрі сатиригі, тілдің дұрыс қолданылуын қадағалап отыратын бақылаушы, тілдің тазалығы жолындағы күрсекер, аңғарғыш. Сол сатыларды еңсеру барысындағы тұлға бойындағы қалыптасқан мінез үлгісі: талапкер, еңбекқор, көңілі таза, шебер, ақжарқын, кішіпейіл, адамгершілігі мол, азаматтығы да , адамдығы да биік тұлға деп айта аламыз.

#### **Әдебиет:**

1. Балақаев М., Серғалиев М. Тіл мәдениеті. – Алматы: Зият Пресс, 2004. – 210 б.
2. Лебіз: ҚР ҰҒА академигі М.С. Серғалиев туралы мақалалар жинағы. – Астана, 2008. – 194 б.
3. «Егемен Қазақстан» газеті, №23. 2011 .
4. Серғалиев, М.С. Синтаксис және стилистика: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 1997. – 250 б.
5. «Қазақ әдебиеті» газеті, №30; 3446 саны. 2011.



## КӘСІБИ ТІЛ АРҚЫЛЫ ЖАҢА БІЛІМДІ МЕНГЕРТУ ҚАБІЛЕТІН ДАМУЫ

*Абдисулейменова Р.Ш.,  
педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент  
Қазақстан инженерлік-технологиялық университеті  
Алматы, Қазақстан,  
[raisa\\_rh@mail.ru](mailto:raisa_rh@mail.ru)*

### **Түйіндеме**

Мемлекеттік тілдің жаңғыруы бүгінгі күннің қажеттілігінен туындаған өзекті мәселе. Оны терең түсініп, байыппен қарай отырып жүзеге асыру қажет. Ұлт тірегі ана тіліміздің болашағы үшін жасалып отырған маңызды қадам.

### **Резюме**

Возрождение государственного языка одно из актуальных проблем современности. К этому вопросу необходимо подойти всесторонне. Поддержка нации - важный шаг вперед в отношении будущего нашего родного языка.

### **Summary**

The revival of the state language is one of the pressing problems of our time. This issue must be approached comprehensively. Support for the nation is an important step forward in the future of our native language.

Жаһандану жағдайындағы қарқынды өзгерістер қоғам дамуының қозғаушы күші болып табылатын білім жүйесіне де ықпалын тигізіп отыр. Әрбір қазақстандық үшін мемлекеттік тіл қызмет барысында, өндіріс орындарында, күнделікті өмірде, қажеттілік тудыруы тиіс. Тіл мәртебесі-еліміздің мәртебесі. Ата-бабамыздан қалған асыл мұра ана тілімізді биіктен көрсету, өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін үйрету қасиетті іс. Басқа ұлт өкілдерінің кәсіби тілде қарым-қатынас орнатып, емін-еркін ойын жеткізіп, пікір алмасуы, ол - елге, жерге көрсетілген құрмет деп білеміз. Ал мемлекеттік тілді жетік меңгерген болашақ инженер мамандар даярлау - осы салада еңбек етіп жүрген тіл мамандарының алдына қойылған басты талап. Ал қоғам жан-жақты білімді, өзгелермен еркін қарым-қатынас жасай білетін, оған жету жолында табандылық пен шыдамдылықты, еңбекқорлықты бойына сіңірген жеке тұлғаны талап етеді.

Елбасы Н. Назарбаев: «Біз жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерді қайта түлетуіміз керек. Прагматизм – өзіңнің ұлттық және жеке байлығыңды нақты білу, оны үнемді пайдаланып, соған сәйкес болашағыңды жоспарлай алу, ысырапшылдық пен астамшылдыққа, даңғойлық пен кердеңдікке жол бермеу деген сөз», - деді[2]. Қазіргі қоғамда ұстамдылық, қанағатшылдық пен қарапайымдылық, үнемшілдік пен көргенділікті орынды пайдалану қажеттілігі байқалады. Нақты мақсатқа жетуге, білім алуға, саламатты өмір салтын ұстануға, кәсіби тұрғыдан жетілуге басымдық бере отырып, осы жолда әр нәрсені ұтымды пайдалану – мінез-құлықтың прагматизмі деген осы.

Бүгінгі жастардың технологиялық болашаққа деген көзқарасы дамыған, төл мәдениеті қалыптасқан мемлекетте өмір сүруі үшін ІТ саласын дамытып, заманауи индустрияларды өркендетумен қатар, жаңғыртуы тиіс.

Қазақстан әлемдегі айтарлықтай тұрақты және үдемелі дамыған елдердің бірі. Осыған орай білім беру жүйесінің алдында бірқатар шешуші міндеттер орын алады. Олар: әлемдік білім беру кеңістігіне интеграциялану; педагогикалық қызметтердің мәртебесін көтеру, біліктілігін арттыру; сапалы білімге қол жетімділік кепілін күшейту; басқару жүйесі мен білімді қаржыландыруды одан әрі жетілдіру. Қазақстанның ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосылуы ғылымды қамтитын экономикаға негізделуі тиіс.

Әлем жаңа технологиялық дәуірге аяқ басты. Оның үрдістері таңғалдырады, тәнті етеді және тамсандырады, сонымен қатар ол елдің келешегіне қатысты мәселеге орай қатаң талап қояды.

Елбасының 2018ж. 10 қаңтарда «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты жолдауының жетінші «Адами капитал – жаңғыру негізінде» білім беруде цифрлы технологияны қолдану, ақпараттық технологиялар бойынша білім алушыларды арттыру, кәсіптік-техникалық тегін білім беру жобасын жалғастыруды, латын әліпбиіне көшуді қадап міндеттеді. Рухани жаңғыру арқылы Мәңгілік Елге жетелейтін бір бағыт - Латын әліпбиіне көшу де заман сұранысы.

Осыған орай, цифрлық Қазақстан мемлекеттік бағдарламасында цифрлы жүйеге көшу жоғары оқу орындарында тілді үйретуде студенттердің білім меңгеру қабілеттерін дамыту, жаңа технологиялар арқылы үнемі ізденіске бейім мамандарды даярлау міндеттерін жүктейді. Болашақ инженер мамандардың цифрлы технологияны игеруімен қатар кәсіби негізде тілді еркін меңгеруі бүгінгі күн талабы.

Кәсіби тілді жоғары оқу орындарында үйретудегі негізгі мақсаттардың бірі – жан-жақты, кәсіби машығы дамыған тұлғаны қалыптастыруда тілді қарым-қатынас құралы ретінде қолдануға үйрету, олардың болашақ мамандығы аясында еркін білу дағдысын қалыптастыру. Инженер технолог мамандығының барлық салалсында мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейтіп, оның мол мүмкіндіктерін қоғамдық қарым-қатынаста, өндіріс орындарында пайдалану елімізді өркениетке апарар жолдың бастауы. Себебі ана тілінде еркін сөйлеп, ойлай алатын, оны терең меңгерген азамат өзінің жан-жақты білімділігімен өз елінің мәртебесін жоғары көтермек.

Ғалым Ф.Оразбаева: «Қазақ тілінде сөйлеуге үйрету арқылы оқытушы үйренушіге ойын қазақша жеткізе білумен қатар, пікір айтуға, көзқарасын білдіруге де тәрбиелейді. Сөйлеуге үйрету – тілді жалаң меңгеру емес, адамның жалпы ойлау қабілетін кеңейту, жетілдіру деген сөз» дейді [3].

Болашақ инженер маманның өндіріс орындарында қолданатын керекті қазақ тіліндегі сөздерді үйренудің нәтижесі – өзге тілді азаматтың меңгерген сөздік қорын өндірістің барлық салаларында, инженерлік қызметтерінде еркін пайдалана алады.

Жоғары оқу орындарында кәсіби қазақ тілі пәні мамандық бойынша кәсіби білік қалыптастыратын сала болып табылады. Кәсіби тілді инженер мамандарға үйретуде жаңа инновациялық оқыту жүйелерін тиімді пайдаланып, тілдік қатынастардың барлық түрін меңгерген мәдениетті, жоғары білімді мамандар қажет. Кәсіби қазақ тілі сабақтарын жаңа инновациялық технологияларды қолдану арқылы өткізу, тілді оқытудың инфрақұрылымын дамыту, жаңа үлгідегі стандарт – құрылымдарының талапқа сай болуы студенттердің тілге деген қызығушылығын сөзсіз арттырады. Заман талабына сай технологияларды қолдану ауқымы, түрлері өзгеріп отырады. Басты қолданыстағы инновациялық технологиялар жобалау технологиясы, саралап даралап оқыту, дамыта оқыту технологиясы, модулдік оқыту технологиясы, сын тұрғысынан ойлауды дамыту, сатылай комплексті талдау, деңгейлеп оқыту технологияларын тиімді де жүйелі қолданған жағдайда белгілі бір нәтижеге жетуге болады. Жаңа ақпараттық технологияның ерекшелігі – оқытушы мен студенттің өзара өзіндік жұмыс жасауына мүмкіншілікті молынан береді. Web-технологиялар арқылы онлайн режимде тьютор мен студент арасында қарым-қатынас орнап, оқыту барысында тіл үйренуші студент тьюторға сұрақ қойып, оған жауап жазады. Инженер мамандардың әр саласына арналған оқу-әдістемелік кешендер, электронды оқу құралдары мен оқу бағдарламаларын әзірлеу де маңызды іс.

Кәсіби тіл инженер мамандардың болашақ қызметінде қарым-қатынас құзіретін қалыптастыруға, мамандық бойынша ғылыми-техникалық ақпараттарды меңгеруіне септігін тигізеді. Жәй ғана қарапайым қарым-қатынас жасай білуге үйрене отырып, сөз сөйлеу, оқу, жазу инженер мамандығы саласында түрлі мәселе көтеру сияқты мүмкіндіктерді дамытуға үйренеді. Кәсіби қазақ тілін нақты дәрежеде меңгеру арқылы студент өз ойын анық және жеткілікті жеткізу қабілетіне ие болады.

Студенттің әлеуметтік дәрежесін қалыптастыру үшін бірнеше мақсаттарды алға қою керек.

- студенттің мамандығына сай сөздік қорын молайту, бір-бірімен сөйлесе білуге, сауатты жазуға, берілген мәтіннің қысқаша мазмұнын айтып беруге;
- күнделікті тұрмыс-түршілікте алған мағлұматтарды есте сақтап, айту; мамандыққа қатысты сөздерден сөйлем құрап айтуға дағдыландыру;
- тіл үйренушіні отансүйгіштікке, адамгершілік пен бауырмалдыққа тәрбиелеу арқылы білім негіздерін қалыптастыру.

Кәсіби қазақ тілін оқытудағы негізгі мақсатымыз инженер технолог мамандығында оқитын студенттердің дұрыс оқуын, сауатты жазуын, бір-бірімен еркін тілдік қатынас жасауын және ойлау мен есте сақтау қабілетін дамыту және өз ойын қазақ тілінде қысылмай, нақты етіп жеткізе алатындай дәрежеге қол жеткізу. Мақсатқа жету үшін Қазақстан инженерлік-технологиялық университетінің оқытушы-профессорлық құрамы кәсіби қазақ тілін үйрету арқылы әртүрлі ұлт өкілдері арасындағы өзара байланыс дами түсетіндіктен барлық күш-жігерін аямай, еңбек етеді.

Тіл үйрену дүниені тану кілті дейді. Тіл арқылы сол елдің әдебиетін, мәдениетімен қатар тарихын танып біледі. Мамандық саласында қарым-қатынас орнату дәрежесіне жетеді. Тілді меңгерту мазмұнына мәтіндер, тілдік материалдар қарым-қатынас жағдаяттары, лексикалық, грамматикалық, фонетикалық бірліктер жатады.

Қазақстан инженерлік-технологиялық университетінде инженер технолог мамандықтарының орыс топтары студенттерін қазақ тілінде жетілдіре оқыту, қажетті терминдерді өз саласы бойынша меңгерту, оны коммуникативтік дәстүр бойынша бүгінгі күн оқу үрдісінің талабына сай сатылай үзбей жүргізіледі. Алдына қойылған негізгі талап пен міндеттерін дұрыс атқарған студент тиісті деңгейде белгілі бір дәрежеге жетіп отырады. Әрбір инженер технолог болашақ экономиканы қалыптастыратын маман болғандықтан оларды мемлекеттік тілде еркін сөйлейтін білімді де білгір маман етіп тәрбиелеу әр оқытушының парызы болып саналады. Осыған байланысты орыс тобында оқитын студенттерге тілдік қатынас құрал ретінде болашақта кәсіби бағытта еркін қолдануына көмектесуі үшін өндіріс технологиясының негіздерін, әртүрлі әді-тәсілдерін оқып біледі. Техника саласындағы өздері қалаған мамандықтары саласында көптеген термин мен жаңа сөздерді жаң мәліметтерді меңгереді де, бір-бірімен айтарлық дәрежеде қарым-қатынасқа түседі. Аудиториялық жұмыс түрлеріне техникалық мамандықтарға негізделген материалдар қамтылады. Коммуникативті бағытта түрлендіріп берілген тапсырмалар тілді дамытудың жан-жақты түрлерін іске асырады. Қазақ тілінде берілген техникалық ұғымдар мамандыққа қатысты лексиканы өндірісте қолдануға үйренеді. Өндіріс орындары, ғылыми-техникалық прогресс және экология мәселесі жөніндегі түсініктерді іріктеліп алынған материалдар арқылы меңгеруге жол ашады.

Инженер-технолог мамандық саласының түрлі мәселелерімен танысып, кәсіби бағытта нақты деректер алады. Кәсіби тілді меңгерумен қатар студент кәсіби бағдарлы мәтіндерді аудару тәсілдерін үйренеді. Жаңа сөздердің мағынасын түсінген соң мәтінді толық түсініп, мазмұндау мүмкіндігіне ие болады. Мәтіндегі сөз мағынасын түсіндіру, ашу, нақтылау жұмыс істеудің негізгі формасы. Мәтінде кездесетін жаңа түсініксіз сөздер, ұғымдарды меңгерту студенттің мамандығына қатысты сөздік қорын байытып қана қоймай, талғамын да арттырады.

Бұл бағытта электронды оқу құралының да маңызы зор. Электронды оқу құралындағы бөліктер өзіндік мазмұндық сипаттармен ерекшеленеді. Мазмұндық бөлігінде білім, әрекеттік бөлімде білік, дағдылар, кәсіби біліктілік, ал бақылау бөлігі білімді игеру сапасын анықтауға бағытталады. Мамандыққа арналған мәтінді оқи отырып студент ерекше белгіленген тірек сөздер арқылы оның терминдік мәнін жедел ашып танысуына болады. Бағалаудың нәтижелік компонентін тест арқылы жүзеге асыруға болады.

Білім алушылардың туған жеріне деген патриоттық сезімін арттыру, өркениеттілікке ұлттық құндылықтар арқылы жету, компьютерлік сауаттылыққа, ғылымға құштарлықты арттыру, насихаттау мақсатында «Мәдени мұра – халық қазынасы», «Менің өлкем»,

«Ғылыми ізденіс», «Туған жерге туынды тік», «Дарынды жастың дара жолы» тақырыбындағы жобалар студенттің рухани жаңғыруына септігін тигізеді.

Қорыта айтқанда, білім берудің жаңа сапасы үшін орындалатын әрбір өзгерістерге бейім бола алатын және оның жаңа білімді меңгеру қабілетін дамыта алатын жастарды қалыптастыру үшін олардың тарихи санасын ояту қажет. Сонда болашағы мықты, өзіне сенімді, бәсекелестікке қабілетті азаматтардың көбейетініне сенімді боламыз.

**Әдебиет:**

1. [https://baq.kz/kk/news/zhangirtu\\_30/tsifrli\\_kazakstan\\_bagdarlamasi\\_4\\_bagit\\_boiinsha\\_zhuzege\\_asadi20170303\\_091600](https://baq.kz/kk/news/zhangirtu_30/tsifrli_kazakstan_bagdarlamasi_4_bagit_boiinsha_zhuzege_asadi20170303_091600)

2. Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы \\  
[www.akorda.kz/kz/events/akorda\\_news/press\\_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy](http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy)

3. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі. – Алматы, 2000. – 207 б.

## БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ФУНКЦИОНАЛДЫ СТИЛИСТИКАДАҒЫ ТІЛ МӘДЕНИЕТІНЕ DAҒДЫЛАНДЫРУ

*Абдуова Б.С.,*

*филология ғылымдарының кандидаты, профессор,  
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
Астана, Қазақстан,  
[svayan1968@mail.ru](mailto:svayan1968@mail.ru)*

**Резюме**

Известно, что язык выполняет важную роль в развитии всего человечества. Человек посредством языка не только обменивается информацией, а также посредством языка выражает свое мнение, чувство, субъективное отношение к окружающей среде. Таким образом, язык становится главным средством выражения чувства и внутреннего размышления человека.

Однако подлинная языковая возможность и языковой потенциал раскрываются именно в речевых действиях.

**Ключевые слова:** культура речи, функциональный стиль, выражения чувства, языковой потенциал.

**Abstract**

It is known, that in a nature mankind language executes the important role. The person to means of language not only takes and gives the information, also it always by means of language expresses the opinion, feeling, the subjective relation to an environment. Thus, language becomes the main means expression of feeling and internal reflection of the person. Language as well as a historical category in the development forms different language mechanisms by means of which it is possible to remove emotions in outside.

However the original language opportunity, potential open in the speech actions, therefore special researches speech opportunities of expressive stylistic action of modern Kazakh language is the most actual.

**Key words:** functions of punctuation, architectonics of works of art, media communication, fundamentals of grammar, pseudo-culture.

Функционалды стилистикада бір-біріне қарама-қарсы қойылатын ауызекі сөйлеу және кітаби стиль жүйелері қалыптасқан. Ауызекі сөйлеу – жалпы ұлттық тілдің еркін қарым-қатынаста қолданылатын функционалды түрі. Ауызекі сөйлеу стилі көбіне ауызша-диалогты формада жүзеге асады. Бірақ ол жазбаша мәтіннің ауызекі сөйлеу белгілеріне тән емес деп айтуға болмайды. Ауызекі сөйлеу тұрмыстық жағдайда, диалог құрғанда және көркем сөз шығармашылығында қолданылады. Функционалды талдау түсінігі Ш. Балли тұжырымынан басталады. Онда тілдегі мол синонимиялық тұлғалар мен қатарлардың біреуі стилистикалық бейтарап «фон» (орта) жасаса, басқаларында стилистикалық бояу, рең болады. Балли ондай бояуды – «төмен» (ауызекі) және «жоғары» (кітаби) деп бөлген. Мысалы: «беті» – бейтарап,

«ажары» – жоғары, «ұсқыны» – төмен [1]. Жоғарыда айтылған көзқарастар қазіргі стилистиканың тар мағынадағы түсінігі болып табылады.

Ұлы ғалым Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тілінің құрылымы мен құрылысын тұңғыш рет дәл саралап берумен қатар, сонау 20 жылдардың өзінде-ақ алғаш рет сөз мәдениетінің ең өзекті теориялы түйіндерін дәлме-дәл таратып, ғылыми тұрғыдан негіздеген. Мысалы, тіл мәдениетінің негізгі қарастыратын мәселесі – сөзді дұрыс қолдану, яғни сөз дұрыстығы дей отырып, ұлы ғалым былай деп пікір түйеді:

Сөздің дұрыс айтылуы деп әр сөздің, әр сөйлемнің дұрыс күйінде жұмсалуды айтылады.

Олай болу үшін:

1. Сөздердің тұлғасын, мағынасын өзгертетін түрлі жалғау, жұрнақ, жалғаулықтарды жақсы біліп, әрқайсысын өз орнына пайдалану қажет;
2. Сөйлем ішіндегі сөзді дұрыс септеп, дұрыс ымыраластыру қажет;
3. Сөйлемдерді бір-біріне дұрыс орайластырып, дұрыс құрмаластырып, дұрыс орналастыру қажет;

Сөздің дұрыс, таза, анық дәл айтылуының үстінде талғау сөздің көрнекі болуы қажет. Яғни сөз көркемдігі әуезінің әдемілігімен, кестесінің келісті болуымен анықталады [2]. Бұл айтылғандар сөздің коммуникативтік сапасын айқындайтын қағидалар екендігі анық.

Сөйлеудің екі түрін қарама-қарсы қою барлық дамыған әдеби тілдерде болады. Белгілі бір тілдің функционалды-стилистикалық бөлінуі ауызекі сөйлеу жүйесінде арнайы дайындалмағандық, қарым-қатынастың бейресмилігі, нақты адресатқа бағытталғандығынан көрінеді. Егер де ауызша сөйлеуде тұрмыстық тақырыптарға байланысты әңгімелер негізгі өзек болса, кітаби-жазба сөйлеуде абстрактілі тақырыптардағы ой-толғаулар, деректерді салыстыру және оларға шолу жасау, үдерістер мен заңдылықтарды талдау т.б. қарастырылады. Бұнда лексика-стилистикалық ерекшелік терминология мен арнайы фразеологиялардың қолданысынан көрінеді.

Тіл – ойды жеткізудің негізгі құралы ғана емес, ұлт мәдениетінің ажырамас бөлігі. «Ұлттық өзіндік сана басқалардан бөлектенетін, өз өмірі көріністерінің бейнеленуі; өзіндік сала этнонимі (өз атауы) діл, ұлттық мінез-құлық, дүниетанымдық т.б. рухани жүйелер тарихы, халықтың білім бастаулары т.б. тығыз байланысты болып келеді [3, 91]. Жоғары оқу орындарындағы білім алушыларды экспрессивті стилистика тұрғысынан қазақ халқының ұлттық-мәдени ерекшеліктерін таныта отырып оқытудың мәні зор. Қазіргі ақпараттық ағым толассыз жүріп жатқан заманда жастардың ана тіліміздің бар байлығын бойына сіңіре отырып, мәдениетті сөйлей алуы өте өзекті болып отыр. Сырттан келетін түрлі ақпараттардың басым бөлігі өзге тілдік болып қана қоймай, көбіне жылт еткен жаңалыққа, қарабайыр сөздік қолданысқа, ұшқары пікірлерге толы. Осындай мәліметтерді өзге тілде қабылдайтын жастардың өз ана тіліндегі шынайы, терең толғамды, пайым-парасатын толықтыратын дүниелерді тым болмаса шолып шыға бермейтіні қынжылтады. Содан кейін де олардың көбі қазіргі таңда мөлдіретіп шығарма жазып, бірер шумақ өлең толғап, сүйсініп тыңдайтындай пікір айта алмай жататыны жасырын емес. Қазақ халқының төл мәдениетінің қай түрін алсақ та, оның мазмұны тіл, сөз арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жеткен, экспрессивтілік қызметі айқындалған.

Қазақ халқының бүкіл өмірін қамтитын мәдени-ұлттық құндылықтарды бейнелейтін мысалдар көп. Мәдени-ұлттық таным мен ұлт тілінің біртұтастығы – адам баласының ой-санасында танылған әлемдік бейне, болмыстың ұғымдық белгілерімен тоғысады. Кез келген ұлт өкілдерінің көзқарасы мен менталитеті, өзіндік дүниетанымы т.б. тілде бейнеленіп, тілде сақталады. Мысалы, қазақ мақал-мәтелдерін сөздің орайына қарай қоса отырып, тұжырымдай жеткізу алдыңғы буын ағаларда мол болғанымен, қазіргі жастарда аз кездеседі. Ал мақалдар – өмірдегі түрлі құбылысты жинақтап, ықшамдап жеткізетін, соңғы жолдарында қорытылған ой айтатын халықтың бейнелі поэтикалық жанрдың бір түрі. Оның мазмұны терең, тақырып аясы өте кең. Мақал-мәтелдер көбіне өлең үлгісінде, кейде қара сөзбен де айтылады. Мысалы: «Ырыс алды – ынтымақ», «Сөйлей-сөйлей шешен боларсың,

көре-көре көсем боларсың», «Оқығаныңды айтпа, тоқығаныңды айт», «Қатты жерге қак тұрар, қайратты ерге бақ тұрар» деген секілді көптеген мақалдар тура және ауыспалы мағынада қолданылып, стильдік тұрғыдан экспрессивті қызмет атқарады. Ауыспалы мағынадағы сөздердің ішкі астары саналатын мақал-мәтелдер ойды жандандырады, ұлттық сипаттағы экспрессивтік мәні ерекше құрал болып келеді. Егер білім алушыларды көркем әдебиетті жиі оқытуға дағдыландыра алсақ, олар қанатты сөздерді орынды, дұрыс қолдану арқылы сөз мәдениетін меңгерер еді. Мақал-мәтелдер сөйлесу тілін де, жазу тілін де жандандырады.

Қазіргі таңда дәстүр мен халық даналығының қайнар көзін танымның дүниетанымдық табиғатымен үйлестіру, сол арқылы қазақ тілінің болашағын айғақтауға, өркениетті елдің мәдени-рухани мүмкіндігін арттыруға әсер етері сөзсіз. Мақал-мәтелдер – халықтың рухани-эстетикалық, көркемдік қазынасы ғана емес, тілдік қолданысқа эмоционалдық реңк үстемелейді.

Қазақ халқы негізінен сөз өнерін ұлттың өзіндік белгісі ретінде таныта білген. Ұрпақтан ұрпаққа тіл арқылы жеткізіліп келе жатқан халық шығармашылығы тіл мәдениетін дамытуда, тіл мен әдебиет туындыларына терең бойлауға жетелейді. Халықтың тарихы мен мәдени өмірін сипаттайтын экспрессивті сөздер мен тіркестерді жастарға меңгертуге тырыссақ, ол келер ұрпаққа төл тіліміздің ерекшелігін таныту болмақ. Тіліміздегі экспрессивті қолданыстар ауыз әдебиетінің қайнар бұлағы деп танылса, қазір де экспрессивті қолданыстар тілімізде белсенді қолданылып, көркем әдебиетте, ауызекі тілде, диалектілік лексикада, мақал-мәтелдерде т.б. жиі кездесіп, өзіндік сөз өрнектерімен айшықталады.

Халық ауыз әдебиетінің үлгілерінен ұлттық болмыстың әрқилы сипатын экспрессивті сөз өрнектері арқылы тануға болады. Бұл тұрғыда академик Р.Сыздық: «Қазақтың бай ауыз әдебиеті мен өткен ғасырда өмір сүрген ақын-жыраулардың тілінде, жырларда ескі тұрмыс-салтқа байланысты сөздер мен сөз тіркестерінің кездесуі табиғи құбылыс. Сондай сөз тіркестерінің сырын біліп, қолданылған жердегі мағынасын түсіндіру, олардың түп-төркінін танып отыру қажет» деп көрсетеді [4,51]. Жастардың сөйлеу мәдениетінде бай ауыз әдебиетіміздегі тұрмыс-салтқа қатысты сөздерді орнымен қолдану кездесіп жатса, нұр үстіне нұр болары сөзсіз. Себебі, сөйлеу мәдениетінде ойдың нақтылығы, сөздің анықтығы, тазалығы, көңіл-күйге әсер ететін шынайылығы (ол қарапайым сөзден немесе бейнелі образды сөздерден құралуына қарамастан), көркемдігі маңызды рөл атқарады. Сөз мәдениеті функционалды стиль түрлерін қамтиды.

Сөз мәдениеті дұрыс сөйлеудің негізгі мақсат-міндеттерін меңгерудің жолдарын, нақты талаптарын қарастырады. Сөз мәдениетін жоғары деңгейге көтерудің басты шарты – ұлт мәдениетімен ұштастыра қарастыруда. Тіл мәдениетінің басты қатысымдық сапаларына сөздің «дұрыстығынан» өзге сөз дәлдігі, сөз байлығы, сөз тазалығы, сөз орындылығы, сөз әсерлілігі, сөз әдеби сияқты сапалар жатады. Сөз мәдениетін жетілдіру «әсерлі, образды, бедерлі жеткізу» ұстанымдары стилистикалық мүмкіндіктерді тарату жиынтықтарын құрайды.

Тілдегі экспрессивтік стилистикалық қызмет – тіл бірліктерінің коммуникативтік мақсат-міндеттен туындайтын белгілерінің стилистикалық жиынтығы. Қазақ тілі лексикасының тілдік жүйеде қалыптасқан және сөйлеудегі қалыптан тыс экспрессивтік стилистикалық тетіктерді дұрыс қолдана білу арқылы тұлғаның тіл мәдениеті танылады. Сөйлеушінің көркемдік талғамы мен коммуникативтік шеберлігіне қарай сөзде нақты стильдік мағына, реңк пайда болады. Атап айтар болсақ, сөз арқылы комизм тудыру, ирония, сарказм тудыруы, көркем бейнені нақтылау, бейнені әр қырынан сипаттап ашу, көңіл-күйге лайық баяндау мәнерін қалыптастыру, мағынаны үдету, карама-қарсы қойып суреттеу, субъективтік бағалау, салыстыру, айтылған ойдың эмоциялық бояуын қоюлату, оның маңыздылығын көрсетуге болады.

Ұлт тарихымен бірге жасасып келе жатқан халық ауыз әдебиеті тыңдаушыға, оқырманға экспрессивті ықпал етудің серпінді құралы болып табылады. Онда қазақ тілінің экспрессивтілікті білдірудің өзіне тән ұлттық тілдік тетіктері қалыптасқан. Батырлық және

ғашықтық жырлардағы, шешендік сөздердегі, бата сөздердегі, айтыстардағы экспрессивтік стилистикалық құралдар мен құрылымдар көру, есту жүйелері арқылы сөзге сендірудің, иландырудың, ұйытудың барлық қасиеттерін көрсетеді.

Қазіргі уақытта жоғары оқу орындарындағы көптеген білім алушылардың көркем әдебиет оқуға деген ынтасының төмендігінен ғана емес, тіл мәдениетін меңгермегендігінен де сөйлеуде де, жазуда да олқылықтар орын алып келеді. Олардың тілдерінде икемсіз, орашалақ құрылған сөйлемдер, бір-бірімен байланыспайтын ойлар кездеседі, өз ойын жүйелі, рет-ретімен жеткізуге қиналады. Сөздік қорлары тапшы, кейбір сөздердің мағынасын, қолданудағы ерекшеліктерін білмейді. Студенттердің тіл мәдениетінің төмендігі кейде мұғалімнің олардың жазба жұмысын тексеру барысында стильдік қателерге жөнді назар аудармауынан да болады. «Ұстаздар тек қана орфоэпиялық, орфографиялық, пунктуациялық қателерді анықтаумен шектеледі. Сондықтан, біріншіден, тіл мәдениетін дамытуға стильдік қателерге көбірек мән беру қажет. Екіншіден, орфоэпиялық, орфографиялық қателермен бірдей стильдік қателерді де тексеру қажет. Сол үшін мұғалімнің стилистика саласындағы терең білімі қажет, әсіресе тілдік қателердің түрлерін, соның ішінде стильдік қателер және тілдік нормадан ауытқудың нақты классификациясын анықтауы жөн», - дейді М.Н. Кожина [5].

Қазақ тілін оқыту барысында студенттерге эссе жазу, белгілі бір тақырып бойынша ой өрбіту тапсырмалары берілгенде, көптеген өзге тілді студенттер түгіл, қазақ ұлтының балалары да өрнекті ой, мағыналы сөз саптауға шорқақ екендігін көрсетеді. Ақын өлеңдерін талдап, түсіндіруге бағытталған сабағымызда мынадай шағын мәтін ұсындық: «Ұлы ақын Абай Құнанбайұлының қандай өлеңі болмасын, сол кезде де, қазіргі біздің дәуірімізде де өз мәнін жоғалтпайды. Артында саф алтындай асыл мұра қалдырған Абай поэзиясының жастарға үгіт, насихат ретінде саналатын «Жігіттер, ойын – арзан, күлкі – қымбат» өлеңі бүгінгі өркениетті заманда маңызын арттыра түсіп отыр десем, артық айтқандық емес. Себебі адамдар арасындағы адал достық, бір біріне қамқор болу, әділеттілік, мейірбандық, татулық мәселесі – қай заманда болсын құнын жоғалтпайтын ұғымдар. Ұлы ақын бұл өлеңінде жастарға:

Кемді күн қызық дәурен тату өткіз,

Жетпесе, біріндікін бірін жеткіз! - деп шын адамгершілікке, есепсіз дос болуға, жетпей жатқан жолдасыңа қол созып, көмек етуге, қиянатсыз болуға, адал жолдастыққа үгіттейді. Оларды жалған татулық, сыртымен әдемі, ішімен бояма мінезден сақтандырады. Сол өзі өмір сүрген дәуірдегі кейбір жастардың екі жүзді келбетін «Қырмызы, қызыл жібек бозбалалар, оңғақ бұлдай былғайды, бір дым тисе» - деп, келбеті әп-әдемі жігіттердің сыналар тұста су тиген матаға ұқсап, былғанып кететіндей әрекетке баратынын ашына жазады. Олардың ойланбай істеген әрекеттерінің салдарынан қаншама бала жетім, тастанды атанып жатыр. Осындай жаман әдеттерден жастар бойын аулақ салсын деген ниетпен ұлы ақын:

Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат,

Екі түрлі нәрсе ғой сыр мен сымбат.

Арзан, жалған күлмейтін, шын күлерлік

Ер табылса жарайды, қылса сұхбат, - деп кемел ақыл айтады, жастарға дұрыс жолды сілтейді. Шынайы сыйластық отбасылық өмірден бастау алып, жастар сезімінің тұрақтылығына жетелесе екен деп тілейді. Ақын ойын мен күлкінің екі құбылыс екендігін ашып көрсетті. Яғни, олардың әрқайсысының мәні мен мазмұнын ажыратып сипаттайды. «Ойынның арзан» болуы рас, себебі оған соншалықты мән беріп жатпайсың, ал керісінше, «күлкінің қымбат» болуы ақиқат. Шынайы, жанды жадырататын, жарқын күлкі тек таза ниетті адамдарға тән, демек ондай күлкі оңай нәрселерден пайда болмайды дегенді керемет жеткізе білген ақынға бас иесің. Кейбір дос адамдардың бір күн тату жүретінін, екінші күні араз боп қалатын құбылмалы мінезіне, дос санаған адамына деген өзара жақындығын сатулы нәрседей көретін сипатына наразы болады, ондай келеңсіздікті болдырмауға шақырады». Осы қарапайым мәтіндегі өздері көп қолданбайтын сөздердің астын сызып көрсету

ұсынылғанда, олар үзіндідегі барлық сөздердің жартысынан астамын белгіледі. Бұдан шығатын қорытынды: жастар әлі де тіл мәдениетін түсіне алмайды, күнделікті қарапайым сөздік қолданыстарды ғана меңгерген. Ендігі кезекте жастардың өзін өзі дамытып, асыл қазынамыз – қазақтың оралымды, бейнелі сөздерін меңгерудің барынша сан жолдарын қарастыруымыз қажет. Олай болмаған күнде, болашақ тірегі деп жүрген жас ұрпақ қазақ тілінің қадір-қасиетін биікке көтере алмасы анық.

**Әдебиет:**

1. Балақаев М., Жанпейісов Е., Томанов М., Манасбаев Б. Қазақ тілінің стилистикасы. – Алматы: Мектеп, 1974.
2. Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.
3. Серғалиев М. Синтаксис және стилистика. – Алматы: Қазақ университеті, 1997.
4. Сыздықова Р. Сөз құдіреті. – Алматы: Санат, 1997.
5. Кожина М.Н. О конструктивном принципе функционального стиля его экстралингвистической основе и критериях стилистических оценок // Вопросы стилистики. Вып. 5. – Саратов: Наука, 1972. – 155 с.

## **АБАЙ ПОЭЗИЯСЫНЫҢДАҒЫ «ЖҮРЕК» КОМПОНЕНТІ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ БОЙЫНА ТҮЛҒА ҚҮЗІРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

*Әжібекова М.Е.,*

*гуманитарлық ғылым магистрі,  
Астана, Қазақстан*

**Түйіндеме**

Мақалада ізденуші Абай поэзиясының «жүрек» компонентіне когнитивтік, прагматикалық, лингвомәдени және нейролингвистикалық тұрғыдан талдаулар жүргізе отырып, мектеп оқушыларына қосымша сабақ кезінде таныс болған тіл білімінің жаңа бағыттарының тілдік бірліктерін олардың танымына, ұғымына тұлға құзіреттілігін қалыптастыруды басты мақсат етіп алып отыр. Мұнда когнитивтік құрылымдарды саралап, микроконцептілер тізбегін анықтаған. «Бес алақан» стратегиялық әдіс негізінде оқушыны тұлға бейнесін толықтыратын негізгі жол деп қарастырады.

**Резюме**

В статье соискателем произведен когнитивный, прагматический, лингвокультурный и нейролингвистический анализ компонента «сердце» в поэзии Абая. На его основе рассмотрены когнитивные структуры компонента «сердце», выведена цепь микроконцептов.

**Summary**

In this scientific work the author has accomplished a cognitive, pragmatic, linguistic-cultural and neurolinguistic analysis of the component “heart” and in the poetry of Abay. On the basis of analysis the author considers the cognitive structure of the component “heart” and reveals a chain of microconcepts.

Тұтас буынның төл басы болған А.Байтұрсынұлы қазақтың бас ақыны жайлы: «Абайды қазақ баласы тегіс танып білуі керек... Абай сөздері дүниеда қалғаны – қазаққа зор бақ» деген пікірі – абайтанушылардың басты назарында болады, мұнда ғалым абайтанудың әлі жалғасын тауып, белгілі бір циклдік ауысыммен шектелмейтінін жеткізген. Абай мұрасы үздіксіз сан қырынан ашылып, зерттеп-зерделеудің нысанына айналуы керек. Сондықтан осы арнаға өз үлесімді қосу үшін болашақтың «кірпіштері» - оқушылардың бойына Абай ілімімен дарыту, тұлға құзіреттілігін қалыптастыруды негізгі мақсат етіп алып отырмыз.

Мақалада «жүрек» танымын Абай поэзиясынан қарастыруды нысанға алуымда да көп мән бар. Себебі, Абай – элитарлық тұлға. Абайдың қазақ әдебиетіндегі өресі биік дара тұлға екені, дүниежүзі поэзиясының озық үлгілерімен деңгейлес тұрғаны – айқын шындық. Тілдік бірліктерді зерттеп-зерделеуде Абайдың терең танымды мұрасына үңілу – әр уақытта алдымызда тұрған борыш болып саналады.

Оқушыларға Абай танымы арқылы тұлға белсенділігін арттыруда өзін-өзі тәрбиелеуді қалыптастыру, сыни ойлау арқылы өзін-өзі тәрбиелеудің мотивтері ішкі және сыртқы



факторларды басшылыққа алып, «бес алақан» стратегиялық әдісті басшылыққа алып, әрбір оқушының бойына “толық адам” бейнесін қалыптастыру.

Ал енді Абай поэзиясындағы жүрек культінің қолданылуы жайында сөз еткенде жүрек сөзінің қай өлеңдерінде кездеспейді деп қарастырған жөн де шығар. Себебі ақын шығармашылығында жүрек сөзінің қолданылуы өте жиі кездеседі. Абай поэзиясына статистикалық талдау жасағанда 128 рет қолданғанын анықтадық. Ақын жүрегі бірде автордың өзі қаһармандық бейнеде автометафора түрінде кездессе, ақын жүрегі әр түрлі ситуацияларға байланысты аласұрады, қамығады, қуанады, өртенеді, көңілі қайтады, қайта үміттенеді т.б. енді бірде сезім иесі, кейде ақылдың көзі, кейде үміттің шырағы, иманның тірегі болып қолданылады. М.Мырзахметұлы: «Қазақ әдебиетінің сан ғасырларға созылған тарихында бір де бір қазақ ақыны жүректің адам өмірінен алатын орны мен атқарар қызметін соншалықты жан-жақты терең мағынада философиялық, гуманистік астар беріп, оны ақындық тіл өнерінде құлпырта ойнатып Абайша толғай алған емес. Абайдың жүрек жайындағы танымдары арнайы зерттеуді қажет етеді» [1,404].

Ал «жылы жүрек» тіркесін ағылшын тілінде түсіндірген адам «open-hearted» - ақ көңілмен, таза жүрекпен, кең пейілмен (сөзбе-сөз аудармасы: ашық жүрекпен) деп түсіндірген болар еді. Абайдың мейірімді, қайырымды жүрегіне, сергек көңіліне қаяу түсті:

*Жылы жүрек суыды, жара түсті,  
Шықпаған шыбын жанмен күн өткіздік.*

*Сезімпаз көңіл*


*Жылы жүрек*

*Таппадым деп түңілмес, -*


деген өлеңдерінде ішкі жүрек дүмпуінің салдарын баяндайды.

Мәселен, «жылы жүрек» деген тіркесін мейірімді, қайырымды, жақсылыққа ұмтылушы, дүниедегі жақсылық атаулыға жаны құмар адам, тірлікке ынтығы бар сергек көңіл деп түсіндіреміз. Себебі «жылы жүрек» сөзі – халқымыздың танымына сіңген тілдік бірлік. Ал «жылы жүрек» тіркесін ағылшын тілінде түсіндірген адам «open-hearted» - ақ көңілмен, таза жүрекпен, кең пейілмен (сөзбе-сөз аудармасы: ашық жүрекпен) деп түсіндірген болар еді. Ал орыс тілінде «теплое сердце» - қайырымды (сөзбе-сөз аудармасы: жылы жүректі). Бұдан мынадай ой түюге болады: әрбір жеке тілдік тұлғаның танымына сәйкес тілдік бірлікті қандай жолмен аударылса да, тіпті сөзбе-сөз калькаланған жағдайда да оның білдіретін мағынасы түсінуші адамның қандай тілдің танымын сіңіргеніне байланысты. Абай халқын жақсылыққа үйретуші, тірлікке ынтығы бар сергек көңілді, таза жүректі жастарды ізгілікке, ғылымға шақырды, өнердің озық үлгілерін игерсе екен деген ниетте болды, бірақ үміті өзі күткен нәтиже бермеді. Сондықтан Абай жүрегі жаралы жүрек, тілім-тілім болды. Тағы да бір айта кетерлік жайт, қазақ әдебиетінде Абайға дейін «жүрек» сөзін қолдану өте сирек, «жүректің сөзін айт», «жүрекпен сезіну», «жүрекпен сезімін білдіру» деген тіркестер Абайдың Шығыс әдебиетінің үлгісін қазақ әдебиетімізге алып келген жаңашыл дәстүрі болып саналады.


Поэзияда қолданған фразалардың негізінде «жүрек» компоненті негізінде түзілген концептілік өрістерді жасадық. Бұл құрылымнан адамның күрделі құрылым екенін ескере отырып, өмірде алуан түрлі жағдаяттарға байланысты түрлі күй кешетінін және ол тікелей жүрек арқылы өрбитінін осы өріс арқылы көз жеткіземіз. 1-сурет



Абай поэзиясындағы «жүрек» сөзіне нейролингвистикалық бағдарлау тұрғысынан талдаулар жасап көрелік, нейролингвистикалық бағдарлау - ол адам санасының өзін-өзі басқарып, тапсырма жүктеуі, яғни оқушы Абай шығармаларын санаға зерделей отырып, өзін-өзі басқару, сыни ойлау жүйесін қалыптастыра алады. 2-сурет



Оқушыларға Абай поэзиясының прагматикалық сипатын түсіндіре отырып, “ақыл”, “қайрат”, “жүрек” триадасын (3-сурет) құрудың қажеттілігі өзінен-өзі көрініп тұрды, себебі, Абайдың шығармаларының өлең жолдары мен қара сөздерінде бір ойды екінші бір ой сабақтап, толықтырып, аталған үш бірлікті бір тұтас етіп көрсетеді. Оқушыларға осы үшеуі кімде болса, сол «толық адам» болады деп түсіндіреміз, яғни адам жанын ізгілендіріп, нұрландыру жолында Абай ілімі біздің негізгі бастауымызға айналуы тиіс.



Оқушы Абай поэзиясындағы антиномиялық құбылыстың қолданылуы мен танымдық сипатын әдебиет теорияларымен байланыстыра отырып түсіндіру.

- Антонимиялық қарама-қайшылықтар көркем әдебиетте тілдің эстетикалық сипатын жүзеге асыру мақсатында кең қолданылатын ерекше көркемдік құралдардың бірі. Антонимия құбылысының антитеза, диатеза, акротеза, альтернатеза, амфитеза, антиметабола, оксюморон сипатында болып келген түрлерінің тілдегі, көркем әдебиеттегі стильдік қызметтері айрықша.

- Тілдегі қосұдай құбылысты салыстыра отырып, қарама-қарсы қойып шендестіру барысында антитеза жиі көрініс табады.

Антитеза - гректің *antithesis* қарама-қайшылық деген сөзінен алынған. Қысқаша энциклопедияда антитеза құбылысына төмендегідей анықтама берілген: (гр. *antithisa* – қарама-қарсылық) шендестіру: 1) кереғар ұғымдарды бетпе-бет қоятын фигураның бір түрі. Екі затты не құбылысты шендестіру арқылы басқа бір құбылыстың, ұғымның, нәрсенің суреті, сыр-сипаты, кескін-кейпі аңғарылады. 2) қазіргі әдебиеттанудағы контрасты айқындау[2, 126].

Мәселен,

- *Қар – аппақ, бүркіт – қара, түлкі – қызыл,*
- *Ұқсайды қаса сұлу шомылғанға.*
- Немесе
- *Аппақ ет, қып-қызыл бет, жап-жалаңаш,*
- *Қара шаш қызыл жүзді жасырғанда.*

Абай поэзиясындағы когнитивтік құрылымдарға тоқталар болсақ,

**Концепт** (ұғым, түсінік) – шынайы болмысты бейнелеудің ерекше формасы. Концепт ол дүниетанымдық тіл білімінің басты ұғымдарының бірі және тілдік құрылымдарды зерттеудің, түсінудің, түсіндірудің ерекше тәсілі.

**Ойбейне** – белгілі бір ұлттың әлем шындығын тануы үшін қалыптасқан заттар мен құбылыстар жайлы ұғымы [2, 127]. Мәселен,

- *«Жігітті жұрт мақтаған қыз жақтаған»,*
- *«Бір құдайдан басқаның бәрі өзгермек»,*

- *«Сөзіне қарай кісіні ал,*
- *Кісіге қарап сөз алма»,*
- *«Еңбек қылмай тапқан мал дәулет болмас»,*
- *«Күшік асырап, ит еттім,*
- *Ол балтырымды қанатты.*
- *Біреуге мылтық үйреттім,*
- *Ол мерген болды, мені атты»,* т.б. сынды өлең жолдары мақал-мәтел,

нақыл сөзге айналған, яғни халықтың танымына әбден сіңісіп кеткен. Алғашқы мысалды халық арасындағы «Ел мақтаған жігітті қыз жақтаған» мәтелімен алмастырып айтуға да келеді, ақын қолданысында поэзиялық алмастыру (инверсия) арқылы беріліп отыр. Үшінші мысалда қазақ халқының адамды тануының белгісі асыл сөзге көп мән берілетіндігіне көз жеткіземіз. Нейролингвистикалық бағдарлаудың амалымен адамды «Жақсы сөз жарым ырыс» деп жақсы сөйлеуге, әділ сөйлеуге ертеден-ақ баулыған. Соңғы мысалға назар аударсақ, ел арасындағы кейбір «арсыздардың» әрекеті ақынның жүрегіне тиіп, көңілін қалдырған сәттердің куәсі. Қазіргі уақытта бұл өлең жолдары халық арасында сіңісіп, танымына еніп, жиі қолданыста. Бүгінгі таңда сөз сараптай білетін, ойын көркемдеп әрі нық жеткізуге тырысқан Абайдың сөз қолданыстарына бас қойып, орайын келтіре қолдануды үрдіске айналдырған.

**Прототип.** Прототипке сөздікте мынадай анықтама беріледі. Бір нәрсенің қарапайым типі немесе формасы; заттардың категориясы; категория не класс элементтерінің жалпы сипаты мен функциясына негізделген абстракциялық ұғым. Зерттеуші Г.Г.Гиздатов прототипті «типтік бейне» деп атайды. Оның «прототип - мағына - концепт» бірлігі негізінде біртұтас қарастырылатындығын айтады. Ал зерттеуші Н.Аитова бұл үлгінің тұтастық қалпын сақтап, оған «тілдік мазмұн» дегенді қосады. «Ішкі форма не тілдік мазмұн (ядро) «прототип - мағына - концепт» жасалуының әрі өзегі, әрі аралық дәнекері» деп санайды.

Прототиптің «типтік үлгісіне» жазушы шығармаларындағы жалқы есімдерді жатқызуға болады. Кейіпкерлердің есімі осы аталған типтік үлгілер арқылы жасалған. Автор өз шығармаларында кейіпкерлердің тұлғалық қасиеттеріне байланысты ат береді [2, 126]. Мысалы:

- *Ит жегенше Қондыбай, Қанай жесін,*
- *Құр жібер мына ант ұрған кәрі шалды.*
- (Ру атымен аталатын, жерінің көбін жылқыға жалдайтын ауылдар)
- *Сорлы Көкбай қор болды-ау*
- *Осыншадан құр қалып.*

(Ақын поэзиясында Көкбай есімі жастардың атынан көп қолданылады)

Абай шығармашылығындағы жүрек – жай жүрек емес: «*жылы жүрек*», «*ыстық жүрек*», «*асау жүрек*», «*ызалы жүрек*», «*жомарт жсау жүрек*», «*жалын жүрек*», «*сорлы жүрек*», «*ит жүрек*», «*ынталы жүрек*», «*жас жүрек*», «*қайран жүрек*», «*ұрпиген жүрек*», «*шошыған жүрек*», «*асыл жүрек*», «*күйген жүрек*», ал енді бірде «*жай соғып жатқан ауру жүрек*»... Қарап отырсақ, жүректің өмірдің әр кезеңіндегі стадияларын көреміз. Демек, Абай жүрегін тану кезінде әрбір қолданысын түсіндіру үшін гештальтпсихологиялық білім қажет. «Гештальтпсихологиялық» терминіне келесі мақалада кеңірек тоқталамыз.

Абай поэзиясындағы «жүрек» компонентінің негізінде когнитивтік құрылымдарды анықтау кезінде «жүрек-адам», «жүрек-адамгершілік», «жүрек-сезім», «жүрек-таным», «жүрек-сағыныш», «жүрек-көңіл», «жүрек-өмір», «жүрек-иман», «жүрек-тілек», «жүрек-сенім», «жүрек-мейірім», «жүрек-білім», «жүрек-тәрбие», «жүрек-ерлік», «жүрек-ақыл», «жүрек-тылсым-жұмбақ», т.б. концептуалдық парадигмалар (микрoконцептілер) анықталып, қазақ тіл білімінде зерттеу нысанымыз бойынша когнитивтік тұрғыда, дискурстық мәні мен нейролингвистикалық бағдарлау тұрғысында тәрбиелеу мақсатында талдаулар жүргізіліп, өзіндік белгілері анықталды.

- Абай поэзиясының прагматикалық мазмұны негізінде «десіндер» категориясы мен «демесіндер» категориясының мәні айқындалады.
- Абай поэзиясындағы «жүрек» компонентін құрайтын «қайрат», «ақыл», «жүрек» үшеуі (триада) түрінде қарастырылып, танымдық тұрғыда зерттеліп жүрген концептілердің аясы «жүрекке» тікелей қатысты екеніне көңіл бөлінді.
- Оқушыға Абай поэзиясындағы “жүрек” компонентін прагматикалық сипатта оқытуда ұсынылатын тұжырымдар: «Жүрек» компоненті жайында Абай дүниетанымының бейнелі түсініктері, тілдік модельдері (лексикалық бірліктер, фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, образды сөздер т.б.) концептілердің ішкі мазмұндық құрылымын түзейтін компоненттері болып табылады;
- «Жүрек» тіл бірліктерінің концептуалдану процесі Абай поэзиясынан белгілі бір ұлттық-әлеуметтік ортамен тығыз біте қайнасқан құндылықтар бейнесі негізінде жүзеге асады;
- Жүрек – адам баласының өмірінде кездескен күйініш-сүйініш, мұң-мұқтаж, қайғы-қасірет дегендердің бәрін қолма-қол өзіне қабылдап тұратын ішкі сезім мүшесі.
- «Қайрат», «ақыл», «жүрек» үшеуі (триада) – «жүрек» компонентінің когнитивтік құрылымдары.

**Әдебиет:**

1. Абай. Энциклопедия. – Алматы: Атамұра, 1995.
2. Саткенова Ж.Б. Танымдық ғылымдағы базалық ұғымдар туралы // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2007. – №5 (104). – 125-129-б.
3. Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы, 2004.

## ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

**Әлімбек Г.Р.,**

*филология ғылымдарының кандидаты, профессор,  
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
Астана, Қазақстан,  
[alimbek\\_gaukhar@mail.ru](mailto:alimbek_gaukhar@mail.ru)*

**Summary**

The article is devoted to use of Proverbs and sayings in the lesson of the Kazakh language. The article presents the classification of exercises using Proverbs and sayings.

**Key words:** proverb, saying, the lesson of the Kazakh language.

Қазақ тілі мақал-мәтелге өте бай. Тілді оқытуда сол байлықты орнымен пайдаланып, ұлттың тілімен бірге оның даналық ойларынан да хабардар ету тіл үйренушілердің халықтың мәдениетіне, дүниетанымына, тіліне деген қызығушылығы мен құрметін арттыра түседі. Ал қызығушылық, уәжділік болған жерде оң нәтиже де болары хақ. Сол себепті біз өз мақаламызда мәселенің осы қырына, яғни қазақ тілін өзгетілді аудиторияда оқытуда мақал-мәтелдерді пайдаланудың тиімді тұстарына тоқталуды мақсат етіп отырмыз.

Соңғы жылдары мақал-мәтелдерді тіл үйретудің орта және жоғары деңгейінде қолданудың тиімділігі жайында көптеген елдердің лингвист ғалымдары, әдіскер мамандары жиі сөз қозғап жүр. Бұл орайда «Шет тілі сабақтарында мақал-мәтелдер оларды тек еске сақтау мен дұрыс түсіну немесе сөйлеу барысында қолдануымен қатар, лексикалық және грамматикалық, сөйлеу мен жазу, оқу әрі тыңдау сияқты тұтас коммуникативтік дағдыларды дамыту мен бақылау құралы ретінде де пайдаланыла алады»[1, 153 б.] – деген Н. Т Федоренко мен Л. И.Сокольская пікірлер өте орынды айтылған.

Қазақ тілін үйретуде қазіргі заманауи әдістерге негіздеп мақал-мәтелдерді қолдану, тиімді пайдалану студенттердің коммуникативтік мәдениетін арттырып, тілін дамытады. Біз қазақ тілі сабағында студенттерге тіл үйрету тәжірибеміз көрсеткендей, белгілі бір оқу материалын оқытқан кезде сол тақырыпқа қатысты мақал-мәтелдерді оқытып қана қоймай олардың мағынасын ашып түсіндіріп, аз сөзге сыйып тұрған даналыққа толы ойлардың мәнін ұғындырып, мұндай сөз мәйегін жаттап алып, өмірде ретіне қарай қолдануға да үйретеміз. Қазақ тілі сабағында мақал-мәтелдерді қолдану ең ұтымды тәсілдердің бірі екенін тіл үйрету тәжірибемізден сан мәрте байқадық десек, артық айтқандық болмас деп ойлаймыз.

Студенттер сабақта тақырыпқа қатысты мақал-мәтелдердің мағынасын жете түсініп, жақсы қабылдап, есте сақтауға ұмтылып жатады. Өйткені олар өзі сөйлейтін тіліндегі мақал-мәтелдердің орны мен ролін жақсы біледі. Үйреніп жатқан тіліндегі мақал-мәтелдердің мағынасын түсініп, оларды білуге ұмытылатындығы да содан. Осы ынта мен уәжді тіл үйрету үдерісінде тиімді пайдалану әр оқытушының тәжірибесі мен әдіскерлік шеберлігіне тікелей байланысты. Мақал-мәтелдер олардың тіл байлығы артып, сөздік қоры молаюына, айтпақ ойларын тұщымды, салмақты, дәлелді етіп жеткізуге үйретеді.

Тіл үйренушілердің орта деңгейі мен жоғары деңгейінде мақал-мәтелдерді қолдана отырып, олардың белгілі тақырыпқа қатысты өз ойын, көзқарасын білдіретін сұхбат құруға болады. Жоғары оқу орындарының орыс бөлімдерінде қазақ тілі сабақтарының тақырыптары әртүрлі болады. Мысалы, біз тіл үйренушілердің орта деңгейінде «Ақша-кредит саясаты. Банк жүйесі. Ұлттық валюта» тақырыбында сабақ өтеміз. Сабақтың лексикалық тақырыбына қарай негізгі кілт сөздердің ішінде ақша болғандықтан, тіл үйренушілерге сабақта ақшаға қатысты мақал-мәтелдерді беруге болады. Студенттерге мақал-мәтелдердің лексикалық мағынасы түсіндіріліп, оларға грамматикалық, лексикалық тапсырмалар беріледі. Өйткені сабақтың мақсаты – тіл үйренушілердің қызығушылығын тудырып, сұхбат құруға деген құлшынысын оятып, тақырыпты белсенді талқылауға, жаңа сөзді жадында сақтауға, сөз байлығының дамуына ықпал ету. Мұндай тапсырмалар тіл үйренушілердің мақал-мәтелдерді жылдам жаттауына, есте сақтауына мүмкіндік туғызады. Мақал-мәтелдің құрамындағы әр сөздің тура мағынасына да, оларда берілген астарлы ойға, ауыспалы мағынасына да жан-жақты тоқталған жөн. Сонда ғана ондағы даналық пен ой түйінінің мәні ұғынылады. Екінші жағынан, тіл үйренушілердің сөздердің контекстегі қолданысы мен ауыспалы мағынада жұмсалуын да түсіне алады. Тіл үйрену кезінде мақал-мәтел сынды дайын күйінде қолданылатын құрылымдардың осындай артықшылықтарын да ескерген абзал. Міне, бұл қырынан келгенде де сөз мағынасын түсініп, лексикалық тақырыпты игеруге мақал-мәтелдер ерекше қызмет ете алады. Сонымен қатар тіл үйренушілердің лексикалық дағдыларын қалыптастыру үшін де мақал-мәтел беру ұтымды әдістердің бірі болып саналады. Мысалы:

1. Теңге тиыннан өсер, Жылқы құлыннан өсер.
2. Ақша ашпайтын құлып жоқ.
3. Артық байлық аздырар, артық күлкі тоздырар.
4. Арқан үзіледі, борыш үзілмейді.
5. Ақша кетуге тырысады,  
Есеп ұстауға тырысады.

Оқытушы осы мақал-мәтелдерді студенттерге бергенде мақалдарға қатысты халықтың таным-түсінігі мен мәдениетіне де тоқталғаны дұрыс. Өйткені басқа елдің танымын өз елінің танымымен салыстыру арқылы мақалды жақсы түсінуге болады. Қазақ даласына ақша айналымы кіргенге дейін де, одан кейін де ақша туралы мақал-мәтелдердің көпшілігі төрт түлік малмен байланысты болғанын көру қиынға соқпайды. Сондықтан да «Теңге тиыннан өсер, Жылқы құлыннан өсер» деген мақалдың пайда болуы заңды.

Өйткені түркітөктес халқықтардың осы күнге дейін экономикалық дамуы мал шаруашылығымен тығыз байланысты болды. Мысалы: Жылқы – қазақтың өзімен синонимдес ұғым. Себебі жылқы көлік, әрі шипалы сусын, әрі ет... «Ер қанаты – ат», «Тай атқа жеткізеді, ат мұратқа жеткізеді» деп жалғасып кете береді. Осы жерде өзге мәдениет өкіліне, өзге тілді тұтынушыға қазақ өміріндегі жылқының алатын орнын, оған қатысты

тұрақты сөз тіркестері мен мақал-мәтелдердің, жыр-аңыздардың, көркем шығармалар мен ән-өлеңдердің өте мол екенінен де хабардар ете кеткен артықтық етпейді. Бұл олардың қазақ мәдениетін түсінуге деген ынтасын оятады, оны білуге деген қызығушылығын арттырады. Ал тіл – сол мәдениеттің ең маңызды қрамдас бөлігі, өзегі десек болады. Ұлттың мәдениетіне қызыққан адам оның тілін үйренуге қашанда құлықты, ынталы, керек десеңіз мүдделі болары сөзсіз. Өйткені тілсіз ол мәдениеттің есігі ешқашан ашылмайды.

«Ақша ашпайтын құлып жоқ» деген мақалдың ауыспалы мағынасы бар. «Ақша барлық мәселені шешеді, ол алмайтын асу жоқ», «бәрі де ақшаға сатылады», «ақшаның алдында бәрі дәрменсіз, оған бәрі бас иеді» деген ой бар. Ал адам баласының рухани құндылықтарын, адалдық, ар-намыс, әділеттік сияқты көптеген қасиеттерін жоғары қоятын білімді, тәрбиелі, зиялы адамдардың қай-қайсысы да бұл пікірмен келіспеуі табиғи нәрсе. Ендеше, «мақал өз пайдасын білмейтін, сый-сияпат, пара алмайтын, яғни жеңіл жолмен ақша тапқысы келмейтін адам жоқ» дегенге дау айтатын, ондай оймен келіспейтін тіл үйренушілердің аз болмайтыны анық. Осы тұрғыдан келгенде бұл мақал қоғамның көлеңкелі тұсын, проблемалық мәселе жөнінде пікірталас тудырып, ой айтуға итермелейтін тақырып болады. Сабақ соңында тәжірибелі ұстаз ақшаның рөлін ұғындырумен қатар, оны адал еңбекпен тауып, адамдық қасиетін жоғалтпайтын білімді, мәдениетті, парасатты адамның ақшадан қашанда жоғары тұратынын айтқан топтың немесе жекелеген тіл үйренушілердің ой-тұжырымдарының аса маңызды әрі дұрыс пікір екенін аудиторияға ұқтырады. Сонда тіл үйретумен қатар сабақтың тәрбиелік мәні де жоғары болады.

Бұл мақал-мәтелдер айтылған ой топпен бірге талқылауға, пікірталас туғызуға және өз ойын, көзқарасын білдіруге, ой қозғауға үлкен себеп туғызып, сабақтың қызықты өтуіне әсер етеді. Оқытушы мақал-мәтелдерді пайдаланып, студенттердің пікірін, ойын білдіруге жетелейтін сұрақтар береді. Осы сұрақтарға жауап беру арқылы студенттер өз ойын ашық, толық жеткізуге білуге тырысады.

Мысалы:

1) Ақша ашпайтын құлып жоқ. Осы пікірге қандай ой айтар едіңіз? Осы пікірге келісесіз бе? Неге? Осы пікірге келіспейсіз бе? Неге?

2) «Артық байлық аздырар, артық күлкі тоздырар» дегенді нақты мысалдармен түсіндіріп көріңіз.

3) «Теңге тиыннан өсер, Жылқы құлыннан өсер» дегенді қалай түсінесіз?

4) Қазір қоғамда «Көп ақша болса, өмірді ертегідей етіп өткізуге болады» деп сенетіндер бар. Соған сіздің көзқарасыңыз қандай?

5) Данышпандар «Ақшаға сағат сатып алуға болады, бірақ, «уақыт» сатып ала алмайсың» деген екен. Сол пікірге қандай ой айтар едіңіз...

6) Данышпандар «Ақшаға кітап сатып алуға болады, бірақ, мәдениет сатып ала алмайсың» деген екен. Сол пікірге қандай ой айтар едіңіз...

7) «Ақшаға дәреже сатып алуға болады, бірақ, құрмет сатып ала алмайсың» дегенді қалай түсінесіз?

Мақал-мәтелдер тіл үйренушілердің тіл байлығын дамытып қана қоймай, студенттердің қызығушылығын, дүниетанымын арттырады. Сонымен бірге олардың сөздікпен жұмыс істеп үйретуге және аудармашылық дағдыларын жетілдіруге ең тиімді әдістердің бірі. Өйткені басқа елдің мәдениетін, танымын түсіну үшін мақал-мәтелді өз тілдеріне аударып, осы мақалға баламасы ұқсас өз тілдерінде мақал-мәтел барын анықтап отыратындығын сабақта байқап отырамыз. Осы арқылы сабаққа деген қызығушылығы артып, олар мақалды жадында сақтайды.

Сонымен қатар тіл үйренушілерге мақал-мәтелдер арқылы грамматиканы түсіндіру де жеңіл және грамматиканы олардың тез қабылдауына пайдалы ең ұтымды әдістің бірі деуге болады. Мысалы, антоним сөздерді мақал-мәтелдер арқылы түсіндіріп, мақал-мәтелдерді жаттауға беруге болады.

Мысалы:

1. Ең тәтті де – тіл.

- Ең ащы да – тіл.  
 Ең жұмсақ та – тіл.  
 Ең қатты да – тіл.  
 2. Жақсы әйелдің қолы ұзын.  
 Жаман әйелдің тілі ұзын.  
 3. Жақсы адам қартайса,  
 Жазып қойған хаттай.  
 Жаман адам қартайса,  
 Бықсып жанған оттай.  
 4. Ұры бір түнде – бай,  
 Бір күнде – кедей.  
 5. Аз сөйлеп, көп тыңда.  
 6. Көп сөз – күміс.  
 Аз сөз – алтын.  
 7. Көз қорқақ.  
 Қол батыр.  
 8. Сол көзің оң көзіңе қарауыл болсын.

Бұл әдіс қазақ тілі сабақтарында бірқатар дидактикалық міндеттерді шешуге мүмкіндік береді, атап айтқанда:

- Оқытушылық: Тіл үйренушілердің сөйлеу, айтылу дағдыларын жетілдіреді. Грамматикалық сауаттылығын қалыптастырады. Олардың сөздік қорын байытып, мәтінді түсініп, аударуға үйретеді.

- Дамытушылық: Дүниетанымын, ой-өрісін кеңейтіп, өсіреді. Тіл үйренушілер өз ойын шет тілінде ойлап, өз пікірін сауатты, жетік айтуға үйренеді. Тіл үйренушілердің басқа тілде ойлау қабілетін жандандырады.

- Тәрбиелік: Өзге ұлт дәстүрін түсініп, мәдениетімен танысып бір-бірімен жақсы қарым-қатынас жасауға тәрбиелейді. Олардың моральдық-адамгершілік принциптерін қалыптастырады.

- Уәжділік: Олардың қызығушылығын туғызып, шетел тілін үйрену арқылы танымдық қабілеттерін дамытады.

Жоғары оқу орындарының тіл үйретудің орта деңгейінде «Тағамтану. Ұлттық тағам. Мейрамхана бизнесі» тақырыбына арналған сабақ бар. Осы сабаққа қатысты төмендегідей мақал-мәтелдерді беруге болады. Өйткені лексикалық сабақтың тақырыбына байланысты негізгі кілт сөздер тағам, тағам түрлері болғандықтан осы тақырыпқа қатысты тапсырмалар беруге болады. Мысалы:

1. Атың барда жер таны – желіп жүріп,  
Асың барда ел таны – беріп жүріп.
2. Абысын тату болса, ас көп,  
Ағайын тату болса ат көп.
3. Ағайынмен ішкен ас тәтті.
4. Ас атасы – нан.
5. Қызды кім айттырмайды,  
Қымызды кім ішпейді.
6. Арпа, бидай ас екен,  
Алтын күміс тас екен.
7. Ас – адамның арқауы.
8. Ас иесімен тәтті, тағамымен жақсы.
9. Таңғы асты тастама.
10. Ат адамның қанаты,  
Ас адамның қуаты.

Мақал-мәтелдер тіл үйренушілердің бір-біріне сұхбат құрауына және топта пікірталас туғызуға үлкен себеп болады. Өйткені оқытушы осы мақал-мәтел арқылы тіл



үйренушілердің бір-біріне сұрақтар қоюына мүмкіндік берсе, сабақта әртүрлі пікірталас туып, сабақтың қызық өтуіне негіз қаланады. Тіл үйренуге деген қызығушылық осылай әр сабақтың тартымды, қызық өтуіне тікелей байланысты. Күнделікті өмірде шынында да тіл үйренушілер бір-біріне мұндай сұрақтар қоя бермеуі мүмкін. Бірақ бұл сұрақтар оларға қызық әрі тіл ұстартуға пайдалы деп ойлаймыз. Сонымен қатар бір-бірінің жауабын мұқият тыңдау арқылы студенттер ауызекі сөйлеу барысында өздерінің қателерін байқап, оларды түзетуге мүмкіндік береді. Мысалы:

1. Қазақтың қандай ұлттық тағамдарын білесіз?
2. Сізге қазақтың қандай ұлттық тағамдары ұнайды?
3. Қазақтың қандай ұлттық тағамдары денсаулыққа пайдалы?
4. Шетелден келген қонаққа қандай ұлттық тағамды ұсынар едіңіз?

5. Дәрігерлер денсаулықты сақтауда уақытымен және дұрыс тамақтанудың маңызы зор дейді. Сонмен бірге жүріп бара жатып, кітап оқып отырып, теледидар алдында тамақтануға болмайды екен. Ал сіз бұл туралы не ойлайсыз?

6. Бүгінде жұрттың бәрі салауатты өмір салтын ұстанып, аса талғампаздықпен тамақтанғанды ұнатады. Мысалы, калориясы аз, сіңімді, табиғи өнімдерден дайындалған тағамдарға тапсырыс беретіндер көп. Сіз өзіңізді солардың қатарына қосасыз ба?

7. Біреуге жапон асханасы, біреуге ұлттық тағамдар, енді біреулерге түрік асханасы ұнайды. Сізге қай елдің асханасы ұнайды? Сіз ұнататын елдің асханасы несімен ерекшеленеді?

8. Сіз пицца, бутерброд сияқты тағамдарға қалай қарайсыз? Біздің елде жастар осы тағамдарды көп жейді деп ойлайсыз ба?

Оқытушы оқу үдерісіне оқытудың жаңа әдістерін енгізу арқылы, яғни қазіргі заманауи әдістемелерді, идеяларды пайдаланып, студенттерге танымдық көзқарастарына әсер ететін мотивация қалыптастыру керек. Оқытудың коммуникативтік бағдарын күшейту арқылы тіл үйренушілердің қызығушылығын арттыруға болады. Аудиторияда тіл үйренуге қолайлы атмосфера туғызғанда ғана олардың тіл үйренуге ұмтылысы пайда болады. Оқытушының міндеті тілді қарым-қатынас құралы ретінде қалыптастыру және дамыту. Сондықтан мақалды практикалық сабақтарда пайдаланып оқыту әдістемесінің құндылығы жоғары екені еш дау туғызбайды. Өйткені мақалды тіл оқытуда пайдалану олардың лексикалық қорын байытып әрі тілді жақсы меңгеруіне ықпал етеді. Олар мақал-мәтел арқылы тілі оқытылатын елдің фольклор элементтері арқылы басқа мәдениетті түсініп, қатыстылығын немесе айырмашылығын, таным түсінігін сезінеді. Яғни тағыда осы салыстыру арқылы мақал-мәтелдің мазмұнын түсініп, оңай жадында сақтайды. Тіл үйретуде мақал-мәтелді пайдаланып оқыту әдістемесі шет тілінде кеңінен қолданылатын ең жақсы әдістердің бірі. Сонымен қатар мақал-мәтелдер жалғастырушы топтарда, тілді біршама меңгерген үйренушіге сөз байлығы одан әрі молайтып, бір айтқан ойын қайталамай, сөзін әсерлі де тартымды етіп жеткізуге де септігін тигізеді. «Мақал-мәтелдер – бір ғана ойды әртүрлі сөзбен жеткізуге үйретудің құнарлы материалы. Сөйлеуді тартымды, әсем ететіндіктен монологтық және диалогтік сөйлеуге үйретуде оларды ешнәрсе алмастыра алмайды» [2, 40-42 б.]. – дейді О.И. Палей. Бұл мақал-мәтелдің ойдың тұздығы, оған тереңдік пен әсемдік беретін нағыз сөз маржаны екенін дәл байқап айтқан пікір. Сонымен қатар автордың мақал-мәтелді диалог пен монолог үшін таптырмайтын тіл бірлігі екенін атап көрсетуі де орынды.

Сан есімді түсіндіргенде санға қатысты мақал-мәтелдер қолдансаңыз, қызықты әрі нәтижелі болады. Себебі сандар лексикалық контекстінде жылдамдық еске түсіріледі. Тіл үйренушілер мақал-мәтелдің көмегімен сандарды жадында жақсы сақтайды. Сандарға байланысты төмендегідей мақал-мәтелдер беруге болады.

- Мысалы: 1. Мал – бір жұттық, батыр – бір оқтық.  
2. Бір көрген – біліс,  
Екі көрген – таныс.  
3. Шын – бір сөз.

Өтірік – мың сөз. 4. Ер екі сөйлемейді.

5. Ер кезегі – үшке дейін.

6. Ер көрмеймін деген жерін үш көреді.

Ат баспаймын деген жерін үш басады. 7. Төрт аяқты жылқы да сүрінеді. 8. Бес саусақ бірдей емес.

9. Алтау ала болса,

Ауыздағы кетеді,

Төртеу түгел болса

Төбедегі келеді.

10. Жеті жұрттың тілін біл,

Жеті түрлі білім біл. 11. Ер жігіт бір сырлы

Сегіз қырлы болсын.

12. Қырықтың бірі қыдыр.

13. Елдің көзі елу.

14. Елу жылда – ел жаңа.

15. Жігіттің үш жұрты бар.

Бірінші – өз жұрты,

Екінші – нағашы жұрты,

Үшінші – қайын жұрты.

Әрине, оқытушы сабақта мақал-мәтелді берген кезде грамматиканы ғана түсіндіріп қана қоймай, оларға мағынасын түсіндіріп, осы мақал-мәтелдерге қатысты тапсырмалар беріп, тіл үйренушілерді сұхбатқа жетелеп отырған абзал. Оқытушы мақал-мәтелдерді сабақта пайдаланған кезде қандай тапсырмалар беруге болады?

Мысалы:

1. Мақал-мәтелдің дұрыс тәртіппен жалғасын табыңыз немесе жетіспей тұрған жалғасын төмендегі сөйлемдерден тауып өз орнына қойыңыз.

2. Барлық халықта мақал-мәтелдер бар. Қазақтың мақал-мәтеліне мағынасы ұқсас өз тілдерінде қандай мақал-мәтел бар? Оқытушы тіл үйренушілерге сабақта берілген мақал-мәтелге мағынасы ұқсас мақал-мәтелді айтқызу арқылы студенттердің аударма жасауға үйретеді.

3. Оқытушы тіл үйренушілерге шағын әңгіме оқытады. Берілген әңгімеге тақырып қойыңыз немесе мына мақал-мәтелдерің қайсысы осы әңгіменің тақырыбы бола алады?

4. Мақал-мәтелге өз көзқарасыңызды, пікіріңізді білдіріңіз.

5. Грамматикалық тапсырмалар беруге болады. Мысалы: Болымсыз етістікті табыңыз.

Шартты мәнді сөйлемді табыңыз. т.б.

Қорытындылай келгенде тіл оқыту барысында мақал-мәтелді пайдаланудың әдістемелік және практикалық құндылығы өте жоғары екендігін атап айтқан абзал. Мақал-мәтелді мағынасының оңай немесе қиындығына, айтылар ойының жеңіл немесе күрделілігіне, онда қолданылған сөздердің мағынасына қарай бастауыш топтарда да, жалғастырушы топтарда да ретіне қарай іріктеп пайдалануға болады. Сондай-ақ оларды монологтық және диалогтік сөйлеу кезінде де қолдану сөйлеушінің сөзіне мән, ойына әр береді. Қазақтың бай мақал-мәтелін тіл үйретуде тиімді пайдалану ұлт мәдениетіне деген құрметті арттырумен бірге өзге ұлт өкілдерінің қазақ тілін оқуға деген қызығушылығын да арттырады. Тіл үйрету процесінде халықтың мақал-мәтелдері сол жұрттың мәдениеті мен тілі жөнінен көп мәлімет беретін ең құнды да тартымды тілдік материал болып табылады. Себебі мақал-мәтел арқылы тіл үйренушілер өзі үйреніп жатқан тілдің мәдениетімен, өзіндік болмысымен, құндылықтарымен танысып, тілді терең меңгеруге мүмкіндік алады. Сонымен бірге олардың ойын ұтымды жеткізіп, коммуникативті сөйлеуі жеңілдей түседі. Осындай себептерге байланысты тілді оқытуда мақал-мәтелдерді тиімді пайдаланудың маңызы зор екендігін назардан тыс қалдыруға болмайды.

**Әдебиет:**

1. Федоренко Н. Т., Сокольская Л. И. Афористика. – М.: Наука, 1990. – 415 с.
2. Палей О.И. Работа с поговорками и пословицами на уроке английского языка в IX классе. // Иностраннные языки в школе. – 2000. – №1. – С. 40-42.
3. Қазақтың мақал-мәтелі. Жинап, құрастырған Ө.Тұрманжанов. – Алматы: Жазушы, 1980. – 352 б.

## **К ВОПРОСУ О ДИФФЕРЕНЦИРОВАННОМ ПОДХОДЕ К ОБУЧЕНИЮ РУССКОМУ ЯЗЫКУ В НАЦИОНАЛЬНОЙ ГРУППЕ**

**Бабашиаикова А.А.,**  
*магистр педагогических наук,*  
[aina\\_27\\_03@mail.ru](mailto:aina_27_03@mail.ru),

**Омарова Г.Б.,**  
*Карагандинский государственный индустриальный университет,*  
*Караганды, Казахстан*

**Резюме**

Дифференцированный подход к обучению с неизбежной индивидуализацией учебного процесса позволяет ускорить процесс становления языковой профессионально направленной компетенции обучающихся. Данный подход можно применять не только в процессе объяснения, закрепления и активизации учебного материала, но и на уровне контроля, позволяя правильно и обоснованно выбирать именно те приемы, которые способствуют более легкому и прочному усвоению учащимися материала.

**Түйіндеме**

Оқыту барысында саралау тәсілі студенттерге жеке дара жұмыс атқару мүмкіндігін береді және олардың кәсіби тілдік қабілеттері жылдам дамуына себепші болады. Бұл тәсілді тек сабақты түсіндіру, бекіту және оқыту барысын жандандыру кезінде ғана емес, сонымен қатар бақылау кезінде де қолдануға болады. Себебі бұл тәсіл оқуы барысында студенттердің сабақты оңай әрі тез меңгеру үшін, тиімді тәсілді таңдау мүмкіндігін береді.

**Summary**

A differentiated approach to learning with the inevitable individualization of the learning process makes it possible to accelerate the process of developing the language professionally directed competence of students. This approach can be applied not only in the process of explaining, fixing and activating the training material, but also at the level of control, allowing correctly and reasonably choose precisely those techniques that contribute to the student's easier and more profound learning by the material.

Современные требования к выпускнику казахстанских вузов обусловили особое внимание к профессиональной подготовке обучающихся. С этим связано увеличение количества часов профильных дисциплин в подготовке специалистов различного профиля, а также изменение места и роли курса русского языка. К специалистам-выпускникам отечественных вузов предъявляются требования не только высокого профессионализма, но и глубокого понимания принципов коммуникации, в связи с чем качественная подготовка в сфере русского языка также становится неотъемлемой составляющей профессиональной подготовки будущих специалистов.

Условия обучения студентов в национальной группе представляются специфическими, поскольку обучение происходит в группах с неодинаковым начальным уровнем владения русским языком. Более того, количество учебных часов, выделяемых на дисциплину учебным планом, требует особой организации материала и интенсификации процесса языкового обучения. Все это так или иначе обусловило выбор дифференцированного подхода к обучению как основной стратегии.

В педагогической литературе разными авторами даются разные понятия дифференциации обучения. Так, например, в педагогическом энциклопедическом словаре под дифференциацией обучения понимается форма организации учебной деятельности обучающихся, при которой учитывается их склонности, интересы и проявившиеся способности. Педагогический энциклопедический словарь (1, с.276). Согласно В.В. Елисееву

дифференциация обучения – это учет индивидуальных особенностей учащихся в той форме, когда учащиеся группируются на основании каких-либо особенностей для отдельного обучения; обычно обучение в этом случае происходит по нескольким различным учебным планам и программам (2, с. 8-17). Осмоловская И.М. утверждает, что дифференциация обучения – это способ организации учебного процесса, при котором учитываются индивидуально-типологические особенности личности в форме специального создания различий в процессе и результатах обучения. (3, с. 67). К.Г. Селевко полагает, что дифференциация обучения (дифференцированный подход в обучении) – это: 1) создание разнообразных условий обучения для различных школ, классов, групп с целью учета особенностей их контингента; 2) комплекс методических, психолого-педагогических и организационно-управленческих мероприятий, обеспечивающих обучение в гомогенных группах. (4, с. 79) По В.И. Андрееву, дифференциация обучения – это дидактический принцип, согласно которому для повышения эффективности создается комплекс дидактических условий, учитывающий типологические особенности учащихся (их интересы, творческие способности, обученность, обучаемость, работоспособность и т. д.) в соответствии с которыми отбираются и дифференцируются цели, содержание образования, формы и методы обучения. (5, с. 59).

Как видим, существует достаточное количество определений «дифференцированный подход», не лишенных рационального зерна. Не вступая в полемику с видными учеными, мы под данным термином сочетанием будем понимать форму организации учебного процесса, при которой преподаватель работает с группой учащихся, составленной с учетом наличия у них каких-либо значимых для учебного процесса общих качеств.

Исходя из основной цели обучения языку - формирование языковой профессионально направленной компетенции, уже на начальном этапе следует отбирать учебный материал с учетом уровня трудности для обучающихся, изучать его дифференцированно, организуя таким образом обучение русскому языку по специально разработанным для каждой группы учебным комплексам. Это позволит обеспечить усвоение прочных грамматических навыков за короткое время. Кроме того, к наиболее высокой результативности в короткие сроки в овладении языковой компетенцией будущими специалистами может привести дифференциация смешанной группы на типовые подгруппы, а также поиск таких эффективных методик, которые бы учитывали соотношение обучающих действий преподавателя с индивидуальными особенностями учащихся и условия для максимального развития языковой личности каждого обучаемого. Мы полагаем, что разработка методики для разных категорий обучающихся внутри одной группы позволит наиболее эффективно сочетать различные методы и приемы в достижении цели обучения на определенном этапе. Так, приемы взаимообучения на занятиях в тройках А-Б-В призваны ликвидировать отсутствие межличностного общения, а насыщенный характер упражнений для подгруппы «В» — ликвидирует обучение по «облегченному» образцу, так как планируется использовать упражнения, нацеленные на интеллектуальную активность всех обучающихся, а система этих упражнений позволяет достигнуть при меньшем количестве затраченного времени прочного усвоения изучаемого материала и правильного употребления в речи языкового явления.

Ученые отмечают, что успех методической системы обучения, построенной на разновариантной основе, зависит от создания и правильного применения в обучении пособий и учебников по русскому языку. Такие учебники и пособия должны быть составлены с учетом не только стартового уровня знаний, но и степени сформированности грамматического навыка в родном языке. Так, разновариантные учебные комплексы должны включать: коммуникативно ориентированное профессионально направленное учебное пособие, призванное обеспечить обучение языку как динамически функционирующей системе, порождающей речевые высказывания. Более того, в такого рода учебное пособие необходимо включить ряд обязательных упражнений и заданий и дополнительных комплексов с определенным шифром сложности, а также большое количество творческих и

межпредметных заданий. Немаловажным представляется и включение в данное учебное пособие грамматического материала по принципу крупных блоков с использованием приемов сопоставительного анализа и формированием межъязыкового переноса навыков.

Таким образом, осветив лишь немногие особенности дифференцированного подхода к обучению русскому языку, можно сделать выводы о том, что этот подход можно применять не только в процессе объяснения, закрепления и активизации учебного материала, но и на уровне контроля, позволяя правильно и обоснованно выбирать именно те приемы, которые способствуют более легкому и прочному усвоению учащимися материала. Для достижения наивысшего эффекта в обучении необходимо чередовать коллективные формы обучения с индивидуализированными, что требует более точного и разностороннего изучения учащихся с помощью психологической диагностики, включающей в себя систему тестов, анкет, опросников и т.д.

В целом можно сказать, что дифференцированный подход к обучению с неизбежной индивидуализацией учебного процесса позволяет ускорить процесс становления языковой профессионально направленной компетенции обучающихся, повысить успеваемость отстающих, способствовать усилению их интереса к изучению русского языка, стремлению овладеть им для обеспечения свободной коммуникации, а индивидуализация обучения ведет к оптимизации и интенсификации учебного процесса и последующему выходу учащихся в самостоятельную работу, являющейся важным фактором успешности их дальнейшего самообразования.

#### **Литература:**

1. Педагогический энциклопедический словарь. – М.: Просвещение, 1998.
2. Елисеев В.В. Управление дифференцированным обучением в общеобразовательной школе. – Ульяновск: ИПК ПРО, 1995. – С. 8-17.
3. Осмоловская И.М. Каждый школьник талантлив по-своему // Директор школы. – 2000. – № 2 – С. 67-68.
4. Селевко Г.К. Педагогические технологии на основе эффективности управления и организации учебного процесса – С. 79.
5. Андреев В.И. Педагогика творческого саморазвития. – Казань, 1998. – С. 59.
6. Голубева Э.А. Способности. Личность. Индивидуальность/ Э.А.Голубева. – Дубна: «Феникс+», 2005. – 512 с.
7. Гуревич К.М. Дифференциальная психология и психодиагностика. Избранные труды / К.М. Гуревич. – СПб.: Питер, 2008. – 336 с.

## **METHODS OF TEACHING CLUSTERS OF SOUNDS**

*Екибаева Н.А.,*

*кандидат филологических наук, доцент,*

*Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева,*

*Астана, Казахстан,*

*[user\\_gt@mail.ru](mailto:user_gt@mail.ru)*

#### **Түйіндеме.**

Бұл жұмыстың басты мақсаты қазақ тілі, орыс тілі және ағылшын тіліндегі дауысты дыбыстардың бірден бес дыбысқа дейін түрлі оқылу жолдарын анықтау, сондай-ақ олардың заңдылықтарын кешенді түрде зерттеу. Осы мақсатқа жету үшін үш тілдегі дауысты әріптердің комбинациялары жинақталып, арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар қарастырылды.

Жұмыс барысында төрт негізгі міндеттер шешілді, олар:

- дауысты дыбыстардың құрамаларынан анықтау және сөздер құрылымында кездесетін саны мен орналасуы жайлы классификация жасау;
- осы комбинациялардың қолданылу жиілігін анықтау;
- зерттелген комбинациялардың фонетикалық оқылуын тұжырымдау және талдау;

- қазақша, орысша және ағылшын тілдерінде үнсіздік тіркесімдерін салыстыру, ортақ және ерекше ерекшеліктерді құру.

Зерттеу барысында келесідегі оқулықтар қолданылды: М.О.Әуезов «Абай», И.С.Тургенев «Отцы и дети» (Л., 1965), Д.Голсуорси «Сага о Форсайтах» (1 кітап «Собственник» – John Galsworthy “The Forsyte Saga”, Book 1 “The Man of Property”, М., 1974), сондай-ақ С.Кенебаевтың қазақ тілінің орфографиялық сөздігі, Р.И. Аванесова (Мәскеу, 1987 ж.) орыс тілінің орфоэпиялық сөздігі, және ағылшын тіліндегі Ed. D. Jones (Дэниел Джонс «Everyman's English Speaking Dictionary», 13th ed., L., 1969) сөздіктері қолданылды.

**Кілт сөздер:** дыбыстар кластері, дауысты дыбыстар, дыбыстау, дауысты дыбыстардың классификациясы

#### **Аннотация.**

Основной целью работы является комплексное и системное исследование сочетаний гласных букв в казахском, русском и английском языках, передающих от одного до пяти звуков, один и два слога, а также установление закономерностей в их сопоставлении.

Для достижения этой цели рассматриваются как сходства, так и различия между сочетаниями гласных букв трех языков.

В работе решаются следующие четыре основные задачи:

- выявление вариантов сочетаний гласных букв и их классификация по количеству и положению в структуре слов;

- определение частотности употребления этих сочетаний;

- анализ и формулировка фонетического чтения исследуемых сочетаний;

- путем сопоставления сочетаний гласных букв казахского, русского и английского языков установление общих и специфических черт.

Материалом для работы послужили сочетания гласных, выбранные из сплошного текста романов: М.О.Ауэзова «Абай», И.С.Тургенева «Отцы и дети» (Л., 1965), Д.Голсуорси «Сага о Форсайтах» (книга 1 «Собственник» – John Galsworthy “The Forsyte Saga”, Book 1 “The Man of Property”, М., 1974), а также выборки из Орфографического словаря казахского языка под ред. С.К.Кенесбаева Орфоэпического словаря русского языка под ред. Р.И.Аванесова (М.,1987) и Произносительного словаря английского языка под ред. Д.Джоунза (Daniel Jones “Everyman's English Pronouncing Dictionary”, 13th ed. L., 1969).

**Ключевые слова:** кластеры звуков, гласные звуки, произношение, классификация гласных звуков

Studying a foreign language students have to overcome many difficulties including those related to the need of mastering both grapheme and adequate pronunciation.

A separate problem is the combination of vowels. A specific situation arises in the study of English as a foreign language by non-Germanic speakers. The fact is that there are a large number of combinations of letters whose pronunciation cannot be derived from the sounds composing these combinations. A special difficulty arises when these combinations are expressed in writing (or in graphics): the same combination of vowels in most cases may sound differently in different words.

In recent decades due to the strengthening of international relations much attention is paid to research in the field of comparative linguistics. Therefore, the relevance of the study of combinations of vowels and corresponding alphabetic expressions is predetermined by the need for their further study and detailed development, as well as the lack of work on this topic.

The main problem arising in this connection is the definition and analysis of the typological differences and similarities of the combinations of vowels and letters expressing them in Kazakh, Russian and English languages.

The insufficient elaboration of this problem both in individual languages and in comparison, predetermined the choice of the topic, the purpose and content of the study.

The Kazakh language needs generalizing research based on the basis of modern theoretical work.

The main goal of the work is a comprehensive and systematic study of combinations of vowel letters in Kazakh, Russian and English languages, transmitting from one to five sounds, one and two syllables, and establishing the patterns in their comparison.

Both similarities and differences between combinations of vowel letters of the three languages are considered to achieve this goal.

The following four main tasks are solved in this work:

1. Identification of variants of combinations of vowel letters and their classification by the number and position in the structure of words;

2. Determining the frequency of use of these combinations;

3. Analysis and formulation of phonetic reading of the studied combinations;

4. By comparing the combinations of vowels in Kazakh, Russian and English, the establishment of common and specific features.

Material for the work considered from the following novels: M.Auezov "Abai", I.Turgenev "Fathers and Sons" (L., 1965), D.Golsworthy "Saga of Forsytes" (Book 1 "Owner" - John Galsworthy "The Forsyte Saga", Book 1 "The Man of Property", M., 1974), as well as samples from the Spelling Dictionary of the Kazakh language, ed. S.Kenebbaev Orthoepic dictionary of the Russian language, ed. R.Avanesova (Moscow, 1987) and the Pronunciation Dictionary of English under Ed.Jones (Daniel Jones "Everyman's English Pronouncing Dictionary", 13th ed. L., 1969).

From the texts have been written out combinations of vowels in the initial, middle and final position in the word, which is the database scrutinized during the study. After the initial processing of the collected database, the resulting combinations of vowels from Kazakh, Russian and English were subjected to a detailed description and comprehensive analysis.

The methodological basis of the study is the work on general linguistics (N.Arutyunova, A.Bondarko, V.Vinogradov, O.Espersen, S.Katsnelson, R. Jakobson) and German linguistics (E.Benvenist, H. Hirth, S. Witting, H. Palmer).

The problems of combinations of vowels are interpreted by us, starting from the theoretical positions developed in Turkology – S.Kenebbaev, M.Raimbekova, in Russian linguistics – L.Shcherba, I.Boduen de Courtenay, L.Zinder. One of the important methodological foundations in the study of this topic were the works of A.Dzhunisbekov "Vowels of the Kazakh language", T.Amirova "Functional interrelation of written and sound language", A.Zaliznyak "On the concept of grapheme", V.Shevoroshkina "Sound chains in the languages of the world" and others.

Descriptive, statistical, comparative-comparative methods are used in the teaching tool, in which combinations of vowel letters in Kazakh, Russian and English are compared.

1. Variants of combinations of vowels and sounds of Kazakh, Russian and English are established;

2. The investigated combinations of vowel letters in phonetic are analyzed;

3. Combinations of vowel letters are singled out, conveying one and several syllables in the third language have been studied;

4. The general and specific phenomena of the languages being compared are revealed.

The scientific novelty of the teaching guide is that for the first time it provides a complex description and comparison of combinations of vowel letters in Kazakh, Russian and English. A new language material is introduced into the scientific circulation, collected and classified by the author during phonetic research of

combinations of vowels of Kazakh, Russian and English languages in words from the continuous text of novels and from dictionaries.

In view of the fact that the combinations of vowel sounds and their representative letters have not been fully covered before, this work is the first experience of a special study of the problem.

Conclusions obtained as a result of the research have both theoretical and practical significance. Analysis of the results of studies of combinations of vowel letters will answer a number of questions in the theory of phonetics and phonology, graphemes related to the study of the rules for combining and reading combinations of vowels in Kazakh, Russian and English.

The conclusions of the educational-methodical manual can be used when writing a university textbook on the phonetics of the Kazakh language. It is assumed that the first such detailed description of the combinations of vowels in Kazakh, Russian and English can serve as a prerequisite for generalizing works on this problem, for comparative typological coverage of the Kazakh language with other languages.

The practical value of the teaching aid is that, in addition to purely scientific interest, the description of combinations of vowels will be useful in the practice of teaching Kazakh, as foreign, Russian and English. The work can be recommended to university teachers in the preparation of lecture courses on phonetics and phonology.

Practical conclusions, as well as numerous specific observations in the teaching aid, can find application in the compilation of textbooks, pronunciation and spelling dictionaries of the Kazakh language.

The main provisions of the teaching aid are reflected in seven articles, theses published in scientific publications. The practical part of the work was presented in the form of reports at republican seminars and methodological associations of university professors.

In the conducted study of combinations of vowels of Kazakh and English languages, four main tasks are solved:

1. Variants of combinations of vowel letters and their classification by number and position in the word are revealed;
2. Frequency of use of these combinations is determined;
3. The analysis and formulation of phonetic reading of the studied combinations is carried out;
4. Combinations of vowels of Kazakh and English are compared.

On the basis of a comparison of these combinations, the true nature of the features of their phonetic reading is revealed.

Each combination is specific, therefore it is considered separately depending on the difficulty of its perception by native speakers of the Kazakh language, and also depending on their similarity with the combinations of vowels of the Kazakh language.

The most frequent vowel letters that form two-element combinations at the beginning of words are: in Kazakh - and, and, in English - a, o, y. Most often the vowel letter a in Kazakh is combined with the letters y, i. These combinations: ay, aya are used in all three positions in the word. The combinations aa, a0 are rare. In

English, the vowel letters that form two-element combinations are relatively larger than in Kazakh. In the Kazakh language, the two-element combinations of vowels at the beginning of words are either unstressed, or the stress falls on the second vowel sound of the combination when it is at the end of the word. The coinciding middle two-element combinations of vowels are not fixed.

#### **References:**

1. N.Arutyunova О фонетической организации языка и иерархии его грамматических единиц» in the book: «Фонетика. Фонология. Грамматика», М., 1971.
2. А.Вондарко. Структура слога и характеристики фонем, - ВЯ, 1967, №1.
3. А.Дzhunisbekov Гласные казахского языка» (experimental phonetically research). Auto abstract. – Almaty, 1969.

## **СОВРЕМЕННЫЕ ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ТЕХНОЛОГИИ В ОБУЧЕНИИ ИНОСТРАННОГО ЯЗЫКА**

*Кан Н.,*

*Карагандинский государственный индустриальный университет,*

*Караганды, Казахстан,*

*[nata.kan.2012@mai.ru](mailto:nata.kan.2012@mai.ru)*

#### **Summary**

The article analyzes modern pedagogical technologies in teaching a foreign language.

The relevance of this article is beyond doubt, since the main goal of teaching foreign languages is the formation and development of a communicative culture of students, teaching practical mastery of a foreign language. Modern pedagogical technologies, such as training in cooperation, project methodology, use of new information technologies, Internet resources, help to realize a person-oriented approach in teaching, provide individualization and differentiation of education, supply with the abilities of students, their level of training, inclinations.



**Key words:** modern pedagogical technologies, teaching foreign language, person-oriented approach, the abilities of students.

#### **Резюме**

В статье анализируются современные педагогические технологии в обучении иностранного языка. Актуальность данной статьи не вызывает сомнения, поскольку основной целью обучения иностранным языкам является формирование и развитие коммуникативной культуры обучающихся, обучение практическому овладению иностранным языком. Современные педагогические технологии, такие, как обучение в сотрудничестве, проектная методика, использование новых информационных технологий, Интернет – ресурсов, помогают реализовать лично–ориентированный подход в обучении, обеспечивают индивидуализацию и дифференциацию обучения с учетом способностей студентов, их уровня обученности, склонностей.

**Ключевые слова:** современные педагогические технологии, обучение иностранным языкам, лично–ориентированный подход, способности студентов.

#### **Түйіндеме**

Мақалада шет тілін оқытудағы заманауи педагогикалық технологиялар талданады. Шетел тілдерін оқытудың негізгі мақсаты - студенттердің коммуникативтік мәдениетін қалыптастыру және дамыту, шет тілін практикалық меңгеруді үйрету болып табылатындықтан, осы мақаланың өзектілігі күмәнсіз. Оқыту назарға оқушылардың қабілеттерін ескере отырып, оқытуды даралау мен ажыратуды қарастыратын студенттік бағдарланған тәсілді жүзеге асыруға көмек ресурстарын, оқыту, олардың деңгейіне, бейімділігі - осындай кооперативтік оқыту, жоба әдістемесі, жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану және Интернет сияқты қазіргі заманғы білім беру технологиялары.

**Түйінді сөздер:** қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар, шет тілдерін оқыту, жеке бағдарлы тәсіл, студенттердің қабілеттері.

В последние годы все чаще поднимается вопрос о применении новых информационных технологий при изучении иностранных языков. Это не только новые технические средства, но и новые формы и методы преподавания, новый подход к процессу обучения. Основной целью обучения иностранным языкам является формирование и развитие коммуникативной культуры обучающихся, обучение практическому овладению иностранным языком. Современные педагогические технологии, такие, как обучение в сотрудничестве, проектная методика, использование новых информационных технологий, Интернет – ресурсов, помогают реализовать лично–ориентированный подход в обучении, обеспечивают индивидуализацию и дифференциацию обучения с учетом способностей студентов, их уровня обученности, склонностей. Современные учебные пособия по педагогической психологии относят к гуманистическому направлению в обучении три дидактические системы: так называемые открытые школы (open education or open classroom), индивидуальный стиль обучения (the learning-styles approach) и обучение в сотрудничестве (cooperative learning) [3, с.11]. В Великобритании, Австралии, США имеется опыт обучения учащихся по индивидуальным планам, в соответствии с индивидуальным стилем обучения. Для массовой школы представляется наиболее интересным опыт обучения в сотрудничестве как обще дидактический концептуальный подход, особенно, если учесть тот факт, что эти технологии вполне органично вписываются в классно-урочную систему, не затрагивают содержания обучения, позволяют наиболее эффективно достигать прогнозируемых результатов обучения и раскрывать потенциальные возможности каждого ученика. Учитывая специфику предмета «иностраный язык», эти технологии могут обеспечить необходимые условия для активизации познавательной и речевой деятельности каждого ученика группы, предоставляя каждому из них возможность осознать, осмыслить новый языковой материал, получить достаточную устную практику для формирования необходимых навыков и умений. Идеология обучения в сотрудничестве была детально разработана тремя группами американских педагогов: Р. Славиным из университета Джона Хопкинса; Р. Джонсоном и Д. Джонсоном из университета штата Миннесота; группой Э. Аронсона из университета штата Калифорния. Основная идея этой технологии – создать условия для активной совместной учебной деятельности учащихся в разных учебных ситуациях. Ученики разные: одни быстро «схватывают» все объяснения учителя, легко овладевают лексическим материалом, коммуникативными умениями; другим требуется не только значительно больше времени на осмысление материала, но и дополнительные

примеры, разъяснения [2, с.90]. Такие ребята, как правило, стесняются задавать вопросы при всем классе, а подчас и просто не осознают, что конкретно они не понимают, не могут сформулировать правильно вопрос. Если в таких случаях объединить ребят в небольшие группы (по 3-4 человека) и дать им одно общее задание, оговорив роль каждого ученика группы в выполнении этого задания, то возникает ситуация, в которой каждый отвечает не только за результат своей работы (что часто оставляет школьника равнодушным), но, что особенно важно, за результат всей группы. Поэтому слабые ученики стараются выяснить у сильных все непонятные им вопросы, а сильные учащиеся заинтересованы в том, чтобы все члены группы, в первую очередь слабый ученик, досконально разобрались в материале (заодно и сильный школьник имеет возможность проверить собственное понимание вопроса, дойти до самой сути). Таким образом, совместными усилиями ликвидируются пробелы. Такова общая идея обучения в сотрудничестве [3, с.123]. Практика показывает, что вместе учиться не только легче и интереснее, но и значительно эффективнее. При этом важно, что эта эффективность касается не только академических успехов, но и их интеллектуального и нравственного развития. Учиться вместе, а не просто что-то выполнять вместе – вот что составляет суть данного подхода. Идея обучения в сотрудничестве получила своё развитие усилиями многих педагогов во многих странах мира, ибо сама идея чрезвычайно гуманна по своей сути, а следовательно педагогична, хотя и имеет заметные различия в вариантах разных стран. Существует много разнообразных вариантов обучения в сотрудничестве. Перечислим их. 1) Группы учащихся формируются учителем до урока, разумеется с учетом психологической совместимости детей. При этом в каждой группе должны быть сильный, средний и слабый ученик, девочки и мальчики. Если группа работает слаженно состав можно не менять. Если работа по каким-то причинам не клеится, состав группы можно менять от урока к уроку. 2) Группе дается одно задание, но при его выполнении предусматривается распределение ролей между членами группы. 3) Оценивается работа не одного ученика, а всей группы; важно, что оцениваются не столько знания, сколько усилия учащихся. При этом в ряде случаев можно предоставить ребятам самим оценивать результаты. 4) Учитель сам выбирает учащегося группы, который должен отчитаться за задание. В ряде случаев это может быть слабый ученик. Если слабый ученик в состоянии обстоятельно изложить результаты совместной работы группы, ответить на вопросы других групп, значит, цель достигнута и группа справилась с заданием [2, с.110]. Итак, приведем некоторые варианты обучения в сотрудничестве. 1. Student team learning (STL, обучение в команде). В данном варианте реализации обучения в сотрудничестве уделяется особое внимание «групповым целям» (team goals) и успеху всей группы (team success), что может быть достигнуто только в результате самостоятельной работы каждого члена группы (команды) в постоянном взаимодействии с другими учениками этой же группы при работе над темой/проблемой/вопросом, подлежащим изучению. Вариантами этого подхода можно считать: а) индивидуально-групповую (student – teams – achievement divisions – STAD) и б) командно-игровую (teams – games – tournament – TGT) работу. 2) Другой вариант организации обучения в сотрудничестве разработал профессор Э. Аронсон в 1978 году и назвал его Jigsaw. В педагогической практике такой подход обозначается сокращенно «пила». Учащиеся организуются в группы по 4-6 человек для работы над учебным материалом, который разделен на фрагменты (логические или смысловые блоки). Такая работа на уроках ИЯ организуется на этапе творческого применения языкового материала. Каждый член группы находит материал по своей подтеме. Затем школьники, изучающие один и тот же вопрос, но работающие в разных группах, встречаются и обмениваются информацией как эксперты по данному вопросу. Это называется «встречей экспертов». Затем ребята возвращаются в свои группы и обучают всему новому, что узнали, товарищей в своей группе. Те, в свою очередь рассказывают о своей части задания. Все общение ведется на ИЯ. Отчитывается по всей теме каждый ученик в отдельности и вся команда в целом [3, с.100]. 3) Ещё один вариант обучения в сотрудничестве – learning together (учимся вместе) – разработан в университете штата Миннесота в 1987 году (Д. Джонсон и Р. Джонсон). Класс

делится на группы по 3-4 человека. Каждая группа получает одно задание, которое является частью какой-либо большой темы, над которой работает весь класс. Каждой группе дается задание подготовить свою часть. В результате совместной работы отдельных групп и всех групп в целом достигается усвоение материала в полном объеме. Надо иметь в виду, что вся необходимая лексика по теме усвоена в ходе предыдущей работы на других уроках. Основные идеи, присущие всем описанным здесь вариантам обучения в сотрудничестве, дают возможность учителю быть ориентированным на каждого ученика. Это и есть личностно-ориентированный подход в условиях классно-урочной системы, один из возможных способов её реализации. При использовании обучения в сотрудничестве самое трудное – добиться, чтобы ученики в малых группах общались на ИЯ. Но практика показывает, что при достаточно настойчивом внимании со стороны учителя это требование выполняется сначала с трудом, а затем постепенно с явным удовольствием. Следует отметить, что недостаточно сформировать группы и дать им соответствующее задание. Суть в том, чтобы учащийся сам захотел приобрести знания. Проблема мотивации самостоятельной учебной деятельности не менее важна, чем способ организации, условия и методика работы над заданием [2, с.65]. К методам и соответственно к технологиям личностно ориентированного подхода в обучении иностранным языкам относится метод проектов. Метод проектов, известный также как метод проблем, возник в 1920 году в США. Обычно его связывают с идеями гуманистического направления в философии и образовании американского философа и педагога Дж. Дьюи, а также его ученика В.Х. Килпатрика. В России идеи проектного обучения возникли практически одновременно с разработками американских педагогов. Под руководством русского педагога С.Т. Шацкого в 1905 году была организована небольшая группа сотрудников, пытавшаяся использовать проектные методы в практике преподавания. В 1931 году метод был осужден. Метод проектов – это совокупность учебно-познавательных приемов, которые позволяют решить ту или иную проблему в результате самостоятельных действий учащихся с обязательной презентацией этих результатов. Проектная технология включает в себя совокупность исследовательских, поисковых, проблемных методов, творческих по самой своей сути [1, с.17]. Суггестопедическое направление в педагогике появилось в связи с попыткой болгарского врача психотерапевта Георгия Лозанова использовать суггестопедию как средство активизации резервных психических возможностей личности в учебном процессе, в частности при обучении иностранным языкам. Сформулируем основные цели и задачи интенсивного метода обучения иностранным языкам. Главной задачей интенсивного метода обучения иностранному языку является овладеть, в условиях жесткого лимита времени, иностранным языком как средством общения и средством познания, выработать умения и навыки понимания устной речи на иностранном языке в нормальном (естественном) или близком к нормальному темпе при практически неограниченной бытовой, общественно-политической и общенаучной тематике. Отбор словарного материала для курса интенсивного обучения происходит по частотно-тематическому принципу. Это означает, что при тематической организации каждого конкретного текста урока тематически достоверные слова проходят дополнительный фильтр-проверку с точки зрения их частотности, высокой семантической стоимости, сочетаемости, наличия и возможности введения их синонимов, антонимов или омонимов. Что касается грамматических явлений языка, то все они нашли отражение в курсе. При их введении соблюдается тот же принцип: языковая достоверность (залог, видо-временные формы, артикль), смысловая противопоставленность и возможность проиллюстрировать ее на материале урока. Особое значение в интенсивном курсе обучения приобретает вопрос распределения учебного материала во времени. Оно определяется и регулируется целым рядом факторов различной природы: дидактическими, психологическими, социопсихологическими. Все эти факторы одинаково важны, взаимосвязаны и подчинены задачам обучения. Суммируя вышесказанное, можно сформулировать цели интенсивного метода: обучить учащихся навыкам аудирования и говорения с использованием большого (огромного по сравнению с традиционными

методами) лексического материала за короткий (кратчайший по сравнению с традиционными методами) промежуток времени [3, с.70]. Таким образом, выпускник учебного заведения должен обладать нужными знаниями, умениями, навыками, осуществлять различные виды деятельности, уметь пользоваться новыми информационными технологиями, быть готовым к сотрудничеству, стремиться избегать и преодолевать конфликты.

**Литература:**

- 1 Китайгородская, Г.А. Методика интенсивного обучения. / Г.А. Китайгородская. – Москва: «Высшая школа», 1986. – 200 с.
- 2 Коряковцева, Н.Ф. Современная методика организации самостоятельной работы изучающих иностранный язык / Н.Ф. Коряковцева. – Москва: Просвещение, 2002. – 219 с.
- 3 Олифер, В.Н. Новые технологии в обучении / В.Н. Олифер. – Санкт-Петербург: БХВ, 2000. – 215 с.

## **ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТАЛАПТАР**

***Каржаубаева К.Ж.,***

*магистрант,*

*М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан*

*мемлекеттік университеті,*

*Орал, Қазақстан,*

*[kama\\_kz89@mail.ru](mailto:kama_kz89@mail.ru)*

**Резюме**

В статье рассматриваются проблемы инновационных технологий обучения, пришедших на смену традиционным методам обучения, а также становления и развития полиязычного образования, механизм подготовки полиязычных кадров.

**Summary**

The article deals with the problems of innovative teaching technologies that have replaced the traditional methods of instruction, as well as the formation and development of a multilingual education, and the mechanism for the preparation of multilingual personnel.

Заманауи білім берудің маңызды даму сипаттарының бірі – оның жаһандылығы. Бұл сипат қазіргі әлемдегі интеграциялық үдерістердің жүріп жатқандығын, қоғамның түрлі салалары бойынша мемлекеттер арасында өзара әрекеттестіктің қарқындылығын көрсетеді. Білім беру ұлттық басымдылық категориясынан әлемдік басымдылық категориясына өтуде.

Қазіргі кезде егемен елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бұл оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр. Себебі, білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болуда. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі маңызды мәселелердің бірі.

Инновацияның басты мәні бұрын болмаған жаңалық, қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандырудың жаңа әдісі деген түсініктеменің жиынтығы. Жаңашылдық білім беру саласының алдында тұрған жаңа міндеттерді сәтті орындаудың негізгі шарттарының бірі болып саналады.

Жалпы оқу үдерісін “технологияландыру” мәселесі ХХ ғасырда педагогика ғылымында бірнеше мәрте қарастырылып, әртүрлі қырынан зерттелді. Ол зерттеулердің нәтижесінде бірқатар ірі педагогикалық оқыту технологиялары сұрыпталды.

Сұрыпталған жаңа педагогикалық технологиялардың әрқайсысы – білім стандартында көзделген оқыту нәтижелеріне қол жеткізу жолындағы мақсат, мазмұн, әдістер мен құралдардың біртұтастығын ұсынады [1].

Қазіргі білім беру саласында оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болуы қиын. Жаңа технологияны меңгеру – оқытушының интеллектуалды, адамгершілікті, рухани азаматтық және де басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына әсерін тигізуіне, өзін-өзі дамытып оқу-тәрбие үлгісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Ғалым Р.Ә. Шаханованың пікірінше, қазіргі кезде мемлекеттік тілді орыс аудиториясында оқытудың қалыптасқан әдістеріне қатысты бірқатар мәселелер кездеседі:

- оқу материалдарының тез естен шығып кетуі;
- тіл үйренушілердің сөйлеу іс-әрекетінің бәсеңдігі;
- пәнге деген қызығушылықтың төмендеуі;
- негізгі сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға онша мән берілмеуі.т.б.

Осы мәселелерді жою үшін біз жаңа идеялар мен соңғы ғылыми жаңалықтарға ұмтыламыз. Қазіргі таңда оқытушылардың зерттеушілік қызметі күшейіп отыр. Әрбір оқытушының өзінің тәжірибесінде педагогикалық инновациялық технологияларды іс жүзінде қолданып, енгізуге мүмкіндігі бар [2].

Қазіргі дамыған елдер инновациялық идеяларымен дүние жүзін жаулап келеді. Бүгінгі күні өмірімізге дендеп еніп, қолданысы кеңейе бастаған «инновация» термині ауыз екі тілде ғана емес, қоғамдық қарым-қатынаста кеңінен қанат жайып келеді. «Инновация» ағылшын тілінен аударғанда «жаңалық енгізу, жаңашылдық» деген ұғымды білдіреді. Басты мәні бұрын болмаған жаңалық, қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандырудың жаңа әдісі деген түсініктеменің жиынтығы [3, 24].

Соңғы жылдары жаңа ақпараттық технологияларды қолдану туралы жиі сөз болып жүр. Бұл – жаңа техникалық құралдар ғана емес, сонымен қатар оқытудың жаңа формалары мен әдістері, оқыту процесіне жаңаша қарау. Қазіргі заман талабына сай адамдардың мәлімет алмасуына, қарым-қатынасына ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың кеңінен қолданысқа еніп, жылдам дамып келе жатқан кезеңінде ақпараттық қоғамды қалыптастыру қажетті шартқа айналып отыр [4, 3].

Жаңашылдық білім беру саласының алдында тұрған жаңа міндеттерді сәтті орындаудың негізгі шарттарының бірі болып саналады. Олар оқу-тәрбие жұмыстарының тиімділігі мен өнімділігін арттыруға септігін тигізеді.

Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді сараптау нәтижелері «новация» мен «инновация» ұғымдарын жеке-жеке қарастыру керектігін көрсетті. Дегенмен әдебиеттерде осы екі ұғымның әртүрлі анықтамалары кездеседі. Инновация ұғымын энциклопедиялар мен сөздіктерде әртүрлі анықтамаларын кездестіруге болады.

Инновация ұғымына жалпы энциклопедияның жаңа басылымында «инновация, жаңалық, жаңару – техникалық және технологиялық жетістіктер мен ашылымдардың немесе жаңалықтардың іс жүзіндегі қолданысы» деген анықтама беріледі. Ал, сөздікте «новация – бар нәрсенің ішінара жаңаруы, яғни қандай да бір бөлігінің, қасиетінің, байланысының өзгеруі» делінсе, «инновация – мүлдем жаңа нәрсе, жаңалық» ретінде пайымдалады. «Инновация» сөзі латын тіліндегі in (ішіне) novus (жаңа) сөздерінен құралып, жаңару, жаңалық, өзгеру деген мағынаны білдіреді [5, 49].

Қазақстанда ең алғаш “инновация” ұғымын қазақ тілінде анықтаған ғалым, профессор Н.Нұрахметов. Ол «Инновация, инновациялық үдеріс деп отырғанымыз білім беру мекемелерінің жаңалықтарды жасау, меңгеру, қолдану және таратуға байланысты бір бөлек қызмет» деп көрсетеді. Ал К. Құдайбергенова «инновацияны» – нақты қойылған мақсатқа сай алынған жаңа нәтиже деп есептеп, төмендегідей аудармалар жасаған: «инновация» - жаңарту, «нововедение» – енген жаңалық, «новое» – жаңа, «новшество» – жаңалық, «инновационный процесс» – жаңарту үдерісі. Алайда инновация ұғымының шығу кезеңі мен тарихын дәл анықтау мүмкін болмаса да, бұл ұғым қоғамдық ғылымдарға жаратылыстану

ғылымдарынан келген деп есептеледі. Өйткені инновациялар көбіне экономика, техника, агрономия, өнеркәсіп және медицина салаларында кеңінен қолданылады. Инновациялар қоғамның пайда болу кезеңінен бері жүзеге асырылып келе жатса да, педагогикалық категория ретінде ХХ ғасырдың 70-80 жылдарында ғана қолданысқа енгізілді. Мұның басты себептерінің бірі – олардың мағынасының түрліше түсінілуінде [6, 39]. Инновациялық үдерістерді зерттеу барысында жүйенің бір жағдайдан екінші жаңа жағдайға көшуі және жаңалықты енгізу үдерісіне басшылық жасау мәселелерін зерттеу маңыздылығы алыс және жақын шетел ғалымдарының К. Ангеловски, М.В. Кларин, В.Я. Ляудис, М.М. Поташник, С.Д. Поляков, Т.И. Шамова, О.Г.Хомерики, Н.Р.Юсуфбекова, В.И. Загвязинский, П.И. Пидкасистый, Н.И. Лапин, А.И. Пригожин, Ю.Н. Кулюткин, А.К. Маркова, Н.Д. Никандров, Я.А. Пономарев, В.А. Слостенин, Л.С. Подымова, Л.Н. Фридман және т.б. еңбектерінде қарастырылған. Қазақстан Республикасында білім беру саласындағы педагогикалық инновация мен оқытудың жаңа технологиясы мәселелерін Ш.Т. Таубаева, Н.Н. Нұрахметов, С.Н. Лактионова, Е.З. Батталханов, Қ.Қ. Қадашева, Т.О. Балықбаев, Ж.А. Қараев, Г.К. Нұрғалиева, К. Бұзаубақова, С.Д. Мұқанова, Н.И. Хван, Л.Е. Румянцева, З.У. Имжарова, М.М. Мұқаметқалиқызы және т.б. педагог ғалымдар зерттеген [7, 77].

Соңғы кезеңде қазіргі заманғы педагогикалық ғылым мен практика түбегейлі өзгерістерге ұшырауда. Соның ішінде оқыту үрдісі ақпараттық – коммуникациялық жағдайларда жаңа көрініс алу жолында басқаша жаңалаған жолмен ХХІ ғасыр талаптарына сай білгір, уақытты үнемдей алатын тұлғаны қалыптастыруға бағытталады.

Жаңа ақпараттық технологияны адамзат қызметінің барлық саласына енгізу ақпараттық қоғамның басты көрінісі болып отыр. Компьютерлік техниканы көптілді білім беру жүйесінде пайдалану көптілді оқытудың педагогикалық технологиясының, ақпараттық технологиясының, компьютерлік технологиясының тууына себеп болып отыр.

Жалпы білім берудегі компьютерлік технологияны пайдаланудың ерекшеліктері қазақстандық әдістемеді зерттеліп жүрген мәселелердің бірі. Мысалы, қазақ тілін, орыс тілін, ағылшын тілдерін оқытуда компьютерлік технологияны қолданудың тиімділіктері туралы Қ.Қ. Мұқанова, Б. Қошқарбаев және Ж.А. Қараев оқытудың компьютерлік технологияларын пайдалану жағдайында оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру, А.Ә. Шәріпбаев компьютерлердің бағдарламалық және ақпараттық құралдарының дұрыстығын дәлелдеу, С.М. Кеңесбаев болашақ мұғалімдердің жаңа ақпараттық технологияны пайдалана білу мәселелерін, М.Ф. Баймұхамедов компьютерлік оқытудың бейімделген технологиясын құрастырудың модельдерін, әдістері мен құралдарын жасау мәселелерін Ж.Ж. Жаңабаев ақпараттық технологиялардың даму жағдайында мамандарды инженерлік-сызба дайындықтарын жетілдіру туралы қарастырған.

Жалпы оқытудың компьютерлік технологиясы деп студенттің немесе оқушының өз бетімен танымдық іс-әрекетін дамытуға, оқыту мен оқуды басқаруға, сондай-ақ оқу мен сабақтарды ойындық, адам-машиналық тұрғыдан оқытуға бағытталған әдіснамалық, психологиялық-педагогикалық, бағдарламалық-техникалық және ұйымдастыру құралдарының кешенін айтады [8].

Компьютерлік технология оқытушылардың оқыту әдістері мен оқу үдерісін ұйымдастыру түрлерін түбегейлі өзгертуге, оқу үдерісін үнемі жаңартып отыруға, оқытушылар мен үйренушілерге өзіндік және бірлесіп шығармашылық жұмыс істеулеріне мүмкіндік береді [1].

Білім берудегі жаңа ақпараттық технология деп оқу мен оқу-тәрбие материалдарының, үйретуге арналған есептегіш техника мен аспаптық құралдарының жиынтығы, есептегіш техника құралдарының оқу үдерісіндегі рөлі мен орнын, оқытушылар мен студенттердің еңбегін жетілдіру оларды пайдаланудың түрі мен әдістері туралы ғылыми білімнің жүйесін айтады [9].

Қазақстан Республикасының «Білім туралы Заңында»: «Білім беру жүйесінің негізгі міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық, ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» – деп көрсетілген [10]. Бұл

міндеттерді жүзеге асыру барысында білім ордаларында жаңа педагогикалық технологияларды пайдаланудың негізгі мақсатын айқындап алуда, яғни «берілген үлгі бойынша өнім алу», оқытудың тиімділігін, сапасын көтеру.

Оқыту технологиясы білім берудің тиімді жолдарын зерттейтін ғылым ретінде оқыту үрдісінде қолданылатын тәсілдер, принциптер мен айқындаушы жүйе, нақты оқыту процесі ретінде сипатталады. Осыған орай, бүгінгі күні білім беру мекемелері мен педагогика ғылымы алдында білім берудің философиялық негіздеріне, білім жүйесінің стратегиялық бағыттарына, мақсаты мен мазмұнына, оны орындаудың әдіс-тәсілдеріне деген жаңа көзқарастар қалыптасуда.

Демек білім беру жүйесінің барлық саласында, соның ішінде көптілді білім беруге жаңа технологияны жоспарлы түрде енгізіп, жүйелік интегралды өткізу немесе қамтамасыз ету қажеттілігі туындап отыр. Қазіргі замандағы технология әрбір тұлғаның білім алу үдерісінде шығармашылық қабілетін дамытуға айқын мүмкіндіктер береді. Дәл осы жаңа технология мен әрбір тұлғаның өзіндік білім алу траекториясын таңдауына жол беретін анық білім беру жүйесін құруды, оқу бағдарламаларының бағдарламалануы және өзгер-мелі бейімделінуі есебінен оқу үдерісінің біртұтастығын сақтай отырып оны дараландыруға мүмкіндік беретін компьютердің маңызды дидактикалық қасиеті негізінде тұлғаның оқу үдерісінде танымдық қызметін тиімді ұйымдастыру арқылы жаңа білім алу технологиясын түбегейлі өзгертуді тығыз байланыстырады.

Қазіргі заманғы ғылым мен техниканың даму кезеңі оқу-ағарту саласында технологиялық жаңа әдістерді кең көлемде қолдануды қажет етеді. Күнделікті білім берудің қай саласында болмасын компьютерді пайдалану – заман талабы. ХХІ ғасырда қоғам қажеттілігін қалыптастыру үшін білім беру саласында төмендегідей міндеттерді шешу көзделіп отыр. Олар: білім сапасын көтеру, компьютерлендіру, интернет, компьютерлік желі, электрондық телекоммуникация, электрондық оқулықтар даярлау. Бұлардың көптілді білім берудің қазіргі заман талабына сай берілуінде әсері мол [7, 10].

Көптілді білім беруді ақпараттандырудың негізгі мақсаты Қазақстан Республикасында біртұтас білімдік ақпараттық ортаны құру болып табылады. Олай болса, көптілді білім беру саласында жаңа ақпараттық технологияны пайдалану Қазақстан Республикасындағы ақпараттық кеңістікті әлемдік білім беру кеңістігімен сабақтастыруға мүмкіндік береді.

Көптілді білім беруді ақпараттандырудың негізгі міндеттері:

- ақпараттық және телекоммуникациялық техникалық құралдармен қамтамасыз ету;
- көптілді білім беруді ақпараттандыру бойынша практикалық шараларды анықтап, жүзеге асыру;
- оқу-тәрбие үдерісіне жаңа ақпараттық технологияны енгізуді қамтамасыз ету бойынша ғылыми-ізденушілік және оқу-әдістемелік жұмыстарын жүргізу;
- пәндер бойынша жасақталатын жалпыға міндетті білім стандарттарының және оқу-әдістемелік кешендерінің мазмұнын ақпараттық технологияны пайдалану мүмкіндіктерімен жетілдіру және көптілді білім беруді басқаруда ақпараттық жүйені құру;
- көптілді білім беретін мекемелердің қызметкерлері үшін бағдарлама-лық-техникалық құралдарды қамтамасыз ету және мультимедиялық бағдарламаларды, электрондық оқулықтарды жасақтау;
- көптілді білім беретін педагог кадрларды жаңа ақпараттық технологияны өз қызметтеріне еркін пайдалана білуге дайындау және жүйелі түрде біліктіліктерін көтеру.

Демек көптілді білім беру жүйесін ақпараттандыру дегеніміз – қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде берілетін білім сапасын көтеруді жүзеге асыруға бағытталған үдеріс, яғни еліміздің ұлттық білім жүйесінің барлық түрлеріндегі, соның ішінде көптілді білім беру жүйесіндегі дәстүрлі технологияларды тиімді жаңа кешенді технологиялармен алмастыру, оларды сүйемелдеу және дамыту болып табылады.

Д.Х. Байдрахмановтың пікірінше, «қазіргі заманғы компьютерлік телекоммуникациялар әр деңгейдегі оқу ақпаратын алу және білім беруде дәстүрлі оқыту әдістерімен бірдей, кейде одан да тиімді түрде жүзеге асырады [11, 54].

Білім беру жүйесіндегі жаңа компьютерлік технология дегеніміз – оқу және оқу әдістемелік кешендер жинағы, оқу қызметіндегі есептеуіш техниканың технологиялық құралдары, олардың рөлі мен орны туралы ғылыми білімнің жүйесі [4, 3-4].

Ақпараттық қоғамның негізгі талабы – білім алушыларға ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық-құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны өзіндік даму мен оны іске асыру құралы ретінде пайдалану дағдыларын қалыптастырып, ақпараттық қоғамға бейімдеу. Демек ақпараттық бірліктердің білімге айналуы әлемнің жүйелік – ақпараттық бейнесін оқушылардың шығармашылық қабілеттері мен құндылық бағдарларын дамыту арқылы қалыптастыруды көздейтін, адамның дүниетанымының құрамдас бөлігі болып табылатын интеллектуалды дамуды қалыптастырудың бір жолы. Көптілді білім беру – әлемдік білім беру кеңістігіне енудің кілті. Ал компьютерлік және ақпараттық технологиялар заман талабы.

#### **Әдебиет:**

1. Мұқанова Қ.Қ. Қазақ тілін компьютермен оқыту әдістемесінің ғылыми негіздері. – <http://kazcenter.kz/?p=550>
2. Шаханова Р.Ә., Балтабаева Ж.Қ., Ныязбекова К.С. Сыни тұрғысынан ойлау технологиясын пайдалану // Психология, социология и педагогика. – 2013 – №4.
3. Бейсенова Г. Жаңа ақпараттық технологиялардың тиімділігі // Қазақстан мектебі. – 2006. – №6. – 23-26-б.
4. Боранкулова Г.С. Компьютерлік технологиялардың негіздері: Кредиттік оқу жүйесі бойынша оқу құралы. – Тараз: Тараз университеті, 2013. – 127 б.
5. Кукушкина О.И. Компьютерные технологии в контексте профессии: обучение студентов // Дефектология. – 2001. – №3. – С. 44-52.
6. Кукушкина О.И. Компьютерная программа для детей с отклонениями в развитии // Педагогика. – 2001. – №6. – С. 33-39.
7. Абыканова Б.Т. Компьютерлік технологияны пайдалану арқылы оқушылардың танымдық белсенділігін арттырудың дидактикалық шарттары: Пед. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2005. – 143 б.
8. Қараев Ж.А. Активизация познавательной деятельности учащихся в условиях применения компьютерной технологии обучения: дисс. ... док. пед. наук. – Алматы, 1995. – С.335.
9. Нұрғалиева Г.К., Тілеуова С.С. Ақпараттандыру – білім беруді реформаландырудың негізгі механизмі // Гуманитарлық ғылымдар сериясы. – Алматы, 2006. – №1. – 286 б.
10. Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі N 319 Заңы // <http://www.balakk.kz/kk/node/387>
11. Байдрахманов Д.Х. Шетел тілін оқытуда компьютерлік технологияны пайдалану арқылы студенттердің танымдық белсенділігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары: пед.ғыл.канд. ... дисс. – Астана, 2010. – 130 б.

## **ШЫҒАРМА ЖАЗДЫРУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ**

*Койлибаева Г.О.,*

*магистрант,*

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,*

*Астана, Қазақстан,*

*[gkoylibaeva@mail.ru](mailto:gkoylibaeva@mail.ru)*

#### **Резюме**

В статье рассматривается изучение видов сочинений и их написание, как одной из методик развития языка. Представлены несколько методов написания сочинений.

#### **Summary**

In article studying of types of compositions and their writing as one of techniques of development of language is considered.



Тіл – ойды білдірудің, пікір алысудың, қатынас жасаудың кең көлемде қолданылатын жалпылама құралы.

Тіл дамыту бойынша жүргізілетін жұмыстың түрлері сан алуан. Біз білім алушылар тілін дамытуда маңызды орны бар, жазба жұмыстарының бірегейі - шығарма жанрына тоқталмақпыз.

Шығарма - тіл дамыту жұмыстарының ішінде оқушылардың өзіндік ойын, тілін, сөйлеу мәнерін қалыптастыру ісіне тікелей қатысы бар жұмыс түрі. Білім алушылардың тілдік және әдебиеттік білімдері мен өзіндік таным, түйсік, көзқарасының тәжірибелеріне сүйене отырып, өз ойын жүйелі, әдеби тіл қалыбында бере білуге машықтандыратын жазбаша тәжірибелік жұмыстың бірі. Шығарма жазу арқылы оқушылар тақырыпты өз бетінше әңгімелей білуге, жоспар жасап, мәтінді жоспарға сай жүйелі айта білуге, ойын жинақы түрде белгілі бір тақырып төңірегінде өз пікірін жеткізуге жаттығады.

Орыс тіл білімінде жазба жұмыстарының түрі, шығарма жаздыру әдістемесі бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізуші Т.А. Ладыженская шығармаға мынадай анықтама береді:

«Сочинение — методический термин, обозначающий вид учебной работы учащихся, в основе которой лежит самостоятельное создание как письменного, так и устного высказывания [1]. Яғни, оқу іс-әрекетінің бір түрі бола отырып, шығарма білім алушылардың ауызша және жазбаша оқу дағдыларын қалыптастыратын маңызды жұмыстың бірі. Енді тақырып өзегі болып отырған шығарманың тіл-тілде әр қилы түрі бар. Мәселен, қазақ тілі білімінде тіл дамытудың ғылыми-әдістемелік негіздерін қалыптастыруда жемісті еңбек етіп жүрген ғалым А.Жапбаровтың пікірінше шығарманың келесідей түрлері бар:

Ø Оқушының өз тәжірибесіне, алған әсеріне байланысты.

Ø Еркін тақырыптағы шығарма.

Ø Әдеби тақырыпқа жазылған шығарма деп жіктеліп жүр.[2]

Ал орыс тіл білімінде шығарма жанрын жан-жақты талдап, саралап жүрген әдіскер-ғалым Т. Ладыженскаяның жіктеуі бойынша шығарманың жанрлық түрлері мынадай:

Ø Мектептегі дәстүрлі шығарма;

Ø Шығарма-эссе;

Ø Стильдік шығарма (ертегі, хат, әңгіме, кейіпкер монологы, т.б.);

Ø Пікір білдіру шығармасы;

Ø Шығарма- рецензия;

Ø Шығарма-зерттеу т.б.

Әдеби емес тақырыпқа жазылатын шығарманың негізгі түрлері деп:

Ø Суретті суреттеу бойынша жазылған шығарма (пейзаж, натюрморт);

Ø Суреттеме шығарма (табиғат, ғимарат, адам және мекен, т.б.);

Ø Әңгімелеу шығарма (басы беріліп, аяқтауға тапсырма беріледі);

Ø Жеке әсерлері туралы шығарма;

Ø Рухани болмыс мәселелеріне байланысты шығарма;

Ø Оқыған мәтін бойынша шығарма.

Көлемі бойынша шығарма түрлері:

Ø Жас ерекшелігіне байланысты көлем;

Ø Миниатюра шығарма.

Біз жоғарыда аталған шығармалардың қазіргі уақытта мектеп қабырғасында жиірек жазылатын бірнеше түріне тоқталмақпыз. Қазіргі таңда тіл дамыту жұмыстары бойынша жемісті еңбек етіп, шығарма жаздырудың тиімді тәсілдерін ұсынып жүрген А.Жапбаров, Қ.Әбдібекқызы, т.б. ғалымдар бар. Біздің зерттеуіміздегі айтылар ой тыңнан түрен салу емес, қолданылып жүрген әдіс-тәсілдерді жетілдіру жолындағы талпыныс, ұмтылыс болмақ.

Шығарма жазуға үйрету барысында қолданылатын әдіс-тәсілдердің ең тиімдісі - мәселелелік әдіс. Бұл әдістің нышандары қазіргі кездегі проблемалық оқыту әдістеріне сай келеді. Мәселелік әдісті қолдана отырып шығарма жаздырудың келесідей түрлері бар:

Мұғалім талқыланатын мәселені алыстан орағытып әкеледі. Кезең-кезеңімен жұмыс жүргізеді. Бұл әдіс ойтолғау шығарма жаздыру барысында өте тиімді әдіс болып табылады.

Бұл шығарма түрі көбіне жоғары сыныптарда жазылады. Мұғалім аудиторияға түрлі тақырыптар бойынша ой тастайды. Мысалы: таныс, сыныптас, дос, қызметтес, дос-жаран сияқты сөздерді өз өмірімізде жиі қолданамыз. Алайда осы сөздердің лексикалық мәніне терең үңіле бермейміз. Бұл сөздерді бір-біріне синоним бола ала ма? Неге? Осыдан барып мұғалім бұл сөздерді градация тәсілімен қойып шығуды сұрайды.

! Таныс;  
! Сыныптас;  
! Қызметтес;  
! Дос-жаран;  
! Дос;

Бұл жердегі дос сөзі неге соңғы тұр? Дос ұғымы лексикалық тұрғыдан ғана емес, эмоциялық моральдық тұрғыдан жоғары тұрған ұғым. Әңгімеге тұздық болу үшін оқушылар назарына дос туралы өлең оқылады.

Досым, досым айналайын күлкіңнен!  
Қымбаттысың аспандағы ай, күннен.  
Сен қуансаң, қуанамын мен бірге,  
Жыласаң да, мұңайсаң да  
Жұбатармын өмірде...

Өлең оқылған соң мұғалім келесідей сұрақтар қою арқылы оқушылардан ойларын ортаға салып, талқылауды сұрайды.

- Неге дос қуанғанда, мұңайғанда бірге болу керек деп ойлайсыңдар?
  - Абай Құнанбаевтың «Жаман дос – көлеңке, басыңды күн шалса - қашып құтыла алмайсың, басыңды бұлт алса - іздеп таба алмайсың. дегенді қалай түсінесіңдер?
  - Қалай ойлайсыңдар, достық деген аяқ астынан туа ма, әлде достарымызды өзіміз таңдаймыз ба?
  - Дос бола білуді үйренуге бола ма, немесе ол жоғарыдан келген сый ма?
  - «Жаңа дос келгенде ескі достың көзіне жас келеді» деуіміздің сыры неде?
- Ойтолғау жазуда төмендегілерді ескеру қажет:
- Тезис-дәлелдеме (аргумент)- қорытынды құрылымының сақталуы;
  - Дәлелдемелердің тақырыпқа сәйкес болуы;
  - Тезис пен дәлелдеме арасындағы логикалық және грамматикалық байланыс;
  - Стильдің дұрыс қолданылуы, «біріншіден» (бір жағынан) санамалауын қолдансақ, екіншіден, үшіншінің ... болуы.

Айта кететін нәрсе: ойтолғау шығармасында арнайы «сөздік формулаларының» қолданылуы. Менің ойымша (меніңше), онымен келісемін, жалпы айтқандай, көпшіліктің айтуынша, сеніммен айта аламын, байқау қиын емес, т.б.

Осы айтылған мәселелер айтылып болған соң ойтолғау шығармасы үйге жазып келуге беріледі.

Оқушылардың шығарма жазудағы даярлық кезеңінде тиімді нәтижеге жеткізуге көмектесетін әдістерінің бірі - интербелсенді әдіс. Бұл әдісті ойын түрінде ұйымдастыру нәтижелі болып есептеледі. Б.П.Никитин, З.Фрейд, Л.Рубинштейн т.б. ғалымдар ойын әдісінің баланың ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастырудағы айрықша тиімділігі дәлелдеген болатын. Бұл әдіс- 5-6 сынып оқушылары үшін өте тиімді.

Қазақ тілі сабағында оқушылардың жазбаша сөйлеу әрекетін қалыптастыруда ойын мынадай міндеттерді шешуге көмектеседі: біріншіден, оқушы сөйлеу барысында мақсатқа жетуге деген эмоциялық қатынасын, ықыласын арттырады;

Екіншіден, ойынның шартын, түрін, тәсілін жүргізілу кезеңін және оны ұйымдастырылу барысында дұрыс сөйлеу, өз ойын байланыстырып жүйелі жазуға, логикалық және шығармашылық мүмкіншілігін ашуға көмектеседі;

Үшіншіден, ойын барысын сабақта талдау, бекіту, қайталау кезеңдерінде жүйелі түрде қолдану оқушының жазбаша сөйлеу қабілетін қалыптастырып, шығармада мазмұн құру шеберлігін ұштауға жағдай жасайды. Ойын әдісі мынадай бағытта жүргізіледі:

- жазбаша сөйлеу әрекетінің міндеті ойын арқылы шешіледі;
- шығарма жазу мазмұны ойын ережелеріне бағындырылады;
- ойын оқушыны шығарма жазуға жаттықтыру құралы ретінде де пайдаланылады;
- оқушылар ойын әрекеті барысында мәселенің шешу реттігін іздейді, шығармашылық ойлау қалыптасады.

Оқушылардың өз іс-әрекеттеріне (ойын, еңбек, оқу, демалыс, т.б.) өмір тәжірибесіне, табиғатқа бақылау жүргізу нәтижесінде алған әсерлеріне сүйене отырып, шығарма жазуға үйрету үлкен орын алады. Әңгіме сюжет ойдан құрастырылмай, өмір шындығына сай болуы қадағаланады.

Мысалы, «Алғашқы қар» деген тақырыпта шығарма жаздырудан бұрын сынып болып алғашқы қар жамылған баққа, саябаққа, далаға, орманға немесе өзен-көлдерге саяхатқа апаруға болады. Саяхат кезінде балаларға қарлы даланың, орманның, ауа-райын т.б. келбетіне зер салып, бақылау жүргізу тапсырылады. Табиғат аясында тұрған сәтте де оқушылардың алған әсерлерін әңгімелетуге болады. Мұғалім тарапынан оқушыларға ой салатын тірек сөздер мен тіркестер айтылады. Мысалы, «айнала аппақ», «қар жамылған кең дала», «ақша қар», «ақ көрпесін жамылған дала», «ақ шәліге оранған шыршалар» т.б.

Сыныпта шығармаға дайындық кезеңінде Абайдың, Сырбай Мәуленовтың, Қадыр Мырзалиевтің қыс мезгіліне арналған өлеңдері оқытылып талданады.

Сөз зергерлерінің қысты қалай суреттегені мысалдар арқылы қорытындыланады. Өткен саяхаттағы алған әсер қайта жаңғыртылады. Соңынан шығарманың жоспары жасалып шағын шығармаға ат беріледі. Мысалы:

- а) Алғашқы қар;
- ә) Қыстың кескін-келбеті;
- б) Ақ мамыққа оранған орман;
- в) Қыс құшағында, т.б.

Оқушының жеке басынан кешірген бақылауы негізінде де шығарма жазуға жаттықтыруға болады. Мысалы: «Мен төрт-түлікті қалай таныдым?» тақырыбына шағын мәтін жаздыру. Бұл тақырыпты жазу барысында оқушылар жазда ауылға барып төрт-түлікпен қалай танысқандығы туралы ойларын, бақылауларын, сезімдерін жазбаша баяндайды.

Қазіргі жастар театрға, көрмелерге, мұражайға бармайды, кітап оқымайды деген сөздерді жиі-жиі естіп жатамыз. Алайда, біз, зиялы қауым, олай болмауы үшін не істедік? Қалайша бұл жағдайды өзгерте аламыз? Қарастырып отырған тақырыбымызда бұл туралы аздап айтып өтейік.

Бала қиялын, ойын қаламгер, суретші қиялымен, меңзеуімен астастыра суреттей білуге үйретудің бір жолы - суреттер арқылы шығарма жаздыру. Мектептерімізде көптеп кездесетін интербелсенді тақтаның көмегі осы жерде аса қажет. Ол үшін халқымызға танымал суретшілердің бала танымына әсер етуге қауқарлы суреттерін таңдаймыз. Шығарма жаздыру жұмысы күйшілердің күмбірлеген күйлерін тыңдатумен үйлессе нұр үстіне нұр болады. Сондай суреттер қатарында: Әбілхан Қастеевтің «Мұз айдыны»,

«Колхоз тойы», «Бие сауу», «Бай мен кедей құдық басында», «Амангелді», «Таудағы қыс» «Қымыз піскен әйел», «Асы жайлауы», «Қымыз ішу кезін», «Диірмен тартқан келіншек», «Келі түйген қыз» т.б. туындыларының тәрбиелік мәні зор. «Көңілге түрлі ой салар» күйлер ретінде Құрманғазының «Әсем қоңыр», «Бұлбұл», Тәттімбеттің «Салқоңырын», т.б. ұсынуды жөн көріп отырмыз. Ескере кететін нәрсе, шығарма жазу барысында әрбір сурет пен күйдің үндестігін сақтау керек. Мәселен, Жанұзақ Мүсәпірдің «Бәйге» суреті бойынша шығарма жаздыруда Дәулеткерей Шығайұлының «Көроғлы» күйін тыңдату оқушылардың көз алдына қазақтың көңіліндей дархан даланы, жайлау, аттың шабысы, қазақтың ұлттық ойындары, т.б. келтіреді. Бұл өз кезегінде оқушылар бойына

шабыт шақырып, шығарманың мазмұнын ашуға септігін тигізері танық. Әрине, мұғалім күйді қажетінше қосып, өшіріп, даусын бәсеңдетіп отыруды да қадағалау керек.

Бұл әрекеттің сәтті шығуы мұғалімнен үлкен дайындықты, талғампаздықты қажет етеді.

Аталған шаралар оқушылардың бойында ұлттық дүниелерді қастерлеуге, қазақи ойлай білуге, бастысы «ұлттық кодтың» қалыптасуы жолындағы баспалдақтар деп білеміз. Ана тілінде ойлай білген бала, айтар сөзін де ана тілінде тұшымды жеткізеді, ана тілінде айта білсе, оны қағаз бетіне жүйелі, сауатты, татымды жеткізе аларына сеніміміз мол.

Айта кетерлік жайт, суретпен жұмыс жасау оқушылардан көріп тұрған нәрсені сипаттап, суреттеп жазып беруді ғана емес, қиялына ерік беріп, әрі қарай өрбітуге болатынын, не көріп тұрған суреттерде автордың бейнелеу арқылы қандай ой астары болғанын айтуды қажет етеді.

Қорыта келгенде, шығарма жазу жұмысы - оқушының өзіндік ойын, тілін, сөйлеу мәнерін қалыптастыру ісіне тікелей қатысы бар пәрменді жұмыс. Сондықтан оқушылардың рухани дүниесін байыта отырып, адамгершілік, ізгілік, инабаттылық тәрбие беруді, жоғары эстетикалық талғамды дағдыға айналдыруды, білім мен білікті әдетке айналдыруды, ауызша, жазбаша тіл мәдениетін қалыптастыруда шығарма жазу жұмысының маңызы ерекше деп білеміз.

**Әдебиет:**

1. Ладженская Т.С., Система обучения сочинениям в 4-8 классах. – М., 1973.
2. Жапбаров А. Қазақ тілін оқытудың тәжірибелік әдіс-тәсілдері: шығарма жаздыру әдістемесі. – Алматы: Эверо, 2015. – 236 б.

## IDENTIFICATION AND WORK WITH GIFTED AND TALENTED CHILDREN

*Кусенова Л.Т.,*

*Магистр бизнес-информатики*

*[User\\_gt@mail.ru](mailto:User_gt@mail.ru) ,*

*Кусенова Г.Т.,*

*магистрант,*

*[gulzi@mail.ru](mailto:gulzi@mail.ru)*

*Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева,*

*Астана, Казахстан*

**Түйіндеме**

Берілген жұмыстың тақырыбы «Дарынды және талантты оқушыны анықтау және жұмыс жасау жолдары». Жұмыста Фриманның (1998) дарынды оқушыларды анықтау критерийлері мен Мечинскийдің оқушылардың когнитивті қызығушылығын ояту туралы жұмыстары қарастырылып, дарынды және талантты оқушыларды анықтау мақсатында жүргізілген жұмыстар жайлы есеп берілген. Мұнда үш оқушының жұмыстары мен оларда тап болған қиындықтар және алдағы уақытта оны қалай жоюға болатыны жайлы айтылған. Қорытынды жұмыстарын жүргізу барысында үш оқушының жұмыстарына мониторинг жасалып, үш мұғалімнің бақылау парақтарынан түсіндірме берілген.

**Кілт сөздер:** дарынды және талантты балалармен жұмыс, Блум таксономиясы, кластер, анкета жүргізу, деңгейлік тапсырмалар

**Резюме**

Тема работы: «Способы выявления одаренных и талантливых детей». В статье рассмотрены критерии определения одаренных детей Фримана и побуждение когнитивного интереса у учащихся, а также приведены результаты исследования в направлении определения талантливых и одаренных детей. Были проанализированы результаты выполнения задания троих учеников и трудности, с которыми они столкнулись, даны рекомендации по их устранению.

**Ключевые слова:** работа с одаренными и талантливыми детьми, таксономия Блума, кластер, анкетирование, уровневые задания

The present article investigation goes into the consideration of working with gifted and talented students. We attempt to determine the ways of identifying 'gifted and talented students'. Formerly people considered students as talented and gifted, in case they participated in Olympiads and subject competitions, did the research work, as well as active students with good results in different subjects. However, nowadays we have different concept of finding talented children, furthermore we have conducted some investigation work at school to deal with this issue.

As Eyre and Lowe stated "Teachers should see themselves as "talent spotters", constantly on the lookout for signs of ability or talent", we should believe in students considering them all as talented and gifted encouraging them and developing their talents.

In our study we have applied an innovative methods and conducted monkeysurveys to observe and monitor students. The purpose of this research was introduced to other teachers and target students. According to the monkeysurvey we can find three students to observe further during the testing. As A, B and C level students we have decided to choose students according to their academic achievements.

Freeman (1998) quotes research which shows that checklists can confuse and mislead teachers using them to identify exceptionally able children. However, the most reliable research based criteria which distinguish the highly able and could be reasonably used in a checklist are listed here (from Shore in Montgomery 1996; Freeman 1991):

- Memory and knowledge – excellent memory and use of information;
- Self regulation – they know how they learn best and can monitor their learning;
- Speed of thought – they may spend longer on planning but then reach decisions more speedily;
- Dealing with problems – they add to information, spot what is irrelevant and get to the essentials more quickly;
- Flexibility – although their thinking is usually more organized than other children's they can see and adopt alternative solutions to learning and problem solving;
- Preference for complexity – they tend to make games and tasks more complex to increase interest;
- Concentration – they have an exceptional ability to concentrate at will and for long periods of time at an early age;
- Early symbolic activity – they may speak, read and write very early. (Freeman 1998)

[Handbook for teacher, page 276]

Freeman's criteria helped us to justify that "G" fit all those descriptions, furthermore she has been chosen as talented person. Other two levels also considered by using the Bloom's taxonomy. B level student is the one, who could complete the taxonomy till "comprehension" part, whereas C level only got till the "knowledge" and "application" parts.

We shall quote N.Menchinsky to show that cognitive interest is the way of developing students' skills and abilities. As he stated "The process of formation of cognitive interest is in operation, the structure of which (its objectives, content, methods and motives) make an objective basis for the development of cognitive interest. The main form of this activity - teaching, during which the systematic acquisition of knowledge in a variety of subject areas, the acquisition and improvement of processes (skills), cognitive activity, transformation objectives put forward by the company, a school, in the motives of the teaching itself."

The outcome of the present analysis is to increase the number of "Iceberg" we should "make an objective basis for the development of cognitive interest". But it's not going to happen any time soon, because it needs a lot of work. And for that we should begin work hard on that.

For the purpose of determining this issue I decided to use the "Observing paper of three students", which helped to find answers for the following questions:

- How properly do they work during the planning?
- What do they do at the lesson?

Every time after the lessons, I collected all observing papers and monitored them. Being more exactly, at the first lesson I gave them the task to complete the cluster. And as brainstorming, there were given questions.

Completing cluster was held in pair work. Their work was as the following:

- *What do people do to keep fit?*
- *Eat healthy food.*
- *How useful are these activities?*
- *With eating healthy food we can take more vitamins.*
- *How important is keeping fit?*
- *If people don't eat healthy food people will be fat and sick.*
- *Every morning do exercises*
- *The body and health will be strong.*
- *If people don't do exercise, people will be fat*
- *Have a good hygiene*
- *If you have good hygiene your health will be better*
- *Dust is bad for our health.*

And, for the brainstorming questions they gave answers as the following:


- I think only apples and chicken are healthy for our health, because they have ingredients and vitamins that we need.

In this work we can see logic and sequencing. It seemed like they understood the task. As in the observing paper of the assistant: "She could use the language correctly and comparatively". She could fill the task with using grammar in accuracy.

And, the following are the B level and C level students' works.



*The work of B level student*



*The work of C level student*

Looking at those works we can see that they had some problems in completing the cluster. B level student wrote that music help people to keep fit and C level student thought that football playing could help to keep fit.


A challenging activity would be one that would cause the students to perform at a level that extends beyond their comfort zone, but not too far. She stresses the importance of effective assessment of children's current levels of understanding, on the basis of Vygotsky's zone of proximal development theory showing that work which is too demanding may prove impossible and demotivating. Eyre uses this area of theory to support the recommendation that the curriculum should be modified for gifted children to introduce higher skills development and problem solving. [Handbook for teacher, on page 276]

Based on that, we come up to the following decision, thus the question was more the task of "evaluation" part, which is the last educational objective of Bloom taxonomy, rather than "knowledge" task. The topic "Teaching talented and gifted children" is closely related to the topic "Learning to think critically". Therefore students should think critically to complete this task.

Exclusion of the failure of previous lesson during the following lessons, we have decided to ask questions in the order in which educational objectives occurred in Bloom taxonomy.

At the end of the lesson as conclusion they were taken leveled tasks. Task was prepared with the questions about the text, which they had read during the lesson and learnt new vocabulary.

And here you can see the completed works of the students.



[Scanned works of students] A level student student

B level student

C level


Considering their works we can see the first student's work was done very well with no mistakes. B level student did two tasks and C level student completed only one task. As they worked in pairs they had opportunity to discuss about new vocabulary words, they could complete first task without any mistake. B level student was an observer when they worked in team work discussing about the text. During the discussion she had to interpret their work and complete observe paper. And it was helpful to complete the second task. And the last task was the task of synthesis, which was completed by three students. After every task they assessed each other. Evaluation themselves could help to reveal talented students and to increase the opportunity to find their ability and talent. The students evaluating themselves might be able to evaluate their behavior in future.

Next lesson was grammar practice. Eyre explains that the school wide or whole school approach to provision for gifted and talented children can use these models of enrichment and acceleration for all children within the school by modifying the curriculum. She has adopted a model of curriculum change from Maker and Nielson, and uses three headings:

- Changes to content (including process and product);
- Changes to method;
- Changes to learning context. [Handbook for teachers, on page 277]

So, responding to age related differences in teaching and learning and needs, we prepared True/ False sentences. Within that we can see that this topic is closely related to the topic "Responding to age related differences in teaching and learning". After working in pairs they continued the lesson with making sentences and discussing in groups. Teaching with using discussion and dialogue between two students we can encourage their speaking skills. For identifying talented and gifted children the topic "New approaches to teaching and learning" has not less importance in it. It gives opportunity for increasing and encouraging their knowledge.

Looking at the following works we have intended to see if there was any progress.



From the copy book of B level student


From the copy book of C level student

A level student wrote the exercise well and accurately. In B level and C level students' works we can notice several mistakes and not exact answers. These mistakes have shown that there



were difficulties in completing this task. But, they will be able to complete it by time passing. Because this type of task can encourage students proving habits.

At the end of the lesson Bloom's taxonomy (educational objectives) was given as a task. Students completed tasks of "Taxonomy of educational objectives", like: "Knowledge", "Application", "Comprehension", "Analysis", "Synthesis" and "Evaluation". We have taken another Bloom's taxonomy to compare their works and results. We have noticed the progress between first and third lessons. In some cases, it is sufficient a good result for three lessons.

In the first lesson C level student completed only one task, next lesson he could complete three levels of Bloom's taxonomy, and in the third lesson he completed four tasks. However, it's a step forward. Not only that in B level student's works we had several achievements. Comparing three students, we get the following monitoring:



«Bloom's taxonomy»

B level student	C level student
	

At the last lesson I took assessment of learning test. A level student got "5" (excellent mark), B level and C level students got "4" (good). All students of the group got "4" and "5" marks. It's a good achievement as a progress.

For conclusion I checked observe papers of three teachers. And here it is:

A level student: "participate in painting works, explained rules, and worked with assessment papers. Active, disciplined, self-restrained, participate active during answering the questions, did only things related to the lesson, tries to write and do tasks essentially, use English correct, can communicate with others and say about her thoughts and ideas as the same time can listen others too. Reports in English"- this was given as the description of her.

B level student: "worked with e-book, participate in team works, complete observing papers, could complete True/False sentences by listening audio text. Participate actively and was very interested in learning and working in groups, assessed other students, was happy and disciplined".

C level student: "he was disciplined, but most of his time he wanted to be "times keeper". He worked with vocabulary during the lessons." Working with vocabulary is the progress too. Because in future knowing words he will be able to speak and understand English conversations.

Successes of integration of topic "Teaching talented and gifted children":

- Progress in completing Bloom's taxonomy;
- Doing complicated exercises to the best of their ability (abilities)

Difficulty:

- Trying to affect on making them talented.

What should I do to eliminate difficulties?

- In future times I will use questions of educational objectives and prepare different kinds of tasks as students perception.



We want to conclude our work with the words in handbook for teachers on page 222 “It is important to the development of Kazakhstan as a nation that the talents and gifts of its population are recognized and developed within the education system.” Because, we must never forget that we are teaching not only our children, but our future. Every child is our generation. We should identify their gifts and talent. And in future we will do our best and help to encourage talents and gifts of every child in front of us.

#### References

1. Handbook for teacher of third (basic) level, third edition, p.222, 276, 277 pages
2. Berik Beysenuli “Teachers in-service training begins” (2012 year), Republican newspaper “Aikyn” [http://www.aikyn.kz/index.php?option=com\\_content&task=view&id=13443](http://www.aikyn.kz/index.php?option=com_content&task=view&id=13443)
3. Shinaray Dosibekova (12/2006) The meaning of the word “Gifted child”. Kazakhstan’s school
4. Steve Taylor-Knowles (2012) Laser B1+: Students book
5. George Yule (2009) Relative clauses; Oxford Practice Book, on page 178

## КӨНЕ ТҮРІК ТІЛІН ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ОҚИТУ

*Сәдібеков А.К.,*

*докторант,*

*Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық*

*Қазақ-Түрік университеті,*

*Түркістан, Қазақстан,*

*[askatken2002@mail.ru](mailto:askatken2002@mail.ru)*

#### Summary

This article deals with the necessity of teaching Old Turkic scripts in Higher Education institutions. The importance of learning Old Turkic inscriptions on monuments of Orkhon, Yenisei, Talas etc. is also urgent.

#### Резюме

В этой статье рассматривается актуальность обучения древнетюркского языка, а также важность овладения древнетюркских надписей Орхон, Енисей, Талас и других памятников.

Ұлы түркі өркениетінен сыр шертер тасқа қашалған өрнектердің әлемдік ғылыми айналымға түскеніне бүгінде үш ғасырға жуық уақыт өтті. Түркі әлемінің құнды қазынасына айналған бұл жәдігерлердің әлем ғалымдары мен саясаткерлерінің түркілер төңірегіндегі ойын мүлде басқа арнаға бұрды. Әлемдік өркениеттің бастауы болған мұндай ескерткіштер қатарына петроглифтер және тасқа қашалып жазылған көне түрік жазуын айтуға болады. Орхон, Талас, Енисей және т.б., ескерткіштер көшпенділер мәдениеті мен білімінің ежелден бастау алатынын айғақтайтын дүниелер. Әлемдік өркениеттің бастауы болған ежелгі түрік бабаларымыздың бұл мұралары, еуропалықтардың «көшпенділерде жазу, сызу болмаған, тек ауыз әдебиеті ғана бар» деген пікірін жоққа шығарғанын тарихтан, ғылымнан жақсы білеміз.

Түркология ғылымы XVII ғасырдан бастап Ресей, Еуропа ғалымдарының үлкен қызығушылығымен дами бастаған болатын. Алғашқы түркі әлемін зерттеген ғалымдардың есімін В.Радлов, В.Томсен, П.М.Мелиоранский, В.Бартольд, А.Н.Бернштам, С.Е.Малов, С.Е.Киселев, И.А.Батманов, Х.Н.Оркун, В.Банг, В.Л.Котвич, Г.И.Рамстед сияқты атақты ғалымдар бастайды. В.Томсеннің «құпия жазудың» кілтін тапқанына бүгінде 125 жыл толды. Осы жылдардан бері әлем ғалымдарының назарын өзіне аударған көне түрік тілі әлі күнге дейін өз құпиясын толық ашқан жоқ.

Түрік әлемінің атажұртындағы қазақ ғалымдарынан алғашқылардың бірі болып көне түрік тілін зерттеген ғалымдардың қатарында Ғ.Айдаров, Ә.Құрышжанов, М.Томанов, М.Жолдасбеков, А.Аманжолов, Ә.Қайдар, М.Оразов және т.б. есімін атауға болады. Қазіргі таңда бұл саланы

Қ.Сартқожа, М.Ескеева, Б.Орынбай, Н.Базылхан, Ж.Түймебаев сынды ғалымдар терең зерттеп келеді.

Ұлт көшбасшысы Н.Назарбаев - Ұлы даланың тарихында аты мәңгіге қалған Күлтегін, Тонкөк, Білге қаған, Бумын қаған сынды билеушілердің ізін жалғаған қайраткер. Елбасы бабаларымыздан қалған мұраларды кәрі тарих қойнауынан аршып алып, бабалар өркениетінің өрелі болғанын әмбеге аян ету жолында үлкен бастамалар бастап келеді.

«Байырғы ұлы бабаларымыздың ұрпағы ретінде, біреудің шайнап бергенін малдану бізге жараспайды. Сондықтан да өткенімізге, бүгінгіміз бен болашағымызға жалтақсыз жанар тіктейтін мезгіл жетті» [1.77] деп жазуы осы сөзіміздің айғағы. Н.Назарбаев өткенімізді зерделеу үшін арнайы «Мәдени мұра» бағдарламасын бастап, оны үш дүркін 2004 жылдан бастап 2011 жылға дейін жалғасытырғанын еліміз біледі. Осы бағдарлама аясында үлкен жобалар қолға алынып, талай құнды мұралар жиналып, кітап болып басылып қалың жұртшылыққа ұсынылды.

«Мәдени өркениет тұрғысынан алып қарағанда ежелгі түркілер Орта Азия, Иран және Византия өркениеттерімен жан-жақты және тығыз байланыс жасасу нәтижесінде руникалық негізде өзінің бірегей жазуы бар жана тұрпатты мәдениет қалыптастырды. 1970 жылы Есік қорғанынан табылған біздің заманымызға дейінгі V-IV ғасырлардағы сақ дәуірінен қалған күміс тостағандағы руникалық ойма жазуды айтпағанда, ғалымдардың Алтайдан, Шығыс Түркістаннан және Жетісудан, сондай-ақ Хакасия мен Тувадан тапқан екі жүзден астам ежелгі түркі жазуларының ескерткіштері VI ғасырдың аяғына қарай орасан зор мәдени серпілістің нәтижесінде ежелгі түркі өркениетінің қалыптаса бастағанын айқын көрсетеді» [1.99]. Бұл Н.Назарбаевтың «Тарих толықнында» аталатын кітабынан алынып отыр. Елбасының тек мемлекет басқарушы ғана емес, ұлт тарихы мен әдебиетінен, өнерінен, мәдениетінен тысқары қалмағаны осы кітабынан айқын байқалады. Әрбір сөзінен ұлылықтың иісі аңқып тұратын Нұрсұлтан Әбішұлы бабалар ізін, мәдениетін, тарихын терең зерттеу үшін үлкен бастамаларды бастады. Сондай бастаманың бірі ретінде өткен жылы өткен «Қазақ хандығының 550 жылдығын» атауға болады. Бұл бастаманың аясында көптеген іс-шаралар атқарылды. Тың тарихи мағлұматтар жинақталып Отандық тарихтың олқы тұстары толықтырылды. Бұл келер ұрпақ үшін үлкен олжа.

Бүгінгі ұрпақ кеңестік идеологиядан азат, тәуелсіз сананың ұландары. ХХІ ғасыр – саналы, ұлтшыл, отаншыл ұрпақтың дәуірі. Осы себепті де бабаларымыздың ұлы мұраттарына иелік етіп, оны өскелең ұрпақтың бойына сіндіру, қолына тапсыру, бізге ұлы парыз болып отыр.

Кез-келген елдің өркениет бастауын өткен тарихындағы жазу-сызуымен өлшеу бүгінгі ғылымның негізгі тетігі екені аян. Түрік әлемінің жазуы осыдан 2500 жыл бұрын пайда болғанын тарихи жәдігер дәлелдеп берді. «Жазу ұлттың өркениеттілікке белгілі дәрежеде жеткендігін көрсетеді. Ертедегі адам да жазудың маңызын түсінген. Алғашқылардың бірі болып жазуды меңгергендер – ертедегі қазақтар – ғұндар мен сақтар» [2.88]. Бұл - біздің тектілердің ұрпағы екеніміздің нақты айғағы. В.Томсен, В.Радлов анықтағандай Орхон, Енесей, Талас ескерткіштеріндегі жазу, көне түрік жазуы болды. «М.Аджидің айтуына қарағанда, сақтардың жазуы ертеде пайда болған: «...О рунах и скорописи Алтая западный мир узнал в III веке до новой эры, когда Великое переселение народов коснулось Персии. Власть там взяли Аршакиды, или рыжие саки, они были выходцами с Алтая, что доказывает печать этих правителей, она с четкими тюркскими рунами. Теперь хранится в Тегеране, в музее Ирана» [2.88].

Қазіргі таңда байырғы түрік жазуы қашалған ескерткіштер еліміздің аумағынан көптеп табылуда. Археолог ғалымдардың тынымсыз еңбегінің нәтижесінде, қазақ даласының тарихи жауһарлары ғылыми айналымға қосылуда. Мұндағы жазуларды оқу, оны бүгінгі тілге аудару қажырлы еңбек пен телегей білікті қажет етеді. Ғалымдардың пайымдауынша Күлтегін жазуына дейін де бабаларымыз тұтынған жазу болған. Бүгінгі таңда ғалымдарымыз байырғы түрік жазуын бабаларымыз XV ғасыр бойы қолданғандығы жөнінде айтып жүр. «Руникалық әліппені VI ғасырдың аяқ кезінде Естеми қаған одан әрі шындай түсті. Ол

халықаралық қатынастарды, атап айтқанда, Византиямен күрделі дипломатиялық келіссөздер жүргізу үшін қажет болған еді. Түркі әліппесі өзінің қарапайым әрі жеңілдігі арқасында орасан зор кеңістікте мейлінше тез шапшаңдықпен тарады. Мұның өзі оның кең көлемде меңгерілуіне мүмкіндік берді» [1.100]. Демек көне түрік жазуы халықаралық дәрежедегі жазу болған деп негіздеуге де болады.

Біз мекен етіп отырған территорияда ежелгі түрік баһадүрлерінің ізі сайрап жатыр. Нұрсұлтан Әбішұлы айтқанда қазақ тарихында біз ұялатындай ештеңе жоқ. «Қасиетті қазақ жерінің жылнамасы – күллі адамзаттың тарихындағы талай-талай ұлы оқиғалардың шежіресі. Мұнда сан түрлі тайпалар мен халықтар, олардың құдіретті одақтары мен империялары пайда болып, асқақтаған. Мыңжылдықтардың толқыны бізге сол заманның көптеген ғажайып жәдігерлерімен көне дәуірлердің теңдессіз мәдениеті жайлы тылсым жаңғырықтарды жеткізді. Біздің Ұлы даламыз - қазіргі түркі тілдес халықтардың бәрі өрбіген алып бесік іспетті» [3.12].

Бабаларымыздан қалған ұлы мұра - көне түрік жазуын бүгінгі түрколог, тілші, әдебиетші, тарихшы, алхеолог мамандар оқи, жаза білуі тиіс. Кеңестік қыспақтан шыққан түркі халықтарының мекен етіп отырған даласынан ескерткіштер көптеп табыла беретіні сөзсіз. Осындай жағдайда біздің ғалымдарымыз бұл жазуды еркін оқи білуі қажет. Бұл бүгінгі күннің талабы болып отыр. Н.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында былай деп жазған болатын: «...рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын құдіретімен маңызды. Бұл - тарлан тарихтың, жасампаз бүгінгі күн мен жарқын болашақтың көкжиектерін үйлесімді сабақтастыратын ұлт жадының тұғырнамасы» [4].

Алдымызға үлкен меже мен міндет жүктеген Н.Назарбаевтың «рухани жаңғыру» идеясы ұлтымыз үшін үлкен бастама болып отыр. Қазақ даласында

Ұлы түрік қағанаты қалдырған байырғы жазбаларын меңгеру - жаңғырудың жаңалығы болары анық. Қазақ ғалымдарының ішінде алғашқылардың бірі болып көне түрік жазуын зерттеп, ЖОО студенттеріне оқулық жазған ф.ғ.д., профессор Ғұбайдулла Айдаровтың жолын жалғау күн тәртібінің мәселесі деп ойлаймын. «Қазақ тілінің әліпбиі тым тереңнен тамыр тартатынын білесіздер. VI-VII ғасырлар – ерте орта ғасыр кезеңі. Бұл уақытта Еуразия құрлығында ғылымға «Орхон-Енисей жазулары» деген атаумен танылған көне түркілердің руникалық жазуы пайда болып, қолданылды. Бұл адамзат тарихындағы ең көне әліпбилердің бірі ретінде белгілі. V-XV ғасырларда түркі тілі Еуразия құрлығының аса ауқымды бөлігінде ұлтаралық қатынас тілі болды. Мәселен, Алтын Орданың бүкіл ресми құжаттары мен халықаралық хат-хабарлары негізінен ортағасырлық түркі тілінде жазылып келді» [4] деп, Елбасы Н.Әбішұлы жазғандай, түркі әлемінің ортақ жауһарын көздің қарашығындай сақтап, келер ұрпаққа жеткізу біздің парызымыз.

Қазіргі таңда түркі халықтарының ішінде Түркия мемлекетінде байырғы түрік тілін оқыту жақсы жолға қойылған. Түркия ғалымдары «Göktürkçe» (Көктүрікше) деп айдар тағып оқытып келеді. «Түркиядағы түрік тілі оқытушыларын дайындаудағы ерекшелік - болашақ тіл білімі мамандарының түркі тілінің басынан өткерген «барлық тілін» білуді басты талап етіп қылуы. Біздің елімізде түркі тілінің даму кезеңдеріндегі көне түркі, шағатай, анадолу түрікшесі, османша, т.б. білетін де, сол бағытта зерттеп жүргендер де жоқ емес. Алайда, мектепте, ЖОО-да және жалпы ана тілді үйренуде ол дәуірлердің сыртынан сипап қоймай, тереңдетіп оқылып, талданса, қазақ тілінде сөз ұғу деңгейіміз арта түсер еді. Сөз төркінін түсінгеніміз тарихты, мәдениетті қоса меңгергеніміз болар еді» [5] деп жазған болатын Ш.Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығының әдіскері Дана Жаңабекқызы. Түрік ағайындар «Göktürkçe Öğreniyorum», «Göktürk Yazısı ve Orhun Türkçesi» (Явуз Таниери) және т.б. оқулықтар әзірлеп, жастарды оқытуды қолға алған. Дей тұрғанмен елімізде ғалымдар Қ.Сартқожаұлының, Н.Базылханның бастамасымен арнайы сайттар әзірленіп, смартфон қосымшалары ұсынылып отыр. Алайда бұл істі одан әрі жетілдіре түсу қажет деп ойлаймын.

Д.Жаңабекқызы өзінің «Түп тілімізді білсек, төл тілімізді танимыз» аталатын мақаласында: «Көне ескерткіштер мен дәуірлік жазбалар тілін талдау, салыстыру арқылы үйрету түріктердің тіл оқыту әдістемесінде дәстүрлі түрде қалыптасқан. Ол әдістеме бойынша қай дәуір жазбасы болсын, түпнұсқамен жұмыс жасалып, мәтіндердегі сөздер түбір, қосымшасына дейін талданып, басқа жазбалар тілімен салыстырылады. Нәтижесінде ортақтықтар мен айырмашылықтар, мағыналық, дыбыстық өзгерістер ортаға шығады» [5] деп жазады. Олай болса бабаларымыздан мирас болған жазуды оқытуды жолға қою қажет-ақ. Байырғы көне түрік жазуын оқытудың әдістемесін әзірлеу, сандық жүйеге негізделген үлгілерін дайындау кезек күттірмес жұмыс болып отыр.

**Әдебиет:**

1. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 2003. – 288 б.
2. Омаров Е. Ежелгі қазақ тілі мен жазуы. // Туған тіл. – 2017. – №1.
3. Назарбаев Н.Ә. Ұлы даладағы мыңжылдық тарихтың жаңа дәуірі. // Туған тіл. – 2017. – №1.
4. Назарбаев Н. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан. – 12 сәуір 2017. – № 70 (29051).
5. Жаңабекқызы Д. Түп тілімізді білсек, төл тілімізді танимыз. // Тіл әлемі. – 2017. <http://tilalemi.kz/article/586>
6. Сулейменов О. Азия. – Алма-Ата: Жазушы, 1975. – 304 с.
7. Сарткожаұлы Қ. Орхон мұралары. – Астана, 2003. – 392 б.
8. Orkun N.R. Eski Türk Yazıtları. – 962 s.
9. Аманжолов А.С. История и теория древнетюркского письма. – Алматы: Мектеп. – 368 с.
10. Айдаров Ғ., Құрышжанов Ә., Томанов М. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы, 1971. – 271 б.
11. Қайдар Ә., Оразов М. Түркітануға кіріспе. – Алматы: Арыс, 2004. – 360 б.
12. Айдаров Ғ. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы: Мектеп, 1986. – 180 б.
13. Айдаров Ғ. Күлтегін ескеркіші. Зерттеунама. – Алматы: Ана тілі, 1995. – 232 б.

## ҮКІ ЛЕКСЕМАСЫНЫҢ СИМВОЛДЫҚ МӘНІ

*Тәлен Ә.,*

*магистрант,*

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,*

*Астана, Қазақстан,*

*[bakyt\\_kilti@inbox.ru](mailto:bakyt_kilti@inbox.ru)*

Құстың қауырсынын тағу дәстүрінің тамыры тереңде. Белгісіз замандарда қалыптасып, белгісіз наным-сенімнен пайда болған. Бұл дәстүр түркі халқына ғана ортақ қазына десек, қателескен боламыз. Олай дейтініміз, қажыға барған қазақтар европалық әйелдердің сауысқан мен қораз қауырсындарын бастарына тағып жүргенін көрген. Сауысқан мен қоразды қасиетті санады ма, әлде әшекей бұйым ретінде тақты ма, ол жағы және белгісіз. Барлығымыз білетін, Есік обасынан «Алтын адамның» баскиімінде төрт алтын қауырсын қадалғанын, ал онымен бірге табылған заттардың ішінде бетінде көп қауырсынды баскиім киген адам басы салынған жүзік болған. Ал ол жүзік Америкада үндіс халықтарының құс қауырсындарын тізіп тағатын баскиіміне ұқсас. Адамдар тайпалық одақ құрып өмір сүрген кездің өзінде-ақ құстардың қасиетін танып, қауырсынын зұлымдықтан қорғану үшін таққан. Қауырсын тағу – мифтік наным бойынша жердегі адамның рухтық болмысының аспан әлемінен байланыста екендігін білдіреді [1, 460].

Көрші отырған қытай халқы ежелгі уақыттан бері құс пен айдаһарды қасиетті жануар ретінде санаған. Аңыздарда келтірілген мәліметтерге арқа сүйесек, Қытайдың батыс бөлігіндегі тайпаларда өздерін жоғырыдан құдай жіберген қасиетті құстың ұрпағымыз деп түсінген. Ал түрк халқына ортақ аңыздарда өздерін көк бөрінің ұрпағы санаған. Мұның барлығы адам баласының дүниені танудағы алғашқы көзқарасы болса керек. Қытайдың

«Гугун» деген ұлттық музейінде қола мен нефриттен жасалған б.э.д 12-18 табылған жататын алқа бар. Алқада үкі құсының үстіне айдаһар жоғары өрмелеп бара жатқан кейпі бейнеленген. Қазақта тек төрт түлік малды құрбандыққа шалса, ежелгі қытай бақсылары үкіні құрбандыққа шалған. Қауырсынын тағып, зікір салған. Үкі кейпі бейнеленген әртүрлі заттар ежелгі мүрделерді қазғанда таппқан. Ежелгі Қытайда бақилық болған адамдарға бақилық ыдыстар да қойып, о дүниеде ішеді деп үкі кейпіндегі ыдысқа вино құйып қойған. Үкі ұйқысының тыныш болуын қадағалайды және виноны күзетеді деген нанымнан туған. Бертін замандарда үкіге деген көзқарас өзгерді. Бұрынғыдай қасиетінен айрылды. Енді үкі өлім мен зұлымдықтың символына айналды. Оған себеп, үкі кейпіндегі ыдыстар мүрделерден табылуы болатын. Ежеллігі қытайлар үкіні қасиетті құс санап, үкі кейпіндегі ыдыстармен қоса жерлейтін болса, кейінгі ұрпағы үкі кейпіндегі ыдыстардың жерлеу орындарынан табылғанын жамандыққа балады. Енді олар үшін үкі өлімнің символына айналды. Қытай түсінігінде үкі дыбыс шығарғанда жас баланың жылағанындай дыбыс шығарады екен.

Мұны бақытсыздықтың белгісі деп қабылдады. Ал қазақ түсінігінді байғыз дейтін құстың дауысы жылаған балаға ұқсайды дейді, сондықтан оны жамандыққа балаған. Ежелде үкі тыныш ұйқының, жаратушының символы болса, бертін келе, ол түсінік өзгеріп, бақытсыздық пен өлімнің символына айналды [2, 40].

Түркі халқы, соның ішінде, татар халқы да үкіні қасиетті санаған. Ricold de Monte Croce үкіге байланысты мынадай аңыз айтады. Татарлар өте биік таудың етегінде өмір сүріпті. Сонда аңшылықта жүрген адамдар қоянды көріп, соңынан қуа бастайды. Қоян оларды зәулім бір сарайға әкеледі. Сарай қақпасының үстінде үкі отыр екен. Ал сарайда ешкім көрінбейді. Сол кезден бастап қоян мен үкіні қасиетті деп санап, оларды ерекше құрметтейтін болған.

План Карпин моңғол әйелдерінің басына қауырсын тағатынын айтады. Ricold de Monte Croce айтуынша, белгісіз замандарда үкілер моңғолдарды қиын қыстауда құтқарып қалған. Сол үшін моңғолдар үкіні өлтіріп, қауырсынын эмблема етіп таққан, соның әсерінен үкілер саны күрт азайғанын жазады. Үкіге байланысты мұндай аңыздар өте көп [3. 247].

Өнертанушы Қ.Ахметжан. түрік-моңғол тарихына қатысты шығыс миниатюраларында хандар мен сарай қызметкерлері көп қауырсын таққан баскиіммен бейнеленгенін айтады. Яғни, көшпелі халықтарда қауырсынды баскиім киетін адамдарды бейнелеуде қалыптасқан көркемдік канон болғанын білдіреді. Шыңғыс Қаған моңғол империясын құру ісінде ерен еңбек сіңірген серіктерінің ең сенімділеріне «дархан» атағын беріп, оларды «қауырсын тағушылар» деп атаған. Яғни, «тархан» дәрежесімен бірге оларға баскиімге қауырсын тағу құқығы берілген. Тархан дәрежесі хан, патша лауазымынан кейінгі екінші лауазым.

Ерте замандарда шығыста патшалар бастарына матадан жасалған таспа байлаған. Кейін оны металдан жасап, алтын тәж патша әміршілердің белгісі саналған. Айталық, Алматы маңындағы Қарғалы сайынан табылған алтын тәж. Ол алтын тәжде өсімдік, марал, жолбарыс, қанатты тұлпар, құс, адам болып бірінен-бірі туындап, түрлене өзгеріп жатқан дүниені байқаймыз. Осындай тәждер жұмсақ теріге не матаға бекітіліп, екі ұшына бау тағылып, шашқа, не баскиім сыртына байлануы мүмкін. Бұл мәселені арнайы зерттеген Х. Ахметжан: «Түрік халықтарының шамандары да Америка үндістерінің көсем-жауынгерлері де қауырсынды осындай тері не мата тасбауға бекітіп, бастарына байлайтынын көреміз. Бәрінің де басқа киілу әдісі бірдей», – дейді. Ендеше сақтар да қауырсындарды жұмсақ тері не мата, немесе оларға алтыннан әшекейлеп соғылған диадема бекітілген тасбауға орнатып, баскиімнің сыртынан киген, деп жорамалдауға толық болады. Моңғол ақсүйектері де қауырсын тағылған баскиім киген.

Көшпелі халықтарда ерте заманнан бастап қалыптасқан, өте жоғары лауазымды үстем тап өкілдерінің баскиімінің маңдай тұсына, бөріктің, қалпақтың жиегіне айналдыра құтан, тырна, тауыс, бүркіт, үкі қаурсындарын қадайтынын айтылған. Көшпелілердің тек өзіне тән бұл дәстүр шамамен 13-14 ғасырларға дейін сақталып, кейін бұл салттың ирандық варианты

– баскиімнің төбесіне не маңдайына жыға тағумен ауысқан. Бұл дәстүрдің негізінде діни-ырымдық наным жатыр. Өзгермеген күйінде бұл ырымның қалдығы көшпенді түрік халықтарының (тува, алтай, хакас) көне дін өкілдері, шамандардың баскиімінде сақталған. Қазақтар арасында бұл дәстүр сақталғанымен, оның сарқыншағын, өзгерген түрін, жас бала, келін, сал-серілердің баскиіміне дулығасына жыға қадауынан байқауға болады.

Үкі қауырсыны мен үлпілдек жүні қасиетті деп танылған құс. Оның қауырсыны тіл-көзден, пәле-жаладан сақтайды деп саналды. Аталмыш түсініктердің қалыптасуы оның қауырсынындағы бедер Құран сөздері деген пікірден туындаса керек. Қазақы ортада үкінің қауырсыны мен үлпілдек жүні сәбидің бесігіне, тақиясына жын-шайтаннан сақтайды деп тағылатын. Сонымен қатар үкіні жалпы жамандықтан сақтайды, тіл мен сұқ жоламайды деп жас келіннің сәукелесі мен қыздардың баскиіміне де қадайтын. Жас келінге үкі тағу дәстүрі қаймағын бұзбай бүгінге дейін, әсіресе, оңтүстік халқында сақталған. Жаңа түскен келін назарланып қалмау үшін қырық күн бойы үкісін тастамай, орамалына тағып жүреді.

Ертеде кейде әйелдер үкінің үлпілдеген шоқ жүнін омырауларына тағып жүрген. Үкінің қыз балалардың баскиіміне тағылуына байланысты аталмыш баскиімдерді үкілі тақия немесе үкілі бөрік деп атау қалыптасқан. Әйел адамдар үкінің аяғынан жасалатын үкіаяқ деп аталатын тұмар ретінде қолданылған зат болған. Үкіаяқты Үкінің аяғын алтындап немесе күмістеп жасайтын. Ол үшін тұяқтың жоғарғы бөлігіне бағалы асыл тастарды қондырады да төменгі бөлігін алтынмен немесе күміспен күптейді. Сосын оның арнайы ілгегінен шынжыр өткізіп баскиімге, кейде түйреуіш арқылы омырауға да қадайтын. Үкіаяқты сәбидің бесігіне де таққан [4. 518].

Дәстүрлі ортаның атақты салдары сәндік үшін сондай-ақ пәле-жаладан сақтайды, бақ әкеледі деп домбыраларын үкілеп, баскиімдеріне Үкі қадаған. Тіпті кейбір серілер қандай баскиім кесе де Үкі қадап жүрген.

Мәселен сал-сері Ыбырайдың баскиімге үнемі Үкіні қадап жүруінен оның ел арасында Үкілі Ыбырай деген аты қалыптасқан. Сонымен қатар батырлар түрлі тылсым қорқынышты дүлей күштерден сақтайды деп дулығаларына Үкі қадаған. Үкінің қауырсыны мен жүнін кәдеге жарату үшін оны арнайы аулайтын. Кейде ұядағы балапандары есейіп қалған кезде үлпілдек жүндерін алатын. Үкінің қауырсынынан бөлек денесіндегі жүні екіге бөлінеді. Халық арасында оның бауыр жүнін ұлпа ал балақ жүнін қара қасқа деп атау қалыптасқан. Үкіні ұстағанда аталмыш екі бөліктегі жүндерін де жұлып алады. Мұны үкі жүндеу деп атайды. Ертеректе жүнделетін үкіні мініс атымен бағалаған. Тіпті үкіні ұстап жүндеген ауылдан арнайы олжа сұрайтын ғұрып болған.

Үкінің түнде көргіштігі, жылдам ұшуы, көзінің бақырайып, қабағы қалың болуы, сондай-ақ оның жоғарыда айтылған қасиеттерінен өлең-жырларда метафора ретінде қолданылған. Мәселен, батырлар жырында алып тұлғалы батырды үкіге теңеген сөз орамдары төмендегідей:

Ер екен піл аяқты, алып күшті

Тұлғасы дәу қараның жан шошырлық.

Үкі көз, қалың қабақ, үсті түк-түк.

Айта кететін жайт, үкінің жылдам ұшуына байланысты қазақы ортада түрлі маңызды істерді шешуде, екі ортаға жылдам, яғни жылдам жіберілген хат-қағазды үкілі пошта деп атау орын алған.

Қазақы ортада бәйгеге шабатын жүйрік аттардың кекіліне тіл-көз тимесін деп үкі қадап қоятын болған. Өйткені кейбір жүйріктер көпшіліктің ортасына келгенде тіл-көз тиіп бәйгеге шаба алмай қалатын. Мұндай үкі таққан аттарды үкілі-тұмарлы ат деп атау қалыптасқан. Мәселен, М.Әуезовтің «Абай жолында» кездесетін: нағашылар бәйгеге қосқалы бір боран екі қылаң жүйріктерін әкепті. құйрық-жалы сүзулі, үстеріне бала мінгізген, үкілі-тұмарлы аттар оқшау байланды, – деп келетін жолдар осы жайтты аңғартса керек. Үкі қауырсынын түйенің ботасының ноқтасына немесе төбесіне тағатын. Мұндай боталарды үкілі бота деп атайды. Өйткені түйенің ботасы көп жағдайда әлсіз болатындықтан тіл-көз көбірек тиетін.

Дәстүрлі ортадағы құдандаласу ғұрпында үкі белгілі бір қызмет атқарып қалыңдық жағына күйеу жігіт тарапынан берілетін кәделердің бірі ретінде жүрген. Мәселен, ұл мен қыз үйлену жасына жеткенде күйеу жігіт жағы қалыңдықтың баскиіміне үкі тағатын. Аталмыш ғұрып үкі тағу деп аталады. Бұл үкі қалыңдықты тіл-көз бен сұқтан сақтасын деген тілек пен айттырылған, басы бос емес дегенді де білдірген. Үкі тағылған күннен бастап қызды үкілі қыз деп атап, оған басқалар көз салмайтын болған. Осылайша қасиетті деп танылып, қорғаныш қызметін атқарумен қатар үкінің некелесу ғұрпында да ерекше рөлі болған [4. 609]

Бойға тағылатын үкі, алқа, тұмар секілді әшекей заттар әуелгі мағынасында адалдықтың, бой тазалығының куәсі болған.

«Сарының басы сары дала үкі-ау,  
Суыққа шығар бозбала үкі-ау,  
Үйде туып, түзде өскен, үкі-ау,  
Күні де құрысын қыз бала үкі-ау».

Қайырмадағы «үкі-ау» деген редифтін атқаратын семантикалық қызметі ұзатылатын қыздың пәктігін дiттеу, салт жыры арқылы осыны халыққа жариялау болып табылады [5. 87].

Сонымен қатар үкі омонимдік қызмет те атқарады. Үкі деген қыста көлдің, өзеннің мұзын ойып жасаған суатты айтады екен. Мына өлең жолдары:

Алты адам ақ тон киген айдын  
Мұзда, оқушым, тұр ап-айқын алдыңызда  
Үкіні алдын ала ойып қойған

Айдыннан алдын ала аларын кеп салды жазға [6, 367].

Ертедегі көшпелі халықтар сүйікті аттарының құйрығына үкі тағып, жал-құйрығын тарап, үйірге жіберген. Оларды киелі деп санаған. Қалмақтар мұндай аттарын – сәтер, қырғыздар – туа, алтай халықтары – ыдық, ыйық деп атаған. Ислам діні тараған аймақтарда атқа тұмар да таққан. «Әуіпдектегі» “Көкбесті де осындай үкі-тұмармен безендірілген киелі жылқы тәрізді”, - деген жолдар осының дәлелі болса керек [7. 205].

Қорыта айтқанда, қауырсын тағу дәстүрінің тамыры сақ, ғұн тайпаларынан бастау алып, бүгінге дейін қолданылып келеді. Дегенмен, әр халықтың өзіндік дүниетанымына байланысты қолданылу аясы да бірдей емес. Мәселен, түркі халықтарында үкі бәле-жаладан сақтайтын қасиетті құс деп танылса, көрші қытай халқы өлім мен жауыздықтың белгісі деп түсінді. Қазақтардың халықтық дәстүрінде қауырсынның ғұрыптық қолданысының түрі – көз тиюден, қауіп-қатерден, зиянды рухтардан сақтану үшін әртүрлі заттарға үкінің қауырсынын тағу. Дәстүрлі қазақ қоғамында үкі адамды түнде жүретін зиянкес рухтардан сақтайтын қасиетті саналған. Осылайша қасиетті деп танылып, қорғаныш қызметін атқарумен қатар үкінің некелесу ғұрпында да алатын орны ерекше. Бұл үкінің күндіз ұйықтап, түнде ұшатындығымен байланысты болса керек.

#### **Әдебиет:**

1. Әмірбекова М.Ш. Қазақ ұлттық киімінің лексикасы. – Алматы: Дәуір, 2015. – 465 б.
2. XXXII научная конференция, Общество и государство в Китае. – М.: Восточная литература, 2002. – 366 с.
3. Jean-Poul Roux. Türklerin ve moğolların eski dini. – Istanbul: Payot, 2002. – 467 s.
4. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлер жүйесі. Энциклопедия. – Алматы: Салон, 2012. – 736 б.
5. Сәбетқазы А. Инжу-Маржан секілді. – Алматы, 2011. – 349 б.
6. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі – Алматы, 1961. – 435 б.
7. Қазақ халқының ұлттық киімдері. – Алматы, 2007. – 384 б.

## МАЗМҰНЫ/ СОДЕРЖАНИЕ/ CONTENTS

Қамзабекұлы Д. «Қазақ тілінің жауапкершілігі – зиялылар мойнындағы іс» (ҚР ҰҒА академигі Серғалиев Мырзатай Серғалиұлымен 2008 жылғы сұхбат)..... 7

### Пленарлық мәжіліс / Пленарное заседание / Plenary session

Сыдықов Е.Б. Алғы сөз.....	17
Қасқабасов С.А. Академик М.Серғалиұлы туралы сөз.....	19
Хисамитдинова Ф.Г. Башкорттардың язғы – йәйге йола байрамдары мифологияһы.....	20
Уәли Н. Сөз мәдениетіне жаңаша көзқарас.....	24
Праведников С.П. Фольклорная диалектология: возможности новой научной дисциплины.....	31
Смағұлова Г.Н. Академик М.Серғалиұлының азаматтық және ғалымдық тұлғасы.....	34
Садықов Т., Шерова А. Үндүүлөрдүн сөздүктөгү фоностатистикасы жөнүндө.....	38
Момынова Б.Қ. Қазақ тіліндегі гибрид сөздер және тіл тазалығы проблемасы (Академик М.Серғалиев көзқарасын дамыту).....	47
Каксин А.Д. К вопросу о функциях междометий (на материале хакасского языка).....	51
Құрманбайұлы Ш. Қазіргі бақ тіліндегі будан атаулардың жасалуы мен қолданысы.....	54
Vedi AŞKAROĞLU Art, politics and civilization.....	57
Әлісжан С.Қ. Қазақ стилистикасының сардары.....	60
Жақыпов Ж.А. Академик М. Серғалиұлының қазақ тілі синтаксисін оқыту мен зерттеудегі үлесі.....	65

### 1-секция: «Ғалым тұлғасы»

#### Секция 1: «Личность ученого»

#### Section 1: «Personality of the scientist»

Әбдуәліұлы Б. Тіл мәдениетінің тамыршысы.....	69
Бейсенбай А.Б. Академик М.Серғалиев еңбектеріндегі көркем әдебиет тіл мәселелері.....	72
Жұмағұлова А.А. М.Серғалиұлы және лингвоэкология мәселелері.....	75
Мұратбек Б.Қ. Ғалым М.Серғалиев және қазақ тілінің теориялық мәселелері.....	78
Мұратбек Ф.М. М.Серғалиев және тіл мәдениеті мәселелері.....	82
Өмірбекова Ж.Қ. Академик М.Серғалиевтің ғылыми еңбектерінің теориялық маңызы.....	85
Саркенова Қ.Қ. Академик М.Серғалиұлы және тіл білімі мәселелері.....	88
Сыздықова Г.О. Ғалым тағылымы.....	91
Тұрысбек Р.С. Академик М.Серғалиев және тіл білімі.....	94
Хасанов Ғ.Қ. Академик М.Серғалиевтің тіл мәдениетінің негізгі сапалары туралы ойлары.....	99
Шоқабаева С.С. Академик М.Серғалиев – тіл жанашыры.....	103

### 2-секция: «Дәстүрлі тіл білімінің жетістіктері»

#### Секция 2: «Достижения традиционного языкознания»

#### Section 2: «Achievements of traditional linguistics»

Алдашева К.С. Әлемдік лингвистикадағы жаңа сөздер табиғатының зерттелуі.....	107
Ахметова М.К. Батырлар жырындағы сипаттау мәтіні.....	112
Әділбек А.М. С.Сейфуллин шығармалары тіліндегі бірыңғай анықтауыштардың қолданылуы.....	115
Әділов М. Kazak atasözü ve deyimlerinde korunabazi oğuzca sözcükler üzerine.....	119
Әділова А.С. Мәтін, көркем мәтін және фольклор мәтіні.....	123
Баймұрынов Ж.М. Қазіргі қазақ мәтіндеріндегі көптік мағына мәселесі.....	127
Ваупіязов А. Mahamet Ötemisuli 'nin şiirlerinde arkaik sözcükler ve deyimler.....	132
Бейсетаев Р. Қазақ тілінің табиғи құрылымы және буындық фонологиясы.....	136
Валиева М.Р. Башкирские диалектальные фитонимы образованные путем метафорического переноса.....	144
Джусупова Ж. Эпостық жырлардағы әйелдер бейнесі (лингвостилистикалық талдау).....	146
Еспекова Л.Ә. Тарихи эпостардағы тұрақты образды құрылымдар.....	149
Жағыпарова Ж.С. Еліктеуіш сөз+көмекші етістік үлгісіндегі құранды етістіктердің сипаты.....	153
Жамитова А. Ғабит Мүсірепов әңгімелеріндегі атаулы сөйлемдер.....	156
Жуынтаева З.Н., Жолдасбекова Г. Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романындағы құрама баяндауыштар.....	160
Жұбатханова К.К. Синтаксистік құрылыстағы атрибуттық қатынастың ерекшеліктері.....	164
Исхан Б.Ж. Қазақ тілі дыбыстық жүйесі және оның өзіндік ерекшеліктері.....	168
Карышакова А.Т. М.Кашкаринин “Дивану лугати-т түрк” сөздүгүндөгү кызматчы сөздөрдүн кыргыз тилиндеги шайкешитиктери.....	172
Күзекова З.С. Қазақ тіліндегі сұраулы сөйлемдердің семантикасы.....	176
Қазанбаева А.З. Этномәдени атаулардың көркем шығармадағы көрінісі.....	179
Қасымова Н.Б. «Қобыланды батыр» жырындағы жер-су атаулары.....	183



<i>Меліс А. Абай өлеңдеріндегі «сөз» лексемасының семантикалық сипаты.....</i>	<i>187</i>
<i>Нұрманова М.Б. Етістіктің көсемше түрі қызметінің алғашқы ғылыми сипаттамалары туралы.....</i>	<i>193</i>
<i>Орынжай К.С. Қазіргі қыпшақ тілдерінің туыстық атауларындағы дыбыстық ерекшеліктер (қазақ, татар және башқұрт тілдері бойынша).....</i>	<i>197</i>
<i>Ercan PETEK, Reser ARAL 15-18. уу. jirav ve akinlarinin dilindeki oğuzca gramer yapilari.....</i>	<i>201</i>
<i>Салқынбай А.Б. Қазақ тіл білімінің дамуындағы маңызды тарихи кезеңдер.....</i>	<i>203</i>
<i>Сисенбаева Р.Ж. Қадыр Мырзалиев поэзиясындағы эпитеттің лексика-грамматикалық сипаты.....</i>	<i>208</i>
<i>Төрбекова С.М. Армян жазулы қыпшақ ескерткіш тіліндегі -гай, -гей келер шақ формасының жасалу жолдары.....</i>	<i>211</i>

### **3-секция: «XXI ғасырдағы тіл білімінің жаңа парадигмалары»**

#### **Секция 3: «Новые парадигмы языкознания XXI века»**

#### **Section 3: «New paradigms of linguistics in the XXI century»**

<i>Бекмағамбетов Ш. Тарихи тіл білімінің кейбір мәселелері және тіл генетикасы.....</i>	<i>216</i>
<i>Боранбаева Р. «Батыр» концептісі және микроконцептілер.....</i>	<i>220</i>
<i>Данияр Ә.А. Диалогтік мәтін сипаты.....</i>	<i>224</i>
<i>Джамбаева Ж.А. Аксиологическая лингвистика: становление и развитие.....</i>	<i>228</i>
<i>Жұбаева О. Ахмет Байтұрсынұлы – ұлттық когнитивтік лингвистиканың негізін қалаушы.....</i>	<i>232</i>
<i>Жұбантаева Ж.Қ., Ақназар Д.Ж. Интернет-лингвистикасы – тіл білімінің жаңа саласы.....</i>	<i>238</i>
<i>Каиржанов А.К., Сыздықов С.М. Евразийская модель мироздания.....</i>	<i>241</i>
<i>Климас И.С. Лингвофольклористика как перспективная парадигма языкознания в XXI веке.....</i>	<i>244</i>
<i>Мұратбек Ф. Фитонимдер әлемнің тілдік бейнесінде.....</i>	<i>250</i>
<i>Мұхамметкерім М.М. Әл-Фарабидің «афористік жазбалар» кітабының прагматилистикалық ерекшеліктері.....</i>	<i>253</i>
<i>Савченко В.А. Концепт «слеза» в русских и немецких поговорках.....</i>	<i>256</i>
<i>Сүлейменова Б.Н. Мәтін кеңістігінің концептуалдық атрибуттары көркем.....</i>	<i>259</i>
<i>Таласпаева Ж.С. Тіл әлеміндегі туған жер көрінісі.....</i>	<i>262</i>
<i>Тасболатқызы Б. БАҚ мәтіндері: қазіргі Қазақстандағы тілдік-менталдық кеңістік.....</i>	<i>267</i>
<i>Тілеулиева М.Қ. Киіз үй жабдықтары атауларының лингвомәдени сипаты.....</i>	<i>269</i>
<i>Хайрат А. Қазақ және түрік тілдеріндегі этномәдени лексиканың рухани көздері.....</i>	<i>274</i>
<i>Шолакова А.К. Лингвосемиотика: таңба және символ.....</i>	<i>277</i>

### **4-секция: «Дәстүрлі әдебиеттанудың жетістіктері және XXI ғасырдағы әдебиеттанудың жаңа парадигмалары»**

#### **Секция 4: «Достижения традиционного литературоведения и новые парадигмы литературоведения XXI века»**

#### **Section 4: «Achievements of traditional literary studies and new paradigms of literary studies in the XXI century»**

<i>Аймұхамбет Ж.Ә., Байтанасова Қ.М., Сағынадин Г. «Ғайыптан жебеуші», «ақылышы» қаһарманның мифтік және көркемдік кеңістіктегі қызметі.....</i>	<i>282</i>
<i>Жанбершиева Ұ.Н., Изтлеуова Ж.Б. Келдібайұлы Келмембет батырдың көркем әдебиеттегі көрінісі.....</i>	<i>287</i>
<i>Жеткізгенова Ә.Т., Тлеуов Н.Қ. Тарихи оқиғалар мен көркем туындылар сабақтастығы.....</i>	<i>291</i>
<i>Жұмағұл С.Б. 1980 жылдардағы қазақ әдебиеттануындағы көне дәуір мұрасының зерттелуі.....</i>	<i>295</i>
<i>Көкбас Ж. Қазіргі қазақ поэзиясындағы уақыт мезгілдерінің мифтік негізі.....</i>	<i>300</i>
<i>Қасқабасов С.А., Нұрманов Б.Т. Жүсіп Баласағұнның кітабы «Құтты білік» не әлде «Құтты билік» пе?...</i>	<i>304</i>
<i>Орлова Г.С. Ақын-жыраулар мұрасындағы рухани құндылық.....</i>	<i>310</i>

### **5-секция: «Рухани жаңғыру» және «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламаларының орындалуына филология ғылымының қызметі**

#### **Секция 5: «Роль науки филологии в реализации государственной программы «Рухани жаңғыру» и «Цифровой Казахстан»**

#### **Section 5: «The role of science of philology in the implementation of the state program of «Рухани жаңғыру» and «Digital Kazakhstan»**

<i>Абдиқарим Н. Латын әліпбиіне көшу барысында жалғамалы тілдердің графикалы тәжірибелерін ескерудің маңыздылығы.....</i>	<i>315</i>
<i>Абдирасилова Ә.К. Ұлттық тіл мен әдебиет – қоғамдық дамудың тұма бастауы.....</i>	<i>320</i>
<i>Абдыханова Б.А. Прецедентті мәтіннің рухани мәні.....</i>	<i>324</i>
<i>Erdoğan Altunkaynak, Ulpetay Niyetbay Çukçalarda sosyal adet ve gelenekler (sibirya araştırmaları).....</i>	<i>327</i>

<b>Жанбершиева Ұ.Н.</b> Сыр сүлейлері шығармаларындағы ұлттық дәстүр мен әдеби-мәдени байланыстары.....	333
<b>Жеткізгенова М., Жеткізгенова Ә.</b> Рухани жаңғыру – Алаш зиялылары тағлымында.....	336
<b>Жұбанов А.Қ., Миrows М.О.</b> Профессор Қ.Жұбанов зерттеулері – цифрлық қазақ тіл біліміне ғылыми бағыт-бағдар.....	340
<b>Зейнулина А.Ф., Ибраева А.Т.</b> Рухани жаңғыру өрісіндегі әдебиеттану тұжырымдамасы.....	344
<b>Мансұров Н.Б.</b> Діни мазмұндағы титулдардың қолдану ерекшеліктері.....	347
<b>Nurgaliyeva S.A., Kalitova G.U., Kumargalievа Z.O., Yermenova B.K.</b> The role of multilingual education in spiritual modernization.....	351
<b>Сайбекова Н.У.</b> Қазақ жазу үлгісінің қалыптасуы.....	354
<b>Саламатова Р.М.</b> «Рухани жаңғыру» идеясын жандандырудағы Абай мұрасының маңызы.....	357
<b>Сәдуақасұлы Ж.</b> Латын негізді әліпбиге көшу турасында оңаша ой.....	361
<b>Кенен Ш.А.</b> «Рухани жаңғыру» бағдарламасындағы прагматизм және Абайдың дүниетанымындағы рационализмнің сабақтастығы туралы.....	365
<b>Ізтұрғанова Ж.А., Жеткізгенова Ә.Т.</b> «Өзін-өзі тану» – рухани жаңғыру бағытында ұлттық Сипаттағы білім беру стратегиясын қалыптастыру мүмкіндіктері арнасы.....	368

## **6-секция: «Лингводидактика мәселелері»**

### **Секция 6: «Проблемы лингводидактики»**

#### **Section 6: «The problems of linguodidactics»**

<b>Әбдікәрім Т.М.</b> Ғылымдағы ұстаздың өнегелі өмірі.....	372
<b>Абдусулейменова Р.Ш.</b> Кәсіби тіл арқылы жаңа білімді меңгерту қабілетін дамыту.....	376
<b>Абдуова Б.С.</b> Білім алушыларды функционалды стилистикадағы тіл мәдениетіне дағдыландыру.....	379
<b>Әжібекова М.Е.</b> Абай поэзиясындағы «жүрек» компоненті арқылы оқушылардың бойына тұлға құзіреттілігін қалыптастыру.....	383
<b>Әлімбек Г.Р.</b> Қазақ тілі сабағында мақал-мәтелдерді пайдаланудың тиімділігі.....	388
<b>Бабашаикова А.А., Омарова Г.Б.</b> К вопросу о дифференцированном подходе к обучению русскому языку в национальной группе.....	392
<b>Екибаева Н.А.</b> Methods of teaching clusters of sounds.....	396
<b>Кан Н.</b> Современные педагогические технологии в обучении иностранного языка.....	399
<b>Каржаубаева К.Ж.</b> Қазіргі білім беру жүйесіндегі инновациялық талаптар.....	403
<b>Койлибаева Г.О.</b> Шығарма жаздырудың кейбір мәселелері.....	407
<b>Кусенова Л.Т., Кусенова Г.Т.</b> Identification and work with gifted and talented children.....	411
<b>Сәдібеков А.К.</b> Көне түрік тілін жоғары оқу орындарында оқыту.....	416
<b>Тәлен Ә.</b> Үкі лексемасының символдық мәні.....	419

**РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ЖӘНЕ ТІЛ БІЛІМІ МӘСЕЛЕЛЕРІ**  
ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор  
М.С.Серғалиевтің 80 жылдығына арналған халықаралық  
ғылыми-теориялық конференция материалдары

*2018 жылдың 16 наурызы*

**МОДЕРНИЗАЦИЯ ОБЩЕСТВЕННОГО СОЗНАНИЯ И ВОПРОСЫ  
ЯЗЫКОЗНАНИЯ**

Материалы международной научно-теоретической конференции,  
посвященной 80-летию академика НАН РК, доктора филологических наук,  
профессора М.С.Серғалиева

*16 марта 2018 года*

**SPIRITUAL MODERNIZATION AND ISSUES OF LINGUISTICS**  
Proceedings of the International scientific and theoretical conference dedicated to the 80th  
anniversary of academician of NAS of RK, doctor of philological sciences, professor  
M.S.Sergaliev

*16 march 2018*

Таралымы 100 дана.  
Пішіні 60x84/32  
Шартты баспа табағы 26,25 б.т  
Қаріп түрі «Times New Roman»  
Тапсырыс № 17528

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің  
типографиясында басылып шығарыды.  
010008, Астана қ., Қажымұқан к., 13/1